

**КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ**

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

К. МАРКС

КАПИТАЛ

КРИТИКА ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЭКОНОМИИ

ТОМ ПЕРВЫЙ

КНИГА I : ПРОЦЕСС ПРОИЗВОДСТВА КАПИТАЛА



ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Москва—1960

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

К. МАРКС

КАПИТАЛ

САЯСИ ЭКОНОМИЯ СЫНЫ

БІРІНШІ ТОМ

I КІТАП: КАПИТАЛ ӨНДІРУ ПРОЦЕСІ



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ

Алматы — 1963

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНАН

«Капиталдың» бірінші томының осы басылуы — Энгельстің редакциялауымен 1890 жылы шыққан немісше төртінші басылуының аудармасы. Бұдан бұрынғы орысша басылуындағы сияқты (1937 ж.) осы басылуының негізіне де И. И. Скворцов-Степановтың редакциялауымен жасалған аударма алынды.

Осы басылуын әзірлеген кезде жоғарыда айтылған аудармада (1937 жылғы басылуы) көп нәрселер анықталып дәлдендірілді, түзетулер енгізілді. Немісше төртінші басылуында баспадан кетіп қалған бірсыпыра қателер мен жаңылыс жазылған сөздер де байқалып, түзетілді. Барлық цитаталар мен жасалған сілтеулер, цифр мәліметтері мен басқа да фактылы мәліметтер түпнұсқа деректермен жаңадан қайта салыстырылды.

«Капиталдың» бірінші томының оқушыға ұсынылып отырған жаңа басылуында редакциялық ескертулер және цитатаға алынған, атап өтілген әдебиеттің, цитатаға алынған және атап өтілген кітаптардың орысша аудармаларының көрсеткіштері, есімдер көрсеткіші мен предмет көрсеткіші бар.

Томның аяғында берілген редакциялық ескертулер жақшасыз цифрмен белгіленген, ал автордың жасаған жоласты ескертулері дөңгелек жақшаға алынған цифрмен белгіленген. Редакциялық ескертулердің біразы жоласты берілді; олар жұлдызшамен таңбаланып, «*Ред.*» деген сөзбен белгіленген. Энгельс жасаған жоласты ескертулерге оның инициалы қойылып, фигуралы жақшаға алынды.

Шетел сөздерін редакция аударғанда, әдетте, бұл аударма сол шетел сөздерінің қасында тік жақша ішінде келтіріліп отырды. Бұған жатпайтындар редакция өзінің ескертулерін қоса беруі қажет деп тапқан сөздер ғана. Бұл жағдайда шетел сөзінің аудармасы тиісті ескертуде берілді.

Аударуы қиын, онша көп емес неміс сөздері осы сөздердің аудармасымен қатар түпнұсқа тілінде де (тік жақша ішінде) берілді.


КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫНАН

«Капиталдың» I томы қазақ тілінде тұңғыш рет шығарылып отыр. Аударма «Капиталдың» 1955 жылы шыққан орысша текстімен жасалды және «Капиталдың» К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының 2-ші басылуының 23-томына енген жаңа текстімен салыстырылып, қайта редакцияланды, ондағы барлық өзгерістер аудармаға енгізілді.

«Капиталдың» I томының орысша соңғы текстіне сәйкес аударманың ақтық редакциясын жасағандар: Байшев С., Жангелдин Т., Жабасов Х., Рахимов Х., Сағындықов К., және Хасенов Х. жолдастар.

Аударманы рецензиялау жұмысына экономистер, жоғары оқу орындарының оқытушылары, партия-совет қызметкерлері қатынасты.

«Капиталдың» I томының қазақша текстін баспаға әзірлеп, оның жауапты шығарушысы болған Хасенов Х.



2 1/2 fl. Kr. - 16 Aug. 1867
Königsberg
Dear Fred,

Here are two copies (49.) of the
first edition of the book - My own -
edition, about 1/4 copy
more than you ordered previously
also the second edition. As the price
is at least the same as before!
Your order is very kind
and I am very glad to be able
to send you the books you wanted
of the first edition!

Believe me
Dear Fred
Yours
K. Marx

Маркстің Энгельске жазған хаты

Түнгі сағат 2, 16 август, 1867 ж.

Қымбатты Фред!
Кітаптың соңғы (49-шы) табағының корректурасын жаңа ғана аяқтадым. Құнның формалары туралы уақ әріппен басылған қосымшаның көлемі 1/4 табак.
Алғысөздің де корректурасын қарап, кеше жібердім. Сонымен бұл том дайын.
Мұның мүмкін болғандығына мен тек саған ғана борыштымын! Мен үшін сен жанқи-ярлық іс көрсетпеген болсаң, мен үш том жөніндегі ұпан-теңіз жұмысты ешбір бітіре алмаған болар едім. Шексіз алғыспен құшып сүйемін!
Таза екі баспа табакты қоса жіберіп отырмын.
Он бес фунт стерлянгті алдым, үлкен рахмет.
Менің қымбатты, шын досым, сәлем саған!

Сенің К. Маркстің

Таза баспа табактар маған бүкіл кітап жарыққа шыққаннан кейін ғана керек болады.

мәңгі ұмытпас досым,

*пролетариаттың жүректі, адал, ардақты,
озат күрескері*

Вильгельм Вольфке

А Р Н А Л А Д Ы

*1809 жылы 21 июньде Тарнауда туған. 1864 жылы 9 майда Манчестерде айдауда
жүріп қайтыс болды*

БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ ¹

Бірінші томын мен жұртшылықтың назарына ұсынып отырған бұл еңбек — менің 1859 жылы жарияланған «Саяси экономия сынына» деген еңбегімнің жалғасы. Мұның басталуы мен жалғасы арасында ұзақ үзіліс болуына көптеген жылға созылған наукасым себеп болды, наукастың өзі менің жұмысыма қайта-қайта бөгет жасап отырды.

Жоғарыда аталған, ертеректе жазылған шығарманың мазмұнына осы томның бірінші тарауында ² қорытынды жасалды. Мен мұны зерттеудің барынша сабақтас және толық болуы үшін ғана істегенім жоқ. Баяндаудың өзі жақсартылды. Бұрын тек еміс-еміс белгіленген көптеген пункттер бұл жерде, зерттеліп отырған пәннің аумағына қарай, бұрынғысынан гөрі кеңітілді, ал, мұның керісінше, ондағы толық талданған пункттер бұл жерде тек қысқаша ғана аталып өтті. Сондықтан құн мен ақша теориясының тарихи дамуына байланысты бөлімдердің мұнан мүлде шығарылып тасталғаны өзінен өзі түсінікті. Алайда «Саяси экономия сынына» деген еңбекпен таныс оқушы осы шығарманың бірінші тарауындағы ескертулерден жанаға айтылған теориялардың тарихы жөнінде жаңа деректемелер табады.

Әр нәрсенің басталуы қиын, — бұл ақиқат әрбір ғылым үшін орынды нәрсе. Бұл тұрғыдан қарағанда ең қиыны бірінші тарауды түсіну болады, — әсіресе оның товар анализі жөніндегі бөлімі қиынға соғады. Ал әсіресе құн субстанциясы мен құнның мөлшері жөніндегі анализді алатын болсақ, мен оны мүмкіндігінше ұғымды еттім ¹⁾. Ақша формасында әбден қа-

¹⁾ Мұның өте-өте қажет көрінуі мынадан болды: Ф. Лассальдың тілгі Шульце-Деличке қарсы бағытталған еңбегінің бір бөлімінде де елеуді түсінбеушіліктер бар, онда, автордың айтуына қарағанда, бұл мәселе жөніндегі менің зерттеуімнің «руха-

лыпты түрге түсетін құн формасы өте мазмұнсыз да, жадағай. Солай бола тұрса да, адам баласының ойы 2 000 жылдан аса уақыт бойы мұны анықтап білуге босқа әуреленді, ал оның бержағында, екінші жағынан, адам баласының ойы анағұрлым мазмұнды да күрделі формаларға, ең болмағанда, шамалап болса да, анализ бере алды. Неге олай? Неге десеңіз, дененің кішкене клеткасын зерттеуден гөрі жетілген дененің өзін зерттеу оңай. Оның үстіне экономикалық формаларға анализ беруде микроскопты да, химиялық реактивтерді де пайдалануға болмайды. Бұл екеуінің орнына абстракцияның күші жүруге тиіс. Ал еңбек өнімінің товарлық формасы, яки товар құнының формасы, буржуазиялық қоғамның экономикалық клеткасының формасы болып табылады. Байыбына бермеген адамға мұның анализі тек ұсақ-түйектер жайында білгішсіну болып көрінуі мүмкін. Ал бұлар шынында да ұсақ-түйектер, бірақ бұлар, мәселен, микро-анатомияға қатынасы бар ұсақ-түйектер.

Құн формасы жайындағы бөлімі болмаса, бұл кітап түсінуге қиын емес. Менің айтып отырғаным, әрине, белгілібір жаңалықты үйренгісі келетін, демек, өздігінен ойлағысы келетін оқушылар.

Физик табиғат процестерін не олардың барынша айқын түрде көрінетін және оларды бұзушы ықпалдар онша көмескілемейтін жерде бақылайды, немесе, мүмкін болатын болса, процесс барысының таза түрде болуын қамтамасыз ететін жағдайларда тәжірибе жасайды. Бұл еңбекте менің зерттеп отырғаным капиталистік өндіріс әдісі және оған сай келетін өндіріс пен айырбас қатынастары болып табылады. Осы өндіріс әдісінің классикалық елі әлі күнге дейін Англия болып келеді. Менің теориялық қорытындыларым үшін бұл елдің басты мысал болған себебі міне осыдан. Ал егер неміс оқушысы ағылшынның өнеркәсіп және ауылшаруашылық жұмысшылары ұшырап отырған жағдайлар жөнінде фарисейлікке салынып таңданатын болса, немесе Германияда істің жайы оншалықты жаман емес деп өзін өзі жұбатып, лепіретін болса, онда мен оған мынаны ескертуге тиіспін: *De te fabula narratur [Осының өзі сенің тарихың емес пе!]*⁴.

Жеке алып қарайтын болсақ, әңгіменің түйіні бұл жерде капиталистік өндірістің табиғи заңдарынан туатын қоғамдық

ни асыл мәні» берілген³. Реті келгенде айта кетейін. Ф. Лассаль өзінің экономикалық еңбектерінің барлық жалпы теориялық қағидаларын, мәселен, капиталдың тарихи сипаты туралы, өндірістік қатынастар мен өндіріс әдісінің арасындағы байланыс туралы, т. т. туралы қағидаларды, түгелдей дерлік менің шығармаларымнан алған болса, ең аяғы менің жасаған терминологиямды да сөзбе-сөз дерлік қолданған болса, бірақ деректеме көрсетілмеген болса, мұның себебі, әрине, насихат жүргізу ниетін көздеуден болу керек. Әлбетте, мен жеке қағидалар мен бұлардың практика жүзінде қолданылуы туралы айтып отырғаным жоқ, өйткені бұларға менің ешқандай қатысым жоқ.

Das Kapital.

Kritik der politischen Oekonomie.

Von

Karl Marx.

Erster Band.

Buch I: Der Produktionsprocess des Kapitals.

Das Recht der Uebersetzung wird vorbehalten.

Hamburg

Verlag von Otto Meissner.

1867.

New-York: L. W. Schmidt, 24 Barclay-Street.

«КАПИТАЛДЫҢ» I ТОМЫНЫҢ НЕМИСШЕ БІРІНШІ БАСЫЛУЫНЫҢ ТЫСЫ

антагонизмдердің даму дәрежесінің азды-көпті жоғары болуында емес. Өңгіменің түйіні аса қатты қажеттілікпен қимыл жасап, жүзеге асып отыратын осы заңдардың өзінде, осы бағыттардың өзінде. Өнеркәсіп жағынан басым дамыған ел бәсең дамыған елге оның өз болашағының суреттемесін ғана көрсетеді.

Бірақ бұл да жеткіліксіз. Бізде капиталистік өндіріс толық орнаған жерде, мәселен, сөздің шын маңнасындағы фабрикаларда, біздің жағдайымыз ағылшындардың жағдайынан анағұрлым нашар, өйткені бізде фабрикалық заңдар түріндегі қарсы амал жоқ. Басқа салалардың бәрінде біз, Батыс Еуропаның басқа да континенттік елдері сияқты, тек капиталистік өндірістің дамуынан ғана емес, сонымен қатар оның дамуының жеткіліксіздігінен де қорлық көріп отырмыз. Бізді кезіргі заманның апаттарымен қатар ескіден мұра болып қалған толып жатқан апаттар да жаншып келеді, бұл апаттар дәурені өткен, атам заманғы өндіріс әдістері мен оларға сай келетін әлеуметтік және саяси қатынастардың әлі де өмір сүріп келе жатқандығынан туып отыр. Біз тек тірілерден ғана емес, сонымен қатар өлі жандардан да қорлық көріп отырмыз. *Le mort saisit le vif!* [Өлі жан тірі жанға жабысуда].

Англияның статистикасымен салыстырғанда, Германияның және Батыс Еуропадағы басқа да континенттік елдердің әлеуметтік статистикасы өте аянышты күйде. Алайда бұл статистиканың жамылғының бір шетін ашыңқырап көрсететіні соншалық, оның астында Медузаның басы жатыр ма деп күдіктенуге болады. Егер біздің үкіметтеріміз бен парламенттеріміз экономикалық жағдайларды тексеру үшін, Англияда істелетіні сияқты, дүркін-дүркін комиссия тағайындап отыратын болса, егер осы комиссиялар шын жағдайды ашу үшін, Англиядағы сияқты, кең түрдегі өкілдікке ие болатын болса, егер осы мақсат үшін іс білетін, әрі әділ, әрі батыл адамдар тауып алынатын болса, айталық, ағылшын фабрика инспекторлары, «Public Health» («Халық денсаулығы») туралы есеп жасаушы ағылшын дәрігерлері, әйелдер мен балаларды қанау жағдайларын, пәтер үйдің, тамақтың және басқалардың жайын тексеруші ағылшын комиссияларының мүшелері сияқтылар табылса, біздің өз істеріміздің жәй-күйі өзімізді шошындырған болар еді. Жалмауызды жою үшін Персей көрінбес бөрікке мұқтаж болған еді. Ал біз нақ жалмауыздардың өмір сүріп отырғанын бекерге шығару үшін көрінбес бөрікпен басы-көзімізді жауып, оны милығымызға түсіре киіп отырмыз.

Бос қиялға салынатын ешнәрсе жоқ. XVIII ғасырдағы төуелсіздік үшін болған америкн соғысы европалық буржуазия үшін дабыл қоңырауы сияқты болған болса, XIX ғасырдағы

Америкадағы Азамат соғысы Европаның жұмысшы табы жөнінде нақ сондай роль атқарды. Англиядағы төңкеріс процесі кәзірдің өзінде-ақ толық сезілетін болды. Белгілібір дәрежеге жеткеннен кейін ол континентке ауысуға тиіс. Ол мұнда жұмысшы табының өзінің даму дәрежесіне қарай неғұрлым қатаң, немесе анағұрлым мейірбанды түрге еңбек. Сонымен, аса ардақты белгілібір адамгершілік дәлелдерді былай қойғанда, кәзіргі кезде үстемдік етуші таптардың аса көкейтесті мүддесі жұмысшы табының дамуын тежейтін кедергілердің бәрін — заң жүзінде реттеуге болатындарын — жоюды талап етеді. Міне сондықтан да, сөз арасында айта кетейін, мен осы томда ағылшын фабрика заңдарының тарихына, мазмұны мен нәтижелеріне сондай көрнекті орын бердім. Әрбір ұлт басқалардан үйрене алады және үйренуге тиіс те. Қоғам, егер ол тіпті өз дамуының табиғи заңының соқпағына тура түскен күнде де, — ал менің бұл еңбегімнің түпкі мақсаты кәзіргі замандағы қоғам қозғалысының экономикалық заңын ашу болып табылады, — дамудың табиғи сатыларына соқпастан өте де алмайды, оларды декреттермен жоя да алмайды. Бірақ қоғам толғақ азабын азайтып, жеңілдетеді алады.

Кездесуі мүмкін түсінбеушілікті болғызбау үшін бірнеше сөз айта кетейін. Капиталист пен жер иесінің кейпін мадақтаудан мен аулақпын. Бірақ бұл жерде адамдар туралы әңгіме еткенде олар экономикалық категориялардың бейнесі, белгілі таптық қатынастар мен мүдделердің иелері болғандықтан ғана әңгіме етіп отырмын. Мен экономикалық қоғамдық формацияның дамуын табиғи-тарихи процесс деп қараймын; сондықтан менің көзқарасым бойынша, қандай да болсын басқа көзқарасқа қарағанда, жеке адам субъективтік жағынан белгілібір жағдайлардан қаншама жоғары тұрғанымен, әлеуметтік мағнада алғанда өзі сол жағдайлардың жемісі болып қала беретін жағдайлар үшін оның жауаптылығы кемірек деуге болады.

Саяси экономия саласында еркін ғылыми зерттеу басқа салалардағы өзі істес болатын жаулармен ғана кездесіп қоймайды. Саяси экономия зерттейтін материалдың ерекше сипаты еркін ғылыми зерттеуге қарсы күрес майданына адам жанының нағыз өршеленген, нағыз азғын жиренішті құмарлығын туғызады — жеке мүдденің зәрлі өшпенділігін туғызады. Мәселен, мәртебелі англикан шіркеуі өзінің ақшалай табысының $\frac{1}{39}$ бөлегіне қарсы жасалған шабуылдан гөрі өзінің наным бейнесіндегі 39 парыздың 38-не қарсы жасалған шабуылды оңайырақ кешіреді. Біздің заманымызда меншіктіліктің дәстүрлі қатынастарын сынаумен салыстырғанда атеизмнің өзі *culpa levis* [кішкене күнә] болып табылады. Алайда бұл жерде

де белгілібір прогрестің барлығы күмәнсыз. Мен, мәселен, соңғы аптада жарияланған: «Correspondence with Her Majesty's Missions Abroad, regarding Industrial Questions and Trades Unions» деген Көк кітапты⁵ көрсетіп өтейін. Ағылшын тәжтақ иелерінің шетелдік өкілдері бұл жерде ашықтан-ашық былай дейді: Германия мен Францияда,— бір сөзбен айтқанда, европалық континенттің барлық мәдениетті мемлекеттерінде,— капитал мен еңбек арасында болып отырған қатынастардың мықтап өзгеруі, нақ Англиядағыдай, әрі қатты сезілетін, әрі болмай қалмайтын нәрсе. Осымен қатар Атлантика мұхитының арғы бетінде Солтүстік Америка Құрама Штаттарының вице-президенті Уэйд мырза топты жиіалыста: құл иеленушілікті жойғаннан кейін капитал қатынастары мен жерге меншіктілік қатынастарын мықтап өзгерту күн тәртібіне қойылды деді. Заман құбылыстары осындай; оларды алқызыл шекпенмен де, қара шапанмен де көзден тасалай алмайсың. Мұның өзі, әрине, күні ертең керемет болады деген сөз емес. Бірақ мұның өзі кәзіргі қоғам берік кристалл емес, қайта өзгеріп отыра алатын және үздіксіз өзгеру процесін бастан көшіріп отырған организм екенін үстем таптардың өздері енді көмескі сезе бастағанын көрсетеді.

Бұл еңбектің екінші томы капиталдың айналыс процесіне (II кітап) және бүкіл капиталистік процестің формаларына (III кітап) арналады, қорытынды үшінші том (IV кітап) экономикалық теориялардың тарихына арналады.

Мен ғылыми сынның айтқандарының бәрін қуанышпен қарсы аламын. Ал қоғамдық пікір дейтіннің соқыр сенімдеріне, мен ешуақытта кеңшілік жасамаған осынау нәрсеге келетін болсақ, менің ұраным бұрынғыша ұлы флоренциялықтың мына сөздері болмақ:

*Segui il tuo corso, e lascia dir le genti!*⁶

Карл Маркс

Лондон, 25 июль, 1867 ж.

ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА СОҢҒЫСӨЗ

Мен алдымен кітаптың бірінші басылуын оқығандарға екінші басылуында болған өзгерістерді көрсетіп өтуге тиіспін. Кітаптың айқын құрылымы көзге түседі. Қосымша ескертулер барлық жерде де екінші басылуына берілген ескертулер деп көрсетілді. Ал текстiнiң өзiне келетiн болсақ, ең маңыздылары мыналар.

Бірінші тараудың 1-бөлімінде құнды теңгерме анализінен шығару ісі барынша ғылыми дәлдікпен орындалған, бұдан айырбас құны атаулының бәрі көрінеді, сонымен қатар бірінші басылуында құн субстанциясы мен құн мөлшерін қоғамдық қажетті жұмыс уақытымен белгілеу арасындағы тек көрсетіліп қана кеткен байланыс мейлінше айқын көрінеді. Бірінші тараудың 3-бөлімі («Құн формасы») мүлдем қайта жазылды: мұның қажет болған себебі — бірінші басылуында мұның өзі екі рет қайталанған еді. Сөз арасында айта кету керек, менің мұны екі рет қайталауыма Ганновердегі досым д-р Л. Кугельман себеп болды. Мен онымен 1867 жылдың көктемінде кездестім, бұл кезде Гамбургтен кітаптың алғашқы үлгі оттискілері келіп жатыр еді, сөйтіп ол мені оқушылардың көпшілігіне құн формасын қосымша, неғұрлым дидактикалық жолмен түсіндіру керек деп көндірді. — Бірінші тараудың соңғы бөлімі: «Товар фетишизмі және т. т.» едәуір өзгерді. Үшінші тараудың 1-бөлімі («Құн өлшемі») мұқият қайта қаралды, өйткені бұл бөлім бірінші басылуында үстірт орындалған еді, — оқушыларға 1859 жылы Берлинде басылған, «Саяси экономия сылына» деген кітаптағы түсінік ұсынылған-ды. Жетінші тарау, әсіресе оның 2-бөлімі, едәуір қайта жазылды.

Текстіге енгізілген барлық жеке өзгерістерді, көбінесе тек стилистикалық мәні бар өзгерістерді түгел көрсетіп жату пайдасыз болған болар еді. Мұндай өзгерістер кітаптың әр жерін-

де-ақ бар. Алайда, Парижде француз тілінде шыққалы отырған аударманың текстің қарай келіп, мен енді мынадай қорытындыға келіп отырмын: неміс тіліндегі түп нұсқаның кейбір бөлімдері бірсыпыра жерінде мүлде қайта жазуды, бірсыпыра жерінде тек стилистика жағынан түзетуді немесе кездейсоқ шалағайлықтарды мұқият түзетуді талап етеді. Бірақ бұл үшін менің уақытым болмады, өйткені тек 1871 жылдың күзінде ғана, кідіртуді көтермейтін басқа жұмыстармен айналысып жатқан кезімде, кітап түгелдей сатылып кетті, екінші басылуы 1872 жылғы январьдың өзінде-ақ басталуға тиіс деген хабар алдым.

Неміс жұмысшы табының қалың ортасында «Капиталдың» тез түсініліп кетуі менің еңбегім үшін аса құрметті сый болып табылады. Вена фабриканты, экономикалық мәселелерде буржуазиялық көзқарасты жақтаушы Мейер мырза француз-пруссак соғысы кезінде шыққан бір кітапшасында⁷ мынадай бір дұрыс пікір айтты: немістердің атадан қалған мұра игілігі деп есептеліп келген, теориялық ой жөніндегі зор қабілеттілік білімді таптар дейтіндердің арасында мүлдем жойылып кетті, бірақ оның есесіне бұл қабілет оның жұмысшы табы арасында кітаптан жандана бастады деді⁸.

Германияда саяси экономия осы уақытқа дейін шетелдік ғылым болып келді. Густав Гюлих «Geschichtliche Darstellung des Handels, der Gewerbe etc.» деген кітабында, әсіресе осы еңбектің 1830 жылы шыққан алғашқы екі томында бізде капиталистік өндіріс әдісінің дамуына, демек, кәзіргі замандағы буржуазиялық қоғамның қалыптасуына кедергі болған тарихи жағдайларды едәуір көрсетіп берді. Сонымен, саяси экономия үшін өмірлік негіз болған жоқ. Саяси экономия даяр товар түрінде Англия мен Франциядан әкелініп отырды, саяси экономияның неміс профессорлары шәкірт қалпында болып келді. Жат өмірдің теориялық көрінісі олардың қолында догмалардың жинағына айналды, олар бұл догмаларды өздерінің төңрегіндегі ұсақбуржуазиялық дүниенің рухында түсіндірді, яғни теріс түсіндірді. Өздеріндегі ғылыми әлсіздік сезімі мен шындығына келгенде өздеріне мүлдем жат өмір саласында ұстаздық ролін атқаруға тура келетіні жөніндегі ұнамсыз ойды тойтарып тастау қолдарынан келмейтін болғандықтан, олар әдеби-тарихи ғалымдықтың жасанды байлығымен бұркенуге немесе атышулы камералдық ғылымдардың саласынан, — герман бюрократы болуға үміттенген кандидаттың әрқайсысы өтуге тиісті қыл көпірлі саналуан ақпарлардың қойыртпағынан алынған мүлдем жат материалды пайдалануға тырысты.

1848 жылдан бері қарай капиталистік өндіріс Германияда

тез дамыды, ал кәзіргі кезде өзінің жалдаптық дамуының нағыз қызуы үстінде отыр. Бірақ біздің кәнігі ғалымдарымыз үшін тағдыр бұрынғысынша рақымсыз болып қалып отыр. Германия өмірінде кәзіргі заманғы экономикалық қатынастар болмаған кезде олардың саяси экономиямен әділ айналысуға мүмкіндігі бар еді. Ал бұл қатынастар пайда болған кезде, ендігі жерде оларға буржуазиялық көзқарастың шеңберінде отырып бұл қатынастарды әділ зерттеуге мүмкіндік бермейтін жағдайлар тап болды. Саяси экономия буржуазиялық саяси экономия болғандықтан, яғни ол капиталистік құрылысты дамудың тарихи өткінші басқышы емес, қайта, керісінше, қоғамдық өндірістің абсолютті, түпкі формасы деп қарайтындықтан оның өзі белгілібір кезеңге дейін ғана, тап күресі жасырын қалыпта немесе тек жеке дара көріністерден байқалып отырғанда ғана ғылыми бола алады.

Англияны алайық. Оның классикалық саяси экономиясы тап күресінің онша өршімеген дәуірінде болды. Ағылшынның классикалық саяси экономиясының соңғы ұлы өкілі Рикардо ақырында келіп өз зерттеуінің негізгі мәселесі етіп таптық мүдделердің, жалақы мен пайданың, пайда мен жер рента-сының қарама-қарсылығын әдейі алады, бірақ аңқаулық жасап, бұл қарама-қарсылықты қоғамдық өмірдің табиғи заңы деп қарайды. Сонымен қатар буржуазиялық экономика ғылымы өзінің соңғы, аттап өтуге болмайтын шегіне жетті. Рикардоның тірі кезінде-ақ және оған қарама-қарсы түрде буржуазиялық экономияны сынау басталды, мұны Сисмонди бастады ¹⁾.

Келесі дәуірде, 1820—1830 жылдарда, Англияда саяси экономия саласында ғылыми жандану басталады. Мұның өзі Рикардо теориясын бұрмалап тарату дәуірі, сонымен қатар бұл теорияның ескі мектеппен күресу дәуірі еді. Тамаша тартыстар болып жатты. Бұл кезде экономистердің істегені европалық континентке оншалықты белгілі емес, өйткені айтыс көбінесе журнал мақалаларында, кездейсоқ кітапшалар мен памфлеттерде шашыраңқы жүргізілді. Ол кездегі жағдай бұл айтыстың әділдік сипат алуына себеп болды, Рикардо теориясы қайсыбір реттерде сол кездің өзінде-ақ буржуазиялық экономикаға қарсы шабуыл құралы болып қолданылса да, бұл айтыс әділ жүргізілді. Бірінші жағынан, ірі өнеркәсіптің өзі балалық шағынан жаңа ғана шығып келе жатыр еді; мұны мына жағдайдан да көруге болады: тек 1825 жылдың дағдарысынан бері ғана өнеркәсіптің кәзіргі өмірінің дүркін-дүркін ауыспалы айналысы басталады. Екінші жағынан, капитал мен

¹⁾ Менің «Саяси экономия сынына» деген еңбегімді қараңыз. Берлин. 1859. 39-бет (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 47-бет).

КАПИТАЛЪ.

КРИТИКА ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЭКОНОМІИ.

СОЧИНЕНІЕ

КАРЛА МАРКСА.

ПЕРЕВОДЪ СЪ НѢМЕЦКАГО.

ТОМЪ ПЕРВЫЙ.

КНИГА I. ПРОЦЕССЪ ПРОИЗВОДСТВА КАПИТАЛА.

С - ПЕТЕРБУРГЪ.
ИЗДАНИЕ Н. П. ПОЛЯКОВА.

1872

«КАПИТАЛДЫҢ» I ТОМЫНЫҢ
ОРЫСША БІРІНШІ БАСЫЛУЫНЫҢ ТЫСЫ

еңбек арасындағы тап күресі кейінгі қатарға шығарылды: саясат саласында бұл күрес, бірінші жағынан, Қасиетті одақ төңірегіне топталған феодалдар мен үкіметтердің, екінші жағынан, буржуазия бастаған халық бұқарасының арасындағы егестен көрінбеді; экономика саласында бұл күрес өнеркәсіп капиталы мен аристократиялық жериеленушілер арасындағы ұрыс-қағыстан көрінбеді, бұл ұрыс-қағыс Францияда парцелді меншік пен ірі жериеленушілер мүдделерінің қарама-қарсылығынан бүркеулі жатқан болса, Англияда астық заңдары шыққаннан бері ашық көрінген еді. Англияның ол замандағы экономикалық әдебиеті д-р Кенэ қайтыс болғаннан кейін Францияда болған дауыл мен шабуыл дәуірін бейнелейді, бірақ бейнелеуі шуақ күздің көктемге ұқсастығындай ғана. 1830 жылы болған дағдарыс мұның бәрін бірден шешті.

Франция мен Англияда буржуазия саяси өкіметті жеңіп алды. Осы кезден бастап тап күресі, практикалық және теориялық күрес, барған сайын өте айқын және қауіпті түрге енеді. Сонымен бірге ғылыми буржуазиялық экономия үшін өлім сағаты соғылды. Ендігі жерде әңгіме белгілібір теореманың дұрыс-бұрыстығы туралы емес, ол теорема капитал үшін пайдалы ма әлде зиянды ма, қолайлы ма әлде қолайсыз ба, полицейлік көзқараспен үйлесе ме әлде үйлеспей ме деген мағнада болып отыр. Әділ зерттеудің орнын жалдама жазушылардың шимайлары басатын болды, әділ ғылыми ізденушілік орнына сыңаржақ, жарамсақ апологетика қолданыла бастады. Айта кету керек, фабриканттар Кобден мен Брайт бастаған, Астық заңдарына қарсы күрес лигасы⁹ басып шығарған дәмешіл шағын трактаттар жер иеленуші аристократияға қарсы айтысы арқылы ғылыми жағынан болмаса да, әйтеуір тарихи жағынан дегенмен де біраз көңіл бөлерліктей еді. Бірақ сэр Роберт Пиль заманынан бергі жерде тұрпайы саяси экономияның бұл соңғы құралын да фрिटредерлік заңдар тартып алды.

1848 жылғы континенттік революция Англияға да әсерін тигізді. Ғылым саласында көзге түсуге дәмеленуін қоймаған және үстем таптардың жәй ғана софистері мен сикофанттары болу роліне қанағаттанбаған адамдар капиталдың саяси экономиясын ендігі жерде елемей кетуге болмайтын пролетариаттың талаптарымен үйлестіруге тырысты. Осыдан келіп ең тәуір өкілі Джон Стюарт Милль болған оғаш синкретизм пайда болды. Мұның өзі,— орыстың ұлы ғалымы мен сыншысы Н. Чернышевскийдің «Саяси экономияның очерктері (Милль бойынша)» деген еңбегінде шеберлікпен көрсеткеніндей,— буржуазиялық саяси экономияның күйреуі еді.

Сонымен, Германияда капиталистік өндіріс әдісі Англия-

мен Францияда оның антагонистік сипаты тарихи күрестің дабысы жер жарған шайқастарында әбден ашылғаннан кейін ғана барып жетілді, ал герман пролетариатының теориялық таптық санасы герман буржуазиясына қарағанда сол кездің өзінде-ақ анағұрлым айқын еді. Сөйтіп, буржуазиялық саяси экономияны ғылым ретінде мүмкін етерлік жағдайлар туысымен-ақ мұның өзі қайтадан мүмкін болмай қалды.

Осындай жағдайларда оның өкілдері екі лагерьге бөлінді. Біреулері, парасатты практиктер, пайдақұмар адамдар, Бастиа туы төңірегіне, тұрпайы экономия апологетикасының ең сұмпайы, сондықтан да ең салулы өкілінің туы төңірегіне топталды. Екіншілері, өз ғылымының қасиетін профессорларша мақтаныш ететін адамдар, ымыраға келмейтін нәрсені жарастыруға тырысқан Джон Стюарт Милльдің жолына түсті. Немістер буржуазиялық саяси экономияның кері кеткен дәуірінде, оның классикалық дәуіріндегі сияқты, жәй ғана шәкірттер, шетелдік нәрсеге табынушылар, еліктеушілер, шетелдік ірі фирмалардың өнімдерін бөлшектеп таратушылар болып қалды.

Сонымен, герман қоғамының тарихи дамуының өзгешеліктері буржуазиялық саяси экономияны қалайда тыннан жасауға мүмкіндік бермеді, бірақ оны сынауды мүмкін етті. Тегінде мұндай сын белгілі тап тарапынан болатындықтан, оны тек бір ғана тап айта алады: капиталистік өндіріс әдісінде төңкеріс жасау, таптарды мүлдем жою жөніндегі тарихи міндетті атқаратын тап қана, яғни тек пролетариат қана айта алады.

Герман буржуазиясының ғалым өкілдері мен ғалым емес өкілдері алғашында «Капиталды» ауызға алмауға тырысты. олар менің ертеректе жазылған еңбектерім жөнінде осылай еткен болатын. Ал мұндай тактика заман жағдайларына сай келуден қалған кезде, олар, менің кітабымды сынауды сылтауратып, «буржуазиялық ұзданын тыныштандыру» үшін бірсыпыра кеңестер басып шығарды, бірақ жұмысшы баспасөзі тарапынан — мысалы, «Volksttaat»-та¹⁰ басылған Иосиф Дицгеннің мақалаларын қараңыз — тамаша қарсыласа алатын адамдарға кездесті, бұл адамдарға олар күні бүгінге дейін жауап та қайтара алмай келеді¹¹.

¹¹ Герман тұрпайы саяси экономиясының көкезу мылжындары «Капиталдың» стилі мен баяндау әдісін сөгуде. Еңбегімнің әдеби кемшіліктерін мен басқалардың бәрінен де артық сеземін. Алайда бұл мырзалар мен отардың қауымындағыларға тәлім үйретіп, ғанбет алу үшін ағылшын мен орыс сынының пікірлерін келтіргім келеді. «Saturday Review», менің көзқарастарыма сөзсіз қас-ақпен қарайтын осы газет, неміске бірінші басылуы жөніндегі хабарында былай деп жазады: «Баяндау желісі тіпті ең суренсіз экономикалық мәселелерге де ерекше көрік (charm) береді». «Санкт-Петербургские Ведомости» 1872 жылғы 8 (20) апрельдегі номерінде сөз арасында былай деп жазады: «Оның еңбегінің баяндау желісі (кейбір тым арнаулы бөлімдерін былай қойғанда) айқындылығымен, жалпы жұртқа түсініктілігімен және, пәннің ғылыми бйік дәрежесіне қарамастан, өзгеше әсерлілігімен көге түседі. Бұл жағынан алғанда, автор... неміс ғалымдарының көпшілігіне ешбір ұқсамайды, өйткені олардың...

«Капиталдың» тамаша орысша аудармасы 1872 жылдың көктемінде Петербургте жарыққа шықты. 3 000 дана болып басылып шыққаны кәзіргі кездің өзінде-ақ түгелдей дерлік тарап кетті. 1871 жылдың өзінде-ақ Н. Зибер мырза, Киев Университетіндегі саяси экономия профессоры, «Д. Рикардоның құндылық пен капитал теориясы» деген еңбегінде құн, ақша мен капитал жөніндегі менің теориямды негізгі белгілері жағынан Смит — Рикардо ілімінің сөзсіз ілгерілеп дамуы деп көрсетті. Бұл бағалы кітапты оқыған кезде оның негізге алған таза теориялық көзқарасын дәйекті түрде баяндай білуі Батыс Европа оқушысын ерекше таң қалдырады.

«Капиталда» қолданылған метод жөнді ұғылмады, мұны кітапқа берілген, біріне бірі қайшы келетін түрлі сипаттамалардан көруге болады.

Мәселен, Париждегі «Revue Positiviste»¹¹ журналы маған мынадай кінә тағады: бірінші жағынан, мені саяси экономияны метафизикалық тұрғыдан қарайды дейді, ал екінші жағынан — не жөнінде екенін аңғарыңыздаршы? — мені кәзіргі жағдайды сын тұрғысынан жіктеумен тынады, болашақтың асханасы үшін рецепт (конттық болар?) жасамаған дейді. Метафизикалық жағынан таққан кінасы жөнінде проф. Зибер былай дейді:

«Әңгіме анығында теория туралы болып отырғандықтан Маркстің методы бүкіл ағылшын мектебінің дедукциялы методы болып табылады, сондықтан экономист-теоретиктердің таңдаулы өкілдері оның кемшіліктеріне де, жақсы жақтарына да ортақ».¹²

М. Блок мырза «Les Théoriciens du Socialisme en Allemagne. Extrait du «Journal des Économistes», juillet et août 1872» деген кітапшасында менің методымды аналитикалық метод деп табады да, сөз арасында былай дейді:

«Маркс мырза бұл еңбегімен өзінің ең көрнекті аналитикалық ақыл-ойдың иесі екенін көрсетті».

Неміс рецензенттері, әрине, гегельдік софистика туралы шулауда. Петербургтегі «Вестник Европы» «Капиталдың» тек қана методына арналған мақаласында (1872 жылдың май айындағы номері, 427—436-беттері)¹³ менің зерттеу методымды мейлінше реалдық, ал баяндау методымды, амал не, немістік-диалектикалық метод деп табады. Автор былай деп жазады:

«Сырттан қарағанда, егер баяндауының сыртқы формасы жағынан алып қарасаңыз, Маркс барып тұрған идеалист-философ, оның үстіне бұл сөздің «немістік», яғни нашар мағнасындағы идеалист-философ сияқты. Ал

өзінің шығармаларын көмескі де сүренсіз тілмен жазатыны соншалық, мұны оқыған жәй пенделердің басы қатып кетеді». Осы заманғы ұлттық-либералдық неміс профессорлары әдебиетін оқыған адамдардың басы емес, мүлдем басқа жері қатып кетеді.

шындығына келгенде ол экономия сыны жөнінде өзінен бұрын өткендердің барлығынан да шексіз артық реалист... Оны ешбір идеалист деп есептеуге болмайды».

Мен бұл авторға оның өз мақаласынан бірнеше үзінділер келтіріп жауап беруден басқа тәуір жауап таппаспын деймін; оның үстіне бұл үзінділер менің орыс тілімен таныс емес көптеген оқушыларым үшін пайдасыз болмайды.

Мен «Саяси экономия сынына» деген еңбекке арнап жазған алғысөзімде, Берлин, 1859, IV—VII беттер¹⁴, өз методымның материалистік негізін баяндағанмын, автор содан цитата келтіре отырып, былай деп жазады:

«Маркс үшін бір ғана нәрсе маңызды: өзі зерттеп отырған құбылыстардың заңын табу. Ал бұл жерде ол үшін тек заң ғана маңызды емес, яғни жаңағы құбылыстарды басқарып отырған, әзірге белгілібір формаға еніп отырған, әзірге дәл кәзіргі кезде байқалып жүрген өзара қатынаста көрінетін құбылыстарды басқарып отырған заң ғана маңызды емес. Ол үшін, сонымен қатар, олардың өзгеруі, олардың дамуы, яғни бір формадан екінші формаға, өзара қатынастардың бір қалпынан екінші қалпына өтуі жөніндегі заң да маңызды. Бұл заңды ашқаннан кейін ол қоғамдық өмірге бұл заңды айқын көрсететін жағдайларды толығырақ талдайды... Осыған сәйкес Маркс бір ғана мақсатты көздейді: дәл ғылыми талдау арқылы қоғамдық қатынастардың белгілі тәртіптерінің қажеттігін дәлелдеуді және өзіне негізгі пункт пен тірек болатын фактілерді мүмкіндігінше мінсіз етіп сипаттауды көздейді. Егер ол, кәзіргі заманғы тәртіптің қажеттігін дәлелдегеннен кейін, осы тәртіптен әрі сөзсіз қадам жасалатын екінші тәртіптің қажеттігін де дәлелдесе, оған әбден жетіп жатыр, жұрт мұны ойласып-ойламасын, білсін-білмесін, бәрі бір. Маркс қоғамдық қозғалысты табиғи тарихи процесс деп қарайды, мұны адамның еркіне, санасы мен ойына байланыссыздығы былай тұрсын, қайта адамның еркін, санасы мен ойын өзі билейтін заңдар басқарады деп біледі... Егер саналы элемент мәдениет тарихында осындай бағынышты роль атқаратын болса, онда мәдениеттің өзін сөз қылатын сын сананың пәлендей бір формасын немесе пәлендей бір нәтижесін оншалықты тірек ете алмайтыны түсінікті. Яғни сыңа идея емес, тек сыртқы құбылыстың бір өзі ғана негізгі тірек бола алады. Сынының міндеті фактіні идеямен емес, басқа фактімен тәңестіріп, салыстырып, тексеріп шығуда. Сын үшін маңыздысы тек мынау: фактінің екеуі де мүмкіндігінше дәл зерттелуі керек және дамудың әртүрлі дәрежесін шын мәнісінде көрсетуі керек, оның үстіне дамудың осы дәрежелерін көрсететін тәртіп, дәйектілік, байланыстылық та сондай дәл зерттелуі қажет... Бұл жерде кейбір оқушының ойына... экономикалық өмірдің жалпы заңдары, кәзіргі өмірге қолданылса да, өткен өмірге қоладанылса да, бәрібір, бірдей емес пе? — деген сияқты сұрақтың да келуі мүмкін. Бірақ Маркс нақ осыны қабылдамайды. Ол үшін мұндай жалпы заңдар дүниеде жоқ... Оның пікірінше, керісінше, әрбір тарихи дәуірдің өз заңдары бар... Ал өмір дамудың осы дәуірін басынан кешірісімен-ақ, осы сатыдан шығып, екінші сатыға аяқ басысымен-ақ басқа заңдар бойынша дами бастайды. Қысқасы, экономикалық өмір бізге бұл ретте өзіміз байқап жүрген биологиялық құбылыстардан мүлде айнымайтын құбылысты көрсетеді... Бұрынғы экономистер экономикалық заңдардың жаратылысын түсінбеді, бұларды физика мен химия заңдарымен тектес деп есептеді... Құбылыстарды неғұрлым терең талдау нәтижесінде әлеуметтік организмдердің бір-бірінен айырмашылығы ботаникалық және зоологиялық организмдер арасындағы айырмашылықтан кем соқпайтындығы көрінді... Нақ сол бір құбылыстың өзі, бұл орға-

низмдердің құрылысында өзгешеліктер болуы, олардың мүшелерінің әркелкі болуы, бұл мүшелер өмір сүретін жағдайлардың түрліше болуы және т. т. себепті, мүлдем әртүрлі заңдарға бағынады. Мәселен, Маркс халық өсуінің заңы барлық замандар үшін де, барлық жерлер үшін де әрқашан және ылғи бірдей болады дегенді мойындамайды. Ол, керісінше, дамудың әрбір сатысының өзіне тән өсіп-өну заңы болады деп дәлелдейді... Өндіргіш күштердің даму дәрежесінің түрліше болуына байланысты бұларды реттейтін қатынастар мен заңдар да өзгеріп отырады. Сонымен, шаруашылықтың капиталистік тәртібін зерттеу мен түсіндіруді мақсат етіп қойып, Маркс экономикалық өмірді дәл зерттеуде көзделетін мақсатты тек нағыз ғылыми жолмен дәл тұжырымдады... Оның ғылыми бағалылығы белгілі әлеуметтік организмнің тууын, өмір сүріп, дамуын, өлуін, оның орнына екінші бір жоғарғы организмнің келуін өздеріне бағындыратын жеке заңдарды ашуда. Міне осы қасиет Маркс кітабында шынында да бар».

Автордың өзі менің шын методым деп отырған нәрсесін осылайша тамаша суреттей келіп, бұл методты қолданудағы менің өз тәсілдеріме осылай бар ықласымен қарай келіп, соның нәтижесінде диалектикалық методтың дәл өзін суреттеп берді.

Әрине, баяндау әдісі формальды жағынан алғанда зерттеу әдісінен басқаша болмай тұра алмайды. Зерттеу ісі материалды мейлінше игеріп алуға, оның дамуының әртүрлі формаларын талдауға, олардың ішкі байланыстарын қадағалауға тиіс. Тек осындай жұмыс аяқталғаннан кейін ғана шын қозғалыс тиісті түрде көрсетілуі мүмкін. Ал мұның өзі істелгеннен кейін және материал өмірі өзінің идеялық көрінісіне енгеннен кейін, ә дегенде біздің алдымызда априорлық құрылыс тұрған сияқты болып көрінуі мүмкін.

Менің диалектикалық методым өзінің негізінде Гегельдікінен өзгеше екені былай тұрсын, қайта оған тікелей қарама-қарсы келеді. Гегельдің идея деген атпен тіпті дербес субъектіге айналдыратын ойлау процесі Гегельше шындықтың демиургі*, шындықтың өзі мұның тек сыртқы көрінісі болып табылады. Ал менде, мұның керісінше, идеялық дегеніміз — адамның ойына келген және сонда қайта жасалып шыққан материялықтан басқа ешнәрсе де емес.

Гегель диалектикасының мистикалық жағын мен бұдан 30 жылдай бұрын, мұның өзі сән болып жүрген кезінде-ақ сынаған болатынмын. Бірақ дәл «Капиталдың» бірінші томын жазып жатқан кезімде, кәзіргі заманғы білімді Германияда мұрындық болып жүрген даурықпа, өркөкірек, тым тайыз эпигондар¹⁵ Гегельді жамандауға құнығып алды да, бір кездері, Лессингтің заманында, айбарлы Мозес Мендельсонның Спинозаны «өлі ит» деп жамандағаны сияқты мінез көрсетті. Сондықтан мен өзімді осы ұлы ойшылдың шәкіртімін деп ашық айттым, тіпті құн теориясы жөніндегі тараудың кейбір жер-

* — жасаушысы, құрушысы. *Ред.*

лерінде Гегельше сөйлеу мәнеріне еліктеген реттерім де болды. Гегельдің қолында диалектика мистикаға ұшыраса да, бұл жағдай дәл сол Гегельдің диалектика қозғалысының жалпы формаларын мүлтіксіз де саналы суреттеп беруіне кедергі бола алған жоқ. Гегельдің диалектикасы басымен жер сүзіп тұр. Оны аяғынан тік тұрғызу керек те, мистика қауызында жатқан құнарлы дәнін аршып алу керек.

Өзінің мистикалық формасында диалектика неміс модасына айналды, өйткені ол кәзіргі өмірді дәріптейтін сияқты болып көрінді. Өзінің құнарлы түрінде диалектика буржуазия мен оның доктринер идеологтарын тек ызаландырып, құтын қашырады, өйткені ол кәзіргі өмірді позитивтік тұрғыдан түсінумен қатар кәзіргі өмірді теріске шығару ұғымын, оның сөзсіз құрып бітетіндігін қоса қамтиды, диалектика жүзеге асқан әрбір форманы қозғалыста деп біледі, демек, оны өткінші түрінде де алып қарайды, диалектика ешнәрсе алдында да бас имейді, ол шын мәнісінде әрі сыншыл, әрі революцияшыл.

Капиталистік қоғамның қайшылықтарға толы қозғалысын практикашыл буржуа бәрінен де гөрі кәзіргі заманғы өнеркәсіп басынан өткізіп келе жатқан дүркін-дүркін циклдің ауытқуларынан, мұның ең жоғарғы шегі болып табылатын жалпы дағдарыстан айқын сезінуде. Дағдарыс әлі де өзінің даярлық сатысында болғанымен, тағы да төніп келеді, сондықтан ол өз алқабының кеңдігі арқылы, өз қимылының күштілігі арқылы диалектиканы тіпті қасиетті жаңа пруссак-герман империясы мансапқорларының басына да күштеп сіндіруде.

Карл Маркс

Лондон, 24 январь, 1873 ж.

London 18 Mars 1872.

Au citoyen Maurice La Châtre.

Cher citoyen,

J'approuve à votre idée de publier la traduction de *Das Kapital* en livraisons périodiques. Sous cette forme l'ouvrage sera plus accessible à la classe ouvrière et pour moi cette considération l'emporte sur toute autre.

Voilà le beau côté de votre médaille, mais en voici le revers: la méthode d'analyse que j'ai employée et qui n'avait pas encore été appliquée aux sujets économiques, est assez ardue la lecture des premiers chapitres et il est à craindre que le public français toujours impatient de conclure, aude? de connaître le rapport des principes généraux avec les questions immédiates qui le passionnent, ne se hâte parce qu'il n'aura pu tout d'abord passer outre.

C'est là un désavantage contre lequel je ne puis rien si ce n'est toutefois prévenir et prémunir les lecteurs sous ce rapport. Il n'y a pas de route royale pour la science et ceux qui seulement ont chance d'arriver à ses sommets lumineux qui ne craignent pas de se fatiguer à gravir ses sentiers escarpés.

Prenez, cher citoyen, l'assurance de mes
sentiments dévoués.

Karl Marx.

ФРАНЦУЗША БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ

Азамат Морис Лашатрге.

Қымбатты азамат!

«Капиталдың» аудармасын дүркін-дүркін шығатын кітапша стіп басып шығару жөніндегі идеяңызды мақұлдаймын. Бұл түрінде шығарма жұмысшы табы үшін неғұрлым түсінікті болады, ал мұның өзі мен үшін ең шешуші мәселе.

Медальдің бет жағы осындай. Бірақ мұның кері жағы да бар: мен қолданып отырған және күні бүгінге дейін экономикалық мәселелерге қолданылып көрмеген зерттеу методтары алғашқы тараулардың оқуын қатты қиындатады. Әрқашан ақтық қорытындыға жетуге шыдамсыздана тырысатын және жалпы принциптердің тікелей өз көксің тескен мәселелермен байланысы қандай екенін білуге ынтығатын француз жұртшылығы, оқуға кіріскеннен кейін дереу келесі мәселелерге көше алмайтын болса, кітапқа қызығудан қалар деп қауіптенуге болады.

Бұл арада менің көрсете аларлық бір ғана көмегім: ақиқатты білуге ынтығатын оқушыға әуел бастан осы қиыншылықты айтып, оны сақтандыру. Ғылымда кең даңғыл жол жоқ, сондықтан оның сәулетті шыңына шаршап-шалдығудан қорықпайтын, оның тасты соқпақтарымен тырмысып өрлей беретін адам ғана шыға алады.

Қымбатты азамат, менің шын тілектестік лебізімді қабыл алыңыз.

Карл Маркс

Лондон, 18 март, 1872 ж.

ФРАНЦУЗША БАСЫЛУЫНА СОҢҒЫСӨЗ

Ж. Руа мырза мүмкіндігінше дәл және тіпті сөзбе-сөз аударма жасауға уәде берген еді. Ол өз міндетін адал орындап шықты. Бірақ оның нақ осы адалдығы мен дәлдігі себепті мен оны оқушыларға неғұрлым түсінікті ету үшін редакциясын өзгертуге тиісті болдым. Бұл өзгерістер кітаптың жеке бөлімдері басылып шыққан сайын жасалып отырды, бірақ кейде асығыстау істелді, соның салдарынан стиль біркелкі болмай шықты.

Бірақ тексеріп шығу жұмысына кіріскеннен кейін, мен түпнұсқаның негізгі тексті (немісше екінші басылуы) жөнінде де осылай ету қажет екенін сездім — бір жерлерін оңайлатып, екінші жерлерін толықтырдым, тарихи немесе статистикалық қосымшалар енгіздім, сын ескертпелер жасадым, т. т. Бұл ұсынылып отырған французша басылуының өзіне тән әдеби кемшіліктері болар, бірақ бұл басылуы түпнұсқамен қатар айрықша бағалы еңбек болып табылады, сондықтан мұны неміс тілімен таныс оқушылар да пайдалануға тиіс.

Төменде мен немісше екінші басылуына жазылған соңғы-сөзден үзінділер басып отырмын, мұнда Германияда саяси экономияның дамуы туралы және бұл еңбекте қолданылған метод туралы айтылады.

Карл Маркс

Лондон, 28 апрель, 1875 ж.

ҮШІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ

Маркстің өзіне бұл үшінші басылуын даярлауға тағдыр жазбады. Алып ойшыл, кемеңгерлігі алдында тіпті дұшпандары да кәзіргі кезде бас иетін адам, 1883 жылы 14 мартта қайтыс болды.

Қырық жыл бойы аса жақын достық қатынаста болған Маркс сынды адамынан, өз басыма ауызбен айтып жеткізуге болмайтын жақсылықтар істеген досынан айырылған маған енді бірінші томның осы үшінші басылуын да, Маркстің қолжазба күйінде қалдырған екінші томын да жарыққа шығару борышы жүктеліп отыр. Бұл борыштың бірінші бөлімін орындағаным жөнінде мен бұл жерде оқушыға есеп бергелі отырмын.

Маркс алғашында бірінші том текстiнiң едәуір бөлімін қайта жазуды, кейбір теориялық қағидаларды айқынырақ тұжырымдауды, оларға жаңалықтар қосуды, тарихи және статистикалық материалды дәл кәзіргі уақытқа дейінгі жаңа мәліметтермен толықтыруды ұйғарған еді. Науқастығы себепті және екінші томды түпкілікті редакциялау қажеттігінен ол бұдан бастартуға тиіс болды. Сондықтан тек пағыз қажеттілерін ғана өзгерту, бергі жерде шыққан французша аудармасында бар қосымшаларды ғана енгізу ұйғарылды («Le Capital», par Karl Marx. Paris, Lachâtre, 1872—1875).

Маркстен қалған кітаптардың ішінде «Капиталдың» немісше данасы табылды, мұның кейбір жерлерінде французша басылуына енгізілген түзетулер мен анықтамалар жазылған екен: дәл сол сияқты французша данасы да табылды, мұнда

Маркс жаңа басылуында пайдаланғысы келген жерлердің бәрін дәл белгілеп көрсеткен. Бұл өзгерістер мен қосымшалар, азын-аулақтары болмаса, кітаптың соңғы бөліміне, «Капиталдың қорлану процесі» деген бөліміне жетіп тынады. Бұл бөлімнің текстіне енгізілген өзгерістер кітаптың алғашқы желісімен салыстырғанда анағұрлым аз, ал кітаптың алдыңғы бөлімдерінің тексті негізінен қайта жазылған. Сондықтан стиль бұл арада анағұрлым қызғылықты, анағұрлым жинақы, бірақ сонымен қатар басқа бөлімдердегіден гөрі шалалау: ағылшын сөздері кездесіп отырады, кейбір сөздер дәл емес, кейбір жерлерінде баяндау кемістігі байқалады, өйткені кейбір аса маңызды жәйттер тек жеңіл-желпі айтылған-ды.

Стиліне келетін болсақ, Маркстің өзі кейбір бөлімшелерін мұқият қайта қарап, түзеткен болатын, осы арқылы, сонымен қатар көптеген ауызша берген нұсқаулары арқылы маған ағылшынның техникалық атаулары мен басқа да ағылшын сөздерін қаншалық түзету керек екенін көрсеткен еді. Қосындылар мен қосымшаларды Маркс, егер ол тірі болған болса, әрине, қайта жазған болар еді де, майда француз тілін өзінің ықшам неміс тілімен ауыстырған болар еді. Мен оларды кітаптың тиісті жерлеріне көшірумен қанағаттандым, бұл ретте мен олардың негізгі текстімен мүмкіндігінше неғұрлым үйлес болуын ғана көздедім.

Сонымен, бұл үшінші басылуында мен автордың өзі де өзгерткен болар еді деп кәміл сенбеген жерімде бір сөзді де өзгерткен жоқпын. Неміс экономистері қолданып жүрген үйреншікті жаргонды — осынау бәлдір-бағпақ сөздерді «Капиталға» енгізу, әрине, менің ойыма да кіріп шыққан жоқ; бұл жаргон бойынша кімде-кім нақты ақшаға өзгенің еңбегін алатын болса, ол жұмыс *беруші* [Arbeitgeber] деп аталады, ал кімде-кім біреуге ақыға өз еңбегін беретін болса, ол жұмыс *алушы* [Arbeitnehmer] деп аталады. Француздар күнделікті өмірде «travail» [«еңбек»] деген сөзді «кәсіп» деген мағынада да қолданады. Бірақ, әрине, капиталисті *donneur de travail* [жұмыс беруші], ал жұмысшыны *receveur de travail* [жұмыс алушы] деп атағысы келген экономисті француздар есінен адасқан адам деп есептер еді.

Сондай-ақ мен кітаптың барлық жерінде қолданылатын ақшаның, өлшемдер мен салмақтың ағылшындық единицаларын олардың жаңа германдық эквиваленттеріне әкеліп шағуды да жөнсіз деп таптым. «Капитал» бірінші рет басылып шыққан кезде Германиядағы өлшемдер мен салмақтың түрліше единицаларының саны жыл ішіндегі күндердің санымен бірдей болатын: оның үстіне марканың екі түрі (империялық марка ол кезде тек Зётбердің басында ғана жүргенді, мұны

ол 30-шы жылдардың аяғында ойлап шығарды), гульденнің екі түрі және талердің кем дегенде үш түрі болатын, бұлардың біреуі «үштің екі жаңасы»¹⁶ болатын. Жаратылыс тапуда метрикалық өлшемдер, дүниежүзілік рынокта — ағылшын өлшемдері мен салмақтары қолданылып жүрді. Мұндай жағдайларда өлшеудің ағылшындық единицаларымен пайдалану кітапта мүлдем табиғи нәрсе болды, өйткені кітаптың авторы нақты мәліметтерді ылғи ағылшынның өнеркәсіп қатынастары саласынан алуға мәжбүр болды. Бұл соңғы пікірлер кезіргі кезде де өз күшінде, себебі: дүниежүзілік рыноктағы тиісті қатынастар өзгерген жоқ деуге болады, сөйтіп өнеркәсіптің нақ аса маңызды салаларында — темір жасау және мақта-мата өнеркәсібі салаларында — күні бүгінге дейін тек қапа дерлік ағылшын өлшемдері мен салмақтары қолданылула.

Қорытындыда жөнді ұғылмаған бір жағдай жайында, Маркстің цитата қолдану методы туралы бірнеше сөз. Фактілерді бұлжытпай баяндау немесе суреттеу туралы әңгіме болғанда цитаталар, мәселен, ағылшындық Көк кітаптардан алынған цитаталар, өзінен өзі түсінікті, документтерге жәй сілтеу ғана болып табылады. Басқа экономистердің теориялық көзқарастарын цитатаға алған кезде, әңгіме басқаша болады. Бұл арада цитата экономикалық ілімдердің дамуында белгілі саты болып табылатын белгілі бір ой қайда, қашан айтылғанын және оны тұңғыш рет кімнің айқындап айтқанын анықтау үшін ғана керек. Бұл жерде бір нәрсені ғана: экономистің бұл көзқарасы ғылым тарихы үшін маңыз алады, бұл көзқарас өз заманының экономикалық жағдайларының азды-көпті адекватты теориялық көрінісі болып табылады деп көрсету ниеті көзделеді. Бірақ бұл көзқарас автордың өз тұрғысынан пәлендей бір абсолютті немесе относителді маңыз ала ма немесе ол үшін тек тарихи жағынан ғана керек пе деген мәселе мүлде жайына қалады. Сонымен, бұл цитаталар текстіге экономикалық ғылым тарихынан алынған, үздіксіз түсініктер ғана болады да, экономикалық теорияның аса маңызды жеке табыстарының уақыт мерзімі мен авторларын көрсетеді. Ал мұндай жұмыс ғылымда өте-мөте керек, өйткені ғылым тарихшылары осы кезге дейін тек мансапқорларға тән бірбет-кей надандығымен ғана көзге түсіп келді. Мұның өзі, екінші басылуына жазылған соңғысөзде көрсетілгеніндей, Маркстің неміс экономистерінен цитатаны өте аз келтіретін себебін де түсіндіреді.

Екінші томды 1884 жылы жарыққа шығаруға болар деп үміттенемін.

Фридрих Энгельс

Лондон, 7 ноябрь, 1883 ж.

3*

АҒЫЛШЫНША БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ

«Капиталдың» ағылшынша аудармасын басып шығарудың қажеттігін дәлелдеп жатудың керегі жоқ. Онан гөрі, керісінше, осы кітапта дамытылған теориялар әлденеше жылдар бойы Англияның да, Американың да мерзімді баспасөзі мен ағымдағы әдебиетінде ылғи талқыланып та, шабуылға ұшырап та, қорғалып та, түсіндіріліп те, бұрмаланып та жүрген мәселе болуына қарамастан, бұл басылудың осы уақытқа дейін не себепті кешеуілдеп келгенін сұрастырған дұрыс болған болар еді.

«Капиталдың» авторы қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай 1883 жылы бұл еңбектің ағылшынша басылуының қажеттігі айқын болған кезде, Самюэл Мур мырза — Маркстің және осыны жазып отырған автордың ескі досы, бұл кітаптың предметімен, мүмкін, басқа жұрттың бәрінен де гөрі көбірек таныс кісі — бұл кітапты аударуды өз міндетіне алуға келісті, бұл аударманы Маркстің әдеби өсиетін орындаушылар жариялауға тырысты. Өз тарапымнан мен қолжазбаны түпнұсқамен салыстыруға және қажет деп тапқан өзгерістерді енгізуге тиісті болдым. Алайда Мур мырзаның кәсіби қызметі оған аударманы, біздің бәріміздің сонша тілегеніміздей, тез бітіруіне кедергі жасайтын болып шықты. Сондықтан біз бұл жұмыстың бір бөлегін өз міндетіне алғысы келетін доктор Эвелингтің ұсынысын ықыласпен қарсы алдық. Мұнымен қатар Эвелинг ханым, Маркстің кіші қызы, цитаталарды салыстыруды және ағылшын авторлары мен Көк кітаптардан алынған, Маркс неміс тіліне аударған көптеген үзінділердің түпнұсқа текстін тауып беруді міндетіне алды. Бұл жұмысты ол, лажсыздан қалған азын-аулағы болмаса, түгелінен орындап шықты.

Доктор Эвелинг кітаптың мына бөлімдерін аударды: 1) X тарау (Жұмыс күні) мен XI тарау (Қосымша құнның нормасы мен массасы); 2) VI бөлім (Жалақы, XIX—XXII тараулар); 3) XXIV тараудың 4-ші бөлімінен (Қорланудың мөлшерлерін анықтаушы жағдайлар және т. т.) бастап кітаптың аяғына дейін, бұған XXIV тараудың соңғы бөлімі, XXV тарау және бүкіл VIII бөлім (XXVI—XXXIII тараулар) кіреді; 4) автордың екі алғысөзі¹⁷. Кітаптың барлық басқа бөлімдерін Мур мырза аударды. Сонымен, аудармашылардың әрқайсысы жұмысының тек өз бөлімі үшін жауап береді, ал бүкіл жұмыс үшін тұтас алғанда жалпы жауапкерлікті мен өзіме аламын.

Біздің бүкіл жұмысымыздың негізіне алынған немісше үшінші басылуын мен 1883 жылы әзірлеген едім. Мұны әзірлегенде мен автордың қалдырған ескертпелерін пайдаландым, мұнда автор екінші рет басылған тексттің қандай бөлімдері 1872—1875 жылдары французша басылып шыққан тексттің үзінділерімен ауыстырылуға тиіс екенін көрсеткен¹⁾. Сонымен, екінші басылуының текстісіне енгізілген өзгерістер Маркстің өзі ағылшынша басылуына арнап жазған бірқатар нұсқауларында ұсынған өзгерістермен жалпы алғанда дәл келеді; бұл аударма бұдан тоғыз жыл бұрын Америкада жасалмақшы болған, бірақ көбінесе лайықты аудармашының жоқтығынан орындалмай қалған-ды. Бұл нұсқаулар көрсетілген қолжазбаны бізге Хобокеннен, Нью-Джерси штаты, біздің ескі досымыз Ф. А. Зорге табыс етті. Онда французша басылуынан бірнеше қосымша жазбалар белгіленген; бірақ бұл қолжазба Маркстің немісше үшінші басылуы үшін жасаған нұсқауларынан бірнеше жыл бұрын жазылған себепті, мен оны тек жеке реттерде ғана және көбінесе белгілі қиыншылықтарды шешуде ол бізге жәрдем ететін кезде пайдалануға праволымын деп есептедім. Қиын жерлердің көбінде французша тексті де біз үшін мынадай ретте нұсқау болды: аудармада түпнұсқа текстінен маңызы бар бірер сөзді алып тастау қажет болғанда автордың өзі бұлай етуден тайынбағанын біліп отырдық.

Алайда, біз оқушыларды құтқара алмаған бір қолайсыз жағдай бар. Бұл — кейбір терминдердің күнделікті өмірде ғана емес, сонымен қатар кәдімгі саяси экономияда қолданылатын мағнадан өзгеше мағнада қолданылуы. Бірақ мұның өзі болмай қоймайтын нәрсе. Ғылымда әрбір жаңа көзқарас ғылымның техникалық терминдерінде революция жасайды.

¹⁾ «Le Capital, par Karl Marx. Traduction de M. J. Roy, entièrement révisée par l'auteur. Paris, Lachâtre. Бұл аудармада, әсіресе кітаптың соңғы бөлімінде, немісше екінші басылумен салыстырғанда едәуір өзгерістер мен қосымшалар бар.

Мұның өзі бәрінен де гөрі химия мысалынан жақсы көрінеді, оның бүкіл терминологиясы әрбір жиырма жыл шамасында түбірінен өзгеріп отырады, сондықтан түрліше атпен аталу сатысынан өтпеген бірде-бір органикалық қосындыны табу екіталай. Саяси экономия әдетте коммерциялық және өнеркәсіп өмірінің терминдерін бастапқы кездестірген түрінде алып пайдаланып жүрді, бірақ бұлай еткен күнде осы терминдер арқылы берілетін ұғымдардың тар шеңберінен шыға алмайтынын ол мүлде байқамады. Мәселен, классикалық саяси экономия пайда мен рента өнімнің ақы төленбеген бөлегінің бір бөлшегі, үлесі, жұмысшы өз кәсіп иесіне беруге тиісті үлесі ғана екенін (өйткені кәсіп иесі оны тек бірінші болып иемденеді, бірақ оның бірден-бір актық қожасы емес) білетін-ді. Алайда тіпті классикалық саяси экономия да пайда мен рента жөніндегі кәнігі көзқарастардың шеңберінен шыққан жоқ, өнімнің бұл бөлегін (Маркс қосымша өнім деп атаған бөлегін) ешқашан да жинақтап зерттеген емес. Сондықтан ол оның тегі мен жаратылысын да, оның құнының кейінгі бөлінісін реттейтін заңдарды да анық түсіну дәрежесіне жеткен емес. Дәл сол сияқты бүкіл өндіріс, ауыл шаруашылығы мен қолөнер кәсібінен басқасы, ешбір талғаусыз мануфактура деген терминмен қамтылады. Сөйтіп экономикалық тарихтың бір-бірінен едәуір алшақ жатқан, ірі-ірі екі дәуірінің: қол еңбегі бөлінісіне негізделген нағыз мануфактура дәуірі мен машиналар қолдануға негізделген осы заманғы өнеркәсіп дәуірі арасындағы айырмашылық жоғалып кетеді. Сондықтан өзінен өзі айқын бір жағдай, осы заманғы капиталистік өндірісті адамзаттың экономикалық тарихының өтпелі сатысы деп қана қарайтын теория өндірістің бұл формасын мәңгі және түпкілікті деп қарайтын авторлардың кәдімгі терминологиясынан өзгеше терминдер қолдануға тиіс.

Автордың цитата алу жөнінде қолданған методы жайында бірнеше сөз айту артық болмайды. Көп реттерде цитаталар ол үшін, әдеттегідей, текстіде айтылған пікірлерді қуаттайтын документтік дәлелдер болып табылады. Алайда көптеген реттерде экономистер шығармаларынан алынған үзінділер белгілі қағида қашан, қайда айтылғанын, оны тұңғыш рет кімнің айқын айтқанын көрсету үшін цитатаға алынады. Атап айтқанда цитатаға алынған қағида белгілібір уақытта үстемдік еткен қоғамдық өндіріс пен айырбас жағдайларын азды-көпті адекватты көрсететін маңызды қағида ретінде келтіріліп отырады. Онан соң цитата келтірілгенде айтылып отырған қағида Маркстің өз пікірімен үйлесе ме, жоқ па, немесе, басқа сөздермен айтқанда, оның жалпы маңызы бар ма, жоқ па, оның ешбір келер-кетері жоқ. Бұл цитаталар, сонымен, текстінің

жол-жөнекей ғылым тарихынан алынған түсінікпен толықтырып отырады.

Біздің аударамыз бұл еңбектің бірінші кітабын ғана қамтиды. Бірақ бұл бірінші кітап едәуір дәрежеде аяқталған тұтас кітап болып табылады және жиырма жыл бойы дербес шығарманың орнын басып келді. Германияда 1885 ж. мен шығарған екінші кітап 1887 жылдың аяғынан ерте жариялана қоймайтын үшінші кітапсыз толық болмайтыны сөзсіз. Үшінші кітаптың немісше түпнұсқасы баспадан шыққан кезде екі кітаптың ағылшынша басылуын әзірлеу туралы ойлау әбден орынды болады.

Континентте «Капиталды» «жұмысшы табының библиясы» деп жиі атайды. Жұмысшы қозғалысымен таныс адамдардың ешқайсысы да бекер дей алмайтын нәрсе сол, «Капиталда» жасалған қорытындылар күн сайын бірден бірге тек Германия мен Швейцарияда ғана емес, сонымен қатар Францияда, Голландияда, Бельгияда, Америкада және тіпті Италия мен Испанияда да жұмысшы табының ұлы қозғалысының негізгі принциптеріне айналып келеді; жұмысшы табы барлық жерде де бұл қорытындыларды өздерінің тұрмыс жағдайы мен арман-тілектерін дәл көрсететін қорытындылар деп біледі. Тіпті Англияда да дәл кәзір Маркстің теориялары социалистік қозғалысқа аса зор ықпал етуде, ал бұл қозғалыс «оқымысты» адамдар арасында жұмысшы табы арасындағыдан кем өріс алып отырған жоқ. Бірақ әңгіме мұнымен де тынбайды. Англияның экономикалық жағдайын терең зерттеу ұлттың аса зәру қажеті болатын уақыт тез жақындап келеді. Бұл елдің өнеркәсіп системасының қозғалысы — өндірісті тез ұлғайтпайынша, демек, рынокты да ұлғайтпайынша бұл қозғалыс мүмкін емес, — тоқырайтын межесіне жақындап келеді. Сауда бостандығы өз ресурстарын сарқыды; тіпті Манчестер де өзінің осы аса беделді экономикалық евангелиясы жөнінде күманданып отыр¹⁾. Басқа елдердің тез дамушы өнеркәсібі барлық жерде де ағылшын өндірісінің жолында көлденең тұра бастады, онан соң қамқорлық бажылармен қорғалатын рыноктарда ғана емес, ерікті рыноктарда да, тіпті Ла-Манштың бергі жағында да осылай болып отыр. Өндіргіш күштер геометриялық прогрессиямен өсіп отырған болса, рыноктар ең мықтағанда арифметикалық прогрессиямен ұлғаюда. 1825 жылдан 1867 жылға дейін үнемі қайталанып отырған онжылдық тоқырау, гүлдену,

¹⁾ Манчестер сауда палатасының бүгін болған кезекті тоқсандық жиналысында сауда бостандығы туралы мәселе жөнінде қызу дискуссия туды. Мынадай қарар ұсынылды: «Басқа ұлттар да сауда бостандығы туралы мәселеде Англияның үлгісіне ерер деп 40 жыл бойы күткен үміт босқа кеткендіктен палата өз позициясын қайта қарайтын уақыт жетті деп табайды». Қарар тек бір ғана артық дауыспен қабылданбады: жақтағаны 21 дауыс, қарсы болғаны 22 дауыс. «Evening Standard», 1 ноябрь, 1886 ж.

асыра өндіру және дағдарыс циклі шынында тоқтаған сияқты көрінсе де, бізді барып тұрған үмітсіздіктің — үздіксіз де үйреншікті депрессияның батпағына батыру үшін ғана тоқтаған болып шықты. Қатты сағынып күткен гүлдену дәуірі туа қоятын емес. Бұл дәуірдің жақындағанын көрсетеді-ау деген белгілерді байқауымыз мұң, бұл белгілер сол сәтте-ақ қайтадан жоғалып кетеді. Оның бержағында, әрбір қыс түскен сайын: «Жұмыссыздарды қайтеміз?» деген келелі сұрақ көз алдымызда бадырайып тұра қалады. Жұмыссыздардың саны жыл сайын өсіп отырғанына қарамастан, бұл сұраққа ешкім жауап бере алмай отыр, сондықтан біз жұмыссыздардың шыдамы таусылып, өз тағдырын өз қолына алатын кезін есептеп шығара аларлық дәрежеге жуықпыз. Күмән жоқ, мұндай кезеңде өз өмірінің өнбойында Англияның экономикалық тарихы мен жағдайын зерттеп, соның нәтижесінде теория жасап берген адамның үні, бұл зерттеудің нәтижесінде, ең болмағанда, Европада Англия сөзсіз болатын әлеуметтік революцияны түгелдей бейбіт және жария жолдармен іс жүзіне асыра аларлық бірден-бір ел деп қорытындыға келген адамның үні естілуге тиіс. Әрине, бұл арада ол: Англиядағы үстем таптардың осы бейбіт және жария революцияға «кұлдықты қорғап бүлік»¹⁸ шығармай көне қоюы екіталай деп ескертуді ешқашан да ұмытқан емес.

Фридрих Энгельс

5 ноябрь, 1886 ж.

ТӨРТІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ

Төртінші басылуында мен мүмкіндігінше текстiнiң өзiнiң де, ескертулердiң де түпкiлiктi редакциясын анықтауды қажет деп есептедiм. Бұл мiндеттi қалай орындағанымды мен қысқаша көрсетiп өтейiн.

Французша басылуын және Маркстiң өз қолымен жасалған белгiлерiн тағыда салыстырып шығып, мен одан немиесе басылуына бiрнеше жаңа қосымшалар алдым. Олар 80-бетте (үшiншi басылуының 88-бетi) [осы томның 130—131-беттерi], 458—460-беттерде (үшiншi басылуының 509—510-беттерi) [осы томның 502—505-беттерi], 547—551-беттерде (үшiншi басылуының 600-бетi) [осы томның 595—599-беттерi], 591—593-беттерде (үшiншi басылуының 644-бетi) [осы томның 637—639-беттерi] және 596-бетте (үшiншi басылуының 648-бетi) [осы томның 642—643-беттерi], 79-ескертуде бар. Оның үстiне, французша және ағылшынша басылуларының үлгiсi бойынша, мен текстiге (төртiншi басылуының 461—467-беттерi) [осы томның 506—511-беттерi] кен жұмысшылары туралы ұзақ ескерту қостым (үшiншi басылуының 509—515-беттерi). Басқа ұсақ түзетулер кiлең жәй түзетулер ғана.

Оның үстiне мен өзгерген тарихи жағдайларға сәйкес өз ойымша керек болып көрiнген жерлерге бiрнеше қосымша түсiнiк ескертулер енгiздiм. Бұл қосымша ескертулердiң бәрi шаршы жақшаға алынып, менiң инициалдарыммен көрсетiлiп отырды*.

Көптеген цитаталарды толық тексерудiң өзi сол кездегi ағылшынша басылуы үшiн қажет болып шықты. Маркстiң кiшi қызы, Элеонора, келтiрiлген цитаталардың басым көпшi-

*) Бұл басылуында шаршы жақшалар фигуралық жақшалармен ауыстырылды. *Ред.*

лігі ағылшын цитаталары болғандықтан бұлардың бәрін түпнұсқаларынан іздеп табуды өз міндетіне алды, мұндағы мақсат бұл цитаталарды немісшеден қайта аудару түрінде емес, түпнұсқа ағылшын тексті бойынша беру еді. Сөйтіп, мен төртінші басылуында қалпына келтірілген осы текстіні еске алуға тиісті болдым. Бұлардың кейбір жерлерінде ұсақ-түйек кемістіктер бар екені байқалды: беттері теріс көрсетілген, бұл қателердің бір бөлегі дәптерлерден көшірерде кеткен болса, екінші бір тобы үш жолғы басылуында жиналған әріп қателері; тырнақшаның немесе сөзді бөліп алу белгілерінің теріс қойылуы көшірмелі дәптерлерден көптеген цитаталар келтірерде мүлдем сөзсіз болатын кемшіліктер; кейбір реттерде цитатаны аударғанда онша орынды алынбаған сөз де кездеседі. Кейбір цитаталар 1843—1845 жылдары Парижде жазылған ескі дәптерлерден алынған, ол кезде Маркс ағылшын тілін білмейтін де, ағылшын экономистерін французша аудармасынан оқитын; кей жерлерде екі дүркін аударудың салдарынан цитатаның мағынасы біраз өзгеріп кеткендіктен, — мәселен, Стюарттан, Юрдан және т. б. алынған цитаталар, — мен ағылшын текстің пайдаландым. Басқа да, ұсақ-түйек үйлесімсіздіктер мен кемшіліктер осылар тәрізді. Төртінші басылуын бұдан бұрынғы басылуымен салыстырған оқушы бүкіл осы мұқият тексеру процесі кітапқа айтуға тұрарлықтай титтей де өзгеріс енгізе қоймағанын көріп біледі. Тек бір ғана цитата, атап айтқанда Ричард Джонстан алынған цитата (төртінші басылудың 562-беті [осы томның 609-беті], 47-сскерту) мүлде табылмады; Маркс, сірә, кітаптың атын жазғанда қателескен болар¹⁹. Барлық басқа цитаталардың дәлелдік күші толық сақталды немесе кәзіргі неғұрлым дәл түрінде тіпті күшейе түсті.

Бірақ бұл арада мен бұрынғы бір оқиғаға қайта оралуға тиіспін.

Менің өз басым Маркс алған цитатаның дұрыстығына күмән келтірілген бір ғана жағдайды білемін. Бірақ бұл цитата жөніндегі оқиға Маркс қайтыс болғаннан кейін де көтерілгендіктен мен ол жөнінде үндемей кете алмаймын²⁰.

Берлиндік «*Concordia*» журналында, неміс фабриканттары одағының осы органында, 1872 жылы 7 мартта: «Карл Маркс цитатаны қалай алады» деген атпен аноним мақала басылды. Моральдік ашу-ыза мен парламенттікке жатпайтын сөздерді мейлінше мол төгіп, бұл мақаланың авторы: Гладстонның бюджет туралы 1863 жылы 16 апрельде сөйлеген сөзінен алынған цитатаны Маркс бұрмалап жіберген деп соғады (цитата Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Құрылтай Манифесінде 1864 жылы келтірілген және «Капиталда»

қайталанған, I том, төртінші басылуының 617-беті, үшінші басылуының 671-беті [осы томның 663-беті]. «Hansard»-тың стенографиялық (жалған ресми) есебінде, дейді жоғарыда аталған мақаланың авторы, Маркс цитатаға алып отырған: «байлық пен қуаттың мұншалық таңғажайып өсуі... тек қана дәулетті таптармен тынады» деген сөйлем атымен жоқ. «Бірақ Гладстонның сөзінде бұл сөйлем жоқ. Онда мүлде басқа сөздер айтылған» (ал одан кейін қара әріппен басылған): **Маркс бұл сөйлемді формасы жағынан да, мәні жағынан да ойша қиыстырған**.

Маркс «Concordia»-ның бұл номерін майда алып, анонимге «Volksstaat»-тың 1 июньдегі номерінде жауап берді. Ол өзінің цитатасын қандай газеттің есебінен алғанын еске түсіре алмағандықтан, ағылшынның екі газетінен дәл осындай цитаталар келтірумен тынды да, одан кейін «Times»-тың есебінен цитата алды, бұл есепке қарағанда Гладстон былай деген:

«Байлық тұрғысынан біздің еліміздің халі осындай. Шынымды айтқайы, егер байлық пен күш-қуаттың мұншалық таңғажайып өсуі тек қана дәулетті таптармен тынатынына көзім жеткен болса, мен бұған шамамда қауіптеніп те, қайғырып та қараған болар едім. Ал оның бер жағында біз қолымыздағы фактілерден жұмысшы халықтың халі жөнінде ешқандай мәлімет ала алмай отырмыз. Өз ойымша мүлде дәл мәліметтерге сүйене отырып, мен жаңа ғана суреттеп өткен байлықтың өсуі тек қана дәулетті таптармен тынады».

Сонымен, Гладстон бұл арада: егер мұның өзі осылай болған болса, оған қатты қынжылған болар едім дейді, бірақ жағдай шынында да нақ осылай: күш-қуат пен байлықтың мұншалық таңғажайып өсуі тек қана дәулетті таптармен тынады дейді; ал жалған ресми «Hansard»-қа келетін болсақ, Маркс одан кейін былай дейді: «Гладстон мырзаның естиярлығы соншалық, мезгілі өткен соң барып редакцияланған өз сөзінен Англияның қазна канцлері ретінде өзінің беделін сөзсіз түсірерлік жерін алып тастаған; мұның өзі, тегінде, есте титімдей Ласкердің ²¹ Бебельге қарсы ойлап тапқан өнері емес, Англияда әдетке айналған парламенттік дәстүр».

Бірақ аноним барған сайын қатты күйіп-песеді. Өзінің жауабында («Concordia», 4 июль) ол екінші қолдан алынған деректемелердің бәрін бекерге шығарады да, парламенттік сөздерді тек қана стенографиялық есептер бойынша цитатаға алу «әдетін» қолдану керек деп білгішсіне ақыл айтады; бірақ, деп сендірмек болады ол одан соң: «Times»-тың есебі (мұнда «ойша қиыстырылған» сөйлем бар) және «Hansard»-тың есебі (мұнда ол сөйлем жоқ) «мазмұны жағынан бір-біріне әбден үйлеседі», «Times»-тың есебінде де «Құрылтай Манифестіндегі атышулы жерге мүлде қарама-қарсы» мәлімдеме бар

дейді; оның бержағында бұл мырза осы «мүлде қарама-қарсы» делінген мәлімдеменің қасында дәл әлгі «атышулы жердің» тұрғанын ауызға алмауға тырысып бағады. Осылардың бәріне қарамастан, аноним өзінің тұтылып қалғанын және бұдан жаңа бір амал-айла арқылы ғана құтыла алатынын сезеді. Жаңа ғана дәлелденгеніндей, бастан-аяқ «өрескел өтірікке» толы өзінің мақаласын ол: «*mala fides*» («арсыздық») «арамдық», «өтірік көрсетушілік», «бұл — өтірік цитата», «өрескел өтірік», «мүлде жалған цитата», «бұл — жалған», «нағыз ұятсыздық» деген сияқты ең былапыт сөздермен бастайды. Бірақ сонымен қатар ол даулы мәселені байқаусыз жаңа арнаға аударуға тырысады да: «Гладстон сөздерінің мазмұнына біз (яғни «шыншыл» аноним) қандай мән беретінімізді» екінші мақалада көрсетеміз деп уәде етеді. Жұрттың бәрі үшін мүлде маңызы жоқ оның пікірінің іске пәлендей бір қатысы бар сияқты! Бұл екінші мақала «*Concordia*»-да 11 июльде басылды.

Маркс 1863 жылы 17 апрельде шыққан «*Morning Star*» мен «*Morning Advertiser*»-дің тиісті жерлерінен цитата келтіріп, 7 августтағы «*Volksstaat*»-та тағы да жауап қайтарды. Бұл екі деректемеге сәйкес, Гладстон мынаны айтқан: егер байлық пен күш-қуаттың таңғажайып өсуі тек қана дәулетті таптармен (*classes in easy circumstances*) тынады деп ойлаған болсам, бұған қауіптеніп те, т. т. қараған болар едім, бірақ мұның өсуі шынында да меншігі бар таптарға ғана қатысты (*entirely confined to classes possessed of property*) деген; сонымен, Маркс «ойша қиыстырды» деген сөйлем бұл есептерде сөзбе-сөз қайталанатын. Онан соң «*Times*» пен «*Hansard*»-тың текстерін салыстыра келіп, Маркс: келесі күні таңертең шыққан және бір-біріне тәуелсіз үш газеттің де бұл пункт жөніндегі есептерінің сөзбе-сөз үйлесуі бұл сөйлемнің ақиқат екенін айдан анық дәлелдейді деп тағыда көрсетіп берді, — ол «*Hansard*»-тың есебінде бұл сөйлем жоқ, өйткені оны белгілі «әдет» бойынша оратордың өзі қараған, сөйтіп Гладстон, Маркстің сөзімен айтсақ, «бұл сөйлемді кейіннен ұрлап қалады»; ақырында, Маркс бұдан әрі анониммен айтыс жүргізу үшін уақтым жоқ дейді. Бірақ аноним, сірә, осы алған сыбағасына лықа тойған болу керек, әйтеуір енді Маркске «*Concordia*»-ның номерлерін жіберуін қояды.

Жанжал сонымен түпкілікті аяқталып, ұмытылғандай болып еді. Рас, содан бері Кембридж университетімен байланысы бар адамдардан Маркс «Қапиталда» сұмдық әдеби күнә жасапты деген сыбыстарды бір-екі рет есіткеніміз бар-ды; алайда, бұл жағдайды барынша мұқият іздестірсек те, ешнәрсенің анығына жете алмай жүретінбіз. Сөйтіп жүргенімізде

1883 жылғы 29 ноябрьде, Маркс қайтыс болғаннан кейін 8 айдан соң, «Times»-та бір хат басылды. Хат Кембридждегі Тринити колледжінен келген, бұған Седли Тейлордың қолы қойылған; бұл хатта өте жұпыны кооператор болып істейтін осы адамсымақ мүлде күтпеген жерден бізге, ақырында, Кембридждегі өсек-аяң жөнінде ғана емес, сонымен қатар «Concordia»-дағы анонимді бүркеніп жүрген адам жөнінде де түсінік берді.

«Ерекше таңқаларлық нәрсе»,— деп жазады Тринити колледжіндегі адамсымақ,— «профессор Брентано (ол кезде Бреславльде кафедра басқарған, кәзір Страсбургте)... Гладстонның сөзінен алынған цитатаны Интернационалдың (Құрылтай) Манифесіне сөзсіз ойша енгіздірген mala fides-ті әшкерелей білді. Цитатаны қорғамақшы болған... Карл Маркс мырза Брентаноның шебер соққысынан дереу күл-талқан болды, бірақ жан тәсілімі (deadly shifts) алдында ол: Гладстон мырза өзінің сөзі 1863 жылы 17 апрельде «Times»-та толық күйінде басылғаннан кейін «Hansard» үшін есепті қайтадан қиыстырып, ағылшынның қазна канцлері ретінде өзінің беделін түсіретін бір жерін одан алып тастады деуге дейін барды. Брентано текстерді мұқият салыстыра келіп, «Times» пен «Hansard»-тың есептері бір жерден шығады, сондықтан еппен жұлынып алынған жеке цитаталар арқылы Гладстонның сөздеріне берілген мағна мүлдем жойылады деп дәлелдеген кезде, Маркс уақытым жеткіліксіз деген сылтаумен одан әрі айтысудан бастартты!».

«Пуделде отырғанның кім екенін көрдіңіз бе!»²² Кембридждің өндірістік-кооперативтік қиялында Брентано мырзаның «Concordia»-дағы анонимдік науқаны қандай тамаша суреттелген десеңізші. Неміс фабриканттары одағының осынау Георгий Победоносці осылайша семсерін сермеп²³, «шебер соққы» берген екен дейді, ал оның аяғының астында, «дереу күл-талқан болып», «жан тәсілімі алдында» төңбекшіп дозаны айдаһар Маркс жатыпты-мыс!

Дегенмен, ұрысты Ариосто стилінде осылайша суреттеудің өзі біздің әлгі Георгий Победоносцінің айла-шарғыларын бүркеу үшін ғана керек болып отыр. Бұл арада енді «ойша қиыстырылған өтірік» туралы, «жалған сөйлеу» туралы ешбір сөз жоқ, тек «цитаталарды еппен жұлып алу» (craftily isolated quotation) туралы ғана айтылады. Сөйтiп бар мәселе мүлде басқа арнаға аударылады, ал Георгий Победоносец өзінің кембридждік қосшысымен бірге мұның не себепті істеліп отырғанын өте жақсы түсінеді.

Элеонора Маркс әрайлық «То-Дау»-де (февраль, 1884 ж.) Тейлорға жауап берді, өйткені «Times» оның мақаласын алмады. Ол алдымен айтыстың мазмұнын дәл қалпына келтірді: айтулы сөйлемді Маркс «ойша қиыстырды» ма, жоқ па? — талас міне осы жөнінде болған болатын. Седли Тейлор мырза бұған былай жауап берді: оның ойынша, Маркс пен Брентано арасындағы таласта

«Гладстонның сөзінде бұл сөйлем бар ма, жоқ па деген мәселе цитата Гладстон сөздерінің мағнасын беру ниетімен істелді ме, әлде оны бұрмалау ниетімен істелді ме деген мәселемен салыстырғанда мүлде екінші қатардағы роль атқарды».

Бұдан соң ол: «Times»-тың есебінде «шынында да сөз қайшылығы бар», деп мойындайды да, сөздің бар мазмұны, дұрыс түсіндірілген күнде, яғни либералдық-гладстондық мағнада түсіндірілген күнде, Гладстонның не айтқысы *келгенін* көрсетеді дейді («To-Day», март, 1884 ж.) Бұл арадағы ең бір кісі күлерлік нәрсе мынау: Кембридждегі біздің адамсымақ цитатаны әсте «Hansard»-тан алмайды, ал анонимдік Brentanoның айтуынша, бұлай ету «әдет» болған, ол цитатаны «Times»-тан алады, ал нақ сол Brentanoның айтуынша, мұның есебі «ылғи салдыр-салақ келеді». Оның бұлай стпеске амалы бар ма? «Hansard»-та содырлы сөз жоқ ғой!

Бұл дәлелді «To-Day»-дың нақ сол номерінің беттерінде күл-талқан ету Элеонора Маркске онша қиын болған жоқ. Екінің бірі. Не Тейлор мырза 1872 жылғы айтысты оқыған, онда ол енді «өтірік айтып отыр», ал оның өтірігі жоқ нәрсені «ойша қиыстырғанында» ғана емес, сонымен қатар бар нәрсені «мойындамауда» болып отыр. Не ол бұл айтысты мүлде оқымаған, онда ол аузын ашуға да правосы жоқ еді. Қалай болғанда да, енді өзінің досы Brentanoның Маркс цитатаны «ойша қиыстырды» деп таққан айыбын қолдауға оның батылы жетпеді. Керісінше, енді Маркс «ойша қиыстырғандығы» жөнінде емес, қайта, бір маңызды сөйлемді алып тастағандығы жөнінде айыпталып отыр. Ал шынында бұл сөйлем Құрылтай Манифесінің бесінші бетінде, «ойша қиыстырылды» деген сөйлемнен бірнеше жол бұрын цитата ретінде келтірілген. Гладстонның бюджет туралы сөйлеген сөзіндегі «қайшылыққа» келетін болсақ, «Гладстонның бюджет жөнінде 1863 және 1864 жылдары сөйлеген сөздерінде сорақы қайшылықтар қайталанып отырады» деп айтқан Маркс емей кім. («Капиталдың» 618-беті, 105-ескерту, үшінші басылудың 672-беті [осы томның 664-беті]! Тек ол аталған қайшылықтарды à la Седли Тейлор сияқты либаралдық көңілшектікпен жуып-шайып жібермейді. Э. Маркс жауабының соңғы қорытындысында былай делінген: «Маркс шынында айтуға тұрарлық ешнәрсені де алып тастаған жоқ және тіпті ешнәрсені де «ойша қиыстырған» жоқ. Тек ол Гладстон сөзіндегі бір сөйлемді, қумансыз айтылған, бірақ әлде-неліктен «Hansard»-тың есебінен ғайып болған сөйлемді қалпына келтіріп, ұмыттырмай сақтап қалды».

Бұдан кейін Седли Тейлор мырза да тынышталды. Жиырма жылға созылған және екі ұлы елді қамтыған бүкіл осы

профессорлық жорықтың нәтижесі мынау болды: ендігі жерде ешкім де Маркстің әдеби адалдығына шек келтіре алмайтын болды. Болашақта Седли Тейлор мырза Brentano мырзаның өз жеңістері жөніндегі әдеби есептеріне, сондай-ақ Brentano мырза «Hapsard»-тың пападай бейкүнә екендігіне сенбейтін болар деп ойлаймыз.

Ф. Энгельс

Лондон, 25 июнь, 1890 ж.

БІРІНШІ КІТАП

ҚАПИТАЛ ӨНДІРУ ПРОЦЕСІ

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТОВАР ЖӘНЕ АҚША

БІРІНШІ ТАРАУ

ТОВАР

1. ТОВАРДЫҢ ЕКІ ФАКТОРЫ: ТҰТЫНУ ҚҰНЫ МЕН ҚҰНЫ
(ҚҰННЫҢ СУБСТАНЦИЯСЫ, ҚҰННЫҢ МӨЛШЕРІ)

Капиталистік өндіріс әдісі үстемдік ететін қоғамдардың байлығы «аса көп товар жиынтығы»¹⁾ түрінде, ал жеке товар осы байлықтың қарапайым жәй формасы түрінде көрінеді. Сондықтан біздің зерттеуіміз товар анализінен басталады.

Товар дегеніміз ең алдымен сыртқы нәрсе, зат, ол өзінің қасиеті арқасында, адамның белгілі бір қажетін қанағаттандырады. Бұл қажеттердің тегі,— бұларды, мәселен, адамның асқазаны немесе қиялы туғызса да,— істің мәнін ешбір өзгерте алмайды²⁾. Әңгіме одан кейін бұл заттың адам қажетін дәл қалай өтейтіндігінде де емес: тіршілік заты ретінде, яғни тұтыну заттары ретінде тікелей өтей ме, әлде өндіріс құрал-жабдықтары ретінде көлденең жолмен өтей ме, мұның бәрібір.

Әрбір пайдалы затты, мәселен, темірді, қағазды және т. т. екі тұрғыдан: сапа жағынан және сан жағынан алып қарауға болады. Осындай әрбір зат көптеген қасиеттердің жиынтығы болып табылады, сондықтан ол өзінің әралуан жақтарымен пайдалы бола алады. Заттардың осы әралуан жақтарын ашу, демек, заттарды тұтынудың сан алуан әдістерін де ашу — тарихи дамудың ісі³⁾. Пайдалы заттардың сан жағынан қоғамдық өлшемін табу жөнінде де осыны айтуға болады. Товар

1) *Карл Маркс*. «Саяси экономия сынына». Берлин, 1859, 3-бет [қараңыз; *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс* Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 13-бет].

2) «Тілектен қажеттік туады, мұның өзі рухтың тәбеті, сондықтан тәттің ашығатыны сияқты, рух үшін бұл да табиғи нәрсе... заттың көбінде құнның болатын себебі, ол рухтың қажетін қанағаттандырады». *Nicholas Barbon*: «A Discourse concerning the Coining the New Money lighter. In Answer to Mr. Locke's Considerations etc.». London, 1696, p. 2, 3.

3) «Заттардың өзіне тән ішкі қасиеті болады» (value—тұтыну құнын Барбон осындай ерекше белгімен көрсетеді). «бұл қасиет барлық жерде де өзгермейді; мәселен, магниттің темірді тартқыштығы» (*N. Barbon*, цитат алынған шығарманың 6-беті). Магниттің темірді өзіне тарту қасиетінің пайдалылығы магниттің жәрдемімен магниттің полюс ашылғаннан кейін ғана іс жүзіне асты.

өлшеміндегі айырмашылық бір жағынан нақ сол өлшенетін заттар тегінің әртүрлі болуына байланысты, ал екінші жағынан бұлар шартты айырмашылықтар.

Заттың пайдалылығы оны тұтыну құны етеді ⁴⁾. Бірақ бұл пайдалылық аспандағы бұлдыр нәрсе емес. Ол товар тұлғасының қасиетіне байланысты болғандықтан бұл тұлғадан тыс өмір сүре алмайды. Сондықтан товар тұлғасы мәселен, темір, бидай, алмас және т. с., өзі тұтыну құны, яки игілік болып табылады. Оның бұл сипаты заттың тұтыну қасиеттерін пайдалануға адамның еңбекті көп немесе аз жұмсағанына байланысты емес. Тұтыну құндарын қарастырғанда әрқашан олардың сан жағы көзге түседі, мәселен, дюжина сағат, бір кез кенеп, бір тонна темір, т. с. Товарлардың тұтыну құндары айрықша пәннің — товар зерттеу ғылымының саласы болып табылады ⁵⁾. Тұтыну құны тек пайдалану немесе тұтыну кезінде ғана көрінеді. Тұтыну құндары — байлықтың заттық мазмұны, ал байлықтың қоғамдық формасы қандай болса да бәрібір. Біз зерттегелі отырған қоғам формасы тұсында тұтыну құндары сонымен қатар айырбас құнының заттық тұлғалары болып табылады.

Айырбас құны ең алдымен сан арақатынасы түрінде, пропорция түрінде көрінеді, мұнда бір тектес тұтыну құндары екінің тектес тұтыну құндарына айырбасталады ⁶⁾, — бұл арақатынас уақыты мен орнына қарай ылғи өзгеріп отырады. Сондықтан айырбас құны кездейсоқ және мүлде относителді нәрсе сияқты болып көрінеді, ал товардың өзіне тән ішкі айырбас құны (*valeur intrinsèque*) әлденендей *contradictio in adjecto* [анықтамадағы қайшылық] сияқты болып көрінеді ⁷⁾. Мұның мәнісін байыптап қарап көрейік.

Белгілі товар, мәселен, бидайдың бір кварталі *x* етік майына, немесе *y* жібекке, немесе *z* алтынға, т. т. айырбасталады, бір сөзбен айтқанда, нағыз әралуан пропорциядағы басқа товарларға айырбасталады. Демек, бидайдың бір ғана емес, толып

⁴⁾ «Белгілібір заттың табиғи құны [natural worth] адам өмірінің қажетін қанағаттандыруға немесе қолайлы құралы болуға қабілеттілігінде» (*John Locke*: «Some Considerations of the Consequences of the Lowering of Interest, 1691, in «Works». London, 1777, v. II, p. 28). Біз ағылшын жазушыларының XVII ғасырда тұтыну құнын көрсету үшін «worth» деген сөзді, айырбас құнын көрсету үшін «value» деген сөзді қолданғанын жиі кездестіреміз: мұның өзі ағылшын тілінің рухына мүлде тән нәрсе, өйткені ол нақтылы бар заттарды герман тектес сөздермен, ал рефлекстік заттарды роман тектес сөздермен атауды тәуір көреді.

⁵⁾ Буржуазиялық қоғамда: товар сатып алушы ретіндегі әрбір адамның товар зерттеу ғылымы жөнінде энциклопедиялық білімдері болады деген *factio juris* [юрдикалық жалған лақап] тарап кеткен.

⁶⁾ «Құн дегеніміз бір заттың екінші затқа, белгілі мөлшердегі бір өнімнің белгілі мөлшердегі екінші өнімге айырбасталуын көрсететін қатынас» (*Le Trosne*. «De l'Inégalité Social», «Physiocrates», ed. Daire. Paris, 1846, p. 889).

⁷⁾ «Ешнәрсеңің ішкі құны болмайды» (*N. Barbon*, цитат алынған шығарманың 6-беті), немесе, Батлер айтқандай:

«The value of a thing
Is just as much as it will bring»
[«Зат қанша беретін болса, оның құны дәл сонша болады»] ²⁴

жатқан айырбас құны болады. Ал бірақ x етік майы да, y жібек те, z алтын да, т. т. бір квартал бидайдың айырбас құны болып табылады, сондықтан x етік майы, y жібек, z алтын, т. т. бірінің орнын бірі басатын, яки теңбе-тең келетін айырбас құны болуға тиіс. Осыдан мынадай қортынды туады: біріншіден, белгілібір товардың әртүрлі айырбас құны бірдей нәрсені көрсетеді және, екіншіден, айырбас құны тегінде өзінен басқаша бір мазмұнды көрсету әдісі ғана, соның «көрініс формасы» ғана бола алады.

Онан соң, екі товарды, мәселен, бидай мен темірді алайық. Олардың айырбас қатынасы қандай болса да, оны әрқашан теңгерме арқылы көрсетуге болады, мұнда бидайдың белгілібір мөлшері темірдің белгілібір мөлшеріне теңеледі, мәселен: 1 квартал бидай $= a$ центнер темірге. Бұл теңгерме бізге нені көрсетеді? Әртүрлі екі затта — 1 квартал бидай мен a центнер темірде — тең мөлшерлі ортақ нәрсенің барлығын көрсетеді. Демек, бұл екі зат үшінші бір нәрсеге тең болады, мұның өзі жаңағы заттардың біріншісі де емес, екіншісі де емес. Сонымен, бұлардың әрқайсысы айырбас құны болып табылатындықтан сол үшінші нәрсеге теңелуге тиіс.

Мұны жәй ғана геометриялық мысалмен дәлелдеп көрейік. Барлық тік сызықты пішіндердің көлемін белгілеп, салыстыру үшін бұл пішіндер үш бұрышқа қақ бөлінеді. Үш бұрыштың өзін оның көзге көрінетін пішінінен мүлдем бөлек нәрсеге — үш бұрыш көлемінің табаны мен биіктігі көбейтіндісінің жартысына теңейді. Дәл сол сияқты товарлардың айырбас құндарын да олар үшін белгілібір ортақ нәрсеге телу керек, сонда бұлар оның аз не көп мөлшерін көрсететін болады.

Товарлардың геометриялық, физикалық, химиялық немесе басқа бір табиғи қасиеттері мұндай ортақ нәрсе бола алмайды. Олардың денелік қасиеттері тегінде мынадай жағдайға ғана, товарлардың пайдалылығы соларға байланысты болған күнде ғана, яғни олар товарларды тұтыну құнына айналдыратын болса ғана еске алынады. Демек, екінші жағынан, товарлардың айырбас қатынасы олардың тұтыну құндарынан мүлде басқа түрде көрінетіндігімен сипатталады. Товарлардың айырбас қатынасы шегіндегі әрбір белгілі тұтыну құны, егер ол тек тиісті пропорцияда болатын болса, басқа әрбір тұтыну құнына дәл келеді. Немесе, Барбон қарттың айтатынындай:

«Егер товарлардың айырбас құндары тең болатын болса, товардың бір сорты басқа сорты сияқты жақсы болмақ. Теңбе-тең айырбас құны бар заттардың арасында ешқандай айырмашылық, яки өзгешелік болмайды»⁸⁾.

⁸⁾ «Егер товарлардың айырбас құндары тең болатын болса, товардың бір сорты басқа сорты сияқты жақсы болмақ. Теңбе-тең айырбас құны бар заттардың арасында

Тұтыну құндары ретінде товарлар ең алдымен сапа жағынан екшеліп шығады, ал айырбас құндары ретінде олардың тек сан жағынан ғана айырмашылықтары болмақ, демек, оларда бір түйір де тұтыну құны болмайды.

Егер товарлық денелердің тұтыну құнын есепке алмайтын болсақ, онда олардың бір ғана қасиеті қалады, атап айтсақ, олар — еңбек өнімдері. Бірақ енді еңбек өнімінің өзі де мүлдем жаңа түрге енеді. Шынында да, егер біз оның тұтыну құнын есепке алмайтын болсақ, сонымен бірге біз оны тұтыну құны ететін товар тұлғасының құрамдас бөлімдері мен формаларын да есепке алмайтын боламыз. Енді мұның өзі стол емес, не үй, не жіп, не басқа белгілібір пайдалы зат та емес. Мұндағы сезім арқылы білінетін нәрсенің бәрі сөніп біткен. Сол сияқты енді мұның өзі ағаш ұстасы, не балташы, не жіп иіруші еңбегінің, яки жалпы басқа бір белгілі өндіргіш еңбектің өнімі емес. Еңбек өнімінің пайдалылық сипатымен қатар ондағы еңбек түрлерінің пайдалылық сипаты да жоғалады, демек, еңбектің бұл түрлерінің әралуан нақты формалары да жоғалады; бұлар енді бір-бірінен өзгешеленбей, түгелінен біркелкі адам еңбегі, абстрактылық адам еңбегі болып шығады.

Енді еңбек өнімдерінен не қалғанын алып қарайық. Олардан жұрттың барлығына бірдей бұлдыр заттығынан басқа, ешқандай айырмашылығы жоқ адам еңбегінің жәй ғана жиындысынан басқа, яғни қай формада болғанына қарамай адамның жұмыс күшінің жұмсалғанынан басқа ешнәрсе қалған жоқ. Осы заттардың бәрі енді өздерін өндіруге адамның жұмыс күші жұмсалғанын, адам еңбегі жинақталғанын ғана көрсетеді. Бәріне ортақ осы қоғамдық субстанцияның бейнесі ретінде олар — құн, товар құндары болып табылады.

Товарлардың нақ айырбас қатынасы жағынан олардың айырбас құны бізге товарлардың тұтыну құндарына мүлде байланыссыз нәрсе болып көрінді. Егер біз еңбек өнімдерінің тұтыну құнын шынында да есепке алмайтын болсақ, онда, жаңа ғана анықтағанымыздай, олардың құны келіп шығады. Сонымен, товарлардың айырбас қатынасы, яки айырбас құны жағынан көрінетін ортақ нәрсе олардың құны болып табылады. Мұнан әрі зерттей келе біз тағыда сол айырбас құнының өзі құнды көрсететін қажетті әдіс екенін, яки құн көрінісінің қажетті формасы екенін көреміз; солай бола тұрса да құнды әуелі бұл формаға байланыссыз алып қарау керек.

Сонымен, тұтыну құнының, яки игіліктің, құны болатын

ешқандай айырмашылық, яки өзгешелік болмайды... Жүз фунт стерлинг тұратын темір немесе қорғасын мөлшерінің айырбас құны жүз фунт стерлинг тұратын күміс немесе алтын мөлшерінің айырбас құнымен бірдей болады» (*N. Barbon*, цитат алынған шығарманың 53 және 7-беттері).

бір ғана себебі: онда абстрактылық адам еңбегі затқа айналған, яки материалдық түрге енген. Ал оның құнының мөлшерін қалай өлшеу керек? Әлбетте, оған сіңген еңбектің, әлгі «құн жасаушы субстанцияның» санымен өлшеу керек. Еңбектің өз мөлшері оның ұзақтығымен, жұмыс уақытымен өлшенеді, ал жұмыс уақытының да белгілі уақыт бөлшектерінен, мысалы: сағат, күн, т. т. көрінетін өз масштабы бар.

Егер товар құны оны өндірудің өн бойында жұмсалған еңбектің санымен анықталатын болса, онда: товар өндіруші адам неғұрлым жалқау немесе олақ болса, товар құны соғұрлым қымбат болады, өйткені оған товар өндіру үшін соғұрлым көп уақыт керек болады деген ой тууы мүмкін. Бірақ құн субстанциясын жасаушы еңбек бірдей адам еңбегі, адамның сол белгілі бір жұмыс күшінің жұмсалуды болып табылады. Товар дүниесіндегі құндарға сіңген қоғамның бүкіл жұмыс күші сансыз көп дара-дара жұмыс күштерінен құрала тұрса да, бұл жерде адамның белгілі бір жұмыс күші болып көрінеді. Бұл дара жұмыс күштерінің әрқайсысы, басқа күш атаулы сияқты адамның белгілі бір жұмыс күші болып табылады, өйткені мұның өзі қоғамдық орта жұмыс күшінің сипатын алады және осындай қоғамдық орта жұмыс күші болып қызмет атқарады, демек, белгілібір товар өндіруге тек қана қажетті орта немесе қоғамдық қажетті жұмыс уақытын жұмсайды. Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты дегеніміз өндірістің кәзіргі қоғамдық қалыпты жағдайында және осы қоғамдағы шеберлік пен еңбек интенсивтілігінің орташа дәрежесіне қарай белгілібір тұтыну құнын жасау үшін жұмсалатын жұмыс уақыты болып табылады. Мәселен, Англияда бумен жүретін тоқыма станогын енгізгеннен кейін белгілі бір мөлшерде иірілген жіпті матаға айналдыру үшін бұған бұрынғы кезде жұмсалған еңбектің, мүмкін, тек жартысы ғана қажет болған шығар. Әрине, ағылшынның қолмен тоқитын тоқушысы бұдан кейін де бұл жұмысқа бұрынғы кездегідей жұмыс уақытын жұмсайды, бірақ енді оның дара жұмыс сағатының өнімінде қоғамдық жұмыс сағатының тек жартысы ғана болады, сондықтан бұл өнімнің құны екі есе арзандайды.

Сонымен, белгілібір тұтыну құнының құн мөлшері оны жасау үшін керекті қоғамдық қажетті еңбектің мөлшерімен, яки жұмыс уақытының мөлшерімен ғана анықталады⁹⁾. Бұл жердегі әрбір жеке товар өзі тектес товардың орташа данасы

⁹⁾ 2-ші басылуына ескерту: «Олардың» (тұтыну заттарының) «бір-біріне айырбасталар кездегі құны оларды өндіру үшін қажетті және дағдыда жұмсалатын еңбектің санымен белгіленеді» («Some Thoughts on the Interest of Money in general, and particularly in the Public Funds etc.», London, p. 36). Өткен ғасырдың бұл тамаша аноним шығармасының басылып шыққан уақыты көрсетілмеген. Бірақ оның мазмұнына қарағанда, оның Георг II тұсында, 1739 немесе 1740 жылдар шамасында жарыққа шыққаны байқалады.

ретінде ғана маңыз алады¹⁰⁾. Сондықтан тең мөлшерлі еңбек сіңген товарлардың, яки белгілібір жұмыс уақыты ішінде жасалатын товарлардың құн мөлшері бірдей болады. Бір товарды өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты екінші бір товарды өндіру үшін қажетті жұмыс уақытына қандай орайлас болса, сол бірінші товардың құны әрбір екінші товардың құнына сондай орайлас болады. «Құн ретінде, товарлардың бәрі де — тоқырап қалған жұмыс уақытының белгілібір мөлшері ғана»¹¹⁾.

Демек, егер товар өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты өзгермейтін тұрақты болса, товар құнының мөлшері тұрақты болған болар еді. Бірақ еңбектің өндіргіш күші өзгерген сайын жұмыс уақыты да өзгеріп отырады. Еңбектің өндіргіш күші сан алуан жағдайлармен белгіленеді, атап айтқанда жұмысшы өнерінің орташа дәрежесімен, ғылым дамуының дәрежесімен, оны технологиялық жолмен пайдаланудың дәрежесімен, өндірістік процестің қоғамдық ұштасуымен, өндіріс құрал-жабдықтарының аумағымен және тиімділігімен, табиғи жағдайлармен белгіленеді. Мөлшері бірдей еңбек, мәселен, сәтті жылы 8 бушель, сәтсіз жылы небәрі 4 бушель бидай өндіреді. Мөлшері бірдей еңбек құнарлы рудниктерде құнарсыз рудниктермен салыстырғанда металды көп өндіреді, т. т. Алмас жер бетінен сирек кездеседі, сондықтан оны табу үшін орта есеппен алғанда көп жұмыс уақыты керек. Демек, азын-аулақ алмасқа көп еңбек сіңген болады. Джейкоб: алтын қай кезде болса да өзінің толық құны бойынша төлене қоймас деп күмәнданады²⁵⁾. Өте-мөте алмас жөнінде осыны айтуға болады. Эшвегенің мәліметі бойынша, 1823 жылы Бразилия алмас кендерінің сексен жылдық жұмысының барлық өнімінің бағасы Бразилия қант немесе кофе плантацияларының бір жарым жылдық өнімінің орта бағасына жетпеген, ал шынында алғашқысына жұмсалған еңбек, демек, ондағы құн мөлшері анағұрлым көп. Ал егер неғұрлым құнарлы кендер табылған болса, әлгі мөлшердегі еңбек алмасты соғұрлым көп өндірген болар еді, сөйтіп алмастың құны арзандаған болар еді. Егер азғантай еңбек жұмсап көмірді алмасқа айналдыру мүмкін болса, алмастың құны кірпіштің құнынан да төмендеген болар еді. Тегінде еңбектің өндіргіш күші неғұрлым көп болса, белгілібір бұйымды жасауға қажетті жұмыс уақыты соғұрлым аз болады, бұған сіңген еңбектің көлемі соғұрлым аз болады, оның құны соғұрлым төмен болады. Керісінше, еңбектің өндіргіш күші неғұр-

¹⁰⁾ «Біртектес өнімдердің бәрі, асылында, біртұтас зат болады, мұның бағасы жеке-дара жағдайларға қарамастан жалпылама белгіленеді» (*Le Trosne*, цитат алынған шығарманың 893-беті).

¹¹⁾ *К. Маркс: «Саяси экономия сынына»*. Берлин, 1859, 6-бет [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 16-бет*].

лым аз болса, бұйымды жасауға қажетті жұмыс уақыты соғұрлым көп болады, оның құны соғұрлым жоғары болады. Товар құнының мөлшері, сонымен, осы товарға сіңген еңбектің санына тура пропорциялы түрде, ал сол еңбектің өндіргіш күшіне кері пропорциялы түрде өзгеріп отырады.

Заттың тұтыну құны болғанымен, оның құны болмауы мүмкін. Оның адамға пайдалылығы еңбек арқылы жасалмаған кезде осылай болады. Мәселен: ауа, тың жер, табиғи шабындық жерлер, жабайы өскен ормандар, т. т. Зат пайдалы және адам еңбегінің нәтижесі болғанымен, товар болмауы мүмкін. Өз еңбегінің өнімімен өзінің жеке басының мұқтажын қанағаттандыратын адам товар емес, тек тұтыну құнын ғана жасайды. Товар өндіру үшін ол жәй тұтыну құнын жасап қоймай, басқалар үшін керекті тұтыну құнын, қоғамдық тұтыну құнын жасауға тиіс. {Тек басқалар атаулы үшін ғана емес. Ортағасырлық шаруаның өндірген астығының бір бөлегі оброк ретінде феодалға, бір бөлегі десятина салығы ретінде попқа беріліп отырған. Бірақ оброк ретінде басқаға ауысқан астық та, десятина салығы ретінде басқаға ауысқан астық та тек басқа адамдар үшін өндірілгендігінен товар болған емес. Товар болу үшін өнім басқа адамның қолына өтуге тиіс, өткенде айырбас арқылы өтіп, оған тұтыну құны ретінде қызмет етуі керек ^{11а)}.} Ақырында, зат тұтынуға керекті нәрсе болмайынша, құн бола алмайды. Егер ол пайдасыз болса, онда оған жұмсалған еңбек те пайдасыз болады, еңбек деп есептелмейді, сондықтан ешқандай құн жасамайды.

2. ТОВАРҒА СІҢГЕН ЕҢБЕКТІҢ ЕКІ ЖАҚТЫ СИПАТЫ

Алғашқы кезде товар біздің алдымызда екі жақты нәрсе тәрізді: тұтыну құны және айырбас құны болып көрінді. Кейін еңбектің де, оның құн арқылы көрінетіні себепті, тұтыну құндарын жасаушы ретіндегі белгілерінің жоқ екені ашылды. Товарға сіңген еңбектің осы екі жақты жаратылысын тұңғыш рет сын көзбен қарап дәлелдеген мен едім ¹²⁾. Бұл пункт негізгі пункт болып табылады, саяси экономияны түсіну осыған байланысты, сондықтан мұны бұл жерде толығырақ талдап өткен жөн.

Екі товарды, мәселен, бір шекпен мен 10 кез кенепті ала-

11а) {4-ші басылуына ескерту. Жақшаға алынған сөздерді мен қостым, өйткені бұл сөздер болмаған жағдайларда: өндірген адамның өзі тұтынбаған өнім атаулының бәрі, Маркстің ойынша, товар болады екен деген оғаш пікір өте жиі кездесіп жүрді.— Ф. Э. }

¹²⁾ К. Маркс: «Саяси экономия сынына». Берлин, 1859, 12, 13 және басқа беттер (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 21, 22 және басқа беттер).

йық. Біріншісінің құны соңғысының құнынан екі есе көп дейік, сондықтан, егер 10 кез кенеп = w болса, онда шекпен = $2w$ болады.

Шекпен — белгілі қажетті қанағаттандыратын тұтыну құны. Оны жасау үшін белгілі түрдегі өнімді әрекет қажет болды. Соңғының өзі өз мақсаты, әрекеттерінің сипаты, заты, құралдары және нәтижесі арқылы анықталады. Сонымен, пайдалылығы өз өнімінің тұтыну құнынан көрінетін, яки өз өнімі тұтыну құны болып табылатын еңбекті біз қысқаша пайдалы еңбек деп атаймыз. Осы тұрғыдан еңбек әрқашан оның пайдалы жағымен байланыстырылып қаралады.

Шекпен мен кенеп — сапасы жағынан әртүрлі тұтыну құндары, дәл сол сияқты оларды жасап шығарған жұмыстар да: тігіншілік пен тоқушылық та сапасы жағынан бір-бірінен өзгеше. Егер бұл заттар сапа жағынан әртүрлі тұтыну құндары болмаған болса, демек, пайдалы еңбектің сапа жағынан өзгеше түрлерінің өнімі болмаған болса, онда олар тегінде товар ретінде бір-біріне қарама-қарсы тұра алмаған болар еді. Шекпенді шекпенге айырбастамайды, белгілі бір тұтыну құнын нақ соның өзінде тұтыну құнына айырбастамайды.

Әртөктес тұтыну құндарының, яки товар тұлғаларының жиынтығынан пайдалы жұмыстар жиынтығы, соншалық әрауан тектерге, түрлерге, топтарға, бөлімшелер мен жіктерге бөлінетін, соншалық сан алуан жұмыстар жиынтығы көрінеді, бір сөзбен айтқанда — қоғамдық еңбек бөлінісі көрінеді. Қоғамдық еңбек бөлінісі товар өндірісі өмір сүруінің шарты болып табылады, ал товар өндірісі, керісінше, қоғамдық еңбек бөлінісі өмір сүруінің шарты емес. Ерте замандағы индиялық қауымда қоғамдық еңбек бөлінісі болған, бірақ оның өнімі товар болған емес. Немесе бергі жерден мысал алайық: әрбір фабрикада үнемі еңбек бөлінісі бар, бірақ бұл бөлініс жұмысшылардың өздерінің дара еңбегінің өнімдерін айырбастау арқылы жүзеге асырылмайды. Тек дербес, бір-біріне тәуелсіз жеке жұмыстардың өнімдері ғана товар ретінде бір-біріне қарама-қарсы тұра алады.

Сонымен, әрбір товардың тұтыну құнында белгілі бір тиімді өнімді әрекет, яки пайдалы еңбек болады. Егер тұтыну құндарында сапа жағынан әртүрлі пайдалы еңбек болмайтын болса, олар товар ретінде бір-біріне қарама-қарсы тұра алмайды. Өнімдері едесте товар формасын алатын қоғамда, яғни товар өндірушілер қоғамында, пайдалы еңбек түрлерінің, дербес өндірушілердің жеке ісі ретінде, біріне-бірі байланыссыз орындалатын түрлерінің осы сапалық өзгешелігі көп салалы системаға, қоғамдық еңбек бөлінісіне айналып дамиды.

Айталық, шекпен үшін оны кім кісе де, тігіншінің өзі кие

ме немесе тігіншіге тіктірген адам кие ме, бәрібір. Мұның екеуінде де ол тұтыну құны ретінде қызмет атқарады. Сол сияқты, тігінші еңбегінің айрықша мамандық, қоғамдық еңбек бөлінісінің дербес буыны болатындығы да шекпен мен оны жасаған еңбек арасындағы қатынасты онша өзгерте алмайды. Киетін киім сөзсіз қажет болған жерде адам тігінші болып шықпастан бұрын мыңдаған жылдар бойы тігіншілікпен айналысты. Бірақ табиғаттың өзінен даяр күйінде табылмайтын шекпен, кенеп және тегі заттай байлық атаулының қай элементі болса да әрқашан табиғаттың әралуан заттарын белгілібір адам қажеттеріне лайықтайтын арнаулы, тиімді өнімді қызмет арқылы жасалуға тиіс. Демек, тұтыну құндарын жасаушы еңбек, пайдалы еңбек дегеніміз адамдардың қоғамдық форма атаулыға байланыссыз өмір сүруінің шарты, мәңгілік табиғи қажеттілік: онсыз адам мен табиғат арасында заттық айырбас мүмкін болмаған болар еді, яғни адамзат өмірінің өзі мүмкін болмаған болар еді.

Тұтыну құндары: шекпен, кенеп, т. т., бір сөзбен айтқанда — товар тұлғалары, екі элементтің — табиғат заты мен еңбектің қосындысы болып табылады. Шекпенге, кенепке, т. т. сіңген барлық әралуан пайдалы еңбек түрлерінің жиынын алып тастағанда әрқашан адамның ешбір көмегінсіз-ақ табиғаттың өзінде болатын белгілі материалдық негіз қалады. Табиғаттың өзі қандай әрекет жасайтын болса, адам өндіріс процесінде тек сондай әрекет қана жасайды, яғни заттардың формаларын ғана өзгерте алады¹³⁾. Ол ол ма. Осы еңбектің қалыптасуының өзінде адам табиғат күштерінің жәрдеміне үнемі сүйеніп отырады. Демек, еңбек өзі өндіретін тұтыну құндарының, заттық байлықтың бірден-бір ғана көзі емес. Вильям Петти айтқандай, еңбек — байлықтың атасы, жер — оның анасы²⁶⁾.

Енді тұтыну заты болып табылатын товардан товар құнына көшейік.

Біздің ұйғаруымызша, шекпеннің құны кенепке қарағанда екі есе көп. Бірақ мұның өзі бізге әзірге қажеті жоқ сан айырмашылығы ғана. Сондықтан біз мынаны ескертеміз: егер бір шекпеннің құны 10 кез кенептің екі есе құнына тең болатын

¹³⁾ «Бүкіл әлемнің барлық құбылыстары, — олар адам қолымен жасалса да немесе табиғаттың жалпы заңдарымен жасалса да, — бізге материяның шын мәнісінде жаралғаны жайында аян етпей, түрінің өзгергені жайында ғана аян етеді. Бірігу мен бөліну — өндіріс идеясын талдағанда адамзат парасаты табатын бірден-бір элементтер міне осылар. «Құнды» (тұтыну құны; бұл жерде физиократтармен айтысқан Верри қандай күн жөнінде айтып отырғанын өзі де анық білмейді) «және байлықты өндіру ісі жер, ауа, су егіс даласында билейгі айналған кезде де, сондай-ақ құрттың сілекейі адамның қолымен жібікке айналатын немесе металдың жеке бөлшектері бірігіп, сағат механизмі болатын кезде де бірдей орын алады» (*Pietro Verri. «Mediatazioni sulla Economia Politica»* (бірінші рет 1771 жылы басылған), Италия экономистерінің Кустоди басып шығарған еңбектерінде, *Parte Moderna* т. XV, р. 21, 22).

болса, онда 20 кез кенеп құнының мөлшері бір шекпен құнымен бірдей болады. Құн ретінде, шекпен мен кенеп негізі бір заттар, біртектес еңбектің объективтік көріністері. Бірақ тігіншілік пен тоқымашылық — сапа жағынан әралуан еңбек түрлері. Алайда мынадай қоғамдық жағдайлар да болады: бір адамның өзі бірде киім тігеді, бірде өрмек тоқиды, демек, еңбектің бұл әралуан екі түрі әралуан жеке адамдардың мүлде оқшауланған қызметі емес, бір адам еңбегінің өзгерісі ғана, — дәл сол сияқты, тігіншінің бүгін тігетін шекпені де, ертен тігетін шалбары да — белгілібір дара еңбектің түрлері ғана. Онан соң, күнделікті тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: капиталистік қоғамда, еңбекке деген сұраныс бағытының өзгеруіне қарай, қоғамдық еңбектің белгілі үлесі біресе тігіншілік формасында, біресе тоқымашылық формасында алма-кезек ұсынылып отырады. Еңбек формасының бұл өзгеруі, әрине, белгілібір тартыссыз болмайды, бірақ өзгеріс болып отыруға тиіс. Егер өнімді әрекеттің белгілі сипатын, демек, еңбектің пайдалы сипатын есепке алмайтын болсақ, онда тек бір ғана нәрсе қалады, — оның өзі адам жұмыс күшінің жұмсалуды болып шығады. Тігіншілік те, тоқымашылық та, өнімді әрекеттің бұл түрлерінің сапа айырмашылығына қарамастан, адам миының, бұлшық еттерінің, жүйке тамырларының, білек күштерінің, т. т. өнімді түрде жұмсалуды және осы мағнада кәдімгі бір адам еңбегі болып табылады. Мұның өзі адам жұмыс күші жұмсалудың екі түрлі формасы ғана. Әрине, адам жұмыс күшінің өзі белгілібір формада жұмсалуды үшін азды-көпті жетілген болуға тиіс. Бірақ товар құнына жәй адам еңбегі сіңген, жалпы адам еңбегі жұмсалған. Буржуазиялық қоғамда генерал немесе банкир үлкен роль атқарады да, жәй адам болмашы роль атқарады¹⁴⁾, бұл жерде адам еңбегінің де жайы дәл сондай. Еңбек дегеніміз жәй жұмыс күшінің жұмсалуды, орта есеппен алғанда мұның өзі ерекше өсіп-жетілмеген әрбір кәдімгі адамның дене организміне болады. *Жәй орташа еңбек*, әртүрлі елдерде және әртүрлі мәдени замандарда әртүрлі сипат алғанымен, әрбір белгілі қоғам үшін нақты нәрсе болып табылады. Біршама күрделі еңбек тек *бірнеше еселенген* немесе, бәрінен бұрын, *көбейтілген* жәй еңбек, сондықтан күрделі еңбектің азғантай саны жәй еңбектің көптеген санына тең келеді. Күрделі еңбекті жәй еңбекке осылай шағып есептеу үнемі болып отыратынын тәжірибе көрсетіп келеді. Товар нағыз күрделі еңбектің өнімі бола алады, бірақ оның *құны* оны жәй еңбектің өніміне теңейді, демек, құнның өзі жәй еңбектің белгілі санының нә-

¹⁴⁾ Салыстырыңыз: *Hegel*. «Philosophie des Rechts». Berlin, 1840, S. 250, § 190.

тижесі болып табылады ¹⁵⁾. Еңбектің әралуан түрлері бұларды өлшейтін өлшем ретіндегі жәй еңбекке шағылып есептелетін түрлі пропорциялар өндірушілерден тыс қоғамдық процесс арқылы белгіленеді, сондықтан мұның өзі товар өндірушілерге әдет бойынша жасалған сияқты болып көрінеді. Түсінікті болу үшін бұдан былайғы жерде біз жұмыс күшінің қай түрін болса да тікелей жәй жұмыс күші ретінде алып баяндаймыз,— осы арқылы әрбір жеке ретте күрделі еңбекті жәй еңбекке қайта-қайта шағып есептеу қажеттігінен құтыламыз.

Олай болса, шекпен мен кенеп құндарында олардың тұтыну құндарының өзгешелігі жоғалатыны сияқты, осы құндарға сіңген еңбекте оның пайдалы формаларының — тігіншілік пен тоқымашылықтың өзгешелігі де жоғалады. Тұтыну құндары болып отырған шекпен мен кенеп тек тиімді өнімді әрекеттің шұғамен және жіппен қосылуы болса, ал құн есебіндегі шекпен мен кенеп еңбектің біртектес жиыны ғана; сондай-ақ бұл құндарға сіңген еңбек шығындарында олардың шұға мен жіпке өнімділік қатынасы маңыз алмайды, адам жұмыс күшінің жұмсалуы ғана маңыз алады. Тігіншілік пен тоқымашылықтың тұтыну құндарын — шекпен мен кенеп — жасаушы элементтер болатыны, атап айтқанда олардың сапа жағынан түрлі өзгешеліктері болуына байланысты; ал олардың шекпен мен кенеп құнының субстанциясы болатын бір ғана себебі — енді олардың айрықша сапалары есепке алынбайды, енді оларда бірдей сапа, адам еңбегіне тән сапа болады.

Бірақ шекпен мен кенеп — жалпы құн ғана емес, сонымен қатар белгілі мөлшердегі құн: біздің ұйғаруымызша, шекпеннің құны 10 кез кенептің құнынан екі есе артық. Олардың құн мөлшеріндегі бұл айырмашылық қайдан шықты? Себебі мынада: кенепке сіңген еңбек шекпенге сіңген еңбектің тек жартысы ғана, ендеше шекпенді өндіру үшін жұмыс күшін кенеп өндіруге кеткен уақыттан екі есе ұзақ уақыт бойы жұмсау керек.

Сондықтан, егер товардың тұтыну құны жөнінде оған сіңген еңбектің тек сапасының ғана маңызы болатын болса, құн мөлшері жөнінде еңбектің санының ғана маңызы бар, оның бер жағында соңғысын ендігі жерде сапа жағын есепке алмастан адам еңбегіне шағу керек. Бірінші ретте әңгіме еңбек қалай істеледі және ол не өндіреді деген мәселе туралы болады,

¹⁵⁾ Оқушы мынаны ескеруге тиіс: бұл жерде әңгіме жұмысшының, мәселен, бір жұмыс күні үшін алатын жалақысы немесе құн туралы болып отырған жоқ, жұмысшының жұмыс күні затқа айналатын товар құны туралы болып отыр. Жалпы алғанда жалақы категориясы біздің зерттеуіміздің кәзіргі сатысында біз үшін әзірге қажет емес.

ал екінші ретте қанша еңбек жұмсалады және ол қанша уақытқа созылады деген мәселе туралы болады. Товар құнының мөлшері оған сiңген еңбектің санын ғана көрсететiндiктен белгiлi пропорцияда алынған товарлардың әрқашан теңбе-тең құны болуға тиiс.

Егер еңбектің барлық пайдалы түрлерінің, мәселен, бір шекпенді тiгу үшін қажеттi түрлерінің өндiргiш күшi өзгермей қалатын болса, онда шекпендер құнының мөлшері олардың санына қарай пропорциялы түрде өсiп отырады. Егер бiр шекпендi тiгуге, мәселен, x жұмыс күнi жұмсалған болса, 2 шекпен тiгуге $2x$ жұмыс күнi жұмсалады, т. т. Ал, айталық, бiр шекпендi тiгуге қажеттi еңбек екi есе өстi немесе жарты есе кемiдi дейiк. Бiрiншi ретте бұрын екi шекпен қанша тұрған болса, ендi бiр шекпен нақ сонша тұрады, екiншi ретте бұрын бiр шекпен қанша тұрған болса, ендi екi шекпен нақ сонша тұрады, бiрақ мұның екiуiнде де шекпеннiң келтiретiн пайдасы өзгерiссiз қалады, сол сияқты оған сiңген еңбектiң сапасы да өзгерiссiз қалады. Ал оған жұмсалған еңбектiң мөлшерi өзгердi.

Тұтыну құны санының көп болуы өзінен өзі заттық байлықтың санын молайтады: екі шекпен бір шекпеннен көп. Екі шекпенмен екі адамды киiндiруге болады, бiр шекпенмен тек бiр адамды ғана киiндiруге болады, т. т. Солай бола тұрса да, заттық байлықтың санының өсуiмен бiрге осыған сәйкес оның құн мөлшерi кемуi мүмкiн. Бұл қарама-қарсы қозғалыс еңбектiң екi жақты сипатынан туады. Өндiргiш күш дегенiмiз, әрине, әрқашан пайдалы, нақты еңбектiң өндiргiш күшi болып табылады және мұның өзі iс жүзiнде белгiлiбiр мерзiмнiң iшiнде тиiмдi жүргiзiлген өндiргiш әрекеттiң нәтижелiлiгiн ғана анықтайды. Демек, пайдалы еңбек оның өндiргiш күшiнiң өсуiне немесе кемуiне тура пропорциялы түрде пайда болатын өнiмдердiң не мол, не жартымсыз көзi болып шығады. Керiсiнше, өндiргiш күштiң өзгеруi товар құнына сiңген еңбектi өздiгiнен ешбiр өзгерте алмайды. Өндiргiш күш еңбектiң нақты пайдалы формасына тән, сондықтан ол, әрине, еңбекке әсер ете алмайды, өйткенi бұл жерде еңбектiң нақты пайдалы формасы есепке алынбайды. Демек, белгiлiбiр еңбек оның өндiргiш күшi қаншама өзгергенiмен мерзiмi бiрдей уақыттың iшiнде әрқашан мөлшерi жағынан бiрдей құн жасайды. Бiрақ ол бұл жағдайларда мерзiмi бiрдей уақыттың iшiнде сан жағынан әртүрлi тұтыну құндарын жасайды: өндiргiш күш өскен кезде көп болады, өндiргiш күш төмендеген кезде аз болады. Еңбектiң жемiстiлiгiн арттыратын, демек, өзі жасайтын тұтыну құндарының аумағын да арттыратын өндiргiш күштiң нақ сол өзгеруi, демек, осы өскен массаның

құн мөлшерін кемітеді, өйткені бұл өзгеріс осы массаны өндіру үшін қажетті жұмыс уақытының мөлшерін азайтады. Және керісінше.

Еңбек атаулының бәрі, бір жағынан, адам жұмыс күшінің физиологиялық мағнадағы жұмсалуды болып табылады, — өзінің осы бірдей, яки абстракт адам еңбегі болатын сапасы жағынан еңбек товар құнын жасайды. Еңбек атаулының бәрі, екінші жағынан, адам жұмыс күшінің айрықша қолайлы формада жұмсалуды болып табылады, ал өзінің осы нақты пайдалы еңбек ретіндегі сапасы жағынан ол тұтыну құндарын жасайды¹⁶⁾.

3. ҚҰН ФОРМАСЫ, ЯКИ АЙЫРБАС ҚҰНЫ

Товарлар тұтыну құндары, яки товар тұлғалары формасында, мәселен, темір, кенеп, бидай, т. т. түрінде дүниеге келеді. Бұл олардың байырғы заттық формасы. Бірақ олар тек өздерінің екі жақты сипаты болғандықтан ғана, бір мезгілде әрі тұтыну заттары, әрі құн тұлғалары болғандықтан ғана товар болады. Демек, олар осындай екі түрлі формада — заттық формасы мен құн формасында — болғандықтан ғана товар болады, яки товарлық формада болады.

Товар құнының [Wertgegenständlichkeit] жесір әйел Куиклиден айырмашылығы сол, құнды қай жағынан алып қарау керек екенін білмейсің²⁷⁾. Товар тұлғаларының сезімдік тұрпайы әсеріне тура қарама-қарсы олардың құнына [Wertgegen-

¹⁶⁾ 2-ші басылуына ескерту. «Жалғыз еңбек қана түпкілікті және шынайы өлшем болып табылады, бұл өлшем арқылы біз барлық товарлардың құндарын өзара барлық заманда салыстыра аламыз» деп дәлелдеу үшін А. Смит былай деп жазады: «Барлық заманда және барлық жерде еңбектің бірдей саны жұмысшы үшін бірдей құн жасауға тиіс. Өзінің денсаулығы, күш-ерекеті дағдылы қалыпта болған ретте, өнері мен ептілігі орташа дәрежеде болған ретте жұмысшы әрқашан өз тыныштығының, бостандығының, өз бақытының белгілі бір үлесін беріп отыруға тиіс» («Wealth of Nations», v. I, ch. V). Бір жағынан, А. Смит бұл жерде (бірақ барлық жерде емес) құнды товар өндіруге жұмсалған еңбек санымен анықтауды товарлық құндарды еңбектің өзінің құнымен анықтаумен шатастырып отыр, сондықтан еңбектің бірдей саны әрқашан бірдей құн жасайды дегенді дәлелдеуге тырысады. Екінші жағынан, ол мынаны сезді: еңбек товарлардың құны арқылы көрінеді, сондықтан еңбек тек жұмыс күшінің жұмсалғанын ғана көрсетеді, бірақ мұны ол тағы да тек тыныштықты, бостандық пен бақытты құрбан ету деп суреттейді, сөйтіп бұл шығында қалыпты тіршіліктің де бар екенін көрмейді. Рас, оның көз алдында өз заманындағы жалдама жұмысшы тұрған еді.— Бұл мәселе жөнінде А. Смиттен бұрын болған, 9-ескертуде өзінен цитат келтірілген аноним анағұрлым дұрыс пікір айтады: «Біреу белгілі бір тұтыну затын жасау үшін бір апта жұмыс істейді... ал оған айырбас үшін басқа бір зат ұсынатын адам өз затының қаншағана нақ сондай еңбек [labour] және уақыт кеткенін есептеп шығаратын болса, онда алғашқы затқа не нәрсенің тиісті эквивалент болатынын өте-мөте дұрыс баралайтын болады. Өңгіме бұл жерде мынаған келіп тіреледі: белгілі бір уақыттың ішінде осы затты өндіруге бір адамның жұмсаған еңбегі дәл сол уақыттың ішінде басқа затты өндіру үшін қызмет істеген басқа адамның еңбегіне айырбасталады» («Some Thoughts on the Interest of Money in general etc.», p. 39).

¹⁷⁾ 4-ші басылуына. Ағылшын тілінің бір артықшылығы мынада: онда еңбектің екі түрлі жағын көрсететін екі түрлі сөз бар. Сапа жағынан белгілі, тұтыну құндарын жасаушы еңбек, labour деген сөзге қарама-қарсы work деп аталады; құн жасаушы және тек сан жағынан ғана өлшенетін еңбек work деген сөзге қарама-қарсы, labour деп аталады, Ағылшынша аудармасына берілген ескертуді қараңыз, 14-бет. [Осы томның 50-бетін қараңыз, 4-ескертуді]. Ф. Э.

ständlichkeit] табиғат затының бірде-бір атомы кірмейді. Сіздің әрбір жеке товарды ұстап та, қарап та көруіңізге болады, ол жөнінде ойыңызға келгеннің бәрін істеуге болады, бірақ құн [Wertding] ретінде ол байқаусыз қалады. Ал егер біз товарлардың құны [Wertgegenständlichkeit] болатын бір ғана себебі — олар белгілібір қоғамдық бірліктің — адам еңбегінің көрінісі екенін, сондықтан олардың құны [Wertgegenständlichkeit] таза қоғамдық сипат алатынын ескерсек, онда құнның өзі бір товардың екінші товарға қоғамдық қатынасынан ғана көріне алатындығы біз үшін өзінен өзі түсінікті болады. Шынында да, товарларда жасырын жатқан құнның ізіне түсу үшін біз товарлардың айырбас құнын, яки айырбас қатынасын негізге аламыз. Біз енді құн көрінісінің осы формасына қайта оралуға тиіспіз.

Әрбір адам — егер ол басқа ешнәрсе білмегеннің өзінде де — товарлардың бәріне ортақ құн формасы, олардың тұтыну құндарының ала-құла заттық формаларынан ерекше формасы, атап айтқанда: ақшалай құн формасы болатынын біледі. Бізге бұл жерде буржуазиялық саяси экономия тіпті әрекеттенбеген мәселені шешуге тура келеді, — атап айтқанда осы ақша формасының пайда болуын көрсетуге, яғни товарлардың құндық қатынасы арқылы байқалатын құн көрінісінің дамуын, әрең сезілетін ең қарапайым бейнесінен бастап бадырайып көзге түсетін ақша формасына дейін дамуын қарап өтуге тура келеді. Осымен бірге ақшаның жұмбақ сыры да жоғалады.

Ең қарапайым құн қатынасы дегеніміз, анығында, товардың басқа түрдегі, — қай түрде болса да бәрібір, — белгілібір товарға құн қатынасы болып табылады. Екі товардың құн қатынасы, сонымен, осы товар құнының ең қарапайым көрінісі болады.

А. ҚҰННЫҢ ЖӘЙ, ЖЕКЕ-ДАРА, ЯКИ КЕЗДЕЙСОҚ ФОРМАСЫ

A товардың x -сі = B товардың y -іне, яки: A товардың x -сі B товардың y -гі тұрады. (20 кез кенеп = 1 шекпенге, яки: 20 кез кенеп бір шекпен тұрады).

1) Құн көрінісінің екі жағы: құнның относителді формасы мен эквиваленттік форма

Құн формасы атаулының сыры құнның осы жәй формасында. Сондықтан да бұған анализ беру ең қиын нәрсе.

A мен B әртектес екі товар, біздің мысалымызда шекпен мен кенеп, бұл жерде, анығында, екі түрлі роль атқарады. Кенеп өз құнын шекпен арқылы көрсетеді, шекпен осы құнды

көрсететін материал болады. Бірінші товар белсенді роль, екінші товар енжар роль атқарады. Бірінші товардың құны относителді құн болып көрінеді, яғни ол құнның относителді формасында болады. Екінші товар эквивалент ретінде қызмет атқарады, яғни эквивалентті формада болады.

Құнның относителді формасы мен эквивалентті форма — салыстырмалы, бірі мен бірі өзара байланысты, бөлінбейтін нәрселер, бірақ сонымен қатар бірін бірі жоққа шығаратын немесе қарама-қарсы тұрған ұшқарылықтар, яғни белгілібір құн көрінісінің екі жағы; олар әрқашан әралуан товарлардың арасында бөлініп отырады, бұл товарлар құн көрінісі арқылы бірі мен бірі өзара қатынаста болады. Мәселен, мен кенептің құнын кенеп арқылы көрсете алмаймын. 20 кез кенеп = 20 кез кенеп құн көрінісі емес. Мұндай теңеу бәрінен де гөрі керісінше нәрсені көрсетеді: 20 кез кенеп 20 кез кенептен басқа ешнәрсе де емес, яғни белгілі мөлшердегі тұтыну заты — кенеп. Демек, кенептің құны тек относителді түрде ғана, яғни екінші товар арқылы көріне алады. Сондықтан кенеп құнының относителді формасы өзіне белгілібір басқа товардың эквивалентті формада қарсы тұратынын білдіреді. Екінші жағынан, эквивалент есебінде қызмет етуші бұл басқа товар бір мезгілде құнның относителді формасында бола алмайды. Өз құнын өзі көрсете алмайды. Ол тек басқа товардың құнын көрсету үшін материал ғана болады.

Рас, 20 кез кенеп = 1 шекпен, яки 20 кез кенеп 1 шекпен тұрады деген көріністе кері қатынас та бар: 1 шекпен = 20 кез кенеп, яки 1 шекпен 20 кез кенеп тұрады. Бірақ мен шекпен құнының относителді көрінісін белгілеу үшін бұл теңеуді осылайша ауыстыруға тиіспін, сөйтіп, осылай етсем-ақ болғаны, шекпеннің орнына кенеп эквивалент болады. Демек, белгілібір товар құнның белгілібір көрінісінде бір мезгілде екі формада бола алмайды. Ол ол ма: бұл формалар бірін бірі жоққа шығаратын ұшқары жақтар.

Бұл товар құнның относителді формасында ма немесе оған қарама-қарсы эквивалентті формада ма, мұның өзі тек қана құнның осы көрінісінде товардың алатын орнына байланысты, яғни ол құны көрсетілетін товар ма, әлде құнды көрсететін товар ма, міне осыған байланысты.

2) Құнның относителді формасы

а) Құнның относителді формасының мазмұны

Бір товар құнының жәй көрінісінің екі товардың құндық қатынасында қалай болатынын білу үшін ең алдымен осы соңғысын оның сан жағымен байланыстырмай қарап өту қа-

жет. Әдетте жұрт дәл керісінше істейді де, құн қатынасынан товардың екі түрлі сортының белгілі сандарын бір-біріне теңейтін пропорцияны ғана көреді. Бұл жерде әртүрлі заттардың сан жағынан теңелуі олар белгілі бірлікке келтірілгеннен кейін ғана болатынын ұмытады. Олар тек белгілі бірліктің көрінісі ретінде ғана атау болады, демек, өзара өлшенетін мөлшер болып шығады ¹⁷⁾.

20 кез кенеп бір шекпенге теңеле ме, әлде олар 20, немесе x шекпенге теңеле ме, басқа сөзбен айтқанда — кенептің осы саны көп немесе аз шекпен тұра ма, қалай болса да мұндай пропорцияның нақ өмір сүруі әрқашан кенеп пен шекпендер құн мөлшері ретінде белгілі бірліктің көрінісі, жаратылысы бірдей заттар екенін көрсетеді. Кенеп = шекпен дегеніміз теңеудің негізі.

Бірақ сапа жағынан бір-бірімен теңелген бұл екі товар бірдей роль атқармайды. Тек кенептің құны ғана өзінің көрінісін табады. Тапқанда қандай жолмен табады? Өзінің «эквиваленті» болатын шекпенге теңеу жолымен, кенепті айырбастауға болатын бір нәрсеге теңеу жолымен табады. Бұл қатынаста шекпен құнның өмір сүру формасы, құнның бейнесі [Wertding] болады, өйткені ол тек құн болғандықтан ғана кенеппен бірдей. Екінші жағынан, осы жерде сол кенептің құндық болмысы ашылады немесе дербес көрінеді, өйткені кенеп тек құн болғандықтан ғана шекпенге теңеледі, оған өзімен тең бағалы немесе айырбасталуға болатын нәрсе болғандықтан орайласады. Мәселен, май қышқылы мен құмырысқа қышқылының пропи́л эфирі — әртүрлі заттар. Бірақ екеуі де белгілі-бір химиялық субстанциялардан — көміртегінен (C), сутегінен (H) және оттегінен (O) құралған, оның үстіне проценттік қатынастары бірдей, атап айтқанда: $C_4H_8O_2$. Егер біз май қышқылының құмырысқа-пропи́л эфиріне теңеген болсақ, онда бұл теңеуде мұның мәнісі, біріншіден, құмырысқа-пропи́л эфирі тек $C_4H_8O_2$ өмір сүруінің көрінісі ғана, ал екіншіден, май қышқылы да $C_4H_8O_2$ -ден құралады деген сөз болар еді. Сонымен, құмырысқа-пропи́л эфирін май қышқылына теңеу арқылы олардың физикалық формасынан өзгеше химиялық субстанциясы көрсетілген болар еді.

Товар дегеніміз құн ретінде адам еңбегінің жәй ғана жиындысы десек, біздің анализіміз товарларды абстрақтылық құнға саяды, бірақ оларды заттық формасынан өзгеше құн

¹⁷⁾ Аздаған экономистер, мәселен, С. Бейли, құн формасын талдаумен айналысты бірақ ешқандай нәтижеге келе алмады, мұның себебі, бірінші жағынан, олар құн формасы мен құнның өзін шатастырады, екінші жағынан, олар, тұрпайы практикашыл бұржуаның ықпалында болғандықтан, әуелден-ақ тек айырбас қатынасының сан жағына ғана назар аударады. «Сан жөніндегі билік... құн жасайды» («Money andist Vicissitudes». London, 1837, p. 11). Авторы С. Бейли.

формасында көрсетпейді. Ал бір товардың екінші товарға құн қатынасы жағынан олай емес. Товардың құндық сипаты бұл жерде оның өзінің екінші товарға қатынасынан барып көрінеді.

Мәселен, шекпен құн [Wertding] ретінде кенепке теңелгенде, біріншісіне сіңген еңбек екіншісіне сіңген еңбекке теңеледі. Әрине, шекпенді тігуші тігіншінің еңбегі, кенепті тоқушы тоқымашының еңбегіне қарағанда, басқа түрдегі нақты еңбек болып табылады. Бірақ тоқымашылыққа теңелу нәтижесінде тігіншілік іс жүзінде еңбектің екі түрінде де дәл бірдей, өздеріне ортақ адам еңбегі сипатын алады. Осындай көлденең жолмен білінетін тағы бір жағдай, тоқымашылық та, құн жасайтын болғандықтан, тігіншіліктен өзгеше болмайды, демек, ол — абстрактілы адам еңбегі. Тек әртекті товарлардың эквиваленттік көрінісі ғана құн жасаушы еңбектің ерекше сипатын көрсетеді, өйткені ол әртекті товарларға сіңген еңбектің әртекті түрлерін шынында өздеріндегі ортақ нәрсеге, — жалпы адам еңбегіне әкеліп саяды ^{17а)}.

Алайда, кенептің құнын құрайтын еңбектің ерекшелік сипатын көрсету жеткіліксіз болады. Қимылдағы адам жұмыс күші, яки адам еңбегі, құн жасайды, бірақ еңбектің өзі құн емес. Ол жұмсалған күйінде ғана, заттық формаға айналғаннан кейін ғана құн болады. Кенептің құны адам еңбегінің жиындысы екенін көрсету үшін оның айрықша «зат» екендігі көрінуге тиіс, ал мұның өзі заттық жағынан кенептің өзінен айырықша, сонымен қатар оның өзіне және басқа товарға ортақ. Бұл міндет енді шешілді.

Кенептің шекпенге құндық қатынасында шекпен сапа жағынан кенеппен бірдей нәрсе сияқты, сол тектес зат сияқты болып көрінеді, өйткені ол — құн. Ол бұл жерде құнды көрсететін немесе өзінің сезілмелі заттық формасы арқылы құн болып табылатын заттың ролін атқарады. Әрине, шекпен — товардың тұлғасы шекпен — тек тұтыну құны ғана. Алғаш кездесе кеткен бір топ кенеп сияқты, шекпен де өз құнын өзі көрсете алмайды. Бірақ мұның өзі тек мынаны дәлелдейді: шекпен кенепке өзінің құндық қатынасы жағынан бұл қатынастан тысқары кездегіден гөрі маңыздырақ, — мұның өзі бірсыпыра

^{17а)} 2-ші басылуына ескерту. Вильям Петтиден кейін құнның жаратылысын байқаған экономистердің бірі, атақты Франклин былай дейді: «Сауда дегеніміз тегінде бір еңбектің екінші еңбекке айырбасталуы ғана, сондықтан ең дұрысы барлық заттардың құнын еңбекпен бағалау керек» («The Works of B. Franklin etc. edited by Sprague». Boston, 1836, v. II, p. 267). Франклиннің бір ұқпаған нәрсесі, ол барлық заттардың құнын «еңбекпен» бағалау арқылы еңбектің айырбасталатын түрлерінің арасындағы айырмашылықтарды есепке алмайды, — демек оларды бірдей адам еңбегіне саяды. Бірақ мұны білмесе де, ол еріксіз осыны айтып отыр. Ол алдымен «бір еңбек» туралы айтады, кейін «екінші еңбек» туралы айтады, қортындыда барлық заттар құнның субстанциясы екенін еш жерде анықтамастан «еңбек» туралы айтады.

адамдардың алтын зермен көмкерілген шекпен кигенде оны кимеген кездегісінен маңызды болып көрінетіні тәрізді.

Шекпен тігуге тігіншінің еңбегі формасында шынында да адамның жұмыс күші жұмсалған. Демек, онда адам еңбегі жиналған. Бұл жағынан шекпен «құн тұлғасы» болып табылады, бірақ оның бұл қасиеті, мата қаншама жұқа болғанымен, өзінен өзі көрінбейді. Сондықтан кенепке өзінің құндық қатынасы жөнінде ол өзінің осы жағымен ғана көрінеді, яғни құн бейнесі ретінде, құн тұлғасы ретінде көрінеді. Шекпеннің барлық түймелері салынып келгеніне қарамастан, кенеп одақ өзімен тектес құнның тамаша жан жүйесін табады. Бірақ кенеп үшін құн шекпен формасына түспейінше, шекпен кенептің алдында құн бола алмайды. Сондай-ақ, *A* дейтін адам үшін *B* дейтін адам тақсыр ағзам кейпінде көрінбейінше *A* оны тақсыр ағзам деп тани алмайды, — сондықтан да тақсыр ағзамның мәртебесіне лайық бет-пішіні, шашы және басқа көптеген сипаты ел билеуші өзгерген сайын өзгеріп отырады.

Демек, шекпен кенеп эквиваленті болатын құн қатынасында шекпеннің формасы құн формасының ролін атқарады. Сондықтан кенеп товардың құны шекпен товардың тұлғасынан көрінеді, бір товардың құны екінші товардың тұтыну құнына көрінеді. Тұтыну құны ретінде кенеп — шекпеннен өзгеше сезілетін зат; құн ретінде ол «шекпен тәрізді», шекпен қандай болса, дәл сондай болып көрінеді. Сонымен, кенеп өзінің заттық формасынан мүлдем басқаша құн формасына түседі. Оның құндық болмысы оның шекпенге ұқсастығынан көрінеді, яғни христианның қандай жуас пішіні тәңір берген қошақанға ұқсайтыны сияқты.

Біз мынаны көреміз: товар құны анализінің бұрын бізге айтқандарының бәрін енді кенептің өзі айтып отыр, өйткені ол басқа товармен, шекпенмен ораимасып отыр. Тек ол өз ойын өзіне ғана түсінікті тілде, товар тілінде айтып отыр. Адам еңбегінің абстрактылық қасиеті жағынан еңбек оның, кенептің, өз құнын жасайтындығын көрсету үшін ол былай дейді: шекпен маған тең, демек, құн болып табылатындығы себепті, мендей кенеп сияқты, ол да еңбекпен жасалған дейді. Өз құнының [Wertgegenständlichkeit] жоғары заттығы оның тұрпайы талшық денесінен өзгеше екенін көрсету үшін ол былай дейді: құн шекпен тәрізді, сондықтан менің өзім құн [Wertding] ретінде шекпенге егіздің сыңарындай ұқсаспын дейді. Жол-жөнекей ескерте кетейік, еврей тілінен өзге товар тілінде де азды-көпті қалыптасқан өзге де толып жатқан атаулар бар. Мәселен, *B* товарды *A* товарға теңеудің өзі *A* товардың өз құнын көрсететіндігін анық білдіруге келгенде немістің «Wertsein» [«құн, құн болмысы»] деген сөзі роман тіліндегі

valere, valer, valoir [тұру] деген етістіктен кем түсіп жатады. Paris vaut bien une messe!²⁸

Сонымен, құн қатынасы арқылы *B* товардың заттық формасы *A* товардың құн формасы болады, яғни *B* товардың тұлғасы *A* товардың айнасына айналады¹⁸⁾. *A* товар құн тұлғасы ретіндегі, адам еңбегінің материалдық түрі ретіндегі *B* товарға қатынасты болғандықтан *B* тұтыну құнын өз құнын көрсететін материал етеді. Сонымен, *B* товардың тұтыну құны арқылы көрінген *A* товардың құны құнның относителді формасы болып табылады.

б) Құнның относителді формасының сандық белгісі

Құны көрінуге тиісті әрбір товар белгілібір тұтыну затының белгілі саны болып табылады, мәселен, 15 шеффель бидай, 100 қадақ кофе, т. т. Товардың бұл санында адам еңбегінің белгілібір саны болады. Демек, құн формасы жалпы құнды ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар сан жағынан белгілі құнды, яғни құнның мөлшерін көрсетуге тиіс. Сондықтан *A* товардың *B* товарға, кенептің шекпенге құн қатынасында шекпен түріндегі товар жалпы құн бейнесі ретіндегі кенепке сапа жағынан теңеліп қана қоймайды, сонымен қатар кенептің белгілі санына, мәселен, 20 кез кенепке, бейнелі құнның, яки эквиваленттің белгілі саны, мәселен, 1 шекпен теңеледі.

«20 кез кенеп = 1 шекпен, яки 20 кез кенеп 1 шекпен тұрады» деген теңеу 20 кез кенепте құн субстанциясы қанша болса, бір шекпенде де нақ сонша болатынын, бұл екі товардың санына бірдей еңбек, яки теңбе-тең жұмыс уақыты жұмсалатынын көрсетеді. Бірақ 20 кез кенепті немесе 1 шекпенді өндіруге қажетті жұмыс уақыты тігіншіліктегі немесе тоқымашылықтағы еңбектің өндіргіш күші өзгерген сайын өзгеріп отырады. Біз енді мұндай өзгерістің құн мөлшерінің относителді көрінісіне тигізетін ықпалын толығырақ зерттейік.

I. Кенеп құны өзгереді¹⁹⁾, ал шекпен құны бір қалыпта қалады дейік. Егер кенеп өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты, мәселен, зығар егілетін жер құнарлылығының кемуі салдарынан екі есе көбейсе, онда оның құны да екі есе артады. 20 кез кенеп = 1 шекпен деген теңеу орнына 20 кез кенеп = 2 шекпен деген теңеу болатындығын көреміз, өйткені 1 шекпенде

¹⁸⁾ Кейбір реттерде адам товарға ұқсайды. Ол қолына айна ұстап тұмайды және: «Мен дегенім мен» дейтін Фихтешіл философ болып та тұмайды, сондықтан адам алдымен, айнаға қараған сияқты, басқа адамға қарайды. Павел дейтін адамға өзі сияқты адам деп қарау арқылы Петр дейтін адам өзіне адам деп қарай бастайды. Сонымен бірге Павелдің өзі де, өзінің павелдық бар тұлғасы жарынан, ол үшін «адам» тегінің көріну формасы болады.

¹⁹⁾ «Құн» деген сөз бұл жерде, жоғарыдағы кейбір жерлердегі сияқты, құнның сандық белгісін, яки құнның мөлшерін көрсету үшін қолданылып отыр.

енді 20 кез кенепке жұмсалған жұмыс уақытының жартысы ғана бар. Керісінше, егер кенеп өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты, мәселен, тоқыма станоктарын жетілдіру арқылы теңжара кемитін болса, онда кенептің құны да теңжара кемиді. Осыған сәйкес, біз енді: 20 кез кенеп = $\frac{1}{2}$ шекпен болатынын көреміз. *B* товардың құны өзгермеген кезде *A* товардың относительді құны, яғни оның *B* товар арқылы көрінген құны, *A* товардың құнына тура пропорциялы түрде не көтеріледі, не төмендейді.

II. Кенеп құны өзгермейді, ал шекпен құны өзгереді дейік. Егер бұл жағдайда шекпен тігу үшін қажетті жұмыс уақыты, мәселен, жүн қырқудың өнімсіздігінен екі есе көбейсе, онда біз 20 кез кенеп = 1 шекпен орнына 20 кез кенеп = $\frac{1}{2}$ шекпен болғанын көреміз. Керісінше, шекпеннің құны теңжара кемісе, онда 20 кез кенеп = 2 шекпен болады. *A* товардың құны өзгермеген кезде оның *B* товар арқылы көрінген относительді құны *B* құнына кері қатынаста не төмендейді, не көтеріледі.

I және II мысалдардағы түрлі жағдайларды салыстыра келіп, біз относительді құн мөлшерінің белгілібір өзгерісі мүлдем қарама-қарсы себептерден болатындығын көреміз. Мәселен, 20 кез кенеп = 1 шекпен деген теңеуден 20 кез кенеп = 2 шекпен деген теңеудің туатын себебі не кенеп құнының екі есе өскендігінен, не шекпен құнының теңжара кемігендігінен болуы мүмкін; екінші жағынан, нақ сол алғашқы теңеу орнына 20 кез кенеп = $\frac{1}{2}$ шекпен деген теңеудің туатын себебі — не кенеп құны теңжара кемиді, не шекпен құны екі есе өседі.

III. Кенеп пен шекпен өндіру үшін қажетті еңбек саны бір бағытта және бір пропорцияда бір мезгілде өзгереді дейік. Бұл ретте 20 кез кенеп = 1 шекпен деген теңеу өзгермейді, бұл екі товардың әрқайсысының құны қалай өзгерсе де бұған әсер ете алмайды. Бұлардың құны өзгергенін біз құны өзгермеген үшінші товармен салыстырған кезде ғана анықтай аламыз. Егер барлық товарлардың құны бір пропорцияда бір мезгілде не өссе, не кемісе, онда олардың относительді құны өзгермеген болар еді. Бұл ретте товарлар құнының шын өзгергені нақ сол жалпы жұмыс уақыты ішінде бұрынғымен салыстырғанда товардың не көп, не аз мөлшерде өндірілгендігінен ғана байқалған болар еді.

IV. Кенеп пен шекпен өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты, демек, олардың құны да бір бағытта, бірақ әртүрлі дәрежеде бір мезгілде өзгереді дейік, немесе қарама-қарсы бағытта өзгереді дейік, т. т. Бұл тәрізді ықтимал өзгерістердің товардың относительді құнына жасайтын ықпалы I, II және III мысалдардағы жеке әдістерді қолдану арқылы оп-оңай анықталады.

Құн мөлшерінің шын өзгерістері, біздің көріп отырғанымыздай, құн мөлшерінің относительді көрінісінен, яки относительді құнның мөлшерінен әбден айқын және толық білінбейді. Товар құнының өзгермеуіне қарамастан, оның относительді құны өзгеруі мүмкін. Товар құнының өзгеруіне қарамастан, оның относительді құны өзгермей қалуы мүмкін және, ақырында, құн мөлшері мен бұл құн мөлшерінің относительді көрінісінің бір мезгілде өзгеруі ылғи бір-біріне сай келе бермейді ²⁰⁾.

3) Эквиваленттік форма

Жоғарыда көрдік, белгілібір *A* товар (кенеп) өз құнын одан өзгеше *B* товардың (шекпеннің) тұтыну құны арқылы көрсеткен кезде, ол сонымен қатар соңғы товарға ерекше құн формасын, эквивалент формасын береді. Кенеп товар өзінің құндық болмысын көрсететін себебі — шекпен өзінің тұлғалық формасынан ерекше ешқандай құн формасына түспей-ақ, сол кенепке тепе-тең болып шығады. Сонымен, кенептің құндық болмысы іс жүзінде өзіне шекпеннің тікелей айырбастала алатындығынан көрінеді. Сондықтан белгілібір товардың эквиваленттік формасы дегеніміз оның басқа товарға тікелей айырбасталарлық формасы болып табылады.

Егер товардың белгілі түрі, мәселен, шекпен, товардың басқа түріне, мәселен, кенепке эквивалент болып қызмет ететін болса, егер, сонымен, шекпен ерекше сипат алып, кенепке тікелей айырбасталатын формада тұратын болса, онда бұдан шекпен мен кенеп бір-біріне айырбасталатын пропорцияда деген қортынды ешбір шыға қоймайды. Бұл пропорция, кенеп құнының мөлшері белгілі болған күнде, шекпен құнының мөлшеріне байланысты. Шекпен эквивалент, ал кенеп относительді құн бола ма, әлде, керісінше, кенеп эквивалент, ал шекпен

²⁰⁾ 2-ші басылуына ескерту. Құн мөлшері мен оның относительді көрінісінің бұл сәйкессіздігін тұрпайы саяси экономия өзіне дағдылы тілмарлықпен пайдаланады. Мәселен: «*A* кемиді, өйткені ол айырбасталып отырған *B* көтеріледі-ақ деңізі, оның бер жағында, алайда, *A* үшін еңбек бұрынғыға қарағанда кем жұмсалмайды деңізі, сонда құнның сіз айтқан жалпы принципті құл-талқан болып күйрейді... Егер біз *B* құны *A* құнына қарағанда төмендейді, өйткені *A* құны *B* құнына қарағанда өседі деген болсақ, онда біз мұнымызбен товар құны әрқашан оған сінген еңбектің санымен анықталады деген Рикардоның ұлы қағидасының негізін жоямыз. Өйткені, егер *A* өндіріс шығындарындағы өзгеріс оның өзі айырбасталатын *B* жөніндегі өз құнын ғана өзгертіп қоймай, сонымен қатар, *B*-нің өндіру үшін қажетті еңбек санында ешқандай өзгеріс болмаса да, *B*-нің *A* жөніндегі құнын да өзгертетін болса, онда товардың құны оған сінген еңбек санымен анықталады деп сендіретін доктрина ғана күйреп қоймай, сонымен қатар белгілібір товардың құнын оның өндіріс шығындары анықтайды деген доктрина да күйрейді» (*J. Broadhurst «Political Economy»*. London, 1842, p. 11, 14).

Бродхерст мырза былай деуге де праволы: ¹⁰/₂₀, ¹⁰/₁₀₀, т. т. деген сан қатынастарына қараңызшы. 10 деген сан өзгермейді, бірақ бұған қарамастан, оның относительді мөлшері, оның 20, 50, 100, т. т. бөлшек бөлімі жөніндегі мөлшері үнемі кеміп отырады. Демек, тұтас сан мөлшері, мәселен, 10, өзіндегі бірлік сандармен «анықталады» деген ұлы принцип күйрейді.

относительді құн бола ма, қалай болған күнде де шекпен құнының мөлшері оны өндіру үшін қажетті жұмыс уақытымен, демек, оның құн формасынан тыс анықталады. Ал шекпен түріндегі товар құн көрінісінде эквиваленттің орнын алатын болғандықтан оның құн мөлшері, өзін жеке алғанда, ешқандай сипат алмайды. Ол ол ма: құн теңгермесінде ол бір заттың тек белгілі саны ғана болып көрінеді.

Мәселен, 40 кез кенеп не «тұрады»? Екі шекпен тұрады. Шекпен түріндегі товар бұл жерде эквиваленттің ролін атқарады, тұтыну құны болып отырған шекпен құн бейнесі ретіндегі кенепке қарсы қойылады, сондықтан кенеп құнының белгілі мөлшерін көрсету үшін шекпеннің белгілі санының болуы әбден жеткілікті. Сондықтан екі шекпен 40 кез кенептің құн мөлшерін көрсете алады, бірақ ол өз құнының, шекпен құнының мөлшерін ешуақытта көрсете алмайды. Бұл фактіні үстірт түсіну — құн теңгермесінде эквивалент әрқашан белгілі заттың, белгілі тұтыну құнының тек жәй ғана санының формасы болып табылады деу — Бейлиді адастырды, сөйтіп оны, оның көптеген ізтастаушылары мен ізбасарларын құн көрінісін тек қана сан қатынасы деп білуге мәжбүр етті. Шынында товардың эквиваленттік формасында құнның ешқандай сан белгісі болмайды.

Эквиваленттік форманы қарастырғанда көзге түсетін бірінші өзгешелік мынада: тұтыну құны өзіне қарама-қарсы тұратын нәрсенің, құнның көрініс формасы болып табылады.

Товардың заттық формасы құнның формасына айналады. Бірақ *nota bene* [жақсылап ескеріңіз]: *B* товар үшін (шекпен, немесе бидай, немесе темір, т. т. үшін) бұл *quid pro quo* [біріншің орнына екіншісінің пайда болуы] құн қатынасы шегінде ғана іс жүзіне асады, бұған кез келген басқа бір *A* товар (кенеп, т. т.) тек осы қатынас шегінде ғана айырбасталады. Ешқандай товар өзіне өзі эквивалент бола алмайды және, демек, өзінің табиғи сырт бейнесін өз құнының көрінісі ете алмайды, сондықтан ол эквивалент болып қызмет ететін басқа товарға айырбасталуға тиіс, яки басқа товардың табиғи сырт көрінісін өз құнының формасы етуге тиіс.

Мейлінше айқын болуы үшін мұны товар тұлғаларының өздерін өлшейтін, яғни тұтыну құны құндары ретінде өлшейтін өлшемдердің мысалы арқылы түсіндіріп көрейік. Физикалық зат ретінде кесек қанттың бірде-бірі оның салмағын тікелей көруге немесе сезуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан біз салмағы күнбұрын белгілі бірнеше бөлек темірді аламыз. Темірдің тұлғалы формасы, оны жеке алып қарағанда, кесек қанттың тұлғалы формасы сияқты, ауырлығын көрсететін фор-

ма бола алмайды. Алайда, кесек қанттың ауырлығын көрсету үшін біз оны темірге салмақ жағынан салыстырамыз. Бұл ара-салмақта темір өз ауырлығынан басқа ешқандай қасиеті жоқ тұлға болып табылады. Сондықтан темірдің саны қант салмағының өлшемі және қанттың физикалық тұлғасы жөнінде тек ауырлық бейнесі, яки ауырлықты көрсететін форма болып табылады. Бұл рольді темір қантпен немесе басқа бір затпен болатын екі арадағы қатынас шегінде ғана, соның салмағын білу керек болғанда ғана атқарады. Егер екі тұлғаның ауырлығы болмаса, онда олар бұл қатынасқа түсе алмаған болар еді, олардың бірі екіншісінің ауырлығын көрсете алмаған болар еді. Оларды таразының екі табағына салып, біз мынаны көреміз: ауырлық ретінде бұлардың екеуі шынында да бірдей екенін, сондықтан белгілі пропорцияда алғанда салмағы бірдей болатынын көреміз. Темір тұлғасы салмақ өлшемі ретінде кесек қант жөнінде тек ауырлықты ғана көрсетеді, дәл сол сияқты біз айтып отырған құн көрінісінде шекпен тұлғасы кенеп жөнінде тек құн болып қана көрінеді.

Алайда осы жерге келгенде салыстыру да тоқтайды. Кесек қанттың салмағын көрсеткенде темір екі денеге де ортақ табиғи қасиетті, атап айтқанда ауырлықты білдіреді, ал шекпен кенептің құнын көрсеткенде заттардың табиғи қасиетін емес, олардың құнын,— нағыз қоғамдық нәрсені білдіреді.

Товар, мәселен, кенеп, құнының относителді формасы оның құн болмысын, яғни оның тұлғасы мен қасиеттерінен мүлдем өзгеше нәрсені, мәселен, «шекпен тәрізді» нәрсені көрсетеді, сондықтан бұл көріністің өзі-ақ оның тасасында кейбір қоғамдық қатынастың бүркеулі жатқанын көрсетеді. Ал эквиваленттік форма қарама-қарсы сипат алады. Өйткені оның мәні дәл мынада: товардың белгілі тұлғасы, айталық, шекпен, дәл осы заттың өзі құнды көрсетеді, демек өзінің жаратылысында оның құн формасы болады. Рас, мұның өзі кенеп товардың эквивалент ретіндегі шекпен товарға айырбасталатын құн қатынасы шегінде ғана дұрыс²¹⁾. Бірақ бұл заттың қасиеттері оның басқа заттарға қатынасынан тұмайды, тек осындай қатынаста көрінеді, сондықтан шекпеннің эквиваленттік формасы, басқа товарларға тікелей айырбасталғыш қасиеті оның денесінде жаратылысынан-ақ бар екен, мұның өзі дәл ауырлық сияқты немесе жылылықты бөгеу қасиеті сияқты нәрсе екен деген ұғым туады. Эквиваленттік форманың жұмбақ сыры міне осында, мұның өзі бұл форма даяр күйінде —

²¹⁾ Мұндай өзара относителді анықтама тегінде өте өзгеше нәрсе. Мәселен, бұл адамның король болып отырған жалғыз себебі — оның қол астында басқа адамдар бар. Ал бағыныштылар, керісінше, ол король болғандықтан ғана біз оның қоластындамыз деп ойлайды.

ақша ретінде қарама-қарсы тұратын кезде ғана экономистің буржуазиялық-тұрпайы көзқарасын тандандырады. Сонда экономист алтын мен күмістің мистикалық сипатынан құтылуға тырысады да, олардың орнына онша жарқырап көрінбейтін товарларды тықпалайды, бір кезде товар эквивалентінің ролін атқарған қара бақырдан істелген нәрселердің тізімін үсті-үстіне рахаттанып келтіреді. Бірақ ол 20 кез кенеп = 1 шекпен деген жәй ғана құн көрінісінің өзі-ақ эквиваленттік форманың жұмбағын шешетіндігін сезбейді де.

Эквивалент болатын товардың тұлғасы әрқашан абстрактылық адам еңбегінің бейнесі ретінде көрінеді және сонымен қатар әрқашан белгілі пайдалы, нақты еңбектің өнімі болып табылады. Сонымен, бұл нақты еңбек абстрактылық адам еңбегінің көрінісі болады. Егер, мәселен, шекпен абстрактылық адам еңбегі сіңген зат қана болса, онда іс жүзінде бұған жұмсалған тігіншілік еңбек те абстрактылық адам еңбегінің жүзеге асу формасы ғана болады. Кенеп құнының көрінісінде тігіншілік еңбектің пайдалылығы оның киім тігетіндігінде, демек, адам жасап шығаратындығында * емес, оның пайдалылығы өзіндегі құны, яғни кенеп құнына сіңген еңбектен ешқандай айырмасы жоқ еңбек жиындысы бізге бірден көріне қоятын затты жасап шығаратындығында. Құнның мұндай айнасын жасау үшін тігіншіліктің өз бойынан жалпы адам еңбегі боларлық абстрактылық қасиетінен басқа ешнәрсе көрінуге тиісті емес.

Тігіншілік формасында, тоқымашылық формасындағы сияқты, адам жұмыс күші жұмсалады. Демек, бұл әрекеттің екеуінің де адам еңбегіне тән ортақ сипаты болады және кейбір белгілі реттерде, мәселен, құн өндіруде олар тек осы тұрғыдан ғана қаралуға тиіс. Мұнда мистикалық ешнәрсе жоқ. Бірақ товардың құнын көрсетуге келгенде істің жайы басқаша болып шығады. Мәселен, тоқымашылық кенеп құнын өзінің нақты формасында емес, адам еңбегі болып есептелетін жалпы қасиеті жағынан жасайтындығын көрсету үшін,— тоқымашылыққа тігіншілік қарсы қойылады, кенептің эквивалентін жасаушы нақты еңбек, абстрактылық адам еңбегінің айқын формасы ретінде, қарсы қойылады.

Сонымен, эквиваленттік форманың екінші өзгешелігі — нақты еңбек бұл жерде өзіне қарама-қарсы тұратын нәрсенің, абстрактылық адам еңбегінің көрініс формасы болып табылады.

Бірақ бұл нақты еңбек, тігіншілік, бұл жерде ешқандай

* Түпнұсқада немістің «Kleider machen Leute» деген белгілі мақалы өзгертіліп айтылған (сөзбе-сөз алғанда: «киім адам жасайды», ал мағынасы жағынан: «книдірсең, томар да көрікті немесе, киіміне қарай қарсы алар» деген сөз). *Ред.*

айырмашылығы жоқ адам еңбегінің жәй ғана көрінісі болатындықтан, ол бұл формада басқа еңбекпен, кенелке сіңген еңбекпен бірдей болады; сондықтан ол, товар өндіруші басқа еңбек атаулы тәрізді, жеке еңбек бола тұрса да, дегенмен ол тікелей қоғамдық формадағы еңбек болып табылады. Дәл сондықтан да ол басқа товарға тікелей айырбасталуға қабілетті өнімнен көрінеді. Эквиваленттік форманың үшінші өзгешелігі, сонымен, мынада: жеке еңбек өзіне қарама-қарсы нәрсенің формасына айналады, яғни тікелей қоғамдық формадағы еңбек болып табылады.

Егер біз көптеген ой-пікір формаларымен, қоғамдық формалармен және табиғи формалармен қатар құн формасын тұңғыш рет талдаған ұлы зерттеушіге жүгінсек, эквиваленттік форманың соңғы екі өзгешелігі біз үшін бұрынғыдан да айқындала түседі. Менің айтып отырғаным — Аристотель.

Ең алдымен Аристотель товардың ақшалай формасы — құнның жәй формасының тек келешектегі дамуы ғана, яғни бір товар құнының әйтеуір бір басқа товардан көрінуі ғана деп мүлдем айқын көрсетеді; шынында ол былай дейді:

«5 ложа = 1 үй» («κλίνας πέντε ἀντι οίκιας»)

дегеніміздің

«5 ложа = пәлендей ақша»

(«κλίνας πέντε ἀντι . . . ὀσού αἱ πέντε κλίνας»)

дегеннен «айырмасы жоқ».

Ол, одан соң, құнның осы белгісін көрсететін құн қатынасы, өз тарапынан, үй мен ложаның сапа жағынан бірдей екенін дәлелдейді және түрліше сезілетін бұл заттар өздерінің мәні жағынан осылайша бірдей болмаса өзара өлшенетін шамалар ретінде бір-біріне айырбас қатынасында болмаған болар еді деп түсінеді. «Айырбас,— дейді ол,— теңеусіз болмақшы емес, ал заттар өзара өлшенбейінше тең болмайды» («οὐτ' ἰσότης μὴ οὐμετρίας»). Бірақ ол осы арада қиыншылыққа кездеседі де, құн формасын одан әрі талдауды тоқтатады. «Алайда соншалық әртекті заттардың өзара өлшенетін болуы», яғни сапа жағынан тең болуы «шындығында мүмкін емес» («τῆ μὲν οὖν ἀληθεῖα ἀδυνατόν»). Бұлай теңестіру заттардың шын жаратылысына жат бір нәрсе ғана болуы мүмкін, демек, «практикалық қажетті қанағаттандыру үшін жасанды тәсіл болуы ғана мүмкін»²⁹.

Сонымен, оған бұдан былай талдауды дәл қандай нәрсенің мүмкін етпей отырғанын бізге Аристотельдің өзі көрсетіп берді: бұл — құн ұғымының болмауы. Мұндағы бірдей нәрсе, яғни ложа құнын көрсетуде үйді ложаға теңестіретін ортақ

субстанция неде? Мұндай нәрсенің «шындықта болуы мүмкін емес»,— дейді Аристотель. Неге? Үй ложаға белгілібір тең нәрсе ретінде қарсы қойылады, өйткені онда осы екі затқа — үй мен ложаға — шынында да бірдей нәрсе бар. Ал мұның өзі — адам еңбегі.

Бірақ товар құндарының формасында еңбектің барлық түрлері бірдей және, демек, бір-біріне тең адам еңбегі болатындығын,— бұл фактіні Аристотель құн формасының өзінен шығара алмады, өйткені грек қоғамы құл еңбегіне негізделген еді, демек, оның табиғи негізі адамдардың және олардың жұмыс күштерінің теңсіздігі еді. Еңбектің барлық түрлері тең және бірдей, өйткені олар жалпы адам еңбегі болып табылады,— құн көрінісінің бұл жасырын сыры адам теңдігінің идеясы халық сезімінде тұрақты орын алған кезде ғана ашылуы мүмкін. Ал мұның өзі товар формасы еңбек өнімінің жалпы формасына айналған қоғамда, демек, товар иелері ретіндегі адамдардың өзара қатынасы үстемдік етуші қоғамдық қатынас болып табылатын кезде ғана мүмкін болады. Аристотельдің данышпандығы дәл мынадан көрінеді: товар құнының көрінісінен ол теңдік қатынасын ашады. Ол өмір сүрген қоғамның тарихи өрісінің тарлығы ғана бұл теңдік қатынасының мәні «шындығында» дәл неде екенін ашуға оған кедергі болды.

4) Құнның тұтас алғандағы жәй формасы

Товар құнының жәй формасы оның басқаша текті товарға құн қатынасынан, яки оның осы соңғы товарға айырбас қатынасынан көрінеді. *A* товардың құны сапа жағынан алғанда *B* товардың *A* товарға тікелей айырбасталу қабілетінен көрінеді. Сан жағынан алғанда мұның өзі белгілі мөлшердегі *B* товардың белгілі мөлшердегі *A* товарға айырбасталу қабілетінен көрінеді. Басқа сөзбен айтқанда: товар құны «айырбас құны» болып көрінгенде ол дербес түрге енеді. Осы тараудың басында біз, жұрт арасындағы аңызға сәйкес, товар дегеніміз тұтыну құны және айырбас құны дедік, егер әділін айтатын болсақ, мұның өзі дұрыс емес еді. Товар дегеніміз тұтыну құны, яки тұтыну заты, және «құн». Товардың бұл екі жақты жаратылысы оның құны өзінің заттық формасынан өзгеше көрініс формасын алған кезде, атап айтқанда: айырбас құнының формасын алған кезде ашылады, ал жеке алынған товардың ешуақытта мұндай формасы болмайды, бірақ оның бұл формасы әрқашан тек құн қатынасына, яки айырбас қатынасына келгенде, өзінен өзгеше товарға айырбасталғанда көрінеді. Егер біз мұны ескеретін болсақ, жоғарыда көрсетілген

дәл қолданылмаған сөз қатеге әкеліп соқпайды, тек ықшамдық үшін қызмет етеді.

Біздің анализіміз товардың құн формасы, яки құн көрінісі, товар құнының жаратылысынан туатынын көрсетті, мұның керісінше емес, құн мен құн мөлшері құнның айырбас құны болатын көрінісінің тәсілінен тумайды. Ал меркантилистер мен олардың Ферье, Ганиль, т. т. сияқты кәзіргі кездегі табынушылары²²⁾, сондай-ақ олардың антиподтары, еркін сауданың Бастиа сияқты кәзіргі өкілдері мен оның серіктері істің жайын дәл осылай түсінеді. Меркантилистер мәселенің салмағын құп көрінісінің сапа жағына, товардың эквиваленттік формасына, өзінің түпкілікті көрінісін ақшамен аяқтайтын формасына аударады,— ал еркін сауданың кәзіргі кездегі сакшылары, өз товарын қайткен күнде де өткізуді көздейтіндер, мұның керісінше, көбінесе құнның относительноді формасының сан жағына назар аударады. Демек, олар үшін құн да, товар құнының мөлшері де товарлардың айырбас қатынасынан туатын көріністе ғана өмір сүреді, яғни товарлардың ағымдағы преискурантының бағаналарында ғана өмір сүреді. Ломбард-стрит банкирлерінің³⁰⁾ шым-шытырық күнгірт ұғымдарын ғалымдық сөздермен мүмкіндігінше көбірек әсірелеуді үйреншікті әдетке айналдырған шотланд Маклеод ырымшыл меркантилистер мен еркін сауданың оқымысты жақтаушылары арасындағы нағыз сәті түскен синтез болып табылады.

А товардың В товарға құн қатынасында болатын құн көрінісін мұқият қарағанда біз бұл қатынас шегінде А товардың заттық формасы тұтыну құнының тек бейнесі ғана болатынын, ал В товардың заттық формасы тек құн формасы, яки құн бейнесі болатынын көрдік. Тұтыну құны мен құнның товардағы жасырынуды ішкі қарама-қарсылығы, сонымен, сыртқы қарама-қарсылық арқылы, яғни екі товардың қатынасы арқылы көрінеді, мұнда бір товар — құны көрінетін *товар* — тек қана тікелей тұтыну құнының ролін атқарады, ал екінші товар — мұнда құнын көрсететін *товар* — тек қана тікелей айырбас құнының ролін атқарады. Демек, товар құнының жәй формасы дегеніміз товардағы тұтыну құны мен құнның қарама-қарсылығы көрінісінің жәй формасы болып табылады.

Еңбек өнімі барлық қоғамдық укладтар тұсында да тұтыну заты болып табылады, бірақ дамудың тек бір ғана тарихи белгілі заманы еңбек өнімін товарға айналдырады,— атап айтқанда: бұл заман тұсында пайдалы зат өндіруге жұмсалған еңбек осы заттың «заттық» қасиеті, оның құны болып кө-

²²⁾ 2-ші басылуына ескерту F. L. A. Ferrier (sous-inspecteur des douanes). «Du Gouvernement considéré dans ses rapports avec le commerce». Paris, 1805, және Charles Ganiil: «Des Systèmes d' Économie Politique.», 2^{ème} éd, Paris, 1821.

рінеді. Олай болса, товар құнының жәй формасы сонымен қатар еңбек өнімінің жәй товар формасы болып табылады, сондықтан товар формасының дамуы құн формасының дамуымен бір кезде болып отырады.

Құнның жәй формасының, тек толып жатқан метаморфоз арқылы ғана баға формасына дейін жетілетін бұл ұрық форманың жеткіліксіздігі бірден-ақ айқын көрінеді.

А товар құнының В товардан көрінуі А товардың бұл құнын оның өз тұтыну құнынан өзгеше етеді, сондықтан товарды тек бір ғана айырбас құнына — белгілібір жеке, оның өзінен өзгеше товар түріне айырбасталатын етеді; бірақ мұның өзі оның сапа жағынан барлық басқа товар түрлерімен бірдейлігін және сан жағынан пропорциялы екенін көрсетпейді. Бір товар құнының относителді жәй формасына басқа товардың жеке эквиваленттік формасы сай келеді. Мәселен, шекпен кенеп құнының относителді көрінісінде эквиваленттік формаға ие болады, яки тек осы жеке товар түрі, кенеп жөнінде ғана тікелей айырбасталу формасы болып табылады.

Оның бержағында құнның жеке формасы өзінен өзі бұдан гөрі толығырақ формаға ауысады. А дейтін бір товардың құны жеке форма арқылы тек екінші түрдегі бір товардан көрінетін болса да, бұл жерде ол товар дәл қандай: шекпен бе, темір ме, бидай ма, т. т., оның тіпті бәрі бір. Нақ сол бір товар бірде бір түрлі, бірде екінші түрлі товармен құн қатынасына енген сайын оның құнының әралуан жәй көріністері туады ^{22а)}. Оның құнының ықтимал көріністерінің саны товардың онан өзгеше түрлерінің санына ғана байланысты. Товар құнының жеке көрінісі, сонымен, оның құнының толып жатқан әралуан көріністеріне айналады, ал мұның тобы өз бетінше көбейе беруі мүмкін.

В. ҚҰННЫҢ ТОЛЫҚ, ЯКИ ЖАЙЫЛЫҢҚЫ ФОРМАСЫ

А товардың $z = B$ товардың u , яки $= C$ товардың v ,
яки $= D$ товардың w , яки $= E$ товардың x , яки $= t$. т.

(20 кез кенеп=1 шекпен, яки=10 қадақ шай, яки=40 қадақ кофе, яки=1 квартал бидай, яки=2 унция алтын, яки= $1/2$ тонна темір, яки=t. т.).

1) Құнның жайылыңқы относителді формасы

Осы товардың, мәселен, кенептің құны енді товар дүниесінің сансыз көп басқа элементтерінен көрінеді. Әрбір басқа то-

^{22а)} 2-ші басылуына ескерту. Мәселен, Гомерде бір заттың құны әралуан толық жатқан заттардан көрінеді.

вар тұлғасы кенеп құнының айнасына айналады ²³⁾. Сонымен, енді ғана бұл құнның өзі шынында да ешқандай өзгешелігі жоқ адам еңбегінің жиындысы болып көрінеді. Өйткені оны жасаушы еңбек енді басқа адам еңбегі атаулының бәріне теңбе-тең еңбек екенін толық айқын көрсетеді, мұның өзі адам еңбегінің қандай заттық формада болатынына және оның шекпенге, бидайға, темірге, алтынға, т. т. сіңгеніне байланысты емес. Сондықтан кенеп өзінің құн формасына байланысты енді товардың тек жеке түрімен ғана емес, сонымен қатар бүкіл товар дүниесімен қоғамдық қатынасқа келеді. Ол товар болғандықтан сол дүниенің азаматы болып есептеледі. Сонымен қатар товар құнының шексіз көп көрінісі мұның өзі көрінетін ерекше тұтыну құны атаулының бәріне түгелдей ешбір талғаусыз айырбасталатынын көрсетеді.

Бірінші формада — 20 кез кенеп = 1 шекпен деген формада — бұл екі товардың белгілі сан қатынасында бір-біріне айырбасталу қабілеттілігі жәй кездейсоқ болып көрінуі мүмкін. Керісінше, екінші формада оның тасасында жасырынып тұрған негіз, шынында кездейсоқ көріністен өзгеше және мұның өзін анықтайтын негіз дереу көріне кетеді. Кенеп құны, бұл құн шекпенге, кофеге, темірге, т. т.—сан алуан товар иелеріне тиесілі, қисапсыз әралуан басқа товарларға айырбасталу арқылы көрінсе де, өзінің мөлшері жағынан арқашан бірдей болып қалады. Екі дара товар иелерінің кездейсоқ қатынасы жайына қалады. Сонда товар құнының мөлшерін айырбас шешпейтіндігі, керісінше, оның айырбас қатынастарын товар құнының мөлшері шешетіндігі анық болады.

2) Ерекше эквиваленттік форма

Әрбір товар: шекпен, шай, бидай, темір, т. т. кенеп құнын көрсетуде эквиваленттің, сондықтан да құн тұлғасының ролін атқарады. Бұл товарлардың әрқайсысының белгілі заттық формасы енді көптеген басқа товарлармен қатар ерекше эк-

²³⁾ Сондықтан, егер кенеп құны шекпеннен көрінетін болса, кенептің шекпендік құны туралы айтады, егер оның құны астық арқылы көрінетін болса, астық құны туралы айтады, т. т. Әрбір мұндай көрініс шекпеннің, астықтың, т. т. тұтыну құнынан тек кенеп құнының көрінетіні ғана дәлелдейді. «Әрбір товардың құны оның айырбас қатынасын көрсетеді... бұл товардың басқа қандай товармен салыстырылуына қарай сол жөнінде біз астық құны, шұға құны, т. т. деп айта аламыз; сонымен, құнның мыңдаған әралуан түрі болады,— қанша товар болса, сонша түрлі құн болады, ал осылардың бәрі бірдей шынайы, бәрі бірдей нақтылы нәрселер» («A Critical Dissertation on the Nature, Measures and Causes of Value: chiefly in reference to the writings of Mr. Ricardo and his followers. By the Author of Essays on the Formation etc. of Opinions». London 1825, p. 39). С. Бейли, бір кезде Англияда көп шу көтерген осы анонимдік еңбектің авторы, былай деп топшылайды: бір товар құнының осындай толып жатқан ала-құла относительдік көріністерін көрсету арқылы құн ұғымын анықтаудың барлық мүмкіншілігін жойды деп оялайды. Бірақ өз өресінің мейлінше тарлығына қарамастан, оның Рикардо теориясының осал жерлерін таба білгендігі Рикардо мектебінің, мәселен, «Westminster Review» арқылы, оған өршелене шабуыл жасағанынан көрініп отыр

виваленттік форма болып табылады. Дәл сол сияқты түрлі товар тұлғаларына сіңген пайдалы еңбектің сансыз көп белгілі, нақты түрлері енді жалпы адам еңбегінің жұмсалуды мен көрінуінің тек ерекше формалары ғана болып қызмет етеді.

3) Құнның толық, яки жайылыңқы формасының кемшіліктері

Біріншіден, товар құнының относителді көрінісі бұл жерде бітпейді, өйткені оның құнының көріністерінің тізбегі ешуақытта аяқталмайды. Буындары құн теңгермелерінен құралатын тізбек құнның жаңа көрінісі үшін материал болып табылатын әрбір жаңадан пайда болған товар түрін қосып алу арқылы әрқашан созыла беруі мүмкін. Екіншіден, мұндай тізбек әрі бытыранды, әрі әртекті құн көрінісінің ала-құла түрлерін туғызады. Ақырында, егер бұл жайылыңқы формада әрбір товардың относителді құны көрсетілетін болса, мұның өзі солай болуға тиіс те, онда әрбір товар құнының относителді формасы дегеніміз құн көріністерінің шексіз тізбегі, мұның өзі әрбір басқа товар құнының относителді формасының көрінісінен өзгеше болады. Құнның жайылыңқы относителді формасының кемшіліктері, сонымен қатар, бұған сәйкес келетін эквиваленттік формадан да көрінеді. Әрбір жеке товар түрінің заттық формасы бұл жерде сансыз көп басқа ерекше эквиваленттік формалармен қатар ерекше эквиваленттік форма болып табылады, сондықтан жалпы алғанда шектеулі эквиваленттік формалар ғана болады да, бұл формалардың әрқайсысы басқалардың барлығын жоққа шығарады. Сол сияқты әрбір ерекше товар эквивалентіне сіңген еңбектің белгілі, нақты, пайдалы түрі адам еңбегі көрінісінің тек ерекше, демек, барлығын түгел қамтымайтын формасы ғана болып табылады. Рас, адам еңбегі осы ерекше көрініс формаларының жиынтығынан толық та жан-жақты формада көрінеді. Алайда адам еңбегі бұл жерде бірегей формада көрінбейді.

Сонымен, құнның жайылыңқы относителді формасы тек құнның жәй относителді көріністерінің, яки теңгермелерінің, бірінші форманың, жиынынан құралады, мәселен:

$$\begin{aligned} 20 \text{ кез кенеп} &= 1 \text{ шекпен,} \\ 20 \text{ кез кенеп} &= 10 \text{ қадақ шай, т. т.} \end{aligned}$$

Бірақ бұл теңгермелердің әрқайсысында өзімен бірдей кері теңгерме де болады:

$$\begin{aligned} 1 \text{ шекпен} &= 20 \text{ кез кенеп,} \\ 10 \text{ қадақ шай} &= 20 \text{ кез кенеп, т. т.} \end{aligned}$$

Шынында да: егер қайсыбір адам өзінің кенепін көптеген басқа товарларға айырбастаса, демек, оның құнын толып жатқан басқа товарлардан табатын болса, онда көптеген товар иелері өз товарларын да, әрине, кенепке міндетті түрде айырбастауға тиіс, демек, өздерінің әртүрлі товарларының құнын белгілібір үшінші товар, кенеп арқылы көрсетуге тиіс. Сонымен: 20 кез кенеп = 1 шекпен, яки = 10 қадақ шай, яки = т. т., деген теңгермені кері айналдырайық, яғни шын мәнісінде осы теңгерменің өзінде бар кері қатынасты көрсетейік, сонда былай болып шығады:

С. ҚҰННЫҢ ЖАЛПЫЛЫҚ ФОРМАСЫ

1 шекпен	=	}	20 кез кенеп
10 қадақ шай	=		
40 қадақ кофе	=		
1 квартал бидай	=		
2 унция алтын	=		
$\frac{1}{2}$ тонна темір	=		
A товардың x	=		
және т. т.			

1) Құн формасының өзгерген сипаты

Енді товарлар өз құнын: 1) жайша көрсетеді, өйткені олар оны бір жеке товар арқылы көрсетеді, 2) бірыңғай көрсетеді, өйткені оны сол бір товар арқылы көрсетеді. Олардың құн формасы жәй форма және олардың барлығына ортақ форма, демек, жалпылық форма.

I және II формалардың нәтижесі мынау ғана: бұл товардың құны оның өзінің тұтыну құнынан, яки оның товар тұлғасынан өзгеше нәрсе ретінде көрініп отырды.

Бірінші форма мынадай құн теңгермесін көрсетті: 1 шекпен = 20 кез кенеп, 10 қадақ шай = $\frac{1}{2}$ тонна темір, т. т. Шекпеннің құны кенепке тең нәрсе, шайдың құны темірге тең нәрсе ретінде көрінеді, т. т. Бірақ кенеп пен темірге тең осы нәрселер, шекпен мен шай құнының бұл көріністері кенеп пен темір бір-бірінен қандай өзгеше болса, дәл сондай өзгеше болады. Іс жүзінде бұл форма, әрине, айырбастың тек алғашқы бастама түрінде ғана, еңбек өнімдері тек ерекше және кездейсоқ айырбас арқылы ғана товарға айналатын кезде ұшырайды.

Екінші форма, біріншіге қарағанда толығырақ форма, товар құнын оның өз тұтыну құнынан ажырата қарайды, өйткені, мәселен, шекпен құны бұл жерде оның заттық формасына

түрліше тұрпатта қарама-қарсы тұрады, кенепке тең, темірге тең, шайға тең, т. т. тең нәрсе ретінде,— тек шекпеннің өзінен басқа заттың бәріне тең нәрсе ретінде қарама-қарсы тұрады. Екінші жағынан, бұл жерде товар құнының жалпыға ортақ көрінісі деген мүлдем болмайды, өйткені әрбір жеке товардың құн көрінісіне басқа товарлардың бәрі тек эквиваленттер формасында ғана кіреді. Жайылыққы құн формасы еңбектің белгілібір өнімі, мәселен, мал, енді тек ерекшелік ретінде ғана емес, дағдылы түрде көптеген басқа товарға айырбасталып отыратын кезде тұңғыш рет іс жүзіне асады.

Бізге жаңадан кездесіп отырған III форма товар дүниесінің құнын одан бөлініп шыққан бір товардың түрі, мәселен, кенеп арқылы көрсетеді, сөйтіп барлық товарлардың құнын оларды кенепке теңеу арқылы көрсетеді. Кенепке тең нәрсе ретінде әрбір товардың құны енді тек өз басының тұтыну құнынан ғана емес, сонымен қатар тұтыну құны атаулының бәрінен өзгеше болады, сөйтіп мұның өзі осы товардың барлық басқа товарлармен қандай ортақ сипаты барлығын көрсетеді. Демек, тек осы форма ғана шын мәнісінде құн болып табылатын товарлар арасындағы қатынастарды анықтайды, яки олардың айырбас құны ретінде бір-біріне айырбасталуына мүмкіндік береді.

Бұрынғы екі форма әрбір товар құнын не тегі бөлек бір ғана товар арқылы көрсетеді, не одан өзгеше көптеген товарлар арқылы көрсетеді. Осының екеуінде де өзінің құн формасын көрсету, былайша айтқанда, әрбір товардың өз ісі болып табылады, сондықтан бұл істі ол басқа товарлардың жәрдеміңсіз орындайды. Соңғылары бұл товар жөнінде тек қана енжар эквиваленттік роль атқарады. Мұның керісінше, құнның жалпылық формасы тек бүкіл товар дүниесінің ортақ ісі ретінде ғана пайда болады. Белгілібір товардың жалпы құн көрінісі болатын себебі — бұл товармен бірге барлық басқа товар сол бір эквивалент арқылы өзінің құнын көрсетеді, сондықтан жаңадан пайда болған әрбір товар осыған еліктеуге тиіс болады. Мұнымен қатар мынадай жағдай айқындалады: товарлардың құнды заттылығы бұл заттардың жәй «қоғамдық болмысы» болып табылады, сондықтан да мұның өзі тек олардың барлық жағынан бірдей қаралатын қоғамдық қатынасы арқылы ғана көрінуі мүмкін, сондықтан товар құнының формасы қоғамдық мағналы форма болуға тиіс.

Өзінің кенепке теңдік формасында енді барлық товарлар тек сапасыз жағынан тең товарлар, яғни жалпы құндар болып қана қоймайды, сонымен қатар сан жағынан салыстырылатын құн мөлшерлері болып шығады. Олар өз құндарының мөлшерін бір материал — кенеп арқылы көрсетеді, сондықтан

құнның бұл мөлшерлері өзара бірінен бірі көрінеді. Мәселен, 10 қадақ шай = 20 кез кенеп, 40 қадақ кофе = 20 кез кенеп. Демек, 10 қадақ шай = 40 қадақ кофе. Немесе: бір қадақ кофеде құн субстанциясының, еңбектің, бір қадақ шайға сіңген мөлшерінің тек төрттен бірі ғана бар.

Товар дүниесі құнының жалпылық относительді формасы бұл дүниеден шыққан эквивалент товарға, кенепке, жалпыға бірдей эквивалент сипатын береді. Оның өз басының заттық формасы құн бейнесіне айналады, бүкіл товар дүниесіне ортақ нәрсе болады, кенеп барлық басқа товарларға тікелей айырбасталуға қабілетті болады. Оның тұлғалы формасы адам еңбегі атаулының жалпыға бірдей қоғамдық қауызының көзге көрінетін нәтижесінің ролін атқарады. Тоқымашылық, кенеп жасаушы жеке еңбек, сонымен қатар жалпыға бірдей және қоғамдық формада, еңбектің барлық басқа түрлерімен теңдік формада болады. Жалпылық құн формасы құралатын сансыз көп теңгермелер кенепке сіңген еңбекті әрбір басқа товарға сіңген еңбектің барлық түрлерімен кезек-кезек теңейді, сөйтіп тоқымашылықты жалпы адам еңбегін көрсететін жалпылық форма етеді. Сонымен, товар құнында затқа айналған еңбек енді еңбектің нағыз түрлерінің барлық нақты формалары мен пайдалы қасиеттері дерексіз етілген еңбектің жалаң көрінісі болып қана қоймайды, сонымен қатар оның өз басының пайдалы жаратылысы да айқын көрінеді. Мұның пайдалы жаратылысы мынада: еңбектің барлық нағыз түрлері өздеріне ортақ адам еңбегінің сипатын алады, адам жұмыс күшінің жұмсалуды болып шығады.

Еңбек өнімдерін өзгешеліктерін жоғалтқан адам еңбегінің жәй жиындысы ретінде көрсететін жалпылық құн формасы өзінің құрылысымен-ақ товар дүниесінің қоғамдық көрінісі екенін көрсетеді. Мұның өзі, сонымен, бұл дүниенің шеңберіндегі еңбектің жалпылама адамға тән сипаты оның ерекше қоғамдық сипаты болатынын ашып береді.

2) Құнның относительді формасы мен эквиваленттік форманың дамуы арасындағы қатынас

Құнның относительді формасының даму дәрежесіне эквиваленттік форманың даму дәрежесі сай келеді. Алайда — мұны көрсетіп өту қажет — эквиваленттік форманың дамуы тек құнның относительді формасы дамуының көрінісі мен нәтижесі ғана.

Товар құнының жәй, яки жеке, относительді формасы басқа товарды жеке эквивалент етеді. Относительді құнның жа-

йылық формасы,— бір товар құнының барлық басқа товарлардағы бұл көрінісі,— соңғыларға әралуан ерекше эквиваленттердің формасын береді. Ақырында, товардың бір ерекше түрі жалпыға бірдей эквиваленттің формасын алады, өйткені барлық басқа товарлар мұны өз құнының бірыңғай жалпылық формасы үшін материал етеді.

Жалпы құн формасының нақ қандай дәрежеде дамуына байланысты құнның екі жағы — құнның относителді формасы мен эквиваленттік форманың арасындағы қарама-қарсылық та дамиды.

Бірінші форманың өзінде-ақ, 20 кез кенеп = 1 шекпен деген теңгермеде бұл қарама-қарсылық бар, бірақ оны көрсетпейді. Біздің бұл теңгермені қалай оқитындығымызға қарай, солдан оңға қарай ма, әлде керісінше ме, товар дүниесінің екі жағының әрқайсысы, кенеп те, шекпен де, кезек-кезек не құнның относителді формасында, не эквиваленттік формада болып отырады. Бұл жерде екі шеттің қарама-қарсылығын көрсету әлі мейлінше қиын болады.

II формада әрқашан товардың тек бір ғана белгілі түрі өзінің относителді құнын толық көрсете алады, сондықтан да оның өзінде жайылықтың относителді құн формасы болады, мұның бірден-бір себебі — барлық басқа товарлар оған эквиваленттік формада қарама-қарсы тұратындығынан ғана. Бұл жерде құн теңгермесінің екі жағын ауыстырып қоюға болмайды, мәселен, 20 кез кенеп = 1 шекпен, яки = 10 қадақ шай, яки = 1 квартал бидай, т. т. деуге болмайды, бұл үшін мұның жалпы сипатын өзгерту керек, оны толық формадан жалпылық құн формасына айналдыру керек.

Ақырында, соңғы форма, III форма, товар дүниесіне құнның жалпылық және қоғамдық относителді формасын береді, өйткені неге десеңіз, бұл жерде товар дүниесіне тән барлық түрлер — біреуінен басқасы — жалпылық эквиваленттік формадан шығарылған. Бір товар, кенеп, барлық басқа товарларға тікелей айырбасталуға мүмкіндік беретін формада, яки тікелей қоғамдық формада болады, өйткені, неге десеңіз, барлық басқа товарлар бұл формада болмайды ²⁴⁾.

²⁴⁾ Жалпылама тікелей айырбасталу формасы сырттан қарағанда қайшылықты товар формасы екенін, магниттің оң жағы оның теріс жағымен қандай тығыз байланысты болса, бұл форма да тікелей айырбасталмайтын формамен нақ сондай тығыз байланысты екенін көрсете қоймайды. Сондықтан барлық католиктерді папа етуге болады деп ойлау қаншалық орынды болса, бір дестен барлық товарға тікелей айырбасталғыш қасиет бітіруге болады деп ойлау соншалық орынды. Товар өндірісін адам бостандығы мен тәуелсіздігінің *pes plus ultra* [шыңы] деп білетін ұсақ буржуа үшін, бұл формаға байланысты кемшіліктерді, әсіресе товарлардың тікелей айырбастала алмайтын кемшілігін жою өте-өте қолайлы болған болар еді. Осы филистерлік утопияны мадақтау нағыз прудондық социализм болып табылады, мұның өзі, менің басқа жерде көрсеткенімдей ³¹⁾, ешқандай жаңалық та емес, тек Грей, Брей және басқалардың әлдеқашан айтқан тәуір пікірлерін қайталау ғана болады. Бұл жағдай біздің заманымызда мұндай

Керісінше, жалпы эквивалент болушы товарда бірыңғай, демек, товар дүниесі құнының жалпылық относительді формасы болмайды. Егер кенеп немесе тегі жалпылық эквивалент формасында тұрған белгілібір товар сонымен қатар құнның жалпы относительді формасына қатынасатын болса, онда ол өзіне өзі эквивалент болған болар еді. Онда біз мынаны көрген болар едік: 20 кез кенеп = 20 кез кенеп; мұның өзі құнды да, құнның мөлшерін де көрсетпейтін маңасыздық болар еді. Ал жалпылық эквиваленттің относительді құнын көрсету үшін біз III форманы кері айналдыруға тиіспіз. Жалпылық эквивалентте барлық басқа товарларға ортақ құнның относительді формасы болмайды, ал оның құны барлық басқа товар тұлғаларының сансыз көп тізбегінен относительді түрде көрінеді. Сонымен, құнның жайылыңқы относительді формасы, яки II форма, эквивалент-товар құнының ерекше относительді формасы болып табылады.

3) Құнның жалпылық формасынан ақшалай формасына өту

Жалпылық эквиваленттік форма жалпы құн формасы болып табылады. Демек, мұның өзі кез келген товарда болады. Екінші жағынан, белгілібір товар жалпылық эквиваленттік формада (III формада) болады, бірақ барлық басқа товарлар оны эквивалент ретінде өз арасынан бөліп шығарған кезде ғана, тек сол себептен ғана осы формада болады. Тек сол кезден бастап, осылай бөлініп шығу бір ерекше товар түрінің түпкілікті үлесі болған кезде — тек сол кезден бастап товар дүниесі құнының бірыңғай относительді формасы объективті түрде берік және жалпы қоғамдық маңыз алады.

Эквиваленттік формасы заттық формасына қоғамдық түрде қабысып келетін ерекше товар түрі ақша товарға айналады, яки ақша ретінде қызмет етеді. Товар дүниесінде жалпыға бірдей эквивалент ролін атқару оның ерекше қоғамдық қызметі болады, демек, оның қоғамдық монополиясы болады. Товарлар арасында, II формада кенептің ерекше эквиваленті болып қызмет еткен, III формада барлығы да өзінің относительді құнын кенеп арқылы көрсеткен товарлар арасында мұндай артықша орынды тарих жүзінде белгілі товар, атап

ақылғөйлктің белгілі топтар арасында «ғылым» деген атаққа бөленуіне кедергі болып жүрген жоқ. Бірде-бір мектеп «ғылым» деген сөзді прудондық мектептей дәріптеген емес, өйткені

«Ой ақауы кез болса,
Оны сөзбен бүркейді»³².

айтқанда алтын алды. Сондықтан III формада кенеп товардың орнына алтын товарды қоямыз. Сонда мынадай болады:

D. АҚШАЛАҒИ ФОРМА

20 кез кенеп	=	} 2 унция алтын
1 шекпен	=	
10 қадақ шай	=	
40 қадақ кофе	=	
1 квартал бидай	=	
1/2 тонна темір	=	
A товардың x	=	

I формадан II формаға және II формадан III формаға ауысуда елеулі өзгерістер болады. Қайта IV форманың III формадан өзгешелігі тек мынада: енді кенептің орнына алтын жалпыға бірдей эквивалент болады. IV формада алтын, III формадағы кенеп сияқты, жалпыға бірдей эквиваленттің ролін атқарады. Прогресс мынада ғана: тікелей жалпылама айырбасталу формасы, яки жалпылық эквиваленттік форма, енді қоғамдық дағдыға байланысты алтын товардың ерекше заттық формасымен түпкілікті қабысып кетті.

Алтынның басқа товарларға ақша ретінде қарама-қарсы тұратын себебі тек мынадан: алтын бұрын да оларға товар ретінде қарама-қарсы тұрған болатын. Барлық басқа товарлар сияқты, алтын эквивалент ретінде де — айырбастың жеке актілерінде жеке эквивалент ретінде және басқа эквивалент товарлармен қатар ерекше эквивалент ретінде — қызмет етті. Бірте-бірте алтын белгілібір кең көлемде жалпыға бірдей эквивалент болып қызмет істейтін болды. Товар дүниесінің құн көрінісіндегі осы орынды өзіне монополиялап алысымен-ақ, алтын ақша товар болып алды, сөйтіп осы кезден бастап қана, алтын енді осындай ақша товар болысымен-ақ, IV форма III формадан өзгеше бола бастайды, басқа сөзбен айтқанда — құнның жалпылық формасы ақшалай формаға айналады.

Товар, мәселен, кенеп, құнның енді ақша товар ретінде қызмет етуші товардағы, мәселен, алтындағы жәй относительді көрінісі баға формасы болып табылады. Демек, кенептің «баға формасы» мынадай болады:

$$20 \text{ кез кенеп} = 2 \text{ унция алтын,}$$

яки, егер 2 фунт ст. екі унция алтынның монеталық аты болса,

$$20 \text{ кез кенеп} = 2 \text{ фунт стерлинг.}$$

Ақшалай форманы түсінудің қиыншылығы жалпы эквиваленттік форманы, демек, құн атаулының жалпылық форма-

сын, III форманы, түсінудің қиыншылығымен тынады. III форма кейін қарай салыстыру, II формамен, жайылыңқы құн формасымен салыстыру арқылы шешіледі, ал бұл соңғы форманы құрастырушы I форма болып табылады: 20 кез келген = I шекпен, яки A товардың $x = B$ товардың y . Сондықтан жәй товар формасы ақшалай форманың ұрығы болып табылады.

4. ТОВАР ФЕТИШИЗМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСЫРЫН СЫРЫ

Сырттан қарағанда товар өте қарапайым және үйреншікті зат сияқты көрінеді. Ал оны талдай келгенде мынаны көреміз: товар — таңғажайып құбылысы, метафизикалық астары және теологиялық айла-шарғысы көп нәрсе. Тұтыну құны ретінде товардың өзінде ешқандай жұмбақ сыр жоқ, оны біз өзінің қасиеттерімен адам қажетін қанағаттандыруы жағынан алып қарасақ та, оның бұл қасиеттерге адам еңбегінің өнімі ретінде ие болуы жағынан алып қарасақ та, осылай болып шығады. Адам өз әрекетімен табиғат заттарының формаларын өзіне белгілі найдалы бағытта өзгертетіні өзінен өзі түсінікті. Ағаштың формалары, мәселен, одан стол жасаған кезде өзгереді. Бірақ, солай бола тұрса да, стол ағаш күйінде — дағдылы, сезім арқылы білінетін зат болып қала береді. Бірақ ол товар болысымен-ақ дереу сезімнен тыс сезілетін затқа айналады. Ол ендігі жерде өзінің барлық төрт аяғымен ғана тұрмайды, сонымен қатар барлық басқа товарлар алдында басымен де тұрады, сондықтан оның бұл ағаш басы таңғажайып сезімдер туғызады, егер стол тіпті өзінен өзі секектеп билеп кететін болса да, мұндай күшті әсер ете қоймас еді²⁵⁾.

Сонымен, товардың мистикалық сипатын оның тұтыну құны туғызбайды. Сол сияқты ол құн анықтамаларының мазмұнынан да тумайды. Өйткені, біріншіден, пайдалы еңбектің, яки өндіргіш әрекеттің жеке түрлері қаншама әртүрлі болғанымен, физиологиялық жағынан алып қарағанда бұлар — адам организмінің қызметі болып табылады, сондықтан әрбір мұндай қызмет, оның мазмұны мен формасы қандай болса да, шынында адам миының, жүйкелерінің, бұлшық еттерінің, сезім мүшелерінің, т. т. жұмсалуды болып табылады. Екіншіден, құн мөлшерін анықтаудың негізінде жатқан нәрсе, атап айтқанда: күш жұмсаудың ұзақтығы, яки еңбек саны, еңбек сапасынан анықтан-анық, тікелей өзгеше болады. Барлық қоғамда тіршілік заттарын өндіруге жұмсалатын жұмыс уақыты даму-

²⁵⁾ Ескерте кетейік, Қытай мен столдар нақ бүкіл өзге дүние толық тыныштықта сияқты көрінген кезде — *pour encourager les autres* [басқалардың көңілін көтеру үшін] — билей бастаған көрінеді²⁶⁾.

дың түрлі сатыларында әрқелкі дәрежеде болғанмен де адамдарды ынталандыруға тиіс болды²⁶⁾. Ақырында, адамдар қалайда бір-бірі үшін істейтіндіктен, сондықтан олардың еңбегі қоғамдық форма алады.

Сонымен, еңбек өнімі товар формасын алысымен-ақ мұның жұмбақ сипаты қайдан пайда болады? Анығында, осы форманың өзінен. Адам еңбегінің әралуан түрлерінің теңдігі еңбек өнімдерінің бірдей құндық предметтілігінің заттық формасын туғызады; адам жұмыс күшінің жұмсалудың оның ұзақтығымен өлшеу еңбек өнімдерінің құн мөлшерінің формасына айналады; ақырында, өндірушілер арасындағы қатынастар, яғни олардың еңбегіне қоғамдық анықтамалар беретін қатынастар, еңбек өнімдерінің қоғамдық қатынасының формасына айналады.

Демек, товар формасының жасырын сыры тек мынада: мұның өзі адамдарға өз еңбегінің қоғамдық сипатын сол еңбек өнімдерінің заттық сипаты ретінде, осы заттардың оларға жаратылыстан тән болған қоғамдық қасиеттері ретінде көрсететін айна болып табылады; сондықтан өндірушілердің жиынтық еңбек жөніндегі қоғамдық қатынасы да оларға өздерінен тыс заттардың қоғамдық қатынасы сияқты болып көрінеді. Осы *quid pro qui* [бірінің орнына бірі пайда болу] нәтижесінде еңбек өнімдері товар болады, сезімнен тыс сезілетін заттар, яки қоғамдық заттар болады. Мәселен, көру жүйкесі заттың жарық беретін әсерін сол көру жүйкесінің субъективтік шіміркенуі деп қабылдамайды, қайта көзден тыс тұрған заттың объективтік формасы деп қабылдайды. Бірақ жанар сезімінде жарықты шынында да бір зат, сыртқы нәрсе, екінші затқа, көзге түсіреді. Бұл — физикалық заттар арасындағы физикалық қатынастар. Алайда товар формасының және бұл форма көрінетін еңбек өнімдерінің құн қатынасының заттардың физикалық жаратылысымен және заттардың осыған байланысты туатын қатынастарымен ешқандай байланысы жоқ. Бұл — адамдардың өздерінің тек белгілі қоғамдық қатынасы ғана, мұның өзі олардың көз алдында заттар арасындағы таңғажайып қатынас формасына айналады. Бұған теңеу табу үшін бізге діни әлемнің бұлдыр тұманына барып кіруге тура келер еді. Бұл жерде адам миының жемісі өз өмірі бар, адамдармен және бір-бірімен белгілі қатынастарда болатын дербес жәндік болып көрінеді. Дәл осы сияқты нәрсе товар дүниесінде адам

²⁶⁾ 2-ші басылуына өскерту. Ертедегі германдардың бір морген жерінің мөлшері бір күннің еңбегімен өлшенген; осыдан моргеннің аттары келіп шыққан: Tagwerk (немесе Tagwanne) (jurnalic немесе jurnalic, terra jurnalic, jornallic немесе diurnalic), Mannwerk, Mannskraft, Mannsmand, Mannshauet, т. т. Қараңыз: *Georg Ludwig von Meider*. «Einleitung zur Geschichte der Mark-, Hof-, u. s. w. Verfassung», München, 1854, S. 129 sq

қолымен жасалған өнімдер жөнінде де болып жатады. Мен мұны фетишизм деп атаймын, мұның өзі товар ретінде өндірілетін еңбек өнімдеріне тән, демек, фетишизм товар өндірісінен айырғысыз нәрсе.

Товар дүниесінің бұл фетиштік сипаты, жоғарыдағы анализдің көрсеткеніндей-ақ, товар өндіруші еңбектің ерекше қоғамдық сипатынан туады.

Тұтыну заттарының тегінде товар болатын себебі тек мынадан: олар — бір-біріне тәуелсіз жеке жұмыстардың өнімдері. Бұл жеке жұмыстардың қосындысы қоғамның жиынтық еңбегі болып табылады. Өндірушілер өзара өз еңбегінің өнімдерін айырбастау арқылы ғана қоғамдық байланыс жасайды, сондықтан олардың жеке жұмыстарының ерекше қоғамдық сипаты да тек осы айырбастың шеңберінде ғана көрінеді. Басқа сөзбен айтқанда, әрбір жеке жұмыстар іс жүзінде жиынтық қоғамдық еңбектің тармақтары ретінде жүзеге асады, — айырбас жолымен еңбек өнімдері арасында туатын қатынастар арқылы, ал соның нәтижесінде өндірушілердің өз араларында да жасалатын қатынастар арқылы жүзеге асады. Сондықтан соңғыларға, яғни өндірушілерге, өздерінің жеке жұмыстарының қоғамдық қатынастары іс жүзінде қалай болатын болса, нақ солай болып көрінеді, яғни сол адамдардың өздерінің еңбегіндегі тікелей қоғамдық қатынастар түрінде емес, қайта адамдардың заттық қатынастары, заттардың қоғамдық қатынастары сияқты болады.

Еңбек өнімдері өз айырбасының шеңберінде ғана қоғамдық жағынан бірдей құндық нәрсе екенін, еңбек өнімдерінің түрліше сезілетін тұтыну заттылығынан оқшау нәрсе екенін көрсетеді. Еңбек өнімінің пайдалы зат және құны бар зат болып осылайша бөлінуі тек айырбастың мейлінше кең жайылған кезінде ғана және пайдалы заттарды әдейі айырбас үшін өндіруге боларлық маңыз алған кезде ғана практика жүзінде іске асады, сондықтан да заттардың құндық сипаты оларды өндіретін кезде-ақ еске алынады. Осы кезден бастап өндірушілердің жеке жұмыстары шынында да екі жақты қоғамдық сипат алады. Бір жағынан, пайдалы еңбектің белгілі түрлері ретінде олар белгілі қоғамдық қажетті қанағаттандыруға тиіс, сөйтіп жиынтық еңбектің тармақтары ретіндегі, қоғамдық еңбек бөлінісінің табиғи дамыған системасының тармақтары ретіндегі өзінің міндетін ақтап шығуға тиіс. Екінші жағынан, олар өз өндірушілерінің тек әралуан қажеттерін қанағаттандырады, өйткені пайдалы жеке еңбектің әрбір ерекше түрі пайдалы жеке еңбектің басқа бір ерекше түріне айырбастала алады, демек, соңғымен бірдей болады. Еңбектің *toto coelo* [барлық жағынан да] бірінен бірі өзгеше

түрлерінің тепе-теңдігі тек мынада: олардың шын теңсіздігі мүлдем есепке алынбайды, олар адам жұмыс күшінің жұмсалуды ретінде, абстракт адам еңбегі ретінде өздеріне ортақ сипатқа телінеді. Бірақ жеке өндірушілердің миы олардың жеке жұмыстарының осы екіжақты қоғамдық сипатын күнделікті өмірде, өнімдерді айырбастауда кездесетін формаларда көрсетеді: олай болса, олардың жеке жұмыстарының қоғамдық пайдалы сипатын ол еңбек өнімі пайдалы болғанда өндірушінің өзі үшін емес, басқа адамдар үшін пайдалы болуға тиіс дейтін формада көрсетеді; еңбектің әртекті түрлері тепе-теңдігінің қоғамдық сипатын ол материалдық жағынан әртүрлі заттар, еңбек өнімдері, құн болып табылады деген формада көрсетеді.

Демек, адамдардың өз еңбегінің өнімдерін құн ретінде салыстыратын себебі — бұл заттар олар үшін тек біртекті адам еңбегінің заттық қауызы болып табылатындықтан емес. Керісінше. Өздерінің әртүрлі өнімдерін айырбастарда бірін біріне құн ретінде теңеу арқылы адамдар өз еңбегінің әралуан түрлерін адам еңбегі ретінде бір-біріне теңейді. Олар мұны түсінбесе де, осылай істейді ²⁷⁾. Сонымен, құнның маңдайында оның не екені жазылмаған. Ол ол ма: құн еңбектің әрбір өнімін қоғамдық иероглифке айналдырады. Кейін адамдар бұл иероглифтің сырын ашуға, өз басының қоғамдық өнімінің жасырын сырын білуге тырысады, өйткені тұтыну заттарын құн ретінде анықтау адамдардың, мәселен, тілден ешбір кем соқпайтын маңызы бар қоғамдық өнімі болып табылады. Еңбек өнімдері құн болғандықтан, олар өздерін өндіруге жұмсалған адам еңбегінің заттық көрінісі ғана деген кейінгі ғылыми жаңалық адамзат дамуының тарихына тұтас бір заман болып кіреді, бірақ мұның өзі еңбектің қоғамдық сипатының заттық көрінісінің сырын ашпайды. Біріне бірі тәуелсіз жеке жұмыстардың ерекше қоғамдық сипаты олардың жалпы адам еңбегі ретіндегі тепе-теңдігінде және ол еңбек өнімдері құн сипатының формасын алады деген пікір өндірістің осы ерекше формасы үшін ғана, товар өндірісі үшін ғана дұрыс болады. Алайда, товар өндірісінің қатынастарымен шырмалған адамдар үшін бұл өндірістің осы ерекше өзгешеліктері — жоғарыда көрсетілген жаңалықтан бұрын да, кейін де — жалпыға бірдей маңызы бар нәрсе сияқты болып көрінеді, ауаның қасиеттері — оның физикалық тұлғалық формасы — ғылымның

²⁷⁾ 2-ші басылуына ескерту. Сондықтан Галиани: құн дегеніміз екі адам арасындағы қатынас — «La Ricchezza è una ragione tra due persone», — дегенде ол бұған: заттық қауызға бүркенген қатынас деп қосып айтқаны жөн болар еді (Galiani. «Della Moneta», 221-бет, Кустоди баспасының III томы: «Scrittori Classici Italiani di Economia Politica». Parte Moderna. Milano, 1803).

ауаны өзінің негізгі элементтеріне бөлгеніне қарамастан, өмір сүре беретіні сияқты көрінеді.

Өнімдерін айырбастаушы адамдар үшін іс жүзінде ең алдымен: өз өнімдері үшін басқаның қанша өнімдерін алуға болады, яғни өнімдерді өзара қандай пропорция бойынша айырбастауға болады? — деген мәселе қажет. Бұл пропорциялар бірсыпыра тұрақтанып, сол себепті дағдыға айналған кезде, бұлардың өзі еңбек өнімдерінің табиғи жаратылысына сәйкес болып отыратын сияқты көрінеді. Мәселен, бір тонна темір мен екі унция алтын құнының тепе-теңдігі бейне бір қадақ алтын мен бір қадақ темірдің салмағының бірдей болатыны сияқты көрінеді, бұл заттардың физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгешелігі ескерілмейді. Шындығында еңбек өнімдерінің құн сипаты тек оларды белгілі мөлшерлі құн ретінде көрсету арқылы ғана ашылады. Құн мөлшері өз өнімдерін айырбастаушы адамдардың тілегіне, болжауына және ісіне қарамастан үздіксіз өзгеріп жатады. Бұлардың көз алдында өздерінің қоғамдық қозғалысы заттар қозғалысының формасына айналады, адамдар мұны бақылап отырудың орнына өздері осының бақылауында болып шығады. Біріне бірі мүлде тәуелсіз түрде жасалатын, бірақ табиғи түрде өсіп шыққан қоғамдық еңбек бөлінісінің тарауы ретінде өзара барлық жағынан бірдей байланысты жеке жұмыстар өзінің қоғамдық пропорциялық өлшеміне үнемі келтіріліп отырады деген ғылыми ұғым тәжірибенің өзінен өсіп шығуы үшін толық дамыған товар өндірісі қажет. Мұндай ғылыми ұғым пайда болу үшін толық дамыған товар өндірісінің қажет болатын себебі — өнім өндіру үшін керекті қоғамдық қажетті жұмыс уақыты өз жолын жеке жұмыстар өнімдерінің кездейсоқ және үнемі ауытқып отыратын айырбас қатынастары арқылы, адам басына үй құлап жатқандай байқалатын тарту заңы тәрізді, тәртіптеуші табиғи заң ретінде күшпен ғана ашады²⁸⁾. Сондықтан құн мөлшерін жұмыс уақытымен белгілеу относительді товар құндарының көзге көрінетін қозғалысының тасасында бүркеніп жатқан жасырын сыр болып табылады. Бұл жасырын сырды ашу еңбек өнімдерінің құн мөлшері тіпті кездейсоқ белгіленеді деген алдамшы сезімді жояды, бірақ мұның өзі құн мөлшерін анықтаудың заттық формасын есте жоя алмайды.

Адам өмірінің формаларына ой жүгірту, демек, бұл форма-

²⁸⁾ «Дүркін-дүркін болып тұратын революциялар арқылы ғана өзіне жол салатын заң туралы не айтуға болады? Табиғи заң дегеніміз міне осы, бұл заң мұнда әрекет етушілердің санасыз қимылына негізделген» (Фридрих Энгельс. «Саяси экономия сынының нұсқалары» Арнольд Руге мен Карл Маркс шығарып тұрған «Deutsch-Französische Jahrbücher» деген журналда. Париж, 1844 [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 1-том, 561-бет])

ларға ғылыми анализ беру ісі жалпы алғанда бұлардың шын дамуына қарама-қарсы жолға түседі. Мұның өзі *post festum* [соңынан] басталады, яғни даму процесінің даяр нәтижелеріне сүйенеді. Еңбек өнімдеріне товар таңбасын салатын және сондықтан товар айналысының алғышарты болып табылатын формалар кәзірдің өзінде-ақ қоғамдық өмірдің берік табиғи формалары болып үлгіріп келеді, адамдар бұл формалардың тарихи сипатын емес,— бұл формалар, керісінше, кәзірдің өзінде-ақ олар үшін даусыз сипат алған,— тек олардың мазмұнын түсініп алуға алғашқы әрекет жасап үлгіргенше осылай болып отыр. Сонымен, тек товар бағаларының анализі ғана құн мөлшерін белгілеуге себепкер болды, тек товарлардың жалпы ақшалай көрінісі ғана олардың құн сипатын көрсетуге мүмкіндік берді. Бірақ товар дүниесінің нақ осы жетілген формасының өзі — оның ақшалай формасы — жеке жұмыстардың қоғамдық сипатын, демек, жеке қызметкерлердің қоғамдық қатынастарын да затпен бүркейді де, бұл қатынастарды түгелдей таза күйінде ашып көрсетуге мүмкіндік бермейді. Шекпен, етік және т. т. кенепке абстракт адам еңбегінің жалпылық тұлғасы деп қарайды десем, бұл сөйлемнің ерсілігі көзге бірден түседі. Бірақ шекпенді, етікті және т. с. заттарды өндірушілер бұл товарларды жалпылық эквивалент ретіндегі кенеппен немесе алтынмен және күміспен — бұл істің мәнін өзгертпейді — салыстырғанда, олардың жеке жұмыстарының жиынтық қоғамдық еңбекке қатынасы бұларға дәл осы ерсі формада көрінеді.

Буржуазиялық экономияның категорияларын жасайтын нақ осы тәрізді формалар. Бұлар — осы тарихи қалыптасқан қоғамдық өндіріс әдісінің — товар өндірісінің — өндірістік қатынастары үшін қоғамдық маңызы бар, демек, объективтік ой формалары. Сондықтан товар дүниесінің бүкіл мистицизмі, товар өндірісінің үстемдігі тұсында еңбек өнімдерін тұманмен бүркейтін кереметтер мен елестердің бәрі — осылардың бәрі біз өндірістің басқа формаларына өтсек-ақ дереу жойылады.

Саяси экономия робинзондықты ²⁹⁾ тәуір көретіндіктен, біз де, ең алдымен, Робинзонды өз аралында деп білейік. Оның үйренген әдеті қаншама шағын болғанмен, ол қалайда әртүрлі қажетті қанағаттандыруға тиіс, сондықтан әртекті пайдалы

²⁹⁾ 2-ші басылуына ескерту. Тіпті Рикардоның да өз Робинзоны бар, мұнсыз оның күні жоқ. «Жабайы балықшы мен аңшыны, нағыз товар иелері ретінде, балығы мен құсын осы айырбас құндарындағы затқа айналған жұмыс уақытына пропорциялы түрде айырбастауға ол дереу зорлайды. Бұл ретте ол анахронизмге салынып отыр: жабайы аңшы мен жабайы балықшы өз еңбегінің құралдарын бағалау үшін 1817 жылы Лондон биржасында пайдаланылған есеп кестесін қолданады. «Оуэн мырзаның параллелограмдары», сіра, қоғамның буржуазиялық формасынан басқа ол білетін бірден-бір формасы көрінеді» (*Карл Маркс*. «Саяси экономия сынна». Берлин. 1859, 38, 39-беттер [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 46—47-беттер]).

жұмыстар істеуге тиіс: құрал істеуі, мебель жасауы, ламаны үйретуі, балық аулауы, аң аулауы керек, т. т. Дұға оқу және басқалар жөнінде айтып жатудың қажеті жоқ, өйткені біздің Робинзон одан жан азығын табады және бұл тәрізді қызметке тынығу деп қарайды. Оның өндірістік қызметтерінің әртүрлі болуына қарамастан, олардың бәрі тек бір Робинзонның қызметінің әртүрлі формалары ғана екенін, демек, адам еңбегінің тек әралуан түрлері ғана екенін ол жақсы біледі. Қажет болуына қарай ол өзінің жұмыс уақытын түрлі қызметтерге дәлдеп бөлуге тиіс. Белгілібір қызметтің оның жалпы іс-әрекетінен қандай орын алатыны бұл пайдалы істі орындап шығу үшін оған қандай қиыншылықтарды жеңіп шығуға тура келетіндігіне байланысты. Тәжірибе оны осыған үйретеді, сондықтан корабль апаты кезінде сағатты, гроссбукхты, сия мен қаламды сақтап қалған біздің Робинзон, нағыз ағылшынша, дереу өз жұмысының есебін жүргізе бастайды. Оның хаттау тізіміне өз қолындағы тұтыну заттары, оларды жасау үшін қажетті әртүрлі жұмыстар жазылады, ақырында, онда осы әртүрлі өнімдерді өндіру үшін оған қажетті орташа жұмыс уақыты көрсетілген. Робинзон мен оның өзіндік байлығы болып табылатын заттар арасындағы барлық қатынастардың оңайлығы мен айқындығы сонша, бұларды тіпті Макс Вирт мырза да ақылын онша қинамай-ақ түсінер еді. Алайда бұлардың өзінде елеулі құн анықтамаларының бәрі бар.

Бірақ Робинзонның жарқын аралын қоя тұрып, қара түнек еуропалық орта ғасырға оралайық. Біздің тәуелсіз адамымыздың орнына бұл арада біз кілең тәуелді адамдарды — крепостнойлар мен феодалдарды, вассалдар мен сюзерендерді, бұқаралар мен нойтарды кездестіреміз. Адам тәуелділігі бұл арада материалдық өндірістің қоғамдық қатынастарын да, осыған негізделген тіршілік салаларын да сипаттайды. Бірақ адам тәуелділігінің қатынастары бұл қоғамның негізі болғандықтан да еңбек пен өнімдер өздерінің шынайы болмысынан өзгеше сиқырлы форма ала алмайды. Олар қоғамдық өмірдің үздіксіз қозғалысына заттық қызмет пен заттық міндет ретінде кіреді. Товар өндірісін негіз етіп құрылған қоғамдағы сияқты еңбектің жалпылама сипаты емес, еңбектің заттық формасы, оның өзгешелігі бұл жерде еңбектің тікелей қоғамдық формасы болып табылады. Баршиналық еңбек те, товар өндіруші еңбек сияқты, уақытпен өлшенеді, бірақ әрбір крепостной өз қожасының қызметі үшін өз басының жұмыс күшінің белгілі мөлшерін беретінін жақсы біледі. Оның попқа төлейтін десятинасы оның поптан алатын батасынан гөрі анағұрлым айқын нәрсе. Сонымен, ортағасырлық адамдардың бір-бірі жөнінде жамылатын жамылғышы қалай бағаланса

да, адамдардың еңбектегі қоғамдық қатынастары бұл арада қалайда олардың дәл өз басының қатынастары ретінде көрінеді де, заттардың, еңбек өнімдерінің қоғамдық қатынастары түрінде көрінбейді.

Жалпы, яғни тікелей қоғамдастырылған еңбекті зерттеу үшін бізге барлық мәдениетті халықтардың тарихы табалдырығында өзіміз кездестіретін кәдімгі жабайы формаға оралып жатудың қажеті жоқ³⁰⁾. Шаруа семьясының деревнялық патриархтық өндірісі бізге анағұрлым жақынырақ мысал береді, бұл семья өз тұтынуы үшін астық өндіреді, мал бағады, жіп иіреді, кенеп тоқиды, киім заттарын, т. т. жасайды. Бұл әртүрлі заттар бұл семья үшін оның семьялық еңбегінің әртүрлі өнімі болып табылады, бірақ олар бір-бірі үшін товар болып табылмайды. Бұл өнімдерді өндіруші әртүрлі жұмыстар: егістік жерді өңдеу, малды күту, жіп иіру, тоқу, тігу, т. т. өзінің заттық формасы жағынан алғанда қоғамдық қызмет болып табылады, өйткені бұлар семьяның қызметтері, товар өндірісіндегі сияқты, бұл семьяда өзіне тән, табиғи түрде өсіп шыққан еңбек бөлінісі бар. Жынысы мен жасының өзгешеліктері, сонымен қатар жыл маусымдарының өзгеруіне байланысты еңбектің табиғи жағдайларының өзгеруі семья мүшелерінің арасында еңбек бөлуді және әрбір жеке мүшенің жұмыс уақытын тәртіптейді. Бірақ уақытпен өлшенетін дара жұмыс күштерінің жұмсалуды әуелден-ақ жұмыстың өзіне қоғамдық сипат береді, өйткені дара жұмыс күштері салған жерден бұл арада семьяның жиынтық жұмыс күшінің мүшелері ретінде ғана көрінеді.

Ақырында, тағы бір мысал ретінде, ортақ өндіріс құрал-жабдықтарымен жұмыс істейтін және өздерінің дара жұмыс күштерін бірыңғай қоғамдық жұмыс күші ретінде жоспарлы түрде [selbstbewußt] жұмсайтын ерікті адамдардың одағын алып көрейік. Робинзондық еңбектің барлық анықтамасы бұл арада түгел қайталанар, бірақ даралық түрде емес, қоғамдық көлемде қайталанар. Робинзон еңбегінің барлық өнімдері түгелдей оның өз басының өнімдері, демек, оның өзі үшін тікелей тұтыну заттары болған еді. Ерікті адамдар одағы еңбегінің барлық өнімі қоғамдық өнім болып табылады. Бұл өнім-

³⁰⁾ 2-ші басылуына ескерту. «Соңғы кезде алғашқы жабайы қауымдық меншіктің формасы ерекше славяндық немесе тіпті түгелдей орыс формасы болып табылады деген күлкілі соқыр сенім тарап кетті. Бұл — алғашқы жабайы форма, мұны біз римдіктерден, германдардан, кельттерден кездестіреміз; бұл тәрізді формалардың толып жатқан үлгілерін, бір жағынан қазірдің өзінде-ақ тозған түрлерін, біз күні бүгінге дейін үнділерден кездестіреміз. Қауымдық меншіктің азиялық, әсіресе үнділік формаларын мейлінше байыптап зерттейтін болсақ, алғашқы жабайы қауымдық меншіктің түрлі формаларынан оның ыдырауының да түрлі формаларының пайда болатыны көрінген болар еді. Мәселен, римдік және германдық жеке меншіктің әртүрлі ерекше формаларын үнділердің қауымдық меншігінің әртүрлі формаларынан шығаруға болады (*Карл Маркс. «Саяси экономия сынына»*, Берлин, 1859, 10-бет [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар*, 2-ші басылуы, 13-том, 20-бет]).

нің бір бөлегі қайтадан өндіріс құрал-жабдығы ретінде пайдаланылады. Мұның өзі қоғамдық болып қалып отырады. Ал өнімнің екінші бір бөлегі одақ мүшелерінің күн көріс қажетіне ұсталады. Сондықтан өнімнің бұл бөлегі солардың арасында бөлінуге тиіс. Бұл бөліністің әдісі қоғамдық-өндірістік организмнің өз сипатына және өндірушілердің тарихи дамуының дәрежесіне сәйкес өзгеріп отыратын болады. Тек товар өндірісімен салыстыру үшін ғана біз әрбір өндірушінің тіршілік заттарынан алатын үлесі оның жұмыс уақытымен белгіленеді деп ұйғарамыз. Бұл жағдайда жұмыс уақыты екі жақты роль атқарған болар еді. Оның қоғамдық-жоспарлы бөлінісі әртүрлі еңбек қызметтері мен әртүрлі қажеттер арасында тиісті қатынас орнатады. Екінші жағынан, жұмыс уақыты сонымен қатар өндірушілердің жиынтық еңбекке дара түрде қатынасуының өлшемі, демек, бүкіл өнімнің дара түрде тұтынылатын бөлегінің де өлшемі болады. Өз жұмыстарына және өз еңбектерінің өнімдеріне адамдардың қоғамдық қатынастары бұл арада өндірісте де, бөліністе де өте айқын болып қалады.

Товар өндірушілер қоғамына тән жалпылық қоғамдық-өндірістік қатынас мынада: өндірушілер бұл жерде өздерінің еңбек өнімдеріне товар деп қарайды, демек бұларды күн деп біледі, сондықтан олардың жеке жұмыстары бір-біріне осындай заттық формада біркелкі адам еңбегі ретінде айырбасталады,— мұндай қоғам үшін нағыз қолайлы дін формасы христиандық, оның абстракт адамға табынуы, оның әсіресе буржуазиялық түрлері, мәселен, протестантизм, деизм, т. т. Ертедегі азиялық, көне заманғы, т. с. өндіріс әдістері тұсында өнімнің товарға айналуы, демек, адамдардың товар өндірушілер ретіндегі болмысы бағынышты роль атқарады, мұның өзі, алайда, өмірдің қоғамдық уклады неғұрлым құлдыраған сайын, соғұрлым көбірек көріне бастайды. Қәдімгі сауда жасайтын халықтар, Эпикурдың құдайлары сияқты, тек ертедегі дүниенің аралық әлемінде³⁵ ғана немесе — поляктар қоғамының қуысындағы еврейлер сияқты өмір сүреді. Бұл ертедегі қоғамдық-өндірістік организмдер буржуазиялық организмге қарағанда, неғұрлым жадағай да айқын, бірақ олар не басқа адамдармен табиғи-туысқандық байланыстарының кіндігін әлі де үзіп кете алмаған дара адамның жетіспеген дәрежесіне негізделеді, не тікелей үстемдік пен бағыныштылық қатынастарына негізделеді. Олардың өмір сүру жағдайы — еңбектің өндіргіш күштерінің даму дәрежесі төмен, осыған сәйкес адамдардың қатынастары өмірдің өндірістегі материалдық процесінің шеңберімен шектелген, демек, олардың бір-бірі жөніндегі және табиғат жөніндегі барлық қатынастарының да өрісі тар. Бұл нағыз тар шеңбер табиғатты құдайға айналды-

ратын ескі діннен және халық арасына тараған соқыр сенімнен айқын көрінеді. Адамдардың күнделікті практикалық өмірінің қатынастары олардың өз арасындағы және табиғатпен арадағы айқын да ақылға сиымды байланыстарынан көрінетін болғанда ғана шын өмірдің діни көрінісі жалпы жойылуы мүмкін. Қоғамдық өмір процесінің, яғни материалдық өндіріс процесінің құрылысы мистикалық бұлдыр пердені осы құрылыс адамдардың ерікті қоғамдық одағының жемісіне айналған кезде және олардың саналы жоспарлы бақылауында болатын кезде ғана сыпырып тастайды. Бірақ бұл үшін қоғамның белгілі материалдық негізі қажет болады немесе өмір сүрудің бірсыпыра белгілі материалдық шарттары қажет болады, бұлардың өзі дамудың ұзақ және азапты процесінің табиғи түрде өсіп жетілген жемісі болады.

Рас, саяси экономия — жеткіліксіз түрде болса да ³¹⁾— құн мен құн мөлшеріне анализ жасап, бұл формаларда жасырынулы жатқан мазмұнды ашты. Бірақ ол тіпті бір де бір рет: бұл мазмұнның мұндай форма алатын себебі не, басқа сөзбен айтқанда — еңбектің құн арқылы көрінетін себебі, ал еңбек өлшемі ретіндегі еңбек мерзімінің — еңбек өнімінің құн мөлшері арқылы көрінетін себебі не ³²⁾? деген мәселе қойған

³¹⁾ Рикардоның құн мөлшеріне жасаған анализінің жеткіліксіздігі — ал мұның өзі оның тәуір анализі болып табылады — осы еңбектің үшінші және төртінші кітабында көрсетіледі. Ал жалпы құнның өзіне келетін болсақ, классикалық саяси экономия құннан көрінетін еңбек пен өнімнің тұтыну құнына сіңетін нақ сол еңбектің арасындағы айырманы ешбір жерде әбден айқын да ұғымды түрде ашық көрсетпейді. Іс жүзінде ол, әрине, бұл айырманы келтіреді, өйткені бірінші ретте еңбекті сан жағынан, екінші ретте оны сапа жағынан қарастырады. Бірақ еңбек түрлерінің таза сандық айырмашылығы олардың сапа бірлігін немесе тепе-теңдігін көрсететіндігі, демек, олардың абстракт адам еңбегіне телінетіндігі классикалық саяси экономияның ойына да кіріп шыққан жоқ. Рикардо, мәселен, Дестют де Трасидің мына төмендегі сөздеріне қосылатындығын айтады: «Біздің күш-қайрат және рухани қабілеттеріміз бастапқы бірден бір байлық екендігі айдан анық, сондықтан бұл қабілеттерді пайдалану, яғни еңбек ету, біздің бірден-бір қазынамыз болып табылады. Тек осыларды пайдаланған күнде ғана өзіміз байлық деп атайтын барлық заттар жасалады... Сонымен қатар бұл заттардың бәрі оларды жасаған еңбектің нәтижесі екендігі де анық, ал егер олардың құны болатын болса немесе тіпті әртүрлі екі құны болатын болса, онда мұның өзі тек еңбек құнынан болады, сол еңбектен туады» (*Ricardo*. «The Principles of Political Economy», 3 ed London, 1821, p. 334). Біз тек Рикардоның мәселені өз басының анағұрлым терең түсінетіндігін Дестютке таңып отырғандығын ғана атап өткіміз келеді. Рас, Дестют, бір жағынан, былай дейді: біздің байлығымыз болатын заттардың бәрі «соларды жасаған еңбек» дейді, бірақ, екінші жағынан, ол: олардың «әртүрлі екі құны» (тұтыну құны мен айырбас құны) «еңбек құнынан» алынады, деп соғады. Сөйтіп ол тұрпайы саяси экономияның қисынсыз пікірлерін қайталайды, ал тұрпайы саяси экономия бір товардың (бұл ретте еңбектің) құны бар деп ұйғарады да, соның жәрдемімен басқа товарлардың құнын анықтамақ болады. Ал Рикардо оны былайша оқиды: тұтыну құнында да, айырбас құнында да еңбек (еңбек құны емес) бар дейді. Бірақ оның өзі шынында да екі жақты көрсетілген еңбектің екі жақты сипатын нашар білетіндігі сондай. «Құн мен байлық, олардың ерекше өзгешеліктері» деген ұзақ тараудың өн бойында лажсыздан Ж. Б. Сэй сияқты мырзаның бұлықтарымен ауре болады. Ақырында келіп ол таңданған түрмен былай дейді: Дестют менімен бірге еңбекті құн негізі деп білсе де, құн ұғымына берген анықтамасында сонымен қатар Сэйге қосылып кетеді дейді.

³²⁾ Классикалық саяси экономияның негізгі кемшіліктерінің бірі мынада: товар анализінен, әсіресе, товар құнының анализінен құн формасын, оның дәл айырбас құны ететін форманы шығару ешуақытта оның қолынан келген емес. Өзінің таңдаулы өкілдері А. Смит пен Рикардо арқылы классикалық саяси экономия құн формасын товар жаратылысына мүлдем қатысы жоқ, тіпті бөгде нәрсе деп біледі. Мұның себебі — құн мөлшерінің анализі оның барлық назарын аударып кеткендіктен ғана емес. Мұның се-

емес. Өндіріс процесіне адам үстемдік етпей, қайта өндіріс процесі адамға үстемдік ететін қоғамдық формацияға тиісті формулалар бар,— бұл формулалар оның буржуазиялық санына өзінен өзі түсінікті нәрсе, өндіргіш еңбектің өзі сияқты, соншалық табиғи және қажетті нәрсе болып көрінеді. Сондықтан ол қоғамдық өндірістік организмнің буржуазиялық қоғамға дейінгі формалары даттайды, шіркеу тақсырлары христиан дініне дейінгі діндерді қалай даттайтын болса, шамада дәл солай даттайды³³⁾.

бебі бұдан терен жатыр. Еңбек өнімінің күн формасы буржуазиялық өндіріс әдісінің нағыз абстрактілі және сонымен қатар нағыз жалпы формасы болып табылады, ал бұл өндіріс әдісін нақ соның өзі қоғамдық өндірістің ерекше түрі деп сипаттайды, сонымен қатар тарихи түрде сипаттайды. Ал егер буржуазиялық өндіріс әдісін қоғамдық өндірістің мәңгілік табиғи формасы деп қарайтын болсақ, онда күн формасының ерекше өзгешеліктері, демек, товар формасының өзгешеліктері де сөзсіз ескерусіз қалады, ал келешектегі даму — ақша формалары, капитал формалары, т. т. ескерусіз қалады. Сондықтан күн мөлшерін жұмыс уақытымен өлшеуді бірауыздан қабылдайтын экономистер арасынан ақша жөнінде, яғни әбден қалыптасуы болған жалпылық эквивалент жөнінде нағыз ала-құла, қым-қиғаш түсініктерді кездестіргіміз. Әсіресе бұл жағдай, мәселен, банк ісін зерттегенде айқын көрінеді, өйткені мұнда ақша жөніндегі кәдімгі үйреншікті анықтамамен алысқа ұзай алмайсың. Бұған қарама-қарсы қайтадан жаңғыртылған меркантилизм системасы (Ганиль және басқалар) пайда болды, бұл система құнды тек қана қоғамдық форма деп біледі немесе, дұрысын айтқанда, бұл форманың ешқандай негізі жоқ сәулесі ғана деп біледі.— Күнлігері кесіп айтайың: классикалық саяси экономия деп мен У. Петтиден бергі бүкіл саяси экономияны, өндірістің буржуазиялық қатынастарының ішкі байланыстарын зерттейтін саяси экономияны атаймын. Бұған қарама-қарсы тұрпайы саяси экономия тек сыртқы бұлдыр байланыстар саласында ғана айналоқпай жүр, былайша айтқанда, экономикалық өмірдің ең тұрпайы құбылыстары жөнінде буржуазияға жағымды түсінік беру және мұны буржуазияның тұрмыс салтына бейімдеу мақсатымен ол ғылыми саяси экономия әддесінен шешкен материалды үсті-үстіне ежіктеуде. Басқа мәселелер жөнінде ол өз дүниесін дүние атаулының таңдаулысы деп білетін буржуазиялық өндіріс қайраткерлерінің тозығы жеткен, токмейлі ұғымдарын педанттықпен тәртіпке келтіріп, бұл ұғымдарды мәңгілік ақиқаттар деп жариялаумен тынады.

³³⁾ «Экономистер өздерінің ой толғауында өте бір ғажап тәсіл қолданады. Олардың ойынша тек екі түрлі мекеме — жасанды мекеме мен жаратынды мекеме болады. Феодализм мекемелері — жасанды мекемелер, буржуазия мекемелері — жаратынды мекемелер. Олар бұл мәселе жөнінде екі түрлі дін бар деп білетін теологтарға ұқсайды. Олардың өздері табынатын діннен басқа дін атаулының бәрін адам ойлап шығарған, ал олардың өз діні құдайдың құдіретімен жаралған. Сонымен, осы күнде дейін тарих болған екен, енді ол жоқ» (*Карл Маркс*. «Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап», 1847, 113-бет [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 142-бет]). Бастиа мырза шын мәнісінде күлдіргі адам, өйткені ол ертедегі гректер мен римдіктер ылғи талаумен күн көрген деп топшылайды. Егер адамдар ғасырлар бойы талаумен күн көретін болса, онда, сірә, үнемі талауға түсетін де белгілі бір нәрсе болуға тиіс қой, басқа сөзбен айтқанда — талау заттары да үздіксіз ұдайы өндірілуге тиіс болар. Сондықтан гректер мен римдіктердің де белгілі бір өндіріс процесі, белгілі бір экономикасы болған, мұның өзі олардың өмірдің материалдық базисі екен, кәзіргі дүниенің базисі буржуазиялық экономика сияқты базис болған екен деп ойлау керек. Әлде, мүмкін, Бастиа құл еңбегіне негізделген өндіріс әдісі тегінде талау системасына негізделді деп айтқысы келетін шығар? Онда ол қауіпті жолға түседі. Ал егер ақыл-ойдың Аристотель сияқты алыбы құл еңбегіне берген бағасында қателескен болса, онда Бастиа сияқты ергежейлі экономист жалдама еңбекке баға беруде дұрыс жолды қалай таппақ? — Реті келгенсі мен 1839 жылы шыққан «Саяси экономия сынына» деген еңбегім жөнінде бір неміс-американ газетінде айтылған қарсы пікірге қысқаша жауап бере кетейін. Газеттің ойынша, менің мына пікірім: белгілі бір өндіріс әдісі және оған сәйкес келетін өндірістік қатынастар, бір сөзбен айтқанда — «қоғамның экономикалық құрылымы шынайы негіз болады, осыған заң және саяси қондырма орнатылады және қоғамдық сананың белгілі формалары осыған келіп сәйкеседі», «материалдық тіршіліктің өндіріс әдісі жалпы алғанда өмірдің әлеуметтік, саяси және рухани процестеріне себеп болады» [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 6, 7-беттер] деген пікірім,— осының бәрі, газеттің ойынша, материалдық мүдделер үстемдік етіп отырған кәзіргі дүние жөнінде дұрыс болғанымен, католицизм үстемдік еткен орта ғасырлар жөнінде де, сансат үстемдік еткен ертедегі Афины немесе Рим жөнінде де қолдануға келмейді-міс. Ең алдымен бір ғажап нәрсе, орта ғасырлар мен антикалық дүние туралы осы үйреншікті өңгімелерді білмейтін біреулер бар деп ойлайтын адам табылып отыр. Қалай дегенмен де орта ғасырлар үшін католицизмнің, ал антикалық дүние үшін сая-

Товар дүниесіне тән фетишизмнің, яки еңбек жөніндегі қоғамдық анықтамалардың заттық көрінісінің кейбір экономистерді қаншалық адастырғанын айырбас құнын жасау процесінде табиғаттың қандай роль атқаратыны жайында олардың жүргізген көңілсіз де мағнасыз айтысынан-ақ айқын көруге болады. Айырбас құны дегеніміз затты өндіруге жұмсалған еңбекті көрсететін белгілі қоғамдық әдіс қана, олай болса, айырбас құнында табиғат теліген заттар, мәселен, вексель курсынағадан ешбір көп емес екені өзінен өзі түсінікті.

Товар формасы дегеніміз буржуазиялық өндірістің ең жалпылама және жетілмеген формасы, өйткені ол өте ерте пайда болады, бірақ бұрынғы замандарда, біздің тұсымыздағыдай, үстем форма, демек, ерекше форма болған емес, сондықтан оның фетиштік сипатын оп-оңай байқауға болатын сияқты көрінеді. Бірақ неғұрлым нақты формаларда тіпті бұл жорамал оңайлық та жоғалады. Монетарлық системаның алдамшы көріністері қайдан пайда болады? Ақша ретіндегі алтын мен күмісте қоғамдық өндірістік қатынастың болатынын, бірақ таңғажайып қоғамдық қасиеттері бар табиғи заттар формасында болатынын көрмегендіктен пайда болады. Ал монетарлық системаға мүлде жирене қарайтын кәзіргі замандағы саяси экономияны алыңызшы: оның фетишизмі капиталды зерттей бастағанда-ақ өте айқын сезілмей ме? Жер рентасы қоғамнан емес, жерден пайда болады дейтін физиократтардың жалған сенімінің жойылғанына көп болды ма?

Ал енді алдын орағытып кетпеу үшін біз бұл арада товар формасының өзіне қатысы бар тағы бір мысал келтірумен тынамыз. Егер товарларға тіл біткен болса, олар былай деген болар еді: біздің тұтыну құнымыз, мүмкін, адамдарға қызықты болар. Зат болғандықтан біздің онымен ісіміз жоқ. Ал біздің заттық жаратылысымызға тән нәрсе — құн. Зат-товар ретінде біздің айналысқа түсуіміз бұған жақсы дәлел. Біз айырбас құны ретінде ғана өзара қарым-қатынас жасаймыз. Енді товар жанының экономист атынан қалай сөйлейтінін тыңдайық:

«Құн» (айырбас құны) — «заттық қасиеті, байлық» (тұтыну құны) — «адамның қасиеті. Осы мағнада құн айырбасты қажет етеді, ал байлық мұны қажет етпейді»³⁴⁾. «Байлық» (тұтыну құны) — «адам белгісі, құн — товар белгісі. Адам я қоғам бай; маржан я алмас асыл зат... Маржан я алмас болғандықтан да маржанның я алмастың құны болады»³⁵⁾.

саттың азық болмағаны айқын. Қайта сол замандарда тіршілік заттарын өндіруге негіз болған әдістің өзі бірде саясаттың, екінші ретте католицизмнің басты роль атқарған себебін түсіндіреді. Оның үстіне, Рим республикасының жасырын сыры жер меншігінің тарихында екенін білу үшін онша терең білімнің, мәселен, сол Рим республикасының тарихын жетік білудің қажеті жоқ. Екінші жағынан, ел кезуші серілер қоғамның барлық экономикалық формаларымен бірдей сырас береді деп жорыған Дон-Кихот та кезінде өз қатесі үшін сазайын қатты тартқан болатын.

³⁴⁾ «Observations on certain verbal disputes in Political Economy, particularly relating to Value, and to Demand and Supply». London, 1821, p. 16.

³⁵⁾ S. Bailey: «A Critical Dissertation on the Nature etc. of Value», p. 165.

Осы уақытқа дейін бірде-бір химик маржан мен алмастан айырбас құнын тапқан емес. Алайда бұл «химиялық» заттың өнерпаз-экономистері, сын пікірінің тереңдігін көрсетуге барынша талаптанып жүргендер, заттардың тұтыну құны олардың заттық қасиеттеріне байланысты емес, ал зат ретінде оларға құн тән нәрсе деп біледі. Олардың мұндай сенімін күшейтіп отырған бір ғажап жағдай — заттардың тұтыну құны адамдарға айырбассыз жеткізіледі, яғни зат пен адам арасында тікелей қатынас болады, ал құн айырбас арқылы ғана, яғни белгілі бір қоғамдық процесс арқылы ғана жүзеге асады. Бұл арада: «көрікті пішін — замана сиы, оқу мен жазу өнері — табиғат жемісі»³⁶ деп түнгі күзетші Сикольге ақыл үйреткен қайырымды Догбериді қалайша еске түсірмессін ³⁶⁾.

³⁶⁾ «Observations»-тың авторы мен С. Бейли Рикардоны айырбас құнының относительді сипатын сезбеді және оны абсолютті нәрсеге айналдырып жіберді деп айыптайды. Шындығында керісінше: айырбас құны ретіндегі бұл заттардың, мәселен, маржан, алмастың алдамшы относительді сипатын ол осы заттардың сыртқы көрінісінің тасасында бүркеулі жатқан шын қатынас деп білді, адам епбегінің жәй көрінісі ретіндегі олардың относительдігі деп білді. Егер рикардошылдар Бейлиге дөрекі, бірақ дәлелсіз жауап берген болса, онда оның себебі тек мынау: бұлар Рикардоның өзінен құн мен құн формасының, яки айырбас құнының арасындағы ішкі байланыс жөнінде нұсқау таба алған жоқ.

ЕКІНШІ ТАРАУ

АЙЫРБАС ПРОЦЕСІ

Товарлардың өздері рынокке барып, айырбастала алмайды. Демек, біз оларды сақтаушыларға, товар иелеріне жүгіруге тиіспіз. Товар дегеніміз зат, сондықтан адам алдында ол дәрменсіз. Егер олар өздерінің ықтиярымен келмесе, адам күш жұмсайды, яғни оларды алады³⁷⁾. Бұл заттар бір-біріне товар ретінде қатысуы үшін товар иелері бір-біріне адам ретінде, бұл заттарды еркімен билейтін адам ретінде, қатысуға тиіс: сонымен, бір товар иесі тек екіншінің еркі бойынша, демек олардың әрқайсысы екеуіне ортақ ерікті акт арқылы, өз товарын басқаға бере отырып, өзге товарды өзі иемденеді. Демек, олар бірін бірі жеке меншікші деп білуге тиіс. Өзінің формасы договор болып табылатын — ол договор заң бойынша бекіген бе, жоқ па, бәрібір — бұл юридикалық қатынас экономикалық қатынасты көрсететін ерік қатынасы болып табылады. Бұл юридикалық, яки ерік, қатынасының мазмұнын экономикалық қатынастың өзі туғызады³⁸⁾. Адамдар бұл арада бір-бірі үшін тек товарлардың өкілдері, яғни товар иелері ретінде ғана өмір сүреді. Тегінде біз зерттеудің барысында адамдардың ерекше экономикалық перделері — тек экономикалық қатынастардың бейнелері ғана екенін, осындай қатынас жасау-

³⁷⁾ Өзінің инабаттылығымен соншалық даққы шыққан XII ғасырдағы товарлар арасында таңғажайып заттар да жиі кездеседі екен. Мәселен, сол кездегі бір француз ақыны Ланди жәрмеңкесінде³⁷⁾ болған товарлар арасында мата, етік, былғары, ауылшаруашылық құралдары, тері сияқты заттармен қатар «femmes folles de leur corps» [жезөкше әйелдер де] болды деп атап көрсетеді.

³⁸⁾ Прудон алдымен мәңгі әділеттілік, justice éternelle, жөніндегі өзінің идеялын товар өндірісіне тән юридикалық қатынастардан алады, сөйтіп, сөз арасында айта кетейік, товар өндірісінің формасы, әділеттілік сияқты, мәңгілік нәрсе болып табылады деген, барлық филистерлер үшін соншалық қолайлы дәлелдеме береді. Одан кейін ол, керісінше, әділеттіліктің алғи идеялына сәйкес нағыз товар өндірісін және оған сәйкес нағыз правоны қайта құруға тырысады. Заттар ауысуының нағыз заңдарын зерттеудің орнына және олардың негізінде белгілі міндеттер шешудің орнына заттар алмасуын «naturalité» мен «affinite» [«жаратылыс» пен «туыстықтың»] «мәңгі идеяларына» сәйкес қайта құрғысы келген химик туралы біз не айтқан болар едік? Бізге өсімқорлық «justice éternelle» [«мәңгі әділеттілікке»], «équité éternelle», «mutualité éternelle» [«мәңгі шынықтыққа», «мәңгі өзара елтипатқа»] және басқа «verités éternelles» [«мәңгі ақиқаттарға»] қайшы келеді деп айтқан кезде, онан біз өсімқорлық туралы шіркеу тақсырларының білгенінен, олардың өсімқорлық «grâce éternelle», «foi éternelle», «volonté éternelle de Dieu» [«мәңгі мейірімділікке», «мәңгі нанымға», «құдайдың мәңгі әміріне»] қайшы келеді деп айтқандарынан артық бірдеңе білеміз бе?

шы адамдар ретінде бұлардың бір-біріне қарама-қарсы тұратынын көреміз.

Товар иесінің оның товарынан айырмашылығы тек мынада: товар үшін әрбір басқа товар тұлғасы — оның өз құнын көрсететін форма ғана. Туысынан теңдестіруші және арсыз болғандықтан, товар өз жанын ғана емес, тәнін де кез келген басқа товармен айырбастауға әрқашан дайын — бұл соңғы товар сырт пішіні жағынан Мариторнестен де көріксіз болса да бәрібір. Товардың басқа товар тұлғаларының нақты қасиеттерін қабылдай білмеушілігін товар иесі өзінің бес және тіпті онан да көп сезімдерімен толықтырады. Оның товарында оның өзі үшін тікелей тұтыну құны болмайды. Әйтпесе ол оны рынокке апармаған болар еді. Оның басқалар үшін тұтыну құны болады. Иесі үшін оның бүкіл тікелей тұтыну құны тек мынада ғана: ол айырбас құнының бейнесі, демек, айырбас құралы³⁹⁾. Сондықтан товар иесі өз товарын басқа товарларға айырбастап өткізуге тырысады, өйткені ол осы товарлардың тұтыну құнына мұқтаж. Барлық товарлардың өз иелері үшін тұтыну құны болмайды, ал өз иелері еместер үшін тұтыну құны болады. Демек, олар үнемі бір қолдан екінші қолға ауысып отыруға тиіс. Бірақ бір қолдан екінші қолға бұлайша ауысып отыру олардың айырбасы болып табылады, ал айырбаста олар бір-біріне құн ретінде қатынасады және құн ретінде орналасады. Демек, товарлар тұтыну құны ретінде орналасу мүмкіндігін алмастан бұрын құн ретінде орналасуға тиіс.

Екінші жағынан, товарлар құн ретінде орналасып болмастан бұрын, олар өзінің тұтыну құнының бар екендігін дәлелдеуге тиіс, өйткені оларға жұмсалған еңбек тек мына жағдайда ғана, егер ол басқалар үшін пайдалы түрде жұмсалса ғана есепке алынады. Ал еңбек шынында да басқалар үшін пайдалы ма, оның өнімі өзгенің белгілі бір керегін қанағаттандыра ма, — мұны іс жүзінде айырбас қана дәлелдей алады.

Әрбір товар иесі өз товарын тұтыну құны өз керегін қанағаттандыратын товарларға ғана айырбастап өткізуге ұмтылады. Сондықтан айырбас ол үшін тек қана жеке процесс болып табылады. Екінші жағынан, ол өз товарын құн ретінде өткізгісі келеді, яғни оны нақ сондай құны бар басқа товардың біріне өткізгісі келеді — оның өз товарының басқа товар иелері үшін тұтыну құны бола ма, жоқ па, оған бәрі бір. Сондықтан айырбас ол үшін жалпылама қоғамдық процесс болып

³⁹⁾ «Өйткені әрбір игілік екі түрлі тұтынылады.— Біріншісі заттардың өзіне тән нәрсе, екіншісі — олай емес; мәселен, сандал аяққа кию үшін және айырбас үшін жұмсалса алады. Мұның екеуі де сандалдың тұтыну құны, өйткені сандалды өзіне керекті басқа бір нәрсеге, мәселен, тамаққа айырбастаған адам да сандалды сандал ретінде пайдаланады. Бірақ бұл оның тұтынуының табиғи тәсілі емес. Өйткені ол айырбас үшін жаралған зат емес» (*Aristoteles. «De Republica», 1 кітап, 9-тарау).*

табылады. Бірақ нақ сол бір процесс бір мезгілде барлық товар иелері үшін тек қана жеке процесс және тек қана жалпылама қоғамдық процесс бола алмайды.

Іске неғұрлым байыптап қарайтын болсақ, біз мынаны көреміз: әрбір товар иесі үшін өзге товар атаулы оның товарының ерекше эквивалентінің ролін атқарады, сондықтан да оның өз товары — барлық басқа товарлардың жалпылық эквивалентінің ролін атқарады. Бірақ бұл мәселеде барлық товар иелерінің пікірі бір жерден шығатын болғандықтан, бір-де-бір товар іс жүзінде жалпылық эквивалент болмайды, сондықтан товарларды құн ретінде барабар еткізетін және құн мөлшері ретінде бір-бірімен салыстыратын товарлардың жалпылық относительді құн формасы да болмайды. Сонымен, олар бір-біріне жалпы товар ретінде емес, тек өнімдер ретінде ғана, яки тұтыну құндары ретінде ғана қарама-қарсы тұрады.

Осындай қиын жағдайда біздің товар иелері, Фауст сияқты: «Алдымен іс болған еді»³⁸ деп толғайды. Шынында да олар ой жүгіртпестен бұрын іс істеген-ді. Товар табиғатының заңдары товар иелерінің табиғи инстинктінен көрінеді. Олар өз товарларын бір-біріне құн ретінде, демек, товар ретінде де, оларды басқа бір белгілі товарға салыстыру арқылы ғана, оларды осыған жалпылық эквивалент ретінде қарсы қою арқылы ғана теңдестіре алады. Мұны товар анализі көрсетті. Бірақ тек қоғамдық қызмет қана белгілі товарды жалпылық эквивалентке айналдыра алады. Сондықтан барлық басқа товарлардың қоғамдық қызметі олардың арасынан белгілі бір товарды — басқаларының құндарын көрсете алатын товарды бөліп шығарады. Сонымен, бұл товардың заттық формасы эквиваленттің қоғам таныған формасы болады. Жалпылық эквиваленттің функциясы әлгі көрсетілген қоғамдық процесстің жәрдеммен бөлініп шыққан товардың ерекше қоғамдық функциясы болады. Бөлініп шыққан товар ақша болады.

«Ақшаның бір ойы болады да, өзінің күші мен билігін аңға береді». «Сондықтан мөрі, немесе аңның аты, немесе оның атының саны бар адамнан басқа ешкімге сатып алуға да, сатуға да болмайды» (Апокалипсис)³⁹.

Ақша кристалы — айырбас процесінің қажетті өнімі, мұнда еңбектің әралуан өнімі іс жүзінде бір-біріне теңеледі, сөйтіп іс жүзінде товарға айналады. Айырбастың ұлғаюы мен терендеуінің тарихи процесі тұтыну құны мен құн арасындағы товар табиғатында мүлгіп жатқан қарама-қарсылықты дамытады. Айналым үшін осы қарама-қарсылықтың сыртқы көрінісін беру керектігі товар құнының дербес формасын туғызады да, бұл міндет товардың товар мен ақша болып екіге

бөлінуі арқылы түпкілікті шешілгенше тыным бермейді. Демек, еңбек өнімдері товарға қалай айналатын болса, товар да ақшаға нақ солай айналады ⁴⁰⁾.

Өнімдердің тікелей айырбасы, бір жағынан, құнның жәй көрініс формасында болады, екінші жағынан, әлі ондай формада болмайды. Бұл форма, біздің көргеніміздей, мынадай: A товардың $x=B$ товардың y . Ал өнімдердің тікелей айырбасының формасы мынадай: A тұтыну затының $x=B$ тұтыну затының y ⁴¹⁾. Бұл арада A мен B заттары айырбасқа дейін товар болмайды, олар айырбас арқасында ғана товар болады. Тұтыну заты потенциялды айырбас құнына айналуы үшін қажетті бірінші алғышарт мынау: бұл тұтыну заты өзінің тұтыну құнын жоғалтатын, өз иесінің тікелей керектерінен асып түсетін мөлшерде болады. Заттар — өздігінен алғанда адам үшін сырт нәрсе және сондықтан өзгеге ауысып отырады. Бұл өзгеге ауысушылықтың өзі екі жақты болуы үшін адамдар осы ауысатын заттардың жеке меншікшісі ретінде тек бір-біріне үн-түнсіз қарауға тиіс, демек, бір-біріне тәуелсіз адамдар ретінде қарауға тиіс. Алайда өзара ауысушылықтың мұндай қатынасы табиғи түрде өсіп шыққан қауым мүшелері арасында болмайды; бұл қауым патриархтық семья бола ма, ертедегі индиялық қауым бола ма, инктердің мемлекеті ⁴⁰ бола ма, оның бәрібір. Товар айырбасы қауым біткен жерде, оның өзге қауымдармен немесе өзге қауымдардың мүшелерімен жанасатын жерлерінде басталады. Ал заттар сыртқы қатынастарда товарға айналысымен-ақ, олар кері әрекеті арқылы қауым ішінде де товар болады. Олардың сандық айырбас қатынасы алғашқы кезде мүлде кездейсоқ болады. Олардың айырбасталатын бір ғана себебі — иелері оларды бір-біріне өткізгісі келеді. Оның бержағында өзгенің тұтыну заттарын керексіну бірте-бірте өсе береді. Айырбастың үнемі қайталануы оны тұрақты қоғамдық процесс етеді. Сондықтан жүре-келе еңбек өнімдерінің ең болмаса бір бөлегі айырбас қажеттері үшін әдейі өндіріле бастайды. Осы кезден бастап, бір жағынан, заттың тікелей тұтыну үшін пайдалылығы мен айырбас үшін пайдалылығы арасындағы алшақтық күшейе бастайды. Оның тұтыну құны оның айырбас құнынан бөлініп шығады. Екінші

⁴⁰⁾ Енді біз товар өндірісін мәңгілік еткісі келетін және сонымен қатар «ақша мен товар арасындағы қарама-қарсылықты» жойғысы келетін, яғни осы қарама-қарсылықтың тек құрамды бөлеті ретінде өмір сүретін ақшаның өзін жойғысы келетін ұсақ-буржуазиялық социализмнің қулық-сұмдықтарын лайығынша бағалай аламыз. Католицизмді сақтай отырып, палань жоюға тырысқанда да нәтиже осындай болар еді. Бұл жөнінде менің мына еңбегімде толығырақ айтылған: «Саяси экономия сынына», 61 және келесі беттер [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 67 және келесі беттер].

⁴¹⁾ Екі түрлі тұтыну заты айырбасталмай, жабайы адамдар арасында жиі болатынындай, белгілібір зат үшін эквивалент түрінде нағыз қырық ру аралуан заттар ұсынылып жүрген кезде, нақ осы кезде өнімдердің тіпті тікелей айырбасы да өз табалдырығынан әрі аттап көрген емес.

жағынан, айырбасталатын заттардың сандық қатынасы олардың өзін өндіруге байланысты болады. Олардың құн мөлшерін көрсету дағдылы іске айналады.

Өнімдердің тікелей айырбасында әрбір товар өз иесі үшін айырбастың тікелей құралы және өз иесі емес үшін эквивалент болып табылады,— алайда бұл товар соңғы адам үшін тұтыну құны болғанда ғана осылай болады. Демек, айырбасталушы зат өз тұтыну құнына, яки айырбастаушы адамдардың жеке-дара керектеріне байланыссыз ешқандай құн формасына ене қоймайды. Бірақ мұндай форманың қажеттігі айырбас процесіне түсуші товарлардың саны мен әралуандығы өскен сайын күшейе береді. Міндет оны шешу құралдарымен бір кезде пайда болады. Товар айналымында товар иелері өз бұйымдарын әртүрлі басқа бұйымдарға айырбастайды және оларды бір-біріне теңейді, бірақ мұның өзі әртүрлі товар иелерінің әртүрлі товарлары осы айналым шегінде белгілі бір үшінші товарға айырбасталмайынша және оған құн ретінде теңестірілмейінше ешқашанда жүргізілмейді. Мұндай үшінші товар, әртүрлі басқа товарлар үшін эквивалент болғандықтан, шағын шеңберде болса да, тікелей жалпылық, яки қоғамдық эквивалент формасына ие болады. Эквиваленттің осындай жалпылық формасы өзін дүниеге келтірген өткінші қоғамдық байланыспен бірге пайда болып, сонымен бірге ғайып болады. Бұл өткінші форма кезек-кезек не бір товардың, не екінші товардың үлесіне тиіп отырады. Бірақ товар айырбасы дамығанда бұл форма товарлардың тек белгілі түрлерімен ғана біте қайнасады, яғни ақша формасына ұласады. Мұның нақ қандай товар түрімен қабысатындығы алғашында кездейсоқ болатын іс. Алайда жалпы алғанда бұл арада екі жағдай шешуші роль атқарады. Ақша формасы не айырбас арқылы сырттан келетін және шынында да байырғы өнімдердің айырбас құны көрінісінің табиғи өсіп шыққан формасы болып табылатын ең маңызды заттармен қабысады, не болмаса өзгеге ауысатын мүліктің басты элементі болатын затпен, мәселен, малмен қабысады. Көшпелі халықтар өздерінде ақша формасын бірінші болып дамытады, өйткені олардың барлық мүліктері жылжымалы, демек тікелей өзгеге ауысатын формада болады, өйткені олардың өмір жағдайы үнемі оларды өзге қауымдармен араласуға мәжбүр етіп отырады, сөйтіп өнімдер айырбасына итермелеп отырады. Адамдар екінің бірінде адамның өзін құл ретінде алғашқы ақша, материалына айналдырып отырған, бірақ ешуақытта да жерді бұл материалға айналдырған емес. Мұндай идея тек дамып жетілген буржуазиялық қоғамда ғана туған-ды. Бұл идея тек XVII ғасырдың соңғы ширегінде ғана пайда болды, ал оны ұлттық

көлемде іс жүзіне асыру әрекеті тұңғыш рет бұдан жүз жыл бұрын, француз буржуазиялық революциясы кезінде жасалған болатын.

Товар айырбасы өзінің жергілікті тар шеңберін бұзып, сол себепті товарлық құн жалпы адам еңбегінің жинағына айналған сайын, ақша формасы нақ өз жаратылысы жағынан жалпылық эквиваленттің қоғамдық функциясын орындауға өте-мөте жарамды товарларға, атап айтқанда асыл металдарға көшеді.

«Алтын мен күміс өзінің жаратылысы жағынан ақша емес, бірақ ақша өзінің жаратылысы жағынан алтын мен күміс»⁴²⁾ екендігі бұл металдардың табиғи қасиеттерінің олардың қоғамдық функцияларымен үйлесуі арқылы дәлелденеді⁴³⁾. Бірақ біз әзірге ақшаның бір ғана функциясын: товарлық құн көрінісінің формасы, яки товарлық құндар мөлшерін қоғамдық мәні жағынан көрсететін материал болып қызмет ететінін білеміз. Барлық даналарының сапасы бірдей материя ғана құн көрінісінің адекватты формасы, яки абстрактылы, демек, біркелкі адам еңбегінің материалдануы бола алады. Екінші жағынан, құн мөлшерлерінің әралуандығы таза сандық сипат алады, сондықтан ақша товардың таза сан өзгешелігі болуға тиіс, яғни өзін әлденеше ұсақ бөлшектерге бөлуге және бұл бөлшектерден қайта құрастыруға мүмкіндік берерлік қасиеттері болуы керек. Алтын мен күмістің жаратылыста осындай сапалары бар.

Ақша товардың тұтыну құны екіге бөлінеді. Оған товар ретінде тиісті ерекше тұтыну құнымен қатар, — мәселен, алтын тіс салуға жұмсалады, сән-салтанат заттары үшін шикі материал болады, т. т., — оның өзгеше қоғамдық функцияларынан туатын формальды тұтыну құны да болады.

Барлық басқа товарлар тек ақшаның ерекше эквиваленттері, ал ақша — олардың жалпылық эквиваленті болып табылатындықтан олар ерекше товарлар ретінде жалпылық товар ретіндегі ақшаға айырбасталады⁴⁴⁾.

Ақша формасы барлық басқа товарлардың белгілі бір товарға деген қатынастарының сол товарда тоқырап қалған сәулесі ғана екенін біз жоғарыда көрдік. Демек, ақшаның товар екендігі⁴⁵⁾ даяр формаға сүйенетін, сөйтіп оны соңынан

⁴²⁾ *Карл Маркс*. «Саяси экономия сынына», 135-бет (қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 137-бет). «Қымбатты металдар... жаратылысы жағынан ақша» (*Gallani*. «Della Moneta», Кустоди баспасы, Parte Moderna, III том, 137-бет).

⁴³⁾ Бұл жөнінде менің жаңа ғана цитатаға алған еңбегімнің «Асыл металдар» деген бөлімінде толығырақ айтылған.

⁴⁴⁾ «Ақша универсал товар» (*Verri*, цитат алынған шығарманың 16-беті).

⁴⁵⁾ «Алтын мен күмістің өзі — бұларды ақша металл деп жалпы атпен атауымызға болады — товар... бұлардың құны бірде көтеріледі, бірде төмендейді... Ақша металдың құны оның салмағы жағынан ең аз мөлшері елдің аса көп сгіншілік және өнер-

талдайтын адамға ғана жаңалық болып көрінуі мүмкін. Товарды ақшаға айналдыратын айырбас процесі товарға оның құнын емес, тек оның құнының өзгеше формасын береді. Бұл екі анықтаманы шатастырған күнде жұрт алтын мен күмістің құнын жорамал нәрсе деп есептей бастайды⁴⁶⁾. Ақша өзінің белгілі функциялары арқылы жәй ақша белгілерімен де ауыстырылатын болғандықтан, бұдан екінші бір қате — ақшаны тек белгі дейтін пікір пайда болады. Екінші жағынан, бұл қателіктен заттардың ақшалай формасы олардың өздері үшін бөгде нәрсе екен және мұның өзі тек олардың сыртында жасырынып жатқан адам қатынастарының көрініс формасы ғана екен деген бұлдыр жорамал байқалады. Бұл мағнада әрбір товар тек белгі болған болар еді, өйткені құн ретінде ол тек өзіне жұмсалған адам еңбегінің заттық қауызы ғана⁴⁷⁾. Бірақ белгілі бір өндіріс әдісінің негізінде заттарға бітетін қоғамдық қасиеттерді немесе осы өндіріс әдісінің негізінде еңбектің қоғамдық анықтамаларына телінетін заттық формаларды жәй белгілер деп жариялай отырып, жұрт бұларды адам ақылының еркімен жасалған өнім деп жариялайды.

кәсіп өніміне айырбастауға жеткілікті болатын кезде өте жоғары деп саналады», т. т. ([S. Clement.] «A Discourse of the General Notions of Money, Trade, and Exchanges, as They stand in Relation each to other. By a Merchant». London 1695, p. 7). «Алтын мен күмістің сомдалғаны да, сомдалмағаны да, барлық басқа заттар үшін өлшем ретінде қолданылса да, дегенмен товарлығы жағынан шарап, темекі, май, киім немесе мата сияқты заттардан кем соқпайды» ([J. Child.] «A Discourse concerning Trade, and that in particular of the East-Indies etc.» London 1689, p. 2). «Корольдіктің капиталы мен байлығы ақшамен ғана тығбайды, сол сияқты алтын мен күмісті товарлар есебінен шығарып тастауға болмайды» ([Th. Papillon.] «The East-India Trade a most Profitable Trade». London 1677, p. 4).

⁴⁶⁾ «Moneta болып жасалмастан бұрын, алтын мен күмістің металл ретінде құны болады» («Galiani, цитат алынған шығармасы»). Локк былай дейді: «Адамдардың жалпылама келісім жасауы күміске, оны ақша ролін атқару үшін жарамды ететін қасиеттері нәтижесінде, жорамал құн бітірді». Ло, керісінше, былай дейді: «Түрлі ұлттар бір затқа жорамал құнды қалайша бітіре алады?.. Және бұл жорамал құн қалайша тұрақтай алмақ?» Оның өзі істің мәнін қаншалықты нашар түсінгенін оның мына сөздері көрсетеді: «Күміс өзіндегі тұтыну құны бойынша, яғни өзінің шын құны бойыша айырбасталды; ақша ретінде қызмет ету жөніндегі өзінің міндеті арқасында күміс тарыда қосымша құн алды (une valeur additionnelle)» (Jean Law: «Considérations sur le numéraire et le commerce», Э. Дэр бастырып шығарған: «Economistes Financiers du XVIII siècle», p. 469, 470).

⁴⁷⁾ «Ақша олардың» (товарлардың) «белгісі» (V. de Forbonnais: «Éléments du Commerce», Nouv. Edit. Leyde, 1766, t. II, p. 143). «Олар белгі ретінде товарлармен ере келеді» (бұл да сонда, 155-бет). «Ақша — заттың белгісі мен өкілі» (Montesquieu: «Esprit des Loix». Oeuvres. London, 1767, t. II, p. 3). «Ақша жәй белгі емес, өйткені оның өзі байлық; ол — құндардың өкілі емес, оның өзі — құн» (Le Trosne, цитат алынған шығармасы, 910-бет). «Біз құн ұғымына кеңіі аударған кезімізде заттың өзі тек белгі ретінде қаралады, сондықтан ол өзінен өзі маңыз алмайды, қайта оның не тұратыны маңыз алады» (Hegel. Philosophie des Rechts», S. 100). Алтынды жәй белгі және тек қымбатты металдардың жорамал құны деп білетін түсінікті экономистерден көп бұрын жұртқа таратып жіберген юристер болды, бұлар корольдік өкімет үшін малайлық қызмет атқара отырып, барлық орта ғасырлар бойы Рим империясының дәстүрлері бойынша және пандектерде⁴¹ көрсетілген ақша туралы ұғымдары бойынша корольдердің жалған монета жасау правосын құптап келді. 1346 жылы бір декретте юристердің сенімді шәкірті Филипп Валуа былай дейді: «Ешкім де мынаған құмандана алмайды және құманданбауға тиіс: монета жасау, ақшамен жабдықтау және монета жөнінде түрлі жарлық шығару правосы, монетаны айналысқа салу және өзмізге қолайлы, өзіміз игілікті деп таныған баға бойынша айналысқа салу правосы тек бізге және біздің корольдік ұлы ағзамға ғана тиісті». Ақшаның құнын декретпен император тағайындайды деген догма Рим правосының догмасы болды. Ақша товар сияқты нәрсе деп қарауға сөзсіз тым салынған болатын. «Ақшаны ешкім де сатып алмауға тиіс, өйткені жұрттың

XVIII ғасыр ағартушыларының үйреншікті тәсілі осындай еді, олар мұны, тіпті уақытша болса да, адам қатынастарындағы жұмбақ формалардың және қалай пайда болғаны әлі түсініксіз болып келген формалардың құпия сырын ашу үшін қолданған еді.

Бұрын көрсетіліп өткендей, товардың эквиваленттік формасының өзінде оның құн мөлшерінің сан анықтамасы болмайды. Егер біз алтын дегеніміз ақша, яғни барлық басқа товарларға тікелей айырбасталатын нәрсе екенін ғана білетін болсақ, онда біз, мәселен, 10 қадақ алтынның қандай құны болатынын әлі мүлде білмейміз. Басқа товар атаулы сияқты, алтын да өз құнының мөлшерін тек басқа товарлар арқылы ғана, относителді түрде ғана көрсете алады. Оның өз құны оны өндіруге керекті жұмыс уақытымен белгіленеді, сөйтіп сонша жұмыс уақыты жұмсалған басқа товар атаулының белгілі бір санында көрсетіледі⁴⁸⁾. Алтын құнының относителді мөлшері іс жүзінде сол алтынның өзі өндірілетін жерде, тікелей айырбас саудасы арқылы белгіленеді. Ақша ретінде айналысқа түскен кезде алтынның белгілі құны болады. Егер XVII ғасырдың соңғы он жылдарында-ақ ақшаның анализі арқылы ақша дегеніміз товар екені анықталған болса, онда дегенмен мұның өзі анализдің тек бастамасы ғана болатын. Қиыншылық ақша дегеніміз товар деген ұғымды түсінуде емес, қайта товардың қалай және не себепті ақша болатынын анықтап білуде⁴⁹⁾.

Құнның A товардың $x=B$ товардың y деген жәй көрінісінің өзінде-ақ біз басқа заттың құн мөлшерін көрсететін заттың өз эквиваленттік формасы болады деген жалған сенімнің пайда болатынын көрдік; бұл форма товарлардың сол қатынасынан тыс, затқа табиғаттың өзі теліген белгілі бір қоғам-

бәрі пайдалану үшін шығарылған ақша товар болмауға тиіс». Бұл жөнінде мына еңбекте жақсы түсінік берілген: *G. F. Pagnini. «Saggio sopra il giusto pregio delle cose» 1751, Кустоди баспасы, Parte Moderna, т. II том. Атап айтқанда өз еңбегінің екінші бөлімінде Панынин юрист мырзалармен айтысады.*

⁴⁸⁾ «Егер біреу перуан рудниктерінен бір унция күміс қазып алып, Лондонға әкелгенде оған бір бушель астықты өндіруге қажетті жұмыс уақытындай уақыт жұмсаған болса, онда бұл өнімдердің біріншісі екіншісінің табиғи бағасы болып табылады; ал егер жаңа, анағұрлым бай рудниктер ашу нәтижесінде екі унция күмісті өндіру енді бір унцияны өндіргендей оңай болса, онда caeteris paribus [басқа барабар жағдайларда] бұрын 5 шиллинг тұратын бір бушель астық енді 10 шиллинг тұратын болады» (*William Petty. «A Treatise of Taxes and Contributions». London, 1667, p. 31.*)

⁴⁹⁾ Профессор Рошер мырза бізге былайша тәлім үйретеді: «Ақшаның жалған анықтамалары басты екі топқа бөліне алады: ақшаны товардан көбірек нәрсе деп есептейтін және ақшаны товардан кемірек нәрсе деп есептейтін анықтамалар». Бұдан соң ақша жайындағы еңбектердің ала-құла тізбегі келеді, мұнда ақша теориясының шын тарихын түсінудің мүлде сезілмейді. Қортындысында мынадай мораль бар: «Ең бергі экономистердің көпшілігі ақшаны басқа товардан ажырататын ерекшеліктерге жеткілікті көңіл бөлмей жүргенін, тегінде, мойндамасқа болмайды» (демек, ақшаның қалайда товардан кемірек немесе көбірек нәрсе болғаны ғой?) «...Осылай болғандықтан, Ганильдин және басқалардың жартылай меркантилстік реакциясының өзінде кейбір негіздер бар» (*Wilhelm Roscher. «Die Grundlagen der Nationalökonomie», 3. Aufl., 1858, S 207—210.*) «Көбірек — кемірек — жеткіліксіз — сондықтан — кейбір!» Осы да

дық қасиет болады-мыс. Біз бұл жалған сенімнің қалай күшейетінін байқадық. Мұның өзі жалпылық эквиваленттің формасы товарлардың бір белгілі түрінің заттық формасымен қабысқан кезде, яки ақша формасына әбден ұласқан кезде орнығып болады. Бұл арада белгілібір товардың ақша болатын себебі — онда барлық басқа товарлардың құндары көрсетілгендіктен ғана емес, қайта керісінше, бұл соңғы товарлардың әлгі товар арқылы өз құндарын көрсететін себебі оның ақша болғандығынан деген пікір туады. Аралық қозғалыс өз нәтижесінде ғайып болып, ешқандай із қалдырмайды. Товарлар өз тарапынан ешбір әрекет жасамай-ақ, өздерінен тысқары және қатар тұрған товар тұлғасы түрінде өз құнының дайын бейнесін табады. Бұл заттар — алтын мен күміс — жер қойнауынан шыққан түрінде адам еңбегі атаулының тікелей бейнесі бола кетеді. Ақшаның сиқырлы сипаты міне осыдан. Біз кәзір зерттеп отырған қоғам құрылысында адам қатынастары өндірістің қоғамдық процесінде таза атомдық қатынастар болып табылады. Осының салдарынан олардың өндірістік қатынастары олардың бақылауынан және саналы дербес қызметінен тәуелсіз заттық сипат алады. Мұның өзі ең алдымен мынадан көрінеді: олардың жалпы еңбегінің өнімдері товар формасын алады. Сонымен, ақша фетишінің жұмбағы — көзді шағылыстыратын әйгілі товар фетишінің жұмбағы ғана.

ұғымдар анықтамасы болып па! Ал осы тәрізді эклектикалық профессорлық мылжыңды Рошер мырза кішіпейілділікпен саяси экономияның «анатомиялық-физиологиялық метод» деп атайды! Айта кетейік, ғылым оған бір жаңалық ашқаны үшін, атап айтқанда: ақша — «сүйкімді товар» дегені үшін борышты.

Ү Ш І Н Ш І Т А Р А У

АҚША, ЯКИ ТОВАР АЙНАЛЫСЫ

І. ҚҰН ӨЛШЕМІ

Мен бұл еңбектің барлық жерінде, оңай болуы үшін, ақша товар деп алтынды айтамын.

Алтынның бірінші қызметі — құнды көрсету үшін, яғни мөлшері жағынан аттас, сапасы жағынан бірдей және саны жағынан салыстыруға келетін товарлар құнын көрсету үшін товар дүниесіне материал беру. Алтын, сонымен, құндардың жалпылық өлшемі ретінде қызмет атқарады, алдымен осы қызметі арқасында алтын — осы өзгеше эквиваленттік товар — ақша болады.

Товарларды өзара өлшенетін етуші ақша емес. Керісінше. Құн ретінде барлық товарлар затқа айналған адам еңбегі болып табылады, демек, өзінен өзі өлшенеді, — нақ сондықтан да олардың бәрі өз құндарын сол бір өзгеше товармен өлшей алады, сөйтіп бұл соңғы товарды олар үшін құндардың жалпы өлшеміне, яғни ақшаға айналдырады. Ақша құн өлшемі ретінде құнның товарларға тән өлшемінің — жұмыс уақытының қажетті көрініс формасы⁵⁰).

Товар құнының алтын арқылы көрінуі: *A* товардың *x*-сі ақша товардың *y*-не тең болуы — товардың ақша формасы, яки оның бағасы. Темірдің құнын қоғамдық маңызы бар формада көрсету үшін енді бір ғана теңгерме жеткілікті: 1 тонна темір 2 унция алтынға тең. Бұл теңгермеге енді басқа товарлардың құн теңгермелерінің қатарында қоян-қолтық аяқ алы-

⁵⁰) Ақша жұмыс уақытының өзін тікелей неге көрсетпейді, мәселен, қағаз ақша белгісі *x* жұмыс сағатын неге көрсетпейді деген мәселе товар өндірісіне негізделген еңбек өнімдері неге товар болуға тиіс деген мәселеге ғана келіп тіреледі, өйткені товар формасы олардың товар және ақша товар болып екіге бөлінуін қажет етеді; немесе — жеке еңбек тікелей қоғамдық еңбек болып, яғни өзінің қарама-қарсы жағы болып неге қаралмайды деген мәселеге келіп тіреледі. Басқа бір жерде мен товар өндірісі негізінде болатын «жұмыс ақшасы» дегеннің сорақы утогизмін толық талдап өткенмін («Саяси экономия сынына», 61 және келесі беттер [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 67 және келесі беттер]). Бұл арада мен, мәселен, Оуэннің «жұмыс ақшасының», айталық, театр билеті сияқты, ақшаға оншалықты қатысы жоқ екенін ғана атап өтпекпін. Оуэн тікелей қоғамдастырылған еңбек, яғни товар өндірісіне мүлдем қарама-қарсы өндіріс формасы болады деп ойлайды. Жұмыс квитанциясы тек өндірушінің ортақ еңбекке өз басының қатысу үлесін және ортақ өнімнің тұтынуға арналған бөлігінен оның өз басы қанша үлес талап ететінін ғана көрсетеді. Бірақ Оуэн товар өндірісі болады деп және сонымен қатар оның қажетті жағдайларын ақша фокустары арқылы жояйын деп ойлаған да емес.

сып жүрудің қажеті жоқ, өйткені эквиваленттік товар, алтын, енді ақша сипатына ие болды. Сондықтан товар құнының жалпылық относительді формасы енді қайтадан өзінің алғашқы түріне — құнның жәй, яки жеке относительді формасына келіп оралады. Екінші жағынан, құнның жайылықты относителді көрінісі, яки құнның относительді көріністерінің шексіз қатары, ақша товар құнының өзгеше относительді формасы болады. Бірақ бұл қатар қоғамдық көлемде товар бағалары арқылы берілген. Кез келген прејскуранттағы белгілерді оңнан солға қарай оқыңызшы, сонда сіз ақша құны мөлшерінің көрінісін барлық товарлардан кездестіресіз. Бірақ оның есесіне ақшаның бағасы болмайды. Басқа товарлар құнының осы бірыңғай, относительді, формасына қатысу үшін ақша өзінің эквиваленті ретінде өзіне өзі айырбасталуға тиіс бола еді.

Товарлардың бағасы, яки ақшалай формасы, олардың жалпы құн формасы сияқты, олардың сезім арқылы қабылданатын шынайы тән формасынан өзгеше нәрсе, демек — тек зердеде болатын идеалдық форма ғана Темірдің, кенептің, бидайдың, т. т. құны, көзге көрінбесе де, осы заттардың өзінде болады; бұл құн олардың алтынға теңелуінен, олардың алтынға қатынасынан, былайша айтқанда, олардың басында ғана болатын қатынастан көрінеді. Сондықтан товар сақтаушы товарларға өз тілін телуге немесе оларға қағаз жарнамалар жапсыруға, сөйтіп сыртқы дүниеге олардың бағаларын жариялауға тиіс болады⁵¹⁾. Товар құндарының алтындағы көрінісі идеалдық сипат алады, сондықтан бұл операция үшін тек адам ойында ғана болатын, яки идеалдық алтынды қолдануға да болады. Әрбір товар иесі, егер товарлардың құнына баға формасын, яки ойда бар алтынның формасын берсе, ол өз товарларын нағыз алтынға әліде ешбір айналдырмағанын және талай миллиондық товар құндарын алтын арқылы көрсету үшін оған шынайы алтынның бір түйірінің де керек емес екенін біледі. Демек, ақша өзінің құн өлшемі ретіндегі қызметін тек ойдағы, яки идеалдық ақша түрінде ғана орын-

⁵¹⁾ Жабайы және жабайылау адамдар бұл арада өз тілін бірсыпыра басқаша қолданады. Ваффинов шығанағының батыс жағасында тұрушы адамдар туралы капитал Парри былай дейді: «Бұл ретте» (өнім айырбастарда) «... олар оны» (айырбас үшін әкелінген затты) «екі рет жалайды, содан кейін, сірә, сауда-саттық оңынан келді деп есептейтін көрінеді»⁴²⁾. Шығыс эскимостарында сатып алушы да әрқашан затты аларында жалап отырған. Егер солтүстікте тіл, сонымен, иемденудің құралы болып табылатын болса, онда оңтүстікте асқазанның мүлік жинау құралы деп есептелетіндігінде ешқандай таңырқарлық нәрсе жоқ; мәселен, қағр бай адамды оның қарнының жуандығына қарай бағалайды. Көріп отырсыздар, қағрлар өте зерек халық; ағылшын үкіметінің халықтың денсаулығы жайындағы 1864 жылғы есебінде жұмысшы табының едәуір бөлігінде семіртетін заттардың жеткіліксіздігі көрсетілген болса, — нақ сол жылы Гарвей, деген бір доктор (қан тарауы жайындағы жаңалықты ашқаны емес) буржуазия мен аристократияға семіздіктен құтылуға сеп болатын шаралатандық рецептілерімен мансапқа жеткен.

дайды. Бұл жағдай ақшаның нағыз рабайсыз теорияларын туғызды⁵²⁾. Құн өлшемі қызметін тек ойдағы ақша орындаса да, баға түгелдей шынайы ақша материалына байланысты. Құн, яғни, мәселен, бір тонна темірге сіңген адам еңбегінің саны нақ сондай еңбек сіңген ақша товардың ойдағы санынан көрінеді. Демек, алтынның, күмістің немесе мыстың құн өлшемі болуына қарай, бір тонна темірдің құны мүлдем әртүрлі бағалар арқылы, яки алтынның, күмістің немесе мыстың мүлдем әртүрлі сандары арқылы көрінеді.

Егер әртүрлі екі товар, мәселен, алтын мен күміс, бір мезгілде құн өлшемі болып қызмет ететін болса, онда барлық товарлардың бағалары алтын бағалары мен күміс бағалары деген екі түрлі көрініс алады; сөйтіп, алтын мен күмістің құндары арасындағы қатынас, мәселен, 1 : 15 деген қатынас өзгеріссіз қалып отырғанда бұл екі баға бір-бірімен тыныш қатар өмір сүреді. Бірақ құндардың бұл қатынасы өзгерді дегенше-ақ товарлардың алтын мен күміс бағалары арасындағы қатынас бұзылады, сөйтіп мұның өзі құн өлшемінің екі жақтылығы оның қызметіне қайшы келетіндігін іс жүзінде дәлелдейді⁵³⁾.

Бағалары белгіленген товарлардың бәрі мынадай форма алады: A товардың $a = x$ алтын; B товардың $b = y$ алтын; C товардың $c = z$ алтын, т. т., мұнда a, b, c, A, B, C товарлардың белгілі мөлшерлері, ал x, y, z — алтынның белгілі мөлшерлері. Товарлық құндар, сонымен, түрлі мөлшерлі алтынның ойдағы сандарына айналды, яғни өздерінің товарлық тұлғаларының

⁵²⁾ Қараңыз: *Карл Маркс* «Саяси экономия сынына». «Өлшемнің ақша единицасының теориялары», 53 және келесі беттер; [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*, Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 60 және келесі беттер].

⁵³⁾ *2-ші басылуына ескерту*. «Заң бойынша ақша есебінде, яғни құн өлшемі ретінде алтын да, күміс те қатар жүретін жерде әрқашан олардың екеуін бірдей зат деп қарауға нәтижесіз әрекет жасалады. Шынында да, егер бірдей пропорцияда алынған алтын мен күмісте әрқашан бірдей жұмыс уақыты затқа айналуға тиіс деп жорылатын болса, онда мұның өзі күміс пен алтын — бір зат және бағалылығы кемірек металдың, күмістің, белгілі мөлшері алтынның белгілі мөлшерінің өзгермейтін бөлшегі дегендік болады. Эдуард III патшалық етуінен бастап Георг II заманына дейін ағылшын ақша айналысының тарихында талай рет ақша ережесі үнемі бұзылып отырды, мұның өзі алтын құнының күміс құнына заң бойынша тағайындалған қатынасы мен бұлардың құнының шын ауытқулары арасындағы қарама-қарсылықтан туған-ды. Бірде алтын, бірде күміс аса жоғары бағаланып отырды. Тым төмен бағаланған металл айналыстан алынып, қайтадан қорытылған түрінде шет елге шығарылып жүрді. Сонда екі металдың да құн қатынасы заң бойынша қайтадан өзгертілетін, бірақ жаңа номиналдық құн да көп ұзамай-ақ құндардың шын қатынасымен, ескі номиналдық құн сияқты, қым-қиғаш келіп отырды.— Біздің заманымызда Индия мен Қытай тарапынан күміске деген сұраныс салдарынан күміспен салыстырғанда алтын құны сәл ғана және аз уақыт төмендеп кетті де, Францияда нақ жоғарыда айтылғандай аласапан жағдай туғызды, атап айтқанда, күміс шет елге шығарылып, күмісті алтын айналыстан ысықтырды. 1855, 1856 және 1857 жылдар ішінде Францияға әкелінген алтынның мөлшері Франциядан шет елге шығарылған алтыннан 41 580 000 фунт стерлинг асты, ал шет елге шығарылған күмістің мөлшері әкелінген күмістен 34 704 000 фунт стерлинг артты. Шынығында екі металл заң жүзінде құн өлшемі болып танылған және сондықтан төлем ретінде екеуі де қабылданатын елдерде,— әрине, әркім өзінің қалауы бойынша алтынмен немесе күміспен төлей алады,— құны көтерілетін металл ардақты болады да, басқа товар атаулы сияқты, өзінің бағасын аса жоғары бағаланатын металл арқылы өлшейді, ал шынында осы соңғы металдың өзі ғана құн өлшемі бола алады. Бұл саладағы бүкіл тарихи тәжірибе мынаған ғана келіп тіреледі: құн өлшемі қызметін заң

ала-құлалығына қарамастан, аттас мөлшерге, алтын мөлшеріне айналды. Алтынның осындай әртүрлі сандары ретінде, олар өзара салыстырылады және бір-бірімен өлшенеді, сөйтіп оларды алтынның қандай да бір тағайындалған санына өлшемнің единицасы ретінде шағудың техникалық қажеттігі пайда болады. Өлшемнің бұл единицасының өзі еселі бөлшектерге одан әрі бөліну жолымен масштабқа айналады. Алтын, күміс, мыс өздері ақшаға айналмастан бұрын-ақ салмақ бөлшектері түрінде мұндай масштабқа ие болатын-ды: айталық, егер өлшем единицасы, мәселен, қадақ болатын болса, онда, бір жағынан, ол одан әрі унцияға бөлінеді, т. т., екінші жағынан, қадақтарды қосу арқылы центнерлер, т. т. пайда болады⁵⁴). Сондықтан металдар айналысында салмақты масштабтың даяр аттары әрқашан ақша масштабының, яки баға масштабының алғашқы аттары болады.

Құн өлшемі ретінде және баға масштабы ретінде ақша мүлде екі түрлі қызмет атқарады. Адам еңбегінің қоғамдық бейнесі ретінде ақша — құн өлшемі, металдың белгілі салмағы ретінде ақша — баға масштабы. Құн өлшемі ретінде ақша шексіз саналуан товарлардың құндарын бағаға, алтынның ойдағы сандарына айналдыру үшін қызмет етеді; баға масштабы ретінде ақша алтынның сол сандарын өлшейді. Құндар өлшемі арқылы товарлар құн ретінде өлшенеді; мұның керісінше, бағалар масштабы алтынның әралуан сандарын оның белгілі санымен өлшейді, бірақ алтынның белгілі санының құнын оның басқа сандарының салмағымен өлшемейді. Бағалар масштабы үшін алтынның белгілі салмағы өлшем единицасы ретінде тағайындалуға тиіс. Бұл арада, аттас мөлшерлердің басқа да анықтамаларын тағайындау тұсындағы сияқты, өлшемдер арасалмағының тұрақтылығы шешуші маңыз алады. Демек, алтынның белгілі бір саны неғұрлым өзгеріссіз өлшем единицасы болатын болса, бағалар масштабы өз функциясын соғұрлым ойдағыдай орындайды. Алтынның құн өлшемі бола алатын себебі мынау ғана: оның өзі — еңбек өнімі және, демек, потенциалдық өзгермелі құн⁵⁵).

бойынша екі товар атқаратын жерлердің бәрінде іс жүзінде құн өлшемі ролін әрқашан олардың тек біреуі ғана атқарады» (*Карл Маркс. «Саяси экономика сынына», 52, 53-беттер [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 59, 60-беттер]*).

⁵⁴) *2-ші басылуына ескерту.* Бір танқаларлық жағдай. Англияда бір унция алтын, өлшемнің ақша единицасы ретінде, тек бөлшектердің бүтін санына бөлінбейді, мұның мәнісі былай: «Біздегі монета системасы алғашқы кезде тек күмісті ғана қолдануға ыңғайланған болатын,— сондықтан бір унция күміс әрқашан белгілі мөлшердегі тек монеталарға бөлінеді; ал күміске ғана ыңғайланған монета системасына алтын кейінірек енгізілгендіктен алтын унциясы теңбе-тең монеталардың бүтін санына бөлуге келмейді» (*MacLaren. «History of the Currency», London, 1858, p. 16*).

⁵⁵) *2-ші басылуына ескерту.* Ағылшын авторларының шығармаларында «құн өлшемі» (measure of value) және «баға масштабы» (standard of value) деген ұғымдар адам айтқысыз шатастырылып жіберілген. Бұл функциялардың өздері, демек, олардың аттары да үнемі шатастырылып отырады.

Алдымен айқын нәрсе мынау: алтын құнының өзгеруі еш бір ретте оның бағалар масштабы ретіндегі қызметіне әсерін тигізе алмайды. Алтын құны қалай өзгерсе де, оның белгілі мөлшерлерінің құны өзара бірдей қатынас сақтап қалады. Егер алтын құны тіпті мың есе кемісе де, 12 унция алтынның құны бір унция алтынға қарағанда бұрынғысынша он екі есе артық болады, ал бағаларды тағайындарда әңгіме алтынның әртүрлі мөлшерлерінің бір-біріне қатынастары туралы ғана болады. Екінші жағынан, алтын құны төмендегенде немесе жоғарылағанда бір унция алтынның салмағы өзгеріссіз қалады, сондықтан унцияның жеке бөлшектерінің салмағы да өзгеріссіз қалады; демек, алтынның құны қалай өзгерсе де, бағаның тағайындалған масштабы ретінде, алтын әрқашан сол бір қызметін атқара береді.

Алтын құнының өзгеруі оның құн өлшемі ретіндегі қызметіне де бөгет жасай алмайды. Мұндай өзгеріс барлық товарларда бір кезде болады, сондықтан *ceteris paribus* [басқа барабар жағдайларда] олардың өзара относителді құндарын өзгертпейді, тіпті бұл құндар бұрынғысынан бірде неғұрлым жоғары, бірде неғұрлым төмен алтын бағаларымен есептелетін күнде де өзгертпейді.

Бір товардың құны екінші бір товардың тұтыну құны арқылы көрінетін кезде де, товарларды алтын арқылы бағалағанда да бір ғана нәрсе ұйғарылады: кәзіргі кезде алтынның пәлендей мөлшерін өндіру құны пәлендей мөлшердегі сібекке тең деп ұйғарылады. Жалпы товар бағаларының өзгерісіне келетін болсақ, оған құнның жәй относителді көрінісінің жоғарыда баяндалған заңдарын қолдануға болады.

Ақша құны өзгермей тұрғанда товар бағалары тек мына жағдайда ғана, сол товарлардың құндары көтерілген күнде ғана жаппай көтеріледі; товар құны өзгермей тұрғанда ақша құны төмендейтін болса ғана көтеріледі. Және мұның керісінше. Ақша құны өзгермей тұрған кезде барлық товарлар бағасы тек мына жағдайда ғана, товарлар құны төмендеген күнде ғана төмендейді; товар құндары өзгермей тұрған кезде,— ақша құны көтерілген күнде ғана төмендейді. Бұдан ақша құнының көтерілуі әрқашан товар бағаларының пропорциялы түрде төмендеуіне, ал ақша құнының төмендеуі товар бағаларының пропорциялы түрде көтерілуіне себепкер болады деген қорытынды әсте тумайды. Тек құны өзгермей қалатын товарлар жөнінде ғана осылай деу дұрыс болады. Мәселен, құны ақшаның құнымен бір кезде және бір пропорцияда өсетін товарлар өздерінің бағаларын өзгеріссіз сақтап қалады. Егер олардың құны, ақшаның құнына қарағанда, баяу немесе тез көтерілетін болса, онда олардың бағаларының тө-

мендеуі немесе көтерілуі товарлар құны өзгерісі мен ақша құны өзгерісі арасындағы айырмаға байланысты, т. т.

Енді баға формасын қарауға қайта оралайық.

Бірақатар әртүрлі себептер бойынша металдың салмағы жағынан белгілі мөлшерлерінің ақшалай аттары бірте-бірте өздерінің алғашқы салмақ аттарынан бөліне бастайды. Бұл себептердің ішінде тарихи шешуші себеп болғандары мыналар: 1) Дамудың анағұрлым төменгі сатыларында тұрған халықтарға шетелдік ақша енгізу. Мәселен, Ертедегі Римде алтын мен күміс монеталары әуелі шетелдік товарлар ретінде айналып отырды. Бұл шетелдік ақшаның аттары, әрине, жергілікті салмақ единицаларынан өзгеше. 2) Байлықтың дамуына байланысты кемдеу асыл металл құнның өлшемі болу жөніндегі қызметінен айырылып, оның орнын артықтау асыл металл басады: алтын мен күміс ғасырларының ақындық шежіресіне ⁴³ бұл тәртіп қайшы келе тұрса да, мыстың орнын күміс басады, күмістің орнын алтын басады ⁵⁶). Мәселен, фунт стерлинг күмістің шын қадағының ақшалай аты болды. Бірақ құн өлшемі болған күмістің орнын алтын басқан кезде бұл аттың өзі алтынның санына, алтын мен күміс құндарының арасындағы қатынастарға байланысты, мүмкін, қадақтың $\frac{1}{15}$ бөлегі болып табылатын санына қолданыла бастады. Қадақ (фунт) ақшаның аты ретінде және алтынның белгілі бір санының кәдімгі салмақ аты ретінде енді екіге бөлінді ⁵⁷). 3) Бірсыпыра ғасырлар бойы патша ағзамдар монеталарды үнемі жалған түрде жасаумен шұғылданып келді, осының салдарынан монеталардың алғашқы салмағынан шынында да тек жалғыз аттары ғана қалды ⁵⁸).

Осындай тарихи процестердің арқасында металдың салмақ сандарының ақшалай атының олардың салмақ аттарынан бөлінуі халықтың дағдылы ісіне айналады. Ақша масштабы, бір жағынан, мүлде шартты нәрсе, ал екінші жағынан, жалпылама танылуға тиіс болғандықтан ол, ақыр аяғында, заң жүзінде реттеледі. Асыл металдың белгілі салмақ саны, мәселен, алтынның унциясы, ресми түрде белгілі бөлшектерге бөлінеді; бұларға өзінің осындай жария түрде дүниеге келерінде белгілі есімдер, мәселен, фунт, талер деген сияқты аттар қойылады. Енді осындай әрбір бөлшек сөздің дәл мағ-

⁵⁶) Дегенмен, бұл шежіре де барлық халықтарда бірдей кездесе бермейді.

⁵⁷) *2-ші басылуына ескерту.* Мәселен, ағылшын қадағы (фунты) кәзіргі кезде өзінің алғашқы салмағының $\frac{1}{3}$ бөлегінен кемірек, шотланд қадағы бірігуден ⁴⁴ сәл бұрын — тек $\frac{1}{36}$, француз ливрі — $\frac{1}{74}$, испан мараведіні — $\frac{1}{1000}$ -ден кемірек, португал рейсі — бұдан да кем.

⁵⁸) *2-ші басылуына ескерту.* «Кәзір тек жорамал аттары ғана бар монеталар — әрбір ұлттың ең ескі монеталары; ал бір кезде олардың бәрі шынайы болатын-ды, шынайы болғандықтан да есеп айырысатын ақша болған-ды» (*Galliani. «Della Moneta»*, p. 153).

насында ақша өлшемі единицасы бола отырып, өз тарапынан жаңа бөлшектерге бөлінеді, олардың әрқайсысына заң жүзінде шиллинг, пенни деген сияқты аттар тағылады⁵⁹⁾. Қалай дегенмен де металдың белгілібір салмақ сандары бұрынғысынша металл ақшаның масштабы болып қала береді. Тек бөлшектерге бөлу әдісі мен олардың аттары ғана өзгереді.

Сонымен, товардың құндары ойша телінетін баға, яки алтын саны енді ақша аттарынан, яки алтын масштабының заң жүзінде танылған есептік аттарынан көрінеді. Бидайдың бір кварталі бір унция алтынға тең деп айтудың орнына ағылшын: 3 фунт стерлинг 17 шиллинг 10½ пенниге тең болады дейді. Сонымен, ақша аттарынан товарлар өздерінің қанша тұратынын көрсетеді, ал ақша қайсыбір затты құн ретінде, яғни ақша формасында көрсету керек болған кезде есеп айырысу ақшасы ретінде қызмет етеді⁶⁰⁾.

Қайсыбір заттың аты оның жаратылысымен ешбір байланысты болмайды. Егер бір адамды Яков деп атайтынын ғана білсем, мен ол адам жөнінде мүлдем ешнәрсе білмейтін болғаным. Дәл сол сияқты, фунт, талер, франк, дукат және т. т. деген ақша аттарында құн қатынасының ешбір ізі қалмайды. Ақша аттары товар құнын да, металдың осы салмағының, ақша масштабының белгілібір бөлімін де бір кезде көрсетсе, бұл жұмбақ таңбалардың шын мағнасы жөніндегі адасу соғұрлым елеулі болады⁶¹⁾. Екінші жағынан, құн, товар дүниесінің әр-алуан ала-құла тұлғаларынан өзгеше, осы өлшемге келмейтін заттық формада, сонымен қатар таза қоғамдық формада дамуы қажет⁶²⁾.

⁵⁹⁾ 2-ші басылуына ескерту. Давид Уркарт мырза өзінің «Familiar Words» деген еңбегінде көзгі кезде ағылшын ақша масштабының единицасы қадақтың (фунт стерлингтің) шамамен алғанда алтын унциясының ¼ бөлігіне тең екендігін сорақылық (!) деп атайды: «Бұл — өлшем масштабын тағайындау емес, оны бұрмалаушылық» — дейді ол. Алтын салмағына осындай «жалған ат» тағылуын ол барлық жерде де цивилизацияның бұрмалаушылық қол сұққандығынан деп біледі.

⁶⁰⁾ 2-ші басылуына ескерту. «Анахарсистен эллиндер ақшаны не үшін қолданады деп сұраған кезде, ол: есеп айырысу үшін деп жауап берген» (*Athenaeus*. «*Deipnosophistarum* [libri quindecim], I. IV, 49, v. II, ed. Schweighäuser, 1802 [p. 120]).

⁶¹⁾ 2-ші басылуына ескерту. «Алтын баға масштабы ретінде, товарлардың бағасы сияқты, нақ сол есеп айырысу аттарымен көрінетін болғандықтан, — мәселен, дәл темір тоннасының құны сияқты, алтынның унциясы да 3 фунт стерлинг 17 шиллинг 10½ пеннимен бейнеленетін болғандықтан, — жұрт алтынның бұл есеп айырысу аттарын оның монеталық бағасы деп атаған. Осыдан келіп алтын (немесе күміс) өз материалы арқылы бағаланады және, барлық басқа товарлардан өзгеше, оның тұрақты бағасын мемлекет белгілейді деген ғажап ұғым туған. Алтынның белгілібір салмақ сандарының есеп айырысу аттарының тағайындалуын жұрт осы салмақ сандары құнының белгісі деп білген» (*Карл Маркс*. «Саяси экономия сынына», 52-бет [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 59-бет]).

⁶²⁾ Салыстырыңыз: «Өлшемнің ақша единицасының теорияларды», «Саяси экономия сынына» деген еңбекте, 53 және келесі беттер [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 60 және келесі беттер]. «Монета бағасының» көтерілуі немесе төмендеуі жөніндегі фантазиялардың бәрі мынаған келіп тіреледі: мемлекеттік өкіметтің актісі бойынша заң жүзінде белгіленген ақша аттарын алтынның немесе күмістің заң жүзінде белгіленген салмақ сандарынан анағұрлым ірі немесе анағұрлым ұсақ салмақ бөлшектеріне ауыстыру, мәселен, болашақ уақытта алтынның ¼ унциясынан 20 шиллинг орнына 40 шиллинг шығару болып табылады. Осындай фантазиялардың бәрі — бұлар жеке және мемлекеттік кредиторларға қарсы бағыттал-

Баға дегеніміз товарға сіңген еңбектің ақшалай аты. Демек, товардың және аты товардың бағасы болып табылатын ақшаның эквиваленттігі жәй қайталау ғана, тіпті жалпы алғанда товар құнының относителді көрінісі сонымен қатар екі товардың эквиваленттігінің көрінісі болып табылады⁶³⁾. Бірақ егер баға товар құнының мөлшерін көрсетуші ретінде сонымен қатар оның ақшаға шаққандағы айырбас қатынасының көрсеткіші болып табылатын болса, онда бұдан товардың ақшаға айырбас қатынасының көрсеткіші сөзсіз құн мөлшерінің де көрсеткіші болуға тиіс деген кері қағида тым майды. Тең мөлшерлі қоғамдық қажетті еңбек бидайдың 1 кварталі және 2 фунт стерлинг ($\frac{1}{2}$ унция алтын шамасында) болады дейік. 2 ф. ст. бір квартал бидай құны мөлшерінің ақшалай көрінісі, яки оның бағасы болып табылады. Бірақ егер түрлі жағдайлар бұл кварталдің бағасын 3 ф. ст. етіп тағайындауға мүмкіндік беретін болса немесе оның бағасын 1 ф. ст. етіп тағайындауға мәжбүр етсе, онда, сірә, 1 ф. ст. бидай құны мөлшерінің тым аз, ал 3 ф. ст. тым көп көрінісі болмақ,— дегенмен бұл ретте 1 ф. ст. те, 3 ф. ст. те — бидай бағасы, өйткені, біріншіден, олар — бидай құнының формасы, ақша және, екіншіден, олар — бидайдың ақшаға айырбас қатынасының көрсеткіші. Өндіріс жағдайлары өзгермей тұрғанда немесе еңбектің өндіргіш күші өзгермей тұрғанда бидайдың бір кварталін ұдайы өндіруге жұмсалатын қоғамдық жұмыс уақыты қалайда бірдей болуға тиіс. Бұл жағдай бидай өндірушілердің де, басқа товар иелерінің де еркіне байланысты емес. Сонымен, товар құнының мөлшері товар жасау процесінің өзіне тән, қажетті қатынасын — товардың қоғамдық жұмыс уақытына қатынасын көрсетеді. Құн мөлшерінің бағаға айналуымен байланысты бұл қажетті қатынас белгілібір товардың өзінен тыс тұрған ақша товарға айырбас қатынасы ретінде көрінеді. Бірақ бұл айырбас қатынасынан товар құнының мөлшері де, онымен салыстырғанда, белгілібір жағдайларда товардың басқаға ауысқан кезінде болатын, залал мен пайда да көріне алады. Демек, баға мен құн мөлшерінің сан жағынан бірдей болмай шығу мүмкіндігі, яки бағаның құн

ған жәй ғана дәрекі финанстық қулық-сұмдық емес, қайта экономика жағынан «бәрі де емдел жазатын дәрі» іздеуді мақсат етіп қояды — Петтидің «Quantulumcumque conserning Money. To The Lord Marquis of Halifax, 1682» деген шығармасында ақ тамаша сипатталған болатын. Петтидің талдауы мәселені толық шешкені соншалық, ең бергілерін былай қойғанда, тіпті оның тікелей мирасқорлары, сэр Дадли Норс пен Джон Локк та, оның ойларын тек тұрпайы түрде бұрмалаумен болды. «Егер елдің байлығы,— дейді ол сөз арасында,— декрет арқылы он есе көбейетін болса, онда мұндай декреттерді біздің ұжымгеріміздің әлдеқашан-ақ шығармағаны таңданарлық нәрсе болған болар еді» (жана ғана аты аталған еңбекте, 36-бет).

⁶³⁾ «Немесе ақшадағы миллион товардағы тең құннан көп тұрады» (*Le-Trosne* цитата алынған шығармасының 919-беті), демек, «бір құн өзіне тең басқа құннан көп тұрады деп мойындауға тура келеді».

мөлшерінен ауытқу мүмкіндігі, баға формасының өзінде-ақ жатыр. Ал мұның өзі осы форманың кемшілігі емес, — қайта нақ осы ерекше сипат оны көзіргі өндіріс әдісінің барабар формасы етеді; мұндай өндіріс әдісі тұсында ереже тек мылқау әрекет етуші орта сан заңы ретінде ғана шым-шытырық былық арасынан өзіне жол салып өте алады.

Бірақ баға формасы құн мөлшері мен баға арасында, яғни құн мөлшері мен оның өзінің ақшалай көрінісі арасында сан жағынан бірдей болмау мүмкіндігіне жол берумен бірге ол, өз бойында сала қайшылығын да бүркемелей алады, осының салдарынан, ақша тек товар құнының формасы ғана бола тұрса да, баға тегінде құн көрінісі болудан қалады. Өздерін жеке алғанда товар емес заттар, мәселен, ар, намыс және т. т. өз иелері үшін сату заттары бола алады, сөйтіп, өзінің бағасы арқасында товар формасын ала алады. Демек, заттың құны болмаса да, формальдық жағынан бағасы болуы мүмкін. Бағаның көрінісі бұл арада, математикадағы белгілі мөлшерлер сияқты, алдамшы көрініс. Екінші жағынан, бағаның алдамшы формасында, — мәселен, адам еңбегі сіңбегендіктен құны болмайтын, өңделмеген жердің бағасында — бүркеулі жатқан шын құн қатынасының немесе одан туынды қатынастың болуы мүмкін.

Баға, жалпы құнның относителді формасы сияқты, товардың, мәселен, бір тонна темірдің құнын көрсетеді, көрсеткенде эквиваленттің белгілі саны, мәселен, бір унция алтын әрқашан тікелей темірге айырбасталатын етіп көрсетеді; алайда, бұдан: темір де өз тарапынан тікелей алтынға айырбастала алады деген ұғым әсте тумайды. Сонымен, іс жүзінде айырбас құнының міндетін атқару үшін, товар өзінің заттай тұлғасын сыпырып тастауға тиіс, жорамал алтыннан шын алтынға айналуға тиіс; мұндай өзгеріс товар үшін өте қиынға соқса да, гегельдік «ұғым» үшін қажеттіліктен еркіндікке өтуден де, омар үшін өзінің қауызын тастаудан да, немесе қасиетті Иероним үшін қаусаған Адамды аластаудан да қиын болғанымен керек болады⁶⁴⁾. Өзінің шынайы, мәселен, темірлік бейнесімен қатар, товар баға арқылы құнның идеалдық бейнесі, яки алтынның ойдағы бейнесі бола алады, бірақ ол бір мезгілде әрі темір, әрі алтын бола алмайды. Товарға баға қою үшін оған ойдағы алтынды теңеу жеткілікті. Бірақ ол өз иесі үшін жалпылық эквиваленттің ролін атқару үшін нағыз алтынға айыр-

⁶⁴⁾ Егер Иеронимге жас кезінде өзінің материалдық нәпсісің тыю қаншалық қиынға түскен болса, — мұны оның жапан далада сұлу әйелдердің бейнелерімен алысуы көрсетеді, — онда есейген кезінде оған өзінің рухани нәпсісің жөнге салу соншалықты қиын болды. Ол, мәселен, былай дейді: «Мен өз ойымда дүние төрешісінің алдына келдім». «Сен кімсің?» — деді дауыс. «Мен христианмын», «Өтірік», — деп күрілдеді дүние төрешісі, — «сен тек цинерондықсың»⁶⁶⁾.

басталуға тиіс. Егер, мәселен, темірдің иесі басқа бір әсем товардың иесімен кездесіп, темірдің бағасы енді ақшалай форма болады десе, онда әлгі адам, әрине, аспандағы әулие Петр өзінің алдында діннің мәнін баяндаған Дантеге қалай жауап берген болса, солай жауап қайырған болар еді:

«Салмағы мен сынында
Ешбір мін жоқ ақшаның,
Бірақ сол ақша
Табыла ма қалтаңнан»⁴⁵.

Баға формасы товардың ақшаға өткізілуін және товардың осылай ауысуын қажет етеді. Екінші жағынан, алтын құнның ойдағы өлшемі ретінде қызмет атқарады, өйткені ол бұрыннан-ақ айырбас процесінде ақшалай товар ретінде айналыста жүр. Сонымен, құнның ойдағы өлшемінде сылдырлаған монета жатыр.

2. АИНАЛЫС ҚҰРАЛЫ

а) ТОВАР МЕТАМОРФОЗЫ

Біз товар айырбасы процесінің өзінде қарама-қарсы және бірін-бірі жоққа шығаратын қатынастардың бар екенін көрдік. Товардың дамуы бұл қайшылықтарды жоймайды, тек олардың қозғалысы үшін форма жасайды. Шын қайшылықтарды шешуге себепкер болатын әдіс тегінде міне осындай. Мәселен, бір заттың екінші затқа үнемі құлауында және үнемі одан қашықтауында қайшылық бар. Эллипсис — қозғалыс формаларының бірі, мұнда бұл қайшылық бір мезгілде орын теуіп, бір мезгілде шешіледі.

Айырбас процесі товарларды олар тұтыну құны болмайтын қолдан олар тұтыну құны болатын қолға өткізетін болса, бұл процестің заттардың қоғамдық айырбасы болғаны. Еңбектің бір пайдалы түрінің өнімі еңбектің екінші бір пайдалы түрінің өнімі орнына тұра қалады. Товар тұтыну құны болып қызмет атқаратын пунктке жеткеннен кейін ол товар айырбасы саласынан шығып, тұтыну саласына өтеді. Бұл арада бізге керегі тек бірінші саласы ғана. Сондықтан біз бүкіл процесті тек форма жағынан ғана алып қараймыз, демек, товар формаларының ауысуын, яки метаморфозын, заттардың қоғамдық айырбасына себепкер болатын жағын ғана алып қараймыз.

Тіпті құнды түсінуде де көмескілік бар екенін есептемегеннің өзінде, формалардың бұл ауысуын мүлдем шала түсінудің себебі — товар формасының әрбір өзгерісі екі товардың: жәй товар мен ақша товардың айырбасы арқылы іс жүзіне

асады. Заттардың осы жағдайына ғана, товардың алтынға айырбасталуына ғана назар аударған жұрт нақ ең алдымен көруге тиісті нәрсені, атап айтқанда товар формасының не күйге түсетінін естен шығарады. Товар ретінде ғана қаралатын алтынның әлі ақша емес екендігін, басқа товарлар өздерінің бағалары арқылы өздерінің ақшалай бейнесі ретіндегі алтынға өздерін теңейтінін естен шығарады.

Айырбас процесіне товарлар алтынданбай, тәттіленбей, анадан қалай туса, солай енеді. Айырбас процесі товарды екі айырады: оны товарға және ақшаға бөледі, бұл сыртқы қарама-қарсылық, мұнда товарлар тұтыну құны мен құн арасындағы ішкі қарама-қарсылығын көрсетеді. Бұл қарама-қарсылықта тұтыну құны ретіндегі товарлар айырбас құны ретіндегі ақшаға қарсы тұрады. Алайда онымен қатар бұл қарама-қарсылықтың екі жағы да товар, яғни тұтыну құны мен құнның бірлігі болып табылады. Бірақ екі жақтың әрқайсысындағы айырмашылықтың бұл бірлігі қарама-қарсы көрсетілген, сондықтан ол сонымен қатар олардың қарым-қатынасын көрсетеді. Товар — шын мәнісінде тұтыну құны: оның құндық болмысы идеалдық түрде баға арқылы ғана көрінеді, баға оның алтынға қатысын көрсетеді, ал алтын товарға оның құнының шынайы бейнесі ретінде қарсы тұрады. Керісінше, алтын заты тек материалданған құнның, яғни ақшаның ролін атқарады. Сондықтан алтын — шын мәнісінде айырбас құны. Оның тұтыну құны әзірше тек ойда ғана құнның бірсыпыра относительді көріністерінде байқалады, бұлар арқылы алтын өзінің шынайы тұтыну формаларының жинағы ретінде өзіне қарсы тұрған товарларға шағылады. Товарлардың бұл қарама-қарсы формалары айырбас процесіндегі олардың өзгерістерінің шын формалары болып табылады.

Енді белгілі бір товар иесімен, ең болмаса біздің ескі танысымызбен, кенеп тоқушымен, ілесіп айырбас процесінің алаңына, товар рыногіне барайық. Оның товарының, 20 кез кенептің белгілі бағасы бар. Бұл баға 2 фунт стерлингке тең. Ол кенепті 2 фунт стерлингке айырбастайды, сөйтіп өзі ескілікті дәстүрді берік ұстайтын адам болғасын, сол 2 фунт стерлингті қайтадан сондай бағадағы семьялық тауратқа айырбастайды. Кенеп ол үшін тек товар ғана, құнның тұлғасы ғана; кенеп алтынға, өз құнының бейнесіне айырбасталып өзгеге ауысады да, осы түрінде қайтадан басқа товарға, тауратқа, айналады, алайда бұл таурат енді тоқымашының үйіне тұтыну мүлкі ретінде барады да, онда жанға шипа боларлық дұғаның керегін өтейді. Товар айырбасының процесі, сонымен, қарама-қарсы және бірін бірі толықтырушы екі метаморфоз түрінде — товардың ақшаға айналуы және оның ақшадан товарға кері

айналуы түрінде болып жатады⁶⁵⁾. Товар метаморфозының кезеңдері сонымен бірге товар иесінің сауда-саттығы — сатуы, товарды ақшаға айырбастауы; сатып алуы, ақшаны товарға айырбастауы және осы екі актінің: сатып алу үшін сатудың бірлігі болып табылады.

Егер тоқымашы өз сауда-саттығының ақырғы нәтижесіне ғана назар аударатын болса, онда былай болып шығады: ол кенептің орнына таурат алады, өзінің алғашқы товарының орнына нақ сондай құны бар, бірақ пайдалылығы өзгеше басқа товарға ие болады. Осындай жолмен ол өзіне қажетті барлық басқа да тіршілік заттары мен өндіріс құрал-жабдықтарын иемденіп отырады. Оның пікірінше бүкіл процесс оның еңбегінің өнімін өзге адамның еңбегінің өніміне айырбастауға, өнімдер айырбасына ғана дәнекер болып отыр.

Сонымен, товар айырбасының процесі формалардың мынадай ауысуы түрінде жүріп жатады.

Товар — Ақша — Товар
T — A — T

Өзінің заттай мазмұны жағынан бұл қозғалыс $T — T$, товардың товарға айырбасы, қоғамдық еңбек заттарының айырбасы болып табылады, мұның ақырғы нәтижесінде процестің өзі де аяқталады.

$T — A$. Товардың бірінші метаморфозы, яки сату. Товар құнының товар тұлғасынан ақша тұлғасына енуі, менің басқа жерде атағанымдай⁴⁷⁾, товардың *salto mortale*-сі болып табылады. Егер бұл іске аспаса, онда товардың өзі болмағанмен, оның иесі өз үмітінен алданып қалады. Еңбектің қоғамдық бөлінісі товар иесінің еңбегін оның керектері қаншалық жан-жақты болса, соншалық біржақты етеді. Нақ сондықтан да оның өнімі ол үшін тек айырбас құны болып табылады. Жалпылық, қоғамдық мәні бар эквиваленттік форманы ол ақша арқылы ғана алады, ал ақша өзгенің қалтасында жатыр. Ақшаны одан алу үшін товар алдымен ақша иесі үшін тұтыну құны болуға тиіс, яғни оған жұмсалған еңбек қоғамдық пайдалы формада жұмсалуға тиіс, яки қоғамдық еңбек бөлінісінің шын буыны болуға тиіс. Бірақ еңбек бөлінісі табиғи өсіп шыққан өндірістік организм, мұның өрмегі товар өндірушілерден тыс тоқылған және одан әрі тоқылуда. Товар жаңадан пайда болған қажетті қанағаттандырудан дәмеленетін еңбектің

⁶⁵⁾ «Отқа, — дейді Гераклит, — бәрі айырбасталады, ал от — бәріне айырбасталады, сол сияқты товар алтыңға, ал алтын товарға айырбасталады» (*F. Lassalle. «Die Philosophie Herakleitos des Dunkeln»*. Berlin, 1858, Bd. I, S. 222). Бұл жерге берілген ескертуінде, 224-бет, 3-ескерту, Лассаль ақшаны құнның жәй ғана белгісі деп теріс көрсеткен.

жаңа түрінің өнімі бола алады немесе пәлендей бір қажетті өз бетімен енді ғана туғызғысы келеді. Белгілі еңбек операциясы, күні кеше нақ сол бір товар өндірушінің көп қызметтерінің бірі болған операция, бүгін, мүмкін, бұл байланысты үзер, дербес нәрсе ретінде оқшауланар және нақ сондықтан да өзінің бірен-саран өнімін дербес товар ретінде рынокке жіберер. Оқшауланудың бұл процесі үшін қоғамдық жағдайлардың жеткілікті не жеткіліксіз жетілуі мүмкін. Бүгін бұл өнім белгілі қоғамдық керекті қанағаттандырар. Ертең оны, мүмкін, өзі сияқты басқа товар толық немесе шінара өз орнынан қуып шығар. Ал тіпті товарлардың осы өндірушісінің, мәселен, біздің тоқымашының еңбегі қоғамдық еңбек бөлінісінің патенттелген буыны болса да, мұның өзі нақ оның 20 кез кенесінің тұтыну құны болатындығына әсте кепіл бола алмайды. Егер кенеп жөніндегі қоғам керегі—басқа нәрсе атаулы сияқты мұның да шегі бар ғой — бұл тоқымашының бәсекелестері тарапынан қанағаттандырылған болса, біздің достың өнімі басы артық, керексіз өнім болып қалады, демек, пайдасыз болып шығады. Әрине, сыйға тартқан аттың тісіне қарамас болар, бірақ біздің тоқымашы рынокке барғанда әсте сыйлық жасау үшін барған жоқ. Алайда, айталық, оның өнімінің іс жүзінде тұтыну құны бар және, демек, осы товарға ақша келеді дейік. Сонда нақ қанша ақша келеді деген сұрақ туады? Рас, жауап товар құнының мөлшерін көрсетуші, товардың бағасында-ақ берілген. Біз бұл арада товар иесінің есебіндегі таза субъективтік қателерді өз жайына қоямыз, өйткені бұларды сол сағатында-ақ рынок тұзейді. Өндіруші өз өніміне тек орта қоғамдық қажетті жұмыс уақытын жұмсаған-ақ болсын. Демек, товардың бағасы — ондағы қоғамдық еңбектің затқа айналған мөлшерінің ақшалай аты ғана. Бірақ кенеп тоқудың дәстүрлі өндірістік жағдайлары біздің тоқымашының рұхсатынсыз және оған қарамастан өзгерді. Кеше ғана бір кез кенепті өндіру үшін керек қоғамдық қажетті жұмыс уақыты болған нәрсе бүгін олай болудан қалды, сөйтіп ақшаның иесі бұл жағдайды біздің досымызға бағыт жариялайды, оған оның түрлі бәсекелестері тағайындаған бағаны көрсетеді. Оның сорына, дүниеде тоқымашылар көп. Айтайық, ақырында, рынокте бар әрбір бөлшек кенептің өзінде тек қоғамдық қажетті жұмыс уақыты бар дейік. Дегенмен бұл бөлшектердің жалпы сомасының өзінде артық жұмсалған жұмыс уақыты болуы мүмкін. Егер рынок әрбір кезі 2 шиллинг тұратын қалыпты баға бойынша барлық кенепті құрсағына сыйғыза алмаса, онда мұның өзі қоғамның барлық жұмыс уақытының тым көп бөлегі кенепті тоқу түрінде жұмсалғанын дәлелдейді. Мұндағы нәтиже, әрбір жеке тоқымашы өз басының шығаратын өніміне қоғамдық қажетті жұмыс уақытынан

көп уақыт жұмсаған жағдайдағыдай болып шығады. Бұл арада: «Бірге ұсталды, бірге асылды» деген мәтел орынды келіп жатыр. Бүкіл кенеп рынокте бір товар ретінде, оның әрбір бөлшегі тек осы бір товардың тиісті бөлегі ретінде көрінеді. Шынында да әрбір жеке кездің құны — бір тектес адам еңбегінің нақ сол қоғамдық белгілі мөлшерінің материалданған түрі ғана*.

Байқап отырғанымыздай, товар ақшаны тәуір көреді, бірақ «the course of true love never does run smooth»⁴⁸. Еңбек бөлінісінің системасында өзінің *membra disjecta* [жеке-дара мүшелерін]⁴⁹ жарыққа шығаратын қоғамдық-өндірістік организмнің сапалық құрылымы қандай стихиялық кездейсоқ нәрсе болса, оның сандық құрылымы да нақ сондай стихиялық кездейсоқтығымен көзге түседі. Біздің товар иелері, сонымен, мынаны ашып отыр: оларды тәуелсіз жеке өндірушілер ететін еңбек бөлінісінің нақ өзі сонымен бірге қоғамдық өндіріс процесін және бұл процестегі олардың өз қатынастарын олардың өздерінен тәуелсіз етеді, сөйтіп адамдардың бір-бірінен тәуелсіздігі жан-жақты заттай тәуелділіктің системасымен толықтырылады.

Еңбек бөлінісі еңбек өнімін товарға айналдырады және сондықтан оның ақшаға айналуын қажет етеді. Мұның өзі сонымен қатар бұл өзгерістің болатын-болмайтынын жағдайдың ісіне айналдырады. Бірақ бұл арада біз құбылысты таза күйінде алып қарауға тиістіміз, демек, оны дұрыс жағдайда деп ұйғаруымыз керек. Сонда да, егер бұл процесс тегінде жасалатын болса, яғни егер товар сатылған болып шықса, онда форма әрдайым өзгереді, ал форманың мұндай қалыптан тыс өзгерісі кезіндегі жағдайларда субстанция — құн мөлшері — кеміп я артып отыруы мүмкін.

Товар иесінің біреуі үшін алтын оның товарының орнын басады, екіншісі үшін — товар оның алтынының орнын басады. Сезім арқылы ұғылатын құбылыс мынада: товар мен алтын, 20 кез кенеп пен 2 ф. ст., бір қолдан екінші қолға өтеді, бір орыннан екінші орынға ауысады, яғни бір-біріне айырбасталады. Сонда товар неге айырбасталады? Өз құнының жалпылық бейнесіне айырбасталады. Ал алтын ше? Өз тұтыну құнының ерекше түріне айырбасталады. Ақша ретінде алтын кенепке неліктен қарсы тұрады? Неге десеңіз кенептің бағасы, 2 ф. ст., яғни оның ақшалай аты, енді оның ақша ретіндегі ал-

* Н. Ф. Даниельсонға (Николай — онға) 1878 жылғы 28 ноябрьде жазған хатында Маркс бұл сөйлемді былайша түзетуді ұсынған: «Шынында да әрбір жеке кездің құны барлық кездерге жұмсалған сол қоғамдық еңбектің кейбір бөлегінің тек материалданған түрі ғана». Осы тәрізді түзету «Капиталдың» бірінші томының немісше екінші басылуының Маркке тиісті данасында да жасалған,—рас, бұл түзету Маркстің қолымен жасалмапты. *Ред.*

тынға қатынасын көрсетеді. Алғашқы товарлық форма товардың қолдан қолға өту жолымен алынып тасталады, демек, товардың тұтыну құны товардың бағасы арқылы тек ойда ғана болатын алтынды өзіне шын тартқан кезде алынып тасталады. Сондықтан бағаны, яки товар құнының тек идеалдық формасын іс жүзіне асыру дегеніміз, екінші жағынан, ақшаның тек идеалдық тұтыну құнын іс жүзіне асыру деген сөз, — товардың ақшаға айналуы — сонымен қатар ақшаның товарға айналуы. Бұл бірыңғай процесс, сонымен, екі жақты нәрсе; оның бір жағы — товар иесі жағынан — сату, қарама-қарсы жағы — ақша иесі жағынан — сатып алу. Сату дегеніміз сатып алу, $T — A$ сонымен қатар $A — T$ ⁶⁶⁾.

Осы уақытқа дейін біз тек адамдар арасындағы бір ғана экономикалық қатынасты — товар иелерінің қатынасын білеміз, бұл қатынас бойынша товар иелері өзгенің еңбек өнімін тек өз еңбегі өнімін өткізу арқылы ғана иемденеді. Демек, бір товар иесі екінші товар иесіне ақша иесі ретінде тек мына себепті қарсы тұра алады: не оның еңбек өнімі жаратылысынан ақшалай формаға ие болады, яғни ақшалай материал, алтын болып табылады, не оның өз товары енді түлеп болған, өзінің алғашқы тұтыну формасын өзіне сыпырып тастаған болады. Ақша ретінде қызмет ету үшін алтын, әрине, белгілібір пунктте товар рыногіне түсуге тиіс. Бұл пункт оның өндірілетін жерінде, — алтын еңбектің тікелей өнімі ретінде еңбектің нақ сондай құны бар басқа өніміне айырбасталатын жерде болады. Бірақ, осы кезден бастап, алтын өзінде товардың іс жүзіне асқан бағаларын үздіксіз көрсетіп отырады⁶⁷⁾. Егер сол алтынның шыққан жерінде алтынның товарға айырбасталуын былай қоятын болсақ, онда әрбір товар иесінің қолында алтын оның өзгеге өткен товарының бөлініп шыққан бейнесі, сатудың, яки товардың бірінші $T — A$ метаморфозының өнімі болып қалады⁶⁸⁾. Алтынның идеалдық ақша, яки құн өлшемі болатын себебі мынадан: барлық товарлар өз құндарын сол арқылы өлшеді және сөйтіп оны өздерінің тұтыну формасының ойдағы қарама-қарсылығы, өздерінің құн бейнесі етіп қойды. Алтынның шынайы ақша болатын себебі мынадан: товарлар өздерінің қолдан қолға тынбай өту процесінде алтынды шынында да өздерінен бөлініп шыққан және өздерінің тұтыну құнының өзгерген формасы, демек, өздерінің құнының шын бейнесі етеді. Құн бейнесі ретінде, товар өзіндегі табиғи өскен тұтыну құны-

⁶⁶⁾ «Сату атаулының бәрі сонымен қатар сатып алу» (Dr. Quesnay. «Dialogues sur le Commerce et les Travaux des Artisans». «Physiocrates», ed. Daire, partie I. Paris. 1346, p. 170), немесе, сол Кенәнің өзі айтқандай, «сату — сатып алу деген сөз»⁶⁶⁾.

⁶⁷⁾ «Бір товардың бағасын тек екінші товардың бағасымен ғана өтеуге болады» (Mercier de la Rivière. «L'Ordre Naturel et Essentiel des Sociétés Politiques», «Physiocrates», ed. Daire, partie II, p. 554).

⁶⁸⁾ «Ақшалы болу үшін, алдымен сату керек» (сонда, 543-бет).

нан ешқандай із қалдырмайды, өзін жасаған ерекше пайдалы еңбектен ешқандай із қалдырмайды, сөйтіп адам еңбегі айырмашылықтарынан айырылған біртектес қоғамдық материалдық затқа айналады. Қандай сортты товардың ақшаға айналғанын ақшаның өзінен байқауға болмайды. Өзінің ақшалай формасында товар атаулының бәрі бір-біріне мүлде ұқсас болады. Көң әсте ақша болмаса да, оның ақша орнына жүруі мүмкін. Айталық, біздің тоқымашымыз өз товарын сатып алған екі алтын теңге — бір квартал бидайдың өзгерген формасы делік. Кенепті сату, $T - A$, сонымен бірге оны сатып алу, $A - T$, болып табылады. Бірақ кенепті сатумен бұл процесс қозғалыс ашады, ал бұл қозғалыс жаңағы актінің қарама-қарсылығымен, тауратты сатып алумен аяқталады; кенепті сатып алумен дәл жаңағы процесс қозғалысты — бұл актінің қарама-қарсылығынан — бидайды сатудан басталған қозғалысты аяқтайды. $T - A$ (кенеп — ақша), $T - A - T$ (кенеп — ақша — таурат) процесінің бірінші фазасы, сонымен бірге $A - T$ (ақша — кенеп), яғни екінші процесінің $T - A - T$ (бидай — ақша — кенеп) соңғы фазасы болып табылады. Товардың бірінші метаморфозы, оның товар формасынан ақшаға айналуы, әрқашан сонымен қатар қандай да бір басқа товардың екінші қарама-қарсы метаморфозы, жаңағы товардың ақшалай формасынан товарға кері айналуы болып табылады⁶⁹⁾.

$A - T$. Товардың екінші, яки қорытынды, метаморфозы — сатып алу. Ақша дегеніміз барлық басқа товарлардан олардың бөлініп шыққан бейнесі, яки олардың жаппай қолдан қолға өтуінің жемісі болғандықтан, ол мүлде бір қолда тұрмайтын товар болып табылады. Ақша барлық бағаларды кері бағытта есептейді, сөйтіп товарға айналуға көнімді материал ретіндегі барлық товар тұлғаларынан көрінеді. Сонымен бірге баға, товардың ақшаға деген осы ынтызар ишараты, ақшаға оның өзгеру қабілетінің шекарасын көрсетеді, атап айтқанда олардың өз санын көрсетеді. Ақшаға айналған товар өзінің товарлық түрін жоғалтады, сондықтан ақшада оның өз иесінің қолына дәл қалай түскенін және ақшаға не нәрсенің айналғанын көрсететін ешқандай із қалмайды. Ақшаның төркіні қалай болса да, ол *non olet* [ақшадан иіс шықпайды]⁵¹⁾. Егер, бір жағынан, ақша сатылған товар болатын болса, екінші жағынан, ол сатып алуға болатын товар болып табылады⁷⁰⁾.

$A - T$, яғни сатып алу, сонымен бірге сату, яки $T - A$;

⁶⁹⁾ Жоғарыда көрсетілгендей, алтын немесе күміс өндіруші адам бұл ережеге жатпайды, өйткені ол өз өнімін алдын ала сатпай-ақ айырбастайды.

⁷⁰⁾ «Біздің қолымыздағы ақша өзіміз сатып алғымыз келетін зат және сонымен қатар осы ақшаға өзіміз сатқан зат» (*Mercier de la Rivière*, цитат алынған шығармасының 586-беті).

демек, бұл товардың соңғы метаморфозы сонымен қатар белгілі бір басқа товардың бірінші метаморфозы болып табылады. Біздің тоқымашымыз үшін оның товарының өмірлік жолы тауратпен аяқталады, өйткені тоқымашы алған 2 фунт стерлингті осыған айналдырған. Бірақ тауратты сатушы тоқымашыдан алған 2 фунт стерлингті араққа айналдырады. $T — A — T$ (кенеп — ақша — таурат) процесінің қорытынды фазасы $A — T$ сонымен қатар $T — A$, яғни $T — A — T$ (таурат — ақша — арақ) бірінші фазасы болады. Товар өндіруші рынокке тек бір түрлі ғана өнім әкелетін болғандықтан, ол әдетте оны едәуір көп мөлшерде сатады; ал оның өзі өткізілген заттарының бағасын, яки өнген ақшалай соманы өзіне керекті көптеген түрлі нәрселерге үнемі бөлшектеп жұмсауға тиіс болады. Сөйтіп, сатылған бір товардың соңынан түрліше көп товар сатып алынады. Сонымен, бір товардың қорытынды метаморфозы басқа товарлардың алғашқы метаморфоздарының жинағын жасайды.

Егер біз енді қайсыбір товардың, мәселен, кенептің, метаморфозын тұтас алатын болсақ, онда біз алдымен мынаны көреміз: бұл метаморфоз $T — A$ және $A — T$ түріндегі қарама-қарсы және бірін бірі толықтыратын екі қозғалыстан құралады. Товардың бұл қарама-қарсы екі өзгерісі товар иесінің қарама-қарсы екі қоғамдық актісі арқылы іс жүзіне асады және сол товар иесінің екі қарама-қарсы экономикалық ролінен көрінеді. Сатудың агенті ретінде ол — сатушы, сатып алудың агенті ретінде ол — сатып алушы. Бірақ товар өзінің әрбір өзгерісінде бір мезгілде өзінің екі формасында — товарлық және ақшалай формасында — бұлар тек қарама-қарсы жақта ғана болып отырады — өмір сүреді, осы себепті бір товар иесінің өзіне, ол сатушы болғандықтан, басқа біреу сатып алушы ретінде қарсы тұрады, ал ол сатып алушы болатындығы себепті, сатушы ретінде оған басқа біреу қарсы тұрады. Бір товардың өзі дәйекті түрде қарама-қарсы екі өзгерістен — товардан ақшаға және ақшадан товарға ауысудан — қалай өтетін болса, дәл сол сияқты бір товар иесінің өзі сатушының ролін сатып алушының роліне ауыстырады. Демек, сатып алу мен сату тұрақты түрде телініп қалған роль емес, қайта товар айналысының процесінде бір адамнан екінші адамға үнемі ауысып отыратын роль болып табылады.

Товардың толық метаморфозы, өзінің жәй формасында, төрт түрлі шеткі жақты және үш түрлі *personae dramatis* [қатысушы адамды] қамтиды. Әуелі товар өз құнының бейнесі ретіндегі ақшаға қарсы тұрады, бұл бейне «екінші жақта», өзгенің қалтасында, өзінің сезілмелі шынайы заттық түрінде болады. Демек, товар иесіне ақша иесі қарама-қарсы тұрады. То-

вар ақшаға айналысымен-ақ ақша товардың өткінші эквиваленттік формасына айналады, мұның тұтыну құны немесе мазмұны «осы жақта», басқа товар тұлғаларында болады. Ақша товардың бірінші ауысуының түпкі пункті, сонымен қатар екінші ауысуының бастама пункті болып табылады. Демек, процестің бірінші актісіндегі сатушы екінші актіде сатып алушы болып табылады, мұнда оған үшінші товар иесі сатушы ретінде қарама-қарсы тұрады ⁷¹⁾.

Товар метаморфозы қозғалысының қарама-қарсы бағытталған екі фазасы ауыспалы айналым туғызады: товар формасы, товар формасын тастау, товар формасына қайта оралу. Қалай дегенде де товар бұл арада қарама-қарсы анықталады. Бастама пунктте ол тұтыну құны емес, соңғы пунктте ол — өз иесі үшін тұтыну құны. Дәл сол сияқты ақша әуелі құнның товар түріндегі қатты кристалы ретінде көрінеді, ал одан соң товардың өткінші эквиваленттік формасына айналып кетеді.

Бір товардың толық ауыспалы айналымын жасаушы екі метаморфоз сонымен қатар басқа екі товардың қарама-қарсы шінара метаморфозы болып табылады. Нақ сол бір товар (кенеп) өзінің бірсыпыра метаморфоздарын ашады және сонымен бірге басқа товардың (бидайдың) толық метаморфозын аяқтайды. Өзінің бірінші ауысуында, сату актісінде, товар әлгі екі рольде өзінің түр сипатымен көрінеді. Ал алтын қуыршаққа айналысымен осы түрінде оның өзі товар тұлғасы атаулының жолын өтеді, сонымен бірге ол кейбір үшінші товардың бірінші метаморфозын аяқтайды. Сонымен, әрбір товардың метаморфоз тізбегі жасайтын бұл ауыспалы айналым басқа товарлардың ауыспалы айналымдарымен тығыз байланысып жатады. Бұл процесс тұтас алғанда товар айналысы болып табылады.

Товар айналысы тек формасы жағынан ғана емес, сонымен қатар мәні жағынан да өнімдерді тікелей айырбастаудан өзгеше. Шынында да, жаңа ғана баяндалған процеске көз жіберейікші. Тоқымашы сөз жоқ кенепті тауратқа, өз товарын өзгенің товарына айырбастады. Бірақ бұл құбылыс дәл осы күйінде тек оның өзі үшін ғана өмір сүреді. Тауратты сатушы, салқын қасиетті заттан гөрі қыздырғыш ішімдікті тәуір көретін адам, оның тауратына кенептің айырбасталатынын мүлде ойламаған да болатын; дәл сол сияқты тоқымашы да оның кенепіне бидайдың айырбасталғанын мүлде сезбейді және т. т. *B* дейтін адамның товары *A* дейтін адамның товарының орнын басады, бірақ *A* мен *B* товарларын өзара айырбастамайды. Іс

⁷¹⁾ «Сонымен, бұл арада... төрт шеткі жағдай және үш контрагент болады, оның біреуі екі рет көрінеді» (*Le Trosne*, цитат алынған шығармасының 309-беті).

жүзінде *A* мен *B* бір-бірінен сатып алатын кездері де болады, бірақ мұндай кездейсоқ түйісушілік товар айналысының жалпы шарттарынан әсте тумайды. Бір жағынан, біз бұл арада товар айырбасы тікелей өнімдер айырбасының жеке және жергілікті шекарасын қалай бұзатынын және адам еңбегі заттарын айырбастауды қалай дамытатынын көреміз. Екінші жағынан, бұл арада қоғамдық байланыстардың тұтас бір тобы дамины, бұл байланыстар қатынасушы адамдардың бақылауынан тыс және табиғи қатынастар сипатында болады. Тоқымашының кенепті сата алатын себебі шаруаның бұдан бұрын бидай сатқандығынан ғана; араққұмардың тауратты сата алатын себебі тоқымашының кенеп сатқандығынан ғана; шарапшының өзінің қыздырғыш ішімдігін сата алатын себебі басқа біреудің мәңгілік жан азығын сатқандығынан ғана және т. т.

Осы себепті айналыс процесі, тұтыну құндары орындары мен иелерін ауыстырғаннан кейінгі жерде бітетін тікелей өнімдер айырбасы сияқты, аяқтала қоймайды. Ақша белгілі бір товардың метаморфоздар тізбегінен ақырында шығып қалатындығы себепті мүлде жоғалып кетпейді. Ақша айналыс процесінің белгілі бір товардан босаған жерлеріне барып үсті-үстіне іркіле береді. Мәселен, кенептің жалпы метаморфозында: кенеп — ақша — таурат метаморфозында, айналыстан алдымен кенеп шығады, оның орнын ақша басады, одан соң айналыстан таурат шығады, оның орнын тағы да ақша басады. Бір товардың орнын екінші товардың басуы арқасында үшінші адамның қолына ақшалай товар барып жабысады ⁷²⁾. Айналыс өз бойынан үздіксіз ақша терін шығарып тұрады.

Товар айналысы сатып алу мен сатудың арасында міндетті түрде теңбе-теңдік туғызады, өйткені әрбір сату сонымен бірге сатып алу және *vice versa* [керісінше] деп ойлайтын догматтан басқа қандай да болса дәрекілікті ойлап табу өте қиын. Егер мұнысымен шынында сатудың саны сатып алудың санына тең ғой деп айтқысы келетіндер болса, онда ондайлар мағнасыз ежіктеуге ұрынады. Алайда бұл догматпен сатушы өзімен бірге рынокке өзінің сатып алушысын ерте келеді дегенді дәлелдегісі келеді. Сатып алу мен сату — екі жақтағы қарама-қарсы адамдардың — ақша иесі мен товар иесінің өзара қатынасы ретіндегі бір акт болып табылады. Бірақ, нақ бір адамның қимылы ретінде, олар қарама-қарсы екі акт болып табылады. Сонымен, сату мен сатып алудың теңбе-теңдігі товар, айналыстың алхимиялық түбегіне түскеннен кейін, одан ақша түрінде шыға алмайтын болса, товар иесі оны сатпайтын болса, демек, ақша иесі оны сатып алмайтын болса, товардың

⁷²⁾ 2-ші басылуына ескерту. Бұл жағдай қаншама көзге түскенмен, оны көп реттерде экономистер, әсіресе vulgaris фритредерлер байқай алмай жүр.

пайдасыз болатынын көрсетеді. Бұл теңбе-теңдік одан соң мынаны көрсетеді: айырбас процесі, егер ол бола қалса, товар өміріндегі кейбір үзіліс, белгілі дәуір болып табылады, мұның өзі азды-көпті ұзақ болуы мүмкін. Товардың бірінші метаморфозы бір мезгілде сату мен сатып алу болып табылады, сонымен бірге бұл шінара процесс өз алдына дербес процесс болып табылады. Сатып алушының товары бар, сатушының ақшасы бар, яғни ертелі-кеш іс жүзінде қайтадан рынокке түсетініне байланыссыз айналысқа қабілетті формасын сақтайтын товары бар. Басқа біреу сатып алмайынша, ешкім де сата алмайды. Бірақ өзі бірдеңе сатқандықтан ғана басқа нәрсені дереу сатып алуға ешкім де міндетті емес. Товар айналысы өнімдер айырбасының уақытша, кеңістік және даралық шекараларын бұзатын себебі дәл мынадан: өз еңбегінің өнімін өткізу мен оның орнына өзгенің еңбегінің өнімін алу арасындағы тікелей теңбе-теңдік қарама-қарсы екі актіге — сату мен сатып алуға бөлінеді. Егер мүлде дербес процестер ретінде біріне бір қарсы тұратын процестер белгілі ішкі бірлік туғызатын болса, онда мұның өзі нақ мынаны көрсетеді: олардың ішкі бірлігі сыртқы қарама-қарсылықтардың қозғалысында іс жүзіне асады. Іштей дербес емес, яғни бірін бірі толықтырушы процестердің сыртқы оқшаулануы белгілі пунктке жеткен кезде олардың бірлігі зорлықпен — дағдарыс формасында көрінеді. Тұтыну құны мен құнның товарға тән қарама-қарсылығы, жеке еңбектің, сонымен қатар өзін тікелей қоғамдық еңбек ретінде көрсететін еңбектің қарама-қарсылығы, ерекше және нақты еңбектің, сонымен қатар тек абстрақтылы жалпылама еңбектің ғана маңызына ие болатын еңбектің қарама-қарсылығы, заттарды адамға телу мен адамдарды затқа телудің қарама-қарсылығы — бұл ішкі қайшылық товар метаморфозының қарама-қарсылықтарында өз қозғалысының дамулы формаларына ие болады. Демек, осы формалардың өзінде дағдарыстың мүмкіншілігі — алайда тек мүмкіншілігі — бар. Бұл мүмкіншіліктің шындыққа айналуы үшін тұтас қатынастар жиынтығы керек болады, бірақ мұндай қатынастар жәй товар айналысының шеңберінде әлі мүлде жоқ⁷³⁾.

⁷³⁾ Джемс Милль туралы менің ескертпелерімді салыстырыңыз: «Саяси экономия сынына», 74—76-беттер [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 79—81-беттер]. Бұл арада экономикалық апологетиканың әдістері ретінде екі пунктті атап өту керек. Біріншіден, товар айналысы мен тікелей өнім айырбасының айырмашылықтарын былай қойып, бұларды бірдей деп білу. Екіншіден, капиталистік өндіріс процесіне тән қайшылықтарды жоққа шығаруға әрекет ету; мұның өзі былайша жоққа шығарылады: капиталистік өндіріс агенттері арасындағы барлық қатынас товар айналысынан туатын жәй қатынастарға балауады. Сонымен бірге товар өндірісі мен товар айналысы, бұлардың көлемі мен маңызы әсте бірдей болмағанымен, әртүрлі өндіріс әдісіне тән құбылыстар. Демек, егер бізге товар айналысының әлгі өндіріс әдісінің бәріне ортақ абстрақтылы категориялары ғана белгілі болса, бұл өндіріс әдістерінің *differentia specificae* [сипатты ерекшеліктері] туралы мүлде ешнәрсе білмейміз, олар жөнінде ештеңе айта алмаймыз. Саяси экономиядан басқа бірде-бір ғылымда ең

Товар айналысының процесіндегі дәнекер ретінде ақша айналыс құралының қызметін атқарады.

б) АҚША АЙНАЛЫСЫ

Еңбек өнімдері арқылы зат айырбасы жасалатын формалар ауысуы, $T - A - T$, мынаған себепкер болады: сол бір құнның өзі, товар ретінде процестің бастама пункті бола отырып, нақ сол пунктте товар түрінде қайтадан қайтып оралады. Сонымен, товарлардың бұл қозғалысы ауыспалы айналым болып табылады. Екінші жағынан, нақ осы форма ақшаның ауыспалы айналымын болғызбайды. Бұл форманың нәтижесінде ақша өзінің бастама пунктіне қайта соқпай, одан үздіксіз алыстай береді. Товар сатушының қолында өзінің өзгерген түрінде, ақша түрінде сақталып тұрған кезде, бұл товар өзінің бірінші метаморфоз сатысында болады, яғни ол өз айналысының алғашқы жартысын ғана жасады. Процесс — сатып алу мақсатымен сату — аяқталған кезде, ақша да, ендігі жерде, өзінің алғашқы иесінің қолынан алыстап кетті. Рас, егер тоқушы тауратты сатып алғаннан кейін кенепті қайтадан сататын болса, онда ақша да оның қолына қайтып оралады. Бірақ бұл ақша алғашқы 20 кез кенептің айналысқа түскендігінен қайтпайды, өйткені мұның өзі, керісінше, ақшаны тоқушының қолынан тауратты сатушының қолына түсіріп алыстатқанды. Ақша тек жаңа товар әлгі айналыс процесін жаңғыртқан немесе қайталаған күнде ғана қайтады, өйткені бұл процесс нақ сол бірінші процестің нәтижесіндей нәтижемен аяқталады. Демек, қозғалыс формасы, товар айналысы арқылы ақшаға тікелей берілетін форма, ақшаның бастапқы пункттен үнемі алыстауы, товар иелерінің біреуінің қолынан екіншісінің қолына өтуі, яки оның айналысы (circulation, cours de la monnaie) болып табылады.

Ақша айналысы дегеніміз — сол белгілі бір процестің үнемі бір сарынды қайталауы. Товар әрқашанда сатушының жағында, ақша сатып алу қаржысы ретінде әрқашанда сатып алушының жағында болады. Товардың бағасын іске асырғанда ақша сатып алу қаржысы ретінде қызмет атқарады. Бірақ, бағаны іске асырғанда, ақша товарды сатушының қолынан сатып алушының қолына көшіреді, сонымен қатар ақшаның өзі сатып алушының қолынан сатушының қолына ауысып ұзап кетеді де, сөйтіп басқа бір товармен нақ осы процесті қайталай береді. Ақша қозғалысының осы біржақты формасы товар қозғалысының екіжақты формасынан туатындығы бұр-

жадағай жалпы қағидалар соншалық асаққ айтылған емес. Мәселен, Жан Батист Сэй тек бір ғана нарсені — товар — өнім дегенді ғана біліп, дағдарыстар туралы пікір айтпақшы болады.

кеулі қалады. Товар айналысы жаратылысының өзі нақ қарама-қарсы көрініс туғызады. Товардың бірінші метаморфозы — сырт қарағанда ақша қозғалысы болумен бірге сол товардың өз қозғалысы да; мұның керісінше, товардың екінші метаморфозы — ақша қозғалысы ғана. Өз айналысының алғашқы жартысында товар мен ақша орын ауыстырады. Сонымен қатар товар тұтыну құны ретінде айналыс саласынан шығып қалады да, тұтыну саласына көшеді⁷⁴⁾. Оның орнын товар құнының бейнесі, яки оның ақша пердесі басады. Енді товар айналыстың екінші жартысын өзінің заттай түрінде емес, алтын бүркенішімен жүріп өтеді. Сонымен, үздіксіз қозғалыс ақшаға ғана тән; сөйтіп товар үшін қарама-қарсы екі процеске бөлінетін қозғалыс, нақ сол қозғалыстың өзі ақшаның өз қозғалысы ретінде, әрқашанда сол бір процесс болып табылады да, мұнда ақша ылғи жаңа товарлармен орын ауыстырып отырады. Сондықтан істің жайы мынадай болып шығады: товар айналысының нәтижесі, бір товардың орнын екінші товардың басуы, оның өз формаларының өзгеруінен емес, айналыс құралы ретіндегі ақшаның қызметінен туатын сияқты көрінеді, нақ сол айналыс құралдары өздігінен тапжылмайтын товарларды қимылға келтіріп, бұл товарлар тұтыну құндары болмай отырған қолдан бұлар тұтыну құндарына айналатын қолға көшіретін сияқты, онда да әрдайым ақшаның өз қозғалысына қарама-қарсы бағытта көшіретін сияқты көрінеді. Ақша товарды айналыс саласынан үнемі алыстатып, айналыста өзі солардың орнына жүреді, сөйтіп өзінің бастама пунктінен алыстай береді. Сондықтан, ақшаның қозғалысынан тек товардың айналысы ғана көрінгенімен, сырттан қарағанда мұның керісінше, товар айналысы тек ақша қозғалысының нәтижесі сияқтанады⁷⁵⁾.

Екінші жағынан, ақшаның өзі товарлардың дербес құнын бейнедейтін болғандықтан ғана оған айналыс құралының қызметі тән. Сондықтан айналыс құралы ретіндегі ақшаның қозғалысы — шындығында товардың өз формасының қозғалысы ғана. Демек, соңғысы ақшаның айналысынан айқын да көрінуге тиіс. Мәселен, кенеп әуелі өзінің товарлық формасын өзінің ақшалай формасына айналдырады. Оның алғашқы метаморфозының екінші жағы $T \rightarrow A$, яғни ақша формасы, кейін оның соңғы $A \rightarrow T$ метаморфозының, оның тауратқа кері айналуының бірінші жағы болып шығады. Бірақ форманың бұл

⁷⁴⁾ Егер товар қайта-қайта сатылған жағдайдың өзінде де, — біз үшін мұндай құбылыс әлі болып отырған жоқ, — товар өзінің ақтық сатылған кезінен бастап айналыс саласынан тұтыну саласына көшеді, сөйтіп мұнда тіршілік заты болып немесе өндіріс жабдығы болып қызмет етеді.

⁷⁵⁾ «Олардың» (ақшалардың) «өздеріне өнімдер телітін қозғалыстан басқа қозғалысы жоқ» (*Le Trosne*, цитат алынған шығарманың 885-беті).

екі өзгерісінің әрқайсысы товар мен ақшаны айырбастау арқылы, олардың өзара орын ауыстыруы арқылы жасалады. Нақ сол ақшаның өзі сатушыға товардың иесіз бейнесі ретінде келіп түседі де, одан товардың мүлде иесізденетін бейнесі ретінде кетіп қалады. Ақша екі рет орын ауыстырады. Кенептің бірінші метаморфозы бұл ақшаны тоқушының қалтасына түсіреді, екіншісі — ақшаны оның қалтасынан қайта шығарады. Сонымен, сол бір товар формасының қарама-қарсы екі өзгерісі ақшаның кері бағытта екі рет орын ауыстыруынан көрінеді.

Мұның керісінше, егер тек біржақты товар метаморфоздары ғана болатын болса,— жай сатып алу немесе сату әрекеттері болсын, бәрі бір,— онда сол белгілі бір ақша бір рет қана орын ауыстырады. Ақшаның екінші рет орын ауыстыруы әрқашанда товардың екінші метаморфозын, оның ақшадан товарға айналуын көрсетеді. Сол белгілібір ақшаның жиі-жиі қайталап орын ауыстыруынан жеке товардың бірқатар метаморфоздары ғана емес, бүкіл товар әлемінің қат-қабат қисапсыз көп метаморфоздары көрінеді. Тегінде, мұндағы бар әңгіме осы жерде қаралып отырған жай товар айналысының формасы жайында болып отырғаны өзінен өзі түсінікті.

Әрбір товар айналыс процесіне алғаш қадам басқан кезінде-ақ, өзінің формасын алғаш өзгерткен кезінде-ақ, айналыс саласынан шығып қалады да, мұнда оның орнына үнемі жаңа товар келіп отырады. Керісінше, ақша айналыс құралы ретінде үнемі айналыс саласында болады, үнемі сонда сумандап жүреді де қояды. Осыдан келіп бұл сала үздіксіз қанша ақша сіңіре алар екен деген сұрақ туады.

Әрбір елде күн сайын товарлардың көптеген, мезгілдес, демек, кеңістік жағынан қатар өмір сүретін бір жақты метаморфоздары, яки, басқаша айтқанда, бір жағынан тек сату, екінші жағынан тек сатып алу әрекеттері болып жатады. Товарлар өздерінің бағалары жағынан көңілдегі белгілібір ақша санына теңестіріліп қойылған. Осында қаралып өткен айналыстың тікелей формасы әрқашанда товар мен ақшаны — алғашқысын сату өңірінде, екіншісін оған қарсы жақтағы сатып алу өңірінде — бір-біріне тұлғалар ретінде қарама-қарсы қояды, сондықтан товарлар айналысының процесі үшін қажетті айналыс қаржысының аумағы товарлар бағасының сомасымен анықталып қойылған. Шынында, іс жүзінде ақшаның өзі товарлар бағасының сомасында ойша көрсетіліп қойылған алтынның сомасы болып табылады. Демек, бұл сомалардың тең екендігі өзінен өзі айқын. Алайда, біздің бір білетініміз, товарлардың құны өзгермей қалған күнде де олардың бағасы алтынның (ақша материалының) өз құнының өзгеруіне қарай

өзгеріп отырады: егер алтынның құны төмендесе, товар бағасы бұған пропорциялы түрде артады, және, керісінше, бұл құн артса, баға төмендейді. Товарлар бағасы сомасының осылайша артуымен немесе төмендеуімен бірге айналыстағы ақша аумағы да нақ сол пропорцияда көбейіп не азайып отыруға тиіс. Қалай болған күнде де айналыс қаржысы аумағының өзгеруіне мұнда ақшаның өзі себеп болады, бірақ өзінің айналыс құралы ретіндегі қызметі арқылы емес, өзінің құн өлшемі ретіндегі қызметі арқылы себеп болады. Алғашында товарлардың бағасы ақша құнының өзгеруіне кері қатынаста өзгереді, ал онан соң айналыс қаржыларының аумағы товарлар бағасының өзгеруіне тура қатынаста өзгереді. Егер, мәселен, алтынның құны төмендемей, құн өлшемі ретінде оның орнын күміс басатын болса, немесе, керісінше, күмістің құны көтерілмей, алтын күмісті құн өлшемі ретіндегі қызметінен ығыстырып шығарған болса, мұнда да әлгіндей жағдай болған болар еді. Бірінші жағдайда айналыстағы күміс бұрын айналыста жүрген алтынға қарағанда көп болуға тиісті болар еді, ал екінші жағдайда алтын бұрын айналыста жүрген күмістен аз болар еді. Бұл екі жағдайдың екеуінде де ақша материалының, яғни құн өлшемі ретінде қызмет ететін товардың құны өзгерер еді де, солай болғасын товар құндарының бағалардағы көрінісі де, демек, бұл бағаларды іске асыру үшін қызмет ететін айналыстағы ақша аумағы да өзгерген болар еді. Біз жоғарыда көрдік, товарлар айналысы саласының саңлауы болады да, алтын (күміс және жалпы ақша материалы) белгілі құны бар товар ретінде осы саңлау арқылы оған еніп кетеді. Бұл құнның өзі ақша құн өлшемі ретінде жүре бастаған кезде-ақ, яғни бағаны белгілеген кезде-ақ бар деп ұйғарылады. Мәселен, егер құн өлшемінің өзінің құны төмендейтін болса, онда ең алдымен мұның өзі тікелей асыл металл өндірілетін жерлерде товар ретіндегі сол асыл металл айырбасталатын товарлар бағасының өзгеруінен көрінеді. Алайда басқа товарлардың едәуір бөлегі, әсіресе буржуазиялық қоғам дамуының төменгі сатыларында, ұзақ уақыт бойы құн өлшемінің алдамшы елеске айналған, ескірген құны бойынша бағалана беретін болады. Бірақ товарлар бір-бірімен құн қатынасына енуіне қарай бір товар екінші товарды еліктіреді де, товарлардың алтын я күміс бағалары товарлардың өз құндары арқылы белгіленетін пропорцияларға сәйкес аз-аздап теңеле береді, сөйтіп, ақырында, барлық товар құндары ақша металдың жаңа құны бойынша бағаланғанға дейін осылайша теңеле береді. Осы теңелу процесімен қатар асыл металдарға тікелей айырбасталатын товарлардың орнына ағылып келетін асыл металдардың мөлшері үздіксіз өсіп отырады. Сондықтан

осы жаңа, түзетілген бағалар товарлар арасына қаншалық мөлшерде тарайтын болса, яки товарлардың құндары металдың төмендеген және белгілі пунктке дейін төмендей беретін жаңа құны бойынша қаншалық мөлшерде бағаланатын болса, осы жаңа бағаларды іске асыру үшін қажетті асыл металдың қосымша аумағы соншалық мөлшерде нақтылы бар болып шығады. Алтын мен күмістің жаңа кен орындары ашылғаннан соң іле-шала болған фактілерді бір жақты бақылау XVII және әсіресе XVIII ғасырда товар бағаларының өсуіне көптеген мөлшерлі алтын мен күмістің айналыс құралы ретінде қызмет ете бастауы себеп болды деген теріс қорытынды шығаруға әкеліп соқтырды. Бұдан былайғы жерде біз алтынның құнын, белгілі мөлшер деп қабылдаймыз, мұның өзі бағаны тағайындаған кезде, шынында да солай болып табылады.

Сонымен, осылайша ұйғарған күнде айналыс қаржысының аумағы іске асырылуға тиісті товар бағаларының сомасымен белгіленеді. Егер біз бұдан кейін әрбір товар түрінің бағасы белгілі деп ұйғаратын болсақ, онда товар бағасының сомасы, анығында, айналыстағы товарлардың мөлшеріне байланысты болады. Шынында да, егер 1 квартал бидай 2 фунт стерлинг тұратын болса, онда 100 квартал 200 фунт стерлинг, 200 квартал — 400 ф. ст. тұратындығын, т. т., көп бас қатырмай-ақ түсінуге болады, демек, бидайдың аумағымен қатар сол бидай сатылғанда онымен орын ауыстыратын ақшаның аумағы да өсуге тиіс.

Егер біз товарлар аумағы белгілі деп ұйғаратын болсақ, онда айналыстағы ақшаның аумағы товар бағаларының ауытқуымен бірге көбейіп я азайып отырады. Бағалар мөлшерінің өзгеруі себепті товар бағалары сомасының артуына я кемуіне қарай ақша аумағы да өсіп я кеміп отырады. Мұнда барлық товарлар бағасының бір мезгілде көтеріліп я төмендеп отыруы міндетті нәрсе емес. Бірде белгілі мөлшердегі негізгі товарлар бағасының көтерілуі, басқа бір ретте олардың бағасының төмендеуі айналыстағы барлық товарлар бағасының өткізілуге тиісті сомасын айтарлықтай арттырып я кеміту үшін, демек, айналыс саласына ақшаны не аз, не көп мөлшерде тарту үшін де жетіп жатыр. Товарлар бағасының өзгеруі олардың құнының шын өзгергенін көрсете ме, әлде мұның өзі рынок бағаларының жәй ауытқуы ма, мұның екеуінде де айналыс қаржысының аумағына тиетін әсері бірдей.

Айталық, бір-бірімен байланысы жоқ, мезгілдес, демек, кеңістік жағынан қатар өмір сүретін белгілі бір мөлшерлі сауда-саттық, яки жеке-дара метаморфоздар болған екен, мәселен, 1 квартал бидай, 20 кез кенеп, 1 таурат, 4 галлон арақ сатылған екен дейік. Егер осы товарлардың әрқайсысының ба-

ғасы 2 ф. ст. болса, демек, өткізілуге тиісті бағалар сомасы 8 ф. ст. болса, онда айналысқа 8 фунт стерлингке тең ақша аумағы келіп түсуге тиіс. Ал егер нақ осы товарлар жоғарыда өзіміз зерттеген метаморфоздар тізбегінің буындары: 1 квартер бидай — 2 ф. ст.— 20 кез кенеп — 2 ф. ст.— 1 таурат — 2 ф. ст.— 4 галлон арақ — 2 ф. ст. болса, онда нақ сол 2 ф. ст. осы товарлардың бәрін біріндеп айналысқа түсіреді де, олардың бағасын кезек-кезек өткізеді, — демек, осы 2 ф. ст. 8 фунт стерлинг болатын бағалар сомасын жайғастырады да, өзі ақырында шарапшының қолына түсіп тыным табады. Бұл ақша төрт айналым жасайды. Сол белгілі бір ақшаның осылай қайталап орын ауыстыруы товар формасының екі жақты өзгерісін көрсетеді, оның айналыстың қарама-қарсы екі сатысы арқылы қозғалуын, сонымен бірге түрліше товарлар метаморфоздарының ұштасып жатқандығын көрсетеді ⁷⁶⁾. Бұл процестің қарама-қарсы және бірін бірі толықтыратын кезеңдері кеңістік жағынан қатар болмақшы емес, бірақ уақыт жағынан бірінен соң бірі жүріп отыруға тиіс. Сондықтан белгілі уақыт мерзімдері бұл кезеңдердің ұзақтығын өлшейтін өлшем болады, яғни ақша айналысының шапшаңдығы сол белгілі ақша единицаларының белгілі уақыт ішінде жасайтын айналым санымен өлшенеді. Жоғарыда көрсетілген төрт товардың айналыс процесі, мәселен, бір күнге созылады дейік. Сонда өткізілуге тиісті бағалар сомасы 8 ф. ст. болады, сол белгілі ақша единицаларының бір күн ішіндегі айналым саны — 4, ал айналыстағы ақша аумағы — 2 фунт стерлинг болады. Сөйтіп, осы кесімді уақыт ішіндегі айналыс процесі үшін:

$\frac{\text{товарлар бағасының сомасы}}{\text{аттас ақша единицаларының айналым саны}} = \text{ақша аумағына, айналыс}$

қаржысы ретінде жүрген ақша аумағына тең. Бұл заңның жалпылық маңызы бар. Осы белгілі кесімді уақыттың ішінде әр елдің айналыс процесі, бір жағынан, көптеген бытыраңқы, бір мезгілде, кеңістік жағынан қатар жүргізілетін сату (сондай-ақ сатып алу) актілерін, яки жеке-дара метаморфоздарды қамтиды, мұнда белгілі бір ақша тек бір рет ғана орын ауыстырады, яғни бір ғана айналым жасайды; екінші жағынан, нақ сол процестің өзі көптеген, шінара қаз-қатар, шінара өзара ұштасып жатқан, азды-көпті мол буындары бар метаморфоз тізбегінің жиынтығын қамтиды, мұнда сол белгілі ақша азды-көпті едәуір мөлшерде айналым жасайды. Айналыстағы барлық аттас ақша единицалары айналымдарының жалпы са-

⁷⁶⁾ «Нақ сол өнімдер оны» (ақшаны) «қимылға келтіріп, айналысқа түсіреді... Оның» (ақшаның) «қимыл шапшаңдығын оның саны өтейді. Ақша қажет болып қалған күнде, ол бір мінут та аялдамастан, қолдан қолға өтіп отырады» (*Le Trosne*, цитат алынған шығарманың 915, 916-беттері).

нынан, дегенмен, жеке единица айналымдарының орташа саны, яки ақша айналысының орташа шапшаңдығы келіп шығады. Мәселен, күндізгі айналыс процесінің бас кезінде сол айналысқа түсетін ақша аумағын, әрине, бір мезгілде және кеңістік жағынан бір-бірімен қатар айналатын товарлар бағасының сомасы белгілейді. Ал процесс шеңберінде әрбір ақша единицасы басқалары үшін, былайша айтқанда, жауапты болады. Егер бұлардың біреуі өз айналысының шапшаңдығын тездететін болса, онда осы арқылы ол басқа біреуінің айналыс шапшаңдығын баяулатады, оның бержағында соңғысының айналыстан мүлдем шығып қалуы да мүмкін, өйткені бұл сала жеке элементтері айналымдарының орташа санына көбейтілген және өткізілуге тиісті бағалар сомасына тең келетін алтын аумағын ғана сіңіре алады. Сондықтан, егер ақша айналымдарының саны өсетін болса, онда айналыстағы ақша аумағы азаяды. Егер ақша айналымдарының саны азаятын болса, онда оның аумағы өседі. Шапшаңдығы орташа белгілі-бір айналыс тұсында айналыс қаржысы ретінде қызмет ете алатын ақша аумағы белгілі болғандықтан айналысқа белгілі мөлшерде, мәселен, нарық күші бір фунттық, банкнот түссе-ақ болғаны, дәл сонша мөлшердегі алтын соверендерді айналыстан шығарып алуға болады,— бұл барлық банктерге әбден мәлім фокус.

Егер тегінде ақша айналысынан тек товарлар айналысының процесі ғана, яғни қарама-қарсы метаморфоздар арқылы олардың ауыспалы айналымы ғана көрінетін болса, онда ақша айналысының шапшаңдығынан товарлар формалары ауысуының шапшаңдығы, метаморфоздардың бір тізбегінің екінші бір метаморфоздар тізбегімен үздіксіз ұштасып жататындығы, осынау заттар алмасуының жеделдігі, товарлардың айналыс саласынан шапшаң жоғалып кетіп, олардың орнын дереу жаңа товарлардың басатындығы көрінеді. Сонымен, ақша айналысының шапшаңдығынан қарама-қарсы және өзара бірін бірі толықтырушы кезеңдердің өткінші бірлігі — товардың тұтыну формасының құн бейнесіне айналуы және құн бейнесінің қайтадан тұтыну формасына айналуы, яғни екі процестің: сату мен сатып алудың бірлігі көрінеді. Мұның керісінше, ақша айналысының баяулауынан бұл процестердің қарама-қарсы екі жақ ретінде бөлініп, оқшаулануы, яғни формалар ауысуының кідірісі, демек, заттар ауыс-түйісінің де кідірісі көрінеді. Бұл кідірістің қайдан туатынын айналыстың өзінен, әрине, көруге болмайды. Айналыс бұл құбылыстың орын алып отырғандығын ғана ашып береді. Үйреншікті көзқарас бойынша, ақша айналысының баяулауына байланысты айналыс саласының барлық пункттерінде ақшаның барған

сайын сирек көріне бастап, жоғалып кететіндігі айналыс қаржысы мөлшерінің жетімсіздігінен делініп жүр⁷⁷⁾.

Сонымен, белгілі кесімді уақыттың ішінде айналыс қаржысы ретінде қызмет ететін ақшаның жалпы саны, бір жағынан, айналыстағы барлық товарлардың бағаларының сомасымен, ал екінші жағынан, товар айналысының қарама-қарсы жүретін процестерінің азды-көпті шапшаңдығымен белгіленеді; сол белгілі ақша единицасының көмегімен жалпы бағалар сомасының қаншасын өткізуге болатындығы осыған байланысты. Ал товарлар бағасының бұл сомасының өзі товарлардың әрбір жеке түрінің аумағына да, бағасына да байланысты болады. Осы үш фактор: баға қозғалысы, айналыстағы товарлар аумағы және ақша айналысының шапшаңдығы, түрліше бағыттарда және түрліше пропорцияларда өзгере алады; сондықтан, өткізілуге тиісті бағалар сомасы, демек, осыған байланысты болып отырған айналыс қаржысының аумағы да, көптеген комбинацияларға ұшырауы мүмкін. Бұл жерде біз товар бағаларының тарихында ең маңызды роль атқаратын комбинацияларды ғана атап өтпекшіміз.

Егер айналыстағы товарлар аумағы көбейетін болса, немесе ақша айналысының шапшаңдығы кемитін болса, не болмаса бұл жағдайдың екеуі қосылып бірге әрекет ететін болса, товар бағалары өзгеріссіз тұрған күнде айналыс қаржысы аумағының өсуі мүмкін. Мұның керісінше, егер товарлар аумағы азаятын болса, немесе айналыс шапшаңдығы артатын болса, айналыс қаржысы аумағының азаюы мүмкін.

Егер айналыстағы товарлар аумағы нақ олардың бағалары өскен қатынаста азаятын болса, немесе ақша айналысының

77) «Ақша... сатып алу мен сату үшін жалпылық өлшем ретінде қызмет ететін болғандықтан сатарлық нәрсесі бар, бірақ алушысын таппаған әрбір адам өз товарларын өткізе алмаған себебін елдегі ақшаның жетімсіздігінен деп ойлауға бейім тұрады; сөйтіп ақшаның жетімсіздігі жөнінде тұс-тұстан шарым айтыла бастайды. Бірақ бұл үлкен қате... Ақшаның жетімсіздігі жөнінде шарым етушілерге не керек?... Фермер шарым етеді... егерде елде ақша көп болған болса, өз өнімдерімді жақсы бағамен сатар едім деп ойлайды ол. Демек, оған ақша керек емес, астығы мен малына жақсы баға керек, бірақ ол бұларды сатқысы келсе де сата алмайды... Ал оның бұларға жақсы баға ала алмай жүрген себебі не?... 1) Не мұның себебі — елде астық пен мал тым көп, солай болғасын базарға барған адамдардың көпшілігі оның өзі сияқты осы өнімдерді сатуға мұқтаж, ал сатып алуға мұқтаж адамдар аз. 2) Не мұның себебі — бұл өнімдердің өдеттегідей шет елге шығарылуы азайған... 3) Не мұның себебі — тұтыну азайған, мұның өмі жұрт кедейліктен тіршілігіне бұрынғыдан аз жұмсайтын кезде болатын жағдай. Демек, фермердің өз товарларын өткізуіне себепкер бола алатын нәрсе — сылдырлаған ақшаның санын көбейтуде емес, қайта базарда нарықты шын құлдыратып жіберіп отырған осы үш себепті жоюда. Күлең пен дүкенші де ақшаға нақ осылайша мұқтаж, атап айтқанда — олар өздері сауда ететін товарларды сатуға мұқтаж, ал мұның өзі — рынокта сұраныстың кеміп кетуінің нәтижесі. Байлық бір қолдан бір қолға үздіксіз көшіп отырса ғана ұлт өте-мөте жақсы көркейеді» («Sir Dudley North. Discourses upon Trade». London, 1691, p. 11—15 passim). Херрншвандтың алаяқтық айла-шарғыларының бәрі товардың жаратылысының өзінен тұатын, сондықтан да товар айналысынан көрінетін қайшылықтарды айналыс қаржысын көбейту арқылы жоюға болады дегенге келіп тіреледі. Өндіріс пен айналыс процесіндегі кідірістердің себебін айналыс қаржысының жетімсіздігінен деп түсіндіру тек көп тараған лақап бола тұрса да, бұдан айналыс қаржысының шын жетімсіздігі, мәселен, «regulation of currency» [«айналыс қаржысын реттеу»] саласындағы ресми айла-шарғылардың салдарынан болатын жетімсіздік, өз тарапынан, кідіріс туғыза алмайды деген мағна шықпайды.

шапшандығы бағаның өсуіне пропорциялы түрде артатын болса, оның бержағында айналыстағы товарлар аумағы тұрақты болып қалса, товар бағалары жаппай артқан күнде айналыс қаржысы аумағының өзгеріссіз қалуы мүмкін. Егер товарлар аумағы азаятын болса немесе айналыс шапшандығы бағалардан гөрі тезірек артатын болса, онда айналыс қаржысы аумағының азаюы мүмкін.

Егер товарлар аумағы олардың бағалары төмендеген қатынаста көбейетін болса, немесе ақша айналысының шапшандығы бағалар сияқты қатынаста кемитін болса, онда товар бағалары жалпы төмендеген күнде де айналыс қаржысы аумағының өзгеріссіз қалуы мүмкін. Егер товар аумағы өсетін болса, немесе айналыс шапшандығы товар бағаларының төмендеуінен гөрі тезірек кемитін болса, онда айналыс қаржысы аумағының өсуі мүмкін.

Түрліше факторлар құбылыстарының бір-бірінің кемістігін өзара толықтыра алатындығы сондай, олардың ылғи өзгермелі болатынына қарамастан, өткізілуге тиісті товар бағаларының жалпы сомасы тұрақты болып қалады, ендеше айналыстағы ақша аумағы да тұрақты күйінде қалады. Сондықтан, әсіресе біршама ұзақ дәуірлерді алып қарағанда, әрбір белгілі елде айналыста жүрген ақша аумағының орташа дәрежесі анағұрлым тұрақты болатындығы және бұл орташа дәрежеден айтарлықтай ауытқушылығы сырттай қарап шамалағандағыдан гөрі анағұрлым кем болатындығы байқалады; сауда мен өнеркәсіп дағдарыстарынан туатын, некен-саяқ ретте ақшаның өзінің құнының өзгерістерінен туатын қатты күйзеліс дәуірлері бұған кірмейді.

Айналыс қаржысының мөлшерін айналыстағы товарлар бағасының сомасымен және ақша айналысының орташа шапшандығымен белгілейтін заңды⁷⁸⁾ былайша тұжырымдауға да

⁷⁸⁾ «Улттық сауда үшін ақша белгілі мөлшерде немесе пропорцияда керек: бұл мөлшерден артық я кем ақша саудаға зиян келтірген болар еді. Істің жайы дәл ұсақ бөлшек саудадағыдай, мұнда күміс монетаны майдалау үшін немесе тіпті ең ұсақ күміс монеталармен де өтеуге болмайтын төлемдер төлеу үшін белгілі мөлшерде фардингтердің болуы қажет... Сауда үшін керекті фардингтердің саны халықтың санымен, бұлар жасайтын айырбас әрекеттерінің жиілігімен және, көбінесе, ең кіші күміс монетаның құнымен анықталады, дәл сол сияқты, сауда үшін керекті ақшаның» (алтын және күміс ақшаның) «саны да айырбас әрекеттерінің жиілігімен және төлемдердің мөлшерімен анықталады» (*William Petty. «A Treatise of Taxes and Contributions»*, London, 1667, p. 17). Дж. Сьюартка және басқаларға қарсы Юмның теориясын өзінің «*Political Arithmetics*» деген еңбегінде А. Юнг жақтады: London, 1774, мұнда соған арналған айрықша тарау бар: «Баға ақшаның мөлшеріне байланысты», 112 және келесі беттер. Мен «Саяси экономия сынына» деген өз еңбегімнің 149-бетінде [қараңыз: *K. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 149-бет] мынадай ескертпе жасағанмын: «Ақшаны жәй товар деп мүлде жалған есептегендіктен, ол (А. Смит) айналыстағы монеталардың мөлшері туралы мәселені үн-түнсіз қалтарыста қалдырады». Мұны А. Смит еңбегінің ақшаны *ex officio* [арнайы] алып қарайтын жерлері жөнінде ғана айтуға болады. Кейбір жеке реттерде, мәселен, саяси экономияның бұрынғы системаларын сынағанда, ол дұрыс пікір айтады: «Әр елдегі сыйдырлақ монетаның мөлшері сол елде айналыста жүрген товарлардың құнымен анықталады... Белгілі бір елде бір жыл ішінде сатып алынып, сатылатын товарлардың құны бұларды айналысқа

болады: товар құндарының сомасы және олардың метаморфоздарының орташа шапшаңдығы белгілі болған күнде айналыстағы ақшаның немесе ақша материалының мөлшері осы соңғысының өзінің құнына байланысты болады. Істің жайы мүлде керісінше болады, товардың бағасын айналыс қаржысының аумағы белгілейді, ал енді осы соңғының өзін сол елдегі ақша материалының аумағы белгілейді деген лақап⁷⁹⁾ мұны алғаш таратушылардың мынадай қисынсыз жорамалына негізделген: товарлар айналыс процесіне бағасыз, ал ақша құнсыз келіп түседі-міс, сонан соң барып бұл процесте товарлар қойыртпағының белгілі бір бөлегі металдар үймесінің тиісті бөлегіне айырбасталады-мыс⁸⁰⁾.

салып, тиісті тұтынушылар арасында бөлу үшін белгілі мөлшерде ғана ақша керек етеді, ал бұдан артық мөлшердегі ақшаны пайдаландыра алмайды. Айналыс арналары өздерін тоқтыруға жеткілікті соманы ғана бойына сіңіреді де, бұдан артық ешқандай сыйғызба алмайды» («Wealth of Nations», b. IV, ch. 1). Дәл осылайша А. Смит өз еңбегін ex officio еңбек бөлінісін мадақтаудан бастайды, ал мемлекеттік табыстың негіздері жайындағы соңғы кітабында, еңбек бөлінісі туралы мәселені тек жол-жөнекей алып қараған кезде, ол өз ұстазы А. Фергюсонның еңбек бөлінісін мінеп айтқан пікірін келтіреді.

⁷⁹⁾ «Әр ұлттың товарларының бағасы, әрине, өсуге тиіс, бірақ өскенде халықтың арасында айналыста жүрген алтын мен күмістің мөлшерінің артуына қарай өседі; демек, белгілі бір ұлттың қарамағындағы алтын мен күмістің мөлшері кемитін болса, онда баға ақша мөлшерінің осылайша кемуіне пропорциялы түрде төмендеуге тиіс» (*Jacob Vanderlint*. «Money answers all Things». London, 1734, p. 5). Вандерлинттің еңбегі мен Юмның «Essays» деген еңбегін неғұрлым мұқият салыстырып шыққанда, Вандерлинттің осы өте елеулі еңбегін Юмның білгендігі және мұны пайдаланғандығы жөнінде менде ешқандай күмән қалған жоқ. Айналыс қаржысы аумағының өзі бағаны белгілейді, деген пікір Барбонда да, одан бұрынырақ өткен авторларда да кездеседі. «Шексіз саудада»,— дейді Вандерлинт,— «ешқандай қолайсыздық тудайды, тек қана — мұның көптеген артықшылықтары болады, өйткені егер белгілі бір ұлттың нақты ақшасы сауда бостандығының әсерімен кемитін болса, мұны тиым салу арқылы болғызбау ниеті кездессе, онда ақша ағылып барып жататын ұлттарда барлық баға сөзсіз өсуге тиіс, өйткені мұнда ақша аумағы көбейеді. Ал біздің мануфактура өндірісі заттарының және басқа да түрліше товарлардың бағаларының жақын арада төмендейтіндігі соңшалық, сауда балансы біздің пайдামызға ауып, осы арқылы ақша кейін қарай ағылады» (цитат алынған шығарманың 43, 44-беттері).

⁸⁰⁾ Өзінен-өзі айқын нәрсе сол, товарлардың әрбір жеке түрінің бағасы айналыстағы барлық товарлар бағасы сомасының элементі болып табылады. Бірақ мүлде түсініп болмайтын бір жағдай — бір-бірінен алшақ жатқан тұтыну құндарының жалпы аумағының белгілі бір елдегі алтын мен күміс аумағына қалайша айырбастала алатындығы. Егер шарықтаған қиялдың әсерімен товарлар дүниесін жалғыз ғана жиынтық товар деп қабылдайтын болсақ, ал әрбір жеке товар оның тиісті бір бөлегі болса, онда біз бір қызықты теңеу көреміз: жиынтық товар *x* центнер алтынға тең болса, товар *A* жиынтық товардың белгілі бөлегіне — *x* центнер алтынның дәл сондай бөлегіне тең болады. Монтескье де түп-тура осыны айтады: «Егер біз дүниедегі алтын мен күмістің бүкіл аумағына дүниедегі барлық товарлардың сомасын қарам»-қарсы қоятын болсақ, осы өнімдердің немесе товарлардың әр қайсысына алтын мен күмістің бүкіл аумағының белгілі үлесі сәйкес келетіндігі бізге айқын болады... Айталық, дүниеде өнімнің немесе товардың жалғыз ғана түрі бар, яки сатылатын бір ғана түрі бар, мұның өзі ақша сияқты бөлуге келеді делік. Бұл товардың белгілі бөлегі ақшаның бүкіл аумағының белгілі бөлегіне сәйкес келеді: барлық товардың жартысы барлық ақшаның жартысына сәйкес келеді т. т. ... заттың бағасын белгілегенде мұның өзі әрқашанда заттар жиынтығы мен ақша белгілері жиынтығының арасындағы қатынасқа байланысты болады» (*Montesquieu*, цитат алынған шығарма, III том, 12, 13-беттер). Рикардонның, оның шәкірттері Джемс Милльдің, лорд Оверстонның және басқалардың бұл теорияны онан әрі қалай дамытқандығы жөнінде қараңыз: «Саяси экономия сынына», 140—146, 150 және келесі беттер [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 140—146, 149 және келесі беттер].— Джон Стюарт Милль мырза өзіне тән электикалық логикамен амылн тауып өз әкесі Джемс Милльдің пікірлерін де, оған қарама-қарсы пікірлерді де қолданғысы келеді. Егер, мәселен, оның: «Principles of Political Economy» деген нұсқауының текстінің оның өзін өзі кезіргі заманғы А. Смиттің дейтін алғысөзімен (1-ші басылуына арналған) салыстыратын болсақ, онда бұл адамның аңқаулығына көбірек тандану керек пе, әлде оның сөзіне нанып, оны А. Смит деп

с) МОНЕТА. ҚҰН БЕЛГІСІ

Ақшаның айналыс қаржысы ретіндегі қызметінен оның монеталық формасы келіп шығады. Бағаға, яки товарлардың ақшалай атына ойша телінген алтынның салмақтық бөлегі айналыс процесінде аттас кесек алтын, яки монета ретінде сол товарларға қарама-қарсы тұруға тиіс. Баға масштабын белгілеу ісі сияқты, монета соғу ісі де мемлекеттің қолына түседі. Алтын мен күміс монеталар ретінде түрліше ұлттық киімдермен көрінеді де, дүниежүзілік рынокқа келісімен бұл киімін қайтадан сыпырып тастайды; мұның өзінен товар айналысының ішкі, яки ұлттық, саласы мен дүниежүзілік рыноктың жалпылама саласы арасында бөлініс бар екені байқалады.

Демек, алтын монета мен сом алтынның бір бірінен айырмашылығы тек сыртқы айырмашылық қана, сондықтан алтын үнемі бір формадан екінші формаға ауысып отыра алады⁸¹⁾. Монета сарайынан шығысымен алтынның түсетін жолы оны, ақыр аяғында, қорыту шанағына алып барады. Атап айтқанда, алтын монеталар айналыста жүріп тозады, біреуі көбірек, екіншісі азырақ тозады. Алтын монетаның аты мен оның алтындық негізінің мөлшері, оның номиналдық және нақтылы мазмұны бірте-бірте алшақтай бастайды. Аттас алтын монеталар түрліше құнға ие болады, өйткені енді бұлардың салмағы түрліше. Айналыс қаржысы ретіндегі алтын баға масштабы ретіндегі алтыннан алшақтайды да, сонымен бірге өзі бағасын өткізуге тиісті товарлардың шын эквиваленті болудан қалады. Бұл былықтың тарихы орта ғасырлардың өн бойындағы және XVIII ғасырға дейінгі жаңа замандағы монета ісі тарихының

кабылдаған жұртшылықтың аңқаулығына көбірек таңдану керек пе, оны білмейсің, ал шыныға келгенде Стюарт Милль мен А. Смиттің арасындағы ара қатынас шамамен айтқанда Ульямс Карс Карсский мен герцог Веллингтонның арасындағы ара қатынас сияқты. Джон Стюарт Милль мырзаның саяси экономия саласындағы өз зерттеулері, көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да көзге түсе қоймайтын зерттеулері, түгелінен оның 1844 жылы басылып шыққан: «Some Unsettled Questions of Political Economy» деген кітапшасына сиып кеткен. Локк тура былай дейді: алтын мен күмісте құнның болмауы олардың құнын олардың саны белгілейтіндігіне байланысты. «Жұрт алтын мен күміске ойша құн телуе келіскен... бұл металдардың ішкі құны олардың санына басқа түкте емес» «Some Considerations of the Consequences of the Lowering of Interest, 1691». Works, ed. 1777. vol. II, p. 15).

81) Монеталық баж салығы сияқты егжей-тегжейлерді қарастырып жату меншік міндетіне мүлде кірмейтіні өзінен-өзі түсінікті. Монетаны «тегің» соғып шығаратын ағылшын үкіметінің «қайырымды жомарттығына» сүйсініп отырған романтикалық сикофант Адам Мюллерді алатын болсақ⁸²⁾, оған Дадли Норс сэрдің мынадай сөздерін қарсы қоюдың өзі-ақ жетіп жатыр: «Басқа товарлар сияқты, күміс пен алтынның да тасуы мен қайтуы болады. Испаниядан белгілі мөлшерде күміс әкелінгеннен кейін... ол қайтадан Тауэрге жіберіліп, сонда соғылады. Осыдан кейін көп ұзамай шетке шығару үшін сом алтынның немесе күмістің тағы да керек болып қалуы мүмкін. Егер сом металл табылмаса, өйткені оның монета жасауға жұмсалып кетуі мүмкін ғой, онда қалай ету керек? Сірә, монетаны қайтадан қорыту керек болар; бұдан зиян болмайды,— монета соққанда металл несіннің түгі кетпейді ғой. Тек ұлт қана шығынға ұшырап, өз ақшасын босқа шануға тиіс болады. Егер көпес» (Лорстың өзі Карл II заманында аса ірі көпестердің бірі болған) «монета соғуға баж салығын төлеуге тиіс болса, ол қисынсыздан-қисынсыз өз күмісін Тауэрге жібере қоймас еді, ал мұндай жағдайда соғылған монета кесек күмістен гөрі сөзсіз анағұрлым құнды болар еді». (North, цитат алынған шығарманың 18-беті).

басты мазмұны болып табылады. Монетаның алтындық болмысын алтынның көрінісіне айналдыруға, яғни монетадан оның ресми металдық мазмұнының бейнесін ғана жасауға тырысатын айналыс процесінің табиғи тенденциясын тіпті осы заманғы заңның өзі де таныған: бұл заң металдың шығынға ұшырау дәрежесін, алтын монетаны айналысқа жарамсыз ететін, яғни оны монеталықтан айыратын дәрежесін анықтап береді.

Егер ақша айналысының өзі монетаның нақтылы мазмұнын номиналдық мазмұнынан айыратын болса, оның металдық болмысын қызметтік болмысынан айыратын болса, онда мұның өзінде металл ақшаны оның монеталық қызметі жағынан басқа материалдан жасалған белгілермен немесе жай бейнелермен ауыстыруға мүмкіндік бар деген сөз. Алтын монетаның орынбасарлары ретіндегі күміс және мыс белгілердің ролі тарихи жағынан мынадан келіп шыққан: бір жағынан, алтынның немесе күмістің мүлдем мардымсыз салмақтық мөлшерін соғуда техникалық қиындықтар кездескен, екінші жағынан, төмен металдар жоғары металдардан бұрын — күміс алтыннан бұрын, мыс күмістен бұрын — күн өлшемі болып қызмет еткен, демек неғұрлым асыл металл оларды тақтан түсірген кездің өзінде де ақша ретінде айналыста жүрген. Бұлар товар айналысының белгілі салаларында, монета өте-мөте тез таралатын жерлерде, демек, өте-мөте тез тозатын жерлерде, яғни сатып алу және сату әрекеттері ең ұсақ көлемде үнемі қайталап отыратын жерлерде алтынның орнын басады. Алтынның бұл қосшыларының сол алтынның орнына орнығып бекініп алуына мүмкіндік бермеу үшін заң бойынша төлемнің өте төмен мөлшерлері белгіленіп, осы шеңберде бұларды алтынның орнына қабылдау міндетті болып саналады. Монеталардың түрліше сорттары айналыста жүретін айрықша салалар, әріне, өзара қат-қабат келіп ұштасып жатады. Майдалағыш монета ең ұсақ алтын монеталардың бөлшек сандарын төлеу үшін алтынмен қатар жүреді; алтын үнемі бөлшек айналысқа түсіп отырады да, ұсақ монетаға майдалану арқылы дәл осылай үнемі одан шығып қалып отырады ⁸²⁾.

Күміс және мыс белгілердің металдық мазмұны заң бойынша емін-еркін белгіленеді. Бұлар айналыста алтын монета

⁸²⁾ «Егер күміс арқашан да ұсақ төлемдер үшін қажетті мөлшерде ғана болатын болса, онда ол ешқашан да неғұрлым ірі төлемдерді өтеуге жетерлік мөлшерде жинақтала алмайды... Ірі төлемдерге алтынды қолдану нәтижесінде оны бөлшек саудада да қолдану сөзсіз керек болып отырады: алтын монетасы барлар оған ұсақ заттарды сатып алады, сатып алынған товармен бірге ақшаның артылғанын күмістей алады; сөйтіп басқа ретте бөлшекші саудагердің қолында іркіліп қалуы мүмкін күмістің артығы осылайша одан алынады да жалпы айналысқа түсіп кетеді. Ал, егер алтынға жүгінбей-ақ, ұсақ заттарды өткізу үшін күміс арқашан да жеткілікті болып тұратын болса, онда бөлшекші саудагер ұсақ заттары үшін кілең күміс алған болар еді, сөйтіп

тадан гөрі де тезірек тозады. Сондықтан бұлардың монеталық қызметі іс жүзінде өздерінің салмағына, яғни құн атаулыға мүлде тәуелсіз болады. Алтынның монеталық болмысы оның құндық негізінен біржолата бөлініп шығады. Осының нәтижесінде относительді жағынан ешқандай құны жоқ заттар,— қағаз ақшалар, алтынның орнына монета ретінде қызмет атқаруға мүмкіндік алады. Металл ақша белгілерінде олардың таза бейнелік сипаты әлі де белгілі дәрежеде бұркеулі жатады. Қағаз ақшада мұның өзі әбден айқын көрінеді. Көріп отырмыз, се *n'est que le premier pas qui coûte* [алғашқы адым ғана қиын].

Бұл жерде біз тек зорлықты курспен шығарылатын мемлекеттік қағаз ақшаларды ғана айтып отырмыз. Бұл ақшалар тікелей металл айналысынан келіп шығады. Мұның керісінше, кредит ақша белгілі шарттарды керек етеді, бұл шарттар, өзіміз жай товар айналысының шеңберінде қалып отырған кезімізде, бізге мүлде белгісіз еді. Тек жол-жөнекей атап көрсететін бір жағдай мынау: сөздің шын мағанасындағы қағаз ақшаның айналыс қаржысы ретіндегі ақшаның қызметінен келіп шығатындығы сияқты, кредит ақшаның табиғи тамыры төлем қаржысы ретіндегі ақшаның қызметінде жатыр⁸³⁾.

Бетінде ақшалай аттары басылған қағаздар, мәселен, 1 фунт стерлинг, 5 фунт стерлинг, т. т., айналыс процесіне мемлекет тарапынан сырттан салынады. Бұл қағаздар шынында да алтынның аттас сомаларының орнына айналыста жүреді, сондықтан бұлар өздерінің қозғалысында ақша айналысының заңдарын ғана көрсетеді. Қағаз ақша айналысының ерекше заңы ақшаның алтынға деген қатынасынан ғана, сол алтынның өкілі болғандықтан ғана пайда бола алады. Сөйтіп, бұл заңның мәнісі мынаған ғана келіп тіреледі: өзі бейнелі өкілі болып отырған алтын (немесе күміс) шын мәнісінде айналысқа қандай мөлшерде түсетін болса, қағаз ақша шығару сонша мөлшерде шектелуге тиіс. Рас, айналыс саласы сіңіре

бұл күміс сөзсіз осының қолына жинақталған болар еді» (*David Buchanan. «Inquiry into the Taxation and Commercial Policy of Great Britain». Edinburgh, 1844, p. 248, 249.*)

⁸³⁾ Финанс мандарині Ван Мао-Ин батылы жетіп аспап президентіне бір жоба тапсырған, бұл жобала бұркемелі түрде Қытайдың мемлекеттік ассигнацияларын майдалағыш банкноттарға айналдыру мақсаты көзделген. Ассигнациялық комитеттің 1854 жылдың апреліндегі есебінде ол осы жоба үшін тиісті сыбағасын алады. Оған бамбук таяқпен тиісті мөлшерде дүре соғылған ба, жоқ па, бұл жайында айтылмапты. «Комитет»,— делінген есептің қорытындысында,— «оның жобасын мұқият сараптап келіп, мұндағының бәрі көпестердің пайдасына бағытталған, ал тақық пайдасына дәлсе бермейді деп тапты» («Arbeiten der Kaiserlich Russischen Gesandtschaft zu Peking über China». Aus dem Russischen von Dr. K. Abel und F. A. Mecklenburg. Erster Band. Berlin, 1858, S. 47 sq.). Айналыстың салдарынан алын монеталардың металды үнемі жоғалтып отырғандығы туралы Ағылшын банкі директорларының бірі лордтар палатасы комиссиясының алдындағы («банк актілері» мәселесі жөніндегі) өзінің куәлік жауабында былай деген: «Соверендердің жана тобы жыл сайын тым кеңілденіп барады» (мұнда айтылып отырған саяси суверендер емес, «sovereign» — фунт стерлингтің аты⁸⁴⁾). «Жыл ішінде толық салмақты суверендер ретінде айналыста болғандары осы уақыттың

алатын алтынның мөлшері белгілі орта дәрежеден бірде жоғарылап, бірде төмен түсіп ауытқып отырады. Алайда белгілі-бір елдегі айналыс қаржысының аумағы тәжірибе жүзінде анықталып отыруы мүмкін белгілі минимум мөлшерден ешқашан да төмен түспейді. Бұл минимум мөлшер өзінің құрамдас бөлшектерін үздіксіз өзгертіп отырады, яғни әрдайым алтынның басқа бөлшектерінен құралып отырады, бұл жағдай оның мөлшеріне және оның ылғи айналыс саласында болуына, әрине, ешбір әсер етпейді. Сондықтан да мұның орнын қағаз бейнелердің басуы мүмкін. Ал егер біз бүгін айналыстың барлық арналарын ернеуіне жеткізе қағаз ақшамен толтыратын болсақ, ертеңгі күні товар айналысындағы әлде нендей бір толқулардың салдарынан бұл арналардың асып төгілуі мүмкін. Сонда шара біткен маңызын жоғалтады. Ал егер қағаз ақша өз шегінен асып кеткен болса, яғни айналыста шын мәнісінде бола алатын аттас алтын монеталардың мөлшерінен асып кеткен болса, онда оның жаппай маңызы түсу қаупін былай қойғанның өзінде, ол товар дүниесінде өзі тегінде орнын баса алатын алтын мөлшерінің өкілі ғана болады, яғни товар дүниесінің ішкі заңдары бойынша белгіленетін мөлшердің өкілі ғана бола алады. Егер, мәселен, қағаз ақшаның белгілі мөлшері өзінің атына сәйкес 2 унция алтын болатын болса, ал іс жүзінде 1 унцияның орнын басатын болса, онда анығында 1 фунт стерлинг, айталық, бұрынғы $\frac{1}{4}$ унция алтынның орнына $\frac{1}{8}$ унция алтынның ақшалай аты болып шығады. Мұндағы нәтиже алтын өзінің баға өлшемі қызметі жағынан өзгеріске ұшыраған кезіндегідей болып шығады. Бұрын 1 фунт стерлингке тең бағадан көрінген құн, енді 2 фунт стерлингке тең бағадан көрінеді.

Қағаз ақша алтынның белгісі, яки ақшаның белгісі болып табылады. Мұның товар құндарына қатынасы мынада: бұл құндар қағаз ақшада сезім арқылы қабылданылатын бейнелік көріністегі алтын мөлшерлерінде ойша білдіріледі. Қағаз ақшаның құн белгісі болатын бір ғана себебі — оның өзі белгілі мөлшердегі алтынның өкілі болып табылады, ал алтынның мөлшері, товарлардың барлық басқа мөлшерлері сияқты, сонымен қатар құнның мөлшері болып табылады ⁸⁴⁾.

ішінде тозығы жетіп, салмағын едәуір жоғалтып үлгіреді, сөйтіп келесі жылы таразының табағын өзіне қарсы қояды» (House of Lords' Committee 1848, № 429).

⁸⁴⁾ 2-ші басылуына ескерту. Ақшаның түрлі қызметтерін тіпті ақша мәселесі жөніндегі таңдаулы авторлардың да қаншалық көмескі түсінетіндігі, мәселен, Фуллартонның мынадай сөздерінен көрінеді: «Әңгіме біздің ішкі сауда туралы болып отырғандықтан, әдетте алтын және күміс монета атқаратын ақша қызметтерінің бәрі майдаланбайтын билеттердің, заң бойынша белгіленген жалған және шартты құны ғана бар билеттердің айналысы арқылы нақ сондай ойдағыдай атқарылуы мүмкін. Мұның өзі — ешкім де бекерге шығара алмайтын факті деп ойлаймын. Бұл тәрізді құн көзіргі уақытта толық бағалы монеталар арқылы өтеліп жүрген тілектерді әбден қанағаттандыра алған болар еді, тіпті құн мен баға өлшемі қызметін де атқара алған болар еді, тек бұл

Ақырында, алтынның орнын ешқандай меншікті құны жоқ сол алтын белгілерінің басатын себебі не? — деген сұрақ туады. Алайда, біздің жоғарыда көргеніміздей, алтын өзінің монеталық, яки айналыс қаржысы қызметі жағынан оқшауланып, дербестік алатын болғандықтан ғана оның орнын қағаз ақша баса алады. Рас, бұл қызмет кейбір алтын монеталар жөнінде оқшауланбайды, бірақ дегенмен мұның өзі тозған монеталардың айналыста қала беретіндігінен көрініп те отырады. Алтын кесектері айналыста шын мәнісінде болған кездерінде ғана олар тек монеталар қалпында, яки тек айналыс қаржысы қалпында қала береді. Бірақ жеке алтын монеталарға қолдануға болмайтын нәрсе орнын қағаз ақша басатын ен аз алтын аумағына қолдануға келеді. Бұл аумақ үнемі айналыс саласында болады, айналыс қаржысы ретінде үздіксіз қызмет етеді және сондықтан да тек қана осы қызметті атқарушы ретінде өмір сүреді. Демек, оның қозғалысы $T - A - T$ товар метаморфозы қарама-қарсы процестерінің бір-біріне үнемі ауысып отыратынын ғана көрсетеді, мұнда товар құнының бейнесі товардың өзіне қарама-қарсы қойылады да, дереу қайтадан жоғалып кетеді. Товардың айырбас құнының дербес көрінісі — бұл жерде өткінші нәрсе ғана. Оның орнын дереу басына товар басады. Сондықтан ақша бір қолдан екінші қолға өтетін процесте ақшаның таза бейнелік өмір сүруінің өзі-ақ жеткілікті. Ақшаның қызметтік болмысы, былайша айтқанда, оның материалдық болмысын жалмап қояды. Товар бағаларының объективтендірілген өткінші көрінісі ретінде ақша тек өзінің белгісі ғана болып табылады, сондықтан оның орнын жәй белгілер баса алады⁸⁵). Ақша белгісі өзіне тән объективті қоғамдық маңыз алуы ғана қажет, ал қағаз бейне зорлықты курстың арқасында осындай маңыз алады да. Бұл мемлекеттік зорлықтың сол мемлекеттің шеңберінде ғана, яки ішкі айналыс саласында ғана күші болады, тек осы жерде ғана ақша өзінің айналыс қаржысы, яки монета ретіндегі қызметі жағынан әбден сіңіп кетеді, демек, қағаз ақша түрінде өзінің металдық негізінен сырттай оқшау және таза функциялық қалыпта өмір сүре алады.

үшін айналысқа шығарылатын билеттердің сана тиісті шектен шықпауға тиіс» (*Fullarton*. «Regulation of Currencies», 2 ed. London, 1845, p. 21). Демек, айналыста ақша товардың орнын құнның жай белгісі баса алатын болғандықтан ғана ақша товардың өзі күн өлшемі ретінде де, баға масштабты ретінде де керек емес!

⁸⁵) Алтын мен күміс монета ретінде, яғни тек қана айналыс қаржысы ретінде қызмет ететіндіктен өздері өздерінің белгілері болады дегеннен келіп Николас Барбон мынадай қорытынды шығарады: үкімет «to raise money» [«монетаның құнын арттыруға»], яғни, мәселен, бұған дейін шет тиын деп аталып келген күміс мөлшерін негүрлым көп мөлшердегі күміс атымен атауға, айталық, талер деп атауға, сөйтіп кредиторларға талер орнына шет тиын төлеуге праволы дейді. «Монета қолдан қолға жиі өтіп жүріп тозады да, жеңіл тартады... Сауда-саттық істерінде жұрт күмістің саңына емес, аты мен нақышына назар аударады... Үкімет беделі метал сынығынан ақша жасайды» (*N. Barbon*, цитат алынған шығарманың 29, 30, 25-беттері).

3. АҚША

Құн өлшемі ретінде, ал олай болса тікелей немесе өз орынбасарлары арқылы айналыс қаржысы ретінде де қызмет ететін товарды ақша дейміз. Сондықтан да алтын (немесе күміс) ақша болып табылады. Алтын, бір жағынан, өзінің алтын (немесе күміс) тұлғасымен ақша товары ретінде көрінуге тиісті жағдайларда, яғни ол, құн өлшемі қызметіндегідей, таза ойша көрінбейтін жерлерде және, айналыс қаржысы қызметіндегідей, орнын өз өкілдеріне беріп қоярлық нәрсе ретінде көрінбейтін жерлерде ақша есебінде қызмет етеді. Екінші жағынан, алтын (немесе күміс) өз қызметі нәтижесінде — бұл қызметті оның жеке басы атқара ма, әлде өз орынбасарлары арқылы атқара ма, мұның бәрібір — бірден-бір құн бейнесі роліне, яки тұтыну құндары ретінде ғана көрінетін барлық басқа товарларға қарама-қарсы айырбас құнының бірден-бір адекваттық болмысы роліне мықтап ие болатын жағдайларда ақша есебінде қызмет етеді.

а) ҚАЗЫНА ЖИНАУ

Товардың қарама-қарсы екі метаморфозының үздіксіз ауыспалы айналымы, яки сату мен сатып алу әрекеттерінің үнемі ауысып отыратындығы ақшаның тынымсыз айналысынан, яки оның айналыстың *perpetuum mobile* [үздіксіз әрекет етуші механизм] болатын қызметінен көрінеді. Метаморфоздар тізбегі үзіліп, сатудың артынша дереу сатып алу ісі қоса жасалмады дегенше-ақ, ақша әрекеттен қалады немесе, Буагильбер айтқандай, *meuble*-ден [қимылдаушыдан] *immeuble*-ге [қимылсызға] айналады⁸⁴, монетадан ақшаға айналады.

Товар айналысының ең алғашқы өркендерінен бастап-ақ бірінші метаморфоздың жемісін — товардың өзгерген формасын, яки оның алтын қуыршағын қолдан шығармай ұстап қалудың қажеттігі мен қызу құмарлығы туады⁸⁶. Товарды сатқанда басқа товар сатып алу үшін емес, товар формасын ақша формасымен ауыстыру үшін сатады. Бұл форма өзгерісі заттар ауыс-түйісіндегі жәй дәнекер буыннан өзіндік мақсатқа айналады. Товардың иеліктен айрылған формасы товардың мүлде иеліктен айрылатын формасы есебінде, яки оның өткінші ақшалай формасы ғана есебінде қызмет еткенде кедергіге кездеседі. Осының салдарынан ақша қазына ретінде қатып-семеңді де, товар иесі қазына жинаушыға айналады.

⁸⁶ «Ақша байлығы дегеніміз... ақшаға айналған өнім байлығы деген сөз» (*Mercier de la Rivière*, пятақ алырған шығарманың 573-беті). «Өнімдегі құн өзінің формасын ғана өзгертті» (сонда, 486-бет).

Товар айналысының дәл бастапқы дәуірінде тұтыну құндарының артығы ғана ақшаға айналады. Сөйтіп алтын мен күміс өздігінен артықшылықтың, яки байлықтың қоғамдық көрінісі болады. Қазына жинаудың осы анайы формасы өзінің тұтыну қажеттерін өтеуге арналған дәстүрлі өндіріс әдісіне әбден қалыптасқан керексіну аумағы сәйкес келетін халықтарда мәңгілік орын тебеді. Мәселен, Азия халықтарында, әсіресе үнділерде осылай екенін көреміз. Товардың бағаларын сол елдегі алтын мен күмістің аумағы белгілейді деп ойлайтын Вандерлинт өзіне өзі: үнділердің товарлары неліктен сонша арзан? — деп сұрау береді. Жауап: неге десеніз үнділер өз ақшасын көміп тастайды. 1602 жылдан 1734 жылға дейін, — дейді ол, — олар 150 миллион фунт стерлингтік күміс көмген; бұл күміс алғашында Америкадан Европаға әкелінген еді⁸⁷⁾. 1856 жылдан 1866 жылға дейін, яғни он жыл ішінде, Англия Индия мен Қытайға (Қытайға шығарылған металдың едәуір бөлегі тағы да сол Индияға жөнелтіледі) 120 миллион фунт стерлинг күміс апарған, ал мұның өзі одан бұрын Австралия алтынына айырбасталған-ды.

Товар өндірісі онан әрі дамығанда әрбір товар өндіруші өзіне *pexus regum* белгілі «қоғамдық жолмен танылған кепілдікті»⁸⁸⁾ қамтамасыз етуге тиіс. Оның қажеттері үздіксіз қайта-қайта өзін танытып, оны өзгенің товарларын сатып алуға үздіксіз итермелеп отырады, ал оның өз товарын өндіріп, сату үшін уақыт керек және мұның өзі кездейсоқ жағдайларға байланысты. Сатпай тұрып сатып алу үшін ол алдымен сатып алмай тұрып сатуға тиіс. Бұл операция, егер мұны жалпы тәртіп ретінде алып қарайтын болсақ, өзіне өзі қайшы келетін сияқты. Алайда өндірілетін жерлерінде асыл металдар тікелей басқа товарларға айырбасталады. Бұл жерде сату (товар иелерінің тарапынан) бар да, сатып алу (алтынның немесе күмістің иелері тарапынан) жоқ⁸⁹⁾. Ал бұдан кейінгі, сатып алу әрекеттері өздерінің ізінше қоса жүрмейтін сату әрекеттері асыл металдардың барлық товар иелері арасында онан әрі бөлінуіне тек дәнекер ғана болады. Сөйтіп айналыстың барлық пункттерінде алуан түрлі көлемде алтын мен күміс қазыналары жинала береді. Товарды айырбас құны ретінде немесе айырбас құнын товар ретінде ұстап отыру мүмкіндігімен қатар алтынға деген құмарлық қозады. Товар айналысының ұлғаюына байланысты әрдайым сақадай сайланып тұратын

⁸⁷⁾ «Дәл осы практиканың арқасында олардың барлық товарларының бағасы сондай төмен қалыпта сақталады» (*Vanderlint*, цитат алынған шығарманың 95, 96-беттері).

⁸⁸⁾ «Ақша — кепілдік» (*John Bellers*. «Essays about the Poor, Manufactures, Trade, Plantations, and Immorality». London, 1699, p. 13).

⁸⁹⁾ Сөздің толық мағнасында алғанда сатып алу да енді алтын мен күміс товардың өзгерген формасы, яғни сату жемісі деп ұйғарылады.

ақшаның, байлықтың осынау шынайы қоғамдық формасының өктемдігі өсе түседі.

«Алтын — таңғажайып зат! Кімде-кімнің алтыны болса, ол адам қалаған нәрсесінің бәріне қожа. Алтын тіпті жаныңның ұжмаққа баруына да жол тауып бере алады» (Колумб, Ямайкадан жазған хатында, 1503 ж.)

Атап айтқанда не нәрсенің ақшаға айналғанын ақшаның сырт көрінісінен білуге болмайтындықтан, ақшаға бәрі де: товарлар да, товар еместер де айналады. Бәрі де сату — сатып алу заты болады. Айналыс орасан зор қоғамдық ретортаға айналады, бұған нәрсе біткеннің бәрі келіп кіреді де, одан ақша кристалы түрінде шығады. Бұл алхимияға, тұрпайылығы кемірек *res sacrosanctae, extra commercium hominum* [адамдардың сауда айналымынан шығарылған қасиетті заттар] жайында айтпағанның өзінде, тіпті әулиелердің әруағы да қарсы тұра амайды⁹⁰⁾. Ақшада товарлардың барлық сапалық айырмашылықтары жоғалып кететіні сияқты, товарлардың өздері де, келелі теңгермеші ретінде, айырмашылықтың бәрін жоғалтады⁹¹⁾. Бірақ ақшаның өзі товар, сыртқы нәрсе, ол көрінген адамның жеке меншігі бола алады. Сөйтіп қоғамдық күш жеке адамның жеке ісі болып шығады. Сондықтан көне заманғы қоғам ақшаны өз тіршілігінің бүкіл экономикалық және мо-

⁹⁰⁾ Францияның барып тұрған христиан королі, Генрих III, монастырьлардың, т. т. қасиетті заттарын тонап, бұларды күміске айналдырып отырған. Фокеяндардың дельфий храмынан қазына ұрлауы Грецияның тарихында қандай роль атқарғаны мәлім. Ерте замандағы халықтарда товарлар құдайы храмдарды мекен еткен көрінеді. Бұл храмдар «қасиетті банктер» болған. Финикияндар, *rag excellence* [сөбінесе] сауда жасайтын осы халық, ақшаны барлық заттардың өзгеге ауысқан формасы деп есептеген. Сондықтан мейрам күндерінде махаббат тәңірінің құрметіне шетелдіктермен айна болған қыздардың сыйға алған монетасын тәңіріге құрбан етіп отырғаны әбден табиғи нәрсе.

⁹¹⁾ «Алтын! металл —
Әдемі, әсем, асылзат...
Мұнда алтын жетерлік,
Қараны аппақ етуге,
Әдемілеп малғұнды,
Күнәні шындық етуге,
Батыр етіп қорқақты,
Асқаққа балап пасықты,
Жасартып шалды кетуге!
О ажалсыз тәңір, күдірет,
Айтшы, бұл маған не қажет?
Халқыңды діннен бездірет,
Жастық бермес науқасқа...
Жарқыраған осы сұм
Қолыңды байлап, серт бұзып,
Қарғыстыны жарылқар,
Мерезге жұртты табынтып,
Қарақтыны құрметтеп,
Тәжім етіп, бас иіп,
Тәрден биік сенаторлық
Орын беріп әллештер...
Қартаң тартқан жесірге
Күйеу тауып әкелер...
Аулақ... қарғыс атқан сұм,
Жалпы әлемдік салдақы»

(Шекспир. «Тимон Афинскийдің өмірі»).

ральдық укладын майдалайтын монета деп даттайды ⁹²⁾. Бала кезінде-ақ Плутонды жер астынан шашынан сүйреп алып шыққан ⁹³⁾ осы заманғы қоғам алтынды өзінің ең ардақты өмірлік принципінің тамаша бейнесі ретінде құттықтайды.

Товар тұтыну құны ретінде қандай да болсын бір айырықша қажетті өтейді және ол заттық байлықтың айырықша элементін құрайды. Бірақ товардың құны заттық байлықтың барлық элементтері жөнінде оның тартымды күшінің дәрежесін өлшейді, демек өз иесінің қоғамдық байлығын өлшейді. Варварлық анайы товар иесі үшін, тіпті батыс-европалық шаруа үшін де, құнның өзі құнның формасынан айырғысыз нәрсе, сондықтан да алтын мен күміс түрінде қазына жинау ол үшін құн жинау болып табылады. Рас, ақшаның құны өзгеріп отырады, өзгергенде өз құнының өзгеруі себепті немесе товар құнының өзгеруі себепті өзгереді. Алайда, мұның мынадай жағдайдың болуына бөгеттігі жоқ: біріншіден, 200 унция алтынның құны әрқашан да 100 унциядан көп, 300 унция — 200-ден көп, т. т.; екіншіден, сол белгілі нәрсенің металдық заттай формасы барлық товарлардың жалпылық эквиваленттік формасы, адамзат еңбегі атаулының тікелей қоғамдық бейнесі болып қалады. Қазына жинауға құлшынған талап — өзінің жаратылысы жағынан шексіз. Сапасы жағынан немесе формасы жағынан ақшаның шегі жоқ, яғни ол заттық байлықтың жалпылық өкілі болып табылады, өйткені ол қандай товарға болса да тікелей айнала алады. Бірақ сонымен бірге әрбір шынайы ақша сомасы сан жағынан шектеулі, сондықтан ол күші шектеулі сатып алу қаржысы болып табылады. Ақшаның сандық шегі мен сапалық шексіздігі арасындағы бұл қайшылық қазына жинаушыны қор құраудың сизифтік азапты еңбегімен қайта-қайта айналысуға мәжбүр етеді. Бұл ретте ол әрбір жаңа елді жаулап алған сайын тек жаңа шекараға ие болатын дүниежүзілік жаулап алушының аяғын құшады.

Ақша ретінде, яғни қазына құрастырушы элемент ретінде алтынды өзіңде сақтап қалу үшін оның айналысқа түсуіне, сатып алу қаржысы ретінде оның тұтыну құралдарына сіңіп кетуіне бөгет жасау керек. Демек, қазына құрастырушы өз

⁹²⁾ «Ақшадан ажалды жан құтыла алмас, Ақша пәле, одан сұмдық аспаған. Қалалардың күлін көкке ұшырып, Зар илеп, талай сорлы қақсаған. Жамандыққа бұрын қия баспаған — Адал жанды арандатып қылмысқа, Зұлымдықтың зынданына итеріп, Ізгілерді күпірлікке бастаған»

(Софокл. «Антигона»)

⁹³⁾ «Обырылық Плутонның өзін шашынан сүйреп жер астынан алып шығамын деп үміттенді». («*Athenaeus*. «*Deipnosophistarum*. [libri quindecim], I. VI, 23, v. II, ed. Schweighäuser, 1802, p. 397]).

тәнінің қажеттерін алтын фетишке құрбан етеді. Ол дүниеден безіну нақмиятын шыңға балайды. Бірақ, екінші жағынан, ол айналысқа товар түрінде берген нәрсесін ғана сол айналыстан ақша түрінде қайтып ала алады. Өзі неғұрлым көп өндірсе, соғұрлым көп сата алады. Еңбек сүйгіштік, ұқыптылық, сараңдық — демек, оның негізгі ізгіліктері міне осылар; көп сатып, аз сатып алу — оның бүкіл саяси экономиясы міне осы⁹⁴⁾.

Қазынаның тікелей формасымен қатар оның эстетикалық формасы, алтын және күміс заттарды иемдену өріс алады. Мұның өзі буржуазиялық қоғам байлығының өсуімен бірге өседі. «*Soyons riches ou paraissons riches*». [«Бай болайық немесе бай сияқты көрнейік»] (Дидро)⁹⁵⁾. Сонымен, бір жағынан, алтын мен күміс үшін бірден бірге ұлғая түсетін, бұлардың ақшалық қызметіне байланыссыз рынок құрылады, екінші жағынан, ақша ұсынудың жасырын көзі пайда болады, мұның өзі қоғамдық дауылдар кезінде өте-мөте қызу қимылдайды.

Қазына жинау металл айналысы тұсында түрлі-түрлі қызмет атқарады. Мұның ең бергі қызметі алтын мен күміс монетаның айналыс жағдайларынан туады. Жоғарыда көрдік, товар айналысы көлемінің үнемі ауытқып отыратындығы, баға мен товар айналысы шапшаңдығының ауытқып отыратындығы себепті айналыстағы ақша аумағы үздіксіз тасып та, қайтып та отырады. Демек, ақша аумағы ұлғаяуға да, ықшамдалуға да қабілетті болуға тиіс. Біресе ақша монета ретінде ағылып келсе, біресе монета ақша ретінде ығысып кетуге тиіс. Шын әрекеттегі ақшаның аумағы айналыс саласының әбден тояттаған дәрежесіне үнемі сай келіп отыруы үшін әр елдегі алтын мен күмістің саны әрбір белгілі кезеңде монета қызметі үшін керекті мөлшерден артық болуға тиіс. Бұл шарт ақшаның қазынаға айналуы арқылы орындалады. Қазына қойнаулары айналыстағы ақша үшін бір мезгілде ағызып әкететін де, ағызып келтіретін де арналар болып табылады, сондықтан бұл ақша айналыс арналарының ернеуінен ешқашан да асып төгілмекші емес⁹⁵⁾.

⁹⁴⁾ «Барлық товар сатушылардың санын неғұрлым көбейте беру, сатып алушылардың санын неғұрлым азайта беру — саяси экономияның барлық шаралары келіп тірелетін негізгі мәселе осы» (*Verril*, цитат алынған шығарманың 52-беті).

⁹⁵⁾ «Ұлт өз саудасын жүргізе алатын болуы үшін нақты ақшаның белгілі сомасы болуы қажет, мұның өзі жағдайға қарай бірде көбейіп, бірде азайып, сан құбылуы мүмкін... Ақшаның бұлайша толқуы, тасуы мен қайтуы үкіметтің ешбір араласуынсыз-ақ өзгермелі жағдайларға өзінен өзі бейімделеді. Шелектер алма-кезек жұмыс істейді: ақша азда кесек металдан монета соғылады, ақшалық металл азда монета кесек металл түрінде қайта қорытылады.» (*North*, цитат алынған шығармасы, постскриптум, 3-бет). Ұзақ уақыт Ост-Индия компаниясының⁹⁶⁾ қызметінде болған Джон-Стюарт Милль былай дейді: Индияда күміс әшекейлер өлі де қазына ретінде тікелей қызмет етіп келеді. «Күміс әшекейлер... процент дәрежесі жоғары кезде монета сарайына жіберіледі» де, процент дәрежесі төмендеген кезде қайтадан бұрынғы түріне енеді»

b) ТӨЛЕМ ҚАРЖЫСЫ

Товар айналысының біз алып қараған тікелей формасында құнның нақ сол бір мөлшері әрқашан да екі жақта болды: бір жақта товар түрінде, қарама-қарсы жақта ақша түрінде болды. Сондықтан товар иелері нақтылы бар өзара эквиваленттердің өкілдері ретінде ғана бір-бірімен қарым-қатынас жасап отырды. Алайда товар айналысының дамуымен байланысты белгілі қатынастар дамиды да, осының арқасында товардың өзгеге ауысуы мерзім жағынан оның бағасын өткізуден бөлініп шығады. Бұл жерде осы қатынастардың ең қарапайымдарын атап өтсек те жеткілікті болады. Бір товарды өндіру үшін неғұрлым ұзақ уақыт, екінші бір товарды өндіру үшін неғұрлым қысқа уақыт керек. Түрлі товарлардың өндірілуі жылдың түрлі маусымдарына байланысты. Бір товар өз рыногының дәл қасында туады, екінші бір товар алыстағы рынокқа сапар шегуге тиіс. Сондықтан бір товар иесі сатушы ретінде басқа біреудің сатып алушы ретінде көрінуінен ерте шығады. Сол бір адамдар арасында нақ сол бір сауда-саттық жиі қайталанатын болса, товар сату шарттары оны өндіру шарттарымен анықталады. Екінші жағынан, товарлардың белгілі бір түрін, мәселен, үйді пайдалану белгілі бір кесімді уақытқа сатылады. Мұндай жағдайларда сатып алушы мерзімді уақыт өткеннен кейін ғана барып товардың тұтыну құнын іс жүзінде алады. Сондықтан ол товарды күні бұрын сатып алып, оның құнын кейін төлейді. Бір товар иесі нақтылы товарын сатады, ал екінші товар иесі оны сатып алады, мұнда ол ақшаның жәй өкілі ретінде немесе болашақ ақшаның өкілі ретінде көрінеді. Сатушы кредитор, сатып алушы борышқор болып шығады. Мұнда товардың метаморфозы, яки оның құн формасының дамуы өзгергендіктен ақша да басқа қызметке ие болады. Ол төлем қаржысы болып шығады ⁹⁶⁾.

Бұл жерде кредитор мен борышқордың рольдері жәй товар айналысынан туады. Соңғының формасы өзгергенде мұның өзі сатушы мен сатып алушыға осы жаңа таңбаны басады. Демек, алғашында бұлар сатушы мен сатып алушының рольдері сияқты, айналыстың белгілі бір агенттері алма ке-

(Дж. Ст. Милльдің жауабы, «Reports on Bankacts 1857», № 2084 және 2101). Алтын мен күмістің Индияға әкелінуі және ол елден шетке шығарылуы жайында жазылған 1864 жылғы бір парламенттік документке қарағанда ⁶⁷ 1863 жылы шетке шығарылған алтын мен күміс әкелінген мөлшерден 19 367 764 фунт стерлинг асып түскен. 1864 жылдың алдында соңғы сегіз жыл ішінде шетке шығарылған асыл металдардың әкелінген мөлшерден артығы 109 652 917 фунт стерлинг болған. Үстіміздегі ғасыр ішінде Индияда 200 000 000 фунт стерлингтен едәуір асып түсетін монета соғылған.

⁹⁶⁾ Лютер сатып алу қаржысы ретіндегі ақша және төлем қаржысы ретіндегі ақша деп бөледі. «Сен маған екі жақты нұқсан келтірсең — мына жерде мен төлей алмаймын, ана жерде сатып ала алмаймын» (*Martin Luther. «An die Pfarrherrn, wider den Wucher zu predigen».* Wittenberg, 1540).

зек атқаратын мүлде өткінші рольдер. Алайда бұл қарама-қарсылықтың сипаты әуел бастан-ақ елеусіз болмайды, қайта оның өзі неғұрлым мықтап екшелуге қабілетті екенін танытады⁹⁷⁾. Ал нақ сол рольдердің товар айналысына байланыссыз да тууы мүмкін. Мәселен, көне заман дүниесінде тап күресі көбінесе борышқор мен кредитор арасындағы күрес түрінде болып келеді де Римде бұл күрес борышқор-плебейдің мерт болуымен тынып, оның орнын құл басады. Орта ғасырларда нақ сол күрес борышқор феодалдың мерт болуымен тынады, ол өзінің экономикалық бағасын жоғалтумен қатар саяси өктемдігін де жоғалтады. Алайда ақша формасы,— ал борышқордың кредиторға қатынасы ақша қатынасы формасында болады ғой,— бұл жерде өзі арқылы тек тереңірек жатқан экономикалық тіршілік жағдайларының антагонизмін көрсетеді.

Бірақ товар айналысы саласына қайта оралайық. Эквиваленттердің, товар мен ақшаның, сату процесінің қарама-қарсы жақтарында бір мезгілде пайда болуы тоқтады. Ендігі жерде ақша, біріншіден, сатылатын товардың бағасын анықтауда құн өлшемі ретінде қызмет етеді. Шарт бойынша белгіленген товар бағасының өзі сатып алушының міндеттемесін, яғни ол белгілі мерзімде төлеуге тиісті ақша сомасын өлшейді. Екіншіден, ақша ойша ұйғарылатын сатып алу қаржысы ретінде қызмет етеді. Ол сатып алушының ақша міндеттемесі түрінде ғана болғанымен, товардың қолдан қолға өтуін іске асырады. Тек төлем мерзімі жеткенде ғана төлем қаржысы іс жүзінде айналысқа түседі, яғни сатып алушының қолынан сатушының қолына өтеді. Айналыс процесінің бірінші сатыда үзіліп қалуы, яғни ақша, товардың осы өзгерген формасы, айналыстан шығарылып алынуы себепті айналыс қаржысы қазынаға айналды. Төлем қаржысы айналысқа түседі, бірақ түскенде товар айналыстан шығып қалғаннан кейін ғана барып түседі. Ақшаның енді процеске дәнекерлігі жоқ. Ақша оны айырбас құнының абсолютті нақтылы болмысы ретінде, яки жалпылық товар ретінде дербес аяқтайды. Сатушы ақшаның көмегімен әйтеуір бір қажетін өтеу үшін товарын ақшаға айналдырды, қазына жинаушы товарын ақша формасында тұмшалап қою үшін, сатып алушы-борышқор борышын төлеуге мүмкіндік алу үшін осылай етті. Егер ол борышын төлемесе, оның мүлкі күштеп сатылатын болады. Сонымен, енді, нақ айналыс процесінің қатынастарынан туатын қоғамдық қажетті-

⁹⁷⁾ XVIII ғасырдағы ағылшын көпестері ішіндегі борышқорлар мен кредиторлардың өзара қатынастары жөнінде: «Мұнда, Англияда, адамдар арасындағы қаталдық рухтың асқынып кеткендігі сондай, мұны басқа қоғамдық топ ішінде немесе дүние жүзіндегі басқа елде кездестіре алмайсың» («An Essay on Credit and the Bankrupt Act». London, 1707, p. 2)

ліктің күшімен, товар құнының бейнесі — ақша сатудың өзіндік мақсатына айналады.

Сатып алушы ақшасын товарға қайта айналдырғанда ол мұны товарын ақшаға айналдырмай тұрып істейді, яғни товардың екінші метаморфозын бірінші метаморфозынан бұрын аяқтайды. Сатушының товары айналысқа түседі, бірақ бұл ретте өзінің бағасын ақша алу жөніндегі жеке праволылық талап түрінде ғана өткізеді. Ол ақшаға айналып үлгірмей тұрып тұтыну құнына айналады. Оның бірінші метаморфозы кейіннен барып қана жүзеге асырылады⁹⁸⁾.

Айналыс процесінің әрбір белгілі кезеңінде төлем мерзімі жеткен міндеттемелер осы міндеттемелерді дүниеге келтіруге себепкер болып сатылған товарлар бағасының сомасын көрсетеді. Осындай бағалар сомасын орналастыруға қажетті ақша аумағы ең алдымен төлем қаржысы айналысының шапшаңдығына байланысты. Бұған себепкер болатын екі жағдай мынау: кредиторлар мен борышқорлардың қатынастары тізбектеліп ұштасып жатады, бұл ретте *A* өз борышқоры *B*-дан ақша алып, оны өз кредиторы *C*-ға төлейді, т. т., және бұған төлемнің әртүрлі мерзімдері арасындағы уақыттың ұзақтығы себепкер болады. Бірінен соң бірі келетін төлемдер тізбегі, яки кейіннен барып жүзеге асырылатын бірінші метаморфоздар тізбегі бұрын қаралып өткен метаморфоздар тізбектерінің ұштасуынан мүлде өзгеше. Айналыс қаржысының қозғалысынан сатушылар мен сатып алушылар арасындағы байланыстың көрінуімен бірге, осы байланыстың өзі ақша айналысынан ғана және сонымен бірге туады. Мұның керісінше, төлем қаржысының қозғалысы өзінен бұрын-ақ даяр күйінде болған қоғамдық байланысты көрсетеді.

Товарлардың бір кезгілде және қат-қабат сатылуы монеталар аумағының кемістігін олардың айналыс шапшаңдығын арттыру арқылы толтыру мүмкіндігін тежейді. Және мұның керісінше, нақ осы жағдайлар төлем қаржыларынан үнемдеудің жаңа тетігін жасайды. Төлемдердің сол белгілі бір жерде шоғырлануына қарай төлемдерді өзара өтейтін айрықша мекемелер мен өтеу әдістері дамиды. Мәселен, ортағасырлық Лионда *virements* [борышты аудару] осындай роль атқарған. *A*-ның *B* жөніндегі, *B*-нің *C* жөніндегі, *C*-тің *A* жөнін-

⁹⁸⁾ 2-ші басылуына ескерту. 1859 жылы шыққан менің еңбегімнен алынған мына цитата тексте қарама-қарсы форманың не себепті қабылданбағанын көрсетіп береді: «Мұның керісінше, *A—T* процесінде ақша нақты сатып алу қаржысы ретінде өзгеше ауысуы мүмкін, сөйтіп товардың бағасы ақшаның тұтыну құны өткізілмей тұрып немесе товар өзгеше ауыспай тұрып іске асуы мүмкін. Мәселен, ақын дағдылы формада күншілері төлгенде, не болмаса ағылшын үкіметі Индиядағы райяттардан ақын сатып алатын формада осылай болады... Алайда бұл жерде ақша бізге белгілі болған сатып алу формасында ғана әрекет етеді... Әрине, капитал ақша түрінде де авансланады. Алайда бұл көзқарас жай айналыстың шеңберінен шығып кетеді» («Саяси экономия сынына», Берлин, 1859, 119, 120-беттер [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 122-бет]).

дегі, т. т. жөніндегі борыш талаптарын өзара салыстырып қараса болғаны, бұларды белгілі шеңберде бересі және аласы мөлшерлер ретінде өзара өтеуге болады. Тек айырмасын ғана төлеуге тура келеді. Төлемдер неғұрлым көп шоғырланса, баланс соғұрлым біршама кем, демек, айналыстағы төлем қаржысының аумағы соғұрлым кем болады.

Ақшаның төлем қаржысы ретіндегі қызметінде тікелей қайшылық бар. Төлемдер өзара өтелетін болғандықтан, ақша есеп ақшасы ретінде, яки құн өлшемі ретінде тек ойша қызмет атқарады. Ал енді нақты төлемдер жүргізуге тура келетін болса, ақша айналыс қаржысы ретінде емес, заттар алмасуының тек өткінші және дәнекер формасы ретінде емес, қоғамдық еңбектің жеке-дара бейнесі ретінде, айырбас құнының дербес нақтылы болмысы ретінде, яки абсолют товар ретінде көрінеді. Бұл қайшылық ақша дағдарысы⁹⁹⁾ деп аталатын өндіріс және сауда дағдарыстарының кезеңінде ерекше күшпен көзге түседі. Ақша дағдарысы бірінен соң бірі келетін төлемдер тізбегі және бұларды өзара өтеудің жасанды системасы толық даму дәрежесіне жеткен жерде ғана мүмкін болады. Бұл механизмнің барысы жаппай бұзылған кезде, мұның өзі не себепті болса да, ақша кенеттен және тікелей есеп ақшасының таза ойша бейнесінен сылдырлақ монетаға айналады. Енді мұның орнын кәдімгі товар баса алмайды. Товардың тұтыну құны өзінің бағасын жоғалтады, ал товардың құны өзінің құндық формасының көз алдында ғайып болады. Күні кеше өнеркәсіптің гүлденуіне мастанған буржуа ақшаға білгірлік философияның санлауынан қарап, оны болмашы көрініс деп жариялап: «Тек товар ғана — ақша!» — деп даурыққан еді. Ал бүгінгі күні нақ сол буржуалар дүние жүзілік рыноктың түс-тұсынан: «Тек ақша ғана — товар!» — деп байбалам салып жүр. Мөлдір суды бұғы қалай аңсайтын болса, енді буржуаның жан жүйесі де бірден-бір байлық болып отырған ақшаны солай аңсайды¹⁰⁰⁾. Дағдарыс кезінде товар мен оның құн бейнесі ретіндегі ақшаның арасындағы карама-қарсылық абсолют қайшылыққа ұласып өседі. Сондықтан ақшаның кө-

⁹⁹⁾ Тексте жалпы өндіріс пен сауда дағдарысы атаулының айрықша сатысы делініп отырған бұл ақша дағдарысын басқа бір өзгеше дағдарыс түрінен айыра білу керек: бұл да ақша дағдарысы деп аталады, бірақ өнеркәсіп пен сауданы кері әсері арқылы ғана шарпып, тегінде дербес пайда бола алады. Бұлар — дағдарыстардың қозғалыс өзегі — ақша капиталы, ал тікелей саласы — банктер, биржалар, финанстар болып табылатын дағдарыстар.

{*Маркстің 3-ші басылуына жасаған ескертпесі.*}

¹⁰⁰⁾ «Кредит системасының монета системасына осылайша кенеттен айналуы практикалық үрейге теориялық қорқыныш қосады да, айналыс агенттері өз қатынастарының құпия сырын аша алмай тігірей бастайды». (*Карл Маркс. «Саяси экономия сынына», Берлин, 1859, 126 бет. [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-ші басылуы, 13-том, 128-бет]*). «Тіршілік заттары мен киім-кешек өндіру үшін бұрынғыдай жері, бұрынғыдай білек күштері бола тұрса да, кедей жұмыссыз отыр, ал бай ақшаның жетімсіздігінен оған жұмыс бере алмайды; ал түлпек келгенде ұлттардың шын байлығы әсте ақша емес, дәл осылар ғой» (*John Bellers. «Proposals for Raising a College of Industry». London, 1696, p. 3.*

ріну формасы да бұл жерде мәнді емес. Алтынмен төлеуге тура келе ме, әлде кредит ақшамен, мәселен, банкноттармен төлеуге тура келе ме, бұдан ақша тапшылығы өзінің зәрулігін өзгерте қоймайды¹⁰¹).

Егерде біз енді белгілібір кесімді уақыттың ішінде айналыста болатын ақшаның жалпы сомасын алып қарайтын болсақ, онда былай болып шығады: бұл сома — айналыс қаржысы мен төлем қаржысы белгілі шапшандықпен жүріп тұрған кезде — өткізілуге тиісті товар бағаларының сомасына тең, бұған мерзімі жеткен төлемдер сомасы қосылады, бұдан өзара өтелетін төлемдер алынып тасталады, ақырында, нақ сол бір ақша біресе айналыс қаржысы ретінде, біресе төлем қаржысы ретінде алма-кезек қызмет ететін айналымдар сомасы алынып тасталады. Мәселен, шаруа өз астығын 2 фунт стерлингке сатады, сөйтіп мұның өзі айналыс қаржысы есебінде қызмет етеді. Төлем мерзімі жеткенде ол өзіне бұдан бұрын тоқушы әкелген кенепке осы 2 фунт стерлингті төлейді. Бұл ретте нақ сол 2 ф. ст. енді төлем қаржысы ретінде қызмет етеді. Сонан соң тоқымашы нақты ақшаға таурат сатып алады, сөйтіп нақ сол 2 ф. ст. тағы да айналыс қаржысы ретінде қызмет етеді, т. т. Сондықтан тіпті баға, ақша айналысының шапшандығы мен төлемдердің үнемделуі белгілі болған күнде де, дегенмен белгілі бір мерзімнің ішінде, мәселен бір күн ішінде, айналыста жүрген ақшаның аумағы ендігі жерде айналыстағы товарлардың аумағымен дәл келмейді. Айналыс процесінен баяғыда-ақ шығарып алынған товарлардың өкілі болып табылатын ақша айналысқа түседі. Ақша эквиваленті кейіннен барып қана көрінетін товарлар айналысқа түседі. Екінші жағынан, күн сайын жасалатын және күн сайын өтеліп отыратын төлем міндеттемелері мүлде өлшеуге келмейтін мөлшерлер болып табылады¹⁰²).

¹⁰¹) Осындай кезеңдерді «amis du commerce» [сауда достары] былайша пайдаланады: «Бір күні» (1839 ж.) «бір ашқарақ көрі банкир» (Ситидікі) «өзі отырған кабинеттегі қарсы алдында тұрған конторканың қақпағын сал ашып, өзінің досына будақ-будақ банкноттарды көрсетеді де, көер көзге лепіріп былай дейді: бұл жерде дәл 600 000 фунт стерлинг жатыр, ақша зәрушілігін ушықтырайын деп мұны әдейі өзімде сақтап отырдым, ал бүгін сағат үштен кейін айналысқа саламын дейді». (H. Roy.) «The Theory of the Exchanges. The Bank Charter Act of 1844». London 1864, p. 81). Жартылай ресми орган «The Observer» 1864 жылғы 24 апрельде былай дейді: «Банкноттар тапшылығын жасау үшін қолданылған шаралар жөнінде бірсыпыра өте таңғажайып лақаптар тарап жүр... Шынында да осындай шаралар қолданылған деп ұйғарудың өзі қаншама күмәнді болып көрінсе де, өлгі лақаптардың кең тарап кеткені соншалық, буларды шынында да өңгіме етуге болады».

¹⁰²) «Бір күн ішінде жасалатын сауда-саттық немесе шарттар жиынтығы нақ сол күн ішінде айналыста болған ақшаның санына әсерін тигізбейді, бірақ аса көп жағдайларда белгілі бір ақша сомасына жасалған толып жатқан түрлі-түрлі міндеттемелерден көрінеді; бұл ақша солдан кейінгі, азды-көпті ұзақ мерзімдерде ғана айналысқа түсе алады... Бүгін берілген вексельдер немесе тапсырылған кредиттер саны жағынан, жалпы сомасы немесе мерзімдерінің ұзақтығы жағынан ертең немесе бүгінгі жасалатын кредит келісімдеріне асте ұқсас болуға тиісті емес; оның үстіне, бүгін берілген вексельдер мен бүгін тапсырылған кредиттердің көбісі төлем мерзімдері жағынан бұрын болып өткен, бірсыпыра мүлде белгісіз уақыт ішінде жасалған көптеген міндеттемелермен дәлме-дәл келеді; 12, 6, 3 және 1 айға берілген вексельдер екінің бірінде

Кредит ақша ақшаның төлем қаржысы ретіндегі қызметінен тікелей келіп шығады, оның бержағында сатылған товарлар жөніндегі борыш міндеттемелері, борыш талаптарын бір адамнан екінші адамға ауыстырып, өз тарапынан, айналыс жасай бастайды. Екінші жағынан, кредит ісінің ұлғаюымен байланысты ақшаның төлем қаржысы ретіндегі қызметі де кең өріс алады. Төлем қаржысы ретіндегі ақша қалыптасқан өз формаларына ие болады, осылар арқылы ірі сауда-саттық саласында өзіне орын табады, ал алтын монета мен күміс монета көбінесе бөлшек сауда саласына ығыстырылып тасталады ¹⁰³).

Товар өндірісінің дамуы белгілі дәрежеге жетіп, жеткіліксіз кең өріс алған кезде төлем қаржысы ретіндегі ақшаның қызметі товар айналысы саласының шеңберінен шығып кетеді. Ақша договорлық міндеттемелердің жалпылық то­вары болып алады ¹⁰⁴). Ренталар, алым-салықтар, т. с. заттай салықтан ақшалай төлемдерге айналады. Өндіріс процесінің жалпы сипаты бұл өзгеріске қаншалық себепкер болатындығы, мәселен, Рим империясының барлық салықты ақшалай өндіру жөнінде жасаған әрекетінің екі рет сәтсіздікке ұшырап күйреп қалуынан көрінеді. Людовик XIV тұсында француз село халқы сұмдық қайыршылыққа ұшыраған-ды, мұны Буагильбер, маршал Вобан және басқалар мейлінше қатты масқаралап

өзара дәл келеді, сөйтіп мерзімі сол бір күнге келіп тоғысатын міндеттемелердің жалпы сомасын көбейтеді» («The Currency Theory Reviewed; in a Letter to the Scottish People. By a Banker in England». Edinburgh, 1845, p. 29, 30, passim).

¹⁰³) Шын ақшаның нағыз сауда операцияларында қаншалық маңызды роль атқаратынын көрсететін мысал ретінде біз бұл жерде Лондондағы аса ірі сауда фирмаларының бірінің (Моррисон, Диллон және оның сыбайластары) өзінің жылдық ақшалай түсімдері мен төлемдері жөнінде берген мәліметтерін келтіріп отырмыз. Оның 1856 жыл ішіндегі, көптеген миллион фунт стерлингті қамтитын операцияларын біз пропорциялы түрде азайтып, 1 000 000 ф. ст. масштабна келтіріп отырмыз.

Түскені:

Көпестер мен банкирлердің мерзімді вексельдері	533 596 ф. ст.
Банкирлердің, т. т. ұсынушыға берген чектері	357 715 » »
Провинциялық банктердің банкноттары	9 627 » »
Ағылшын банкінің банкноттары	68 554 » »
Алтын	28 089 »
Күміс пен мыс	1 486 »
Почтамен жіберілген ақша	933

Берілгені:

Мерзімді вексельдер	302 674 ф. ст.
Лондон банкирлерінің жолданған чектер	663 672 » »
Ағылшын банкінің банкноттары	22 743 » »
Алтын	9 427 » »
Күміс пен мыс	1 484 » »

Барлығы

Барлығы

(«Report from the Select Committee on the Bankaets». July 1858, p. LXXI).

¹⁰⁴) «Коммерциялық айналым сипатының өзгергені сондай, товарды товарға айыр бастаудың орнына, оларды жеткізіп беріп, алып отырудың орнына енді сағу мен төлем әрекеттері жасалады. Енді сауда-саттықтың бәрі... кілең ақша операцияларына келіп тіреледі». ([D. Defoe] «An Essay upon Public Credits», 3 ed. London, 1710, p. 8).

көрсетті; ал бұл қайыршылық салықтың арттырылуы себепті туумен бірге, заттай салықтың ақшалай салыққа ауыстырылуы себепті де туды¹⁰⁵⁾. Екінші жағынан, егер жер рентасының заттай формасы, —оның үстіне Азияда мұның өзі мемлекеттік салықтардың негізгі элементі болып табылады,— айнымас табиғи қатынастар сияқты ұдайы жаңғыртылып отыратын өндірістік қатынастарға негізделетін болса, онда төлемдердің мұндай формасы кері әсер ету арқылы ескі өндірістік формаларды сақтап қалады. Мұның өзі Түркия империясының өзін өзі аман алып қалған құпия амалдарының бірі болып отыр. Егер Жапонияға Европа таңған сыртқы сауда сол Жапонияда заттай рентаның ақшалай рентаға айналуына себепкер болатын болса, онда Жапонияның өнгелі егіншілік мәдениеті құрып бітер еді. Бұл мәдениеттің тар шеңбермен шектелген экономикалық тіршілік жағдайлары ыдырауға ұшырап еді.

Әрбір елде төлемнің жалпы белгілі мерзімдері белгіленеді. Ішінара бұл төлем мерзімдері жыл маусымдарының ауысуына байланысты өндірістің табиғи жағдайларына негізделеді,— ұдайы өндіру циклдарының басқа факторларын біз былай қойып отырмыз. Тікелей товар айналысынан тумайтын төлемдер де, мәселен салықтар, ренталар, т. т., осы мерзімдермен реттеледі. Бүкіл елде бытырап жатқан осы төлемдерді өтеуге жылдың белгілі күндерінде керек болатын ақша аумағы төлем қаржыларын үнемдеу ісінде ауық-ауық, бірақ мүлде үстірт өзгерістер жасап отырады¹⁰⁶⁾. Төлем қаржысы айналысының шапшаңдығы заңынан туатын қорытынды: ауық-ауық өтелетін барлық төлемдер үшін қажетті төлем қаржысының аумағы, бұлардың шығар көзі қандай болғанымен, төлем мерзімдерінің ұзақтығына кері * қатынаста болады¹⁰⁷⁾.

¹⁰⁵⁾ «Ақша жалпылама жеңдетке айналды». Финанс өнері — «су қайнататын жаппалы қазан, мұнда осынау содырлы экстракты өндіру үшін есепсіз көп игіліктер мен тіршілік заттары бұға айналдырылады». «Ақша бүкіл адам баласына сорыс жарыялап отыр» (*Boisguillebert: «Dissertation sur la Nature des Richesses, de l'Argent et des Tributs», édit. Daire, «Economistes financiers».* Paris 1843, t. 1, p. 413, 419, 417).

¹⁰⁶⁾ «1824 жылғы рухтар күні, — деп хабарлайды Крейг мырза 1826 жылғы парламенттік комиссияға, — Эдинбургте банкноттарға сұраныстың орасан көп болғаны соншалық, сағат 11 шамасында біздің қарамарымызда бірде-бір банкнот қалған жоқ. Біз банкноттарды қарызға алу үшін түрлі банктерге кезек-кезек сөз салдық, бірақ дәнене ала алған жоқпыз, сондықтан көптеген сауда-саттықты slips of paper [бір жашырақ қағаздар] арқылы жасауа тура келді. Бірақ күндігі сағат 3 шамасында банкноттардың бәрі өздері ағылып шыққан банктерге қайта оралды. Бұлар тек бірнеше қолдан өтіп келді». Шотландияда шын айналыста жүрген банкноттардың орташа саны 3 миллион фунт стерлингке де жетпейді, солай бола тұрса да, жыл ішіндегі түрліше төлемдер өтелетін күндері банкноттардың қолындағы банкноттардың бәрі, яғни — шамамен алғанда — 7 миллион фунт стерлинг мөлшерінде, іске қосылады. Бұл ретте банкноттар бір ғана арнаулы қызмет атқарады, ал бұл қызмет орындалымысн өздері шыққан банктерге қайтадан ағылып келеді (*John Fullerton. «Regulation of Circulances, 2nd ed. London, 1845, p. 86, ескерту»). Түсінікті болу үшін айта кетейік. Фуллартонның еңбегі шыққан кезде Шотландияда сақтаулы қаржы үшін чек берілмей, тек қана банкноттар берілетін.*

* Сірә, бұл жерде Маркстің жазуында қате кетсе керек, өйткені қажетті төлем қаржыларының аумағы мен төлем мерзімдері ұзақтығының арасында кері байланыстылық емес, тікелей байланыстылық бар. *Ред.*

¹⁰⁷⁾ «Егерде бір жыл ішінде 40 миллиондық төлемдерді өтеуге тура келген бол-

Төлем қаржысы ретіндегі ақшаның дамуы төлем мерзімдері алдында ақша жинауды қажет етеді. Қазына жинау, баюдың дербес формасы ретінде, буржуазиялық қоғамның дамуымен байланысты жоғалып кетеді, ал ақша жинау, мұның керісінше, төлем қаржысының резервтік қорын жинау формасында сол буржуазиялық қоғаммен бірге өседі.

с) ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АҚША

Айналыстың ішкі саласынан тысқары шыққаннан кейін, ақша өзінің осы салада алған жергілікті формаларын — баға масштабы, монета, ұсақ монета, құн белгісі формаларын — сыпырып тастайды да, қайтадан өзінің бастапқы кесек асыл металл формасында көрінеді. Дүниежүзілік саудада товар өзінің құнын жан-жақты кең көрсетеді. Сондықтан оның құнының дербес бейнесі де бұл жерде оның өзіне дүниежүзілік ақша ретінде қарама-қарсы тұрады. Тек дүниежүзілік рынокта ғана ақша товар ретінде толық дәрежеде қызмет етеді, мұның заттай формасы сонымен бірге in abstracto іске асқан адам еңбегінің тікелей қоғамдық формасы болып табылады. Оның өмір сүру тәсілі оның ұғымына толық сай келеді.

Ішкі айналыс саласында қандай да болсын бір товар ғана құн өлшемі, демек, ақша бола алады. Дүниежүзілік рынокта құнның екі түрлі өлшемі — алтын мен күміс — үстемдік етеді¹⁰⁸⁾.

са, онда осы 6 миллион (алтын есебімен) «бұл ретте саудаға керек болатын барлық айналымға жетер ме еді?» — деген сұраққа Петти өзіне тән шеберлікпен былайша жауап береді: «Ия, жетер еді деймін мен. Егер айналымның бәрі, мәселен апта сияқты, қысқа мерзім ішінде жасалатын болса, — кедей қолөнершілер мен жұмысшылар арасында шығында да осылай, бұлар сенбі сайын ақша алып, төлеп отырады, — онда 40 миллиондық төлемдерді өтеу үшін $\frac{40}{52}$ миллион керек болар еді. Ал егер айналым үш айда бір жасалатын болса, — мұның өзі біз әдетте рента мен салық төлейтін кезге сәйкес келеді, — онда 10 миллион керек болар еді. Демек, жалпы алғанда төлем мерзімдері 1 апта мен 13 аптаның арасындағы орташа мөлшер болады деп ұйғарған күнде, біз 10 миллион мен $\frac{40}{52}$ миллионды қосып, жартысын алуға тиіспіз, ал мұның өзі $5\frac{1}{2}$ миллионға тең. Сөйтіп, егер бізде $5\frac{1}{2}$ миллион болған болса, ақшамыз жетер еді» (*William Petty*. «Political Anatomy of Ireland 1672», edit. London, 1691, p. 13, 14)⁹⁸.

¹⁰⁸⁾ Сондықтан ел ішінде ақша ретінде қызмет етіп жүрген асыл металды ғана жинау керек деп ұлттық банктерге жарлық ететін заң шараларының сорақы екендігі осыдан айқын. Мәселен, өз әрекетінің бағдарына ағылшын банкінің өзі осылайша жасаған «ұнамды бөгеттер» жалпыға мәлім. Алтын мен күміс құны біршама өзгерген ұлы тарихи замандар туралы қараңыз: *Карл Маркс*. «Саяси экономия сынына», 136 және келесі беттер [қараныз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 137 және келесі беттер]. 2-ші басылуына қосымша. Сэр Роберт Пиль өзінің 1844 жылғы банк актісінде қиыншылықтан былайша құтылуға тырысқан: ол ағылшын банкіне күмістен (кесек күміс) қамтамасыз етілетін банкноттар шығаруға рұқсат етіпті, алайда күмістің қоры алтын қорының төрттен бірінен аспауға тиіс болған. Бұл ретте күмістің құны оның Лондон рыногындағы рынок бағасы (алтын бағасы) бойынша анықталады. {4-ші басылуына. Біз алтын мен күміс құнының біршама шапшаң өзгеріске ұшыраған заманын тағы да бастан кешіріп отырмыз. Бұдан 25 жылдай бұрын алтын мен күміс құндарының қатынасы $15\frac{1}{2} : 1$ болған еді, кәзір мұның өзі $22 : 1$ шамасында болып отыр, сөйтіп күмістің құны алтынмен салыстырғанда барған сайын құлдырай түсуде. Шынына келгенде мұның өзі осы екі түрлі металды өндіру әдісінде жасалған төңкерістен туып отыр. Алтын бұдан бұрын тек алтын аралас аллювиалдық қабаттарды ғана, яғни алтын кендеріндегі үгінді заттарды шаю арқылы ғана өндірілетін. Ал кәзір бұл әдіс жеткіліксіз болып шықты да, мұны алтыны бар тас өзектерін

Дүниежүзілік ақша жалпылық төлем қаржысы ретінде, жалпылық сатып алу қаржысы ретінде және жалпы байлық атаулының (universal wealth) шынайы қоғамдық тұлғасы ретінде қызмет етеді. Төлем қаржысының, халықаралық баланстар бойынша есеп айырысу қаржысы ретінде қызмет ететін қаржының функциясы басым келеді. Меркантилистік системаның сауда балансы жөніндегі ұраны осыдан келіп шығады¹⁰⁹⁾. Алтын мен күміс шындығында түрлі ұлттар арасындағы заттар ауыс-түйісінің дағдылы тепе-теңдігі кенеттен бұзылған кезде халықаралық сатып алу қаржысы ретінде қызмет етеді. Ақырында, бұлар әңгіме сатып алу немесе төлем туралы емес, байлықты бір елден екінші елге ауыстыру туралы болған жерлерде және не товарлы рыноктың конь-

тікелей өңдеу әдісі ырыстыра бастап отыр.— рас, бұл әдісті ерте замандағылар да білген (*Diodor*, III, 12—14), бірақ осы күнге дейін тек қосалқы әдіс ретінде ғана қолданылып келген-ді. Екінші жағынан, Жартасты таулардың батыс жағынан күмістің ұшан-теңіз жана кендері табылуымен бірге, темір жолдардың арқасында бұл кендерге және мексикан күміс кендеріне оңай жетуге жағдай жасалды, соның нәтижесінде осы заманғы машиналар мен отынды үздіксіз тасып апару, демек, күмісті өндіру көлемін өдеуір ұлғайтып, шығынын азайту мүмкін болып отыр. Алайда бұл екі металдың кен қойнауында орналасу формаларын табу мүлде әртүрлі. Алтын әдетте кесек жақтан түрінде кездеседі, бірақ оның есесіне тастары алтын мөлшері өте мардымсыз; сондықтан бүкіл алтынды тас қабатын түгел майдалап уағып барып, алтынды содан кейін шайып алуға немесе сынап арқылы айыруға тура келеді. Мұның өзінде 1 000 000 грамм тас өзегінен 1 грамнан 3 грамма дейін, ілуде бір 30—60 грамм алтын өндіріледі. Күміс кесек түрінде сирек кездеседі, бірақ әдетте өзектің басқа аумағынан бірқыдыру оңай ажыратылатын айрықша рудалардың ішінде жағалды; ал мұндай рудаларда 40 проценттен 90 процентке дейін күміс болады; немесе күміс азынаулақ мөлшерде басқа рудаларда, мәселен мыс, қорғасын сияқты өзін өз кәдеге асатын рудаларда болады. Осыдан-ақ айқын көрініп отырған бір жағдай — алтын өндіруге жұмсалатын еңбек көрнеу көбейіп отырғанда, күміс өндіруге кететін еңбек өдеуір азайып отыр, сондықтан күміс құнының төмендеген себебі әбден табиғи нәрсе. Егер күмістің бағасы осы кезде де жасанды амалдармен белгілі дәрежеде сақталып отырмаған болса, күміс құнының төмендеуі оның бағасының бұдан да бетер құлдырауынан көрінген болар еді. Бірақ осы күнге дейін америкн күміс кендерінің біразы ғана пайдаланылып келеді, сондықтан күмістің құны әлі де көпке дейін төмендей берсіді дегуге дәлел толық. Тұтыну заттары мен сән үшін күміске сұраныстың біршама азыюы, оның орнын жылтыр бұйымдардың, алюминийдің, т. с. басуы нақ сол бағытта әсер етуде. Осыдан келіп зорлықтың күшімен халықаралық курс енгізу арқылы күмістің құнын бұрынғы 1 : 15/4, қатынас дәрежесіне жеткізуді көзге алған биметалдық қиялдардың мейлінше қисынсыз екендігі айқын көрінеді. Қайта күміс дүниежүзілік рынокта өзінің ақшалық қасиетін барған сайын көбірек жоғалта түседі деу дұрыс болады. *Ф. Э.*

¹⁰⁹⁾ Дүниежүзілік сауданың мақсаты актив сауда балансының сальдосы мөлшерінде алтын мен күміс алу деп есептейтін меркантилистік системаға қарсылардың өздері де дүниежүзілік ақшаның қызметі неде екенін мүлде түсінген жоқ. Асыл металдардың халықаралық қозғалысын жағған түсінушіліктің өзі айналыс қаржысының аумағын реттейтін заңдарды жағған түсінушілікті ғана көрсетеді,— мен мұны Рикардо жөніндегі мысал арқылы толық көрсетіп өттім («Саяси экономика сынына», 150 және келесі беттер [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 149 және келесі беттер]). Оның қате доғмасы: «Клайысз сауда балансы тек айналыс қаржысының артып кетуі салдарынан ғана туады, ешқашан да басқаша тумайды... Монаета өзінің арзандығын себепті шетке шығарылады және мұның өзі — қолданыс баланстың салдары емес, себебі»⁴⁴ — деген доғмасы Барбонның өзінде-ақ кездеседі. «Сауда балансының тенеуі (егер осылай бола қалса) осы ұлттың ақшасын шетке шығарудың себебі емес: мұның өзі түрлі елдерде асыл металдардың құнында болатын айырмашылыққа байланысты» (*N. Barbon*, цитат алынған шығарманың 59-беті). Мак-Куллох «The Literature of Political Economy: a classified catalogue», London, 1845 деген еңбегінде Рикардоның пікірін осылайша күнделігі айтқаны үшін Барбонды мақтайды, бірақ Барбонның «urgency principle»⁴⁵ мағынасыз жорамалдарға толы анағы формаларды әлеп сактап мүлде ауызға алмайды. Осы каталогтың сын көзімен қарамайтындығы, тіпті тура ардан безгендігі ақша теориясының тарихына арналған бөлімдерде өзінің биік шыңына жетсіді: мұнда Мак-Куллох лорд Оверстонның (ск-банкир Лойдтың) алдында құйрығын бұлғаңдатады, өйткені бұл оның сикофанты және оны «facile princeps argentariorum» [«банкирлердің күмәнсіз князі»] деп атайды.

юнктурасы не қойылған мақсаттың өзі мұндай товарлы формада ауыстыруға жол бермейтін жерлерде байлықтың шынайы қоғамдық тұлғасы ретінде қызмет етеді ¹¹⁰⁾.

Ішкі айналыс үшін де, дүниежүзілік рыноктағы айналыс үшін де әр ел белгілі резервтік қорға мұқтаж. Демек, қазына жинау қызметі ішінара ақшаның ішкі рыноктағы айналыс қаржысы мен төлем қаржысы ретіндегі қызметінен, ішінара оның дүниежүзілік ақша ретіндегі қызметінен туады ^{110a)}. Соңғы роль үшін әрқашан да шын ақша товар керек, өзінің шынайы тұлғасындағы алтын мен күміс керек, сондықтан да Джемс Стюарт алтын мен күмісті, олардың жергілікті орын-басарларынан өзгеше, money of the world [дүниежүзілік ақша] деп сипаттайды.

Алтын мен күміс ағысы қозғалысының екі жақты сипаты бар. Бір жағынан, бұл ағыс өздерінің қайнар бұлақтарынан ағылып шыға бүкіл дүниежүзілік рынокқа жайылады, ұлттық айналыстың әртүрлі салаларында түрліше дәрежеде бұрылып ағады да олардың ішкі айналыс арналарына түседі, тозығы жеткен алтын, күміс монсталардың орнын басады, сән-салтанат заттарына материал болады және қазына түрінде тоқырап қалады ¹¹¹⁾. Бұл бірінші қозғалыс товарға сіңген ұлттық еңбекті алтын мен күміс өндіруші елдердің асыл металдарға сіңген еңбегіне тікелей айырбастау арқылы жасалады. Екінші жағынан, алтын мен күміс түрлі ұлттардың айналыс салаларының арасында үнемі ерсілі-қарсылы ауысып отырады, өздерінің бұл қозғалысында вексель курсының үздіксіз толқуына иелісіп жүреді ¹¹²⁾.

Буржуазиялық өндірісі жете дамыған елдер банк қойма-

¹¹⁰⁾ Мәселен, соғыс жүргізуге немесе банктердің нақтылы төлемдерді жаңғыртуына көмектесу, т. с. мақсатымен қаржы бөлгенде, ақшалай кабыз бергенде құн нақ ақшалай формада керек болады.

^{110a)} 2-ші басылуына ескерту: «Шынында да, металл айналысы бар елдерде резервтік қор механизмі барлық қажетті халықаралық міндеттемелерді жалпы айналыс қорының ешбір елеулі көмегісіз-ақ өтеуге мүмкіндік береді; мұны өте-мөте нанымды етіп көрсететін бір дәлел: Франция ойранды шег ел шапқыншылығының соққысынан есің әрең жиганнан кейін, одақтас державалар салған 20 миллион [фунт стерлинг] шамасындағы соғыс шығынын 27 айдың ішінде оп-оңай төлеп құтылды, оның бержанында бұл шығынның едәуір бөлегін сылдырлақ монетамен өтеді, бұл ретте өзінің ішкі ақша айналысын опшалаық қысқартқан жоқ немесе оған нұқсан келтірген жоқ, тіпті вексель курсының қауіпті ауытқуы да болған жоқ» (Fullarton, цитат алынған шығарманың 141-беті). { 4-ші басылуына. Бұдан да бестер таңқаларлық бір мысал — нақ сол Франция 1871—1873 жылдары 30 айдың ішінде бұдан он еседен де көп соғыс шығынын оп-оңай төлеп құтылды, бұл жолы да оны негізінде сылдырлақ монетамен өтеді. Ф. Э. }

¹¹¹⁾ «Ақша түрлі ұлттардың ақша жөніндегі көрегіне сәйкес олардың арасында бөлінеді... қай жерде болса да ақшаны товар тартады». (Le Trosne, цитат алынған шығарманың 916-беті). «Алтын мен күмісті үздіксіз беріп отыратын кендер бұлдарды әр ұлттың көрегің қанағаттандыруға жетерлік мөлшерде береді» (J. Vanderlint, цитат алынған шығарманың 40-беті).

¹¹²⁾ «Вексель курстары алта сайын көтеріліп, төмендеп отырады да, жылдың белгілі кезеңдерінде бір ұлт үшін қолайсыз дәрежеге жетеді, ал басқа бір кезеңдерде сол ұлттың бақталастары үшін нақ сондай қолайсыз дәрежеге жетеді» (N. Barbon, цитат алынған шығарманың 39-беті).

ларында жаппай шоғырланған қазына мөлшерін оның ерекше қызметтері үшін қажетті минимуммен тежейді¹¹³⁾. Белгілібір ерекше жағдайларды былай қойғанда, орташа дәрежемен салыстырғанда қазынаның қоймаларда шектен тыс жиналуы товар айналысының тоқырап қалғанын, яки товар метаморфоздары ағысының кідіріске ұшырағанын көрсетеді¹¹⁴⁾.

¹¹³⁾ Бұл түрліше қызметтерге банкноттарды алтынға алмастыруды қамтамасыз ететін қор қызметі келіп қосылды дегенше-ақ, бұлар өзара қатты жанжалға килікпек.

¹¹⁴⁾ «Ішкі сауда үшін мүлде қажет мөлшерден асып кеткен ақша — өлі капитал... сондықтан ол оны иеленуші елге ешқандай пайда келтірмейді; бұл ақша сыртқы сауда арқыны шет елге шығарылады да, қайтадан әкелінеді» (*John Bellers. «Essays about the Poor»*. London, 1699, p. 13). «Ал біздегі ақша тым көп болса қайтпекпіз? Біз бұл монеталардың ішіндегі ең ауырларын қайта қорытып, оларды қымбатты ыдыс-аяққа, алтын я күміс құтылар мен бұйымдарға айналдыра аламыз, немесе жұрт керек етіп отырған не алғысы келіп отырған жерлерге жібере аламыз, немесе өсімі жоғары жерлерге процентпен қарызға бере аламыз. (*W. Petty «Quantulumcumque concerning Money, 1682»* p. 39). «Ақша — саяси денедегі майдан басқа түк те емес, бұл артып кетсе дене икемсіз болады, ал тапшы болса дертке ұшыратады... май бұлшық еттер қимылдағанда жағармайдың қызметін атқарады, тамақ азда қорек болады, бос жерді толтырып, денеге көрік береді; ақша да мемлекетте дәл сол сияқты, — оның қимыл — әрекетін тездетеді, өз елінде астық шықпай қалса, шет ел өнімдерінен қорек жеткізеді, борышын өтейді... және бәріне көрік береді; дегенмен», — деп мысқылдайды автор қорытындысында, — «сонғы сөз көбінесе ақшасы мол адамдар жөнінде айтылады» (*W. Petty. «Political Anatomy of Ireland»*, p. 14, 15)⁶¹.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

АҚШАНЫҢ КАПИТАЛҒА АЙНАЛУЫ

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

АҚШАНЫҢ КАПИТАЛҒА АЙНАЛУЫ

1. КАПИТАЛДЫҢ ЖАЛПЫЛЫҚ ФОРМУЛАСЫ

Товар айналысы — капиталдың бастама пункті. Товар өндірісі мен дамыған товар айналысы, сауда — капиталды туғызған тарихи алғышарттар. Дүниежүзілік сауда мен дүниежүзілік рынок XVI ғасырда капиталдың жаңа тарихын ашады.

Егер біз товар айналысының заттай мазмұнын, түрлі тұтыну құндарының айырбасын қоя тұрып, тек осы процесс туғызатын экономикалық формаларды ғана алып қарайтын болсақ, онда біз ақша товар айналысының соңғы өнімі екенін көреміз. Товар айналысының бұл соңғы өнімі — капитал көрінісінің бірінші формасы.

Тарихи жағынан капитал барлық жерде жер меншігіне әуелі ақша формасында, ақшалай мүлік ретінде, купец және өсімқор капиталы ретінде қарсы тұрады¹⁾. Бірақ капитал көрінісінің бірінші формасы ақша екендігіне көз жеткізу үшін капиталдың пайда болуының тарихына оралып жатудың тіпті қажеті де жоқ. Бұл тарих күн сайын біздің көз алдымызда болып жатады. Әрбір жаңа капитал сахнада, яғни товар рыногінде, еңбек рыногінде немесе ақша рыногінде, өзінің алғаш рет көрінерінде ылғи ақша түрінде — белгілі процестер арқылы капиталға айналуда тиісті ақша түрінде көрінеді.

Ақша ретіндегі ақша мен капитал ретіндегі ақша алдымен бір бірінен тек айналысының әркелкі формасы арқылы ғана өзгешеленеді.

Товар айналысының тікелей формасы — $T - A - T$, товар-

¹⁾ Жеке бағыныштылық пен үстемдік қатынастарына негізделген жер меншігі өктемдігі мен ақшаның иесіз өктемдігі арасындағы қарама-қарсылық француздардың мына екі мәтелінде жақсы айтылған: «Nulle terre sans seigneur». — «L'argent n'a pas de maître» [«Иесіз жер болмайды». — «Ақшаның иесі болмайды»].

дың ақшаға айналуы және ақшаның қайтадан товарға айналуы, сатып алу үшін сату болып табылады. Бірақ бұл формамен қатар біз бұдан басқа, мүлде өзгеше форманы, $A - T - A$ формасын, ақшаның товарға айналуын және товардың қайтадан ақшаға айналуын, сату үшін сатып алуды көреміз. Өзінің қозғалысында осы соңғы циклден өтетін ақша капиталға айналады, капитал болады, сөйтіп өзінің қызметі жағынан капитал болып табылады.

$A - T - A$ айналысын неғұрлым байыптап қарайық. Жәй товар айналысы тәрізді мұның өзі де карама-қарсы екі сатыдан өтеді. Бірінші саты, $A - T$, сатып алу, ақшаның товарға айналуы болып табылады. Екінші саты, $T - A$, яки сату,— товардың қайтадан ақшаға айналуы. Екі саты бірігіп біртұтас қозғалыс жасайды, мұнда ақша товарға айырбасталады, ал содан кейін осы товардың өзі тағыда ақшаға айырбасталады, товар сату үшін сатып алынады, яки, егер сатып алу мен сату арасындағы формальды айырмашылықты қоя тұратын болсақ, ақшаға товар сатып алынады және товарға ақша сатып алынады²⁾. Бүкіл осы процесті бітіретін нәтиже — ақшаны ақшаға айырбастау, $A - A$. Егер мен 100 фунт стерлингке 2 000 қадақ мақта сатып алсам және осы 2 000 қадақ мақтаны қайтадан 110 фунт стерлингке сатсам, онда мұның нәтижесінде мен 100 фунт стерлингті 110 фунт стерлингке, ақшаны ақшаға айырбастаған болып шығамын.

Ең алдымен айқын нәрсе мынау: $A - T - A$ айналыс процесі, егер ол белгілібір ақшалай құнды нақ сондай ақшалай құнға, мәселен, 100 фунт стерлингті 100 фунт стерлингке айырбастау үшін айналма жол ғана болатын болса, мүлдем мағнасыз да мазмұнсыз нәрсе болған болар еді. Өзінің 100 фунт стерлинг ақшасын айырбас қаупіне ұшыратқанша, оны өзінде сақтайтын қазына жинаушының әдісі әлдеқайда оңай және сенімді әдіс болып табылады. Екінші жағынан, купец 100 фунт стерлингке сатып алған мақтасын сатар кезінде де,— бұл арада ол 110 фунт стерлинг, немесе 100 фунт стерлинг, немесе тіпті тек 50 фунт стерлинг өндіре ме, мүлде бәрі бір,— оның ақшасы өзгеше және соны жолдан, жәй товар айналысынан, мәселен, шаруа астығын сатып, өнген ақшаға өзіне киім сатып алатын кездегіден мүлдем басқаша жолдан өтеді. Сонымен, біз ең алдымен $A - T - A$ және $T - A - T$ ауыспалы айналымдар арасындағы формальды айырмашылықты сипаттауға тиіспіз. Сонымен бірге осы формальды айырмашылықтардың тасасында бүркеулі жатқан түбегейлі айырмашылықтар да ашылады.

²⁾ «Ақшаға товар сатып алады және товарға ақша сатып алады» (*Mercier de la Rivière. «L'ordre naturel et essentiel des sociétés politiques», p. 543.*)

Алдымен осы екі формадағы ортақ нәрсені қарастырайық.

Ауыспалы айналымның екеуі де бірдей қарама-қарсы әкі сатыға: $T — A$, сату, және $A — T$, сатып алу болып бөлінеді. Екі сатының әрқайсысында белгілі екі зат — товар мен ақша — біріне бірі қарсы тұрады және белгілібір сипаттағы экономикалық маскалы екі адам — сатып алушы мен сатушы — қарсы тұрады. Екі ауыспалы айналымның әрқайсысы белгілібір қарама-қарсы сатылардың бірлігі болып табылады және екі жолы да бұл бірлік үш контрагенттің қатысуымен іс жүзіне асады, олардың біреуі тек қана сатады, екіншісі тек қана сатып алады, ал үшіншісі алма-кезек сатып та алады, сатады да.

Бірақ ең әуел бастан ақ $T — A — T$ және $A — T — A$ ауыспалы айналымдарын айыратын нәрсе — айналыстың белгілібір қарама-қарсы сатыларының кері ізділігі. Жәй товар айналысы сатудан басталады да, сатып алумен аяқталады, капитал ретіндегі ақшаның айналысы сатып алудан басталады да, сатумен аяқталады. Қозғалыстың бастама және ақтық пункттерін алғашқысында товар, соңғысында ақша жасайды. Бірінші формада дәнекерлік ролін бүкіл процесте ақша атқарады, екінші формада, керісінше, — товар атқарады.

$T — A — T$ айналысында ақша, ақырында келіп, тұтыну құны болып қызмет ететін товарға айналады. Демек, бұл арада ақша түпкілікті жұмсалады. Керісінше, бұған қарама-қарсы $A — T — A$ формасында сатып алушы ақшаны сатушы ретінде ақша алу үшін ғана жұмсайды. Товар сатып алғанда ол ақшаны айналысқа салады, бірақ одан оны нақ сол товарды сату арқылы қайтадан өндіру үшін салады. Сатып алушы ақшаны кейін қайтарып аламын деген жасырын ниетпен ғана қолдан шығарады. Сонымен, ақша бұл арада тек авансыланады³⁾.

$T — A — T$ формасында сол бір ақша өз орнын екі рет ауыстырады. Сатушы оны сатып алушыдан алады да, басқа сатушыға төлейді. Бүкіл процесс түгел алғанда товар үшін ақша алудан басталады да, товар үшін ақша берумен аяқталады. $A — T — A$ формасында процесс керісінше болады. Мұнда сол бір ақша емес, қайта сол бір товардың өзі өз орнын екі рет ауыстырады. Сатып алушы оны сатушының қолынан алады да, қайтадан басқа сатып алушының қолына береді. Жәй товар айналысында белгілібір ақшаның екі рет

³⁾ «Белгілібір зат қайта сату мақсатымен сатып алынатын болса, онда бұл арада жұмсалған сома авансыланған ақша деп аталады, ал егер зат қайта сату үшін сатып алынбайтын болса, онда ақшаны жұмсалған ақша деп атауға болады» (*James Stewart. «Works» etc.*, edited by General Sir James Stewart, his son. London. 1805, v. I, p. 274).

орын ауыстыруы оның бір қолдан екінші қолға түпкілікті өтуін туғызатын болса, бұл арада белгілібір товардың екі рет орын ауыстыруы ақшаны қайтадан оның бастама пунктіне келтіреді.

Ақшаның бастама пунктіне қайтадан оралуы товар сатып алынған кездегіден қымбат сатыла ма, жоқ па, оған байланысты емес. Бұл жағдай тек қайта оралушы ақша сомасының мөлшеріне ғана ықпал етеді. Сатып алынған товар қайтадан сатылатын болса, яғни $A - T - A$ ауыспалы айналымы толық іс жүзіне асатын болса, қайта оралу құбылысы да болып жатады. Демек, бұл арада біз ақшаның капитал ретіндегі айналысы мен ақшаның жәй ақша ретіндегі айналысы арасындағы түйсік арқылы білінетін айырманы көреміз.

$T - A - T$ ауыспалы айналымы бір товарды сатудан өнген ақша басқа товарды сатып алуға жұмсалысымен-ақ мүлдем аяқталады. Ал егер ақшаның бастама пунктіне қайта оралуы бұл арада қалай да болатын болса, онда мұның өзі бүкіл процестің жаңғыртылуы немесе қайталануы арқылы ғана болады. Егер мен квартал астықты 3 ф. ст-ке сатсам және бұл 3 ф. ст-ке көйлек сатып алсам, онда мен үшін бұл 3 ф. ст. түпкілікті жұмсалған болып шығады. Менің енді бұл ақшаға ешқандай қатынасым жоқ. Ол енді көйлек саудагерінікі. Егер мен екінші квартал бидай сатқан болсам, онда ақша маған қайта оралған болар еді, бірақ алғашқы сауда-саттықтың нәтижесінде емес, тек оның қайталануы нәтижесінде оралған болар еді. Егер мен жаңа бұйым сатып алу арқылы бұл сауда-саттықты ақырына дейін жеткізсем, ақша қайтадан менен алыстайды. Демек, $T - A - T$ айналысында ақшаның жұмсалуды оның қайта оралуына ешбір қатыспайды. Керісінше, $A - T - A$ формасында ақшаның қайта оралуы оның жұмсалудының өз сипатына байланысты. Бұл қайта оралу болмаса бүкіл операция сәтсіз болған немесе процесс үзілген және әлі аяқталмаған деп тану керек, өйткені оның екінші сатысы — сатып алуды толықтырып, аяқтайтын сатысы — сату жетпейді.

$T - A - T$ ауыспалы айналымының бастама жері бір товар, ал аяқталар жері екінші товар болады, бұл товар айналыстан шығып, тұтынуға түседі. Тұтыну, адам керектерін қанағаттандыру, бір сөзбен айтқанда — тұтыну құны, сонымен, осы ауыспалы айналымның түпкі мақсаты болып табылады. Керісінше, $A - T - A$ ауыспалы айналымының бастама пункті ақша полюсі болады да, ақырында келіп, нақ сол полюске қайта оралады, Сондықтан оның қозғаушы себебі, оның көздеген мақсаты айырбас құнының өзі болады.

Жәй товар айналысында шеткі екі пункттің де экономикалық формасы біреу. Олардың екеуі де — товар. Онда да құны тең товарлар. Бірақ оның есесіне олар сапа жағынан әртүрлі тұтыну құндары, мәселен, астық пен көйлек. Қоғамдық еңбек сіңген өнімдердің айырбасы, әртүрлі заттардың айырбасы, бұл арада қозғалыстың мазмұны болып табылады. $A - T - A$ айналысында істің жайы басқаша. Сырттан қарағанда ол өзінің қайталану беретіні салдарынан мазмұнсыз болып көрінеді. Шеткі екі пункттің де экономикалық формасы біреу. Олардың екеуі де — ақша, демек, сапа жағынан әртүрлі тұтыну құндары емес, өйткені ақша товарлардың нақ өзгерген бейнесі болып табылады, мұнда бұл товарлардың барлық ерекше тұтыну құндары көрінбей қалады. Әуелі 100 ф. ст.-ті мақтаға айырбастау, ал одан кейін бұл мақтаны қайтадан 100 ф. ст.-ке айырбастау, яғни көлденең жолмен ақшаны ақшаға, сол нәрсені сол нәрсеге айырбастау, — мұндай операция мүлдем мақсатсыз, мүлдем мағнасыз болып шығады⁴⁾. Бір сомалы ақша екінші сомалы ақшадан тегінде тек мөлшері жағынан ғана өзгеше болады. Сондықтан $A - T - A$ процесі өзінің мазмұны жағынан өздерінің шеткі пункттерінің арасындағы сапа айырмасынан туған жоқ, — өйткені олардың екеуі де ақша, — қайта олардың тек сан айырмасынан ғана тұтынып отыр. Бұл процестің нәтижесінде айналыстан оған алғашқыда жұмсалған ақшадан артық ақша түседі. Мәселен, 100 ф. ст.-ке сатып алынған мақтаны қайтадан 100 + 10 ф. ст.-ке, яки 110 ф. ст.-ке сатады. Сондықтан қарастырылып отырған процестің толық формасы былай болады: $A - T - A'$, мұнда $A' = A + \Delta A$, яғни біраз өсім қосылған алғашқы авансыланған сомаға тең болады. Бұл өсімді, яки алғашқы құннан артығын, мен қосымша құн (surplus value) деп атаймын. Сонымен, ал-

⁴⁾ «Ақшаны ақшаға айырбастамас болар». — дейді Мерсье де ля Ривьер меркантилдер жөнінде (*Mercier de la Riviere*, цитат алынған шығарманың 486-беті). «Сауда» мен «жалдаптық» туралы әдейі баяндайтын бір шығармадан біз мынаны оқимыз: «Сауда атаулының мәні эртекгі заттарды айырбастауда; сондықтан пайда (күлең үшпін?) «нақ осы эртеккілік салдарынан туады. Бір қадақ нанды бір қадақ нанға айырбастау ешбір пайда бермес еді... осыдан келіп сауда және ақшаны ақшаға айырбастау ғана болып табылатын ойын арасындағы пайдалы айырмашылық туады» (*Th. Corbet*. «An Inquiry into the Causes and Modes of the Wealth of Individuals: or the Principles of Trade and Speculation explained». London, 1841, p. 5). Корбет $A - A$, ақшаны ақшаға айырбастау сауда капиталы үшін ғана емес, сонымен қатар жалпы капитал атаулы үшін силатты айналыс формасы екенін байқамаса да, қалай дегенмен, сауданың бір түрінің, атап айтқанда жалдаптықтың бұл формасы ойынмен бірдей дегенді мойындайды; бірақ Мак-Куллох келеді де былай деп табады: сату үшін сатып алу атаулының бәрі жалдаптық болып табылады, сөйтіп, жалдаптық пен сауда арасындағы айрма мүлдем жоғалып кетеді. Бір кісі өнімді қайтадан сату мақсатымен сатып алатын кездегі сауда-саттықтың бәрі іс жүзінде жалдаптық болып табылады» (*MacCulloch*. «A Dictionary Practical etc. of Commerce». London, 1847, p. 1009). Пинто — амстердамдық биржаның Пиндары анағұрлым ақшау. «Сауда дегеніміз ойын» (бұл қағиданы ол Локктен алған) «және, әрине, ешнәрсесі жоқ адаммен ойлап ұтуға болмайды. Сондықтан, егер біреу-біреу ұзақ уақыт бойы әрқашан да жұрттың бәрін ұғып жүрген болса, оған өз ұтысының көбін еркімен қайтаруға, сөйтіп ойынды қайта бастауға тура келген болар еді» (*Pinto*. «Traite de la Circulation et du Credit» Amsterdam, 1771, p. 231).

ғашқы авансыланған сома айналыста тек сақталып қана қоймайды, сонымен қатар өзінің мөлшерін де өзгертеді, өзіне қосымша құн қосады, яки өсіп шығады. Міне нақ осы өзгерістің өзі құнды капиталға айналдырады.

Мүмкін, рас, $T - A - T$ -да шеткі екі пункт, T мен T , мәселен, астық пен көйлек, сан жағынан әртүрлі құн болар. Шаруа өзінің астығын құнынан жоғары сатуы немесе көйлекті құнынан төмен сатып алуы мүмкін. Екінші жағынан, оны көйлек саудагерінің алдауы да мүмкін. Бірақ айналыстың бұл формасының өзі үшін құндағы мұндай айырмашылық мүлдем кездейсоқ нәрсе. Айналыстың бұл формасы, $A - T - A$ формасына қарама-қарсы, егер шеткі екі пункт, мәселен, астық пен көйлек, бір-біріне барабар болса, өзінің мағнасы мен маңызын ешбір жоймайды. Ол тұрсын, олардың құндарының теңдігі бұл арада процестің қалыпты жүрісінің шарты болып табылады.

Сатып алу үшін сатудың қайталануы, яки жаңғыртылуы, осы процестің нақ өзі сияқты, бұл процестен тысқары жатқан түпкі мақсатты, — тұтынуды, адамның белгілі керектерін қанағаттандыруды өзінің өлшемі мен мағнасы етеді. Керісінше, сату үшін сатып алудың бастамасы мен соңы бірдей, атап айтқанда ақша, айырбас құны, бір ғана осы себептен де бұл қозғалыс шексіз. Қалай болған күнде де, A -дан $A + \Delta A$ келіп шықты; 100 ф. ст-тен $100 + 10$ ф. ст. шықты. Бірақ тек сапа жағынан ғана қаралып отырған 110 ф. ст. нақ сол 100 ф. ст. сияқты, атап айтқанда ақша. Сан жағынан да 110 ф. ст., нақ сол 100 ф. ст. сияқты, құнның шектеулі сомасы. Егер осы 110 ф. ст. ақша ретінде жұмсалған болса, онда ол өз ролінен шығып қалған болар еді. Ол онда капитал болудан қалар еді. Айналыстан шыққан ақша қорда жатып қатып-семеді де, онда ақырзаманға дейін жатса да, бір де фартинг өсім бермейді. Демек, әңгіме құнның үстемелеп өсуі туралы болғандықтан, мұндай үстемелеп өсу керектігі 100 ф. ст. сияқты 110 ф. ст-ке де тән нәрсе, өйткені бұл соманың екеуі де айырбас құнының шектеулі көрінісі болып табылады, демек, бұлар өз мөлшерлерін көбейту арқылы абсолюттік байлыққа жақындауда бірдей қызмет атқарады. Рас, алғашқы авансыланған 100 ф. ст. құн айналыста оған қосылған 10 ф. ст. қосымша құннан бір сәтке өзгеше көрінеді, бірақ бұл өзгешелік дереу-ақ қайтадан көрінбей кетеді. Простестің қорытындысында бір жағында 100 ф. ст. алғашқы құн, екінші жағында 10 ф. ст. қосымша құн тұратын жағдай болмайды. Қайта бірыңғай 110 фунт стерлинг құн болады. Соңғы құнның, алғашқы 100 фунт стерлинг сияқты, үстемелеп өсу процесін қайтадан бастауға жарамды формасы болады. Қозғалысты аяқтаушы ақша жаңа

қозғалыстың бастамасы болады⁵⁾. Демек, сату үшін сатып алатын әрбір жеке ауыспалы айналымның соңы енді өзінен өзге жаңа ауыспалы айналымның бастамасы болады. Жәй товар айналысы — сатып алу үшін сату — айналыстан тыс жатқан түпкі мақсатқа жету үшін — тұтыну құндарын иемдену үшін, адам керектерін қанағаттандыру үшін қызмет етеді. Керісінше, ақшаның капитал ретіндегі айналысы өзіндік мақсат болып табылады, өйткені құнның үстемелеп өсуі тек осы үздіксіз қайталап отыратын қозғалыстың шеңберінде ғана жүзеге асады. Сондықтан капиталдың қозғалысы шек дегенді білмейді⁶⁾.

Осы қозғалыстың саналы өкілі ретіндегі ақша иесі капиталист болады. Оның өз басы немесе, дәлірек айтқанда, оның қалтасы — ақшаның шығатын да, қайта оралатын да жері міне осы. Бұл айналыстың объективтік мазмұны — құнның үстемелеп өсуі — оның субъективтік мақсаты болып табылады, ал абстрақтылық байлықты барған сайын көп иемдену оның операциясының бірден-бір қозғаушы себебі болып табылады, сондықтан — тек сондықтан ғана — ол капиталист ретінде, яғни адам бейнелі, ерік пен сана дарыған капитал ретінде қызмет етеді. Сондықтан тұтыну құнын ешуақытта капиталистің тікелей мақсаты деп қарауға болмайды⁷⁾. Дәл сондай-ақ

⁵⁾ «Капитал... алғашқы капитал мен пайдаға, капиталдың өсіміне, бөлінеді... Бірақ практикада бұл пайда дереу қайтадан капиталға қосылады, өсітіп онымен бірге айналысқа түседі» (Ф. Энгельс. «Саяси экономия сынның нұсқалары». «Deutsch-Französische Jahrbücher» журналында, Арнольд Руге мен Карл Маркс шығарып тұрған. Париж, 1844, 99-бет [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 1-том, 557-бет]).

⁶⁾ Аристотель хрематистикаға экономиканы қарсы қояды. Ол экономикаға сүйенеді. Соңғысы табыс өнері болғандықтан ол өмірге қажетті немесе үй мен мемлекет үшін пайдалы игіліктерді табумен тынады. «Шын байлық (ο ἀληθινός πλοῦτος) осындай тұтыну құндарынан тұрады; өйткені жақсы өмір үшін қажетті бұл тәрізді меншіктің саны шексіз емес. Алайда, басқаша түрдегі табыс өнері де бар, мұның өзі әдетте хрематистика деп өте дұрыс аталады; соңғысы үшін, сірә, байлық пен меншіктің шегі жоқ сияқты. Товар саудасы» (η χερματική δὲ λέγεται ὁ ἀπὸ τῆς ἀλλοτρίου ἐμπορίας ὁ ἀπὸ τῆς ἑαυτοῦ ἐμπορίας ὁ ἀπὸ τῆς ἑαυτοῦ ἐμπορίας). «Тәрізді заттарға ғана қолданылады». Сондықтан, — дейді ол одан әрі, — товар саудасының алғашқы формасы айырбас саудасы болды, ал оның кеңейтуіне байланысты қажетті түрде ақша туады. Ақшаның шығарылуына байланысты айырбас саудасы сөзсіз χερματική, товар саудасы ретінде дамуға тиіс болды, ал товар саудасы, өзінің алғашқы тенденциясымен қайшы келіп, хрематистикаға, ақша жасау өнеріне айналды. Онан соң, хрематистиканың экономикадан бір айырмашылығы сол, «ол үшін айналыс байлықтың негізі болып табылады (πρῶτον μὲν ἡ χερματική διὰ τὴν ἐμπορίαν μεταβολῆς). Ол түгелдей ақшаға негізделген, өйткені ақша бұл тәрізді айырбастың бастамасы мен соны болып табылады (τοῦτο μὲν οὖν οὐκ ὁμοίον τῷ ἀπὸ τῆς ἐμπορίας τῆς ἀλλοτρίου ἐστίν). Сондықтан да хрематистика ұмтылатын байлық шексіз. Міндетті құрал болу емес, ақырғы түпкі мақсат болып табылатын өнер өзінің талабы жағынан шексіз, өйткені мұндай өнер осы мақсатқа барған сайын жақындай түсуге ұмтылады, ал белгілі мақсат үшін құрал іздеуді көздейтін өнерлер шексіз емес, өйткені осы мақсаттың өзі оларға шек қояды, дәл сол сияқты хрематистика да өз мақсаты үшін шек дегенді білмейді, оның мақсаты — абсолюттік баяу. Экономикادا шек бар, ал хрематистикада шек жоқ... Біріншісі ақшаның өзінен өзгеше нәрсені мақсат етеді, екіншісі тек ақшаны көбейтуге талпынады. Біріне бірі ауысып отыратын осы екі форманы шатастырудың салдарынан кейбіреулер ақшаны сақтауды және оның санын шексіз көбейте беруді экономиканың түпкі мақсаты деп қарайтын болды» (Aristoteles. «De Republica», edit. Bekker, I кітап, 8 және 9 тараулар, әр жерлерінде).

⁷⁾ «Өнеркәсіпші капиталист үшін товар» (бұл арада тұтыну құны мағнасында) «шешуші маңызы аймады... оның түпкі мақсаты ақша» (Th. Chalmers. «On Political Economy etc.» 2nd edit, Glasgow, 1832, p. 165, 166).

оның мақсаты — жеке пайда алу емес, пайданың тынымсыз қозғалысы⁸⁾. Абсолюттік байлыққа осылайша ұмтылу, құнның сонына құмарланып түсу⁹⁾ капиталист үшін де, қазына жинаушы үшін де ортақ сипат, бірақ қазына жинаушы тек құныққан капиталист, ал капиталист барқадарлы қазына жинаушы. Құнның үздіксіз үстемелеп өсуіне қазына жинаушы ақшаны айналысқа салудан сақтай отырып¹⁰⁾ жетуге тырысатын болса, одан гөрі зерделі капиталист ақшаны айналысқа қайта-қайта салу арқылы жетеді^{10а)}.

Жәй айналыс процесінде товар құны алатын дербес формалар — ақша формалары — тек товарлардың айырбасына қызмет етеді де, қозғалыстың ақтық нәтижесінде жоғалып кетеді. Керісінше, $A — T — A$ айналысында товар да, ақша да құнның өзінің өмір сүруінің түрлі тәсілі ретінде ғана қызмет етеді: ақша жалпылық тәсіл ретінде, товар — ерекше тәсіл ретінде, былайша айтқанда, құнның өмір сүруінің бүркемелі тәсілі ретінде қызмет етеді¹¹⁾. Құн үнемі бір формадан екінші формаға ауысып отырады, алайда, ешуақытта бұл қозғалыста жоғалып кетпейді, сөйтіп өздігінен қызмет етуші субъектіге айналады. Егер көріністің жеке формаларын — үстемелеп өсуші құнның өзіне тән өмірлік ауыспалы айналымында алма-кезек түсетін формаларын есепке алатын болсақ, онда мынадай анықтамалар келіп шығады: капитал дегеніміз ақша, капитал дегеніміз товар¹²⁾. Алайда іс жүзінде бұл арада құн кейбір процестің субъектісі болады, бұл процесте құн, өзінің ақшалай формасын товар формасына және керісінше үнемі ауыстыра отырып, өзінің мөлшерін өзі өзгертеді, қосымша құн ретіндегі өзін алғашқы құн ретіндегі нақ өзінен алыста-

⁸⁾ «Купец алған пайданы енді ешнәрсеге дерлік бағаламайды, бірақ әрқашан жаңа пайдаға ұмтылады» (*A. Genovesi. «Lezioni di Economia Civile»* (1765), итальян экономистерінің шығармаларын бастырған Кустоди, Parte Moderna, t. VIII, p. 139).

⁹⁾ «Пайдаға құныға құмарту, *auti sacra iames* [алтынға деген қаснетті құмарлық] әрқашан капиталистердің іс-әрекетіне жетекші болады» (*MacCulloch. «The Principles of Political Economy»* London, 1830, p. 179). Өзінен өзі түсінікті, бұл көзқарас Мак Куллох пен оның сыбайластарына теориялық қиыншылықтар кездескенде, мәселен, асыра өндірілуді зерттегенде, нақ сол капиталистің өзін тек тұтыну құндарын ғана көрек етегін, етік, шляпа, жұмыртқа, шыт сияқты үй ішіне тікелей қатынасы бар тұтыну құндарына нағыз тойымсыз құлқынның азабын шеккен мейрімді бюргерге айналдыруға ешбір бөгет жасамайды.

¹⁰⁾ «Σώζειν» [«сақтау»] — гректердің қазына жинау мағынасында қолданылатын ерекше сөзі. Сол тәрізді, ағылшынша «to save», әрі «сақтау», әрі «жинау» деген сөз.

^{10а)} «Заттар бір бағытта қозғалғанда жете алмайтын шексіздікке ауыспалы айналыс жолымен жетеді» (*Galliani* [цитат алынған шығарманың 156-беті]).

¹¹⁾ «Осы материя өзінен өзі капитал болмайды, қайта, осы материяның құны капитал болады» (*J. B. Say. «Traite d'Economie Politique»*. 3ème ed. Paris, 1817, t. II, p. 429).

¹²⁾ «Өндіру мақсатымен пайдаланылған айналушы ақша [currency] (1) капитал болып табылады» (*Macleod. The Theory and Practice of Banking»*. London, 1855, v. I, ch. I, p. 55). «Капитал — товар деген сөз» (*James Mill. «Elements of Political Economy»*. London, 1821, p. 74).

тады, өздігінен үстемелеп өседі. Өйткені құн қосымша құнды өзіне қосатын қозғалыс құнның өз қозғалысы, демек, оның үстемелеп өсуі өздігінен үстемелеп өсу болып табылады. Құнның өзі құн болып отырған себепті ол құн жасайтын керемет күш алды. Құн балалап жатады немесе, ең болмағанда, алтын жұмыртқа салып жатады.

Бұл процестің белсенді субъектісі ретінде құн мұнда ақша мен товар формаларын біресе өзіне қабыл алады, біресе өзінен сыпырып тастайды, сонымен бірге осы өзгерген түрлерінде үнемі сақталып та, өсіп те отырады, сондықтан құн ең алдымен дербес форманы, өзімен өзінің барабарлығын көрсете алатын форманы қажет етеді. Ал мұндай формаға құн тек ақша түрінде ғана ие болады. Сондықтан ақша құнның әрбір үстемелеп өсуі процесінің бастама пункті мен қорытынды пункті болады. Құн 100 ф. ст-ке тең еді, енді 110 ф. ст-ке тең, т. т. Бірақ ақшаның өзі бұл арада құн формаларының біреуінің ғана ролін атқарады, өйткені форма бұл арада екеу. Товар формасына енбейінше ақша капитал бола алмайды. Сонымен, ақша бұл арада, қазына жинау тұсындағыдай, товарға қарсы айтысқа түспейді. Товар атаулының бәрі, олар қаншама алба-жұлба болып көрінгенімен, ісі қаншама сасық болғанымен, рухы мен ақиқатында ақша, сүндеттелген еврейлер, оның үстіне ақшадан көп ақша жасайтын керемет амал екенін капиталист жақсы біледі.

Егер жәй айналыста товарлар құны олардың тұтыну құнына қарама-қарсы ең мықтағанда ақшаның дербес формасын алған болса, бұл арада құн тұтқиылдан өздігінен дамушы, өздігінен қимылдаушы субстанция ретінде көрінеді, құн үшін товар мен ақша тек формалар ғана. Ол ол ма. Товарлардың қатынасын өзі арқылы көрсетудің орнына ол енді, былайша айтқанда, өзімен өзі жеке қатынас жасай бастайды. Ол ағашқы құн ретіндегі өзін қосымша құн ретіндегі өзінен айырады, бейне мұның өзі екеуі әрі түйдей жасты, әрі шындығында бір тұлға болып отырған ата құдайдың бала құдайдан өзгешелігі сияқты. Өйткені авансыланған 100 ф. ст. тек 10 ф. ст. қосымша құн арқылы ғана капитал бола алады, ал олар осылай болысымен-ақ, ұл туысымен-ақ, ал ол ұл арқылы әке туысымен-ақ, дереу олардың айырмашылығы қайтадан жоғалады, сөйтіп ол екеуінің мәні біреу: 110 фунт стерлинг болады.

Сонымен, құн — өздігінен қимылдаушы құн, өздігінен қимылдаушы ақша, сондықтан да ол — капитал. Құн айналыс саласынан шығады, оған қайтадан кіреді, онда өзін сақтап, көбейтеді, көбейген күйі кейін оралады, сөйтіп қайта-қайта

белгілі бір ауыспалы айналымды жасай береді ¹³⁾. $A — A^1$, ақшадан ақша туады, money which begets money, капиталдың мәнісін алғаш түсіндірушілердің, меркантилистердің аузынан шыққан суреттеме міне осындай.

Сату үшін сатып алу, яки, дәлірек айтқанда, қымбатырақ сату үшін сатып алу, $A' — T — A^1$, сырттан қарағанда капиталдың тек бір ғана түріне — купец капиталына тән форма болып көрінеді. Бірақ өнеркәсіп капиталы да — ақша, мұның өзі де товарға айналады, ал одан кейін товарды сату арқылы қайтадан саны жағынан көп ақшаға айналады. Айналыс саласынан тыс, сатып алу мен сату аралығындағы кезде болып жататын әрекеттер қозғалыстың бұл формасын ешбір өзгертпейді. Ақырында, процент беретін капиталда $A — T — A^1$ айналысы қысқартылған түрде, өзінің нәтижесінде аралық буынсыз, былайша айтқанда, өзінің тасқа таңба басылғандай айқын стилінде, $A — A^1$ ретінде, саны жағынан көп ақшаға тең ақша ретінде, өзінен өзі көп құн ретінде көрінеді.

Сонымен, $A — T — A^1$ шынында да, айналыс саласында тікелей көрінетін капиталдың жалпылық формуласы.

2. ЖАЛПЫЛЫҚ ФОРМУЛАНЫҢ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ

Айналыстың ақша қуыршағын капиталға айналдыратын формасы товардың, құнның, ақшаның және айналыстың өзінің жаратылысы жөніндегі бұрын дамытылған заңдардың бәріне қайшы келеді. Бұл форманың жәй товар айналысынан өзгешелігі нақ сол қарама-қарсы екі процестің, сату мен сатып алудың, кері ізділігінде. Бірақ мұндай таза формальды айырмашылық қандай керемет арқылы бұл процестің өз жаратылысын өзгерте алады?

Ол ол ма: осы кері тәртіп өзара сауда-саттық жасайтын істес үш достың біреуі үшін ғана бар. Капиталист ретінде, мен товарды A -дан сатып аламын да, оны онан соң B -ға сатамын, жәй товар иесі ретінде, мен товарды B -ға сатамын да, онан соң қайтадан товарды A -дан сатып аламын. Істес достар үшін — A мен B үшін — бұл айырмашылық жоқ. Олар тек товарды сатушы және сатып алушы ретінде ғана көрінеді. Мен өзім оларға әр ретте ақшаның жәй иесі немесе товар иесі ретінде, сатып алушы ретінде немесе сатушы ретінде қарсы тұрамын. Метаморфоздардың бірінші жүйесінде де, екінші жүйесінде де мен олардың біреуіне тек сатып алушы, екіншісіне — тек сатушы ретінде: біреуіне — тек ақша ретінде, екін-

¹³⁾ «Капитал... өзін өзі үздіксіз өсіретін құн» (Sismondi. «Nouveaux Principes d'Economie Politique», t. 1, p. 89).

шісіне — тек товар ретінде қарама-қарсы тұрамын; бірақ мен ешкімге де капитал ретінде немесе капиталист ретінде, яғни ақшадан артығырақ болатын немесе товардан артығырақ болатын нәрсенің, ақшаға немесе товарға тән қимылдан басқа қимыл жасай алатын бөтен бір нәрсенің өкілі ретінде қарсы тұрмаймын. Мен үшін *A*-дан сатып алу және *B*-ға сату дәйекті бір тәртіп болып табылады. Бірақ бұл екі іс-әрекеттің арасындағы байланыс тек мен үшін ғана бар. Менің *B*-мен жасасқан сауда-саттығымда *A*-ның ешқандай ісі жоқ, менің *A*-мен жасасқан сауда-саттығымда *B*-нің ешқандай ісі жоқ. Егер мен оларға сауда-саттық жүргізудің тәртібін түбірінен өзгертіп ерекше еңбек сіңірдім деп түсіндіргім келсе, онда олар маған істің рет тәртібі жөнінде менің адасып отырғанымды, тұтас алғанда сауда-саттықтың сатып алудан басталмағанын және сатумен аяқталмағанын, қайта, керісінше, сатудан басталып, сатып алумен аяқталғанын дәлелдеген болар еді. Шынында да: менің бірінші әрекетім, сатып алу, *A* тұрғысынан сату болып табылады, менің екінші әрекетім, сату, *B* тұрғысынан сатып алу болып табылады. Бұған қапағат етпестен *A* мен *B* оның үстіне былай дейді: бар істің бұл рет тәртібі мүлдем керексіз іс-әрекет. *A* өз товарын тікелей *B*-ға сата алар еді, *B* тікелей *A*-дан сатып алған болар еді. Сонымен бірге бүкіл сауда-саттық кәдімгі товар айналысының біржақты әрекеті — *A* тұрғысынан қарағанда сату, *B* тұрғысынан қарағанда сатып алу болып шығады. Сонымен, іс-әрекеттің рет тәртібін кері ауыстырсақ та, біз әлі жәй товар айналысының саласынан тіпті де шыққанымыз жоқ: сондықтан бізге осы саланың өзінің жаратылысы оған енуші құндардың үстемелеп өсуін, демек, қосымша құнның жасалуын болғыза ма деген мәселені зерттеуімізге тура келеді.

Айналыс процесін оның өзі жәй товар айырбасы болатын формада алып қарайық. Бұл форма екі товар иесі бірінен бірі товар сатып алатын және төлем мерзімі жетісімен өзара ақша міндеттемелерінің балансын шығарған реттердің бәрінде де болып отырады. Ақша бұл жерде есеп айыру ақшасы болады; ақша товарлардың құнын олардың бағасымен көрсетеді, бірақ товарлардың өздеріне тұлға ретінде қарсы тұрмайды. Сірә, іс тұтыну құндарына келіп тірелетіндіктен, өзара айырбас жасаушы адамның екеуі де ұтуы мүмкін. Екеуі де тұтыну құндары ретінде өздері үшін пайдасыз товарларды береді де, өздері тұтыну үшін мұқтаж болып отырған товарларды алады. Бірақ сауда-саттықтың пайдалылығы тіпті мұнымен де тынбайды. Мүмкін, шарап сатушы және астық сатып алушы *A* белгілібір жұмыс уақытының ішінде шарапты нақ сол жұмыс уақытының ішінде астық өндіруші *B*-ның жа-

сайтын шарабынан гөрі артық жасар және керісінше: астық өндіруші *B* белгілібір жұмыс уақытының ішінде астықты шарап жасаушы *A*-дан гөрі артық өндіреді. Сонымен, *A* нақ сол айырбас құн үшін астықты көп алады, ал *B* шарапты көп алады, егер бұлардың екеуі де, айырбасқа бармастан, өздері үшін шарап жасаумен де, астық өндірумен де айналысса, олардың әрқайсысы әлгіндей көп ала алмаған болар еді. Демек, тұтыну құны жөнінде мынаны айтуға болады: «айырбас дегеніміз сауда-саттық, мұнда екі жақ та ұтып шығады»¹⁴⁾. Айырбас құны жөнінде іс басқаша.

«Шарабы көп, бірақ астығы жоқ адам астығы көп, бірақ шарабы жоқ адаммен сауда-саттық жасайды, сөйтіп олардың арасында құны 50 болатын бидай нақ сондай шарап түріндегі 50 құнға айырбасталады. Бұл айырбас біріншісі үшін де, екіншісі үшін де айырбас құнын көбейткендік болмайды, өйткені олардың әрқайсысының қолында айырбасқа дейін-ақ құн болатын, мұның өзі осы операция арқылы алынатын құнға тең болатын»¹⁵⁾.

Товарлар арасында айналыс құралы ретінде ақшаның болуынан және сатып алу әрекетінің сату әрекетінен көрнеу бөлініп шығатындығынан істің жайы ешбір өзгермейді¹⁶⁾. Товарлардың құны олардың бағасынан олар айналысқа түспестен бұрын көрінеді, демек, ол — айналыстың алғышарты, бірақ оның нәтижесі емес¹⁷⁾.

Процесті абстрактылы түрде қарай отырып, яғни жәй товар айналысының ішкі заңдарынан тумайтын жағдайларды былай қалдыра отырып, біз бұл арада, бір тұтыну құнын екінші тұтыну құнымен ауыстырудың үстіне, тек товар метаморфозын, яғни товар формасының жәй өзгеруін көреміз. Белгілібір құн, яғни затқа айналған қоғамдық еңбектің белгілібір саны белгілібір товар иесінің қолында алдымен товар формасында, онан соң товардың орнына келген ақша формасында, ақырында, тағыда сол ақшаның орнына қайтадан келген товар формасында болады. Форманың мұндай ауысуында құн мөлшері өзгеріске ұшырамайды. Бұл процестегі товар құнының өзінде болатын өзгеріс оның ақша формасының өзгеруімен тынады. Бұл форма әуелі сатуға ұсынылған товардың бағасы түрінде, онан соң белгілі ақша сомасы түрінде, мұның өзі, алайда, бағада бұдан әлдеқайда бұрын көрінген болатын, ақырында, эквиваленттік товардың бағасы түрінде

¹⁴⁾ «Айырбас — ғажап сауда-саттық, мұнда контрагенттің екеуі де — әрқашан (!) ұтады» (*Destutt de Tracy*. «Traité de la Volonté et de ses Effets» Paris, 1826, p. 68.) Нақ сол кітап «Traité d'Économie Politique» деген атпен де шықты.

¹⁵⁾ *Mercier de la Riviere*, цитат алынған шығарманың 544-беті.

¹⁶⁾ «Бұл құндардың біреуі ақша бола ма немесе екеуі де қадімігі товарлар бола ма, албетте, мұның ешбір келер-кетері жоқ» (*Mercier de la Riviere*, цитат алынған шығарманың 543-беті).

¹⁷⁾ «Құнды контрагенттер анықтамайды: құн контрагенттер сауда-саттық жасаудан бұрын анықталған» (*Le Trosne*, цитат алынған шығарманың 906-беті).

болады. Формалардың бұлайша ауысуы, бес фунттық билетті соверендерге, жарты соверендерге және шиллингтерге майдалаған кездегі сияқты, өздігінен құн мөлшерін онша өзгерте қоймайды. Сонымен, товар айналысы тек оның құнының формасын өзгертуге ғана себепкер болатындықтан, айналыс, егер бұл құбылыс таза түрінде болатын болса, эквиваленттердің айырбасына себепкер болады. Тіпті тұрпайы саяси экономия да, құнның не екенін мүлде түсінбейтініне қарамастан, құбылысты таза түрінде өзінше алып қарауға әрекеттенген әрбір ретте, сұраныс пен ұсыныс өзара бірін бірі өтеп отырады, яғни олардың ықпалы тегінде жойылып кетеді деп жорамалдайды. Демек, егер тұтыну құны жөнінде контрагенттің екеуі де ұта алатын болса, айырбас құнынан олардың екеуі бірдей ұта алмайды. Бұл арада көбінесе: «Тендік болған жерде, пайда болмайды»¹⁸⁾ деген ереже үстемдік етеді. Товарлардың өз құндарынан алшақ кететін бағалар бойынша сатылуы да мүмкін, бірақ мұндай алшақтық товар айырбасы заңдарын бұзғандық болып табылады¹⁹⁾. Өзінің таза түрінде ол — эквиваленттер айырбасы, демек, құнды көбейту құралы бола алмайды²⁰⁾.

Сондықтан товар айналысын қосымша құнның негізі деп қарау әрекеттерінің сырында әдетте *quid pro quo*, тұтыну құны мен айырбас құнын шатастырушылық бұркеулі жатады. Мәселен, Кондильякта былай делінген:

«Товар айырбасы тұсында бірдей құн бірдей құнға айырбасталады деген пікір дұрыс емес. Керісінше, екі контрагенттің әрқайсысы әрқашан көп құн орнына аз құн береді... Егер адамдар шынында да тек бірдей құндарды айырбастаған болса, онда контрагенттердің біреуі үшін де ешқандай пайда болмаған болар еді. Іс жүзінде екеуі де пайда табады, немесе, ең кемінде, табуға тиіс. Қалайша? Заттардың құны тек олардың біздің керектерімізге қатынастарында ғана болады. Біреуі үшін көп нәрсе, екіншісі үшін аз болады және керісінше... Біздің өз тұтынуымыз үшін қажетті заттарды біз сатуға саламыз деп жорамалдауға болмайды ғой... Біз өзіміз үшін қажетсіз затты беруге, сөйтіп қажеттіні алуға ұмтыламыз; біз көп орнына аз бергіміз келеді. Айырбасталатын заттардың құны белгілібір ақша санына тең болғандықтан, айырбаста тең құнды тең құнға береді деген қорытындыға келу әбден табиғи нәрсе еді... Бірақ істің екінші жағын да еске алу қажет; біздің екеуіміз де артығымызды әрқайсымыз үшін қажетті затқа айырбастап отырған жоқпыз ба? — деген сұрақ туады»²¹⁾.

¹⁸⁾ «Dove è eguagliata, non è lucro» (*Galliani: «Della Moneta», IV том, Кустоди бастырған, Parte Moderna, 244-беті*).

¹⁹⁾ «Белгілібір тосын жағдай бағаны кемітіп я асырып жіберсе, айырбас екі жақтың біреуі үшін тиімсіз болады: онда тендік бұзылады, бұзылғанда айырбастың өзінің салдарынан емес, осы тосын себептің салдарынан бұзылады» (*Le Trogne, цитат алынған шығарманың 904-беті*).

²⁰⁾ «Айырбас өзінің жаратылысы бойынша — тендік доғоворы, бұл доғовор бойынша құн бірдей құнға беріледі. Демек, мұның өзі баудың құралы емес, өйткені бұл арада қанша алатын болса, дәл сонша береді» (*Le Trogne, бұл да сонда, 903-беті*).

²¹⁾ *Condillac. «Le Commerce et le Gouvernement» (1776), «Melanges d'Economie Politique», деген кітапта, Paris, 1847, p. 267, 290—291, Дәр мен Молинари бастырған.*

Біздің көріп отырғанымыздай, Кондильяк тұтыну құны мен айырбас құнын шатастырып қана қоймай, сонымен қатар нағыз балалық аңқаулықпен, дамыған товар өндірісі бар қоғамды өз тіршілігіне қажетті заттарды өзi өндіретін және өз керектерін қанағаттандырғаннан кейінгі артығын ғана айналысқа салатын құрылыспен шатастырып отыр²²⁾. Солай бола тұрса да, Кондильяктың дәлелін кәзіргі экономистер жиі қайталап жүр, атап айтқанда товар айырбасының дамыған формасын, сауданы, қосымша құн жасаудың негізі деп көрсету керек болған реттерде қайталап жүр.

«Сауда»,— дейді, мәселен,— «өнімдерге құн қосады, өйткені нақ сол өнімдердің құны өндірушінің қолындағы кезінен гөрі тұтынушының қолындағы кезде көп болады, сондықтан да сауда сөздің дәлме-дәл мағнасында (Strictly) өндіріс әрекеті ретінде қаралуға тиіс»²³⁾.

Бірақ товарлар үшін екі рет: бір рет олардың тұтыну құнын, екінші рет олардың құнын төлемес болар. Ал егер товардың тұтыну құны сатушыдан гөрі сатып алушы үшін пайдалырақ болса, онда оның ақшалай формасы сатып алушыдан гөрі сатушы үшін пайдалырақ болады. Әйтпейінше, ол товарын сатар ма еді? Сондықтан былай деуге бізде сондай праволымыз: сатып алушы дәлме-дәл мағнасында (strictly) «өндіріс әрекетін» жасайды, өйткені ол, мәселен, купецтің шұлықтарын ақшаға айналдырады.

Егер товарлар немесе айырбас құны бірдей товар мен ақша, яғни эквиваленттер айырбасталса, онда, сірә, ешкім айналыстан оған салған құннан артық өндіре алмайды. Мұндай ретте қосымша құн бола алмайды. Товарлар айналысының процесі өзінің таза формасында эквиваленттердің айырбасын ғана жасайды. Алайда шынығында процестер таза түрінде болмайды. Сондықтан эквивалент еместер айырбасталады деп ұйғарамыз.

Қалайда, товар рыногінде тек товар иесі ғана товар иесіне қарсы тұрады, ал бұл адамдардың біріне бірін жүргізетін өктемдігі тек олардың товарларының өктемдігі ғана. Товарлардың заттай айырмашылығы — айырбастың заттық негізі, мұның өзі товар иелерін өзара тәуелді етеді, өйткені олардың бір де біреуінде дәл өз басы тұтынатын зат жоқ, әр-

²²⁾ Сондықтан Ле Трон өзінің досы Кондильякқа әбден дұрыс жауап қайтарады: «Толық қалыптасып болған қоғамда тегінде ешқандай артық нәрсе болмайды» [*Le Trosne*, цитат алынған шығармасының 907-беті]. Сонымен қатар ол оны мынадай ескертпемен түйрейді: «егер айырбастаушының екеуі де өздерінің бергендерімен салыстырғанда бірдей пайдалы нәрсе алатын болса, онда екеуі де тең алады». Міне сондықтан, қосымша құнның жаратылысы туралы Кондильяктың әлі титтей де түсінігі жоқ болғандықтан, ол профессор Вильгельм Рошер мырзаның өзінің балалық ұрымдарын жасарында нағыз қолайлы жетекшісі болып отыр. Оның мына еңбегін қараңыз: «*Die Grundlagen der Nationalökonomie*». Dritte Auflage, 1858.

²³⁾ S. Ph. Newman: «*Elements of Political Economy*». Andover and New York, 1835, p. 175.

қайсысында басқасы тұтынатын зат бар. Товарлардың тұтыну құндарының осы заттай айырмашылығынан басқа, товарлар арасында бір ғана айырмашылық болады: товарлардың заттай формасы мен өзгерген формасы арасындағы, товар мен ақша арасындағы айырмашылық. Сонымен, товар иелері өзара тек сатушылар, товар иелері, және сатып алушылар, ақша иелері, болып жіктеледі.

Енді сатушыда товарларды олардың құнынан жоғары сататын, бұрын 100-ге баламаттын товарын 110-ға, яғни бағаға 10% номиналды қосымшамен сататын түсініксіз бір артықшылық бар дейік. Сатушы сонымен 10-ға тең қосымша құн алады. Бірақ сатушы болғаннан кейін ол енді сатып алушы болады. Үшінші товар иесі енді онымен сатушы ретінде кездеседі де, өз тарапынан товарды 10% қымбат сататын артықшылығын пайдаланады. Біздің товар иесі сатушы ретінде 10-ды ұтты да, сатып алушы ретінде дәл сол 10-ды ұтқызады²⁴⁾. Жалпы алғанда әңгіме іс жүзінде мынаған келіп тіреледі: товар иелерінің бәрі бір-біріне өз товарларын олардың құнынан 10% қымбат сатады, ал мұның өзі егер товарлар өз құндары бойынша сатылғанда қандай болса, мүлдем нақ сондай нәрсе. Товарлардың бағасына мұндай жалпылық номиналды қосымша болудың маңызы, мәселен, товар құндарын алтын орнына күміспен өлшеген сияқты. Товарлардың ақша аттары, яғни бағалары өседі, бірақ олардың құн қатынастары өзгеріссіз қалады.

Керісінше, сатып алушыда товарларды олардың құнынан төмен алатын артықшылық бар дейік. Бұл арада сатып алушы да, кезегі келгенде, сатушы болады деп ескертіп жатудың тіпті қажеті де жоқ. Сатып алушы болмастан бұрын-ақ ол сатушы болған-ды. Сатып алушы ретінде 10% ұтпастан бұрын-ақ сатушы ретінде ол 10%-тен айрылған-ды²⁵⁾. Сөйтіп бәрі де бұрынғыша қалады.

Сонымен, қосымша құнның құралуын, сондықтан ақшаның капиталға айналуын да, сатушылар өз товарларын олардың құнынан жоғары сатады деп те, сатып алушылар олардың өз құнынан төмен сатып алады деп те түсіндіру мүмкін емес²⁶⁾.

²⁴⁾ «Өнімнің номиналды құнын көбейтумен... сатушылар байымайды... өйткені олар сатушы ретінде қанша ұтса, сатып алушы ретінде дәл сонша жоғалтады» ([J. Gray.] «The Essential Principles of the Wealth of Nations etc.» London, 1797, p. 66).

²⁵⁾ «Егер сатушылар 24 ливр тұратын өнімдердің белгілі бір санын 18 ливрге беруге мәжбүр болса, онда, өнген ақшаны сатып алуға жұмсаған кезде олар да, өз кезегінде, 24 ливр тұратын нәрсені 18 ливрге алған болар еді» (*Le Trocne*, цитата алынған шығармасының 897-беті).

²⁶⁾ «Ешбір сатушы өз товарларын үнемі қымбаттата алмайды, өйтпесе басқа сатушылардың товарлары үшін дәл осылай үнемі қымбат төлеуге мәжбүр болар еді; нақ сол себепті ешбір тұтынушы тегі өзі сатып алатын нәрселері үшін арзан төлеп алмайды, өйтпесе ол өзі сататын заттарының бағасын тиісінше кемітуге мәжбүр болар еді» (*Mercier de la Rivière*: цитат алынған шығармасының 353-беті).

Біз бұл мәселеге жат қатынастарды әкеліп астыртын енгізсек те, біз, мәселен, полковник Торренспен бірге мынаны айтсақ та, бұдан мәселе ешбір оңайламайды.

«Шын сұраныс тұтынушылардың тікелей немесе аралық айырбас арқылы товарлар үшін капиталдың барлық құрамды бөлімдерін товарлардың өндіріс құнынан гөрі неғұрлым көп төлеуге қабілетті және бейім болатындығында (!)»²⁷⁾.

Айналыста өндірушілер мен тұтынушылар бір-біріне тек сатушылар мен сатып алушылар ретінде ғана қарсы тұрады. Өндірушілердің қосымша құн алатын себебі — тұтынушылар товарларға олардың құнынан жоғары төлейді деу товар иесі, сатушы ретінде, товарларын көтеріңкі бағамен сату артықшылығымен пайдаланады деген жәй ережені бүркемелі түрде қайталағандық қана болады. Сатушы өз товарын өзі өндірген немесе оны өндірушілердің өкілі, бірақ дәл сол сияқты сатып алушы да өзінің ақшасы арқылы көрінген товарды өзі өндірді немесе оларды өндірушілердің өкілі болып табылады. Демек, өндіруші өндірушіге қарсы тұрады. Олардың айырмашылығы тек мынау: біреуі сатып алады, ал екіншісі сатады. Егер біз товар иесі өндірушінің атымен өз товарын құнынан жоғары сатады, ал тұтынушының атымен соның өзі товарларға олардың құнынан қымбат төлейді десек, онда біз бір адым да ілгері баса алмаймыз²⁸⁾.

Сондықтан қосымша құн бағаға қосылған номиналды қосымшадан немесе сатушылардың товарларды тым қымбат сатуға ерікті артықшылығынан туады дейтін жалған үмітті дәйектілікпен жақтаушылар сатпастан тек сатып алушы, демек, өндірместен тек тұтынушы тап болады деп жорамалдайды. Біздің әзіріше көзіміз жеткен тұрғыдан, жәй айналыс тұрғысынан қарағанда мұндай таптың болуын түсіндіру әлі мүмкін емес. Бірақ алдағыны шолайық. Мұндай тап үнемі зат сатып алып отыратын ақша, сірә, оған әлгі товар иелерінен үнемі ағылып келіп отыруға тиіс және оның бержағында айырбассыз, тегін, белгілібір правоның немесе зорлықтың негізінде келіп отыруға тиіс. Мұндай таптың өкілдеріне товарларды құнынан жоғары сату — тегін берілген ақшаның бір бөлегін тек өзіне қайтару ғана деген сөз²⁹⁾. Мәселен, Кіші

²⁷⁾ R. Torrens: «An Essay on the Production of Wealth». London, 1821, p. 349.

²⁸⁾ «Пайданы тұтынушылар төлейді деген ой, күмансіз, мүлде бос сөз. Бұл тұтынушылар кімдер өздері?» (G. Ramsay: «An Essay on the Distribution of Wealth». Edinburgh, 1836, p. 183).

²⁹⁾ «Егер біреу сұраныстың жетімсіздігі жағынан зардап шегіп отырған болса, оған Мальтус мырза басқа біреуге ақша бер, сөйтіп ол адам сенен товар сатып алатын болады деп ақыл айта ма» — деп сұрайды бір ызаланған рикардошы Мальтус: «Ян, ол өзінің шәкірті поп Чалмерс сияқты, таза сатып алушылар немесе тұтынушылар табының экономикалық маңызын дәріптейді. Қараңыз: «An Inquiry into those Principles respecting the Nature of Demand and the Necessity of Consumption, lately advocated by Mr. Malthus etc». London, 1821, p. 57.

Азияның қалалары Ертедегі Римге жылма-жыл ақша алымын төлеп тұрған. Өнген ақшаға Рим олардан товарлар сатып алған және ылғи көтеріңкі бағалармен сатып алған. Кішіазиялықтар римдіктерді алдап отырған, сауда арқылы өздерінің басқыншыларынан оларға төленген алымның бір бөлегін ештеп алып отырған. Ал солай бола тұрса да кішіазиялықтар шығында қалып отырған. Олардың товарлары үшін қалайда олардың өз ақшасын төлеп отырған. Мұның өзі әсте баюдың немесе қосымша күн жасаудың әдісі емес.

Сондықтан сатушы — сатып алушы болатын және сатып алушы — сатушы болатын товар айырбасының шекарасынан шықпайтын болайық. Мүмкін, біз адамдарды жеке-дара алып қарамай, бейнелі категориялар ретінде алып қарауымыздың салдарынан қиыншылыққа ұшыраған болармыз.

Товар иесі *A* барынша епті сұм болар да, өзінің әріптестері *B* мен *C*-ны әрқашан алдайтын шығар, ал соңғы екеуі қаншама тырбанса да одан кек алуға дәрменсіз. *A* құны 40 ф. ст. шарапты *B*-ға сатады да, осы айырбас арқылы құны 50 ф. ст. бидай алады. *A* өзінің 40 фунт стерлингін 50 ф. ст-ке айналдырды, аз ақшадан көп ақша жасады, сөйтіп өз товарын капиталға айналдырды. Іске неғұрлым байыптап қарайық. Айырбасқа дейін *A* қолында 40 ф. ст. шарап болды және *B* қолында 50 ф. ст. бидай болды, ал барлық күн 90 ф. ст. Айырбас соңынан да біз дәл сол 90 ф. ст. болатын жалпы құнды көреміз. Айналыста болған күн бір түйір де көбейген жоқ, тек оның *A* мен *B* арасындағы бөлінісі ғана өзгерді. Бұл арада бір жағы үшін қосымша күн болып отырған нәрсе екінші жағы үшін жетпейтін күн, біреуі үшін көбею, екіншісі үшін азаю болып табылады. Егер *A*, айырбас процесін бүркенбестен, *B*-дан 10 фунт стерлингті тікелей ұрлап алса да, нәтиже нағыз сондай болар еді. Ескі монеталармен сауда жасаушы еврей, егер королева Анна заманының фартингін гинейға сатса, өз елінің асыл металдарының санын ешбір көбейтпейді, сол сияқты айналыстағы құндардың сомасын қалай бөліске салсаң да, анығында, оны көбейтуге болмайды. Белгілі елдің бүкіл капиталистер табы тұтас алғанда өз есебінен өзі байи алмайды³⁰⁾.

Қалай бұлтарсаң да, факт факт күйінде қалады. Егер эквиваленттер айырбасталатын болса, онда ешқандай қосымша күн өнбейді, ал егер эквивалент еместер айырбасталса, онда

³⁰⁾ Дестют де Траси Институт мүшесі³¹⁾ болғандығына қарамастан, мүмкін дәл сондықтан да, қарама-қарсы көзқараста болды. Өнеркәсіп капиталистері, дейді ол, пайданы мына себептен алады: «олар товарлардың бәрін оларды өндіру құнынан қымбат сатады. Олар мұны кімге сатады? Біріншіден, бір-біріне сатады» (*Destutt de Tracy*, цитат алынған шығармасының 239-беті).

да ешқандай қосымша құн өнбейді³¹⁾. Айналыс, яки товар айырбасы, ешқандай құн жасамайды³²⁾.

Осыдан капиталдың негізгі формасын, капиталдың өзі көзірші қоғамның экономикалық ұйымын анықтайтын формасын талдағанымызда капиталдың, яғни сауда капиталы мен өсімқорлық капиталдың, өте-мөте көп тараған және, былайша айтқанда, атамзаманғы формаларына біздің әзірше соқпайтын себебіміз түсінікті.

Нақ сауда капиталында $A - T - A^1$ формасы, қымбат сату үшін сатып алу, анағұрлым таза түрінде көрінеді. Екінші жағынан, оның бүкіл қозғалысы айналыс саласының шеңберінде болып жатады. Бірақ айналыстың өзінен ақшаның капиталға айналуын, қосымша құнның құралуын түсіндіруге болмайды, сол себепті сауда капиталының болуы да мүмкін емес тәрізді, өйткені эквиваленттер айырбасталады³³⁾; сондықтан оның болуы сатып алушылар мен сатушылар түріндегі товар өндірушілерді олардың арасына арамтамақтық ниетпен еніп кеткен купецтің екі жақты бірдей алдауының нәтижесі ретінде ғана түсіндірілуі мүмкін. Осы мағнада Франклин былай дейді: «Соғыс — тонаушылық, сауда — алдаушылық»³⁴⁾. Сауда капиталының үстемелеп өсуін товар өндірушілерді жәй алдаудан басқаша ретпен түсіндіру үшін бұл арада біздер үшін мүлдем жоқ болып отырған бірқатар ұзақ аралық буындар қажет болады, өйткені біздің бірден-бір алғышартымыз әзірге товар айналысы және оның жәй моменттері болып отыр.

Сауда капиталы туралы айтқандарымызда өсімқорлық капиталға онан да көбірек қолдануға болады. Сауда капиталында шеткі екі пункт, — рынокке түсетін ақша мен рыноктен алынған өскен ақша, — кем дегенде, сатып алу мен сату ар-

³¹⁾ «Бірдей екі құнның айырбасы қоғамдағы бар құндардың жалпы санын көбейтпейді де, кемітпейді де. Бірдей емес құндардың айырбасы да... қоғамдық... құндардың сомасын ешбір өзгертпейді, тек біреудің мүлкіне екінші біреудің мүлкінен алынғанды ғана қосалды» (*J. B. Say. «Traité d'Economie Politique», 3^e éme éd. (Paris, 1817, t. II, p. 433, 444).* Сәй бұл қағиданы физиократтардан сөзбе-сөз дерлік алған, бірақ, әрине, одан туатын қорытындылар туралы ешбір ойланбаған. Өз басының «құнды» көбейту үшін физиократтардың оның заманында мүлдем дерлік ұмытылған шығармаларын оның мықтап пайдаланғаны мына мысалдан айқын көрінеді. Сәйдің «атышулы» қағидасы: «Өнімдер тек өнімдерге сатып алынады» (бұл да сонда, II том, 441-беті), физиократтардың оригиналында (*Le Tresne*, цитат алынған шығармасының 899-беті) былай делінген: «Өнімдер тек өнімдермен төленеді».

³²⁾ «Айырбас өнімдерге тері ешқандай құн қоспайды» (*F. Wayland: «The Elements of Political Economy», Boston 1843, p. 169.*)

³³⁾ «Өзгермейтін эквиваленттердің үстемдігі тұсында сауда мүмкін болмаған болар еді» (*G. Opdyke: «A Treatise on Political Economy», New York 1851, p. 66—69.*) «Шынайы құн мен айырбас құн арасындағы айырмашылықтың негізінде жатқан факт дәл мынау: заттың құны саудада сол зат үшін берілетін эквивалент деп аталатыннан өзгеше, яғни бұл эквиваленттің өзі эквивалент емес» (*Ф. Энгельс. «Саяси экономия сынының нұсқалары», «Deutsch-Französische Jahrbücher» журналында, Арнольд Пуге мен Карл Маркс шығарып тұрған. Париж, 1844, 95, 96-беттер [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы 1-том, 553-беті]).*

³⁴⁾ *Benjamin Franklin, «Works», vol. II, edit. Sparks, in «Positions to be examined concerning National Wealth», p. 376.*

қылы, айналыстың қозғалысы арқылы байланысқан. Өсімқорлық капиталда $A - T - A^1$ формасы қысқарған, шеткі пункттері ешбір аралық буынсыз бірігеді: $A - A^1$, сан жағынан көп ақшаға айырбасталатын ақша — ақшаның өз жаратылысына қайшы келетін және сондықтан товар айырбасы тұрғысынан түсінуге болмайтын форма. Сондықтан Аристотель былай дейді:

«Екі түрлі хрематистика бар: бірі саудаға, екіншісі экономикаға жаатады; соңғысы қажет және мактауға тұрады, біріншісі айналысқа негізделген, сондықтан да жазғырылады (өйткені оның өзі заттардың жаратылысына емес, қайта өзара алдаушылыққа негізделген). Сонымен, өсімқорлықты жұрттың бәрі әділетті түрде жек көреді, өйткені бұл арада ақшаның өзі табыстың негізі болып отыр және шығарылған мақсаты үшін жұмсалып отырған жоқ. Ақша товар айырбасы үшін шығарылған еді ғой, бірақ процент ақшадан жаңа ақша жасайды. Осыдан оның аты («тоиос» — «процент» және «тума») келіп шығады. Өйткені тума тудырушыға ұқсас. Бірақ процент — ақшадан туған ақша, сондықтан табыстың барлық тарауларының ішінде мұның өзі — жаратылысқа барынша жексұрын нәрсе»³⁵⁾.

Зерттеуіміздің барысында біз процент беретін капиталдың да, сауда капиталы тәрізді, туынды форма екенін ашамыз, ал сонымен бірге тарихи жағынан ол екеуінің де капиталдың кәзіргі негізгі формасынан бұрын пайда болғанын көреміз.

Өзіміз көріп отырғандай, қосымша құн айналыстан туа алмайды; демек, оның тууы үшін айналыстың сыртында айналыстың өз процесінде көрінбейтін бір нәрсенің болуы керек³⁶⁾. Бірақ қосымша құн басқа бір жақтан, айналыс процесінен тысқары туа ала ма? Айналыс дегеніміз товар иелерінің барлық товар қатынастарының сомасы болып табылады. Айналыстан тыс товар иесі тек өз товарына ғана қатынасын сақтайды. Әңгіме тек құн жайында ғана болғандықтан бұл қатынас мынамен тынады: белгілі бір адамға тиісті товарда оның өз еңбегінің тиісті мөлшері болады, ол белгілі қоғамдық заңдарға сәйкес өлшенеді. Еңбектің бұл мөлшері жаңағы адамның товары құнының мөлшерінен көрінеді, ал құн мөлшері есеп ақша арқылы көрінетін болғандықтан оның өзі товардың бағасынан, мәселен, 10 фунт стерлингтен көрінеді. Бірақ оның еңбегі өз құнынан артық товар құнынан көрінбейді, 10-ға тең және сонымен қатар 11-ге тең бағадан көрінбейді, өзінен өзі артық құннан көрінбейді. Товар иесі өз еңбегімен құн жасай алады, бірақ үстемелеп өсетін құн жасай алмайды. Ол товар құнын өсіргенде жаңа еңбек арқылы,

³⁵⁾ *Aristoteles*: «Die Republica», I кітап, 10-тарау [17-бет].

³⁶⁾ «Рыноктің дағдылы жағдайларында пайданы айырбас жасамайды. Егер ол бұрын болмаған болса, ол бұл сауда-саттықтан кейін де бола алмас еді» (*Ramsay*, цитат алынған шығармасының 184-беті).

мәселен, былғарыдан етік тігу арқылы нақтылы құнға жаңа құн қосу жолымен өсіре алады. Нақ сол заттың құны енді бұрынғыдан артық, өйткені оған сіңген еңбектің мөлшері артық. Сондықтан етіктің құны былғарымен салыстырғанда артық, бірақ былғарының құны бұрынғысынша өзгерместен қалды. Ол өскен жоқ, етік жасалған кезде ол өзіне қосымша құн қосқан жоқ. Демек, товар өндіруші айналыс саласынан тыс, яғни басқа товар иелерімен жанаспайынша құнды көбейте алмайды, ақшаны немесе товарды капиталға айналдыра алмайды.

Сонымен, капитал айналыстан туа алмайды және сондай-ақ айналыстан тысқары да туа алмайды. Ол айналыстан, сонымен қатар айналыстан тыс тууға тиіс.

Біз, сонымен, екі жақты нәтижеге жеттік.

Ақшаның капиталға айналуы товар айырбасының ішкі заңдарының негізінде ашылуға тиіс, яғни біздің бастапқы тірегіміз эквиваленттердің айырбасы болуға тиіс³⁷⁾. Әзірше тек капиталистің құрты болған ақша иесінің товарларды олардың құны бойынша сатып алуға, оларды өздерінің құны бойынша сатуға тиіс және солай болғанмен де осы процестің ақыр-аяғында өзі шығарған құннан артық құн алуға тиіс. Оның көбелекке, нағыз капиталиске, айналуы айналыс саласында және сонымен қатар айналыс саласынан тыс болуға тиіс. Проблеманың шарттары міне осындай. Нис Rhodus, hic salta!⁶³.

3. ЖҰМЫС КҮШІНІҢ САТЫП АЛЫНУЫ МЕН САТЫЛУЫ

Капиталға айналатын ақша құнының өзгерісі ақшаның өзінде бола алмайды, өйткені сатып алу құралы мен төлем құралы ретінде, ақша тек оған сатып алынатын немесе онымен өтелетін товарлардың бағасын ғана көрсетеді; ал оның

³⁷⁾ Жоғарыда баяндалғанның бәрінен соң оқушы, әрине, мұның өзі бір нәрсені ғана көрсететінін түсінеді: егер товарлардың бағалары олардың құнына тең болған күнде де капиталдың құралы мүмкін болуға тиіс. Мұны товар бағаларының товар құндарынан алшақ кетуінен деп түсіндіруге болмайды. Егер баға шынғында да құннан алшақ кететін болса, онда мұны алдымен сол құнның мөлшеріне келтіру керек, яғни мүлде кездейсоқ нәрсе ретінде бұл жағдайды есепке алмау керек, сөйтіп товар айырбасы негізінде капиталдың құралу құбылысы көз алдында таза күйінде болуға тиіс және оны зерттегенде процестің шын беталысын көмескілейтін көлденең жағдайларға алданып қалмау керек. Оның бержағында, осылайша шағып есептеудің өзі есге бірден-бір ғылыми, методологиялық тәсіл бола қоймайтын белгілі. Рынок бағаларының үнемі ауытқып отыруы, олардың жоғарылауы мен төмендеуі бір-бірінің орнын толтырады, бірін-бірі жуып-шайып кетеді, сөйтіп өздерінің ішкі нормасы болған орта бағаға өздігінен келеді. Орта баға, мәселен, купец үшін немесе өнеркәсіпші үшін азда-көпті ұзақ уақытқа арналған әрбір істе темір қазық болып табылады. Демек, товар иесі, егер жеткілікті ұзақ дәуірді тұтас алып қарайтын болсақ, товарлардың шынғында да төмен де емес, жоғары да емес, нақ өзінің орта бағалары бойынша сатылатынын біледі. Егер көлденең ой тегінде оның мүдделеріне сай болса, онда ол капиталдың құралу проблемасын былайша қоюға тиіс болған болар еді: бағаларды орта баға, яғни ақыр-аяғында товардың құны реттейтін болса, капитал қалайша пайдала болмақшы? Менің «ақыр-аяғында» деп отырған себебім,— А. Смит, Рикардо және т. т. ойлағандай, орта бағалар товарлардың құнының мөлшерлеріне тура дәл келмейді.

бержағында ақша өзіне біткен формасында қала отырып, құнның өзгермейтін мөлшерлерінің жентегіне айналады³⁸⁾. Бұл өзгерістің айналыстың екінші әрекетінен, товарды қайта сатуға да, болуы екіталай, өйткені бұл әрекет товарды тек оның заттай формасынан тағы да ақшалай формасына айналдырады. Демек, өзгеріс бірінші $A - T$ әрекеті тұсында сатып алынатын товардың құнында емес, өзінде болуға тиіс, өйткені эквиваленттер айырбасталады, ал товарлар өздерінің құны бойынша төленеді. Сонымен, бұл өзгеріс товардың тек нағыз тұтыну құнынан ғана, яғни оны тұтынудан ғана туа алады. Ал біздегі ақша иесі товарды тұтынудан тек мына жағдайда құн өндіре алады: бұл үшін оның айырбас саласының шеңберінде, яғни рынокте сәті түсіп өзгеше бір товар табуы шарт, товар болғанда мұның тұтыну құнында құнның негізі боларлық ерекше қасиет болуға тиіс, мұндай товарды іс жүзінде тұтынудың өзі еңбекті затқа айналдыру, демек, құн жасау болуға тиіс. Сөйтіп ақша иесі рыноктен осындай ерекше товар табады; бұл — еңбекке қабілеттілік, яки жұмыс күші.

Жұмыс күші, яки еңбекке қабілеттілік дегеніміз адамның бойында, тірі тұлғасында болатын, белгілібір тұтыну құндарын өндіруде оның өзі әрдайым іске қосып отыратын күш-қайрат және рухани қабілеттердің жиынтығы.

Бірақ ақша иесі рынокте жұмыс күшін товар ретінде табуы үшін түрлі шарттар орындалуға тиіс. Товарлар айырбасында, өзін жеке алғанда, оның өз жаратылысынан туатын қатынастардан басқа ешқандай тәуелділік қатынастары болмайды. Солай болғандықтан жұмыс күші товар ретінде рынокте тек мына кезде ғана және тек мына себептен ғана көріне алады: бұл үшін жұмыс күшін оның өз иесі, яғни өзінде сол жұмыс күші бар адам рынокке шығаруы немесе сатуы шарт. Жұмыс күшінің иесі оны товар ретінде сататын болуы үшін ол мұны билей алатын болуға тиіс, демек, еңбекке қабілеттілігінің, өз қара басының ерікті меншікшісі болуға тиіс³⁹⁾. Ол ақша иесімен рынокте кездеседі де, екеуі тең праволы товар иелері ретінде қарым-қатынас жасайды, ал олардың айырмашылықтары тек мынада ғана: біреуі — сатып алушы, ал екіншісі — сатушы, демек, екеуі де — юридикалық жағынан тең адамдар. Бұл қатынасты ұзақ сақтау үшін жұмыс күшінің меншікшісі оны үнемі белгілі уақытқа ғана сатуы керек, өйткені егер ол оны түгелдей мәңгі-бақи біржола сатса, онда ол

³⁸⁾ «Ақша формасында... капитал ешқандай пайда өндірмейді» (*Ricardo. Principles of Political Economy*) 3 ed. London, 1821, p. 267).

³⁹⁾ Классикалық ерте заман жөніндегі реалды энциклопедияда: антика әлемінде капитал толық дамыған еді, — «тек ерікті жұмысшы мен кредит мекемелері болмады» деген сорақы пікірді кездестіруге болады. Моммзен мырза да өзінің «*Römische Geschichte*» деген еңбегінде *quid pro quo* [сорақылық] дегенінді қоздата түседі.

мұнымен бірге өзін де сатқан болар еді, ерікті адамнан құлға, товар иесінен товарға айналған болар еді. Жеке адам ретінде ол өз жұмыс күшіне қатынасын өз меншігіне, сондықтан да өз товарына деген қатынасы ретінде үнемі сақтауға тиіс, ал мұның өзі тек мына жағдайда ғана мүмкін болады: ол әрқашан өзінің жұмыс күшін сатып алушыға пайдалану үшін немесе тұтыну үшін тек уақытша ғана, тек белгілі мерзімге ғана береді, демек, ол, жұмыс күшін берсе де, оны меншіктену правосынан бастарта алмайды⁴⁰⁾.

Ақша иесі рыноктен жұмыс күшін товар ретінде табу үшін қажетті маңызды екінші шарт мынада: жұмыс күшінің иесі өзінің еңбегі сіңген товарларды сату мүмкіншілігінен жұрдай болуға тиіс және, керісінше, өзінің тірі организмінде ғана бар өз жұмыс күшін товар ретінде сатуға мәжбүр болуға тиіс.

Біреу жұмыс күшінен өзгеше бір товарлар сатуға мүмкіндік алу үшін, оның, әрине, өндіріс құрал-жабдықтары, мәселен, шикізаты, еңбек құралдары және т. т. болуы керек. Былғары болмаса, етік тігуге болмайды. Қызметкерге оның үстіне тіршілік заттары қажет. Ешкім, тіпті «болашақтың музыкасын» жазушы арманшыл адам да болашақтың өнімдерімен күн көре алмайды, әлі өндіріліп бітпеген тұтыну құндарының есебінен күн көре алмайды; жер жүзінде өзінің пайда болған алғашқы күнінен бастап-ақ адам күн сайын тұтынуға тиіс, ол өнім өндіре бастаудан бұрын және өнім өндіру кезінде де тұтынуға тиіс. Егер өнім товар ретінде өндірілетін болса, онда оның өндірілуі аяқталғаннан кейін ол сатылуға тиіс және тек сатылғаннан кейін ғана өндірушінің керектерін қанағаттандыра алады. Өндіру үшін қажетті уақытқа сату үшін қажетті уақыт келіп қосылады.

Сонымен, ақша иесі өзінің ақшасын товар рыногінен ерікті жұмысшыны тапқан күнде ғана капиталға айналдыра ала-

⁴⁰⁾ Сондықтан түрлі заңдар жұмыс договорының максимум мерзімін белгілейді. Еңбегі ерікті халықтарда заң арқашан жалдану туралы договорды бұзудың шарттарын анықтайды. Кей бір елдерде, әсіресе Мексикада (Америкада Азамат соғысына дейін Мексикадан тартып алынған территорияларда да, ал шындығында Дунай провинцияларында Кузаның төңкерісіне⁹⁴ дейін де) құлдық жасырын формада «леонаж» дейтін түрінде болып келеді. Жұмыспен өтелуге тиісті және міндеттемелері ұрпақтан ұрпаққа көшіп отыратын қарыздар арқылы тек жеке жұмысшы ғана емес, сонымен қатар оның бүкіл семьясы да іс жүзінде басқа бір сұдың және оның семьясының меншігі болады. Хуарес «леонажды» жойды. Ал атышулы император Максимилиан дейтін оны декретпен қайта орнататын декрет ретінде дұрыс маскараланды. «Мен өзімнің ерекше, дене және рухани шеберлігімді, қызмет істеу мүмкіндіктерімді және бұларды шектеулі уақыт ішінде пайдалануды басқа біреуге бере аламын, өйткені осындай шек қоюдың нәтижесінде олар менің бүтіндігім мен жалпылығымға сырттай қарым-қатынаста болады. Ал егер мен еңбек процесінде нақтылы болатын барлық уақытымды берген болсам, егер мен өзімнің өнімді қызметімді тұтас берген болсам, онда мен осы қызметімнің бар мәнін, өзімнің жалпылық қызметім мен жаратылысымды, өз басымды басқа біреудің меншігі еткен болар едім» (Hegel: «Philosophie des Rechts». Berlin, 1840; S. 104, § 67).

ды; ерікті дегенде ол екі мағнада ерікті болуға тиіс: жұмысшы — ерікті адам, сондықтан өзінің жұмыс күшін товар ретінде өзі билейді деген мағнада және, екінші жағынан, оның сатуға арналған бұдан басқа ешқандай товары жоқ, сұңқардай сып-сидам, өзінің жұмыс күшін пайдалану үшін қажетті нәрселердің бәрінен жүрдай деген мағнада ерікті.

Бұл ерікті жұмысшы айналыс саласында ақша иесіне иеліктен қарсы тұрады деген мәселе еңбек рыногін товар рыногінің айрықша бөлімшесі ретінде даяр күйінде табатын ақша иесіне маңызды емес. Бізге де әзірше оның маңыздылығы сондай шамалы. Біз өмірдегі нақты жағдайға теория жүзінде сүйенеміз, сол сияқты ақша иесі оған практика жүзінде сүйенеді. Әйтеуір бір айқын пәрсе мынау. Жаратылыс бір жақта ақша мен товар иелерін, екінші жақта кілең жұмыс күші иелерін жасамайды. Бұл қатынас жаратылыстың өзінің де жасағаны емес, барлық тарихи дәуірлерге тән сондай қоғамдық қатынас та емес. Оның өзі, анығында, бұрынғы тарихи дамудың нәтижесі, көптеген экономикалық төңкерістердің жемісі, қоғамдық өндірістің бірқатар неғұрлым ескі формацияларының құрып бітуінің жемісі.

Ал біз бұрын қарастырған экономикалық категорияларда да өз тарихының іздері бар. Өнімнің товар ретінде өмір сүруі белгілі тарихи алғышарттардың болуын талап етеді. Товар болу үшін, өнім өндірушінің өзі үшін тікелей тіршілік заты ретінде өндірілмеуге тиіс. Егер біз өзіміздің зерттеуімізде бұдан әрі барсақ, егер біз өзімізден былай деп сұрасақ: өнімдердің бәрі немесе, ең кемінде, көпшілігі қандай жағдайларда товар формасын алады десек, онда біз: мұның өзі тек мүлдем ерекше, атап айтқанда капиталистік өндіріс әдісі негізінде болады дер едік. Бірақ мұндай зерттеу товарды талдау шеңберінен шығып кеткен болар еді. Товар өндірісі мен товар айналысы өнімдердің дені тікелей өзі тұтынуға арналатын, товарға айналмайтын кезде де, демек, өндірістің қоғамдық процесі өзінің бүкіл аумағы жағынан айырбас құнының үстемдігіне әлі онша бағынышты бола қоймаған кезде де орын алуы мүмкін. Өнімді товарға айналдыру үшін қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі мынадай дәрежеге жетіп дамуға тиіс: тұтыну құны мен айырбас құнының тікелей айырбас саудасы тұсында басталатын жіктелуі толық аяқталуға тиіс. Бірақ дамудың бұл сатысы тарихи жағынан нағыз әртүрлі қоғамдық-экономикалық формацияларға тән.

Егер біз назарымызды ақшаға аударсақ, онда мынаны көреміз: ақша товар айырбасының белгілі сатысын талап етеді. Ақшаның әртүрлі формалары — жәй товар эквиваленті, яки айналыс құралы, яки төлем құралы, қазына және дүниежүзілік

ақша — белгілі бір функциясын қолданудың әртүрлі мөлшеріне қарай, олардың біреуінің шамалы басым болуына қарай, өндірістің қоғамдық процесінің мейлінше әртүрлі сатыларының бар екендігін көрсетеді. Дегенмен, тәжірибенің көрсетіп отырғанындай, товар айналысы біршама әлсіз дамыса да болғаны, осы формалардың бәрі құрала алады. Ал капиталдың жайы басқаша. Оның өмір сүруінің тарихи шарттары әсте товар мен ақша айырбасының болуымен тынбайды. Капитал өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарының иесі рынокте өз жұмыс күшін сатушы ретіндегі ерікті жұмысшыны тапқан жерде ғана пайда болады, сөйтіп бір ғана осы тарихи шарттың өзінде тұтас бір дүниежүзілік тарих жатыр. Сондықтан капитал өзінің пайда болған кезінен бастап-ақ қоғамдық өндіріс процесінің айырықша заманының туғанын жариялайды ⁴¹⁾.

Бұл өзгеше товарды, жұмыс күшін, енді біз барынша мұқият талдап шығуға тиіспіз. Барлық басқа товарлар тәрізді, оның да құны болады ⁴²⁾. Бұл құн немен анықталады?

Жұмыс күшінің құны, басқа да товар атаулының құны сияқты, осы ерекше сауда затын өндіру үшін, демек, ұдайы өндіру үшін де қажетті жұмыс уақытымен анықталады. Жұмыс күші — құн болатындығы себепті оның өзінде затқа айналған қоғамдық орта еңбектің белгілі мөлшері ғана болады. Жұмыс күші тірі адамның қабілеттілігі ретінде ғана болады. Демек жеке адамның өмір сүруі жұмыс күшін өндіру үшін керек. Жеке адамның өмір сүруі қамтамасыз етілгендіктен жұмыс күшін өндіру сол жеке адамның өзін ұдайы өндіруде, оның өмірін сақтауда болады. Өз өмірін сақтау үшін тірі адам белгілі мөлшерде тіршілік заттарын керек етеді. Сонымен, жұмыс күшін өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты осы тіршілік заттарын өндіру үшін қажетті жұмыс уақытына келіп тіреледі, яғни жұмыс күшінің құны дегеніміз оның иесінің өмірін сақтау үшін қажетті тіршілік заттарының құны. Бірақ жұмыс күші өзінің сыртқы көрінісі арқылы ғана іс жүзіне асады, тек еңбек арқылы ғана көрінеді. Оны іс жүзіне асыру процесінде, еңбекте, белгілі мөлшерде адамның бұлшық еттері, жүйке тамырлары, миы және т. т. жұмсалады, — ал бұлар қайтадан қалпына келтірілуге тиіс. Осындай көп шығынның есесі де көп

⁴¹⁾ Капиталистік заманның бір сипатты ерекшелігі мына факт болып табылады: жұмыс күші жұмысшының өзі үшін оған тиісті товардың формасына енеді, сондықтан да оның еңбегі жалдама еңбектің формасында болады. Екінші жағынан, тек осы кезден бастап қана еңбек өнімдерінің товарлық формасы жалпылық сипат алады.

⁴²⁾ «Адамның құны, яки бағалылығы, басқа да барлық заттардікі сияқты, оның бағасында, яғни адамның күшін пайдаланғандық үшін қанша алуға мүмкін болатын болса, оның құны сонша болады» (*Th. Hobbes: «Leviathan», in «Works», edit. Molesworth. London, 1839—1844, v. III, p. 76).*

болмақ ⁴³⁾. Бүгін еңбек еткен жұмыс күші иесі ертең де нақ сол процесті бұрынғы күш пен денсаулық жағдайларында қайталай алатын болуға тиіс. Демек, тіршілік заттарының небәрі еңбекші адамның нақ өзін қалыпты қызмет етерлік халде сақтау үшін әбден жеткілікті болуға тиіс. Табиғи керектердің өздері, мәселен: тамақ, киім, отын, тұрғын үй және т. т., белгілібір елдің климаттық және басқа табиғи ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болады. Екінші жағынан, қажетті керектер деп аталатындардың мөлшері, сол сияқты оларды қанағаттандыру әдістерінің өздері тарихтың жемісі болып табылады және көбінесе елдің мәдени дәрежесіне байланысты, оның бержағында ерікті жұмысшылардың табы қандай жағдайларда құралды, демек, қандай әдеттері мен өмірлік талаптары бар деген мәселеге де едәуір дәрежеде байланысты ⁴⁴⁾. Сонымен, басқа товарларға қарама-қарсы, жұмыс күші құнының анықтамасына тарихи және моральдық элемент те кіреді. Алайда, белгілібір ел үшін және белгілібір дәуір үшін жұмысшыға қажетті тіршілік заттарының орташа көлемі мен құрамы белгілі мөлшер болып табылады.

Жұмыс күшінің иесі өлім-жітімді келеді. Демек, ақшаның үздіксіз капиталға айналуы талап ететіндей, оның рынокте үздіксіз болып тұруы үшін жұмыс күшін сатушы, «әрбір жеке адам өзін мәңгілік ететіні, яғни өсіп-өнетіні сияқты» ⁴⁵⁾, өзін мәңгілік етуге тиіс. Тозуы мен өлуі салдарынан рыноктен ғайып болушы жұмыс күші үнемі ең кемінде жаңа жұмыс күштерінің нақ сондай санымен толықтырылып отыруы керек. Сондықтан жұмыс күшін өндіру үшін қажетті тіршілік заттарының жиынтығына осындай орынбасарлардың, яғни жұмысшы балаларының тіршілік заттары да кіреді, сөйтіп осындай жолмен товар рыногінде осы өзгеше товар иелерінің нәсілі мәңгілік етіледі ⁴⁶⁾.

Жалпы адам жаратылысын өзгерту үшін, оның өзі еңбектің нақты бір саласында даярланып, дағдылануы үшін, дамытылған және ерекше жұмыс күші болуы үшін белгілі білім немесе тәрбие керек болады, мұның өзі де товар эквиваленттерінің азды-көпті сомасына түседі. Білім алуға жұм-

⁴³⁾ Ескі римдік *villicus*, эконом, ауылшаруашылық құлдарының бастығы болған адам, «қара жұмысшыларға қарағанда жеңілдеу жұмыс атқарғандықтан, ақыны да аз алған» (*Th. Mommsen. «Römische Geschichte», 1856, S. 310*).

⁴⁴⁾ Салыстырыңыз: *W. Th. Thornton: «Overpopulation and its Remedy»*. London 1846.

⁴⁵⁾ Петти.

⁴⁶⁾ «Еңбектің табиғи бағасы... белгілібір елдің климаты мен тіршілік дағдылары бойынша жұмысшының өзін асырау үшін және оның рынокте еңбектің ешбір бәсеңдейтін ұсынысын қамтамасыз етуге қабілетті семьяны асырауына мүмкіндік беру үшін қажет болатын аса азыр және өмірге қолайлы заттар санына сәйкес келеді» (*R. Torrens: «An Essay on the external Corn Trade»*. London, 1815, p. 62). Бұл арада «жұмыс күші» деудің орнына «еңбек» деген сөз қате қолданылған.

салатын бұл шығындар жұмыс күшінің квалификациясына байланысты әртүрлі болады. Демек, оқытудың бұл шығындары — әдеттегі жұмыс күші үшін мүлдем болмашы шығындар — жұмыс күшін өндіруге жұмсалатын құндардың ішіне кіреді.

Сонымен, жұмыс күшінің құны белгілі мөлшердегі тіршілік заттарының құны болып шығады. Оның өзі сондықтан осы тіршілік заттары құнының өзгеруіне байланысты, яғни оларды өндіруге қажетті жұмыс уақыты мөлшерінің өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады.

Тіршілік заттарының бір бөлегі, мәселен, тамақ өнімдері, отын және т. т. күн сайын тұтынылады және сондықтан да күн сайын орны толтырылып отыруға тиіс. Басқа тіршілік заттары, киім-кешек, мебель сияқтылар, азды-көпті ұзақ уақыттың ішінде тұтынылады, сондықтан да анағұрлым ұзақ уақыт өткеннен кейін ғана орны толтырылады. Бір товарлар күн сайын, басқа бір товарлар апта сайын, тоқсанына бір рет, т. с. мерзімде сатып алынады немесе ақы төленеді, Бірақ бұл шығындардың сомасы, мәселен, жыл бойында қалай бөлінгенімен, ол күн сайын түсіп тұратын орташа табыстардың есебінен өтелуге тиіс. Егер жұмыс күшін өндіруге күн сайын қажетті товарлардың көлемі = A , апта сайын керек товарлардың көлемі = B , тоқсан сайын керек товарлардың көлемі = C және т. т. болса, онда бұл товарлардың күн сайынғы орташа мөлшері = $\frac{365 A + 52 B + 4 C}{365}$ және т. т. . Орташа күн үшін қа-

жетті товар көлеміне қоғамдық еңбектің 6 сағаты сіңген дейік; сонда жұмыс күшіне күн сайын қоғамдық орташа еңбектің жартысы сіңеді, яғни күн сайын жұмыс күшін өндіру үшін жұмыс күнінің жартысы керек болады. Күн сайын жұмыс күшін өндіру үшін қажетті еңбектің бұл мөлшері жұмыс күшінің күндік құны, яки күн сайын ұдайы өндірілетін жұмыс күшінің құны болады. Егер орташа қоғамдық еңбектің жарты күні 3 шиллинг, яки бір талер алтын мөлшеріне тең болса, онда бір талер жұмыс күшінің күндік құнына сәйкес келетін баға болып табылады. Егер жұмыс күшінің иесі күн сайын оны бір талерге сататын болса, онда жұмыс күшінің сатылатын бағасы оның құнына тең, сондықтан біздің жоруымызша өзінің талерін капиталға айналдыру ниетімен желіккен ақша иесі бұл құнды шынында да төлейді.

Жұмыс күші құнының ең төменгі, яки минимум шегін құрастыратын нәрсе — белгілі товар көлемінің құны, яғни табиғи қажетті тіршілік заттарының құны, мұның өзі күн сайын келіп отырмаса, жұмыс күшінің иесі, адам, өзінің тіршілік процесін қайталап отыра алмас еді. Егер жұмыс күшінің бағасы осы

минимумге дейін төмендесе, онда ол өз құнынан төмендейді, өйткені мұндай жағдайларда жұмыс күші жүдеу түрде ғана сақталып, көріне алады. Ал товар атаулының құны қалыпты сапалы товарды өндіру үшін керекті жұмыс уақытымен белгіленеді.

Жұмыс күшінің құнын нағыз істің мәніне сәйкес осылайша анықтауды тым дөрекі деп есептеу және Росси тәрізді төмендегіше налу мейлінше арзан елжіректік болған болар еді:

«Өндіріс процесі кезінде еңбекті сақтайтын тіршілік заттарын елеместен, еңбекке қабілеттілікті (*puissance de travail*) алып қарау — өз ойыңнан қиыстырғаныңды (*être de raison*) алып қарағандық болады. Еңбек туралы әңгіме ету, еңбекке қабілеттілік туралы әңгіме ету — сонымен қатар жұмысшы мен оның тіршілік заттары туралы, жұмысшы мен жалақы туралы әңгіме еткендік болады»⁴⁷⁾.

Еңбекке қабілеттілік әлі еңбектің өзі емес, сол сияқты тамақты бойға сіңіру қабілеттілігі әсте тамақты іс жүзінде бойға сіңірудің өзі бола қоймайды. Бұл соңғы процестің болуы үшін, жұртқа мәлім, асқазанның жақсы болуы жеткіліксіз. Кімде-кім еңбекке қабілеттілік туралы айтса, ол адам қабілеттілікті сақтау үшін қажетті тіршілік заттарын елемей кетпейді. Оның құны дәл осы тіршілік заттарының құнын көрсетеді. Егер еңбекке қабілеттілікті сатуға болмайтын болса, бұдан жұмысшыға келер ешқандай пайда жоқ. Ол ол ма, бұл ретте жұмысшы өзінің еңбекке қабілеттілігінің өзін өндіру үшін белгілі мөлшерде тіршілік заттарын талап етуін, өзін ұдайы өндіріп отыру үшін оларды барған сайын үсті-үстіне талап ететінін қатаң табиғи қажеттілік деп біледі. Ол сонан келіп Сисмондиден бірге мынадай жаңалық ашады: «Еңбекке қабілеттілік... егер ол сатылмаса, түкке де тұрмайды»⁴⁸⁾.

Бұл ерекше товардың, жұмыс күшінің, өзгеше жаратылысы, жеке алғанда, мынада: сатып алушы мен сатушы арасында контракт жасалғанда оның тұтыну құны әлі іс жүзінде сатып алушының қолына өтпейді. Оның құны, басқа товар атаулының құны сияқты, ол айналысқа түспестен бұрын белгіленген болатын, өйткені жұмыс күшін өндіруге қоғамдық еңбектің белгілі бір мөлшері бұрын жұмсалған-ды, бірақ оның тұтыну құны тек оның кейінгі белсенді көріністерінде ғана. Сонымен, күшті басқаға беру мен оның шын көрінісі, яғни тұтыну құны ретіндегі нақты болмысы бір-бірінен уақыт жағынан ажырасады. Бірақ мұндай товарларды сатқан кезде—бұлардың тұтыну құнының формалды түрде басқаға берілуі оның іс жүзінде сатып алушыға берілуінен уақыт жағынан ажырасады — сатып алушының ақшасы әдетте төлем құралы ретінде қызмет

⁴⁷⁾ Rossi: «Cours d'Economie Politique». Bruxelles 1843, p. 370, 371.

⁴⁸⁾ Sismondi: «Nouveaux Principes d'Economie Politique», t. I, p. 113.

атқарады ⁴⁹⁾. Капиталистік өндіріс әдісі бар елдердің бәрінде жұмыс күші үшін ақы оны сатып алу туралы договорда тағайындалған мерзім ішінде ол қызмет атқарғаннан кейін ғана, мәселен, әрбір аптаның аяғында төленеді. Сонымен, жұмысшы өз жұмыс күшінің тұтыну құнын барлық жерде капиталистке авансқа береді; ол өзінің жұмыс күшін сатып алушыға ол оның бағасын төлеместен бұрын береді, бір сөзбен айтқанда — жұмысшы барлық жерде капиталистке кредит береді. Бұл кредиттің ойдан шығарылған бос нәрсе емес екендігін капиталист банкротқа ұшыраған жағдайда кредитордың жалақыдан айырылатыны ғана емес ⁵⁰⁾, сонымен қатар анағұрлым ұзақ ықпал жасайтын бірсыпыра фактылар да көрсетеді ⁵¹⁾.

⁴⁹⁾ «Еңбек атаулы тек ол аяқталғаннан кейін ғана төленеді» («An Inquiry into those Principles respecting the Nature of Demand etc.», p. 104). «Коммерциялық кредиттің бастамасы жұмысшы — өндіріс атаулының алғашқы негізі — өзі жинаған қаржысының арқасында өз еңбегі үшін ақыны апталық, екі апталық, айлық, үш айлық және т. т. мерзімнің аяғына дейін күте тұруға мүмкіндік алған кезде болды деп есептеу керек» (*Ch. Ganilh. «Des Systemes d'Economie Politique», 2^e éme edit. Paris, 1821. t. I, p. 150).*

⁵⁰⁾ «Жұмысшы... өзінің өндіріш күшін қарызға береді», дейді Шторх, бірақ, деп ол қулана сөз қосады: жұмысшы «өзінің табысынан айырылғаннан» басқа «ешбір қатерге ұшырамайды... өйткені жұмысшы өндіріске материалдық ешнәрсе енгізбейді» (*Storch. «Cours d'Economie Politique». Petersbourg, 1815. II, p. 36, 37).*

⁵¹⁾ Бір мысал мынау. Лондонда екі түрлі бөлшекшілер бар: «full priced», нанды толық қуны бойынша сататындар, және «undersellers», нанды құнынан төмен сататындар. Бөлшекшілердің соңғы категориясы олардың жалпы санының $\frac{3}{4}$ шамасы болады (үкімет комиссары Х. С. Трименхирдің «Report»-ында, XXXII бет. «Grievances complained of by the journeyen bakers etc.» жөнінде. London, 1862). Бұл undersellers ылғи нанға ашудас, сабын, сақар, әк, дербишир ұнтақ тасын және басқа сондай сүйкімді де жұғымды және шыпалы қоспалар қосып сатады. (Жоғарыда цитат келтірілген Көк кітапты, сол сияқты «Committee of 1855 on the Adulteration of Bread есебі мен доктор Хасселлдің «Adulterations Detected» деген шығармасын қараңыз, 2nd edit. London, 1861.) Сэр Джон Гордон 1855 ж. комитет алдында берген жауабында былай делі: «осындай қоспаның саядарынан күшіне екі қадақ нан жейтін келдей снді шынына келгенде соңша қоспасыз нанға болатын қоректік заттардың ширегін де алмайды, ал оның денсаулығы үшін бұл қоспалардың зияндылығы айтпаса да түсінікті». «Жұмысшы табының едәуір бөлегі» бұл қоспа жөнінде бұрыннан әбден жақсы біле тұрып, ашудасты, ұнтақтасты және т. т. не себепті сатып алады деген сұрауға Трименхир (жоғарыда аталған «Report», XLVIII-бет) былайша жауап береді: жұмысшылар «өздерінің нан пісірушілерінен немесе өздерінің «chandler's shop» [«дүкеншігінен»] оларға қандай нанды маркабат етіп ұсынса, соны алуға мәжбүр болады». Олардың еңбек ақысы тек жұмыс аптасының аяғында ғана төленеді, сондықтан олар да, өз тарапынан, «апта ішінде өз семьялары тұтыған нан үшін ақыны тек аптаның аяғында төлей алады», соңсын Трименхир, мұны куалардың жауаптарымен дәлелдей отырып, былай деп қосады: «мұндай қоспалар қосылған нанның нақ осы тектес сатып алушылар үшін пісірілетіні даусыз анықталды» («It is notorious that bread composed of those mixtures, is made expressly for sale in this manner»). «Англияның» (және әсіресе Шотландияның) «көптеген ауылшаруашылық округтеріне жалақы екі аптада бір рет және тіпті аяғында бір рет төленеді. Ауылшаруашылық жұмысшы тәлемнің осындай ұзақ мерзімді болуы себепті өзіне керек товарды несенге алуға мәжбүр болады... Оның көтеріңкі баға төлеуіне тура келеді, сөйтіп ол іс жүзінде өзіне қарызға беретін дүкеншіге тақулы. Мәселен, Уилтстегі Хорнингемде, мұнда жалақы айында бір рет беріледі, жұмысшыға ұның стоны 2 шиллинг 4 пенсеге түседі, ал басқа жерде ол мұндай ұның стонын 1 шиллинг 10 пенстен сатып алады» («Sixth Report» on «Public Health» by «The Medical Officer of the Privy Council etc.», 1864, p. 264). «Пейсли мен Килмарнокта» (Бағыс Шотландия) «шығты қолмен қатырмалаушылар стачканың жәрдемімен 1853 ж. төлем мерзімін бір айдан 14 күнге дейін қысқартқызыған» («Reports of the Inspectors of Factories for 31st October 1853», p. 34). Жұмысшының капиталистке беретін кредитін оған әрі дамыту жөніндегі айлакерлік қадам ретінде көптеген ағышын көмір өнеркәсіпшілерінің адісін алып қарауға болады; бұлар жұмысшыға ақыны ай бүткеннен кейін төлейді, ал жалақыға дейін оған, көбінесе товардай, қарыз береді, бұл товарлар үшін жұмысшы олардың рыноктегі бағасынан жоғары төлеуге мәжбүр болады («Trucksystem»). «Көмір өнеркәсіпшілерінің арасында ақыны айында бір рет төлеу және аптаның аяғында жұмысшыларға қарыз беру жалпы әдетке айналып кеткен. Қарыз дүкенде беріледі» (атап айтқанда Tommy-shop-та, яғни кәсіпорын ко-

Алайда ақша сатып алу құралы ретінде немесе төлем құралы ретінде қызмет атқара ма деген мәселеден товар айырбасының өзінің сипаты өзгермейді. Жұмыс күшінің бағасы, пәтер ақы тәрізді, кейін төленетін болса да, контракт жасалған кезде белгіленеді. Жұмыс күші үшін ақы кейін алынатын болса да, ол енді сатылып қойылған. Бірақ бұл қатынасты оның таза түрінде зерттеу үшін жұмыс күшінің иесі оны сатумен бірге контрактыда келісілген бағаны әрқашан алып отырады деп уақытша жору пайдалы.

Біз енді осы өзгеше товардың, жұмыс күшінің, иесіне ақша иесі төлейтін құнның қалай белгіленетінімен таныстық. Жұмыс күшінің тұтыну құны, ақша иесі, өз тарапынан, айырбас тұсында алатын тұтыну құны, жұмыс күшін шын пайдалану процесінде, тұтыну процесінде ғана көрінеді. Бұл процесс үшін қажетті барлық заттарды, шикі материал, т. с. сияқтыларды, ақша иесі товар рыногінде сатып алады да, бағасын толық төлейді. Жұмыс күшін тұтыну процесі сонымен бірге товар мен қосымша құнды өндіру процесі болып табылады. Жұмыс күшін тұтыну, басқа товар атаулыны тұтыну сияқты, рыноктің, яки айналыс саласының шегінен тыс болып жатады. Сондықтан іс-әрекет барша жұрттың көз алдында болып жататын бұл айқай-шулы саланы қояйық та, ақша иесімен және жұмысшы күшінің иесімен бірге өндірістің жұмбақ сырлы қойнауына кірейік; ал оның маңдайшасында былай деп жазылған: *No admittance except on business* [Бөтен адамдарға кіруге болмайды]. Бұл арада біз капиталдың қалай өндіретінімен ғана емес, сонымен қатар оның өзін қалай өндіретінімен де танысамыз. Пайда табудың сыры, ақырында, біздің алдымызда ашылуға тиіс.

Айналыс, яки товарлар айырбасының саласы — мұның ішінде жұмыс күші сатып алынып, сатылып жатады — адамның өзімен бірге туған праволарының ұжмағы болып табылады. Бұл арада тек еріктілік, теңдік, меншік және Бентам үстемдік етеді. Еріктілік! Өйткені товарды, мәселен, жұмыс күшін, сатып алушы мен сатушы өзінің ерікті еркінің өміріне ғана бағынады. Олар ерікті, юридикалық жағынан тең праволы адамдар ретінде договор жасасады. Договор — түпкі нәтиже, мұнда олардың еріктері өзінің жалпы юридикалық көрінісін табады. Теңдік! Өйткені олар бірі мен бірі тек товар иелері ретінде ғана қатынас жасайды және эквивалентті эквивалентке айырбастайды. Меншік! Өйткені олардың әрқайсысы өзіне ғана тиісті нәрсеге билік етеді. Бентам! Өйткені

жасының өзіне тиісті дүкенде беріледі); «жұмысшылар оның бір бұрышында ақша алады да, оның екінші бұрышында ақшаны дереу қайтып беріп жатады» («*Children's Employment Commission, 3rd Report*». London, 1864, p. 38, № 192).

әрқайсысы тек өзінің ғана қамын жейді. Оларды бірге байланыстырушы бірден-бір күш — әрқайсысы өз басының пайдасына ұмтылады, өз қамын ойлайды, өз мүддесін көздейді. Дәл сондықтан да, әрқайсысы тек өз қамын ойлап, басқа жөнінде ешкім де ойламайтындықтан да, олардың бәрі өмірдің күнілгері қалыптасқан үйлесіміне сәйкес немесе бәрінен де айлакер әруақтың бұйыруымен тек өзара тиімді, ортақ пайда, ортақ мүдде ісін жүзеге асырады.

Жәй айналыстың, яки товарлар айырбасының осы саласынан фритредер *vulgaris* капитал мен жалдама еңбектің қоғамы туралы барлық өз көзқарастарын, ұғымдарын, барлық өз пікірлерінің аумағын алып пайдаланған, — міне осы саладан кетерде біз мынаны байқаймыз: біздің *dramatis personae* [қатысушы адмдарымыздың] бет-бейнесі біраз өзгере бастайды. Бұрынғы ақша иесі капиталист ретінде алда келеді, жұмыс күшінің иесі капиталистің жұмысшысы ретінде оның соңынан келеді; біреуі мағналы пішінде күлімдеп, іске кіріскенше асық болуда; екіншісінің қабағы түсіңкі, рынокте өзінің терісін сатқан адам ретінде тартыншақтайды, сондықтан да болашақтан күтетін жақсылығы жоқ, бар білетіні: осы терінің илеуге түсетіндігі.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

АБСОЛЮТТИ ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ
ӨНДІРІЛУІ

БЕСІНШІ ТАРАУ

ЕҢБЕК ПРОЦЕСІ МЕН ҚҰННЫҢ ӨСУ ПРОЦЕСІ

1. ЕҢБЕК ПРОЦЕСІ

Жұмыс күшін тұтыну дегеніміз еңбектің өзі. Жұмыс күшін сатып алушы адам оны тұтынғанда оны сатушы адамға жұмыс істеткізу арқылы тұтынады. Осының нәтижесінде жұмыс күшін сатушы асту [іс жүзінде] өзін жүзеге асырушы жұмыс күшіне, жұмысшыға айналады, ал бұдан бұрын ол тек *potentia* [потенциялы] түрде ғана осылай еді. Өз еңбегін товар түрінде көрсету үшін ол ең алдымен оны жұрттың белгілібір керектерін қанағаттандыруға арналған тұтыну құндары түрінде, заттар түрінде көрсетуге тиіс. Демек, капиталист жұмысшыға әйтеуір бір айрықша тұтыну құнын, әйтеуір бір белгілі затты жасатқызады. Тұтыну құндарының, яки игіліктердің капиталист үшін және соның бақылауымен өндірілетіндігі бұл өндірістің жалпы жаратылысын ешбір өзгерте қоймайды. Сондықтан еңбек процесін әуелі қандай да болсын белгілібір қоғамдық формаға байланыссыз алып қарау қажет.

Еңбек дегеніміз алдымен адам мен табиғат арасындағы процесс; мұнда адам өз қызметі арқылы өзі мен табиғат арасында заттардың алмасуына себепкер болады, оны реттеп, бақылап отырады. Табиғат затына адамның өзі табиғат күші ретінде қарсы тұрады. Табиғат затын өз басының тіршілік етуіне жарамды формада иемдену үшін адам өз тәнінің табиғи күштерін: қолдары мен аяқтарын, ақыл-ойы мен саусақтарын қимылға келтіреді. Осындай қимыл арқылы сыртқы табиғатқа әсер ете отырып, оны өзгерте отырып, адам сонымен бірге өз басының жаратылысын да өзгертеді. Ол осында мүлгіп жатқан күш-қабілеттерді өршітеді де, бұл күштердің құбылысын өз өктемдігіне бағындырады. Біз бұл жерде еңбектің жануарлық кейіптегі тұңғыш инстинктілік формаларын қа-

растырып жатпаймыз. Жұмысшы товар рыногінде өз басының жұмыс күшін сатушы ретінде көрінетін кездегі қоғамның қалпы мен адам еңбегі өзінің жабайы, инстинктілік формасынан әлі де арыла қоймаған кездегі алғашқы заманның ең арғы дәуірлеріне жататын қалпының арасы орасан алшақ жатыр. Біз еңбекті адамның бірден-бір игілігі болатын формада деп ұйғарамыз. Өрмекші тоқымашының қимылына ұқсас қимыл жасайды, ал ара өзінің балауыз ұяларын салғанда кейбір архитектор адамдарынды ұялтады. Бірақ ең жамаң деген архитектордың ең жақсы деген арадан ежелгі айырмашылығы — балауыздан ұя жасамастан бұрын ол мұны өз басында тоқып алған. Еңбек процесінің аяғында келіп шығатын нәтиже — сол процестің бас кезінде адамның ойында болған, яғни идеясында болған нәрсе. Адам табиғаттан алынған нәрсенің формасын өзгертіп қана қоймайды; сонымен бірге ол табиғаттан алынған нәрсе жөнінде өзінің саналы мақсатын да жүзеге асырады, ал мұның өзі заң ретінде оның іс-әрекетінің әдісі мен сипатын белгілейді, сондықтан ол өз еркін осы мақсатқа бағындыруға тиіс. Ал бұл бағындырудың өзі жеке-дара акт емес. Еңбек істейтін дене мүшелерін мықтап жұмсаумен қатар еңбектің басынан аяғына дейін, зерделіктен байқалатын жүйелі еріктің болуы қажет, ал оның бер-жағында мазмұны мен орындалу әдісі жағынан бұл еңбек жұмысшыны неғұрлым аз қызықтыратын болса, демек, дене күші мен интеллект күштерінің құбылысы ретіндегі еңбекке жұмысшы неғұрлым аз рақаттанатын болса, бұл ерік соғұрлым көп қажет болады.

Еңбек процесінің жәй моменттері мыналар: мақсатқа сай қызмет, яки еңбектің өзі, еңбек заты мен еңбек құрал-жабдығы.

Алғашында адамды тамақпен, даяр тіршілік заттарымен жабдықтайтын жер (экономикалық тұрғыдан алғанда бұған су да кіреді)¹⁾, адамның ешбір көмегінсіз-ақ адам еңбегінің жалпыға ортақ заты болып табылады. Жермен тікелей байланысты қалпынан еңбектің жұлып алуын ғана керек ететін заттардың бәрі табиғат берген еңбек заттары болып табылады. Мәселен, ауланған, өзінің өмірлік стихиясынан — судан айрылған балық, ну орманнан кесіліп алынған ағаш, жер астынан қазылып алынған руда. Мұның керісінше, егер еңбек затының өзі, былайша айтқанда, бұрынғы еңбектің елегінен өткен болса, мұны біз шикі материал деп атаймыз, мысалы,

¹⁾ «Жас жігітті қызмет жолына салып, тұрмыс құруына мүмкіндік беру мақсатымен оған азын-аулақ ақша берілсе ғой, сондай-ақ шамалы мөлшерде және адамға ешбір байланыссыз болатын бастапқы жер өнімдері де табиғаттан дәл солайша берілген сияқты көрінеді, — бұл шынында да осылай» (*James Steuart. «Principles of Political Economy», edit. Dublin, 1770, v. 1, p. 116*).

шаю процесіндегі өндірілген руда. Шикі материал атаулының бәрі — еңбек заты, бірақ еңбек затының бәрі бірдей шикі материал бола бермейді. Еңбек заты еңбек арқылы белгілі өзгеріске ұшыраған болса, ол тек сонда ғана шикі материал болып табылады.

Еңбек құрал-жабдығы дегеніміз адам өзі мен еңбек затының арасына орналастыратын және оның осы затқа ететін ықпалын іске асырушы ретінде пайдаланылатын зат немесе заттар комплексі. Өз мақсатына сәйкес, басқа заттарға өз ықпалын жасаудың құралы ретінде қолдану үшін ол бұл заттардың механикалық, физикалық, химиялық қасиеттерін пайдаланады ²⁾. Адам тікелей меңгеретін зат, — біз бұл жерде дайын тіршілік заттарын, мысалы жеміс жинауды айтып отырғанымыз жоқ, мұнда тек жұмысшының дене мүшелері ғана еңбек жабдықтары болады, — еңбек заты емес, еңбек құрал-жабдығы. Табиғаттың өзі берген нәрсе осылайша оның қызмет ететін мүшесіне айналады, бұл мүшені ол өзінің дене мүшелеріне жалғайды, сөйтіп, тауратқа қарамастан, дененің табиғи мөлшерін ұзартады. Оның бастапқы тамақ қоймасы болған жер сонымен қатар оның еңбек құрал-жабдықтарының бастапқы арсеналы да болып табылады. Жерден ол, мәселен, тас алады, мұны ол лақтыру үшін, шағып от шығару үшін, бірдеңені жаныштау, кесу үшін, т. т. үшін пайдаланады. Жердің өзі — еңбек құрал-жабдығы, бірақ жердің егіншілікте еңбек құрал-жабдығы ретінде қызмет атқаруы, өз ретінде басқа да бірқыдыру еңбек құрал-жабдықтарын және жұмыс күшінің даму дәрежесі біршама жоғары болуын керек етеді ³⁾. Тегінде, еңбек процесі тым болмаса біраз дамыған кезде, ол өңдеуден өткен еңбек құрал-жабдықтарын керек етеді. Ең ерте замандағы адам үңгірлерінен біз тас құралдар мен тас қаруды кездестіреміз. Өңделген таспен, ағашпен, сүйекпен және танақабықпен қатар қолға үйретілген, демек еңбек арқылы өзгертілген, адам асырап өсірген жануарлар да, адамзат тарихының алғашқы сатыларында, еңбек құрал-жабдығы ретінде басты роль атқарады ⁴⁾. Бастапқы формасында жануарлардың кейбір түрлеріне тән бола тұрса да, еңбек құрал-жабдықтарының жасалып, қолданылуы адам еңбегі процесінің ерекше бір си-

²⁾ «Ақыл-ой қаншалық құдіретгі болса, соншалық айлакер. Айлакерлігі тегінде дәнекерлік қызметінде; мұның өзі заттарға олардың жаратылысына сәйкес бір-біріне ықпал еткізіп, өзара өңдеткізеді, өзі бұл процеске тікелей араласпай-ақ, мақсатын жүзеге асырып отырады» (*Hegel. «Encyclopädie». Erster Theil. «Die Logik» Berlin, 1840, S. 382.*)

³⁾ Жалпы алғанда жартымсыз «Théorie de l'Economie Politique». Paris, 1815 [t. I, p. 226] деген еңбегінде Ганиль физикраттармен айтысқанда дәл егіншіліктің аяғышарты болып табылатын толып жатқан еңбек процесстерін дұрыс атап көрсеткен.

⁴⁾ «Réflexions sur la Formation et la Distribution des Richesses» деген еңбегінде (1766) Тюро қолға үйретілген жануарлардың мәдениеттің бастапқы сатылары үшін маңызды болғанын жақсы анықтаған.

патты белгісі болып табылады, сондықтан да Франклин адамға «a toolmaking animal» деп, құрал жасаушы жануар деп анықтама береді. Жойылып кеткен жануарлар түрлерінің түзілісін зерттеу үшін сүйек қалдықтары түзілісінің қандай маңызы болса, жойылып кеткен қоғамдық-экономикалық формацияларды зерттеу үшін еңбек құрал-жабдықтары қалдықтарының да сондай маңызы бар. Экономикалық замандар айырмашылығы ненің өндірілетіндігіне қарай емес, қалай өндірілетіндігіне, қандай еңбек құрал-жабдықтарымен өндірілетіндігіне қарай анықталады⁵⁾. Еңбек құрал-жабдықтары адамзат жұмыс күші дамуының өлшеуіші ғана емес, сонымен қатар еңбек істелетін қоғамдық қатынастардың да көрсеткіші. Нақты еңбек құралдарының ішінде, жинақтап алғанда өндірістің сүйек және бұлшық ет системасы деп атауға болатын механикалық еңбек құрал-жабдықтары еңбек заттарын сақтауға арналатын және жинақтап жалпы алғанда өндірістің ыдыс системасы деп атауға болатын еңбек құрал-жабдықтарына, мысалы, труба, бөшке, корзина, ыдыс, т. с. сияқты құралдарға қарағанда қоғамдық өндірістің белгілібір заманының анағұрлым артықша сипатты айырым белгілері болып табылады. Соңғылары тек химия өндірісінде ғана маңызды роль атқарады^{5а)}.

Еңбек затына еңбектің әсер етуіне себепкер болатын және сондықтан да әйтеуір бір ретпен оның қызметіне мұрындық болатын заттармен қатар, неғұрлым кең мағынада алғанда еңбек процесі құралдарына тегінде процесінің жүргізіле алуы үшін қажетті барлық материалдық жағдайлар жатады. Олар бұл процеске тікелей кірмейді, бірақ олар болмайынша бұл процесс не мүлде болмауы мүмкін, не кемеліне келмей жасалуы мүмкін. Осындай жалпылық еңбек құрал-жабдығы тағы да сол — жер, өйткені бұл жер жұмысшыға *locus standi* [тұратын орын] береді, ал оның процесіне қимыл сферасын (*field of employment*) береді. Жұмыс үйлері, каналдар, жолдар, т. т. осындай еңбек құралдарының, бірақ алдын-ала еңбек процесінен өткен құралдардың мысалы бола алады.

Сонымен, еңбек процесінде адамның қызметі еңбек құралдары арқылы еңбек затын күн ілгері белгіленген дәрежеде өзгертеді. Процесс өнімнен кейін бітеді. Еңбек процесінің өнімі дегеніміз тұтыну құны, формасы өзгеріп барып адамның

⁵⁾ Өндірістің аралау замандарын технология жағынан салыстырғанда барлық товарлардың ішінде нақ сән-салтанат заттарының маңызы өте-мөте ксм.

^{5а)} 2-ші басылуына ескерту. Тарих ғылымы материалдық өндірістің дамуын, демек бүкіл қоғамдық тіршіліктің, олай болса бүкіл шын тарихтың да негізін осы күнге дейін қаншама аз білсе де, алайда, ең болмағанда, тарихтан бұрынғы замандар тарихи зерттеулер дейтіндер негізінде емес, табиғи-ғылыми зерттеулер негізінде, құралдар мен қару материалы бойынша мына дәуірлерге бөлінеді: тас ғасыры, қола ғасыры, темір ғасыры.

керектеріне бейімделген табиғат заты. Еңбектің өзі еңбек затымен ұштасты. Еңбек зат болып бұйымға айналды, ал зат өндеуден өтті. Жұмысшының жағында іс-әрекет [Unghe] формасында көрінген нәрсе енді өнім жағында қимылсыз қасиет [ruheude Eigenschaft] формасында, болмыс формасында көрінеді. Жұмысшы жіп иірді, ал оның өнімі — жіп.

Егер бүкіл процесті оның нәтижесі — өнімнің тұрғысынан алып қарайтын болсақ, еңбек құрал-жабдығы мен еңбек затының екеуі де өндіріс құрал-жабдықтары⁶⁾ ретінде, ал еңбектің өзі өндіргіш еңбек⁷⁾ ретінде көрінеді.

Бір тұтыну құны өнім түрінде еңбек процесінен шыққан кезде оған өндіріс құрал-жабдықтары ретінде басқа бір тұтыну құндары, алдыңғы еңбек процестерінің өнімдері кіреді. Сол бір тұтыну құнының өзі бір еңбектің өнімі бола тұрып, екінші бір еңбек үшін өндіріс құрал-жабдығы болады. Сондықтан өнімдер еңбек процесінің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге оның шарты да.

Өзінің еңбек затын табиғаттан табатын өндіруші өнеркәсіптен басқа, — кен кәсібі, аңшылық, балық аулау, т. с. сияқтылардан басқа (егіншілік соны жерді алғаш рет өңдейтін кезде ғана), — өнеркәсіп тарауларының бәрі шикі материал, яғни еңбек процесінің елегінен өткен еңбек заты болып табылатын затпен, енді өзі де еңбек өнімі болып отырған затпен айналысады. Мысалы, егіншіліктегі тұқым осындай. Әдетте табиғат өнімдері делініп жүрген жануарлар мен өсімдіктер шындығында тек өткен жылдың еңбек өнімдері ғана емес, сонымен қатар қазіргі формалары жағынан адамның бақылауымен, адамның еңбегі арқылы көптеген ұрпақтар бойында болған түр өзгерістерінің де өнімдері болып табылады. Ал еңбек құрал-жабдықтарының өздерін алатын болсақ, тіпті мейлінше үстірт қараған күнде де олардың басым көпшілігінен өткендегі еңбектің іздері көрінеді.

Шикі материал өнімнің басты субстанциясы бола алады немесе оны жасауға көмекші материал ретінде ғана қатыса алады. Көмекші материал не еңбек құрал-жабдықтары арқылы тұтынылады, мысалы, көмірді бу машинасы, майды дөңгелек, шөпті жұмыс аты тұтынады, не шикі материалдың заттық тұлғасын өзгерту үшін сол шикі материалға қосылады, — мәселен, хлор ағартылмаған кенепке, көмір темірге, бояу жүнге қосылады, — не болмаса еңбектің өзін орындауға көмектеседі, мысалы, жұмыс үйін жарық қылуға және жылытуға

⁶⁾ Мәселен, әлі ұсталмаған балықты балық шаруашылығының өндіріс құрал-жабдығы деп атау оғаш көрінеді. Бірақ балығы жоқ судан балық аулау өнері әлі күнге дейін табылған жоқ.

⁷⁾ Өндіргіш еңбекке жай еңбек процесі тұрғысынан берілген бұл анықтама капиталистік өндіріс процесі үшін мүлде жеткіліксіз.

жұмсалатын материалдар. Шынайы химиялық өндірісте негізгі материал мен көмекші материалдың арасындағы айырмашылық жоғалып кетеді, өйткені қолданылған шикі материалдың бір де бірі өнімнің субстанциясы ретінде қайтадан пайда болмайды ⁸⁾.

Әрбір заттың толып жатқан қасиеттері және сол себепті түрліше жолмен пайдалануға жарамды болатындықтан сол бір өнімнің өзі сан алуан еңбек процестерінде шикі материал болып қызмет ете алады. Мәселен, астық диірменші, крахмал жасаушы, шарап қайнатушы, мал өсіруші, т. т. үшін шикі материал болып табылады. Тұқым ретінде ол өзін-өзі өндіру үшін керекті шикі материалға айналады. Дәл сол сияқты көмір кен өнеркәсібінен өнім ретінде шығады да, оған өндіріс құрал-жабдығы ретінде кіреді.

Нақ сол бір өнім сол бір еңбек процесінің өзінде еңбек құрал-жабдығы да, шикі материал да бола алады. Мысалы, бордақылаудағы мал өңдеуге түскен шикі материал, сонымен бірге тыңайтқыш әзірлеу құралы болып табылады.

Тұтынуға дайын формадағы өнім екінші бір өнім үшін қайтадан шикі материал бола алады, мысалы, жүзім шарап үшін шикі материал болады. Не болмаса еңбек өз өнімін шикі материал ретінде ғана пайдалануға болатын формаларда қалдырады. Бұл күйдегі шикі материал шала фабрикат деп аталады, ал оны, бәлкім, аралық фабрикат деп атаған дәлірек болар еді, мәселен, мақта, жіп, иірілген жіп, т. т. Енді өзі өнім бола отырып, бастапқы шикі материалдың өзі, алайда, әлі де толып жатқан әралуан процестерден өтуге тиіс, мұнда ол ақтық еңбек процесіне жеткенше, сөйтіп одан даяр тіршілік заты немесе даяр еңбек құрал-жабдығы түрінде жасалып шыққанша, үнемі өзгеріп отыратын түрде әрдайым шикі материал ретінде тағы да қызмет атқара береді.

Сонымен, белгілібір тұтыну құны шикі материал бола ма, еңбек құрал-жабдығы бола ма немесе өнім бола ма, бұл жағы түгелінен оның еңбек процесінде анықталған функциясына, оның содан алатын орнына байланысты; ал бұл орны өзгерсе, оның анықтамасы да өзгереді.

Сондықтан жаңа еңбек процестеріне өндіріс құрал-жабдықтары ретінде енген өнімдер өнімдік сипатынан айрылады. Бұл жерде олар енді тірі еңбектің материалдық факторлары ретінде ғана қызмет атқарады. Жіп иіруші ұршықты жіп иіретін құрал деп біледі, зығырды иірілетін зат деп біледі. Әрине, иірілетін материалсыз және ұршықсыз жіп иіру мүм-

⁸⁾ Штөрх шынайы шикі материалды «matières» деп, көмекші материалдарды «matériaux» ⁶⁵ деп атап, бұлардың айырмасын алып көрсеткен. Шербюлье көмекші материалдарды: «matières instrumentales» ⁶⁶ деп атайды.

кін емес. Сондықтан жіп иіру басталар кезде бұл өнімдер бар болады деп ұйғарылады. Бірақ, нан шаруаның, диірменшінің, нан пісірушінің, т. т. өткендегі еңбегінің өнімі екендігінің тамақтану үшін бәрібір нәрсе екені сияқты, зығыр мен ұршықтың өткендегі еңбек өнімдері екендігі де бұл процесің өзі үшін бәрібір нәрсе. Мұның керісінше. Өндіріс құрал-жабдықтары еңбек процесінде өткен еңбектің өнімдері ретіндегі өз сипатын танытса да, оның бұл сипаты өз кемшіліктері арқылы ғана білінеді. Өтпейтін пышақ, ылғи үзіле беретін жіп, т. т. пышақ жасаушы *A* мен жіп иіруші *B*-ны дереу еске түсіріп отырады. Оның өнімде оның тұтыну қасиеттерін жасауға қатысқан өткен еңбектің ешбір ізі білінбейді.

Еңбек процесінде жұмыс істемейтін машина пайдасыз. Мұның үстіне ол заттардың табиғи алмасуының бүлдіргіш әрекетіне ұшырайды. Темірді тот басады, ағаш шіриді. Тоқу үшін пайдаланылмаған жіп бүлінген мақта болып шығады. Тірі еңбек осы заттарды қамтуға, оларды тірілтуге, оларды тек ықтимал тұтыну құндарынан нағыз және қолданылатын тұтыну құндарына айналдыруға тиіс. Еңбек жалыны шарпыған, еңбек өз тәніндей баурап алған, еңбек процесінде өздерінің идеясы мен қызметіне сәйкес келетін қызметтерді атқаруға арналған бұл заттар тұтынылса да орнымен тұтынылады, жеке бас тұтыну саласына тіршілік заттары ретінде немесе жаңа еңбек процесіне өндіріс құрал-жабдықтары ретінде ене алатын жаңа тұтыну құндарын, жаңа өнімдерді жасаушы элементтер есебінде тұтынылады.

Сонымен, егер қолда бар өнімдер еңбек процесінің нәтижелері болып қана қоймай, сонымен қатар оның шарттары да болатын болса, онда, екінші жағынан, олардың еңбек процесіне енуі, яғни олардың нақты еңбекпен ұштасуы өткен еңбектің бұл өнімдерін тұтыну құндары ретінде сақтап, пайдаланудың бірден-бір амалы болып табылады.

Еңбек өзінің заттық элементтерін, өз заты мен өз жабдықтарын тұтынады, оларды жалмайды, сондықтан да ол тұтыну процесі болып табылады. Осы өндірістік тұтынудың жеке адам тұтынуынан айырмашылығы сол, соңғысында өнім жеке тірі адамның тіршілік заттары ретінде, алғашқысында еңбектің, яғни әлгі жеке адамның қимыл үстіндегі жұмыс күшінің, — тіршілік заттары ретінде тұтынылады. Сондықтан жеке адам тұтынуының жемісі — тұтынушының өзі, ал өндірістік тұтынудың нәтижесі. — тұтынушыдан өзгеше өнім.

Еңбек құрал-жабдықтары мен еңбек затының өздері де өнім болғандықтан еңбек өнімді тұтынғанда өнім өндіру үшін тұтынады, яки өнімдерді өнім өндіру құрал-жабдықтары ретінде пайдаланады. Бірақ еңбек процесі бастапқы кезде

адам мен оның көмегінсіз өмір сүретін жердің арасында ғана жасалатыны сияқты, қазіргі кезде де табиғаттың өзінен алынған және табиғат затының адам еңбегімен біріккен қосындысы емес өндіріс құрал-жабдықтары еңбек процесіне әлі де қатысып отырады.

Жәй, абстракт моменттері жағынан көрсеткеніміздей, еңбек процесі дегеніміз тұтыну құндарын жасау үшін істелетін мақсатқа сай қызмет, табиғат берген нәрсенің адамның керектері үшін иемденілуі, адам мен табиғат арасында заттар алмасуының жалпылық шарты, адам өмірінің мәңгілік табиғи шарты, сондықтан да ол бұл өмірдің қандай формасына болса да тәуелді емес, қайта, мұның керісінше, оның барлық қоғамдық формаларына бірдей ортақ. Сондықтан жұмысшыны басқа жұмысшыларға қатынасы жағынан алып қараудың біз үшін қажеті болған жоқ. Бір жағында адам мен оның еңбегі, екінші жағында табиғат пен оның материалдары,— осының өзі-ақ жеткілікті болды. Бидайдың дәніне қарап оны кімнің егіп өсіргенін білуге болмайтыны сияқты, еңбектің осы процесінен оның қандай жағдайларда жасалғандығы: құлдардың үстінен қойылған бақылаушының қатал қамшысымен жасалды ма, әлде капиталистің байыпшыл көз қырымен жасалды ма, өзінің бірнеше югер жерін өңдеп ұқсатушы Цинциннат жасады ма, әлде аңды таспен атып өлтірген тағы адам жасады ма, бұл жағы көріне қоймайды⁹⁾.

Алайда өзіміздің *in spe* [келешектегі] капиталиске қайта оралайық. Біз оны товар рыногынан еңбек процесіне қажетті барлық факторларды: материалдық факторларды, яки өндіріс құрал-жабдықтарын, және адамдық факторды, яки жұмыс күшін сатып алған жерінде қалдырғанбыз. Ол жөн білгіш алғыр көзімен шолып, өзінің айрықша кәсіпорнына: жіп иіретін өндірісіне, аяқ киім фабрикасына, т. т. керекті өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күштерін таба білген-ді. Сонымен, біздің капиталист өзі сатып алған товарды, жұмыс күшін, тұтынуға кіріседі, яғни жұмыс күшінің иесін, жұмысшыны, өз еңбегі арқылы өндіріс құрал-жабдықтарын тұтынуға мәжбүр етеді. Еңбек процесінің жалпы сипаты жұмысшының оны өзі үшін емес, капиталист үшін жасайтындығынан, әрине, өзгере қоймайды. Оның бержағында етік тігуде немесе жіп иіруде қолданылатын белгілі әдіс те капиталистің араласқандығынан бірден өзгеріп кете алмайды. Капиталист алғашқы кезде жұ-

⁹⁾ Барынша логикалы осы негізде полковник Торренс капиталдың бастамасын тағның тасынан тапқан. «Тағның қуған аңға лақтырған бірінші тасынан, қолы жетпейтін жемісті иіп жақындату үшін ұстаған таяғынан біз бір заттың екінші затты қолға түсіру мақсатымен иемделгенін көреміз, сөйтіп капиталдың басталған жерін табамыз» (*R. Torrens*. «An Essay on the Production of Wealth etc», p. 70, 71). Осы бірінші таяқты [stock] ағылшын тілінде «stock» деген сөздің капиталдың синонимі болып жүрген себебін де түсіндіріп беретін нәрсе деп білу керек.

мыс күшін оны рыноктан тапқан қалпында алуға тиіс, олай болса, еңбекті де капиталистер әлі болмаған дәуірдегі дамыған қалпында алуға тиіс. Өндіріс әдісінің өзі еңбектің капиталға бағындырылуы нәтижесінде өзгереді десек, бұл өзгеріс тек кейін ғана болатын нәрсе, сондықтан мұны тек кейінірек қараған жөн.

Жұмыс күшін капиталистің тұтыну процесі ретіндегі еңбек процесінің айрықша екі өзгешелігі бар.

Жұмысшы капиталистің бақылауымен жұмыс істейді, оның еңбегі сол капиталиске тиесілі. Капиталист жұмыстың тиісті тәртіппен жүргізілуін, өндіріс құрал-жабдықтарының мақсатқа сай тұтынылуын, демек, шикі материалдың босқа ысырап болмауын, еңбек құралдарының ықтиятпен ұсталуын; яғни олардың жұмыста тұтынылуына сәйкес келетін дәрежеде ғана мұқалуын бақылайды.

Ал екіншіден: өнім — тікелей өндірушінің, жұмысшының меншігі емес, капиталистің меншігі. Капиталист жұмыс күшінің, мысалы, күндік құнын төлейді. Демек, басқа товар атаулыны, — мысалы бір күнге жалдап алатын атты, — тұтыну сияқты, жұмыс күшін тұтыну да күні бойына сол капиталиске тән. Товарды тұтыну сол товарды сатып алушыға тән, ал жұмыс күшінің иесі, өз еңбегін бергенде, іс жүзінде тек өзі сатқан тұтыну құнын ғана береді. Капиталистің мастерскойына кірген кезден бастап оның жұмыс күшінің тұтыну құны, яғни жұмыс күшінің тұтынылуы, еңбек, капиталиске тән. Жұмыс күшін сатып алу арқылы капиталист тірі фермент ретіндегі еңбектің өзін өзіне тән, өнім жасайтын өлі элементтерге әкеліп қосты. Оның көзқарасы бойынша еңбек процесі дегеніміз оның сатып алған товарын, жұмыс күшін, тұтыну ғана, бірақ ол мұны тұтынғанда оған өндіріс құрал-жабдықтарын қосқан күнде ғана тұтына алады. Еңбек процесі дегеніміз капиталист сатып алған заттардың арасындағы, капиталиске тән заттардың арасындағы процесс. Сондықтан оның шарап жертөлесіндегі шараптың ашу процесінің өнімі оған қаншалық тән болса, бұл процестің өнімі де оған соншалық тән ¹⁰⁾.

¹⁰⁾ «Өнім капиталға айналмай тұрып иемделінеді: бұл өзгеріс оны осылайша иемденуден құтқара алмайды» (*Cherbuliez*. «Richesse ou Pauvreté», édit. Paris, 1841, p. 54). «Өз еңбегін белгілі мөлшердегі тіршілік заттарына (approvisionnement), сатқанда пролетар өнімінің қандай үлесінен болса да мүлде бастартады. Өнімдерді иемдену бұрынғы қалпында қалады; аталған договор мұны ешбір өзгертпейді. Өнім шикі материалдар мен approvisionnement жеткізген капиталистің бір өзіне ғана тән. Бұл иемдену заңынан шығатын сөзсіз қорытынды, ал бұл заңның негізгі принципі, мұның керісінше, әрбір жұмысшының өз өнімін меншіктену жөніндегі ерекше правосы еді» (*James Mill*. «Elements of Political Economy etc». London, 1821, p. 38). «Жұмысшылар жаалақы алып істейтін болса, ... онда капиталист дегеніміз капиталдың» (мұнда өндіріс құрал-жабдықтары айтылып отыр) «меншікшісі ғана емес, сонымен қатар еңбектің де» (of the labour also) «меншікшісі. Егер капитал деген ұғымға, әдетте істелетіні сияқты, жаалақы түрінде төленетін нәрсені де кіргізетін болса, онда еңбекті капиталдан оқшау сөз қылу орынсыз. Осы мағынадағы капитал деген сөз мұның екеуін де, капиталды да, еңбекті де қамтиды» (бұл да сонда, 70, 71-беттер).

2. ҚҰННЫҢ ӨСУ ПРОЦЕСІ

Өнім — капиталистің меншігі — дегеніміз белгілібір тұтыну құны: жіп, етік, т. т. Бірақ етік, мысалы, бір есептен қоғамдық прогрестің базисі болатын болса да және біздің капиталист батыл прогресшіл бола тұрса да, ол, дегенмен, етікті сол етіктің өзіне бола жасап шығармайды. Товар өндірісі тұсында тұтыну құнының өзі тегінде «qu'op aime pour lui-même» [«жұрт оның өзіне бола ұнататын»] зат емес. Мұнда тұтыну құндары тегінде айырбас құнының материалдық субстраты, иелері болғандықтан ғана, тек сондықтан ғана өндіріледі. Сөйтіп біздің капиталист екі түрлі нәрсенің қамын ойлайды. Біріншіден, ол айырбас құны бар тұтыну құнын, сатуға арналған зат, яғни товар өндіруді көздейді. Ал, екіншіден, ол құны өзін өндіруге қажетті товарлардың құндары сомасынан асып түсетін, өзінің қолда бар ақшасын авансқа беріп товар рыногынан алған өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күші құндарының сомасынан асып түсетін товар өндіруді көздейді. Ол тек тұтыну құнын ғана емес, сонымен қатар товар өндіруді, тек тұтыну құнын ғана емес, сонымен қатар құн өндіруді, тек құнды ғана емес, сонымен қатар қосымша құн өндіруді көздейді.

Шынында да, бұл жерде әңгіме товар өндірісі туралы болып отырғандықтан, біз анығында осы күнге дейін процестің бір жағын ғана қарастырып келдік. Товардың өзі тұтыну құны мен құнның бірлігі болатыны сияқты, товар өндіру процесі де еңбек процесі мен құн жасау процесінің бірлігі болуға тиіс.

Сонымен, енді өндіріс процесін құн жасау процесі ретінде қарап көрейік.

Әрбір товардың құны товардың тұтыну құнында материалға айналған еңбек мөлшерімен, оны өндіру үшін керекті қоғамдық қажетті жұмыс уақытымен анықталатынын біз білеміз. Еңбек процесінің нәтижесі ретінде біздің капиталист алған өнім жөнінде де осыны айтуға болады. Демек, ең алдымен осы өнімде затқа айналған еңбекті есептеп шығару қажет.

Бұл өнім, мысалы, жіп бола-ақ қойсын.

Жіп өндіру үшін алдымен тиісті шикі материал, мысалы 10 қадақ мақта қажет. Мақтаның құны қанша екенін бұл жерде іздеп жатудың қажеті жоқ, өйткені капиталист оны өзінің құны бойынша, мысалы 10 шиллингке рыноктан сатып алған. Мақта өндіру үшін қажетті еңбек мақтаның бағасында орташа қоғамдық еңбек ретінде бейнеленген. Онан соң, біз үшін осында қолданылатын барлық еңбек құрал-жабдықтарының өкілі болып табылатын ұршықтардың мақтаны ұқсатарда тұтымылған мөлшерінің құны 2 шиллинг деп ұйғара-

йық. Егер 12 шиллинг алтын мөлшері 24 жұмыс сағатының, яки екі жұмыс күнінің өнімі болатын болса, онда бұдаң алдымен жіпте 2 жұмыс күні затқа айналдырылған деген қорытынды шығады.

Мақтаның өз формасын өзгерткендігі және ұршықтардың тұтынылған бөлегінің мүлде жоғалып кеткендігі бізді адастыруға тиіс емес. Мысалы, 40 қадақ жіптің құны 40 қадақ мақтаның құнына + тұтас ұршықтың құнына тең болса, яғни осы теңдеменің екі бөлегін де өндіру үшін бірдей жұмыс уақыты керек болады дейтін болсақ, онда құнның жалпы заңына сәйкес, 10 қадақ жіп 10 қадақ мақтаның және $\frac{1}{4}$ ұршықтың эквиваленті болады. Бұлай болған күнде бір ретінде жіптің тұтыну құнына сіңген, екінші ретте мақта мен ұршықтың тұтыну құндарына сіңген жұмыс уақыты бірдей болып шығады. Демек, құнның өзі жіпте бола ма, ұршықта немесе мақтада бола ма, құн үшін мұның ешбір келер-кетері жоқ. Ұршық пен мақта бірінің қасында бірі тыныш жатудың орнына, олар жіп иіру процесінде қосылып кетіп, бұдан олардың тұтыну формалары өзгеріп, жіпке айналатын болса, бұл жағдай да, оларды жәй айырбас арқылы жіптің эквиваленттік мөлшерімен ауыстырған кездегідей, олардың құнына әсер етпейді.

Мақта өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты — жіп өндіру үшін қажетті жұмыс уақытының бір бөлегі (мақта — жіптің шикі материалы), сондықтан да ол осы жіпке кіріп отыр. Мақтаны жіпке айналдырарда тозбай қоймайтын немесе тұтынылмай қалмайтын тиісті мөлшердегі ұршық өндіру үшін қажетті жұмыс уақытының жайы да дәл осындай ¹¹⁾.

Сонымен, жіптің құны, яғни жіп өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты әңгіме болып отырғандықтан, уақыт пен кеңістік жағынан бір-бірінен алшақ жатқан, әралуан айрықша еңбек процестерін, мақтаның өзі мен тұтынылған ұршықтарды өндіру үшін, онан соң мақта мен ұршықтардан жіп өндіру үшін істелуге тиіс еңбек процестерін біз бәз-баяғы бір процестің әралуан сабақтас фазалары деп қарай аламыз. Жіпке сіңген бүкіл еңбек — өткен еңбек. Жіп жасайтын элементтер өндіру үшін қажетті жұмыс уақытының бұдан бұрын болып өткенін және әлдеқашан өтіп кеткен уақытқа жататындығын, ал ақтық процеске, жіп иіруге тікелей жұмсалған еңбектің қазіргіге жақын екенін, жәй ғана өткен шақ екенін алатын болсақ, мұның мүлде ешқандай маңызы жоқ. Егер үй салуға белгілі еңбек мөлшері, мысалы 30 жұмыс күні қажет болатын болса, онда еңбектің 30-шы күнінің бірінші күннен 29 күн кейін ба-

¹¹⁾ Тікелей товар өндіруге жұмсалған еңбек қана емес, сонымен қатар өндіріс процесін жүзеге асыру үшін қажет құралдарға, аспаптар мен үйлерге жұмсалған еңбек те товардың құнына әсер етеді» (Ricardo. «The Principles of Political Economy» 3 ed. London, 1821, p. 16).

рып өндіріске қосылғандығынан үйге сіңген жұмыс уақытының жалпы мөлшері өзгере қоймайды. Сондықтан біз иіру процесінің неғұрлым ерте сатысында, ең ақырында келіп иіру формасында қосылған еңбектен бұрын жұмсалған жұмыс уақытын қалай қарайтын болсақ, еңбек материалы мен еңбек құрал-жабдықтарына сіңген жұмыс уақытын да дәл солай қарай аламыз.

Сонымен, 12 шиллинг бағамен көрсетілген өндіріс құрал-жабдықтарының, мақта мен ұршықтардың, құндары жіп құнының, яки өнім құнының құрамдас бөлшектері болып табылады.

Бірақ мұнда екі түрлі шарт жүзеге асырылуға тиіс. Біріншіден, мақта мен ұршықтар шынында да белгілі тұтыну құнын өндіру үшін жаратылуға тиіс. Біздің мысалда бұлардан жіп өндірілуге тиіс. Құнның негізі қандай тұтыну құны болатындығынан құнға келер-кетер нәрсе жоқ, бірақ қайткенде де әйтеуір бір тұтыну құны оның негізі болуға тиіс. Екіншіден, өндірістің қазіргі қоғамдық жағдайларында қажетті болған жұмыс уақыты ғана жұмсалған деп ұйғарылады. Демек, егер 1 қадақ жіп иіру үшін тек 1 қадақ мақта қажет болған болса, онда 1 қадақ жіп жасауға тек 1 қадақ мақта тұтынылмақ. Ұршықтар жайы да осындай. Егер капиталиске ой түсіп, темір ұршықтар орнына алтын ұршықтар қолданам десе де жіптің құнына қоғамдық қажетті еңбек қана, яғни темір ұршықтар өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты ғана кірген болар еді.

Өндіріс құрал-жабдықтары, мақта мен ұршықтар жіп құнының қаншалық бөлегі болатынын енді біз білеміз. Бұл 12 шиллингке тең, яки оның өзі материалданған екі жұмыс күні. Демек, ендігі әңгіме жіп иірушінің еңбегінің өзі мақтаға қосатын құн бөлегі туралы болып отыр.

Енді біз бұл еңбекті еңбек процесін қараған кездегіден мүлде басқаша тұрғыдан алып қарауға тиіспіз. Онда әңгіме мақсатқа сай жұмыс жайында, мақтаны жіпке айналдыру жайында болған-ды. Еңбек неғұрлым мақсатқа сай болса, басқа барабар жағдайларда, жіп соғушылық жақсы болмақ. Жіп иірушінің еңбегі өндіргіш еңбектің басқа түрлерінен ерен өзгеше болды, жәнеде бұл өзгешелік субъективті және объективті жағынан, жіп иірудің айрықша мақсатынан, оның жұмысының айрықша сипатынан, оның өндіріс құрал-жабдықтарының айрықша жаратылысынан, оның өнімнің айрықша тұтыну құнынан көрініп отырды. Мақта мен ұршық жіп иіру еңбегі үшін қажет, бірақ бұлардан бедерлі зеңбірек жасауға болмайды. Мұның керісінше, жіп иірушінің еңбегі құн жасайтын болғандықтан, яғни құнның көзі болатындықтан, бұл еңбектің қару-жарак

жасаушының еңбегінен ешбір айырмасы жоқ немесе, бұл ретте өзімізге жақындауын алғанда, мақташы мен ұршық жасаушының жіп өндіріс құрал-жабдықтарына сіңген еңбегінен ешбір айырмашылығы жоқ. Тек осындай барабарлық арқасында ғана мақта өсіру, ұршық өндіру және жіп иіру сол бір жалпы құнның, жіп құнының бөлшектерін, бір-бірінен сан жағынан ғана өзгеше бөлшектерін құрастыра алады. Енді мұндағы еңгіме еңбектің сапасы туралы емес, қасиеттері мен мазмұны туралы емес, тек оның мөлшері туралы болып отыр. Соңғысын есепке алу оңай. Біз жіп иіру еңбегі жәй еңбек, орташа қоғамдық еңбек деп ұйғарамыз. Бұған қарама-қарсы ұйғарындан істің жайы ешбір өзгермейтінін кейінірек көреміз.

Еңбек процесі кезінде еңбек іс-әрекет формасынан болмыс формасына, қозғалыс формасынан заттық формаға үнемі көшіп отырады. Бір сағаттан кейін жіп иіру қозғалысы жіптің белгілі мөлшерінен келіп көрінеді, демек, еңбектің белгілі бір мөлшері, бір жұмыс сағаты, мақтада затқа айналған болып шығады. Біз: жұмыс сағаты, яғни жіп иірушінің өмірлік күшінің бір сағат ішінде жұмсалған мөлшері деп отырмыз, өйткені бұл арада жіп иіру еңбегі ерекше жіп иіру еңбегі болғандықтан емес, жұмыс күшінің жұмсалуды болғандықтан ғана маңыз алады.

Сөйтіп процесс кезінде, яғни мақтаны жіпке айналдыру кезінде тек қоғамдық қажетті жұмыс уақытының ғана тұтынушының шешуші маңызы бар. Егер өндірістің қалыпты, яғни орташа қоғамдық, жағдайларында бір жұмыс сағаты ішінде a қадақ мақта b қадақ жіпке айналдырылуға тиіс болса, онда a қадақ мақта $\times 12$ -ні b қадақ жіп $\times 12$ -ге айналдыратын жұмыс күні ғана 12 сағаттық жұмыс күнінің маңызына ие болады. Өйткені құн жасалған кезде тек қоғамдық қажетті жұмыс уақыты ғана есепке алынады.

Бұл жерде еңбектің өзі де, шикі материал мен өнім де нақ еңбек процесінің тұрғысынан қараған кездегіден мүлде басқаша болып көрінеді. Бұл жерде шикі материалдың белгілі бір мөлшердегі еңбекті бойына сіңіретін бірдеңе ретінде ғана маңызы бар. Осылайша сіңіру арқылы ол шынында да жіпке айналады, өйткені жұмыс күші оған жіп иіру формасында жұмсалып, қосылған. Ал өнімді, жіпті, алатын болсақ, енді ол мақтаға сіңген еңбектің өлшеушісі ғана болады. Егер бір сағат ішінде $1\frac{2}{3}$ қадақ мақта ұқсатылған болса, яки ол $1\frac{2}{3}$ қадақ жіпке айналған болса, онда 10 қадақ жіп 6 жұмыс сағатының сіңгендігін көрсетеді. Тәжірибе жүзінде анықталған, белгілі бір өнім мөлшері енді тек белгілі бір еңбек мөлшері, тоқыраған жұмыс уақытының белгілі бір аумағы ғана болып шығады.

Бұлар — қоғамдық еңбектің бір сағатының, екі сағатының, бір күнінің материалға айналуы ғана.

Еңбек затының өзі енді өнім, демек шикі материал болатындығының маңызы жоқ екені сияқты, еңбек дегеніміз нақ жіп иіру еңбегі, оның материалы — мақта, ал өнімі — жіп екендігінің де мұнда маңызы жоқ. Егер жұмысшы жіп иіру мастерскойында емес, көмір шахтасында істейтін болса, онда еңбек заты, көмір, табиғаттан алынған болар еді. Солай бола тұрса да, кен қабатынан опырылып алынған белгілі мөлшердегі көмір, мысалы бір центнер көмір, белгілі мөлшерде сіңген еңбекті көрсеткен болар еді.

Жұмыс күшін сатарда оның күндік құны 3 шиллингке тең, бұған 6 жұмыс сағаты сіңген, демек, жұмысшының бір күндік тіршілік заттарының орташа сомасын өндіру үшін осы мөлшерде еңбек керек болады деп ұйғарылған-ды. Егер біздің жіп иіруші бір жұмыс сағатының ішінде $1\frac{2}{3}$ қадақ мақтаны $1\frac{2}{3}$ ¹²⁾ жіпке айналдыратын болса, онда 6 сағаттың ішінде ол 10 қадақ мақтаны 10 қадақ жіпке айналдырады. Демек, иіру процесінде мақтаға 6 жұмыс сағаты сінеді. 3 шиллинг алтын мөлшерінде де нақ осындай жұмыс уақыты бар. Сонымен, мақтаға жіп иірудің өзінен 3 шиллинг құн қосылған.

Енді өнімнің, әлгі 10 қадақ жіптің жалпы құнын алып көрейік. Бұларда $2\frac{1}{2}$ жұмыс күні затқа айналған: 2 күн мақта мен ұршықтарда, $\frac{1}{2}$ жұмыс күні иіру процесі кезінде сіңген. 15 шиллинг алтын мөлшерінде де нақ осындай жұмыс уақыты бар. Демек, осы 10 қадақ жіптің өз құнына сәйкес бағасы 15 шиллинг, 1 қадақ жіптің бағасы 1 шиллинг, 6 пенни болады.

Біздің капиталист абыржулы. Өнімнің құны авансыланған капиталдың құнына тең. Авансыланған құн көбеймеді, қосымша құн өндірмеді, демек ақша капиталға айналмады. Бұл 10 қадақ жіптің бағасы 15 шиллингке тең, ал товар рыногында өнім жасау элементтеріне, яки, басқаша айтқанда, еңбек процесінің факторларына нақ сол 15 шиллинг жұмсалған болатын: 10 шиллинг мақтаға, 2 шиллинг ұршықтардың тұтынылған мөлшеріне және 3 шиллинг жұмыс күшіне жұмсалған-ды. Жіп құнының өскендігінен ешқандай пайда жоқ, өйткені оның құны бұрын мақтаның, ұршықтардың және жұмыс күшінің арасында бөлінген құндардың жәй жиынтығы ғана, ал бар құндарды осылайша жәй қоса салудан ешқашан да қосымша құн тумақшы емес қой ¹³⁾. Енді бұл құндардың

¹²⁾ Бұл жерде цифрлар мүлде ойша алынған.

¹³⁾ Бұл — егіншіліктен бөтен еңбек атаулы өнімді емес дейтін физиократтардың іліміне тірек болған негізгі қағида, сондықтан бұл көнігі экономист үшін даусыз нәрсе. «Көптеген басқа заттардың құнын бір затқа телу (мәселен, тоқушы тұтынған заттардың құнын полотноға телу), былайша айтқанда, бір күнге бірнеше құнды әкеліп қондыру жөніндегі бұл әдістің салдарынан құн тиісінше өсіп қамшып кетеді... Қосу деген

бәрі бір затқа жиналып отыр, бірақ бұл құндар үш түрлі товар сатып алудың нәтижесінде бөлшектелместен бұрын нақ осылайша 15 шиллинг ақша сомасында да жинақталған болатын.

Өздігінен алғанда бұл нәтиже таңданарлық нәрсе емес. Бір қадақ жіптің құны 1-шиллинг 6 пенни, сондықтан да біздің капиталист товар рыногында 10 қадақ жіпке 15 шиллинг төлеуге тиісті болар еді. Ол өзіне рыноктан үйді даяр күйінде сатып ала ма, әлде оны өзі сала ма, бұл жұмыстардың бір де бірі үй алуға жұмсалған ақша мөлшерін көбейте қоймайды.

Тұрпайы саяси экономиядан азын-аулақ хабары бар капиталист, бәлкім: ақшаны авансылағанда бұл ақшадан көбірек ақша жасау ниетімен бердім дер. Бірақ дозаққа апаратын жол да ізгі ниетпен салынған ғой, дәл сондай-ақ капиталиске де ешнәрсе өндірмей-ақ ақша табу ниеті келуі мүмкін¹⁴⁾. Ол қорқыта бастайды. Екінші жолы оны енді ешкім алдай алмайды. Келешекте ол товар өндірумен шұғылдандудың орнына товарды рыноктан даяр күйінде сатып алатын болады. Ал егер оның капиталист бауырларының бәрі де дәл осылай істейтін болса, онда не болмақ, — онда ол рыноктан товарды қалай таппақ? Ол ақшаны қорек ете алмайды ғой. Ол басалқалық айта бастайды. Оның бой тартуын еске алу керек, дейді. Ол өзінің 15 шиллингін түгел ысырап еткен де болар еді. Мұның орнына ол бұл ақшаны өнімді түрде жұмсап, одан жіп жасады. Бірақ оның есесіне енді онда ұждан өкінішінің орнына жіп бар ғой. Оның қазына жинаушының роліне түсуі мүлде жөн емес, өйткені аскетизм тұсында қандай жағдай душар болатынын қазына жинаушы бізге көрсетіп берді ғой. Оның үстіне, жоққа жүйрік жетпейді. Оның безіну еңбегі қандай болғанымен, бұл безінуді ерекше етерлік ешнәрсе табыла қоймайды, өйткені процестен шығатын өнімнің құны осы процеске түскен товар құндарының сомасына ғана тең. Оның жақсылық дегеніміз жақсылықтың есесін қайтару дегенді көңіліне медет етуіне болар еді. Бірақ капиталист осылай студия орнына өктем бола бастайды. Оған жіптің керегі жоқ. Ол мұны сату үшін өндірген. Ендеше ол жібін сата берсін немесе одан да оңайы, келешекте өз басының тұтынуына керекті заттарды ғана өндіретін болсын — оның үй дәрігері Мак-Куллохтың асыра өндіру эпидемиясына қарсы күшті ем ретінде бірде оған жазып берген рецептін осындай. Бірақ капиталист қайсарланып өршелене түседі. Жұмысшы өнімді өз білегінің кү-

термин еңбек өнімдерінің бағасын құрастыратын әдісті жақсы сипаттайды: бұл бара тұтынылған және бірге қосылған көп құнның жиынтығы ғана; бірақ қосу дегеніміз көбейту деген сөз емес» (*Mercier de la Rivière*, цитат алынған шығарманың 599-беті).

¹⁴⁾ Мысалы, 1844—1847 жылдары ол темір жол акцияларымен жалдаптық жасау үшін өз капиталының бір бөлегін өндірістен қайтарып алды. Сондай-ақ Америкадағы Азамат соғысы кезінде ол Ливерпуль мақта біржасында амалдау үшін фабрикаларын жауып, фабрика жұмысшыларын кешеге лақтырып тастады.

шімен ғана жасай ала ма, ол жоқтан товар жасай ала ма? Оған материал берген капиталистің өзі емес пе, жұмысшы бар болғаны өз еңбегін осы материалға және осының арқасында ғана сіңірген жоқ па? Ал қоғамның ең басым көпшілігі осындай жалаңаштардан құралған, ендеше ол өзінің өндіріс құрал-жабдықтарымен, өзінің мақтасымен, өзінің ұршықтарымен қоғамға да, жұмысшының өзіне де өлшеусіз зор қызмет істеген жоқ па, оның үстіне сол жұмысшыны тіршілік заттарымен де қамтамасыз еткен жоқ па? Сондықтан оның бұл қызметін оның есебіне жазған жөн емес пе? Бірақ жұмысшы да оның мақтасы мен ұршықтарын жіпке айналдырып, оған өз тарапынан қызмет істеген жоқ па? Оның үстіне мұндағы әңгіме әсте қызмет жайында емес¹⁵⁾. Қызмет дегеніміз товардың болсын, еңбектің болсын белгілі бір тұтыну құнының пайдалы әрекетінен басқа түк те емес¹⁶⁾. Бірақ мұнда біздің көріп отырғанымыз айырбас құны. Капиталист жұмысшыға 3 шиллинг құн төлеген-ді. Жұмысшы мақтаға қосылған 3 шиллинг құн түрінде оған дәл эквивалентті қайтарып берді, құн орнына құн қайтарып берді. Әлгінде ғана өз капиталын айтып күпінген біздің дос кенеттен өз жұмысшысының момақан қалпына түсе қояды. Оның өзі де жұмыс істемеді ме? Жіп иірушінің жұмысын қадағалап бақылау жөнінде еңбек етпеді ме? Және оның осы еңбегі, өз тарапынан, құн жасамай ма? Бірақ бұл арада оның өз бақылаушысы мен басқарушысы иықтарын көтеріп таңырқайды. Алайда ол енді шаттана күлімсіреп, қайтадан бұрынғы қалпына түсе қояды. Ол күңіреніп зарлауымен бізді жәй алдап келген екен. Мұның бәрі түкке де тұрмайды. Бұл сияқты бос жалтармалар мен мағынасыз айла-шарғыларды ол саяси экономияның профессорларына тапсырып қояды, ал олар дәл осы үшін ақы алып отырады. Ал оның өзі — практиканың адамы, ол өзі істеріне қатысы жоқ нәрселер жайында айтатынын ылғи ойлап алмайтын болса да, өзінің ісі жөнінде не істейтінін әрқашан да біледі.

¹⁵⁾ «Мақтан, жасан да безен... Бірақ кімде-кім» (өзінің бергенінен) «көп немесе артық алатын болса, ол адам өсімқор, ал мұның мәнісі ол өзінің жақынына қызмет көрсеткен жоқ, қайта, ұрлық пен тонаушылық кезіндегі сияқты, зиян келтірді деген сөз. Қызмет және қайырымдылық деп аталатынның бәрі бірдей жақынына істелетін қызмет пен қайырымдылық бола бермейді. Өйткені знакор еркек пен знакор әйел де бір-біріне зор қызмет көрсетіп, ләззат береді. Жол үстінде адамды тонап, ел-жұртты шабатын баскесер мен өрт салушыға көмектескен Рейтар оған аса зор рейтарлық қызмет көрсетеді. Папистер біздің адамдарға аса зор қызмет көрсетуде, өйткені олар жұрттың бәрін бірдей суға батырып, отқа өртеп, өлтіре бермейді, зындандарда шіріте бермейді қайта кейбіреулерін тірі қалдырып, айдап жібереді немесе олардың қолла барын түгел тартып алады. Шайтанның өзі де өз итаршыларына өлшеусіз зор қызмет көрсетіп отырады... Қысқасы, құн сайын көрсетіліп отыратын ұлы, асқан тамаша қызмет пен қайырымдылық дегеніңіз дүниеде толып жатыр» (*Martin Luther. «An die Pfarrer, wider den Wucher zu predigen etc.»*. Wittenberg, 1540 [S. 8—9]).

¹⁶⁾ Бұл жөнінде «Саяси экономия сынына» деген еңбекте мен мынадай бір пікір айтқанмын. Берлин, 1859, 14-бет: «Ж. Б. Сэй мен Ф. Бастиа сияқты экономистерге «қызмет» («service») категориясының қандай «қызмет» көрсетуге тиіс екені түсінікті» [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы 13-том, 23-бет*].

Істің жайын байыптап қарап көрейік. Жұмыс күшінің күндік құны 3 шиллинг болатын, өйткені мұның өзінде жұмыс күнінің жартысы затқа айналдырылған, яғни өйткені жұмыс күшін өндіру үшін күн сайын қажетті тіршілік заттары жұмыс күнінің жартысына татиды. Бірақ жұмыс күшінде болатын өткен еңбек және жұмыс күші атқара алатын тірі еңбек, оны сақтау жөніндегі күнделікті шығындар және оның күнделікті жұмсалуды — бұлар мүлде екі түрлі мөлшерлер. Біріншісі оның айырбас құнын анықтайды, екіншісі оның тұтыну құны болып табылады. 24 сағат бойы жұмысшының тіршілігін сақтау үшін жұмыс күнінің жартысы ғана жеткілікті болатындығы жұмысшының ұзақты күн жұмыс істеуіне ешбір бөгет емес. Демек, жұмыс күшінің құны және оны тұтыну процесінде жасалатын күн — түрлі-түрлі екі мөлшер. Капиталист жұмыс күшін сатып алғанда құнның осы айырмашылығын ескерген-ді. Жұмыс күшінің пайдалы қасиеті, оның жіп немесе етік өндіруге қабілеттілігі, *conditio sine qua non* [қажетті шарт] қана болды, себебі күн жасау үшін еңбекті тиімді формада жұмсау қажет. Бірақ шешуші маңызы болған нәрсе — бұл товардың ерекше тұтыну құны, оның күн көзі, онда өзіндегіден көбірек құнның көзі боларлық қасиеті. Бұл — капиталистің осы товардан күтетін ерекше қызметі. Бұл ретте капиталист товар айырбасының мәңгілік заңдарына сәйкес әрекет істейді. Шынында да, жұмыс күшін сатушы адам, басқа товар атаулыны сатушы сияқты, оның айырбас құнын өткізеді де, оның тұтыну құнын иеліктен айырады. Ол екіншісін бермейінше, біріншісін ала алмайды. Сатылған майдың тұтыну құны май саудагеріне тән емес десек, дәл сол сияқты жұмыс күшінің тұтыну құны, еңбектің өзі, оның сатушысына тән емес. Ақша иесі жұмыс күшінің күндік құнын төлеген, сондықтан оны күні бойы тұтыну ісі, күндік еңбек соған тән. Жұмыс күшінің күндік қаржысы жұмыс күнінің тек жартысы мөлшерінде ғана тұрады, ал жұмыс күші ұзақты күн қимылдап, жұмыс істей алады, сондықтан жұмыс күшін бір күн ішінде тұтыну арқылы жасалатын күн жұмыс күшінің өзінің күндік құнынан екі есе артық, бұл жағдай сатып алушы үшін ерекше бақыт болып табылады, бірақ бұл сатушы жөнінде ешбір әділетсіздік емес.

Біздің капиталист өзін күлімдете қойған шытырман жағдайды күн ілгері аңғарған⁶⁷. Сондықтан жұмысшы мастерскойда алты сағаттық еңбек процесі үшін ғана емес, он екі сағаттық еңбек процесі үшін де қажетті өндіріс құрал-жабдықтарын табады. Егер 10 қадақ мақта 6 жұмыс сағатын сіңіріп, 10 қадақ жіпке айналған болса, 20 қадақ мақта 12 жұмыс сағатын сіңіріп, 20 қадақ жіпке айналады. Ұзартылған

еңбек процесінің өнімін қарап көрейік. Бұл 20 қадақ жіпте қазір 5 жұмыс күні затқа айналдырылған: 4 жұмыс күні мақта мен ұршықтардың тұтынылған мөлшеріне, 1 жұмыс күні иіру процесі кезінде мақтаға сіңген. Бірақ 5 жұмыс күнінің ақшалай көрінісі 30 шиллинг, яки 1 фунт стерлинг 10 шиллинг. Демек, 20 қадақ жіптің бағасы міне осы. Бір қадақ жіп бұрынғыша 1 шиллинг 6 пенни тұрады. Ал процеске түскен товарлар құндарының сомасы 27 шиллинг болды. Жіптің құны 30 шиллинг болады. Өнім құны оны өндіруге авансыланған құнмен салыстырғанда $\frac{1}{9}$ мөлшерінде өсті. Сөйтіп 27 шиллинг 30 шиллингке айналды. Олар 3 шиллинг қосымша құн берді. Ақырында фокустың сәті түсті. Ақша капиталға айналды.

Проблеманың барлық шарттары сақталды, сөйтіп товар айырбасының заңдары титтей де бұзылған жоқ. Эквивалент эквивалентке айырбасталды. Капиталист сатып алушы ретінде әрбір товарға — мақтаға, ұршыққа, жұмыс күшіне — оның құны бойынша ақша төледі. Онан соң ол басқа әрбір товар сатып алушының істегенін істеді. Ол товардың тұтыну құнын тұтынды. Жұмыс күшін тұтыну процесі, — сонымен қатар бұл товар өндіру процесі де болып табылады, — 20 қадақ жіп түрінде өнім берді, мұның құны 30 шиллинг. Енді бұрын товар сатып алған капиталист рынокқа қайтып барады да, товарын сатады. Ол жіптің қадағын 1 шиллинг 6 пенниден сатады, бұл сол товардың құнынан бір тиын қымбат та, арзан да емес. Солай бола тұрса да, ол айналыстан өзі бастапқы кезде жұмсаған мөлшерден 3 шиллинг артық түсіреді. Бүкіл осы процесс, оның ақшасының капиталға айналуы, айналыс саласында жасалады да және онда жасалмайды да. Айналыс арқылы жасалады дейтін себебіміз — мұның өзі товар рыногынан жұмыс күшін сатып алуға байланысты. Айналыста жасалмайды дейтін себебіміз — айналыс құнды көбейту процесін тек қана әзірлейді, ал процесінің өзі өндіріс саласында жасалады. Сонымен, «tout pour le mieux dans le meilleur des mondes possibles»⁶⁸.

Ақшаны жаңа өнімнің заттық элементтері, яки еңбек процесінің факторлары болып табылатын товарға айналдыра отырып, оның өлі тұлғасына тірі жұмыс күшін қоса отырып, капиталист құнды — өткен, затқа айналған, өлі еңбекті — капиталға, өздігінен өсетін құнға, «бейне өзін шарпыған махабат құштарлығының ықпалына түскендей»⁶⁹ «жұмыс істей» бастайтын жанды кереметке айналдырады.

Егер біз енді құнның жасалу процесі мен құнның өсу процесін салыстыратын болсақ, онда былай болып шығады: құнның өсу процесі дегеніміз құнның жасалу процесінен, бел-

гілібір пункттен әрі асырылып созылған процесінен, басқа түк те емес. Егер құнның жасалу процесі жұмыс күшінің капитал төлеген құны жаңа эквивалентпен өтелетін пунктке дейін ғана баратын болса, онда мұның өзі құнның жәй жасалу процесі болады. Ал егер құн жасау процесі бұл пункттен әрі асырылып созылатын болса, онда мұның өзі құнның өсу процесіне айналады.

Сонсын, егер біз құнның жасалу процесін еңбек процесімен салыстыратын болсақ, онда соңғының өзі тұтыну құндарын өндіретін найдалы еңбек екенін көреміз. Бұл жерде қозғалыс сапа жағынан, оның ерекше сипаты, мақсаттары мен мазмұны жағынан алынып қаралып отыр. Құнның жасалу процесінде нақ сол еңбек процесінің өзі тек қана сан жағынан көрінеді. Мұндағы мәселе еңбектің операциясы үшін сол еңбекке керекті уақытта ғана, яки жұмыс күші өнімді түрде жұмсала-тын мерзімнің ұзақтығында ғана. Сөйтіп еңбек процесіне кіретін товарлардың маңызы бұл жерде енді мақсатқа сай әрекет істейтін жұмыс күшінің функция жағынан белгіленген, заттық факторларында емес. Олар затқа айналған еңбектің белгілі мөлшері ретінде ғана есепке алынады. Сөйтіп еңбектің өзі өндіріс құрал-жабдықтарында бола ма, немесе жұмыс күші арқылы қосыла ма, әйтеуір уақыт мөлшері бойынша ғана есепке алынады. Ол пәлен сағат, пәлен күн, т. т. болады.

Алайда бұл еңбек тұтыну құнын өндіруге жұмсалған уақыт қоғамдық қажетті уақыт болса ғана есепке кіреді. Мұның өзі бірсыпыра әртүрлі жәйларды қамтиды. Жұмыс күші қалыпты жағдайларда қызмет атқаратын болуы керек. Егер жіп иіретін машина жіп иірерде қолданылатын қоғамдық үстем еңбек құралы болатын болса, онда жұмысшыға атамзаманғы ұршықты тапсыруға болмайды. Ол минут сайын үзіле беретін қоқыс емес, сапасы тәуір мақта алуға тиіс. Әйтпесе бұл екі жағдайдың екеуінде де оның бір қадақ жіп өндіруге қоғамдық қажетті уақыттан көбірек жұмыс уақытын жұмсауына тура келген болар еді, бірақ бұл артық уақыт құн немесе ақша жасай қоймас еді. Алайда еңбектің материалдық факторларының қалыпты сипаты жұмысшыға емес, капиталиске байланысты. Екінші бір шарт — жұмыс күшінің өзінің қалыпты сипатта болуы. Қолданылатын мамандығы жағынан жұмыс күшінде орта дәрежеде қалыптасқан өнер; дайындық пен шапшаңдық болуға тиіс. Ал біздің капиталист еңбек рыногынан сапасы дұрыс жұмыс күшін сатып алған. Бұл күш кәдімгі орта дәрежедегі салмақпен, қоғамға дағдылы дәрежедегі интенсивтілікпен жұмсалуға тиіс. Капиталист бір де бір минуттың еңбексіз, босқа ысырап болмауын қандай қамқорлықпен бақылайтын болса, мұны да сондай қамқорлықпен

бақылайды. Ол жұмыс күшін белгілі мерзімге сатып алған. Ол өзіне тиістісін алғысы келеді. Ол өзін тонатқысы келмейді. Ақырында — бұл ретте де нақ сол мырзаның өз *code péral* [қылмыс заңы кодексі] бар — шикі материал мен еңбек құрал-жабдықтарын тиімсіз тұтынушылық болмауға тиіс, өйткені орынсыз ысырап болған материал мен еңбек құрал-жабдықтары затқа айналған еңбек мөлшерінің орынсыз артық жұмсалуды болып шығады, демек есепке алынбайды және өнім құнын жасауға қатыспайды¹⁷⁾.

Сонымен, бұдан бұрын товар анализінен шығарылған, тұтыну құнын жасайтын еңбек пен құн жасайтын нақ сол еңбектің арасындағы айырмашылық енді өндіріс процесінің түрлі жақтарының арасындағы айырмашылық болып көрінеді.

Еңбек процесі мен құнның жасалу процесінің бірлігі ретінде, өндіріс процесі товар өндіру процесі болып табылады; еңбек процесі мен құнның өсу процесінің бірлігі ретінде, ол капиталистік өндіріс процесі, товар өндірісінің капиталистік формасы болып табылады.

Бұдан бұрын көрсетілгеніндей, капиталист иемденген еңбек жәй еңбек бола ма, қоғамдық орташа еңбек бола ма, әлде неғұрлым күрделі еңбек, үлес салмағы неғұрлым жоғары еңбек бола ма, құнның өсу процесі үшін мұның ешбір келер-келері жоқ. Қоғамдық орташа еңбекпен салыстырғанда неғұрлым жоғары, неғұрлым күрделі еңбектік маңызы бар еңбек --- неғұрлым жоғары шығын жұмсау арқылы жасалатын, көбірек

¹⁷⁾ Бұл — құдыққа негізделген өндірісті қымбаттататын жағдайлардың бірі. Ерте замандағылардың өткір сөзімен айтқанда, бұл жерде жұмысшының *instrumentum vocale* [даусы бар құрал] ретіндегі жануардан және *instrumentum semivocale* [мылқау құрал] ретіндегі жансыз еңбек құралынан бір ғана айырмасы, ол *instrumentum mutum* [сөйлей білетін құрал]. Бірақ жұмысшының өзі жануар мен еңбек құралына өзінің оларға ұқсас емес екенін, өзінің адам екенін сездіріп отырады. Оларға қатал қарай отырып, оларды *son atque* [рақаттана] бұза отырып, ол өзінің олардан өзешелігін ұрғуы дәрежесіне жетеді. Сондықтан мұндай өндіріс әдісінің экономикалық принципі — ең тұрпайы, ең қолайсыз еңбек құралдарын қолдануда, өйткені өздерінің нақ осы тұрпайылығы мен қолайсыздығынан олар олай бұзыла қоймайды. Сондықтан Мексика бұғазының маңындағы құл иеленуші штаттарда Азамат соғысы басталғанға дейін ескілікті қытай конструкциясымен жасалған плугтар қолданылып келді, бұлар шошқа я крот сияқты жерді тырмаласа да, бірақ боразда жасамайтын және жер қыртысын қолпармайтын. Салыстырыңыз: *J. E. Cairnes*. «The Slave Power». London, 1862, p. 46 sq. Өзінің «Sea Board Slave States» деген еңбегінде Олмстед мынадай бір әңгіме айтады: «Менің бұл жерде көрген құралдарым сондай, бірде-бір есі дұрыс адам бұл құралдарды жалдама жұмысшыға бермеген болар еді; бұлардың өте-мөте ауырлығы мен қолайсыздығы, мені ойымша, әдетте бізде қолданылатын құралдармен салыстырғанда еңбекті ең кемінде 10 процент арттырады. Бірақ маған жұрттың төңіре айтұшына, құлдар құрал біткенге немқұрайды және тұрпайы қарайтындықтан оларға неғұрлым жеңіл және оңша тұрпайы емес құрал беру тиімді болмас еді, сөйтіп бізде өз жұмысшыларымызға үнемі беріліп отыратын, оның бер жағында бізге пайда келтіретін құралдар, топырағы жұмсақтау және біздегідей тастақ емес бола тұрса да, Виргинияның егіс далаларында бір күн де сақталмаған болар еді. Дәл сол сияқты, мен барлық фермаларда аттардың қашырлармен ауыстырылған себебін сұрағанымда, бұл жөнінде айтылған бірінші және, әрине, ең нағымды дәлел мынау болды: аттар негрлердің ылғи ұрып-соғуына төзе алмайды; аттар әрқашан да бұдан тез титықтайды немесе мертігіп қалады, ал қашырлар таяққа да, жем тапшылығына да төзімді және жөнді күтімге-негімен немесе шамадан тыс жұмыс жүктелгенімен суыққа да, ауруға да шалдықпайды. Тегінде, қазір өзім жауу жазып отырған бөлменің терезесіне келсем болғаны, мен әрқашан малға осылай қараушылықты көремін, ал Солтүстіктегі әрбір фермер дерлік мұндай қылығы үшін жұмысшыны, дерсу қуып жіберген болар еді» [46, 47-беттер].

жұмыс уақыты есебінен өндірілетін, сондықтан да құны жәй жұмыс күшінің құнынан гөрі жоғары болатын жұмыс күшінің көрінісі. Егер бұл күштің құны жоғары болса, мұның есесіне ол неғұрлым жоғары еңбек түрінде көрінеді және сондықтан да барабар уақыт мөлшері ішінде біршама неғұрлым жоғары құндар ретінде затқа айналады. Бірақ жіп иірушінің еңбегі мен зергердің еңбегі арасындағы дәреже айырмасы қандай болғанымен, зергер жұмысшы өз жұмыс күшінің құнын ғана өтейтін еңбек үлесінің сапа жағынан зергер қосымша құн жасауға жұмсайтын үстеме еңбек үлесінен ешбір айырмашылығы жоқ. Мұның екеуінде де қосымша құн еңбектің сан жағынан артық болуы нәтижесінде ғана, нақ сол еңбек процесінің: бір жағдайда жіп өндіру процесінің, екінші жағдайда зергерлік өндіріс процесінің ұзақтығы көбірек болуы нәтижесінде ғана алынады¹⁸⁾.

Екінші жағынан, құнның әрбір жасалу процесінде жоғары еңбек әрқашан да қоғамдық орташа еңбекке шағылуға, мәселен жоғары еңбектің бір күні жәй еңбектің x күніне шағылуға тиіс¹⁹⁾. Демек, егер біз капитал пайдаланатын жұмысшы жәй, қоғамдық орташа еңбек атқарады деп ұйғаратын болсақ, онда біз керексіз операциядан құтылып, анализді оңайлатамыз.

¹⁸⁾ Күрделі еңбек пен жәй еңбектің арасындағы, «skilled» [«машықтанған еңбек»] пен «unskilled labour» [«машықтанбаған еңбек»] арасындағы айырмашылық, шінара тек жалған үміттерге немесе, ең болмағанда, баяғыда-ақ шындыққа жанасудан қалған және дәстүрлік шартты нәрселер ретінде ғана болып келе жатқан айырмашылықтарға негізделеді; шінара — жұмысшы табының белгілі бір топтарының неғұрлым мүшкіл жағдайына негізделеді, осының салдарынан олар өзінің жұмыс күшіне, басқалар сияқты, оның құны бойынша ақы төлеткізе алмайды. Оның бер жағында кездейсоқ жағдайлардың үлкен роль атқаратыны соншалық, сол бір еңбек түрлерінің өзі ауыспы отырады. Мәселен, жұмысшы табының қара күші әлсіреп, біршама титықтаған жерлерде, — капиталистік өндірісі дамыған елдердің бәрінде осындай жағдай байқалады, — мықты білек күшіне керек ететін тұрпайы жұмыстар бұдан әлдеқайда нәзік жұмыстармен, жәй еңбектің дәрежесіне түсе төмсідеп кететін жұмыстармен салыстырғанда, тегі неғұрлым жоғары дәрежеде; мәселен, Англияда bricklayer-дің (тас қалаушының) еңбегі камчат мата тоқитын тоқушылардың еңбегінен едәуір жоғары дәрежеде. Екінші жағынан, iusticia cutter-дің (қырықшының) еңбегі көп қара күш жұмсауды керек ететін, сонымен қатар денсаулыққа жайсыз еңбек бола тұрса да, «жәй еңбек» ретінде көрсетіліп жүр. Тегінде, «skilled labour» [машықтанған еңбек] дейтін еңбек ұлттық еңбектен сан жағынан едәуір орын алады екен деп ойламау керек. Ленгтің есептеуінше, Англияда (және Уэльсте) 11 миллионнан астам адам жәй еңбек негізінде өмір сүреді. Бір миллион аристократ пен бір жарым миллион пауперлердің, қаңғырмаларды, қылымстыларды, жезөкшеліктен күнделетін адамдарды, т. т. шығарып тастағанда, оның шығармасы жазылған кезде елде болған 18 миллион халықтан 4 650 000 орта тап жандары қалады, бұған ұсақ рантьелер, чиновниктер, жазушылар, суретшілер, мектеп мұғалімдері және т. т. кіреді. Осы 4% миллионды құрастыру үшін, ол орта таптың жұмыс істейтін бөлігіне банкирлерден, т. т. басқа, жақсы ақы алатын барлық «фабрика жұмысшылары» қоса есептеді! Тіпті bricklayers-лер де «күрделі еңбек жұмысшыларының» категориясына ілігеді. Бұдан кейін онда аталған 11 миллион қалады (*S. Laing*. «National Distress etc». London, 1844 [p. 51—52]). «Тамақтың төлеуіне жәй еңбегінен басқа дәнеңе бере алмайтын үлкен тап халықтың негізгі бұқарасы болып табылады» (*James Mill*, «Colony» деген мақаласы. «Encyclopaedia Britannica»-ға қосымша, 1831).

¹⁹⁾ «Еңбекті күн өлшеуіші деп көрсеткенде, қалайда белгілі бір еңбек түрі еске алынады... оның басқа еңбек түрлеріне қатынасын оңай анықтауға болады» ([*J. Cazeaux*]. «Outlines of Political Economy». London, 1832, p. 22, 23).

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛ МЕН ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛ

Еңбек процесінің түрлі факторлары өнім құнын жасауға түрліше қатысады.

Жұмысшы еңбек затына белгілі мөлшерде еңбек қоса отырып, бұл еңбектің нақты мазмұны, мақсаты мен техникалық сипаты қандай болса да бәрібір, оған жаңа құн қосады. Екінші жағынан, тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құндарын өнім құнының құрамдас бөлімдері түрінде, мысалы мақта мен ұршықтардың құнын, жіптің құнынан біз тағы кездестіреміз. Демек, өндіріс құрал-жабдықтарының құны өнімге көшіп, сақталып қалады. Бұл көшу өндіріс құрал-жабдықтары өнімге айналған кезде, еңбек процесінде жасалады. Мұның өзі еңбек арқылы болады. Бірақ қалайша?

Жұмысшы бір мезгілде: бірінде өз еңбегі арқылы мақтаға құн қосу үшін, ал екінші ретте, мақтаның бұрынғы құнын сақтап қалу үшін, немесе, дәл сол сияқты, өзі ұқсататын мақтаның және өзі жұмыста қолданатын ұршықтардың құнын өнімге, жіпке көшіру үшін екі есе жұмыс істемейді. Ол бұрынғы құнды сақтағанда жаңа құнды жай қосу арқылы сақтайды. Бірақ еңбек затына жаңа құн қосу және өнімдегі бұрынғы құндарды сақтау жұмысшының сол бір мезгілде, екі есе жұмыс істемей-ақ, қолы жететін мүлде екі түрлі нәтиже болғандықтан, бұл екі жақты нәтижені, анығында, оның өз еңбегінің екі жақты сипатымен ғана түсіндіруге болады. Бір мезгілде еңбек, өзінің бір қасиеті арқасында, құн жасауға тиіс, ал екінші бір қасиеті арқасында құнды сақтауға немесе көшіруге тиіс.

Әрбір жұмысшы жұмыс уақытын, ендеше құнды да қалай қосады? Әрқашан да өзінің өзгеше өндіргіш еңбегі формасында ғана қосады. Жіп иіруші жұмыс уақытын жіп иіретіндігі арқылы ғана, тоқушы тоқитындығы арқылы ғана, темірші шындайтындығы арқылы ғана қосады. Сөйтіп олар жалпы алғанда еңбекті, сол себепті жаңа құнды да қосарда қолдана-

тын мақсатқа сай форманың нәтижесінде ғана, иіру, тоқу, шыңдау нәтижесінде ғана, өндіріс құрал-жабдықтары — мақта мен ұршық, жіп пен тоқу станогы, темір мен төс — өнім жасайтын, жаңа тұтыну құнын жасайтын элементтерге айналады²⁰⁾. Олардың тұтыну құнының ескі формасы жоғалып кетеді, алайда жоғалғанда тұтыну құнының жаңа формасында шығу үшін ғана жоғалады. Бірақ құнның жасалу процесін қараған кезде-ақ былай болып шықты: тұтыну құны жаңа тұтыну құнын өндіру үшін тиімді түрде тұтынылатындықтан, пайдаланылған тұтыну құнын жасау үшін қажетті жұмыс уақыты жаңа тұтыну құнын жасау үшін қажетті жұмыс уақытының бір бөлегі болады, яғни тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарынан жаңа өнімге көшірілетін жұмыс уақыты болып табылады. Демек, жұмысшы тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құндарын сақтағанда немесе бұларды өнім құнының құрамдас бөлімдері ретінде сол өнімге көшіргенде мұны жалпы өз еңбегін қосу арқылы істемейді, тек осы қосылатын еңбектің айрықша пайдалы сипатының нәтижесінде, оның ерекше өндіргіш формасының нәтижесінде істейді. Осындай тиімді өндіргіш жұмыс — иіру, тоқу, шыңдау ретінде, — еңбек бір жанасқанда-ақ өндіріс құрал-жабдықтарын қайта тірілтеді, осы өндіріс құрал-жабдықтарына жан бітіре отырып, оларды еңбек процесінің факторларына айналдырып, олармен өнім болып бірігеді.

Егер жұмысшының ерекше өндіргіш еңбегі жіп иіру болмаса, онда ол мақтаны жіпке айналдырмаған болар еді, демек мақта мен ұршықтың құндарын да жіпке көшірмеген болар еді. Мұның керісінше, егер нақ сол жұмысшы кәсібін өзгертіп, балташы болатын болса, онда ол бұрынғыша өзінің жұмыс күні арқылы тиісті материалға құн қосатын болады. Демек, ол құнды өз еңбегі арқылы қосқанда бұл еңбектің жіп иірушілік немесе балташылық еңбек болғандығынан қоспайды, оның жалпы алғанда абстрақтылық, қоғамдық еңбек болғандығынан қосады, сөйтіп құнның белгілібір мөлшерін қосқанда ол өз еңбегінің айрықша пайдалы мазмұны барлығынан емес, бұл еңбектің белгілібір уақыт ішінде жасалатындығы себепті қосады. Сонымен, өзінің жалпы абстрақтылық қасиеті жағынан, адамның жұмыс күшінің жұмсалуды ретінде, жіп иірушінің еңбегі мақта мен ұршықтың құнына жаңа құн қосады, ал өзінің нақты, өзгеше, пайдалы қасиеті жағынан, жіп иіру процесі ретінде, ол өнімге осы өндіріс құрал-жабдықтарының құнын көшіреді, сөйтіп олардың құнын өнімде сақтайды. Бір

²⁰⁾ «Еңбек өзі жойған заттың орнына жаңа зат жасайды» («An Essay on the Political Economy of Nations». London, 1821, p. 13).

мезгілде істелетін еңбек нәтижесінің екі жақты болуы міне осыдан.

Еңбекті жәй сан жағынан қосу арқасында жаңа құн қосылады, ал қосылатын еңбектің өзгеше сапасы болуынан өндіріс құрал-жабдықтарының ескі құндары өнімде сақталып қалады. Баз-баяғы бір еңбектің осы екі жақты әрекеті, сол еңбектің екі жақты сипатының нәтижесі ретінде, түрлі құбылыстардан айқын көрінеді.

Айталық, әйтеуір бір өнертабыс жіп иірушіге бұрын 36 сағат ішінде иірген мақтаны енді 6 сағат ішінде иіруге мүмкіндік береді екен делік. Мақсатқа сай пайдалы өнімді жұмыс ретінде оның еңбегі, өз күшін алты есе арттырды. Оның өнімі алты есе өсті: 6 қадақ жіп орнына 36 қадақ жіп болды. Бірақ бұл 36 қадақ мақта енді бұрынғы 6 қадақтың сіңірген мөлшерінде ғана жұмыс уақытын сіңіреді. Жаңа еңбек бұларға бұрынғы әдістер тұсындағыдан алты есе аз қосылады, сондықтан да бұрын қосылған құнның алтыдан бір үлесі ғана қосылады. Екінші жағынан, өнімде, 36 қадақ жіпте, енді мақтаның алты есе өскен құны бар. Жіп иіруге жұмсалған осы 6 сағат ішінде шикі материалдың құны алты есе артық сақталып, өнімге көшірілді, бірақ та шикі материалдың нақ сол мөлшеріне қосылатын жаңа құн енді алты есе кем. Мұның өзі бөлінбейтін бір процесс кезінде құнды сақтауға себепкер болатын еңбек қасиетінің құн жасауға себепкер болатын еңбек қасиетінен қаншалық елеулі айырмашылығы бар екенін көрсетеді. Жіп иіру операциясы кезінде қажетті жұмыс уақыты мақтаның осы мөлшеріне неғұрлым көп келетін болса, мақтаға қосылатын жаңа құн соғұрлым көп болады, ал жұмыс уақытының осы мөлшері ішінде иірілген мақта қадағы неғұрлым көп болса, өнімде сақталатын ескі құн соғұрлым көп болады.

Мұның керісінше, енді былай деп ұйғарайық: жіп иіру еңбегінің өнімділігі өзгеріссіз қалды, демек бір қадақ мақтаны жіпке айналдыру үшін жіп иірушіге нақ бұрынғы мөлшерде жұмыс уақыты керек болады делік. Бірақ мақтаның өзінің айырбас құны өзгерген болсын, оның бағасы алты есе көбейген не азайған болсын. Мұның екеуінде де жіп иіруші мақтаның осы мөлшеріне ылғи нақ сол жұмыс уақытын, демек нақ сол құнды қоса береді, сөйтіп мұның екеуінде де белгілі уақыт ішінде нақ сол мөлшерде жіп өндіреді. Алайда оның мақтадан жіпке, өнімге, көшіретін құны бұрынғыдан бір ретте алты есе кем болса, екінші ретте алты есе артық болады. Еңбек құрал-жабдықтары қымбаттаған немесе арзандаған жағдайда да нақ осылай болмақ, бірақ бұлар еңбек процесінде дәл бұрынғы қызметін атқара бермек.

Егер жіп иіру процесінің техникалық жағдайлары өзгеріссіз қалса, сонымен қатар тиісті өндіріс құрал-жабдықтарының құнында ешқандай өзгерістер болмаса, онда жіп иіруші бір-келкі жұмыс уақытының ішінде шикі материал мен машиналарды нақ бұрынғысындай мөлшерде, нақ сол бұрынғысындай құн тұтынады. Бұлай болған күнде, оның өнімде сақтайтын құны оның қосатын жаңа құнына тура пропорциялы. Ол екі аптаның ішінде еңбекті бір аптадағыдан екі есе көп қосады, демек, екі есе көп құн қосады, сонымен бірге материалды екі есе көп тұтынады, мұның құны екі есе көп болады, машиналарды да екі есе артық тоздырады, бұлардың құны екі есе көп болады; сонымен, ол екі аптаның өнімінде құнды бір аптаның өніміндегіден гөрі екі есе көп сақтайды. Өндірістің өзгермейтін белгілі жағдайларында жұмысшы құнды неғұрлым көп қосса, құнды ол соғұрлым көп сақтайды; бірақ ол құнды көбірек сақтағанда көбірек құн қосатындығынан емес, құнды өзгермейтін және оның өз еңбегіне байланыссыз жағдайларда қосатындығынан сақтайды.

Әрине, белгілі бір относителді мағынада, жұмысшы жаңа құнды қай пропорцияда қосатын болса, ескі құндарды әрқашан да сол пропорцияда сақтайды деуге болады. Мақтаның құны қалай өзгертін болса да, мақта 1 шиллингтен 2 шиллингке жетіп қымбаттай ма, әлде 6 пенни арзандай ма, бәрібір жұмысшы бір сағаттың өнімінде мақтаның құнын екі сағаттың өніміндегіден гөрі екі есе кем сақтайды. Онан соң, егер оның өз еңбегінің өнімділігі өзгертін болса, егер мұның өзі не жоғарылап, не төмендейтін болса, онда ол, мәселен, бір жұмыс сағаты ішінде мақтаны бұрынғыдан көп немесе аз иіреді де, осыған сәйкес бір жұмыс сағатының өнімінде мақтаның құнын көбірек, не азырақ сақтайды. Бірақ осының бәрінде де ол екі жұмыс сағаты ішінде құнды бір жұмыс сағатындағыдан гөрі екі есе көбірек сақтайды.

Құн белгісі ретіндегі кілең бейнелі көрінісін былай қойғанда, құн дегеніміз белгілі бір тұтыну құнында ғана, белгілі бір затта ғана болады. (Адамның өзі, нақты болмыстағы жұмыс күші ретінде ғана алғанда, табиғат предметі, зат, зат болғанда жанды, саналы зат, ал еңбектің өзі—осы күштің материалдық көрінісі). Сондықтан, егер тұтыну құны жоғалатын болса, құн да жоғалады. Ал өндіріс құрал-жабдықтары өз құнын өзінің тұтыну құнымен бір мезгілде жоғалтпайды, өйткені еңбек процесінің нәтижесінде олар өз тұтыну құнының бастапқы формасын жоғалтады, жоғалтқанда шындығында өнімде басқа тұтыну құнының формасына түсу үшін ғана жоғалтады. Құн үшін әйтеуір бір тұтыну құны түрінде болса да өмір сүру қаншама маңызды дегенмен, товарлар метаморфозы-

нан көрініп отырғанындай, ол қандай тұтыну құнында өмір сүрсе де бәрі бір. Бұдан мынадай қорытынды шығады: еңбек процесінде күн өндіріс құрал-жабдықтарынан өнімге көшкенде, өндіріс құрал-жабдықтары өзінің дербес тұтыну құнымен бірге өзінің айырбас құнын да қаншалық жоғалтатын болса, соншалық дәрежеде ғана көшеді. Олар өндіріс құрал-жабдықтары ретінде жоғалтатын құнын ғана өнімге көшіреді. Бірақ бұл жағынан алғанда еңбек процесіндегі түрлі материалдық факторлар түрліше жағдайда болады.

Машинаның оттығында жағылатын көмір, сонымен қатар тегершіктің білігіне жағылатын май, т. т. із-түзсіз жоғалып кетеді. Бояу және басқа көмекші материалдар жоғалып кеткенімен, өнімнің қасиеттерінен барып көрінеді. Шикі материал өнімнің субстанциясы болады, бірақ өзінің формасын өзгертпейді. Демек, шикі материал мен көмекші заттар тұтыну құндары ретінде еңбек процесіне келіп түскен дербес формасын жоғалтады. Еңбек құрал-жабдықтарының өздерін алатын болсақ, істің жайы бұдан басқаша. Аспап, машина, фабрика үйі, бөшке, т. т. өздерінің бастапқы формасын сақтап тұрған кезде ғана, еңбек процесіне ертең де нақ кешегідей формада түсе алатын кезінде ғана еңбек процесінде қызмет етеді. Өз тіршілігі кезінде, яғни еңбек процесі кезінде олар өнім жөнінде өзінің дербес формасын сақтайтыны сияқты, олар бұл формасын өзі өлгеннен кейін де сақтап қалады. Машиналардың, құрал-саймандардың, мастерскойлардың, т. т. өліктері өздерінің көмегімен жасалған өнімдерден бұрынғыша бөлек өмір сүре береді. Енді, мастерскойға әкелінген күнінен бастап үйіндіге тасталатын күніне дейін осындай еңбек құрал-жабдығы қызмет ететін бүкіл дәуірді алып қарайтын болсақ, бұл дәуір ішінде оның тұтыну құнын еңбектің толық тұтынғанын, сондықтан да оның айырбас құнының өнімге түгелдей көшкенін көреміз. Мәселен, егер жіп иіру машинасы 10 жылдың ішінде өзінің жасарын жасаған болса, онда оның бүкіл құны он жылғы еңбек процесінің кезінде 10 жылдың өніміне көшкен болып шығады. Демек, еңбек құрал-жабдығының тіршілік дәуірі соның көмегімен үнемі үсті-үстіне қайталап отыратын азды-көпті мөлшердегі еңбек процестерін қамтиды. Адамның жағдайы қандай болса, еңбек құрал-жабдығының жайы да нақ сондай. Әр адамның өмірі күн сайын 24 сағат қысқарады. Бірақ өмірінің қанша күні қысқарғандығы адамның маңдайында жазулы емес. Алайда адам өмірінің орташа ұзақтығы жөнінде өте дұрыс және, одан да маңыздысы, өте тиімді қорытындылар жасау үшін өмірді қауіпсіздендіру қоғамдарына мұның бөгеттігі жоқ. Еңбек құрал-жабдықтарының жайы осындай. Белгілі бір еңбек құралының, мысалы белгілі-

бір түрдегі машинаның орта есеппен қанша уақыт өмір сүре алатындығы тәжірибеден мәлім. Айталық, машина еңбек процесінде өзінің тұтыну құнын тек 6 күн сақтайды делік. Бұлай болған күнде ол әрбір жұмыс күнінің ішінде өз тұтыну құнының $\frac{1}{6}$ бөлегін жоғалтады, сондықтан да күндік өнімге өз құнының $\frac{1}{6}$ бөлегін көшіреді. Барлық еңбек құрал-жабдықтарының тозуы, мысалы олардың тұтыну құнының күнделікті шығыны, және осыған сәйкес олардың құнының өнімге күнделікті көшірілуі осы жолмен есептеледі.

Бұдан айдан анық көрінетін нәрсе, өндіріс құрал-жабдығы өнімге құн көшіргенде еңбек процесінде өзінің тұтыну құнының жойылуы себепті жоғалтатынынан гөрі ешқашан да көп көшірмейді. Егер өндіріс құрал-жабдығының құны болмаса, сондықтан да жоғалтатын дәнеңесі жоқ болса, яғни егер оның өзі адам еңбегінің өнімі емес болса, онда ол өнімге ешқандай құн көшірмеген болар еді. Ол тұтыну құнын жасау үшін қызмет еткенімен, айырбас құнын жасауға қатынаспаған болар еді. Адамның көмегінсіз, табиғаттан алынатын барлық өндіріс құрал-жабдықтарының: жердің, жел мен судың, кен қойнауындағы темірдің, ну ормандағы ағаштың, т. т. жайы осылай.

Мұнда біздің көз алдымызда тағы бір қызықты құбылыс пайда болады. Машинаның құны, мәселен, 1 000 фунт стерлинг делік, ол 1 000 күнде тозады екен делік. Бұлай болған ретте күн сайын машина құнының $\frac{1}{1000}$ бөлегі оның өзінен оның күндік өніміне көшіп отырады. Сонымен бірге бүкіл машина, өзінің тіршілік күші кемігенмен, еңбек процесіне қатыса береді. Сонымен, бұлай болып шығады: еңбек процесінің белгілібір факторы, белгілібір өндіріс құрал-жабдығы, еңбек процесіне толық қатысады да, құнның жасалу процесіне тек ішінара қатысады. Еңбек процесі мен құнның жасалу процесі арасындағы айырмашылық бұл жерде олардың материалдық факторларынан көрініп отырады, көрінгенде бір өндіріс құрал-жабдығының өзі еңбек процесінің элементі ретінде өндірістің осы процесіне толық кіреді, ал құн жасаушы элемент ретінде біртіндеп кіреді ²¹⁾.

²¹⁾ Бұл жерде еңгіме еңбек құрал-жабдықтарын, машиналарды, үйлерді, т. т. жөндеу туралы болып отырған жоқ. Жөнделетін машина еңбек жабдығы ретінде емес, еңбек материалы ретінде қызмет атқарады. Жұмыс ол арқылы істелмейді, қайта оның тұтыну құнындағы кемістіктерді жою үшін оның өзі өңдеуге түседі. Бұл сияқты жөндеу жұмыстарын біз, өз мақсатымызға сай, арқашан да еңбек құрал-жабдықтарын өндіру үшін керекті еңбекке кірген деп ұйғара аламыз. Тексте нәрсені ешқандай доктор емдеп жаза алмастай болып тозуы, содан бірте-бірте құрып бітуі жайында еңгіме болып отыр, нәрсе «осылай тозғанда, оны оқтын-оқтын түзетіп отыру мүмкін емес, және пыпақ жөніндегі мысалдарғайдай, мұның өзі ақыр-аяғында пышақшы: бұл пыпақ енді жөндеуге тұрмайды дегіндей күйге жетеді». Текстен біз, мысалы, машинаның әрбір жеке еңбек процесіне толық кіретінін, ал құнның бір мезгілде жасалу процесіне тек біртіндеп қана кіретінін көрдік. Сондықтан біз түрлі ұғымдарды төмендегіше шатастырушылыққа лайығынша баға бере аламыз: «Рикардо мырза шұлық машинасын өндіру»

Екінші жағынан, мұның керісінше, өндіріс құрал-жабдығы еңбек процесіне тек шінара кірсе де, құнның жасалу процесіне толық кіре алады. Айталық, жіп иіргенде 115 қадақ мақтадан күн сайын 15 қадақ мақта текке кетеді, сөйтіп бұдан жіп емес, тек devil's dust [шайтан тозаңы] пайда болады деп ұйғарайық. Алайда, егер шығынға кететін осы 15 қадақ қалыпты нәрсе болса, егер мақтаны ұқсатудың орташа жағдайларында мұны болғызбаудың лажы жоқ болса, онда жіп элементі болмайтын осы 15 қадақ мақтаның құны да, жіп заттарын жасайтын дәл әлгі 100 қадақ мақтаның құны сияқты, жіптің құнына кіреді. 100 қадақ жіп өндіру үшін 15 қадақ мақтаның тұтыну құнын тозаңға айналдыруға тура келеді. Демек, осы мақтаның құруы жіп өндірудің шарты болып табылады. Дәл сондықтан да ол өзінің құнын жіпке көшіреді. Еңбек процесінің барлық қалдықтары жөнінде, ең болмағанда бұл қалдықтар қайтадан жаңа өндіріс құрал-жабдықтарын жасамайтын, сондықтан да жаңадан дербес тұтыну құндарын жасамайтын реттерде, осыны айтуға болады. Мысалы, Манчестердің машина жасайтын ірі-ірі фабрикаларында алып машиналар жұмыс істеген кезде жоңқа болып үгілген, тау-тау болып үйіліп жатқан темір қалдықтарын көруге болады; кешкісін бұл қалдықтар әйдік арбалармен фабрикадан темір құю заводына апарылады да, келесі күні ол жақтан арбиган үлкен темір түрінде фабрикаға қайта әкелінеді.

Өндіріс құрал-жабдықтары еңбек процесі кезінде осы өндіріс құрал-жабдықтарының ескі тұтыну құндары формасында болған құнын қаншалық жоғалтса, олар өнімнің жаңа формасына құнды соншалық дәрежеде ғана көшіреді. Еңбек процесінде олардың жоғалтарлық құнының ең көп шығыны олар еңбек процесіне келіп түсердегі құнының бастапқы мөлшерімен, яки солардың өзін өндіру үшін қажетті жұмыс уақытымен шектелетін сияқты. Сондықтан өндіріс құрал-жабдықтары ешқашан да өнімге өздері қамтитын еңбек процесінен тыс өздеріне біткен құннан артық құн қоса алмайды. Белгілі еңбек материалы, белгілі машина, белгілі өндіріс құрал-жабдығы қаншама пайдалы бола тұрса да, дегенмен, олар 150 фунт стерлинг, айталық 500 жұмыс күні тұратын болса,

ге жұмсалған машина жасау еңбегінің бір бөлегі туралы айта келіп» мұның өзі, мәселен, бір пар шұлықтың құнына кіреді дейді. «Шындығында әрбір пар шұлық өндіретін бүкіл еңбекке... машина жасаушының еңбегінің бір бөлегі емес, барлығы кіреді; өйткені бір машина көптеген пар жасайтын болса да, бұл парлардың бірде-бірі машинаның барлық бөлшектерінің көмегісіз жасалмақшы емес» («Observations on certain verbal disputes in Political Economy, particularly relating to Value, and to Demand and Supply». London, 1821, p. 54). Автор, ерекше дандайсыған «wiseacre» [«білгіш»], өзінің шатпағында, сонымен бірге өзінің айтысында мына мағынада ғана бір дұрыс пікір айтқан: Рикардо болсын, одан бұрынғы және одан кейінгі экономистердің қай-қайсысы болсын, еңбектің екі жағын айқын ажыратқан емес, сондықтан да бұлардың құн жасауда атқаратын түрліше роліне анализ берген емес.

өздері қызмет етіп жасайтын өнімге олар ешқашан да 150 фунт стерлингтен артық қоспайды. Олардың құны өндіріс құрал-жабдығы ретінде өздері қатысатын еңбек процесімен анықталмайды, өздерін өнім етіп шығаратын еңбек процесімен анықталады. Еңбек процесінде олар тек тұтыну құны ретінде ғана, пайдалы қасиеті бар зат ретінде ғана қызмет етеді, сондықтан да егер олардың процеске түсуден бұрын ешқандай құны болмаған болса, олар өнімге ешқандай құн көшірмеген болар еді ²²⁾.

Өндіргіш еңбек өндіріс құрал-жабдықтарын жаңа өнім жасайтын элементтерге айналдырған кезде, олардың құны бейне бір қоныс аударғандай болады. Ол тұтынылған денеден көшіп, жаңадан қалыптасқан денеге барып орналасады. Бірақ бұлайша қоныс аударудың өзі нағыз еңбектің сыртында жасалатын сияқты көрінеді. Ескі құндарды сақтамайынша, жұмысшы жаңа еңбекті қоса алмайды, демек жаңа құнды жасай алмайды, өйткені ол еңбекті әрдайым белгілі бір пайдалы формада қосуға тиіс, ал ол өнімдерді жаңа өнім өндіретін құрал-жабдықтарға айналдырмайынша, сөйтіп олардың құнын жаңа өнімге көшірмейінше бұл еңбекті пайдалы формада қоса алмайды. Демек, құн қосу арқылы құнды сақтау дегеніміз қимыл үстінде көрінетін жұмыс күшінің — тірі еңбектің табиғи сыйы, жұмысшы үшін түкке тұрмайтын, ал капиталист үшін көп пайда келтіретін, атап айтқанда оның қолындағы капитал құнын сақтап қалуды қамтамасыз ететін табиғат сыйы ^{22a)}. Іс оңға басып тұрған кезде, пайда түсіруге тым қатты құны-

²²⁾ Сондықтан, қосымша құнды (процент, пайда, рентаны) өндіріс құрал-жабдықтарының: жердің, құралдардың, терінің, т. т. еңбек процесінде өздерінің тұтыну құндары арқылы көрсететін «services produits»-інен [«өндіргіш қызметтерінен»] шығарғысы келетін Ж. Б. Сэйдің барып тұрған сорақылығын түсіну оңай. Шебер қиыстырылған апологетикалық жалған лақаптарды тайға таңба басқандай етіп тіркеуден ешқашан да тайынбайтын Вильгельм Рошер мырза былайша масаттанады: «Ж. Б. Сэйдің («Traité», t. I. ch. 4) мына бір пікірі өте дұрыс: «Май заводында өндірілген құн, барлық шығындарды алып тастағанда, май заводның өзін жасаған еңбектен елеулі айырмашылығы бар, жаңа нәрсе бой» («Die Grundlagen der Nationalökonomie», 3 Aufl., 1858, S. 82, ескерту). Дұрыс-ақ екен! Май заводында әйрленген «май» май заводын салуға жұмсалған еңбектен мүлде өзгеше нәрсе екен. Ал Рошер мырзаның «құн» ден түсінігін «май» сияқты зат, өйткені «майда» құн бар, ал «табиғатта» айтарлықтай «онша көп» болмағанымен минерал май да кездесетіндіктен, бұл жөнінде ол, күмән жоқ, екінші бір ескертпе жасайды: «Ол» (табиғат) «айырбас құндарын мүлде өндірмейді дегуе болады!» [бұл да сонда, 79-бет.]. Рошердің табиғаты айырбас құны жарынан «тіпті кішкентай ғана» бөбегі бар еселең қыздың аяғын қушып отыр. Нақ сол «ғалым» («savant sérieux») жоғарыда айтылған нәрсе жайында тағы да мынадай ескертпе жасайды: «Рикардоның мектебі әдетте «сақталған еңбек» ретінде капиталды да еңбек ұғымына әкеліп, саяды». Бұл шалағайлық (!), өйткені (!) капитал несі (!) білсеңіз (!) қалай дегенмен (!) жәй (?) өндірістен (?) гөрі көбірек (!) жасады және (?) оны (нені?): атап айтқанда (?!) өз басының рақатынан тартынушылықты сақтап қалды, бұл үшін ол, мәселен (!!!), процент талап етеді» (бұл да сонда [82-бет.]). «Құнды» жәй әншейін ғана «талаптан» шығара салатын саисси экономияның бұл «анатомиялық-физиологиялық әдісі» қандай «жетік» десенізші!

^{22a)} «Фермер өндірісіндегі барлық құралдардың ішінде адам еңбегі... өз капиталын қайтарып алуға фермерді өте-өте көбірек үміттендіретін құрал. Басқа екі құрал — жұмыс келігі және... арба, плуг, күрек т. т. — белгілі мөлшердегі алғашқы құралмен бірікпейінше түкке арзымайды» (Edmund Burke. «Thoughts and Details on Scarcity, originally presented to the Rt. Hon. W. Pitt in the Month of November 1795», edit. London, 1800, p. 10).

ғып кеткен капиталист еңбектің бұл тегін сыйын байқап қоймайды. Еңбек процесіндегі зорлықты үзілістер, дағдарыстар, капиталистке мұны жанға батарлықтай байкатады ²³⁾.

Тегінде өндіріс құрал-жабдықтарының тұтыну құны тұтынылады, мұны тұтыну арқылы еңбек өнім жасайды. Олардың құны шындығында тұтынылмайды ²⁴⁾, сондықтан ұдайы өндірілуі де мүмкін емес. Ол сақталып қалады, мұның себебі еңбек процесінде оның өзіне әйтеуір бір операция жасалатындықтан емес, мұның себебі өзі алғашында соның бойында болған тұтыну құны жоғалып кеткенімен, оның тек басқа тұтыну құны болып жоғалатындығынан. Сондықтан өндіріс құрал-жабдықтарының құны өнімнің құны ретінде қайтадан пайда болады, бірақ, шынтуайтқа келгенде, ұдайы өндірілмейді. Жаңа тұтыну құны өндіріледі, мұнда ескі айырбас құны қайтадан пайда болады ²⁵⁾.

Еңбек процесінің субъективтік факторының, қимыл үстінде көрінетін жұмыс күшінің жайы бұдан басқаша. Еңбек өзінің мақсатқа сай формасы арқасында өндіріс құрал-жабдықтарының құнын өнімге көшіретін болса, сөйтіп бұл құнды сақтап қалатын болса, оның қимылының әрбір кезеңі үстеме құн, жаңа құн жасайды. Айталық, өндіріс процесі жұмысшы өз жұмыс күші құнының эквивалентін өндірген пунктке, мәсе-

²³⁾ 1862 жылғы 26 ноябрьдегі «Times» газетінде бір фабрикант,— оның жіп иіру фабрикасында 800 жұмысшы істейді және онда аптасына орта есеппен 150 тай ост-инд мақтасы немесе 130 тайға жуық америк мақтасы тұтынылады,— фабрикада жұмыстың тоқтап қалуы салдарынан жыл сайын болатын шығынды айтып, жұртқа мұның шағалды. Оның есебінің бұл шырын 6 000 фунт стерлинг болады. Осы өнімсіз шығындардың ішінде бұл жерде бізге қызылықты бола қоймайтын көптеген статъялар кездеседі, мәселен, жер рентасы, салық, қауіпсіздендіру салықтары, бір жылға жалданатын қызметкерлерге, басқарушыға, бухгалтерге, инженерге т. т. төленетін жалақы. Бірақ бұдан кейін ол ауық-ауық фабриканы жылытып тұру үшін және оқта-текте бу машинасын жүргізу үшін көмірге кететін 150 ф. ст. ақшаны да, оның үстіне оқтын-оқтын еңбегі арқылы барлық машина жабдықтарын «сақдай сыйлап» отыратын жұмысшылардың жалақысын да осыған жатқызады. Ақырында, машиналардың бұзығын түзеуге 1 200 ф. ст. кетеді, ейткені «бу машиналарының жүрмей тұрғанына бола аяа райы мен табиғаттың бүлдіргіш күштері өз әрекетін тоқтата қоймайды». Оның беряғында ол тура былай дейді: осыны аз соманың,— 1 200 ф. ст.— алынып отырған себебі машиналар казирдің өзінде-ақ мейлінше тозған күлде болып отыр.

²⁴⁾ «Өнімді тұтыну дегеніміз: мұнда товарды тұтыну өндіріс процесінің бір бөлігі болады... Бұлай болған реттерде құн тұтынылмайды» (*S. Ph. Newton*, цитат алынған шығарманың 296-беті).

²⁵⁾ Солтүстік Америкада, бәлкім, 20 реттей басылған бір нұсқаудан біз мынаны оқимыз: «Капиталдың қай формада қайтадан пайда болатындығы мүлде есеп емес». Құны өнімде қайтадан пайда болатын алуан түрлі өндіріс элементтерін көп сөзбен атап өткеннен кейін, қорытындыда былай делінген: «Адамның өмір сүруі мен тұрмыс жабдығы үшін қажетті азық-түлік заттарының, кіім мен тұрғын үйдің аралуан түрлері де өзгеріске ұшырайды. Бұлар ауық-ауық тұтынылып отырады да, олардың құны адамның жаңа күш-қуаты мен ақыл-ойында қайтадан пайда болады, мұның өзі өндірісте қайтадан пайдалануға болатын жаңа капитал болып шығады» (*F. Wayland*, цитат алынған шығарманың 31, 32-беттері). Басқа сөкеттіктердің бәрін айтпай-ақ, мынаны ескерттейік: мәселен, жанарған күш ретінде астықтың барасы емес, оның қан бітіретін элементтері қайтадан пайда болады. Ал күштің құны ретінде, мұның керісінше, тіршілік заттары емес, олардың құны қайтадан пайда болады. Нақ сол тіршілік заттары егер олар екі есе арзан тұратын болса, нақ бұрынғы мөлшерде бұлшық ет, сүйек, т. т. өндіреді,— қысқасын айтқанда, нақ сондай күш бітіреді, бірақ бұл күштің құны дәл бұрынғыдай болмайды. Осылайша «құнның» «күшке» айналуы және осы фарисейлік бәлдір-батпақтың бәрі қосымша күнді жәй ғана авансыланған құндардың қайта оралу фактісінен шығармақ болатын әрекетті — әрине, іске аспайтын әрекетті — бүркемелейді.

лен, алты сағаттық еңбегі арқылы 3 шиллинг құн қосқан пунктке жетіп үзіледі делік. Бұл құн өнім құнының өндіріс құрал-жабдықтары құнынан келіп шығатын элементтерінен артылған бөлегі болып табылады. Бұл — осы процесте туған бірден-бір жаңа құн, осы процестің өзі өндірген өнім құнының бірден-бір бөлегі. Әрине, мұның өзі жұмыс күшін сатып аларда капиталист авансқа берген және жұмысшының өзі тіршілік заттарына жұмсаған ақшаның орнын толтыратын құн ғана. Осы жұмсалған 3 шиллинг жөнінде 3 шиллинг жаңа құн тек алғашқы соманың ұдайы өндірілуі ретінде ғана көрінеді. Бірақ ол сырт көрінісі жағынан ғана емес, өндіріс құрал-жабдықтарының құны ретінде шынында да ұдайы өндірілген. Мұнда бір құнның орнын екінші құнмен толтыру жаңа құн жасау арқылы іске асырылған.

Алайда қазірде біз еңбек процесі жұмыс күші құнының эквиваленті ұдайы өндірілетін және еңбек затына қосылатын шектен әрі жүргізіле беретінін білеміз. Осыған жеткілікті боларлық 6 сағаттың орнына процесс, мәселен, 12 сағат жүргізіледі. Демек, жұмыс күшінің әрекеті арқылы оның өз құны ұдайы өндіріліп қана қоймай, оның үстіне артық құн да өндіріледі. Бұл қосымша құн өнім құнының өнім жасау үшін тұтынылған элементтер құнынан, яғни өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшінің құнынан артылған бөлегі болып табылады.

Өнім құнын жасауда еңбек процесінің әралуан факторларының атқаратын түрліше рольдерін көрсете келіп, біз осы арқылы капиталдың өзінің өсу процесінде сол капиталдың әралуан құрамдас бөлімдерінің атқаратын қызметін сипаттадық. Бүкіл өнім құнының сол өнімді жасауға қатысатын элементтер құнының сомасынан артылған мөлшері құны өскен капиталдың бастапқы кезде авансыланған капитал құнынан артылған бөлегі болып табылады. Бір жағынан, өндіріс құрал-жабдықтары, екінші жағынан, жұмыс күші — өзінен ақшалай формасын сыпырып тастап, еңбек процесінің факторларына айналуы нәтижесінде бастапқы капитал құнының қабылдаған әралуан өмір сүру формалары ғана.

Сонымен, өндіріс құрал-жабдықтарына, яғни шикі материалға, көмекші материалдар мен еңбек құрал-жабдықтарына айналатын капитал бөлегі өндіріс процесінде өз құнының мөлшерін өзгертпейді. Сондықтан мен оны капиталдың тұрақты бөлегі, яки, қысқаша, тұрақты капитал деп атаймын.

Мұның керісінше, жұмыс күшіне айналған капитал бөлегі өндіріс процесінде өзінің құнын өзгертеді. Ол өз эквивалентін ұдайы өндіріп отырады, оның үстіне артық, қосымша құн өндіреді, ал бұл құнның да өзгеріп отыруы, көп я аз болуы

мүмкін. Капиталдың бұл бөлегі тұрақты мөлшерден өзгермелі мөлшерге үздіксіз айналып отырады. Сондықтан мен мұны капиталдың өзгермелі бөлегі, яки, қысқаша, өзгермелі капитал деп атаймын. Капиталдың құрамдас бөлімдері еңбек процесі тұрғысынан алғанда объективті және субъективті факторлар, өндіріс құрал-жабдықтары және жұмыс күші болып бөлінетін болса, құнның өсу процесі тұрғысынан алғанда олар тұрақты капитал және өзгермелі капитал болып бөлінеді.

Тұрақты капитал деген ұғым оның құрамдас бөлімдерінің құнында революция болатындығын есте жоққа шығармайды. Айталық, бүгін мақтаның бір қадағы 6 пенни тұрады, ал ертең мақтаның шығымы нашар болғандықтан оның бағасы 1 шиллингке дейін көтеріледі делік. Қазірде өңделіп жатқан бұрынғы мақта 6 пеннилік құнмен сатып алынған болатын, бірақ қазір өнімнің құнына қосатын бөлегі 1 шиллинг болады. Ал иіріліп болған, бәлкім қазір рынокта жіп түрінде айналыста жүрген мақта да өнімге оның бастапқы құнынан екі есе көп мөлшерде құн қосады. Алайда біз мұндағы бұл өзгерістер мақта құнының жіп иіру процесінің өзіндегі өсуімен ешбір байланысты емес екенін көреміз. Егер бұрынғы мақта еңбек процесіне әлі түспеген болса, оны енді 6 пенни орнына 1 шиллингтен сатуға болар еді. Мұның керісінше: ол өткен еңбек процестерінің саны неғұрлым аз болса, осындай нәтиженің болатыны соғұрлым анық. Сондықтан жалдаптықтың ережесі мынадай: құнда осындай революциялар болған кезде ең аз өңделген шикі материалмен, яғни матадан гөрі жіппен, жіптен гөрі мақтамен дереу жалдаптық істеу. Бұл ретте құндағы өзгеріс мақта өндіріс құрал-жабдығы ретінде, демек, тұрақты капитал ретінде қызмет атқаратын процесте болмайды, мақтаның өзі өндірілетін процесте болады. Товардың құны оның өзіндегі еңбек мөлшерімен анықталатын болғанымен, бұл мөлшердің өзі қоғамдық жолмен анықталады. Егер товар өндіру үшін қоғамдық қажетті жұмыс уақыты өзгертін болса,— белгілібір мөлшердегі мақтаның өзінде еңбек мөлшері, мәселен, қолайсыз жағдайларда қолайлы жағдайлардағыдан гөрі көп болады,— онда мұның өзі бұрынғы товарға кері әсер етеді; бұл товар әрқашан да өзгеше бір жеке зат түрінде ғана роль атқарады²⁶⁾, оның құны әрқашан да қоғамдық қажетті еңбекпен өлшенеді, демек, әрқашан да қазіргі кезде бар қоғамдық жағдайлар тұсындағы қажетті еңбекпен өлшенеді.

Шикі материал құнының өзгергені сияқты, өндіріс процесінде қазірдің өзінде қызмет етіп отырған еңбек құрал-жаб-

²⁶⁾ «Бір тектес өнімдердің бәрі, шынтуайтқа келгенде, бір тұлға болып табылады. Мұның барасы, жеке-дара кездесетін айрықша жағдайларға қарамастан, жалпылама белгіленеді» (*Le Trosne*, цитат алынған шығарманың 893-беті).

дықтарының, машиналардың, т. т. құны да өзгереді, ал олай болса, олардың өнімге ауыстыратын құн үлесі де дәл солай өзгеруі мүмкін. Егер, мәселен, жаңа өнертабыстың нәтижесінде белгілібір түрдегі машиналарды қайта өндіруге еңбек азырақ жұмсалатын болса, онда ескі машиналардың бағасы азды-көпті кемиді де, өнімге көшіретін құны да біршама аз болады. Бірақ бұл жерде де құндағы өзгеріс машина өндіріс құрал-жабдығы есебінде қызмет ететін өндіріс процесінен тысқары болады. Бұл процесте машина ешқашан да өзіне осы процестен тысқары біткен құннан көп құн ауыстырмайды.

Өндіріс құрал-жабдықтарының құнында болатын өзгеріс олар өндіріс процесіне түскеннен кейін барып өзінің әсерін тигізе тұрса да, олардың тұрақты капитал ретіндегі сипатын өзгерте қоймайтыны сияқты, дәл сол сияқты тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың арасындағы қатынастың өзгеруі де олардың функциялық айырмашылығын қамтымайды. Мәселен, еңбек процесінің техникалық жағдайлары соншалық өзгеріп кетіп, бұрын 10 жұмысшы құны шамалы 10 құралмен шикі материалды біршама шағын мөлшерде өндеген жерде, енді 1 жұмысшы қымбат машинаның көмегімен шикі материалды жүз есе көп мөлшерде ұқсата алатын болады. Бұлай болған күнде тұрақты капитал, яғни қолданылатын өндіріс құрал-жабдықтарының құн аумағы мықтап өседі, ал жұмыс күшіне авансыланған капиталдың өзгермелі бөлегі мықтап кемиді. Алайда бұл өзгеріс тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың мөлшерлері арасындағы қатынасты ғана, яки бүкіл капитал тұрақты және өзгермелі құрамдас бөлімдерге жіктелетін қатынасты ғана қамтиды, бірақ, мұның керісінше, тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың арасындағы айырмашылықты қамтымайды.

Ж Е Т І Н Ш І Т А Р А У

ҚОСЫМША ҚҰН НОРМАСЫ

1. ЖҰМЫС КҰШІН ҚАНАУ ДӘРЕЖЕСІ

Өндіріс процесінде авансыланған капитал K туғызған қосымша құн, яки авансыланған капитал құнының өсімі, ең алдымен өнім құнының оны өндіретін элементтер құнының сомасына артылған бөлегі ретінде көрінеді.

Капитал K екі бөлімге бөлінеді: өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған c ақша сомасына және жұмыс күшіне жұмсалған v ақша сомасына бөлінеді; c дегеніміз құнның тұрақты капиталға айналған бөлегі, v — құнның өзгермелі капиталға айналған бөлегі. Демек, бастапқы кезде $K=c+v$, мысалы,

авансыланған капитал 500 ф. ст. = $\underbrace{410}_{c}$ ф. ст. + $\underbrace{90}_{v}$ ф. ст. Өндіріс процесінің аяғында товар шығады, оның құны = $\underbrace{c+v}_{c+v} + m$,

мұнда m дегеніміз қосымша құн, мысалы $\underbrace{410}_{m}$ ф. ст. + $\underbrace{90}_{v}$ ф. ст.

+ $\underbrace{90}_{m}$ ф. ст. Бастапқы капитал K енді K' -ге айналды, 500 фунт стерлингтен 590 фунт стерлингке айналды. Екеуінің арасындағы айырым = m , 90 мөлшеріндегі қосымша құн. Өндіріс элементтерінің құны авансыланған капитал құнына тең болғандықтан, өнім құнының оны өндіретін элементтер құнынан артығы авансыланған капитал құнының өсіміне тең, яки өндірілген қосымша құнға тең деген пікір шындығында бос қайталақтау болып табылады.

Алайда бұл қайталақтау неғұрлым толық анықтаманы керек етеді. Өнімді жасарда тұтынылған өндіріс элементтерінің құны сол өнімнің құнымен салыстырылады. Бірақ біз жоғарыда көрдік, қолданылған тұрақты капиталдың еңбек құрал-жабдықтарынан құралған бөлегі өнімге өз құнының бір бөлегін ғана ауыстырады, ал енді қалған бөлегі өзінің бұрынғы қалыпты формасында сақталып қалады. Соңғы бөлегі құн жасауда ешқандай роль атқармайтын болғандықтан, біз бұл жерде оны есепке алмауымызға болады. Оны есепке енгізуден

ешнәрсе де өзгере қоймаған болар еді. Айталық 410 ф. стерлингке тең c 312 ф. ст. шикі материалдан, 44 ф. ст. көмекші материалдардан және процесте тозатын 54 ф.ст. машиналардан құралған делік; ал нақты қолданылып отырған машиналардың құны 1 054 фунт стерлинг болады. Біз тек осы 54 ф. ст. құнды ғана өнім құнын өндіруге авансыланған құн деп есептейміз, ал машиналар өздерінің қызмет етуі нәтижесінде бұл құнды жоғалтады да, сол себепті өнімге ауыстырады. Егер біз өзінің бұрынғы формасында,— бу машинасы, т. т. ретінде,— қалып қойған 1 000 фунт стерлингті де есепке енгізетін болсақ, онда біз бұларды екі жағынан да, авансыланған құн жағынан да, өнім құны жағынан да есепке кіргізуге тиісті болар едік ^{26a)}, сөйтіп біз тиісінше 1 500 ф. ст. және 1 590 фунт стерлинг етіп шығарған болар едік. Айырым, яки қосымша құн, бұрынғыша 90 фунт стерлинг болған болар еді. Сондықтан жалпы баяндау желісінен кері ұғым тумайтын жерлерде, біз әрқашан да өндірісте тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын ғана құн өндіруге авансыланған тұрақты капитал деп білеміз.

Осылай деп ұйғарып, $K = c + v$ деген формулаға қайта оралайық; бұл келіп $K' = c + v + m$ деген формулаға айналады, нақ осының арқасында K енді K' -ге айналады. Тұрақты капиталдың құны өнімде тек қайтадан пайда болатынын біз білеміз. Демек, процесте шын мәнісінде қайтадан өндірілген құн процестен алынған өнімнің бүкіл құнынан өзгеше, сондықтан, ә дегенде солай көрінгенімен, оның тең мөлшері

$c + v + m$ емес, яки $\overset{c}{\underbrace{\quad}} + \overset{v}{\underbrace{\quad}} + \overset{m}{\underbrace{\quad}}$ 410 ф. ст. + 90 ф. ст. + 90 ф. ст. емес,

оның тең мөлшері $v + m$ яки $\overset{v}{\underbrace{\quad}} + \overset{m}{\underbrace{\quad}}$ 90 ф. ст. + 90 ф. ст., яғни 180 ф. ст. емес, 180 фунт стерлинг. Егер c тұрақты капитал 0-ге тең болса, басқаша айтқанда — егер капиталистің ешқандай өндірілген өндіріс құрал-жабдықтарын, шикі материалды да, көмекші материалдарды да, еңбек құралдарын да қолданбай, тек табиғаттан алынған материалдар мен жұмыс күшін ғана қолдануына тура келетін өнеркәсіп тараулары болған болса, онда өнімге тұрақты құнның ешқандай үлесі көшірілмеген болар еді. Өнім құнының бұл элементі, біздің мысалымызда 410 ф. ст., былай қалар еді, бірақ өзінде 90 ф. ст. қосымша құны бар жаңадан өндірілген 180 ф. ст. құнның сақтап қала-

^{26a)} «Егер біз бүкіл авансыланған капиталдың бір бөлегі ретінде қолданылатын негізгі капиталдың құнын есепке алатын болсақ, онда біздің жыл аяғында мұндай капитал құнының қалдығы жылдық түсіміңіз бір бөлегі ретінде есепке алуымызға тура келеді» (*Malthus*. «Principles of Political Economy», 2nd ed. London, 1836, p. 269).

тын мөлшері c ұшан-теңіз құн сомасынан құралған ретте қандай болса, мұнда да дәл сондай болар еді. Бізде $K = 0 + \overbrace{+v} = v$ болар еді, ал K' , құны жағынан өскен капитал, $= v + m$, $K' - K$ бұрынғыша $= m$. Мұның керісінше, егер m 0-ге тең болса, басқаша айтқанда — егер құны өзгермелі капитал түрінде авансыланатын жұмыс күші тек эквивалентін ғана өндіретін болса, онда $K = c + v$ және K' (өнімнің құны) $= c + \overbrace{+v} + 0$, сондықтан да $K = K'$. Авансыланған капитал өзінің құны жағынан өспеген болар еді.

Шынында біздің білетініміз, қосымша құн дегеніміз v жөнінде, капиталдың жұмыс күшіне айналған бөлегі жөнінде, болатын құн өзгерісінің нәтижесі ғана, демек, $v + m = v + \Delta v$ (v плюс v өсімі). Бірақ құнның шын өзгерісі мен құнды өзгертетін қатынасты көмескілейтін бір жағдай — өзінің өзгермелі құрамдас бөлегінің өсуі нәтижесінде бүкіл авансыланған капитал да өседі. Бұрын ол 500-ге тең еді, енді ол 590-ға тең. Демек, процеске таза күйінде анализ жасау үшін біз тұрақты капитал құны тек қайтадан пайда болатын өнім құнының бөлегін мүлде былай қоюымыз керек, яғни біз тұрақты капитал c -ні нөлге теңеуіміз керек, сөйтіп, өзгермелі мөлшерлер мен тұрақты мөлшерлерді септеп шығарарда, тұрақты мөлшер өзгермелі мөлшермен қосу және алу арқылы ғана байланысты болатын кездерде математиканың қолданатын заңын қолдануымыз керек.

Өзгермелі капиталдың бастапқы формасынан екінші бір қиындық туады. Мәселен, жоғарыда келтірілген мысалда $K' = 410$ ф. ст. тұрақты капитал + 90 ф. ст. өзгермелі капитал + 90 ф. ст. қосымша құн. Алайда 90 ф. ст. белгілі мөлшер, демек, тұрақты мөлшер, сондықтан бұларды өзгермелі

мөлшер деп қарау қисынсыз көрінеді. Бірақ 90 ф. ст., яки 90 ф. ст. өзгермелі капитал, шындығында бұл жерде осы құн өтетін процестің бейнесі ғана. Капиталдың жұмыс күшін сатып алуға авансыланған бөлегі — затқа айналған белгілі мөлшері, ендеше сатып алынған жұмыс күшінің құны сияқты тұрақты мөлшер. Бірақ өндіріс процесінің өзінде авансыланған 90 ф. ст. орнына қимыл үстіндегі жұмыс күші, өлі еңбектің орнына тірі еңбек, қимылсыз мөлшердің орнына тұрақсыз мөлшер, тұрақты мөлшердің орнына өзгермелі мөлшер жарыққа шығады. Мұның нәтижесі v плюс v өсімнің ұдайы өндірілуі болып табылады. Капиталистік өндірістің тұрғысынан қарағанда бүкіл осы процестің өзі жұмыс күшіне айналған бастапқы тұрақты құнның төл қозғалысы болып табылады. Бүкіл

процесс пен оның нәтижесі осы тұрақты құнға телінеді. Сондықтан, егер 90 ф. ст. өзгермелі капитал формуласы, яки өсіп отырған құн, қайшылықты нәрсе болып көрінсе, онда мұның өзі капиталистік өндіріске тән қайшылықты ғана бейнелейді.

Тұрақты капиталды нөлге теңеу ә дегенде ғажап нәрсе болып көрінеді. Ал шынында мұның өзі күнделікті өмірде ылғи болып жатады. Мәселен, егер жұрт Англияның мақта мата өнеркәсібінен түсіретін пайдасын есептеп шығарғысы келсе, алдымен Құрама Штаттарға, Индияға, Египетке, т. т. төленген мақтаның бағасын шығарып тастайды, яғни өнім құнында тек қайтадан пайда болатын капитал құнын нөлге теңейді.

Әрине, капиталдың бір бөлегінен тікелей туатын және оның құнының өзгерісін көрсететін қосымша құнның сол капитал бөлегіне қатынасы ғана емес, сонымен қатар бүкіл авансыланған капиталға қатынасы зор экономикалық маңыз алады. Сондықтан үшінші кітапта біз бұл қатынасты толық қарастырып өтеміз. Капиталдың бір бөлегін оны жұмыс күшіне айналдыру арқылы көбейту үшін, капиталдың екінші бөлегін өндіріс құрал-жабдықтарына айналдыру қажет. Өзгермелі капиталдың қызмет етуі үшін, еңбек процесінің белгілі бір техникалық сипатына сай келетін белгілі пропорцияларда тұрақты капиталды авансылау қажет. Алайда белгілі бір химиялық процесс үшін реторталар мен басқа да ыдыстардың керек болатындығы анализ жасағанда ретортаның өзін есепке алмауға ешбір бөгет емес. Құнның жасалуы мен құнның өзгеруі өз алдына, яғни таза күйінде қаралатын болғандықтан, өндіріс құрал-жабдықтары, тұрақты капиталдың осы зат бейнелері, құн жасаушы өзгермелі күшті анықтап отыратын затты ғана жеткізеді. Сондықтан да бұл заттың жаратылысының ешқандай маңызы жоқ, яғни бұл мақта бола ма, темір бола ма, оның бәрібір. Бұл заттың құнының да маңызы жоқ. Тек оның аумағы өндіріс процесі кезінде жұмсалатын еңбек мөлшерін сіңіре алатындай жеткілікті болуға тиіс. Бұл масса белгілі болғаннан кейін,— оның құны арта ма әлде кеми ме, немесе, жер мен теңіз сияқты, оның ешқандай құны болмай ма,— бұл жағдай құнның жасалу және құнның өзгеру процесін титтей де қамтымайды²⁷⁾.

Сонымен, ең алдымен біз капиталдың тұрақты бөлегін нөлге теңейміз. Сонда авансыланған капитал $c + v$ келіп v болып шығады, ал өнімнің құны $c + v + m$ жаңадан өндіріл-

²⁷⁾ 2-ші басылуына ескерту. Өзінен-өзі түсінікті бір нәрсе, Лукреций айтқандай, «nisi posse creari de nihilo» жоқтан ешнәрсе жасауға болмайды.⁷⁰ «Құнның жасалуы» дегеніміз жұмыс күшінің еңбекке айналуы болып табылады. Ал енді жұмыс күші дегеніміз ең алдымен табиғат заты, адам организмі болып қалыптасқан зат.

ген құн $v + m$ болып шығады. Егер өндіріс процесінің өнбойында істелетін еңбекті сінірген жаңа өндірілген құн = 180 ф. ст. белгілі болса, онда біз 90 ф. стерлингке тең қосымша құнды алу үшін 90 ф. стерлингке тең өзгермелі капиталдың құнын шығарып тастауға тиіспіз. Бұл жерде 90 ф. ст. = m деген сан өндірілген қосымша құнның абсолютті мөлшерін көрсетеді. Ал оның относительді мөлшері, яғни өзгермелі капиталдың қай пропорцияда өскендігі, тегінде, қосымша құнның өзгермелі капиталға қатынасымен анықталады, яки $\frac{m}{v}$ деген бөлшекпен көрсетіледі. Демек, жоғарыда көрсетілген мысал бойынша оның көрінісі $\frac{90}{90} = 100\%$ болады. Өзгермелі капиталдың осылайша относительді өсуін, яки қосымша құнның относительді мөлшерін, мен қосымша құн нормасы деп атаймын ²⁸⁾.

Біз жоғарыда көрдік, жұмысшы еңбек процесінің бір бөлегі ішінде өз жұмыс күшінің құнын ғана, яғни өзіне қажетті тіршілік заттарының құнын ғана өндіреді. Ол қоғамдық еңбек бөлісіне негізделген қатынастар тұсында өндіретін болғандықтан, ол өзінің тіршілік заттарын тікелей өндірмейді, әйтеуір бір өзгеше товар, мысалы жіп формасында өндіреді, өзінің тіршілік заттарына тең немесе өзі осы заттарды сатып алатын ақшаға тең құн өндіреді. Оның бұл үшін қолданатын жұмыс күнінің бөлегі оның күнделікті орташа тіршілік заттарының құнына қарай, яғни сол заттарды өндіру үшін күн сайын керек болатын орташа жұмыс уақытына қарай, көп я аз болады. Егер жұмысшының күнделікті тіршілік заттарының құнына орта есеппен затқа айналған 6 жұмыс сағаты сінген болса, онда жұмысшы осы құнды өндіру үшін күніне орта есеппен 6 сағаттан жұмыс істеуге тиіс болады. Егер ол капиталист үшін емес, өзі үшін, дербес жұмыс істейтін болса, онда ол, басқа барабар жағдайларда, өз жұмыс күшінің құнын өндіру үшін, сөйтіп өзін сақтауға, яки ұдайы қалпына келтіріп отыруға қажетті тіршілік заттарын алу үшін бұрынғыша тәулік ішінде орта есеппен нақ соншалық жұмыс істеуге тиіс болар еді. Бірақ жұмыс күнінің жұмыс күшінің бір күндік құны, айталық 3 шиллинг өндірілетін бөлегі ішінде ол өзіне капиталист төлеп қойған ^{28a)} құнның эквивалентін ғана өндіреді, яғни жаңадан жасалған құнмен авансыланған өзгермелі

²⁸⁾ Арылшындар айтатын дәл «rate of profits», «rate of interest» [«пайда нормасы», «процент нормасы»] т. т. сияқты. Егер қосымша құнның заңдары белгілі болса, пайда нормасын оңай түсінуге болатынын оқушы III кітаптан көреді. Мұның керісінше алған күнде ni l'un, ni l'autre [біріншісін де, екіншісін де] түсіну мүмкін емес.

^{28a)} { 3-ші басылуына ескерту. Автор бұл жерде үйреншікті экономикалық тілді пайдаланып отыр. Ескерте кетейік, 137-бетте [осы томың 187-беті] көрсетілгеніндей, шындығында жұмысшыны капиталист емес, қайта капиталисті жұмысшы «авансылайды» — Ф. Э. }

капитал құнының орнын ғана толтырады, сондықтан құнның бұлайша өндірілуі жәй ғана ұдайы өндіріс болып табылады. Сонымен, жұмыс күнінің осы ұдайы өндіріс жасалатын бөлегін мен қажетті жұмыс уақыты деп, ал осы уақыттың ішінде жұмсалатын еңбекті қажетті еңбек деп атаймын²⁹⁾. Жұмысшылар үшін қажетті болатын себебі — мұның өзі олардың еңбегінің қоғамдық формасына байланысты емес. Капитал мен капиталистік дүние үшін қажетті болатын себебі — жұмысшының үнемі өмір сүруі олардың базисі болып табылады.

Еңбек процесінің екінші кезеңі, — енді жұмысшы қажетті еңбектің шегінен тысқары жұмыс істейтін кезең, — оған еңбекке түсетін болғанымен, жұмыс күшін жұмсаттырғанымен, жұмысшы үшін ешқандай құн жасамайды. Бұл еңбек қосымша құн жасайды, ал мұның өзі жоқтан жасалатындай аса тамаша нәрсе болғандықтан капиталисті қызықтыра түседі. Жұмыс күнінің бұл бөлегін мен қосымша жұмыс уақыты деп, ал осы уақыттың ішінде жұмсалған еңбекті қосымша еңбек (*surplus labour*) деп атаймын. Жалпы құн атаулыны танып білу үшін оны жәй тоқыраулы жұмыс уақыты, жәй затқа айналған еңбек деп қарау қаншалық маңызды болса, қосымша құнды біліп алу үшін оны жәй тоқыраулы қосымша уақыт, жәй затқа айналған қосымша еңбек деп қарау соншалық маңызды. Қоғамның экономикалық формацияларын, мәселен, құлдыққа негізделген қоғамды жалдама еңбек қоғамынан айыратын нәрсе — тікелей өндірушіден, жұмысшыдан, осы қосымша еңбектің сығылып алынатын формасы ғана³⁰⁾.

Өзгермелі капиталдың құны оған сатып алынған жұмыс күшінің құнына тең болғандықтан, бұл жұмыс күшінің құны жұмыс күнінің қажетті бөлегін анықтайтын болғандықтан, ал қосымша құнның өзін алғанда жұмыс күнінің артық бөлегімен анықталатындықтан, бұдан мынадай қорытынды туады:

²⁹⁾ Осы кезге дейін біз бұл еңбектегі белгілібір товарды өндіру үшін керек қоғамдық қажетті жұмыс уақытын ғана «қажетті жұмыс уақыты» деген сөздермен бейнелеп келген едік. Енді біз бұл сөздерлі жұмыс күші сияқты өзгеше товарды өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты жөнінде де колданатын боламыз. Сол бір ғана (*геріні ісшісі [техникалық терминдерді] әртүрлі мағынада колдану қолайсыз-ақ, бірақ қай ғылымда болса да бұдан толық құтылу мүмкін емес. Мәселен, математиканың жоғары және төменгі бөлімдерін салыстырыңыз.*

³⁰⁾ Вильгельм Фукидид Рошер мырза⁷¹ нағыз готшедтік⁷² данышпандықпен мынадай бір жаңалық ашады: қосымша құнның немесе қосымша өнімнің және осыларға байланысты қордың жасалуы қазіргі уақытта капиталистің «ықтияттылығының» арқасы, ол «осы үшін, мәселен, процент талап етеді», ал «мәдениеттің төменгі сатыларында», мұның керісінше... «неғұрлым мықтылар неғұрлым әлсіздерді ықтияттылыққа мәжбүр етеді» (цитат алынған шығарманың 82, 78-беттері). Еңбекті үнемдеуге ме? әлде өнімнің қолда жоқ артығын үнемдеуге ме? Нағыз наландықпен қатар мұнда құн мен қосымша құнды адал талдаудан және полициялық тұрғыдан қарағанда алдамшы-сенімсіз нәтиже кенеттен туып жүрер ме екен деген апологеттік қорқыныш бар, — капиталистің қазірде бар қосымша құнды иемденуін ақтау үшін келтіретін азды-көпті набатты дәлелдерін сол қосымша құнның шығу дәлелдеріне айналдыруға Рошер мен оның сыбайластарын мәжбүр етіп отырған нәрсе міне осы

қосымша құнның өзгермелі капиталға қатынасы, қосымша еңбектің қажетті еңбекке қатынасындай, яки қосымша құн нормасы $\frac{m}{v} = \frac{\text{қосымша еңбек}}{\text{қажетті еңбек}}$. Бұл пропорцияның екі бөлегі де сол бір қатынасты әралуан формада: бір ретте затқа айналған еңбек формасында, екінші ретте өзгермелі еңбек формасында көрсетеді.

Сондықтан қосымша құн нормасы дегеніміз жұмыс күшін капиталдың, яки жұмысшыны капиталистің қанау дәрежесінің дәл көрінісі^{30а)}.

Біздің ұйғаруымызша, өнімнің құны = $410 \text{ ф. ст.} + 90 \text{ ф. ст.} + 90 \text{ ф. ст.}$, авансыланған капитал = 500 фунт стерлинг еді. Қосымша құн 90-ға тең, ал авансыланған капитал 500-ге тең болғандықтан, есептеудің әдеттегі әдісі бойынша қосымша құн нормасы (мұны жұрт пайда нормасымен шатастырады) 18%-ке тең болып шығар еді,— мұның өзі төмен дәрежеде болуы Қэри мырзаның және «үйлесімділікті» уағыздаушы басқа да адамдардың көңілін бұзатындай қатынас. Ал шындығында қосымша құн нормасының тең мөлшері $\frac{m}{K}$, яки $\frac{m}{c+v}$ емес, $\frac{m}{v}$, демек $\frac{90}{500}$ емес, $\frac{90}{90} = 100\%$, яғни алдамшы қанау дәрежесінен бес еседен астам артық. Біз бұл жерде жұмыс күнінің абсолютті мөлшерін де, еңбек процесі жүргізілетін мерзімді де (күн, апта, т. т.), ақырында, 90. ф. ст. өзгермелі капитал бір мезгілде іске қосатын жұмысшылардың санын да білмейміз, солай бола тұрса да қосымша құн нормасы $\frac{m}{v}$, өйткені мұның өзі $\frac{\text{қосымша еңбекке}}{\text{қажетті еңбекке}}$ айнала алады, жұмыс күнінің құрамдас екі бөлегінің арасындағы арақатынасты дәл көрсетеді. Ол 100%-ке тең. Демек, жұмысшы күнінің бір жартысында өзі үшін, ал екінші жартысында капиталист үшін жұмыс істеген.

Сонымен, қосымша құн нормасын есептеп шығару әдісі, қысқаша айтқанда, мынадай: біз өнімнің бүкіл құнын аламыз да, өнім құнында тек қайтадан пайда болатын тұрақты капи-

^{30а)} 2-ші басылуына ескерту. Жұмыс күшін қанау дәрежесінің дәл көрінісі бола тұрса да, қосымша құн нормасы, өйткенмен, әсте қанаудың абсолютті мөлшерінің көрінісі бола алмайды. Мәселен, егер қажетті еңбек 5 сағатқа тең болса және қосымша еңбек —5 сағатқа тең болса, онда қанау дәрежесі 100%. Мұнда қанау мөлшері 5 сағатпен өлшенеді. Ал егер қажетті еңбек 6 сағатқа тең және қосымша еңбек 6 сағатқа тең болса, 100% қанау дәрежесі өзгеріссіз қалады, ал қанау мөлшері 20%—5 сағаттан 6 сағатқа дейін өседі.

тал құнын нөлге теңейміз. Құнның қалған сомасы товар жасау процесінде шын мәнісінде жаңадан өндірілген бірден-бір құн болып табылады. Егер қосымша құн белгілі болса, біз, өзгермелі капиталды табу үшін, оны осы жаңадан өндірілген құннан алып тастаймыз. Ал егер өзгермелі капитал белгілі болса және қосымша құнды тапқымыз келсе, біз мұның керісінше істейміз. Егерде қосымша құн да, өзгермелі капитал да белгілі болса, онда ақтық операция жасау, қосымша құнның өзгермелі капиталға қатынасын, $\frac{m}{v}$, есептеп шығару ғана қалады.

Бұл әдіс қаншама оңай бола тұрса да, дегенмен бірнеше мысалдар арқылы осы тәсілдің негізінде жатқан және оқушыға үйреншікті емес принципті оқушылардың ұғып алуына мүмкіндік берген дұрыс сияқты.

Ең алдымен жіп иіру фабрикасы жөнінде мысал келтірейік: оның 10 000 мюльдiк ұршығы бар, онда американ мақта-сынан № 32 жіп иіріледі және аптасына ұршық бас сайын 1 қадақтан жіп өндіріледі. Қоқыс қалдығы 6% болады. Сонымен, апта сайын 10 600 қадақ мақта ұксатылып, 10 000 қадақ жіпке және 600 қадақ қалдыққа айналады. 1871 жылғы апрельде бұл мақтаның бір қадағы $7\frac{3}{4}$ пенни, яғни 10 600 қадағы түгел алғанда 342 фунт стерлинг тұратын еді. Бұл 10 000 ұршық, сондай-ақ дәл жіп иіретін алдында мақта өңдейтін машиналар мен бу машинасы әр ұршыққа 1 ф. ст. тұрады, демек бәрі 10 000 фунт стерлинг. Бұл ұршықтардың жыл сайын тозатыны 10%, яки 1 000 ф. ст., яки аптасына 20 ф. ст. Фабрика үйін арендалауға жұмсалатыны — 300 ф. ст., яки аптасына 6 ф. ст. Көмір (сағатына бір аттық күшке 4 қадақ, 100 аттық (индикаторлық) күшке және аптасына 60 сағат ішінде, үйге жағылатынын да қоса есептегенде) — аптасына 11 тонна, тоннасы 8 шиллинг 6 пенни, түгел алғанда аптасына $4\frac{1}{2}$ ф. ст.; газ — аптасына 1 ф. ст.; май — аптасына $4\frac{1}{2}$ ф. ст., демек көмекші материалдардың бәрі — аптасына 10 ф. ст. Сонымен, құнның тұрақты бөлегі аптасына 378 ф. ст. болады. Жалақы — аптасына 52 ф. ст. Жіптің бағасы — бір қадағы $12\frac{1}{4}$ пенни болғанда, 10 000 қадағы 510 ф. ст. болады; демек, қосымша құн: 510 ф. ст. — 430 ф. ст. = 80 фунт стерлинг. Капиталдың 378 ф. ст. тұрақты бөлегін біз нөлге теңейміз, өйткені ол апта ішінде құн жасауға қатыспайды. Сонда апта сайын

жаңадан өндірілген құн қалады: $132 = \overset{v}{52} \text{ ф. ст.} + \overset{m}{80} \text{ фунт стерлинг.}$ Сонымен, қосымша құн нормасы $= \frac{80}{52} = 153\frac{1}{13}\%$. Он сағаттық орташа жұмыс күні тұсында былай болып шыға-

ды: қажетті еңбек = $3^{31}/_{33}$ сағат және қосымша еңбек = $6^2/_{33}$ сағат ³¹⁾

Джейкоб бидайдың бағасы кварталіне 80 шиллинг және орташа түсімі акрына 22 бушель, ендеше бір акр 11 ф. ст. береді деп ұйғарып, бұдан ол 1815 жылға арнап мынадай есеп жасайды⁷³, рас, мұнда елеулі кемістіктер бар,— өйткені бұл есепте әралуан статъялардың бірін бірі өзара өтейтіні алдынала көрсетілген,— бірақ біздің мақсатымызға жарап жатыр:

1 акрға құнның өндірілуі

Тұқым (бидай)	1 ф. ст. 9 шилл.	Десятиналар, салықтар	1 ф. ст. 1 шилл.
Тыңайтқыш	2 ф. ст. 10 шилл.	Рента	1 ф. ст. 8 шилл.
Жалақы	3 ф. ст. 10 шилл.	Фермердің пайдасы мен проценти	1 ф. ст. 2 шилл.
Барлығы ...	7 ф. ст. 9 шилл.	Барлығы ...	3 ф. ст. 11 шилл.

Өнімнің бағасы оның құнына тең деп үнемі ұйғарған күнде, қосымша құн бұл жерде әралуан тармақтарға былайша бөлінеді: пайда, процент, десятиналар, т. т. Бұл тармақтарға көңіл бөлмейміз. Бұларды қосқанда, біз 3 ф. ст. 11 шиллинг қосымша құн аламыз. Тұқым мен тыңайтқышқа жұмсалатын 3 ф. ст. 19 шиллингті, біз, капиталдың тұрақты бөлегі ретінде, нөлге теңейміз. Сонда 3 ф. ст. 10 шиллинг авансыланған өзгермелі капитал қалады, ал оның орнына өндірілген жаңа құн: 3 ф. ст. 10 шилл. + 3 ф. ст. 11 шиллинг. Сонымен

$\frac{m}{v}$ болады $\frac{3 \text{ ф. ст. } 11 \text{ шилл.}}{3 \text{ ф. ст. } 10 \text{ шилл.}}$, яғни 100% -тен асады. Жұмысшы өз жұмысе күнінің жартысынан көбірегін қосымша құн өндіруге жұмсайды, мұны әртүрлі адамдар әртүрлі сылтаулармен өзара бөлісіп алады ^{31а)}.

2. ӨНІМНІҢ ОТНОСИТЕЛЬДІ ҮЛЕСТЕРІНДЕ ӨНІМ ҚҰНЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Енді капиталистің ақшадан қалай капитал жасайтынын бізге көрсетіп берген мысалға қайта оралайық. Оның жіп иірушісінің қажетті еңбегі 6 сағат, қосымша еңбегі де дәл сонша, сондықтан жұмыс күшін қанау дәрежесі 100% болады.

³¹⁾ 2-ші басылуына ескерту. Жіп иіру фабрикасы жөнінде бірінші басылуында келтірілген, 1860 жылға қатысты мысалда кейбір нақтылы қателер бар. Тексте келтіріліп отырған дәл мәлімдемелерді маған Манчестердің бір фабриканты хабарлады.— Айта кету керек, Англияда бұрынғы ат күші цилиндрдің диаметрі бойынша есептеледі, ал жаңасы индикатор көрсететін нағыз күш бойынша есептеледі!

^{31а)} Бұл есеп иллюстрация ретінде ғана келтіріліп отыр. Бұл жерде біз бағалар құлдарға тең деген ұйғарымдыға сүйенеміз. Тіпті орташа баға үшін де бұл теңдік мұндай оңай жолмен белгілене қоймайтынын біз III кітапта көреміз.

Он екі сағаттық жұмыс күнінің өнімі 20 қадақ жіп, мұның құны 30 шиллинг болады. Бұл жіптің құнының кемінде $\frac{8}{10}$ бөлегі (24 шилл.) тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының қайтадан пайда болған құны арқылы ғана жасалған (20 шиллингке 20 қадақ мақта, 4 шиллингке ұршық, т. т.), яки тұрақты капиталдан құралған. Қалған $\frac{2}{10}$ бөлегі жіп иіру процесі кезінде пайда болған 6 шиллинг жаңа құн болып табылады, мұның жартысы жұмыс күшінің авансыланған күндік құнын, яки өзгермелі капиталды өтейді, ал екінші жартысы 3 шиллинг қосымша құнды жасайды. Демек, осы 20 қадақ жіптің бүкіл құны былайша құралады:

$$\text{жіптің құны } 30 \text{ шилл.} = \overbrace{24}^c \text{ шилл.} + \overbrace{3}^v \text{ шилл.} + \overbrace{3}^m \text{ шилл.}$$

Осы құнның бәрі бүкіл өнімге = 20 қадақ жіпке сінгендіктен, құнның әралуан элементтерін де өнімнің пропорциялы үлестері арқылы көрсетуге болар еді.

Егер 30 шилл. құн 20 қадақ жіп түрінде болатын болса, онда бұл құнның $\frac{8}{10}$ бөлегі, яки оның 24 шилл. тұрақты бөлегі, өнімнің $\frac{8}{10}$ бөлегінде, яғни 16 қадақ жіпте болады. Мұның $13\frac{1}{3}$ қадағы шикі материалдың — 20 шиллингке иірілген мақтаның құны, ал $2\frac{2}{3}$ қадағы 4 шиллингке тұтынылған көмекші материалдар мен еңбек құрал-жабдықтарының, ұршықтардың, т. т. құны болып табылады.

Сонымен, $13\frac{1}{3}$ қадақ жіп — бүкіл өнімге, 20 қадақ жіпке, тұтынылған барлық мақтаны көрсетеді, олар бүкіл өнімнің шикі материалын көрсетеді, одан басқа түк те емес. Бұларда құны $13\frac{1}{3}$ шилл. $13\frac{1}{3}$ қадақ қана мақта болғанымен, олардың қосымша $6\frac{2}{3}$ шилл. құны қалған $6\frac{2}{3}$ қадақ жіпке тұтынылған мақтаның эквивалентін береді. Істің жайы осы соңғы $6\frac{2}{3}$ қадақтан бар мақта жұлынып алынған сияқты және бүкіл өнімге тұтынылған бар мақта $13\frac{1}{3}$ қадақ жіпке сиыстырылған сияқты болып шығады. Бірақ оның есесіне бұл $13\frac{1}{3}$ қадақ жіпте тұтынылған көмекші материалдар мен еңбек құрал-жабдықтары құнының бір түйірі де, жіп иіру процесінде жасалған жаңа құнның бір түйірі де жоқ.

Дәл сол сияқты тұрақты капиталдың (4 шиллингке тең) қалдығы болып табылатын басқа $2\frac{2}{3}$ қадақ жіпте бүкіл өнімге, 20 қадақ жіпке тұтынылған көмекші материалдар мен еңбек құрал-жабдықтарының құнынан басқа дәнеңе жоқ.

Сондықтан өнімнің $\frac{8}{10}$ бөлегі, яки 16 қадақ жіп, өзінің тұлғалық формасында, тұтыну құны ретінде, жіп ретінде алып қарағанда, өнімнің дәл басқа да бөлектері сияқты, жіп иіруші еңбектің жасаған нәрсесі болғанымен, солай бола тұрса да осы байланыста алып қарағанда, жіп иіруші еңбек, нақ жіп

иіру процесінің кезінде сіңген еңбек мұнда жоқ. Істің жайы олар иірусіз-ақ жіпке айналған сияқты және олардың жіп формасы барып тұрған елес болып табылатын сияқты болып шығады. Шынында да, егер капиталист оларды 24 шиллингке сатып, бұл ақшаға өзінің өндіріс құрал-жабдықтарын қайтадан сатып алса, онда 16 қадақ жіптің — бет перде жамылған мақта, ұршық, көмір, т. т. екендігі айқын болады.

Мұның керісінше, өнімнің қалған $\frac{2}{10}$ бөлегі, яки 4 қадақ жіп енді он екі сағаттық жіп иіру процесі кезінде өндірілген 6 шилл. жаңа құннан басқа түк те емес. Тұтынылған шикі материалдар мен еңбек құрал-жабдықтарының мұндағы құны бұлардан ақтарылып түсіп, алғашқы 16 қадақ жіптің құрамына кірді. 20 қадақ жіпке сіңген иіру еңбегі өнімнің $\frac{2}{10}$ бөлегіне жинақталған. Істің жайы жіп иіруші 4 қадақ жіпті аудан иірген сияқты немесе адам еңбегінің көмегісіз пайда болып, табиғаттан алынған және сондықтан өнімге ешқандай құн қоспайтын мақта мен ұршықтан иірген сияқты болып шығады.

Сөйтіп, күндік жіп иіру процесі кезінде жаңадан өндірілген барлық құн кіретін осы 4 қадақ жіптің жартысы тек тұтынылған жұмыс күшінің құнын өтейтін құн, яғни тек 3 шилл. өзгермелі капитал болып табылады, ал қалған 2 қадақ жіп — тек 3 шилл. қосымша құн ғана.

6 шиллингте жіп иірушінің 12 жұмыс сағаты затқа айналған болса, жіптің 30 шилл. құнында 60 жұмыс сағаты затқа айналған. Бұлар 20 қадақ жіпте, мұның $\frac{8}{10}$ бөлегі, яки 16 қадағы, жіп иіру басталардан бұрын өткен 48 жұмыс сағатының материалдануы, яғни жіптің өндіріс құрал-жабдықтарында затқа айналған нақ сол еңбектің материалдануы болып табылады, ал $\frac{2}{10}$ бөлегі, яки 4 қадағы, жіп иіру процесінің өзінде жұмсалған 12 жұмыс сағатының материалдануы болып табылады.

Бұрын біз жіптің құны жіп өндіру кезінде жасалған жаңа құнның сомасына, оның үстіне құн өндіретін құрал-жабдықтарда бұрыннан бар құндарға тең екенін көрдік. Енді біз өнім құнының әралуан құрамдас бөлімдері функционалды түрде немесе ұғым жағынан өнімнің өзінің относителді үлестерінен қалайша орын алатынын көріп отырмыз.

Өнімнің — өндіріс процесі нәтижесінің — өндіріс құрал-жабдықтарында болатын тек қана еңбек ретіндегі өнім мөлшеріне, яки капиталдың тұрақты бөлегіне, өндіріс процесінде қосылған тек қана қажетті еңбек ретіндегі екінші бір мөлшерге, яки капиталдың өзгермелі бөлегіне, және нақ осы процесте қосылған тек қана қосымша еңбек ретіндегі өнімнің үшінші, соңғы мөлшеріне, яки қосымша құнға осылайша бөлі-

нүі,— осы бөліну қаншалық оңай болса, соншалық маңызды да екендігін келешекте мұны әлі де шешілмеген, шытырман проблемаларға қолданған кезде көруге болады.

Қазір біз бүкіл өнімді он екі сағаттық жұмыс күнінің дайын нәтижесі ретінде алып қарадық. Ал біздің оны пайда болу процесі жағынан да қадағалауымызға және, сонымен бірге, жеке өнімдерді өнімнің функция жағынан әралуан бөлшектері деп білуімізге де болар еді.

Жіп иіруші 12 сағатта 20 қадақ жіп өндіреді, демек бір сағатта $1\frac{2}{3}$ қадақ, ал 8 сағатта $13\frac{1}{3}$ қадақ жіп өндіреді, яғни бүкіл жұмыс күні ішінде иірілген мақтаның барлық құны болып табылатын бөлшек өнім өндірді. Дәл сол сияқты келесі 1 сағат 36 минуттың бөлшек өнімі $2\frac{2}{3}$ қадақ мақтаға тең, сол себепті 12 жұмыс сағаты ішінде тұтынылған еңбек құрал-жабдықтарының құны болып табылады. Дәл сол сияқты жіп иіруші келесі 1 сағат 12 минутта 2 қадақ жіп = 3 шилл. өндіреді — мұның өзі оның 6 сағаттық қажетті еңбек кезінде жасайтын бүкіл жаңа құнына тең өнім құны. Ақырында, соңғы $\frac{6}{5}$ сағатта ол тағы да 2 қадақ жіп өндіреді, мұның құны жіп иірушінің жұмыс күнінің жартысы болатын қосымша еңбегімен өндірілген қосымша құнға тең. Бұл есептеу әдісі ағылшын фабрикантының үй тіршілігіне қызмет етеді, сондықтан ол, мәселен, былай дейді: алғашқы 8 сағатта, яки $\frac{2}{3}$ жұмыс күнінде, өз мақтамның, т. т. орнын ғана толтырамын дейді. Бұл формуланың дұрыс екенін, шындығында мұның өзі өнімнің даяр бөлшектері бірінің қасында бірі жататын кездегі кеңістіктен бұлар біріне бірі ілесе жүріп отыратын кездегі уақытқа көшірілген бірінші формула ғана екенін көріп отырмыз. Бірақ бұл формуламен қатар нағыз варварлық түсініктердің де тууы мүмкін, әсіресе іс жүзінде құнның өсуін де, сондай-ақ осы процесс жөнінде теориялық теріс түсінік беруді де көздейтін бастарда осылай болмақ. Сөйтіп, былай деп ойлауға болады: мәселен, біздің жіп иіруші өз жұмыс күнінің алғашқы 8 сағатында мақтаның құнын өндіреді, яки оның орнын толтырады, келесі 1 сағат 36 минутта тұтынылған еңбек құрал-жабдықтарының құнын, онан кейінгі 1 сағат 12 минутта жалақының құнын өтейді және тек атышулы «соңғы сағатты» ғана фабрикантқа, қосымша құн өндіруге арнайды. Сонымен, жіп иірушіге екі түрлі керемет телінеді: біріншіден, ол мақтаны, ұршықты, бу машинасын, көмірді, майды, т. т. осылардың көмегімен жіп иірген кезде өндіретін сияқты, ал, екіншіден, интенсивтілік дәрежесі белгілі бір жұмыс күнін ол осындай бес күнге айналдыратын сияқты. Атап айтқанда, біздің мысалымызда шикі материал мен еңбек құрал-жабдықырын өндіру үшін $\frac{24}{6}$, яғни он екі сағаттық 4 жұмыс күні керек

болады, ал оларды жіпке айналдыру үшін тағы да он екі сағаттық бір жұмыс күні керек. Байып алуға құнығу осындай кереметтерге нануға итермелейтіндігі және бұларды дәлелдеуші доктринер-сикофанттардың молшылығы тарихи даңққа ие болған мына төмендегі мысалдан көрінеді.

3. СЕНИОРДЫҢ «СОҢҒЫ САҒАТЫ»

1836 жылы құтты күндердің бірінде, өзінің экономикалық білімдері мен тамаша стилі жағынан мәлім болған, ағылшын экономистерінің арасында өзінше бір Клаурен есебінде жүрген Нассау У. Сениор Оксфордтан Манчестерге шақыртылып алынған, сөйтіп енді Оксфордта жүріп саяси экономияны үйретудің орнына мұнда оны өзі үйренбекші болған. Фабриканттар оны таяуда шыққан фабрикалық заңға⁷⁴ қарсы және он сағаттық жұмыс күнін жақтайтын, тіпті бұдан да асып түсетін үгітке қарсы күресуші ретінде таңдап алыпты. Олар әдеттегі практикашыл байқағыштығымен профессор мырзаның «wanted a good deal of finishing» [әлі де бір талай мықтап ширатуы керек ететін] кісі екенін көреді. Сондықтан да олар мұны Манчестерге барсын деген. Профессор мырза, өз тарапынан, Манчестерде фабриканттардан алған сабағын өз стилімен өрнектел, мынадай памфлет басып шығарған: «Letters on the Factory Act, as it affects the cotton manufacture», London, 1837. Басқасын былай қойғанда, бұдан мынадай өнегелі сөздерді оқуға болады:

«Қазіргі фабрикалық заң тұсында жасы 18-ден аспаған адамдар істейтін фабриканың бір де бірі күніне 11¹/₂ сағаттан артық, яғни аптаның алғашқы 5 күнінде 12 сағаттан, ал сенбіде 9 сағаттан артық жұмыс істей алмайды. Мұндай фабрикада таза пайданың бәрі соңғы сағаттан туатындығы мына анализден (!) көрінеді. Фабриканттың жұмсайтыны 100 000 ф. ст.: 80 000 ф. ст. фабрика үйлері мен машиналарға, 20 000 ф. ст. шикі материал мен жалақыға кетеді. Капитал жылына бір рет айналады және жалпы пайда 15% болады деп ұйғарғанда, бұл фабрика товарының жылдық айналымы 115 000 фунт стерлинг құн болуға тиіс... Жұмыс күнін құрастыратын 23 жарты жұмыс сағатының әрқайсысы осы 115 000 фунт стерлингтің ⁵/₁₁₅, яки ¹/₂₃, бөлегін өндіреді. Осы 115 000 ф. ст. жиынтығы болып табылатын (constituting the wholl 115 000 ф. ст.) ²³/₂₃ бөлектен ²⁰/₂₃, яғни 115 000-нан 100 000, тек капиталдың орнын толтырады; ¹/₂₃, яки жалпы пайда (!) болып табылатын 15 000 ф. ст. стерлингтен 5 000 ф. ст. фабрика мен машиналардың тозығын өтейді. Қалған ²/₂₃, яғни әр күннің соңғы екі жарты сағаты, 10% таза пайда өндіреді. Сондықтан, егер өзгермейтін баға тұсында фабрика 11¹/₂ сағат орнына 13 сағат жұмыс істей алған болса, онда, айналмалы капитал шамамен алғанда 2 600 ф. ст. артқан күнде, таза пайда екі еседен де астам өскен болар еді. Екінші жағынан, егер жұмыс күні 1 сағат қысқартылған болса, онда таза пайда жоғалған болар еді, ал егер 1¹/₂ сағат қысқарса, онда жалпы пайда да жоғалар еді»³²).

³²) Senior. «Letters on the Factory Act etc.». London, 1837, p. 12, 13. Біз өз мақсатымыз үшін келер-келері жоқ кейбір оғаштықтарға, мәселен, фабриканттар

Міне осыны профессор мырза «анализ» деп атайды! Егер ол жұмысшылар күнінің көбін үй-жайлардың, машиналардың, мақтаның, көмірдің, т. т. құнын өндіруге, демек ұдайы өндіруге, яки өтеуге жұмсайды деген фабриканттардың байбаламына шынымен нанған болса, онда анализ атаулының қажеті жоқ еді. Ол тек былай деп жауап бере алатын еді: Маркабатты мырзалар! Егер сіздер $11\frac{1}{2}$ сағат орнына 10 сағат жұмыс істеткізетін болсаңыздар, онда басқа барабар жағдайларда мақтаның, машиналардың, т. б. күнделікті тұтынылуы $1\frac{1}{2}$ сағат кемиді. Демек, сіздер қанша жоғалтқан болсаңыздар, сонша ұтасыздар. Келешекте сіздердің жұмысшыларыңыз авансыланған капитал құнын ұдайы өндіруге, яки өтеуге $1\frac{1}{2}$ сағаттық шығынды кем жұмсайтын болады. Ал егер Сенюр олардың сөзіне нанып қалмай, іс білетін адам ретінде айрықша анализ жасау қажет деп тапқан болса, онда ол алдымен фабрикант мырзалардан: тек қана таза пайданың жұмыс күнінің мөлшеріне қатынасы жайындағы мәселеде машиналар мен фабрика үйлерін, шикі материал мен еңбекті бір жерге үйіп-төкпеңіздер, қайта, райға келіп, фабрика үйлерін, машиналар, шикі материал, т. т. ретіндегі тұрақты капиталды бір жаққа, ал жалақыға авансыланған капиталды екінші жаққа бөліп шығарыңыздар деп өтінуге тиіс болар еді. Егер сонда, мәселен, фабриканттардың есебінше жұмысшы жалақыны $\frac{2}{2}$ жұмыс сағатында, яки бір сағатта өндіретін, яки өтейтін болып шықса, онда біздің аналитик былай деуге тиіс болар еді:

Сіздердің мәліметтеріңіз бойынша, жұмысшы соңғы сағаттың алдындағы сағатта өзінің жалақысын өндіреді, ал соңғы

тозған машиналардың, т. т. құнын, яғни капиталдың құрамдас бөлшектерінің бірінің құнын пайдаға, брутто немесе нетто, жалпы немесе таза пайдаға жаққызады деген сияқты пікірге тоқталып жатпаймыз. Сонымен қатар сан мәліметтері дұрыс па, жалған ба, оған да тоқталып жатпаймыз. Бұл мәліметтердің құны «анализ» дейтіннен артық емес екенін Леонард Хорнер мына еңбегінде дәлелдеді: «A Letter to Mr. Senior etc.» London, 1837 [р. 30—42]. Леонард Хорнер, фабрика жұмысшыларының жағдайын тексеру үшін құрылған 1833 жылғы комиссия мүшелерінің бірі және фабрика инспекторы, шындығында 1859 жылға дейін фабрикалар цензоры, ағылшын жұмысшы табына өшпес еңбек сіңірді. Өмірінің өнбойында ол өшіккен фабриканттармен ғана күресіп қойған жоқ, сонымен қатар фабрикадағы «жұмысшы қолдарының» сағаттарынан гөрі қауымдар палатасында фабриканттардың «дауыстарын» санауды өлшеусіз жоғары бағалайтын министрлермен де күрес жүргізді.

32-ескертуге қосымша. Мазмұнының жалғандығын былай қойғанда, Сенюрдың баяндауы шым-шытырық. Оның айтатын дегені анығында тек мынау ғана: фабрикант жұмысшыға күн сайын $11\frac{1}{2}$, яки $2\frac{1}{2}$ сағат жұмыс істеткізеді. Жеке жұмыс күні сияқты, бүкіл жылдық еңбек $11\frac{1}{2}$, яки $2\frac{1}{2}$ сағаттан құралған (бұл жыл бойындағы жұмыс күндерінің санына көбейтіледі). Осылай ұйғарған күнде $\frac{2}{2}$ жұмыс сағаты 115 000 фунт стерлинг жылдық өнім өндіреді: $\frac{1}{2}$ жұмыс сағатының өндіретіні 115 000 ф. ст. $\times \frac{1}{223}$; $\frac{1}{2}$ жұмыс сағатының өндіретіні 115 000 ф. ст. $\times \frac{2}{223} = 100 000$ ф. ст., яғни бұлар авансыланған капиталды ғана өтейді. Енді $\frac{3}{2}$ жұмыс сағаты қалады, мұның өндіретіні 115 000 ф. ст. $\times \frac{3}{223} = 15 000$, яғни жалпы пайда. Осы $\frac{3}{2}$ жұмыс сағатынан $\frac{1}{2}$ жұмыс сағатының өндіретіні 115 000 $\times \frac{1}{223} = 5 000$ ф. ст., яғни фабрика мен машиналардың тозығын өтейтін қаржыны ғана өндіреді. Соңғы екі жарты жұмыс сағатының, яғни соңғы жұмыс сағатының, өндіретіні 115 000 ф. ст. $\times \frac{2}{223} = 10 000$ ф. ст., яғни таза пайда. Тексте Сенюр соңғы $\frac{2}{223}$ өнімді жұмыс күнінің өзінің бір бөлігіне айналдырып жібереді.

сағатта сіздің қосымша құныңызды, яки таза пайданызды өндіреді. Ал жұмысшы теңдей кесімді уақыт ішінде теңдей құндар өндіретін болғандықтан, соңғы сағаттағы өнімнің құны қандай болса, оның алдындағы сағат өнімінің құны да дәл сондай болады. Онан соң, жұмысшы еңбек жұмсаған күнде ғана және оның еңбегінің мөлшері оның жұмыс уақытымен өлшенетін жағдайда ғана құн өндіреді. Жұмыс уақыты, сіздердің мәліметтеріңіз бойынша, күніне $11\frac{1}{2}$ сағат екен. Осы $11\frac{1}{2}$ сағаттың бір бөлегін ол өз жалақысын өндіруге, яки өтеуге жұмсайды, ал екінші бөлегін сіздің таза пайданызды өндіруге жұмсайды. Жұмыс күнінің өнбойында ол бұдан басқа ешнәрсе істемейді. Ал, сіздің айтуыңызша, оның жалақысы мен келтіретін қосымша құны — тепе-тең құндар, олай болса, ол, анығында, $5\frac{3}{4}$ сағатта өзінің жалақысын, қалған $5\frac{3}{4}$ сағатта сіздің таза пайданызды өндіреді. Онан кейін, жіп иірілетін екі сағат ішінде өндірілген өнімнің құны жұмысшының жалақысы құнының сомасы мен сіздің таза пайданызға тең, олай болса, жіптің бұл құны $11\frac{1}{2}$ жұмыс сағатымен өлшенуге тиіс: соңғы сағаттың алдындағы сағаттың өнімі $5\frac{3}{4}$ сағатпен өлшенеді, соңғы сағаттың өнімі де — ditto [солай]. Біз енді ең бір ұрымтал жерге жақындадық. Сонымен, тыңдаңыздар! Соңғы сағаттың алдындағы жұмыс сағаты да, алғашқысы сияқты, кәдімгі әдеттегі жұмыс сағаты. Ni plus, ni moins [Артық та емес, кем де емес]. Сондықтан да жіп иіруші $5\frac{3}{4}$ жұмыс сағатының өнімі болып табылатын жіптің құнын бір жұмыс сағатының ішінде қалайша өндірс қоймақ. Шындығында ол мұндай кереметті жасамайды да. Оның бір жұмыс сағатында өндіретін тұтыну құны — белгілі мөлшердегі жіп. Бұл жіптің құны $5\frac{3}{4}$ жұмыс сағатымен өлшенеді, мұның $4\frac{3}{4}$ сағаты, жіп иірушінің көмегінсіз-ақ, бір сағат ішінде тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарында, мақтада, машиналарда, т. т. бар, $\frac{1}{4}$ -ін, яки бір сағатты оның өзі қосқан. Сонымен, оның жалақысы $5\frac{3}{4}$ сағаттың ішінде өндірілетіндіктен, ал жіп иірілетін бір сағат ішінде өндірілген өнімде де дәл сол сияқты $5\frac{3}{4}$ жұмыс сағаты болғандықтан, оның $5\frac{3}{4}$ сағаттық жіп иіру кезінде өндірген жаңа құны жіп иірілетін бір сағаттың өнімінің құнына тең екендігінде тіпті де ешқандай сиқырлық жоқ. Ал сіздер ол өз жұмыс сағатының тіпті бір түйірін болса да мақтаның, машиналардың, т. т. құндарын өндіруге, яки «өтеуге» жұмсайды деп ойласаңыздар, мүлде адасасыздар. Оның еңбегі мақта мен ұршықтан жіп жасауы арқасында, оның жіп иіруі арқасында мақта мен ұршықтың құны өзінен-өзі жіпке көшеді. Бұл — еңбектің санының емес, сапасының нәтижесі. Әрине, ол $\frac{1}{2}$ сағатқа қарағанда бір сағаттың ішінде мақтаның, т. т. құнын жіпке

көбірек көшіреді, бірақ мұның жәй ғана бір себебі, ол $\frac{1}{2}$ сағатқа қарағанда 1 сағатта мақтаны көбірек иіреді. Сонымен көріп отырсыз: жұмысшы соңғы сағаттың алдындағы сағатта өз жалақысының құнын, ал соңғы сағатта таза пайданы өндіреді деген сіздің пікіріңіздің мәні тек мынау ғана: оның жұмыс күнінің екі сағаттық өнімі болып табылатын жіпке $11\frac{1}{2}$ жұмыс сағаты,— оның бүкіл жұмыс күнінде қанша болса, дәл сонша жұмыс сағаты сіңген,— ал бұлар алғашқы немесе соңғы сағаттар бола ма, оның бәрібір. Ал енді жұмысшы алғашқы $5\frac{3}{4}$ сағатта өзінің жалақысын, соңғы $5\frac{3}{4}$ сағатта сіздің таза пайданызды өндіреді деген пікірді алатын болсақ, мұның мәнісі тек мынау ғана: сіздер алғашқы $5\frac{3}{4}$ сағатқа ақы төлейсіздер, ал соңғы $5\frac{3}{4}$ сағатқа ақы төлемейсіздер. Мен жәй әншейін сіздердің жаргондарыңызды қолданып, бұл жерде жұмыс күшінің ақысы туралы емес, еңбекке төленетін ақы туралы айтып отырмын. Енді, мырзалар, сіздер өздеріңіз ақы төлетін жұмыс уақыты мен өздеріңіз ақы төлемейтін жұмыс уақытының өзара қатынасын алып қарасаңыздар, онда бұл қатынастың жарты күн мен жарты күн арасындағы қатынасқа, яғни 100%-ке тең екенін көресіздер, ал мұның өзі, күмән жоқ,— өте жақсы процент. Тағы бір мүлде күмәнсіз нәрсе мынау: егер сіздер өздеріңіздің жұмысшыларыңызға $11\frac{1}{2}$ сағаттың орнына 13 сағат жұмыс істеткізіп, артық $1\frac{1}{2}$ сағатты, өздеріңізге әбден үйреншікті әдет бойынша, қосымша еңбекке қоса салатын болсаңыздар, онда бұл қосымша еңбек $5\frac{3}{4}$ сағаттан $7\frac{1}{4}$ сағатқа дейін өседі, сол себепті қосымша құн нормасы 100%-тен $126\frac{2}{23}\%$ -ке дейін артады. Ал егер сіздер $1\frac{1}{2}$ сағатты қосу нәтижесінде қосымша құн нормасы 100%-тен 200%-ке дейін, тіпті 200%-ке дейіннен де көбірек артады, яғни ол «екі еседен де астам өседі» деп үміттенетін болсаңыздар, онда сіздер тым ақылсыз пысық болғандарыңыз. Екінші жағынан,— адам жүрегі таңғажайып нәрсе ғой, әсіресе, адам өз жүрегін әмиянында сақтап жүретін кезде солай болады,— егер сіздер жұмыс күні $11\frac{1}{2}$ сағаттан $10\frac{1}{2}$ сағатқа дейін қысқартылған күнде бүкіл таза пайданыздың күлі көкке ұшады деп қауіптенетін болсаңыздар, онда тым уайымшыл пессимистер болғандарыңыз. Әсте олай емес. Басқа барабар жағдайларда қосымша еңбек $5\frac{3}{4}$ сағаттан $4\frac{3}{4}$ сағатқа дейін кемиді, ал мұның өзі әлі де әжептәуір қосымша құн нормасын, атап айтқанда $82\frac{14}{23}\%$ береді. Ал сіздің хилиастардың⁷⁵ ақыр заман туралы айтатын ертегісінен де көбірек ертегі етіп жүрген содырлы «соңғы сағатыңыз» — «all bosh» [«барып тұрған былшыл»]. Бұдан айрылған күнде сіздің «таза пайданыз» жоғалмайды, ал өздері-

ніз пайдаланып жүрген ұл мен қыз балалардың «рухани тазалығы» да жоғалмайды ^{32a)}.

Өзіңіздің «соңғы сағатыңыз» шынында да келіп жеткен кезде, Оксфорд профессорын еске түсіргейсіздер. Ал әзірше онды дүниеде шүйіркелесіп көріскенше сау болыңыздар. Ad-dio!.. [Кездескенше!] ³³⁾ 1836 жылы Сениор ашқан «соңғы са-

^{32a)} Егер Сениор фабриканттардың таза пайдасы, ағылшын мақта мата өнеркәсібінің өмір сүруі және Англияның дүниежүзілік рыноктағы жағдайы «соңғы жұмыс сағатына» байланысты деп дәлелденген болса, д-р Эндриью Юр бұған қоса, өз тарапынан, мынаны дәлелдеді ⁷⁶⁾: егер жасы 18-ге толмаған фабрика балалары мен жас өспірімдерді толық 12 сағат бойы жылы және таза құлықты фабрика үйінде қамап ұстамай, ұсқынсыз және құлық бұзық сыртқы дүниеге «бір сағат» бұрын қуып шығарса, онда бос сөзден мен азындықтың салдарынан олар жан дүниесінің тазалығынан айрылады деп соқты. 1848 жылдан бастап фабрика инспекторлары өздерінің жарты жылдық «Reports»-тарында [есептерінде] «соңғы», «соңғы сағатты» айтқан фабриканттарды тынымсыз келемең етіп келеді. Мысалы, Хауэлл мырза 1855 ж. 31 майдағы фабрикалық есебінде былай дейді: «Егер төмендегі тапқырлық есеп» (ол Сениордан цитат келтірген) «дұрыс болса, онда Біріккен корольдіктегі әрбір мақта мата фабрикасы 1860 жылдан бері өз залалына істен келе жатқан болып шығар еді» («Reports of the Inspectors of Factories for the half year ending 30 th April 1855», p. 19, 20). 1848 жылы, он сағаттық билль парламенттен өткен кезде, Дорсет пен Сомerset графтықтарының аралығында бытырап жатқан зығыр талшығын піретін селозық өндіріс фабриканттары жұмыс күніне шек қойылатын кейбір жұмысшыларға еріксіз контролляция жазғызған: мұның бір жерінде былай делінген: «Бір өтінуді ата-аналар, бос жүруге берілген қосымша сағат біздің балаларымызды бұзауды басқа ешқандай нәтиже бермекші емес деп ойлаймыз, өйткені бос жүрушілік — азындық атаулының асы». Бұл жөнінде 1848 жылы 1 декабрьдегі фабрикалық есепте былай делінген: «Осы қауырмыз-көнілшек ата-аналардың балалары істейтін кенеп фабрикаларының ауасында шикі материалдың шаң-тозаңы мен талшығы қаптап жүреді, сондықтан фабрикада тіпті 10 минуттай болудың өзі де тым қолайсыз-ақ, өйткені мұнда сіз ең бір азапты сезімді бастан кешірмей қоймайсыз, көзіңіз, құлағыңыз, танауыңыз, аузыңыз кезде будақтанған зығыр тозаңына толады, бұдан ешбір құтылу жоқ. Еңбектің өзі, машиналардың көз ілеспейтін шапшаң жүретіндігі себепті, барынша назар салып істелетін қырағы егілік пен ширақы қимылды керек етеді, сондықтан ата-аналар өз балалары жөнінде «жалқаулық» деген сөзді айтқызу біраз мейірімсіздік болып көрінеді, өйткені олар, тамақ ішуге кететін уақытты қоспағанда, толық 10 сағат бойы осындай жұмысқа, осындай жағдайға душар етілген... Бұл балалар көршілес деревнялардағы батрақтарға қарағанда жұмысты ұзағырақ істейді. «Бос жүріс пен азындық» деп осылай мейірімсіз айыптаушылықты барып тұрған кешелік. ең арсыз суркіялық деп масқаралау керек... Бұдан он екі жылдай бұрын, беделі жоғарылардың рұқсатымен шығып: фабриканттың барлық «таза пайдасы» еңбектің «соңғы сағатынан» туады, сондықтан жұмыс күнін бір сағат қысқартқан күнде барлық таза пайда құриды, деп жұрт алдында шынымен-ақ жар салғандардың білгішінген сөзіне таң қалған қоғамның бір бөлегі, — қоғамның осы бөлегі, дейміз біз, «соңғы сағаттың» шарапаттары жөніндегі тың жаңалықтың содан бері мейлінше кемеліне келгенін, енді бұл жаңалыққа «мораль» да, «пайда» да бірдей кіретінін, сондықтан бала еңбегінің ұзақтығы 10 сағатқа түсіріле қысқартылатын болса, қожайындардың таза пайдасымен бірге балалардың адамгершілік қасиеті де ғайып болатынын, өйткені мұның екеуі де нақ сол соңғы, «жазмыштары сағатқа» байланысты екенін көргенде, өз көзіне нана қояр ма екен («Reports of Insp. of Fact. for 31 st Oct 1848», p. 101). Нақ осы фабрикалық есепте онан кейін сол фабрикант мырзалардың «мораль» мен «ізілдіктерінің» үлгі-сымақтары, мүлде жуас аздаған жұмысшыларды осындай петицияларға күштеп қол қойғызу үшін, кейін бұл петицияларды парламент алдында тұтас өнеркәсіп тарауының, тұтас графтықтардың петициялары деп көрсету үшін олардың қолданған айла-шарғыларының, құлық-сұмдықтарының, алдау арбауларының, қорқытуларының, жалғандықтарының, т. т. үлгі-сымақтары келтірілген.— Экономикалық «рылым» дейтінін қазіргі кездегі жағдайың тән өзгеше — бір сипаты мына факт болып отыр: Сениордың өзі де, — ол, обалы не керек, кейіннен фабрикалық заңдардың батыл жақтап шықты, — оның бастапқы және ең соңғы кездегі дұшпандары да «тың жаңалықтың» жалған қорытындыларын байыптай білмеді. Олар фактлер мен тәжірибеге жүгінумен бана болды. Why және wherefore [қалай және неіктен] екеңі оларға құпия сыр болып қалды.

³³⁾ Алайда профессор мырза Манчестерде серуендеп қайтуының арқасында дегенмен біраз пайда көрді. «Letters on the Factory Act» деген еңбекте барлық таза табыс — «пайда» мен «процент», тіпті «something more» [«бұдан көбірек нәрсе» де] — жұмысшының ақы төленбеген бір жұмыс сағатына байланысты! Олдан бір жыл бұрын, Оксфорд студенттері мен оқымысты филистерлеріне арнап жазған «Outline of Political Economy» деген еңбегінде Сениор Рикардоның құнды жұмыс уақытымен анықтауына қарсы айтыса келіп, пайда капиталистің еңбегінен, ал процент оның аскегізімінен, оның «Absti-

фат» дабылын басты экономикалық мандариндердің бірі Джемс Уилсон 1848 жылғы 15 апрельде, он сағаттық жұмыс күні туралы заңға қарсы айтысқан кезінде лондондық «Economist»-ке қайтадан қақты.

4. ҚОСЫМША ӨНІМ

Қосымша құнды көрсететін өнім бөлегін (2-ші бөлімдегі мысалда 20 қадақ жіптің $\frac{1}{10}$ бөлегін, яки екі қадақ жіпті) біз қосымша өнім (surplus produce, produit net) деп атаймыз. Қосымша құн нормасы сол қосымша құнның капиталдың барлық сомасына қатынасымен емес, тек оның өзгермелі құрамдас бөліміне қатынасымен анықталатыны сияқты, қосымша өнімнің дәрежесі де оның барлық қалған өнімге қатынасымен емес, тек қажетті еңбекті көрсететін өнім бөлегіне қатынасымен анықталады. Қосымша құн өндіру капиталистік өндірістің шешуші мақсаты болып табылатыны сияқты, байлықтың дәрежесі де өнімнің абсолютті мөлшерімен емес, қосымша өнімнің относителді мөлшерімен өлшенеді³⁴⁾.

Қажетті еңбек пен қосымша еңбектің, жұмысшы өзінің жұмыс күшін өтейтін құн мен қосымша құн өндіретін уақыт мерзімдерінің сомасы оның жұмыс уақытының абсолютті мөлшері — жұмыс күні (working day) болып табылады.

пенз»-інен [«тежелуінен»] туады деп «тапқан» болатын. Қиыстырғаны ескі болса да, «Abstinence» деген сөзі жаңа еді. Рошер мырза оны неміс тіліне «Enthaltung» [«тежелу»] деген сөзбен дұрыс аударған. Бірақ оның латынмен таныстығы шамалы отандастары — Вирталар, Шульцгер және басқа Михальдер — «тежелу» дегенді монахтық «Entisagung» [«нәсіп тыю»] дегенге айналдырған.

³⁴⁾ «Жыл сайын 2 000 ф. ст. пайда келтіретін 20 000 ф. ст. капиталы бар адам үшін оның капиталы 100 адамға немесе 1 000 адамға жұмыс бере ме, өндірілген товары 10 000 я 20 000 фунт стерлингке сатыла ма, мұның ешбір келер-кетері жоқ, тек оның алатын пайдасы ешбір жағдайда да 2 000 фунт стерлингтен төмен түспесе болғаны. Бүкіл ұлттың нақты мүддесі де осындай емес пе? Тек оның нақты таза табысы, оның рентасы мен пайдасы өзгермесе болғаны, бұл ұлт 10 я 12 миллион адамнан тұра ма, оның ешбір келер-кетері жоқ» (Ricardo. «The Principles of Political Economy», 3 ed. London, 1821, p. 416) Рикардодан көп бұрын, қосымша өнімнің фанатигі, тегінде сыншылдық пікірі жоқ, мылжың жазушы, жаман атағы сіңірген еңбегіне қарама-қарсы адам Артур Юнг бірде былай деп жазған: «Жері барынша жақсы өңделгенімен, ол жер ертедегі римдіктердің үлгісі бойынша, ұсақ тәуелсіз шаруалардың арасында бөлініп отырған тұтас провинциядан осы заманғы мемлекет қандай пайда тапқашы? Кілең адам өрбітуден басқа («the mere purpose of breeding men») бұл жер қандай мақсатқа жеткізбесші, мұның өзінен-өзінің ешқандай мақсаты жоқ қой («is a most useless, purpose») (Arthur Young, «Political Arithemetic etc.» London, 1774, 47-бет).

^{34-ескертуге қосымша.} «Таза байлықты жұмысшы табана тымді деп көрсетуге... қатты бой ұрушылық ражан нәрсе болып көрінеді... Ал шындығында оның тымді бола алатыны оның таза байлық екендігі себепті еместігі мүлде айқын» (Th. Hopkins. «On Rent of Land. etc.» London, 1828, p. 126).

С Е Г І З І Н Ш І Т А Р А У

ЖҰМЫС КҮНІ

1. ЖҰМЫС КҮНІНІҢ ШЕГІ

Біз жұмыс күші өз құны бойынша сатып алынады және сатылады деп ұйғарғанбыз. Оның құны, басқа товар атаулының құны сияқты, өзін өндіруге қажетті жұмыс уақытымен анықталады. Демек, егер жұмысшының орта есеппен күн сайын тұтынатын тіршілік заттарын өндіру үшін 6 сағат керек болса, онда ол өзінің жұмыс күшін күн сайын өндіру үшін, яки оны сатқанда алынатын құнды ұдайы өндіру үшін күніне орта есеппен 6 сағат жұмыс істеуге тиіс. Бұлай болған күнде оның жұмыс күнінің қажетті бөлегі 6 сағат болады, сондықтан да ол, басқа өзгеріссіз барабар жағдайларда, белгілі мөлшер болып табылады. Бірақ дәл жұмыс күнінің мөлшері мұнымен анықтала қоймайды.

Мысал үшін а _____ b сызығы, айталық, 6 сағатқа тең қажетті жұмыс уақытының ұзақтығын, яки ұзындығын көрсетеді деп ұйғарайық. Еңбектің аб шегінен әрі 1, 3, 6 сағат, т. т. асатындығына қарай, біз 3 түрлі сызықты көреміз:

I жұмыс күні

a _____ b _____ c,

II жұмыс күні

a _____ b _____ c,

III жұмыс күні

a _____ b _____ c,

бұлар 7, 9 және 12 сағаттық үш түрлі жұмыс күнін көрсетеді. Мұнда ab сызығының жалғасы болып табылатын bc сызығы қосымша еңбектің ұзындығын көрсетеді. Жұмыс күні ab + bc-ға, яки ac-ке тең болғандықтан, ол өзгермелі bc мөлшерімен бірге өзгеріп отырады. Ал ab белгілі мөлшер болғандықтан, bc-нің ab-ға қатынасын әрқашан да өлшеуге болады. Бұл қатынас I жұмыс күнінде $\frac{1}{6}$, II жұмыс күнінде $\frac{3}{6}$, III жұмыс күнінде $\frac{6}{6}$ болады. Сонсын, қосымша жұмыс уақыты қатынасы қосымша күн нормасын анықтайтын болғандықтан, бұл

сызықтардың қатынасы белгілі деген күнде, қосымша күн нормасы анықтала қояды. Ол жоғарыда келтірілген үш түрлі жұмыс күнінде тиісінше $16\frac{2}{3}\%$, 50% және 100% болады. Мұның керісінше, қосымша күн нормасының бір өзі жұмыс күнінің мөлшерін бізге білдіре қоймас еді. Мәселен, ол 100% -ке тең болса, жұмыс күнінің ұзақтығы 8, 10, 12 сағат, т. с. болуы мүмкін. Ол жұмыс күнінің құрамдас екі бөлімінің, қажетті еңбек пен қосымша еңбектің, өз мөлшері жағынан тең екендігін көрсеткенімен, бұл бөлімдердің әрқайсысының шамасы қандай екенін көрсете қоймас еді.

Сонымен, жұмыс күні дегеніміз тұрақты мөлшер емес, өзгермелі мөлшер. Рас, оның бөлімдерінің бірі жұмысшының өзін ұдайы қалпына келтіріп отыру үшін қажетті жұмыс уақытымен анықталады, бірақ оның жалпы мөлшері қосымша еңбектің ұзындығымен, яки ұзақтығымен бірге өзгеріп отырады. Сондықтан жұмыс күнін анықтауға болады, бірақ өздігінен алғанда ол мәлімсіз мөлшер³⁵⁾.

Сөйтіп жұмыс күні тұрлаулы мөлшер емес, құбылмалы мөлшер болғанымен, екінші жағынан, ол белгілі шеңберде ғана өзгере алады. Алайда оның ең кіші шеңберін анықтау мүмкін емес. Рас, егер біз ab сызығының жалғасы болып табылатын bc сызығы, яки қосымша еңбек, 0-ге тең деп ұйғаратын болсақ, онда біз ең кіші шеңберді табамыз, атап айтқанда жұмысшы өз өмірін сақтау үшін сөзсіз істеуге тиіс болатын жұмыс күнінің бөлегін табамыз. Бірақ капиталистік өндіріс әдісі тұсында қажетті еңбек әрқашан да оның жұмыс күнінің бір бөлегі ғана болады, яғни жұмыс күні ешқашан да бұл минимумға дейін қысқармақшы емес. Оның есесіне жұмыс күнінде максимум шеңбер бар. Ол белгілі шектен әрі аса алмайды. Бұл максимум шек екі түрлі жолмен анықталады. Біріншіден, жұмыс күшінің табиғи шегімен анықталады. Адам табиғи ұзақтығы 24 сағатқа тең тәулік ішінде өмірлік күшінің белгілі мөлшерін ғана жұмсай алады. Мысалы, ат күн сайын тек 8 сағаттан ғана жұмыс істей алады. Тәуліктің бір бөлегінде күш тынығуға, ұйықтауға тиіс, тәуліктің екінші бөлегінде адам өз тәнінің басқа да керектерін қанағаттандыруға — тамақтануға, тазалық сақтауға, киінуге тиіс, т. т. Жұмыс күнін ұзарту осы кілең табиғи шеңберден басқа моральдық сипаттағы шеңберге барып тіреледі: жұмысшыға интеллектілік және әлеуметтік қажеттерін қанағаттандыратын уақыт қажет, ал оның қажеттерінің көлемі мен мөлшері мәдениеттің жалпы жағдайына қарай белгіленеді. Сондықтан жұмыс кү-

³⁵⁾ «Жұмыс күні — мәлімсіз мөлшер; оның ұзын немесе қысқа болуы мүмкін» («An Essay on Trade and Commerce: containing Observations on Taxes etc», London, 1770, p. 73).

нінде болатын өзгерістер табиғи шек пен әлеуметтік шектің шеңберінде болады. Бірақ бұл шеңберлердің қай-қайсысы болса да, өте созылмалы келеді және аса зор мүмкіндіктер туғызып отырады. Мәселен, біз 8, 10, 12, 14, 16, 18 сағаттық жұмыс күнін, яғни ұзындығы сан алуан жұмыс күнін кездестіріп отырамыз.

Капиталист жұмыс күшін оның күндік құны бойынша сатып алған. Оның бір күн ішіндегі тұтыну құны капиталистке тән. Сөйтіп ол жұмысшыға бір жұмыс күнінің өнбойында өзіне жұмыс істеткізуге право алған. Ал жұмыс күні дегеніміз не? ³⁶⁾ Қалай болған күнде де бұл өмірдің табиғи күнінен гөрі кемірек нәрсе. Қаншалық кем? Бұл *ultima Thule* * жөнінде, жұмыс күнінің қажетті шегі жөнінде капиталистің өз пікірі бар. Капиталист ретінде, ол — адам пішіндес капитал ғана. Оның жаны — капитал жаны. Ал капиталдың бірден-бір өмірлік талабы — ол өз құнын көбейтуге, қосымша күн жасауға, өзінің тұрақты бөлімі, өндіріс құрал-жабдықтары арқылы қосымша еңбек массасын өз бойына неғұрлым көбірек сіңіруге ұмтылу ³⁷⁾. Капитал дегеніміз жалмауыз сияқты, тірі еңбекті сорғанда ғана жанданатын және тірі еңбекті неғұрлым көп жұтқан сайын, соғұрлым қуаттана беретін өлі еңбек. Жұмысшы жұмыс істейтін уақыт капиталист өзі сатып алған жұмыс күшін тұтынатын уақыт болып табылады ³⁸⁾. Егер жұмысшы өз жұмыс уақытын өзіне тұтынатын болса, онда капиталисті тонаған болып шығады ³⁹⁾.

Сонымен, капиталист товар айырбасы заңына сүйенеді. Әрбір сатып алушы сияқты, ол да өз товарының тұтыну құнынан неғұрлым көбірек пайда түсіруге тырысады. Бірақ кенеттен жұмысшының даусы шығады, бұған дейін өндіріс процесінің у-шуы мен тарсыл-гүрсілі [*Sturm und Drang*] оны естіртпей келген еді.

Менің саған сатқан товарымның басқа қара-құрым товардан бір айырмашылығы, оның өзі тұтынылғанда күн жасайды,

³⁶⁾ Бұл сұрақ сэр Роберт Пильдің Бирмингем сауда палатасында: «Фунт стерлинг дегеніміз не?» — деп берген әйгілі сұрағынан гөрі өлшеусіз маңызды сұрақ, — Пильдің сұрағының қойылып отырған бір ғана себебі, Бирмингемдегі «little shilling men» ⁷⁷ сияқты, Пиль де ақшаның жаратылысын нашар түсінетін.

* — сөзбе-сөз: қиыр Фула; бұл арада бұл сөз ең ақырғы шегі деген мағынада қолданылып отыр. (Фула — ерте заманғылардың түсінігінше Еуропаның қиыр солтүстігінде болған аралдағы ел.) *Ред*

³⁷⁾ «Капиталистің міндеті — жұмсалған капиталдың көмегімен еңбек сомасын неғұрлым көбірек алуға» (*J. G. Courcelle-Seneuil. «Traité théorique et pratique des entreprises industrielles»*, 2ème edit. Paris, 1857, p. 62).

³⁸⁾ «Күніне бір еңбек сағатының жоғалуы сауда мемлекетіне орасан зор лұжсан келтіреді». «Бұл корольдіктегі кедей жұмысшылардың, әсіресе мануфактуралық халықтың сән-салтанат заттарын өте көп тұтынатындығы байқалады; оның бер жағында бұлар өз уақытын да тұтынады, бұл — тұтынудың барлық түрлерінің ішіндегі ең қатерлісі» («*An Essay on Trade and Commerce etc.*», London, 1770, p. 47, 153).

³⁹⁾ «Егер бос жұмысшы бір минут дем алатын болса, оны сабырсыздана бақылаушы дүниеқор экономия: жұмысшы мені тонап жатыр деп қаксай бастайды» («*N. Linquist. «Théorie des Loix Civiles etc.»*, London, 1767, t. II, p. 466).

онда да өз құнынан көбірек құн жасайды. Сенің оны сатып алуыңның себебі де сол. Саған капитал құнының көбеюі болып табылатын нәрсе мен үшін жұмыс күшін артық жұмсау болып шығады. Екеуіміздің рынокта білетініміз бір ғана заң: товар айырбасының заңы. Товарды тұтыну товарын басқаға өткізетін сатушының ісі емес, оны иеленетін сатып алушының ісі. Сондықтан менің күндік жұмыс күшімді тұтыну сенің қолыңда. Бірақ жұмыс күшімді күнделікті сатқанда алатын баға арқылы мен оны кейін қайтадан сататындай болу үшін бұл күшті күн сайын қалпына келтіріп отыруға тиіспін. Кәріліктің, т. т. салдарынан болатын табиғи тозуды былай қойғанда, мен ертен де нақ бүгінгідей қайратты, денім сау, ширақы боларлық қалыпты жағдайда жұмыс істей алатын болуым керек. Сен маған «үнемшілдік» пен «тежелу» інжілін ылғи уағыздап келесің. Жақсы. Естиярлы, ұқыпты қожайын сияқты, мен де өзімнің бірден-бір дәулетімді — жұмыс күшін сақтап, оны орынсыз ысырап етушіліктен тиылғым келеді. Мен бұл күшті оның қалыпты мерзім ішінде өмір сүруіне, қалыпты жолмен дамуына зиян етпейтіндей дәрежеде ғана күн сайын өзгермелі күйге келтіріп, қимылға, еңбекке айналдырып отырамын. Жұмыс күнін өлшеусіз ұзарту арқылы сен бір күнде менің жұмыс күшімді өзім үш күн ішінде қалпына келтіре алатынымнан гөрі көбірек іске қоса аласың. Сенің осылайша еңбектен ұтатыныңды мен еңбек субстациясынан жоғалтамын. Менің жұмыс күшімді пайдалану және оны талан-таражға салу — мүлде екі басқа нәрселер. Ақылға сиымды еңбек мөлшері тұсында орташа жұмысшы өмір сүре алатын орташа дәуір 30 жыл болады десек, онда менің жұмыс күшіме күн сайын сен төлейтін күн $\frac{1}{365 \times 30}$ -ге тең, яки оның барлық құнының $\frac{1}{10\ 950}$

бөлегіне тең. Ал егер сен оны 10 жылда тұтынатын болсаң және сен маған күн сайын оның барлық құнының $\frac{1}{3\ 650}$ бөлегі орнына $\frac{1}{10\ 950}$ бөлегін төлейтін болсаң, яғни оның күндік құнының $\frac{1}{3}$ -ін ғана төлейтін болсаң, онда сен, осылайша, күн сайын менің товарымның $\frac{2}{3}$ құнын ұрлап отырасың. Сен үш күндік жұмыс күшін тұтына тұрсаң да, маған бір күндік жұмыс күшіне ақы төлейсің. Бұл біздің договорымызға және товар айырбасының заңына қайшы келеді. Сонымен, мен қалыпты мерзімі бар жұмыс күнін талап етемін, талап еткенде сенің жүрегіңнен мейірімділік күтпеймін, өйткені ақша мәселесінде жүрек үнсіз қалады. Бәлкім сен үлгілі азамат-ақ шығарсың, тіпті жануарларға қамқорлық жасайтын қоғамның мүшесі де боларсың, оның үстіне қасиеттілік даңқың да болар, бірақ сенің маған әкеп телитін нәрсеңнің кеудесінде жүрек мейірімі деген болмайды. Егер мұнда бірдеңе соғып тұрған сияқты кө-

рінсе, ол менің өз жүрегімнің соғуы ғана. Менің қалыпты жұмыс күнін талап ететін себебім, әрбір басқа сатушы сияқты, мен де өз товарымның құнын талап етемін⁴⁰⁾.

Жұмыс күнінің тым созылмалы шектерін есепке алмайтын болсақ, товар айырбасы жаратылысының өзі жұмыс күні үшін ешқандай шек белгілемейтінін, демек қосымша еңбекке де ешқандай шек қоймайтынын көріп отырмыз. Капиталист жұмыс күнін ұзартуға және, мүмкін болса, бір жұмыс күнінен екі жұмыс күнін істеуге тырысқанда өзінің сатып алушылық правосын жүзеге асырады. Екінші жағынан, сатылатын товардың өзгеше жаратылысы оны сатып алушының тұтынуына шек қойғызады, сондықтан жұмысшы жұмыс күнін белгілі бір қалыпты мөлшермен шектеуге тырысқанда өзінің сатушылық правосын жүзеге асырады. Демек, бұл жерден антиномия келіп шығады, право правоға қарсы қойылады, оның бер жағында бұлардың екеуіне де товар айырбасы заңының беретін тізгіні бірдей. Екі бірдей тең право соқтығысқанда мұның тағдырын күш шешеді. Сонымен, капиталистік өндірістің тарихында жұмыс күнін нормалау ісі жұмыс күнінің шегі жолындағы күрес ретінде, — жиынтық капиталистің, яғни капиталистер табының, және жиынтық жұмысшының, яғни жұмысшы табының арасындағы күрес ретінде көрінеді.

2. ҚОСЫМША ЕҢБЕККЕ ТОЙЫМСЫЗ ҚҰНЫҒУШЫЛЫҚ. ФАБРИКАНТ ПЕН БОЯР

Қосымша еңбекті капитал ойлап шығарған жоқ. Қоғамның бір бөлегі өндіріс құрал-жабдықтарына монополиялы болып отырған жерлердің бәрінде ерікті немесе еріксіз қызметкер өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшісіне⁴¹⁾ арнап тіршілік заттарын өндіру үшін өз басын асырауға қажетті жұмыс уақытына үстеме жұмыс уақытын қосуға тиіс, ал бұл меншікші афин *καλος καταδς* [аксүйегі], этрус теократы, *civis romanus* [Рим азаматы], норман бароны, американ құл иесі, Валахия боярині, қазіргі кездегі лендлорд немесе капиталист бола ма, оның бәрібір⁴²⁾. Тегінде, бір айқын нәрсе, егер

⁴⁰⁾ Жұмыс күнін 9 саратқа дейін қысқартуды талап еткен Лондон құрылыс жұмысшыларының 1860—1861 жылдарда болған үлкен стачкасы кезінде олардың комитеті бәдін жұмысшының сөзімен дәл келерлік мәлімдеме жариялады. Бұл мәлімдемеде мынадай кекесін сөздер айтылған: «Құрылыс кәсіпкерлері» ішіндегі ең дүниеқорызы сэр М. Пито дейтін біреу «қасиеттілік атағына» ие болған. (Нақ сол Пито 1867 жылдан кейін Штраусбергтің аяғын күшті!)

⁴¹⁾ «Жұмыс істейтіндер... шынына келгенде... байлар деп аталатын пенсионерлерді де. ... өздерін де асырайды» (*Edmund Burke. «Thoughts and Details on Scarcity», London, 1800, p. 2, 3).*

⁴²⁾ Өзінің «*Römische Geschichte*» деген еңбегінде Нибуэр мынадай өтс аяғырт пікір айтады: «Жасыратыны жоқ, тіпті жарғышақ-жаңқа күйінде де кісіні таң қалдыратын этрус өрнек заттары сияқты заттар ұсақ (!) мемлекеттерде мырзалар мен құлдар болуын керек етеді». «Брюссель шілтерлері» қожайындар мен жалдама жұмысшылардың болуын керек етеді деп Сисмондидің айтқаны бұдан анағұрлым терең жатыр.

кандай да бір қоғамдық-экономикалық формацияда өнімнің айырбас құнының емес, тұтыну құнының маңызы басым болса, онда қосымша еңбек қажетсінудің азды-көпті шағын мөлшерімен тынады, бірақ өндірістің өзінің сипатынан қосымша еңбекті шексіз керек етушілік әлі туа қоймайды. Ерте заманда әңгіме айырбас құнын оның дербес ақшалай формасында шығаруға — алтын мен күміс өндіруге келіп тірелгенде шектен тыс еңбек сұмдық дәрежеге жетіп отырған. Мұнда қызметкерді өлтірмей тынбайтын зорлықты еңбек шектен тыс еңбектің ресми формасы болып табылады. Сицилиялық Дидорды оқыса да жеткілікті⁴³⁾. Алайда мұның өзі ерте заман дүниесіне тән ерекшеліктер. Бірақ өндірісі әлі де құлдық, барщиналық еңбектің, т. т. біршама төмен формаларында жүргізілетін халықтар капиталистік өндіріс әдісі үстемдік ететін және осы өндірістің өнімдерін шет елге сатуды негізгі мүдде ететін дүниежүзілік рынокқа тартылды дегенше-ақ құлдықтың, крепостнойлықтың, т. т. варварлық сұмдықтарына шектен тыс еңбектің цивилизациялық сұмдығы келіп қосылады. Сондықтан өндірістің мақсаты көбінесе адамның өз қажеттерін тікелей қанағаттандыру болып тұрған кезде американ одағының оңтүстік штаттарындағы негрлердің еңбегі баяу-патриархтық сипатта болды. Ал мақта экспорты бұл штаттар үшін өмірлік мүддеге айнала бастаған сайын, негрдің шектен тыс еңбегі кей кездерде оның өмірін жеті жылдық еңбек ішінде жалмауға дейін жетіп, есепке құрылған және есеп айыратын системаның факторына айнала берді. Мұндағы әңгіме енді одан белгілі мөлшерде пайдалы өнім сығып алуда емес еді. Әңгіме қосымша құнның өзін өндіруде болды. Барщиналық еңбектің жайы да, мысалы Дунай князьдіктерінде, нақ осылай болып отырды.

Дунай князьдіктерінде қосымша еңбекке тойымсыз құнығушылықты ағылшын фабрикаларындағы нақ осындай құнығумен салыстырудың өзі өте-мөте қызғылықты нәрсе, өйткені барщина тұсындағы қосымша еңбек дербес, айқын танымалы формада болады.

Айталық, жұмыс күні 6 сағаттық қажетті еңбектен және 6 сағаттық қосымша еңбектен құралған деп ұйғарайық. Бұлай болған күнде ерікті жұмысшының капиталиске апта сайын беретіні 6×6, яки 36 сағаттық қосымша еңбек болады. Бұл оның аптасына 3 күн өзі үшін, аптасына 3 күн капита-

⁴³⁾ «Өз тәнінің тазалығын немесе жалаңат тәнін бүркеуді ойлауға да мүмкіндігі жоқ осы бақытсыздарды» (Египет, Эфиопия және Аравия аралығындағы алтын кендерінде жұмыс істеушілерді) «көргенінде олардың ауыр тағдырына жаның ашымауы мүмкін емес. Өйткені мұнда ауру-сырқаттарға, мүгедектерге, қарттарға, әйелдің әлсіздігіне кеңшілік, аяушылық деген жоқ. Соғылған қамшының күштеуімен бәрі де жұмыс істеуге тиіс, ал оларды азап пен жоқшылықтан тек ажал ғана құтқара алады» («Diodor's von Sicilien historische Bibliothek», Buch 3, cap. 13).

лист үшін тегін жұмыс істеуімен бірдей. Бірақ жұмыс уақытының бұлайша жіктелуі байқалмайды. Қосымша еңбек пен қажетті еңбек мұнда жымдасып кеткен. Сондықтан мен нақ сол қатынастың өзін, мәселен, былайша да көрсеткен болар едім: жұмыстың әрбір минуттың ішінде өзі үшін 30 секунд, капиталист үшін 30 секунд жұмыс істейді, т. т. Ал барщиналық еңбектің жайы бұдан басқаша. Мәселен, Валахия шаруасының өз өмірін сақтау үшін атқаратын қажетті еңбегі оның боярға істейтін қосымша еңбегінен кеңістік жағынан бөлек жатыр. Бірінші еңбекті ол өзінің меншікті егістігінде, екінші еңбекті байбатшаның поместьесінде атқарады. Сондықтан жұмыс уақытының екі бөлегі де дербес, бірі мен бірі қатар келеді. Барщиналық еңбек формасында қосымша еңбек қажетті еңбектен дәлме-дәл бөлінген. Көріну формасындағы бұл айырмашылық қосымша еңбек пен қажетті еңбек арасындағы мөлшер қатынасын, анығында, ешбір өзгерте қоймайды. Апта ішіндегі үш күндік қосымша еңбек сол үш күндік еңбек күйінде қалады да, мұның өзі барщиналық еңбек бола ма, әлде жалдама еңбек бола ма, бәрібір жұмысшының өзі үшін эквивалент жасамайды. Бірақ капиталистің қосымша еңбекке тойымсыз құнығушылығы жұмыс күнін шексіз ұзарту әрекетінен көрінеді, ал боярында бұдан оңайлау: ол тікелей барщиналық күндерді қармайды ⁴⁴⁾.

Дунай князьдіктерінде заттай ренталармен және крепостнойлық халдің басқа да атрибуттарымен қосылған барщина, дегенмен, үстем тапқа төленіп отыратын негізгі алым-салық болды. Осылай болған жерлерде барщинаның крепостнойлық халден туғандығы сирек кездеседі, мұның керісінше, кәдімгі крепостнойлық халдің өзі барщинадан туып отырған ^{44а)}. Румын провинцияларында осылай болған. Олардың бастапқы өндіріс әдісі қауымдық меншікке негізделген-ді, бірақ бұл меншіктің формасы славяндық немесе индиялық форма емес еді. Қауымның мүшелері жердің бір бөлегін бос жеке меншік ретінде өз алдына дербес өңдейтін де, екінші бөлегін — *ager publicus* [қауымдық жерді] — олар бірлесіп өңдейтін. Осы бір-

⁴⁴⁾ Соңғысы румын провинцияларында Қырым соғысынан кейін болған төңкеріске дейін қалыптасқан жағдайға дәл келеді.

^{44а)} {3-ші басылуына ескерту. Германия, әсіресе Ост-Эльбальық Пруссия жөнінде де осыны айтуға болады. XV ғасырда неміс шаруасы барлық жерде дерлік өніммен және еңбегімен белгілі бір өтемісі жұмыс атқаруға міндетті бола тұрса да, жалпы алғанда, ең болмағанда іс жүзінде, ерікті адам болды. Бранденбургтің, Померанияның, Силезия мен Шығыс Пруссияның неміс колонистері заң жүзінде де еріктілер деп танылды. Шаруа соғысында жеңіп шыққан дворяндар мұны жоқ қылды. Оңтүстік Германиядағы жеңілеп шаруалардың қайтадан крепостнойларға айналғаны былай тұрсын, сонымен қатар XIV ғасырдың жартысынан бастап Шығыс Пруссияның, Бранденбургтің, Померания мен Силезияның, содан көп ұзамай Шлезинг-Гольштейннің де ерікті шаруалары крепостнойлардың жағдайына түсірілді. (Maurer. «Geschichte der Fronhöfe, der Bauernhöfe und Hofverfassung in Deutschland». Bd. IV; Meitzen. «Der Boden und die landwirtschaftlichen Verhältnisse des preussischen Staates nach dem Gebietsumfange vor 1866». Hanssen. «Leibeigenschaft in Schleswig-Holstein».) Ф. Э. }

лескен еңбек өнімдерінің бір бөлегі құрғақшылық және басқа кездейсоқ жағдайларға арналған резерв қор болатын да, бір бөлегі соғыс, шіркеу шығындарын және қауымның басқа да шығындарын өтеуге арналған мемлекеттік қор ретінде жұмсалатын. Келе-келе әскери және рухани шонжарлар қауымдық меншікпен бірге оған байланысты өтемелі жұмыстарды да басып алды. Ерікті шаруалардың өздерінің қауымдық жерлерінде істейтін еңбегі қауымдық жерді ұрлап алушыларға істелетін барщиналық еңбекке айналып кетті. Мұнымен бірге крепостнойлық қатынастар дамыды, алайда бұл заң жүзінде емес, іс жүзінде болды, кейін бүкіл дүниежүзілік «азат етуші» Россия крепостниктік правоны жою сылтауымен бұл қатынастарды заң күшіне енгізді. 1831 жылы орыс генералы Киселев жариялаған барщиналық жұмыстар кодексін, әрине, боярлардың өздері шығартқан болатын. Россия осылайша бір сілтегенде-ақ Дунай князьдіктеріндегі алпауыттарды өзіне қаратып алып, бүкіл Европадағы либерал тоғышарларға мақұлдата қол шапалақтатқызды.

«Règlement organique»⁷⁹ бойынша, барщиналық жұмыстардың бұл кодексі осылай аталады, Валахияның әрбір шаруасы барынша толық көрсетілген толып жатқан заттай міндеттерінің үстіне жер меншікшісі дейтінге тағы да мынадай жұмыс істеуге міндетті болған: 1) жұмыс сипаты көрсетілместен он екі жұмыс күні; 2) егіс даласында бір күн және 3) отын тасуға бір күн. Барлығы жылына 14 күн. Алайда саяси экономияны терең түсіне отырып жұмыс күні кәдімгі мағынасында алынбай, орташа күндік өнімді өндіруге қажетті жұмыс күні ретінде алынған; ал орташа күндік өнім мөлшерінің айлакерлікпен белгіленгендігі сондай, мұны тәулік ішінде бір де бір циклоп орындай алмас еді. Сондықтан «Règlement»-тің өзі мәнерсіз сөздер арқылы, нағыз орысқа тән мысқылмен: 12 жұмыс күні дегеніміз 36 күндік қол еңбегінің өнімі; егіс басындағы бір күндік жұмыс үш күн, отын таситын бір күн де үш күн болады деп түсіндіреді. Небәрі 42 барщиналық күн. Бірақ бұған «Jobagie» дейтін нәрсе, яғни өндірістің төтенше зәру қажеттері болып қалған жағдайларда жер иесіне көрсетілетін қызмет келіп қосылады. Өз халқының санына қарай әрбір деревня жыл сайын «Jobagie» ретінде белгілі бір мөлшерде жұмыс күштерін беріп отыруға тиіс. Осы қосымша барщиналық еңбек әрбір Валахия шаруасы үшін 14 күн болып белгіленген. Сонымен, міндетті барщиналық еңбек жыл сайын 56 жұмыс күні болып шығады. Ал Валахияда ауыл шаруашылық жылы, ауа райының нашарлығы салдарынан, небәрі 210 күн болады, мұның ішінен 40 күн жексенбі мен мейрам күндерін, орта есеппен 30 күн жауын-шашынды, барлығы 70 күнді шығарып

тастау керек. Сонда 140 жұмыс күні қалады. Барщиналық еңбектің қажетті еңбекке қатынасы — $\frac{56}{84}$, яки $66\frac{2}{3}$ процент, мұнда қосымша құн нормасы ағылшынның ауыл шаруашылық немесе фабрикалық жұмысшысының еңбегін сипаттайтын қосымша құн нормасынан анағұрлым кем екенін көрсетеді. Алайда бұл заң бойынша белгіленген барщиналық еңбек қана. Ал «Règlement organique» ағылшынның фабрикалық заңдарынан да асып түсетін «либералдық» жасап, өз жарлықтары аттап өтуге мүмкіндік береді. 12 күнді 56 күнге айналдырғаннан кейін, 56 барщиналық күннің әрқайсысындағы күндік номиналды жұмысты белгілегенде келесі күндерге сөзсіз үстеме еңбек жамалатындай етіп белгілейді. Мәселен, бір күн ішінде қопсытылуға тиісті жер учаскесінің көлемі сондай, бұл жұмысты орындауға, әсіресе жүгері егісінде, шындығында екі үсе көп уақыт керек болады. Ауыл шаруашылық жұмыстарының кейбір түрлері жөнінде заң бойынша белгіленген күндік тапсырманы майда басталып, октябрьде аяқталады деп түсінуге болады. Молдавия жөніндегі қаулылар бұдан да қатаң.

«Règlement organique» бойынша белгіленген он екі барщиналық күн, — деп лепіреді жеңіске мастанған бір бояр, — жылына 365 күн болады⁴⁵⁾.

Егер Дунай князьдіктерінде «Règlement organique» қосымша еңбекке тойымсыз құнығушылықтың, әрбір параграфта заң жүзінде қуатталған құнығушылықтың, құптаушы көрінісі болса, ағылшындарда фабрикалық заңдар нақ сол құнығушылықтың даттаушы көрінісі болып табылады. Бұл заңдар жұмыс күнінің шегін мемлекет тарапынан, мемлекет болғанда капиталист пен лендлорд билеп-төстеп отырған мемлекет тарапынан, құшпен белгілей отырып, капиталдың жұмыс күшін шексіз сорып алу әрекеттерін ауыздықтайды. Күн асқан сайын қатерлі бола бастап, қаулап өскен жұмысшы қозғалысы туралы айтпағанның өзінде, фабрикалық еңбекке шек қою нақ ағылшын егістіктеріне гуано төгуге себепкер болған қажеттіктен туған еді. Бірде жерді тозғындатқан, екінші ретте ұлттың өмірлік күшін мейлінше титықтатқан мылқау жыртқыштық та осылай. Германия мен Францияда солдаттар бойынның кемуі сияқты⁴⁶⁾, ауық-ауық қайталап отырған эпидемиялар да мұны анық сездірген-ді.

⁴⁵⁾ Мәселенің бұдан былайғы егжей-тегжейлерін мынадан табуға болады: *E. Regnaud. «Histoire politique et sociale des Principautés Danubiennes»*. Paris, 1855 [p. 304 sq.]

⁴⁶⁾ Жалпы алғанда бойдың орташа мөлшерден аса өсуі белгілі дәрежеде тірі жанның жетіле түскенін көрсетеді... Егер табиғи немесе әлеуметтік жағдайлар арқылы тәнің саулығына нұқсан келтіретін болса, онда адамның бойы кішкередей... Конскрипциясы бар еуропалық елдердің бәрінде сол енгізілген күннен бастап еркектердің орташа бойы және оның әскери қызметке жалпы жарамдылығы кемиді. Революцияға дейін (1789) Францияда жаяу әскер үшін белгіленген минимум 165 см еді, 1818 жылы (10 марттағы заң) 157, 1832 жылғы 21 марттағы заң бойынша 156 см болды. Францияда орта есеппен алғанда әскерге шақырылатындардың жартысынан көбі бойларының аласалығынан және басқа тән кемістігінен жарамсыз деп танылады. Саксонияда минимум

Қазір (1867) қолданылып отырған 1850 жылғы фабрикалық заң апта ішіндегі орташа жұмыс күнін 10 сағат етіп белгілеген-ді, атап айтқанда аптаның алғашқы 5 күнінде 12 сағаттан, таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 6-ға дейін,—оның бержағында бұл уақыттың есебінен заң бойынша $\frac{1}{2}$ сағат сәскелік тамаққа, 1 сағат түскі тамаққа жұмсалуға тиіс, сонда $10\frac{1}{2}$ жұмыс сағаты қалады,—және сенбіде 8 сағат, таңертеңгі сағат 6-дан күндізгі сағат 2-ге дейін, мұның $\frac{1}{6}$ сағаты сәскелікке жұмсалады. Қалатыны 60 жұмыс сағаты, бұл аптаның алғашқы бес күніне $10\frac{1}{2}$ сағаттан, аптаның ақырғы күніне $7\frac{1}{2}$ сағат болып келеді ⁴⁷⁾. Осы заңның орындалуын бақылайтын айрықша бақылаушылар, ішкі істер министрлігіне тікелей бағынатын фабрика инспекторлары тағайындалған, парламент бұлардың есептерін жарты жылда бір рет жариялап отырады. Сөйтіп, бұлар қосымша еңбекке капиталистердің құнығуы жөнінде түпкілікті және ресми статистикалық мәліметтер беріп отырады.

Ал енді бір сәт фабрика инспекторларын тыңдап көрейік ⁴⁸⁾.

«Алдауға бой ұратын фабрикант жұмысты таңертеңгі сағат 6-дан ширек сағат — кейде ширек сағаттан көп, кейде аз — ерте бастайды да, бұл жұмысты кешкі сағат 6-дан ширек сағат — кейде бұдан көп, кейде аз — кеш аяқтайды. Ол сәскелікке арналған жарты сағаттың бас-аяғынан 5 минуттан жырып алып, түскі тамаққа арналған бір сағаттың бас-аяғынан 10 минуттан жымқырып қалады. Сенбі күні оның жұмысы күндізгі сағат екіден ширек сағат — кейде ширек сағаттан көп, кейде аз — кеш аяқталады. Сөйтіп оның ұтатыны:

1780 жылы 178 см еді, енді 155 см. Пруссияда қазір 157 см. Доктор Мейердің 1862 жылғы 9 майдағы «Bayrische Zeitung» газетінде басылған мәлімдемелеріне қарағанда, Пруссияда 9 жыл уақыт ішінде орта есеппен алғанда 1 000 рекруттан 716 адам әскери қызметке жарамсыз деп танылыпты: 317 адам бойларының аласалығынан және 399 адам тән кемістігінен алынбапты... 1858 жылы Берлин рекруттарды тиісті мөлшерде бере алмады: 156 адам жетпей қалды» (*J. v. Liebig. «Die Chemie in ihrer Anwendung auf Agrikultur und Physiologie». 7. Aufl., 1862, Band I, S. 117, 118.*)

⁴⁷⁾ 1850 жылғы фабрикалық заңның тарихы осы тараудың бұдан былайғы желісінде баяндалады.

⁴⁸⁾ Англияда ірі өнеркәсіп пайда болғаннан бастап 1845 жылға дейінгі дәуірді мен тек кей жерлерде ғана сөз қыламын, сондықтан бұл дәуірмен танысу үшін оқушыны мына кітапқа сілтеймін: *Ф. Энгельс: «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы». Лейпциг, 1845 [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 2-том]. Капиталистік өндіріс әдісінің рухын Энгельстің өте терен түсінгендігін 1845 жылдан кейін жарыққа шыққан фабрика инспекторларының есептері, кен инспекторларының есептері, т. т. айқын көрсетеді; ал енді жұмысшы табы жағдайының егжей-тегжейін оның тамаша жақсы суреттегендігі оның еңбегін 18—20 жыл өткеннен кейін барып жарыққа шыққан Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі комиссияның (1863—1867) ресми есептерімен тиіті үстірт салыстырғаннан өзінде-ақ анық көрінеді. Бұл есептерде фабрикалық заңдар 1862 жылға дейін енгізілмеген, шінара қазірде де енгізілмей отырған өнеркәсіп тараулары туралы айтылады. Сонымен, бұл тарауларда Энгельс суреттеген жағдайға сырттан азды-көпті елеулі өзгерістер енгізіле қойған жоқ. Менің мысалдарым көбінесе 1848 жылдан кейінгі еркін сауда дәуіріне қатысты, еркін сауда идеяларын таратушы әрі мылжын, әрі ғылымынан кенже қалған адамдардан немістердің құлағына мың сан рет шалынған ұжмақы дәуірге қатысты.— Айтпа кетейін, бұл жерде Англияның бірінші орында көрсетіліп отырған себебі тек мынау ғана: ол—капиталистік өндірістің үздік өкілі және баяндалып отырған мәселелер жөнінде үздіксіз ресми статистика тек соның қолында ғана бар*

Таңертеңгі сағат 6-ға дейін	15 минут	} Барлығы 5 күнде 300 минут.
Кешкі сағат 6-дан кейін	15 »	
Сәскелік уақытынан	10 »	
Түстік уақытынан	20 »	
	60 минут	

Сенбі күндері:

Таңертеңгі сағат 6-ға дейін	15 минут	} Барлығы 40 минут
Сәскелік уақытынан	10 »	
Күндізгі сағат 2-ден кейін	15 »	

Бұл аптасына 5 сағат 40 минут болады, мұны 50 жұмыс аптасына көбейткенде және мейрамдар мен жұмыстағы кездейсоқ үзілістерге кететін 2 аптаны алып тастағанда, 27 жұмыс күні болып шығады⁴⁹⁾.

«Егер жұмыс күні күн сайын 5 минут ұзаратын болса, онда бұл жылына $2\frac{1}{2}$ жұмыс күні болып шығады⁵⁰⁾. «Күніне уақытты әр жер-әр жерден осылайша жұлымдау арқылы алынатын басы артық бір сағат жыл ішіндегі 12 айды 13 айға айналдырады⁵¹⁾.

Өндіріс үзіліске ұшырап, жұмыс «толық емес уақыт» ішінде ғана, аптасына бірнеше күннен ғана істелетін кездегі дағдарыстар жұмыс күнін ұзарту жөніндегі әрекетті, әрине, ешбір өзгерте қоймайды. Іс неғұрлым көбірек қысқарған болса, әр істен түсетін түсім де соғұрлым көп болуға тиіс. Жұмыс неғұрлым аз уақыт ішінде істелетін болса, қосымша жұмыс уақыты соғұрлым ұзағырақ болуға тиіс. 1857—1858 жылдардағы дағдарыс дәуірі туралы фабрика инспекторлары мынаны хабарлайды.

«Сауда сондай нашар жүріп жатқан уақытта шектен тыс еңбектің болуының өзі неғайбыл нәрсе көрінуі мүмкін, бірақ сауда ісінің нашарлығы арсыз адамдарды заңды бұзушылыққа итермелейді; олар осылайша өздеріне үстемей пайда түсіріп отырады...» «Менің округымдағы,— дейді Леонард Хорнер,— 122 фабрика мүлде өмір сүруден қалып. 143 фабрика істен шығып, ал қалғандарының бәрі толық емес уақыт ішінде ғана жұмыс істеп отырған кезде, дәл осы кезде заң бойынша белгіленген жұмыс уақытын бұзушылық бұрынғыша өріс алуда⁵²⁾. Фабрикалардың көпшілігі,— дейді Хауэлл мырза,— іс жағдайының нашарлығынан жартылай уақыт қана істейтін болса да, заң бойынша тамақтануға және тынығуға белгіленген уақытқа қол сұғу арқылы жұмысшылардан күн сайын $\frac{1}{2}$ немесе $\frac{3}{4}$ сағат уақыттың жымқырылатындығы (snatched) жөнінде маған бұрынғысынанша шағымдар түсіп жатады⁵³⁾.

⁴⁹⁾ «Suggestions etc. by Mr. L. Horner, Inspector of Factories», in «Factories Regulation Acts. Ordered by the House of Commons to be printed 9 August 1859», p. 4, 5.

⁵⁰⁾ «Reports of the Insp. of Fact. for the half year, October 1856», p. 35.

⁵¹⁾ «Reports etc. 30th April 1858», p. 9.

⁵²⁾ «Reports etc. 30th April 1858», p. 10.

⁵³⁾ Бұл да сонда, 25-бет.

1861 жылдан 1865 жылға дейінгі сұрапыл мақта дағдарысы кезінде нақ осындай жағдай мұнан гөрі шамалы мөлшерде қайталанып отырды⁵⁴⁾.

«Егер біз түскі тамақ кезінде немесе жұмыс істеуге арналмаған басқа бір уақытта жұмысшылардың жұмыс істеп жатқанын көрсек, бізге дәлел ететіні: олар фабрикадан ешбір кеткісі келмейді, сондықтан оларға, әсіресе сенбі күні кешке, жұмысты (машина тазалауды, т. т.) еріксіз тоқтатқызу керек болады деседі. Ал егер «жұмыс қолдары» машиналар тоқтағаннан кейін де фабрикада қалып қоятын болса, мұның бір ғана себебі — таңертеңгі сағат 6 мен кешкі сағат 6 арасында, заң бойынша белгіленген жұмыс сағаттарында, оларға мұндай жұмыстарды орындау үшін уақыт берілмейді»⁵⁵⁾.

«Заң бойынша белгіленген уақыттан тысқары істелетін еңбектен түсетін үстеме пайда көптеген фабриканттарды тым қатты қызықтыратыны сондай, олардың бұған берілмеуі мүмкін емес. Олар ұрлығымыз ашылмас деп ойлайды, тіпті әйгіленіп қалған күнде де, төленетін ақшалай айыптар мен сот шығындарының мардымсыздығы себепті сайып келгенде бәрібір олжалы болып шығамыз деп дәмеленеді»⁵⁶⁾. «Қосымша уақыт бір күн ішінде жасалатын ұсақ ұрлықтарды («a multiplication of small thefts») бір-біріне қосу арқылы құралатын реттерде, заңды бұзушылық жөнінде дәлелдеме алғысы келген инспекторлар шегіне жетіп болмайтындай қиыншылықтарға кездеседі»⁵⁷⁾.

Жұмысшылардың тамақ ішу уақыты мен демалыс уақытының есебінен капитал жасайтын бұл «ұсақ ұрлықтарды» фабрика инспекторлары «petty pilferings of minutes», минут ұрлау⁵⁸⁾, «snatching a few minutes», минут жырымдау⁵⁹⁾ немесе, жұмысшылардың техникалық тілімен айтқанда, «piб-

⁵⁴⁾ «Reports etc. for the half-year ending 30th April 1861». № 2 қосымшаны қараңыз: «Reports etc. 31st October 1862», p. 7, 52, 53. Мұнда жұмыс тәртібін бұзушылық 1863 жылдың екінші жартысында жиі кездеседі. Салыстырыңыз: «Reports etc. ending 31st October 1863», p. 7.

⁵⁵⁾ «Reports etc. 31st October 1860», p. 23. Фабриканттардың сотта берген жауабына қарағанда, фабрикадағы жұмыста қандай да болсын үзіліс жасауға олардың фабрикалық қолдарының асқан фанатизммен қарсыласып бағатындығы төмендегі сорақы жағдайдан көрінеді. 1836 жылғы июньнің бас кезінде Дьюсберидегі (Йоркшир) судьяға Батли маңындағы үлкен-үлкен 8 фабриканың иелері фабрикалық заңды бұзды деп хабарлаған. Бұл мырзалардың бірсыпырасына тағылған айып сол, олар 12—15 жастағы бес балаға жұма күні таңертеңгі сағат 6-дан бастап сенбі күнгі күндізгі сағат 4-ке дейін жұмыс істеткізген, тамақ ішуге кеткен уақыт пен түн ортасындағы бір сағат ұйқыны қоспағанда, оларға титтей де дем алыс бермеген. Сөйтіп бұл балалар «shoddy hole» дейтіннің ішінде үздіксіз 30 сағат бойы жұмыс істеуге тиіс болған; ішінде жүн-жұрқа түгілетін лашық осылай аталады; оның ішіндегі ауада шаң-тозаңның қылқыбырдың, т. т. қаптап кеткендігі соншалық, тіпті ересек жұмысшылар да өкпелерін аман сақтау үшін ауыздарын үнемі қол орамалмен таңып алып жүреді! Айыпкер мырзалар ант ішудің орнына, — квакерлер ретінде тым тақуа-діншіл адамдар болғандықтан олар қайдан ант іше қойсын, — асқан мейірімділік жасап балаларға 4 сағат бойы ұйықтауға рұқсат берер-ақ едік, бірақ қасарысқан немелер әсте төсектеріне жатқылары келмейді деп безектеген! Квакер мырзаларға 20 ф. ст. штраф салынды. Драйден бұл квакерлердің сырын біледі екен:

«Мүләйімсіп түлкіңіз қу боп алған,
Келекеден қысылып сөйлер жалған.
Оразамыл сопыға ұқсап барып,
Дұға оқып боп, жасайды қунахарлық!»⁶⁰⁾

⁵⁶⁾ «Reports etc. 31st October 1856», p. 34.

⁵⁷⁾ «Reports etc. 31st October 1856», p. 35.

⁵⁸⁾ Бұл да сонда, 48 бет.

⁵⁹⁾ Бұл да сонда.

bling and cribbling at meal times» [тамақ ішуге арналған уақыттан үзіп-жұлу, қырнап алу]⁶⁰⁾ деп атайды.

Мұндай жағдайда қосымша құнның қосымша еңбек арқылы жасалатындығы құпия сыр болмайтынын көріп отырмаз.

«Егер сіз,— деді маған бір жолы аса қадірлі бір фабрикант,— жұмысшыларға белгіленген уақыттан тысқары күн сайын небәрі 10 минут қана жұмыс істегізуге маған рұқсат берсеңіз, онда жылына менің қалтама 1 000 ф. ст. салған болар едіңіз»⁶¹⁾. «Уақыт атомдары пайда элементтері болып табылады»⁶²⁾.

Бұл жөнінде толық уақыт жұмыс істейтін жұмысшыларды «full times» [«толық уақыт»], 6 сағаттан ғана жұмыс істеуге рұқсат етілген 13 жасқа дейінгі балаларды «half times» [«жартылай уақыт»] деп атаудың өзі өте-мөте сипатты нәрсе⁶³⁾. Бұл жерде жұмысшы адам пішіндес жұмыс уақытынан басқа түк те емес. Барлық жеке айырмашылықтардың бәрі «Vollzeitler» [«толық уақыт жұмыс істейтін жұмысшы»] және «Halbzeitler» [«жартылай уақыт жұмыс істейтін жұмысшы»] арасындағы айырмашылыққа келіп тіреледі.

3. АНГЛИЯНЫҢ ЗАҢ ҚАНАУҒА ШЕК ҚОЙМАҒАН ӨНЕРКӘСІП ТАРАУЛАРЫ

Бұған дейін біз бір саланы алып, мұнда жұмыс күнін ұзартуға ұмтылушылықты, қосымша еңбекке деген нағыз айуандық қомағайлықты байқадық, бұл саладағы шексіз қиянаттар, ағылшынның бір буржуазиялық экономисінің айтуынша, Америка қызыл түстілері жөнінде испандардың істеген қаталдықтарынан⁶⁴⁾ кем түспейтін қиянаттар, ақырында келіп, капиталға заңды тәртіп бұғауын кигізуді қажет еткенін көрдік. Ал енді өндірістің басқа бір тарауларына, жұмыс күшін сорып алу не қазірде де ешбір тежелмеген, не тіпті кешегі күнге дейін ешбір тежелмей келген тарауларға зер салайық.

«Графтықтың бітістіруші судьясы Бротон мырза Ноттингем қалалық үйінде 1860 жылғы 14 январьда болған митингінің председателі ретінде былай деді: шілтер өндірісінде істейтін қала халқының бір бөлегі арасында

⁶⁰⁾ «Reports etc. 31st October 1856», p. 35.

⁶¹⁾ Бұл да сонда.

⁶²⁾ «Reports of the Insp. etc. 30 th April 1860», p. 56

⁶³⁾ Бұл сөздер фабрикада да, фабрикалық есептерде де ресми азаматтық право алып қолданылып жүр.

⁶⁴⁾ «Американы жаулап аларда алтынның қызығына түскен испандардың қаталдықтары пайданың қызығына түскен қомағай фабриканттардың қаталдықтарынан асып түсе қоймас» (John Wade. «History of the Middle and Working Classes», 3rd ed. London, 1835, p. 114). Бұл кітаптың теориялық бөлімінде, саяси экономияның өзінше бір очеркінде, өз заманына сай кейбір тың пікірлер бар, мысалы, сауда дағдарыстары жөніндегі көзқарас осылай. Ал тарихи бөлімін алатын болсақ, мұның өзі Sir M. Eden-нің: «The State of the Poor», London, 1797, деген кітабынан алынған арсыздық ұрлық болып табылады.

қайыршылық пен жоқшылықтың асқынып кеткені соншалық, басқа жердегі цивилизациялы әлем мұндай нәрсені мүлде білмейді... Таңертеңгі 2, 3, 4 сағат кезінде 9—10 жасар балаларды кір-ылас төсектерінен тұрғызып алып, ауыз жарымайтын жалғыз тамақ үшін түнгі 10, 11, 12 сағатқа дейін жұмыс істеміз, осының салдарынан олардың аяқ-қолдары жұмыс істеуден қалады, денесі суалып, бет пішіні топас тартып, тұла бойы меңіреу енжар калыпта қатып-семедей, осы сыйқының өзі-ақ үрейінді ұшырады. Маллетт мырзаның және басқа фабриканттардың жалпы жарыссөз атаулыға қарсы наразылық білдіргені бізге таңданарлық нәрсе емес... Дегдар Монтегю Валли мырзаның суреттегені сияқты система — тежеусіз құлдықтың, әлеуметтік, теңдік, моральдік және интеллектілік құлдықтың системасы... Еркектердің жұмыс уақыты тәулігіне 18 сағатпен шектелсін деп өтініш жасау мақсатымен бұқаралық митинг шақырған қала туралы не айтарсың!.. Виргиния мен Каролина плантаторларына қарсы тақпақтар айтқанда ағылып кетеміз. Сонда олардың дурелсу және адам етін саудаға салу сұмдықтарын түгел қоса алғанда, негрлермен сауда жасауы адамды осындағыша ұзақ азаптап өлтіруден жеркөнішті болып па, бұл қылмыс капиталистердің пайдасына бола перде мен жаға жасау үшін күннен-күнге істеліп отырған жоқ па?»⁶⁵)

Стаффордширдің қыш құмыра өндірісі (Pottery) соңғы 22 жылдың ішінде парламент тарапынан үш қайтара тексерілді. Бұл тексерулердің нәтижелері 1841 жылы Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі Комиссия тапсырған Скривен мырзаның есебінде, д-р Гринхаудың 1860 жылғы, Күпия советтің медицина инспекторының жарлығы бойынша жарияланған есебінде («Public Health, 3rd Report», I, 102—113) және, ақырында, Лондж мырзаның 1863 жылғы есебінде, 1863 жылғы 13 июндегі «First Report of the Children's Employment Commission»-ға басылған есебінде баяндалған. Менің міндетім — 1860 және 1863 жылдардағы есептерден қанауға ұшыраған балалардың өздерінің бірнеше куәлік жауаптарын келтірсем болғаны. Балалардың жағдайы қандай екеніне қарап, ересектердің, әсіресе қыздар мен әйелдердің жағдайы туралы қорытынды жасауға болады, ал бұлар істейтін өнеркәсіп тарауымен салыстырғанда мақта жіп иіру, т. с. аса ұнамды және дұрыс кәсіп болып көрінуі мүмкін⁶⁶).

Тоғыз жасар Уильям Вуд «жасы 7-ге толып, 10 ай асқанда жұмыс істей бастаған». Алғашында ол «gan moulds» (жасалып шыққан товарды қалыпқа салған бойда кептіргішке апаратын екен де, одан бос қалыптарды қайта әкеледі екен). Ол күн сайын таңертеңгі сағат 6-да келеді де, шамамен алғанда кешкі сағат 9-да бітіреді. «Мен бүкіл апта бойы күн сайын кешкі сағат 9-ға дейін істеймін. Мәселен, соңғы 7—8 аптаның ішінде осылай болды». Сонымен, жеті жасар балаға он бес сағаттық еңбек жүктелген! Он екі жасар бала Дж. Марридің жауабы:

⁶⁵) Лондондағы «Daily Telegraph» 17 январь, 1860 ж.

⁶⁶) Салыстырыңыз: Ф. Энгельс: «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы». Лейпциг, 1845, 249—251-беттер. [Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 2-том, 430—432-беттер].

«J run moulds and turn jigger» («мен [калып тасымын және] тегершік айналдырамын»). «Мен таңертеңгі сағат 6-да, кейде 4-те келемін. Соңғы түні түгелдей бүгін таңертеңгі сағат 6-ға дейін жұмыс істедім. Алдыңғы түннен бері ұйқы бетін көрген жоқпын. Менен басқа 8—9 бала соңғы түні таң атқанша жұмыс істеді. Біреуінен басқасының бәрі бүгін таңертең тағы да келді. Мен аптасына 3 шиллинг 6 пенни аламын (1 талер 5 бақыр). Мен түні бойы үзіліссіз жұмыс істесем де маған ештеңе қоспайды. Соңғы аптада мен екі түн жұмыс істедім». Ол жасар бала Фернихаф: «Тамаққа деген бір сағат уақытты үнемі толық пайдалана бермеймін, көбінесе — жарты сағат қана беріледі, әрбір бейсенбі, жұма және сенбі сайын осылай болады»⁶⁷).

Доктор Гринхаудың айтуынша, қыш құмыра жасайтын Сток-он-Трент және Вулстантон округтарында адамның өмірі өте қысқа келеді. 20 жастан асқан еркектердің ішінде қыш құмыра өндірісінде істейтіндер Сток округында небәрі 36,6%, ал Вулстантонда небәрі 30,4% бола тұрса да, осы құралпы еркектерден көкірек ауруынан өлгендердің ішінде бірінші округта жартысынан көбірегі, ал екінші округта $\frac{2}{3}$ бөлегіне жуығы құмырашылар. Доктор Бутройд, Хенлиде ауру емдейтін дәрігер былай дейді:

«Құмырашылардың әрбір кейінгі ұрпағы алдыңғы ұрпақтан бойлары айрықша аласа, денсаулығы нашарлау болып келеді».

Дәл сол сияқты екінші бір дәрігер, Мак-Бин мырза, былай дейді:

«Мен құмырашылар арасында ауру емдеп жүргелі бері,— бұл осыдан 25 жыл бұрын басталған еді,— бұл таптың азғындауының көзге түсерлік бір белгісі бойларының тез өшіп, салмақтарының кеми бастауында болып отыр».

Бұл жауаптар Гринхаудың 1860 жылғы есебінен алынған⁶⁸).

Біз 1863 жылғы комиссия мүшелерінің есебінен төмендегі мәліметтерді келтіреміз. Доктор Дж. Т. Арледж, солтүстік Стаффордшир ауруханасының бас дәрігері, былай дейді:

«Тап ретінде еркек, әйел құмырашылар... күш-қайрат жағынан да, моральдық жағынан да азғындап бара жатқан халық. Олар әдетте аласа, дене бітімі нашар келеді және екінің бірінде кеуде сүйегі майысып еңкіш тартады. Олар мезгілсіз қартаяды да, ұзақ жасамайды; болбыр және қаны аз болғандықтан, дене бітімінің нашарлығынан олар ұстамалы диспенсия ауруынан қатты мегдейді, бүйрек-бауыры жөнді істемейтін болады. ревматизммен ауырады. Бірақ көбінесе олар өкпе ауруы, құрт ауруы, бронхит және демікпе (астма) сияқты көкірек ауруларына жиі шалдыққыш келеді. Демікпе ауруының бір формасы тек осылардың кәсібіне ғана байланысты ауру және мұның өзі құмырашылар демікпесі, яки құмырашылар құрт

⁶⁷) «Children's Employment Commission. First Report etc.», 1863, Appendix, p. 16, 19, 18.

⁶⁸) «Public Health. 3 rd Report etc.», p. 103, 105.

ауруы деп аталып кеткен. Безге, сүйекке және басқа тән мүшелеріне зардабын жаятын мысқыл ауруы құмырашылардың үштен екі бөлегінен көбірегін шарпыған. Егер бұл округтағы халықтың азғындауы (degenerescence) әлі мықтап етек ала қоймаған болса, мұның бір ғана себебі — көршілес жерлерден жаңа элементтердің ағылып келіп отыратындығынан және денсаулығы тәуірлеу халықпен неке жасалатындығынан».

Жуырда ғана нақ сол аурухананың дәрігері болған Чарлз Парсонс мырза комиссия мүшесі Лонджға жазған бір хатында, мәселен, мынаны хабарлайды:

«Мен статистикалық мәліметтер бойынша емес, өз көзіммен көргенімді ғана айта аламын, әйтеуір сізді иландыра алатын бәр жағдай, осы бақытсыз балаларды көргенде бойымды қайта-қайта ашу-ыза кернейді, өйткені бұлардың денсаулығы өз ата-аналары мен жұмыс берушілердің обырлығына құрбан етіліп отыр».

Ол құмырашылар арасындағы ауру-сырқаудың себептерін атап өтеді де, қорытындысында ең басты себеп деп — «long hours» («ұзақ жұмыс сағаттарын») атайды. Комиссияның есебінде мынадай сенім білдірілген

«бүкіл әлем алдында осындай көрнекті жағдайға не болып отырған мануфактура өзінің келемі табыстарымен қатар орын алып отырған масқара фактіге, жұмысшылардың күш-қайрат жағынан азғындауы, сан алуан азап-қасіреттері, мезгілсіз өлуі сияқты нәрселерге ендігі жерде төзе қоймас дейміз, өйткені осыншалық ірі табыстарға сол жұмысшылардың еңбегі мен өнері арқасында қол жетіп отыр ғой»⁶⁹⁾.

Бұл жерде Англияның қыш құмыра өндірісі туралы айтылғандар Шотландияның қыш құмыра өндірісіне де деп келеді⁷⁰⁾.

Сіріңке мануфактурасы 1833 жылдан, сіріңкеге фосфор жапсыру әдісі табылған кезден басталады. 1845 жылдан бері ол Англияда тез өркендей бастап, Лондонның халқы жиі жерлерінен Манчестерге, Бирмингемге, Ливерпульге, Бристольге, Нориджге, Ньюкаслге, Глазгоға жайылды; мұнымен бірге шайнау бұлшық еттерінің спазмасы да тез тарады, мұны 1845 жылдың өзінде-ақ Венаның бір дәрігері сіріңке өндірісінде істейтін жұмысшылардың дербес ауруы деп анықтаған болатын. Жұмысшылардың жартысы 13 жасқа толмаған балалар және 18-ге толмаған жас өспірімдер. Бұл мануфактураның жұмысшылардың денсаулығына ететін зиянды әсерінен және жеркөшісті жағдайларымен мәлім болғаны соншалық, бұған жұмысшы табының ең бақытсыз бөлегі ғана—ашыққан жесірлер, т. т.— өз балаларын, «алба-жұлба, аштықтан өлуге таянған, ешбір қараусыз қалған, тәрбие дегеннен мақұрым қалған

⁶⁹⁾ «Children's Employment Commission», 1863, p. 22, 24, XI.

⁷⁰⁾ Бұл да сонда, XLVII бет.

балаларын»⁷¹⁾ береді. Комиссия мүшесі Уайт тындаған (1863 ж.) куэлардың ішінде 270 адам 18 жасқа жетпегендер, 40 адам 10 жасқа толмағандар, 10 адам тек 8 жасар, 5 адам тек 6 жасар балалар. Ұзақтығы 12-14 және 15 сағат арасында ауытқып отыратын жұмыс күні, түнгі еңбек, мезгілімен тамақтанбау, тамақты көбінесе фосформен уланған мастерскойларда ішуге тура келеді. Данте өз қиялымен суреттеген дозақтың күллі сұмдық көріністері мануфактураның осы тарауындағы сұрапыл жағдайлардан кем түсіп жатқанын көрген болар еді.

Обой фабрикасында неғұрлым тұрпайы сорттары машинамен басылады, неғұрлым биязы сорттары қолмен басылады (block printing). Өндірістің өте-мөте жанданатын кезі октябрьдің басынан апрельдің аяғына дейінгі кез. Осы мерзім ішінде жұмыс көбінесе таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 10-ға дейін, тіпті одан да әрі, түн ортасына дейін созылады, онда да ешбір үзіліссіз дерлік жүргізіледі.

Дж. Личтің жауабы: «Өткен қыста» (1862 ж.) «19 қыздан 6 қыз шектен тыс еңбектен ауырып қалып, жұмыста болмады. Олардың ұйықтап кетпеуі үшін мен оларға үнемі айқайлап тұруға тиіспін». У. Даффина: «Қатты қалжыраған балалар көбінесе көздерін аша алмайтын еді; шынына келгенде біздің өзіміз де скінің бірінде бұған зрең шыдайтынбыз». Дж. Лайтборн: «Менің жасым 13-те... Өткен қыста кешкі сағат 9-ға дейін жұмыс істедік, ал онан арғы қыста сағат 10-ға дейін істейтінбіз. Өткен қыста жара басқан аяқтарым қатты ауырып, әр кеш сайын дерлік зар қақсаумен болдым». Дж. Аспен: «Балам 7-ге келгенде, оны күн сайын әрлі-берлі қар үстімен аркалап тасыдым, ал ол әдетте 16 сағаттан жұмыс істейтін!.. Машинаның қасында тұрған кезінде оны тамақтандыру үшін көбінесе тізерлеп тұрушы едім, өйткені машинаның жанынан кетуге де, машинаны тоқтатуға да оның мүмкіндігі жоқ еді». Манчестердегі бір фабриканың компаниясы және басқарушысы Смит: «Біз» (оның айтып отырғаны «біздерге» жұмыс істейтін «білектер») «тамақ ішуге де үзіліс жасамастан істейміз, сөйтіп, 10½ сағаттық жұмыс күні кешкі 4½ сағатта бітеді, ал одан кейінгісінің бәрі мерзімнен тыс жұмыстар»⁷²⁾. (Білер ме еді, Смит мырза 10½ сағаттың ішінде шынымен-ақ бір рет те тамақ ішпей ме екен?) «Біз» (баяғы сол Смит) «жұмысты кешкі сағат 6-дан ерте аяқтайтын кезіміз» (оның айтатын дегені: жұмыс күші болып табылатын «біздің» тірі машиналарды тұғынуды аяқтайтын кезіміз) «сірек болады, сондықтан біз» (iterum Crispinus⁸¹⁾) «шынында жыл тәулік бойы мерзімнен тыс жұмыс істейміз... Балалар мен ересектер» (152 сәби мен жасы 18-ге толмаған жас өспірім және 140 ересек адам) «18 ай бойы орта есеппен алғанда аптасына ең кемінде 7 күн 5 са-

⁷¹⁾ «Children's Employment Commission», 1863, p. LIV бет.

⁷²⁾ Сөздің біз түсінетін мағынасында алғанда мұны қосымша жұмыс уақыты деп есептеуге болмайды. Бұл мырзалар 10½ сағаттық жұмыс күнінің қалыпты жұмыс күні деп біледі, демек, қалыпты қосымша еңбек те осының ішінде. Бұдан кейін «мерзімнен тыс уақыт» басталады, бұған төленетін ақы біраз тәуірлеу. Қалыпты күн деп аталатын уақыт ішінде қолданылатын жұмыс күшінің ақысы оның құнынан төмән, ендеше «мерзімнен тыс уақыт» дегеніміз «қосымша еңбекті» көбірек сырып алу мақсатымен капиталистердің қолданатын айла-шарғысынан басқа түк те емес екенін біз кейініректе тағы көреміз; тегінде, «қалыпты күн» ішінде қолданылатын жұмыс күшіне шынымен толық ақы төленетін күнде де бұл жағдай өзгеріссіз қалады.

ғаттан, яки 78½ сағаттан бірдей жұмыс істеді. Биылғы жылы» (1863 ж.) «2 майда біткен 6 аптаның ішінде орташа цифр жоғары болды — аптасына 8 күн, яки 84 сағат!»

Әйткенмен, *pluralis majestatis* *-ті қатты ұнататын нақ осы Смит мырза: «машиналы еңбек оңай» деп күлімсіреп қояды. Ал block printing қолданатын фабриканттардың айтатыны: «Қол еңбегі машиналы еңбектен гөрі денсаулыққа жайлы», дейді. Жалпы алғанда фабрикант мырзалар: «машиналар, тым болмаса, тамақ ішетін кезде тоқтатылуы керек» деген ұсынысқа өршелене қарсы шығады. Бородағы (Лондонда) обой фабрикасының директоры Отлей мырза бұл жөнінде былай дейді:

«Жұмыс күнін таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 9-ға дейін жүргізуімізге рұқсат етерлік заң біз үшін (!) өте тиімді болар еді, ал фабрикалық заң бойынша таңылып отырған, таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 6-ға дейін ғана созылатын жұмыс күні бізге (!) жарамсыз... Түскі тамақ кезінде біз машиналарды тоқтатамыз» (қандай қайырымдылық!). «Бұл кідіріс қағаз бен бояу жағынан онша көп шығынға ұшырата қоймайды». «Бірақ»,— деп мәймөңкелейді ол,— «бұған байланысты шығынның көңілге онша ұнамды емес екенін мен жақсы білемін».

Комиссияның есебі аңқаулықпен былай деп ұйғарады: кейбір «жетекші фирмалардың» уақыттан, яғни өзгенің еңбегі иемделетін кездегі уақыттан айырылып қалудан, сөйтіп «пайдадан айырылып қалудан» қорқушылығы жасы 13-ке жетпеген балалар мен 18-ге толмаған жас өспірімдерді 12—16 сағат бойы «тамақтан айыру» үшін немесе оларды еңбек құрал-жабдықтарының көмекші материалдарымен: машинаның сумен және көмірмен, жүннің сабынмен, тегершіктің маймен, т. т. жабдыкталуы сияқты жабдықтау, яғни нақ өндіріс процесі кезінде тамақтандыру үшін жеткілікті дәлел бола қоймайды⁷³⁾, деп ойлайды.

Нан пісіретін орындардағыдай ерте замандағы және,— Рим империясының ақындарын оқығанда анық көрінетіні сияқты,— тіпті христиан дініне дейінгі өндіріс әдісі Англияның бірде-бір өнеркәсіп тарауында сақталған емес (біз өзіне жаңадан ғана жол салып келе жатқан машиналы нан өндірісін былай қоямыз). Бірақ капитал, жоғарыда көрсетілгеніндей, өзі игеретін еңбек процесінің техникалық сипатына алғашында селқос қарайды. Ол мұны бастапқыда сол кездескен күйінде алады.

Нанды, әсіресе Лондонда, ішіне басқа зат қосып адам айтқысыз бүлдірушіліктің өзін бірінші рет қауымдар палата-

* — таққа отырған байбатшалар сияқты, өзі жайында көпше түрде сөйлейтін мәнерді. *Ред.*

⁷³⁾ «Children's Employment Commission», 1863, Evidence, p. 123, 124, 125, 140, I, XIV.

сының «тамақ заттарын бүлдіру» мәселесін тексеретін комиссиясы (1855—1856 жылдар) және «Adulteration detected» деген еңбегінде доктор Хасселл әшкереледі⁷⁴⁾. Осы әшкерелеудің нәтижесінде 1860 жылғы 6 августа «for preventing the adulteration of articles of food and drink» [«тамақ заттары мен ішімдікті бүлдірушілікке тыйым салу үшін»] заң шықты, бірақ бұл заң ешқандай ықпал еткен жоқ, өйткені ол жалған товарларды сатып алу, сату арқылы «to turn an honest penny» [«адал тиын табулы»] көздейтін әрбір фритредер жөнінде, әрине, аса жоғары әдептілік сақтайды⁷⁵⁾. Комитеттің өзі: сауда бостандығы дегеніміз шындығында жалған өнімдермен немесе, ағылшындардың тапқыр сөзімен айтқанда, «софистикаланған өнімдермен» сауда жасау болып табылады, деп өз пікірін аса аңғырт түрде білдірген. Шынында да, мұндай «софистика» ақтан қара, қарадан ақ жасауды Протагордан да жақсы біледі және өмірдегі бар нәрсенің бәрінің мейлінше алдамшы елес екенін ad oculos [көзіне] элеаттардан да⁸²⁾ жақсы көрсете біледі⁷⁶⁾.

Қалай болған күнде де комитет жұртшылықтың назарын оның «ризығына», осы арқылы нан пісіру ісіне де аударған. Сонымен бірге жұрт жиналған көпшілік митингілерінде және парламентке жолданған петицияларда шектен тыс еңбек, т. т. жөнінде Лондонда нан пісіруші көмекші мастерлердің шағымдары айтылды жатты. Бұл шағымдардың өктем естілгені соншалық, жоғарыда әлденеше рет аталған 1863 жылғы комиссияның мүшесі де болған Х. С. Трименхир мырза корольдік тергеу комиссары болып тағайындалды. Қуәлардың жауаптарымен бірге оның есебі⁷⁷⁾ жұртты тебіrentті — тебіrentкенде жүрегін емес, асқазанын тебіrentті. Рас, тауратты оқып жетілген ағылшынға адамның мақсаты,— егер ол құдай таға-

⁷⁴⁾ Ұнтақталған немесе түзбен араластырылған ашудас қалыпты сауда заты болып табылады, мұның «baker's stuff» [«наншының поршоғы»] деген өзгеше аты да бар.

⁷⁵⁾ Күйе көмір тегінің аса құнарлы формасы және тинайтқыш зат екендігі мәлім, мұны капиталистік муржа тазалашылар ағылшын фермерлеріне сатып отырады. 1862 жылы бір сот процесінде британ присяжники сатып алушының ризалығынсыз 90% тозаң мен құм қосылған күйе сөздің «коммерциялық» мағынасындағы «нағыз» күйе бола ма, әлде «зандық» мағынадағы «жалған» күйе бола ма деген мәселені шешуге тиіс болған. «Amis du consommateur» [сауда достары]: бұл — «нағыз» коммерциялық күйе деп шешіпті де, фермердің талабын қанағаттандырусыз қалдырыпты, мұнымен қоймай оған сот шығындарын төлестіпті.

⁷⁶⁾ Француз химигі Шевалье товарларды «софистикалау» жайындағы мақаласында өзі қарап өткен 600-ден астам өнімнің бірталайын боямалау үшін 10, 20, 30 түрлі әдіс қолданылатындығын айтады. Сонымен бірге ол өзінің барлық әдістерді түгел білмейтіндігін және білетін әдістерін де түгел атымай отырғанын ескертеді. Ол қант жөнінде оны бұлдіріп жасаудың 6 әдісі бар екенін, прованс майы жөнінде 9, қаймақ майы жөнінде 10, тұз жөнінде 12, сүт жөнінде 19, нан жөнінде 20, арақ жөнінде 23, ұн жөнінде 24, шоколад жөнінде 28, шарап жөнінде 30, кофе жөнінде 32 әдісі бар екенін көрсетеді, т. т. Тіпті жарыққағыш жанпап құдайдың өзі де бұл тағдырдан сау қалмапты. Қараңыз: Rouard de Card. «De la falsification des substances sacramentelles», Paris, 1856.

⁷⁷⁾ «Report etc. relative to the Grievances complained of by the Journeymen Bakers etc.», London, 1862, және «Second Report etc.», London, 1863.

ланың шарапатымен капиталист, лендлорд және синекурааның иесі болып жаралмаған болса,— терлеп-тепшіп өз нанын жеу екені әбден мәлім болатын, бірақ, ашудас, құм және басқа тым ұнамды минералдық қоспалар туралы айтпағанның өзінде, күн сайын ірік-шірік араласқан адам терін, өрмекші торын, өлі тарақандарды және немістің шірік ашытқысын біраз мөлшерде өз нанына қоса жеуі керек екенін ол білмеуші еді. Сондықтан, аса қасиетті «сауда бостандығына» қарамастан, сол кезге дейін «бостандықта» болып келген нан пісіру өндірісі мемлекеттік инспекторлардың бақылауына бағындырылды (1863 ж. парламенттік сессияның аяғында), оның бер жағында нақ сол парламенттік заң жасы 18-ге толмаған нан пісіруші кіші мастерлердің кешкі сағат 9 бен таңертеңгі сағат 5 арасында жұмыс істеуіне тыйым салды. Соңғы пункт нағыз атам заманғы ескіліктің ісі аңқыған осы өнеркәсіп тарауында шектен тыс еңбектің болғандығын талай-талай томдардан да айқын көрсетеді.

«Лондондағы нан пісіруші көмекші мастердің жұмысы әдетте түнгі сағат 11-де басталады. Бұл уақытта ол қамыр әзірлейді,— мұның өзі пісірілетін нанның аумағы мен сапасына қарай $\frac{1}{2}$ сағаттан $\frac{3}{4}$ сағатқа дейін созылатын аса ауыр бейнет. Бұдан соң ол әрі нан илеуші, әрі қамыр ашытатын күбінің қақпағы болып табылатын тақтайға жатады да, ұн салатын қаптың бірін басына жастап, бірін үстіне жамылып, екі сағаттай ұйықтайды. Сонан соң бес сағаттық үздіксіз жедел жұмыс басталады: қамыр илеу керек, оны өлшеу керек, белгілі қалыпқа келтіріп, пешке салу керек, пештен алу керек, т. т. Наубайхананың температурасы 75° пен 90° градус [Фаренгейт бойынша, яки Цельсий бойынша 24° — 32°] арасында ауытқып отырады, оның бер жағында кішігірім наубайханаларда температура бұдан жоғары болмаса, төмен болмайды. Нан, бөлке, т. т. дайын болған кезде, піскен нанды бөлу ісі басталады, сонда жұмысшылардың бірталайы, жана ғана суреттелген түнгі ауыр жұмысты бітіргеннен кейін, күні бойы жаяу немесе қол арбамен жүріп үйден-үйге нан тасиды, ал бұл жұмыстың ара-арасында кейде наубайханада тағы да бірер жұмыс атқарады. Жылдың маусымына және кәсіпорынның көлеміне қарай, жұмыс күндізгі бір мен кешкі алтының арасында аяқталады, ал жұмысшылардың екінші бір тобы наубайханада іңірге дейін жұмыс істейді»⁷⁸⁾. «Лондон маусымы кезінде Уэст-Эндте толық бағалы» нан әзірлеуші бөлкешаналарда істейтін көмекші мастерлер жұмысты әрдайым түнгі 11-де бастап, келесі күнгі таңертеңгі сағат 8-ге дейін нан пісірумен болады, осы уақыт ішінде бір-екі рет қана өте қысқа үзіліс жасалады. Бұдан соң олар 4, 5, 6 тіпті 7 сағат бойы нан тасиды, немесе наубайханада бисквит пісірумен болады. Жұмыс біткеннен кейін ұйықтайтын кез басталады, ұйқы 6 сағаттан аспайды, ал екінші бірінде 5, 4 сағатпен ғана тынады. Жұма күні жұмыс өрқашан да ерте, шамамен кешкі сағат 10-да басталады да, нан әзірлеуі бар, нан тасуы бар, сенбі күнгі кешкі сағат 8-ге дейін, ал көп реттерде жексенбі күнгі таңертеңгі сағат 4 немесе 5-ке дейін үздіксіз созылады. Тіпті нанды «толық бағасымен» сататын көрнекті наубайханаларда да жексенбі күндері 4—5 сағат бойы келесі күнге әзірлік жұмысы жүргізіледі... «Underselling masters» (нанын төмен бағамен сатушы бөлкешілердің) қарамағында істейтін көмекші

⁷⁸⁾ Бұл да сонда, «First Report etc.», p. VI

мастерлердің жұмыс күні бұдан да ұзақ, ал мұндайлар, жоғарыда көрсетіп өткеніміздей, Лондон нан пісірушілерінің $\frac{3}{4}$ бөлігінен көбірек болады; бірақ бұлардың еңбегі ылғи дерлік наубайхананың ішінде істеледі, өйткені олардың қожайындары, ұсақ дүкендерге нан жеткізіп беріп отыратынын есепке алмағанда, нанды өз дүкендерінде ғана сатады. Аптаның аяғында, ... яғни бейсенбіде, мұнда жұмыс кешкі сағат 10-да басталады да, арада болмашы ғана үзіліс жасалып, сенбіден жексенбіге қараған түннің ортасына дейін созылады»⁷⁹⁾.

Ал «underselling masters»-терді алатын болсақ, «жұмысшылардың ақы төленбеген еңбегі (the unpaid labour of the men) олардың бәсекесінің негізі»⁸⁰⁾ болып отырғанын тіпті буржуазиялық пікір де мойындап отыр. Сөйтіп «full priced baker» [нанын толық бағамен сатушы бөлкеші] тергеу комиссиясының алдында өздерінің «underselling» бәсекелестерін өзгенің еңбегін ұрлаушылар және боямашылар деп әшкерелейді.

«Олар жұртты алдау арқылы және өз жұмысшыларынан 18 сағаттық еңбекті сығып алып, небәрі 12 сағаттық еңбекке ақы төлеу арқылы ғана кенеліп отыр»⁸¹⁾.

Нанды бүлдіріп жасау және нанды толық бағасынан төмен сататын бөлкешілер категориясының пайда болуы,— міне осы екі құбылыс Англияда XVIII ғасырдың басынан бастап, яғни кәсіпшіліктің цехтық сипаты ыдырап, нан пісіруші номиналды мастердің ту сыртында ұн тартушының немесе ұнмен сауда жасаушының бейнесіндегі капиталист пайда болған кезден бастап өріс алады⁸²⁾. Осы арқылы капиталистік өндіріске, жұмыс күнін шексіз ұзартуға және тіпті Лондонның өзінде 1824 жылдан бастап қана мықтап өріс алған түнгі жұмыстарға негіз салынды⁸³⁾.

Осы жоғарыда айтылғандардың бәрінен кейін комиссияның есебінде нан пісіруші көмекші мастерлердің өмірі қысқа жұмысшылар категориясына нәліктен жатқызылатындығы түсінікті болады; бұлар жұмысшы табының барлық категориялары үшін сипатты нәрсе болып табылатын бала шақтағы сұрапыл ажалдың шеңгеліне іліну қаупінен аман-есен құтыл-

⁷⁹⁾ «First Report etc.», p. LXXI.

⁸⁰⁾ George Read. «The History of Baking». London, 1848, p. 16.

⁸¹⁾ «Report (First) etc. Evidence». «full priced baker» Чисменнің жауабы, 108-бет.

⁸²⁾ George Read. «The History of Baking». London, 1848. XVII ғасырдың аяғында және XVIII ғасырдың басында аралауан кәсіпшіліктерге еніп кеткен Factors (делдалдар) ресми түрде «public nuisances» [«қоғамдық тәртіпті бұзушылар»] деп сипатталды. Мәселен, үлкен жюри⁸³⁾ Сомерсет графтығындағы бітістіруші судьялардың тоқсандық сессиясы кезінде қауымдар палатасына мәлімдеме жасады, мұнда, мысалы, былай делінген: «Блэкуэлл-холлдың бұл делдалдары қоғамдық тәртіпті бұзушылар болып табылады және кейлекпен сауда жасауға зиян келтіреді, сондықтан, осындай тәртіп бұзушылар ретінде құртылуға тиіс» («The Case of our English Wool etc.». London, 1685, p. 6, 7).

⁸³⁾ «First Report etc. relative to the Grievances complained of by the Journeymen Bakers etc.», London, 1862, p. VIII.

са да, 42 жасқа анда-санда ғана жетеді. Солай бола тұрса да, нан пісіру кәсіпшілігіне кандидаттар әрқашан да жетіп артылады. Лондонның осындай «жұмысшы күштерін» көсіп алып отыратын иегіздері — Шотландия, Англияның батыстағы егіншілік округтары және Германия.

1858—1860 жылдарда Ирландиядағы нан пісіруші көмекші мастерлер түнгі еңбек пен жексенбілік еңбекке қарсы үгіт жүргізу үшін өз қаражаттарымен бірқатар үлкен митингілер ұйымдастырған. Жұрт нағыз ирландтарға тән қызулықпен, мысалы 1860 жылы Дублинде болған май митингісіндегідей, оларды жақтап шықты. Бұл қозғалыстың нәтижесінде Уексфордта, Килкенниде, Клонмелде, Уотерфордта, т. т. тек қана күндізгі еңбек болсын деген талап ойдағыдай жүзеге асырылды.

«Лимерикте жалдама жұмысшылардың көрген қасіреттері барлық шектен асып түсетіні мәлім, міне мұндағы қозғалыс наубайхана қожайындарының, әсіресе нан пісіруші дірменшілердің қарсылығына ұшырап, күйреп қалды. Лимериктің үлгісі Эннис пен Типперэриде кері қозғалыс туғызды. Жұртшылық ызасы өте-мөте айқын білінген Коркте қожайындар жұмысшыларды көшеге шығарып тастау жөніндегі өз правосын пайдаланып, қозғалысты басып тастады. Дублинде қожайындар мейлінше қатты қарсылық көрсетті және үгітке бас болған көмекші мастерлерді қудалау арқылы басқаларды түнгі еңбек пен жексенбілік еңбекке еріксіз көндірді»⁸⁴).

Ирландияда бақайшағына дейін қаруланған ағылшын үкіметінің комитеті Дублин, Лимерик, Корк т. т. наубайханаларының мейірімсіз қожайындарына көз жасын төгіп жалбарына сөз салады.

«Комитеттің ойынша, жұмыс уақыты табиғи заңдармен шектелген, бұл заңдарды емін-еркін бұзуға болмайды. Өз жұмысшыларын жұмыстан шығарамын деп қорқытып, оларды діни сенімдерді лажсыз бұзуға, елдің заңдарына бағынбауға, қоғамдық пікірді слемеуге мәжбүр ете отырып» (мұның бәрі жексенбілік еңбек жайында), «қожайындар капитал мен еңбектің арасына от салып араздастырады да, дінге, адамгершілік пен қоғамдық тәртіпке қауіпті қылық көрсетеді... Комитеттің ойынша, жұмыс күнін 12 сағаттан асыра ұзарту жұмысшының семьялық және жеке тұрмысына озбырлықпен қол сұққандық болады, ал мұның өзі адамның семьялық тұрмысына және ұлы, туысы, ері, әкесі ретінде оның өзінің семьялық міндеттерін орындауына қол сұғудың салдарынан қатерлі моральдық нәтижелерге апарып соқтырады. 12 сағаттан астам созылатын еңбек сайып келгенде жұмысшының денсаулығын бұзады, мезгілсіз қартайтып, өлімге ерте душар етеді, сөйтіп дәл өте-мөте қажет кезінде қамқоры мен тірегі болған семья басы иесінен айырылатын («are deprived») жұмысшы семьяларын бақытсыздыққа ұшыратады»⁸⁵).

Біз жаңа ғана Ирландиямен таныстық. Бұғаздың екінші жағында, Шотландияда, ауылшаруашылық жұмысшысы, плут

⁸⁴) «Report of Committee on the Baking Trade in Ireland for 1861»

⁸⁵) Бұл да сонда.

адамы, ауа райының сұрапыл жағдайында 13—14 сағат еңбек ететінін, оның үстіне жексенбі күндері мерзімнен тыс төрт сағат еңбек жасайтынын айтып ашынады (ал мұның өзі жексенбіні қасиеттеп құрметтейтін елде осылай болып отыр)⁸⁶); сонымен бірге Лондондағы үлкен жюри алдына темір жолдың үш жұмысшысы: жолаушылар поезінің кондукторы, машинист және сигналшы тап болды. Темір жолда болған үлкен апат жүздеген жолаушыларды о дүниеге жіберген болатын. Поезд апатына темір жол жұмысшыларының салақтығы себеп болған. Олар присяжнийлар алдында бірауыздан мынаны айтты: бұдан 10—12 жыл бұрын олардың жұмысы тәулігіне небәрі 8 сағат қана созылады екен. Соңғы 5—6 жылдың ішінде жұмыс уақыты 14, 18 және 20 сағатқа жеткізіліпті, ал жолаушылар өте-мөте көп жүретін кезде, мәселен, экскурсия маусымының қызған кезінде, жұмыс уақыты екінің бірінде үзіліссіз 40—50 сағатқа созылатын болды. Бірақ олар, темір жол жұмысшылары, алыптар емес, кәдімгі адамдар ғой. Сондықтан белгілі кезеңде олардың жұмыс күші қызмет етуден қалады. Олар меңіреу халге түседі, миы жұмыс істемейді, көздері дәнене көрмейді. Мейлінше «respectable British Jurymen» [«байсалды британ присяжнийы»] бұл айғақтарға manslaughter (кісі өлтірушілік) деп анықталған істі бұдан гөрі жоғарғы орынға беру жөніндегі үкіммен жауап қайырыпты, ал қосымша пунктте: капиталдың темір жол алпауыттары сынды мырзалары келешекте қажетті мөлшерде «жұмыс күштерін» сатып аларда көбірек жомарттық көрсетсе екен, сатып алынған жұмыс күшін сорып аларда «бой тарту» немесе «нәпсіні тыю», яки «үнемшілдік» жағын көбірек көздесе екен деп сыпайы түрде инабатты тілек білдірген⁸⁷).

⁸⁶ Глазгонын маңындағы Лассуэйдте 1866 ж. 5 январьда болған ауылшаруашылық жұмысшыларының көпшілік митингісі (қараңыз: «Workman's Advocate», 13 январь, 1866 ж.). 1865 жылдың аяғында, ең алдымен Шотландияда, ауылшаруашылық жұмысшылары тред-юнионының құрылуы тарихи оқиға болып табылады. Англияда өте-мөте қатты сзылген егіншілік округтарының бірі Вакингемширде жалдама жұмысшылар 1867 жылғы мартта апталық жалақыны 9—10 шиллингтен 12 шиллингке дейін арттыру мақсатымен үлкен стачка ұйымдастырған. (Жоғарыда айтылғандардан мынаны көреміз: ағылшын ауылшаруашылық пролетариатының қозғалысы оның қуатты демонстрациялары жанышталған кезден бастап 1830 жылдан кейін, әсіресе кедейлер туралы жана заң енгізілгеннен кейін мүлде күйретілген болса, алысыншы жылдарда қайтадан басталды да, ақырында келіп 1872 жылы жаңа заманның бетін ашты. Алайда мен осы мәселеге, сондай-ақ ағылшын ауылшаруашылық жұмысшының жағдайы туралы 1867 жылдан кейін пайда болған Көк кітаптарға II томда қайта ораламын. *3-ші басылуына қосымша*).

⁸⁷ «Reynolds' Newspaper», 21 январь, 1866 ж. Нақ осы апталық газет осыдан кейін темір жолдардағы апаттар жайында «сенсациялы тақырыптармен» номер сайын хабарлап отырады, тақырыптары: «Сұралып апат», «Жан түршігерлік трагедия» т. т. Солтүстік Стафффордшир темір жол линиясындағы бір жұмысшы бұған былайша жауап қайырды: «Машинист пен көчегар назарын тіпті бір минут әлсірететін болса да, мұның неге ескіліп соғатындығы барша жұртқа мәлім. Ауа райының сұрапыл қатандығына қарамастан, жұмыс уақыты шексіз ұзартылып отырғанда, үзіліс пен демалыс атымен жок болып отырғанда, бұдан басқаша болуы мүмкін бе? Мысал үшін күн сайын байқалып отыратын мына бір жағдайды алайық: өткен дүйсенбіде көчегар жұмысты елен-аланан бастады. Ол жұмысын 14 сағат 50 минут өткеннен кейін ғана аяқтады. Шайын ішіп үлгіргенше болған жок, оны жұмысқа қайтадан шақыртты... Сонымен, ол үздіксіз

Одиссейдің соңына түскен өлі әруақтар сияқты, біздің қыр соңымыздан қалмай жүрген, кәсібі, жасы мен жынысы әртүрлі жұмысшылардың, тіпті қолыңда Көк кітаптар болмаса да олардың түріне бір қарағанда-ақ шектен тыс ауыр еңбек жайында білуге болатын жұмысшылардың ала-құла тобырының ішінен екі тұлғаны: модистка мен теміршіні алып қарайық. Бұлардың арасындағы таңғажайып алшақтық капиталдың алдында жұрттың бәрі теңдей екенін айдан анық дәлелдейді.

1863 жылғы июньнің соңғы аптасында Лондонның барлық газеттері «Death from simple overwork» («Шектен тыс еңбектен ғана болған өлім») деген «сенсациялы» тақырыппен хабар басты. Мұнда Элиз деген сүйкімді есімі бар бір ханымның пайдалануындағы орда маңындағы аса қомақты тігін мастерскойында істеген 20 жасар модистка Мэри Анн Уоклидің өлімі жайында айтылған. Бұл жерде жиі қайталанып жүрген ескі оқиға⁸⁸⁾ тағы да әйгіленді: бұл қыздар тәулігіне орта есеппен 16½ сағаттан жұмыс істейді екен, ал маусымды кездерде көбінесе үзіліссіз 30 сағат істеп жүріпті, оның бержағында олардың қалжырай бастаған «жұмыс күшін» ауық-ауық белгілібір мөлшерде херес, портвейн және кофе ішкізіп әлдендіретін көрінеді. Маусымның қызу кезі екен. Жаңада ғана шеттен әкелінген Уэльская ханшаның құрметіне жасалатын балға арнап асыл текті аруларға әсем көйлектер тіктіру керек болыпты. Мэри Анн Уокли басқа 60 қызбен бірге әр бөлмеде 30 адамнан отырып 26½ сағат бойы үздіксіз жұмыс істеген, ал бөлменің тығыздығы сонша, онда қажетті текше метр мөлшерінің 1/3 бөлегіндей ғана болған, оның бержағында олар тақтай қоршаулармен бөлінген сасық күркешіктерде бір төсекте екеуден ұйықтайды екен⁸⁹⁾. Сонда да бұл мастерской Лондон-

29 сағат 15 минут бойы жұмыс істеді. Аптаның қалған күндерінде ол былайша істеді: сәрсенбі — 15 сағат; бейсенбі — 15 сағат 35 минут; жұма — 14½ сағат; сенбі — 14 сағат 10 минут, барлығы аптасына 88 сағат 30 минут. Осыдан кейін оған небәрі 6 жұмыс күніне ғана ақы төленгенде оның аң-таң болғандығы айтпаса да белгілі. Өзі жұмысқа жана алынған еді, сондықтан ол жұмыс күні дегеннің мәнісі не екенін түсіндіруді сұрады. Жауап: 13 сағат, яғни аптасына 78 сағат. Ал онда артық 10 сағат 30 минуттің ақысы қайда? Ұзақ кестінен кейін ол ақыры 10 пенни ақы алды». (Сол газет, 1866 ж. 4 февральдағы нөмірі).

⁸⁸⁾ Салыстырыңыз: Ф. Энгельс: «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы». Лейпциг, 1845, 253-254-беттер. [Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басқылуы, 2-том, 433—435-беттер].

⁸⁹⁾ Денсаулық қорғау жөніндегі Советтің дәрігері доктор Литби сол кезде былай деген: «Ересек адамның жатын бөлмесі кемінде 300 текше фут, ал тұрғын бөлмесі кемінде 500 текше фут болуға тиіс. Лондондағы бір аурухананың бас дәрігері доктор Ричардсон былай дейді: «Әраулан» киім тігушілер: модашылар, тігіншілер, көйлек-көншек тігушілер, шектен тыс еңбек, ауа мен тамақ тапшылығы не асқазанның бұзылуы сияқты үш түрлі кесепатқа ұшырайды. Тегінде бұл сияқты еңбек қалай болған күнде де еркектерден гөрі әйелдерге көбірек лайықты. Бірақ бұл кәсіптің бір жаман жері, оны, әсіресе астанада, айналасы 26 капиталист монополиялап алған; олар капитал туғызған қысым жасау амалдарын (that spring from capital) пайдалана отырып, еңбектен сығымдап қаржы үнемдейді» (force economy out of labour; Ричардсонның айтайын дегені: жұмыс күшін ысырап етіп, үнемдейді демекші). «Бүкіл осы жұмысшы әйелдер табы олардың өктемдігін бастан кешіріп отырады. Егер тігінші әйел сәті түсіп азын-аулақ заказшылар табатын болса, осы заказшыларын сақтап қалу үшін бәсекеңіз салдарынан өз үйінде де өліп-өшіп жұмыс істеуге тиіс болады, сонымен бірге өз жәрдем-

дағы таңдаулы мода мастерскойларының бірі болып есептеледі. Мэри Анн Уокли жұма күні ауырып, Элиз ханымды қайран қалдыра, балға киетін соңғы көйлекті бітіруге де шамасы келместен, жексенбі күні өлген. Оның өлім азасына тым кеш шақырылған дәрігер Киз мырза «Cottoner's Jug» [«өлікті тексеретін присяжныйлар»] алдында ешбір бүкпесіз мынадай жауап айтқан:

«Мэри Анн Уокли аса тығыз мастерскойдағы шектен тыс ұзақ еңбектің салдарынан және тым тар, ауасы нашар тазартылатын жатақханада ұйықтайтындықтан өлген».

Дәрігерге сыпайы сөйлесу жөнін үйрету үшін оның айтқанына жауап ретінде «Cottoner's Jug» былай депті:

«Ол шалықтан өлген көрінеді, бірақ оның өлімі аса тығыз мастерскойдағы шектен тыс еңбектен, т. с. себептерден тездеген болар деп қауіптенуге де болады».

Біздің «ақ құлдар», деп масаттанады бұл жөнінде Қобден мен Брайт сынды фритредер мырзалардың органы «Morning Star», «біздің ақ құлдар көрге кіргенше еңбек етіп, зорығып, ешбір айқайшусыз-ақ қырылып-жойылып жатады»⁹⁰).

«Өлердей зорығып еңбек ету — міне әйелдер киімін тігетін мастерскойларда ғана емес, мыңдаған жерлерде, дұрысырақ айтқанда — ісі оңға басқан әрбір жерде күн тәртібінде тұрған нәрсе осы... Рұқсат болса, темір

шілерін де лажсыздан осындай шектен тыс еңбекпен азаптауға тиіс. Егер ісі ілгері баспаса немесе өз алдына тіршілік етудің сәті түспесе, ол жұмысы аз болмағанымен, жалақысы тәуірлеу басқа бір кәсіп орнына барады. Сонымен ол нағыз күнге айналады да, болмашы ғана қоғамдық толқының екінімен әрлі-берлі сендей соғылып жүреді; біресе үйіндегі аядай ғана бөлмесінде жатып ашығады немесе аштыққа ұшырауға тақайды; біресе тәулігіне тағы да 15, 16, ал кейде 18 сағаттан жұмыс істейтін болады, онда да азар дем алуға болатын ауада істейді, ішетін тамағы тіпті жақсы болған күнде де, таза ауаның жоқтығынан бойына сіңбейді. Құрт ауруына қорек болатын құрбандықтар міне осындай, ал бұл ауру нашар ауаның салдарынан болатын аурудан басқа түк те емес» (Dr. Richardson. «Work and Overwork», in «Social Science Review», 18 июль, 1863 ж.).

⁹⁰) «Morning Star», 23 июнь, 1863 ж. «Times» газеті Брайтқа, т. б. қарсы американдық құл иеленушілерін қорғау үшін қолайлы жағдайды пайдалана қойған. «Бір талайымыздың ойымызша», — дейді «Times», — «біз өзіміз өзіміздегі жас әйелдерді өлгенше жұмыспен азаптан отырғанымызда, оларды қамшы орнына аштық соққысына ұшыратып отырғанымызда біз адамдары құл иеленушілер болып тұран, өз құлдарын, тым болмағанда, жақсы тамақтандыратын және олардан шағын еңбекті ғана талап ететін семьяларды қарап-сілеп, әңгір таяқ ойнатуға праволы бола қоймаспыз» («Times», 2 июль, 1863 ж.). Торилердің газеті «Standard» [15 август, 1863 ж.] Ньюмен Холл тақсырды нақ осылайша даттады: «Оның өзі құл иеленушілерді шіркеуден мақрум етсді, бірақ Лондонның көшірлері мен омнибус кондукторларына, т. т. итке де бергісіз ақы үшін тәулігіне небәрі 16 сағаттан жұмыс ісегізілетін алаяқ адамдармен бірге дұға оқиды». Ақырында, срақуи атанған, Томас Карлейль мырзаның үні естілді: «ол туралы мен 1850 жылдың өзінде-ақ былай деп жазған болатынмын: «Данышпан кулығынд... данышпан құрдымға кетті де, кулық қана қалды»⁸⁴. Қысқаша нақыл сөзінде ол осы заманғы тарихтағы бірден-бір ұлы оқиганы, Америкадағы Азғамат соғысын мына жағдайға әкеліп саяды: Солтүстіктегі Петр бар күшін сала Оңтүстіктегі Павелдің басын жаруға тырысыпты, өйткені Солтүстіктегі Петр өз жұмысшысын «күн санап» жалдайды екен де, Оңтүстіктегі Павел «өмір бойына» жалдайды екен («Mastillon's Magazine» «Ilias Americana in pieces». Август, 1863 ж.). Торилердің қалалық, — бірақ әсте сөзсіз емес! — жалдамалы жұмысшыларға деген ықыласы міне осылайша қағанақтай тарс жарылды. Бұл ықыластың мәні құлдық деп аталады!

ұстасын мысалға келтірейік. Ақындарға нанар болсақ, дүниеде темір ұстасынан мықты, одан жарқын, жайдары жан жоқ. Ол елең-алаңда тұрады да, құн шықпай-ақ ұшқын шашырата темір соға бастайды; ішіп-жеп, ұйықтауға келгенде одан өтер адам жоқ. Егер тек сыртқы дене жағдайларын ғана есепке алатын болсақ, шамаға қарай жұмыс істеген күнде, темір ұстасының жағдайы шынында да ең бір оңды жағдай. Бірақ оның соңынан аяндап қалаға барайық та, оның мықты нығына жүктелген еңбек ауыртпалығына көз салайық,— елімізде өлім-жітім статистикасынан оның алатын орнына көз салайық. Мэрилебонда» (Лондон қаласындағы ең үлкен кварталдардың бірі) «темір ұсталарының өлімі жыл сайын әрбір 1 000 адамға 31-ден келеді, яғни Англиядағы ересек еркектердің орташа өлім мөлшерінен 11 адам артық. Адамның инстинктілік өнері деуге болатын кәсіп, өзінен-өзі мінсіз бола тұрса да, шектен тыс еңбектің салдарынан адам үшін сойқанды болып шығады. Ол күніне пәлен рет балға соға алады, пәлендей қадам, пәлен рет тыныс қимылын жасай алады, пәлендей жұмыс атқара алады, сөйтіп орта есеппен алғанда, айталық, 50 жыл өмір сүре алады. Оған пәлен соққыны артық жасатқызады, пәлен қадам артық жүргіздіреді, пәлен есе тынысын жиілеткізеді, сөйтіп осының бәрі оның өмірлік күштерінің төрттен бірін артық жұмсапқызады. Ол осылайша күш-жігер жұмсап жүреді де, ақырында келіп пәлендей бір шенеулі мерзім ішінде ол жұмысты ширек есе көп істейді де, сөйтіп 50 жастың орнына 37 жасында өледі»⁹¹).

4. КҮНДІЗГІ ЖӘНЕ ТҮНГІ ЕҢБЕК. СМЕНАЛАР СИСТЕМАСЫ

Құнды көбейту процесі тұрғысынан алғанда өндіріс құрал-жабдықтары, тұрақты капитал, еңбекті бойына сіңіру үшін ғана және еңбектің әр тамшысымен қоса тиісті мөлшерде қосымша еңбекті де бойына сіңіру үшін өмір сүреді. Егер олар мұны істемейтін болса, олардың жәй болмысы капиталист үшін нәтижесіз шығын болып табылады, өйткені өндіріс құрал-жабдықтары қолданылмай жатқан уақыттың өнбойында олар тиімсіз авансыланған капитал болады; егер үзіліп қалған өндірісті қайта жүргізу қосымша қаржы жұмсауды қажет ететін болса, бұл шығын нәтижелі болып шығады. Жұмыс күнін табиғи күннің шегінен тыс ұзарту, түннің есебінен ұзарту жартылай шара ретінде ғана әсер етеді, еңбектің ыстық қанына ынтыққан жалмауыздың шөлін белгілі дәрежеде ғана қандыра алады. Сондықтан еңбекті тәулігіне 24 сағат бойы иемдену капиталистік өндірістің имманенттік талабы болып табылады. Бірақ нақ сол бір жұмыс күштерін күндіз-түні бірдей сорып алу іс жүзінде мүмкін емес, сондықтан табиғи бөгеттерді жою үшін күндіз пайдаланылатын жұмыс күштері мен түнде пайдаланылатын жұмыс күштерін ауыстырып отыру керек болады, мұндай ауыстыру әртүрлі әдістерді қолдануға мүмкіндік береді, мысалы мұны ұйымдастырғанда жұмысшылардың бір бөлегі бір аптада күндіз жұмыс істейтін-

⁹¹) Dr. Richardson, цитат алынған мақала.

дей етіп, екінші аптада түнде жұмыс істейтіндей етіп ұйымдастыруға болады, т. т. Жұртқа мәлім, осындай сменалар системасы, осындай ауыспалы шаруашылық, ағылшын мақта мата өнеркәсібі, т. т. әбден толысып шалқып тұрған заманада кең өріс алған еді, ал қазіргі уақытта, атап айтқанда, Москва губерниясындағы мақта жіп иретін фабрикаларда етек алып отыр. Система ретінде өндірістің осындай 24 сағаттық процесі Великобритания өнеркәсібінің әлі де «еркін» көптеген тарауларында осы күнге дейін бар, атап айтқанда Англияның, Уэльс пен Шотландияның домна пештерінде, ұста дүкендерінде, темір прокат заводтарында және басқа да металлургия мануфактураларында бар. Еңбек процесі жұмыс істелетін 6 күннің әрқайсысында 24 сағаттан жүргізілетіндігі былай тұрсын, көп реттерде жексенбі тәуліктерінің 24 сағатын да қамтиды. Жұмысшылар құрамында еркектер мен әйелдер, ересектер мен ұл, қыз балалар бар. Балалар мен жас өспірімдер ішінде 8-ден (кейде 6-дан) 18-ге дейінгі жастағылардың бәрі бар⁹²⁾. Кейбір тарауларда қыздар мен әйелдер түнде еркектермен бірге істейді⁹³⁾.

Түнгі еңбектің жалпы зиянды зардаптарын айтпағанның өзінде⁹⁴⁾, жиырма төрт сағат бойы созылатын үздіксіз өндіріс процесі номиналдық жұмыс күнінің шеңберінен аттап өтуге мейлінше қолайлы мүмкіндік береді. Мәселен, көп күш жұмсауды керек ететін жоғарыда аталған өнеркәсіп тарауларында

⁹²⁾ «Children's Employment Commission. Third Report». London, 1864, p. IV, V, VI.
⁹³⁾ «Стаффордширде және онтүстік Уэльсте жас қыздар мен әйелдер тас көмір кендері мен кокс өндірістерінде күндіз ғана емес, түнде де жұмыс істейді. Парламентке тапсырылған есептерде бұл жағдай талай рет жалпы жұртқа мәлім, елеулі қырсықтың себебі ретінде көрсетіліп жүрді. Еркектермен бірге жұмыс істейтін және кір-лас киімдері бойынша ғана еркектерден әреп ажыратуға болатын әйелдер өз қадірлерін кетіріуі себепті адамгершілік бейнелерінен айырылу қаупіне ұшырап отыр, ал мұның өзі әйелдердің өздеріне лайықсыз жұмыс істеуіне байланысты екені сөзсіз» (бұл да сонда, 194, XXVI бет. Салыстырыңыз: «Fourth Report» (1865), № 61, p. XIII). Шыны заводтарында да осындай.

⁹⁴⁾ Балалардың түнгі еңбегін қолданатын бір болат фабриканты былай дейді: «Түнде жұмыс істейтін жас өспірімдер күндіз ұйықтай алмай, керегіне тыныға алмай, келесі күні бүтіндей демалыссыз сенделіп жүруге мәжбүр болады» («Children's Employment Commission. Fourth Report» № 63, p. XIII). Организмнің аман сақталып, жетілуіне күн сәулесінің зор маңызы бар екендігі жөнінде бір дәрігер, мысалы, былай дейді: «Сәуле тәттің тарамдарына тікелей әсер етіп, оларды қатайтып, серпінді етеді. Сәуледен қалыпты мөлшерде нәр алмаған жануарлардың бұлшық еттері болбыр тартып, серпінділігін жоғалтады, жүйке тамыр күші қозудың жоқтығынан өз тонусынан айрылады да, өсу процесіндегі нәрсе біткеннің дамуы бөгеледі... Балаларды алатын болсақ, күндізгі жарықтың үнемі мол болуы және күндіз біраз уақыт күн сәулесінің тікелей шаруа балалардың денсаулығы үшін өте-мөте қажет. Сәуле тамысы ойпақы нарлі канға айналдыруға көмектесіп, қалыптасқан талшықтарды нығайтады. Сәуле алманың көру мүшелерін тітіркендіруші ретінде де әсер етіп, аралану мый функцияларының неғұрлым қызу жұмыс істеуіне себепкер болады». Біз бұл үзіндіні Вустердегі «General Hospital»-дың бас дәрігері У. Стрейндж мырзаның «денсаулық көзі» б. жайындағы (1864 ж.) шығармасынан келтіріп отырмыз; тергеу комиссиясының мүшесі Уайт мырзаға жазған хатында ол былай дейді: «Бұрын мен Ланкаширде түнгі еңбектің фабрика балаларына қандай әсер ететінін байқағанмын, сондықтан кейбір жұмыс берушілердің дарғылы жалтарма сөздеріне қарамастан, мен бұл еңбек балалардың денсаулығына тез зиян келтіреді деп кесіп айтамын» («Children's Employment Commission. 4th Report», № 284, p. 55). Мұндай нәрселердің тегінде әжептәуір талас мәселесі болып отырғандығы капиталистік өндірістің капиталистер мен олардың итаршыларының «мый функцияларына» қандай әсер ететіндігін айдан анық дәлелдейді.

әрбір жұмысшының ресми жұмыс күні көбінесе түнгі немесе күндізгі 12 сағаттан құралған. Бірақ бұл шеңберден асып кететін мерзімнен тыс еңбек, көптеген жағдайларда, ағылшынның ресми есебінің сөзімен айтқанда, «нағыз сұмдық — («true ly fearful»)»⁹⁵⁾.

«Қуәлардың жауаптарына қарағанда»,— делінген есепте,— «9—12 жастағы балалар атқаратын еңбектің ұшан-теңіз мөлшері ешбір адамның ақылына сыймайды және осыдан кейін ата-аналар мен жұмыс берушілердің осындай қиянатпен озбырлық істеуі ендігі жерде түзуге болмайтын қылық деп сөзсіз қорытынды жасамау мүмкін емес»⁹⁶⁾.

«Балаларға біресе күндіз, біресе түнде алма-кезек жұмыс істетудің өзі жұмыстың қызу кезінде де, дағдылы жүрісі кезінде де жұмыс күнін маскара ұзартуға себепкер болады. Бұл ұзарту көп реттерде жан түршігерлік, тіпті адам айтқысыз сипатта болады. Әрқашан да сөзсіз болып отыратын бір жағдай, жұмысын аяқтағандарды ауыстыруға тиісті балалардың кейбіреуі әйтеуір бір себеппен жұмысқа келмей қалады. Бұлай болған күнде өзінің жұмыс күнін бітірген осындағы балалардың біреуі немесе бірнешеуі келмеген баланың орнына тұруға тиіс. Бұл системаның барша жұртқа мәлім екендігі соншалық, бір прокат заводының директоры жоқ балалардың орнын қалай толтырасыз деген менің сұрағым: «Бұл маған қандай мәлім болса, сізге де сондай жақсы мәлім екенін мен білемін ғой»,— деп жауап берді де, ешбір іркілместен осы айтылған фактіні мойындады»⁹⁷⁾.

«Номиналды жұмыс күні таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 5½-ға дейін созылатын бір прокат зауытында бір бала апта сайын төрт күн ұдайымен кем дегенде келесі күнгі кешкі сағат 8½-ға дейін жұмыс істеп келген... және 6 ай бойы осылай болған». «Екінші бір бала, тоғыз жасында, кейде қатарынан он екі сағаттан үш смена жұмыс істеген, ал он жасында — қатарынан екі күн, екі түн жұмыс істеген». «Үшінші бір бала, қазір ол 10 жаста, таңертеңгі сағат 6-дан бастап түнгі сағат 12-ге дейін үш түн ұдайы қатарынан жұмыс істеген және келесі түндерде кешкі сағат 9-ға дейін істеген». «Төртінші бір бала, қазір ол 13 жаста, бір апта бойы кешкі сағат 6-дан келесі күнгі сағат 12-ге дейін жұмыс істеген, кейде үш смена бойы қатарымен, мысалы дүйсенбі күнгі таңертеңнен бастап сейсенбінің түніне дейін жұмыс істеп отырған». «Бесінші бір бала, қазір ол 12 жаста, Стейвли шойын құю зауытында екі апта бойы таңертеңгі сағат 6-дан түнгі 12-ге дейін жұмыс істеген; енді ол мұндай жұмысқа жарамайтын болып отыр». Тоғыз жасар Джордж Аллинсуорт: «Мен мұнда өткен жұмада келдім. Біз жұмысты келесі күні таңертеңгі үште бастауға тиісті едік. Сондықтан мен түні бойы осында болдым. Мен осы арадан 5 миля жерде тұрамын. Былғары фартуғымды астыма төсеп, шолақ куртқамды жамылып, еденде ұйықтадым. Келесі екі күнде мен таңертеңгі сағат 6-да келіп жүрдім. Я, бұл ыстық орын! Осында келгенге дейін бір жыл бойы домна пешінде де істедім. Мұның өзі селолық жерге орналасқан өте үлкен завод еді. Онда да мен жұмысты сенбі күні таңертеңгі сағат 3-те бастайтынмын, бірақ онда, бір тауір жері, үйге барып ұйықтаушы едім, өйткені жақын жерде тұратынмын. Басқа күндері жұмысты таңертеңгі сағат 6-да бастап, кешкі сағат 6-да немесе 7-де аяқтайтынмын, т. т.»⁹⁸⁾.

⁹⁵⁾ Бұл да сонда, № 57, XII бет.

⁹⁶⁾ Бұл да сонда («4th Report», 1865), № 58, XII бет.

⁹⁷⁾ Бұл да сонда.

⁹⁸⁾ Бұл да сонда, XIII бет. Осы «жұмыс күштерінің» даму дәрежесі тергеу комиссиясы мүшелерінің бірімен болған мына төмендегі диалогтағы сияқты болуға тиіс екендігі сөзсіз: Джермайн Хейнс, 12 жаста: «...төрт жерде төрт сегіз, ал төрт төрттік (4 fours) он алты... Барлық ақша мен барлық алтын кімде болса, оның королі сол

Енді осы 24 сағаттық сменаны капиталдың өзі қалай суреттейтінін тындап көрейік. Ол, әрине, бұл системаның орынсыз жақтарын, жұмыс күнін «қатаң және адам айтқысыз» ұзарту мақсатымен бұл жөнінде қиянат жасалатынын ауызға алмайды. Оның әңгіме ететіні «қалыпты» түрдегі система ғана.

Болат фабриканттары Нейлор мен Викерс мырзалар 600-ден 700-ге дейін жұмысшы қолданады, олардың ішінде 18-ге толмағандар тек 10% қана, ал осылардың ішінен тек 20 бала ғана түнгі сменада істейді; міне сол фабриканттар былай дейді:

«Балалар ыстықтан ешбір зардап шегіп жүрген жоқ. Температура, сірә, 86°—90° [Фаренгейт бойынша; ал Цельсий бойынша 30—32 градус] болуы керек... Ұста дүкені мен прокат мастерскойларында жұмысшылар сменаласып, күндіз-түні жұмыс істейді, ал басқа мастерскойлардың бәрінде, мұның керісінше, еңбек тек қана күндіз, таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 6-ға дейін істеледі. Ұста мастерскойындағылар сағат 12-ден 12-ге дейін

(A king is him that has all the money and gold). Бізде король бар; оны королева десеңі, оның аты ханша Александра. Оны корольдің ұлына күйеуге шықты десеңі. Ханша дегеніміз еркек». У. Тёрнер, он екі жаста: «Мен Англияда тұрмаймын. Менің ойымша, мұндай ел болуға тиіс, бірақ осы күнге дейін ол жайында ешнәрсе білмеуші едім». Джон Моррис, он төрт жаста: «Дүннені құдай жаратыпты және бір адамнан басқа жұрттың бәрі суға кетіпті деп есіттім; бұл адам кішкентай ғана құс екен деп есіттім». Уильям Смит, он бес жаста: «Құдай еркекті жаратты; еркек әйелді жаратты». Эдуард Тэйлор, он бес жаста: «Лондон жайында ешнәрсе білмеймін». Генри Матьюмен, он жеті жаста: «Шіркеуде әлде неше рет болдым... Ондағылардың уағыздап жүрген бір есімі Иисус Христос дейтін біреу, бірақ басқалардың есімдерін атай алмаймын, тіпті анау жайында да ештеңе айта алмаймын. Оны өлтірмеген, қайта барлық адамдар қалай өлсе, солай өлген. Ол басқа адамдардан біраз өзгешелеу екен, өйткені біраз діншілдеу болыпты, басқалар діншіл болмаған» (He was not the same as other people in some ways, because he was religions in some ways, and others isn't) (бұл да сонда, № 74, XV бет). «Шайтан — қайырсызды жан. Оның қайда тұратынын мен білмеймін». «Христос жауыз адам болған» (The devil is a good person. I don't know where he lives). «Christ was a wicked man»). «Бұл қыз (10 жаста) God [құдай] деудің орнына Dog [ит] деп созып айтады және королеваның есімін білмейді» («Children's Employment Commission. 5th Report», 1866, p. 55 № 278). Жоғарыда аталған металл мануфактураларындағы сияқты система шыны және қағаз фабрикаларында да үстем болып отыр. Қағазды машинамен өндіретін қағаз фабрикаларында түнгі жұмыс шүберек сортаудан басқа барлық процестер үшін жалпы ереже ретінде қолданылады. Кейбір реттерде түнгі жұмыс сменалардың болуы арқасында апта бойы, әдетте жексенбінің түнінен келесі сенбидегі түнгі сағат 12-ге дейін дамысыз жүргізіледі. Күндізгі сменадағы жұмысшылар анга сайын бес күнде 12 сағаттан, бір күнде 18 сағат, ал түнгі сменадағы жұмысшылар 5 түнде 12 сағаттан, бір түнде 6 сағат жұмыс істейді. Басқа реттерде әрбір смена сменалар ауысатын күндері бірінен соң бірі 24 сағаттан істейді. Бір смена дүйсенбиде 6 сағат және сенбиде 18 сағат істейді, сөйтіп бұл 24 сағат болып шығады. Кейбір реттерде аралық система енгізілген; мұнда қағаз жасайтын машиналарда істеуші жұмысшылардың бәрі аптаның әр күнінде 15—16 сағаттан жұмыс істейді. Бұл система—дейді тергеу комиссиясының мүшесі Лорд,— 12 сағаттық және 24 сағаттық смена системаларындағы жамандық біткенің бәрін бейне өз бойына біріктіргендей. Осындай түнгі жұмыс системасында 13-ке толмаған балалар, 18-ге жетпеген жас өспірімдер және әйелдер жұмыс істейді. Кейде 12 сағаттық система тұсында олар келмей қалған жұмысшылардың орнына тұрып, қос-қабат сменада 24 сағат жұмыс істеуге тиіс болады. Қуалардың жауаптарынан көрінетін бір жағдай, ұл балалар мен қыз балалар екінің бірінде мерзімнен тыс жұмыс істейді, бұл жұмыс көбінесе 24 сағаттық, тіпті 36 сағаттық үздіксіз еңбекке айналып кетеді. Глазрьлеу процесі сияқты «үздіксіз және өзгеріссіз процестен» он екі жасар қыз балаларды кездестіруге болады, олар бір ай бойы тәулігіне 14-сағаттан жұмыс істейді, «тамақ ішуге арналған жарты сағаттық екі, ең көп дегенде үш үзілістен басқа, жұмыста ешқандай дағдылы демалыс я үзіліс деген болмайды». Кейбір фабрикаларда, дағдылы түнгі жұмыс мүлде жойылған жерлерде, мерзімнен тыс уақыттың уақыттың сұмдық дәрежеге жетеді, және «мұның өзі екінің бірінде ең лас, ең ыстық, ең бірсарынды процестерде осылай болып отыр» («Children's Employment Com-mission. 4th Report, 1865», p. XXXVIII, XXXIX).

істейді. Жұмысшылардың кейбіреулері, түнгі еңбектен күндізгі еңбекке көшпестен, үнемі түнде істейді... Біздің ойымызша, күндізгі еңбек пен түнгі еңбек денсаулыққа» (Нейлор мен Викерс мырзалардың денсаулығына ма?) «түрліше әсер етпейді және, сірә, жұрт демалыс бір мезгілде келетін кезде демалыс уақыты өзгеріп отыратын кездегіден жақсы ұйықтайтын болу керек... 18-ге толмаған 20 шақты бала түнгі сменада істейді... Біз 18 жасқа дейінгі балалардың түнгі еңбегін қолданбай отыра алмаймыз (not well do). Біздің қарсы дәлеліміз — өндіріс шығындары көбейіп кетеді. Өнерлі қолдар мен бөлімше басшыларын табу оңай емес, ал балаларды қалағанынша тауып алуға болады... Әрине, бізде істейтін балалардың онша көп емес екенін еске алғанда, біз үшін түнгі жұмысқа шек қоюдың елеулі маңызы, мәні бола қоймайды»⁹⁹).

Джон Браун мен оның сыбайлас мырзаларының болат құятын және темір жасайтын заводтарында 3 000 еркек пен жас өспірім жұмыс істейді, оның бержағында болат пен темір өндіру жөніндегі ауыр жұмыстардың біразын «күндізгі және түнгі сменалар» атқарады; міне сол заводтардың фирмасынан Дж. Эллис мырза болат құю заводтарының қиын жағдайларында екі ерсекеке бір-екі жас өспірімнен келеді дейді. Олардың кәсіпорындарында 18 жасқа дейінгі 500 жас өспірім бар, бұлардың ішінде 170 адам, яки 1/3-іне жуығы, 13 жасқа толмағандар. Заңға енгізу керек деп ұсынылып отырған өзгеріс жөнінде Эллис мырза былай дейді:

«Жасы 18-ге жетпеген адамдарға тәулігіне 12 сағаттан артық жұмыс істеткізуге тыйым салынса, бұл өте оғаш (very objectionable) бола қояр деп ойламаймын. Бірақ менің ойымша, 12-ден асқан жас өспірімдерді қатыстырмай-ақ түнгі жұмысты жүргізуге болады деген пікірді жақтайтын әйтеуір бір дәлелдер келтіру нағайбыл нәрсе. Біз қазірде өзімізде істейтін жас өспірімдердің түнгі еңбегіне тыйым салатын заңнан гөрі, 13 жасқа немесе тіпті 15 жасқа жетпеген балалар еңбегін қолдануға мүлде тыйым салатын заңды тезірек қабылдаған болар едік. Күндізгі сменада істейтін жас өспірімдер кезекпен түнгі сменада да істейтін болуы керек, өйткені ересек жұмысшылар үздіксіз түнделетіп жұмыс істей алмайды; мұның өзі олардың денсаулығын қатты бұзған болар еді. Алайда біздің ойымызша, бір апта аралатып істелетін түнгі еңбек зиян келтірмейді», (Өз кәсіпорнының мүдделерін жақтаған Нейлор мен Викерс мырзалар, мұның керісінше, зиян келтіретін нәрсе — үздіксіз істелетін түнгі еңбек емес, қайта ауық-ауық алмасып отыратын түнгі еңбек деп ойлайды). «Біз түнгі еңбек пен күндізгі еңбекті алма-кезек атқаратын адамдардың денсаулығы тек күндіз істейтін адамдардың денсаулығындай жақсы екенін көріп жүрміз... 18-ге толмаған жас өспірімдердің түнгі еңбегіне тыйым салуға біздің қарсы болатын себептеріміз, бұлай еткенде шығын көбейіп кетер еді, бірден-бір дәлел міне осы». (Неткен аңғырт арсыздық!) «Біздің ойымызша, шығынның бұлайша көбеюі кәсіпорынның (the trade) өз ісіне нұқсан келтірмей істей аларлық шама-сынан асып түсер еді (As the trade with due regard to etc. could fairly bear!)» (Неткен қойыртыпак желсөз десеңізші!) «Мұнда еңбек сирек кездеседі, ал оны алғіндей реттейтін болсақ, онда ол жеткіліксіз болып шығар еді» (яғни Эллис, Браун және олардың сыбайластары жұмыс күшінің құнын толық төлеуге мәжбүр болатын жазмышқа кіріптар болар еді)¹⁰⁰

⁹⁹) «Fourth Report etc., 1865», № 79, p. XVI.

¹⁰⁰) Бұл да сонда, № 80, XVI бет.

«Каммелл мен оның сыбайлас мырзаларына қарасты болат құятын және темір жасайтын «Циклоп» заводтары да жоғарыда аталған Джон Браун мен оның сыбайластарының кәсіпорыны сияқты ірі көлемде жүргізіледі. Басқарушы директор үкімет комиссиясының мүшесі Уайтқа жазба түрде өзінің куәлік жауаптарын тапсырды, бірақ кейін өзіне қайта қарап шығу үшін қайтарылған қолжазбаны жасырып қоюды мақұл көрген. Алайда Уайт мырза ешнәрсені ұмытпай жадында сақтай біледі. Оның өте жақсы билетіні — балалар мен жас өспірімдердің түнгі еңбегіне тыйым салу бұл алпауыт мырзалар үшін «мүмкін емес нәрсе; бұлай етудің өзі олардың заводтарын жауып тастаумен барабар болар еді», ал оның бер жағында олардың кәсіпорнында 18 жасқа толмаған жас өспірімдер саны 6%-тен сәл ғана асады, ал 13 жасқа толмағандар тек 1% қана!»¹⁰¹⁾.

Аттерклифтегі ағайынды Сандерсон мен олардың сыбайластарына қарасты болат құю, темір прокат және темір ұстаушы заводтарының фирмасынан Е. Ф. Сандерсон мырза нақ сол мәселе жөнінде былай дейді:

«18 жасқа толмаған жас өспірімдердің түнгі еңбегіне тыйым салудың өзі үлкен қиыншылықтар келтірер еді; негізгі қиыншылық — балалардың еңбегін ересек еркектердің еңбегімен ауыстыру салдарынан шығынның сөзсіз көбейетіндігінде. Мұның қаншаға түсетіндігін мен айта алмаймын, бірақ бұл шығын фабрикантқа болаттың бағасын арттырарлықтай онша көп бола қоймас деймін, олай болса, залалды оның өзі көтерер еді, өйткені жұмысшылар» (неткен қасарысқан жұрт десеңізші!) «мұны көтеруден, әрине, бас тартқан болар еді». Сандерсон мырза балаларға өзінің қанша төлсітіндігін білмейді, бірақ, «шамада, бұл аптасына жан басына 4 шиллингтен 5 шиллингке дейін келетін болар... Балалардың еңбегі сондай, бұл үшін жалпы алғанда» («generally», әрине, ылғи «жеке алғанда» емес) «жас өспірімдердің күші ебден жеткілікті, сондықтан ересек жұмысшылардың зор күші шығынды өтей аларлықтай әсте тиімді бола қоймас еді немесе өте ауыр металмен айналысуға тура келетін бірен-саран жағдайда ғана тиімді болар еді. Өз кезегінде, ересек жұмысшылар да өз қарамағында балалардың болуын теріс көрмес еді, өйткені ересек еркектер оншалық ырыққа көне бермейді. Оның үстіне балалар өз ісін үйрену үшін жұмысты ерте жастан бастауға тиіс. Жас өспірімдердің еңбегін тек қана күндізгі еңбекпен шектеудің өзі бұл мақсатқа жетуге бөгет болар еді».

Бірақ неге олай? Жас өспірімдер өз «кәсібін» күндіз неге үйрене алмайды? Бұған қандай дәлелдеріңіз бар?

«Неге десеңіз, бір аптада күндіз, екінші аптада түнде алма-кәзек жұмыс істейтін ересек жұмысшылар бүкіл осы уақыттың ішінде өз сме-насындағы жас өспірімдерден бөлек кетіп, өздерінің олардан өндіріллік пайдасының жартысынан айрылған болар еді. Өйткені ересек жұмысшылардың жас өспірімдерге жасайтын жетекшілігі соңғылардың жалақысының бір бөлегі болып есептеледі, ал мұның өзі ересек жұмысшыларға жас өспірімдердің еңбегін арзанырақ алуға мүмкіндік береді. Әрбір ересек жұмысшы өз пайдасының жартысынан айрылған болар еді».

Басқа сөзбен айтқанда: Сандерсон мырзалар ересек жұмысшылардың жалақысының бір бөлегін жас өспірімдердің

¹⁰¹⁾ «Fourth Report etc.» 1865, № 82, p. XVII.

түнгі еңбегімен төлеудің орнына өз қалтасынан төлеуге тиіс болар еді. Бұлай еткенде Сандерсон мырзалардың пайдасы біраз төмендер еді, ал мұның өзі Сандерсондардың жас өспірімдер өз кәсібін күндіз үйрене алмайды деуіне жақсы дәлел болады ¹⁰²⁾. Оның үстіне, бүкіл дағдылы түнгі еңбек қазір жас өспірімдермен кезектесіп отырған ересектерге жүктелер еді де, олар бұған төзе алмас еді. Қысқасын айтқанда, қиыншылық мейлінше асқынып кетер еді де, мұның салдарынан түнгі еңбек, шынтуайттап келгенде, мүлде жойылған болар еді. «Болат өндірудің өзін алатын болсақ,— дейді Е. Ф. Сандерсон,— мұнда ешқандай айырмашылық бола қоймас еді, бірақ!..» Бірақ Сандерсон мырзалар болат үшін ғана болат өндірмейді. Болат өндіру — пайда өндіру үшін керекті құрал ғана. Қорыту пештері, прокат мастерскойлары, т. т., құрылыс жайлары, машиналар, көмір, т. т. тек болатқа айналудан гөрі де зорырақ бірдене істеуге тиіс. Бұлар қосымша еңбекті сорып алу үшін арналған, ал олар оны, әрине, 12 сағаттағыдан гөрі 24 сағат ішінде көбірек сорады. Шынында да, құдай мен адамзат заңдары бойынша бұл заттарға ие болу Сандерсондарға толық тәуліктер ішінде белгілі мөлшердегі жұмыс қолдарының жұмыс уақытын иеленуге право береді; бұл заттардың еңбекті сору жөніндегі функциясы тыйылды дегенше-ақ, олар капиталдық сипатын жоғалтады да, Сандерсондар үшін таза залал болып шығады.

«Бірақ бұлай болған күнде шығынға ұшыраған болар едік, өйткені өте қымбат машиналар уақыттың жартысында текке қарап тұрар еді де, қазіргі система тұсында өзіміз өндіре алатын өнім мөлшерін өндіру үшін біз үйлердің көлемі мен машиналардың санын екі есе арттыруға мәжбүр болар едік, ал мұның өзі шығынды екі есе көбейтіп жіберер еді».

Ал нақ осы Сандерсондардың басқа капиталистерге, кәсіпорындарына тек күндіз ғана жұмыс істеуге рұқсат етілген және құрылыс үйлері, машиналары, шикі материалы түнде «босқа қарап тұратын» капиталистерге қарағанда, артықша жағдайды талап ететін себебі не?

«Ол рас»,— деп жауап береді Е. Ф. Сандерсон барлық Сандерсондардың атынан,— машиналардың қарап тұруы салдарынан келетін шығын тек күндіз ғана жұмыс істейтін кәсіпорындардың бәрінде де бар екені рас. Бірақ біздің жағдайымызда қорыту пештерін қолдану аса тосын шығындарға ұшыратар еді. Егер бұл пештерді сөндірмесек, отын ысырап болады» (қазіргі уақытта ысырап болып жатқан жұмысшылар өмірінің орнына), «ал егер оларды сөндіретін болсақ, онда қайтадан от жағуға және қажетті

¹⁰²⁾ «Біздің рефлексияға бай, парасатты заманымызда не пәрсенің болса да, тіпті ең жамақ, теріс пікірлер мен қылықтардың да жақсы негізін көрсете білмейтін адам тым тайыз болуға тиіс. Дүниедегі бұзылған нәрсенің бәрі де жақсы негізде бұзылған (*Hegel. «Encyklopädie». Erster Theil. «Die Logik». Berlin, 1840, S. 249).*

температура жасауға уақыт кетеді» (ал тіпті сегіз жасар балалардың ұйқы есебінен уақыт жоғалтуы барлық бауырлас Сандерсондар үшін жұмыс уақытын ұтқандық болып табылады), «оның үстіне пештердің өздеріне де температураның өзгеруінен зақым келер еді» (ал нақ сол пештер еңбектің күндіз-түні алмасып отыруынан ешбір зақым көрмейді)¹⁰³.

5. ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫС КҮНІ ҮШІН КҮРЕС.

XIV ҒАСЫРДЫҢ ЖАРТЫСЫНАН БАСТАП XVII ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНА ДЕЙІНГІ ЖҰМЫС КҮНІН ҰЗARTY ТУРАЛЫ ЕРІКСІЗ ЗАҢДАР

«Жұмыс күні дегеніміз не?» Капитал жұмыс күшінің күндік құнын төлеп, оны тұтына алатын уақыттың шамасы қандай? Жұмыс күні жұмыс күшін қалпына келтіріп отыру үшін қажетті жұмыс уақытынан тысқары қанша ұзартыла алады? Жоғарыда көрдік, бұл сұрақтарға капитал бұлайша жауап береді: жұмыс күні тәулігіне толық 24 сағат болады, бұдан азғана демалыс сағаттарын алып тастау керек, өйткені жұмыс күші бұл сағаттарды пайдаланбайынша өзінің қызметін қайтадан жүргізуге мүлде жарамсыз болып қалады. Оның үстіне өзінен-өзі түсінікті бір жәй, жұмысшы өзінің бүкіл өмірінің ішінде жұмыс күшінен басқа түк те емес, сондықтан оның қарамағындағы барлық уақыт жұмыс уақыты болатындығы табиғи

¹⁰³) «Children's Employment Commission, 4th Report etc.», 1865, № 85, p. XVII. Балалар үшін «тамақ іштің кесімді уақыт» белгілеу мүмкін емес, өйткені мұның өзі «таза шығынға» және пештерден шығатын белгілі мөлшердегі жылылықты «ысырап етушілікке» әкеліп соғар еді дейтін шыны заводшы мырзалардың бірінің нақ осындай жалтарма сөздеріне тергеу комиссиясының мүшесі Уайт. капиталистердің өз ақшаларын жұмсауға келгенде «тежелуің», «нәпсіні тыюшылығына» және «ұқыптылығына», ал адам өмірін жұмсауға келгенде олардың ақсақ-темірлік «ысыралқорлығына» кеңілі елжіреген Юр, Сенюор, т. с. сияқтыларға, олардың Рошер және басқалар тәріздем жексұрын неміс итаршыларына мүлде ұқсамайтын сол Уайт, мынадай жауап береді: «Тамақ ішуге кесімді уақыт белгілеп қоюдың нәтижесінде жылылық көзгіреген салыстырғанда біраз артық жұмсалатын болса да, мұндай шығын тіпті ақшалай күнмен көрсеткен күнде де, шыны заводтарында істейтін және өсіп-жетілу дәуірін бастан кешіріп отырған балалардың жайбаракат тамағын ішіп, бойына сіңіру үшін бас уақыты болмай отырғандығы себепті қазір корольдіктің басынан кешіріп отырған өмірлік күшті ысырап етушілікпен («the waste of animal power») ешбір салыстыруға келмейді» (бұл да сонда, XLV бет). Ал мұның өзі «гүлдену жылында» — 1865 жылы осылай болып отыр! Ауыр жүк көтеріп, оны тасуға күш жұмсау керектігімен қатар, бөтелке және флинтглас жасайтын заводтарда үздіксіз жұмыс істеуші жас балда 6 сағат бойында 15—20 миля (ағылшын милясы) жер жүруге тиіс! Ал жұмыс 14—15 сағатқа созылады! Шыны заводтарының бір талайында Москваның тоқыма фабрикаларындағы сияқты алты сағаттық сменалар системасы үстем болып отыр. «Апталық жұмыс уақытының өнбойында ең ұзақ үздіксіз демалыс 6 сағат болады. Бірақ бұдан фабрикаға барып, қайту үшін, жуынып, киіну үшін, тамақ ішу үшін қажетті уақытты шығарып тастау керек, өйткені мұның бәрі уақытты керек етсді. Сонымен, шынында дем алу үшін өте аз ғана уақыт қалады. Егер ұйқының есебінен жырымдамаса, ойнап, таза ауа жұту үшін де уақыты жоқ, ал мұның өзі аса ыстық жағдайда осындай ауыр еңбек істейтін балалар үшін өте қажет-ақ... Бірақ жас баланың қысқа ұйқысының өзі де жұмыстан қалып қоймасам игі еді деген түнгі уайыммен, күндіз сырттан келетін айқай-шұмен бұзылып отырады». Уайт мырза бір жас өспірімнің үздіксіз 36 сағат жұмыс істегенін, он екі жасар балалардың түнгі сағат 2-ге дейін жұмыс істейтінін, онан соң заводта таңғы 5-ке дейін ұйықтап (3 сағат!), тағы да күндізгі жұмысқа кірісетінін мысалға келтірген! «Күндізгі немесе түнгі смена (spell of labour), кезінде»... дейді жалпы есептің редакторлары Тринменхир мен Таффелл.— «балалар, қыздар, әйелдер атқаратын жұмыс мөлшері тіпті адам айтқысыз» (бұл да сонда, XLIII және XLIV беттер). Ал сінді «нәпсіні тыюға құлшынан» шыны капиталисін алатын болсақ, ол, бәлкім, португалияны тәнселсіп, жеті түнде клубтан үйіне қайтып келе жатып, бәлкім, дарақылықпен миңгірлеп «Britons never, never, shall be slaves!» [«Жоқ, ешқашан, ешқашан британдар құл болмас!»]¹⁰⁴, деп әндететін болар.

да орынды нәрсе, демек, ол бүтіндей капитал құнының өздігінен өсу процесіне тән. Адамның білім алуы үшін, интеллектілік дамуы үшін, элеуметтік функцияларды атқаруы үшін, жолдастық қарым-қатынас жасауы үшін, дене күштері мен интеллектілік күштерінен еркін өршуі үшін, ол тұрсын — жексенбіні сондай қасиеттеп құрметтейтін елдің өзінде-ақ ¹⁰⁴⁾ — жексенбіні мейрамдауы үшін қажетті уақытты алатын болсақ, мұның бәрі кілең бос былшыл! Шексіз мылқау күшпен, аш қасқырдай жалақтап қосымша еңбекке ұмтылатын капитал жұмыс күнінің моральдық шектері былай тұрсын, тіпті ең ақтық нағыз табиғи шектерін де бұзып-жарып өтеді. Ол тәннің өсуі, дамуы, аман сақталуы үшін қажетті уақытты басып алады. Ол жұмысшының таза ауа мен күн сәулесін пайдалануына қажетті уақытты ұрлайды. Ол тамақ ішу уақытын жырып алып, оны мүмкін қадерінше өндіріс процесінің өзіне қосып жібереді, солай болғансын бу қазаны көмірмен, машиналар маймен қалай қоректенетін болса, жұмысшы да сол ретпен жәй өндіріс құрал-жабдығы қатарында тамақтанады. Өмірлік күшті қалпына келтіріп, жаңғырту, тыңайту үшін қажетті дұрыс ұйқыны, мүлде титықтап біткен организмді жандандыру үшін сөзсіз қажет болатын сағат мөлшерін капитал кісіні меңіреу ететін азап сағаттарына айналдырады. Сонымен, бұл жерде жұмыс күнінің шегі жұмыс күшін өз қалпында сақтау мақсатымен белгілепбейді, қайта, мұның керісінше, жұмыс күшін күн сайын неғұрлым көбірек жұмсау арқылы жұмысшының демалысына шек қойылады, ал мұның өзі қаншама қасіретті зорлықтың күшімен істелетін, жанға батырлық нәрсе екендігі есеп емес. Капитал жұмыс күшінің өмірі қаншаға созылатынын сұрастырып жатпайды. Оның бір ғана көздейтіні — жұмыс күні ішінде іске қосуға болатын жұмыс күшін барынша пайдалану. Қомағай село қожайыны жердің табыстылығын арттыруды жер қыртысының құнарлылығын құрту арқылы қамтамасыз ететін болса, капитал өз мақсатына жұмыс күшінің өмірін қысқарту арқылы жетеді.

¹⁰⁴⁾ Англияның эралуан селолық жерлерінде, мысалы, қайсыбір жұмысшыны өз үйінің алдындағы бақша-сымақта жұмыс істеймін деп жексенбінің қасиеттілігін қорлағаны үшін үкіммен түрмеге отырғызып қоюшылық қапелімде әлі де кездесіп қалады. Нақ сол жұмысшы жексенбі күні, тіпті діншілдік жөнмен-ақ, әлденедей бір металлургия, қарағ немесе шаны фабрикасына бармай қалса, шартты бұзғандығы үшін жазаланады. Егер жексенбінің қасиеттілігін қорлаушылық капитал «құнының өсу процесінде» істелген болса, ортодокс парламент мұны құлағына іле қоймайды. Бір хатта (агуст, 1863 ж.) балық пен күс саудасында істейтін Лондон күндікшілері өздерінің еңбегі аптаның алғашқы 6 күнінде орта есеппен алғанда күн сайын 15 сағатқа, ал жексенбі күн 8—10 сағатқа созылатынын айта келіп, жексенбілік еңбекті жоюды талап еткен. Осы «жексенбілік еңбекті» атап айтқанда Эссетер-холлдағы ¹¹ әулиесінген ақүйектердің бойкүйе талғампаздары қолдан отырғандығы сол хаттан айқын көрінеді. «In site sitanda» [«өз тәнінің саулығын ойластырғанда»] аса ынталы осы «әулиелер» өздерінің құдайшылығын өзге адамдардың шектеп тыс еңбегіне, жоқшылығы мен аштығына төзгіштігімен дәлелдейді. Obsequium ventris istis (жұмысшыларға) perniciosius est [мешкейлік олар (жұмысшылар) үшін анағұрлым қатерлі].

Сонымен, шын мәнісінде қосымша күн өндіру, қосымша еңбекті сорып алу болып табылатын капиталистік өндіріс жұмыс күнін ұзарту арқылы адамның жұмыс күшін титықтатумен, оның өзінің дамуына, тіршілік етуіне керекті моральдық және табиғи жағдайлардан айырумен ғана тынбайды. Ол жұмыс күшінің өзін мезгілсіз титықтатып, құртуға себепкер болады¹⁰⁵⁾. Ол белгілі мерзім ішінде белгілібір жұмысшының өндірістік уақытын ұзартады, бірақ мұны сол жұмысшының өмірін қысқарту арқылы жүзеге асырады.

Бірақ жұмыс күшінің құнына жұмысшыны қалпына келтіріп отыру үшін, яки жұмысшы табын өрбіту үшін қажетті товарлардың құны да кіреді. Сонымен, өздігінен өсуге шексіз талпынатын капиталдың жанталасуы нәтижесінде жұмыс күнінің табиғи шектен тыс ұзартылуы жеке жұмысшылардың өмір сүру мерзімін, сонымен бірге олардың жұмыс күшінің жұмыс істеу мерзімін де қысқартатын болса, онда тозып біткен жұмыс күштерінің орнын неғұрлым тез толтыру қажет болады, яғни жұмыс күшін қалпына келтіріп отыру үшін керекті шығындар көп болуға тиіс; мұның өзі машина неғұрлым жылдам тозса, күн сайын ұдайы өндірілуге тиісті машина құнының бөлегі де соғұрлым көп болатыны сияқты болуға тиіс. Сондықтан, сырт қарағанда, қалыпты жұмыс күнін белгілеу қажеттігі капиталдың өз мүддесіне сай туатын сияқты көрінеді.

Құл иеленуші өзінің атын қалай сатып алатын болса, өзінің жұмысшысын да солай сатып алады. Құлынан айырылса, ол капиталынан да айырылады, мұның орнын ол құлдар рыногында жаңадан қаржы жұмсап өтеуге тиіс.

Бірақ «Джорджияның күріш егісі мен Миссисипидің батпағы адамның организміне қаншама кесепатты-сойқанды әсер еткенімен, адам өмірінің бұл шығыны әл жетпестей оншалық зор емес, мұның орнын Виргиния мен Кентуккидегі мол «қорықтың» есебінен толтыруға болады. Қожайынның мүддесін құлды аман сақтаумен үйлестіретін, сондықтан да құлға адамша қараудың кепілі бола алатын экономикалық жүйелер құлдар саудасы енгізілгеннен кейін, мұның керісінше, құлға мейлінше рақымсыз қараудың себебіне айналады, өйткені, егер оның орнына басқа жерлердегі негрлер «қорығышан» әкелінген жаңа құл алу мүмкін болса, оның өмірінің ұзақтығы оның тіршілік ететін кезіндегі өнімділігінен маңызсыздау болып шығады. Сондықтан шеттен құлдар әкелетін елдердегі құл иеленуші шаруашылықтың ережесі мынадай: нағыз шын экономияның мәні — адам тектес малдан (human cattle) неғұрлым аз уақыттың ішінде еңбек мөлшерін неғұрлым көбірек сығып алуда. Жылдық пайдасы плантациялардың барлық капиталымен тең түсетін, нақ тропикалық дақыл ететін елдерде негрлердің өмірі екінің бірінде нағыз рақымсыз құрбандыққа шалынып

¹⁰⁵⁾ «Біз бұдан бұрынғы есептерде шектен тыс еңбек... адамның жұмыс күшін күмән жоқ мезгілсіз титықтататындығы жөнінде әралуан тәжірибелі фабриканттардың пікірлерін келтіргенбіз» («Children's Employment Commission, 4th Report, 1865», № 64, p. XIII).

отырады. Бірнеше ғасырлар бойында ұшан-теңіз байлықтың бесігі болып келе жатқан Вест-Индияның егіншілігі африкан нәсілінен миллиондаған адамдарды жалмады. Біздің заманымызда да табыстары миллиондап есептелетін, плантаторлары князьдар болып отырған Кубада құлдар табы аса жағымсыз тамақпен тамактанады, титыққа жететіндей тынымсыз еңбек етеді, ал олардың едәуір бөлегі шектен тыс еңбектің біртіндеп қалжыратуы және ұйқы мен демалыстың жетімсіздігі салдарынан да жыл сайын турадан-тура қырғынға ұшырап жатады»¹⁰⁶⁾.

*Mutato nomine de te fabula narratur!*⁸⁸ Құлдар саудасын еңбек рыногымен, Кентукки мен Виргинияны Ирландиямен және Англияның, Шотландияның, Уэльстің егіншілік округтарымен, Африканы Германиямен ауыстыралық! Шектен тыс еңбек Лондондағы нан пісірушілердің қатарын ойсыратып отырғанын, солай бола тұрса да Лондонның еңбек рыногы нан пісіру кәсібінде өлуге дайын немістерге және басқа кандидаттарға толы екенін жоғарыда көрдік. Қыш құмыра өндірісі, өзіміздің жоғарыда көргеніміздей, жұмысшылары өте мөте аз өмір сүретін өнеркәсіп тарауларының бірі. Бірақ бұдан құмырашылардың тапшылығы байқалып отыр ма? Қазіргі кездегі қыш құмыра өндірісін ойлап табушы, өзінің тегі жағынан кәдімгі жұмысшы Джозай Уэдждуд 1785 жылы қауымдар палатасы алдында бүкіл осы өндірісте 15 мыңнан 20 мыңға дейін адам істейтінін айтты¹⁰⁷⁾. 1861 жылы Великобританиядағы осы өнеркәсіптің кілең қалалық орталықтарындағы халық 101 302 адам болды.

«Мақта мата өнеркәсібінің өмір сүре бастағанына 90 жыл болды... Ағылшын нәсілінің үш ұрпағына сай келетін дәуірдің ішінде бұл өнеркәсіп тоғыз ұрпақты жалмады»¹⁰⁸⁾.

Рас, жанталаса өрлеу туғызған кейбір кезеңдерде еңбек рыногында жұмыс күшін ұсынудың қатты тапшылығы байқалып отырды. Мәселен, 1834 жылы осылай болды. Бірақ бұл арада фабрикант мырзалар егінші округтардағы «халықтың артығын» солтүстікке жіберіңіздер деп Кедейлер туралы заң жөніндегі комиссияға ұсыныс жасады және: «фабриканттар бұларды игеріп, тұтына алады»¹⁰⁹⁾ десті. Бұл олардың шын сөздері еді.

«Кедейлер туралы заң жөніндегі комиссияның ризалығы бойынша Манчестерге агенттер жіберілді. Ауыл шаруашылық жұмысшыларының тізімдері жасалып, осы агенттердің қолдарына берілді. Фабриканттар бюроға ұмтылды, олар өздеріне керекті адамдарды іріктеп алғаннан кейінгі жерде Англияның оңтүстігінен талай семьялар жөнелтілді. Адамнан құралған

¹⁰⁶⁾ J. E. Cairnes, цитат алынған шығарманың, 110, 111-беттері.

¹⁰⁷⁾ John Ward. «The Borough of Stoke-upon-Trent etc.». London, 1843, p. 42.

¹⁰⁸⁾ Феррандтың қауымдар палатасында 1863 ж. 27 апрельде сөйлеген сөйі.

¹⁰⁹⁾ «Фабриканттар бұларды игеріп, тұтына алады. Мақта мата фабриканттарының мәлімдемесінде дәл осылай делінген» (бұл да сонда).

жүктер тайлап бұған товар сияқты жарнама тағылып, каналдар арқылы және күркелі арбалармен керек жеріне жеткізілді; кейбіреулері жаяу барды, бірталайы жолынан адасып, ашыққан күілде өнеркәсіпті округтарды шарлап жүрді. Осының бәрі сауданың нағыз бір тарауына айналды. Қауымдар панатасы мұны адам иланғысыз деп білер. Әйтеуір адам етімен осылай үнемі сауда жасаушылық, осындай пайда табушылық үздіксіз жүргізіліп келді, сөйтіп оңтүстік штаттардағы мақта плантаторларына негрлер қалай сатылатын болса, манчестерлік агенттер де жұртты солай сатып алып, манчестерлік фабриканттарға ұдайы сатумен болды... 1860 жыл мақта мата өнеркәсібінің шарықтаған жылы болды... Жұмыс қолдары тағы да жетпей жатты. Фабриканттар адам етін сататын агенттерге тағы да сөз салды... сонда бұл агенттер Дорсеттің сай-саласын, Девонның жоталарын, Уилтстің ойпаңдарын тағы да түгел шарлап шықты, бірақ артық халық енді желініп біткен еді».

«Bury Guardian» газеті ағылшын-француз сауда договору жасалғаннан кейін 10 мың «қосымша жұмыс қолдары» игерілетін еді, ал көп ұзамай тағы да 30—40 мыңы керек болар еді деп зарлады. Адам етімен сауда жасайтын агенттер мен жәрдемші агенттер 1860 жылы егіншілік округтарын шарлап, түк бітіре алмағаннан кейін

«фабриканттардың депутациясы Кедейлер жөнінде қамқорлық жасайтын Советтің председатели Вильерс мырзаға сөз салып, жұмыс үйлерінен жетімдер мен кедейлердің балаларын фабрикаға алуға тағы да рұқсат етуді өтінді»¹¹⁰).

¹¹⁰ Бұл да сонда. Өзінің иетіне қарамастан, Вильерс фабриканттардың тілемсектік талаптарын қабылдаудан бастаруға «зан бойынша» мәжбүр болды. Алайда бұл мырзалар кедейлерге қамқорлық жасаушы жергілікті орындардың қошеметшілдігі арқасында өт мақсаттарына жетті. Фабрика инспекторы А. Редгрейв мырзаның айтуынша, жетімдер мен пауерлердің балалары «зан бойынша apprentices (шәкірттер) болып есептелетін «система» бұл жолы «бұрынғыдай қиянат туғыза қойған жоқ» (осындай «қиянаттар» туралы қараңыз: Ф. Энгельс: «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы», Лейпциг, 1845).— дегенмен, әрине, бір ретте «Шотландияның егінші округтарынан Ланкашир мен Чeshire ежеліген қыз балалар мен жас әйелдер жөнінде бұл система қиянатпен пайдаланылды». Бұл «системаның» мәнісі — фабрикант кедейлерді паналататын үйлердің администрациясымен белгілі мерзімге шарт жасасады. Ол балаларды тамақпен, киіммен, жатақ орынмен қамтамасыз етіп, оның үстіне ақшалай азын-аулақ ақы төлейді. Ағылшын мақта мата өнеркәсібінің тіпті гүлденген жылдарының ішінде 1860 жыл оқшау шығып, жалақы ерекше жоғары дәрежеге жетті, өйткені Ирландия халқының азаюы, ағылшын мен шотланд егінші округтарынан Австралия мен Америкаға адам айтқысыз көп эмиграция жасалуы, Англияның кейбір егінші округтарында халықтың мықтап азаюы салдарынан жұмысшыларға деген сұраныс қатты күшейген еді, бұған бір жағынан адамның өмірлік күшінің ойсырап бұзылуы, ал екінші жағынан адам етімен сауда жасаушылардың барлық артық халықты пайдаланып біткендігі себеп болды, міне әсіресе осыларды еске алғанда, Редгрейв мырзаның төмесдегі пікірі оғаш естіледі. Міне осының бөріне қарамастан, Редгрейв мырза былай дейді: «Солай бола тұрса да, бұл сияқты еңбек» (кедейлерді паналататын үйлердегі балалар еңбегі) «ешқандай басқа еңбекті табуға болмайтын кезде ғана қолданылады, өйткені бұл қымбат (high priced labour). 13 жастан былайғы жас өспірімдердің дағдылы жалақысы шама мен алғанда аптасына 4 шилл. болады; бірақ осындай 50 немесе 100 жас өспірімге тамақ, киім, жатақ орын беру, оларға дәрігерлік жәрдем көрсетіп, тиісінше зер салып отыру, мұның үстіне ақшалай азын-аулақ ақы төлеу.— бұл үшін аптасына адам басыр» 4 шилл. жеткілісіз» («Reports of the Insp. of Factories for 30th April 1860», p. 27). Бірақ тұрып, бір жерден тамақ ішетін, жалпы бақылаулары 50 немесе 100 жас өспірімге фабрикант мұны істей алмай отырған болса, жұмысшының өзі мұның бөріні балаларының кеткен. Текстеп жалған қорығындылар жасауға жол бермеу үшін мен тағы да мынаған ескертуге тиіспін: ағылшын мақта мата өнеркәсібі жұмыс күнін, т. т. ретке салған 1850 жылғы фабрикалақ заңға бағынған кезден бастап оны Англияның үлгіді өнеркәсібі деп қарау керек. Ағылшын мақта мата өнеркәсібінің жұмысшысы өзінің континенттегі тағдырлас жолдасына қарағанда барлық жағынан жоғары дәрежеде. «Пруссияның фабрикалық жұмысшысы өзінің ағылшын бәсекелесіне қарағанда аптасына ең кемінде

Жалпы алғанда капиталистің тәжірибеден көретіні — белгілі бір артық халық, яғни капиталдың өсу жөніндегі әрбір нақтылы кезеңде болып отыратын керегімен салыстырғандағы артық халық үнемі болып отырады, бірақ бұл артық халық қауіпті біткен, өмірі тез таусылып бара жатқан, бірін-бірі ығыстырып шығарып жатқан, былайша айтқанда, есею шағына жетпей-ақ жұлынып түсетін адамзат ұрпақтарынан құралады¹¹⁰). Екінші жағынан, байкампаз зерек адамның тәжірибеден көретіні — тарихи тұрғыдан алғанда кеше ғана туған капиталистік өндіріс халықтың өмірлік күшін мейлінше әлсіретіп үлгірді, ал өнеркәсіп халқының азып-тозуы деревняның қалпы бұзылмаған өмірлік элементтерін үнемі өз ішіне сіңіру нәтижесінде ғана баяулап отыр, тіпті село жұмысшылары да, таза ауаға қарамастан және ең мықты индивидумдардың ғана тірі қалуына себепкер болатын табиғи іріктелу заңының олардың арасында шексіз әрекет етуіне қарамастан, қазірдің өзінде-ақ құри бастап отыр¹¹²). Өз төңірегіндегі жұмысшылар ұрпағының қасіреттерін мойындамауға тым «жақсы дәлелдері» болып отырған капитал өзінің практикалық қимылында келешекте адамзаттың азып-тозуы, сөйтіп ақыр аяғында сөзсіз құрып бітуі жөніндегі перспективамен жердің күнге барып құлауы мүмкін деген перспективамен санасқандай ғана сана-сады. Акциялармен қандай да болсын жалдаптық жасағанда өйтеуір бір кезде нажағай соғатынын өркім біледі, бірақ өркім: өз басым алтын ақшаны күреп алып, оны қауіпсіз жерге жасырып үлгіргеннен кейін барып жай оты жақын маңдағы біреудің басынан түсер деп үміттенеді. *Après moi le déluge!*⁸⁹ — міне әрбір капиталистің, әрбір капиталистік ұлттың ұраны

¹¹⁰ 10 сағат артық жұмыс істейді, ал егер ол үйіндегі өзінің меншікті тоқыма станогында істейтін болса, онда қосымша жұмыс сағаттарының бұл шегі де жоғалып кетеді» («Reports of the Insp. of Factories for 31 st. Oct. 1855», p. 103). Жоғарыда аталған фабрика инспекторы Редгрейв 1851 жылғы өнеркәсіп көрмесінен кейін континентке, атап айтқанда Франция мен Пруссияға сапар шекті, ондағы мақсаты — осы елдердегі фабрикалық тәртіптерді зерттеу еді. Пруссия фабрикалық жұмысшысы туралы ол былай дейді: «Ол жадағай тамақ нен болмашы жиназға ғана жетерлік жалақы алады, өзі осыған үйреніп, дағды алып кеткен... Ол өзінің ағылшын бәсекелесінен нашар тұрады және жұмысты одан көп істейді» («Reports of Insp. of Fact. 31st Oct. 1853», p. 85).

¹¹¹ «Шектен тыс жұмыстан жұрт көз ілеспестей шапшаң өлуде; бірақ қаза тапқандардың орны дереу қайтадан тола қояды, сөйтіп адамдардың жиі алмасуы сахнада ешқандай өзгеріс туғызбайды» («England and America». London, 1833, v. 1, p. 55; авторы — Э. Г. Уэйкфилд).

¹¹² Қараңыз: «Public Health. Sixth Report of the Medical Officer of the Privy Council, 1863». 1864 ж. Лондонда жарияланған. Бұл есепте нақ сол ауылшаруашылық жұмысшылары туралы айтылады. «Сатерленд графтығын жай-жағдайы мықтап жақсартылған округ деп суреттеген еді, бірақ еркектерінің көркілтігі мен солдаттарының батырлығы жағынан бір кезде қатты даңқы шыққан бұл графтықтың округтарында халықтың ашаң, әлсіз нәсілге айналып азындап кеткендігі таяуда жүргізілген тексеру кезінде анықталды. Денсаулыққа өте-өте қолайлы, теңіз жағасына қараған жоталардың беткейлеріне орналасқан жерлерде балалардың жүздері ашаң да өңсіз, бейне өздері Лондонның әлде неңдей бір мүйісіндегі жаман атмосферада тұратын сияқты» (*Thornton*, цитат алынған шығармасың 74, 75-беттері). Шынында бұлар Глазгоның *wuuds және closes* [лашықтары мен зинахналарында] жезөкшелермен, ұрылармен бірге қордаласып жатқан 30 000 «gallaңт Highlanders» [«өркеуде таулықтарға»] ұқсайды.

осы. Қоғам капиталды басқаша қарауға мәжбүр етпейтін жерлердің бәрінде де ол жұмысшының денсаулығы мен өміріне рақымсыз қарайды¹¹³⁾. Тән мен рухтың ұсқынын бұзушылық, мезгілсіз өлім, шектен тыс еңбектің азабы жөніндегі шағымдарға ол: біздің рақатымызды (пайдамызды) көбейтетін болса, бұл азаптар біздің жанымызды қалай жараламақ? — деп жауап береді. Бірақ жалпы алғанда мұның өзі де жеке капиталистің жақсылық немесе қаскүнемдік ниетіне байланысты емес. Еркін бәсеке кезінде капиталистік өндірістің ішкі заңдары жеке капиталист жөнінде сыртқы күштеуші заң ретінде әрекет етеді¹¹⁴⁾.

Қалыпты жұмыс күнінің белгіленуі капиталист пен жұмысшының арасында сан ғасыр бойы жүргізілген күрестің нәтижесі еді. Бірақ бұл күрестің тарихында қарама-қарсы екі ағымның барлығы анықталды. Мәселен, біздің заманымыздағы ағылшынның фабрикалық заңдарын XIV ғасырдан бастап XVIII ғасырдың жартысына дейін қолданылған ағылшын жұмысшы статуттарымен салыстырып көрелік¹¹⁵⁾. Қазіргі кездегі фабрикалық заң жұмыс күнін күшпен қысқартатын болса, әлгі статуттар оны күшпен ұзартуға тырысады. Рас, капиталдың жаратылған сатыдағы, оның жаңада ғана туған кезіндегі, демек, жеткілікті мөлшерде қосымша еңбекті сору жөніндегі өз правосын жалғыз экономикалық қатынастардың күшімен ғана емес, мемлекеттік өкіметтің көмегімен де қамтамасыз еткен кезіндегі талаптары,— міне бұл талаптар оның

¹¹³⁾ «Халықтың денсаулығы ұлттық капиталдың аса маңызды элементі бола тұрса да, бұл қатынаны сақтап, бағалауға капиталистердің мүлде зауқы жок екенін амалсыздан мойындауға тура келетін сияқты... Жұмысшылардың денсаулығына фабриканттар лажсыздан көңіл бөліп келді» («Times», 5 ноябрь. 1861 ж.). «Уэст-Райдингтің еркектері бүкіл адамзат үшін шұға жасаушыларға айналып кетті. Жұмысшы халықтың денсаулығы құрбандыққа шалынды, ал егер реакция тұмаған болса, нәсілдің өзі бірнеше ұрпақтың бойында мүлде азғындап кеткен болар еді. Бала еңбегінің сағаттарына шек қойылды, т. т.» («Twentysecond Report of the Registrar General», London, 1861).

¹¹⁴⁾ Сондықтан біз, мәселен, мынаны көреміз: 1863 жылдың бас кезінде Стаффордширде орасан зор қыш-құмыра өндірістері бар 26 фирма, оның ішінде балаларымен бірге, Д. Уэлдвудтің фирмасы да, ағырықша меморандумда «мемлекеттің іске өткен араласуы туралы» өтініш жасайды. «Басқа капиталисттермен екі арадағы бәсеке» балалардың жұмыс күніне «ерікті түрде» шек қоюға, т. т. оларға ешбір мүмкіндік бермейді екен. «Сондықтан біз жоғарыда аталған қырсықты айтып қанша құқсасақ та, фабриканттардың өз арасында жасалатын әлде нендей бір келісім арқылы бұл қырсықты жою мүмкін болмас еді... Осы жағдайлардың бәрін еске ала отырып, біз күштеуші заң қажет деген пікірге келдік» («Children's Employment Commission, 1st Report», 1863, p. 322).

¹¹⁵⁾ *114-ескертуге қосымша.* Тіпті таяуда ғана болған бір оқиғадан біз мұнан да айқын мысал келтіре аламыз. Істің жанталасқан қызу кезінде мақта бағасының жоғары болуы себебі Блэкберндегі мақта мата тоқыма фабрикаларының иелері өз фабрикаларында жұмыс уақытын белгілібір мерзімге қысқарту жөнінде өзара келісім жасасқан. Бұл мерзім шамамен алғанда ноябрдің аяғында (1871 ж.) біткен. Сол мақта жіп иіру ісін мата тоқумен ұштастыра жүргізетін неғұрлым бай фабриканттар осы келісімге сәйкес өндірістің ықшамдалуын өз ісінді өрісін ұлғайту үшін жөне осы арқылы ұсақ кәсіпкерлердің есебінен көп олжа түсіру үшін пайдаланған. Ал соңғылар осындай қиын жағдайларда фабрика жұмысшыларына сөз салып, оларды тоғыз сағаттық жұмыс күні үшін мықтап үгіт жүргізіндер деп шақырған, бұл үшін оларға ақшалай жәрдем көрсетуге уәде еткен!

¹¹⁶⁾ Сонымен қатар бізге Францияда, Нидерландтарда да, т. т. кездесіп отырған бұл жұмысшы статуттары Англияда формальды түрде 1813 жылда ғана, өндірістік қатынастардың өзі бұларды әлдеқашан керексіз етіп тастағаннан кейін ғана жойылды.

есейген шағында күнкілдеп, қарсыласып барып жасайтын кеңшіліктерімен салыстырғанда мүлде шағын болып шығады. Капиталистік өндіріс әдісінің дамуы нәтижесінде «ерікті» жұмысшы өз өміріндегі барлық белсене қимылдайтын уақытын, өзінің жұмыс қабілетінің өзін де дағдылы тіршілік заттарының бағасына сатуға, — өзінің тұңғыштығын бір аяқ жасымық көжеге сатуға⁹⁰ өз ықтиярымен көнуі үшін, яғни қоғамдық жағдайлар оны осыған мәжбүр етуі үшін бірнеше ғасырлар керек болды. Сондықтан XIV ғасырдың жартысынан бастап XVII ғасырдың аяғына дейінгі дәуірдің ішінде капитал есейген жұмысшыларды мемлекеттік өкіметтің көмегімен күшпен көндіруге тырысқан жұмыс күнінің ұзақтығы XIX ғасырдың екінші жартысында балалардың қанын капиталға айналдыру үшін кейбір жерлерде мемлекет белгілеген жұмыс уақытының шеңберімен шамада бірдей болып шығады. Қазіргі кезде, мысалы, Массачусетс штатында, соңғы уақытқа дейін Солтүстік Америкадағы ең ерікті саналған осы штатта, жасы 12-ге толмаған балалар үшін заң бойынша жарияланған еңбек шегі Англияда XVII ғасырдың жартысында-ақ бетінен қаны тамған қолөнершілердің, қапсағай денелі батрақтардың, батыр тұлғалы темір ұсталарының қалыпты жұмыс күні болатын¹¹⁶⁾.

Бірінші жұмысшы статутын (Эдуард III патшалық құруының 23-ші жылы, 1349 ж.) шығаруға қырғын оба⁹¹ тікелей сылтау болды (себебі емес, өйткені мұндай заңдар бұл сылтау жойылғаннан кейін де талай ғасырлар бойы шығарылып келеді), бұл оба кезінде халықтың азайып кеткені соншалық, бір торидың сөзіне қарағанда, «тәуір бағамен» (яғни қожайындарға тәуір мөлшерде қосымша еңбек қалдырарлық бағамен) «жұмысшылар табу шын мәнісінде адам айтысыз қиындап кеткен»¹¹⁷⁾. Сондықтан «тәуір» жалақы заң жүзінде

¹¹⁶⁾ «Қандай мануфактуралық кәсіпорында болса да жасы 12-ге толмаған бірде-бір жас бала тәулігіне 10 сағаттан артық жұмыс істемеуге тиіс» («General Status of Massachusetts» 60 тарау, § 3). (Бұл қаулылар 1836—1858 жылдары шыққан.) «Тәулігіне он сағат бойы барлық мақта мата, жүн, жібек, қағаз, шыны, кенеп фабрикаларында және темір-мыс бұйымдарын жасайтын заводтарда істелетін еңбек заң бойынша белгіленген күндізгі еңбек деп қаралуға тиіс. Сонымен бірге мынадай жарлық беріледі: бұдан былай қай фабрикада болса да бірде-бір жас өспірім күніне 10 сағаттан артық, яки аптасына 60 сағаттан артық жұмыс істемейтін болсын немесе оларға зорлап жұмыс істеткізушілік болмасын және бұдан былай 10 жасқа толмаған бірде-бір жас өспірім осы штаттың көлеміндегі қай фабрикаға болса да жұмысшы ретінде алынбайтын болсын» («State of New-Jersey, An act to limit the hours of labour etc.», §§ 1 және 2. 1851 ж. 18 марттағы заң). «Қандай мануфактуралық кәсіпорында болса да 12 жасқа толған, бірақ 15 жастан кіші жас өспірімдерге тәулігіне 11 сағаттан артық жұмыс істеткізуге, оның бер жағында таңертеңгі сағат 5-тен ерте және кешкі сағат 7½-нан кейін жұмыс істеткізуге тыйым салынады» («Revised Statutes of the State of Rhode Island etc.», 139-тарау, § 23, 1 июль, 1857 ж.).

¹¹⁷⁾ [J. B. Byles.] «Sophisms of Free Trade», 7th edit. London, 1850, p. 205. Нақ сол тори, айпақшы былай деп сөз қосады: «Жалақыны жұмысшыларға нұқсан келтіре, еңбек жалдаушылардың пайдасына реттеген парламенттік заңдар 464 жылға созылған ұзақ дәуірдің ішінде сақталып келді. Халық өсті. Енді бұл заңдар артық, керексіз нәрселер болып қалды» (бұл да сонда, 206-бет).

еріксіз жасалды, дәл сондай-ақ жұмыс күнінің шеңбері де осылайша белгіленді. Бұл жерде біздің көңілімізді аударып отырған соңғы пункт 1496 жылғы статутта қайталанған (Генрих VII тұсында). Барлық қолөнершілердің (artificers) және ауылшаруашылық жұмысшыларының жұмыс күні марттан бастап сентябрьге дейін таңертеңгі сағат 5-тен кешкі сағат 7-8-ге дейін созылуға тиіс болған,— алайда мұны практика жүзінде іске асырудың сәті түспеген көрінеді,— ал оның бер-жағында тамаққа арналған уақыт сәскелікте 1 сағат, түстікке $1\frac{1}{2}$ сағат, бесінде тағы да жарты сағат болған, яғни қазіргі кездегі фабрикалық заң бойынша белгіленген уақыттан тура екі есе артық ¹¹⁸⁾. Қыстың күні жұмыс нақ сондай үзілістерімен таңертеңгі сағат 5-тен ымырт жабылғанша жүргізілуге тиіс болған. Елизаветаның 1562 жылғы статуты «күндік немесе апталық ақыға жалданып істейтін» барлық жұмысшылар үшін жұмыс күнінің ұзақтығын өзгерткен жоқ, бірақ үзіліс уақытын жаздың күні $2\frac{1}{2}$ сағатпен, қыстың күні 2 сағатпен шектеуге тырысты. Түскі тамақ тек 1 сағатқа созылуға тиіс болды, ал «түскі тамақтан кейінгі жарты сағаттық ұйқыға» тек майдың жартысынан бастап августың жартысына дейін ғана рұқсат етілген. Жұмыста болмаған әрбір сағатқа жалақыдан 1 пенни ұсталып қалатын болған. Алайда практика жүзіндегі жағдайлар жұмысшылар үшін статуттағыдан анағұрлым қолайлы болып отырған. Саяси экономияның атасы және бір есептен статистиканы ойлап шығарған Уильям Петти XVII ғасырдың жетпісінші жылдарында жариялаған бір шығармасында былай дейді:

«Жұмысшылар» (labouring men, ол кезде анығында ауыл шаруашылық жұмысшылары «тәулігіне 10 сағаттан жұмыс істеп, аптасына 20 рет; атап айтқанда жәй күндері күніне үш рет, жексенбі күндері екі рет тамақ ішеді; бұдан айқын көрінетіні — егер олар жұма күні кешкісін тамақ ішпей, түскі тамаққа қазіргі кезде сағат 11-ден 1-ге дейін тұтынатын 2 сағаттың орнына $1\frac{1}{2}$ сағат тұтынатын болса, яғни егер олар уақыттың $\frac{1}{20}$ мөлшерінде жұмысты көп істеп, уақытты соншалық мөлшерде аз тұтынатын болса, онда бұл жоғарыда айтылған салықтың $\frac{1}{10}$ бөлегін өтеуге жеткілікті болар еді»¹¹⁹⁾).

1833 жылғы он екі сағаттық билль өткендегі қара түнек заманға қайта оралғандық болып табылады деп жар салған

¹¹⁸⁾ Бұл статут жөнінде Дж. Уэйд мынадай бір орынды пікір айтады: «1496 жылғы статутқа қарағанда тамаққа жұмсалатын шығын қолөнершінің табысының $\frac{1}{2}$ бөлігіне және ауылшаруашылық жұмысшысы табысының $\frac{1}{2}$ бөлігіне тең болып есептелген, ал бұдан ол кезде жұмысшылардың жағдайы қазіргіден гөрі, ауылшаруашылық және мануфактуралық жұмысшылардың тамағына олардың жалақысының көбірек бөлігі жұмсалатын кездегіден гөрі тәуелсіздеу болғандығы көрінеді» (J. Wade цитат алынған шығарма 24, 25, 577-беттері). Ал бұл айырмашылық тамақ пен киімнің қазіргі және сол кездегі бағасының арасындағы айырмашылықтан туған деген пікірге келетін болсақ, бұл пікір мына еңбекпен ең үстірт танысқанның өзінде-ақ бекерге шығады: «Chronicon Preciosum etc.». By Bishop Fleetwood. 1st edit., London, 1707, 2nd edit., London, 1745.

¹¹⁹⁾ W. Petty. «Political Anatomy of Ireland, 1672», edit. 1691 p. 10⁹².

доктор Эндрю Юрдың пікірі дұрыс емес пе? Әрине, статуттардың ережелері мен Петтидің айтып отырған ережелері «apprentices» (шәкірттер) жөнінде де қолданылады. Ал енді XVII ғасырдың аяғында-ақ балалар еңбегінің жайы қандай болғанын мына төмендегі шағымға қарап пайымдауға болады:

«Англияда біздің жас жігіттер дәл шәкірт болып түскенге дейін түк істемейді; сондықтан жақсы қолөнершілер болып шығу үшін оларға, әрине, көп уақыт — жеті жыл — керек болады».

Ал Германия, мұның керісінше, ондағы балалардың бекіктегі кезінен бастан «аздап та болса жұмысқа үйретілетіндігі» үшін мақталып отыр¹²⁰⁾.

XVIII ғасырдың көп жылдары бойында-ақ, ірі өнеркәсіп заманына дейін, ағылшын капиталы жұмыс күшінің апталық құнын төлесе де, жұмысшының бүкіл аптасын қолына ала алмай келді,— тек ауылшаруашылық жұмысшыларының жайы ғана бұдан басқаша. Жұмысшылардың төрт күндік жалақыға апта бойы өмір сүре алатындығы олардың қалған екі күнде де капиталист үшін жұмыс істеуіне жеткілікті негіз бола қойған жоқ. Капитал қызметіндегі бір бағыттағы ағылшын экономистері осындай қасарыңқылығы үшін жұмысшыларға барынша өршелене тиісті; екінші бір бағыттағы экономистер жұмысшыларды қорғады. Мысалы, сол кезде өзінің сауда сөздігі қазіргі кездегі Мак-Куллох пен Мак-Грегордың сондай шығармалары сияқты даңққа бөленген Послтуэйт пен

¹²⁰⁾ «A Discourse of the Necessity of Encouraging Mechanic Industry». London, 1690, p. 13. Англия тарихы вигтер мен буржуазияның мүдделеріне бейімдеп бұрмаланған Маколей мынадай таңқалға салынады: «Балаларды мезгілінен бұрын жұмысқа отырғызу салты... XVII ғасырда өнеркәсіптің сол кездегі жағдайында адам айтқысыз деуге боларлық дәрежеде өріс алды. Жұн өнеркәсібінің негізгі орталығы Норвичте алты жасар бала жұмысқа қабілетті деп саналды. Сол кездегі түрлі авторлар — олардың көбі асқан ізгі ниетті адамдар болып есептелетін — бұл қалада тек қана үл балалар мен қыз балалардың еңбегімен жылына олардың өз бастарына жұмсалатын қаражаттан тысқары 12 000 ф. ст. байлық жасалады деп «exultation» (масаттану) әңгіме етеді. Біз өкен кездің тарихын неғұрлым толық зерттеген сайын, біздің ғасырды жаңа әлеуметтік апаттарға толы деп есептейтіндердің шікіріне қосылуға болмайтын дәлелдерді соғұрлым көп табымыз... Бір жаңалық — осы апаттарды ашып көрсететін оқымыстылық, оның үстіне бұларды сауықтартатын адамгершілік» («History of England», v I, p. 417). Сонымен қатар Маколейдің мына бір оқиға туралы да айтып берудің болар еді: XVII ғасырдағы «асқан ізгі ниетті» amis du commerce [сауда достары] Голландияда келелерді паналататын бір үйде 4 жасар балаға жұмыс істеткізгенін «exultation» баяндайды, оның бер жағында «vertu mise en pratique» [«практика жүзінде қолданылған жақсылықтың»] бұл үлгісі А. Смиттің заманына дейінгі а Маколей адамгершілік өкілдерінің барлық шығармаларында көрсетілген. Рас, қолөнершіліктен өтпеген мануфактура пайда болғаннан кейін балаларды қанаудың белгілері біліне бастады; бұл қанау белгілі дәрежеде шаруаларда ежелден бар болатын және егіншілік еңсесін басқан елгі неғұрлым ауырлаған сайын бұл қанау соғұрлым кен өріс алып отырды. Қалыпталдың тенденциясы айқын болғанымен, фактілердің өздері екі басты балалардың дүниеге келуі сияқты ілуде бір-ақ кездесетін оқиғаның сипатында болып отырды. Сондықтан да болашақты толық сезінген «amis du commerce» бұл фактілерді асқан тамаша таңғажайып нәрсе ретінде өз замандастары мен келешек ұрпаққа «exultation» ғибрат етіп көрсетті, оларға бұдан үлгі алындар деп жөн үйретті. Нәк сол құбылмалы шотланд және тілар Маколей былай дейді: «Қазіргі уақытта біз кілек регресс жайында естіп жүрміз, ал көріп жүргеніміз прогресс қана». Негкен көреген, ең бастысы, негкен саяқ құлақ десеңші!

жоғарыда цитата алынған «*Essay on Trade and Commerce*» авторы арасындағы айтысты тыңдап көрейік ¹²¹⁾.

Послтуэйт мәселен былай дейді:

«Осы аздаған ескертпелердің қорытындысында мен тым көп жұрттан естіліп жүрген бір оңбаған пікірге, атап айтқанда жұмысшы (*industrious roog*) 5 күн ішінде өзінің күн көрісіне жетерлік ақы таба алатын болса, толық 6 күн жұмыс істегісі келмейді деген пікірге назар аудармай кете алмаймын. Сондықтан олар: қолөнершілерге және мануфактура жұмысшыларына апта ішінде алты күн бойы үздіксіз еңбек еткізу үшін салық арқылы немесе басқа бір жолмен тіпті ең қажетті тіршілік заттарын да қымбаттату керек деген қорытындыға келеді. Мен бұл корольдіктегі жұмысшы халықты мәңгілік құл ету үшін (*the perpetual slavery of the working people*) жанын салып жүрген осы ұлы саясатшылардан басқаша пікірде болуыма рұқсат сұрауға тиіспін: олар «*all work and no play*» (ойынсыз жұмыс жасытар) деген мәтелді ұмытып кетіп жүр. Ағылшындар осы күнге дейін британ товарларын жалпы жұртқа танытып, даңққа бөлеп келген өз қолөнершілері мен мануфактура жұмысшыларының дарындылығы мен өнерін мақтаншы етпей ме? Біз бұған ненің арқасында жетіп отырмыз? Шынтуайтқа келгенде, басқа ешнәрсенің де емес, тек жаратылысынан жайдары біздің жұмысшы халықтың көңіл көтере білетіндігі арқасында ғана жетіп отырмыз. Егер олар бәз-баяғы бір жұмысты жыл тәулік бойы, аптасына алты күн ұдайы, күннеп-күнге сарсылып істеуге мәжбүр болған болса, мұның өзі олардың қабілетін мұқалтпас па еді, оларды ширақы да епті адамдардан топас және самарқау жандарға айналдырып жібермес пе еді; сөйтіп біздің жұмысшылар осындай мәңгілік құлдықтың езгісінен өз белдінен айрылмас па еді, оны сақтап қала алар ма еді?.. Осыншалық қатаң азапқа салынған жануарлардан (*hard driven animals*) қандай өнер күтуге болушы еді?.. Олардың көбінің 4 күн ішінде істейтін жұмыс мөлшерін француз 5—6 күнде ғана атқара алады. Ал егер ағылшындар мәңгілік еңбек етесің басқан жұмысшыларға айналатын болса, онда олар француздардан да бетер азғындап кетеді (*degenerate*) деп қауіптенуге болады. Егер біздің халықтың соғыста батырлығымен даңқы шыққан болса, онда біз мұның өзі, бір жағынан, оның тамағына жұмсалатын ағылшын ростбифі мен пуддингісінің арқасы, ал екінші жағынан, бұдан кем соқпайтын дәрежеде, біздегі бостандықтың конституциялық рухының арқасы дей алмаймыз ба? Одан соң, біздің қолөнершілер мен мануфактура жұмысшыларында қабілеттің, күш-қайрат пен өнердің көбірек болуы тегінде солардың өзінше көңіл көтеруіне өріс берген бостандықтың арқасы демейтін не жөніміз бар? Олардың жұмыстағы өнеріне де, олардың ерлігіне де бірдей негіз болып отырған бұл артықшылықтардан да, жақсы тұрмыс жағдайларынан да олар ешқашан да айрылмайды деп сенемін мен» ¹²²⁾.

Бұған «*Essay on Trade and Commerce*»-тің авторы мынадай жауап берді:

¹²¹⁾ Жұмысшыларды айыптаушы барлық адамдардың ішіндегі ең қаскүнемі тексте аталған, «*An Essay on Trade an Commerce: containing Observations on Taxes etc.*», London, 1770, деген еңбектің аноним авторы. Ал бұдан бұрын ол өзінің «*Considerations on Taxes*», London, 1765 деген шығармасында да осындай сипатта көрінген болатын. Статистикада адам айтқысыз мылжың Полонийді — Артур Юнгті де осыған жатқызу керек. Жұмысшыларды қорғаушылардың ішінде көзге түсетіндер: Джейкоб Вандерлинт — «*Money answers all Things*», London, 1734; пастор Натаниел Форстер, хадис докторы, — «*An Enquiry into the Causes of the Present High Price of Provisions*», London, 1767; др Прайс, әсіресе Послтуэйт — өзінің «*Universal Dictionary of Trade and Commerce*», деген еңбегіне жасалған бір қосымшада, сондай-ақ «*Great Britain's Commercial Interest explained and improved*» деген еңбекте, 2nd edit. London, 1759. Сол келдегі басқа да көптеген жазушылар, олардың ішінде Джозай Тэккер, нақты фактілерді атап көрсетеді.

¹²²⁾ *Postlethawayt*. Бұл да сонда. «*First Preliminary Discourse*», p. 14.

«Егер аптанын жетінші күнін мейрамдау тәңірінің қалауы дейтін болсақ, онда бұдан шығатын ұйғарынды — аптаның қалған күндері еңбектікі» (ол: капиталдыкі демекші, мұны біз қазір көреміз), «сондықтан тәңірінің осы парызын күшпен өткізуді қаталдық деп атауға болмайды... Жалпы алғанда адамзат жаратылысынан-ақ жан тыныштық пен жалқаулыққа бейім тұрады, мұны біз тіршілік заттары қымбаттаған кездердегіден басқа реттердің бәрінде аптасына орта есеппен алғанда 4 күннен артық жұмыс істемейтін біздің мануфактуралық тобырлардың мінезінен байқалған кәтерлі тәжірибедең көріп-біліп отырмыз... Айталық, бір бұшель бидай жұмысшының барлық тіршілік заттары болады, оның құны 5 шилл., ал жұмысшы күніне өз еңбегімен бір шиллинг ақы табады деп ұйғардық. Бұлай болған күнде ол аптасына небәрі 5 күн жұмыс істеуге, ал егер бұшель 4 шиллинг тұратын болса, небәрі 4 күн жұмыс істеуге тиіс болады... Ал бұл корольдікте жалақы тіршілік заттарымен салыстырғанда анағұрлым жоғары болғандықтан, 4 күн істеген мануфактура жұмысшысында ақша артылып қалады да, бұған ол аптаның қалған күндерін сауық-сайраммен өткізе алатын болады... Аптаның 6 күні ішіндегі қалыпты еңбек — құлдық емес екенін дәлелдеу үшін менің осы айтқаным жеткілікті ғой деп ойлаймын. Біздің ауылшаруашылық жұмысшылар аптасына 6 күн жұмыс істейді, және барлық белгілеріне қарағанда — бұлар жұмысшылардың (labouring poor) ішіндегі ең бақытты адамдар¹²³⁾; голландтар да мануфактураларда сонша күн жұмыс істейді, және өте бақытты халық екен деген пікір тұғызады. Жұмыс аптасындағы көптеген мейрамдардың бөгеті болмаса, француздар да нақ осылай істейді...¹²⁴⁾ Ал біздегі тобырлар, өзіміз ағылшын болғандықтан, басқа еуропалық елдің қай-қайсысынан» (жұмысшы халқынан). «Болса да бостандық пен тәуелсіздікті көбірек пайдалану мәртебесіне туғаннан-ақ иеміз деген пікірді бастарына мықтап құйып алған. Бұл идея біздің солдаттардың ерлігіне әсер ететіндіктен, бәлкім, біраз пайда келтірер де; бірақ мануфактура жұмысшыларына бұл идея неғұрлым аз жұққан болса, олардың өздеріне де, мемлекетке де соғұрлым жақсы болмақ. Жұмысшылар өздерін ешқашан да өз бастықтарымызға тәуелсізбіз деп («independent of their superiors») есептемеулері керек... Біздің мемлекет сияқты өнеркәсіпті мемлекетте, барлық халқының, бәлкім, $\frac{7}{8}$ бөлегінде ғана шағын меншігі бар немесе мүлде меншігі жоқ мемлекетте, тобырдың ығына еру өте-өте қауіпті нәрсе...¹²⁵⁾ Біздің өнеркәсіп кедейлері қазіргі 4 күнде табатын сомасындай сомаға 6 күн ұдайы жұмыс істеуге көнбейінше толық сауығудың болуы мүмкін емес»¹²⁶⁾.

Осы мақсатпен, сондай-ақ «жалқаулықты, бұзықтықты және бостандық жайындағы қияли сандырақтарды құрту» үшін, ditto [сонымен қатар] «кедейлер пайдасына алынатын салықты азайту, пысықтық рухын көтеру және мануфактураларда еңбек бағасын төмендету» үшін капиталдың сенімді Эккарты сыналған амалды ұсынады: қоғам қайырымына мұқ-

¹²³⁾ «An Essay on Trade and Commerce etc.». London, 1770. Автордың өзі 96-бетте 1770 жылдың өзінде-ақ ағылшын ауылшаруашылық жұмысшыларының «бақыттылығы» қандай болғанын баяндайды. Олардың жұмыс күші («their working powers») әрқашан да мейлінше зорыққан («on the stretch»); олардың қазіргіден нашар тұруы да («they cannot live cheaper than they do»), қазіргіден көп істейі де («nor work harder») мүмкін болмас еді.

¹²⁴⁾ Капитал генезисінде протестантизмнің зор роль атқаратын бір себебі — ол дәстүрлі мейрам күндерінің бәрін дерлік жұмыс күндеріне айналдырады.

¹²⁵⁾ «An Essay on Trade and Commerce etc.». London, 1770, p. 41, 15, 96, 97, 55, 56, 57.

¹²⁶⁾ «An Essay on Trade and Commerce etc.». London, 1770, p. 69. 1734 жылдың өзінде-ақ Джейкоб Вандерлинт жұмысшылардың жалқаулығы жөнінде капиталистердің жасаған барлық шағымдарының сыры тек қана мынада: олар бұрынғы жалақыға төрт жұмыс күні орнына 6 жұмыс күнін алғысы келеді деп түсіндірген болатын.

таж жұмысшыларды, яғни пауперлерді, «идеялды жұмыс үйіне» (an ideal workhouse) қамап қою керек дейді. «Мұндай үй қасірет үйі болуға тиіс (house of terror)¹²⁷⁾. Осы «қасірет үйінде», осы «идеялды жұмыс үйінде» жұмыс тәулігіне 14 сағатқа созылуға тиіс, алайда, бұған тамақ ішетін уақыт та кіреді, ендеше толық 12 сағаттық еңбек қалады»¹²⁸⁾.

«Ideal workhouse»-тегі, 1770 жылғы қасірет үйіндегі он екі сағаттық жұмыс күні! Содан алпыс үш жыл өткеннен кейін, 1833 жылы, ағылшын парламенті фабрикалардың төрт тарауында 13-тен 18 жасқа дейінгі балалардың жұмыс күнін толық 12 жұмыс сағатына түсіре кеміткен кезде, ағылшын өнеркәсібінің ақтық сағаты соқты деп ойлауға боларлықтай еді! 1852 жылы, Л. Бонапарт, буржуазияның алдында мығымданып беделін арттыру үшін, заң бойынша белгіленген жұмыс күніне қол сұқпақшы болған кезде, француз жұмысшы халқы бір ауыздан: «Жұмыс күнін 12 сағатқа дейін кеміткен заң — бізге республика заңдарынан қалған жалғыз ғана игілік!»¹²⁹⁾— десті. Цюрихте 10 жастан асқан балалардың еңбегі 12 сағатпен шектелген; 1862 жылы Ааргауда 13-тен 16 жасқа дейінгі балалар еңбегінің ұзақтығы 12½ сағаттан 12 сағатқа түсірілді; Австрияда 1860 жылы 14-тен 16 жасқа дейінгі балалар еңбегінің ұзақтығы ditto 12 сағатқа дейін кемітілді¹³⁰⁾. «1770 жылдан бергі прогресс» қандай десенізші, деп «exultation» лепірген болар еді Маколей!

1770 жылғы капиталистің жан жүйесі тек қана арман еткен, пауперлерге арналған «қасірет үйі» содан бірнеше жыл өткеннен кейін мануфактура жұмысшыларының өздеріне арналған әйдік «жұмыс үйі» түрінде пайда болды. Оның аты фабрика еді. Бірақ бұл жолы идеал дегеніміз өмір шындығынан гөрі сүрең тартты...

¹²⁷⁾ Бұл да сонда, 242—243-беттер: «Мұндай идеялы жұмыс үйін кедейлер приоритына айналдырмай, «қасірет үйіне» айналдыру керек, өйткені олар приоритта мол тамақ, жылы, тәуір киім алады да, жұмысты тым аз істейді».

¹²⁸⁾ Бұл да сонда [260-бет]: «Француздар»,— дейді ол,— «бостандық жайындағы біздің лепірмелі идеяларымызды мазақ етеді» (бұл да сонда, 78-бет).

¹²⁹⁾ «Әсіресе олар күніне 12 сағаттан артық созылатын жұмысқа қарсы болды, өйткені 12 сағаттық жұмыс күнін белгілейтін заң оларға республика заңдарынан қалған жалғыз ғана игілік болып табылады» («Reports of Insp. of Fact. 31 st. Octob. 1835», p. 80). Ол екі сағаттық жұмыс күні туралы 1830 жылғы 5 сентябрьдегі француз заңының күші, уақытша үкіметтің 1848 жылғы 2 марттағы декретін буржуазияның мүдделеріне орай өзгертіп шығарған заңның күші, мастерскойлардың бәріне түгел жүреді. Бұл заңға дейін Францияда жұмыс күніне шек қойылмаған еді. Фабрикаларда оның ұзақтығы 14, 13 сағат және одан да астам болатын. Қараңыз: «Des classes ouvrières en France, pendant l'année 1848» Par. M. Blanqui. Үкімет жұмысшылардың тұрмыс жағдайын тексеруді Бланки мырзаға,— революционерге емес, экономистке тапсырған болатын.

¹³⁰⁾ Жұмыс күнін реттеу ісінде де Бельгия өзін үлгілі буржуазиялық мемлекет ретінде көрсетіп отыр. Англияның Брюссельдегі кіші елшісі Лорд Хауард де Уолден Англияның сыртқы істер министрлігіне 1862 жылғы 12 майда мынаны хабарлады: «Министр Рожье маған былай делі: балалар еңбегіне жалпы заң бойынша да, жергілікті қаулылар бойынша да ешбір шек қойылмайды; үкімет соңғы үш жылдың ішінде әрбір мәжіліс сайын палатаға сол мәселе жөнінде заң жобасын енгізу інігінде болып келді, бірақ еңбектің толық бостандық принципіне қайшы келетін заң атаулының қандайына болса да эгоистік қорқынышпен қарау ардайым бұған әл берместей қарсылық көрсетіп отырды!»

**6. ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫС КҮНІ ҮШІН КҮРЕС.
ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ЗАҢ ЖҮЗІНДЕ КҮШПЕН ШЕКТЕУ.
АНГЛИЯНЫҢ 1833—1864 ЖЫЛДАРДАҒЫ
ФАБРИКАЛЫҚ ЗАҢДАРЫ**

Жұмыс күнін ең жоғарғы қалыпты шегіне жеткізе, ал оған соң бұл шектен де асыра, он екі сағаттық табиғи күнге дейін¹³¹⁾ ұзарту үшін капиталға бірнеше ғасырлар керек болғаннан кейінгі жерде, XVIII ғасырдың жетпісінші жылдарында ірі өнеркәсіп пайда болған кезден бастап бұл салада жолындағы бөгеттердің бәрін төңкеріп тастайтын, дүлей сен сияқты шапшаң қозғалыс басталады. Әдет-ғұрып пен табиғат, жас пен жыныс, күн мен түннің ауысуы белгілеген шек біткеннің бәрі қиратылды. Ескі статуттар үшін шаруаларша қарапайым көрінетін, тіпті күн мен түн жайындағы ұғымдардың да тұрлаусыз болып кеткені соншалық, ағылшынның бір судьясы 1860 жылдың өзінде-ақ күн дегеніміз не және түн дегеніміз не екенін «сот ұйғаруы жөнімен» түсіндіру үшін шын мәнісінде талмудисше даналық көрсетуге тиіс болған¹³²⁾. Капитал ойнағын салып жатты.

Өндірістің гүрсілінен есеңгіреп қалған жұмысшы табы біраз есін жинағаннан кейін қарсылық көрсете бастады, алдымен ірі өнеркәсіптің туған жерінде, Англияда қарсылық көрсетті. Алайда отыз жыл бойы әрекеттеніп жүріп оның алған кеңшіліктері мүлде болмашы болып қалды. 1802—1833 жылдардың ішінде парламент еңбек туралы 5 заң шығарды, бірақ оның аялығы соншалық, бұл заңдарды күшпен жүзеге асыруға, қажетті мөлшерде чиновниктер алуға, т. т. бір тиын да бөлмеді¹³³⁾. Сондықтан бұлар өлі әріп күйінде

¹³¹⁾ «Күман жоқ, адамдардың қай табының болса да күн сайын 12 сағаттан жұмыс істеп қалжырап титықтауы аса өкінерлік нәрсе. Егер бұған тамақ ішуге және мастерскойға барып, қайтуға жұмсалатын уақытты қосатын болсақ, онда мұның өзі шынында тәулік ішіндегі 24 сағаттан 14 сағат болып шығады. Менің ойымша, денсаулық туралы айтпағанның өзінде, 13 жасар бала кезінен бастап, ал өнеркәсіптің «еркін» тарауларында бұдан да ерте жасынан бастап үздіксіз қалыңта сәнбескілердің уақытын толық жалмаудың өзі моральдық жағынан да өте-өте зиянды нәрсе және жан түршігерлік қырсық екенін ешкім де бекер дей алмайды... Қоғамдық адамгершілік мүдделеріне сөйкес, дені сау халықты тәрбиелеп шығару мақсаттарымен, халықтың көпшілігіне өмірді дұрыс пайдаланарлық мүмкіндік беру үшін өнеркәсіптің барлық тарауларында әрбір жұмыс күнінің бір бөлегі демалыс пен көңіл көтеруге қалатындай ету қажет» (Леонард Хорнер, «Reports of Insp. of Fact. for 31st December 1841»).

¹³²⁾ Қараңыз: «Judgement of Mr. J. H. Otway Belfast, Hilary Sessions County Ant-
gim 1860».

¹³³⁾ Буржуалардың король Луи-Филипптің режиміне аса сипатты бір жағдай — соның тұсында шығарылған 1841 жылғы 22 марттағы бір ғана фабрикалық заң ешқашан да жүзеге асырылған емес. Тіпті бұл заңның өзі де балалар еңбегі жайында ғана болатын. Бұл заң бойынша 8—12 жастағы балалар үшін сегіз сағаттық, 12—16 жастағы балалар үшін он екі сағаттық еңбек белгіленген, т. т., оның бержағында тіпті сегіз жасар балалар үшін де түнгі еңбекті мүмкін етерлік көптеген ерекшеліктер жасалғанды. Бұл заңның қолданылуын бақылау және оны еріксіз орындатқызу ісі «amis dit commerces» [«сауда достарының»] ізгілік еркіне берілген болатын, — және де мұның өзі ербір тышқакы полицияның қарауында болып отырған елде осындай болып отыр. Тек 1853 жылдан бастап жалғыз ғана департаментте, Нор департаментінде, үкімет инспекторының ақылы қызмет лауазымы белгіленді. Француз қоғамының дамуына әбден

қалып қойды. «Бір факт сол, 1833 жылғы актіге дейін балалар мен жас өспірімдер ad libitum [озбырлықтың күшімен] түні бойы, күні бойы немесе күндіз-түні бірдей лажсыздан жұмыс істеп жүрді («were worked»)»¹³⁴⁾.

Мақта мата, жүн, кенеп және жібек фабрикаларына күші жүретін 1833 жылғы фабрикалық заң шыққан кезден бастап қана осы күнгі өнеркәсіп үшін қалыпты жұмыс күні іске асырылды. Капиталдың рухын 1833 жылдан 1864 жылға дейінгі ағылшын фабрикалық заңдарының тарихындай айқын сипаттайтын ешнәрсе жоқ!

1833 жылғы заң фабрикадағы дағдылы жұмыс күні таңертеңгі сағат 5¹/₂ да басталып, кешкі сағат 8¹/₂ да аяқталуға тиіс деп жариялайды. Заң осы 15 сағаттық мерзім ішінде жас өспірімдердің (яғни 13-тен 18 жасқа дейінгілердің) еңбегін қай уақытта болса да пайдалануға рұқсат етеді, бірақ мұндағы бір шарт — бұл жастағылардың қай-қайсысы болса да айрықша көрсетілген жағдайлардан басқа реттерде күніне 12 сағаттан артық жұмыс істемейтін болуы керек. Заңның 6-шы пунктінде: «жұмыс уақыты шектеулі әрбір адамға күн сайын тамақ ішу үшін ең кемінде 1¹/₂ сағат уақыт берілуге тиіс» деп қаулы етілген. 9 жасқа дейінгі балалардың еңбегін қолдануға тыйым салынған, бұған тек бір ғана жағдайда рұқсат етіледі, ол жайында төменде айтылады; 9—13 жастағы балалардың еңбегі күніне 8 сағатпен шектелген. 9 бен 18 жастың арасындағы барлық балалардың еңбегіне, яғни осы заң бойынша кешкі сағат 8¹/₂ мен таңертеңгі сағат 5¹/₂ арасындағы еңбекке тыйым салынған болатын.

Ересектердің жұмыс күшін капиталдың емін-еркін сорып алуына немесе, өздерінің сөзімен айтқанда, «еңбек бостандығына» қол сұғу ниетінен заң шығарушылардың аулақ болғандығы соншалық, фабрикалық заңның аса сұмдық кесірін болғызбау үшін айрықша система ойлап шығарды.

«Қазіргі ұйымдастырылған түрінде алғанда фабрикалық системаның аса зор бір қырсығы», — делінген комиссияның орталық советінің 1833 жылғы 25 июльде жазылған бірінші есебінде, — «балалардың еңбегін ересектердің жұмыс күнінің ақтық шегіне дейін ұзарту қажеттігін туғызатындығында болып отыр. Жойылуға тиісті осы қырсықтан да бетер тағы бір қырсыққа ұшыратарлықтай ересектердің еңбегіне шек қоймай-ақ, бұл қырсыққа қарсы қолданатын бірден-бір амал, — осындай бірден-бір амал балалардың екі дүркін сменасын енгізу жоспары болып табылады»⁹³⁾.

Бұл «жоспар» Relaisystem («System of Relays») деген атпен жүзеге асырылды да (Relay деп ағылшынша да, француз-

сипатты тағы бір жағдай, француздың заң шығарушы фабрикасы өмірдің барлық жақтарын өз торымен шырмал алған болса да, Луи-Филипптің заңы 1848 жылғы революцияға дейін бұл саладағы бірден-бір заң болып келді!

¹³⁴⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 30th April 1860», p. 50.

ша да түрлі станцияларда почта аттарын ауыстырып отыруды айтады); мұнда 9 жастан 13 жасқа дейінгі балалардың бір сменасы, мысалы, таңертеңгі сағат 5¹/₂-нан күндізгі сағат 1¹/₂-ға дейін, екінші сменасы күндізгі сағат 1¹/₂-нан кешкі сағат 8¹/₂-ға дейін жұмысқа жегіледі, т. т.

Соңғы 22 жыл ішінде балалар еңбегі туралы шыққан заңдардың бәрін фабрикант мырзалардың нағыз арсыздықпен аяққа басқан ақысы үшін олардың жұтуына тура келген дәрі бұл жолы да әрленіп берілген еді. Парламент 1834 жылғы 1 марттан бастап жасы 11-ге толмаған бірде-бір бала, 1835 жылғы 1 марттан бастап жасы 12-ге толмаған бірде-бір бала және 1836 жылғы 1 марттан бастап жасы 13-ке толмаған бірде-бір бала фабрикада 8 сағаттан астам жұмыс істемейтін болсын деп қаулы етті! «Капитал» жөнінде аса кешірімшіл бұл «либерализмнің» өте тәнті стерлік бір жері сол, доктор Фарре, сэр А. Карлайл, сэр Б. Броди, сэр Ч. Белл, Гатри мырза, т. т.,— қысқасын айтқанда, Лондонның ең көрнекті терапевтері мен хирургтары,— өздерінің қауымдар палатасына берген куәлік жауаптарында «*regisulm in toga!*»⁹⁴ деп мәлімдеді. Доктор Фарре тіпті бәрінен де қатты айтты:

«Заң шығару қай формада болса да келтірілетін мезгілсіз ажалды болғызбау мақсаты үшін қажет, ал мына әдісті» (фабрикалық әдісті), «әрине, осындай ажал келтіретін ең қатаң әдістердің бірі деп білу керек»¹³⁵).

Фабрикант мырзаларға көңілі елжіреп 13 жасқа толмаған балаларды тағы да талай жылдар бойы аптасына 72 сағаттық фабрикалық еңбектің дозағына қамаған «реформаланған» парламенттің дәл өзі бостандықты бұрынғыдай тамшылап беретін эмансипациялық указ арқылы плантаторлардың бұдан былай құлдықтағы негрлерге аптасына 45 сағаттан артық зорлап жұмыс істетуіне тыйым салды!

Бірақ ешбір көңілі көншімеген капитал енді даурықпалы үгіт жүргізді, бұл үгіт бірнеше жылға созылды. Көбінесе бұл үгіт балалар есімімен 8 сағаттан артық жұмыс істемеуге және белгілі мағынада міндетті оқу оқуға тиісті болған категориялардың жасы төңірегінде болды. Капиталистік антропология бойынша, балалық шақ 10 жаста емес, әрі кеткенде, 11 жаста бітеді. Фабрикалық заңды толық жүзеге асыратын мерзім, содырлы 1836 жыл, неғұрлым жақындаған сайын, фабрикант малғұндар соғұрлым қатты өршелене түсті. Олардың шығында да үкіметті қорқыта білгені соншалық, үкімет 1835 жылы

¹³⁵) «Legislation is equally necessary for the prevention of death, in any form in which it can be prematurely inflicted, and certainly this must be viewed as a most cruel mode of inflicting it»⁹⁵.

балалық шақтың шегін 13 жастан 12 жасқа түсіруді ұсынды. Оның бержағында *pressure from without* [сыртқы қысым] қатерлі түрде өсе берді. Қауымдар палатасы табансыздық етті. Ол 13 жасар балаларды капиталдың Джаггернаут доңғалағының⁹⁶ астына күніне 8 сағаттан артық тастаудан бастартты да, 1833 жылғы заң толық күшіне енді. Бұл заң 1844 жылғы июньге дейін өзгеріссіз қалып келді.

Фабрикалық еңбек әуелі шінара, онан соң толық түрінде осы заң бойынша реттеліп отырған он жылдың ішінде фабрика инспекторларының ресми есептері мұны жүзеге асырудың мүмкін еместігі жөніндегі шағымдарға толы. 1833 жылғы заң таңертеңгі 5¹/₂-нан кешкі 8¹/₂-ға дейінгі он бес сағаттық мерзім ішінде әрбір «жас өспірімнің» және әрбір «баланың» өзінің он екі сағаттық немесе сегіз сағаттық еңбегін қай сағатта бастауы, қашан үзіліс жасап, қашан аяқтауы керек екенін белгілеуді капиталист мырзалардың қарауына тапсырған болатын; сонымен қатар тамақ ішуге де түрлі адамдар үшін түрлі сағат белгілеу солардың қарауына тапсырылған-ды, сондықтан бұл мырзалар көп ұзамай жаңа «Relaissytem»-ді ойлап шығарды, мұндай система тұсында ылау аттар белгілі почта станцияларында ауыстырылмай, аралық станцияларда қайта-қайта жегіле береді. Біз бұл системаның әсем жақтарына толық тоқталып жатпаймыз, өйткені бұған кейінірек қайта оралуға тиіспіз. Бірақ бұл системаның өзі бүкіл фабрикалық заңның рухын ғана емес, тіпті әрпін де жоярлық система екендігі ә дегенде-ақ айқын көрінеді. Әрбір жеке балаға және әрбір жас өспірімге қолданылатын осындай шытырман бухгалтерия барда фабрика инспекторлары заң бойынша белгіленген жұмыс уақытын сақтауға және тамаққа арнап заңды үзілістер тағайындауға фабриканттарды қалайша мәжбүр ете алмақ? Бұрынғы қатаң жүгенсіздік көп ұзамай фабрикалардың көпшілігінде қайтадан тежеусіз өріс ала бастады. Ішкі істер министрімен кездескен кезде (1844 ж.) фабрика инспекторлары жаңадан ойлап шығарылған Relaissystem тұсында ешқандай бақылаудың мүлде мүмкін емес екенін дәлелдеді¹³⁶⁾. Сол екі арада жағдай мықтап өзгеріп кетті. Фабрика жұмысшылары, Хартияны⁹⁷ өздерінің саяси ұраны етіп алғаны сияқты, әсіресе 1838 жылдан бастап он сағаттық билльді өздерінің экономикалық ұранына айналдырды. Тіпті фабрикалық өндірісті 1833 жылғы заң бойынша ретке салып отырған фабриканттар тобы да өздерінің асқан сотқарлығынан немесе жергілікті жағдайлардың неғұрлым қолайлы болғандығынан заңды бұзуға мүмкіндік алып жүрген «қисық мінезді бауыр-

¹³⁶⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 31st October 1849», p. 6.

лардың» әдепсіз «бәсекесі» жөнінде парламентке хаттар жаудыра бастады. Оның үстіне, жеке фабриканттар өздерінің ежелгі обырлығына толық еркіндік беруге қаншама талпынса да, фабриканттар табының идеологтары мен саяси көсемдері жұмысшылар жөнінде басқаша бағыт ұстап, олармен басқаша тілде сөйлесу керек деп ұсынды. Олар астық заңдарын жоюды жақтап науқан ашқан еді, мұнда жеңіске жету үшін жұмысшылардың көмегін керек еткен! Сондықтан олар нан бөлкесінің салмағын екі есе арттыруға уәде етіп қана қоймай¹³⁷, сонымен қатар мыңдаған жыл дәурен сүретін еркін сауданың саясында он сағаттық билльді қабылдауға да уәде берді¹³⁷. Демек, олардың 1833 жылғы заңды ғана жүзеге асыратын шараға қарсы күресі соғұрлым шамалы болатын еді. Ақырында, өздерінің аса ардақты мүддесіне, жер рентасына, қауіп төнгенін көрген торилер өз жауларының «масқара қылығына»¹³⁸ қарсы филантропиялық ызалы қаһарын төгіп жатты.

1844 жылғы 7 июньдегі қосымша фабрикалық заң осылай пайда болды. Ол 1844 жылғы 10 сентябрьден бастап күшіне кірді. Ол жұмысшылардың жаңа категориясын, атап айтқанда: 18 жастан былайғы әйелдерді заңның қорғауына алады. Олар барлық жағынан жас өспірімдерге теңестірілді: олардың жұмыс күні 12 сағатпен шектелді, түнгі еңбекке тыйым салынды, т. т. Демек, заңның өзі кәмелетке жеткендердің еңбегін де тұңғыш рет тікелей және ресми түрде бақылап отыруға мәжбүр болды. 1844—1845 жылғы фабрикалық есепте кекесінмен былай делінген:

«Өз праволарына осылай қол сұққандық жөнінде ересек әйелдердің налығанын көрсететін бірде-бір хабар біздің құлағымызға шалынған жоқ»¹³⁹).

13 жасқа толмаған балалардың жұмыс күні 6½ сағатқа, ал белгілі жағдайларда күніне 7 сағатқа дейін қысқартылды¹⁴⁰.

Жалған Relaissystem-нің қиянаттарын жою үшін заңда, атап айтқанда, мынадай аса маңызды анықтама белгіленді:

«Балалар мен жас өспірімдердің жұмыс күні тым болмаса бір бала немесе бір жас өспірім таңертең фабрикада жұмыс бастаған кезден есептеледі».

¹³⁷) «Reports of Insp. of Fact. for 31st October 1848», p. 98.

¹³⁸) Леонард Хорнер «nefarious practices» [«оңбаған қылық»] деген сөзді типті ресми түрде қолданады («Reports of Insp. Fact. for 31st October 1859», p. 7).

¹³⁹) «Reports etc. for 30th Sept. 1844», p. 15.

¹⁴⁰) Балалар күн сайын істемей, тек күн ара істейтін жағдайларда заң балалардың еңбегін тәулігіне 10 сағаттан пайдалануға рұқсат етеді. Жалпы алғанда бұл ескерту қолданылмай қалды.

Сонымен, егер, мысалы, А жұмысты таңертеңгі сағат 8-де, ал В 10-да бастайтын болса, онда В-ның жұмыс күні А-ның бітіретін сағатында бітуге тиіс. Жұмыс күнінің басталуы бір қоғамдық сағат бойынша, мәселен, ең жақын жердегі темір жол сағаты бойынша белгіленуге тиіс, фабрика қоңырауы осы сағатпен дәл соғылып отыруы керек. Фабрикант жұмыс күнінің басталатын, аяқталатын және үзіліс жасалатын сағаттарын көрсетіп, фабрикада ірі әріптермен басылған расписание іліп қоюға міндетті. Жұмысын күндізгі сағат 12-ге дейін бастайтын балаларға түстен кейін қайтадан жұмыс істеткізуге болмайды. Сөйтіп, түскі тамақтан кейінгі смена таңертеңгі сменада істейтін балалардан құралуға тиісті емес. Түскі тамаққа арналған 1½ сағат заңның қорғауындағы жұмысшылардың бәріне күндіз бір мезгілде берілуге тиіс, оның бер-жағында мұның ең болмағанда 1 сағаты күндізгі сағат үшке дейін берілуі керек. Егер балалар немесе жас өспірімдер үшін тамақ ішуге ең болмағанда жарты сағат берілмейтін болса, онда олар күндізгі сағат 1-ге дейін 5 сағаттан артық жұмыс істемеуге тиіс. Балалар, жас өспірімдер немесе әйелдер тамақ ішуге берілген үзіліс кезінде әйтеуір бір еңбек процесі болып жатқан фабрика үйінде қалмауы керек, т. б.

Жұмыс уақытын, жұмыс шегі мен үзілістерін осылайша әскери тәртіппен, қоңыраудың үні бойынша реттеп отыратын бұл ұсақ қаулылар әсте парламенттік ой-қиялдың нәтижесі емес екенін көрдік. Бұл қаулылар осы заманғы өндіріс әдісінің табиғи заңдары ретінде белгілі бір қатынастардан бірте-бірте дамып отырды. Мемлекеттің бұл қаулыларды тұжырымдауы, ресми тануы және жариялауы ұзақ тап күресінің нәтижесі болды. Бұлардың ең бергі нәтижелерінің бірі — практика ересек фабрика жұмысшыларының жұмыс күнін де нақ сол тежеулі қалыпқа салды, өйткені өндіріс процестерінің көпшілігінде балалардың, жас өспірімдер мен әйелдердің бірлесе қимылдауы қажет болады. Сондықтан жалпы және тұтас алғанда 1844—1847 жылдардағы дәуірде он екі сағаттық жұмыс күні фабрикалық заңдарға бағындырылған барлық өнеркәсіп тарауларында жаппай және біркелкі орын алып отырды.

Алайда фабриканттар мұндай «прогреске» жол бергенде «регресс» түрінде мұның есесін қайтармай қалған жоқ. Солардың талап етуі бойынша қауымдар палатасы қанауға түсуге тиісті балалардың ең кіші жас мөлшерін 9-дан 8-ге түсірді, ондағы мақсаты құдай тағала мен адамзаттың барлық заңдары бойынша капитал үшін «фабрика балаларын қосымша ұсынуды»¹⁴¹⁾ қамтамасыз ету еді.

¹⁴¹⁾ «Олардың жұмыс уақыты сағаттарының қысқартылуы жұмысқа керекті балалар санын көбейтетін болғандықтан, 8 бен 9 жас арасындағы балалардың қосымша

1846—1847 жылдар Англияның экономикалық тарихындағы жаңа заман болып табылады. Астық заңдары жойылды, мақта және басқа шикі материалдар әкелерде салынатын баж салығы жойылды, сауда бостандығы заң атаулының темір қазығы деп жарияланды! Қысқасы, мың жылдық игі заман туа бастады. Екінші жағынан, чартистік қозғалыс және он сағаттық жұмыс күні жолындағы үгіт нақ осы жылдар ішінде өзінің шарықтау шыңына көтерілді. Кеудесін кек кернеген торилер бұларға одақтас болып шықты. Брайт пен Кобден бастаған еркін сауда зұлым армиясының жанын сала қарсыласуына қарамастан, парламент көптен бері талап етіліп жүрген он сағаттық жұмыс күні жайындағы билльді қабылдады.

1847 жылғы 8 июньдегі жаңа фабрикалық заң «жас өспірімдер» (13-тен 18 жасқа дейінгілер) үшін және барлық жұмысшы әйелдер үшін жұмыс күнін 11 сағатқа дейін алдын-ала қысқартатын ереже 1847 жылғы 1 июльден бастап, ал жұмысшылардың нақ сол категориялары үшін жұмыс күнін бір-жолата 10 сағатпен тежейтін ереже 1848 жылғы 1 майдан бастап күшіне кіреді деп белгіледі. Барлық басқа жағынан бұл заң 1833 және 1844 жылдардағы заңдарға жасалған біраз гүзету мен қосылған қосымша болды.

Заңның 1848 жылғы 1 майдан бастап толық жүзеге асырылуына бөгет жасау мақсатымен капитал алдын ала жорыққа аттанды. Бұл ретте бейне тәжірибеден сабақ алған жұмысшылардың өздері өз ісінің бүлінуіне көмектесуге тиіс болды. Қолайлы кезең сәтімен пайдаланылды.

«Ескерте кету қажет, 1846—1847 жылдардағы сұрапыл дағдарыстың салдарынан фабрика жұмысшыларының арасындағы мұқтаждық қатты күшейген еді, өйткені көптеген фабрикалар жұмысты үздік-создық істеді, басқалары мүлде тоқтап қалды. Сондықтан бірталай жұмысшылар аса қысыл-таяң жағдайда болды, көбі борышқа батты. Сол себепті жұмысшылар өткен кездегі залалдың орнын толтыру үшін, бәлкім борыштан құтылу үшін, немесе ломбардтан өз мебелін қайта сатып алу үшін, немесе сатылған үй мүліктерін жаңа мүліктермен ауыстыру үшін, не болмаса өзі мен семьясына жаңадан көйлек-көншек алу үшін жұмыс күнінің ұзағырақ болуының өзін артық көреді деп кәміл сеніммен ұйғаруға болар еді»¹⁴²⁾.

Фабрикант мырзалар жалақыны жаппай 10% кеміту арқылы бұл жағдайлардың табиғи әсерін күшейтуге әрекеттенді. Мұның өзі, былайша айтқанда, еркін сауданың жаңа заманын қасиеттеу мейрамы болды. Онан соң, жұмыс күні 11 сағатқа дейін қысқартылысымен-ақ, жалақы тағы да $8\frac{1}{3}\%$ кемітілді,

ұсынылуы өсе түскен сұранысты өтей алар еді деп ұйғарылды» («Reports etc. for 30th Sept. 1844», p. 13).

¹⁴²⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 31st October, 1848», p. 16.

ал бұдан кейін, жұмыс күні біржола 10 сағатқа дейін қысқартылысымен-ақ, бұдан екі есе көбірек кемітілді. Сондықтан орайы келген жерлердің бәрінде де жалақы ең кемінде 25% кеміп кетті¹⁴³⁾. Міне осылай сәтімен әзірленген жағдайларда 1847 жылғы заңды жою үшін жұмысшылар арасында үгіт жүргізіле бастады. Алдау-арбау, қорқыту сияқты амалдардың бірде-бірі елеусіз қалған жоқ, бірақ мұның бәрі де босқа кетті. Бес-алты петиция жиналса да, ол петицияларда жұмысшылар «бұл заңның қысымына» шағым ете тұрса да, ауызша жауап алынған кезде нақ сол петиция берушілердің өздері бұл петицияларға зорлықтың күшімен қол қойғанын айтты. «Олардың қысым көргені рас, бірақ қысым көрсеткен фабрикалық заң емес, басқа біреулер»¹⁴⁴⁾. Фабриканттар жұмысшыларды өздеріне ұнамды рухта сөйлете алмаған кездерде, олардың өздері баспасөз бен парламентте жұмысшылардың атынан соғұрлым қатты даурыға түсті. Олар фабрика инспекторларын Конвенттің комиссарлары⁹⁹ ретінде жерден алып, жерге салды, бұлар бақытсыз жұмысшыларды дүниені жақсарту жөніндегі өздерінің құрғақ қиялының аяусыз құрбандығы етіп отыр десті. Бірақ бұл айланың да сәті түскен жоқ. Фабрика инспекторы Леонард Хорнердің өзі және өз жәрдемшілері арқылы Ланкашир фабрикаларында куәлардың көптеген жауаптарын жинаған. Жауап алынған жұмысшылардың 70 процентке жуығы 10 сағаттық жұмыс күнін, одан анағұрлым аз жұмысшылар 11 сағаттық жұмыс күнін, ал тіпті азғана жұмысшылар бұрынғы 12 сағаттық жұмыс күнін жақтап пікір айтқан¹⁴⁵⁾.

Екінші бір «әсем» айла — ересек еркек жұмысшыларға 12—15 сағат жұмыс істеткізіп, онан соң бұл фактіні нағыз пролетарлық тілектің шын көрінісі деп жариялау болды. Бірақ «мейірімсіз» фабрика инспекторы Леонард Хорнер бұл жерде де тап бола кетті. Мерзімнен тысқары жұмыс істейтін жұмысшылардың көпшілігі былай десті:

«Кемірек жалақыға 10 сағаттан жұмыс істеуді әбден мақұл көрер-ақ едік, бірақ лажымыз болмады: арамызда жұмыссыздардың көптігі сондай,

¹⁴³⁾ «Мынаған менің көзім жетті: жалақының жаппай 10% кемітілуіне байланысты, аптасына 10 шилл. алатын адамдардан 1 шилл. кеміткен, ал онан соң, жұмыс уақытының қысқартылғанына байланысты, тағы да 1 шилл. 6 пенни кеміткен,— небәрі 2 шилл. 6 пенни,— солай бола тұрса да, көпшілігі он сағаттық билльді табандылықпен жақтады» («Reports of Insp. of Fact. for 31st October 1848», p. 16).

¹⁴⁴⁾ «Петицияға қол қоярда сонымен қатар мен бір жаман нәрсе істеп отырмын дегенді айттым.— Онда неге қол қойдыңыз оған? — Неге десеңіз, қол қояудан бастартаң болсам, мені көшеге лақтырып тастар еді.— Петиция беруші шынында да өзінің «қысымда» жүргенін сезеді, бірақ қысым көрсеткен нәрсе әсте фабрикалық заң емес» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1848», p. 102).

¹⁴⁵⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1848», p. 17. Хорнер мырзаның округында осылайша 181 фабрикада 10 270 ересек еркек жұмысшыдан жауап алынған. Олардың жауаптарын фабрика инспекциясының 1848 жылғы октябрьмен бітетін жарты жылдық есебіне тіркелген қосымшадан табуға болады. Бұл куәлік жауаптар басқа мәселелер жөнінде де бағалы материал береді.

лажсыздан жәй жіп ширатушылар есебінде істейтін жіп иірушілердің көптігі сондай, егер біз жұмыс күнін ұзартудан бастартқан болсақ, біздің орнымызды дереу басқа біреулер алған болар еді, сондықтан біз үшін мәселе мынаған келіп тірелді: не ұзағырақ уақыт жұмыс істеу керек — не көшеге шығып қалу керек»¹⁴⁶).

Қапиталдың алдын ала жасаған жорығы сәтсіздікпен аяқталды да, он сағаттық жұмыс күні туралы заң 1848 жылғы 1 майда күшіне кірді. Ал оның бержағында көсемдері түрмеге қамалған, ұйымы қираған чартистік партияның күйреуі Англия жұмысшы табының өз күшіне деген сенімін азайтты. Осыдан көп ұзамай Париждегі июнь көтерілісі және оның қанға батырылып жанышталуы континенттік Европада да, Англияда да меншікті, дінді, семья мен қоғамды аман сақтайық деген бір ортақ ұранмен үстем таптардың барлық фракцияларын: жер меншікшілері мен капиталистерді, биржа бөрілері мен дүкеншілерді, протекционистер мен фритредерлерді, үкімет пен оппозицияны, поптар мен бейпіл ауыздарды, жас зинақорлар мен кәрі монахиняларды біріктірді! Жұмысшы табы барлық жерде де қарғысқа ұшырады, қуғын сүргін көрді, «күдіктілерге қарсы заңның»¹⁰⁰ қияпатына ілікті. Сонымен, фабрикант мырзалар енді именбей қимылдауға кірісті. Олар он сағаттық заңға ғана емес, сонымен қатар жұмыс күшін «еркін» сорып алушылықты 1833 жылдан бастап біраз ауыздықтауға тырысқан заң атаулының бәріне де қарсы ашық бүлік іс жасады. Мұның өзі өрісі кіші құлдықты қорғайтын бүлік¹⁰¹ еді, бұл бүлік екі жыл бойы шексіз арсыздықпен, террористік жігермен жүргізіліп келді, ал мұны істеудің оңай болған себебі — бүлік жасаған капиталист өз жұмысшысының жон терісінен басқа дәнеңесінен айрылмайтын еді.

Содан кейінгі жағдайды түсіну үшін мынаны ескерте кету қажет: 1833, 1844 және 1847 жылдардағы фабрикалық заңдардың үшеуі де бір-біріне ешбір өзгеріс енгізбейтіндіктен өздерінің заңды күшін сақтап қалады, бұлардың ешқайсысы да 18 жастан асқан еркек жұмысшылардың жұмыс күніне шек қоймайды, ал 1833 жылдан бастап таңертеңгі сағат 5½-нан кешкі сағат 8½-ға дейінгі он бес сағаттық мерзім заңды «күн» болып келді де, заңда көрсетілген шарттар негізінде жас өспірімдер мен әйелдердің әуелі он екі сағаттық, ал кейініректе он сағаттық еңбегі осы мерзімнің шеңберінде ғана жүргізілуге тиіс болды.

¹⁴⁶) «Reports of insp. of Fact. for 31 st October 1848». Леонард Хорнердің өзі жинаған №№ 69, 70, 71, 72, 92, 93 жауаптары, сонымен қатар инспектор жәрдемшісі А. жинаған №№ 51, 52, 53, 59, 62, 70 жауаптарды «Appendix»-тен қараңыз. Тіпті бір фабрикант турасын айтып салған. Сондағы № 14 жауапты қараңыз, бұл № 265 жауаптан кейін келеді [37-бет].

Кей жерлердегі фабриканттар өздерінде істейтін жас өспірімдер мен жұмысшы әйелдердің біразын, кей кездерде жартысын жұмыстан шығарудан бастады да, оның орнына ересек еркек жұмысшылардың жойылуға айналған түнгі еңбегін қайта енгізді. Он сағаттық жұмыс күні туралы заң, десті олар, бізге бұдан басқа лаж қалдырмайды! ¹⁴⁷⁾.

Екінші адым заң бойынша тамақ ішуге белгіленген үзіліс жайында еді. Бұл жөнінде фабрика инспекторларының не айтатынын тыңдап көрейік:

«Жұмыс күнін он сағатпен шектеген кезден бері фабриканттар, өз пікірлерін іс жүзінде әлі де ақыр аяғына дейін жүзеге асырмағанымен, былай десіп жүр: егер біз, мысалы, таңертеңгі сағат 9-дан кешкі сағат 7-ге дейін созылатын жұмыс кезінде тамақ ішуге таңертеңгі сағат 9-ға дейін бір сағат, кешкі сағат 7-ден кейін $1\frac{1}{2}$ сағат беретін болсақ, сөйтіп, жұмысшылардың тамақ ішуіне $1\frac{1}{2}$ сағат уақыт беретін болсақ, онда біз заңның бұйрығын жеткілікті дәрежеде орындаған болып шығамыз. Қазір олар кей кездерде түскі тамаққа жарты сағат немесе толық бір сағат уақыт беріп жүр, бірақ сонымен бірге олар осы $1\frac{1}{2}$ сағаттың қай бөлегін болса да он сағаттық жұмыс күнінің ішіне кіргізуге міндетті емеспіз дегенді талап етіп жүр» ¹⁴⁸⁾.

Сонымен, фабрикант мырзалар тамаққа арналған уақыт жөнінде 1844 жылғы заңның педанттық дәлме-дәл қаулылары жұмысшылардың фабрикаға келместен бұрын және одан кеткеннен кейін, яғни өз үйлерінде ішіп-жеуіне ғана рұқсат береді деп соқты! Шынында да жұмысшылар түскі тамақтарын таңертеңгі сағат 9-ға дейін ішсе болмай ма? Алайда корольдік юристер заңда көрсетілген тамақ уақыты

«нағыз жұмыс күнінің үзілістері кезінде берілуге тиіс, ал 10 сағат қатарынан, таңертеңгі сағат 9-дан кешкі сағат 7-ге дейін үзіліссіз жұмыс істеткізу заңға қайшы келеді» ¹⁴⁹⁾ деп ұйғарды.

Бүлікке әзірлену ретінде осындай инабатты қыр көрсетуден кейін капитал 1844 жылғы заңның әрпіне сәйкес келетін, демек, жария әрекет болған қадам жасады.

Әрине, 1844 жылғы заң күндізгі сағат 12-ге дейін істейтін 8—13 жасар балаларды күндізгі сағат 1-ден кейін пайдалануға тыйым салған. Бірақ бұл заң жұмыс күні сағат 12-де немесе одан кешірек басталатын балалардың $6\frac{1}{2}$ сағаттық еңбегін ешбір ретке салған жоқ! Сондықтан күндізгі сағат 12-де жұмысқа кіріскен сегіз жасар балалар күндізгі сағат 12-ден 1-ге дейін, яғни 1 сағат, күндізгі сағат 2-ден 4-ке дейін, яғни 2 сағат, кешкі сағат 5-тен $8\frac{1}{2}$ -ға дейін, яғни $3\frac{1}{2}$ сағат, бәрін қоса алғанда заң бойынша белгіленген $6\frac{1}{2}$ сағат бойы

¹⁴⁷⁾ «Reports etc. for 31 st October 1848», p. 133, 134.

¹⁴⁸⁾ «Reports etc. for 31 st April 1848», p. 47.

¹⁴⁹⁾ «Reports etc. for 31 st October 1848», p. 130.

жұмысқа пайдаланыла алады! Немесе бұдан да тәуір жол бар. Балалар еңбегін кешкі сағат 8¹/₂-ға дейін істейтін ересек еркек жұмысшылардың еңбегіне орайластыра қолдану үшін фабриканттар балаларға күндізгі сағат 2-ге дейін жұмыс бермей, онан соң оларды ешбір үзіліссіз кешкі сағат 8¹/₂-ға дейін фабрикада ұстаса болғаны еді!

«Соңғы уақытта, машиналарды тәулігіне 10 сағаттан астам жүргізуге фабриканттар обырлана құнығып алғандықтан, Англияда 8—13 жасар ұл балалар мен қыз балаларға, барлық жас өспірімдер мен әйелдер кеткен соң, кілең ересек еркектермен бірге кешкі сағат 8¹/₂-ға дейін жұмыс істеткізу практикасы орын тепкенін қазірде жұрт турадан-тура мойындан отыр»¹⁵⁰).

Жұмысшылар мен фабрика инспекторлары гигиеналық және моральдік тұрғыдан бұған наразылық білдірген еді. Бірақ капитал бұған былайша жауап қайырды:

«Өзім жауап берерлік
Мойныма түссін істерім,
Әділ болсын төрелік,—
Төленсін деймін векселім».¹⁰²

Шынында да, 1850 жылғы 26 июльде қауымдар палатасына тапсырылған статистикалық мәліметтерге қарағанда, 1850 жылғы 15 июльге дейін 257 фабрикада 3 742 бала, барлық наразылыққа қарамастан, осындай «практикаға» ұшырап келген¹⁵¹). Бірақ ол ол ма! Капиталдың сілеусін көзі 1844 жылғы заң бойынша дем алысқа ең болмағанда 30 минутке созылатын үзіліс жасамайынша түске дейінгі бес сағаттық жұмысты жүргізуге рұқсат берілмейтіндігін, бірақ түстен кейінгі жұмыс жөнінде мұндай ешнәрсе айтылмайтындығын көре қойды. Сондықтан ол сегіз жасар жұмысшы балаларды жұмыста титықтатып қана қоймай, сонымен бірге күндізгі сағат 2-ден кешкі сағат 8¹/₂-ға дейін үзіліссіз аштан қатыру мәртебесін де талап етіп, солай істеткізді де!

«Я, онын кеудесін; қолхатта солай делінген!»¹⁵²)¹⁰³

¹⁵⁰) Бұл да сонда, 142-бет.

¹⁵¹) «Reports etc. for 31 st October 1850», p. 5, 6.

¹⁵²) Жетілмеген формаларында болсын, жетілген формаларында болсын капиталдың жаратылысы бірдей. Америкадағы Азамат соғысы басталардан сәл бұрын Нью-Мексико территориясында құл иеленушілердің үстемдігін әкеліп таңған заңдар жинағында былай делінген: «Жұмысшы дегеніміз, оның жұмыс күшін капиталист сатып алғаннан кейін, оның (капиталистің) ақшасы болып табылады» («The labourer is his (the capitalist's) money»). Рим патрицийлері арасында да осындай пікір кең тараған болатын. Олардың борышқор-плебейге қарызға берген ақшасы тіршілік заттары арқылы борышқордың еті мен қанына айналатын-ды. Сондықтан бұл «ет пен қан» олардың «ақшасы» болды. Осыдан 10 кестелі шейлоқтық заң келіп шықты¹⁰⁴. Кредитор патрицийлер Тибрдің арғы жағында ауық-ауық ағыл-тегіл той жасайды екен, бұл тойда борышқорлардың піскен епіннен табақ тартылады екен деген Ленгенің жорамалы¹⁰⁵ христиандардың тауан етуі¹⁰⁶ жөніндегі Даумердің жорамалы сияқты, дәлелденбей келе жатқан нәрсе.

Балалардың еңбегін реттейтін болғандықтан 1844 жылғы заңның әрпін осылай Шейлокша кәміл тұтынушылықтың өзі, алайда, «жас өспірімдер мен әйелдердің» еңбегін реттейтіндіктен нақ сол заңның өзіне қарсы тіке ашық бүлік әзірлеуге тиіс болды. Ескерте кету қажет, «теріс Relaissystem»-ді жою бұл заңның негізгі мақсаты мен негізгі мазмұны болып табылады. Фабриканттар өздерінің бүлігін мынадай жәй мәлімдемеден бастады: он бес сағаттық фабрика күнінің беталды белгіленген қысқа мерзімдері ішінде жас өспірімдер мен әйелдердің жұмыс күшін беталды пайдалануға тыйым салатын 1844 жылғы заңның пункттері

«жұмыс уақыты 12 сағатпен шектеліп тұрған кезде біршама зиянсыз (comparatively harmless) еді. Ал он сағаттық жұмыс күні тұсында бұл пункттер адам төзгісіз әділетсіздік болып табылады, (hardship)»¹⁵³.

Сондықтан олар барынша салмақты түрмен инспекторларға: заңның әрпімен есептеспейміз, енді ескі системаны өз билігімізбен қайта енгізбекшіміз деп жариялады¹⁵⁴). Мұның өзі теріс кеңестен құлқы бұзылған жұмысшылардың өздерінің мүдделеріне сәйкес келмек, өйткені

«оларға неғұрлым жоғары жалақы төлеуге мүмкіндік береді». «Бұл — он сағаттық заң тұсында Великобританияның өнеркәсіп жағынан басымдығын сақтаудың бірден-бір амалы»¹⁵⁵). «Сменалар системасы тұсында заңды бұзушылықты анықтаудың біраз қиындауы мүмкін, бірақ мұнда тұрған не бар? (what of that?) Фабрика инспекторлары мен олардың жәрдемшілерінің зуре-сарсанын біраз жеңілдеу (some little trouble) ниетіне бола ғана бұл елдің өнеркәсіптік ұлы мүдделерін екінші дәрежедегі нәрсе деп қарау лайық па?»¹⁵⁶).

Бұл айла-шарғылардың бәрі, әрине, ешбір көмек еткен жоқ. Фабрика инспекторлары сот арқылы қудалау істерін қозғай бастады. Бірақ көп ұзамай сыртқы істер министрі сэр Джордж Грейге фабриканттар петицияларының қаптап жауғаны соншалық, ол 1848 жылғы 5 августтағы жарлық хатында инспекторларға былай деп ұсыныс етті:

«жас өспірімдер мен әйелдерге 10 сағаттан астам еріксіз жұмыс істетізу арқылы Relaissystem-ді қиянатпен пайдаланып жүргендіктері дәлелденбейінше, заңның әріптерін бұзушылықты тегінде қудаламау керек».

Осыдан кейін фабрика инспекторы Дж. Стюарт бүкіл Шотландияда он бес сағаттық фабрика күні мерзімі ішінде сменалар системасы дейтінді қолдануға рұқсат етті де, бұл система

¹⁵³) «Reports etc. for 30 th April 1848», p. 28.

¹⁵⁴) Басқалардың ішінде мұны Леонард Хорнерге жазған квакерлік жеркеништі хатында Филантроп Ашуорт та айтқан («Reports etc. April 1849», p. 4).

¹⁵⁵) «Reports etc. for 31 st October 1848», p. 138.

¹⁵⁶) «Reports etc. for 31 st October 1848», p. 140.

ол жерде бұрынғыша гүлденіп кетті. Ағылшын фабрика инспекторлары, мұның керісінше, заңдардың күшін тоқтату жөнінде министрге диктаторлық билік берілген емес деп мәлімдеді де, *proslavery rebels* [құлдықты жақтап бүлік жасаушыларға] қарсы сот ісін жүргізе берді.

Бірақ соттар, *county magistrates*¹⁵⁷⁾ ақтау үкімдерін шығарып отырған болса, сотқа тартудан не пайда? Бұл соттарда мәжіліс құрушылар фабрикант мырзалар болса, өздерін өздері қалай соттасын. Бір мысал келтірейік. Мақта жіп иіретін Кершо, Лиз бен олардың сыбайластарының фирмасындағы Эскригче дейтін біреу өз округындағы фабрика инспекторына өз фабрикасына арналған *Relaissystem* схемасын тапсырған. Онысы өтпегеннен кейін, ол алғашында онан әрі ешқандай әрекет істей қоймапты. Содан бірнеше ай өткен соң Робинзон аттас бір индивидуум, бұл да мақта жіп иіретін кәсіпкер,— Эскригче бұған Пятницадай болмағанымен, әйтеуір осының туысы,— сол Эскригче ойлап шығарған сменалар системасы сияқты системаны өз тарапынан енгізгендігі үшін айыпталып Стокпорттағы жергілікті соттың алдына келген. Мәжіліс құрған судьялар төртеу екен, оның ішінде мақта жіп иіретін 3 кәсіпкер, оның бастығы тағы да сол әлгі Эскригче. Эскригче Робинзонды ақтаған және Робинзон үшін заңды нәрсе Эскригче үшін де әділетті нәрсе болатындығын айтқан. Заң күшіне кірген өз шешіміне сүйене отырып, ол осы системаны дереу өз фабрикасында да енгізген¹⁵⁸⁾. Әрине, бұл соттардың құрамының өзі-ақ заңды ашықтан-ашық бұзғандық болып табылады¹⁵⁹⁾.

«Бұл сияқты келемеж соттар»,— дейді инспектор Хауэлл,— «бұған тыйым салу қажеттігін қатты ескертуде... екінің бірі: не заңды осы үкімдерге бейімдеңдер, не болмаса шешім қабылдау ісін... осындай реттердің бәрінде де өздерінің шешімдерін заңмен үйлестіріп отыратын жөні түзулеу трибуналға тапсырындар. Судьялық лауазымның ақылы болуына барынша талпыну керек!»¹⁶⁰⁾.

Фабриканттардың 1848 жылғы заңды түсінуін корольдік юристер мағынасыз деп жариялады, бірақ қоғамды аман сақтаушылар өздерін жаңылыстыруға жол берген жоқ.

¹⁵⁷⁾ Осы «*county magistrates*». У. Коббеттің айтуынша, «*great unpaid*» [«ақысыз нәндер»], тегін істейтін бітістіруші судьялар, бұлар графтықтардағы қадірлі адамдардан іріктеліп алынады. Шындығында бұлар үстем таптардың помещельік соттары болып табылады.

¹⁵⁸⁾ «*Reports etc. for 30 th April 1849*», p. 21, 22. Соның 4, 5-беттеріндегі басқа да осындай мысалдарды салыстырыңыз.

¹⁵⁹⁾ Вильгельм IV-нің патшалық қуруының 1 және 2 жылында шыққан заң бойынша, 39-тарау, 10-статья Джон Хобхауздың фабрикалық заңы деген атпен белгілі заң бойынша жіп иіру немесе тоқыма фабрикасы иесінің қай-қайсысына болса да, сондай-ақ сол фабрика иесінің әкесіне, баласына немесе туысына фабрикалық заңды орындау жайында мәселе қаралатын кездерде бітістіруші судьяның міндеттерін атқаруға тыйым салынады.

¹⁶⁰⁾ «*Reports etc. for 30 th April 1849*» [p. 22].

«Мен 7 түрлі сот округында 10 іс қозғап, заңды қалай да орындатқызуға әрекеттенгеннен кейін»,— деп хабарлайды Леонард Хорнер,— «және судьялар сол істердің тек біреуін ғана қолдағаннан кейін... заңды бұзғандық үшін бұдан былай іс қозғауды пайдасыз деп білемін. Заңның жұмыс сағаттарын біркелкі қалыпқа түсіру мақсатымен жасалған бөлімі... қазірде Ланкаширде қолданылмайды. Оның бержағында, Relaissystem дейтін система үстем болып отырған фабрикаларда жас өспірімдер мен әйелдерге 10 сағаттан артық жұмыс істеткізбейтіндігі анық па, жоқ па, бұған көз жеткізу үшін менде де, менің жәрдемшілерімде де мүлде ешқандай амал жоқ... 1849 жылғы апрельдің аяғында-ақ менің округымдағы 114 фабрика осы әдіс бойынша жұмыс істеді, ал соңғы уақытта мұндайлардың саны шапшаң өсуде. Жалпы алғанда олар қазір таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 7¹/₂-ға дейін 13¹/₂ сағат жұмыс істейді; кей кездерде олар таңертеңгі сағат 5¹/₂-нан кешкі сағат 8¹/₂-ға дейін 15 сағат жұмыс істейді»¹⁶¹).

1848 жылғы декабрьдің өзінде-ақ Леонард Хорнердің қолында 65 фабрикант пен 29 фабрика бақылаушысының тізімі болған, бұлар бірауыздан: осы Relaissystem тұсында шектен тыс еңбектің кең жайылуына ешқандай бақылау системасы бөгет бола алмайды деген¹⁶²). Біресе нақ сол балалар мен жас өспірімдер иіру мастерскойынан тоқу мастерскойына көшіріледі, т. т. біресе 15 сағаттың ішінде олар бір фабрикадан екінші фабрикаға көшіріледі (shifted)¹⁶³).

«Жұмысшыларды карта сияқты сан құбылтып сапырылыстыру үшін және жұмысшылардың белгілібір толық тобы ешқашан да бұрынғы орнынан бұрынғы уақытында табылмайтынды етіп түрлі адамдардың еңбегі мен демалыс сағаттарын күн сайын алмастыру үшін смена деген сөзді қиянатпен пайдаланатын» мұндай системаны қалай бақыла дейсіз!¹⁶⁴)

Алайда нағыз шектен тыс еңбекке мүлде байланыссыз, Relaissystem деп аталатын осы система капитал фантазиясынан туған нәрсе болды, ал бұдан өзінің «courtes séances»¹⁰⁷ юмористік очерктерінде Фурье де ешқашан асып түскен емес; рас мұнда еңбектің тарту күші капиталдың тарту күшіне айналды. Фабриканттар жасаған және «ұқыптылық пен методиканың ақылға сыймды дәрежесі тұсында не істеуге болатындығын» («what a reasonable degree of care and method can accomplish») көрсететін үлгі ретінде ізгі ниетті пресса мадақтаған осы схемаларды қарап көрейік. Жұмысшы адамдар кейде 12—15 категорияға бөлінетін, ал бұл категориялардың құрамы да үнемі ауысып отыратын-ды. Он бес сағаттық фабрика күнінің өнбойында капитал жұмысшыны біресе 30 минутқа, біресе бір сағатқа тартып алатын да, онан соң итеріп тастайтын, осылайша жұмысшыны біресе фабрикаға тартып,

¹⁶¹) Бұл да сонда, 5-бет.

¹⁶²) «Reports etc. for 31 st October 1849», p. 6.

¹⁶³) «Reports etc. for 30 th April 1849», p. 21.

¹⁶⁴) «Reports etc. for. 31 st October 1848», p. 95.

біресе итеріп тастап, оны үздік-создық уақыттың ішінде әрлі-берлі сандалтып қоятын, сөйтіп он сағаттық жұмыс толық аяқталғанша оны өз билігінен шығармайтын еді. Мұның өзі сол баяғы бір адамдар түрлі актілердегі түрлі сценаларда алма-кезек шығып отыруға тиісті театр сахнасындағы сияқты болды. Бүкіл драма біткенше сахнаның қарамағында болатын актер сияқты, енді жұмысшылар да, фабрикаға барып-қайтуға кететін уақытты қоспағанда, 15 сағат бойы фабриканың қарамағында болды. Сөйтіп демалыс сағаттары лажсыздан сергелдең сағаттарына айналды, ал мұның өзі жас өспірімдерді арақханаға, жас жұмысшы әйелдерді құжыраhanaға итермеледі. Жұмысшылар санын көбейтпей-ақ өз машиналарын 12 немесе 15 сағат жүргізуге тырысқан капиталист күн сайын жаңадан бір амал ойлап шығарды, осының салдарынан жұмысшы өз тамағын әрқилы уақыт ішінде үзіп-жұлып жеуге тиіс болды. Он сағаттық жұмыс күні үшін жүргізілген үгіт кезінде фабриканттар: жұмысшылар тобыры петиция бергенде он сағат еңбегі үшін он екі сағаттық жалақы алмақшы болып жүр деп даурығысқан еді. Енді олар медальды теріс айналдырды. Олар жұмыс күштерін он екі — он бес сағат билеп-тестегендігі үшін он сағаттық жалақы төлейтін болды¹⁶⁵⁾. Істің түйіні міне осында еді, мұның өзі он сағаттық заңды фабриканттардың шығаруы еді! Бұлар тілдерінен бал тамызған, ауыздарынан қайырымшылдық лебіздерін ағызған баяғы фритредерлердің дәл өздері еді, бұлар астық заңдарына қарсы жүргізілген үгіт кезінде табандатқан 10 жыл бойы: астық еркін әкелінетін болса, ағылшын өнеркәсібінің қарамағындағы қаражатпен-ақ капиталистерді байыту үшін он сағаттық еңбек әбден жеткілікті деп жұмысшыларға бір тиынына дейін дәлдеп есеп жасап беріп жүрді¹⁶⁶⁾.

Капиталдың екі жыл ішіндегі бүлігі, ақырында, Англиядағы төрт жоғарғы сот мекемесінің бірінің Қазына сотының шешімімен тынды; бұл сот өзіне түскен бір іс бойынша 1850 жылғы 8 февральда: фабриканттар 1844 жылғы заңның мазмұнына қарсы әрекет істегенімен де, бұл заңның өзінде оны мағынасыз ететін кейбір сөздер бар деп шешім қабылдады. «Осы шешім бойынша он сағаттық күн жайындағы заң жойылды»¹⁶⁷⁾. Бұған дейін Relaisystem-ді жас өспірімдер мен

¹⁶⁵⁾ Қараңыз: «Reports etc. for 30 th April 1849», p. 6, және shifting system (ауыстыру системасы) жөнінде фабрика инспекторлары Хауэлл мен Сандерс «Reports etc. for 31 st October 1848» деген жинақта берген толық түсінік. Соньмен қатар Аштон мен соның төдірегіндегі дін иелерінің 1849 ж. көктемде осы системаға қарсы королеваға тапсырған петициясын қараңыз.

¹⁶⁶⁾ Мысалы, салыстырыңыз: R. H. Greg. «The Factory Question and the Ten Hours Bill», 1837.

¹⁶⁷⁾ Ф. Энгельс. «Он сағаттық жұмыс күні туралы ағылшын биллі» (мен шығарып тұрған «Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue», 1850 ж. апрельдегі номері, 13-бет. [Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басы-

жұмысшы әйелдерге қолданудан қауіптеніп келген дүйім фабриканттар енді бұған қос қолдап жармаса түсті¹⁶⁸⁾.

Бірақ капиталдың ақтық жеңісі сияқтанған осы жеңісінен соң іле-шала өзгеріс туды. Жұмысшылардың көрсеткен қарсылығы қажырлы және күн сайын қайталанып отыратын қарсылық болса да, бұған дейін енжар болып келген еді. Енді олар Ланкашир мен Йоркширде болған қаһарлы митингілерде қатты қарсылық білдіре бастады. Демек, алдамшы он сағаттық заң — тек алаяқтық, парламенттің алдау-арбауы екен, бұл заң әрқашан да жүзеге аспаған! Таптық антагонизм адам айтқысыз дәрежеде шиеленісіп кетті деп фабрика инспекторлары үкіметке талай рет ескерткен еді. Тіпті фабриканттардың бір бөлегі де күңкілдей бастаған болатын:

«Соттардың карама-қайшы шешімдері мүлде сорақы, анархиялық жағдайға әкеліп соқтырды. Йоркширде бір заң, Ланкаширде екінші заң, Ланкаширдің қайсыбір приходында үшінші заң, онымен тіке көршілес жерде төртінші заң. Үлкен қалалардағы фабриканттар заңды аттап өте алады, ал селолық фабриканттар Relaissystem үшін, әсіресе жұмысшыларды бір фабрикадан екінші фабрикаға көшіру үшін жеткілікті адам таба алмайды, т. т.».

Ал жұмыс күшін қанаудағы теңдік — капитал үшін адамның бірінші правосу.

Осындай жағдайларда фабриканттар мен жұмысшылар арасында мәмле жасалып, бұған парламент 1850 жылғы 5 августтағы қосымша жаңа фабрикалық заңда санкция берді. Жас өспірімдер мен әйелдердің жұмыс күні аптаның алғашқы 5 күнінде 10 сағаттан 10¹/₂ сағатқа дейін ұзартылып, сенбіде 7¹/₂ сағатпен шектелді. Жұмыс таңертеңгі сағат 6-дан кешкі 6-ға дейін¹⁶⁹⁾ жүргізіліп, мұның аралығында тамақ ішуге 1¹/₂ сағат үзіліс жасалуы керек, бұл үзіліс жұмысшыларға 1844 жылғы қаулы бойынша бірмезгілде берілуге тиіс, т. т. Соның нәтижесінде Relaissystem біржолата жойылды¹⁷⁰⁾. Балалар еңбегі үшін 1844 жылғы заң өз күшінде қалды.

Фабриканттардың бір категориясы бұл жолы да бұрынғыша пролетариат балаларына айрықша сензорлық праволар алды. Олар жібек фабриканттары еді. 1833 жылы олар қор-

луы, 7-том, 253-бет]). Америкадағы Азамат соғысы кезінде нақ сол «мәртебелі» сот пираттардың қорабльдерін қаруландыруға қарсы шығарыған заңды тура кері индальдырып жіберетін бір ілік сөзді таба қойды.

¹⁶⁸⁾ «Reports etc. for 30 th April 1850».

¹⁶⁹⁾ Қыстың күні бұл мерзімді таңертеңгі сағат 7-ден кешкі сағат 7-ге дейінгі мерзіммен ауыстыруға рұқсат етілген.

¹⁷⁰⁾ «Бұл заң» (1850 ж.) «жасалған мәмле еді, бұл мәмле бойынша жұмысшылар еңбегіне шек қойылған адамдардың жұмысы бір мезгілде басталып, бір мезгілде аяқталуы артық екенін ескеріп, он сағаттық заңның тиімділігінен бастартты» («Reports etc. for 30 th April 1852», p. 14).

қыта байбалам салды: «егер барлық жастағы балаларға күніне 10 сағаттан жұмыс істеткізу бостандығы тартып алынатын болса, онда фабрикаларымыз тоқтап қалады» («if the liberty of working children of any age for 10 hours a day were taken away, it would stop their works») деді. Өздерінің айтуынша, олар 13 жастан асқан балаларды жеткілікті мөлшерде сатып ала алмайтын көрінеді. Олар өздерінің айтқанын істеткізіп, артықшылық алды. Кейін тексере келгенде бұл сылтау шылғи өтірік болып шықты¹⁷¹⁾, алайда, бұл жағдай олардың он жыл ұдайы, кішкентай балаларға тапсырылған жұмысты істету үшін оларды орындыққа шығарып қойып, күніне 10 сағаттан олардың қанынан жібек жіп тартуына бөгет болған жоқ¹⁷²⁾. 1844 жылғы заң олардан 11 жасқа толмаған балаларды күніне 6¹/₂ сағаттан астам қанау «бостандығын» «ұрлап алғанымен», мұның ессіне оларға 11—13 жасар балаларды күніне 10 сағаттан қанау жөнінде артықшылық беріп, басқа фабрика балалары үшін белгіленген мектепке қатысу міндеттілігін жойды. Бұл жолы мынадай сылтау айтылды:

«Биязы мата нәзік саусақты керек етеді, бұл нәзіктік фабрикаға ерте жастан түскен күнде ғана пайда болмақ»¹⁷³⁾.

Россияның оңтүстігінде ірі қара малды терісі мен майына бола соятыны сияқты, балаларды нәзік саусақтарына бола өлтіріп отырды. Ақырында, 1844 жылы берілген артықшылық 1850 жылы ширату және шумақтау цехтарында ғана қалдырылды; бірақ «бостандығынан» айрылған капитал залалының орнын толтыру үшін 11—13 жасар балалардың жұмыс уақыты 10 сағаттан 10¹/₂ сағатқа дейін ұзартылды. Сылтау: «Жібек фабрикасындағы жұмыс басқалардағыдан гөрі жеңілдеу және денсаулыққа онша зиян келтірмейді»¹⁷⁴⁾. Кейін ресми медициналық тексеруден көрінгеніндей, мұның керісінше,

«жібек өндіретін округтарда орташа өлім-жітім ерекше жоғары, ал халықтың әйелдер жағын алғанда өлім тіпті Ланкаширдің макта мата өндіретін округтарындағыдан да жоғары»¹⁷⁵⁾.

¹⁷¹⁾ «Reports etc. for 30 th Sept. 1844», p. 13.

¹⁷²⁾ Бұл да сонда.

¹⁷³⁾ «Reports etc. for 31 st October 1846», p. 20.

¹⁷⁴⁾ «Reports etc. for 31 st October 1861», p. 26.

¹⁷⁵⁾ «Reports etc. for 31 st October 1861», p. 27. Фабрикалық заңның күші жүретін жұмысшы халықтың топ саулығы жалпы алғанда едәуір жақсарды. Бұл жөнінде барлық дәрігерлердің пікірі бір жерден шығып отыр, түрлі мерзімдердегі өз байқағандарым да бұған менің көзімді жеткізді. Солай бола тұрса да, өмірінің алғашқы жылдарында балалар өлімінің адам айтқысыз жоғары болатындығы туралы айтпағанның өзінде, доктор Гринхаудың ресми есептерінде «денсаулық жағдайы тәуір етінші округтармен» салыстырғанда фабрикалы округтардағы денсаулық жағдайының

Фабрика инспекторларының әрбір жарты жыл сайын қайталанып отыратын наразылықтарына қарамастан, бұл сорақылық әлі күнге дейін жойылмай келеді ¹⁷⁶⁾.

1850 жылғы заң тек «жас өспірімдер мен әйелдер» үшін ғана таңертеңгі сағат 5 $\frac{1}{2}$ -нан кешкі сағат 8 $\frac{1}{2}$ -ға дейінгі он бес сағаттық мерзімді таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 6-ға дейінгі он екі сағаттық мерзімге айналдырды. Сөйтіп, мұнда балалар қамтылмады, сондықтан олардың жұмысының жалпы ұзақтығы 6 $\frac{1}{2}$ сағаттан аспауға тиісті бола тұрса да, оларды осы мерзім басталғанша $\frac{1}{2}$ сағат және ол біткеннен кейін 2 $\frac{1}{2}$ сағат қанауға әлі де мүмкін болып отырды. Заңды талқылау кезінде фабрика инспекторлары бұл сорақылықтан масқара қиянаттардың туатындығы жөнінде парламентке статистикалық мәліметтер тапсырған еді. Бірақ бұдан түк шықпады. Бүкпелі сырдың мәні — гүлдену жылдарында балалардың көмегімен ересек еркектердің жұмыс күнін қайтадан 15 сағатқа дейін ұзартуда еді. Мұндай әрекеттің ересек жұмысшы еркектердің қарсылығына ұшырап күйреуге тиіс болғандығын соңғы 3 жылдың тәжірибесі көрсетіп берді ¹⁷⁷⁾. Сондықтан 1850 жылғы заң, ақырында, 1853 жылы толықтырылып, «балалардың еңбегін таңертең жас өспірімдер мен әйелдердің еңбегі басталардан бұрын және кешке ол еңбек аяқталғаннан кейін қолдануға» тыйым салынды. Осы кезден бастап 1850 жылғы фабрикалық заң, бірен-саран жағдайларды бы-

маз емес екендігі көрсетілген. Мұны дәлелдеу үшін оның 1861 жылғы есебінен, мысал ретінде, төмендегі кестені келтіріп отырмай:

Өнеркәсіпте істейтін ересек ерлердің проценті	Әрбір 100 000 ер-кекке өкпе ауруларынан келетін өлім	Овруг аттары	Әрбір 100 000 әйелге өкпе ауруларынан келетін өлім	Өнеркәсіпте істейтін ересек әйелдер проценті	Әйелдер кәсібінің түрі
14,9	598	Унган	644	18,0	Мақта
42,6	708	Блэкберн	734	34,9	Бұл да
37,3	547	Галифанс	564	20,4	Жүн
41,9	611	Брадфорд	603	30,0	Бұл да
31,0	691	Маклефилд	804	26,0	Жібек
14,9	588	Лин	705	17,2	Бұл да
36,6	721	Сток-апон-Трент	665	19,3	Балшық бұйымдары
30,4	726	Вулстантон	727	13,9	Бұл да
—	305	Денсаулық жағдайы төуір сегіз егіншілік округы	340	—	—

¹⁷⁶⁾ Жібек мануфактурасына қорғау бажын салудан ағылшын «фритредерлерінің» ханшама қобалжып барып бастартқандығы мәлім. Француз заттарын әкелуден қорғану ісі қазір Англиядағы фабрика балаларының қорғансыздығына айналып отыр.

¹⁷⁷⁾ «Reports etc. for 30 th April 1853», p. 31.

лай қойғанда, өзіне қарасты өнеркәсіп тарауларында барлық жұмысшылардың жұмыс күнін реттеп отырды¹⁷⁸⁾. Тұңғыш фабрикалық заң жарияланған кезден бастап қазіргі уақытқа дейін жарты ғасыр өтті¹⁷⁹⁾.

1845 жылы шыққан «Printworks' Act»-де (шыт әрлеу фабрикалары, т. т. туралы заңда) заң ережесі өзінің бастапқы қимыл саласының шеңберінен тұңғыш рет асып түсті. Осы жаңа «сотқарлыққа» капиталдың қыжылып барып көнгендігі заңның әр жолынан көрініп тұр! Бұл заң 8—13 жасар балалар мен әйелдердің жұмыс күнін таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 10-ға дейін 16 сағатпен шектейді, бірақ тамақ ішуге ешқандай заңды үзіліс белгілемейді. Бұл заң 13 жастан асқан еркек жынысты жұмысшыларды өз қалауынша күн-түн демей жұмыспен титықтатуға рұқсат етеді¹⁸⁰⁾. Бұл парламенттік түсік¹⁸¹⁾.

Осы заманғы өндіріс әдісінің ерекше туындысы болып табылатын өнеркәсіптің ірі тарауларында мерейі үстем болған бұл принцип дегенмен үзілді-кесілді жеңіске жетті. 1853—1860 жылдардағы дәуірде бұл тараулардың таңғажайып өркендеуі, фабрика жұмысшыларының күш-қайрат және мораль жағынан қайта тууымен қоян-қолтық өркендеуі тіпті нағыз соқырлардың да көзін ашқызды. Жарты ғасыр бойындағы азамат соғысы арқылы бірден-бірге жұмыс күнін заң бойынша шектеп, реттеуге лажсыз көнген фабриканттардың өздері өнеркәсіптің осы тараулары мен әлі де «еркін» күйде қалып келе жатқан қанау салалары арасындағы алшақтықты мақтана көрсетіп отырды¹⁸²⁾. «Саяси экономия» фарисейлері жұмыс

¹⁷⁸⁾ Ағылшын мақта мата өнеркәсібі шарықтап өркендеген жылдарда, 1859 және 1860 жылдарда, кейбір фабриканттар мерзімнен тыс жұмыс істегендер үшін жоғары жаалақы төлейміз деп қызықтырып, жіп піруші ересек еркектерді, т. т. жұмыс күнін ұзартуға көндіруге әрекеттенді. Қол мольдері мен селфакторларда істейтін жіп пірушілер өз қожайындарына тапсырған хаттарында бұл экспериментке тыйым салды; бұл хатта, мәселен, былай делінген: «Турасын айту керек, біздің өміріміз өксімек өтуде, өйткені бізді басқа жұмысшыларға қарағанда аптасына екі күндей (20 сағат) артық фабрикаға таңып қойып отырғанда біз өзімізді ел ішіндегі илоттардай көреміз және өзімізге де, өз ұрпақтарымызға да күш-қайрат пен мораль жағынан зиян келтіретін системаны мәңгілік еткеніміз үшін өзімізді өзіміз жазырамыз... Сондықтан осы арқылы сізге ізет етіп мәлімдегелі отырғанымыз мынау: жаңа жылдың бірінші күнінен бастап біз заң бойынша белгіленген $1\frac{1}{2}$ сағаттық үзілісті алып тастағанда сағат 6-дан сағат 6-ға дейін аптасына 60 сағаттан артық бір минут та жұмыс істемейміз» («Reports etc. for 30 th April 1860», p. 30).

¹⁷⁹⁾ Бұл заңның редакциясы арқылы берілген ырық бойынша оны бұзу жолдары туралы парламенттік септі қараңыз: «Factories Regulation Acts» (6 август, 1859.) Тағы да сонда: *Leonard Horner*. «Suggestions for Amending the Factory Act to enable Inspectors to prevent illegal working, now become very prevalent».

¹⁸⁰⁾ «Сонғы жарты жылда» (1857 ж.) «менің округымда 8 жасар және одан үлкен балаларды іс жүзінде таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 9-ға дейін титықтатып отырады» («Reports etc. for 31 st October 1857», p. 39).

¹⁸¹⁾ «Printworks' Act оқыту ісі жөніндегі, сондай-ақ еңбек қорғау ісі жөніндегі қаулылары жағынан да сәтсіз акт деп танылады» («Reports etc. for 31 st October 1862», p. 52).

¹⁸²⁾ Мәселен, Э. Поттер 1863 жылғы 24 мартта «Times»-қа жазған хатында осындай пікір айтады. «Times» оған он сағаттық заңға қарсы фабриканттардың бүлік шығарғанын ескертеді.

күнін заң бойынша реттеу қажеттігі идеясын жалма-жан өздерінің «ғылымындағы» өзгеше бір жеңіс деп жариялады¹⁸³⁾. Фабрика алпауыттары шүбәсіз нәрсеге лажсыздан мойын сұнып, оған көнуге тиіс болғаннан кейінгі жерде капиталдың қарсыласу күшінің бірте-бірте әлсірей бастағандығын, ал жұмысшы табының шабуыл күші, мұның керісінше, оның қоғамдық толтар ішіндегі одақтастарының, іске тікелей мүдделі еместердің, саны өскен сайын, үдей түскендігін түсіну оңай. 1860 жылдан бастап біршама шапшаң прогресс жасалған себебі осы.

Бояу және ағарту өндірістері¹⁸⁴⁾ 1850 жылғы фабрикалық заңға 1860 жылы, шілтер фабрикалары мен шұлық өндірістері 1861 жылы бағындырылды. Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі комиссияның (1863 ж.) бірінші есебінің нәтижесінде балшықтан бұйым жасайтын барлық мануфактуралар (қыш құмыра өндірістері ғана емес), сіріңке, пистон, патрон жасайтын өндірістер, обой фабрикалары, барқыт түктеу (rustian cutting) және «finishing» (аппретура) деген атпен біріктірілетін толып жатқан процестер осылардың аяғын құшты. 1863 жылы «ашық ауадағы ағартқыштар»¹⁸⁵⁾ мен наубайха-

¹⁸³⁾ Мысалы, Туктағы «History of Prices»-дің қосалқы авторы және бастырышысы У. Ньюмарч мырза осындай пікір айтқан. Қорқақтық жасап жұртшылық пікірінңығына ерудің өзі шынмен-ақ ғылыми прогресс болғаны ма?

¹⁸⁴⁾ Ағарту және бояу өндірістері туралы 1860 жылы шығарылған заңда 1861 жылғы 1 августан бастап жұмыс күні алдын ала 12 сағатқа дейін, ал 1862 жылғы 1 августан бастап біржолата 10 сағатқа дейін, яғни жай күндері 10½ сағатқа дейін, сенбі күні 7½ сағатқа дейін қысқартылады делінген. Бірақ қырсықты 1862 жыл келіп жеткен кезде, бұрынғы келемеж қайта басталды. Фабрикант мырзалар жас өспірімдер мен әйелдердің он екі сағаттық еңбегіне тағы да бір ғана жыл шыдай тұруды өтініп, парламентке петиция жазды... «Өнеркәсіптің кәзіргі жағдайында» (мақта тапшылығы кезінде) «жұмысшылардың тәулігіне 12 сағаттан жұмыс істеп, неғұрлым көбірек жалақы алуына рұқсат етілсе, олардың өздеріне аса тиімді болады десті... Осы рухта жазылған билльді қауымдар палатасына» енгізіліп те үлгірісті. Бірақ бұл билль Шотландияның ағарту өндірістеріндегі жұмысшылардың үгіт жүргізгендігі себепті іске аспай қалды» («Reports etc. for 31st October 1862», p. 14, 15). Бұрын жұмысшылардың атынан сөйлеп жүрмін деп сендірген, кейін нақ сол жұмысшылардың өздерінен осылайша таяқ жеген капитал енді юридикалық көзілдіріктің көмегімен: 1860 жылғы заң, «еңбек қорғағын» барлық парламенттік заңдар сияқты, мағынасын көмескілейтін сөздермен жазылғандықтан, оның күшін «calenderers» [«престеуші»] және «finishers» [«аппретурашы»] жұмысшылар категорияларына жатқызбауға сылтау болады деп тапты. Өрқашан да капиталдың сонімді малайы болған ағылшын юридикасы осы ілкішділік айлаға жалпы заң соты арқылы санкция берді. «Мұның өзі жұмысшылар арасында қатты наразылық туғызды, сондықтан анықтамалары қанағаттанарлықсыз деген сылтаумен заңның айқын ережелерінің іске аспай жатқандығына қатты қынжылуға тура келеді» (бұл да сонда, 18-бет).

¹⁸⁵⁾ «Ашық ауадағы ағартқыштар» бұларда әйелдер түнде жұмыс істемейді деген жалған мәлімдеме бойынша ағарту өндірістері жайындағы 1860 жылғы заңның күшінен босатылды. Фабрика инспекторлары бұл өтірікті әшкереледі, сонымен бірге жұмысшылардың петициялары «ашық ауадағы», «қош нәсті қоңыр салқын көкөрайдағы ағартқыштар» жөнінде парламенттің алған жан сүйсінерлік әсерлерінің шырқын бұзды. Осы ашық ауадағы ағартқыштарда температурасы Фаренгейт бойынша 90—100 градусқа [Цельсий бойынша 32—38 градусқа] жететін құрғатқыштар бар, мұнда көбінесе қыздар жұмыс істейді. Тіпті «cooling» (салқындау) деген техникалық сөз де бар, бұл құрғатқыштан ауық-ауық таза ауаға шығып тұру керектігін көрсетеді. «Құрғатқышта 15 қыз бар, полоотно үшін ыстық 80—90 градус [Цельсий бойынша 27—32 градус], бәтес үшін 100 градус [Цельсий бойынша 38 градус] және одан да жоғары. Ортасында қатты бітелген пеш бар, ұзыны мен ені шамамен алғанда он шаршы фут келетін кішіке не бөлмеде он екі қыз өтектел, қаттайды (бәтес, т. т.). Сурапын ыстық пеш шартытын пешті қыздар тығыз қоршап алады да, өтекшілерге түскен бәтесті тез кеттірін отырады. Бұл «қолдардың» сағат мөлшеріне неке қойылмаған. Іс көп

налар айрықша заңдарға бағындырылды; бұл заңдардың біріншісі, атап айтқанда, балалардың, жас өспірімдер мен әйелдердің түнгі уақытта (кешкі сағат 8-ден таңертеңгі сағат 6-ға дейін) жұмыс істеуіне, ал екіншісі кешкі сағат 9 бен таңертеңгі сағат 5 арасында 18-ге толмаған нан пісіруші көмекші мастерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салады. Біз жоғарыда аталған комиссияның ең бертіндегі ұсыныстарына, егіншіліктен, кен ісі мен транспорт өнеркәсібінен басқа ағылшын өндірісінің барлық маңызды тарауларының «бостандығын» тартып алу қаупін туғызған ұсыныстарына тағы да қайта оралып соғамыз ^{185a)}.

7. ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫС КҮНІ ҮШІН КҮРЕС. АҒЫЛШЫН ФАБРИКАЛЫҚ ЗАҢДАРЫНЫҢ БАСҚА ЕЛДЕРГЕ ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Оқушыға аян, қосымша құн өндіру, яки қосымша еңбек табу, еңбектің капиталға бағынуынан туатын, өндіріс әдісінің өзіндегі өзгерістерге қарамастан, капиталистік өндірістің ерекше мазмұны мен мақсаты болып табылады. Тағы бір аян нәрсе, біз осы күнге дейін дамытып келген көзқарас бойынша, тек дербес, демек, заң жүзінде кәмелет жасына жеткен жұмысшы ғана товар сатушы ретінде капиталиспен келісім жасасады. Сондықтан, егер біздің тарихи очеркімізде, бір жағынан, қазіргі заманғы өнеркәсіп, ал екінші жағынан — таби-

болса, көп күн қатарынан түнгі сағат 9-ға немесе 12-ге дейін жұмыс істейді» («Reports etc. for 31 st October 1862», p. 56). Бір дәрігер былай дейді: «Салқындау үшін белгіленген арнаулы сағат жоқ, ал егер температура тым адам төзгісіз болып кетсе немесе жұмысшы әйелдердің қолдары терден кірлейтін болса, оларға бірнеше минутқа ғана сыртқа шығып келуге рұқсат етіледі... Осы жұмысшы әйелдердің ауруларын емдеудегі өз тәжірибемесуіне отырып, мен мынаны атап көрсетуге тиіспін: бұлардың денсаулық жағдайы мақта иіруші әйелдердің денсаулық жағдайына анағұрлым нашар» (ал капитал парламентке жазған өз петицияларында бұларды, Рубенс мәнерімен, бетінен қаны тамған дені сау адамдар әлпетінде суреттеген болатын). «Бұларды өте-өте жиі меңдететін аурулар: өкпе ауруы, бронхит, жатыр аурулары, ең асқынған формадағы истерия мен ревматизм. Менің ойымша, бұл аурулардың бәрі тікелей немесе жанамалы түрде мастерскойлардағы ауаның шексіз ыстықтығынан және тәуірлеу жылы киімнің жетіспеуінен болады, ал жылы киім болса, олар үйлеріне қайтарда қыс айларындағы әрі ылғал, әрі суық ауаның әсерінен бойлары аман сақтай алар еді» (бұл да сонда, 56, 57-беттер). Фабрика инспекторлары «ашық ауадағы ағартқыштардың» шат көңілді нелеріне көп еңбекпен күштеп танылған 1863 жылғы қосымша заң жөнінде былай деп ескертеді: «Жұмысшылардың еңбегін қорғауға тиісті сияқтанған бұл заңның сол жұмысшылардың еңбегін қорғау мағынасында алғанда да мақсатқа жетпей жүр... Тіпті оның тұжырымдалған сипаты сондай, еңбек қорғау ережесі кешкі сағат 8-ден кейін жұмыс істеуші балалар мен әйелдер бар екені білінген кезде ғана қолданылады, тіпті бұл ретте де осы заң бойынша белгіленген дәлдеу әдісінің бұлталаққа салынатыны соншалық, бұл заңды бұзушы айыпкерлердің жазалануы екіталай» (бұл да сонда, 52-бет). «Адамгершілік және тәрбие мақсаттарына жету мағынасында алғанда бұл заң түкке тұрмайды. Ретіне қарай, тамақ ішуге үзіліс беріп немесе үзіліс берместен, жасына, жынысына қарай шек қоймастан, ағарту мастерскойларымен көрші тұратын семьялардың қоғамдық дағдыларына назар аудармастан, әйелдер мен балалардың тәулік ішінде 14 сағаттан, бәлкім, одан да ұзақ уақыт жұмыс істеуіне ырық берушілікті, яки — бұл да соған саяды — оларға зорлап жұмыс істеміз дегенді адамгершілік деп атауға болар ма» («Reports etc. for 30 th April 1863», p. 40).

^{185a)} (2-ші басылымна ескерту.) 1866 жылдан бастап, мен осы жолдарды жазып болған кезімде, тағы да реакция туды.

ғи және заң жүзінде кәмететке жетпегендердің еңбегі басты роль атқаратын болса, онда біз үшін біріншісінің тек еңбек сородуың айрықша саласы ретінде ғана, екіншісінің осылай еңбек сородуың өте-мөте айқын мысалы ретінде ғана маңызы болды. Алайда, күнілгері болжал жасамай-ақ, тарихи фактілердің бір ғана жалпы байланысы негізінде біз мынадай қорытындыларға келеміз:

Біріншіден. Су, бу, машиналар арқылы басқалардан бұрын революцияландырылған өнеркәсіп тарауларында, осы заманғы өндіріс әдісінің осы тұңғыш туындыларында, мақта, мата, жүн, кенеп, жібек иіру және тоқу орындарында, жұмыс күнін шексіз де мейірімсіз ұзартуға ұмтылған капиталдың ниет-талабы көптен көп іске асып отырады. Материалдық өндіріс әдісіндегі өзгерістер және өндірушілердің әлеуметтік қатынастарындағы тиісті өзгерістер¹⁸⁶⁾ әуелі жұмыс күнінің шеңберін шексіз ұлғайтуға себепкер болады да, онан соң реакция түрінде қоғамдық бақылауды туғызады, ал мұның өзі жұмыс күніне, оның үзілістеріне заң жүзінде шек қояды, оны реттеп, бірсарындылық қалыпқа салады. Сондықтан XIX ғасырдың бірінші жартысында мұндай бақылау тек анда-санда ғана заң жүзінде орнатылып отырады¹⁸⁷⁾. Бірақ бұл бақылау жаңа өндіріс әдісінің алғашқы саласына қолданылысымен-ақ нағыз фабрикалық тәртіптің қыспағына өндірістің көптеген басқа тараулары ғана түсіп қойған жоқ, сонымен қатар өндіріс әдістері азды-көпті ескірген мануфактуралар, мысалы, қыш құмыра мастерскойлары, шыны мастерскойлары, т. т., және ескілікті қолөнер кәсіптері, мысалы, нан пісіру кәсібі, ақырында, үйге берілетін жұмыс деп аталатын бытыраңқы жұмыс, мысалы, шеге кәсіпшілігі, т. т.¹⁸⁸⁾, нақ фабрика сияқты көптен бері-ақ капиталистік қанаудың қыспағына түскен еді. Сондықтан заңдар бірте-бірте өзінің ерекшелік сипатынан безуге немесе — Англиядағы сияқты римдік казуистиканы тұтыпқан жерлерде — жұмыс істелетін әрбір үйді беталдыдан-беталды фабрика (factory) деп жариялауға мәжбүр болды¹⁸⁹⁾.

Екіншіден. Кейбір өндіріс тарауларында жұмыс күнін реттеу тарихы және басқа тарауларда осы реттеу жолында әлі де

¹⁸⁶⁾ «Осы екі таптың» (капиталистер мен жұмысшылардың) «әрқайсысының мінсз-қылығы олардың арасында орнаған қарым-қатынастардың нәтижесі болды» («Reports etc. for 31 st October 1848», p. 113).

¹⁸⁷⁾ «Шектеуге бағындырылған еңбек түрлері бұдң немесе судың күнін қолданылатын тоқыма товарлары өндірісіне байланысты еді. Белгілібір еңбек тарауының бақылауға бағындырылуы үшін екі түрлі шарт: бұдң немесе судың күнін қолдану және белгілібір талшықты өңдеу қажет болды» («Reports etc. for 31 st October 1864», p. 8).

¹⁸⁸⁾ Осы үй өнеркәсібі дейтіннің жағдайы жөнінде Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі комиссияның соңғы есептері аса мол материал береді.

¹⁸⁹⁾ «Соңғы сессияның заңдары» (1864 ж.) «...өндірістік әдістері түрлі-түрлі аралау өндірістер жайында шығарылған; машиналарды жүргізетін механикалық күштің қолданылуы енді кәсіпорынды заң тілінде «фабрика» деп атау үшін бұрынғыдай қажетті шарт бола қоймайды» («Reports etc. for 31 st October 1864», p. 8)

жүргізіліп келе жатқан күрес оқшау жұмысшы, өз жұмыс күшін «еркін» сатушы ретіндегі жұмысшы, капиталистік өндірістің пісіп жетілген белгілі сатысында қандай да болсын қарсылық көрсете алмайтындығын айқын дәлелдейді. Сондықтан қалыпты жұмыс күнін орнату капиталистер табы мен жұмысшылар табы арасында ұзақ, азды-көпті астыртын жүргізілген азамат соғысының нәтижесі болып табылады. Күрес қазіргі заманғы өнеркәсіп саласында басталатындықтан, ол тұңғыш рет осы өнеркәсіптің туған жерінде, Англияда өршиді¹⁹⁰⁾. Ағылшын фабрика жұмысшылары ағылшын жұмысшы табының ғана емес, сонымен қатар осы заманғы жалпы жұмысшы табының да озат күрескерлері болды, дәл сол сияқты, олардың теоретиктері капиталистік теорияға бірінші болып қарсы шықты¹⁹¹⁾. Сондықтан фабрика философы Юр «еңбектің толық бостандығын» ерлікпен жақтап шығып отырған капиталға қарама-қарсы ағылшын жұмысшы табының «фабрикалық заңдар құлдығын» өз туына ұран етіп жазғандығын сол ағылшын жұмысшы табының өшпес масқаралық таңбасы деп қаралайды¹⁹²⁾.

Франция Англияның соңынан баяу ілбіп келеді. Он екі сағаттық заңның¹⁹³⁾ дүниеге келуі үшін февраль революциясы керек болды; бұл заң оның ағылшынша түпнұсқасынан ана-

¹⁹⁰⁾ Континенттік либерализм ұжмағы Бельгияда бұл қозғалыстың ізі де білінбейді. Тіпті оның көмір кендері мен рудниктерінде де әрқилы жастағы еркек-әйел жұмысшылар қай уақытта болса да, қанша уақыт болса да барынша «еркін» пайдаланылып отырады. Өнеркәсіптің осы тарауларында істейтін әрбір мың адамға келетін еркектер 733, әйелдер 88, жасы 16-ға толмаған жас өспірімдер 135 және қыздар 44; домна пештерінде, т. т. әрбір мың адамға келетіні—668 еркек, 149 әйел, жасы 16-ға толмаған 93 жас өспірім және 85 қыз. Мұның үстіне есейген және есеймеген жұмыс күштерін адам айтқысыз қанаушылық үшін төлсетін жалақы өте төмен, ал орта есеппен алғанда еркектерге күніне 2 шилл. 8 пенни, әйелдерге 1 шилл. 8 пенни, жас өспірімдерге 1 шилл. 2½ пенни болады. Оның ессесіне Бельгия 1863 жылы сыртқа шығарған көмірінің, темірінің, т. т. мөлшері мен құнын 1850 жылғымен салыстырғанда екі еседі арттырды.

¹⁹¹⁾ Роберт Оуэн осы ғасырдың жиырмасыншы жылдарының ең бас кезінде жұмыс күніне шек қою қажеттігін теория жүзінде ғана жақтап қоймай, іс жүзінде Нью-Ленарктегі өз фабрикасында он сағаттық жұмыс күнін енгізген кезде, жұрт мұны коммунистік утопия деп мазақтаған болатын,—оның «өндіргіш еңбекті балалар тәрбиесімен ұштастыруын» немесе оның өзі ұйымдастырған жұмысшылардың кооперативтік кәсіпорнын да мазақ еткені сияқты мазақтаған болатын. Қазіргі уақытта бірінші утопия фабрикалық заң болып отыр, екінші утопия ресми жөлсөздер түрінде әрбір фабрикалық заңда көрсетіліп жүр, үшінші утопия тіпті реакциялық шарлатандықтың бүркеніші болып отыр.

¹⁹²⁾ *Ure* (французша аудармасы): «Philosophie des Manufactures» Paris, 1836, t. II, p. 39, 40, 67, 77 etc.

¹⁹³⁾ «Парижде 1855 ж. болған Халықаралық статистикалық конгрестің» есебінде мысалы былай делінген: «Фабрикалар мен мастерскойларда әр күндік еңбек мөлшеріне 12 сағаттық шек қоятын француз заңында бұл еңбектің белгілібір тұрақты сағаттары» (уақыт мерзімі) көрсетілмеген, тек балалар еңбегінің тандертегі сағат 5 пен кешкі сағат 9 арасында істелетіндігі ғана айтылған. Сондықтан фабриканттардың бірқатары бәлкім жексенбіден басқа күндердің бәрінде күннен-күнге үзіліссіз жұмыс істеткізу үшін ауызға алынбай қалған осы қатерлі прапоны пайдалануда. Бұл үшін олар жұмысшылардың екі дүркін сменасын қолданады, бұлардың бірде-бірі мастерскойда 12 сағаттан артық болмайды, бірақ кәсіпорындағы өндіріс күнді-түні жүріп отырады. Заңның талаптары орындалған, бірақ адамгершілік талаптары орындалған ба?» «Адам организміне түнгі еңбектің ететін сойқанды әсерімен» қатар «түн ішінде жарығы нашар мастерскойларда екі жыныс адамдарының бірге болатындығының кеспатты әсері» де атап көрсетілген.

ғұрлым қанағаттанғысыз. Бұған қарамастан, француздың революциялық методында өзіне тән айрықша артықшылықтары да байқалып отыр. Ол бір соққының күшімен-ақ мастерскойлар мен фабрикалардың бәріне түгелінен жұмыс күнін бірыңғай шеңберде қабылдатқызып отыр, ал ағылшын заңдарын алатын болсақ, біресе бір пунктте, біресе екінші пунктте жағдайдың қысымына лажсыздан көнеді де, юридикалық айла-шарғыларды үсті-үстіне туғыза беретін нағыз шытырман жолға түсіп отырады¹⁹⁴). Сонымен бірге, Англияда тек балалар үшін, көмелетке жетпегендер мен әйелдер үшін ғана істелген істі және тек соңғы кезде ғана жалпы право ретінде талап етіле бастаған нәрсені француз заңы принцип етіп жариялап отыр¹⁹⁵).

Құлдықтың салдарынан республиканың бір бөлегінің сиқы бұзылып тұрған кезде Солтүстік Америка Құрама Штаттарында дербес жұмысшы қозғалысының қандайы болса да қырсыққа ұшырап отырды. Қара нәсілдер еңбегіне масқара таңба таңылып жүрген жерде ақ нәсілдер еңбегінің азат болуы мүмкін емес. Ал құлдықтың жойылуы дереу жайнаған жас өмір туғызды. Азамат соғысының бірінші жемісі сегіз сағаттық жұмыс күні үшін жүргізілген үгіт болды, бұл үгіт локомотивше алып қадаммен Атлантика мұхитынан Тынық мұхитқа дейін, Жаңа Англиядан Калифорнияға дейін барып жетті. Балтимордағы Жалпыға бірдей жұмысшы съезі¹⁹⁸ (16 август, 1866 ж.) былай дейді:

«Бұл елдегі еңбекті капиталистік құлдықтан азат ету үшін қажетті, қазіргі замандағы бірінші ұлы талап — сегіз сағаттық күнді Америка одағының барлық штаттарында қалыпты жұмыс күні деп танытын заңның шығарылуы болмақ. Осы даңқты нәтижеге жету үшін біз бар күшімізді қарыштап жұмсауға бел байладық»¹⁹⁹).

¹⁹⁴) «Мәселен, менің округымда сол бір фабрика үйінің өзінде бәз-баяғы бір фабрикант ағартушы және бояушы ретінде «Ағарту және бояу өндірістері туралы заңға», — шығ арлеуші ретінде «Шығ арлейтін фабрикалар туралы заңға» және finisher [аппретурашы] ретінде «Фабрикалық заңға» бағынады». Бейкер мырзаның ақпары, «Reports etc. for 31 st October 1861», p. 20). Бұл заңдардың аралау ережелерін және бұдан туатын шым-шытырық жағдайларды ағай келіп, Бейкер мырза былай дейді: «Фабрика иесі заңды орағытып өткісі келетін болса, осы парламенттік үш заңды орындатқызу өте қиынға соғатынын көріп отырмыз». Ал оның есебине бұл юрист мырзаларға процестерді қамтамасыз ететіндігі сөзсіз.

¹⁹⁵) Мысалы, фабрика инспекторлары, ақырында, мынаны батыл айта бастап отыр: «Бұл қарсы пікірлер» (жұмыс уақытын заң жүзінде шектеуге қарсы капиталдың пікірі) «еңбек праволарының кең принципін алдында жоққа шығуға тиіс... Қожайынның өз қызметкерінің еңбегін билеп-төстеу правосы құритын күн туып келеді, сонда оның еңбегі титықтау туралы мәселе көтеріле қоймаған күнде де оның өз мейлінгіне айналатын болады» («Reports etc. for 31 st October 1862», p. 54).

¹⁹⁸) «Біз, Данкерк жұмысшылары, былай деп мәлімдейміз: қазіргі система тұсында керек етілетін жұмыс уақыты тым ұзақ, мұның өзі жұмысшының дем алуына және өсіп жетілуіне уақыт қалдырмайды, қайта, оны құлдың халіне түсіре тұқыртады, бұл хал құлдықтан онша маз емес («a condition of servitude but little better than slavery»). Сондықтан біз бір жұмыс күні үшін сегіз сағат жеткілікті деп шештік және мұның өзі ресми түрде танылуға тиіс; біз баспасөзді, осы мықты тұтқаны бізге көмек беруге шақырамыз, ... ал мұндай көмек беруден бастартындардың бәрін жұмысшы реформасы мен жұмысшы праволарының жаулары деп есептейміз» (Данкерктегі жұмысшылар қауымы, Нью-Йорк штаты, 1866 ж.).

Сонымен бірге (1866 жылғы сентябрьдің бас кезінде) Женевада Жұмысшылардың Халықаралық серіктігінің конгресі, Лондондағы Бас Советтің ұсынысы бойынша, былай деп қаулы етті: «Бірінші алғышарт — жұмыс күніне шек қою, бұлай етпейінше жұмысшылардың тұрмысын жақсарту және оларды азат ету жөнінде жасалатын келешектегі әрекеттердің бәрі де сәтсіздікке ұшырамақ... Біз жұмыс күнін заң жүзінде 8 сағатпен шектеуді ұсынамыз»¹⁰⁹.

Сонымен, Атлантика мұхитының екі жағында өндірістік қатынастардың өзінен инстинкті түрде өсіп шыққан жұмысшы қозғалысын ағылшын фабрика инспекторы Р. Дж. Сандерстің мына сөздері дұрысқа шығарады:

«Жұмыс күніне алдын ала шек қойылмайынша және оның белгіленген шегін бұлтартпастан қатаң орындатқызып отырмайынша қоғамды қайта құру жолында жасалатын келешектегі әрекеттерден белгілі бір нәтиже шығады деп үміттену мүмкін емес»¹⁹⁷).

Біздің жұмысшы өндіріс процесінен шыққанда оған кірген кездегіден басқаша болып шығатындығын мойындауға тура келеді. Рынокта ол басқа товарлардың иелеріне «жұмыс күші» товарының иесі ретінде, яғни товар иесіне товар иесі ретінде қарама-қарсы тұрған еді. Ол өз жұмыс күшін капиталиске сатарда жасалған шартта жұмысшының өзін-өзі еркін билейтіндігі, былайша айтқанда, тайға таңба басқандай көрсетілген болатын. Бірақ келісім жасалғаннан кейінгі жерде оның әсте «ерікті агент» болмағандығы, жұмыс күшін еркіммен саттым деген уақыты оны лажсыздың күнінен сатуға мәжбүр болған уақыты болып шығатындығы¹⁹⁸, шындығында жалмауыз одан «әлі де болса бір тамшы қан сорып алуға, оның бұлшық еттері мен сіңірлерін тағы бір ышқындырып жұмыс істеткізуге мүмкін болып отырғанда» оны өз қолынан шығармайтындығы анықталды¹⁹⁹. «Өздерін азаптаушы жыланның»¹¹⁰ өздерін «қорғау» үшін жұмысшылар бірігуге тиіс және, тап ретінде, мемлекеттік заң шығартуға, мықты қоғамдық тосқауыл жасатуға тиіс, ал мұның өзі олардың өз ықтиярымен капиталмен жасалатын шарт бойынша өздерін және өз ұрпақтарын өлімге,

¹⁹⁷) «Reports etc. for 31 st October 1848», p. 112.

¹⁹⁸) «Сонымен қатар бұл әрекеттер» (мысалы, 1848—1850 жылдардағы капиталдың айла-амалдары) «жұмысшылар қамқорлықты керек етпейді және олар өздерінің бірден-бір меншігін, яғни өздерінің білек күші мен маңдай терін мүлде еркін билейтін агенттер ретінде қаралуға тиіс деп тым жиі айтылып жүрген пікірдің теріс екендігін мүлтіксіз дәлелдеп берді» («Reports etc. for 30 th April 1850», p. 45). «Еркін еңбек, егер оны осылай атауға болатын болса, тіпті еркін елде де өзін мықты қолдан шыққан заңның қорғауын керек етеді» («Reports etc. for 31 st October 1864», p. 34). «Тамақ ішуге үзіліс жариялап немесе үзіліссіз-ақ таулігіне 14 сағаттан жұмыс істеуге рұқсат ету... немесе, дол сол сияқты, зорлап жұмыс істеткізу... т. т.» («Reports etc. for 30 th April 1863», p. 40).

¹⁹⁹) Фридрих Энгельс: «Он сағаттық жұмыс күні туралы ағылшын билі» («Neue Rheinische Zeitung»-те, 1850 жылғы апрельдегі номерінде, 5-бет [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-ші басылуы, 7-том, 246-бет]).

құлдыққа сатуларына бөгет жасайтын болуы керек²⁰⁰⁾. «Айырғысыз адам праволарының» көпірмелі каталогы орнына заң бойынша шектелген жұмыс күнінің қарапайым Магна Charta-сы¹¹¹ жүретін болады, мұның өзі, «ақырында, жұмысшының сататын уақыты қашан бітетінін және оның өзіне тиісті уақыттың қашан басталатынын дәл анықтайтын болады»²⁰¹⁾. Quantum mutatus ab illo!¹¹²

²⁰⁰⁾ Он сағаттық билль өзіне қарасты өнеркәсіп тарауларында «жұмысшыларды толық азғындаудан аман сақтап қалды және олардың денсаулығын өз қорғауына алды» («Reports etc. for 31 st October 1859», p. 47). «Капитал» (фабрикаларда) «машинаны шектеулі уақыт мерзімінен тысқары жүргізгенде өзі жұмыс істемейтін жұмысшылардың денсаулығы мен мінез-құлқына зиян келтірмей қоймайды, ал жұмысшылар өздерін өздері қорғай алмайды» (бұл да сонда, 8-бет).

²⁰¹⁾ «Бұдан да зор бір игілік сол, ақырында, жұмысшының өз уақыты мен оның қожайынның уақыты арасына айқын шек қойылып отыр. Жұмысшы қазір өзінің сатқан уақыты қашан бітетінін және өз уақыты қашан басталатынын біледі, сөйтіп, өз уақытын күні бұрын дәл білгендіктен, ол өз минуттарын өз мақсаттары үшін пайдалануға алады» (бұл да сонда, 52-бет). «Жұмысшыны өз уақытының қожасы ете отырып бұлар» (фабрикалық заңдар) «оған рухани күш бітерді, бұл күш оған саяси өкіметті қолға алуға жөн сілтейді» (бұл да сонда, 47-бет). Сыпайы кекесінмен және өте жалтақ сөздермен фабрика инспекторлары он сағаттық жұмыс күні жөніндегі қазіргі заң капиталисті де жаратылысында біткен тұрпайылықтан, капиталдың осы қарапайым бейнесіне тән тұрпайылықтан біраз арылтып, оның біраз «білім» алуына уақыт берді деген емеурін білдіреді. Бұрын «қожайынның ақша табудан басқа нәрсеге уақыты болмаушы еді, ал қызметшінің еңбек етуден басқа нәрсеге уақыты болмаушы еді» (бұл да сонда, 48-бет).

Т О Ғ Ы З Ы Н Ш Ы Т А Р А У

ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ НОРМАСЫ МЕН АУМАҒЫ

Бұрынғыдай біз бұл тарауда да жұмыс күшінің құны, демек жұмыс күшін қалпына келтіріп отыру үшін немесе сақтау үшін қажетті жұмыс күшінің бөлегі белгілі, тұрақты мөлшер деп ұйғарамыз.

Осылайша ұйғарған күнде қосымша құнның нормасымен бірге оның жеке жұмысшы белгілібір кесімді уақыт ішінде капиталиске беретін аумағы да белгілі болып шығады. Егер, мәселен, қажетті еңбек күніне 6 сағат болатын болса, ал мұның өзі алтынға шаққанда 3 шиллинг болады, бұл 1 талерге тең, онда 1 талер бір жұмыс күшінің күндік құны, яки бір жұмыс күшін сатып алуға авансыланған капитал құны болып табылады. Сонсын, егер қосымша құн нормасы 100-ге тең болса, онда бұл 1 талер өзгермелі капитал 1 талер қосымша құн аумағын өндіреді, яки жұмысшы күн сайын 6 сағаттық қосымша еңбек массасын беріп отырады.

Бірақ өзгермелі капитал дегеніміз капиталист бір мезгілде тұтынатын барлық жұмыс күштерінің жиынтық құнының ақшалай көрінісі. Демек, мұның құны тұтынылатын жұмыс күштерінің санына көбейтілген бір жұмыс күшінің орташа құнына тең. Сондықтан жұмыс күшінің құны белгілі болған күнде өзгермелі капиталдың мөлшері бір мезгілде істейтін жұмысшылардың санына тікелей пропорциялы болады. Сонымен, егер бір жұмыс күшінің күндік құны 1 талерге тең болса, онда 100 жұмыс күшін қанау үшін 100 талер капитал, ал күн сайын n жұмыс күшін қанау үшін n талер капитал авансылау қажет.

Дәл сол сияқты, егер 1 талер өзгермелі капитал, бір жұмыс күшінің күндік құны, күн сайын 1 талер қосымша құн өндіретін болса, онда 100 талер өзгермелі капитал күн сайын 100 талер қосымша құн өндіреді, ал n талер капиталдың күн сайын өндіретін қосымша құны 1 талер $\times n$. Демек, өндірілетін қосымша құн аумағы жеке жұмысшының жұмыс күні беретін қосымша құнды қолданылып отырған жұмысшылардың

санына көбейткендегі мөлшерге тең. Бірақ, сонсын, жеке жұмысшы өндіретін қосымша құн аумағы жұмыс күшінің құны белгілі болған күнде қосымша құнның нормасымен анықталады, сондықтан бұдан шығатын бірінші заң мынау: өндірілетін қосымша құнның аумағы авансыланған өзгермелі капиталдың қосымша құн нормасына көбейтілген мөлшеріне тең, яки сол бір капиталистің өзі бір мезгілде қанайтын жұмыс күштерінің саны мен жеке жұмыс күшін қанау дәрежесінің арасындағы күрделі қатынасқа қарай анықталады *).

Сонымен, егер біз қосымша құн аумағын M арқылы, жеке жұмысшы бір күн ішінде орта есеппен беретін қосымша құнды m арқылы, бір жұмыс күшін сатып алуға күн сайын авансыланатын өзгермелі капиталды v арқылы, өзгермелі капиталдың жалпы сомасын V арқылы, орташа жұмыс күшінің құнын k арқылы, оны қанау дәрежесін $\frac{a'}{a}$ (қосымша еңбек қажетгі еңбек) арқылы және қолданылатын жұмысшылар санын n арқылы белгілейтін болсақ, онда біз мынаны көреміз:

$$M = \begin{cases} \frac{m}{v} \times V \\ k \times \frac{a'}{a} \times n \end{cases}$$

Біз ылғи орташа жұмыс күшінің құны тұрақты мөлшер деп қана ұйғарып қоймай, сонымен қатар капиталист қолданып отырған жұмысшылар орташа жұмысшыға шағылып есептелген деп те ұйғарамыз. Өндірілетін қосымша құнның қанаудағы жұмысшылар санына пропорциялы болмай өсетін ерекше жағдайлары болады, бірақ онда жұмыс күшінің құны да тұрақты күйінде қалмайды.

Сондықтан белгілібір қосымша құн аумағын өндіргенде бір фактордың кемуінің есесін екінші фактордың артығы толтыруы мүмкін. Егер өзгермелі капитал азайып, онымен қабат қосымша құн нормасы нақ сол пропорцияда артатын болса, онда өндірілетін қосымша құн аумағы өзгеріссіз қалады. Егер бұрынғы ұйғарындыларды сақтаған күнде капиталистің күн сайын 100 жұмысшыны қанауы үшін 100 талер авансылауына тура келеді, ал егер қосымша құн нормасы 50% болса, онда бұл 100 талер өзгермелі капитал 50 талер қосымша құн береді, яки 3×100 жұмыс сағаты. Егер қосымша құн нормасы екі есе артатын болса, яки жұмыс күні 6 са-

*) Еркін аударылған французша басылуында бұл қағиданың екінші бөлігі былайша баяндалады: «яки мұның өзі бір жұмыс күшінің құнын оны қанау дәрежесіне және бір мезгілде қолданылатын күштердің санына көбейткендегі мөлшерге тең». *Ред.*

ғаттан 9 сағатқа дейін емес, 6 сағаттан 12 сағатқа дейін ұзартатын болса, онда тең жара кеміген өзгермелі капитал, 50 талер капитал, тағы да сол 50 талер қосымша құн келтіреді, яки 6×50 жұмыс сағаты. Демек, өзгермелі капиталдың кемуінің орны жұмыс күшін қанау нормасының пропорциялы түрде артуы арқылы толтырылуы мүмкін, яки істегі жұмысшылар санының кемуі жұмыс уақытын пропорциялы түрде ұзарту арқылы толтырылуы мүмкін. Сонымен, белгілі шектерде, капитал өктемдігінен туатын еңбек ұсынысы жұмысшылардың ұсынысына байланысты емес²⁰²⁾. Мұның керісінше, егер өзгермелі капиталдың мөлшері, яки істегі жұмысшылардың саны пропорциялы түрде өсетін болса, онда қосымша құн нормасы азайған күнде де өндірілетін қосымша құн аумағы өзгеріссіз қалады.

Алайда жұмысшылар санының есесін, яки өзгермелі капитал мөлшерінің есесін қосымша құн нормасын арттыру арқылы, яки жұмыс күнін ұзарту арқылы толтырудың шегі бар, бұдан аттап өтуге болмайды. Жұмыс күшінің құны қандай болған күнде де, жұмысшыны асырауға қажетті жұмыс уақыты 2 немесе 10 сағат болса да, әйтеуір жұмысшының күннен-күнге өндіре алатын жиынтық құны 24 жұмыс сағаты сіңген құннан кем, ал егер осы затқа айналған 24 сағат еңбектің ақшалай көрінісін алсақ, бұл жиынтық құн 12 шиллингтен немесе 4 талерден кем. Біздің бұрынғы ұйғаруымыз бойынша жұмыс күшінің өзін, яки оны сатып алуға авансыланған капитал құнын ұдайы өндіру үшін күн сайын 6 жұмыс сағаты керек еді, мұнда 500 жұмысшыны қолданатын 500 талер өзгермелі капитал, қосымша құн нормасы 100% болғанда, яки 12 сағаттық жұмыс күні тұсында, күн сайын 500 талер қосымша құн өндіреді, яки 6×500 жұмыс сағаты. Күн сайын 100 жұмысшыны қолданатын 100 талер капитал, қосымша құн нормасы 200% болғанда, яки 18 сағаттық жұмыс күні тұсында, тек 200 талер қосымша құн аумағын өндіреді, яки 12×100 жұмыс сағаты. Сөйтіп оның жаңадан жасаған бүкіл құны, авансыланған өзгермелі капиталдың эквиваленті қосымша құнмен бірге, ешқашан да, ешқандай күнде 400 талер сомасына, яки 24×100 жұмыс сағаты мөлшеріне жете алмайды. Жаратылысында 24 сағаттан әрқашан да кем орташа жұмыс күнінің абсолютті шегі өзгермелі капиталдың кемуінің есесін қосымша құн нормасын арттыру арқылы толтыруға, яки қанаудағы жұмысшылар саны азаюының есесін жұмыс

²⁰²⁾ Бұл қарапайым заң, сірә, тұрпайы саяси экономия лагеріндегі мырзаларға белгісіз болса керек — олар, осынау кері архимедтер, еңбектің рынок бағасын сұраныс пен ұсыныс арқылы анықтағанда негізгі тұтқаны таптық деп ойлайды, — тапқанда дүниені төңкеріп тастау үшін емес, тоқтату үшін тапқан сияқты.

күшін қанау дәрежесін арттыру арқылы толтыруға абсолютті шек қояды. Бұл айдан айқын екінші заң біз кейінірек әнгіме етеккі отырған капитал тенденциясынан туатын көптеген құбылыстарды түсіндіру үшін қажет,— бұл тенденция капитал іске тартатын жұмысшылар санын, яки өзінің өзгермелі құрамдас бөлегін неғұрлым көбірек қысқартуды көздейді, ал мұның өзі капиталдың екінші бір тенденциясына — қосымша құн аумағын неғұрлым көбірек өндіру тенденциясына қайшы келеді. Мұның керісінше. Егер қолданылатын жұмыс күштерінің аумағы, яки өзгермелі капиталдың мөлшері, өсетін болса, бірақ өскенде қосымша құн нормасының кемуіне пропорциялы болмай өссе, онда өндірілетін қосымша құн аумағы азаяды.

Үшінші заң өндірілетін қосымша құн аумағын екі фактормен — қосымша құн нормасымен және авансыланған өзгермелі капиталдың мөлшерімен — анықтаудан келіп шығады. Егер қосымша құн нормасы, яки жұмыс күшін қанау дәрежесі, және жұмыс күшінің құны, яки қажетті жұмыс уақытының мөлшері белгілі болса, онда өзгермелі капитал неғұрлым көп болса, өндірілетін құн мен қосымша құнның аумағы соғұрлым көп болатыны өзінен-өзі түсінікті. Егер жұмыс күшінің шегі, сондай-ақ оның қажетті құрамдас бөлегінің шегі белгілі болса, онда жеке капиталист өндіретін құн мен қосымша құнның аумағы, анығында, тек қана ол іске қосатын еңбек аумағына байланысты. Ал оның өзі іске қосатын еңбек аумағы бұрынғыша ұйғарған күнде жұмыс күшінің аумағына, яки оның қанауындағы жұмысшылардың санына байланысты, ал бұл санның өзі капиталист авансылаған өзгермелі капиталдың мөлшерімен анықталады. Демек, қосымша құн нормасы мен жұмыс күшінің құны белгілі болған күнде, өндірілетін қосымша құнның аумақтары авансыланған өзгермелі капиталдардың мөлшерлеріне тура пропорциялы келеді. Бірақ капиталистің өз капиталын екіге бөлетінін біз білеміз. Бір бөлегін ол өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсайды. Бұл — оның капиталының тұрақты бөлегі. Екінші бөлегін ол тірі жұмыс күшіне айналдырады. Бұл бөлегі оның өзгермелі капиталы болады. Сол бір өндіріс әдісі негізінде түрліше өндіріс тарауларында капиталдың тұрақты және өзгермелі құрамдас бөлшектерге бөлінуі түрліше болады. Сол бір өндіріс тарауының өзінде бұл қатынас өндіріс процесінің техникалық негізі мен қоғамдық комбинациясының өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Бірақ осы капитал тұрақты және өзгермелі құрамдас бөлшектерге қалай жіктелгенімен, соңғы бөлегінің алғашқысына қатынасы $1:2$, немесе $1:10$, не болмаса $1:x$ болғанымен, мұның өзі жаңа ғана анықталған заңды ешбір

бұлжыта алмайды, өйткені бұрынғы анализ бойынша тұрақты капиталдың құны өнімнің құнынан қайтадан көрінгенімен, жаңадан жасалған құнға кірмейді. 1000 иірушіні қолдану үшін 100 иірушіні қолданған кездегіден шикі материал, ұршық, т. т., әрине, көбірек керек болады. Бірақ бұл қосымша өндіріс құрал-жабдықтарының құны мейлі артсын, мейлі төмендесін немесе өзгеріссіз қалсын, мұның өзі мейлі зор немесе шағын болсын,— қалай болған күнде де ол осы өндіріс құрал-жабдықтарын іске қосатын жұмыс күштері жүзеге асыратын құнды көбейту процесіне ешқандай әсерін тигізбейді. Демек, жоғарыда аталып өткен заң мынадай формаға енеді: түрлі капиталдар өндіретін құн мен қосымша құн аумақтары, құн белгілі және жұмыс күшін қанау дәрежесі бірдей болып отырғанда, осы капиталдардың өзгермелі құрамдас бөлшектерінің мөлшеріне, яғни олардың тірі жұмыс күшіне айналған құрамдас бөлшектерінің мөлшеріне тура пропорциялы болады.

Бұл заң құбылыстардың сыртқы көрінісіне негізделген бүкіл тәжірибеге көрнеу қайшы келеді. Әркім-ақ біледі, барлық қолданылып отырған капиталға проценттік қатынасы жағынан алғанда тұрақты капиталды біршама көбірек және өзгермелі капиталды азырақ қолданатын мақта мата жіп иіру фабрикасының иесі бұған пайданы, яки қосымша құнды, іске өзгермелі капиталды біршама көбірек, ал тұрақты капиталды азырақ қосатын наубайхана қожайынынан кем алмайды.

Жадағай алгебрада $\frac{0}{0}$ шын мөлшер бола алатынын түсіну үшін көптеген аралық буындардың керек болатынын сияқты, осы бұлдыр қайшылықты шешу үшін әлі де көптеген аралық буындар керек. Классикалық саяси экономия бұл заңды ешқашан да тұжырымдап көрген емес, өйткенмен ол инстинктілі түрде осы заңды қолданады, өйткені мұның өзі тегінде құн заңының қажетті нәтижесі болып табылады. Классикалық саяси экономия бұл заңды зорлықты абстракция арқылы құбылыс қайшылықтарынан қорғап қалуға тырысады. Рикардоның мектебі осы сүйір тасқа келіп сүрінгенін біз кейінірек²⁰³⁾ көреміз. «Шынында да ешнәрсені үйрене алмаған»¹¹³ тұрпайы саяси экономия бұл жерде де ежелгісінше құбылыс заңына қарама-қарсы құбылыстың сыртқы көрінісіне жармасуда. Ол, Спинозаға қарама-қарсы, «надаңдық дегеніміз жеткілікті дәлел»¹¹⁴ деп ойлайды.

Қоғамның жиынтық капиталы күннен-күнге іске қосып отыратын еңбекті бірден-бір жалғыз жұмыс күні деп алып қарауға болады. Егер, мәселен, жұмысшылардың саны — бір

²⁰³⁾ Бұл туралы «Төртінші кітапта» толығырақ айтылады.

миллион, ал жұмысшының орташа жұмыс күні 10 сағат болса, онда қоғамдық жұмыс күні 10 миллион сағаттан құралады. Бұл жұмыс күнінің ұзақтығы осылай болғанда — мұның шектерін табиғи жағдайлар анықтай ма, әлде әлеуметтік жағдайлар анықтай ма, бәрібір — жұмысшылар санын, яғни жұмысшы халықты көбейту арқылы ғана қосымша құн аумағын арттыруға болады. Халықтың көбеюі мұнда жиынтық қоғамдық капитал өндіретін қосымша құнның математикалық шегі болады. Мұның керісінше. Халықтың саны белгілі болған күнде бұл шек жұмыс күнін мүмкіндігінше ұзарту арқылы анықталады²⁰⁴). Бұл заңның біз осы күнге дейін қарастырып келген қосымша құн формасы үшін ғана маңызы бар екенін келесі тарауда көреміз.

Қосымша құнның өндірілуін бұдан бұрын қараған кезімізде былай болып шықты: ақшаның немесе құнның кез келген сомасы капиталға айнала бермейді, қайта, мұндай айнарудың алғышарты — жеке ақша иесінің немесе товар иесінің қолында ақшаның немесе айырбас құндарының белгілі минимумы болуға тиіс. Өзгермелі капиталдың минимумы — қосымша құн өндіру үшін жыл бойы күннен-күнге пайдаланылатын бір жұмыс күшіне жұмсалатын шығындардың бағасы. Егер жұмысшының өзінің меншікті өндіріс құрал-жабдықтары болса және егер ол жұмысшының тіршілігіне қанағат ететін болса, онда оның тіршілік заттарын ұдайы өндіру үшін қажетті жұмыс уақыты, айталық күніне 8 сағат, оған жеткілікті болар еді. Демек, өндіріс құрал-жабдықтары да оған тек 8 сағатқа ғана керек болар еді. Мұның керісінше, жұмысшыға осы 8 сағаттың үстіне тағы да, айталық, 4 сағат қосымша еңбек істеткізетін капиталист қосымша өндіріс құрал-жабдықтарын алу үшін қосымша ақша сомасына мұқтаж болады. Біздің ұйғаруымызша өзі күн сайын иемденіп отырған қосымша құнға жұмысшы сияқты күн көру үшін, яғни өзінің қажетті мұқтаждарын өтеуге мүмкіндік алу үшін оның екі жұмысшы ұстауына тура келер еді. Бұлай еткен күнде оның өндірісінің мақсаты байлықты көбейту емес, тек тіршілік сақтау болар еді; ал шындығында капиталистік өндірістің көздейтіні сол байлық. Кәдімгі жұмысшыдан екі есе жақсы тұру үшін және өндірілетін қосымша құнның жартысын қайтадан капиталға айналдыру үшін ғана оның жұмысшылар санымен бірге авансаланатын капитал минимумын да сегіз есе көбейтуіне тура келер еді. Әрине, өзінің жұмысшысы сияқты, ол да өндіріс процесіне

²⁰⁴) «Қоғамның еңбегі, яғни шаруашылықта пайдаланылатын уақыт, белгілі шама, айталық бір миллион халықтың әрқайсысына күніне 10 сағаттан келеді, яки он миллион сағат... Капиталдың өсуінде өз шегі бар. Бұл шекке әрбір белгілі дәуірде өнімді түрде жұмсауға арналған қолда бар бүкіл уақытты пайдалану арқылы жетуге болады» («An Essay on the Political Economy of Nations» London, 1821, p. 47, 49).

тікелей өз білек күшін жұмсай алады, бірақ онда ол капиталист пен жұмысшының арасындағы біреу, «ұсақ қожайынсымақ» болады. Капиталистік өндірістің белгілі дәрежесі мынаны талап етеді: капиталист капиталист ретінде, яғни адам бейнесіндегі капитал ретінде қызмет ететін бүкіл уақытты ол бөтеннің еңбегін иемденуге, сондықтан да оны бақылап отыруға және сол еңбектің өнімдерін сатуға пайдалана алатын болуға тиіс²⁰⁵⁾. Орта ғасырлық цехтар жеке мастердің ұстауына болатын жұмысшылардың санын өте мардымсыз максимуммен тежеп, қолөнерші мастердің капиталиске айналуына зорлықпен бөгет жасап отырды. Өндіріске авансыланатын минимум сома орта ғасырдағы максимумнан әлдеқайда асып түсетін болса, ақша иесі немесе товар иесі тек сонда ғана капиталиске шын айнала алады. Мұнда, жаратылыс танудағы сияқты, кілең сан өзгерістері белгілі дәрежеде сапа айырмашылықтарына ауысады деген заңның, өзінің «Логикасында» Гегель ашқан заңның дұрыстығы расталып отыр^{205а)}.

Капиталиске айналу үшін жеке ақша иесінің немесе товар иесінің қолында болуға тиісті құнның минимум сомасы капиталистік өндірістің түрліше даму сатыларында өзгеріп отырады, ал белгілі бір даму сатысында түрлі өндіріс салаларында олардың айрықша техникалық жағдайларына қарай түрліше болады. Кейбір өндіріс тараулары капиталистік өндірістің бастапқы кезінде-ақ белгілі капитал минимумын керек етеді, бірақ бұл кезде жеке адамдардың қолында ондай капитал болмайды. Осының салдарынан, бір жағынан, жеке адамдарға мемлекеттік субсидиялар беріліп отырады, мәселен

²⁰⁵⁾ «Фермер өз еңбегіне сүйене алмайды, ал егер ол осылай етсе, онда мен кесіп айтамын, ол бұдан ұтылып қалады. Оның істейтіні бәрін жалпы бақылау болуға тиіс: егін бастырушыны бақылап отыру керек, әйтпесе бұған төленген жалақы желге кеткен болып шығады, өйткені егін бастырылмай қалады; оған өз шалғышыларын, орақшыларын, т. т. бақылап отыру керек болады; ол шарбақтың жай-жапсарын үнемі тексеріп отыруға тиіс; ол ешқандай шалағайлықтың болмау жағын қарастыруға тиіс, ал егер ол бір жерге таңылып қалса, мұндай нәрсе болмай қалмайды» (*J. Arbuthnot*] «An Inquiry into the Connection between the present Price of Provisions, and the Size of Farms etc.» By a Farmer. London, 1773, p. 12). Бұл еңбек өте қызғылықты. Осы еңбек бойынша, бұл жерде тіке аталып отырғаныдай, «капиталист фермердің» немесе «күпең фермердің» генезисін зерттеуге және шынында тіршілік заттары үшін күресіп отырған «ұсақ фермердің» алдында оның өзін-өзі қалай дәріптейтіндігін тыңдауға болады. «Капиталистер табы дене еңбегі қажеттігінен алғашында шінара, ал ақыр аяғында мүлде босайды» («Textbook of Lectures on the Political Economy of Nations». By the Rev. *Richard Jones*. Hertford, 1852, Lecture III, p. 39).

^{205а)} Осы заманғы химияда қабылданған молекула теориясы, тұңғыш рет Лоран мен Жерар ғылыми жолмен дамытқан теория, нақ осы заңға негізделеді. *{3-ші басылуына қосымша}*. Химик еместер үшін мүлде қараңғы осы ескертуді түсіндіру үшін көрсете кетейік, автор бұл жерде көмір тегінің қоспалары туралы айтып отыр; бұларды Жерар 1843 жылы тұңғыш рет «гомологиялық қатарлар» деп атаған, ал бұлардың әрқайсысында өзіне тән алгебралық формула бар. Мәселен, парафин қатарлары: $C_n H_{2n+2}$; қалыпты алкогольдер қатары: $C_n H_{2n+2} O$; қалыпты майлы қышқылдар қатары: $C_n H_{2n} O_2$ және басқа көптеген қатарлар. Келтірілген мысалдарда молекула формуласына жәй CH_2 санын қосқанда әрдайым сапа жағынан әртүрлі дене пайда болады. Осы маңызды фактіні анықтауға Лоран мен Жерардың қатысуын Маркстың асыра көрсеткені жөнінде салыстырыңыз: *Kopp*. «Entwicklung der Chemie». München, 1873, S. 709. 716 және *Schorlemmer*. «Rise and Development of Organic Chemistry». London, 1879, p. 54 ф. Э.

Францияда Қольбер заманында және кейбір неміс мемлекеттерінде біздің заманымызға дейін осылай болып келді; екінші жағынан, өнеркәсіп пен сауданың белгілі тарауларын жүргізуге заң жүзінде монополия алған қоғамдар құрылады²⁰⁶⁾,— бұлар осы заманғы акционерлік қоғамдардың бастамалары.

Біз өндіріс процесінің өн бойында капиталист пен жалдама жұмысшының арасындағы қатынаста болған өзгерістердің егжей-тегжейіне тоқталып жатпаймыз, демек, капиталдың өзіне берілген анықтамалардың онан әрі қалай өрістегеніне де тоқталып жатпаймыз. Тек аздаған басты пункттерді ғана атап өтпекшіміз.

Өндіріс процесінде капитал еңбектің, яғни әрекет етуші жұмыс күшінің, яки жұмысшының өз басының әміршісіне айналды. Адам бейнесіндегі капитал, капиталист, жұмысшының өзіне жүктелген істі ойдағыдай және тиісінше жедел орындауын бақылап отырады.

Сонсын, капитал зорлықшыл қатынас дәрежесіне жете дамып, жұмысшы табына оның өз басының шағын тіршілік қажеттері керек ететін шамадан гөрі көбірек еңбек еткізетін болды. Өзгенің еңбекшілдік жігерін туғызушы ретінде, қосымша еңбекті сорушы және жұмыс күшін қанаушы ретінде капитал өзінің күш-қуаты, тойымсыздығы мен нәтижелілігі жағынан тікелей зорлықты еңбекке негізделетін бұрынғы өндіріс системаларының бәрінен әлдеқайда асып түседі.

Капитал еңбекті өзіне бағындырғанда алдымен оны өзі тарих жүзінде кездестіретін техникалық жағдайлар тұсында бағындырады. Демек, ол өндіріс әдісін бірден өзгерте қоймайды. Сондықтан қосымша құн өндіру ісі біз осы күнге дейін қарастырып келген формада, яғни жұмыс күнін жәй ұзарту арқылы алып қарағанда, өндіріс әдісінің өзіндегі қандай өзгерістен болса да тәуелсіз нәрсе болып көрінді. Мұның күші ескілікті наубайханада осы заманғы мақта жіп иіру фабрикасындағыдан кем болған жоқ.

Егер біз өндіріс процесін еңбек процесі тұрғысынан алып қарайтын болсақ, онда жұмысшы өндіріс құрал-жабдықтарына капитал ретінде қарамайды, бұларды тек өзінің мақсатқа сай өндірушілік әрекетінің құралы мен материалы деп біледі. Мәселен, былғары заводында ол былғарыға тек өз еңбегінің заты деп қарайды. Ол былғарыны капиталист үшін өңдемейді. Егер біз өндіріс процесін құнды көбейту процесі тұрғысынан алып қарайтын болсақ, онда іс бұдан басқаша болып шығады.

²⁰⁶⁾ Бұл тектес мекемелерді Мартин Лютер «монополия-қоғам» деп атайды.

Өндіріс құрал-жабдықтары сол заматта бөтеннің еңбегін сору құралдарына айналады. Енді өндіріс құрал-жабдықтарын пайдаланатын жұмысшы емес, қайта өндіріс құрал-жабдықтары жұмысшының өзін пайдаланады. Бұларды өзінің өндіргіштік әрекетінің заттық элементтері ретінде тұтыпатын жұмысшы емес, қайта бұлар оны өздерінің тіршілік процесінің ферменті ретінде тұтынады; ал капиталдың тіршілік процесі оның өздігінен өсетін құн ретіндегі қозғалысында ғана түнде тыныстап, тірі еңбекті сормайтын қорыту пештері мен өндірістік үйлер капиталист үшін «таза шығын» («mere loss») болып табылады. Сондықтан қорыту пештері мен өндірістік үйлер жұмыс күштерінің «түнгі еңбегін талап» еткізеді. Ақшаның өндіріс процесінің заттық факторларына, өндіріс құрал-жабдықтарына, жәй ғана айналуы соңғыларды бөтеннің еңбегі мен қосымша еңбекті немендетін юридикалық титулға және күштеуші титулға айналдырады. Қорытындыда мына бір мысал капиталистік өндіріске тән және оны сипаттайтын осы аударыспақтың өзі, тіпті өлі еңбек пен тірі еңбектің арасындағы, құн мен құнды жасайтын күштің арасындағы қарым-қатынастың өңін айналдырудың өзі капиталистердің бастарына қалай әсер ететінін бізге көрсетіп береді. Ағылшын фабрикаштарының 1848—1850 жылдардағы бүлігі кезінде «Пейлидегі кенеп және мақта жіп иіру фабрикасының, батыс Шотландиядағы ең ескі және ең құрметті фирмалардың бірінің, Карлайл, ұлдары мен сыбайластары компаниясының, 1752 жылдан бері өмір сүріп келе жатқан және ұрпақтан-ұрпаққа белгілі бір семья басқарып келе жатқан компанияның басшысы»,— осы аса интеллигент джентельмен 1849 жылғы 25 апрельдегі «Glasgow Daily Mail» — «Relaissystem» деген тақырыппен хат жазған²⁰⁷⁾, мұнда, басқасын айтпағанда, кісінің күлкісін келтіретілік мынадай оғаш сөздер кездеседі:

«Жұмыс уақытын 12 сағаттан 10 сағатқа дейін қысқартудан туатын кесанаттарды қарап көрейікші... Бұлар «түштеп келгенде» фабриканттың болашағы мен меншігіне мейлінше қатты зиян келтіреді. Егер ол» (яғни оның «қолдары») «12 сағат жұмыс істеп келген болса, ол бұдан былайғы жерде тек 10 сағат істейтін болса, онда оның кәсіпорнындағы 12 машина немесе ұршық 10-ға дейін қысқарады («then every 12 machines or spindles, in his establishment shrink to 10»), ал егерде ол өз фабрикасын сатпақ болса, бұлар тек 10 мөлшерінде ғана бағалана еді, сөйтіп бүкіл елдегі әрбір фабрика өз құнының алтыдан бір бөлегін жоғалтқан болар еді»²⁰⁸⁾.

²⁰⁷⁾ «Reports of Insp. of Fact for 30 th April 1849» p. 59.

²⁰⁸⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 30 th April 1849», p. 60. Фабрика инспекторы Стюарт, өзі шотланд, ағылшын фабрика инспекторларына карама-қарсы, бүтіндей капиталистік ой толғауының шырғауында қалып қойған адам, тура былай дейді: оның есебіне енгізілген бұл хат «Relaissystem қолданушы фабриканттардың біреу-міреуінің тарапынан бұрын-соңды жасалған мәлімдемелердің ең пайдалысы, мұның өзі әсіресе осы система жөніндегі соқыр сенімдер мен оған деген қарсылықтарды жоюға бағытталған».

Батыс Шотландиядан шыққан мұрашыл-капиталистің басында өндіріс құрал-жабдықтары — ұршықтар, т. т.— құнының олардың өздігінен өсу, яки өзгенің белгілі мөлшердегі тегін еңбегін күн сайын жалмап отыру сияқты капиталистік сипатымен біте қайнасып кеткені соншалық, Карлайл мен оның сыбайластары фирмасының басшысы фабриканы сатқанда оған ұршықтардың құнын ғана емес, оның үстіне, олардың құнының өсімін де төлейді, ұршықтарға сіңген және нақ сол тәріздес ұршықтарды өндіруге қажетті еңбекті ғана емес, солардың көмегімен Пейслидегі батыстың шотланд сабаздарынан күн сайын сорып алынатын қосымша еңбекті де төлейді деп ойлайды; нақ сол себептен де, дейді ол, жұмыс күнін екі сағат қысқартқан күнде әрбір 12 иіру машинасының сатылар бағасы 10 машина бағасының мөлшеріне дейін кемиді!

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

ОТНОСИТЕЛЬДІ ҚОСЫМША
ҚҰННЫҢ ӨНДІРІЛУІ

О Н Ы Н Ш Ы Т А Р А У

ОТНОСИТЕЛЬДІ ҚОСЫМША ҚҰН ҰҒЫМЫ

Жұмыс күшінің капитал ақы төлеген құнының эквивалентін ғана өндіретін жұмыс күнінің бөлегін біз бұл уақытқа дейін тұрақты шама деп танып келдік және ол қоғамның экономикалық дамуының кәзіргі сатысында өндірістің осы кәзіргі жағдайларының тұсында шынында да тұрақты шама болып табылады. Осы қажетті жұмыс уақытының үстіне жұмысшы 2, 3, 4, 6 және т. с. сағат жұмыс істеуі мүмкін. Қосымша құнның нормасы мен жұмыс күнінің мөлшері жұмыс уақытының осы ұзартылу мөлшеріне байланысты. Сонымен, егер қажетті жұмыс уақыты тұрақты нәрсе болатын болса, онда бүкіл жұмыс күнінің өзі, мұның керісінше, өзгермелі шама болып табылады. Енді бізге жұмыс күнінің әрі жалпы ұзақтығы, әрі оның қажетті және қосымша еңбекке бөлінуі белгілі делік. Мәселен, ac , a ————— b — c , сызығы он екі сағаттық жұмыс күні болсын, ab кесіндісі — он сағаттық қажетті еңбек, bc кесіндісі екі сағаттық қосымша еңбек болсын. Мынадай сұрақ туады: қосымша құн өндіру қандай жолмен көбейтілуі мүмкін, басқа сөзбен айтқанда — ac онан әрі ешбір ұзартылмайынша немесе ac -тің қандай да болсын онан әрі ұзартылуына қарамастан қосымша еңбектің қандай жолмен ұзартылуы мүмкін?

Жұмыс күні шегінің, ac -тің, белгілі болуына қарамастан, bc -тің, сірә, ұзартылуы мүмкін, ұзартылғанда, егер жұмыс күні ac -тің ақырғы пункті де болып табылатын ең шеткі пункт c -тен әрі ұзарту арқылы болмаса, онда бастапқы пункт b -ні кері бағытта, a жағына қарай жылжыту арқылы ұзартылуы мүмкін. Енді a ————— b' — b — c сызығындағы b — b кесіндісі bc -тің жартысына тең, яғни бір жұмыс сағатына тең болсын.

Егерде енді біз он екі сағаттық ac жұмыс күнінде b пункті b' пунктіне дейін жылжытылады деп ұйғаратын болсақ, онда bc $b'c$ -тің мөлшеріне дейін ұлғаяды, сөйтіп, жұмыс күні бұрынғыша он екі сағаттық болып қалғанмен де, қосымша еңбек теңжара көбейеді, 2 сағаттан 3 сағатқа дейін көбейеді. Бірақ қосымша еңбектің бұлай bc -тен $b'c$ -ке дейін, 2 сағаттан 3 сағатқа дейін, ұлғаюы, анығында, сонымен бірге қажетті еңбекті ab -ден ab' -ге дейін, 10 сағаттан 9 сағатқа дейін, қысқартпайынша мүмкін емес. Қосымша еңбектің ұзаруына бұл ретте қажетті еңбектің қысқаруы сәйкес келер еді, яғни осы кезге дейін жұмысшы іс жүзінде өзіне жұмсап келген жұмыс уақытының бір бөлегі капиталистің пайдасына жұмсалатын жұмыс уақытына аймалуға тиіс. Бұлай болғанда жұмыс күнінің ұзақтығы өзгермес еді, қайта жұмыс күні қажетті еңбек пен қосымша еңбекке бөлінетін пропорция өзгерер еді.

Екінші жағынан, егер жұмыс күнінің ұзақтығы мен жұмыс күшінің құны белгілі болса, онда қосымша еңбек мөлшерінің өзінің де белгілі болатыны анық. Жұмыс күшінің құны, яғни сол жұмыс күшін өндіруге қажетті жұмыс уақыты, жұмыс күшін ұдайы өндіруге қажетті жұмыс уақытын анықтайды. Егерде бір сағаттық еңбек жарты шиллингке, яки 6 пенниге, тең алтын мөлшерімен көрсетілетін болса, егер жұмыс күшінің күндік құны 5 шиллинг болатын болса, онда жұмысшы өзінің жұмыс күшінің өзіне капитал төлеген күндік құнының орнын өтеу үшін, яки өзіне күнделікті қажет тіршілік заттары құнының эквивалентін өндіру үшін күн сайын он сағат жұмыс істеуге тиіс. Осы тіршілік заттарының құны оның жұмыс күшінің құнын анықтайды ¹⁾, оның жұмыс күшінің құны оның қажетті жұмыс уақытының мөлшерін анықтайды. Бірақ қосымша еңбектің мөлшері бүкіл жұмыс күнінен қажетті жұмыс уақытын шығарып тастау арқылы алынады. Он екі сағаттан он сағатты шығарып тастағанда екі сағат қалады, ал кәзіргі жағдайларда қосымша еңбекті осы екі сағаттан әрі қалай көбейтуге болатындығы түсініксіз. Әрине, капиталист жұмысшыға

¹⁾ Күндік орташа жалақының құны «өмір сүріп, еңбек етіп, тұқым жаю үшін» жұмысшыға не керек болатындығына қарай анықталады (*William Petty*, «Political Anatomy of Ireland, 1672», p. 64). «Еңбек бағасы әрдайым да қажетті тіршілік заттарының бағасынан құралады». «Егерде... жұмысшының алатын табысы, өзінің жұмысшы ретіндегі төмен атағы мен дәрежесіне қарай, оған екінші бірінде көптеген жұмысшылардың сыбағасы болып отырған семьяны асырап сақтауына мүмкіндік бермейтін болса», онда жұмысшының тиісінше дұрыс жалақы алмағаны (*J. Vanderlint*, цитат алыннып отырған шығармасы, 15-бет). «Қара күші мен білетін өнерінен басқа түгі жоқ жәй жұмысшы өзінің еңбегін басқа адамдарға сатудан қанша алса, оның сонша ғана қаржысы болады... Еңбектің барлық саласында мынадай факт орын алуға тиіс және ол шығында да орын алып отыр: жұмысшының жалақысы оған өзінің тіршілігін сақтауына сөзсіз қажетті болатын нәрсемен шектеледі» (*Turgot*, «Réflexions sur la Formation et la Distribution des Richesses». «Oeuvres» ed Daire, t. I. 10). «Тіршілік заттарының бағасы дегеніміз шындығында еңбек өндірісінің құны» (*Malthus*: «Inquiry into the Nature and Progress of Rent and the Principles by which it is regulated», London, 1815, p. 48, ескепті).

5 шиллинг төлеудің орнына тек 4 шиллинг 6 пенни ғана немесе тіпті онан да аз төлей алады. Осы 4 шиллинг 6 пеннилік құнды ұдайы өндіру үшін 9 жұмыс сағаты да жеткілікті болар еді, сөйтіп қосымша еңбектің үлесіне енді 12 сағаттық жұмыс күнінің ішінен екі сағаттың орнына үш сағат келер еді, ал қосымша құнның өзі 1 шиллингтен 1 шиллинг 6 пенниге өсер еді. Бірақ мұндай нәтижеге жеткенде жұмысшының жалақысын оның жұмыс күшінің құнынан төмендету арқылы ғана жетуге болар еді. Өзі 9 сағат бойында өндірген небәрі 4 шиллинг 6 пенни ақшасы болған соң жұмысшының тіршілік заттары бұрынғыдан $\frac{1}{10}$ есе мөлшерде аз болады, ал, олай болса, оның жұмыс күші толық емес мөлшерде ғана ұдайы өндіріле алады. Қазіргі жағдайда қосымша еңбек ұзартылғанда оның қалыпты шегін бұзу арқылы ғана ұзартылуы мүмкін, оның саласы ұлғайтылғанда қажетті жұмыс уақытының бір бөлегін заңсыз иемдену арқылы ғана ұлғайтылуы мүмкін. Қосымша еңбекті арттырудың бұл әдісі жалақының шын өзгеріп отыруында өте маңызды роль атқарғанымен де, бұл арада ол әдіс қолданылмауы керек, өйткені біздің ұйғарындымыз бойынша товарлардың бәрі де,— ал олай болса, жұмыс күші де,— өздерінің толық құны бойынша сатылады және сатылып алынады. Осылай деп ұйғарылғаннан соң, жұмыс күшін өндіруге немесе оның құнын ұдайы өндіруге қажетті жұмыс уақытының кемуінің себебі жұмысшы жалақысының оның жұмыс күшінің құнынан төмен төмендеуі болмай, осы құнның өзінің төмендеуі ғана болу керек. Жұмыс күнінің осындай ұзақтығында қосымша еңбек қажетті жұмыс уақытының қысқаруы салдарынан өсуге тиіс, бірақ мұның керісінше болмайды,— қажетті жұмыс уақыты қосымша еңбектің өсуі салдарынан қысқармайды. Біздің мысалымызда қажетті жұмыс уақыты $\frac{1}{10}$ есе кему үшін, яғни 10 сағаттан 9 сағатқа дейін кему үшін, демек, қосымша еңбек 2 сағаттан 3 сағатқа дейін өсу үшін, жұмыс күшінің құны шындығында $\frac{1}{10}$ есе төмендеуі керек.

Алайда жұмыс күші құнының бұлайша оннан бір есе төмендеуі, өз тарапынан, тіршілік заттарының бұрын 10 сағаттың ішінде өндірілген мөлшерінің өзі енді 9 сағаттың ішінде өндірілуін керек етеді. Бірақ еңбектің өндіргіш күшін арттырмайынша бұлай болуы мүмкін емес. Мәселен, қазіргі өндіріс құрал-жабдықтарымен істегенде етікші 12 сағаттық жұмыс күні ішінде бір пар етік тігіп шығара алады делік. Ол осы мерзім ішінде екі пар етік тігіп шығаруы үшін оның еңбегінің өндіргіш күші екі есе артуға тиіс, ал оның еңбек жабдықтары немесе еңбек әдістерін өзгертпейінше немесе бұлардың екеуін де бірдей өзгертпейінше, оның еңбегінің өндіргіш күші

екі есе арта алмайды. Олай болса, оның еңбегінің өндіріс жағдайларында; яғни оның өндіріс әдісінде, демек еңбек процесінің өзінде де революция болуға тиіс. Біз бұл жерде еңбек процесінде белгілібір товарды өндіруге керекті қоғамдық қажетті жұмыс уақытын қысқартатын жалпы қандай да болсын өзгерісті еңбектің өндіргіш күшін арттыру деп түсінеміз; сонымен, аз еңбек көп тұтыну құнын өндіре алатын болады ²⁾. Сөйтіп, егер қосымша құн өндіруді оның осы күнге дейін өзіміз қарастырып келген формасында зерттеген кезімізде өндіріс әдісін біз бір белгілі нәрсе деп ұйғарған болсақ, ал енді қажетті еңбекті қосымша еңбекке айналдыру арқылы қосымша құн өндіруді түсіну үшін, капитал еңбек процесін игергенде оның тарихи мұраға көшкен, кәзіргі формасында игеріп, тек оның ұзақтығын арттыра түседі деп ұйғару мүлде жеткіліксіз болады. Еңбектің өндіргіш күшінің артуы үшін, еңбектің өндіргіш күшінің артуы нәтижесінде жұмыс күші құнының төмендеуі үшін, сөйтіп жұмыс күнінің осы құнды ұдайы өндіруге қажетті бөлегінің қысқаруы үшін еңбек процесінің техникалық, қоғамдық жағдайларында, олай болса, өндіріс әдісінің өзінде төңкеріс жасалуы қажет.

Жұмыс күнін ұзарту арқылы өндірілетін қосымша құнды мен абсолютті қосымша құн деп атаймын. Мұның керісінше, қажетті жұмыс уақытының қысқаруы нәтижесінде және осыған сәйкес жұмыс күнінің құрамды екі бөлегінің де ара салмағының өзгеруі нәтижесінде пайда болатын қосымша құнды мен отноcительдi қосымша құн деп атаймын.

Жұмыс күші құнының төмендеуі үшін, еңбек өнімділігінің артуы өнімдері жұмыс күшінің құнын белгілейтін, яғни немесе кәзірдің өзінде-ақ кәдімгі тіршілік заттарының қатарына жататын, яки сол тіршілік заттарының орнына жүретін өнеркәсіп тарауларын қамтуға тиіс. Бірақ товардың құны товарға ақтық форма беретін еңбектің мөлшерімен ғана белгіленіп қоймайды, сонымен қатар осы товарды өндіретін құрал-жабдықтардағы еңбектің мөлшерімен де белгіленеді. Мәселен, етіктің құны етікшінің еңбегімен белгіленіп қана қоймайды, сонымен қатар былғарының, қара майдың, тарамыстың, т. т. құнымен де белгіленеді. Олай болса, еңбектің өндіргіш күшінің артуы нәтижесінде де және қажетті тіршілік заттарын жасап шығару үшін тұрақты капиталдың заттық элементтерін, яғни еңбек жабдықтары мен еңбек материалын, жетістіріп бе-

²⁾ «Қол өнері жетілгенде, мәселе жаңа әдістердің табылуында болады, осы әдістердің арқасында белгілібір жұмысты аз адам орындап шығады немесе оны (бұл да бәрібір сондай) бұрынғыдан гөрі неғұрлым аз уақыт ішінде орындап шығады» (*Galiani*, пұтат алынған шығарманың 158, 159-беттері). «Өндіріс шығындарынан үнемдеу дегеніміз өндіріске қолданылатын еңбек мөлшерінен үнемдегендік қана болады, басқа ештеңе де емес» (*Sismondi*. «Etudes etc», t. I, p. 22).

ретін өнеркәсіп тарауларында товарлардың тиісінше арзандатылуының нәтижесінде де жұмыс күшінің құны төмендейді. Мұның керісінше, қажетті тіршілік заттарын да, оларды жасап шығаруға керекті өндіріс құрал-жабдықтарын да жетістіріп бермейтін өндіріс тарауларында еңбектің өндіргіш күшінің артуы жұмыс күшінің құнын өзгеріссіз қалдырады.

Товардың арзандауы жұмыс күшінің құнын төмендеткенде, әрине, *pro tanto* ғана төмендетеді, яғни жұмыс күшін ұдайы өндіруге бұл товардың қаншалықты қатысатындығына қарай ғана төмендетеді. Мәселен, көйлек қажетті тіршілік заты, бірақ көп тіршілік заттарының бірі ғана. Бұл товардың арзандауы жұмысшының көйлекке шығатын шығынын ғана азайтады. Бірақ қажетті тіршілік заттарының жалпы жиыны өнеркәсіптің ерекше тарауларының өнімдері болып табылатын түрлі товарлардан құралады, сондықтан әрбір осындай товардың құны әрқашан да жұмыс күші құнының тиісті бөлегін құрайды. Жұмыс күшінің құны өзін ұдайы өндіруге қажетті жұмыс уақытымен бірге кеміп отырады, жұмыс уақытының жалпы қысқаруы жоғарыда айтылған ерекше өндіріс тарауларының бәріндегі жұмыс уақыты қысқаруларының жиынына тең болады. Біз бұл жерде осы жалпы нәтижені алып қарағанда, мұның өзі әрбір жеке реттегі тікелей нәтиже мен тікелей мақсат болған сияқты алып қарап отырмыз. Жеке капиталист еңбектің өндіргіш күшін арттыру арқылы өзінің товарын, мәселен, көйлектерін, арзандатып отырғанда, ол, бәлкім, жұмыс күшінің құнын, олай болса, қажетті жұмыс уақытын да, *pro tanto* төмендету мақсатын әсте көздеп отырмаған да болар; алайда ол капиталист, сайып келгенде, осы нәтижеге себепкер болып отырғандықтан ғана, ол қосымша құнның жалпы нормасының артуына себепкер болады³⁾. Капиталдың жалпы және қажетті тенденцияларын олардың біліну формаларынан айыра білу керек болады.

Бұл жерде капиталистік өндірістің имманенттік заңдары капиталдардың сыртқы қозғалысында нақ қандай жолмен көрінетінін, бәсекенің күштеуші заңдары ретінде қалай әсер етіп, жеке капиталист қызметінің қозғаушы себептері есебінде оның санасына қалай жететінін қарастырып жатудың реті жоқ. Қалай болғанда да бір айқын нәрсе сол: аспандағы денелердің алдамшы қозғалысы олардың шын, бірақ сезіммен қабылданбайтын қозғалысын білетін адамға ғана түсінікті болатыны сияқты, дәл осы сияқты,— бәсеке жөніндегі ғылыми

³⁾ «Фабрикант машиналарын жетілдіру арқылы өзі алатын өнімнің мөлшерін екі есе арттырғанда... ол (сайып келгенде) осының арқасында жұмысшыны арзанға киіндіруге мүмкіндік алатын болғандықтан ғана ұтып шығады... демек, жұмысшының үлесіне енді бүкіл өнімнің аз ғана бөлегі келетіндіктен ғана ұтып шығады» (*Ramsay*, цитат алынып отырған шығарма, 168, 169-беттер).

анализ капиталдың ішкі жаратылысы танылғаннан кейін ғана мүмкін бола бастайды. Бірақ относительді қосымша құнның өндірілуін түсіну үшін, түсінгенде біздің анализіміздің кәзірдің өзінде-ақ қол жеткен нәтижелерінің негізінде түсіну үшін, мына жайды атап өту қажет болады.

Егер бір жұмыс сағаты 6 пенниге, яки $\frac{1}{2}$ шиллингке, тең алтын мөлшерімен белгіленсе, онда 12 сағаттық жұмыс күні ішінде 6 шиллингтік құн өндірілетін болады. Еңбектің өндіргіш күшінің осы дәрежесінде әлгі 12 жұмыс сағатының ішінде 12 дана товар жасалып шығады делік. Товардың бас-басына жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтарының, шикі материалдың, т. т. құны 6 пенни болсын. Осындай жағдайларда әрбір жеке товар бір шиллинг тұрады; атап айтқанда: 6 пенни — өндіріс құрал-жабдықтарының құны да, 6 пенни — өңдеу кезінде оларға жаңадан қосылған құн. Енді әйтеуір бір капиталист еңбектің өндіргіш күшін екі есе арттыра алды делік, сөйтіп 12 сағаттық жұмыс күнінде ол енді 12 дана емес, қайта 24 дана осы сияқты товар өндіреді делік. Егер өндіріс құрал-жабдықтарының құны өзгермей қалған болса, онда товардың жеке данасының құны енді 9 пенниге дейін төмендейді, атап айтқанда: 6 пенни өндіріс құрал-жабдықтарының құны және 3 пенни — соңғы еңбек арқылы жаңадан қосылған құн. Еңбектің өндіргіш күшінің екі есе өсуіне қарамастан, жұмыс күні бұрынғыдай кәзірде де 6 шиллингтік жаңа құн жасайды, бірақ тек қана бұл құн мөлшері екі есе көп товарға бөлінеді. Сондықтан әрбір жеке өнімге осы жалпы қосымша құнның $\frac{1}{12}$ бөлегі орнына $\frac{1}{24}$ бөлегі ғана келеді, 6 пеннидің орнына 3 пенни келеді, немесе, — бұл да бәрібір, — өндіріс құрал-жабдықтары даяр өнімге айналғанда сол өндіріс құрал-жабдықтарына енді әрбір товар басына бұрынғыдай тұтас бір сағат еңбек емес, жарты сағат қана еңбек қосылады. Енді бұл товардың жеке құны оның қоғамдық құнынан төмен, яғни орташа қоғамдық жағдайлар тұсында өндірілген сол өзі сияқты орасан көп өнімдерден гөрі, бұл товар аз жұмыс уақытына түседі. Бір дана товар орта есеппен 1 шиллинг тұрады, яки мұның өзі қоғамдық еңбектің 2 сағаты болып табылады; жаңа өндіріс әдісінің тұсында әлгі бір дана товар 9 пенни ғана тұрады, яғни онда $1\frac{1}{2}$ сағат қана еңбек бар. Бірақ товардың шын құны оның жеке құны емес, оның қоғамдық құны, яғни бұл құн товар өндіруші үшін осы жеке ретте товардың іс жүзінде істеліп шыққан жұмыс уақытының мөлшерімен өлшенбейді, қайта товар өндіруге керекті қоғамдық қажетті жұмыс уақытымен өлшенеді. Демек, егер жаңа әдіс қолданған капиталист өзінің товарын оның қоғамдық құны бойынша 1 шиллингке сатса, ол капиталистің оны товардың жеке құнынан 3 пенни жоғары

сатқаны, сөйтіп 3 пенни үстеме қосымша құн тапқаны. Екінші жағынан, он екі сағаттық жұмыс күні енді ол үшін бұрынғы 12 дана товардың орнына 24 дана товар болып шығады. Олай болса, бір жұмыс күнінің өнімін сату үшін, енді оның өз то­варын өткізуді немесе оған керекті рынокті екі есе ұлғайтуы қажет болады. Басқа барабар жағдайларда оның товарлары өз бағасын төмендетуі арқылы ғана өзіне көп рынок тауып ала алады. Сондықтан капиталист бұл товарларды олардың жеке құнынан жоғары, бірақ олардың қоғамдық құнынан тө­мен бағамен, мәселен, данасын 10 пенниден сататын болады. Сөйтіп ол товардың әрбір данасынан 1 пенни үстеме қосымша құн алады. Қосымша құнның бұл үстеуін капиталист өзінің то­варының қажетті тіршілік заттарына жату-жатпауына қа­рамастан, то­вары жұмыс күшінің жалпы құнына шешуші нәр­се болып кіру-кірмеуіне қарамастан алып отырады. Олай бол­са, әрбір жеке капиталист, осы соңғы жағдайға қарамастан, еңбектің өндіргіш күшін арттыру арқылы то­варын арзанда­туға мүдделі болады.

Бірақ тіпті осы қарастырылып отырған ретте де қосымша құнның асыра өндірілуі қажетті жұмыс уақытының қысқар­тылып, қосымша еңбектің тиісінше ұзартылуынан туады^{3а)}. Қажетті жұмыс уақыты 10 сағат болсын, яғни жұмыс күшінің күндік құны 5 шиллинг болсын, қосымша еңбек — 2 сағат, ал күнбе-күн өндірілетін қосымша құн — 1 шиллинг болсын. Бі­рақ біздің капиталист енді 24 дана товар өндіреді, бұларды ол данасын 10 пенниден сатады, яғни барлығы 20 шиллингке сатады. Ал өндіріс құрал-жабдықтарының құны 12 шиллинг болғандықтан, $14\frac{2}{5}$ дана товар тек авансыланған тұрақты ка­питалды өтейді. Он екі сағаттық жұмыс күні қалған $9\frac{3}{5}$ да­насында болады. Жұмыс күшінің бағасы 5 шиллингке тең бол­ғандықтан, 6 дана товарда қажетті жұмыс уақыты болады да, $3\frac{3}{5}$ данасында — қосымша еңбек болады. Орташа қоғамдық жағдайларда 5 : 1 болатын қажетті еңбектің қосымша еңбекке қатысы енді тек 5 : 3 болып отыр. Нақ осындай нәтижені тағы­да мына түрде де алуға болады. Он екі сағаттық жұмыс күні өнімінің құны = 20 шиллинг. Мұның 12 шиллингі өнімнің құ­нында тек тағы да пайда болған өндіріс құрал-жабдықтары құнының үлесіне келеді. Демек, жұмыс күнін көрсететін құн­ның ақшалай көрінісі ретінде 8 шиллинг қалады. Құнның бұл

^{3а)} «Адамның алатын пайдасы оның басқа адамдар еңбегінің өніміне үстемдік етуіне байланысты емес, қайта оның осы еңбектің өзіне үстемдік етуіне байланысты. Оның жұмысшыларының жалақысы өзгеріссіз қалып отырғанда, ол адам өзінің өнімдерін неғұрлым жоғары бағамен сата алатын болса, оның пайда түсіретіні анық.. Сонда оның өндірген нәрсесінің аз ғана бөлегі осы еңбекті қозғалысқа келтіруге жеткілікті болады, демек, өндіргенінің көпшілік бөлегі оның өз пайдасына қалады» ([J. Cazenove.] «Outlines of Political Economy», London, 1832, p. 49, 50).

ақшалай көрінісі дәл әлгіндей түрдегі қоғамдық орта еңбектің ақшалай көрінісінен көп, өйткені қоғамдық орта еңбектің 12 сағаты 6 шиллинг қана болады. Өндіргіш күші ерекше жоғары еңбек өселенген еңбек ретінде жүреді, яғни теңдей уақыттың ішінде өзі тәрізді қоғамдық орта еңбектен гөрі құнды көп мөлшерде жасайды. Бірақ біздің капиталист жұмысшы күшінің күндік құны үшін бұрынғысынша 5 шиллинг қана төлейді. Демек, жұмысшыға осы құнды ұдайы өндіру үшін бұрынғы он сағаттың орнына енді тек 7 $\frac{1}{2}$ сағат қана керек. Сондықтан оның қосымша еңбегі 2 $\frac{1}{2}$ сағат өседі, оның өндірілген қосымша құны 1 шиллингтен 3 шиллингке дейін өседі. Сонымен, өндірістің жақсарған әдісін қолданатын капиталист өндірістің нақ сол тарауындағы былайғы капиталистерден гөрі қосымша еңбек ретінде жұмыс күнінің көп бөлегін иемденіп алады. Кейбір ретте бұл капиталист бүкіл капитал относителді қосымша құн өндіретінде бүтіндей, жалпы алғанда не істейтін болса, дәл соны істейді. Бірақ, екінші жағынан, жаңа өндіріс әдісі жаппай етек алысымен-ақ, бұл үстеме қосымша құн жоқ болып кетеді және мұнымен бірге арзан өндірілетін товардың жеке құны мен оның қоғамдық құны арасындағы айырмашылық та жойылады. Құнды жұмыс уақытымен анықтау заңының дәл өзі, жаңа өндіріс әдісін енгізген капиталистке өз товарын оның қоғамдық құнынан төмен сатқызарлықтай әсер ететін заң,— осы заңның өзі бәсекенің еріксіз заңы есебінде біздің капиталистің бәсекелестерін өздерінде жаңа өндіріс әдісін енгізуге мәжбүр етеді ⁴⁾. Сөйтіп, бүкіл осы процесс қосымша құнның жалпы нормасын шарпығанда еңбектің өндіргіш күшінің артуы қажетті тіршілік заттарын өндіретін өндіріс тарауларына жайылған кезде ғана, олай болса, қажетті тіршілік заттарының қатарына жататын, сондықтан да жұмыс күші құнының элементтерін құрайтын товарларды арзандатқан кезде ғана шарпыды.

Товарлардың құны еңбектің өндіргіш күшіне кері пропорциялы. Мұның жұмыс күші құнына да қатысы бар, өйткені ол товар құндарымен белгіленеді. Мұның керісінше, относителді қосымша құн еңбектің өндіргіш күшіне тіке пропорциялы. Относителді қосымша құн еңбектің өндіргіш күшінің артуымен артады, төмендеуімен төмендейді. 12 сағат қоғамдық орташа жұмыс күні, ақша құны өзгермей тұрғанда, әрқа-

⁴⁾ «Егер менің көршім, аз еңбекпен көп өндіріп, арзан сата алса, мен де сол сияқты арзан сатуға тырысуға тиіспін. Осылай болған соң, аз жұмысшымен-ақ істеуге, олай болса, арзан өндіруге мүмкіндік беретін қандай да болсын өнер-табыс, аспап немесе машина басқаларда да, былайша айтқанда, не сол өнертабысты, аспапты немесе машинаны қолдану арқылы, немесе солар сияқты бірдеме ойлап табу арқылы жарысу қажеттігін туғызады, сөйтіп барлығы да бірдей жағдайларда болатындай және ешкім де өз көршісінен арзан сатпайтындай етеді» («The Advantages of East India Trade to England». London, 1720, p. 67).

шан сол бәзбаяғы 6 шиллингтік жаңа құн жасайды, құнның бұл сомасы жұмыс күші құнының эквиваленті мен қосымша құнға қандай қатынаста бөлінсе де, сол баяғы 6 шиллингтік жаңа құн жасайды. Ал егер еңбектің өндіргіш күшінің артуы нәтижесінде күнделікті тіршілік заттарының құны, олай болса, жұмыс күшінің күндік құны да 5 шиллингтен 3 шиллингке дейін төмендейтін болса, онда қосымша құн 1 шиллингтен 3 шиллингке дейін өседі. Жұмыс күшінің құнын қайта өндіру үшін бұрын 10 сағаттық еңбек қажет еді, ал кәзір тек 6 жұмыс сағаты ғана керек. Еңбектің төрт сағаты босады, сондықтан оны қосымша еңбек саласына қосуға болады. Товарды арзандату және товарды арзандату арқылы жұмысшының өзін арзандату мақсатымен еңбектің өндіргіш күшін арттыруға капиталдың имманенттік талпынуы мен үнемі ұмтылуы осыдан ⁵⁾).

Товар өндіретін капиталист үшін товардың абсолютті құнының өзі келер-кетері жоқ нәрсе. Капиталистке керегі товардың бойында болатын және оны сатқанда жайғастырылатын қосымша құн ғана. Қосымша құнның жайғастырылуының өзі авансыланған құнның өтелуін көздейді. Товарлардың құны еңбектің өндіргіш күшінің дамуына кері бағытта төмендеп отырғанда, относительді қосымша құн еңбектің өндіргіш күшінің дамуына тіке пропорциялы түрде өсетіндіктен, — басқаша айтқанда, бір процестің өзі товарларды арзандатып, бұлардың бойындағы қосымша құнды өсіріп отыратындықтан, осыдан келіп мына фактінің: айырбас құнын өндірудің ғана қамын жейтін капиталистің үнемі өз товарларының айырбас құнын төмендетуге тырысып отыратындығының жасырын сыры ашыла кетеді, мұның өзі — қайшылық, саяси экономияның негізін салушылардың бірі Кенэ осы қайшылықпен өз қарсыластарының басын қатырды және олар бұл қайшылық жөнінде оған жауап та бермей кетті.

«Сіздер,— дейді Кенэ,— өнеркәсіп өнімдерін шығарған кезде өндіріске зиян келмейтін етіп шығындар мен қымбатты жұмыстардан неғұрлым көбірек үнемделінсе, бұл үнем соғұрлым пайдалы, өйткені оның өзі өнімнің бағасын кемітеді, дейсіздер. Ал осыған қарамастан, сіздер өнеркәсіпшілердің

⁵⁾ «Жұмысшының шығыны қандай пропорцияда кемісе, оның жалақысы да дәл сондай пропорцияда төмендейді, онда да егер мұнымен қатар өнеркәсіп қандай да болсын қысымшылық дегенді білмейтін болса төмендейді». («Considerations concerning taking off the Bounty on Cotton exported etc.», London, 1753, p. 7). «Өнеркәсіп пен сауда мүдделері нанның және жалпы тамақ заттары атаулының мүмкіндігіне неғұрлым арзан болуын керек етеді; өйткені оларды қымбаттататын нәрсе еңбекті де қымбаттатады... Өнеркәсібі тежеу дегенді білмейтін елдердің бәрінде тамақ заттарының бағасы еңбектің бағасына әсерін тигізуге тиіс. Қажетті тіршілік заттары арзандаған кезде еңбектің бағасы әрдайым да төмендейді» (бұл да сонда, 3-бет). «Өндірістің күші қандай пропорцияда өссе, жалақы дәл сондай пропорцияда кемиді. Әлбетте, машиналарды қолдану қажетті тіршілік заттарын арзандатады, бірақ мұнымен бірге олар жұмысшыларды да арзандатады» («A Prize Essay on the comparative merits of Competition and Co-operation». London 1834, p. 27).

еңбегінен туатын байлықты өндіру олардың өндірген заттарының айырбас құнын арттыруда деп білесіздер»⁶.

Сонымен, капиталистік өндіріс тұсында еңбектің өндіргіш күшін дамыту нәтижесінде еңбектен үнемдеу⁷⁾ әсте де жұмыс күнін қысқарту мақсатын көздемейді. Еңбектен үнемдеу белгілібір мөлшердегі товарды өндіру үшін қажетті жұмыс уақытын қысқарту мақсатын ғана көздейді. Егер жұмысшы өз еңбегінің өнімділігін арттырудың нәтижесінде бір сағаттың ішінде, айталық, бұрынғыдан 10 есе көп товар өндіре бастаса, демек, товардың әрбір данасына жұмыс уақытын он есе аз қолдана бастаса, онда мұның өзі оған кәзірде де күніне бұрынғыдай 12 сағат жұмыс істеткізуге және 12 сағаттың ішінде 120 дана товардың орнына 1 200 дана товар өндірткізуге ешбір бөгет болмайды. Бұл ретте оның жұмыс күнінің тіпті ұзартылуы да мүмкін, сөйтіп ол енді 14 сағаттың ішінде 1 400 дана товар өндіретін болады, т. т. Сондықтан Мак-Куллох, Юр, Сениор сияқты *et tutti quanti* [және солар тәріздес] экономистердің жазғандарының бір бетінен сіздер: өндіргіш күштерді дамытқаны үшін жұмысшы капиталға алғыс айтуға тиіс, өйткені бұл даму қажетті жұмыс уақытын қысқартады, дегенді оқысаңыздар, ал келесі бетінен: келешекте күніне 10 сағат жұмыс істеудің орнына 15 сағат жұмыс істеп жұмысшы өзінің әлгі алғысын дәлелдеуге тиіс, дегенді оқысыздар. Капиталистік өндірістің тұсында еңбектің өндіргіш күшінің дамуы жұмыс күнінің жұмысшы өзі үшін жұмыс істеуге тиіс бөлегін қысқартуды, сөйтіп нақ осы арқылы жұмыс күнінің жұмысшы капиталиске тегін жұмыс істейтін екінші бөлегін ұзартуды мақсат етеді. Товарларды арзандатпай-ақ бұл нәтижеге қандай дәрежеде жетуге болатыны относительді қосымша құнды өндірудің жеке әдістерін қарастырған кезде байқалады, енді біз осыны қарастыруға көшеміз.

⁶⁾ *Quesnay*. «Dialogues sur le Commerce et sur les Travaux des Artisans», p. 188, 189.

⁷⁾ «Бұл жалдаптардың жұмысшылардың еңбегінен үнемдеуі сондайлық, тіпті бұлар жұмысшылардың ақы төлснуге тиісті еңбегінен де үнемдейді» (*J. N. Bidaut*. «Du Monopole qui s'établit dans les arts industriels et le commerce». Paris, 1828, p. 13). «Кәсіпкер уақыт пен еңбекті үнемдеуге әрдайым күш салатын болады» (*Dugald Stewart*.) «Works» ed. by Sir W. Hamilton. Edinburgh, 1855, v. VIII «Lectures on Political Economy», p. 318). «Олардың» (капиталистердің) мүддесі өздерінің пайдаланатын жұмысшыларының өндіргіш күшінің мүмкінінше неғұрлым молырақ көбеюін керек етеді. Сондықтан олардың назары осы өндіргіш күшті арттыруға бағытталған, және де тек қана осыған дерлік бағытталған» (*R. Jones*. «Text-book of Lectures on the Political Economy of Nations». Herford, 1852, Lecture III [39-6er]).

О Н Б І Р І Н Ш І Т А Р А У

КООПЕРАЦИЯ

Жоғарыда көрдік, капиталистік өндіріс басталғанда іс жүзінде белгілібір жеке капиталдың өзі бір мезгілде көп жұмысшы ұстаған кезден, олай болса еңбек процесі өзінің көлемін ұлғайтып, көп мөлшерде өнім берген кезден басталады. Белгілібір капиталистің басқаруымен белгілібір түрдегі товарларды өндіру үшін бір уақыттың ішінде, белгілібір жерде (немесе, керек болса, белгілі бір еңбек саласында) көп жұмысшының іс-әрекет жасауы тарихи және логикалық жағынан капиталистік өндірістің бастама пункті болып табылады. Өндіріс әдісінің өзіне келсек, мәселен, өзінің бастапқы күйінде мануфактураның цехтық қолөнер өндірісінен айырмашылығы белгілібір капиталдың бір мезгілде көп жұмысшы ұстағандығынан басқа айырмашылық бола қойды ма екен. Цех мастерінің мастерскойы тек қана кеңітілді.

Сөйтіп, алғашында тек қана сан жағынан айырмашылық болды. Жоғарыда көрдік, белгілібір капиталдың өндіретін қосымша құнының жиыны жеке жұмысшы беретін, бір мезгілде жұмыс істеген барлық жұмысшының санына көбейтілген қосымша құнға тең. Бұл сан өздігінен қосымша құнның нормасына, яки жұмыс күшін қанау дәрежесіне ешбір әсер етпейді; ал енді еңбек процесіндегі сапа өзгерістеріне келетін болсақ, бұл өзгерістердің товар құнын өндіру үшін келер-келері жоқ. Мұның өзі құнның жаратылысынан туады. Егерде он екі сағаттық бір жұмыс күні 6 шиллингтік затқа айналса, онда осындай 1 200 жұмыс күні 6 шиллинг \times 1 200 болады. Бір ретте өнімге $12 \times 1 200$ жұмыс сағаты, екінші ретте 12 жұмыс сағаты сінді. Құн өндіруде көптің әрдайым көптеген жеке единицалардың жиыны ретінде ғана маңызы болады. Олай болса, құн өндіру тұрғысынан қарағанда 1 200 жұмысшының әрқайсысы жеке-жеке өндіре ме немесе олар белгілібір капиталдың басқаруымен бір жерге біріккен бе, бұл мүлде бәрібір нәрсе.

Тегінде, мұнда белгілібір шектерде кейбір модификация болады. Құнның бойында затқа айналған еңбек дегеніміз қоғамдық орта сапасы ғар еңбек, яғни орташа жұмыс күшінің көрінісі. Бірақ орташа шама дегеніміз әрдайым бір тектегі түрлі-түрлі көптеген жеке шамалардың орта мөлшері болады. Өнеркәсіптің әрбір тарауында жеке жұмысшы. Петр немесе Павел, орта жұмысшыдан азды-көпті ауытқып отырады. Математиктердің тілінде «терістік» деп аталатын мұндай жеке ауытқулар өзіміз едәуір көп жұмысшыны алып отырғандықтан, өзара толықтырылып, жойылып кетіп отырады. Белгілі софист және сикофант Эдмунд Бёрк фермер ретіндегі өзінің практикалық тәжірибесіне сүйеніп тіпті былай дейді: еңбектегі жеке айырмашылықтардың бәрі 5 батрақ сияқты «болмашы отрядтың» өзінде-ақ жойылып кетеді дейді,— демек, белгілібір уақыт ішінде ағылшынның жұмыс жасындағы кез келген бес батрағы қосылып ағылшынның басқа да кез келген 5 батрағының жұмысындай жұмысты орындап шығады⁸⁾. Қалай болғанда да бір айқын нәрсе — бір мезгілде жұмыс істейтін көп жұмысшының жиынтық жұмыс күнінің өзін алғанда, бұл күн жұмысшылардың санына бөлінетіндіктен, қоғамдық орта еңбек күні болып табылады. Бір адамның жұмыс күні, мәселен, он екі сағатқа созылатын болсын. Сонда бір мезгілде жұмыс істейтін он екі жұмысшының жұмыс күні 144 сағаттық жиынтық жұмыс күні болады; ал осы он екі жұмысшының әрқайсысының еңбегі қоғамдық орта еңбектен азды-көпті ауытқығанымен де, сондықтан әрбір жеке жұмысшы сол белгілібір іске қоғамдық орта еңбектен гәрі біршама көп немесе біршама аз уақыт жұмсағанымен де жеке жұмысшының 144 сағаттық жиынтық жұмыс күнінің он екі бөлегінің бір бөлегі ретінде қаралып отырған жұмыс күнінің қоғамдық орта сапасы болады. Ал он екі адам жұмысшы ұстайтын капиталист үшін жұмыс күні дегеніміз осы он екі адамның жиынтық жұмыс күні ғана. Әрбір жеке жұмысшының жұмыс күні жиынтық жұмыс күнінің тиісті бөлегі ғана болып табылады, ал осы 12 адам бірігіп еңбек ете ме, әлде олардың еңбегінің арасындағы бүкіл байланыс олардың белгілібір капиталиске жұмыс істейтіндігінде ғана ма, мұның ешбір келер-

⁸⁾ «Күшіндегі, шеберлігіндегі және адалдығындағы айырмашылықтарына қарай түрлі адамдардың еңбегінің құны арасында үлкен айырмашылық бар екені даусыз. Бірақ өзіміздің мұқият жүргізген зерттеулерім бойынша менің мынаған мүлде сенімім кәміл: тұтас алғанда кез келген 5 адам жоғарыда өзім көрсеткен жастағы қандай да болсын өзге бес адамның еңбегіне тең мөлшердегі еңбекті бере алады; мұның мәнісі, осы бес адамның ішінен біреуінде жақсы қызметшінің барлық қасиеттері бар болып шығады, екіншісі — нашар қызметші, қалған үшеуі не біріншісіне, не екіншісіне жақындайтын орта қызметшілер болып шығады деген сөз. Сонымен, 5 адам сияқты отрядтың өзінен-ақ сіздер тегінде бес адамның бере алатын нәрселерінің бәрін толық комплектің таба аласыздар» (*E. Burke. «Thoughts and Details on Scarcity»*. London, 1800, p. 15, 16). Мұнымен бірге Кетленің орташа индивидуум туралы¹¹⁵ айтқандарын да салыстырыңыз.

кетері жоқ. Ал егер осы 12 жұмысшының ішінен әр екі жұмысшы ұсақ қожайыннан жұмыс алса, онда осы қожайындардың әрқайсысы кездейсоқ түрде ғана құнды бірдей сомда өндіре алады, олай болса, қосымша құнның жалпы нормасын да кездейсоқ орналастыра алады. Мұндай жағдайларда жеке ауытқулар болып отырады. Егерде жұмысшы товар өндіруге қоғамдық қажетті мөлшерден едәуір көп уақыт жұмсайтын болса, егер оның жеке өзіне қажетті жұмыс уақыты қоғамдық қажетті, яки орташа, жұмыс уақытынан едәуір ауытқып отырса, онда оның еңбегі орташа еңбек болып табылмайды, ал оның жұмыс күші орташа жұмыс күші болып табылмайды. Мұндай жұмыс күші не әсте сатып алушысын таба алмайды, не жұмыс күшінің орта құнынан төмен сатылатын болады. Сонымен, жұмысқа қабілеттіліктің белгілі минимумы болу керек, ал капиталистік өндіріс осы минимумды өлшеудің әдісін табатынын біз кейінде көреміз. Алайда жұмыс күшіне оның орта құнымен ақы төлеуге тура келетіндігіне қарамастан, әлгі минимум орта дәрежеден ауытқып отырады. Сондықтан алты ұсақ қожайынның ішінен біреулері қосымша құнның жалпы нормасына сай келетінінен қосымша құнды артық алады, екіншілері кем алады. Бұл ауытқулар бүкіл қоғам үшін теңгеріледі, бірақ жеке қожайын үшін теңгерілмейді. Демек, тегінде құнның өсу заңы жеке өндіруші үшін толық жүзеге асқанда өндіруші капиталист ретінде өндіріп, бір мезгілде көп жұмысшы жұмсаған ретте ғана, яғни әуел бастан-ақ қоғамдық орта еңбекті іске қосқанда ғана жүзеге асады⁹⁾.

Тіпті еңбек әдісі өзгермей тұрғанда да едәуір көп жұмысшыларға бір мезгілде жұмыс істету еңбек процесінің материалдық жағдайларында революция туғызады. Ішінде көп адам жұмыс істейтін үйлер, шикі материалдар, т. т. сақталатын складтар, бір мезгілде немесе кезекпе-кезек көп адамға қызмет ететін ыдыстар, аспаптар, аппараттар, т. т.,— қысқасы, өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлегі енді еңбек процесінде ортақ пайдаланылады. Бір жағынан, товарлардың тұтыну құнын қатты пайдаланудан товарлардың, ал олай болса, өндіріс құрал-жабдықтарының да айырбас құны ешбір артпайды. Екінші жағынан, ортақ пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтарының көлемі өсе түседі. 20 тоқымашы 20 станокте істейтін бөлме екі кіші мастерімен қоса дербес тоқымашы жұмыс істейтін бөлмеден кеңірек болуға тиіс. Бірақ 20 жұмыс-

⁹⁾ Профессор Рошер мырза бізге өзінің ашқан мынадай жаңалығын хабарлайды: профессорша ханымға екі күн бойы жұмыс істейтін бір тігінші профессорша ханымға бірлесіп бір күн жұмыс істейтін екі тігіншіден гөрі көп еңбек береді, дейді¹¹⁸. Профессор мырзаның мынаны түсінуі керек еді: капиталистік өндіріс процесін балалар бөлмесінде отырып, негізгі әрекет етуші адам, яғни капиталист жоқ жерде отырып бақылауға болмайды.

шыға арнап мастерской салу әрқайсысы 2 жұмысшыға арналған 10 мастерской салудан арзанға түседі, ал тегінде көпшілік бірігіп істейтін, көп мөлшерде бір жерге шоғырланған өндіріс құрал-жабдықтарының құны өскенде осы өндіріс құрал-жабдықтарының мөлшеріне және олардың пайдалы нәтижесіне сай өспейді. Бірлесіп пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтары өнім единицасына өз құнының аз үлесін көшіретіндігінің бір себебі—өндіріс құрал-жабдықтарының беретін құнының бәрі толып жатқан көп өнімге бірден тарайды, енді бір себебі — жеке-жеке пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтарымен салыстырғанда бірлесіп пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтары өндіріс процесіне абсолютті көп құнмен кіргенімен, бірақ өздерінің қимыл сферасына қарағанда относительдік аз құнмен кіреді. Осылай болғанда құнның тұрақты капиталға келетін құрамды бөлегі де төмендейді, ал олай болса, соның мөлшеріне сәйкес товардың жиынтық құны да төмендейді. Товарлардың өндіріс құрал-жабдықтары арзан өндірілетін болғанда қандай нәтиже шығатын болса, мұнан дәл сондай нәтиже шығады. Өндіріс құрал-жабдықтарын пайдаланудан туатын бұл үнемдеу оларды көп адамның еңбек процесінде бірлесіп пайдаланудың арқасында ғана туады. Сөйтіп өндіріс құрал-жабдықтары, дербес жеке жұмысшылардың немесе ұсақ қожайындардың бытыраңқы және біршама қымбат өндіріс құрал-жабдықтарынан өзгеше, қоғамдық еңбек жағдайларының немесе еңбектің қоғамдық жағдайларының осы сипатына ие болады,— ие болғанда тіпті көптеген жұмысшылар еңбектің өзінің бірлесіп істелетіндігі жағынан емес, жер ыңғайы жағынан ғана біріккен ретте де ие болады. Еңбек құрал-жабдықтарының бір бөлегі бұл қоғамдық сипатқа тіпті еңбек процесінің өзінен де ертерек ие болады.

Өндіріс құрал-жабдықтарынан үнемдеуді тегінде екі түрлі тұрғыдан алып қарау керек болады. Біріншіден, бұл үнемдеу товарды арзандатып, осы арқылы жұмыс күшінің құнын төмендететіні жағынан алып қарау керек. Екіншіден, бұл үнемдеу қосымша құнның бүкіл авансыланған капиталға қатынасын, яғни оның тұрақты және өзгермелі құрамды бөлімдері құнының сомасына қатынасын өзгертетіндігі жағынан алып қарау керек. Соңғы пункт осы еңбектің үшінші кітабының бірінші бөлімінде ғана қаралатын болады, баяндаудың ішкі байланысы болу үшін осында қозғалған мәселеге қатысты бірсыпыра басқа да нәрселерді сол бөлімге жатқызуға тура келеді. Анализдің барысы предметті осылай жік-жікке бөлуді талап етеді, және де мұның өзі капиталистік өндірістің рухына да сай келеді. Капиталистік өндірістің тұсында еңбек жағдайлары жұмысшыға дербес нәрседей қарама-қарсы ке-

ліп отырғандықтан, сол жағдайлардан үнемдеу де жұмысшыға ешбір қатысы жоқ ерекше операция болып табылады, демек, оның өзі жұмысшының жеке өзінің еңбек өнімділігін арттыратын әдістерден оқшауланған нәрсе.

Белгілібір өндіріс процесінде немесе түрліше, бірақ бір-бірімен өзара байланысты өндіріс процестерінде көп адам жоспарлы түрде бір-бірімен қатар, өзара әрекетте жұмыс істейтін еңбек формасы кооперация¹⁰⁾ деп аталады.

Кавалерия эскадронының шабуыл күші немесе жаяу әскер полкінің қарсыласу күші жеке кавалеристер мен жаяу әскерлердің өрістете алатын шабуыл, қарсыласу күштерінің жиынтығынан айтарлықтай өзгеше болатыны сияқты, дәл сол сияқты жеке жұмысшылардың күштерінің жәй жиыны да белгілі-бір бөлінбейтін операцияны орындағанда, мәселен ауыр затты көтеру, шығыр айналдыру, жолдағы тосқауылды алып тастау керек болғанда көп қолдың бірден қатысатын кезінде өрістейтін қоғамдық күштен өзгеше болады¹¹⁾. Осындай реттердің бәрінде де құрама еңбектің нәтижесіне не жалғыз-жарым адамның күш салуымен әсте жетуге болмайды немесе оның өзі анағұрлым ұзақ уақыт ішінде ғана жүзеге асырылады, не болмаса мардымсыз көлемде ғана жүзеге асырылады. Бұл жерде әлгіме кооперация жолымен жеке адамның өндіргіш күшін арттыру туралы ғана болып отырған жоқ, сонымен қатар өзінің шын мәнінде көпшілік күші болып табылатын жаңа өндіргіш күшті жасау туралы болып отыр^{11а)}.

Бірақ көп күштің ортақ бір күшке қосылуынан туатын жаңа күштің үстіне, өнімді жұмыстар көп болып отырғанда қоғамдық байланыстың өзі-ақ жарыс туғызып, тіршілік қуатын (*animal spirits*) ерекше тасытады, мұның өзі жеке адамдардың әрқайсысының өнімділігін арттырады, осының нәтижесінде 12 кісі бірігіп жұмыс істеген 144 сағаттық бір жұмыс күнінің ішінде әрқайсысы 12 сағаттан істейтін оқшауланған он екі жұмысшыдан гөрі, немесе ұдайы он екі күн бойына еңбек ететін бір жұмысшыдан гөрі әлдеқайда көп өнім өндіреді¹²⁾. Мұның себебі мынада: адам өзінің жаратылысы жағы-

¹⁰⁾ «*Concours des forecs*» [«күштерді біріктіру»] (*Destutt de Tracy*, цитат алынып отырған шығарма, 80-бет).

¹¹⁾ «Сондайлық қарапайым толып жатқан операциялар бар, бұларды ұсақ бөліктерге бөліп болмайды. Бұл операциялар толып жатқан көп жұмысшылардың кооперациялануы арқылы ғана орындала алады. Мәселен, үлкен бөренені арбаға көтеріп салу осындай нәрсе... қысқасын айтқанда, белгілібір бөлінбейтін операцияда бір біріне бір мезгілде көмектесетін көп адамдардың қатысуымен ғана орындалатын іс атаулының бәрі осындай нәрсе» (*E. G. Wakefield. «A View of the Art of Colonization» London, 1849, p. 168*).

^{11а)} «Салмағы бір тонналық ауыр затты бір адам әсте көтере алмайтын болса, ал 10 адам бар күштерін салып әбден қиналып барып қана көтеретін болса, онда жүз адам әрқайсысы бір саусағымен ғана қимылдап, мұны көтеріп кетеді» (*John Bellers. «Proposals for Raising a College of Industry». London, 1696, p. 21*).

¹²⁾ «Бірігіп қимылдайтын едәуір көп қызметшінің артықшылығы да осында (яғни ұсақ 10 фермердің әрқайсысы 30 акр жерге қанша жұмысшы пайдаланса, бір фермер

нан хайуан, Аристотель ойлағандай саяси хайуан болмағанмен¹³⁾, қалай да қоғамдық хайуан.

Көп адам белгілібір жұмысты немесе бір текті жұмысты бір мезгілде істеп отырса да, дегенмен әрбір жеке жұмысшының жиынтық еңбектің бір бөлегі болып табылатын жеке еңбегінің өзі еңбек процесінің түрліше фазалары болуы мүмкін, кооперацияның нәтижесінде еңбек заты осы фазалар арқылы тезірек өтеді. Мысалы, егер тасшылар салынып жатқан үйдің ірге табанынан алып төбесіне дейін кірпіш беріп тұру үшін тізбектеліп қатар түзеп тұратын болса, онда олардың әрқайсысы сол белгілібір істі ғана істейді, бірақ солай бола тұрса да олардың жеке операциялары ортақ бір операцияның үздіксіз сатылары, оның ерекше фазалары болып табылады, еңбек процесінде әрбір кірпіш осы сатылардан өтуге тиіс және осы сатылардың арқасында жиынды жұмысшының 24 қолы әлгі кірпішті апарылатын жеріне оны тақтаймен бір жоғары шығып, бір төмен түсіп таситын жеке жұмысшының екі қолымен тасығандағысынан гөрі тезірек жеткізеді¹⁴⁾. Еңбек заты дәл сондай жерді неғұрлым қысқа мерзім ішінде жүріп өтеді. Екінші жағынан, еңбек мынадай ретте де, мәселен, үйді салуға бірден әр жағынан кіріскеңде де, мұнда өзара кооперацияланушы қызметкерлер белгілібір жұмысты немесе біртекті жұмысты атқарғанына қарамастан, еңбек құрама еңбек болып шығады. 144 сағаттық құрама жұмыс күнінде еңбек заты бірден әр жақтан өңделеді, өйткені құрама немесе жиынды жұмысшының алдында да, артында да көзі мен қолы болады, сондықтан белгілі дәрежеде оның жүрмейтін жері болмайды. Бұл ретте жиынтық өнім еңбек затына неғұрлым бір жақты кірісуге мәжбүр болатын азды-көпті оқшауланған 12 жұмысшының он екі сағаттық жұмыс күніндегі өнімнен гөрі тезірек

300 акр жерге нақ сояша жұмысшы қолданғанда), іспен практика жүзінде таныс емес адамдардың мұны түсіне қоюы оңай емес; шынында да, 3-тің 12-ге қатысы қапдай болса, 1-дің 4-ке қатысы сондай екеніне кім таласа қояды; алайда практикада бұл ереже дұрыс емес: егін орағы кезінде және кейбір басқа да асығыс жұмыстардың кезінде едәуір көп жұмысшының басын бір жерге қосса, іс тәуір және ойдағыдай жүреді: мысалы, 2 арбашы, 2 тиеуші, 2 алып беруші, 2 тырмашы және маялардың төбесінде немесе қырман басында болатын бірнеше адам ұсақ топтарға бөлініп жеке фермаларда істейтін дәл осыншама жұмысшыдан екі есе көп еңбек етеді» (*J. Arbuthnot*). «An Inquiry into the Connection between the present Price of Provisions and the Size of Farms». By a Farmer. London 1773. p. 7, 8).

¹³⁾ Дәліме-дәл айтқанда Аристотельдің берген анықтамасы: адам дегеніміз өзінің жаратылысы жағынан қалалық республиканың азаматы, дейді. Франклиннің: адам дегеніміз — құрал жасаушы деген анықтамасы янки ғасыры үшін қандай сипатты болса, классикалық ерте заман үшін бұл да дәл сондай сипатты.

¹⁴⁾ «Мұның үстіне мынаны ескерте кету керек, мұндай бөлшекті еңбек бөлінісі тіпті барлық жұмысшы белгілібір жұмыспен айналысқан ретте де болуы мүмкін. Мәселен, биік тақтайлар бойына кірпішті қолдан қолға беріп тұратын тасшылардың бәрінің орындайтыны бір жұмыс, солай бола тұрса да олардың арасында өзінше бір еңбек бөлінісі бар, ол бөлініс мынадай: олардың әрқайсысы кірпішті белгілібір орыннан екінші бір орынға жеткізеді, сөйтіп барлығы бірге оны жеткізілетін жеріне олардың әрқайсысы кірпішті өзі үшін биік тақтайға көтеріп апаратындарыдан әлде қайда тезірек жеткізеді» (*F. Skarbek* «Théorie des Richesses Sociales», 2eme éd, Paris, 1840, I, p. 97, 98).

жасалып шығатын болады. Мұнда өнімнің әр жердегі түрліше бөлімдері бір мезгілде дайын бола бастайды.

Біз бірін бірі толықтыратын көп жұмысшы бірдей немесе біртекті жұмыс атқарады, өйткені бірлесіп істеген еңбектің бұл ең қарапайым формасы кооперацияның анағұрлым дамыған түрлерінде де үлкен роль атқарады, деп баса көрсеттік. Егер еңбек процесі күрделі болса, онда бірлесіп жұмыс істейтін көп адамның бірігуі фактісінің бір өзі-ақ түрлі жұмысшыларға түрлі операцияларды бөліп беруге, демек оларды бір мезгілде жасауға, сөйтіп жиынтық өнімді жасап шығаруға қажетті жұмыс уақытын қысқартуға мүмкіндік береді ¹⁵⁾.

Өндірістің көп тарауларында өте бір қысылтаян кезеңдер болады, яғни жұмыс процесі табиғатының өзі белгілейтін уақыт мезгілдері болады, осы мезгілдің ішінде нақтылы бір еңбек нәтижесіне жету қажет болады. Егер, мәселен, бір қора қойды қырку керек болса немесе белгілібір мөлшерлі морген астықты орып, жиып алу керек болса, онда алынатын өнімнің саны мен сапасы осы операцияның белгілібір уақыт ішінде басталып, аяқталу-аяқталмауына байланысты. Еңбек процесі жасалуға тиісті уақыт мерзімі мұнда, мәселен, май шабақ аулаған кездегі сияқты күнібұрын белгіленіп қойылған. Жеке адам тәуліктен бір жұмыс күнінен артық, айталық, 12 сағаттан артық, іркіп ала алмайды, ал енді кооперация болса, мәселен, 100 адам, онекі сағаттық күнді 1 200 сағаттық жұмыс күні етіп ұлғайтады. Шешуші кезеңде өндіріс майданына шығарылатын көптеген еңбектің мөлшері еңбек мерзімі қысқалығының есесін қайтарады. Бұл жерде дер кезінде нәтижеге жету құрамалас көп жұмыс күнін бірден қолдануға байланысты, пайдалы нәтиженің көлемі жұмысшылардың санына байланысты; алайда, мұның сонғысы, жұмысшы оқшауланып істеп, дәл сондай уақыттың ішінде дәл сондай жұмысты атқарып шыға алатын жұмысшылардың санынан әрқашан аз болады ¹⁶⁾. Осы сияқты кооперацияның жоқтығы салдарынан Құрама Штаттардың батысында жылма-жыл көп астық, ал Ост-Индияның ағылшын өктемдігі бұрынғы қауымдарды талқандаған өлкелерінде көп мақта құрып кетуде ¹⁷⁾.

¹⁵⁾ «Егер күрделі жұмысты орындау керек болса, түрліше операциялар бір мезгілде жасалуға тиіс. Біреуі бір нәрсені, екіншісі екінші бір нәрсені істейді, сөйтіп барлығы бірге бір адамның күш салуымен асте де жүзеге аспайтын нәтижеге жетуге себепші болады. Біреуі қайықтың рулін ұстап отырғанда, екіншісі қайықты еседі, үшіншісі ау тастайды немесе балықты гарпунмен шаншайды.— сонда балық аулау ісі күштерді осылай біріктірмейінше мүмкін болмайтын нәтиже береді» (*Destutt de Tracy*, цитат алынған шығарманың 78-беті).

¹⁶⁾ «Оларды» (егіншілік жұмыстарын) «шешуші кезеңде орындаудың зор маңызы бар» (*J. Arbutnot*) «An Inquiry into the Connection between the present Price, etc.» р. 7). «Егіншілікте уақыт факторынан асқан маңызды фактор жоқ» (*Liebig: «Ueber Theorie und Praxis in der Landwirtschaft»*, 1856, S. 23).

¹⁷⁾ «Бұл тәрзіді ең бірінші қырсық сол.— мұны, бәлкім, Қытай мен Англияны қоспағанда, дүние жүзінің қандай да болсын өзге елінен гөрі шетке еңбекті көбірек

Кооперация, бір жағынан, еңбектің кеңістік сферасын ұлғайтып отыруға мүмкіндік береді, сондықтан да оны еңбектің белгілі процестері тұсында еңбек заттарын кеңістікке орналастырудың өзі-ақ талап етеді; мәселен, кооперация жерді құрғату жұмыстарында, плотина жасауда, жер суару жұмыстарында, каналдар, тас жолдар, темір жолдар, т. т. салуда қажетті нәрсе. Екінші жағынан, кооперация относителді түрде, яғни өндірістің көлемімен салыстырғанда, өндіріс саласын кеңістік жағынан ықшамдауға мүмкіндік береді. Еңбектің ықпал сфераларының кеңейіп отыруымен қатар еңбектің кеңістік сферасының бұл шектелуі, осының нәтижесінде өндірістің өнімсіз шығындары (faux frais) азаятын шектелуі, толып жатқан жұмысшыны бір жерге жинаудан, еңбектің түрліше процестерінің қосылып кетуінен және өндіріс құрал-жабдыктарын шоғырландырудан туады¹⁸⁾.

Жеке адамдардың жұмыс күндерінің теңбе-тең жиынына қарағанда құрама жұмыс күні қыруар көп тұтыну құндарын өндіреді, сондықтан да ол белгілібір пайдалы нәтижеге жету үшін қажетті жұмыс уақытын азайтады. Әрбір жеке ретте еңбектің өндіргіш күшінің осылай артуына түрліше әдістермен жетуге болады: не еңбектің механикалық күші артады, не ол күштің ықпал сферасы кеңістік жағынан ұлғаяды, не өндіріс майданы өндіріс көлеміне қарағанда кеңістік жағынан шағындалады, не қысылтаяң кездерде аз уақыт ішінде көп еңбек іске қосылады, не жеке адамдардың бәсекелесуі қозып, олардың тіршілік күш-қайраты қатты жұмсалады, не көп адамның біртекті операциялары үздіксіз, әржақты сипат алады, не түрліше операциялар бір мезгілде орындалатын болады, не бірлестіре пайдаланудың арқасында өндіріс құрал-жабдыктары үнемделеді, не жеке еңбек қоғамдық орта еңбектің сипатын алады. Бірақ осы жағдайлардың барлығында да құрама жұмыс күнінің ерекше өндіргіш күші еңбектің қоғамдық өндіргіш күші, яки қоғамдық еңбектің өндіргіш күші болып табылады. Бұл өндіргіш күш кооперацияның өзінен туады. Басқалармен жоспарлы түрде ынтымақтасып іс істегенде жұмысшы

экспорттайтын елде күте қойған адам болды ма екен,— ол қырсық мақта жинау үшін жеткілікті мөлшерде жұмысшы табу мүмкін еместігі. Мұның нәтижесі мынадай факт болады: өнімнің едәуір бөлегі жиналмай қалады, ал оның екінші бір бөлегін жерден жинап алғанда мақта төгіліп те бітіп, осының салдарынан тиісті түсінен айырылып, шінара шіріп кеткеннен кейін барыл жинап алады. Солай болған соң тиісті керек уақытында жұмысшының жетіспеуі салдарынан плантатор Англия сондай ашқарақтықпен көз тіккен өнімнің көп үлесінен іс жүзінде лажсыз айрылып қалады» («Bengal Hurkaru». Bi-Monthly Overland Summary of News, 22nd July 1861).

¹⁸⁾ «Бір кездерде 500 акр жерді ұқсатуға пайдаланылған капитал мен еңбектің бәрі түгелдей,— бәлкім, онан да едәуір көбі, егіншілік прогресінің арқасында кәзір 100 акр жерді неғұрлым тынғылдықты етіп ұқсатуға жұмсалып отыр». «Пайдаланылып отырған капитал мен еңбектің мөлшеріне қарағанда кеңістік шағындалып отырғанымен де, «өндіріс сферасы бұрын өндірістің әрбір жеке дербес қатысушысының жұмысы соның шеңберінен шықпаған өндіріс сферасына қарағанда кенейе түсті» (R. Jones: «An Essay on the Distribution of Wealth», «On Rent». London, 1831, p. 191).

жеке межелерін жойып, өзінің тектік потенцияларын өрістеді¹⁹⁾.

Егер жұмысшылар өздері бірге болмай тұрғанда заты тікелей қызметтес бола алмайтын болса, егер осы себепті олардың белгілі бір пунктте жиналуы олардың кооперациялану шарты болып табылса, онда мұның өзі жалдама жұмысшылар кооперацияланғанда оларды сол бір капиталдың өзі, сол бір капиталистің өзі бірден пайдаланған, яғни олардың жұмыс күшін бірден сатып алған күнде ғана кооперацияланады деген сөз. Олай болса, осы жұмыс күштерінің жиынтық құны, яки жұмысшылардың бір күн, бір апта, т. т. ішіндегі жалақысының сомасы осы жұмыс күштерінің өзі өндіріс процесінде бірікпей тұрып-ақ капиталистің қалтасына жиналған болуға тиіс. Тек бір күнге болса да 300 жұмысшының еңбегінің ақысын бірден төлеу үшін, аз ғана жұмысшының еңбегінің ақысын апта сайын бүкіл жыл бойына төлеп отырғандағыдан гөрі, көп капитал шығару керек болады. Сонымен, кооперацияланушы жұмысшылардың саны, яки кооперацияның көлемі, ең алдымен жұмыс күшін сатып алуға жеке капиталистің жұмсай алатын капиталының мөлшеріне, яғни әрбір жеке капиталистің қолында көптеген жұмысшының тіршілік заттарының қаншалық мөлшерде болуына байланысты.

Ал мұның өзгермелі капиталға ғана емес, сонымен қатар тұрақты капиталға да қатысы бар. Мәселен, 300 жұмысшысы бар капиталистің шикі материал жұмсауы 10 адамнан жұмысшысы бар отыз капиталистің әрқайсысының шикі материал жұмсауынан 30 есе көп. Рас, бірлесіп қолданылатын еңбек жабдықтарының саны, өзінің құны жағынан да, өзінің заттық жиыны жағынан да, жұмыстағы жұмысшылар санының өскен пропорциясындай болмағанмен де, алайда — тым едәуір өседі. Сонымен, едәуір көп өндіріс құрал-жабдықтарының жеке капиталистердің қолына шоғырлануы жалдама жұмысшылардың кооперациялануының материалдық шарты болып табылады, сондықтан кооперацияның көлемі, яки өндірістің мөлшері, осы шоғырланудың дәрежесіне байланысты болады.

Алғашында жеке капиталдың белгілі бір шағын мөлшері бір мезгілде пайдаланылатын жұмысшылардың саны, ал олай болса, олардың өндіретін қосымша құнының аумағы қанаушының өзін дене еңбегінен босатуға, ұсақ қожайынды капиталиске айналдыруға, формальды жағынан капиталистік қаты-

¹⁹⁾ «Әрбір адамның күші болмашы күш, бірақ осы болмашы күштердің қосылуы осы бөлшек күштердің жиынынан гөрі неғұрлым ірі ортақ күш жасайды, солай болған соң күштер өзінің бірігуімен уақытты азайтып, өз қимылының сферасын арттыруы мүмкін» (*G. R. Carli*, мына кітаптағы ескерту: *P. Verri*. «*Meditazioni sulla Economia Politica*», Кустоди бастырып шығарған итальян экономистерінің шығармаларында, *Parte Moderna*, t. XV, p. 196-ber).

насты жасауға жеткілікті болуы үшін қажет болды. Кәзір бұл минимум көптеген бытыраңқы, біріне бірі тәуелсіз жеке еңбек процесерін қоғамдық құрама бір еңбек процесіне айналдырудың материалдық шарты болып табылады.

Дәл сондай-ақ, алғашында капиталдың еңбекке өктемдік етуі жұмысшының өзі үшін емес, қайта капиталист үшін, демек, капиталистің билігімен жұмыс істейтіндігінің формальды нәтижесі ғана болды. Көптеген жалдама жұмысшылардың кооперациялануының өрістеуімен капиталдың өктемдігі еңбек процесінің өзін орындау үшін қажетті нәрсеге, өндірістің нағыз шартына айналады. Ұрыс майданында генералдың командасы қандай қажет болса, өндіріс майданында енді капиталистің командасы да сондай қажет болады.

Біршама ірі көлемде істелетін қандай да болсын тікелей қоғамдық еңбек немесе бірлескен еңбек азды-көпті дәрежеде басқаруды керек етеді, бұл басқару ісі жеке жұмыстардың арасында үйлесімдік орнатады және өндірістік тұлғаның дербес органдарының қозғалысынан өзгеше бүкіл өндірістік тұлғаның қозғалысынан туатын жалпы функцияларды орындап отырады. Жеке скрипкашы өзін өзі басқарады, оркестр дирижерді керек етеді. Капиталға бағынған еңбек кооперацияланған еңбек болысымен-ақ басқару, бақылау және үйлестіріп отыру функциялары капиталдың функцияларына айналады. Ал капиталдың ерекше функциясы болып табылатын басқару функциясы мүлде ерекше сипат алады.

Капиталистік өндіріс процесінің қозғаушы себебі мен басты мақсаты ең алдымен капиталдың мүмкін қадары көбірек өздігінен өсуі²⁰⁾, яғни қосымша құнның мүмкін қадары көп өндірілуі, демек, жұмыс күшін капиталистің мүмкін қадары көп қанауы болып табылады. Бір мезгілде жұмыс істейтін жұмысшылар санының өсуімен бірге олардың қарсыласуы да өседі, ал осыған байланысты осы қарсылықты басуға бағытталған капиталдың қысымы да сөзсіз өседі. Капиталистің басқаруы еңбектің қоғамдық процесінің жаратылысының өзінен туатын және сол еңбек процесіне жататын ерекше функция ғана емес, оның өзі сонымен бірге еңбектің қоғамдық процесін қанау функциясы болып табылады және осылай болғандықтан оның өзі қанаушы мен оның қанайтын шикі материалының арасындағы болмай қоймайтын антагонизмнен туған. Дәл сондай-ақ жалдама жұмысшыға бөтеннің меншігі ретінде қарсы тұратын өндіріс құрал-жабдықтарының көлемі өскен сайын олардың дұрыс пайдаланылуына бақылау қою

²⁰⁾ «Пайда... өндірістің бірден-бір мақсаты» (*J. Vanderlint*, цитат алынған отырған шығарма, II-бет).

қажеттігі өседі ²¹⁾. Жалдама жұмысшылар кооперациясы, мұнан соң, осы жұмысшыларды бір мезгілде пайдаланатын капиталдың іс әрекетінің нәтижесі ғана болып табылады. Олардың функцияларының байланысы және өндіруші жиынтық тұлға ретіндегі олардың бірлігі олардың өзінде емес, оларды біріктіріп, бір жерде ұстап отырған капиталда. Сондықтан олардың жұмыстарының байланысы идеяда жоспар ретінде, практикада капиталистің беделі ретінде, олардың әрекетін өз мақсаттарына бағындыратын бөтен адам еркінің билігі ретінде өздеріне қарама-қарсы тұрады.

Сонымен, егер өзінің мазмұны жағынан капиталистік басқару өзіне бағынған өндіріс процесінің, бір жағынан, өнім жасап шығаруға керекті еңбектің қоғамдық процесі, екінші жағынан, капиталдың өсу процесі болып табылатын өндіріс процесінің екі жақтылығына сәйкес екі жақты сипатта болса, ал өзінің формасы жағынан капиталистік басқару деспоттық басқару. Кооперация кең көлемде өрістеген сайын бұл деспотизм де өзінің өзіне тән ерекше формаларын өрістетеді. Капиталистің капиталы шын мәнісінде капиталистік өндірістің басталуын мүмкін ететін минимум мөлшерге жетісімен-ақ, капиталист алдымен дене еңбегінен құтылатыны сияқты, енді ол жеке жұмысшылар мен топты жұмысшыларды тікелей және үнемі бақылап отыру функциясын да жалдама қызметшілердің ерекше категориясына тапсырады. Армияның офицерлер мен унтер-офицерлерді керек ететіні сияқты, дәл сондай-ақ сол белгілі бір капиталдың басқаруымен бірлесіп еңбек етуге біріккен жұмысшылар көпшілігі үшін де еңбек процесі кезінде капиталдың атынан билік ететін өнеркәсіптік офицерлер (басқарушылар, managers) мен унтер-офицерлер (бақылаушылар, foremen, overlookers, contr-maitres) керек. Бақылау жұмысы олардың ерекше функциясы ретінде баянды етіледі. Тәуелсіз шаруалардың немесе дербес колөнершілерінің өндіріс әдісін құлдыққа негізделетін плантаторлық шаруашылықпен салыстыра келіп, экономист бұл бақылау жұмысын өндірістің faux frais-ына жатқызады ^{21a)}. Мұның керісінше, капиталистік өн-

²¹⁾ Ағылшын филистерлерінің «Spectator» деген апталығы 1866 жылғы 26 майдаяғы номерінде мынаны хабарлайды: сым жасайтын Манчестер компаниясында капиталистер мен жұмысшылардың арасында өзінше бір серіктік құрылғаннан кейінгі «бірінші нәтиже материалдарды ысырап етушіліктің аяқ астанан азаюы болды, өйткені жұрт, қандай да болсын өзге де меншікшілер сияқты, өздерінің меншікті мүлкін босқа ысырап етушілік керек еместігін түсінді, ал үмітсіз бөрыштардан кейін материалды ысырап етушілік өнеркәсіпте шығынға ұшыраудың орасан зор көзі болып табылуы мүмкін». Нақ сол аталықтың өзі Родейльдің кооперациялық тәжірибелеріндегі ¹⁷ мына бір негізгі кемшілікті ашады: «Ол тәжірибелер жұмысшы ассоциацияларының дүкендерді, фабрикаларды және өнеркәсіптің барлық формаларын дерлік ойдағыдай меңгере алатындығын көрсетті, жұмысшы ассоциациялары жұмысшылардың өздерінің халін өте-өте жақсартты, бірақ (!) ол ассоциациялар капиталист үшін есте де елеулі орын қалдырмайды». Quelle horreur! (Нендей сұмдық еді!)

^{21a)} Профессор Керас, «еңбекті бақылауды» Солтүстік Американың оңтүстік штаттарындағы құл иеленуші өндірістің ерекше белгісі деп көрсетіп, онан әрі былай

діріс әдісін қарастыра келіп, экономист басқару функциясы бірлескен еңбек процесінің жаратылысының өзінен туатын болғандықтан, ол функцияны сол бақылау функциясымен бір санайды, өйткені бақылау функциясы осы процесің капиталистік, ал олай болса, антагонистік сипатынан туады²²⁾. Капиталист өзі өнеркәсіп орнын басқаратындықтан капиталист болып отырған жоқ,— қайта ол капиталист болғандықтан өнеркәсіптің басшысына айналып отыр. Феодалдық заманда соғыс ісі мен соттағы жоғарғы билік жер меншігінің атрибуты болғаны сияқты, өнеркәсіптегі жоғарғы билік капиталдың атрибутына айналады^{22a)}.

Жұмысшы өзінің жұмыс күшінің меншікшісі болғанда ол өзі жұмыс күшін сатушы ретінде капиталиспен саудаласқанға дейін ғана болады, бірақ ол өзінде барын ғана, өзінің жеке, оқшау жұмыс күшін ғана сата алады. Бұл жағдай капиталистің бір жұмыс күші орнына 100 жұмыс күшін сатып алатындығынан, бір жұмысшымен контракт жасамай, біріне бірі тәуелсіз жүз жұмысшымен контракт жасауынан титтей де өзгермейді. Капиталист осы 100 жұмысшыны пайдалана алады, пайдаланғанда олардың арасында кооперация орнатпай-ақ пайдаланады. Демек, ол дербес 100 жұмыс күшінің құнын төлейді, бірақ жүз адамның құрама жұмыс күшінің құнын төлемейді. Тәуелсіз адамдар болғандықтан, жұмысшылар бірі мен бірі белгілі қатынасқа енбей, белгілібір капиталмен белгілі қатынасқа енетін жеке-жеке жұмысшы болып табылады. Олардың кооперациясы еңбек процесінде ғана басталады, бірақ еңбек процесінде олар енді өзіне өзі ие болудан қалады. Еңбек процесіне енгеннен кейін, олар капиталдың бір бөлегіне айналды. Өзара кооперацияланушы жұмысшылар ретінде, жұмыс істеуші бір организмнің мүшелері ретінде олардың өзі капиталдың өмір сүруінің ерекше тәсілі ғана болып табылады. Сондықтан жұмысшының қоғамдық жұмысшы ретінде өрістетін өндіргіш күші капиталдың өндіргіш күші болып табылады. Жұмысшы белгілібір жағдайларға қойылысымен-ақ еңбектің қоғамдық өндіргіш күші тегін өрістейді, ал капитал жұмысшыны дәл осы жағдайларға қояды да. Еңбектің қоғамдық өндіргіш күші капиталға текке түсетін болғандықтан,

дейді: «Өз еңбегінің бүкіл өнімін өзі иемденетін меншікші-шаруа» (Солтүстік шаруасы) «еңбек ету үшін өзге стимулды керек етпейді. Мұнда бақылау мүлде қажет емес» (*Cairnes*, цитат алынған шығарманың 48, 49-беттері).

²²⁾ Тегінде түрліше өндіріс әдістерінің өздеріне тән қоғамдық өзгешеліктерін білетіндігімен көзге түсетін сэр Джемс Стюарт былай дейді: «Өнеркәсіптегі ірі кәсіпорындар ұсақ өндірісті иеліктен талқандайды, оның себебі бұл кәсіпорындардың құлдықтың жадағайлығына бір табан жақын екендігінен емес пе екен?» («Principles of Political Economy», London, 1767, v. I, p. 167, 168).

^{22a)} Сондықтан да Огюст Конт пен оның мектебі капиталист мырзалардың қажеттігін дәлелдегені сияқты, феодал мырзалардың мәңгі қажеттігін де солай жақсы дәлелдей алған болар еді.

екінші жағынан, жұмысшының еңбегінің өзі капиталдікі болмай тұрғанда жұмысшы әлгі өндіргіш күшті өрістетпейтін болғандықтан, ол өндіргіш күш өзінің жаратылысы жағынан капиталға тиісті өндіргіш күш, капиталға имманентті өндіргіш күш болып табылады.

Жәй кооперацияның әрекеті ерте заманғы азиялықтардың, египеттіктердің, этрустердің, т. т. салған өте зор құрылыстарынан орасан зор көлемде байқалады.

«Бұрынғы өткен заманаларда мынадай жай болған-ды: осы азиялық мемлекеттер, өздерінің азаматтық және әскери қажеттеріне керекті шығындарды жұмсағаннан кейін, өздері әбден онды немесе пайдалы құрылыстарға жұмсай алатын кейбір басы артық тіршілік заттарына ие болған. Егінші емес халықтың барлығының дерлік жұмысшылары солардың билігінде болуының арқасында... және осы басы артық тіршілік заттарын билеу жөніндегі ерекше право монарх пен абыздық болуының арқасында, олардың ел ішін толтырып жіберген алып монументтерді салуға керекті қаражаттары болды... Орасан зор статуяларды орнатуға және орнынан жылжытудың өзі таңғажайып көрінетін орасан ауыр нәрселерді тасуда нағыз ысырапшылдықпен тек қана дерлік адам еңбегі қолданылды... бұл үшін көп жұмысшы болып, олардың күші жұмылдырылса жетіп жатыр еді. Мұхиттың түбінен өте зор маржан жартастар осылай көтеріліп шығатын, аралдар мен құрылық осылай жасалатын, бұл процеске қатысушы әрбір жеке жәндік (depositaire) нәзік, әлсіз, бишара бола тұрса да, осылай болатын-ды. Қандай бір азиялық монархияның егінші емес жұмысшыларының өздерінің жеке дене күштері болмаса басқа іске қосары шамалы еді, бірақ олардың санының өзі күш еді, сондықтан осы бұқараны бір жерден басқарудың пәрменділігі әлгі орасан зор құрылыстарды туғызды. Жұмысшылар күнелткен табыстардың бір немесе біраз адамның қолына шоғырлануы ғана осындай іс істеуді мүмкін етті»²³⁾.

Азия мен Египет патшаларының немесе этрусс абыздарының, т. т. осы билігі кәзіргі заманғы қоғамда капиталистке көшті, көшкенде бұл соңғысы жеке капиталист түрінде шыға ма немесе акционерлік қоғамдардағы сияқты біріккен капиталист түрінде шыға ма, бұл есеп емес.

Бізге адам баласы мәдениетінің бастапқы сатыларынан, мәселен, аңшы халықтардан ^{23a)} немесе Индияның егінші қауымдарынан кездесетін еңбек процесіндегі кооперация түрі, бір жағынан, өндіріс жағдайларын ортақ меншіктенуге негізделген, екінші жағынан, жеке араның ара ұясынан кете алмайтындығы сияқты, жеке адамның өзін румен немесе қауыммен байланыстыратын кіндікке әлі де болса мықтап таңулы екендігіне негізделген. Мұның екеуі де бұл кооперацияны ка-

²³⁾ R. Jones: «Text-book of Lectures etc.». Hertford, 1852, p. 77, 78. Лондондағы және басқа да еуропалық астаналардағы ескі ассириялық, египеттік, т. с. коллекциялар біз үшін осы кооперативтік еңбек процесінің куәсі болып табылады.

^{23a)} Ленге өзін «Théorie des Lois Civiles» деген еңбегінде, бәлкім, аң аулауды кооперацияның алғашқы формасы деп, ал адамдарды аулауды (сорысты) — аң аулаудың ең алғашқы формаларының бірі деп атап отырғаны дәлелсіз болмас.

питалистік кооперациядан өзгешелеп тұрады. Арғы заманғы дүниеде, орта ғасырларда және кәзіргі заманғы отарларда кооперацияның некен-саяқ ірі көлемде қолданылуы тікелей үстемдік ету мен бағындыру қатынастарына, көбінесе құлдыққа негізделген. Мұның керісінше, кооперацияның капиталистік формасы өзінің жұмыс күшін капиталға сататын, басы бос жалдама жұмысшының болуын әуел бастан-ақ керек етеді. Алайда тарихи жағынан алғанда кооперацияның капиталистік формасы шаруа шаруашылығы мен тәуелсіз қолөнер өндірісіне қарама-қарсы өрістейді, мұнда соңғысының цехтық формасының болу-болмауы есеп емес²⁴⁾. Бұларға қарағанда капиталистік кооперация кооперацияның өзгеше бір тарихи формасы ретінде шықпайды, олай емес, кооперацияның өзі өндірістің капиталистік процесіне тән және соның ерекше өзгешелігі болып табылатын тарихи форма ретінде оларға қарама-қарсы қойылады.

Кооперацияның арқасында артқан еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің капиталдың өндіргіш күші болып табылатыны сияқты,— кооперацияның өзі де, бытыранқы тәуелсіз қызметкерлердің немесе ұсақ қожайындардың өндіріс процесіне қарама-қарсы, өндірістің капиталистік процесінің ерекше формасы болып табылады. Мұның өзі — еңбектің капиталға бағынуының салдарынан еңбек процесінің өзі басынан кешіретін бірінші өзгеріс. Бұл өзгеріс стихиялы түрде болады. Еңбектің сол бір процесінің өзінде көп жалдама жұмысшыларды бір мезгілде пайдалану, осы өзгерістің шарты болғандықтан, капиталистік өндірістің бастама пунктін жасайды. Мұның өзі нақ капиталдың өмір сүруімен орайлас келеді. Сондықтан, егер, бір жағынан, капиталистік өндіріс әдісі еңбек процесін қоғамдық процеске айналдыру үшін тарихи қажеттілік болса, онда, екінші жағынан, еңбек процесінің қоғамдық формасы бұл процесінің өндіргіш күшін арттыру арқылы осы процесі тиімдірек етіп пайдалану жөнінде капиталдың қолданатын әдісі болып табылады.

Жоғарыда қарастырылған қарапайым түрінде кооперация кең көлемді өндіріспен орайласады, бірақ оның өзі капиталистік өндірістің өзгеше бір өркендеу заманының ешқандай да баянды, сипатты формасы болып табылмайды. Ең мықтағанда, ол кооперация мануфактураның әлі қолөнер күйіндегі бас-

²⁴⁾ Ұсақ шаруа шаруашылығы да, тәуелсіз қол өнер өндірісі де жарым-жартылай феодалдық өндіріс әдісінің базисі болып табылады, ал ол ыдырағаннан кейін, жарым-жартылай капиталистік өндіріспен қатар өмір сүре береді. Ал мұнымен бірге бұлардың өзі күншығыстың алғашқы кездегі ортақ меншігі ыдырап та бітіп, ал құлдық болса онша-мұнша елеулі дәрежеде өндірісті әлі игеріп үлгіре қоймағаннан кейінгі жерде классикалық қоғамның өзінің өмір сүруінің анағұрлым шарықтаған кезіндегі экономикалық негізін жасайды.

тамаларында ²⁵⁾ және бір мезгілде пайдаланылатын жұмысшылардың көптігі жағынан ғана, бір жерге шоғырланған өндіріс құрал-жабдықтарының мөлшері жағынан ғана шаруа шаруашылығынан елеулі өзгешелігі бола отырып, ірі егіншіліктің мануфактуралық дәуірге сай келетін түрінде шамамен осындай формада көрінеді. Капитал кең көлемде қолданылып, ал еңбек бөлінісі мен машиналар әлі елеулі роль атқармайтын өндіріс тарауларында жәй кооперация әрқашан да үстем форма болып табылады.

Өзінің қарапайым күйінде кооперацияның өзі неғұрлым дамыған басқа да формаларымен қатар тек ерекше бір форма ғана болып отырғанымен де, кооперация капиталистік өндіріс әдісінің негізгі формасы болып қала береді.

²⁵⁾ «Белгілі бір жұмыста көп адамның шеберлігін, еңбек сүйгіштігі мен жарысын ұштастыру осы жұмысты ілгері бастырудың әдісі емес пе? Ал Англия өзінін жұм мата тоқитын мануфактурасын соншама зор жетілгендік дәрежесіне пәлендей бір өзге әдіспен жеткізе алатын ба еді?» (*Berkeley*. «*The Querist*». London, 1750, p. 56, § 521).

О Н Е К І Н Ш І Т А Р А У

ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ ЖӘНЕ МАНУФАКТУРА

I. МАНУФАКТУРАНЫҢ ЕКІ ТҮРЛІ ТӘСІЛМЕН ШЫҒУЫ

Еңбек бөлінісіне негізделген кооперация өзінің үздік формасын мануфактурада алады. Өндірістің капиталистік процесінің сипатты формасы болып табылатын кооперация сөздің дәл өз мағнасындағы мануфактуралық дәуір бойында, яғни шамамен XVI ғасырдың ортасынан бастап XVIII ғасырдың соңғы отыз жылына дейін үстем болды.

Мануфактура екі түрлі тәсілмен туады.

Бірінде бір мастерскойда белгілі бір капиталистің басқаруымен әр түрлі дербес қолөнер жұмысшылары бірігеді, өнім біржолата дайын болып шыққанға дейін ол өнім бір ізбен осылардың қолынан түгел өтуге тиіс. Мысалы, алғашында күйме біріне бірі тәуелсіз көп қолөнершінің: күймешінің, қайысшының, тігіншінің, слесарьдың, мысшының, токарьдың, оқашының, әйнекшінің, бояушының, сырлаушының, зергердің жұмыстарының ортақ өнімі болды. Күйме мануфактурасы осы түрлі-түрлі қолөнершілердің бәрін бір мастерскойға біріктіреді, мұнда олар өздерінің жұмыстарын бірігіп бір мезгілде істейді. Әрине, күйме жасалып бітпей тұрып, оны алтындап зергерлеуге болмайды. Бірақ бір мезгілде көп күйме жасалып жатса, онда олардың бір бөлегі үздіксіз алтындай беріледі, ал бұл екі арада оның екінші бөлегі өндіріс процесінің неғұрлым ілгеріректегі фазаларын өтіп жатады. Әзірге біз өзінің адамдық және заттық материалын дайын күйінде табатын жәй кооперация негізінде болып отырмыз. Бірақ көп ұзамай елеулі өзгеріс болады. Тігінші, слесарь, мысшы, т. т., ол өзі тек күйме ісімен ғана шұғылданатын болғандықтан, өзінің ескі қолөнерімен толық шұғылдану дағдысынан, сонымен бірге осындай қабілетінен де бірте-бірте айрыла бастайды. Екінші жағынан, осы шағын сфера шеңберіндегі оның біржақты іс әрекеті енді анағұрлым қолайлы форма алады. Күйме мануфактурасы алғашында дербес қолөнерлердің біріктірілген түрі болды. Бара-бара күйме өндірісі әр түрлі ерекше операцияларға бөлінеді, бұл операциялардың әрқайсысы бір жұмыс-

шының ерекше функциясы болып қалыптаса береді және бұл операциялардың бәрін осындай бөлшекші жұмысшылардың одағы орындайды. Дәл осылайша, белгілі бір капиталдың басқаруымен түрліше қолөнерлерді біріктіру нәтижесінде шұға мануфактурасы мен толып жатқан басқа да мануфактуралар пайда болды ²⁶⁾.

Бірақ мануфактура бұған қарама-қарсы жолмен де туады. Бір жұмыстың өзін немесе біртекті жұмысты орындайтын, мәселен, қағаз жасайтын, әріп немесе ине жасайтын көп қолөнершіні бір капиталист ортақ бір мастерскойға біріктіреді. Бұл — өзінің ең қарапайым түріндегі кооперация. Осы қолөнершілердің әрқайсысы (бәлкім, бір немесе екі кіші мастермен бірге) бүкіл товарды жасап шығарады, яғни ол товарды жасап шығаруға қажетті түрліше операцияларды бірінен соң бірін істеп шығады. Оның еңбегі өзінің ескі қолөнерлік сипатын сақтайды. Алайда көп ұзамай сыртқы жағдайлар жұмысшылардың бір үйдің ішіне жиналуын және олардың жұмыстарының бір мезгілділігін басқаша пайдалануға мәжбүр етеді. Мәселен, белгілі бір мерзімде көп мөлшерде дайын товар жетістіріп беру керек болады. Сондықтан еңбек бөлінеді. Бір қолөнершінің өзіне түрліше операцияларды бірінен соң бірін орындап шығуды тапсырудың орнына, бұл операциялар бірінен бірі бөліп алынады, оқшауланады, кеңістікте бірімен бірі қатар орналастырылады, оның бер жағында бұл операциялардың әрқайсысы жеке қолөнершіге тапсырылады, сөйтіп өзара кооперацияланушы жұмысшылар бұлардың бәрін бір мезгілде орындап шығады. Бұл кездейсоқ еңбек бөлінісі қайталанып отырады, өзіне тән артықшылықтарын танытып отырады, сөйтіп бара-бара үздіксіз еңбек бөлінісі болып қалыптасады. Көп операцияны орындайтын дербес қолөнершінің жеке өнімінен товар әрқайсысы бір ғана бөлшекті операцияны үздіксіз орындап отыратын қолөнершілер одағының қоғамдық өніміне айналады. Мата өндірісіндегі немістің цех мастерінің орындай-

²⁶⁾ Мануфактураны құрудың бұл әдісінің неғұрлым кәзіргі заманғы үлгісін көрсету үшін мына цитатаны келтірейік. Лион мен Нимде жібек иіру мен жібек мата тоқу ісі «мүлде патриархтық сипатта; өнеркәсіптің бұл тараулары көп әйел мен көп баланы қамтиды, бірақ олардың жанын қатты қинамайды және олардың денсаулығына зиян келтірмейді; олар жібек құрттарын өсіріп, олардың пілделерін тарақатып өздерінің Дрома, Вара, Изера, Воклюза сияқты тамаша алқаптарында қала береді; бұл өндіріс ешқашан да нағыз фабрика сипатын алмайды. Неғұрлым жақыны рақ алып қарағанда... еңбек бөлісу принципі мұнда ерекше бір өзгешеліктерін байқатады. Рас, жіп ораушылар, келтірушілер, бояушылар, шпихталаушылар және, ақырында, тоқымашылар болады; бірақ олардың бір үйге басы қосылмаған және өздері сол белгілі бір қоғамның тәуелді емес; олардың бәрі дербес жұмыс істейді» («A. Blanau: «Cours d'Economie Industrielle. Recueilli par A. Blaise». Paris, 1838—1839, p. 79). Бланкидің мұны жазған кезінен бері өзгерістер болды, сөйтіп бір кездерде тәуелсіз болған жұмысшылардың бір бөлегі енді келіп фабрикаға біріктірілді. { *4-ші басылуына*. Ал Маркс осыны жазғаннан бермен қарай бұл фабрикаларда механикалық тоқыма станогі орын теуіп, қол станогін тез ығыстырып шығаруда. Крефельдің жібек өнеркәсібі мұның айқын айғағы бола алады. Ф. Э }

тын бір ізді жұмыстарының қатарында бір-бірімен қосылып кетіп отырған операциялардың дәл өзі Голландияның мата мануфактурасында дербес операцияларға айналып, өзара кооперацияланушы көп жұмысшының бөлшекті операциялары ретінде бірімен бірі қатар бір мезгілде өтеді. Нюрнбергтің ине жасап шығаратын цех мастері ағылшын ине мануфактурасының негізгі элементін құрайды. Бірақ Нюрнберг қолөнершісі, бәлкім, 20 операцияны бірінен соң бірін бір ізбен жасап шығып отырғанда, ағылшын мануфактурасында бір мезгілде 20 қолөнерші жұмыс істеп, әрқайсысы 20 операцияның біреуін ғана орындайды, оның бержағында тәжірибенің көрсетуіне қарағанда бұл операциялар жеке жұмысшылардың ерекше функциялары ретінде онан да бетер бөлшектеніп, оқшауланып, бір-бірінен жекелене түседі.

Сөйтіп, мануфактураның қолөнерден туу, содан құралу тәсілі екі түрлі болады. Бір жағынан, мануфактура әртүрлі дербес қолөнерлерді құрастырудан туады, бұл қолөнерлер өзінің дербестігінен айырылады, белгілі бір товарды өндіру процесінде бірін-бірі толықтырушы бөлшекті операциялар ғана болатын дәрежеде бір жақты бола түседі. Екінші жағынан, мануфактура бір текті қолөнершілердің кооперациясынан туады, белгілі бір жеке қолөнерді бір-бірінен бөлектенген түрліше операцияларға ыдыратады, бұл операцияларды бір-бірінен оқшаулайды және бұларды әрқайсысы ерекше жұмысшының айырықша бір функциясына айналатындай дәрежеде дербес операциялар етеді. Сондықтан, бір жағынан, мануфактура өндіріс процесіне еңбек бөлінісін енгізеді немесе оны одан әрі дамытады, екінші жағынан, мануфактура бұрын өз алдына дербес болған қолөнерлерді біріктіреді. Бірақ осы жеке реттің екеуінде де мануфактураның бастама пункті қандай болғанымен де, оның актық формасы әрқашан біреу, атап айтқанда: өндірістік механизм, адамдар осының органдары болып табылады.

Мануфактураның ішіндегі еңбек бөлінісін дұрыс түсіну үшін мына мәселелерге көңіл аудару қажет. Ең алдымен өндіріс процесін оның айрықша фазаларына жіктеу бұл арада қолөнер жұмысын өзінің түрліше бөлшекті операцияларына ыдыратумен мүлде бір жерден шығады. Әрбір операция күрделі немесе қарапайым бола ма, жоқ па, оның орындалуы қалай болғанда да өзінің қолөнерлік сипатын сақтайды, олай болса, оның өзі әрбір жеке жұмысшының күшіне, ептілігіне, шапшаңдығына және батыл істеуіне байланысты, оның өз аспаптарын қолдана білуіне байланысты. Қолөнер базис болып қала береді. Осы тар көлемдегі техникалық базис өндіріс процесін шын мағынасында ғылыми жолмен жіктеуге мүмкіндік бер-

мейді, өйткені өнім өтетін әрбір бөлшекті процесс бөлшекті қолөнер жұмысы ретінде орындалуға тиіс болады. Сонымен, қолөнер искусствосы өндіріс процесінің негізі болып қалады, дәл сондықтан да әрбір жұмысшы бөлшекті бір функцияны атқаруға ғана бейімделеді, сөйтіп оның жұмыс күші өмір бойына осы бөлшекті функцияның органына айналады. Ақырында, бұл еңбек бөлінісі өзінен өзі-ақ кооперацияның ерекше бір түрі болып табылады, сондықтан оның көп артықшылық жақтары кооперацияның осы ерекше формасынан тумайды, кооперация атаулының жалпы мәнінен туады.

2. БӨЛШЕКШІ ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРАЛЫ

Тікелей анализ жасауға кірісе отырып, біз ең алдымен мына бір айқын фактіні атап өтуге тиіспіз: бүкіл өмір бойына белгілібір жай операцияны орындайтын жұмысшы өзінің бүкіл денесін сол операцияның автоматтық бір жақты органына айналдырады, сондықтан да оған бірсыпыра көп операцияны кезек-кезек орындайтын қолөнершіден гөрі аз уақыт жұмсайды. Ал мануфактураның жанды механизмін құрайтын құрама жиынды жұмысшы кілең осындай бір жақты бөлшекші жұмысшылардан құралады. Сонымен, дербес қолөнерімен салыстырғанында мұнда неғұрлым аз уақыттың ішінде көп өнім өндіріледі, яғни еңбектің өндіргіш күші артады²⁷⁾. Бөлшекті жұмыс бір адамның ерекше функциясы болып оқшауланғаннан кейінгі жерде бөлшекті жұмыс әдісінің өзі де жетіле түседі. Белгілібір шектеулі операцияны үнемі қайталай беру және бүкіл назарды соған аудару күшті барынша аз жұмсап, белгіленген пайдалы нәтижеге тәжірибе жүзінде жетуге үйретеді. Жұмысшылардың түрлі ұрпағы бір кезде тіршілік етіп, белгілібір мануфактураларда бірге жұмыс істеп отырғандықтан, қол жеткен техникалық өнер тәсілдері нығайып, жинақтала береді, сөйтіп бір ұрпақтан екінші ұрпаққа тез ауысып отырады²⁸⁾.

Мануфактура өзі қоғам ішінде кездестіретін қолөнердің дағдылы оқшаулануын мастерской ішінде қайталап, оны мейлінше үнемі дамыта стырып, осынысы арқылы бөлшекші жұмысшыларды асқан шебер етіп шығарады. Екінші жағынан, мануфактураның бөлшекті еңбекті бір адамның тіршілік міндетіне айналдыруы бұрынғы қоғамдардың қолөнерді мұралық өнер ету талабына, қолөнерлерді қатып семіп қалған касталық

²⁷⁾ «Күрделі мануфактурада функциялар түрліше қызметшілердің арасында неғұрлым көбірек бөлінген болса, өнім соғұрлым тәуір жасалып, тез алынады, уақыт пен еңбектің зая кетуі соғұрлым аз болады». («The Advantages of the East-India Trade». London, 1720, p. 71).

²⁸⁾ «Жеңіл еңбек дегеніміз... тұқым қуалаған шеберлік» (*Th. Hodgskin. «Popular Political Economy»*. London, 1827, p. 48).

формаларға немесе,— белгілібір тарихи жағдайлар жеке адамдарды қастаның болуымен сиыспайтындай өзгергіш ететін болса,— цехтық формаларға айналдыру талабына сай келеді. Касталар мен цехтар, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінде түрлер мен түр өзгешеліктерінің шығуын реттеп отыратын табиғи заң сияқты, нақ сондай табиғи заңның әсерінен туады,— мұндағы айырмашылық тек мынада ғана: дамудың белгілібір сатысында касталардың мұралық сипаты мен цехтардың ерекшелігі қоғамдық заң ретінде декреттеледі²⁹⁾.

«Өзінің жұқалығы жағынан Даккидің мусливінен асқан, өзінің әдемілігі, бояуының беріктігі жағынан Коромандельдің шыттары мен басқа маталарынан асқан нәрсе ешуақытта болып көрген емес. Бірақ осылай бола тұрса да, бұлар капиталсыз, машинасыз, еңбек бөлініссіз өндіріледі, бұларды өндіруде Еуропаның шығарған бұйымдарына сондайлық артықша қасиет беретін әдістердің бірі қолданылмайды. Ондағы тоқымашы дегеніміз — матаны тұтынушылардың заңы бойынша жасап шығаратын және кейде тым дәрекі қиыстырыла салынған қырлы бөренелерден жасалған ең қарапайым конструкциядағы станокте жұмыс істейтін оқшауланған индивидум. Оның керек десе станоктің негізін керетін ешқандай тетігі де жоқ, сондықтан да станок ылғи да ұп-ұзын күйінде көлбең қала беруге тиіс осының салдарынан ол соншалық қолапайсыз болып, орынды соншалық көп алады да, өндірушінің ылашығына сыймайды, сондықтан өндіруші жұмысын далада істеп, әуе райы бұзылған сайын жұмысын тоқтатып отырады»³⁰⁾.

Ұрпақтан ұрпаққа жиналған, атадан балаға мұраға көшіп отыратын арнаулы машықтық қана, өрмекші сияқты, үнділікке асқан шеберлік қасиет бітіреді. Бірақ сонда да болса, мануфактуралық жұмысшылардың көпшілігімен салыстырғанда мұндай үнді тоқымашысы өте күрделі еңбек атқарады.

Өнім өндірген кезде түрліше бөлшекті процестерді бірінен соң бірін атқарып отыратын қолөнерші біресе бір жерден екінші жерге орын ауыстырып отыруға біресе аспаптарын ауыстырып отыруға тиіс болады. Бір операциядан екінші операцияға көшіп отыру оның еңбегінің желісін үзіп кетіп отырады, сөйтіп, былайша айтқанда, оның жұмыс күнінде саңлау қалдырады. Егер ол бүткіл күні бойы үздіксіз бір ғана опера-

²⁹⁾ «Қолөнер де... Египетте едәуір дәрежеде жаптыла түсті. Өйткені осы елдің бір өзінде ғана қол өнершілерге азаматтардың басқа таптарына тән қасиеттермен айналысуға әсте рұқсат етілмеген, бірақ қолөнершілер өздерінің туқымша заңның мұра ретінде бекітіп берген кәсібімен ғана шұғылдануға тиіс болған... Басқа халықтардан біз қолөнершілер өздерінің назарын тым әралуан заттарға бөле беретінін кездестіреміз... Біресе олар жер өндемек болып әрекеттенеде, біресе сауда ісін қолға алады, біресе бірден екі немесе үш өнермен айналысады. Ерікті мемлекеттерде олар әдетте халық жиналыстарына қатынассып отырады... Мұның керісінше, мемлекеттік істерге араласатын немесе бір мезгілде бірнеше өнермен айналысатын әрбір қолөнерші Египетте ауыр жазаға тартылады. Сонымен, оның өз кәсібімен шұғылдануына ешнәрсе бөгет бола алмайды... Мұның үстіне, ата-бабаларынан көп дағдыларды мұраға алып, олар жаңа жақсартулар ойлап табуға барынша жан сала тырысады» («Diodor's von Sicilien Historische Bibliothek», Buch I, cap. 74 [S. 117, 118]).

³⁰⁾ «Historical and descriptive Account of British India etc.» by Hugh Murray, James Wilson etc. Edinburgh, 1832, v. II, p. 449. Үнді тоқыма станогінің тік жылжымалы рейкасы болады, яғни оның негізі станокке тігінен орнатылады.

цияны орындайтын болса, бұл саңлаулар азаяды, оның операцияларының өзгере беруі кеміген сайын әлгі саңлаулар да жоғалып бітеді. Мұнда еңбек өнімділігінің артуы не белгілібір уақыт ішінде жұмыс күшін еселеп жұмсаудан туады, яғни еңбектің өсе түскен интенсивтілігінен туады, немесе жұмыс күшін өнімсіз пайдаланудың азаюынан туады. Атап айтқанда, тыныш қалыптан қозғалысқа көшкен сайын керек етілетін күштің артық жұмсалуының есесі сол кезде-ақ қол жеткен қалыпты жылдамдықтағы еңбектің анағұрлым ұзақ уақыт істелетіндігімен өтеліп отырады. Екінші жағынан, жұмыстың үнемі бір сазды болуы қатты көңіл қоюды, күш-қуаттың тасуын бәсеңсітеді, өйткені ол жұмысты ауыстыру фактысының өзінен туатын демалыстан, дене қызуынан жұмысшыны айырады.

Алайда еңбек өнімділігі қызметшінің асқан шеберлігіне ғана емес, сонымен қатар оның құралдарының жетілгендігіне де байланысты болады. Бір түрдегі құралдар, мәселен кесетін аспаптар, бұрғылайтын, қашайтын, соғатын аспаптар, т. т. әртүрлі еңбек процестерінде қолданылады, ал, екінші жағынан, еңбектің бір түрлі процесінің өзінде сол бір аспаптың өзі түрліше істерге қолданылады. Бірақ еңбек процесінің түрліше операциялары бірінен бірі бөлектенген кезден және бөлшекші жұмысшының қолындағы әрбір бөлшектегі операция өзіне мейлінше сай келетін, сондықтан ерекше бір форма алған кезден бастап,— осы кезден бастап бұрын түрлі мақсаттарға қолданылып келген құралдарды өзгерту қажеттігі туады. Олардың формасының қай бағытта өзгертілетіндігі тәжірибеде анықталады, құралдарды өзгертілмеген түрінде қолдану атап айтқанда қандайлық ерекше қиыншылықтар келтіретінін тәжірибе көрсетіп береді. Мануфактураға сипатты нәрселер: жұмыс аспаптарын саралау, осының арқасында бір түрдегі аспаптар өздерінің әрбір ерекше қолданылуына лайық берік форма алады, және бұл аспаптарды белгілібір жұмысқа қолданылатын ету, осының арқасында әрбір осындай ерекше аспап арнаулы бөлшекші қызметшінің қолында болғанда мейлінше жұмыс істей алады. Бирмингемнің бір өзінде балғаның 500 түрі жасалады, оның бержағында бұл балғалардың әрқайсысы ерекше бір өндірістік процеске қолданылып қана қоймайды, сонымен қатар бірнеше әртүрлі балғалар көбінесе сол белгілібір процестің жеке операциялары үшін қолданылады. Мануфактура дәуірі аспаптарды бөлшекші жұмысшылардың ерекше функцияларына бейімдеу арқылы жұмыс аспаптарын оңайлатады, жақсартады және көбейте түседі ³¹⁾. Сөйтіп ма-

³¹⁾ Эсімдіктер мен жануарлардың табиғи органдары жөнінде Дарвин өзінің бүтін бір заман жасаған «Түрлердің жаратылысы» деген еңбегінде былай дейді: «Бір

нуфактура дәуірі қарапайым көп аспаптың құрамасы болып табылатын машинаның материалдық алғышарттарының бірін жасайды.

Бөлшекші жұмысшы мен оның аспабы мануфактураның жәй элементтері болады. Енді мануфактураны тұтасынан алып қарайық.

3. МАНУФАКТУРАНЫҢ НЕГІЗГІ ЕКІ ФОРМАСЫ: ГЕТЕРОГЕНДІ МАНУФАКТУРА МЕН ОРГАНИКАЛЫҚ МАНУФАКТУРА

Өзінің ішкі құрылысы жағынан мануфактура негізгі екі формаға бөлінеді, бұлар кейде араласып ұштасып келіп отырғанымен де, алайда, елеулі айырмашылықтары бар екі түрлі нәрсе және мануфактураның мұнан әрі машиналы ірі өнеркәсіпке айналуы кезінде мүлде түрліше роль атқарады. Мануфактураның бұл екі жақты сипаты өнімнің жаратылысының өзіне байланысты. Өнім не өз алдына дербес бөлшекті өнімдерді таза механикалық жолмен қоса салудан пайда болады, не болмаса өзара бір-бірімен байланысты процестер мен амалдарды бір ізбен бірінен соң бірін орындаудың арқасында дайын болады.

Мысалы, локомотив 5 мыңнан астам дербес бөлшектерден құралады. Алайда, оның өзі мәнісіне келгенде бірінші түрдегі мануфактураның үлгісі бола алмайды, өйткені ол ірі өнеркәсіптің жемісі болып табылады. Ал мануфактуралық еңбек бөлінісін көрсету үшін Уильям Петти алып қарастырып отырған сағат бұл жөнінде тамаша мысал болып табылады. Нюринберг қолөнершісінің жеке өнімінен бұл сағат толып жатқан бөлшекші жұмысшылардың қоғамдық өніміне айналды. Мұндай бөлшекші жұмысшылар: дайындаушы; сағаттың серіппелерін жасайтын жұмысшы; циферблаттарды жасайтын жұмысшы; қылдарын жасайтын жұмысшы; сағаттың тастарын жасайтын жұмысшы; палетшик; сағаттың тілдерін жасайтын жұмысшы; сағаттың қабын жасайтын жұмысшы; бұрандалар жасайтын жұмысшы; зергер, бұлар көп мамандыққа бөлінеді; мұнан соң сағат дөңгелектерін (оның бержағында латун дөңгелектерді өз алдына бөлек, болат дөңгелектерді өз алдына бөлек) жасайтын жұмысшы; трибтер жасайтын жұмысшы; сағатты бұрау және тілдерін жүргізу механизмін жасайтын жұмысшы; *acheveur de rippon* (дөңгелектерді трибтер-

органның өзі түрліше жұмыстарды орындайтын реттерде органдардың өзгергіштігінің себебі, бәлкім, мынадай болу керек: мұнда табиғи іріктелу форманың әрбір ұсақ ауытқуын бір орган белгілі бір жекеленген міндетке ғана арналған реттердегіден гөрі оншама мұқият сақтамайды немесе басып отырмайды. Мысалы, нағыз әралуан заттарды кесуге арналған пышақтар жалпы алғанда азы-кепті біркелкі формасын сақтауы мүмкін; бірақ аспап белгілі бір нәрсеге қолдануға арналып отырғандықтан, оны басқа нәрсеге қолдануға көшкенде ол өзінің формасын да өзгертуге тиіс».

ге орнатады, фаскаларын өңдеп жылтыратады, т. т.); цапфа жасаушы; planteur de finissage (механизмге түрлі дөңгелектер мен трибтерді қояды); finisseur de barillet (сағаттың бұранда тістерін жасайды, тесіктерін белгілі мөлшерге жеткізіп қашайды, храповик собачкасының серіппесін және собачканы орнатады); сағаттың жүрісін реттеп отыратын тетіктерді жасайтын жұмысшы, ал цилиндрмен жүретін болғанда, цилиндрлерді де жасаушы жұмысшы; жүріс дөңгелектерін жасаушы жұмысшы; баланс жасаушы жұмысшы; ракета (сағаттың жүрісін ретке салып отыратын тетік) жасаушы жұмысшы; planteur d'echarrement (сағаттың жүрісін реттеп отыратын тетікті орнатушы жұмысшы); мұнан кейін gerasseur de barillet (серіппе тұратын барабан мен собачканы жинастырып бітіретін жұмысшы); болатты өңдеп жылтыратушы; дөңгелекті өңдеп жылтыратушы; бұрандаларды өңдеуші; цифрларды салушы; эмальдаушы (мысқа эмаль жүргізеді); fabricant de pendants (сағат қабының бугелін немесе білезігін ғана жасайды); finisseur de charnière (қаптың шарнирларына латун штифт орнатады, т. т.); faiseur de secret (қақпақты ашатын серіппені сағат қабына қондырады); гравер; нақысшы; сағаттың қабын өңдеп жылтыратушы, т. т. және т. б., ақырында, сағаттың бүкіл механизмін біржолата жинастырып, оны жүргізіп жіберетін жинастырушы жұмысшы. Сағаттың бір азғантай бөлегі ғана бірнеше қолдан өтеді, сөйтіп осы *tembra disjecta* (бытыранды мүшелердің)¹¹⁸ бәрі бұларды механикалық бір бүтін нәрсе етіп біріктіретін кезде ғана бір кісінің қолына келіп жиналады. Дайын өнімнің өзінің әртүрлі құрамды бөліктеріне осылайша таза сыртқы қатынаста болуы мұнда, сондай-ақ басқа да осы тәрізді өндірістерде, бөлшекші жұмысшылардың бір мастерскойға бірігуін кездейсоқ етеді. Бөлшекті жұмыстар, өз ретінде, жекелеген дербес колөнерлері түрінде орындала алады, Ваадт және Невшатель кантондарында осылай істеледі, ал енді Женевада, мәселен, ірі сағат мануфактуралары бар, яғни бір капиталдың басқаруымен бөлшекші жұмысшыларды тікелей кооперациялау жүзеге асырылып отырады. Бірақ бұл соңғы ретте де циферблаттар, серіппелер және сағаттың қаптары мануфактураның өзінде сирек дайындалады. Құрамалас мануфактуралық өндіріс мұнда ерекше бір реттерде ғана пайдалы, өйткені үйінде жұмыс істейтін жұмысшылардың арасындағы бәсеке өте күшті, ал өндірісті толып жатқан гетерогендік процестерге бөлшектеу еңбек құралдарын бірігіп пайдалану мүмкіндігіне жол бермейді десе болғандай; ал оның бержағында өндіріс кеңістік жағынан бытырап жатқанда капиталист фабрика үйлеріне шығатын

шығыннан құтылады, т. т.³²⁾ Алайда, мынаны айта кету керек: өзінің үйінде істейтін, бірақ өзі үшін емес, капиталист үшін істейтін (*fabricant, établissement*) осы бөлшекші жұмысшылардың да жағдайы өзінің заказ берушілеріне ғана жұмыс істейтін дербес қол өнершінің жағдайынан мүлде өзгеше³³⁾.

Мануфактураның екінші бір түрі, оның аяқталған формасы дамудың байланысты фазаларын, процестердің бір ізді қатарын өтетін өнімдерді өндіреді; мәселен, ине мануфактурасы осындай мануфактура, мұнда сым темір 72 және тіпті 92 ерекше бөлшекші жұмысшының қолынан өтеді.

Мұндай мануфактура алғашында бытыранды қолөнерлерін біріктіретін болғандықтан, оның өзі өнім өндірудің жеке фазаларын бөліп тұратын кеңістікті азайтады. Өнімнің бір сатыдан екінші сатыға өтуіне қажетті уақыт, сондай-ақ осы өтулерге жұмсалатын еңбек те қысқарады³⁴⁾. Сөйтіп қолөнеріне қарағанда орасан зор өндіргіш күшіне жетуге болады; оның бержағында еңбек өнімділігінің өсуі мануфактураның жалпы кооперативтік сипатынан туады. Екінші жағынан, мануфактураға тән еңбек бөлу принципі қолөнері сипатындағы дербес бөлшекші жұмыстардың тиісті мөлшерін түрінде бірінен-бірі бөлектенетін түрліше өндіріс фазаларының окшаулануына жеткізеді. Окшауланған функциялардың арасында байланыс орнатып, ол байланысты сақтап отыру өнімді бір қолдан екінші қолға, бір процестен екінші процеске үнемі ауыстырып отыру қажеттігін туғызады. Ірі өнеркәсіптің тұрғысынан қарағанда бұл жағдай мануфактураға тән шығынды арттыратын және мануфактура принципінің өзіне имманентті тар өрістілік ретінде жарыққа шығады³⁵⁾.

Егер бір шикі материалдың белгілібір мөлшерін, мәселен

³²⁾ Женева 1854 жылы 80 000 сағат шығарған, мұның өзі Невшатель кантонының сағат өндірісінің бестен бір бөлігінен азырағы болады. Өзін бір сағат мануфактурасы ретінде алып қарауға болатын Шо-де-Фонның өзі ғана жылына Женеваның өндіргенінен екі есе көп өндіреді. 1850 жылдан 1861 жылға дейін Женева 720 000 сағат жасап шығарды. Қараңыз: «Report from Geneva of the Watch Trade» мынада: «Reports by H. M's Secretaries of Embassy and Legation on the Manufactures, Commerce etc.», № 6, 1863. Күрделі өнім өндіру осыларға бөлінетін жеке процестердің бір-біріне тәуелсіздігінің өзі-ақ мұндай мануфактураларды ірі өнеркәсіптің машиналы өндірісіне айналдыруды барынша қиындататын болса, онда сағат өндірісінде бұған қосымша тағы да екі түрлі ерекше кедергі байқалады: құрамды элементтер мөлшерін ұсақтығы мен қиындығы және сағаттың өзі сән-салтанат бұйымы болғандықтан оның формаларының өте-мөте түрлі-түрлі болып келу жағдайы. Лондонның таңдаулы деген фирмалары бүтін жыл бойына бір-біріне ұқсас тым болмаса бір дюжина сағат шығара қоя ма екен. Машинаны ойдағандай қолданатын Ваврон мен Константен сағат фабрикасы келемі мен формасы жағынан сағаттың көп дегенде 3—4 түрін бере алады.

³³⁾ Сағат өндірісінде, гетерогенді мануфактураның осы тамаша үлгісінде, қолөнер ісінің жоғарыда айтылған ыдырауын және жұмыс аспаптарының осыдан келіп туатын жіктелуі мен мамандалуын зерттеу өте-мөте қолайлы келеді.

³⁴⁾ «Адамдар осылай бір-бірімен жақын тұрғанда тасымал жұмысы барынша аз болуға тиіс» («The Advantages of the East-India Trade», p. 106).

³⁵⁾ «Мануфактурада өнім өтетін түрліше өндіріс сатыларын окшаулау, қол еңбегін қолданғанда болмай қоймайтын окшаулау, өндіріс шығындарын өте көбейтеді, оның бержағында шығынның өзі көбінесе бір процестен екінші бір процеске ауысып отырудың салдарынан болады» («The Industry of Nations». London, 1855, Part II, p. 200).

мата мануфактурасындағы шүберекті, ине мануфактурасындағы сым темірді алып қарайтын болсақ, онда әлгі мөлшер түрліше бөлшекші жұмысшылардың қолында өнім өзінің ақтық формасын алғанға дейін уақыт мерзімі жағынан бірінен соң бірі келіп отыратын бірсыпыра өндіріс фазаларынан өтетін болып шығады. Ал егер біз бүкіл мастерскойды жиынды бір механизм ретінде алып қарайтын болсақ, онда шикі материал бір мезгілдің ішінде өндірістің барлық фазаларында болатын болып шығады. Бөлшекші жұмысшылардан құралған жиынды жұмысшы өзінің аспаптармен қаруланған толып жатқан қолдарының бір бөлегімен сым темірді тартады, ал енді оның басқа қолдары мен аспаптары сол екі арада әлгі сым темірді түзетеді, оны кеседі, үштерін үшкірлейді, т. т. Процестің жеке сатыларын уақыт жағынан бірінен соң бірін келтіру олардың кеңістік жағынан бірінің қасына бірінің орналасуына айналды. Осының нәтижесінде белгілібір уақыттың ішінде көп даяр товар шығады³⁶⁾. Бұл бір мезгілділіктің өзі жиынды процестің жалпы кооперативтік формасынан туып отыратын болса да, дегенмен мануфактура кооперация жағдайларын дайын күйінде кездестіріп қана қоймайды, сонымен қатар қолөнер жұмысын құрамды элементтерге ыдырата отырып шінара ол жағдайларды мануфактураның өзі де жасайды. Екінші жағынан, мануфактура еңбек процесінің осы қоғамдық ұйымдас-тырылуына жеткенде жұмысшыны белгілібір тетікке қадалтып істету арқылы ғана жетеді.

Әрбір бөлшекші жұмысшының бөлшекті өнімі сонымен қатар сол белгілібір өнімнің жасалып жетілуінің белгілібір сатысы ғана болып табылатын болса, онда бір жұмысшы екінші жұмысшыға немесе бір топ жұмысшы екінші бір топ жұмысшыға шикі материал жетістіріп беріп отырады. Біреуінің еңбегінің нәтижесі екіншісінің еңбегінің басталар пунктін жасайды. Осындай жолмен бұл арада бір жұмысшы екіншілеріне қолма-қол іс тауып беріп отырады. Әрбір бөлшекті процесте көзделетін пайдалы нәтижеге жету үшін қажетті жұмыс уақытын тәжірибе белгілейді, сөйтіп мануфактураның жиынды механизмі белгілібір жұмыс уақытының ішінде белгілібір нәтиже шығуға тиіс деген ұйғарындыға негізделеді. Осылай болған жағдайда ғана еңбектің бірін-бірі толықтырып отыратын түрліше процестері үздіксіз, уақыт пен кеңістік жағынан бірі мен бірі қатар жасалып отырады. Анығында, жеке жұ-

³⁶⁾ «Оның өзі» (еңбек бөлінісі) «еңбекті әрқайсысы бір мезгілде орында алатын түрліше операцияларға бөле отырып, сонымен қатар уақытты да үнемдейді... Жеке адам бір ізбен бірінен соң бірін атқарып отыруға тиіс болатын еңбектің түрліше процестерінің бәрін бірден орындау арқылы, мәселен, басқаша ретте бір түйреуішті кесіп немесе ұштау үшін ғана қажет болатын уақыттың ішінде толық жасалып біткен көптеген түйреуіш жасап шығаруға мүмкіндік туады» (*Dugald Stewart*, цитат алынған шығарманың 319-беті).

мыстардың осы тікелей өзара байланыстылығы, олай болса, жұмысшылардың да осылай өзара байланыстылығы, олардың әрқайсысын өзінің функциясын орындауға тек қажетті жұмыс уақытын ғана пайдалануға мәжбүр етеді, осының нәтижесінде дербес қол өнеріндегіден және тіпті жай кооперациядағыдан да гөрі мүлде өзгеше үздіксіздік, бір сарындылық, жүйелілік, тиісті тәртіп³⁷⁾ және, әсіресе, еңбек интенсивтілігі жасалады. Өнім өндіруге тек қоғамдық қажетті жұмыс уақыты ғана жұмсалуға тиіс екендігі товар өндірісінің тұсында заты бәсекенің сырттай күштеуі ретінде көрінеді, өйткені, үстіртін айтқанда, әрбір жеке өндіруші өзінің товарын рыноктік бағаммен сатуға тиіс. Ал енді мануфактурада белгілібір жұмыс уақытының ішінде белгілібір мөлшердегі өнімді жасап шығару өндіріс процесінің өзінің техникалық заңына айналады³⁸⁾.

Алайда түрліше операциялар түрліше уақытты керек етеді, сондықтан да бірдей уақыттың ішінде бөлшекті өнімдерді түрліше мөлшерде береді. Олай болса, әрбір жұмысшы күн сайын үнемі сол бір операцияның өзін жасап отыруға тиіс болса, онда түрліше операцияларға түрліше мөлшердегі жұмысшылар қажет болады, мәселен әріп құятын мануфактурада әріп құятын 4 адамға әріпті соғып тұратын 2 адам және бір өңдеуші керек, өйткені әріп құюшы сағатына 2 000 әріп құяды, әріп соғушы 4 000 әріп соғады, ал өңдеуші 8 000 әріпті өңдеп шығарады. Мұнда кооперация принципі өзінің ең қарапайым формасына қайта оралады: біртекті жұмысты орындайтын көп адамның еңбегін бір мезгілде пайдалануға қайтып оралады; бірақ енді бұл принцип белгілібір біте қайнасқан қатынасты көрсетеді. Сонымен, мануфактуралық еңбек бөлінісі қоғамдық жиынды жұмысшының сапа жағынан әртүрлі органдарын оңайлатып, алуан түрлі етіп қана қоймайды, сонымен қатар бұл органдардың сандық мөлшерлері үшін, яғни әрбір ерекше функциядағы жұмысшылардың относителді саны үшін немесе жұмысшылар тобының относителді шамасы үшін тұрақты математикалық пропорциялар жасайды. Сапа жағынан бөлшектеумен бірге мануфактуралық еңбек бөлінісі еңбектің қоғамдық процесінің сандық нормалары мен пропорциясын жетілдіреді.

Белгілібір өндіріс үшін тәжірибе бөлшекші жұмысшылардың түрліше топтарының арасында неғұрлым қолайлы сандық қатынас орнатқан болса, онда өндірістің көлемін кеңейткенде

³⁷⁾ «Мануфактура қызметшілерінің арасында түрлішелік неғұрлым көп болса... тәртіп пен әрбір жұмыстың жүйелілігі соғұрлым көп болады, оған жұмсалатын уақыт пен еңбек мөлшері соғұрлым аз болады» («The Advantages the East-India Trade». London, 720, p. 68).

³⁸⁾ Алайда, көптеген өндіріс тарауларында мануфактуралық кәсіпорындар бұл нәтижеге шала-шарпы ғана жетеді, өйткені мануфактура өндіріс процесінің жалпы химиялық және физикалық жағдайларын дәл бақылап отыра алмайды.

осы жеке топтардың әрқайсысындағы жұмысшылар санының бүтінін алып барып қана кеңейту мүмкін болады³⁹⁾. Бұған тағы мынадай жағдай қосылады: белгілібір жұмыстардың үлкен көлемде жүргізілетініне немесе кіші көлемде жүргізілетініне қарамастан, бұл жұмыстарды сол бір индивидуумның өзі бірдей оңай орындай алады; мұндай жұмыстар, мәселен, жоғарғы бақылау еңбегі, бөлшекті өнімдерді өндірістің бір фазасынан екінші фазасына ауыстырып отыру, т. т. Сондықтан бұл жұмыстарды арнаулы жұмысшылар орындайтын дербес функциялар етіп бөліп шығару өндірісте істейтін жұмысшылардың санын көбейткенде ғана тиімді болады, бірақ бұлай көбейту мұнымен бірге дәл сол пропорцияда барлық топтарды қамтуға тиіс.

Жұмысшылардың әрбір жеке тобы, нақ сол белгілібір бөлшекті функцияны орындайтын жұмысшылардың белгілі мөлшері біртекті элементтерден құралады және жиынды механизмнің ерекше органы болып табылады. Алайда кейбір мануфактураларда мұндай топтардың өзі бөлшектенген жұмысшы тұлғасы болып табылады, ал жиынды механизм осы элементарлық өндіріс организмдерін қайталау немесе еселеп көбейту арқылы құралады. Мысал үшін бөтелке мануфактурасын алайық. Бұл мануфактура мүлде өзгеше үш түрлі фазаға бөлінеді. Біріншіден, дайындық фазасы: шихтілерді дайындау,— құмнан, әктен, т. т. қоспа даярлау,— және бұл қоспаны сұйық шыны массасы етіп еріту⁴⁰⁾. Осы бірінші фазада, дәл сондай-ақ соңғы ақтық фазада — бөтелкелерді күйдіруші пештен алып, оларды сорттау, буып түюде, т. т.— түрліше бөлшекші жұмысшылар істейді. Анығында бөтелкенің жасалуы, яғни сұйық шыны массаны өңдеп шығару осы екі фазаның арасында өтеді. Сол бір ғана пештің аузында бүтіндей бір топ адам жұмыс істейді, бұл топ Англияда «hole» (терезе) деп аталады және бұл топ бір bottle maker [бөтелке жасау] немесе finisher [өңдеушіден], бір blower [үрлеушіден], бір gatherer [банкашыдан], бір putter up [алып қойып тұрушыдан] немесе whetter off [сындырып бөліп алып тұрушыдан] және бір taker in [тасып тұрушыдан] құралады. Осы бөлшекші бес жұмысшы бір тұтас бірлесіп қана істей алатын, яғни бес адамның тікелей кооперациясы ретінде ғана істей алатын бірыңғай жұмысшы денесі-

³⁹⁾ «Белгілібір әр мануфактураның өнімінің ерекше жаратылысына қарай тәжірибе өндіріс процесін қанша бөлшекті операцияларға бөлудің неғұрлым тиімді екендігін және әрбір операцияға қанша жұмысшының керек екенін көрсеткеннен кейін, тәжірибе белгілеген бұл сандардың бүтінін долме-дәл сақтамайтын кәсіпорындардың бәрі өнімді көп шығынмен өндіретін болады... Өнеркәсіп орындарының орасан зор кеңею себептерінің бірі осындай» («Ch. Babbage. «On the Economy of Machinery». London, 1832, ch. XXI, p. 172—173).

⁴⁰⁾ Англияда балқытушы пеш шыныны өңдеп шығаратын пештен бөлек, ал, мәселен, Бельгияда сол бір пештің өзі екі процестің екеуін де атқарады.

нің ерекше бес органын құрайды. Егер бұл дененің бес мүшесінің біреуі жетіспесе бүкіл дене жансыз болып қалады. Алайда бір шыны пешінің өзінде бірнеше тесік болады,— Англияда, мәселен, 4-тен 6-ға дейін болады,— бұлардың әрқайсысының отқа төзімді, сұйық шыны құйылған балқыту қыш құмырасы бар, әрбір құмыраның жанында бес мүшеден құралған өзінің бір топ адамы жұмыс істейді. Мұнда әрбір жеке топтың бөлшектенуі тікелей еңбек бөлінісіне негізделген, ал енді түрліше біртекті топтардың арасындағы одақ жай кооперация болып табылады, мұның тұсында бірлесіп пайдаланудың арқасында өндіріс құрал-жабдықтарының бірі, бұл жерде шыны балқыту пеші анағұрлым үнемді пайдаланылады. Өзінің 4—6 тобы бар әрбір осындай шыны балқыту пеші шыныны жұмыстауға арналған дербес мастерской сияқты бір мастерской құрады, ал шыны мануфактурасы аспап-саймандармен, өндірістің бастапқы және ақтық фазаларына керекті жұмысшылармен қоса осы тәрізді бірнеше мастерскойды қамтиды.

Ақырында, шінара өзінің де түрліше қолөнерлердің құрамасынан туатыны сияқты, мануфактура, өз ретінде, түрліше мануфактуралардың құрамасына айналуы мүмкін. Мысалы, Англияда шыны жасайтын ірі кәсіпорындар өздеріне керекті отқа төзімді балқыту құмыраларын өздері жасап алады, өйткені өнімнің қаншалықты сәтті немесе сәтсіз болып жасалуы әлгі құмыралардың сапасына әбден байланысты. Өндіріс құрал-жабдықтарының мануфактурасы бұл арада өнім мануфактурасымен байланысты. Мұның керісінше, өнім мануфактурасы осы өнімнің өзі шикі материал есебіне жүретін немесе соңынан сол мануфактуралардың өнімдерімен қосылып кететін мануфактуралармен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, флинтглас мануфактурасы кей кездерде шыныны өңдеп ажарлау мануфактурасымен, әртүрлі шыны заттарға металл құрсаулар жасап шығаруға қызмет ететін латунь-құю мануфактурасымен жалғасып қосылып кетеді. Бұл ретте бірімен-бірі жалғасқан түрліше мануфактуралар жиынды бір мануфактураның кеңістік жағынан азды-көпті оқшауланған бөлімдері болады және мұнымен бірге біріне-бірі тәуелсіз — әрқайсысының өзінде өз еңбек бөлінісі бар өндіріс процестері болып табылады. Құрама мануфактураның кейбір артықшылықтары бола тұрса да, бұл мануфактура өз негізінде шын мәнісіндегі техникалық бір тұтастыққа жете алмайды. Бұл тұтастық мануфактура машиналы өндіріске айналған кезде ғана туады.

Товар өндіруге қажетті жұмыс уақытын азайтуды өзінің саналы принципі деп тез арада жариялаған мануфактуралық

дәуір⁴¹⁾ машиналарды қолдануды да оқта-текте өрістете түседі, әсіресе көп адамды және көп күш жұмсауды керек ететін кейбір жәй дайындық процестерінің тұсында өрістетеді. Мысалы, мата мануфактурасында шүберектерді әбден ұнтақтау үшін көп ұзамай ерекше диірмендер сала бастады, ал металлургияда руданы ұнтақтау үшін ұнтағыш диірмен жасай бастады⁴²⁾. Машина өзінің ең қарапайым жәй формасында сонау Рим империясынан су диірмені түрінде мұраға қалған болатын⁴³⁾. Қолөнер дәуірі де бізге ұлы жаналықтар қалдырды, олар: компас, оқ дәрі, кітап басу және автомат сағаттар. Бірақ осыдан кейін де машина жалпы, бүтіндей алғанда оған Адам Смиттің еңбек бөлінісімен қатар беріп отырған екінші дәрежелі ролін атқарып келеді⁴⁴⁾. XVII ғасырда машиналарды оқта-текте қолдану өте маңызды роль атқарды, өйткені оның өзі сол заманның ұлы математиктеріне кәзіргі заманғы механиканы жасау үшін практикалық тірек пункттер мен ынта-жігер берді.

Көптеген бөлшекші жұмысшылардан құралған жиынды жұмысшының өзі мануфактуралық дәуір үшін ерекше механизм болып қалады. Товар өндіруші кезек-кезек жасайтын және оның еңбегінің процесінде бір бүтін нәрсе болып қосылысып кететін түрліше операциялар оған әртүрлі талаптар қояды. Бір жағдайда ол күшін көп жұмсауы керек, ал екінші бір жағдайда көбірек ептілік көрсету керек, үшінші жағдайда көбірек ықтиятылық жасауы керек, т. т., бірақ бір ғана индивидумның бойында осы қасиеттердің бәрі теңдей бола бермейді. Түрліше операциялар бөлініп, бөлектеніп, оқшауланғанын кейін жұмысшылар өздерінің басым қабілеттеріне сәйкес бөлінеді, жіктеледі және топталады. Сонымен, егер жұмысшылардың табиғи өзгешеліктері еңбек бөлінісі өсіп жетілетін негізді жасайтын болса, онда, екінші жағынан, мануфак-

⁴¹⁾ Басқасын былай қойғанда, мұның өзі У. Петтидің, Джон Беллерстің, Эндриу Яррантанның еңбектерінен, «The Advantages of the East-India Trade» кітабынан және Дж. Вандерлинттің еңбектерінен айқын көрінеді.

⁴²⁾ Сонау XVI ғасырдың аяғында-ақ Францияда руданы ұнтақтап, сүзіп алу үшін келі мен елеуші қолданылған болатын.

⁴³⁾ Машиналардың дамуының бүкіл тарихын үн диірмендерінің даму тарихынан байқауға болады. Ағылшын тілінде фабрика осы күнге дейін mill [диірмен] деп атаалады. Технология жөнінде XIX ғасырдың алғашқы он жылдары ішінде шыққан неміс шығармаларында біз табиғат күштерімен жүргізілетін машиналарды ғана емес, сонымен қатар механикалық аппараттарды қолданатын жалпы мануфактура атаулыны белгілеу үшін Mühle [диірмен] деген сөзді қолданғанын да көздестіреміз.

⁴⁴⁾ Оқушы осы еңбектің төртінші кітабынан көрсетіндей, А. Смит еңбек бөлінісі жөнінде бір де бір жаңа қағида ұсынған жоқ. Оны мануфактуралық дәуірдің қорытушы экономикасі ретінде сипаттайтын нәрсе — оның осы еңбек бөлінісіне қатты көңіл бөлуі. Ірі өнеркәсіптің дамуына байланысты, А. Смиттің машиналарға тек бағынышты роль берген көзқарасына Лодердель тарапынан, ал ең кейінгі заманда Юр тарапынан қарсылық білдірілді. А. Смит оның үстіне аспаптарды жіктеуді машиналарды ойлап шығарумен шатастырып отыр, бұларды жіктеуде мануфактураның бөлшекші жұмысшыларының өздері үлкен роль атқарды. Машиналарды ойлап шығаруда мануфактуралық жұмысшылардың ролі болған жоқ, қайта ғалымдардың, қолөнершілердің, тілі шаруалардың да (Бриндли) ролі болды, тағысын тағылар.

тура өзі енгізілгеннен кейін, өзінің табиғаты жағынан біржақты ерекше функцияларды ғана атқаруға жарамды жұмыс күштерін өрістетеді. Жиынды жұмысшы енді барлық өндірістік қасиеттерге асқан шеберлігі жағынан бірдей дәрежеде ие болады және сонымен бірге бұл қабілеттерін өте үнемдеп жұмсайды, өйткені ол ерекше жұмысшының немесе жұмысшылардың ерекше тобының бойында жекеленген өзінің әрбір органы тек қана оның ерекше функциясын атқару үшін ғана қолданады⁴⁵⁾. Бөлшекші жұмысшы жиынды жұмысшының органы болып табылатындықтан бөлшекші жұмысшының біржақтылығы және тіпті оның толық дәрежеде еместігі оның артықшылық қасиетіне айналады⁴⁶⁾. Біржақты функцияға дағдылану оны инстинкті сеніммен қимылдайтын органға айналдырады, ал жиынды механизмнің байланысы оны машинаның жеке бөлімінің жүйелігіндей қимылдауға мәжбүр етеді⁴⁷⁾.

Жиынды жұмысшының түрліше функциялары оңай да қиын, неғұрлым төмен немесе неғұрлым жоғары дәрежеде болуы мүмкін болғандықтан, оның органдары, жеке жұмысшы күштері, өте түрліше дәрежедегі білімділікті керек етеді, сондықтан олардың құны тіптен түрліше болады. Сонымен, мануфактура жұмыс күштерінің жалақы сатысы сай келетін иерархиясын өрістетеді. Егер, бір жағынан, жеке жұмысшы өзі бүкіл өмір бойына таңулы болған бір жақты функцияға бейімделетін болса, онда, екінші жағынан, түрліше еңбек операциялары да табиғи және жүре біткен қабілеттердің әлгі иерархиясына дәл сондай дәрежеде бейімделеді⁴⁸⁾. Алайда әрбір өндірістік процесс әрбір адамның қолынан бірдей келе беретін белгілібір қарапайым қимылдардың болуын да керек етеді.

⁴⁵⁾ «Мануфактурадағы жұмыс арқайсысы түрліше дәрежедегі шеберлік пен күшті керек қылатын бірнеше аралық операцияларға бөлінетін болғандықтан, мануфактура несі әрбір операцияға қажетті мөлшердегі күш пен шеберлікті өзіне қамтамасыз ете алады. Ал егер өнімді жасап шығарудың күллі процесін бір жұмысшы ғана орындайтын болса, онда сол бір индивидуумның өзі нағыз шетін операцияларға керекті жеткілікті шеберлікке ие болуға тиіс болар еді және ең ауыр операцияларға керекті жеткілікті күшке ие болуға тиіс болар еді» (*Ch. Babbage*, цитат алынған шығарманың XIX тарауы).

⁴⁶⁾ Мәселен, бұлшық еттердің біржақты өсуі, сүйектердің қисаюы, т. т.

⁴⁷⁾ Бір шынды мануфактурасының жоғарғы бастығы У. Маршалл мырза тергеу комиссиясының: жас өспірім жұмысшылардың еңбек интенсивтілігі қалай сүйемелденіп отырады деген сұрауына өте жақсы жауап берген: «Олар өзінің ісіне неқұрайды қарай алмайды; олар жұмысты бастаған екен, оны ары қарай апарулары керек; олар бір ғана машинаның бөлшегі тәрізді нәрсе» («*Children's Employment Commission. Fourth Report, 1865*, p. 247).

⁴⁸⁾ Доктор Юр өзінің ірі өнеркәсіпті дәріптеп мадақтауында өздерінің айтысу мүдделері болмаған бұрынғы экономистерге қарағанда және тіпті өзінің замандастарына қарағанда, мәселен математик және механик ретінде Юрден асып түсетін, алайда ірі өнеркәсіпті тек мануфактуралық тұрғыдан ғана алып қараған Баббеджге қарағанда мануфактураның ерекше сипатын күштірек байқайды. Юр былай дейді: «Жұмысшының әрбір бөлшекті операцияға бейімделуі еңбек бөлінісінің мәні болып табылады» дейді. Екінші жағынан, ол осы еңбек бөлінісін «жұмыстарды түрліше жеке адам қабілеттеріне бейімдегендік» деп атап, ақырында, бүкіл мануфактуралық системаны «шеберлік дәрежесіне қарай жіктеу системасы», «шеберліктің түрліше дәрежелеріне қарай еңбек бөлінісі», т. т. деп сипаттайды (*Ure: «Philosophy of Manufactures»*, p. 19—23, *passim*).

Сөйтіп мұндай қимылдар енді іс-әрекеттің неғұрлым мазмұнды кезеңдерімен өзінің берік емес байланысын үзеді де, ерекше бір функциялар түрінде қатып-семіп қалады.

Сондықтан мануфактура өзі игерген әрбір қолөнерде үйретілмеген жұмысшылар дейтін категория жасайды, қолөнер өндірісі мұндай жұмысшыларды мүлде болғызбаған еді. Жалпы еңбек етуге қабілеттіліктің есебінен біржақты мамандықты асқан шеберлікке дейін өрістете отырып, мануфактура қандай да болсын дамудың жеткіліксіздігінің өзін айрықша мамандыққа айналдырады. Иерархиялық сатылармен қатар жұмысшыларды үйретілген және үйретілмеген жұмысшылар деп жай бөлушілік пайда болады. Соңғылар үшін үйрету шығындары мүлде болмайды, алғашқылары үшін бұл шығындар, үйретілген жұмысшылардың функцияларының оңайлағандығы нәтижесінде, қолөнершілердің шығындарынан төмен болады. Мұның екеуінде де жұмыс күшінің құны төмендейді⁴⁹⁾. Бұдан ерекше жағдай мынадай ретте байқалады: еңбек процесінің жіктелуі қолөнер өндірісінде не әсте болмаған немесе шектеулі мөлшерде ғана болған жаңа байланысты функциялар жасаған кезде байқалады. Үйрету шығындарын жоюдың немесе азайтудың нәтижесі болып табылатын жұмыс күшінің біршама құнсыздануы капиталдың неғұрлым көп өсуін тікелей көрсетеді, өйткені жұмыс күшін ұдайы өндіруге қажетті уақытты қысқартатын нәрсенің бәрі қосымша еңбек саласын ұлғайтады.

4. МАНУФАКТУРА ІШІНДЕГІ ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ МЕН ҚОҒАМ ІШІНДЕГІ ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ

Біз алдымен мануфактураның қайдан шыққанын, онан соң оның қарапайым жай элементтерін — бөлшекші жұмысшы мен оның құралын, — ақырында, оның механизмін түгелдей қарастырып өттік. Енді мануфактуралық еңбек бөлінісі мен товар өндірісі атаулының жалпы негізі болып табылатын қоғамдық еңбек бөлінісінің арасындағы қатынастарға қысқаша тоқталамыз.

Егер еңбектің өзін ғана еске алатын болсақ, онда қоғамдық өндірістің егіншілік, өнеркәсіп, т. т. сияқты өзінің ірі-ірі түрлеріне бөлінуін жалпы [im Allgemeinen] еңбек бөлінісі деп атауға болады, өндірістің бұл түрлерінің жеке түрлер мен түр өзгешеліктеріне бөлінуін — шінара [im Besonderen] еңбек бөлінісі деп атауға болады, ал мастерскойдың ішіндегі еңбек бө-

⁴⁹⁾ «Әрбір кәнігі жұмысшы... бір бағытта жаттыға беру арқылы жетілуге мүмкіндік алып... неғұрлым арзан жұмысшыға айналады» (Ure. «Philosophy of Manufactures», p. 19).

лінісін — жеке дара [im Einzelnen] еңбек бөлінісі деп атауға болады ⁵⁰⁾.

Қоғам ішіндегі еңбек бөлінісінде және индивидуумды белгілі бір кәсіп сферасында тиісінше тежеуде, мануфактура ішіндегі еңбек бөлінісіндегі сияқты, дамудың біріне-бірі қарама-қарсы екі бастама нүктесі бар. Семья ішінде ^{50а)} — ал одан арғы дамуда ру ішінде — табиғи еңбек бөлінісі жыныс және жас айырмашылықтарының салдарынан туады, яғни таза физиологиялық негізде туады, сондықтан бұл еңбек бөлінісі қоғамдық өмірдің ұлғаюымен бірге, халықтың өсуімен бірге, әсіресе әртүрлі рулардың арасында дау-жанжалдар шығуымен бірге және бір рудың екінші руға бағынуымен бірге өзінің сферасын кеңейте түседі. Екінші жағынан, бұрын да өзімнің айтып өткенімдей, өнімдер айырбасы түрліше семьялар, рулар, қауымдар бірімен бірі тікелей араласқан пункттерде туады, өйткені адам баласы мәдениетінің бастапқы кезінде жеке индивидуумдар емес, семьялар, рулар, т. т. дербес единицалар ретінде өзара қарым-қатынас жасасады. Түрліше қауымдар өздерінің айналасындағы табиғаттан түрліше өндіріс құрал-жабдықтары мен түрліше тіршілік заттарын табады. Сондықтан олар өндіріс әдісіне қарай, тіршілік қалпына қарай және өндіретін өнімдеріне қарай бірінен бірі өзгеше болады. Мұның өзі қауымдар тікелей араласқан кезде өзара өнімдер айырбасын туғызатын, олай болса, бұл өнімдерді бірте-бірте товарға айналдыратын, табиғи өсіп шыққан айырмашылықтар. Айырбас өндіріс сфераларының арасында айырмашылық туғызбайды, бірақ қазірдің өзінде түрлі-түрлі болып отырған сфералардың арасында байланыс орнатады және бұларды жиынтық қоғамдық өндірістің азды-көпті дәрежеде біріне-бірі байланысты тарауларына айналдырады. Бұл арада қоғамдық еңбек бөлінісі алғашында түрліше болған, бірақ біріне бірі тәуелді емес өндіріс сфераларының арасындағы айырбас арқылы туа-

⁵⁰⁾ «Тіптен аралауан кәсіптердің жекеленуінен басталатын еңбек бөлінісі сол белгілі бір өнімді істеп шығарумен шұғылданатын жұмысшылардың бөлінуіне дейін барады, мұның өзі мануфактурада орын алатын нәрсе». (*Storch. «Cours d'Economie Politique»*, Париждегі басылуы, I том, 173-бет). «Цивилизацияның белгілі дәрежесіне жеткен халықтардан біз үш түрлі еңбек бөлінісін кездестіреміз: өзіміз жалпы еңбек бөлінісі деп атайтын бірінші еңбек бөлінісі өндірушілерді егіншілер, өнеркәсіпшілер және саудагерлер деп бөлу — бұл бөлініс ұлттық өндірістің басты-басты үш тарауына сәйкес келеді; арнаулы еңбек бөлінісі деп атауға болатын екінші еңбек бөлінісі өндірістің әрбір тегін түрлерге бөлу... Ақырында, жұмыстың бөлінуі немесе сөздің дәл өз мағынасындағы еңбек бөлінісі деп атауға болатын өндірістің үшінші бір түрлі бөлінісі жеке қолөнерлердің немесе кәсіптердің көлемінде болады... мануфактуралар мен мастерскойлардың көпшілігінде болады» (*Skarbek*, цитат алынған шығарманың 84 — 85-беттері).

^{50а)} { 3-ші басылуына ескерту. Адам баласының алғашқы қалпын ең соңғы кездердегі келеді зерттеулер авторды мынадай қортындыға келтірді: алғашында семья руға айналған жоқ, қайта, мұның керісінше, рудың өзі қандас туыстыққа негізделген адам баласы қоғамының ең алғашқы табиғи қалыптасқан формасы болды, сондықтан семьяның түрліше формалары кейіннен ғана, ру одақтарының ыдырай бастауынан дамиды. Ф. Э. }

ды. Физиологиялық еңбек бөлінісі бастама пункт болатын жерлерде тікелей байланысып жатқан тұтастықтың ерекше органдары бір-бірінен ажырайды, ыдырайды,— оның бержағында бұл ыдырауға негізгі итермеші болатын нәрсе — бөтен қауымдармен товар айырбасын жасау,— сөйтіп бұл органдар өз өнімдерін товар ретінде айырбастау арқылы жеке жұмыстардың арасында орнайтын байланысты ғана өзара сақтай отырып, дербес органдарға айналады. Бір жағдайда бұрын дербес болған нәрсе өзінің дербестігінен айырылады, ал екінші бір жағдайда бұрын дербес болмаған нәрсе дербестік алады.

Товар айырбасы арқылы жүзеге асырылған және дамыған әрбір еңбек бөлінісінің негізі қаланың деревнядан бөлінуі болып табылады⁵¹⁾. Қоғамның бүкіл экономикалық тарихы осы қарама-қарсылықтың қозғалысында қорытылады деуге болады, алайда бұл қарама-қарсылыққа біз бұл жерде онан әрі тоқталып жатпаймыз.

Егер мануфактура ішіндегі еңбек бөлінісінің материалдық алғышарты бір мезгілде жұмыс істейтін жұмысшылардың белгілі бір саны болып табылатын болса, онда қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі үшін мұндай алғышарт халық саны мен оның тығыздығы болып табылады, адамдардың бір мастерскойға жиналып топтасуы қандай роль атқаратын болса, бұл арада халық саны мен оның тығыздығы дәл сондай роль атқарады⁵²⁾. Бірақ халықтың бұл тығыздығы относителді бір нәрсе. Қатынас құралдары дамымаған, халқы неғұрлым тығыз елдегіден гөрі халқы бір шама көп емес, бірақ дамыған қатынас құралдары бар елде халық анағұрлым тығыз келеді; осы мағнада алғанда Американың одағының солтүстік штаттарында халық, мәселен, Индиядағыдан тығыз мекендеген⁵³⁾.

Товар өндірісі мен товар айырбасы капиталистік өндіріс әдісінің жалпы алғышарты болып табылатындықтан, ману-

⁵¹⁾ Сэр Джеме Стюарт бұл пунктті басқалардан тәуір баяндап көрсетті. Адам Смиттің «Wealth of Nations» деген еңбегінен он жыл бұрын жарыққа шыққан оның еңбегінің көзіргі кезде жұртқа соншалық аз мәлім екендігі, басқасын былай қойғанда, мынадан көрініп отыр: Мальтустің дәріптеушілер мына жағдайды білмейді де: Мальтустің «халық өсуі» жөніндегі еңбегінің бірінші басылуы, егер оның таза тақпақты жағын былай қоятын болсақ, түгелдей дерлік Стюарттан, сонымен қатар Уоллес пен Таунсенд деген поэттардан көшіріліп алынған.

⁵²⁾ «Әлеуметтік қатынастар дами алу үшін де, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыра түсетін күштердің біріктірілуі үшін де халықтың белгілі дәрежеде тығыз болуы қажет» (*James Mill. «Elements of Political Economy». London, 1821, p. 50*). «Жұмысшылардың саны өскен кезде... қоғамның өндіріс күші жұмысшылар санының өсуімен еңбек бөлінісінің нәтижелілігіне көбейткендегі нәтижеге пропорциялы түрде көбейеді» (*Th. Haagskin. «Popular Political Economy», p. 120*).

⁵³⁾ 1861 жылдан бастап, мақтаға деген сұраныстың өсуі нәтижесінде, Ост-Индияның халық неғұрлым тығыз мекендеген кейбір аудандарында күріш өндірісінің орнына мақта өндірісі ұлғайды. Кей жерлерде ашаршылық туды, өйткені қатынас құралдарының жеткіліксіз болғандығынан және осының салдарынан нақты байланыстың жеткіліксіз болғандығынан күріштің бір ауданда кем өндірілуі оны басқа аудандардан тасып жеткізумен толықтырылмады.

фактуралық еңбек бөлінісі қоғам ішінде кәзірдің өзінде-ақ белгілі дәрежеде пісіп жетілген еңбек бөлінісінің болуын керек етеді. Мұның керісінше, мануфактуралық еңбек бөлінісі кері әсер ету арқылы қоғамдық еңбек бөлінісін дамытып, ұлғайта түседі. Еңбек құралдары сараланған сайын осы құралдар жасалып шығатын өндіріс тараулары да барған сайын саралана береді⁵⁴). Мануфактуралық өндіріс бұғанға дейін өнеркәсіптің басқа тарауларымен негізгі немесе қосалқы тарау ретінде байланысты болып келген және сол бір өндірушінің өзі жүзеге асырып келген әйтеуір бір өнеркәсіп тарауына тараған кезде дереу бөліну және өзара бір-бірінен жекелену пайда болады. Егер мануфактура белгілі товарды өндірудің жеке сатысын игеретін болса, онда товар өндірудің түрліше сатылары дербес кәсіпшіліктерге айналады. Дайын өнімнің өзі бөлшекті өнімдерді кілең механикалық жолмен қоса салу болып табылатын жерде бөлшекті жұмыстар, өз ретінде, жеке қолөнерлері түрінде дербестік ала алатыны жоғарыда көрсетілген болатын. Мануфактура ішінде еңбек бөлінісін толығырақ жүргізу үшін, өндірістің сол белгілі бір тарауы,— өзінің шикізаттарының айырмашылықтарына және бір шикізаттың өзінің алуы мүмкін әртүрлі формаларына қарай,— түрліше мануфактураларға және оның үстіне кейде мүлде жаңа мануфактураларға бөлініп кетеді. Мысалы, Францияның бір өзінде ғана XVIII ғасырдың алғашқы жартысында-ақ алуан түрлі жібек маталардың 100-ден аса түрі тоқылған болатын, ал, мәселен, Авиньонда мынандай заң болған: бұл заң бойынша «әрбір үйренуші өндірістің бір түрін ғана үйренуге түгелдей берілуі керек және бір мезгілдің ішінде бірнеше өнім жасау әдістерін үйренбеуі керек».

Өндірістің белгілі бір тарауларын елдің белгілі бір аудандарына бекітіп беретін территориялық еңбек бөлінісі алуан түрлі ерекшеліктерді қолданатын мануфактуралық өндірістің арқасында жаңа демеу алады⁵⁵). Мануфактуралық дәуірде қоғам ішіндегі еңбек бөлінісіне дүниежүзілік рыноктың ұлғаюы мен отарлық система бай материал береді, бұлар мануфактуралық дәуірдің өмір сүруінің жалпы шарттарына кіреді. Бұл арада еңбек бөлінісі экономикалық саламен қатар қоғамның барлық басқа сфераларын да қалай қамтитынын және

⁵⁴) Мысалы, Голландияда тоқыма машинасының қайықтарын жасап шығару XVII ғасырдың өзінде-ақ өнеркәсіптің ерекше тарауы болды.

⁵⁵) «Ағылшынның жүн мата өнеркәсібі белгілі бір жерлерге орын тепкен түрліше бөлімдерге немесе тарауларға бөлініп отырған жоқ па, бұл жерлерде бүкіл өндіріс бүтіндей немесе басым түрде осы тарауларға келіп тіреледі: жұқа шұға Сомерсет-ширде өндіріледі, қалың шұғалар Йоркширде, қос енді шұғалар Эксетерде, жібек Садбериде, крес Нориджде, жартылай жүн маталар Кендальде, одеял Уитниде өндіріледі, т. т.» (*Berkeley. «The Querist»*, 1750, § 520).

тар өрісті профессионализм мен мамандандырудың, адамды бөлшектеудің негізін барлық жерде қалай жасап жатқандығын зерттеп жататын орын емес; адамды бөлшектеу жөнінде А. Смиттің ұстазы А. Фергюссонның өзі-ақ: «Біздер — илоттар ұлтымыз, біздердің арамызда бостан адамдар жоқ!»⁵⁶⁾ деген болатын.

Алайда, қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі мен мастерской ішіндегі еңбек бөлінісінің арасындағы толып жатқан ұқсастыққа, байланысқа қарамастан, бұл екі типтің екеуі де дәреже жағынан ғана емес, сонымен қатар мәні жағынан да өзара түрліше. Ішкі байланыс өндірістің түрліше тарауларын қамтып отырған жерде ұқсастық өте-мөте даусыз болып көрінеді. Мысалы, мал бағушы тері жасап шығарады, былғарышы оны былғарыға айналдырады, етікші былғарыны етікке айналдырады. Мұнда әрқайсысы тек шала өнім өндіреді, ал түпкілікті, дайын зат осы жеке жұмыстардың құрама өнімі болып табылады. Бұған тағы да мал бағушыға, былғары илеушіге және етікшіге бұлардың өндіріс құрал-жабдықтарын жетістіріп беретін түрліше еңбек тараулары келіп қосылады. А. Смит құсап былай деп ойлауға болады: мұндай қоғамдық еңбек бөлінісі мануфактуралық еңбек бөлінісінен тек субъективті жағынан ғана, бақылаушы үшін ғана өзгеше болады-мыс, бақылаушы адам кеңістік жағынан біріккен түрліше бөлшекті жұмыстарды мануфактурада бір қарағанда қамтиды, ал енді қоғамдық өндірісте бұл байланыс өндірістің жеке тарауларының едәуір кеңістікте бытырап жатқандығының арқасында және әрбір тарауда істейтін жұмысшылардың көптігінің арқасында көрінбей көлегейленеді⁵⁷⁾. Ал малшының, былғарышының және етікшінің бір-біріне тәуелсіз жұмыстарының арасындағы байланысты не орнатады? Олардың өнімдерінің товар ретінде өмір сүруі орнатады. Мұның керісінше, мануфактурадағы еңбек бөлінісін не нәрсе сипаттайды? Мұны бөлшекші жұмыс-

⁵⁶⁾ А. Ferguson. «History of Civil Society». Edinburgh, 1767, Part IV, sect. II, p. 285).

⁵⁷⁾ Мануфактуралардың өзінде, дейді ол, еңбек бөлінісі едәуір зор болып көрінеді, өйткені «мұнда еңбектің түрліше тарауларының әрқайсысында істейтін жұмысшылар екінің бірінде сол белгілі бір мастерскойдың өзінде біріктірілген болуы мүмкін, сөйтіп барлығы бірден бақылаушының көзіне түсуі мүмкін. Мұның керісінше, толып жатқан көп халықтың орасан зор қажеттерін қанағаттандырып отыруды өзіне міндет етіп қойып отырған үлкен мануфактураларда (!) еңбектің әрбір жеке тарауы соншалық едәуір көп жұмысшыны қамтып тұрады, сондықтан олардың бәрін бір мастерскойдың өзінде біріктіру мүмкін болмайды... еңбек бөлінісі тым бадырайып көзге түсе қоймайды» (А. Smith. «Wealth of Nations», b. I. ch. 1) Дәл сол тарауды мына сөздермен басталаын әйгілі жері: «цивилизациялы және гүлденіп өркендеген елдің қарапайым қолөнерісінің немесе күндүкісінің үлесіне келетін тіршілік рахаттарына қарап көріңдерші...» және мұнан кейін қарапайым жұмысшының керектерін қанағаттандыру үшін өндірістің соншалық көп тараулары өздерінің күшін біріктіретіндігі атап көрсетілетін жері.— бұл жері Б. Мандевилдің «Fable of the Bees, or Private Vices, Publick Benefits» деген еңбегіне жазылған ескертулерден сөзбе-сөз дерлік көшіріліп алынған, (ескертулерсіз басылған бірінші басылуы 1705 жылы, ескертулерімен басылғаны 1714 жылы шықты).

шының мұнда товар өндіретіндігі сипаттайды⁵⁸⁾. Көптеген бөлшекші жұмысшылардың ортақ өнімі ғана товарға айналады^{58а)}. Қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі еңбектің түрліше тарауларының өнімдерін сатып алу, сату арқылы жанама түрге кіреді; ал мануфактураның ішіндегі бөлшекті жұмыстардың арасындағы байланыс түрліше жұмыс күштерін, бұларды біріккен жұмыс күші ретінде қолданатын, сол бір капиталистің өзіне сату арқылы жанама түрге кіреді. Мануфактуралық еңбек бөлінісі өндіріс құрал-жабдықтарының бір капиталистің қолына шоғырлануын керек етеді, қоғамдық еңбек бөлінісі өндіріс құрал-жабдықтарының біріне бірі тәуелсіз көптеген товар өндірушілердің арасына бытырауын керек етеді. Мануфактурада барынша нақтылы пропорциялар мен қатынастардың темірдей берік заңы жұмысшылар бұқарасын түрліше функцияларға бөліп береді; мұның керісінше, жағдай мен озбырлықтың әуре-сарсаң машақаты товар өндірушілер мен олардың өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық еңбектің түрліше тарауларына бөлінуін белгілеп береді. Рас, өндірістің түрліше сфералары тепе-теңдікке үнемі ұмтылып отырады, өйткені, бір жағынан, әрбір товар өндіруші тұтыну құнын өндіруге тиіс, яғни белгілі бір қоғамдық қажетті қанағаттандырып отыруға тиіс,— оның бержағында бұл қажеттердің мөлшері сан жағынан түрліше болады және түрліше қажеттер бір табиғи системаға өзара іштей байланысты болады,— екінші жағынан, товар құнының заңы қоғам өз қарамағындағы жұмыс уақытының қандай бөлегін әрбір белгілі бір түрдегі товарды өндіруге жұмсай алатындығын белгілеп береді. Алайда өндірістің түрліше сфераларының тепе-теңдікке үнемі ұмтыла

⁵⁸⁾ «Бұл арада енді жеке еңбекке төленетін табиғи ақы деп атауға болатын ешнәрсе жоқ. Әрбір жұмысшы бүтін нәрсенің бір бөлегін ғана өндіреді, ал әрбір бөлшектің жеке өзін алғанда ешқандай құндылығы немесе пайдалылығы болмайтындықтан, мұнда жұмысшы оны өзі алып: «Мынау менің өнімім, мынаны мен өзім ұстап қаламын» деп айтарлықтай ештеңе жоқ». («Labour Defended against the Claims of Capital»). London, 1825, p. 25). Бұл тамаша еңбектің авторы жоғарыда еңбегі қатқатқа келтірілген Т. Годскин.

^{58а)} 2-ші басылуына ескерту. Еңбектің қоғамдық бөлінісі мен мануфактуралық бөлінісінің арасындағы бұл айырмашылық яғни үшін практика жүзінде кезге елестетіп көрсетілді. Азамат соғысының кезінде Вашингтонда ойлап шығарылған жана салықтардың бірі «барлық өнеркәсіп өнімдеріне» салынатын 6% ақсиз болды. Ал өнеркәсіптік өнім дегеніміз не? — деген сұрау туады. Заң шығарушы бұған мынадай жауап береді: істеліп шыққан» (when it is made) қандай да болсын зат өнім болып табылады, ал ол зат сатуға даяр болғандықтан, оның істеліп шыққаны, деп жауап береді. Көп мысалдардың бірі мынадай. Нью-Йорк пен Филадельфияның мануфактуралары ескі уақытта барлық керекті нәрселерімен қосын қол шатырлар «жасап шығаратынды». Бірақ қол шатырдың өзі мүлде әртүрлі құрамды бөліктердің mixture composition [біріктірілуі] болғандықтан, бұл бөліктерді жасап шығару біртүрлі өндірістің біріне-бірі тәуелсіз және әртүрлі жерде орналасқан өзгеше тарауларының өндіретін затына айналды. Олардың бөлшекті өнімдері дербес товарлар ретінде қол шатыр мануфактурасына енді, бұл мануфактура бар болғаны осы түрлі-түрлі құрамды бөліктерді біріктіреді. Яғни бұл сияқты өнімдерді assembled articles [жинамалы бұйымдар] деп атады, ал мұның өзі алды бұйымдарға салық жинайтын жинақ пункттері ретінде шынында лайықты түрде тағылған ат. Мысалы, қол шатыр өз элементтерінің арқайсысының бағасынан: 6% салық «жинайды» және тағы да дәйын өнімнің бағасынан 6% салық жинайды.

беретін осы тенденциясы осы тепе-теңдіктің үнемі бұзыла беруіне қарсы жасалған реакция ғана болып табылады. Мастерской ішіндегі еңбек бөлінісі кезінде а priori [алдын ала] және жоспарлы түрде әрекет ететін тәртіп қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі кезінде товар өндірушілердің ретсіз озбырлығын жеңіп отыратын және рынок бағаларының барометрлік ауытқулары түрінде ғана қабылданатын ішкі, дүлей табиғи қажеттілік ретінде а posteriori [соңынан барып] әсер етеді. Мануфактуралық еңбек бөлінісі капиталистке тиісті жиынды механизмнің жәй қарапайым буындары болып табылатын адамдарға капиталистің сөзсіз өктемдік жасауын керек етеді; қоғамдық еңбек бөлінісі бәсекеден басқа,— жануарлар дүниесінде bellum omnium contra omnes¹¹⁹ азды-көпті дәрежеде барлық түрлердің өмір сүру шарты екендігі сияқты,— өздерінің өзара мүдделері күресінің нәтижесі болып табылатын зорлаудан басқа ешқандай беделді танымайтын тәуелсіз товар өндірушілерді біріне-бірін қарама-қарсы қояды. Сондықтан мануфактуралық еңбек бөлінісін, қызметшінің өмір бойына пәлендей бір операцияға бекітіліп қойылуын және бөлшекші жұмысшының капиталға сөзсіз бағынуын еңбектің өндіргіш күшін арттыратын еңбек ұйымдастырылуы ретінде жер-көкке сиғызбай мадақтайтын буржуазиялық сана,— нақ осы буржуазиялық сананың өзі дәл осындай қызулықпен қандай да болсын саналы қоғамдық бақылауды және өндірістің қоғамдық процесін тәртіптеп отыруды жеке капиталистің ешкім қол сұқпайтын меншік, бостандық праволарына және оның өзін-өзі билейтін «даналығына» оқталғандық деп жерден алып жерден салады. Өте бір сипатты нәрсе — фабрикалық системаны өршелене жақтаушылар қоғамдық еңбектің жалпыға бірдей ұйымдастырылуына: мұндай ұйымдастыру бүкіл қоғамды фабрикаға айналдырып жіберген болар еді, дегеннен басқа күшті қарсылық пікір таба алмай отыр.

Егерде қоғамдық еңбек бөлінісінің анархиясы мен мануфактуралық еңбек бөлінісінің деспотиясы капиталистік өндіріс әдісі бар қоғамда өзара бірін-бірі тугызатын болса, онда, мұның керісінше, қолөнерлерінің оқшаулануы табиғи дамып, онан соң қалыптасып және, ақырында, заң бойынша бекітілетін қоғамның неғұрлым ертеректегі формалары, бір жағынан, қоғамдық еңбектің жоспарлы және беделді түрде ұйымдастырылу сипатын көрсетеді, екінші жағынан — мастерской ішіндегі еңбек бөлінісін мүлде болғызбайды немесе оны тым болымсыз көлемде дамытады, не болмаса анда-санда ғана және кездейсоқ түрде дамытады⁵⁹⁾.

⁵⁹⁾ «Мына жағдайды жалпы ереже ретінде қабылдауға болады...: Өкімет билігі қоғам ішіндегі еңбек бөлінісін неғұрлым азырақ басқаратын болса, мастерской

Мысалы, біразы осы күнге дейін сақталып қалған алғашқы ұсақ үнді қауымдары жерді қауым болып иеленуге, егіншілікті колөнерімен тікелей ұштастыруға және әрбір жаңа қауымды құрған кезде дайын жоспар мен схема болып қызмет ететін орныққан еңбек бөлінісіне негізделіп құрылған. Әрбір осындай қауым өзіндік мәні бар өндірістік бір бүтін құрады, мұның өндіріс саласы 100 акрдан бірнеше мың акрға дейінгі жерді қамтиды. Өнімнің негізгі көпшілігі товар ретінде емес, қауымның өзінің тікелей тұтынуы үшін өндіріледі, сондықтан да өндірістің өзі бүкіл үнді қоғамында товар айырбасымен жанама жүретін еңбек бөлінісінен тәуелді емес. Өнімнің артығы ғана товарға айналады, онда да заттай рента түрінде өнімнің белгілі мөлшері атам заманнан бері өзіне құйылып жататын мемлекеттің қолында ғана шінара товарға айналады. Индияның әр жерлерінде қауымдардың әртүрлі формалары кездеседі. Неғұрлым қарапайым тұрпаттағы қауымдарда жер бірлесіп өңделінеді, ал мұнан алынатын өнім қауым мүшелері арасында бөліске түседі, ал енді жіп иірумен, тоқымашылықпен, тағы тағыларымен қосымша үй кәсібі ретінде әрбір семья өз алдына дербес айналысады. Біртекті еңбекпен шұғылданушы осы бұқарамен қатар біз мыналарды кездестіреміз: бір өзі судья да, полиция да, алым-салық жинаушы да болып отырған қауым «басын»; егіншілік пен кадастр есебін жүргізіп отыратын бухгалтерді; қылмыстыларды қудалайтын, шетел саяхатшыларын күзететін және оларды бір деревнядан екінші деревняға шығарып салып отыратын үшінші чиновникті; қауымның шекараларын көршілес қауымдардың қол сұғуынан күзетіп қорғайтын шекарашыны; тоғандарды қарап отырушыны кездестіреміз, бұл адам қоғамдық тоғандардан егісті суғаруға қажетті суды жұртқа бөліп беріп отырады; дін адамының міндеттерін атқаратын браминді; қауымның балаларын күмнің үстінде оқып, жазуға үйрететін мектеп оқытушысы; егін егетін, орақ оратын уақытты, жалпы алғанда түрліше егіншілік жұмыстарына қолайлы және қолайсыз уақытты көрсетіп отыратын астролог ретіндегі қалендарь браминін; барлық егіншілік құралдарын жасап, жөнделп отыратын темір ұстасы мен ағаш ұстасын; бүкіл деревня үшін ыдыс-аяқ жасайтын құмырашыны; шаштаразды; киім жуатын кір жуушыны; күміс бұйымдарының зергерлерін және, кейбір жеке реттерде, кейбір қауымдарда күміс бұйымдарының зергерлері орнына, ал кейбір қауымдарда мектеп мұғалімінің орнына жүретін ақын-

ішіндегі еңбек бөлінісі соғұрлым күшті дамиды, мұнда ол бір адамның билігіне соғұрлым күшті бағынулы болады. Сонымен, еңбек бөлінісіне келгенде мастерскойдағы билік психологиядағы билік біріне бірі кері пропорцияда болады» (*К. Маркс. «Философия қайыршылығы». Париж, 1847, 130, 131-беттер. [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 4-том, 154-бет]*).

ды кездестіреміз. Осы топ адам бүкіл қауымның есебінен асыралып сақталады. Егер халық көбейетін болса, егін егілмеген жерде ескі қауымның үлгісімен жаңа қауым құрылады. Қауымның механизмі жоспарлы түрдегі еңбек бөлінісін көрсетеді, бірақ мануфактуралық еңбек бөлінісі мүмкін емес, өйткені темір ұстасы, балташы, т. т. үшін рынок өзгермей қала береді, ең мықтағанда, деревнялардың көлеміне қарай, бір темір ұстасының, бір құмырашының, т. т. орнына екі-үш темір ұстасы, құмырашы, т. т. кездеседі⁶⁰⁾. Қауымдық еңбек бөлінісін реттеп отыратын заң мұнда табиғат заңының айқын күші ретінде әсер етеді: әрбір жеке қолөнерші, мәселен, темір ұстасы, т. т., өзінің кәсібіне жататын операциялардың бәрін дәстүрлі әдіс бойынша орындап отырады, алайда мастерской ішінде өзіне ешқандай өктемдік жасалуын мойындамай мүлде дербес орындап отырады. Белгілі бір ғана формада өзін үнемі ұдайы өндіріп отыратын және талқандалып қирап қалған уақытта нақ сол жердің өзінде, нақ сол бұрынғы есімімен қайта пайда болатын осы өзіндік мәні бар қауымдардың өндіріс механизмінің қарапайымдылығы⁶¹⁾ Азия қоғамдарының өзгермейтіндік сырын түсіндіріп береді, олардың бұл сыры Азия мемлекеттерінің үнемі қирап қалып, жаңадан құрылып отыратындығымен, олардың династияларының тез ауысып отыратындығымен соншалық күшті қайшылықта болады. Бұл қоғамның негізгі экономикалық элементтерінің құрылымын саясаттың бұлтты саласында болып жататын дауылдар шарпи алмайды.

Жоғарыда айтылып өткендей, цехтық заңдар, жұмысты бір мастердің беріп отыруға правосы бар кіші мастерлердің санына қатаң шек қоя отырып, мұнымен әлгі мастердің капиталистке айналуына жоспарлы түрде бөгет болып отырды. Дәл сондай-ақ мастер кіші мастерлерді пайдаланғанда өзі мастери болып отырған қолөнерде ғана пайдалана алды. Цех купецтік капиталдың, — капиталдың цехтарға қарсы тұрған осы бірден-бір еркін формасының тарапынан болатын қандай да болсын қол сұғушылықтардан өзін жан сала қорғап отырды. Купец қандай да болсын товарды сатып ала алатын еді, бірақ товар

⁶⁰⁾ *Mark Wilks*, Lieutenant Colonel «Historical Sketches of the South of India». London, 1810—1817, V. I, p. 118—120. Үнді қауымдарының түрліше формаларының өте жақсы баяндап суреттелуін мына еңбектен табуға болады: *George Campbell*. «Modern India». London, 1852.

⁶¹⁾ «Бұл елді жайлаушылардың өмірі атам заманнан бері осы қарапайым формаларда... өтіп келді. Жеке деревнялардың шекаралары сирек өзгереді; деревнялардың өзі келі кездерде соғыстан, ашаршылықтан немесе індеттерден күйзеліп, тіпті біржолата қырылып қалып отырғанмен де, дегенмен олар сол бұрынғы атымен, сол бұрынғы шекараларында, сол бұрынғы мүдделерімен және тіпті сол бұрынғы семьяларымен қайтадан қалпына келіп, талай-талай гасырлар өмір сүре берді. Мемлекеттің күйреуі немесе бөлінуі деревняны жайлаушыларды оншама алаң еге қоймайды; деревня бүтін күйінде қалып отырғандықтан, оның кімнің өкіметіне кіргені, оның қандай суверенге бағынуға тиіс болғаны есеп емес; олардың экономикалық ішкі өмірі сол күйінде өзгермей қалады» (*The Stamford Raffles*, late Lieut. Gov. of Java «The History of Java». London, 1817, V. I, p. 285).

ретінде еңбекті сатып ала алмайтын. Оған қолөнерінің өнімдерін алып-сатар ретінде ғана төзді. Егер сыртқы жағдайлар үдемелі еңбек бөлінісін туғызып отырған болса, онда кәзіргі бар цехтармен жеке түрлерге ыдырап отырды немесе бұрынғы ескі цехтармен қатар жаңа цехтар құрылып отырды, бірақ құрылғанда түрліше қолөнерлерін бір ғана мастерскойға біріктірместен құрылып отырды. Сонымен, цехтық ұйымның қолөнерлерін жекелеуі, окшаулауы және дамытуы мануфактуралық дәуірдің материалдық алғышарты болғанымен, дегенмен цехтық ұйымның өзі мануфактуралық еңбек бөлінісіне мүмкіндік қалдырмады. Бүтіндей, жалпы алғанда жұмысшының өзінің өндіріс құрал-жабдықтарымен тығыз біте қайнасып кеткені соншалық, мұның өзі ұлудың өз қабыршағымен жабысып қалғаны сияқты нәрсе, демек, мұндағы жетіспей тұрған нәрсе мануфактураның алғашқы негізі: өндіріс құрал-жабдықтарының жұмысшыға қарсы тұратын капитал ретінде оқшауланбағандығы болды.

Бүкіл қоғамдағы еңбек бөлінісі — мұның өзі товар айырбасы арқылы болып отыр ма, жоқ па, мұның бәрібір — мүлде әртүрлі қоғамдық-экономикалық формацияларға тән болып отырғанда, мануфактуралық еңбек бөлінісі капиталистік өндіріс әдісінің мүлде ерекше туындысы болып табылады.

5. МАНУФАКТУРАНЫҢ КАПИТАЛИСТІК СИПАТЫ

Едәуір көп жұмысшының сол бір капиталдың өзінің басқаруымен бір жерге топтасуы жалпы кооперация атаулының да, сондай-ақ мануфактураның да табиғи бастама пункті болады. Өз ретінде мануфактуралық еңбек бөлінісі пайдаланылатын жұмысшылардың сан жағынан өсуін техникалық қажеттілік етеді. Енді жеке капиталист пайдалануға тиіс болатын жұмысшылар минимумы нақты бар еңбек бөлінісі арқылы зорлап таңылады. Екінші жағынан, одан әрі болатын еңбек бөлінісінің келтіретін пайдасы жұмысшылар санының жаңадан артуына байланысты, жұмысшылар санын бұлай арттыру белгілібір мастерскойдағы өндірістік топтардың бәрін белгілі пропорцияларда бірден көбейту арқылы ғана жүзеге асырылады. Бірақ капиталдың өзгермелі құрамды бөлегімен қатар оның тұрақты бөлегі де өсуге тиіс, оның бержағында өндірістің жалпы жағдайларының — үй-жай, пеш, т. т.— өсуімен қатар шикі материалдың мөлшері де көбеюге тиіс, көбейгенде жұмысшылар санының көбеюінен әлдеқайда тез көбеюге тиіс. Белгілібір уақыттың ішінде белгілібір мөлшердегі жұмысшылардың пайдаланып жұмыс істейтін шикі материалдарының жиыны еңбек бөлінісінің нәтижесінде еңбектің өндіргіш кү-

шінің өсуіне пропорциялы түрде көбейеді. Сонымен, жеке капиталистке қажетті капиталдың минимум сомасының өсуі немесе қоғамдық тіршілік заттары мен өндіріс құрал-жабдықтарының бірден-бірге капиталға айпалуы мануфактураның техникалық сипатының өзінен туатын заң болып табылады⁶²⁾.

Жай кооперациядағы сияқты мануфактурада да іс атқарушы жұмысшы тұлғасы капиталдың өмір сүру формасы болып табылады. Көптеген бөлшекші жеке жұмысшылардан құралған қоғамдық өндіріс механизмі капиталистке тиісті. Осының нәтижесінде еңбектің әрқилы түрлерінің құрамаласуынан туатын өндіргіш күш капиталдың өндіргіш күші болып табылады. Сөздің дәл өз маңасында алғандағы мануфактура бұрын дербес болған жұмысшыны капиталдың билігіне, тәртібіне бағындырып қана қоймай, сонымен қатар мұның үстіне жұмысшылардың өздерінің иерархиялық жіктелуін туғызады. Жай кооперация жеке адамдардың еңбек әдісін жалпы және тұтас алғанда өзгеріссіз қалдыратын болса, мануфактура оны төменнен жоғарыға дейін революцияландырады және жеке адамның жұмыс күшін оның нағыз түп тамырынан-ақ кесілге ұшыратады. Аргентинада малды оның терісін немесе майын алу үшін соятыны сияқты мануфактура жұмысшыны кемтарлыққа ұшыратады, оны тек біржақты ептілікке жасанды түрде үйретеді де, оның өндірістік бейімділігі мен талантының бүкіл дүниесін езіп тастайды. Жеке бөлшекші жұмыстар ғана әртүрлі индивидуумдердің арасында бөлініп қоймай, сонымен қатар индивидуумның өзі де бөлінеді, белгілібір бөлшекті жұмыстың автоматтық құралына айналады⁶³⁾, сөйтіп адамды сол адамның өз денесінің мүшелері түрінде бейнелейтін Менений Агриппаның¹²⁰ сұрқиялық ертегісі жүзеге асады⁶⁴⁾. Егер алғашында жұмысшы товар өндіру үшін өзінің материалдық зат қаржылары болмағандықтан өзінің жұмыс күшін капиталға сататын болса, ал қазір оның жеке жұмыс күшінің өзі

⁶²⁾ «Қолөнерлерінің осы белгілі бөлімшесіне қажетті капиталдың (былай деу керек еді: тіршілік заттары мен өндіріс құрал-жабдықтарының) қоғамда болуы әлі жеткіліксіздік етеді; мұның үстіне бұл капитал өндірісті үлкен көлемде жүргізуге мүмкіндік бөбетіндей едәуір көп мөлшерде кәсіпкерлердің қолына жинақталған болуы қажет... Еңбек бөлінісі дамыған сайын жұмыстағы жұмысшылардың өзгеріссіз саны құралдар, шикі материалдар, т. т. түрінде капиталды барған сайын едәуір көп жұмсауды керек етеді» (*Storch*, «Cours d'Economie Politique», Парижде басылуы, I том, 250, 251-беттер). «Саясат саласында мемлекеттік өкімет билігінің шоғырлануы мен жеке бас мүдделерінің алшақтығы бір-бірінен қандай бөлінбейтін нәрсе болса, өндіріс құралдарының шоғырлануы мен еңбек бөлінісі де бір-бірінен дәл сондай бөлінбейтін нәрсе» (*Карл Маркс*, «Философия қайыршылығы», Париж, 1847, 134-бет [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*, Шығармалар, 2-ші басылуы, 4-том, 156-бет]).

⁶³⁾ Дагалд Стюарт мануфактуралық жұмысшыларды «бөлшекті еңбек операцияларына пайдаланылатын тірі автоматтар...» деп атайды (*Dugald Stewart*, цитат алынған шығарманың 318-беті).

⁶⁴⁾ Кораллыларда әрбір жеке индивидуум шынында да бүкіл топтың асқазаны болып табылады. Бірақ оның өзі топқа жейтін қоректер беріп отырады, Рим патрицийлерінің плеейлерден тартып алып отырғанындай, ол қорек заттарын тартып алмайды.

капиталға күні бұрын сатылып қойылмайынша, пайдаланыла алмайды. Оның жұмыс күші басқалармен байланыста болу арқылы ғана іс атқара алады, ал бұл байланыс жұмыс күші сатылғаннан кейін ғана, капиталистің мастерскойында жүзеге асырылады. Өз бетімен бірдеме жасауға шамасы келмей қалған мануфактуралық жұмысшы өндіргіштік қызметін капиталистің мастерскойына тиесілі нәрсе ретінде ғана өрістете алады⁶⁵). Қалаулы халықтың маңдайына: бұл — Иегованың меншігі деп жазылып қойғаны сияқты, дәл сондай-ақ еңбек бөлінісі мануфактуралық жұмысшыға капитал меншігінің таңбасын басады.

Тағы адамның бүкіл әскери өнері өз басының айлакерлігі ретінде көрінетіні сияқты, дербес шаруаның немесе қолөнершінің тіпті болымсыз мөлшерде болса да өрістететін білімі, парасаттылығы мен жігері бұл арада түгелдей бүкіл мастерскойдан ғана талап етіледі. Өндірістің рухани қабілеттері істің бір жағында өзінің көлемін ұлғайтатын себебі, өзге көп жақтарында әлгі қабілеттер мүлде жоғалып кетіп отырады. Бөлшекші жұмысшылардың жоғалтатын нәрсесі өздеріне қарама қарсы капиталдың бойына келіп жинақталады⁶⁶). Мануфактуралық еңбек бөлінісі мынаған жеткізеді: өндірістің материалдық процесінің рухани қабілеттері бөтеннің меншігі ретінде және жұмысшыға өктемдік стетін күш ретінде жұмысшыларға қарсы тұрады. Бұл бөлектену процесі жәй кооперацияда басталады, мұнда капиталист жеке жұмысшы жөнінде қоғамдық еңбек тұлғасының бірлігі мен еркі болып табылады. Бұл процесс мұнан соң мануфактурада дамиды, мануфактура жұмысшыны бөлшекші жұмысшыға айналдырып, оның адамдық бейнесін бұзады. Бұл процесс ірі өнеркәсіпте аяқталады, ірі өнеркәсіп өндірістің дербес қабілеті ретіндегі ғылымды еңбектен бөліп алып, оны капиталға қызмет еткізеді⁶⁷).

Мануфактурада жиынды жұмысшының, ал олай болса, капиталдың да қоғамдық өндіргіш күштер арқылы баюы жеке өндіргіш күштердің жұмысшыны кедейлендіруінен туады.

«Надандық дегеніміз ескі наным сияқты, өнеркәсіптің анасы. Ойлау, қиялдау күші қателіктерге шалдыққан; бірақ қолы немесе аяғы арқылы

⁶⁵) «Өзінің қолөнерін толық көлемінде игерген қызметші қай жерде болса да өндіру қызметімен шұғылданып, өзіне тіршілік ету заттарын таба алады; мұның керісінше, екіншісі» (мануфактуралық жұмысшы) «өзінің жолдастарынан бөлек жерде еңбек етуге қабілеті де жоқ, еңбек етуге керекті дербестігі де жоқ, сондықтан да жұмыс берушінің өзіне қолайлы етіп оған қойған шарттарын қабылдауға мәжбүр болатын аксессуар ғана болып табылады» (*Storch*. «Cours d'Economie Politique», édit Pétersbourg, 1815, t. I, p. 204).

⁶⁶) *A. Ferguson*, цитат алынған шығарманың 281-беті: «Біріншісінің ұтқаны — екіншісінің ұтылған нәрсесі».

⁶⁷) «Ғылым адамының өндіруші жұмысшыдан айырмасы жер мен көктей, сондықтан ғылым жұмысшының қолында оның өзінің өндіргіш күшін арттырудың құралы болып қызмет етудің орнына, барлық жерде дерлік өзін жұмысшыға қарама-қарсы

кимылдату дағдысы мұның екеуіне де байланысты емес. Сондықтан рухани өмір қай жерде неғұрлым көп жанышталған болса, мануфактуралар сол жерлерде бәрінен жақсы гүлдене түседі, сондықтан мастерскойды өзінің бөлшектері адамдар болып табылатын машина ретінде қарауға болады»⁶⁸.

Шынында да, XVIII ғасырдың орта кезінде кейбір мануфактуралар кейбір жай операцияларды орындау үшін шала есуас адамдарды пайдалануды жөн көрген, бұл операциялар, алайда, фабрика құпиясы болып табылған⁶⁹.

«...Адамдардың көпшілігінің ақыл-ой қабілеті мен жетілуі»,— дейді А. Смит,— «қажетті түрде олардың әдеттегі істейтін кәсіптеріне сәйкес пайда болады. Бүкіл өмірі аздаған жәй операцияларды атқарумен өтетін адам... өзінің ақыл-ой қабілетін жетілдіруге немесе өзінің тапқырлығын дағдыландыруға мүмкіндігі болмайды және оны қажетсінебейді... адам баласының ғана қолынан келетіндей сондайлық топас, надан адамға айналады».

Бөлшекші жұмысшының топастығын суреттей келіп, А. Смит мұнан соң былай дейді:

«Оның қозғалыссыз өмірінің біркелкі өтуі әлбетте оның мінез-құлқының ерлік белгісін мұқалтады... Ол өзі керек десе оның дене әрекетін әлсіретіп, оны өзі үйренген кәсібінен басқа, өзге бір кәсіпті істеуге онша-мұнша ұзақ уақыт күш жұмсауға қабілетсіз етеді. Өзінің ерекше кәсібіндегі оның ептілігі мен шеберлігі, сонымен, оның ақыл-ой, әлеуметтік және әскери қасиеттерінің есесінен менгерілген нәрселер болып табылады. Алайда әрбір дамыған цивилизациялы қоғамда дәл мұндай күйге қайткенде де еңбекші кедейлер (the labouring poor), яғни халықтың негізгі көпшілігі душар болуға тиіс»⁷⁰.

Халықтың осы негізгі көпшілігінің еңбек бөлінісі нәтижесінде мүлде жарым-жан күйге түсуін болғызбау үшін А. Смит халық ағарту ісін мемлекеттік жолмен ұйымдастыруды ұсынады, онда да өте сәк, болар-болмас аз мөлшерде ұсынады. Бұған оның француз тіліне аударушысы мен түсінік берушісі Гарнье ебден дәйекті түрде қарсы пікір айтады, Гарнье Бірінші империяның кезінде әлбетте сенатор болып кеткен адам. Халық ағарту ісі, оның пікірінше, еңбек бөлінісінің негізгі

қояды... Білім еңбектен бөлектеніп, оған дұшпандықпен қарсы шығатын құралға айналады» (W. Thompson. «An Inquiry into the Principles of the Distribution of Wealth». London, 1824, p. 274).

⁶⁸) A. Ferguson, цитат алынған шығарманың 280-беті.

⁶⁹) J. D. Tuckett. «A History of the Past and Present State of the Labouring Population». London, 1846, v. I, p. 148.

⁷⁰) A. Smith. «Wealth of Nations», b. V, ch. I, art. II. Еңбек бөлінісінің зиянды зардаптарын көрсетіп берген Фергюсонның шәкірті болған А. Смиттің бұл жөніндегі түсінігі мүлде айқын болды. Өзі еңбек бөлінісін ex professo [әдейі] дәріптейтін еңбегінің бас кезінде ол тек жол жөнекей түрде ғана еңбек бөлінісі — қоғамдық теңсіздіктің негізі деп көрсете кетеді. Мемлекеттік табыстарға арналған бесінші кітабында ғана ол Фергюсонның жазғандарын келтіреді. «Философия қайыршылығы» деген кітабында мен Фергюсонның, А. Смиттің, Лемонтенің және Сэйдің арасындағы, бұлардың еңбек бөлінісін сынауындағы тарихи байланыс жөнінде қажетті нәрсенің бәрін айтқан болатынымын; дәл сол еңбегімде мен мануфактуралық еңбек бөлінісін капиталистік өндіріс әдісінің ерекше формасы деп тұңғыш рет көрсеттім. (Карл Маркс. «Философия қайыршылығы». Париж, 1847, 122-ші және онан кейінгі беттер [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 4-том, 148—156-беттер]).

заңына қайшы келеді; халық ағарту ісін ұйымдастыру арқылы біз

«өзіміздің бүкіл қоғамдық системамызды құртып алған болар едік». Қандай да болсын өзге де еңбек бөлінісі сияқты, дене еңбегінің ой еңбегінен бөлінуі⁷¹⁾— дейді ол,— қоғам байыған сайын (ол капиталды, жер меншігін және олардың мемлекетін атау үшін бұл сөздерді дұрыс қолданып отыр) онан әрі тереңдеп, шешуші бөлініс бола түседі. Басқа да еңбек бөлінісі сияқты, бұл еңбек бөлінісі осының алдындағы өткен прогрестің нәтижесі және болашақтағы прогрестің себебі болып табылады... Үкімет осы еңбек бөлінісіне неге ғана қарсы болып, оның табиғи барысын неліктен бөгеген екен? Бөлініп, оқшаулануға тырысушы екі түрлі еңбек табын бірге қосып, бытыстырып жіберу мақсатын көздейтін тәжірибеге мемлекеттік табыстардың бір бөлегін үкімет неліктен жұмсай қояр екен?»⁷²⁾

Рухани және дене жағынан кейбір кемтарлыққа ұшырау түгелінен бүкіл қоғам ішінде еңбек бөлінісі болған кезде де болмай қалмайтын нәрсе. Бірақ мануфактуралық дәуір еңбектің түрліше тарауларының осы қоғамдық бөлшектелуін едәуір дәрежеде онан әрі жүргізетін болғандықтан және, екінші жағынан, мануфактуралық еңбек бөлінісі индивидуумды оның тіршілік негізінің өзінде-ақ ерекше түрде ғана кеселге ұшырататындықтан, өнеркәсіптік патологияға тұңғыш рет мануфактуралық дәуір ғана материал мен стимул береді⁷³⁾.

«Егер адам өлім жазасына кесуге лайық болса, оны екіге қажы айыру дарға асу деп аталады, егер оның өлім жазасын алатын жазығы жоқ болса, өлтіру деп аталады. Еңбекті қажы бөлу халықты өлтіргендік болады»⁷⁴⁾.

Еңбек бөлінісіне негізделген кооперация немесе мануфактура алғашында стихиялы түрде өсіп шыққан туынды болып табылады. Бірақ ол өзі белгілібір орнықтылыққа, жеткілікті дәрежеде өріс алған жағдайға жетісімен-ақ, ол кооперация

⁷¹⁾ Фергюсон «History of Civil Society». Edinburgh, 1767, p. 281 деген кітабының өзінде-ақ былай дейді: «Еңбек бөлінісінің осы ғасырында ойлаудың өзі де ерекше кәсіпке айналды».

⁷²⁾ G. Garnier, оның [Смит аударған] аудармасының V томы. 4—5-беттер.

⁷³⁾ Падуделегі практикалық медициналық профессоры Рамацини 1710 жылы өзінің «De morbis artificum» деген еңбегін жариялады, бұл еңбегі мұнан соң 1777 жылы француз тіліне аударылды және 1841 жылы «Encyclopédie des Sciences Médicales. 7ème Division Auteurs Classiques» деген жинақта қайтадан басылды. Ірі өнеркәсіп дәуірі, әлбетте, жұмысшылардың кәсіпке байланысты аурулары жөніндегі оның каталогін молықтыра түсті. Мынаны да қараңыз: «Hygiène physique et morale de l'ouvrier dans les grandes villes en général, et dans la ville de Lyon en particulier». Par le Dr. A. L. Fonteret, Paris, 1858, R. H. Rohatzensch. «Die Krankheiten, welche verschiedenen Ständen, Altern und Geschlechtern eigenthümlich sind». 6 Bände. Ulm, 1840. 1854 жылы Өнер мен қолөнерлер қоғамы¹²¹ өнеркәсіп патологиясын зерттейтін комиссия тағайындады. Бұл комиссияның жинаған документтерінің тізімін Туикнем экономикалық музейінің каталогінен табады. Мына ресми баспалар өте маңызды материал береді: «Reports on Public Health». Сонымен қатар мынаны да қараңыз: Eduard Reich. M. D. «Ueber die Entartung des Menschen». Erlangen, 1868.

⁷⁴⁾ D. Urquhart. «Familiar Words». London, 1853, p. 119. Герелде еңбек бөлінісі жөнінде өте-өте ерсікалық көзқарастарда болды. Ол өзінің «Право философиясы» деген еңбегінде¹²² былай дейді: «Билімді адам деп ел алдымен басқарудың істейтін пәрессінің бәрін де істей алатын адамды түсіну керек» дейді.

капиталистік өндіріс әдісінің саналы, бір қалыпты, жүйелі формасына айналады. Сөздің дәл өз мағнасындағы мануфактураның тарихы өзіне тән еңбек бөлінісінің әуелі қатынасушы адамдардан тыс түрде таза эмпириялық жолмен қолайлы форма алып, онан кейін, цехтық қолөнері тәрізді, тауып алынған форманы дәстүр бойынша баянды етуге тырысатынын, ал кейбір реттерде, оны ғасырлар бойына баянды ететінін көрсетеді. Егер бұл форма өзгеретін болса, онда,— мүлде екінші дәрежедегі өзгерістерді қоспағанда,— әрдайымда еңбек құралдарында революция болуының нәтижесінде ғана өзгереді. Кәзіргі заманғы мануфактура,— мен бұл жерде машинаны қолдануға негізделген ірі өнер кәсіп туралы айтып отырғаным жоқ,— не өзінің *disjecta membra poetae*-сын¹²³ даяр күйінде-ақ кездестіреді,— мәселен сырт киім мануфактурасы өзі шыққан ірі қалалардан кездестіретіні сияқты,— сөйтіп бұл мануфактураның осы бытыраңқы мүшелерді жинастырып алуына ғана тура келеді, немесе бөліну принципі өзінен өзі керек болып тұрады да, қолөнер өндірісінің (мәселен, кітап түптеу ісінде) жеке операцияларын ерекше бөлшекші жұмысшыларға жай өткізе салуды талап етеді. Мұндай реттерде әрбір функцияны атқаруға керекті жұмысшылар санының арасында тиісті пропорция табу үшін бір апталық та тәжірибе керек емес⁷⁵⁾.

Мануфактуралық еңбек бөлінісі қолөнер қызметін бөлшектеу, еңбек құралдарын мамандандыру, бөлшекші жұмысшыларды құрау, оларды топтап, жиынды бір механизмге біріктіру жолымен өндірістің қоғамдық процестерінің сапа жағынан бөлшектеніп, сан жағынан пропорциялы болуын туғызады, яғни қоғамдық еңбектің белгілібір жолмен ұйымдасуын туғызады және мұнымен бірге еңбектің қоғамдық жаңа өндіргіш күшін өрістетеді. Өндірістің қоғамдық процесінің ерекше капиталистік формасы болып табылатын мануфактуралық еңбек бөлінісі,— ал оның өзі пайда болатын тарихи негізде бұл еңбек бөлінісі тек капиталистік формада ғана дами алады,— осы мануфактуралық еңбек бөлінісі относительді қосымша құн өндірудің немесе әдетте қоғамдық байлық, «халық байлығы», т. с. деп атайтын капиталдың өзінен өзі өсуін жұмысшының есебінен күшейтіп отырудың айрықша әдісі ғана болып табылады. Мануфактуралық еңбек бөлінісі еңбектің қоғамдық өндіргіш күшін жұмысшы үшін емес, капиталист

⁷⁵⁾ Еңбек бөлінісі саласында жеке капиталистердің а priori [күнiбұрын, тәжірибеге байланыссыз] көрсететін өнертабушылық даңалығына аңқаулықпен сену, мәселен, Рошер мырза сияқты неміс профессорларында ғана әлі де сақталып қалған болу керек; Рошер мырза капиталистің юпитерлік басынан еңбек бөлінісі дап-дайын күйінде атып шыға келетіндігі үшін алғыс ретінде капиталиске «әртүрлі жалақы» тағайындайды. Іс жүзінде еңбек бөлінісінің көп немесе аз болуы даналықтың көлеміне емес, ақша қапшығының мөлшеріне байланысты.

үшін ғана өрістетіп қоймай, сонымен қатар оны жеке жұмысшыны кемтарлыққа ұшырату арқылы өрістетеді. Мануфактуралық еңбек бөлінісі капиталдың еңбекке үстемдік жүргізуінің жаңа шарттарын туғызады. Сондықтан егер, бір жағынан, оның өзі қоғамның экономикалық дамуында тарихи прогресс және қажетті кезең болып табылған болса, онда, екінші жағынан, мануфактуралық еңбек бөлінісі цивилизациялы, жымысқы қанаудың құралы болып табылады.

Өз алдына дербес ғылым ретінде мануфактуралық дәуірде ғана туып отырған саяси экономия жалпы алғандағы қоғамдық еңбек бөлінісін мануфактуралық еңбек бөлінісі⁷⁶⁾ тұрғысынан алады да, сол мөлшерлі еңбекпен товарды көбірек өндірудің, демек товарларды арзандатудың, капиталдың қорлануын тездетудің құралы деп қарайды. Классикалық арғы заман авторлары, істің сан жағы мен айырбас құнын осылайша баса көрсетуге тура қарама-қарсы, тек қана сапа жағы мен тұтыну құнына назар аударады⁷⁷⁾. Өндірістің қоғамдық салаларының бөлінісі нәтижесінде товар жақсырақ әзірленеді, жұрттың әрқилы бейімділігі мен дарыны өзіне қолайлы жұмыс сферасын таңдап алуына мүмкіндік туады⁷⁸⁾, ал жұмыс сферасын тежемейінше ешбір салада елеулі ештеңе тындыруға болмайды⁷⁹⁾. Сөйтіп өнім де, оны өндіруші де еңбек

⁷⁶⁾ Неғұрлым ертеректегі авторлар, мысалы, Петти немесе «Advantages of the East-India Trade»-нің аноним авторы сияқтылар, мануфактуралық еңбек бөлінісін капиталистік сипатын А. Смиттен гөрі анығырақ көрсетеді.

⁷⁷⁾ Жаңа заман авторларының ішінде бұған қосылмайтындар XVIII ғасырдың кейбір авторлары ғана, бұлар еңбек бөлінісі туралы мәселеле арғы замандағылардың айтқандарын ғана қайталаудан әрі аса алмайды. Беккарна мен Джемс Харрис осындай. Беккарна былай деп жазады: «Әркім екі қолы мен ақылы ерқашан еңбектің бір тектес түріне, ылғи біртүрлі өнімді әзірлеуге жұмсағанда, әркім өзіне қажетті нәрселерді өздері әзірлеп алатын кездегіден гөрі неғұрлым мардымды және тәуір нәтижеге оң-оңай жететінін өз тәжірибесінен біледі... Сөйтіп жұрт, жалпының және жекеңнің пайдасы үшін, әртүрлі таптарға, әртүрлі дәулетке бөлінген» (*Cesare Beccaria*: «Elementi di Economia Publica», Кустоди бастырып шығарған, Parte Moderna, t. XI p. 28). Кейіннен Малмсберни графы, Петербуртта елші ретінде болғаны туралы өзінің «Diaries» [«Күнделіктерімен»] мәлім болған Джемс Харррстің өзі өзінің «Dialogue concerning Happiness»-іне ескертпелерінің бірінде, London, 1741¹³⁴ (кейіннен «Three Treatises etc.»-те тағы шығарылған, 3rd ed. London, 1772); «Қоғамның табиғилығы жөніндегі дәлелдемелердің бәрін» (дәлелдемне болғанда, «кәсіп бөлінісін») принципіне негізделген дәлелдемелерді] «...Платонның «Мемлекетінің» екінші кітабынан алдым» дейді.

⁷⁸⁾ Мысалы, «Одиссияның» XIV киссасының 228 шумағынан: «ἀλλος γαρ τ'ἀλοισιν ἀντὶ εὐστεφλεται ἐργαίος» [«Адам мен адам бірдей емес: біреулері бір нәрсені, енді біреулері басқа нәрсені сүйеді»] дегенді оқимыз, ал Секст Эмпирике Архилох: «ἀλλος ἀλλ' ἐστ' ἐργαῖ χάρις τινος καὶ τινος» [«бір іс біреудің жүрегін, енді бір іс басқа біреудің жүрегін қуантады»]¹²⁵ дейді.

⁷⁹⁾ «Πολλὰ πλεονατο ἐργα χαρῶς ὁ πλεονατοπλεονα» [«Ол көп істі білетін, бірақ оның ешқайсысын жете білмейтін»].— Афиндық товар өндіруші ретінде спартадардан өзінің артықшылығын сезетіп, өйткені соңғылардың соғысқа ақшасы жоқ, тек алмадары ғана болатын, мұны Периклдің афиндықтарды Пелопоннес соғысына шақырған сөзінде Фукидид оған: «Σοφισί τε ετοίμοτεροι οὐ αὐτοῦργοι τῶν ἀνδραγαθῶν χήμασι πολεμειν» [«өзі тұтыну үшін өндіретін адамдар соғысқа ақшадан бұрын бастарын береді»], деп айтқызады да. (*Фукидид*, I кітап, 141-тарau). Солай бола тұрса да лигит материалдық өндіріс саласында да олардың мұраты, еңбек бөлінісіне: «λατ'ων γαρ το εἶ, λατ'ων τούτων χαι το αὐταρχες» [«игілік қайдан туатын болса, дербестік те сонан туады»] қайшы келетін αὐταρχεια [антаркия] еді. Бұл арада, 30 тиранды құлату заманында да¹²⁶ меншікті жері жоқ афиндықтардың саны 5 000-ға да тирмағанын ескеру керек

бөлінісі арқылы жетіледі. Классикалық арғы заман жазушылары өндірілетін өнімдер аумағының артуын, кейде ауызға алуын алған болса, онда бұл ретте олар тұтыну құндарының молшылығына назар аударған. Айырбас құнына, товарлардың арзандауына бірде-бір жол арналмаған. Тұтыну құны жөніндегі көзқарас еңбек бөлінісін қоғамның сословиеге бөлінуінің негізі деп білетін Платонда⁸⁰⁾ басым болғаны сияқты, өзіне тән буржуазиялық соқыр сезімімен мастерской ішіндегі еңбек бөлінісі принципін жақын келген Ксенофонтта да⁸¹⁾ басым. Платонның республикасында¹²⁷ еңбек бөлінісі мемлекет құрылысының негізгі принципі болып табылатындықтан оның өзі Египеттің қасталық құрылысын Афинаның дәріптеуі ғана болып шығады; Египет Платонмен замандас басқа да авторлар үшін, мысалы Исократ үшін⁸²⁾ өнеркәсіпті елдің үлгісі

⁸⁰⁾ Платон қауым ішіндегі еңбек бөлінісін индивидуумдардың тілектерінің жан-жақтылығынан, қабілеттерінің біржақтылығынан деп санайды. Оның негізгі қағидасы мынау: іс жұмыскерге емес, жұмыскер іске бейімделуге тиісті,— бірақ жұмыскер бірден бірнеше кәсіппен қоса-қабат шұғылданып, басқаша айтқанда олардың бірін қосалқы жұмыс ретінде орындайтын болғандықтан іс жұмыскерге бейімделмей қоймайды. «Өйткені іс өндірушінің қолы бос кезін тосып тұрмауға тиісті, сөйтсе де өндіруші өз ісін қалай болса солай емес,— ынтымақ істеуі қажет.— Қажет. Адам өзінің бейімдігіне қарай және барлық басқа жұмыстардан қолы бос тиісті уақытта бір ғана істі атқаратын болса әрбір зат оңай да жақсырақ, әрі көп өндіріледі ғой» («Republica», I, II, ed. Baizer, Orelli etc.). Мұндай ойлар Фукидидте де барын көреміз, I кітап, 142-тарау: «Текішілік ісі басқа өнер атаулы қандай болса, сондай өнер, сондықтан онымен қалай болса, солай, қосалқы жұмыс ретінде шұғылдануға болмайды; қайта ол өзімен қатар басқа ешбір қосалқы жұмыстың болуымен сиыспайды». Іс жұмыскерді күтіп қалатын болса, дейді Платон, онда екінші бірінде өндірістің қызу кезі өтіп кетіп, өнім бүлінеді («εργουχοισιν διολλυται»). Платонның осы идеясын Англияның ақтау өндірісі иелерінің фабрика заңының жұмысшылардың түстік ішүіне белгілі сағат тағайындайтын параграфына білдірген қарсылығынан да кездестіреміз. Олардың өндірісі жұмысшылардың жағдайына бейімделе алмайды, себебі: «күйдіру, жуу, ақтау, қурысын жазу, жылтыратып өң беру, бую сияқты аралуан операцияларды күні бұрын тағайындалған сағатта тоқтатуға болмайды, онда өнім бүлінуі мүмкін... Барлық жұмысшыларға бірдей қалай да түсікшіл үзіліс жасау— тиісті операциялардың аяқталмағандығы салдарынан бағалы өнімдерді бүлініп қалуға ұшырату болар еді». Le platonisme ou va-t-il se nicher! [Платонизмнің де жұрмейтін жері жоқ!]

⁸¹⁾ Ксенофонттың айтуынша, Персия патшасының дастарқанынан тағам татуын үлкен абаймен екендігі ғана емес, ол тағамның басқалардан дәмділігі де бір ғанибет. «Бұл танданарлық нәрсе емес, өйткені ірі қалаларда өнердің бәрі өте-мөте кемеліне келген өнер екені тәрізді, патша тағамы да өзінің артықшылығы жағынан теңдесі жоқ. Ұсақ қалаларда бәз-баяғы сол бір адам төсек, есік, плуг, стол жасайды; кейде ол мұның үстіне үй де салады, сондықтан ол өзінің күн көруі үшін осындай жұмыстар жеткілікті табылып тұрса, оған қатты қуанады. Осындаң әрқилы іспен шұғылданып адамның нені болса да жақсы істеуі мүмкін емес нәрсе. Ал алушылары көп үлкен қалаларда әрбір жұмыскер күнкөрісі үшін қолөнердің бір түрін білсе де жеткілікті. Екінші бірінде тіпті қолөнердің бір түрін түгел білудің де қажеттілігі жоқ; сондықтан біреулер тек еркеткін, енді біреулер тек әйелдің шарығын ғана тигетін болады. Кей реттерде біреу тек шарық қана тігіп, енді біреу оған бұлағыр пішетіні, немесе біреу тек киім пішіп, енді біреу сол кесілген маталарды біріктіріп отыратыны болады. Неғұрлым жәй қарапайым жұмысты орындайтын адам оны анағұрлым бабына келтіре орындайтыны даусыз. Аспаздық өнерінде де осылай болады» (*Xenophon*, «Cyropaeie», I, VIII, сар. 2). Ксенофонт еңбек бөлінісінің көлемі рынок мөлшеріне қарай болатынын біле тұрса да мұнда назар тұтыну құнының сапасына ғана аударылған.

⁸²⁾ «Од» (Бузирис) «жұрттың бәрін айрықша қасталарға бөліп... белгілі бір адамдар белгілі бір іспен ғана шұғылданып, өйткені ол өз кәсібін жиі өзгертетін адамдардың бірде-бір кәсіпті жөнді игере алмайтынын білген; ал бір іспен үнемі шұғылданып адамдар, оны неғұрлым бабына келтіре орындайды. Шынында да, өнер мен шеберлік жөнінен египеттіктер өз бәсекелестерінен, мастердің машықтанбаған жұмыскерден асып түсуінен гөрі де, көп асыл түсті, сөйтіп патша өкіметі мен мемлекет құрылысын қорғау үшін сонша жетілдірілген мекемелер құрды, тіпті ең атақты философтар бұл мәселені ауызға алғанда Египеттің мемлекет құрылысын басқалардікінен қатты мақтайды» (*Isocrates* «Busiris», сар 8).

болған, тіпті Рим империясы⁸³⁾ тұсындағы гректер үшін де ол осы маңызын сақтаған.

Мануфактура дәуірінің өзінде, яғни мануфактура капиталистік өндіріс әдісінің басым түрі болып тұрған дәуірде, оның өзіне тән тенденцияларын толық іске асыруы алуан түрлі бөгеттерге кездеседі. Жоғарыда көрдік, мануфактура, жұмысшыларды иерархиялық бөлшектеумен қатар, оларды үйретілген, үйретілмеген деп бөлетін болғанымен де, үйретілгендердің маңызы басым болғандықтан, үйретілмегендердің саны тым шағын күйінде қала береді. Мануфактура жеке операцияларды өзінің тірі жұмысшы органдарының кемеліне келуінің, күші мен дамуының аралуан дәрежесіне бейімдеп, сонымен әйелдерді, балаларды өнімді қанауға жол салатын болғанымен де, бірақ бұл тенденция жұмысшы еркектердің дағдыларына қайшы келетін болғандықтан, олар бұған қарсылық көрсетеді де, бұл тенденция жалпы, тұтас алғанда сәтсіздікке ұшырайды. Қолөнер қарекетінің ыдырауы үйрету шығынын, олай болса жұмысшының құнын төмендеткенімен де, неғұрлым қиын бөлшек жұмыстар үшін ұзақ мерзімді үйрету ісі қажет күйінде қала береді, сондықтан ол мерзім керек емес жердің өзінде де жұмысшылар оны қатты сақтайды. Мысалы, Англиядағы жеті жылдық мерзімді үйрету жөніндегі laws of apprenticeship [шәкірттік туралы заңдар] мануфактура дәуірінің аяғына шейін толық күшінде сақталғанын, тек ірі өнеркәсіптің тықсыруымен ғана жойылғанын білеміз. Қолөнер шеберлігі мануфактураның негізі болып қала беретіндіктен және онда қызмет атқаратын жиынтық механизмнің жұмысшылардың өздеріне тәуелсіз объективті қаңқасы болмағандықтан, капитал жұмысшылардың кішілерінің үлкендеріне сөзсіз бағыну тәртібін бұзуына қарсы үнемі күресумен болады.

«Адам табиғатының осалдығы осындай, жұмысшы неғұрлым шеберірек болса, ол соғұрлым бойлауық келеді, оны тәртіпке бағындыру соғұрлым қиындау болады, ал солай болғаннан кейін ол бұлданып, жиынтық механизмге соғұрлым көбірек зиян тигізеді»,— деп қояды біздің аса сүйіктіміз Юр⁸⁴⁾.

Сондықтан мануфактура дәуірінің өн бойында жұмысшылардың тәртіпке бағынбайтыны туралы шағым ету тоқталған емес⁸⁵⁾. Бізде сол кездегі авторлардың мәліметтері болмаған күннің өзінде де, тек фактілердің өзі ғана — XVI ғасырдан бастап ірі өнеркәсіп заманына шейін капитал мануфактура

⁸³⁾ Салыстырыны: *Diodorus Siculus* [«Diodor's v. Sicilien Historische Bibliothek», В. I, 1831].

⁸⁴⁾ *Ure*. «Philosophy of Manufactures». p. 20.

⁸⁵⁾ Тексте айтылғандар Франциядан гөрі Англияға тән, Голландиядан гөрі Францияға тән.

жұмысшысының жұмыс уақытының бәрін түгелдей өзіне бағындыра алмай келгені; мануфактуралардың баянсыз екендігі, жұмысшылардың эмиграциясымен немесе иммиграциясымен бірге бір елден кетіп, басқа бір елде пайда болатыны — міне осы фактілердің өзі ғана бізге көптеген кітапханалардан артық сөйлеп береді. Біз талай рет цитат алған «Essay on Trade and Commerce»-нің авторы: «Қайткенде де бір әдіс тауып, тәртіп орнатылуы тиіс» — деп зар қағады 1770 ж. Онан 66 жыл өткеннен кейін доктор Эндрью Юр: «еңбек бөлінісінің схоластикалық догмасына негізделген» мануфактурада «тәртіп» болмады, «тәртіпті Аркрайт орнатты» — деп қостай кетеді.

Сонымен бірге мануфактураның қоғамдық өндірісті түгел қамтуға да, оны түп негізіне шейін қайта құруға да шамасы жоқ еді. Ол қала қолөнері мен селолы жердің қосалқы кәсіпшілігі кең негіз болған экономикалық ғимараттың архитектуралық әшекейі тәрізді көрініп тұратын. Оның өзінің тар өрісті техникалық базисі, дамудың белгілібір сатысында, нақ мануфактураның өзі жасаған өндіріс қажеттерімен қайшы келіп отырды.

Мануфактураның неғұрлым кемелді туындысының бірі — сол кездің өзінде қолданылған еңбек құралдарының өзін, әсіресе күрделі механизм аппараттарын өндіретін мастерской болды.

«Мұндай мастерской», — дейді Юр, — «қыруар көп сатылы еңбек бөлінісінің өзі еді. Бұрғы, кескіш, токарь станоктарының әрқайсысының өзінң дербес жұмысшысы болды, бұлар өзінң өнерлілігінің дәрежесіне қарай, белгілібір әдіс тауып басқалармен иерархиялық түрде байланысты болды»¹²⁸.

Мануфактуралық еңбек бөлінісінің бұл өнімі өз кезегінде машиналар өндірді. Машиналар қоғамдық өндірістің негізгі принципі ретінде еңбектің қолөнер түрін жояды. Осылайша, бір жағынан, жұмысшыны белгілібір бөлшекті функцияға өмір бойы бекітіп қоюдың техникалық негізі жойылады. Екінші жағынан, осы принцип капиталдың үстемдігіне әлі де қарсы қойып келген бөгеттер жойылады.

О Н Ү Ш І Н Ш І Т А Р А У МАШИНА ЖӘНЕ ІРІ ӨНЕРКӘСІП

1. МАШИНАНЫҢ ДАМУЫ

Джон Стюарт Милль «Саяси экономияның басты қағидалары» деген кітабында:

«Механизм жөнінде осы уақытқа дейін жасалған өнертабыстардың бәрі де бір адам баласының болса да еңбегін жеңілдеткені екіталай нәрсе» дейді⁸⁶).

Бірақ капиталистік жолмен қолданылатын машиналардың алдына әсте мұндай мақсат қойылып отырған да жоқ. Еңбектің өндіргіш күшін дамытудың барлық басқа да әдістері сияқты, машиналар товардың бағасын арзандатып отыруға тиіс, жұмыс күнінің жұмысшының өзі үшін пайдаланатын бөлегін қысқартып отыруға тиіс, сөйтіп оның жұмыс күнінің өзі капиталиске тегін беретін бөлегін ұзартып отыруға тиіс. Машиналар — қосымша құн өндірудің құралы.

Мануфактурада өндіріс әдісінде төңкеріс жасаудың түпкі негізі — жұмыс күші, ал ірі өнеркәсіпте — еңбек жабдығы. Сондықтан ең алдымен еңбек жабдығының құралдан машинаға қалай айналатындығын немесе машинаның қолөнер аспабынан қандай айырмашылығы бар екендігін зерттеу қажет болады. Әрине, бұл арада әңгіме оның ірі-ірі, жалпы, сипатты белгілері туралы ғана болып отыр, өйткені жер тарихының замандары сияқты, қоғам тарихының замандары бір-бірінен қатаң абстрақтылы межелермен бөлініп жатқан жоқ.

Математиктер мен механиктер құрал дегеніміз — қарапайым жәй машина, ал машина дегеніміз — күрделі құрал десе-ді. Кейбір ағылшын экономистері де осыны қайталап айтып жүр. Олар бұлардың арасында ешқандай елеулі айырмашылық жоқ деп біледі және тіпті рычаг, көлбеу жазықтық, бұранда, сына, т. б. сияқты аса қарапайым механизмдердің өзін де машина деп атайды⁸⁷). Шынында да әрбір машина, өздерінің формалары мен үйлесімдері қандай болса да, осындай аса

⁸⁶) Милльдің: «бәтөннің еңбегімен күнелтпейтін бір адам баласының болса да» деуі керек еді, өйткені машиналар ақсүйек селтеңбайлардың санын, сөз жоқ, әбден көбейтіп жіберді.

⁸⁷) Мәселен, мынаны қараңыз: *Hutton*. «Course of Mathematics».

қарапайым механизмдерден тұрады. Алайда, экономикалық тұрғыдан карағанда мұндай анықтама мүлде жарамсыз, себебі онда тарихи элемент жоқ. Екінші жағынан, құрал мен машинаның арасындағы айырмашылықты мынада деп біледі: құралда қозғаушы күш болатын адам, ал машинаның қозғаушы күші адам күшінен өзгеше табиғат күші, мәселен, мал, су, жел, т. б. дейді⁸⁸⁾. Бірақ олай болғанда өгізге жегілген, өндірістің нағыз түрлі-түрлі замандарына жататын плуг та машина болған болар еді, ал бір жұмысшы қозғалысқа келтіріп, минутына 96 000 ілгек жасап шығаратын Клауссеннің айналмалы тоқыма станогі қарапайым жәй құрал болар еді. Ол ол ма: сол тоқыма станогінің өзі кісінің қолымен қозғалысқа келтірілсе құрал болар еді де, будың күшімен қозғалысқа келтірілсе машина болар еді. Мал күшін қолдану адамзаттың ең ерте замандағы өнертабысының бірі болғандықтан, машиналы өндіріс көлер өндірісінен бұрын шыққан болар еді. Джон Уайетт 1735 жылы өзінің жіп иіретін машинасы туралы, ал онымен бірге XVIII ғасырдағы өнеркәсіп революциясы туралы жар салған кезде, бұл машинаны қозғалысқа келтіретін адам емес, есек екені жөнінде ол бір сөз де айтпаған еді, солай бола турса да, бұл роль шынында да есектің еншісіне тиді. «Саусақтардың көмегіңсіз жіп иіру үшін» жасалған машина,— делінген Джон Уайеттің программасында⁸⁹⁾.

Әрбір жетілген машина құрылысы бірінен бірі айтарлықтай өзгеше үш бөлімнен құралады: двигатель машинадан, жалғастырғыш механизмнен, ақырында машина-құралдан,

⁸⁸⁾ «Осы тұрғыдан алғанда құрал мен машинаның арасына да қатаң жеке қоюға болады: темір күрек, балға, қашау, т. б., өздері қандай шебер жасалғанмен де қозғаушы күші адам болатын рычақтар мен бұрандалар системасы... осылардың бәрі де құрал деген ұғымға дәл келеді; ал енді өзін қозғалысқа келтіретін мал күшімен қоса алғандағы плутті, жел дірменді, т. б. дірмендерді машиналардың қатарына жатқызу керек болады» (*Wilhelm Schulz*. «Die Bewegung der Produktion». Zürich, 1843, S. 38). Кейбір жағынан мақтауға лайық-ақ еңбек екен.

⁸⁹⁾ Тым жетілдірілмеген болса да, иіру машиналары одан бұрын-ақ қолданылған болатын-ды, сірә бөрінен бұрын Италияда қолданылса керек. Технологияның жалпы алғанда сын көзбен қаралған тарихы XVIII ғасырдың қандай да болсын өнертабысының белгілібір жеке адамға ошама тиісті бола қоймағанын көрсетіп берер еді. Бірақ күні бүгінге дейін мұндай еңбек болмай келеді. Дарвин табиғи технологияның тарихына, яғни өсімдіктер мен жануарлар өмірінде өндіріс құралдарының ролін атқаратын өсімдік пен жануар органдарының жасалуына назар аударды. Қоғамдық адамның өндіруші органдарының жасалу тарихы да, әрбір ерекше қоғамдық ұйымның осы материалдық базисінің тарихы да дәл осындай назар аударуға тұратын нәрсе емес пе? Ал мұндай тарихты жазу оңай болмас па еді, өйткені, Виконның айтуынша, адам тарихының табиғат тарихынан айырмашылығы сол — алғашқысын біз өзіміз жасадық, ал екіншісін өзіміз жасаған жоқ емеспіз бе? Технология адамның табиғатқа жасайтын белсенді әрекетін, оның өмірі өндірісінің тікелей процесін, ал сонанмен бірге оның қоғамдық тұрмыс жағдайларын да, сол жағдайлардан туатын рухани түсініктерін де әйгілеп ашып береді. Діннің осы материалдық базистен абстракцияланатын тарихының қандай болса да сын емес тарих. Әрине, реалдық өмірдің белгілібір қатынастарынан осы қатынастарға сай келетін діни формаларды шығарудан гөрі, мұның керісінше, анализ жасау арқылы күңгірт діни түсініктердің жер бетіндегі түйінін табу әлдеқайда көп оңай. Алғашқы әдіс бірден-бір материалистік әдіс, ал олай болса, бірден-бір ғылым әдіс. Тарихи процесі танымайтын абстрактылы табиғи-ғылыми материализмнің кемшіліктері оны жақтаушылардың абстрактылы, идеологиялық түсініктерінің бәйінен-ақ байқалады, байқалғанда, олар өз мамандықтарының шегінен шығуға бел бәйіласымен-ақ байқалады.

яки жұмыс машинасынан, құралады. Двигатель машина бүкіл механизмнің қозғаушы күші ретінде қимылдайды. Бу машинасы, калорика машинасы¹²⁹, электромагнит машинасы, т. т. ретінде, двигатель машина өзінің қозғаушы күшін не өзі тұғызады, не болмаса оған сырттан, су диірменінің дөңгелегі құлама судан, жел диірменінің қанаты желден қозғалатыны, т. т. сияқты, табиғаттың әйтеуір бір дайын күшінен қозғау болады. Маховой тегершіктерден, қозғалмалы біліктерден, қырқаяқтардан, эксцентриктерден, белдіктерден, жалғастырғыш ленталардан, ременьдерден, аралық тетіктерден және сан алуан керек-жарақтардан құралатын жалғыстырғыш механизм қозғалысты ретке салып отырады, егер қажет болса, оның формасын өзгертіп отырады, мәселен, тік қалпынан айналмалы қалыпқа түсіреді, ол қозғалысты бөліп, жұмыс машиналарына көшіреді. Механизмнің бұл екі бөлегінің екеуі де машина-құралды қозғау үшін ғана керек, осының арқасында машина-құрал еңбек затын іліп алып, оны тиісінше өзгертеді. XVIII ғасырдағы өнеркәсіп революциясы машиналардың нақ осы бөлегінен — машина-құралдан туды. Кәзірде де қол-өнер немесе мануфактура өндірісі машиналы өндіріске айналған әрбір ретте бастама пункт машина-құрал болады.

Егер біз машина-құралды, яки дұрысын айтқанда жұмыс машинасын, неғұрлым байыптап қарайтын болсақ, жалпы алғанда біз одан, екінші бірінде тым өзгерген формада болса да, қолөнерші мен мануфактуралық жұмысшының жұмыс істейтін аппараттары мен құралдарының дәл өзін көреміз; бірақ енді бұлар адамның құралдары емес, механизм құралдары, яки механикалық құралдар. Біз не бүкіл машинаның өзі, механикалық тоқыма станогындағыдай⁹⁰⁾, ескі қолөнер аспабының азды-көпті өзгертілген механикалық түрі ғана екенін көреміз, жұмыс машинасының тұғырына қондырылған қозғалмалы органдардың жіп иіретін машинаның ұршығы сияқты, шұлық тоқитын машинаның біздері сияқты, тақтай тілетін машинаның аралары сияқты, кесетін машинаның пышақтары, т. т. сияқты ескіден таныс нәрселер екенін көреміз. Бұл құралдардың жұмыс машинасы денесінің өзінен айырмашылығы тіпті бұларды өндіру кезінде де байқалады. Атап айтқанда, бұл құралдар әлі де болса көбінше қолөнер немесе мануфактура әдісімен өндіріледі де, сонан соң машиналық әдіспен өндірілген жұмыс машинасының тұғырына орнатылады⁹¹⁾. Сонымен, жұмыс машинасы дегеніміз — тиісті қозғалысқа келгеннен

⁹⁰⁾ Механикалық тоқыма станогының әсіресе ең алғашқы формасын алғанда, оның көне тоқыма станогы екенін бір қарағанда-ақ көруге болады. Өзінің қазіргі заманғы формасында алғанда оның өзі елеулі түрде өзгерген станок болып табылады.

⁹¹⁾ Шамамен алғанда 1850 жылдан бастап қана жұмыс машиналарына керекті құралдардың барған сайын көп бөлегі Англияда машиналық әдіспен жасалып шыға

кейін өзінің құралдары арқылы бұрын жұмысшының осы сияқты құралдармен жасаған операцияларының дәл өзін жасайтын механизм. Қозғау беруші күш адамнан бола ма немесе, өз ретінде, машинадан бола ма — мұның өзі істің мәнін ешбір өзгертпейді. Кәдімгі құрал адамнан механизмге көшкеннен кейін, машина қарапайым құралдың орнын басады. Алғаш қозғау беруші әлі де болса адамның өзі болғанымен де, машина мен құралдың арасындағы айырмашылық бір қарағанда-ақ көзге түсе кетеді. Адам бір мезгілде қолданып іс істей алатын жұмыс аспаптарының саны оның табиғи өндіріс құралдарының санымен, оның дене органдарының санымен шектелген болады. Бір кезде Германияда жіп иірушіге жіп иіретін екі дөңгелекті қозғалтқызуға, яғни екі қолы, екі аяғымен бір мезгілде жұмыс істеткізуге әрекет жасап көрген-ді. Бірақ бұлай жұмыс істеу тым қатты қиналуды керек еткен. Кейіннен аяқпен жүргізілетін екі ұршықты жіп иіргіш ойлап шығарылды, бірақ бір мезгілде екі жіпті бірдей иіре алатын асқан шебер иірушілер екі басты адамның сирек кездесетініндей сирек кездесетін еді. Мұның керісінше, дженни¹³⁰ өзінің жарыққа шыққан кезінен бастап-ақ 12—18 ұршықпен жіп иіреді, шұлық тоқушы машина мың-мыңдаған бізбен бірден тоқиды, т. т. Сонымен, бір жұмыс машинасының өзі бір мезгілде қолданып жұмыс істейтін құралдардың саны жұмысшының қол құралы душар болған дағдылы тежеулерден әуел бастан-ақ арылады.

Көптеген қол құралдарында жәй қозғаушы күш ретіндегі адам мен кәдімгі жұмысты орындайтын жұмысшы ретіндегі адамның арасындағы айырмашылық анық сезілетін форма алады. Мәселен, жіп иіргіште жұмыс істегенде аяқ тек қозғаушы күш ретінде ғана қимылдайды, ал енді ұршықта істейтін қол жіпті тарамдап, ұршықты иіреді, яғни иіру операциясының өзін орындайды. Өнеркәсіп революциясы қолөнер аспабының нақ жұмысшы бөлшегінің өзін ең алдымен қамтиды, мұның өзі адамға машинаны бақылау, оның қателерін өз қолымен түзетіп тұру сияқты жаңа жұмыс берумен қатар, мұнымен қатар қозғаушы күш боларлық таза механикалық рольді де береді. Мұның керісінше, адам ең алғашқы кезден оларға жәй қозғаушы күш ретінде ғана әрекет еткен құралдар,— мысалы, диірменнің білігін айналдырғанда¹³², насос-

бастайды, бұларды машиналардың өзін өндіретін фабрикалар жасамайтын еді. Осындай механикалық құралдарды жасап шығаратын машиналар, мәселен, автоматты шұлықа машинасы, кардо-набор машинасы, бердолар өндіретін және моль-машиналар мен ватер-машиналарға ұршықтар жасап шығаратын машиналар.

¹³²) Моисей-египеттік былай дейді: «Өгіз астық бастырып жүргенде оның аузын бумаңдар»¹³¹ дейді. Мұның керісінше, христиан-герман филантроптары үн тарттырғанда өздері қозғаушы күш ретінде пайдаланған өздерінің крепостнойларының мойнына крепостнойлар қолымен аузына үн апара алмауы үшін ағаштан үлкен дөңгелек мойындық кигізіп қоятын.

тарды қолданғанда, көріктің сабын көтеріп, түсіргенде, келіде бірдеңені түйгенде, т. т.,— бұл құралдар қозғау беруші күш ретінде ең алдымен малды, суды, желді⁹³⁾ пайдаландырады. Шінара мануфактуралық дәуірде, ал ілуде бір одан көп ілгеріде-ақ, бұл құралдар машинаға айналып отырған-ды, бірақ олар өндіріс әдісін революцияландырған жоқ-ты. Бұлардың тіпті өзінің қолөнерлік формадағы кезінде де машина болғаны ірі өнеркәсіп дәуірінде байқалып отыр. Мәселен, 1836—1837 жылдары Гарлем көлінің суын тартып шығару үшін голландтар қолданған насостар кәдімгі насостардың принципімен жасалған еді, айырмашылығы мынада ғана болатын: олардың поршеньдері адамның қолы арқылы емес, орасан үлкен бу машиналары арқылы қозғалысқа келтірілетін. Кәдімгі, тым жабайы ұста көрігі кәзірде де Англияда кей кездерде оның сабын бу машинасымен жәй ғана жалғастыра салу арқылы механикалық жолмен үрлейтін көрікке айналдырылып жүр. Тіпті бу машинасы да XVII ғасырдың аяғында, мануфактуралық дәуірде, ойлап шығарылған түрінде ешқандай өнеркәсіптік революция туғызбай-ақ XVIII ғасырдың 80-ші жылдарының бас кезіне дейін болып келді⁹⁴⁾. Мұның керісінше, нақ жұмыс машиналарының жасалуы бу машинасында революция болуын қажет етті. Адам еңбек затына құралмен әрекет етудің орнына, жұмыс машинасына жәй қозғауыш күш ретінде әрекет ете бастаған кезден бастап қозғаушы күш адамның бұлшық еттері екендігі енді кездейсоқ нәрсеге айналады, сөйтіп адамды желмен, сумен, бумен, тағы басқалармен ауыстыруға болады. Әлбетте, бұл жағдай мұндай ауыстыру ісі екінің бірінде алғашында тек қана адамның қозғаушы күшіне есеп етіліп жасалған механизмге үлкен техникалық өзгерістер енгізуді керек қылатынын жоққа шығармайды. Кәзіргі кезде әлі өзіне жол салуына тура келетін машиналардың бәрі, мәселен, тігін машиналары, нан пісіруге керекті машиналар, т. т., егер олардың атқаратын жұмысы шағын көлемде де болатыны әуел бастан ескерілген болса, адамның қозғаушы күші де, таза механикалық қозғауыш күш те өздеріне бірдей жарайтын болып жасап шығарылады.

⁹³⁾ Шінара табиғи құлама сулардың жеткіліксіздігі, шінара өзге формаларда артық сумен күресушілік голландтарға қозғау беруші күш ретінде желді пайдаландырды. Жел двигателдерінің өзін голландтар Германиядан алып пайдаланды, Германияда бұл өнертабыс дворяндардың, полтардың және императордың арасында желдің осы үшеуінің қайсысына «тиісті» екендігі жөнінде елеулі күрес туғызды. Германияда жұрт: ауа адамды құлдыққа түсіреді деді, ал енді Голландияны азат еткен атап айтқанда жел болды. Мұнда жел голландтарды бағындырып алған жоқ, жерді голландтарға бағындырып берді. 1836 жылдың өзінде-ақ Голландияда 6 000 аттың күші бар 12 000 жел двигателі істеді, бұл двигателдер елдің үштен екі бөлігін қайтадан саз батпаққа айналып кетуден сақтады.

⁹⁴⁾ Рас, ол бу машинасын өзінің алғашқы, жәй қимылдары бу машинасы деп аталатын машинасында Уатт едәуір жетілдірген де еді, бірақ осы формасында су мен тұз ерітіндісін сыртқа ағызып шығаратын қарапайым машина болып қала бергенді.

Өнеркәсіптік революцияны туғызатын машина бір мезгілде бір құралмен ғана әрекет ететін жұмысшыны бірдей немесе біртекті көп құралды бірден қолданатын және қозғаушы күштің формасы қандай болса да бір қозғаушы күшпен ғана қимылға келтірілетін механизммен ауыстырады⁹⁵). Біз бұл арада машинаны көріп отырмыз, бірақ бұл әзірге машиналы өндірістің жәй элементі ғана.

Жұмыс машинасының көлемін ұлғайтып, оның бір мезгілде жұмыс істейтін құралдарының санын көбейту неғұрлым ірі қозғаушы механизмді керек қылады, ал бұл механизмге өзінің қарсылығын жеңу үшін адамның қозғаушы күшінен де қуаттырақ қозғаушы күш керек,— біз біркелкі және үздіксіз қозғалыс жасап тұру үшін адамның мүлде жетілмеген құрал екенін айтпасақ та болады. Егер біз адам жөй қозғаушы күш ретінде ғана әрекет етеді, демек, оның құралының орнын машина-құрал басты деп ұйғарған болсақ, онда табиғат күштері оның орнын қозғаушы күш ретінде де баса алады. Мануфактуралық дәуірден мұраға қалған барлық ірі қозғаушы күштердің ішінен ат күші ең нашары болды, оның бір себебі, аттың өзіне біткен басы бар, енді бір себебі, ат күші қымбатқа түседі, фабрикаларда шамалы көлемде ғана қолданылады⁹⁶). Солай бола тұрса да, ірі өнеркәсіптің іргесі бекімген шағында ат тым жиі қолданылған-ды, мұны сол замандағы агрономдардың шағымдарынан ғана емес, сонымен қатар механикалық күштің мөлшерін осы күнге дейін ат күшімен есептеу әдісінен де көруге болады. Желді алатын болсақ, ол тым құбылмалы және бақылауға келмейді; мұның үстіне ірі өнеркәсіптің елі болған Англияда мануфактуралық дәуірдің өзінде-ақ су күшін

⁹⁵) «Орталық бір двигательмен қозғалысқа келтірілетін осы қарапайым аспаптардың бәрінің қосылды машина болып шығады» (*Babbage*, цитат алынған шығарма [136-бет]).

⁹⁶) 1859 жылғы декабрьде, Джон Ч. Мортон Искусство мен көленері қоғамында «егіншілікте пайдаланылатын күштер» туралы баяндама жасады. Бұл баяндамада айтылғаны былай делінген: «Жер ұчаскесіне неғұрлым дұрыс форма беретін жақсарту атаулының бәрі таза механикалық күш тудыру үшін бу машинасын қолдануды мүмкін етеді... Қысық қоршаулар мен басқа кедергілер біркелкі қимылдауға мүмкіндік бермейтін жерлерде ғана ат күші керек болады. Мұндай кедергілер күн санап барған сайын жойыла береді. Неғұрлым көбірек жігер көрсетіп, қара күшті аз жұмсауды керек қылатын операцияларда бірден-бір пайдаланылатын күш қай кезде болса да адамның ақыл-ойымен істелетін күш ретіндегі адам күші болып табылады». Мұнан соң Мортон мырза бу күшін, ат күшін және адам күшін бу машиналары үшін қабылданған өлшеу единицасына аударады, яғни 33 000 қадақ затты минутына бір футтық биіктікке көтере алатын күшке аударады, сөйтіп бір аттық бу күшіне шығатын шығынды есептеп шығарады: бу машинасын қолданғанда сағатына 3 пенни, атты қолданғанда сағатына 5½ пенни деп есептеп шығарады. Егер соң, ат тым болу үшін ол күнне 8 сағаттан артық жұмыс істемеуі керек. Жер өңдеуге бу күшін қолданғанда жегістің әрбір жеті аттық кемінде 3 атын кемітуге болады, оның бер жағында бу машинасына бүтін жылы бойына шығатын шығын алғі пайдаланудан шығарылып тасталған аттарға оларды мықтап пайдаланатын 3 немесе 4 айдың ішінде шығатын шығыннан көп болмайды. Ақырында, бу күшін қолдануға болатын егіншілік операцияларында өнімнің сапасы ат күшін пайдаланғандағыдан жақсы болады. Бу машинасының істейтін жұмысын орындап шығу үшін жалақысының жалпы сомасы сағатына 15 шиллинг болатын 66 жұмысшы пайдалануға тура келер еді, ал аттың істейтін жұмысын орындап шығу үшін ақысының жалпы сомасы сағатына 8 шиллинг болатын 32 жұмысшыны пайдалану керек бола еді.

пайдаланудың маңызы басым болды. XVII ғасырдың өзінде-ақ диірменнің айналмалы үстіңгі екі тасы мен астыңғы екі тасын су күшімен айналатын бір дөңгелекпен қозғауға әрекет жасалған болатын. Бірақ жалғастырғыш механизмнің көлемінің ұлғаюы судың жеткіліксіз күшімен қайшылыққа келді, сөйтіп мұның өзі ысқылау заңдарын неғұрлым дәлірек зерттеуге итермелеген жағдайлардың бірі болды. Дәл сондай-ақ судың құлауы арқылы және күйентенің көмегімен тарту арқылы қозғалысқа келтірілетін диірмендердегі қозғаушы күш қимылының үздік-создық болуы маховой тегершік теориясын жасауға және оны практика жүзінде қолдануға⁹⁷⁾ себепкер болды, маховой тегершік кейіннен ірі өнеркәсіпте сондайлық маңызды роль атқара бастады. Мануфактуралық дәуір ірі өнеркәсіптің алғашқы ғылыми және техникалық элементтерін осылай дамытып келді. Аркрайттың ватер иіргіші әуел бастан-ақ су күшімен жүретін болған. Алайда басым қозғаушы күш ретіндегі су күшін қолдануда да түрліше қиыншылықтар кездесіп отырды. Су күшін шамадан тыс арттыруға немесе су жоқ жерде су күшін жасауға мүмкіндік болмай жүрді; кейде су күші сарқылып қалып отырды, ең бастысы, оның тек қапа жергілікті сипаты болды⁹⁸⁾. Уаттың қос қимылды бу машинасы делінетін екінші машинасы ойлап шығарылғаннан кейін ғана бастапқы двигатель табылды, бұл двигатель көмір мен суды жұмсап, қозғаушы күшті өзі шығарды, оның қуаты бүтіндей адамның бақылауында болды; мұның өзі жылжымалы және өзі жылжыту құралы болып табылатын, сонымен қатар су дөңгелегі сияқты селолық двигатель болмай, қалалық двигатель болғандықтан, өндірісті деревняда бытыратудың орнына қалаларда шоғырландыруға мүмкіндік беретін двигатель еді⁹⁹⁾, өзінің техникалық қолданылуы жағынан бұл универсал двигатель және өзі жұмыс істейтін жерінде бұрынғыдай белгілі бір жергілікті жағдайларға онша байланысты болмайтын двигатель еді. Уаттың асқан кемеңгерлігі мынадан көрінеді: оның 1784 жылы апрельде алған патентінде оның бу машинасы ерекше мақсаттарға ғана қолданылатын өнертабыс делінбей, ірі өнеркәсіптің универсал двигателі деп көрсетілген.

⁹⁷⁾ *Faulhaber*, 1625. *De Caus*, 1688.

⁹⁸⁾ Турбиналардың ойлап шығарылған ең жаңа түрі су күшін өнеркәсіптің пайдалануын бұрынғы көптеген шектеулерден құтқарады.

⁹⁹⁾ «Тоқыма мануфактураларының алғашқы кезінде өндірістің болатын жері су дөңгелегін айналдыра алатындай сонша күшті құлама судың болу-болмауына байланысты болды; сумен жүретін фабрикалардың салынуы мануфактураның үйде істеу системасын жоюдың бастамасы болғанымен де, алайда... қажет болғандықтан өзін бойларына салынған және екінші бірінде бірінен бірі едәуір қашық жатқан бұл фабрикалар қалалық системаның элементінен гөрі де деревнялық системаның элементі болды; сондықтан су күшінің орнына бу күші енгізілгеннен кейін ғана фабрикалар қалаларда және бу шығаруға қажетті су мен көмірді жеткілікті мөлшерде табуға болатын жерлерде орнай бастайды. Бу машинасы — өнеркәсіпті қалалардың анасы» (А. Редгрейв, «Reports to the Insp. of Fact. for 30 th April 1860», p. 36).

Ол мұнда кейбір тетіктерді еске салады, бұлардың кейбіреулері, мысалы бу балғасы, жарты ғасырдан аса уақыттан кейін ғана енгізілді. Алайда ол бу машинасын теңіздегі кеме қатынасына пайдалануға болатындығына күмәнданды. Оның ізбасарлары, Болтон мен Уатт, Лондондағы 1851 жылғы өнеркәсіп көрмесінде мұхит пароходтарына арналған орасан зор бу машинасын көрсетті.

Құралдар адам организмiнiң құралдарынан механикалық аппараттың, жұмыс машинасының, құралдарына айналғаннан кейін ғана, тек сонда ғана қозғаушы машина да адам күшіне тән шектеулерден мүлде бос дербес форма алады. Осы кезден бастап өзіміз осыған дейін қарастырып келген жеке жұмыс машинасы машиналық өндірістің жәй элементі дәрежесіне дейін төмендетіледі. Бір двигатель машина енді көп жұмыс машинасына бірден қозғау бере алатын болады. Бірден қозғалысқа келтірілетін жұмыс машиналары санының көбеюімен двигатель машина да өседі, ал онымен бірге жалғастырғыш механизм кең тармақ жайған аппаратқа ұласады.

Енді екі түрлі нәрсенің арасындағы айырмашылықты: біртекті көп машинаның кооперациясы мен машиналар системасының айырмашылығын көрсету қажет.

Бірінде жұмыстың бәрін сол бір жұмыс машинасының өзі орындайды. Қол өнершінің өз құралымен, мәселен, тоқымашы өзінің тоқыма станогын қолданып орындап келген немесе қол-өнершілер түрліше құралдарды қолданып бір ізбен орындап келген түрлі-түрлі операциялардың бәрін машина орындайды, оның бержағында олардың дербес қолөнершілер немесе бір мануфактураның мүшелері болған-болмағаны есеп емес¹⁰⁰⁾. Мәселен, почта конверттерінің ең жаңа мануфактурасында бір жұмысшы бүктегішпен қағазды бүктеп тұрады, екінші жұмысшы желім жағып тұрады, үшіншісі ұран басылатын қақпақты бүктейді, төртіншісі ұранды соғады, т. т., сөйтіп осы бөлшекті операциялардың әр біреуінде әрбір жеке конверт қолдан қолға өтіп отыруға тиіс болған-ды. Конверт жасайтын жалғыз бір машинаның өзі осы операциялардың бәрін бірден істеп, сағатына 3 000 және одан көп конверт дайындап шығарады. Қағаз пакеттер жасайтын, Лондондағы 1862 жылғы өнеркәсіп көрмесінде көрсетілген бір американдық машинасы қағазды кесіп,

¹⁰⁰⁾ Мануфактуралық еңбек бөлінісінің тұрғысынан қарағанда тоқымашылық есте қарайым емес, қайта керісінше, күрделі қолөнер еңбегі болды, сондықтан да механикалық тоқыма станогы өте алуан түрлі операцияларды атқаратын машина. Кәзіргі заманғы машиналар алғашында мануфактуралық еңбек бөлінісі онайлатқан операцияларды игеріпті деген ұғым заты қате ұғым. Иіру мен тоқымашылық мануфактуралық дәуірде жаңа түрлер ретінде бөлектенді, тиісі қаралдар жетілдіріліп, түрлері өзгертіліп отырды, бірақ ешбір бөлінбеген еңбек процесінің өзі қолөнерлік процесс күйінде қалды. Машина үшін бастама нәрсе еңбек емес, еңбек жабдықтары болып табылады.

желімді жағып, бүктеп, минутына 300 дана пакет жасап шығарады. Мануфактурада бөлінген және белгілібір дәйектілікпен орындалатын процестің күллісін мұнда түрліше құралдарды біріктіріп барып қимылдайтын бір жұмыс машинасы орындайды. Мұндай жұмыс машинасы күрделі қолөнер құралының тек жәй ғана қайыра жаңғыртылуы немесе мануфактура бір іске ыңғайлаған әртүрлі жәй құралдардың құрамасы бола ма, жоқ па, фабрикада, яғни машиналық өндіріске негізделіп құрылған мастерскойда әруақыт үнемі жәй кооперация қайта пайда болып отырады, онда да бәрінен бұрын біртекті және бір мезгілде бірге қимылдайтын жұмыс машиналарының (бұл арада біз жұмысшыны былай қоямыз) кеңістік жағынан жинақталуы ретінде пайда болып отырады. Мысалы, тоқыма фабрикасы көптеген механикалық тоқыма станоктарынан құралады, ал тігін фабрикасы сол бір мастерскойдың өзінде тұрған көп тігін машиналарынан құралады. Бірақ мұнда техникалық тұтастық бар, өйткені осы біртекті көп жұмыс машиналары бәріне ортақ ең бірінші двигательдің жүрегінің соғуынан бір мезгілде және бір қалыпта қозғау алады, оның бержағында оларға бұл қозғалыс жалғастырылғыш механизм арқылы беріледі, бұл механизм де шінара бұлардың бәріне ортақ, өйткені осы механизмнен әрбір жеке жұмыс машинасына керекті ерекше желілер ғана таралады. Толып жатқан көп құралдың бір жұмыс машинасының органдары ғана болатыны сияқты, көп жұмыс машинасы да енді дәл осылай сол бір қозғаушы механизмнің біртекті органдары ғана болып табылады.

Бірақ машиналар системасының өзі әрбір дербес машинаның орнын басқанда мына жағдайда ғана, еңбек заты әртүрлі, бірақ өзара бірін бірі толықтырып тұратын жұмыс машиналарының тізбегі орындайтын өзара байланысты бөлшекті процестерді бір ізбен бірінен соң бірін өткен кезде ғана басады. Бұл жерде мануфактураға тән, еңбек бөлінісіне негізделген кооперация қайтадан жарыққа шығады, бірақ енді оның өзі бөлшекті жұмыс машиналарының құрамасы болып табылады. Түрліше бөлшекші жұмысшылардың ерекше құралдары — мәселен, жүн мата мануфактурасындағы жүн сабаушылардың, жүн түтушілердің, қылшықтаушылардың, жүн иірушілердің, т. т. құралдары — енді түрліше жұмыс машиналарының құралдарына айналып отыр, бұл машиналардың әрқайсысы құрама жұмысшы механизмнің системасында ерекше функцияны орындайтын ерекше орган болып табылады. Машиналар системасы бірінші рет енгізіліп отырған тарауларда мануфактураның өзі жалпы алғанда оған өндірісті бөлудің табиғи негізін, олай болса, өндіріс процесін ұйымдасты-

рудың негізін де салып береді ¹⁰¹⁾. Алайда әуел бастан-ақ мануфактуралық өндіріс пен машиналық өндірістің арасында бір елеулі айырмашылық та шыға келеді. Мануфактурада жеке жұмысшылар немесе топ болып біріккен жұмысшылар өздерінің қол құралдарын қолданып әрбір жеке бөлшекті процесті орындауға тиісті. Егер мұнда жұмысшы процеске бейімделіп отырған болса да, онда процесс те, өз ретінде, күні бұрыннан-ақ жұмысшыға бейімделіп қойылған. Машиналық өндіріс кезінде еңбек бөлінісінің бұл субъективтік принципі жайына қалады. Мұнда күллі процесс оның өзінің сипатына қарай объективті түрде өзінің құрамды сатыларына бөлінеді, сондықтан әрбір бөлшекті процесті орындау және түрлі-түрлі бөлшекті процестерді ұштастыру проблемасы механиканы, химияны, т. т. техникалық жолмен қолдану арқылы шешіледі ¹⁰²⁾, оның бержағанда теориялық шешім, бұрынғыдай, кең көлемде жинақталған практикалық тәжірибе арқылы жақсартыла түсуге тиіс екені өзінен өзі түсінікті. Әрбір бөлшекті машина тікелей өзінің сонынан келетін екінші машинаға шикі материал беріп отырады, жәнеде олардың бәрі бір мезгілде қимылдайтын болғандықтан, өнім ылғи өзінің жасалу процесінің түрліше сатыларында болады, өндірістің бір фазасынан екінші фазасына үнемі көшіп отырады. Мануфактурада бөлшекші жұмысшылардың тікелей кооперациясы жұмысшылардың жеке топтарының арасында белгілібір сандық қатынастар жасайтыны сияқты, машиналардың бөлшектелген системасында да бөлшекті машиналардың біреулері екінші бір бөлшекті машиналарға үздіксіз жұмыс беріп тұруы үшін олардың санының, көлемдері мен жылдамдығының арасында белгілібір қатынас болуы қажет. Кәзір әртүрлі жеке жұмыс машиналары мен солардың топтарының бөлшектелген системасы болып табылатын құрамды жұмыс машинасы өзінің орындайтын процесінің бәрі неғұрлым үздіксіз болса, соғұрлым жетілген машина бо-

¹⁰¹⁾ Ірі өнеркәсіп заманына дейін жүн мата мануфактурасы Англияның үстем мануфактурасы болды. Сондықтан XVIII ғасырдың бірінші жартысында эксперименттердің көбі сонда жасалған еді. Жүн жөнінде қол жеткен тәжірибенің мақтаға пайдалы тәсіл, мақтаны механикалық жолмен жұмыстау онша қиын емес дайындық процесін керек қылды; сондай-ақ ең бертіндегі заманда, мұның керісінше, механикалық жүн мата өнеркәсібі механикалық жолмен мақта-мата иіру мен тоқудың негізінде дамыды. Жүн мата мануфактурасының жеке элементтерін, мәселен, жүн түтуді фабрика системасы соңғы он жылдарда ғана қамтыды. «Механикалық күштің жүн түтуге қолданылуының... түту машинасы», әсіресе Листердің машинасы... енгізілген кезден бастап кең таралған қолданылуының сөзсіз зардабы — өте көп адамның жұмыссыз қалуы болды. Бұрын жүн қолмен түтілетін, көбінесе түтушінің үйінде түтілетін. Кәзір оны әдетте фабрикада түтеді, сондықтан, әлі де болса қолдан түтілген жүнді ұнататын жұмыстың кейбір өзгеше түрлері болмаса, қол еңбегі ығыстырылды. Қолмен жүн түтушілердің көпшілігі фабрикалардан жұмыс тапты, бірақ қолмен түтушінің өнімі машинаның өнімімен салыстырғанда соншалық аз, сондықтан да жүн түтушілердің өте көбі-ақ сол беті жұмыссыз қалды» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1856», p. 16).

¹⁰²⁾ «Демек, фабрикалық системаның принципі... еңбекті колөнершілердің арасында бөлу немесе бөлшектеу ісін процесті оның маңызды-маңызды құрамда элементтеріне бөлшектеумен ауыстыруда» (Ure. «Philosophy of Manufactures», p. 20).

лады, яғни шикі материал процестің бірінші фазасынан соңғы фазасына неғұрлым аз үзіліспен өтетін болса, демек, оның өзі өндірістің бір фазасынан екінші фазасына адамның қолымен емес, механизмнің өзі арқылы неғұрлым көбірек жылжытылатын болса, жұмыс машинасы соғұрлым жетілген болады. Сондықтан, егер мануфактурада жеке процестердің оқшаулануы еңбек бөлінісінің өзінен туатын принцип болса, ал дамыған фабрикада, мұның керісінше, жеке процестердің үздіксіз байланыста болу принципі үстем болады.

Машиналар системасы тоқымашылықтағы сияқты біртекті жұмыс машиналарының жәй кооперациясына негізделме, әлде жіп иірудегі сияқты әртекті машиналардың ұштастырылуына негізделме, оның өзі үлкен автомат болып табылады, өйткені оған өзінің қимылын өзі туғызатын әуелгі бір двигатель қозғау беріп отырады. Алайда, жеке жұмыс машиналары белгілібір қимылға келу үшін әлі де болса жұмысшылардың көмегін керек қылып отырғанда, бүкіл системаның өзін, мәселен, бу машинасы қозғап жібере алады; мысалы, автоматты мюль-машиналар енгізілгенге дейін жұмысшылардың көмегі мюльдерді жұмысқа қосу үшін керек болды, ал жіңішке жіп иіруде мұндай көмек әлі осы күнге дейін керек болып келеді; не болмаса машиналардың белгілібір бөлшектері өз операцияларын орындауы үшін жұмысшы бұларды құрал сияқты басқарып отыруға тиіс, slide rest (айналдыратын суппорт) автомат механизмге айналғанға дейін машина жасау өнеркәсібінде осылай болған-ды. Жұмыс машинасы шикі материалды өңдеуге қажетті қимылдардың бәрін адамның көмегінсіз орындап, жұмысшының тарапынан тек бақылау болуын ғана керек қылып отырса біз мұның өзі машиналардың автоматтық системасы екенін көреміз, алайда бұл система өз тетіктерін онан әрі жетілдіре бере алады. Мысалы, бір жібі үзілсе-ақ болғаны иіру машинасын автоматты түрде тоқтататын аппарат және тоқыма ұршығында арқау жіптің бәрі таусылып бітісімен-ақ, жетілдірілген бу тоқыма станогын тоқтата қоятын автоматтық тоқтатқыш нағыз кәзіргі заманғы өнертабыстар болып табылады. Кәзіргі заманғы мақта-мата фабрикасы өндірістің үздіксіздігінің де, автоматтық принципті іске асырудың да үлгісі бола алады. Түрліше өндіріс құрал-жабдықтары өзінің негізі болып отырған жекелеген өндіріс әдістерінің арасындағы айырмашылықты да, өндіріс әдістері түрліше қоғамдық өндірістік қатынастардың байланысын да мақта-мата өндірісінде егжей-тегжейіне дейін зерттеу жақсы нәрсе; ертедегі герман мақта мата тоқу ісі колөнер өндірісінің үлгісін көрсетеді, XVII ғасырдағы Голландия мен XVIII ғасырдағы Франция шын мәнісіндегі мануфактураның үлгісін көрсетеді, ал кәзіргі

заманғы Англия өндірістің бұл саласында автоматтық жолмен бұйым жасап шығарудың үлгісін көрсетеді; ал енді Қытай мен Индияда нақ осы өнеркәсіптің ерте заманғы азиялық екі түрлі формасы күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді.

Жалғастырғыш механизмдер арқылы өзі орталық бір автоматтан қимылға келетін жұмыс машиналарының бөлшектелген системасынан машиналық өндіріс өзінің анағұрлым дамыған түрін табады. Жеке машинаның орнына осы механикалық керемет келеді, мұның денесі бүкіл фабрика үйлерін алып жатады және алғашында өзінің алып мүшелерінің емін-еркін бір ырғақты дерлік қозғалыстарында бүркеулі жатқан оның жойқын күші шын мәнісінде оның қисапсыз көп жұмыс органдарының қалшылдап, аласұра зыр жүгіруінде сыртқа теуіп шығады.

Мюль машиналар, бу машиналары, т. т. бу машиналарын, мюль-машиналарды, т. т. жасаумен ғана айналысатын жұмысшыдан бұрын пайда болды; бұл — адамның тігіншілер шықпай тұрып киім кие бастағаны сияқты. Бірақ Вокансонның, Аркрайттың, Уаттың, т. т. өнертабыстары осы өнертабысшылар мануфактуралық дәуірдің өзінде-ақ даярланған шебер механик-жұмысшыларды едәуір көптеп табуының арқасында ғана іске асты. Бұл жұмысшылардың бір бөлегі түрліше кәсіптердің дербес қолөнершілерінен құралды, екінші бір бөлегі, жоғарыда айтылғандай, еңбек бөлінісі ерскше қатаң үстем болған мануфактураларға біріккен еді. Өнертабыстар санының көбеюімен және жаңадан ойлап шығарылған машиналарды керексінудің артуымен, бір жағынан, машина жасау өнеркәсібінің толып жатқан дербес тарауға бөлінуі, екінші жағынан, машина жасау мануфактураларының ішіндегі еңбек бөлінісі барған сайын дами түсті. Сонымен, біз бұл жерде мануфактурада ірі өнеркәсіптің тікелей техникалық негізі бар екенін ашамыз. Мануфактура машиналар өндірді, осы машиналардың көмегімен ірі өнеркәсіп өзі ең алдымен игерген өндіріс тарауларында қолөнерлік өндіріс пен мануфактуралық өндірісті жойды. Демек, машиналық өндіріс алғашында өзіне сай емес материалдық базисте туды. Дамудың белгілі бір сатысында машиналық өндіріс алғашында өзі даяр күйінде тапқан, ал онан кейін оның ескі формасын сақтай отырып, онан әрі дамытқан әлгі негіздің өзінде төңкеріс жасауға және өзі үшін нақ өзінің өндіріс әдісіне сай келетін жаңа базис жасап алуға тиіс болды. Жеке машина тек адам күшімен ғана жүргізілетін кезде оның болымсыз машина болып қала беретіні сияқты, көптен қолданылып келген қозғаушы күштердің — малдың, жылдың, тіпті судың да — орнын бу машинасы баспай тұрған кезде машиналар системасының еркін дами алмағаны сияқты,

ірі өнеркәсіптің ерекше өндіріс құрал-жабдығы — машинаның өзі адам күшінің, адам шеберлігінің арқасында орын алып отырғанда, яғни бөлшекші жұмысшы мануфактураның ішінде немесе қолөнерші онан тысқары жерде өздерінің болымсыз аспаптарын қолданып іс қылатын бұлшық ет күшіне, көздің қырағылығына, қолдың асқан шеберлігіне байланысты болып тұрғанда ірі өнеркәсіптің бүкіл өркендеуі де бөгеліп отырды. Машиналардың осындай жолмен шығуының нәтижесінде олардың қымбатқа түсетіндігін, — капитал саналы дәлел ретінде қолданып жүрген жағдайды, — айтпағанның өзінде, көзірдің өзінде-ақ машиналандырылған өнеркәсіп тарауларының онан әрі кеңеюі және өндірістің жаңа тарауларына машиналардың енуі бүтіндей жұмысшылардың әлгі категориясының өсуіне байланысты болды, жұмысшылардың бұл категориясы өзінің істейтін кәсібінің жартылай аргистік сипатының салдарынан секірмелі түрде емес, бірте-бірте ғана өсе алады. Бірақ дамудың белгілі бір сатысында ірі өнеркәсіп өзінің қолөнерлік және мануфактуралық базисіне қарсы техникалық қайшылыққа да [Widerstreit] келеді. Двигатель машиналардың, жалғастырығыш механизм мен жұмыс машиналарының көлемін ұлғайту, жұмыс машинасы алғашында өзінің конструкциясын бүтіндей билеген қолөнерлік үлгісінен арылып, тек қана өзінің механикалық міндеті билейтін еркін форма алған сайын жұмыс машинасының құрамды бөлімдерінің күрделілігі мен саналуандылығын, сонымен қатар барынша туралығын арттыру; автоматтық системаны дамыту және өңделуі неғұрлым қиынға түсетін материалдарды бірден-бірге сөзсіз қолдану, мәселен, ағаштың орнына темірді қолдану¹⁰³⁾, — табиғи пайда болған міндеттер міне осылар, бұл міндеттерді шешу барлық жерде де жұмыстардың жұмысшының қара басына байланыстылығынан туып отырған және мануфактурадағы біріккен жұмысшылар персоналының өзі де тек біраз кеңейте алған, бірақ шын мәнінде жоя алмаған шектеулерге кез болып отырды. Мануфактура, мысалы, көзіргі заманғы баспахана станогы, көзіргі заманғы бу тоқыма станогы және көзіргі заманғы тұту машинасы сияқты машиналарды туғыза алмас еді.

¹⁰³⁾ Механикалық тоқыма станогы өзінің бастапқы кездегі формасында көбінесе ағаштан жасалатын, жегілдірілген көзіргі заманғысы темірден жасалады. Өндіріс құрал-жабдығының ескі формасы бастапқы кезде оның жаңа формасына қаншалық дәрежеде үстем болатындығын, басқасын былай қойғанда, көзіргі заманғы бу тоқыма станогын ескі станокпен, шойын қуатын заводтардағы көзіргі заманғы үрлеу тетіктерін кәдімгі темір ұстасы көрігінің алғашқы кездегі дәрменсіз механикалық көшірмесімен тіпті үстірт салыстырудың өзі-ақ көрсетеді, мұны, бәлкім, көзіргі локомотивтер ойлап шығарылмай тұрып жасалған алғашқы локомотив басқаның бәрінен де гөрі көз жеткізе көрсетер; алғашқы локомотивтің шын мәнісінде екі аяғы болған, ол бұл аяқтарын ағ құсап кезекпе-кезек көтеріп жүретін болған. Механика онан әрі дамып, практикалық тәжірибе жиналғаннан кейін ғана машинаның формасы бүтіндей механиканың принциптері бойынша белгілене бастайды, сондықтан машинаға айналып отырған құралдың ең көне формасынан мүлде құтылады.

Өндіріс әдісіндегі өнеркәсіптің бір сферасында болатын төңкеріс басқа сфераларда да төңкеріс туғызады. Мұның ең алдымен бір жалпы процестің фазалары ретінде өзара бірімен бірі тоғысып жатқан өнеркәсіп тарауларына қатысы бар, бірақ та қоғамдық еңбек бөлінісінің оларды оқшаулағандығы соншалық, бұл тараулардың әрқайсысы дербес товар өндіреді. Мысалы, машинамен жіп иіру машинамен тоқу қажеттігін туғызды, ал бұл екеуі қосылып матаға ақ түс беру, матаға өрнек салу, матаны бояу өндірістерінде механика-химиялық революция жасауды қажет етті. Екінші жағынан, мақта-мата жібін иірудегі революция дәл осындай жолмен джінді, мақта-мата талшығын дәнінен айыратын машинаны ойлап шығартқызды, осының арқасында ғана кәзір қажет болып отырған ірі көлемде мақта өндіру мүмкін болды¹⁰⁴). Ал өнеркәсіп пен егіншіліктің өндіріс әдісіндегі революцияның нақ өзі өндірістің қоғамдық процесінің жалпы жағдайларында, яғни байланыс және транспорт құралдарында революция болуын қажет етті. Өзінің көмекші үй өнеркәсібі бар ұсақ егіншілік пен қала колөнері, Фурьенің сөзімен айтқанда, pivot-ы [негізі] болған қоғамның байланыс және транспорт құралдары өзінің кең түрде қоғамдық еңбек бөлінісі болған, өзі еңбек жабдыктары мен жұмысшыларды шоғырландырған, өзінің отарлық рыноктары бар мануфактуралық дәуірдегі өндірістің керектерін тіпті де қанағаттандыра алмады, сондықтан да шынында төңкеріске ұшырады. Дәл сондай-ақ мануфактуралық дәуірден мұраға қалған транспорт пен байланыс құралдары өндірісінің қарқыны аласұрып жанталасқан, өзі кең өріс алған, толып жатқан капитал мен жұмысшыларды өндірістің бір сферасынан екінші сферасына үнемі аударыстырып отырған және өзінің жасап алған дүниежүзілік рыноктық байланыстары бар ірі өнеркәсіп үшін көп ұзамай-ақ төзгісіз тұсауға айналды. Желкенді кеме құрылысында толық төңкеріс болғандығы туралы айтпағанның өзінде, байланыс пен транспорт өзен пароходтарының, темір жолдардың, мұхит пароходтары мен телеграфтардың жүйесі арқылы бірте-бірте ірі өнеркәсіптің өндіріс әдісіне бейімделген еді. Бірақ ендігі жерде соғуға, пісіруге, кесуге, бұрғылап тесуге және қалыптауға тура келіп отырған орасан көп темір өз ретінде мануфактуралық машина өнеркәсібінің жасауға шамасы келмеген орасан зор алып машиналарды керек етті.

Сөйтіп, ірі өнеркәсіп өзіне тән өндіріс құрал-жабдығын, ма-

¹⁰⁴) Янки Илай Уитни ойлап шығарған талшық айырушы машина осы соңғы кезге дейін XVIII ғасырдағы қандай да болсын өзге машинадан гөрі елеулі өзгеріске әлдеқайда аз ұшырады. Соңғы он жылдарда ғана (1867 жылдың алдында) басқа бір американ, Нью-Йорктегі Ольбанидан шыққан Эмри мырза, соншалық қаралайым, соншалық нәтижелі жетілдірудің арқасында Уитнидің машинасын ескірген машина етті.

шинаның өзін игеруге тиіс болды, машинаның көмегімен машиналар өндіруге тиіс болды. Тек сонда ғана ірі өнеркәсіп өзіне балама техникалық базис жасап, өз аяғына басты. XIX ғасырдың алғашқы он жылдарында да жұмыс машиналары жасап шығаруды бірте-бірте игере берді. Алайда соңғы онжылдықта ғана орасан зор темір жол құрылысы мен мұхиттағы пароход қатынасы алғашқы двигательдерді жасағанда қолданылатын орасан алып машиналарды туғызды.

Машиналарды машинаның көмегімен жасап шығарудың аса маңызды өндірістік шарты күш-қуатты тілеген дәрежеде үдете алатын және сонымен бірге бақылауға бүтіндей көнетін двигатель машина болды. Ол бу машинасы түрінде сол кездің өзінде-ақ болған еді. Бірақ мұнымен бірге міндет машинаның жеке бөлімдеріне қажетті нағыз геометриялық формаларды: сызықтарды, жазықтықтарды, шеңберлерді, цилиндрлерді, конустарды және шарларды машиналық әдіспен жасауда болды. XIX ғасырдың алғашқы он жылында Генри Модсли айналдыратын суппортты ойлап шығару арқылы бұл проблеманы шешті, мұның өзі көп ұзамай автоматты механизмге айналдырылды да, өңделіп жетілдірілген түрінде алғашында өзі арналған токарлық станоктан машина жасайтын өзге машиналарға көшірілді. Бұл механикалық тетік пәлендей бір ерекше құралдың орнын баспайды, қайта кесуші аспаптың жүзін еңбек материалына, мәселен, темірге бағыттай, соған әкеле отырып, белгілі бір форма жасайтын адам қолының өзінің орнын басады. Осылай етіп машиналардың жеке бөлшектеріне

«асқан шебер деген жұмысшының ең тәжірибелі қолы да жасай алмайтындай жеңілдікпен, дәлдікпен және жылдамдықпен»¹⁰⁵

геометриялық формалар беру мүмкін болды.

Егер біз енді машина жасауда қолданылатын машиналардың шын мәнісіндегі құрал-машинаны құрайтын бөлімін алып қарайтын болсақ, онда біз тағы да мұның көлөнер аспабы екенін көреміз, бірақ бұл орасан зор көлемді аспап. Мәселен, бұрғылаушы машинаның жұмысшы бөлімінің өзі — орасан бір бұрғы, мұны бу машинасы қимылға келтіреді және мұнсыз, өз ретінде, үлкен бу машиналары мен гидравликалық престердің цилиндрлерін өндіру мүмкін болмас еді. Механикалық токарь станогы — аяқпен жүргізілетін кәдімгі токарь станогы-

¹⁰⁵ «The Industry of Nations», London, 1855, Part II, p. 239. Дәл осы жерде былай делінген: «Токарлық станоктың бұл шылауы қандай қарапайым және алғаш қарағанда шамалы болып көрінгенімен де машиналардың жетілдірілуіне, таралуына оның тигізген ықпалы Уаттың бу машинасының өзінде жасаған жетілдірулерінің ықпалындай зор болды деп айтсақ асырып айтқандық бола қоймас деп ойлаймыз. Оның енгізілуі бірден-ақ машина атаулының бәрін жетілдіріліп, арзандауына жеткізді және жаңа өнертабыстар мен жетілдірулерге түрткі болды».

ның бір алып түрі; жону машинасы — балташы ағашты қандай құралмен өндесе, темірді сондай құралмен өндейтін темір балташы; Лондонның корабль жасайтын верфтерінде аржа кесетін құралдың өзі — орасан зор ұстара; тігіншінің қайшысы шұғаны қалай кессе, темірді солай кесетін механикалық қайшы құралдың өзі — керемет үлкен қайшы, ал бу балғасы кәдімгі балғаның басындай баспен соғады, бірақ оның салмағы сондай, оны Тордың ¹⁰⁶⁾ өзі де көтеріп ала алмас еді. Мәселен, Несмиттің шығарған өнертабысы болып табылатын осындай бу балғаларының бірі 6 тоннадан аса тартады және салмағы 36 тонналық төске 7 футтық биіктіктен тік түсіп, соғады. Ол үйдей тасты оп-оңай күл қылып жібереді және оның бірнеше рет жәйлап соғып, жұмсақ ағашқа сыналап шеге қағу қабілеті де кем емес ¹⁰⁷⁾.

Машина ретінде еңбек жабдығы адам күшін табиғат күштерімен ауыстыруға және эмпирикалық ескілік тәсілдерді жаратылыс тану ғылымын саналы түрде қолданумен ауыстыруға себепкер болатын материалдық формада орын алатын болады. Мануфактурада еңбектің қоғамдық процесін бөлшектеу таза субъективті түрде болады, бөлшекші жұмысшылардың құрамасы болып табылады; машиналар системасында ірі өнеркәсіптің толық объективтік өндірістік организмі болады, жұмысшы мұны өндірістің кәзірдің өзінде дайын тұрған материалдық шарты ретінде кездестіреді. Жәй кооперацияда, тіпті еңбек бөлінісінің нәтижесінде бір іске мамандандырылған кооперацияда да жекселеген жұмысшыны қоғамдық жұмысшының ығыстыруы әлі де болса азды-көпті кездейсоқ нәрсе болып табылады. Ал машиналар болса, төменде айтыла кететін кейбір ерекше жағдайларда болмаса, тікелей қоғамдастырылған немесе бірлескен еңбектің қолында ғана істейді. Олай болса, еңбек процесінің кооперативтік сипаты бұл жерде еңбек жабдығының өзінің табиғатынан туатын техникалық қажеттілікке айналады.

2. МАШИНАЛАР ҚҰНЫҢ ӨНІМГЕ КӨШІРІЛУІ

Жоғарыда көрдік, кооперация мен еңбек бөлінісінен туатын өндіргіш күштер капиталға түкке тұрмайды. Бұлар қоғамдық еңбектің табиғи күштері ғана. Өндіру процесіне қолданылатын бу, т. т. сияқты табиғи күштер де түкке тұрмайды. Бірақ

¹⁰⁶⁾ Лондонда пароходтардың ескіш дөңгелектеріне керекті біліктерді соғатын осындай машиналардың бірі «Тор» деп аталады. Темір ұстасы тағаны қалай оңай соғатын болса, ол машина да салмағы 16½ тонналық білікті дәл солай оңай соғып шығарады.

¹⁰⁷⁾ Ағаш өндейтін және аз көлемде де қолданылатын машиналарды көбінесе американдар ойлап шығарғанды.

адамға дем алу үшін өкпенің қажет болатыны сияқты, капитал табиғи күштерді өнімді етіп тұтынып отыру үшін «адам қолының жасаған бұйымын» керек етеді. Судың қозғаушы күшін пайдалану үшін су тегершігі қажет, будың серпінділігін пайдалану үшін бу машинасы қажет. Табиғи күштер жөнінде қандай болса, ғылым жөнінде де істің жайы солай болып отыр. Электр тогының қимыл сферасында магнит тілінің ауытқу заңы немесе темірдің айналысынан өтіп жататын электр тогының әсерінен темірдің магниттену заңы ашылғаннан кейін, енді бұл заңдар бір тиын да тұрмайды¹⁰⁸⁾. Бірақ бұл заңдарды телеграфияда, т. т. пайдалану үшін өте қымбат және күрделі аппарат керек. Жоғарыда өзіміз көрдік, құралды машина ығыстырып шығармайды. Адам организмнің мардымсыз құралынан ол өзінің көлемі мен мөлшері жағынан адам жасаған механизмнің құралы болып өсіп жетеді. Капитал енді жұмысшыға қол құралымен жұмыс істеткізбей, машинамен жұмыс істеткізіп отыр, ал машинаның өзі өз құралдарын қолданады. Ал егер, осылайша, ірі өнеркәсіп өндіріс процесі үшін табиғаттың орасан зор күштері мен жаратылыс тану ғылымын игеріп, еңбек өнімділігін өте-мөте арттыруға тиіс болғаны алғаш қарағанда-ақ айқын болса, онда өндіргіш күштің бұлайша артуының екінші бір жерде еңбекті көп жұмсаумен есесі қайтарылып отырған-отырмағаны тіпті де оншалық айқын емес. Тұрақты капиталдың қандай да болсын өзге құрамды бөлімі сияқты, машиналар ешқандай да құн жасамайды, бірақ өнім өндіруге қызмет ететін машиналар нақ сол өз құнын өлімге көшіреді. Машиналардың құны болғандықтан және сол себепті өз құнын өнімге көшіретін болғандықтан, машиналар өнім құнының құрамды бөлімін құрайды. Өнімді арзандатудың орнына, машиналар оны дәл өздерінің құндарына қарай қымбаттатады. Ірі өнеркәсіптің өзіне тән еңбек жабдығы болып табылатын машина және машиналардың дамыған системасы колөнер мен мануфактура өндірістеріндегі еңбек жабдықтарының құнынан әлдеқайда көп құн болып табылатыны күмәнсыз ғой.

Ең алдымен мынаны атап өту керек болады: машиналар әрдайым еңбек процесіне түгелімен қатысады және құн жасау процесіне әрдайым жарым-жартылап қана қатысады. Машиналар ешқашан да өнімге өзінің тозуы салдарынан орта мөлшерде жоғалтатынынан артық құн қоспайды. Сонымен, маши-

¹⁰⁸⁾ Тегінде капиталист үшін ғылым «түкке» тұрмайды, бұл жағдай оның ғылымды пайдалануына ешбір бөгет болмайды. Капитал бөтеннің еңбегін немденіп алатыны сияқты, ол «бөтеннің» ғылымын да немденіп алады. Бірақ ғылымды бола ма, материалдық байлықты бола ма «капиталистік» немдену мен «жеке адам» немдену — бұл өзі мүлде әртүрлі нәрсе. Машиналарды пайдаланатын, өзі құрмет тұтатын фабриканттардың механиканы білмейтін топастығын айтып д-р Юрдн өзі де шағым еткенді, ал Либих химия өндірісіндегі ағылшын фабриканттарының химия саласындағы сұмдық نادандығын айтып беріп отыр.

наның құны мен машинадан өнімге мезгіл-мезгіл көшіп отыратын құн бөлегінің арасында үлкен айырмашылық бар. Құн жасау элементі ретіндегі машина мен өнім жасау элементі ретіндегі машинаның арасында үлкен айырмашылық бар. Белгілі бір машиналар еңбектің белгілі бір процесінде қайта-қайта істейтін мезгіл неғұрлым көп болса, бұл айырмашылық та соғұрлым көп болады. Рас, нағыз еңбек жабдығы немесе өндіріс құралы атаулының бәрі еңбек процесіне әрдайым түгел қатысады және құн жасау процесіне өзінің күнделікті орта мөлшердегі тозуына пропорциялы түрде әрдайым жарым-жартылап қана қатысады, мұны жоғарыда көрдік. Алайда пайдалану мен тозудың арасындағы бұл айырмашылық құралдардағыдан гөрі машиналарда әлдеқайда көп, өйткені неғұрлым мықты материалдан жасалған машиналар көпке барады, ал олардың қатаң ғылыми заңдармен реттеліп қолданылуы олардың құрамды бөлімдерін және өздерінің тұтынатын заттарын жұмсауда көп үнем жасауды мүмкін етеді және, ақырында, машиналардың өндірістік өрісі құралдыкінен әлдеқайда кең болады. Егер машиналар мен құралдардың орта мөлшердегі күнделікті шығындарын немесе орта мөлшердегі күнделікті тозуы және көмекші материалдарды, мәселен, майды, көмірді, т. т. тұтынуы арқылы олардың өнімге қосатын құнының құрамды бөлегін есептейтін болсақ, онда олар адам еңбегінің көмегінен өмір сүріп отырған табиғат күштеріндей тегін қимылдап отырған болып шығады. Құралдың өндіргіштік ісіне қарағанда машиналардың өндіргіштік ісінің көлемі неғұрлым көп болса, олардың тегін қызметінің көлемі құралдың дәл сондай қызметіне қарағанда соғұрлым көп болады. Тек ірі өнеркәсіпте ғана адам өзінің өткендегі, затқа айналып кеткен еңбегінің өнімін, табиғат күштері сияқты, ірі көлемде тегін қимылдатқызып отыруға үйренеді¹⁰⁹⁾.

Кооперация мен мануфактураны зерттегенімізде мынаны көрдік: оқшауланған жұмысшылардың бытыранқы өндіріс жағдайларын пайдаланғанына қарағанда бірлесіп пайдаланғанда өндірістің белгілі ортақ жағдайлары, мәселен, үйлер, т. т. үнемделеді, демек өнімдерді біршама аз қымбаттатады.

¹⁰⁹⁾ Алайда еңбек процесі мен құнның жасалу процесінің арасындағы жалпы айырмашылық сияқты, өзі аз айқындалған машинаның осы қимылын Рикардоның кейде тіпті баса көрсететіндігі соншалық, ол құнның өнімге машиналар көшіретін құрамды бөлімін ұмытады да, машиналарды табиғат күштерімен мүлде барабар етеді. Мәселен, ол былай дейді: «Бізге табиғи факторлар мен машинаның көрсететін қызметтерін Адам Смит ешқашан да жете бағаламай қойған емес. Бірақ ол кісі алғашқылардың бірі ретінде құнның жаратылысын дәлме-дәл айыра біледі, ... өйткені олар бұл жұмысты тегін орындайды, олардың жәрдемі айырбас құнына дәлдене де қоспайды», дейді (*Ricardo*. «Principles of Political Economy», 3 ed. London, 1821, p. 336, 337). Әйбette, Рикардоның бұл ескертпесі Ж. Б. Сэй жөнінде дұрыс, өйткені Сэй былайша: «Машиналардың көрсетіп отырған «қызметі» сол, олар «пайданың» бір бөлегін құрайтын құн жасайды екен, дейді.

Машиналы өндірістің тұсында жұмыс машинасының корлу-сын оның толып жатқан құралдары бірге пайдаланып қана қоймайды, сонымен қатар бір двигатель машинаның өзін жалғастырғыш механизмнің бір бөлегімен қосып бірсыпыра жұмыс машиналары бірге пайдаланады.

Машиналардың құны мен құнның сол машиналар күн са-йын өз өніміне көшіретін бөлегінің арасында осындай айыр-машылық болып отырғанда құнның осы бөлегінің өнімді қым-баттататын дәрежесі өнімнің сыртқы жағына байланысты бол-ғандай, ең алдымен өнімнің мөлшеріне байланысты болады. 1857 жылы жарияланған бір лекцияда Блэкберндегі Бейнс былай деп хабарлайды:

«әрбір нақтылы механикалық ат күші ^{109a)} тиісті дайындық жабдықта-рымен қоса 450 автоматты мюль ұршығын қимылға келтіреді, не 200 ватер-ұршығын, немесе арқау өткізгішімен, шліхталаушысымен, т. с. жабдықта-рымен қоса 40 дөймдік мата тоқитып 15 тоқыма станогын қимылға кел-тіреді» ¹³².

Бір аттық бу күшінің күндік шығыны мен оның қимылға келтіретін машиналарының тозуы біріншісінде 450 мюль ұр-шықтың күндік өніміне, екіншісінде 200 ватер ұршықтың өні-міне, үшіншісінде механикалық 15 тоқыма станогының өнімі-не бөлініп түседі, сөйтіп осының арқасында бір унция жіпке немесе бір кез матаға құнның болмашы ғана бөлегі көшеді. Жоғарыда бу балғасы жөнінде келтірілген мысалда да осын-дай. Оның күндік тозуы, тұтынылған көмір, т. т. оның күнбе-күн соғып шығаратын орасан көп төміріне бөлініп түсетін болғандықтан, темірдің әрбір центтеріне құнның тіптен аз бөлегі ғана келеді; ал егер осы алып аспаппен ұсақ шегелерді қағып жататын болса, онда құнның әлгі бөлегі тым зор бо-лар еді.

^{109a)} {3-ші басылуына ескерту. Бір «ат күші» минутына 33 000 фут-қадақтық күшке тең, яғни 1 минутына 33 000 қадақты 1 футқа (ағылшындық) немесе 1 қадақты 33 000 футқа көтеретін күшке тең. Бұл — жоғарыда әңгіме болып отырған ат күшінің дәл өзі. Бірақ дағдылы коммерциялық тілде, сонымен бірге осы кітаптағы цитаттардың кейбір жерлерінде сол бір машинаның «номиналдық» және «коммерция-лық», немесе «индикаторлық», ат күштері бар деп көрсетіледі. Ескілікті, немесе ном-иналдық, ат күші тек қана поршеньнің ұзындығы мен цилиндрдің диаметрі бойынша өлшеніп, будың қысымы мен поршеньнің шалшаңдығын мүлде есепке алмайтын. Бас-қаша айтқанда мұның мәнісі іс жүзіне келгенде мынадай: егер машина Болтон мен Уаттың заманындағыдай будың әлсіз қысымы мен поршеньнің шамалы ғана шалшаң-дығымен қимылға келтірілетін болса, онда машинада, мәселен, 50 ат күші бар деп есептелетін. Бірақ бұл соңғы екі фактор сол кезден бері орасан дәрежеде өсті. Көзір шындығында машинаның беріп отырған механикалық күшін өлшеу үшін будың қы-сымын көрсететін индикатор ойлап шығарылды. Ал поршеньнің қимылының тездігін анықтау қиын емес. Сонымен, «индикаторлық», немесе «коммерциялық» ат күші математикалық формуламен көрсетіледі, бұл формулада цилиндрдің диаметрі де, пор-шень ұзындығы да, поршень қимылының тездігі мен будың қысымы да бәрі қоса ескерілген және бұл формула әлгі машинаның шынында минутына қанша рет 33 000 фут-қадақтан күш тудыратынын көрсетеді. Сондықтан номиналдық бір ат күші шынына келгенде үш, төрт, керек десе бес индикаторлық, немесе шын, ат күшін бере алады. Бұл ескерту — төмендегі түрлі цитаттарға түсінік береді. Ф. Э. }

Жұмыс машинасы әрекетінің белгілібір шектерінде, яғни оның құралдарының белгілібір мөлшерінде немесе, әңгіме күш туралы болып отырса, сол құралдардың белгілібір көлемінде, өнім аумағы машинаның қимылдайтын шапшаңдығына байланысты, яғни, мәселен, ұршықтың айналу шапшаңдығына немесе балғаның бір минуттың ішіндегі соғу санына байланысты болады. Осы орасан зор балғалардың кейбіреулері минутына 70 рет соғады, ұршықты соғып шығаруда мөлшері кіші бу балғасын қолданатын Райдердің патентті темір ұста машинасы минутына 700 рет соғады.

Машиналардың құны өнімге көшетін пропорция белгілі болса, онда құнның осы бөлгінің мөлшері машиналардың өзінің құнының мөлшеріне байланысты ¹¹⁰⁾. Машиналардың өз бойында еңбек неғұрлым аз болса, олар өнімге соғұрлым аз құн қосады. Олар өнімге неғұрлым аз құн берсе, олар соғұрлым өнімді істейді, олар өзінің қызметі жағынан табиғат күштеріне соғұрлым жақындай түседі. Ал машиналарды машинаның көмегімен өндіру олардың көлемдері мен олардың қимылдарына қарағанда олардың құнын азайтады.

Қолдан жасалған немесе мануфактуралық товарлар мен машина өндірген сондай товарлардың бағаларын салыстырып талдау ісі жалпы мынадай нәтиже береді: машинамен өндірілген өнімде еңбек жабдықтарына көшетін құнның бөлегі отнотельді жағынан өседі, ал абсолютті жағынан азаяды. Басқаша айтқанда оның абсолютті мөлшері азаяды, бірақ оның өнімнің бүкіл құнына, мәселен, бір қадақ жіптің құнына келетін мөлшері көбейеді ¹¹¹⁾.

¹¹⁰⁾ Капиталистік ұғымдардың жетегінде жүрген оқушы, әрине, былай дейді: машина өзінің күрделі құнына *pro rata* [пропорциялы түрде] өнімге қосатын «процент» жөнінде бұл арада ештеңе жоқ, дейді. Алайда тұрақты капиталдың қандай да болсын басқа құрамды бөлегі сияқты, машинаның жаңа күн өндірмейінше «процент» деген атпен мұндай нәрсені қоса да алмайтындығына он-оңай көз жеткізуге болады. Мұнан соң бір айқын нәрсе: қосымша күн өндіру туралы әңгіме болып отырған осы арада оның бірде-бір бөлегін «процент» деген атпен *a priori* [құныгері] ұйғаруға болмайды. Құнды есептеудің *prima facie* [тосын қарағанда] қисынсыз және құнның жасалу заңдарына қайшы болып көрінетін капиталистік әдісі осы еңбектің үшінші кітабында түсіндіріледі.

¹¹¹⁾ Құнның машина қосатын осы құрамды бөлегі абсолютті және отнотельді түрде төмендегенде атты, жалпы жұмыс көлігін, затты өңдеу үшін машина ретінде қолданылмай, тек қана қозғаушы күш ретінде қолданылатын жұмыс көлігін, машина ырыстырып шығарған реттерде төмендейді. Реті келгенде айта кетелік, малға жай машиналар деп анықтама беретін Декарт мәселеге орта ғасырлардан өзгеше мануфактуралық дәуірдің тұрғысынан қарайды, орта ғасырдағыларға мал адамның көмекшісі болып көрінді, кейініректе өзінің «*Restauration der Staatswissenschaften*» деген кітабында Галлер мырзаға да осылай болып көрінді. Бәкоң сияқты, Декарт та өндіріс формасының өзгеруін және адамның практика жүзінде табиғатқа үстемдік етуін олай методтында өзгеріс болуының нәтижесі деп білгенін оның «*Discours de la Methode*» деген еңбегі көрсетеді, айтпақшы мұнда былай делінген: «Өмірде өте пайдалы білімдерге» (өзінің философияға енгізген методтының көмегімен) «жетуге болады, сөйтіп, мектептерде оқытылып жүрген оймен пайымдау философиясының орнына практикалық философия табуға болады, біздің қолөнершілердің істейтін түрліше кәсіптерін өзіміздің білетіміз сияқты, осы философияның көмегі арқылы, оттың, судың, ауаның, жұлдыздардың және айналамыздағы басқа да денелердің күші мен әрекетін сондайлық айқын біліп алып, осы біз қолөнершілермен қатар әлгі күштерді де өздеріне тән аралуан іске жарамдығына қарай пайдалана алған болар едік, сөйтіп осылайша

Егерде белгілібір машинаны өндіру оны қолданғанда үнемделетін еңбектің мөлшеріндей еңбекке түсетін болса, онда тек әншейін еңбек ауысуының болғаны, яғни товар өндіруге қажетті еңбектің жалпы жиыны кемімейді немесе еңбектің өндіргіш күші артпайды, бұл анық нәрсе. Алайда машинаның қақына тұратын еңбек пен машина үнемдейтін еңбектің арасындағы айырма немесе машинаның өнімділігінің дәрежесі, анығында, машинаның өз құны мен машина орнын басатын құралдың құнының арасындағы айырмаға байланысты емес. Машинаға шыққан еңбек шығындары, ал олай болса, құнның машинадан өнімге көшетін бөлегі де жұмысшының өз құралымен еңбек затына қосуы ықтимал құнынан аз болып қалып отырғанда алғашқы айырма бола береді. Сондықтан машинаның өнімділігі адамның жұмыс күшінің орнын машинаның қаншалықты дәрежеде басып отырғандығымен өлшенеді. Бейнс мырзаның есебі бойынша, бір аттық бу күші қимылға келтіретін тиісті эзирлегіш жабдығы бар 450 мюль ұршығына $2\frac{1}{2}$ жұмысшы келеді¹¹²⁾; мұнда әрбір селфактор ұршық он сағаттық жұмыс күнінде 13 унция жіп (орта номерлердегі) иіріп шығарады, мұның өзі $2\frac{1}{2}$ жұмысшыға аптасына $365\frac{3}{8}$ қадақ жіптен келеді деген сөз. Демек, өзі жіпке айналғанда шамамен 366 қадақ мақтаға (оңайлық үшін біз қалдықтарды есепке алмаймыз) барлығы 150 жұмыс сағаты, яки он сағаттық 15 жұмыс күні кетеді, ал жіп иіруші 60 сағаттың ішінде 13 унция жіп беретін қолмен иіру кезінде дәл әлгіндей мөлшердегі мақтаға он сағаттық 2700 жұмыс күні, яки 27000 жұмыс сағаты кетер еді¹¹³⁾. Бұрынғы blockprinting әдісі, яки шытты қолмен өрнектеу әдісі, машинамен өрнек салу әдісімен ауыстырылған жерде бір машина бір ересек жұмысшының немесе жасөспірімнің көмегімен 1 сағатта, бұрын 200 ересек жұмысшы қаншама мата өрнектей алған болса, төрт гүлді соншама шыт өрнектеп

табиғаттың қожасы мен иесі болып алар едік», ал мұнымен бірге «адам тіршілігінің жетілуіне себепкер болған болар едік». Дадли Норс сэрдің «Discourses upon Trade» (1691) деген еңбегіне жазылған алғысөзде былай делінген: Декараттың саяси экономияға қолданылған методі саяси экономияны ақша, сауда, т. т. жөніндегі ескілікті ертегілер мен діни түсініктерден құтқара бастады. Алайда жалпы алғанда ертедегі ағылшын экономистері Экон мен Гобстцын философиясына қосылады, солай жаса тұрса да кейіннен Англия, Франция мен Италия үшін ұят еңбекші [көбінше] саяси экономияның «философы» болған Локк болды.

¹¹²⁾ Эссендегі Сауда палатасының жылдық есебі (1863 ж. октябрьдегі) бойынша Круптың болат құатын заводу 161 қорыту, қыздыру және цемент пешінің, бәрін қосқанда 1236 ат күші болатын 32 бу машинасы (1800 жылы Манчестерде қолданылған бу машиналарының жалпы саны шамамен осындай еді) мен 14 бу балғасы, 49 темір ұста көрігі, 203 станок және шамамен алғанда 2400 жұмысшы 1862 жылда 13 млн. қадақ құйылған болат өндірді. Мұнда бір ат күшіне тіпті 2 жұмысшыдан да аз келеді.

¹¹³⁾ Баббедж Явада жіп иіру еңбегінің бір өзі дерлік мақтаның құнын 117% арттырған деп есептеп шығарады. Ал сол мезгілдің өзінде (1832 ж.) Англияда машинамен жінішке жіп иіргенде және еңбек жұмсағанда мақтаға қосылатын жалпы күншікі материал құнының 33%-і шамасындай болды. («On the Economy of Machinery». London, 1832, p. 165, 166).

шығады ¹¹⁴⁾. Илай Уитни 1793 жылы талшық айырғыш машинаны ойлап шығарғанға дейін бір қадақ мақтаны шітінен айыруға орташа бір жұмыс күні кететін. Оның тапқан өнерінің арқасында бір негр әйелі күніне 100 қадақ мақта тазарта алады, ал содан бері талшық айырғыш машинаның өнімділігі бұрынғыдан да едәуір артты. Мақта-мата талшығының өндірілуі бұрын 50 центке түскен бір қадағы кейіннен 10 центтен сатылды, оның үстіне көп пайдамен сатылды, яғни ақы төленбеген көп еңбек қосылып сатылды. Индияда талшықты шітінен айыру үшін жартылай машина сияқты чурка деген аспап қолданылады, осының көмегімен бір еркек пен бір әйел күніне 28 қадақ тазартып шығады. Бұдан бірнеше жыл бұрын доктор Форбс ойлап шығарған чурканың көмегімен 1 еркек пен 1 жасөспірім бала күніне 250 қадақ тазартады; ал егер қозғаушы күш ретінде өгіз, бу немесе су қолданылатын болса, онда feeders (яғни машинаға материал беріп тұрушылардың) ролін атқаратын бірнеше жасөспірім балалар мен қыздар ғана керек болады. Өгіздердің күшімен жүргізілетін осындай он алты машина күн сайын бұрын орта есеппен алғанда 750 адамды керек қылған жұмысты орындап отырады ¹¹⁵⁾.

Жоғарыда айтылғандай, бу машинасы бу плугын қолданғанда 1 сағаттың ішінде 3 пенниге, яки $\frac{1}{4}$ шиллингке, 66 адамның сағатына 15 шиллингке жасайтын жұмысындай жұмыс жасайды. Қате түсініктен аулақ болу үшін мен осы мысалға қайта соғып отырмын. Атап айтқанда: бұл 15 шиллинг әсте де 66 жұмысшының 1 сағаттың ішінде қосқан еңбегінің көрінісі емес. Егерде қосымша еңбектің қажетті еңбекке қатынасы 100% болса, осы 66 жұмысшының алатын эквивалентінде, яғни олардың 15 шиллингтік жалақысында, барлық 66 сағаттың 33 сағаты ғана болып отырса да, бұл 66 жұмысшы сағатына 30 шиллингтік құн өндірді. Сонымен, егер біз машина ығыстырып шығарған 150 жұмысшының жылдық ақысы қанша болса, машинаның бағасы дәл соншама болады, айталық 3 000 фунт стерлинг болады, деп ұйғаратын болсақ, онда осы 3 000 фунт стерлинг әсте де әлгі 150 жұмысшының орындаған және еңбек затына қосқан барлық еңбегінің ақшалай көрінісі емес, жұмысшылардың жылдық еңбегінің оларға жалақы түрінде көрінетін бөлегі ғана болып табылады. Мұның керісінше, машинаның ақшалай құны, 3 000 фунт стерлинг, машинаны өндіруге жұмсалған барлық еңбектің көрінісі болады, бұл еңбек жұмысшының жалақысы мен капиталистің алатын қосымша құнын қандай қатынаста жасаса да осындай көрінісі

¹¹⁴⁾ Мұның үстіне машинамен өрнек салғанда бояудан да үнемделінеді.

¹¹⁵⁾ Салыстырыңыз: Paper read by Dr. Watson, Reporter on the Products to the Government of India, before the Society of Arts, 17 April 1860.

болады. Демек, машинаның өзі орнына жүретін жұмыс күші қанша тұрса, машина сонша тұратын болғанмен де, машинаның өзіндегі затқа айналған еңбек машинаның өзі орнына жүретін тірі еңбектен әрқашан да әлдеқайда аз болады ¹¹⁶⁾.

Егер машиналарды тек қана өнімді арзандату құралы ретінде алып қарайтын болсақ, онда машиналарды қолдану шегі мынамен белгіленеді: машиналарды өндіруге кететін еңбек оларды қолдану арқылы орны жабылатын еңбектен аз болуға тиіс. Алайда капитал үшін бұл шек неғұрлым тар белгіленеді. Капитал қолданылатын еңбектің ақысын емес, қолданылатын жұмыс күшінің құнын төлейтін болғандықтан, капитал үшін машинаны қолдану машинаның құны мен машинаның өзі орнына жүретін жұмыс күші құнының арасындағы айырманың көлемінде ғана қолайлы болады. Жұмыс күнін қажетті еңбек пен қосымша еңбекке бөлу түрлі елдерде түрліше болып отырғандықтан, сондай-ақ мұның өзі бір елде, бірақ түрлі дәуірлерде немесе бір дәуірде, бірақ өндірістің түрлі тарауларында түрліше болып отырғандықтан; мұнан соң, жұмысшының нағыз шын жалақысы оның жұмыс күшінің құнынан біресе төмен түсіп, біресе жоғары көтеріліп отыратындықтан, машинаны өндіруге керекті еңбектің мөлшері мен машинаның өзі орнын жабатын еңбектің жалпы мөлшерінің арасындағы айырма өзгеріссіз қалғанымен де, машинаның бағасы мен машинаның өзі орнын жабатын жұмыс күші бағасының арасындағы бұл айырма қатты ауытқып отыруы мүмкін ^{116a)}. Бірақ тек осы соңғы айырма ғана капиталистің өзі үшін товар өндіру шығындарын анықтап береді де, бәсекенің күштеуші заңдары арқылы капиталистке әсер етеді. Сондықтан XVI және XVII ғасырларда Германияның Голландияда ғана қолданылған машиналарды ойлап шығарғаны сияқты және француздардың XVIII ғасырдағы кейбір өнертабыстарының Англияда ғана пайдаланылғаны сияқты, Англияда кәзіргі кезде тек Солтүстік Америкада ғана қолданылатын машиналар ойлап шығарылуда. Неғұрлым ертерек дамыған елдерде машинаның өзі кәсіпорындардың кейбір тарауларында өзінің қолданылуы арқылы басқа тарауларда еңбекті сондай артылдырып жібереді де (*redundancy of labour* дейді Рикардо), осы басқа тарауларда жалақының жұмыс күші құнынан да төмен түсуі машинаны қолдануға бөгет болады, оның қолданылуын керексіз етеді, екінің бірінде капиталдың тұрғысынан алғанда

¹¹⁶⁾ «Бұл мылқау агенттер» (машиналар) «өздерінің нақ сондай ақшалай құны болғанымен де өздері орнын жабатын еңбектен әрқашан да әлдеқайда аз еңбектің жемісі болып табылады». (*Ricardo*. «Principles of Political Economy», 3 ed. London, 1821, p. 40).

^{116a)} 2-ші басылуына ескерту. Сондықтан коммунистік қоғамда машиналардың ерісі буржуазиялық қоғамдағыдан мүдде өзгеше болар еді.

тіпті мүмкін емес етеді, ал капитал үшін пайда жалпы қолданылатын еңбектің азайтылуынан тумай, ақы төленетін еңбектің азайтылуынан туады ғой. Англияның жүн мата мануфактурасының кейбір тарауларында бала еңбегі соңғы жылдардың ішінде тым көп азайып кетті, кей жерлерде мүлде ығыстырылған десе болғандай. Мұның себебі не? Фабрикалық заң балалар үшін екі смена енгіздіртті, бұл сменалардың біреуі 6 сағат, екіншісі 4 сағат жұмыс істейді, яғни әрқайсысы тек 5 сағаттан ғана істейді. Бірақ ата-аналары half-times (жарты күн жұмыс істейтін жұмысшыларды) бұрын full-times (толық күн жұмыс істейтін жұмысшыларды) сатқандағыдан арзан сатқылары келмеді. Осыдан келіп half-times машинамен ауыстырылды¹¹⁷⁾. Рудниктерде әйелдер мен балалардың (10 жастан төменгілердің) еңбегіне тыйым салынғанға дейін капитал жалаңаш әйелдер мен қыздарға, екінші бірінде еркектермен бірге қосып, көмір кендері мен басқа да кендерде жұмыс істеткізуді өзінің моральдық кодексімен, әсіресе өзінің гроссбухымен әбден үйлеседі деп білді, сөйтіп осы тыйым салудан кейін ғана капитал машина қолдануға шықты. Янкилер тас уататын машиналар ойлап шығарды. Ағылшындар бұл машиналарды қолданбай отыр, өйткені осы жұмысты орындайтын «сорлылардың» («wretch» — сорлы — ауылшаруашылық жұмысшыларын атау үшін ағылшын саяси экономиясының қолданатын арнаулы термині) ақыны өз еңбегінің болмашы ғана бөлегіне алатыны соншалық, машиналарды қолдану капиталистер үшін өндірісті қымбаттатып жіберген болар еді¹¹⁸⁾. Англияда канал бойымен барқа сүйреу, т. т. үшін кейде жылқының орнына әлі де болса әйелдер пайдаланылады¹¹⁹⁾, өйткені жылқы мен машиналарды өндіруге қажетті еңбек белгілі бір математикалық шама болып табылады, ал енді басы артық халықтың ішінен алынған әйелдерді асырауға қажетті еңбек қандай да болсын есепке алуға тұрмайтын нәрсе. Сондықтан адам күшін қандай да болсын түкке тұрғысыз нәрселерге нағыз арсыздықпен ысырап ете берушілік Англиядан, машиналар елінен, басқа ешжерде де жоқ.

¹¹⁷⁾ «Кәсіп иелері қажеті болмайынша 13 жасқа дейінгі балалардың екі смена істеуін сактап жатпайды. Шимдығында, фабриканттардың бір бөлегі,— жүннен жіп иірушілер,— кәсір 13 жастан төменгі балалардың еңбегін, яғни half-times еңбегін, сирек қолданады. Олар жетілдірілген непе түрлі жаңа машиналарды енгізді, бұл машиналар балалардың (яғни 13 жасқа дейінгі балалардың) еңбегін толық жоюды. Мәселен балалар санының өндірісте бұлайша азаяын көрсету үшін мен бір еңбек процесін атап өтейін, мұнда бұрыннан жұмыс істеп тұрған машиналарға бір аппаратты, жіп ширататын машина деп аталатында, қосудың арқасында алты немесе төрт half-times-тің еңбегін,— әрбір машинаның ерекшелігіне қарай,— бір ғана жасөспірімнің (13 жастан ересегірек баланың) орындауы мүмкін. «Half-times системасы «жіп ширататын машинаны ойлап шығаруға» көзгеу болды («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1858»).

¹¹⁸⁾ «Еңбек иелерінің басын айтып отырғаны жалақы» «көтерілгенде ғана машиналар... жиі қолданылуы мүмкін» (Ricardo. «Principles Economy», 3 ed. London, 1821, p. 470).

¹¹⁹⁾ Қараңыз: «Report of the Social Science Congress at Edinburgh. October 1863».

3. МАШИНАЛЫ ӨНДІРІСТІҢ ЖҰМЫСШЫҒА ЕҢ ЖАҚЫН ӘСЕРІ

Ірі өнеркәсіптің басталма пункті, өзіміз жоғарыда көргендей, еңбек жабдығы саласындағы революция болды, ал төңкеріске ұшыраған еңбек жабдықтары машиналардың фабрикада бөлшектелген системасында өзінің анағұрлым дамыған формасына жетеді. Осы объективтік организмге адам материалының қалай қосылатынын қарастырмай тұрып, осы революцияның жұмысшының өзіне жасайтын кейбір жалпы әсерлерімен танысайық.

а) КАПИТАЛДЫҢ ҚОСЫМША ЖҰМЫС КҮШТЕРІН ИЕМДЕНУІ ӘЙЕЛ ЕҢБЕГІ МЕН БАЛА ЕҢБЕГІ

Машиналар бұлшық ет күшін керексіз етіп отырғандықтан, олар бұлшық ет күші жоқ жұмысшыларды немесе дене қайраты жөнді жетілмеген, бірақ дене мүшелері неғұрлым икемді жұмысшыларды қолдану құралына айналады. Сондықтан әйел еңбегі мен бала еңбегі капиталистік жолмен машина қолдандудың бірінші сөзі болды! Сөйтіп еңбек пен жұмысшылардың орнына жүретін осы күшті құрал жынысы мен жасына қарамастан жұмысшы семьясының барлық мүшелерін капиталдың тікелей үстемдігіне бағындыра отырып, дереу жалдама жұмысшылардың санын көбейту құралына айналды. Капиталистке еріксіз еңбек ету балалардың ойын ойнайтын уақытын тартып алып қана қойған жоқ, сонымен, қатар әдетте семьяның өз мұқтажы үшін үй ішінде еркін еңбек ететін уақытын да алып қойды ¹²⁰⁾.

Жұмыс күшінің құны жеке ересек жұмысшының ғана емес, сонымен қатар жұмысшы семьясының да күн көруіне қажетті жұмыс уақытымен белгіленеді. Жұмысшы семьясының барлық мүшелерін еңбек рыногына шығара отырып, машиналар еркек адамның жұмыс күшінің құнын оның семьясының барлық мүшелеріне бөледі. Сондықтан бұлар оның жұмыс күшінің құнын төмендетеді. Бәлкім, 4 жұмыс күшіне бөлшектенген семья-

¹²⁰⁾ Америкадағы Азамат соғысымен қатар болған мақта дағдарысының кезінде ағылшын үкіметі доктор Эдуард Смитті мақта-мата өнеркәсібі жұмысшыларының денсаулығын тексеру үшін Ланкаширге, Чеширге, т. т. жіберген болатын. Айта кетсек ол мыналарды хабарлайды: дағдарыстың жұмысшыларды фабрика жағдайларынан аластағанын былай қойғанның өзінде гигиеналық жағынан дағдарыстың басқа да бірсыпыра тиімді нәтижелері болды. Жұмысшылардың әйелдерінің еді балаларын Годфридін микстурасымен (аппын препаратымен) уландырудың орнына енді балаларын емізуге қажетті бос уақыты болып отыр. Оларға енді тамақ пісіруді үйренетін уақыт табылды. Бақытына қарай олардың тамақ пісіруді білуі ішкерге асы болмаған кезге тап келді. Ал бұдан семьяның қажеттеріне керекті еңбекті капиталдың өзінен өзі өсуі үшін қандайлық дәрежеде тартып алып отырғаны көрініп отыр. Дәл сондай-ақ дағдарыс ерекше мектептерде жұмысшылардың қыздарын тігін тігуге үйрету мақсаты үшін де пайдаланылды. Бүкіл дүние жүзі үшін жіп иретін жұмысшы қыздардың тігін тігуді үйренуі үшін америка революциясы мен дүниежүзілік дағдарыс керек болыпты!

ны сатып алу бұрынғы семья басының жұмыс күшін сатып алудан гөрі қымбатырақ тұрар, бірақ оның есесіне енді 4 жұмыс күні бір жұмыс күнінің орнын басады, сондықтан төрт адамның қосымша еңбегі бір адамның қосымша еңбегінен қандай пропорцияда артық болып шықса, жұмыс күштерінің бағасы сондай пропорцияда төмендейді. Бір семьяның күн көруі үшін енді төрт адам жиылып капиталға еңбек қана емес, сонымен қатар қосымша еңбек те беріп отыруға тиіс. Сонымен, машиналар қанаудың адамдық материалымен бірге, капиталистік қанаудың нағыз осы өрісімен бірге ¹²¹⁾; әуел бастан-ақ қанаудың дәрежесін де арттырады.

Машиналар сонымен қатар капиталистік қатынастың формальдық көрінісін де, жұмысшы мен капиталистің арасындағы шартты, түп негізіне дейін революцияландырады. Товар айырбасының базисінде ең алдымен капиталист пен жұмысшы еркін адамдар ретінде, тәуелсіз товар иелері ретінде: бірі — ақша мен өндіріс құрал-жабдықтарының иесі ретінде, екіншісі — жұмыс күшінің иесі ретінде біріне бірі қарсы тұрады деп ұйғарылды. Бірақ кәзір капитал жасы жетпегендерді немесе жас өспірім жұмысшыларды сатып алады. Бұрын жұмысшы формальды жағынан ерікті адам ретінде өз иелігіндегі нақ өзінің жұмыс күшін сатып келген-ді. Енді ол әйелі мен балаларын да сатады. Ол құл сатушыға айналады ¹²²⁾. Бала еңбегін керексіну формасы жағынан екінші бірінде құл негр-

¹²¹⁾ «Еркектердің еңбегін әйелдердің еңбегімен, әсіресе ересек адамдардың еңбегін жас өспірімдердің еңбегімен ауыстырудың күшейе түсуінің нәтижесінде жұмысшылардың сан жағынан өсуі зор болды. Аптасына 6 шиллингтен 8 шиллингке дейін жалақы алатын 13 жастағы үш қыз ақысы 18 шиллингтен 45 шиллингке дейін болатын ересек бір еркектің орнын басады. (Th. De Quincey. «The Logic of Political Economy». London, 1844, 147-бетке арналған ескерту). Семьяда қажетті кейбір функцияларды атқармайынша, мәселен, балаларды қарап, оларды тамақтандырмайынша, есте болмайтын болғандықтан, капитал алып қойған аналардың азды-көпті дәрежеде орынбасарлардың қызмет көрсетуімен пайдалануына тура келеді. Семьяның тұтынуы қажет ететін жұмыстарды, мәселен киім тігуді, жамауды және т. б., дабын товарлар сатып алудан ауыстыруға тура келеді. Сондықтан үй еңбегінің жұмсалудың азаюына ақша шығындарының көбеюі сәйкес келеді. Сондықтан жұмысшы семьясының өндіріс шығындары артып, табыстан көбеюі теңестіреді. Бұған тағы да мынадай жағдай қосылады: тіршілік заттарын пайдалануда және оларды дайындауда үнемдеу мен қолайлылық болуы мүмкін болмайды. Ресми саяси экономия жасаратын бұл фактілер жөнінде фабрика инспекторларының есептерінен; балалар еңбегінің жағдайларын зерттеу жөніндегі комиссияның есептерінен, әсіресе халықтың денсаулығы жөніндегі есептерден бай материал табуға болады.

¹²²⁾ Ағылшын фабрикаларында әйел еңбегі мен бала еңбегіне шек қоюды капиталдан ересек еркек жұмысшылардың жеңіп алған ұшы фактісіне қарама-қарсы Балалар еңбегінің жағдайларын зерттеу жөніндегі комиссияның осы ең жуырдағы есептері жұмысшы ата-аналардың балаларын сату жөніндегі көзқарасындағы шынымен ыза келтіретін, құл сатушыларға әбден лайық сипаттарын атап көрсетеді. Ал капиталистік екі жүзділер дәл өздері турғызы, мәңгілік етіп отырған және қолданып отырған осы айуандықты, басқа жағдайларда өздері «еңбек бостандығы» деп атайтын айуандықты, әйгілеп беріп отыр, мұны сол жаңағы есептердің өзінен-ақ көруге болады. «Балалар еңбегі... тіпті өздерінің күнкөріс тамағын табу үшін көмекке келген нәрсе. Осындай шамадан тыс еңбекке төзуге қажетті күші болмай, өзінің алдағы өміріне бағыт беруге қажетті дайындығы болмай олар жарым-жан болатын, азғындайтын жағдайға қойылды. Бір еврей тарихшысы Титтің Иерусалимді қиратқандығы жөнінде былай депті: бір рақымсыз жауыз ана сұмдық ашығу азаптарынан құтылу үшін өзінің туған баласын құрбандық еткен болса, Иерусалимнің соншалық қатты ойрандалуына танданатын түк те жоқ» («Public Economy Concentrated». Serliste, 1833, p. 66).

лерді керексінуге ұқсайды, ал мұның үлгісін біз американ газеттерінің құлақтандыруларынан жиі кездестіреміз.

Мәселен, ағылшынның бір фабрикалық инспекторы былай дейді: «Менің округымдағы ең ірі мануфактуралық қалалардың біріндегі жергілікті газеттегі құлақтандыруға мен назарымды аудардым. Құлақтандыруда былай делінген: «Өздерінің жасы 13 жасар балалардың жасына тура келетіндей 12—20 бала керек, Аптасына 4 шиллинг ақы беріледі. Сұрайтын жері, т. т.»¹²³⁾

«Өздерінің жасы 13 жасар балалардың жасына тура келетіндей» болсын деген сөздердің мәнісі фабрикалық акт бойынша 13 жастан төменгі балалар 6 сағат қана жұмыс істейді. Ресми дәрігер (certifying surgeon) балалардың жасын куәлендіруге тиіс. Сондықтан фабрикант 13 жастан асқан сияқты болып көрінетін балаларды керек етеді. Фабриканттар жұмыс істетіп отырған 13 жастан төменгі балалар санының екінің бірінде секірмелі түрде болып отыратын және соңғы 20 жылдағы ағылшын статистикасында жұртты сондайлық таңдандырған азаюы, фабрикалық инспекторлардың өздерінің айтуына қарағанда, капиталистердің қанаушылық құлқыны мен ата-аналардың саудаға салу қажеттеріне сәйкес көбінше балалардың жасын өзгертіп отыратыны осы certifying surgeons-тердің ісі болды. Лондонның жаман атты ауданы Бетнал-Гринде әрбір дүйсенбі мен сейсенбі күні таңертең ашық сауда болып тұрады, мұнда ер, қыз балалар 9 жастан бастап Лондонның жібек мануфактураларына өздерін өздері жалға береді. «Әдеттегі шарттар — аптасына 1 шиллинг 8 пенни (бұл ата-аналарға беріледі), 2 пенни менің өзіме және шайға төленеді». Шарт бір аптаға ғана жасалады. Бұл рыноктағы ұрыс-керістер мен сөйлесу тілдері шынында кісінің зығырдағанын қайнатады¹²⁴⁾. Англияда күні бүгінге дейін мынадай жағдай болып тұрады: әйелдер «жұмыс үйінен балаларды алады да, оларды аптасына 2 шиллинг 6 пенниден кез келген сатып алушыға жалға береді»¹²⁵⁾. Заңға қарамастан Великобританияда әлі де болса кемінде 2 000-дай баланы өз ата-аналары труба тазалаушы тірі машина ретінде (олардың орнына қолданылатын шын машиналар бола тұрса да) сатып жүр¹²⁶⁾. Жұмыс күшін сатып алушы мен оны сатушының арасындағы праволық қатынаста машина туғызған революция, бүкіл осы келісімді тіпті еркін адамдардың арасындағы шарт сияқты жалған көрінісінен жұрдай еткен революция, ағылшын парламентіне фабрикалық

¹²³⁾ А. Редгрейв мынада жазған: «Reports of Insp. of Faci. for 31 st October 1858», p. 41.

¹²⁴⁾ «Children's Employment Commission. 5 th Report». London, 1866, p. 81, № 31. { 4-ші басылуына. Бетнал-Гриндегі жібек өнеркәсібі кәсіргі кезде мүлде жойылып кетті десе болғандай. Ф. Э. }

¹²⁵⁾ «Children's Employment Commission. 3rd Report» London, 1864, p. 53, № 15.

¹²⁶⁾ Бұл да сонда, «5 th Report». p. XXII, № 137

іске мемлекеттің қол сұғуы үшін юридикалық негіз берді. Фабрикалық заң сол уақытқа дейін қолға алынбаған өнеркәсіп тарауларында балалар еңбегін 6 сағат уақытпен шектеген сайын фабриканттар үсті-үстіне зарлана бастайды: кейбір ата-аналар,— дейді олар,— жолға қойылуға тиісті өнеркәсіптен өз балаларын кері қайтарып алғанда оларды әлі күнге дейін «еңбек бостандығы» үстем тарауларға, яғни 13 жастан төменгі балалар ересек адамдармен бірдей жұмыс істеуге мәжбүр болып отырған, демек, оларды қымбатырақ сатуға болатын тарауларға қайта сату үшін ғана кері қайтарып алып жүр. Бірақ капитал өзінің жаратылысы жағынан теңгермеші болғандықтан, яғни адамның туа біткен правосы ретінде, өндірістің барлық тарауларында еңбекті пайдалану шарттарының теңдей болуын талап ететіндіктен, балалар еңбегінің өнеркәсіптің бір тарауында заң жүзінде шектелуі оның басқа тарауда да шектелуіне себеп болады.

Балалар мен жасөспірімдердің, сондай-ақ алғашында тікелей — машинаның базисінде пайда болатын фабрикаларда, — ал онан соң жанамалап — өнеркәсіптің барлық басқа тарауларында — машина капиталдың қанауына бағындыратын жұмысшылар әйелдерінің де дене жағынан азғындап жарымжандануын ілгеріде айтып өттік те. Сондықтан біз бұл жерде тек бір мәселеге ғана, өздерінің өмірінің алғашқы жылдарында жұмысшы балаларының орасан көп өлетіндігіне тоқталамыз. Англияда тіркеуге алынатын 16 округ бар, бұларда бір жасқа дейінгі 100 000 баладан жылына орта есеппен ғана 9 085 бала өлімі болған (бір округта небәрі 7 047 бала өлген); 24 округта 10 000-нан артық, бірақ 11 000-нан кем өлген; 39 округта 11 000-нан астам, бірақ 12 000-нан кемірек өлген; 48 округта 12 000-нан астам, бірақ 13 000-нан кемірек өлген; 22 округта 20 000-нан астам өлген; 25 округта 21 000-нан астам; 17 округта 22 000-нан астам; 11 округта 23 000-нан астам өлген; Худа, Вульвергемптонда, Аштон-андер-Лайн мен Престонда 24 000-нан артық өлген; Ноттингемде, Стокпортта және Бадфордта 25 000-нан артық өлген; Уисбичте 26 001 және Манчестерде 26 125 бала өлген¹²⁷⁾. 1861 жылы жүргізілген ресми дәрігерлік тексерудің көрсетіп отырғанына карағанда, балалардың мұндай көп өлуінің себебі, жергілікті жағдайларды былай қойғанда, көбінесе шешелерінің үйден тыс жұмыс істеуі, осыдан келіп балаларға жеткілікті қамқорлық болмауы, оларға жаман қарау, сонымен қатар жағымсыз тамақ берілуі, тамақтың жетімсіз берілуі, апиын препараттарымен тамақтандыру, т. т. болып отыр; бұған шешелерінің өз балаларынан ра-

¹²⁷⁾ «Sixth Report on Public Health». London, 1864, p. 34.

байсыз жеріп кетуі, ал онан соң әдейі тамаққа жарытпауы және уландыруы қосылып отыр¹²⁸⁾. Мұның керісінше, «әйелдер оншама көп жұмыс істемейтін» егіншілікті округтарда «балалардың өлу проценті де аз»¹²⁹⁾. Алайда 1861 жылғы тексеру комиссиясы мынадай күтпеген қорытындыға келген: Солтүстік теңізінің жағалауындағы кейбір кілең егіншілікті округтарда бір жасқа дейінгі балалардың өлімі бұл жөнінен анағұрлым аты шыққан фабрикалық округтардағы өлім мөлшеріне жетеді десе болғандай. Сондықтан доктор Джулиан Хантерге бұл құбылысты сол жердің өзіне барып тексеріп шығу тапсырылған еді. Оның берген есебі «Sixth Report on Public Health»-қа қосымша етіп шығарылған¹³⁰⁾. Оған дейін жұрт балаларды баудай түсіріп жатқан нәрсе төмен, батпақты жерлерде болатын безгек пен басқа аурулар деуші еді. Тексеру ісі бұған тура қарама-қарсы қорытындыға келтірді, атап айтқанда,

«безгекті күрткен себептің дәл өзі, яғни қыста саз болып жатқан, жазда мардымсыз жайылым болған жердің құнарлы егістік жерге айналдырылуы, емшектегі балалардың рабайсыз көп өлуін туғызды»¹³¹⁾.

Доктор Хантер осы округта дәрігерлік ететін 70 дәрігердің пікірлерін сұрастырғанда, олар бұл мәселе жөнінде «тамаша бір ауызды» болып шыққан. Атап айтқанда, егіншілік мәдениетінде революция жасалуымен бірге мұнда өнеркәсіп системасына да негіз салынды.

«Қыздармен, жасөспірім балалармен бірге жұмыс істейтін, күйеуге шыққан әйелдерді «gangmeister» деп аталатын және бүкіл топты жалдау жөнінде келісетін ерекше бір адам белгілібір сомала ақша алып арендатордың қарамағына береді. Бұл топтар скінің бірінде өз деревняларынан көптеген миль алыс жерге көшіп кетіп отырады; ертелі-кеш бұлардың сүрлеу жолдармен кетіп бара жатқанын көресіз; әйелдер қысқа юбка және сол сияқты кофталар мен етіктер киген, кейде шалбар киген, түрлеріне қарасаң өздері өте күшті және тын келеді, бірақ әдетке айналған бұзықтықтан азғындап кеткен және өздерінің осындай қызу, бейпіл өмірді сүйетіндігінің үйіндегі жүдеп-жадаған балаларына тигізетін зиянды зардаптарын ешбір ойламайды»¹³²⁾.

Бұл арада фабрикалық округтардың барлық көріністері байқалып отыр, ал бүркемелі түрдегі бала өлтірушілік пен

¹²⁸⁾ «Ол ол ма, оның өзі» (1861 жылғы тексеру) «...мынаны көрсетті: осында суреттелген жағдайларда балалар өз аналарының жұмыс бастылығына байланысты жеткіліксіз қарауы мен нашар күтуінен өледі. Тіпті аналарының өз балаларына деген табиғи сезімдерінен айырылатыны сонша, әдетте балаларының өлім-жітіміне қайғырып қамықпайды, ал кейде тіпті турадан-тура өлтіру шарасын қолданады» (бұл да сонда).

¹²⁹⁾ «Sixth Report on Public Health». London, 1864, p. 454.

¹³⁰⁾ Бұл да сонда, 454, 462-беттер. «Reports by Dr. Henry Julian Hunter on the excessive mortality of infants in some rural districts of England».

¹³¹⁾ «Sixth Report on Public Health». London, 1864, p. 35, 455, 456.

¹³²⁾ Бұл да сонда, 456-бет.

балаларға апиын жегізу онан сайын күшті дәрежеде байқалып отыр ¹³³⁾.

«Ересек әйелдердің еңбегін өнеркәсіпте кеңінен қолданудан туатын қырсықпен танысуым менің осы фактыны жеңкөруіме ақтау болуға тиіс»,— дейді доктор Саймон, бұл кісі ағылшын Құпия советінің ¹³³⁾ дәрігерлік инспекторы және халық денсаулығы туралы есептердің бас редакторы ¹³⁴⁾. «Егерде»,— дейді фабрика инспекторы Р. Бейкер бір ресми есебінде,— «барлық күйеудегі әйелдердің қандай да болсын фабрикада жұмыс істеуіне тыйым салынатын болса, мұның өзі Англияның мануфактуралық округтары үшін шынында да бақыт болар еді» ¹³⁵⁾.

Әйелдер мен балалардың еңбегін капиталистік қанаудан тудатын моральдық азғындауды өзінің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінде Ф. Энгельс және басқа авторлар барынша толық суреттеп шыққан болатын, сондықтан мен бұл арада осыны жәй еске салып өтумен тынамын. Ал енді ссейіп жетілмеген адамдарды қосымша құн өндіретін қарапайым машиналарға айналдыру арқылы қолдан жасалатын интеллектуальдық тағылану, адамның ақылын тың күйінде қалдыратын, қалдырғанда оның даму қабілетінің өзіне, оның табиғи жемістілігіне зиян келтірместен қалдыратын табиғи надандықтан мүлде өзгеше интеллектуальдық тағылану,— осы тағылану, ақырында, тіпті ағылшын парламентіне де бастауыш білім беруді өнеркәсіптің фабрикалық заңға бағынған тарауларының бәрінде 14 жасқа дейінгі балаларды «өнімді» пайдаланудың міндетті шарты етіп еріксіз жариялап қызды. Капиталистік өндірістің рухы фабрикалық актілерде тәрбие туралы пункттер дейтіннің немқұрайды редакциялануынан, әкімшілік аппараттың болмауынан, сол себепті осы міндетті оқыту ісі көбінше тағы да қияли нәрсе болып шығатындығынан, фабриканттардың тіпті осындай оқыту заңына қырын қарауынан және олардың бұл заңнан аттап өтпек болған бұлтарылары мен айла-шарғыларынан айқын көрініп отыр.

«Заң шығарушы өкіметті ғана кінәлауға тура келеді, өйткені ол алдамшы заң (delusive law) шығарды, көрер-көзге ғана балаларды тәрбиелеудің камын жеген болып отырғанмен бұл заңда осы мақсатқа жетуді камтамасыз ететін бір де ереже жоқ. Ол заңда балалар күніне белгілібір мөлшерлі сағат» (3 сағат) «бойына мектеп деп аталатын үйдің төрт қабырғасынан шығарылмауға тиіс және балалардың қожасы мұны орындағаны үшін мұ-

¹³³⁾ Англияның фабрикалық округтарында да, егіншілікті округтарында да ересек жұмысшылар мен жұмысшы әйелдердің апиынды тұтынуы барған сайын арта түсуде. «Апиын өткізуді күшейту... кейбір пысық көгерме саудагерлердің басты мақсаты болып табылады. Аптекарьлар апиынды ең өтімді товар деп біледі» (бұл да сонда, 459-бет). Апиын ішетін емшектегі балалар «кішкене карттар болып быржып-тыржиып қалады немесе маймыл болып бүрісіп қалады» (бұл да сонда, 460-бет). Индия мен Қытай Англиядан міне қалай кек алады десейші!

¹³⁴⁾ Бұл да сонда, 37-бет.

¹³⁵⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 3 oth. October 1862», p. 59. Бұл фабрика инспекторы бұрын дәрігер болған.

ғалім немесе мұғалима ретінде қолын қоятын адамнан апта сайын куәлік алып отыруға тиіс дегеннен басқа ештеңе айтылмайды»¹³⁶⁾.

1844 жылы түзетіліп басылған фабрикалық акті шыққанға дейін, мектепке қатысқаны туралы мұғалім немесе мұғалима креслен қол қойған куәліктер жиі кездесіп отырған, өйткені олардың өздері жаза білмейтін еді.

«Осындай куәліктер беретін бір мектепте болғанымда менің мұғалімнің надандығына таңқалғандығым сонша, мен одан: «Айтыңызшы, сіз оқи білесіз бе?» — деп сұрадым — «Ептеп білемін (Summat)», — деу болды оның жауабы. Өзін ақтау үшін ол мұның үстіне: «Қалай болғанда да мен өзімнің шәкірттерімнен көп білемін» деді».

1844 жылғы актіні әзірлеу кезінде фабрика инспекторлары мектеп деп аталынатын, куәліктерін заң бойынша өздері толық жарамды деп тануға тиіс болған мекемелердің масқаралық күйін айтып налыды. Бірақ олардың қолдарынан келгені тек мынау: 1844 жылдан бастап

«мұғалім мектеп куәлігіне цифрды өз қолымен жазуға, ditto [сонымен қатар] аты мен фамилиясын өз қолымен қоюға тиіс болды»¹³⁷⁾.

Шотландияның фабрика инспекторы сэр Джон Кинкейд өзінің қызмет тәжірибесіне сүйеніп дәл әлгіндей жайды әңгімелейді.

«Біз болып шыққан алғашқы мектепті ұстаушы Анн Киллин деген ханым екен. Мен оған өз фамилияңызды жазып беріңізші дегенімде ол әйел фамилиясын С әрпінен бастап бірден қате жасап алды, бірақ табанда қатесін түзетіп, менің фамилиям К әрпінен басталады деді. Алайда оның мектеп куәліктеріндегі қойған қолдарын қарағанымда мен оның қолды түрліше қоятындығын байқадым. Оның бержағында жазған жазуы оның оқытуға қабілетсіз екендігіне ешқандай күдік қалдырмайды. Класс журналын жүргізе алмайтындығын тіпті бұл әйелдің өзі де мойындады... Екінші бір мектепте мен ұзындығы 15 фут және ені 10 фут келетін мектеп бөлмесінде болып, бұл үйде түсініксіз бірдеңені мыңғырлап отырған 75 баланы көрдім»¹³⁸⁾. Алайда балаларға мектеп куәліктерін беріп, бірақ ешқандай білім бермейтін мұндай практиканың байқалуы осындай адам көргісіз түкпірлерде ғана емес, — дайындығы жеткілікті мұғалімдері бар көптеген мектептер де кездеседі, бірақ үш жастан бастап барлық жастағы балалардың ғажап миласуынан бұл мұғалімдердің барлық күш-жігері құм болуда. Мұғалімнің ең тәуір дегендегі қайыршылық материалдық күйі қолына алатын пеннидің мөлшеріне бүтіндей байланысты, бөлмеге баланы қаншалық көп толтыра алса, ол пенниді соншалық көп алады. Мұның үстіне мектептің тапшы жабдықтары, кітаптар мен басқа да оқу құралдарының жетіспеуі және үйдің ішіндегі бұзылған, мейлінше жаман ауаның бишара

¹³⁶⁾ Леонард Хорнер мынада жазған: «Reports of Insp. of Fact. for 30 th April 1857», p. 17.

¹³⁷⁾ Леонард Хорнер мынада жазған: «Reports of Insp. of Fact. for 31 st. October 1855», p. 18, 19.

¹³⁸⁾ Сэр Джон Кинкейдтің мынада жазғаны: «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1858», p. 31, 32.

балалардың өздеріне ететін естен таңдырарлықтай әсері келіп қосылады. Мен осындай көп мектепте болдым, оның бержағында мен мүлде түк бітirmeй отырған толып жатқан балаларды көрдім; міне осының өзі мектепте оқып жүр деп куәландырылады, сөйтіп мұндай балалар ресми статистикада білім алған балалар деп саналып жүр (educated)»¹³⁹).

Шотландияда фабриканттар мектепке қатысуға міндетті балаларға мүмкіндігінше жоламауға тырысады.

«Фабриканттардың балаларды оқыту жөніндегі қаулыларды өте жаратпайтындығын дәлелдеу үшін осының өзі де жеткілікті»¹⁴⁰).

Мұның өзі ерекше фабрикалық заңға бағынған сисаға өрнек салу, т. с. кәсіпорындарында адам көргісіз, жиренішті формаларда байқалып отыр. Осы ерекше фабрикалық заңның ережелері бойынша,

«әрбір бала осындай сисаға өрнек салу орнына түспес бұрын ең кемінде 30 күн және тікелей жұмысқа кірер алдында 6 ай бойына кемінде 150 сағат мектепте оқуға тиіс. Сисаға өрнек салу орнында жұмыс істеп жүрген кезінде де ол 30 күн бойына немесе әрбір жарты жылда 150 сағат мектепке барып жүруге тиіс... Мектепке баратын уақыт таңертеңгі сағат 8-ден кешкі сағат 6-ның арасы болуға тиіс. 2½ сағаттан кем немесе күніне 5 сағаттан артық мектепте болудың ешқайсысы да әлгі айтылған 150 сағаттың есебіне кірмейді. Жәйшылықта балалар мектепке 30 күн бойына күніне 5 сағаттан ертеңгісін, кешкісін барып отырады, ал 30 күн өткеннен кейін, белгіленген 150 сағатын толтырып, балалардың өздері айтатындай, кітаптармен қоштасып, олар тағы да кәсіпорынға қайтып оралады, мектепке барудың жаңа мерзімі жеткенше онда тағы да 6 ай қалады, мұнан соң өздерінің кітаптарымен қайтадан қоштасқанға дейін тағы да мектепте қалады... Белгіленген 150 сағат бойы мектепке қатысқан балалардың тіптен көбі өрнек салу орнында алты ай болып мектепке қайта барғанда бәрін де басынан қайта бастауға тиіс болады... Олар, әрине, ілгеріде мектепте болған кездегі білгендерінің бәрін ұмытып қалады. Сисаға өрнек салатын өзге кәсіпорындарда мектепке бару ісі фабрикадағы істің барысына, фабриканың мұқтажына бүтіндей байланысты етіп қойылған. Әрбір жарты жылдық мезгілге келетін сағат саны, бәлкім, бүкіл жарты жылға бөлініп қойылатын. 3—5 сағаттық қатысқан уақытты жалпы жинақтап қосу арқылы жасалады. Мәселен, бір күні мектепке ертеңгі сағат 8-ден 11-ге дейін барады, екінші бір күні күндізгі сағат 1-ден 4-ке дейін барады, ал бұдан соң бала мектепке бірнеше күн келмей жүріп, ол күтпеген жерден сағат 3-тен кешкі сағат 6-ға дейінгі уақытта қайта келеді; мұнан соң ол, бәлкім, 3-немесе 4 күн не болмаса бүтін бір апта қатарынан келіп жүреді, одан кейін қайтадан 3 апта немесе бүтін ай бойына жок болып кетеді де, кәсіп иесі оны әлдеқалай керек етпей қалған бос күндері бірнеше сағат уақытқа мектепке қайта келеді; міне сөйтіп 150 сағат толғанға дейін баланы, былайша айтқанда, біресе онда, біресе мұнда, мектептен фабрикаға, фабрикадан мектепке қакпақылдай береді (bufiet)»¹⁴¹).

¹³⁹) Леонард Хорнер мынада жазған: «Reports etc. for 30 th April 1857», p. 17. 18.

¹⁴⁰) Сэр Дж. Кинкейд мынада жазған: «Reports of Insp. etc. for 31 st October 1856», p. 66.

¹⁴¹) А. Редгрейв мынада жазған «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1857», p. 41, 42. Ағылшын өнеркәсібінің (әлгінде текстіде сөз болған сисаға өрнек салу фабрикалары туралы актіге бағынбай) фабрикалық актіге әлдеқашаннан бағынған тарауларында оқыту жөніндегі қаулыларға кедергі жасаушылық соңғы жылдары белгілі дәрежеде жойылды. Ал енді фабрикалық заңға бағындырылмаған өнеркәсіп тараула-

Балалар мен әйелдердің басым көпшілігін құрама жұмысшының қатарына қоса отырып, машина, ақырында, мануфактурада капиталдың деспотизміне жұмысшы еркектің көрсетіп келген қарсылығын жеңеді¹⁴²⁾.

б) ЖҰМЫС КҮНІНІҢ ҰЗАРТЫЛУЫ

Егерде машина еңбек өнімділігін арттырудың, яғни товар өндіруге қажетті жұмыс уақытын қысқартудың анағұрлым құдіретті құралы болып табылатын болса, онда капиталдың өкілі ретінде машина өзі ең алдымен тікелей қамтып алған өнеркәсіп тарауларында жұмыс күнін табиғи шектердің бәрінен асыра ұзартудың анағұрлым құдіретті құралына айналды. Машина, бір жағынан, капиталдың өзінің осы түпкілікті тенденциясына толық еркіндік беруіне мүмкіндік беретін жаңа жағдайлар жасайды; екінші жағынан — капиталдың кісі еңбегіне тойымсыз құнығуын күшейте түсетін жаңа дәлелдер туғызады.

Ең алдымен еңбек жабдығының қимылы мен әрекеті машинада жұмысшыға қарағанда дербес сипат алады. Еңбек жабдығының өзі өнеркәсіптің *regratum mobile*-сіне (мәңгілік двигателіне) айналады, егер бұл двигатель өзінің жәрдемшілері болған адамдардың тарапынан белгілі бір табиғи шектерге, олардың денелерінің әлсіздігі мен олардың өз дегенін істеуіне тап болмаса, ол үздіксіз өндіре берер еді. Сондықтан да капитал ретіндегі, — ал капитал болған автоматтың капиталист түрінде санасы мен жігері бар, — еңбек жабдығы өзіне қарсыласатын, бірақ икемді келетін адам табиғатының қарсылығын минимумға түсіруге ұмтылады¹⁴³⁾. Тіпті бұл қарсылықтың өзі онсыз да машинаның тұсындағы еңбектің алдамшы жеңілдігінен, сонымен қатар әйелдер мен балалардың көңіштігі мен мойынсұнғыштығынан әлсіреп отыр¹⁴⁴⁾.

рында шынн фабриканы Дж. Геддестің айтқан пікірлері әлі күні бүгінге дейін күшті таралып отыр, бұл адам тексеру комиссиясының мүшесі Уайтка былай деп үйрететін-ді: «Менің түсінуімше, соңғы жылдары жұмысшы табының бір бөлегі алып отырған көп білімнің өзі қырсық болып табылады. Оның өзі қауіпті нәрсе, өйткені жұмысшыларды тым бетімен кететін етеді» деп үйрететін-ді («Children's Employment Commission. 4th Report». London, 1865, p. 253).

¹⁴²⁾ «Фабрикант Э. мырза маған өзінің механикалық тоқыма станоктарында өзі тек қана әйелдерге жұмыс беретіндігін айтты; мен күйеудегі әйелдерді, әсіресе семьяны өздері асырап-сақтап отырған семьялы әйелдерді басқаларынан артық көремін дейді; олар күйеуге тимеген әйелдерден гөрі көп ұқыпты және тіл алғыш келеді, және қажетті тіршілік заттарын табу үшін олар өз күштерін барынша сарып етуге мәжбүр. Ізгіліктілік, — әйелдердің мінез-құлқына тән ізгіліктілік, — осылайша оларға зиян болып тиеді, олардың жаратылысының адамгершілікті, нәзік жағн алды осылай құлдыққа салудың құралына, олардың көретін азаптарының себебіне айналады» («Ten Hours' Factory Bill. The Speech of Lord Ashley, 15 th March». London, 1844, p. 20).

¹⁴³⁾ «Қымбат машиналар жаппай тараған кезден бастап адамды өзінің орта күшінен артық жұмыс істеуге еріксіз көндіреді» (*Robert Owen. «Observations on the effect of the manufacturing system», 2nd ed. London, 1817 (p. 16)*).

¹⁴⁴⁾ Бір нәрсенің кез келген сыртқы көрінісін негіз деп білуге бейім тұратын әйелдер балалардың Иродтық жауыздықпен көп ұрлануын скінің бірінде фаб-

Машиналардың өнімділігі, жоғарыда өзіміз көргендей, құнның өнімге машиналар көшіретін құрамды бөлегінің мөлшеріне кері пропорцияда. Машина неғұрлым ұзақ жұмыс істесе, машина қосатын құнның бөлінетін өнім аумағы соғұрлым көп болады, ал товар единицасына машина қосатын құнның бөлегі соғұрлым аз болады. Ал машинаның қызу жұмыс істейтін дәуірі, анығында, жұмыс күнінің ұзақтығымен немесе күнделікті еңбек процесі қайталанылатын күндердің санына көбейтілген күнделік еңбек процесінің ұзақтығымен белгіленеді.

Машиналардың тозуы олардың пайдаланылған уақытына әсте де математикалық дәлдікпен сәйкес келмейді. Бірақ тіпті мұндай сәйкестік болады деп ұйғарғанның өзінде де күніне 16 сағаттан $7\frac{1}{2}$ жыл бойына жұмыс істейтін машина машинаның күніне небәрі 8 сағаттан 15 жыл жұмыс істегеніндегідей өндіріс дәуірін қамтып, жиынтық өнімге дәл соның қосатын құнындай құн қосады. Бірақ бірінші ретте машинаның құны екінші реттегіден екі есе тез тұрғызылар еді де, капиталист бірінші ретте осы машина арқылы екінші ретте — 15 жылдың ішінде қаншалық қосымша еңбек жалмайтын болса, $7\frac{1}{2}$ жылдың ішінде дәл соншалық қосымша еңбек жалмар еді.

Машинаның материалдық тозуы екі түрлі болады. Біреуі оның қолданылуынан тозады, — монетаның айналыста жүріп тозатыны сияқты, — екіншіде қолданылмай жатудан тозады, — семсердің қынабында босқа жатып тот болатыны сияқты. Соңғы ретте машина стихияның жемі болады. Бірінші түрдегі тозу азды-көпті дәрежеде машинаның қолданылуына тіке пропорцияда болады, екінші түрдегі тозу — белгілі дәрежеде қолданылуға кері пропорцияда болады ¹⁴⁵⁾.

Бірақ машина материалдық тозудың үстіне, былайша айтқанда, моральдық тозуға да ұшырайды. Осындай конструкциядағы машиналар арзан өндіріле бастаған сайын немесе тәуір машиналар онымен бәсекеге түскен сайын әлгі машина

рикаларда ұзақ жұмыс уақыты болуының себебі деп санады: фабрикалық система туып келе жатқан кезде кедейлер мен жетімдер үшін ашылған приоретарда балаларды жауыздықпен ұрлап-жырлаған капитал болды және оларды ұрлап-жырлау арқылы капитал бастарпай көнетін адам материалына ие болды. Мысалы, арылшын фабрикантының өзі Филден былай дейді: «Жұмыс уақытының мына жағдайдан ұзарғаны айқын нәрсе: ел ішінің түрлі жерлерінен алып келінген панасыз балалардың көп болғандығы соншалық, қожайындар жұмысшыға тәуелді болмады және, осындай бақытсыз балалар арқылы ұзақ жұмыс істету әдетін енгізіп, олар бұл әдетті өз көршілеріне тіпті оп-оңай таңа алды» (*J. Fielden. «The Curse of the Factory System». London, 1836, p. 11*). Әйелдер еңбегі жайында фабрика инспекторы Сандерс 1844 жылдың фабрикалық есебінде былай дейді: «Жұмысшы әйелдердің арасында бір азраға күндер болмаса, қатарынан бірнеше апта бойына түскі тамаққа 2 сағаттан да аз үзіліс жасап, таңертеңгі сағат 6-дан түнгі сағат 12-ге дейін жұмыс істейтін әйелдер бар, сөйтіп аптасына 5 күн бойына олардың үйіне барып қайтуына, төсегінде дем алуына 24 сағаттың небәрі 6 сағаты ғана қалады».

¹⁴⁵⁾ «Металл механизмнің бос қарап тұруынан оның қозғалмалы нәзік бөлшектеріне... зиян келтіріледі» (*Ure. «Philosophy of Manufactures», p. 281*).

айырбас құнынан айрылады ¹⁴⁶⁾. Бұл екі реттің екеуінде де, машина қаншама жаңа және іске жарамды болғанымен, оның құны енді өзінің бойындағы іс жүзінде затқа айналған жұмыс уақытымен белгіленбейді, қайта кезір оның өзін қайта өндіруге немесе тәуір машина өндіруге қажетті жұмыс уақытымен белгіленеді. Сондықтан ол машина азды-көпті дәрежеде өзінің құнынан айрылады. Оның бүкіл құны өндіріліп шығарылатын мезгілі неғұрлым қысқа болса, моральдық жағынан тозу қаупі соғұрлым аз болады, ал жұмыс күні неғұрлым ұзақ болса, әлгі мезгіл соғұрлым қысқа болады. Егерде машиналар өндірістің пәлендей бір тарауына тұңғыш рет енгізіліп отырса, онда оларды арзан өндірудің бірден бірге жаңа әдістері ¹⁴⁷⁾ және машинаның жеке бөлшектерін немесе аппараттарын ғана қамтып қоймай, сонымен қатар бүкіл конструкцияны тұтас қамтитын жаңа жетілдірулер бірінен соң бірі бола береді. Сондықтан машинаның алғаш істей бастаған кезінде жұмыс күнін ұзартуға итермелейтін осы айырықша себеп барынша күшті әрекет етеді ¹⁴⁸⁾.

Басқа жағдайлары теңдей болғанда және жұмыс күні белгілі бір мөлшерде тұрғанда екі есе көп жұмысшыны пайдалану тұрақты капиталдың машиналар мен үйге жұмсалатын бөлегін де, оның шикі материалға, көмекші материалдарға, т. б. жұмсалатын бөлегін де екі есе арттыруды керек етеді. Жұмыс күнінің ұзартылуымен өндіріс көлемі артады, ал енді капиталдың машина мен үйлерге жұмсалған бөлегі өзгеріссіз қалады ¹⁴⁹⁾. Осының нәтижесінде қосымша құн өсіп қана қоймайды, сонымен қатар қосымша құн алуға қажетті шығындар да азаяды. Әрине, бұл құбылыс азды-көпті дәрежеде тегінде жұмыс күнінің қандай да болсын ұзаруы кезінде де байқалады, бірақ бұл арада оның анағұрлым шешуші маңызы бар, өйткені

¹⁴⁶⁾ «...Рынокта сауданың қызуы мен бәсеңдеуі кезінде және сұраныстың біресе 1862 ж.) машинаға шығатын шығындарға «алғашқы машиналар әбден тозып болмай жатып машиналардың бірін екіншілерімен, жаңаларымен және жақсы конструкциялысымен ауыстырудың нәтижесінде үнемі туып отыратын зияның орнын толтыруға арналған нәрселерді» (әңгіме «машиналардың тозуына арнап бөлінетін ақша» туралы болып отыр) «жатқызады».

¹⁴⁷⁾ «Тегінде жаңадан ойлап шығарылған машинаның алғашқы данасын жасау екіншісін жасаудан бес есе дерлік қымбатқа түседі деп санайды жұрт» (*Babbage*, цитат алынған шығарманың 349-беті).

¹⁴⁸⁾ «Аздаған жылы ішінде терезе пердесін шығару ісінде елеулі және толып жатқан жетілдірулер жасалғаны сонша, алғашында 1 200 фунт стерлинг тұрған, жақсы сақталған машина бірнеше жылдан кейін 60 фунт стерлингке сатылды... Жетілдірулердің бірінен соң бірінің тез жасала бастағандығы соншалық, машина жасаушылардың машиналары жасалып бітпей қалып отырды, өйткені сәтті өнертабыстардың нәтижесінде ол машиналар ескіріп те үлгірді. Осындай «дауылды да қысталған» дәуірде терезе пердесін жасайтын фабриканттар алғашындағы 8 сағаттық жұмыс күнін жұмысшылар екі смена болай істейтін етіп 24 сағатқа дейін арттырды (бұл да сонда, 233-бет).

¹⁴⁹⁾ «...Рынокта сауданың қызуы мен бәсеңдеуі кезінде және сұраныстың біресе ұлғайып, біресе шағындалып отырған кезінде қосымша шикі материал үй салуға, машинаға қосымша қаржы жұмсауды керек етпей-ақ өнделетін болса, фабрикант істегі негізгі капиталды көбейтпей-ақ, қосымша айналым капиталын жұмсайтын жер таба алады, бұл өзінен өзі анық нәрсе». (*R. Torrens. «On Wages and Combination».* London, 1834, p. 64).

ні капиталдың еңбек жабдығына айналатын бөлегі мұнда жалпы алғанда үлкен роль атқарады¹⁵⁰⁾. Шынында да, машиналы өндірістің дамуымен бірге капиталдың үнемі өсіп отыратын бөлегі мынадай формада байланыстырылып отырады, мұнда капиталдың бұл бөлегі, бір жағынан, құнды арттыру үшін үнемі қолданылып отыратын болса, екінші жағынан, оның тірі еңбекпен байланысы үзілісімен-ақ өзінің тұтыну құны мен айырбас құнын жояды.

«Ағылшынның мақта-мата алпауыты Ашуорт мырза Нассау профессоры У. Сениорға былай деп жөн үйреткен-ді: «Егінші өзінің темір күрегі тастаған кезде ол осы уақытқа 18 пенни капиталды пайдасыз етеді. Біздің адамдарымыздың» (яғни фабрика жұмысшыларының) «бірі фабриkanı тастап кеткен кезде ол 100 000 фунт стерлинг тұратын капиталды пайдасыз етіп қалдырады»¹⁵¹⁾.

Ойлап қана қараңызшы! Көзді ашып жұмғанша ғана болса да 100 000 фунт стерлинг тұратын капиталды «пайдасыз» ету деген не! «Біздің адамдардың» біреуі болмаса біреуі тегінде бір кезде фабриkanı тастап кететін болса, мұның өзі барып тұрған маскаралық іс қой! Машина жабдықтары көлемінің ұдайы өсуі жұмыс күнінің ұдайы үдеп арта беруін «қажет» етеді деп біледі Ашуорт үйретіп қойған Сениор¹⁵²⁾.

Машина относительді қосымша құнды өндіргенде ол өзі жұмыс күшінің құнын турадан-тура төмендетуі, мұны ұдайы өндіруге қажетті товарларды арзандата отырып, жұмыс күшінің құнын жанама түрде арзандатуы арқылы ғана өндіріп қоймайды, сонымен қатар өзінің әлі де кездейсоқтық сипаты болатын алғашқы енгізілген кезінде ол машинаның өзі машина иесі қолданатын еңбекті нәтижелілігі жоғары еңбекке айналдыруы арқылы, машина өнімінің қоғамдық құнын оның жеке құнынан жоғары көтеруі арқылы, сөйтіп капиталиске жұмыс күшінің күндік құнын күндік өнім құнының біршама аз бөлегімен жабуына мүмкіндік беруі арқылы да өндіреді. Сондықтан машиналы өндіріс өзінше бір монополия болып қалып отырған өтпелі дәуір кезінде пайда өте-мөте көбейеді де, капиталист жұмыс күнін бар қадерінше ұзарту арқы-

¹⁵⁰⁾ Текстіде айтылған жағдай бұл арада тек толықтық үшін келтіріліп отыр, өйткені пайда нормасын, яғни қосымша құнның бүкіл авансыланған капиталға қатынасын, мұн үшінші кітапта ғана қарастырамын.

¹⁵¹⁾ S'nior. «Letters on the Factory Act». London, 1837, p. 14.

¹⁵²⁾ «Негізгі капиталдың айналмалы капиталдан басым болуы... жұмыс күнінің ұзақ болуын керек етеді». Машина жабдықтары, т. т. көбейген сайын «жұмыс уақытын ұзарту дәлелдері күшейте түседі, өйткені мұның өзі — негізгі капиталдың относительді көбеюін пайдалы етудің бірден-бір құралы» (бұл да сонда, 11—14-беттер). «Фабрика атаулының қай қайсысында болса да түрліше шығындар бар, бұл шығындар фабрикадағы жұмыс уақытының ұзын яки қысқа болуына қарамастан, үнемі бірдей болады: бұлар, мәселен, рента, жергілікті және мемлекеттік салықтар, өрттен қауіпсіздендіру, түрлі-түрлі тұрақты жұмысшыларға берілетін жалақы, машиналардың тозуына байланысты шығындар мен бірсыпыра басқа да шығындар, өндірістің көлемі неғұрлым ұлғая түскен сайын, бұл шығындардың пайдала келетін қатынасы соғұрлым төмендейді» («Reports of the Insp. of Fact for 31 st October 1862», p. 19).

лы «алғашқы шабыттың алтын шағын»¹⁸⁴ мүмкінінше мықтап пайдалануға тырысады. Пайданың көп түсуі онан сайын көп пайда тапсам деген тойымсыз құнығушылықты өршіте түседі.

Өндірістің белгілібір тарауына машина жаппай таралысымен-ақ машина өнімінің қоғамдық құны оның жеке құнына дейін төмендейді, міне сол кезде қосымша құн машина арқылы капиталист орнын толтырған жұмыс күштерінен тумай, қайта сол машинаның тұсында капиталистің пайдаланатын жұмыс күштерінен туатын заң өзінің әсерін байқата бастайды. Қосымша құнның өнетін көзі капиталдың өзгермелі бөлегі ғана, ал қосымша құнның аумағы екі түрлі фактормен: қосымша құн нормасымен және бір мезгілде жұмыс істейтін жұмысшылардың санымен белгіленеді, мұны өзіміз жоғарыда көрдік те. Жұмыс күнінің ұзындығы белгілібір мөлшерде болып отырғанда қосымша құнның нормасы жұмыс күнінің қажетті еңбек пен қосымша еңбекке бөлінетін қатынасымен белгіленеді. Ал бір мезгілде жұмыс істейтін жұмысшылардың саны, өз ретінде, капиталдың өзгермелі бөлегінің оның тұрақты бөлегіне келетін қатынасымен белгіленеді. Еңбектің өндіргіш күшін арттыру арқылы машиналы өндіріс қажетті еңбектің есесінен қосымша еңбекті қалай ұлғайтқанымен де, ол өндіріс бұл нәтижеге жеткенде белгілі капиталдың қолданатын жұмысшыларының санын азайту жолымен ғана жетеді, бұл енді айқын нәрсе. Ол өндіріс бұрын өзгермелі капитал болған, яғни тірі жұмыс күшіне айналып отырған капиталдың біраз бөлегін машинаға, яғни ешқандай қосымша құн өндірмейтін тұрақты капиталға айналдырады. Бірақ, мәселен, 24 жұмысшыдан қанша қосымша құн сығып алуға болатын болса, екі жұмысшыдан сонша қосымша құн сығып алу мүмкін емес. Егер 24 жұмысшының әрқайсысы әрбір он екі сағаттық еңбекте небәрі бір сағат қосымша еңбек беретін болса, онда олардың барлығы қосылып 24 сағат қосымша еңбек береді, ал енді екі жұмысшының күллі еңбегі небәрі 24 сағат болады. Сонымен, машиналардың қосымша құн өндіруге қолданылуында мынадай иманенттік қайшылық бар: белгілібір мөлшердегі капиталдың беретін қосымша құнының екі факторының ішінен машиналар бір факторды, қосымша құн нормасын, арттырады, арттырғанда өздерінің екінші факторды, жұмысшылардың санын, азайтуы жолымен ғана арттырады. Бұл имманенттік қайшылық өнеркәсіптің белгілібір саласында машиналар жаппай қолданылысымен-ақ, машина өндіретін товардың құны осындай барлық товардың реттеуші қоғамдық құнына айналған кезде білінеді; және капиталист түсінбейтін

нақ осы қайшылықтың өзі¹⁵³⁾ қаналынатын жұмысшылар санының относительді азаюының есесін относительді қосымша еңбекті ғана емес, сонымен қатар абсолютті қосымша еңбекті де көбейту арқылы толтыру үшін капиталды тағы да жұмыс күнін шектен тыс ұзартуға итермелейді.

Сонымен, машинаның капиталистік жолмен қолданылуы, бір жағынан, жұмыс күнін шамадан тыс ұзарту үшін құдіретті жаңа дәлелдер туғызып, еңбек әдісінің өзін және қоғамдық жұмыс организмнің сипатын жұмыс күнін ұзартуға бет алған осы тенденцияға жасалатын қарсылықтың қандайын болса да басып тастайтындай етіп революцияландырады; екінші жағынан, оның өзі,— шінара жұмысшы табының бұрын капиталдың қолы жетпеген топтарын капиталға бағындыра отырып, шінара машина ығыстырып шығарған жұмысшыларды жұмыссыз қалдыра отырып,— өзіне капитал әмір етіп отырған заңдарға бағынуға мәжбүр болатын басы артық жұмысшы халқын туғызады¹⁵⁴⁾. Қазіргі өнеркәсіптің тарихындағы бір таңғажайып көрініс: жұмыс күнінің моральдық және табиғи шектерінің бәрін машинаның жоқ қылуы міне осыдан. Жұмыс уақытын қысқартуға арналған ең күшті құралдың жұмысшы мен оның семьясының бүкіл өмірлік уақытын капиталдың құнын көбейту үшін капиталдың қарамағында болатын жұмыс уақыты етерлік ең сенімді құралға айналуы сияқты экономикалық парадокс міне осыдан.

«Егерде»,— деп арман еткен ерте заманның асқан ойшылы Аристотель,— «Дедалдың жасаған заттарының өзінен-өзі қозғалып жүргені және Гестің үш аяқ үстелдерінің өздігінен қасиетті іске кіріскені сияқты әрбір құрал бұйыру бойынша немесе алдан болжап өзіне тиісті жұмысты орындай алатын болса, сөйтіп нақ осылайша тоқыма машинасының шөлмектері өздігінен токитын болса, онда мастерге жәрдемшілер де, мырзаға құлдар да керек болмас еді»¹⁵⁵⁾.

Цицерон заманындағы грек ақыны Антипатр да дән ұнтататын су диірменінің, барлық өндіргіш машиналардың осы қарапайым формасының, ойлап шығарылуын күндерді азат етушінің және алтын заманды қайта орнатушының пайда болғаны деп құттықтаған-ды!¹⁵⁶⁾ «Мәжусилер! Әй, осы мәжуси-

¹⁵³⁾ Бұл имманенттік қайшылықты жеке капиталистің, ал олай болса оның түсініктерінің шырмауында болып отырған саяси экономияның неліктен түсінбей отырғаны, мұны біз үшінші кітаптың алғашқы бөлімдерінен көреміз.

¹⁵⁴⁾ Рикардоның сіндірген үлкен еңбектерінің бірі сол — ол кісі машинаны товар өндірудің құралы деп қана біліп қоймай, сонымен қатар «басы артық халықты» өндірудің де құралы деп білді.

¹⁵⁵⁾ F. Biese. «Die Philosophie des Aristoteles». Zweiter Band. Berlin, 1842, S. 408.

¹⁵⁶⁾ Мұнда бұл өлеңді Штольбергтің аудармасынан¹⁵⁵ келтіріп отырмын, өйткені бұл өлеңдер, еңбек бөлінісі туралы ілгеріде келтірілген цитаталар сияқты, көне заман мен қазіргі заманғы көзқарастардың қарама-қарсылығын сипаттап береді.

лер-ай!» Олар, көреген Бастианың ашқанындай, ал оған дейін онан да асқан данышпан Мак-Куллох ашқандай, саяси экономия мен христиан дінінен ештеңе түсінбеген. Олар, басқасын былай қойғанда, машина — жұмыс күнін ұзартудың ең сенімді құралы екенін түсінбеген. Егерде олар біреулердің құл болуын ақтаған болса, онда мұны екінші біреулердің адамша толық жетілуінің құралы ретінде ақтады. Бірақ дәрекі, шала білімді аздаған мансапқұмарларды «үздік ирушілерге», «ірі колбаса мамандарына» және «балауыз сатушы ықпалды саудагерлерге» айналдыру мақсатымен бұқараның құлдығын уағыздау үшін, — бұл үшін оларла өзгеше христиандық сезімдер болмады.

с) ЕҢБЕКТІҢ ИНТЕНСИВТЕНДІРІЛУ

Капиталдың қолындағы машиналардың жұмыс күнін шексіз ұзартуы, жоғарыда өзіміз көргендей, түбінде келіп, өмірлік негіздеріне қауіп төніп тұрған қоғамның реакциясына тапқылады, сөйтіп қалыпты шектеулі жұмыс күнін заң жүзінде белгілеуге себепкер болады. Осы соңғы жағдайдың негізінде өзіміз бұрында-ақ кездескен құбылыс, атап айтқанда еңбектің интенсивтендірілуі шешуші маңыз алады. Абсолютті қосымша құнға анализ жасалғанда әңгіме ең алдымен еңбектің экстенсивті мөлшері жерінде болды, ал оның экстенсивті дәрежесі белгілі шама деп ұйғарылды. Енді біз экстенсивті мөлшердің экстенсивті мөлшерге, дәреже көрсеткішіне айналғанын қарастырып көруге тиіспіз.

Машиналар дамып, шын мәнісінде машинада істейтін жұмысшылардың арасында тәжірибе жинақтала келе әлбетте еңбектің шапшаңдығы, олай болса экстенсивтілігі де артаындығы өзінен өзі түсінікті. Мысалы, Англияда жарты ғасыр бойына жұмыс күнінің ұзаруы фабрикалық еңбектің экстенсивтілігінің артуымен қатар болып келеді. Алайда түсінікті бір жай сол, өткінші қояншық ауруындай емес, қайта күннен күнге үнемі біркелкі қайталанып отыратын жұмыстың тұсында жұмыс күнінің ұзартылуы мен еңбектің интенсивтендірілуі өзара бірін-бірі болғызбайтын кезең сөзсіз туып отырады, солай

«Ұн тартушы қыздар-ау, қол талды ғой, ұйықтандар.
Тан жақын деп тауық та бермеді ғой түк хабар:
Сіздің істі Деметра су тәңіріне тапсырған,
Ол дөңгелек шеңберін зырылдатып тұр жылдам!
Шабактары шеңбердің дүріс-дүріс етіп бастады үн.
Дөңгелетіп әкетті дірменнің төрт тастарын
Қайта бізге оралды алтын ғасыр жылдары:
Бейнерсіз-ақ бұйырды Деметра сыйлары»
(«Gedichte aus dem Griechischen übersetzt von
Christian Graf zu Stolberg». Hamburg, 1782).

болған соң жұмыс күнінің ұзартылуы еңбектің интенсивтендірілу дәрежесінің төмендетілуімен ғана сиыса алады және, керісінше, интенсивтілік дәрежесінің артуы — жұмыс күнінің қысқартылуымен ғана сиыса алады. Жұмысшы табының бірте-бірте өсе түскен ашынуы жұмыс күнін күшпен қысқартуға және ең алдымен нағыз фабрикада қалыпты жұмыс күнін енгіздіруге мемлекетті еріксіз көндірген кезде, яғни жұмыс күнін ұзарту арқылы қосымша құнды көп өндіру біржола мүмкін болмай қалған кезден бастап капитал бар жігерін салып, әбден саналы түрде машиналы системаны тездетіп өрістету арқылы относительді қосымша құн өндіруге жұмылды. Мұнымен бірге относительді қосымша құнның сипатына өзгеріс енеді. Тегінде относительді қосымша құн өндіру әдісінің мәнісі мынада: жұмысшы еңбектің өндіргіш күшін арттыру арқасында бұрынғы уақыт ішінде бұрынғы мөлшерде еңбек жұмсағанда көп өндіруге мүмкіндік алады. Бұрынғы жұмыс уақыты тұтас алғандағы бүкіл өнімге сол бұрынғыдағыдай құн қосады, өзгеріссіз қалған бұл айырбас құны енді көптеген тұтыну құндары түрінде көрініп отырса да, сондықтан товар единицасының құны төмендеп отырса да сол бұрынғыдай құн қосады. Жұмыс күнінің еріксіз қысқартылуы өндіргіш күштің дамуына және өндіріс жағдайларының үнемделуіне күшті демеу бере отырып, жұмысшыға уақыт единицасы ішінде көп еңбек жұмсапқызып, жұмыс күшін шамадан тыс көп жұмылдыртқызып, жұмыс уақытының селдір жерлерін неғұрлым мықтап тығыздатқызып, яғни еңбекті қысқартылған жұмыс күнінің шеңберінде ғана қол жететін дәрежеде түйдектеркізіп отырған жағдайда әлгідегіден мүлде басқаша жай байқалады. Белгілібір уақыттың шеңберіне нығыздап сиғызылған бұл орасан көп еңбек енді көп мөлшердегі еңбек ретінде есепке алынады, мұның өзі шынында да осылай. Жұмыс уақытын «созылмалы шама» ретінде алып өлшеумен қатар енді оның тығыздалу дәрежесін өлшеу келіп шығады¹⁵⁷⁾. Оң сағаттық жұмыс күнінің неғұрлым интенсивті бір сағатында енді он екі сағаттық жұмыс күнінің неғұрлым селдір бір сағатындағыдай немесе одан көп еңбек, яғни жұмсалған жұмыс күші бар. Сондықтан оның өнімінің құны неғұрлым селдір $1\frac{1}{5}$ сағаттың өнімінің құнындай немесе одан да көп. Еңбектің өндіргіш күшінің артуының нәтижесінде относительді қосымша құнның көбейетіндігін былай қойғанның өзінде, енді мәселен, 8 сағат

¹⁵⁷⁾ Әлбетте, өндірістің түрліше тарауларында тегінде еңбек интенсивтілігінде айырмашылық бар екені байқалады. Бұл айырмашылықтар, А. Смиттің өзінің ақ көрсеткеніндей, еңбектің әрбір айрықша түрі сайын кездесіп отыратын бөлде жағдайлар арқылы шинара тең түсіп отырады. Бірақ осы айырмашылықтардың өздері де құнның өлшеуіші ретіндегі жұмыс уақытына әсер еткенде интенсивті шамалар мен экстенсивті шамалар белгілі бір мөлшердегі еңбектің қарама-қарсы және өзара бірін-бірі болғызбайтын көріністері болғандықтан ғана әсер етеді.

қажетті еңбекке келетін 4 сағат қосымша еңбек бұрын қанша құн берген болса, $6\frac{2}{3}$ сағат қажетті еңбекке келетін $3\frac{1}{3}$ сағат қосымша еңбек капиталиске сонша құн береді.

Енді еңбек қалай интенсивтендіріледі? — деген сұрақ туады.

Жұмыс күнін қысқартудың бірінші нәтижесі жұмыс күшінің қабілеттілігі оның жұмыс істеген уақытына кері пропорцияда болады деген айқын заңға негізделеді. Сондықтан белгілі бір шекте күштің ұзақ қимылдауынан жоғалтылатын нәрсе оның интенсивтілігінен қайтарып алынады. Ал жұмысшының шынымен көп жұмыс күшін жұмсауы жөнінде, бұл жөнінде капитал ақы төлеу әдісі¹⁵⁸⁾ арқылы қам жасайтын болады. Мануфактураларда, мәселен, машина ешқандай роль атқармайтын немесе болмашы ғана роль атқаратын қыш-құмыра кәсіпорындарында, фабрикалық заңның қолданылуы мына жайға көзді барынша жеткізе түсті: жұмыс күнінің жәй ғана қысқартылуы еңбектің дұрыстығын, біркелкілігін, тәртібін, үздіксіздігі мен қуатын ғажап арттырады екен¹⁵⁹⁾. Алайда фабриканың өзінде де дәл осындай нәтиже болатыны екіталай тәрізді, өйткені жұмысшының машинаның үздіксіз және біркелкі қимылына тәуелділігі мұнда әлдеқашаннан-ақ ең қатан тәртiп орнатқан-ды. Сондықтан 1844 жылы жұмыс күнін 12 сағаттан кем қысқарту мәселесі талқыланған кезде фабриканттар бірауыздан дерлік былай деді:

«біздің бақылаушыларымыз түрлі-түрлі жұмыс үйлерінде жұмысшылардың бір минут та қарап тұрмауын қадағалап жүреді», «жұмысшылардың қырағылығы мен ұқыптылық дәрежесі («the extent of vigilance and attention on the part of the workmen») арта қояр ма екен» және басқа жағдайлардың бәрі, мәселен, машиналардың жылдамдығы, өзгеріссіз болады деп ұйғарғанда, «жақсы жабдықталған фабрикаларда жұмысшылардың ұқыптылығының артуынан пәлсідей бір елеулі нәтиже күту, т. т. көңілге қонбайтын нәрсе болар еді» деп мәлімдеді¹⁶⁰⁾.

Бұл пікірлерді тәжірибе теріске шығарды. Р. Гарднер мырза 1844 жылғы 20 апрельден бастап Перстондағы өзінің екі үлкен фабрикасында 12 сағаттық жұмыс күні орнына 11 сағаттық жұмыс күнін енгізді. Бір жылдай дерлік уақыт өткеннен кейін мынадай нәтиже байқалды:

«шығын бұрынғыдай шығарылғанда бұрынғы мөлшерде өнім алынған және тұтас алғанда жұмысшылар 11 сағаттың ішінде дәл бұрынғы 12 сағаттағыдай мөлшерде табыс тапқан»¹⁶¹⁾.

¹⁵⁸⁾ Әсіресе алтыншы бөлімде қарастырылатын форма болып табылатын эрзаттық ақы түрінде.

¹⁵⁹⁾ Қараңыз: «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1865».

¹⁶⁰⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 1844 and the quarter ending 30 th April 1846» . р. 20, 21.

¹⁶¹⁾ Бұл да сонда, 19-бет. Эрзаттық ақы өзгеріссіз қалғандықтан, апталық табыстың мөлшері өзімен мөлшеріне байланысты болды.

Мен бұл арада жіп иретін және жүн түтетін бөлімдерде жасалған эксперименттерді айтып жағдаймын, өйткені ол эксперименттер машиналардың шапшандығын (2%-ке) арттырумен байланысты болды. Мұның керісінше, тоқыма бөлімінде, онда да әшекейлі жеңіл маталардың тіптен түрліше сорттары өндіріліп отырған бөлімінде, өндірістің объективтік жағдайларында ешқандай өзгеріс болған жоқ. Нәтиже мынадай болды:

«1844 жылдың 6 январынан 20 апреліне дейін 12 сағаттық жұмыс күні тұсында бір жұмысшының орта жалақысы аптасына 10 шиллинг $1\frac{1}{2}$ пенни болды, ал 1844 жылдың 20 апрелінен 29 июніне дейін 11 сағаттық жұмыс күнінің тұсында орта жалақы аптасына 10 шиллинг $3\frac{1}{2}$ пенни болды»¹⁶²⁾.

Бұл ретте 11 сағаттың ішінде бұрынғы 12 сағаттағыдан көп өндірілді, көп өндірілгенде, жұмысшылардың жұмысқа зор қабілеттілігінің және біркелкі бөлініп жұмсалып отырған қабілеттілігінің нәтижесінде ғана және олардың уақытты үнемдеп пайдалануының нәтижесінде ғана көп өндірілді. Жұмысшылар дәл сол бұрынғысындай жалақы алып, бір сағат дем алыс ұтып отырғанда, капиталист сол бұрынғы мөлшердегідей өнім алып, бір сағатта жұмсалатын көмір, газ, т. т. шығынын үнемдеп қалды. Хоррокс пен Джэксон мырзалардың фабрикаларында да дәл осындай эксперименттер жасалып, дәл осындай нәтижелер алынды¹⁶³⁾.

Еңбекті түйдектете түсу үшін алғашында субъективтік жағдай жасайтын, яғни белгілібір уақыт ішінде жұмысшының көп күш жұмсауына мүмкіндік беретін жұмыс күнінің қысқартылуы еріксіз істелген, яғни заң жүзінде істелген кезде капиталдың қолындағы машина белгілібір уақыт ішінде көп еңбек сығып алудың объективтік және үнемі қолданылатын құралына айналады. Бұған екі түрлі әдіспен жетуге болады: машиналардың шапшандығын арттыру арқылы және бір жұмысшының өзінің бақылауындағы машина санын көбейту арқылы, яғни сол жұмысшының еңбек ететін өрісін кеңейту арқылы жетуге болады. Машиналардың конструкциясына жасалатын жетілдірулер бір есептен жұмысшыларға қысымды күшейту үшін қажет, енді бір есептен сол жетілдірулердің өзі еңбекті интенсифициреді, өйткені жұмыс күніне шек қою капиталисті өндіріс шығындарын қатаң үнемдеуге итермелейді. Бу машинасының жетілдірілуі оның поршені қозғалысының шапшан-

¹⁶²⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 1844 and the quarter ending 30 th April 1845», p. 20.

¹⁶³⁾ Бұл да сонда, 21-бет. Жоғарыда айтылған эксперименттерде моральдық элемент едәуір роль атқарған. «Біз»,— делі жұмысшылар фабрика инспекторына,— «зор жігермен жұмыс істеудеміз, біз түнге қарай ертерек кетуді үнемі ойымызда ұстаймыз; ең жас жардемшіден бастап ең қарт жұмысшыға дейін бүкіл фабриkanı сергек, қызу кігер билеген, сөйтіп біз енді бір-бірімізге көбірек көмектесудеміз» (бұл да сонда).

дығын арттырады және сонымен қатар күштің көп үнемделуінің арқасында бұрынғы көлемдегі мотормен неғұрлым зор механизмді жүргізіп жіберуге мүмкіндік береді, оның бер жағында көмірдің жұмсалуды өзгеріссіз қалады немесе тіпті азаяды. Жалғастырғыш механизмнің жетілдірілуі қажалуды кемітеді және,— кәзіргі машиналарды бұрынғы машиналардан ғажап өзгеше ететін нәрсе,— үлкенді-кішілі біліктердің диаметрін азайтып, салмағын үнемі кеми беретін минимумға түсіреді. Ақырында, жұмыс машинасындағы жетілдірілулер оның шапшаңдығын арттырып, оның қимылын ұлғайта отырып оның көлемін шағындайды, мұны кәзіргі тоқыма бу станогының мысалынан көруге болады, немесе иіру машинасындағы сияқты, корпусымен бірге көлемін және оның құралдарының санын көбейтеді, не болмаса тетіктерін болмашы өзгерту арқылы бұл құралдардың жылдамдығын арттырады,— мәселен, елуінші жылдардың ортасында автоматты мюль-машинадағы ұршықтардың жылдамдығы осындай жолмен $\frac{1}{5}$ есе арттырылған.

Англияда жұмыс күнінің қысқартылып 12 сағатқа дейін түсірілген кезі — 1832 жыл. 1836 жылдың өзінде-ақ бір ағылшын фабриканты былай деген болатын:

«Машиналардың едәуір өскен жылдамдығы жұмысшының барына ұқыпты болып, қызу жұмыс істеуін талап ететіндігі себепті фабрикалардағы еңбек бұрынғы уақыттағымен салыстырғанда қатты артып отыр» деді¹⁶⁴).

1844 жылы лорд Эшли, кәзіргі кездегі граф Шефтсбери, қауымдар палатасында документ жүзінде дәлелденген мынадай мәліметтер келтірді:

«Фабрика процестерінде істейтін адамдардың еңбегі кәзіргі кезде осы операциялар енгізілген кездегіден үш есе көбейіп отыр. Күмән жоқ, машиналар миллиондаған адамның тарамысы мен бұлшық еттерінің қызметін атқаратын жұмысты орындады, бірақ машиналар өздерінің сұмдық қимылына бағындырған адамдардың еңбегін тамаша (prodigiously) арттырды... 12 сағат бойына екі мюль-машинаның соңынан ілгері кейінді еріп отырумен болатын еңбек 40-шы номерлі жіпті иіру кезінде 1825 жылы 8 миль жүріс болып шыққан. 1832 жылы сол 40-шы номерлі жіпті иіргенде 12 сағат бойына екі мюль-машинаның соңынан еріп отырғандағы аралық 20 миль болған, ал екінші бірінде одан да көп болып отырған. 1825 жылы жіп иірушінің 12 сағат ішінде әрбір мюльде 820 рет иіліп жіп сабақтауына тура келді, мұның өзі 12 сағаттың ішінде жалпы жиыны 1640 рет иіліп жіп сабақтау болады. 1832 жылы иіруші өзінің он екі сағаттық жұмыс күнінің ішінде әрбір мюльде 2200 рет иіліп жіп сабақтауға тиіс болды, мұның жиыны 4400 рет болады; 1844 жылы әрбір мюльде 2400 рет, жиыны 4800 рет болды; ал кейбір реттерде онан да көп еңбек ету керек болады (amount of labour) ...Бұл арада менің қолымда 1842 жылдың екінші бір

¹⁶⁴) *John Fielden*, цитат алынған шығарманың 32-беті.

документі бар, бұл документ еңбек прогрессивті түрде артқанда көп жер жүруге тура келгендіктен ғана артпай, сонымен бірге өндірілетін товарлардың саны көбейетіндіктен де артатынын көрсетеді, ал енді жұмыс істейтін адамдардың саны осыған сәйкес кеміп отырады; және онан соң кезірде көп еңбек керек қылатын нашар мақта жиі иірілетіндіктен де артады... Түту бөлімінде де еңбек едеуір өсті. Қазір мұнда бұрын екі адамға бөлініп берілетін жұмысты бір адам орындайды... Көп адам, көбінесе әйел адамдар, жұмыс істейтін тоқыма бөлімінде машинаның жылдамдығының артуы нәтижесінде соңғы жылдардың ішінде еңбек толық 10% өскен. 1838 жылы аптасына 18 000 ұршық жіп иірілді, 1843 жылы бұл сан көбейіп 21 000-ға дейін жетті. 1819 жылы бумен жүретін тоқыма станогының кезінде шөлмектің соғу саны минутына 60 болды, 1842 жылы оның саны 140 болды, мұның өзі еңбектің орасан артқандығын көрсетеді»¹⁶⁵).

12 сағаттық жұмыс күні туралы заң үстем болып тұрғанда 1844 жылдың өзінде-ақ еңбек осындай тамаша интенсификацияға жеткендігі себепті ағылшын фабриканттарының бұл бағытта онан әрі прогресс болуы мүмкін емес және жұмыс уақытының қандай да болсын онан әрі қысқартылуы өндірістің кемуі деген сөз деуі дәлелді сияқты көрінген еді. Олардың байымдаулары тек сырттан қарағанда ғана орынды екенін фабриканттардың қажымас цензоры, фабрика инспекторы Леонард Хорнердің дәл сол кезде пайда болған мына мәлімдемесі өте-өте жақсы дәлелдейді:

«Өндірілетін өнімдердің мөлшері көбінесе машиналардың жылдамдығына байланысты болғандықтан, фабрикант машиналардың жылдамдығын ақырғы шегіне дейін жеткізуге мүдделі болуға тиісі, тек бұл жылдамдықтың өзі мына шарттарға: машиналарды тым тез бүлінуден сақтау, шығарылатын товарлардың сапалылығын сақтау шарттарына, жұмысшының машиналардан қалыспау қабілетіне үйлес болуы керек, оның бер жағында жұмысшының жұмсайтын күші оның үздіксіз өршіте алатын күш дәрежесінен аспауға тиіс. Екінші бірінде фабриканттың асығыстық істеп, қымалды тым шапшаңдатып жіберетіні болады. Ондайда машинаның сынуы, өнімнің сапасының нашар болып шығуы жылдамдықтан келетін пайдадан зиянды асырып жібереді, сондықтан фабриканттың машинаның жүрісіне бәсеңдетуіне тура келеді. Искер, ұқыпты фабрикант ең көп табыс өндіру жолын сөзсіз табатын болғандықтан, мен 12 сағатта қанша өндірілсе, 11 сағатта сонша өндіру мүмкін емес деп ойлаған едім. Мен оның үстіне: кесімді ақы төленетін жұмысшы өзінің күшін шектен тыс жұмсайды да, ол енді онан әрі бірқалыпты интенсификация дәрежесін үнемі сақтап тұра алмайды, деп жорыған едім»¹⁶⁶).

Сондықтан Хорнер, Гарднердің және басқалардың тәжірибелеріне қарамастан, 12 сағаттық жұмыс күнін онан әрі қысқарту өнімнің мөлшерін сөзсіз кемітеді деген қорытындыға келген болатын¹⁶⁷). Ол 10 жыл өткеннен кейін өзінің 1845 жылы айтқан күмәндарын цитатқа келтіреді, сөйтіп машина мен

¹⁶⁵) Lord Ashley, цитат алынған шығарманың 6—9-беттері, әр жерінде.

¹⁶⁶) «Reports of Insp. of Fact. [for quarter ending 30 th September 1844, and from 1st October 1844] to 30 th April 1845», p. 20.

¹⁶⁷) Бұл да сонда, 22-бет.

адамның жұмыс күшінің икемділігін ол кезде өзінің мүлде түсінбегендігін, ал шындығында жұмыс күнін еріксіз қысқарту салдарынан мұның екеуі де бірдей бар күшін мейлінше қарыштап жұмсайтындығын дәлелдейді.

Енді 1847 жылдан кейінгі дәуірді, ағылшынның мақта мата, жүн мата, жібек және кенеп мата фабрикаларында заң жүзінде 10 сағаттық жұмыс күні енгізілген кезден бастап қарап көрейік.

«Ватер-машиналарда ұршықтардың айналу жылдамдығы өсіп, минутына 500 айналымға, моль-машиналарда 1 000 айналымға жетті, басқаша айтқанда ватер ұршықтарының 1839 жылы минутына 4 500 айналымға жеткен жылдамдығы енді» (1862 жылы) «5 000 болып отыр, ал моль ұршықтарының 5 000 айналымға жеткен жылдамдығы енді минутына 6 000 болып отыр; мұның өзі жылдамдықтың бірінші ретте $\frac{1}{10}$ есе өскенін, ал екінші ретте $\frac{1}{6}$ есе өскенін көрсетеді»¹⁶⁸).

Манчестер маңындағы Патрикрофтан шыққан атақты азаматтық инженер Джемс Несмит 1852 жылы Леонард Хорнерге жазған хатының бірінде 1848 және 1852 жылдар арасында бұл машинасында жасалған жетілдірулерді қарастырады. Ресми фабрикалық статистикада әлі де болса өзінің 1828 жылғы қимылы бойынша¹⁶⁹ белгіленетін бұл машиналарының аттық күші таза номиналды күш болып табылады және шын күштің шартты көрсеткіші ғана бола алады дегенді айта келіп, ол сонымен қатар былай деп жазады:

«Ешбір күмәнсіз нәрсе сол, салмағы бұрынғыдай бұл машиналары, екінің бірінде тіпті сол бұрынғы машиналардың дәл өзі, бар айырмасы өздеріне кәзіргі заманғы жетілдірулер енгізілген машиналардың өзі, орта есеппен алғанда бұрынғы кездегіден 50% артық жұмыс атқарады, ал көп реттерде ең арғы жылдамдығы минутына 220 фут болған кезінде 50 ат күшіндей күш берген машиналардың дәл өзі кәзіргі кезде көмірді аз жұмсағанның өзінде 100 ат күшінен артық күш беріп отыр... Кәзіргі заманғы бұл машинасы номиналды ат күшінің мөлшері бұрынғыдай болып отырғанда, оның конструкциясының жетілдірілуі, көлемінің кішірейтілуі және бұл қазаны құрылысының өзгертілуі, т. т. нәтижесінде бұрынғыдан да зор күшпен қимылдайды... Сондықтан, кәзірде номиналды ат күшіне келетін жұмысшы саны бұрынғыша болғанмен де, жұмыс машиналарына келетін жұмысшылар саны кәзіргі кезде азайып отыр»¹⁷⁰).

1850 жылы Біріккен корольдіктің фабрикаларында 25 638 716 ұршық пен 301 445 тоқыма станогын жүргізген

¹⁶⁸) «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1862», p. 62.

¹⁶⁹) Мұның өзі 1862 жылғы парламенттік есептен бермен қарай өзгереді. Мұнда енді бұл машинасының номиналды ат күшінің орнына кәзіргі заманғы бұл машиналары мен су дөңгелектерінің нағыз шын бұл машинасының ат күші енгізіліп отыр! 109а ескертуін қараңыз. 398-бет. Ф. Э.). Сондай-ақ өрме ұршықтар да ендігі жерде нағыз жіп іретін ұршықтармен шатастырылмайды (1839, 1850 және 1856 жылдардағы есептерде осылай болған); мұнан соң жүн мата фабрикалары үшін «gigs» [түк салатын машиналардың] саны келтірілген, бір жағынан, джут фабрикалары мен кендір фабрикалары, екінші жағынан, кенеп фабрикалары айырым көрсетілетін болған: ақырында, шұлық тоқу өндірісі есепке алғаш рет енгізілген.

¹⁷⁰) «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1856», p. 14, 20.

134 217 номиналды ат күші қолданылды. 1856 жылы ұршықтар мен тоқыма станогының саны тиісінше 33 503 580 және 369 205 болды. Егерде бір ат күшіне 1850 жылғыдай нақ сонша ұршық пен станок келетін болса, онда 1856 жылы 175 000 ат күші қажет болған болар еді. Бірақ ресми мәліметтер бойынша олардың саны небәрі 161 435 болды, яғни 1850 жылғы есеп бойынша керек болғанынан 10 000-нан астам ат күші кем болды¹⁷¹⁾.

«1856 жылғы соңғы есеп» (ресми статистика) «мына фактіні анықтап отыр: фабрикалық система барынша тез тарауда екен, машиналарға келетін жұмысшы саны азайыпты, бу машинасы күшті үнемдеудің және басқа да жетілдірулердің нәтижесінде салмағы ауыр машиналарды жүргізеді екен және жұмыс машиналарын жетілдірудің, өнім шығару әдістерін өзгертудің, машиналардың шапшаңдығын арттырудың және көптеген басқа себептердің нәтижесінде өнімнің мөлшерін көбейтуге қол жетеді екен»¹⁷²⁾. «Неше түрлі машиналарда жасалған ірі жетілдірулер олардың өндіргіш күшін едәуір арттырды. Жұмыс күнінің қысқартылуы... осы жетілдірулерге себеп болғанында ешбір күмән жоқ. Осы жетілдірулер және жұмысшының неғұрлым интенсивті еңбегі» (2 сағат, немесе $\frac{1}{6}$ есе) «қысқартылған жұмыс күнінің ішінде ең кемінде бұрын неғұрлым ұзағырақ жұмыс күні ішінде қанша өнім өндірілген болса, сонша өнім өндірілетін етті»¹⁷³⁾.

Жұмыс күшін неғұрлым интенсивті түрде пайдаланудың нәтижесінде фабриканттардың байлығының қалай өсе түскенін мына жағдайдың бір өзі-ақ көрсетеді: ағылшынның мақта-мата тоқыма фабрикалары санының жылдық орташа өсуі 1838 жылдан 1850 жылға дейін 32 болған, ал 1850 жылдан 1856 жылға дейін 86 болған.

10 сағаттық жұмыс күні үстем болып тұрғанда 1848—1856 жылдардағы 8 жылдың ішінде ағылшын өнеркәсібі қаншалық ұлы прогресс жасаса да, сонан былайғы 1856—1862 жылдардағы 6 жылдық дәуір ішінде ол прогресс әлдеқайда артта қалып қойды. Мәселен, жібек фабрикаларында 1856 жылы ұршық — 1 093 799 болды, 1862 жылы — 1 388 544 болды; тоқыма станоктары 1856 жылы — 9 260 болды, 1862 жылы 10 709 болды. Мұның керісінше, жұмысшылар саны 1856 жылы — 56 137 болды, 1862 жылы — 52 429 болды. Сонымен, жұмысшылар саны 7% кеміп кетіп отырғанда ұршықтардың саны 26,9%, тоқыма станоктарының саны 15,6% өсті. 1850 жылы камволь фабрикаларында 875 830 ұршық істеп тұрды, 1856 жылы — 1 324 549 ұршық (51,2% артқан) және 1862 жылы — 1 289 172 ұршық істеп тұрды (2,7% кеміп кеткен). Бірақ өрме ұршықтарының 1856 жылдың есебіне кіріп, 1862 жылдың

¹⁷¹⁾ Бұл да сонда, 14—15-беттер.

¹⁷²⁾ Бұл да сонда, 20-бет.

¹⁷³⁾ «Reports etc. for 31 st October 1858». p. 9, 10. Салыстырыңыз: «Reports for 30 th April 1860». p. 30 sqq.

есебіне кірмейтінін еске алатын болсақ, онда ұршық саны 1856 жылдан бастап тіпті өзгеріссіз қалған болып шығады. Мұның керісінше, ұршықтар мен тоқыма станоктарының шапшаңдығы 1850 жылдан бастап көп реттерде екі есе артқан. Камволь фабрикаларындағы бумен жүретін тоқыма станоктарының саны 1850 жылы 32 617 болды, 1856 жылы — 38 956 және 1862 жылы — 43 048 болды. Бұларда 1850 жылы 79 737 адам жұмыс істеді, 1856 жылы — 87 794 адам және 1862 жылы 86 063 адам жұмыс істеді, бірақ бұлардың ішінде 14 жасқа дейінгі балалар 1850 жылы 9 956 болды, 1856 жылы — 11 228 және 1862 жылы 13 178 болды. Сонымен, 1856 жылға қарағанда 1862 жылы тоқыма станоктарының саны едәуір көбейе тұрса да, жұмыстағы жұмысшылардың жалпы саны кеміп кетті, ал қанаудағы балалардың саны артты¹⁷⁴⁾.

1863 жылы 27 апрельде парламент мүшесі Ферранд қауымдар палатасында мынадай мәлімдеме жасады:

«Ланкашир мен Чеширдің 16 округы жұмысшыларының делегаттары — мен солардың тапсыруы бойынша сөйлеп тұрмын — маған машиналардың жетілдірілуінің нәтижесінде фабрикалардағы еңбектің барған сайын өсіп отырғанын хабарлады. Бұрын бір жұмысшы жәрдемшісімен қосылып екі тоқыма станогында қызмет ететін болса, көзір жәрдемшісі бір жұмысшы үш станокта, ал кейде тіпті екінің бірінде төрт станокта да қызмет етеді, т. т. Жоғарыда айтылған фактілерден көрініп отырғандай, он екі сағаттық еңбек көзір 10 сағаттан да кем жұмыс сағатына сифызылып отыр. Осыдан келіп соңғы жылдардың ішінде фабрика жұмысшылары азабының қаншалықты орасан зор дәрежеде артқаны өзінен өзі тусінікті»¹⁷⁵⁾.

Сондықтан фабрика инспекторлары 1844 және 1850 жылдардағы фабрикалық заңдардың оңды нәтижелерін әбден орынды түрде үнемі мақтап отырса да, алайда олар жұмыс күнінің қысқартылғаны еңбекті сонша интенсифтендіріп, мұның өзі жұмысшылардың денсаулығына қауіп төндіретінін, олай болса, жұмыс күшінің өзіне де бүлдіргіш әсер ететінін мойындап отыр.

«Мақта-мата, камволь және жібек фабрикаларының көпшілігінде соңғы жылдардың ішінде қимылы соншалық дәрежеде шапшаңдаған машиналарда тұрып жұмыс істеу үшін қажетті титықтатарлық қызу қимыл, сірә.

¹⁷⁴⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1862», p. 129, 100, 103, 130.

¹⁷⁵⁾ Бумен жүретін көзір кездегі екі тоқыма станогында істейтін бір тоқымашы көзір аптасына 60 сағаттың ішінде белгілі бір ұзындығы мен ені бар белгілі сортты 26 топ мата өндіреді, ал бұрын ескі тоқыма бу станогының кезінде тек қана 4 топ мата өндіре алған еді. Осындай бір топ матаға шығатын тоқу шығыны 1850 жылдың басында-ақ 2 шиллинг 9 пенниден 5 1/2 пенниге дейін төмендеп кетті.

2-ші басылуына қосымша. «Бұдан 30 жыл бұрын» (1841 жылы) «3 жәрдемші бар мақта иірушіден 300—324 ұршығы бар бір пар моль-машинаны ғана бақылап тұру талап етілетін еді. Көзір» (1871 жылдың аяғында) «5 жәрдемшісі бар ол адам ұршықтарының саны 2 200 болатын және 1841 жылғы иірілгеннен ең кемінде жеті есе көп жіп иіретін моль-машиналарды бақылап тұруға тиісті» (Александр Редгрейв, фабрика инспекторы, «Journal of the Society of Arts»-те, January 5, 1872).

өкпе ауруларынан кісі өлімі көбеюінің бір себебі болса керек, мұны өзінің ең соңғы тамаша есебінде доктор Гринхау көрсетіп берді»¹⁷⁶⁾.

Заң капиталдан жұмыс күнін ұзарту мүмкіндігін біржола алып қойып отырғанда, оның еңбек интенсивтілігі дәрежесін үнемі арттыру арқылы өзіне мұның есесін қайтаруға және машиналардың қандай да болсын жетілдірілуін жұмыс күшін үсті-үстіне сығымдап алудың құралына айналдыруға ұмтылған тенденциясы көп ұзамай жұмыс уақытын қайтадан қысқартқызбай қоймайтын бетбұрыс пунктке қайта алып келуге тиіс, бұған ешбір күмән жоқ¹⁷⁷⁾. Екінші жағынан, 1848 жылдан осы уақытқа дейін, яғни он сағаттық жұмыс күнінің дәуірінде, ағылшын өнеркәсібінің қаулап өркендеуі 1833—1847 жылдар заманынан, яғни он екі сағаттық жұмыс күні дәуірінен асып түсіп отыр, асып түскенде, өнеркәсіптің осы соңғы дәуірдегі өркендеуі өнеркәсіптің фабрикалық системаның алғашқы елу жылы ішіндегі, яғни шектеусіз жұмыс күні болған дәуірдегі табыстарынан асып түскенінен де әлдеқайда көп асып түсіп отыр¹⁷⁸⁾.

¹⁷⁶⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1861», p. 25, 26.

¹⁷⁷⁾ Кәзіргі кезде (1867 жылы) Ланкширде фабрика жұмысшыларының арасында сегіз сағаттық жұмыс күні жолында үгіт жүргізіле бастады.

¹⁷⁸⁾ Мына төмендегі аздарған цифрлар 1848 жылдан бастап Біріккен корольдіктегі нағыз фабрикалардың жасаған прогресін сипаттайды:

	Шетке шығарылған товарлардың мөлшері			
	1848	1851	1860	1865
<i>Мақта-мата фабрикалары</i>				
Мақта-мата жіп (фунт есебімен).....	135 831 162	143 966 106	197 343 655	103 751 455
Жіпке деп иірілген жіп (фунт есебімен).....	—	4 392 176	6 297 554	4 648 611
Мақта маталар (ярд есебімен).....	1 091 373 930	1 543 161 789	2 776 218 427	015 237 851
<i>Кенеп және кендір фабрикалары</i>				
Жіп (фунт есебімен).....	11 722 182	18 841 326	31 210 612	36 777 334
Мата (ярд есебімен).....	88 901 519	129 106 753	143 996 773	2 247 012 329
<i>Жібек фабрикалар</i>				
Жіп (фунт есебімен).....	466 825*	462 513	897 402	812 589
Мата (ярд есебімен).....	—	1 181 455**	1 307 293**	2 869 837
<i>Жүн мата фабрикалары</i>				
Жүн және намволь жіп (фунт есебімен).....	—	14 670 880	27 533 968	31 669 267
Мата (ярд есебімен).....	—	151 231 153	190 371 537	278 837 418

* 1846 ж

** фунт есебімен.

4. ФАБРИКА

Бұл тараудың бас жағында біз фабриканың тұлғасын, машиналардың бөлшектелген системасын қарастырдық. Сонан кейін біз машиналардың, әйел еңбегі мен балалар еңбегін иемденіп алып, капиталдың қанауы үшін адам материалын қалай көбейтіп отырғандығын көрдік, ол машиналардың жұмыс күнін шамадан тыс ұзартып, жұмысшының бүкіл өмірін қамтитынын көрдік және, ақырында, олардың сұмдық өсе беретін көп өнімді барған сайын аз уақыт ішінде өндіруге мүмкіндік беретін дамуының өзі белгілі бір уақыттың ішінде көп еңбекті қимылға келтірудің, яғни жұмыс күшін барған сайын интенсивті түрде қанаудың, үздіксіз құралы болып отыратынын көрдік. Енді біз фабриканы тұтасынан, оның үстіне өзінің анағұрлым дамыған формасында алып қарастырамыз.

Доктор Юр, автоматтық фабриканың Пиндары, фабриканы, бір жағынан,

(Қараңыз: Көк кітаптар «Statistical Abstract for the United Kingdom», № 8 және № 13. London, 1861 және 1866).

	Шетке шығарылған товарлардың мөлшері			
	1848	1851	1860	1865
	Шетке шығарылған товарлардың құны (фунд стерлинг есебімен)			
<i>Мақта-мата фабрикалары</i>				
Мақта-мата жіп	5 927 831	6 634 026	9 870 875	10 351 049
Мақта маталар	16 753 369	23 454 810	42 141 595	46 903 796
<i>Кенеп және жемдір фабрикалары</i>				
Жіп	493 449	951 426	1 801 272	2 505 497
Мата	2 802 789	4 107 396	4 804 803	9 155 358
<i>Жібек фабрикалары</i>				
Жіп	77 789	196 380	826 107	768 064
Мата	—	1 130 398	1 587 303	1 409 221
<i>Жүн мата фабрикалары</i>				
Жүн және к мволь жіп	776 975	1 484 544	3 843 450	5 424 047
Мата	5 733 828	8 377 183	12 156 998	20 102 259

Ланкаширде фабрикалардың саны 1839 және 1850 жылдардың арасында небәрі 4% өсті, 1850 және 1856 жылдардың арасында 19%, 1856 және 1862 жылдардың арасында 33% өсті, ал енді он бір жылдық дәуірдің екеуінде де жұмыстағы адамдардың саны абсолютті жағынан көбейіп, ал относителді жағынан азайды. Қараңыз: «Reports of Insp. of Fact. 34 st Oct. 1862», p. 63. Ланкаширде мақта-мата фабрикалары басым. Ал енді жіп пен мата шығаруда тегінде олардың относителді қандай зор роль атқаратыны мынадан көрінеді: бұл сияқты фабрикалардың жалпы санынан Англияда, Уэльсте, Шотландияда және Ирландияда олардың үлесіне 45,2% келеді, ұршықтардың жалпы санынан —83,3% келеді, бумен жүретін тоқыма станоктерінің жалпы санынан —81,4%, тоқыма фабрикаларының жүргізетін бу машиналары ат күшінің жалпы санынан 72,6%, жұмыстағы адамдардың жалпы санынан —58,2% келеді (бұл да сонда, 62, 63-беттер).

«орталық күш (бірінші двигатель) үздіксіз қимылға келтіріп отыратын өндіруші машиналардың системасын шеберлікпен, ықыласпен бақылап отыратын түрліше категориядағы ересек және жасы жетпеген жұмысшылардың кооперациясы»

ретінде суреттейді, екінші жағынан.

«белгілі бір затты өндіру үшін үйлесімді түрде және үздіксіз қимылдайтын толып жатқан механикалық және саналы органдардан құралған, олай болса осы органдардың бәрі өзін өзі қозғалысқа келтіретін бір қозғаушы күшке бағынған бір зор автомат»

ретінде сипаттайды.

Бұл екі анықтама әсте де барабар емес. Бірінде жиынды құрама жұмысшы, яки қоғамдық жұмыс организмi, белсене қимылдайтын субъект болып табылады, ал механикалық автомат — объект болып табылады; екіншісінде автоматтың өзі субъект болып табылады, ал жұмысшылар оның санасы жоқ органдарына саналы органдар ретінде қосылған және осы санасы жоқ органдармен бірге орталық қозғаушы күшке бағынған. Бірінші анықтама машиналардың ірі көлемде қолданылуы мүмкін жайлардың бәрі жөнінде өзінің маңызын сақтайды; екіншісі олардың капиталистік жолмен қолданылуын, олай болса, кәзіргі фабрикалық системаны сипаттайды. Юрдың қимыл беретін орталық машинаны автомат деп қана қоймай, сонымен қатар автократ деп те көрсетуге құмарлығы осыдан.

«Осы орасан зор мастерскойларда будың шарапатты күші өзінің төңірегіне сансыз көп жасақтарын жинайды»¹⁷⁹⁾.

Жұмыс құралымен бірге оны меңгерудегі асқан шеберлік те жұмысшыдан машинаға көшеді. Құралдың қабілеттілігі адам жұмыс күшінің жұмысшының қара басына байланыстылығынан туатын тар өрістіліктен құтылады. Сөйтіп мануфактурада еңбек бөлінісіне негіз болған техникалық базис жойылады. Сондықтан мануфактураның сипатты белгісі болып табылатын арнаулы жұмыстарға маманданған жұмысшылар иерархиясының орнына автоматты фабрикада машиналардың жәрдемшілері орындауға тиісті жұмыстарды теңгермелеу, немесе тегістеу, тенденциясы туады¹⁸⁰⁾, бөлшекші жұмысшылардың арасындағы жасанды түрде пайда болған айырмашылықтардың орнына жас пен жыныстың табиғи айырмашылықтары басым болып шығады.

Еңбек бөлінісі автоматты фабрикада қайта туып отырғандықтан, бұл еңбек бөлінісі ең алдымен жұмысшыларды арнаулы машиналарға бөлу және жұмысшылар бұқарасын, — алай-

¹⁷⁹⁾ *Ure. «Philosophy of Manufactures»*, p. 18.

¹⁸⁰⁾ Бұл да сонда, 31-бет. Салыстырыңыз: *К. Маркс: «Философия қайыршылығы»*. Париж, 1847, 140, 141-беттері. [*К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, 2-ші басылуы, 4-том, 156—160-беттер*].

да, бөлек-бөлек топ құрмайтын жұмысшылар бұқарасын,— фабриканың түрліше бөлімдеріне бөлу болып табылады, мұнда олар бірінің жанына бірі орналастырылған біртекті жұмыс машиналарында жұмыс істейді, басқаша айтқанда мұнда олар жәй кооперация арқылы ғана біріктірілген. Мануфактураның бөлек-бөлек тобының орнына мұнда негізгі жұмысшы аздаған жәрдемшілерімен байланыстырылады. Нағыз жұмыс машиналарында істейтін жұмысшылар мен (двигатель-машинаны немесе оған заправка жасалуын бақылап тұратын кейбір жұмысшылар да осыған жатады) осы машинада істейтін жұмысшылардың жәй қолғабысшыларының (ылғи балалар десе болғандай) арасында елеулі айырмашылық бар екені байқалады. Ал қолғабысшыларға азды-көпті дәрежеде барлық feeders-тер де жатады (бұлар жәй әншейін машинаға еңбек материалын беріп тұрады). Осы негізгі категориялармен бірге сан жағынан шағын адамдар да болады, бұлар барлық машиналарды бақылап қарап отырады және оларды ылғи жөндеумен айналысады, бұлар, мәселен, инженерлер, механиктер, ағаш ұсталары, т. т. Бұлар — фабрика жұмысшыларының тобынан тыс тұратын, оған жәй қосыла салынған жұмысшылардың жоғарғы тобы, шінара ғылыми білімі бар, шінара қолөнерші сипатындағы жұмысшылар тобы¹⁸¹⁾. Бұл еңбек бөлінісі тек қана техникалық еңбек бөлінісі болып табылады.

Машинада істелетін жұмыстың қай-қайсысы болса да жұмысшының өз қимылдарын автоматтың біркелкі үздіксіз қимылымен үйлестіре білуі үшін ерте жастан-ақ дайындығы болуын керек етеді. Машиналар жиынтығының өзі бір мезгілде қимылдайтын, неше түрлі құрама машиналар системасын құрайтын болғандықтан, оған негізделген кооперация да жұмысшылардың әртүрлі топтарын әртүрлі машиналарға бөлуді керек қылады. Бірақ машиналы өндіріс жұмысшылар топтарын осылай бөлуді мануфактуралық жолмен баянды етудің қажеттігін, сол белгілі бір жұмысшыларды белгілі бір функцияларға мәңгі бекітіп қоюдың қажеттігін жояды¹⁸²⁾. Фабриканы

¹⁸¹⁾ Қасақана статистикалық алдау үшін бір сипатты нәрсе.— ал бұл алдауды бақайшағына дейін әйгілеп ашуға болар еді,— ағылшынның фабрикалық заңдары өзінің қолданылатын саласынан текстінің соңында айтылған жұмысшыларды мүлде шығарып тастап, оларды фабрика жұмысшылары деп танымайды; екінші жағынан, парламент жариялап отырған есептер инженерлерді, механиктерді, тағы сондайларды ғана емес, сонымен қатар фабрика басқарушыларын да, приказчиктерді, қағаз тасушыларды, қоймашыларды; буып-түюшілерді, тағы сондайларды да,— қысқасы, фабрика несінен басқалардың бәрін де ешбір тайынбастан фабрика жұмысшыларының категориясына жатқызып жүр.

¹⁸²⁾ Мұны Юр мойындайды. Ол: жұмысшылар «қажеті болған ретте» басқарушының дегені бойынша бір машинадан екінші машинаға ауыстырылуы мүмкін дейді де, масаттанған пішімнен даусын көтере түсіп: «Бұл тәрізді ауыстыру еңбекті бөліп, бөріуне түйреуіштің басын жасауды, екіншісіне — оның ұшын сүйірлеуді жүктейтін бұрынғы ескілік жайға ашықтан-ашық қайшы келсе!» дейді. Ол мұнан да төрі бұл: «бұрынғы ескілік жайдың» автоматты фабрикада «қажет болған ретте» ғана жойлатын себебі не деген сұрақты қоюға тиіс еді¹⁸⁰

бүтіндей қозғалысқа келтіретін жұмысшы емес, машиналар болғандықтан, мұнда еңбек процесін тоқтатпай-ақ адамдарды үнемі ауыстырып отыруға болады. Ағылшын фабриканттарының 1848—1850 жылдардағы бүлігінің¹⁸⁷ кезінде қолданылған Relaisystem [сменалар системасы] бұған өбден көз жеткізерлік дәлел болады. Ақырында, адам жас шағында машинада істеп дағдыланатын жылдамдық, өз ретінде, тек қана машинамен істейтін жұмысшылардың ерекше категориясын баулып шығару қажеттігін жояды¹⁸⁸. Ал фабрикада жәй қолғабысшылардың жұмысын шінара машиналардың атқаруы мүмкін¹⁸⁴, шінара өзінің барынша қарапайымдылығы себепті осындай жұмыстармен айналысатын адамдарды тез, үнемі мастырып отыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, машина еңбек бөлінісінің ескі системасын техникалық жағынан лақтырып тастап отырса да, дегенмен бұл еңбек бөлінісінің системасы фабрикада алғашында дағды болып кеткендігі себепті мануфактураның дәстүрі ретінде жүре береді, ал сонан кейін капитал оны жұмыс күшін қанаудың құралы ретінде бұрынғыдан да бетер жиренішті формада үнемі қайта қолданып, нығайтып отырады. Бөлшекті құралды менгеру сияқты өмірлік мамандық — бөлшекті машинаға қызмет ету сияқты өмірлік мамандыққа айналады. Машина арқылы қиянат еткенде жұмысшының өзін бала жасынан-ақ бөлшекті машинаның бір бөліміне айналдыру үшін қиянат етеді¹⁸⁵.

¹⁸³ Адам керек болған жағдайда, мәселен, Америкадағы Азамат соғысының кезінде, буржуа фабрика жұмысшылары ерекшелік ретінде көшелерге тас төсеу, т. б. сияқты нағыз дәрекі жұмыстарға пайдаланады. Жұмыссыз жүрген мақта-мата жұмысшыларына арналған 1862 жылғы және онан кейінгі жылдардағы ағылшын «ateliers nationaux»-тың [құлт мастерскойларының] 1848 жылғы француз ұлт мастерскойларынан айырмашылығы сол — соңғы мастерскойларда жұмысшылардың өнім бермейтін жұмыстарды мейлемет есебінен орындауларына тура келді, ал алғашқыларында — буржуаның пайдасына өнім беретін қала жұмыстарын орындауына тура келді, оның бер жағында бұл жұмыстар жұмыссыз жүргендерді ықтиярсыз бәсекелестірген тұрақты жұмысшылар орындағандағыдан гөрі арзанға істелді. «Мақта-мата фабрикаларынан келіп істеген жұмысшылардың әлі кіріп, өңдері сөзсіз жақсарып қалды. Мен мұны еректер жөнінде сөз болып отырған соң, анық далада қоғамдық жұмыстармен айналысқандықтан деп білемін» (Бұл арада өңгіме «Престон батпағын» құратуда жұмыс істеген Престонның фабрика жұмысшылары туралы болып отыр.) («Reports of Insp. of Fact. October 1863», p. 59).

¹⁸⁴ Бұған мысал: 1844 жылғы заңның кезінен бері балалардың еңбегін атқару үшін жүн мата фабрикасында енгізілген түрлі механикалық аппараттар. Фабрикант мырзалардың өздерінің балаларының фабрикада жәй жәрдемшілер «мектебін» өтуіне тура келген кезде механиканың осы әлі қол тимеген дерлік саласы алағарай елеуді түрде тез қадам басады. Автомат мюль-машинадан басқа соншама қауіпті машина бола қояр ма екен. Жас балалар кездесетін бақытсыз жағдайлардың көбі мюль-машиналар жұмыс істеп тұрған кезде еден сыпыру үшін сол мюль-машиналардың астына еңбектеп кіргеннен болып отырады. Көптеген «minders» (мюль-машиналарда істейтін жұмысшыларды) (фабрика инспекторлары) «сот жауабына тартып, осы сияқты қылмысты әрекеттері үшін оларға ақшалай штраф кесілді, бірақ бұдан еңқандай да елеуді жалпы нәтиже шықпады. Егерде машина жасаушылар осы нәрселердің астына еңбектеп жүруін қажет етпейтін еден сыпыру машинасын ойлап шығарған болса, онда мұның өзі біздің еңбекті қорғау шараларымызға оңды қосымша болған болар еді». («Reports of Insp. of Factories for 31 st October 1866», p. 63).

¹⁸⁵ Сондықтан Прудонның ойынан шығарып алып жүрген сүмдық өтіріктеріне лайықты деп емес, жұмысшылардың өздеріне арналған бөлшекті жұмыстардың синтезі деп «қарастырады»

Сонымен жұмысшының өзін ұдайы қалпына келтіріп отыруға қажетті шығындар ғана едәуір азайып қоймай, сонымен қатар оның бүтіндей фабрикаға, олай болса капиталиске дәрменсіз тәуелділігі де шыңына жетеді. Мұнда, әрдайымдағы сияқты, өндірістің қоғамдық процесінің дамуынан туатын өнімділіктің артуы мен осы процесті капиталистік жолмен пайдаланудан туатын өнімділіктің артуын ажырата қарау қажет.

Мануфактура мен қолөнерінде жұмысшы құралды өзіне қызмет еткізеді, фабрикада жұмысшы машинаға өзі қызмет етеді. Аянда еңбек құралының қимылы жұмысшыдан шығады, мұнда жұмысшы еңбек құралының қимылына ілесіп отыруға тиіс. Мануфактурада жұмысшылар бір жанды механизмнің мүшелері болып табылады. Фабрикада жансыз механизм жұмысшылардан тәуелсіз болады да, жұмысшылар оған жанды шылау ретінде қосақталып қойылған болады.

«Бір механикалық процесті үнемі қайта-қайта орындай беретін еңбектің шексіз азабының көңілсіз бірқалыптылығы Сизифтің азабына ұқсайды: еңбектің ауырталығы, үйдей тас сияқты, титықтаған жұмысшыларға үсті-үстіне артыла береді»¹⁸⁶⁾.

Машинамен істелетін еңбек, жүйке системасын әбден билеп алады да, бұлшық еттердің жүз құбылған қимылын жаныштап, адамды дене күшін, рухани жігерін емін-еркін жұмсау мүмкіндігінің бәрінен айырады¹⁸⁷⁾. Тіпті еңбектің жеңілдеуінің өзі де азаптың көзіне айналады, өйткені машина жұмысшыны еңбектен босатпайды, қайта оның еңбегін бар мағнасынан айырады. Еңбек процесі ғана болып қоймай, сонымен қатар капиталдың өсу процесі де болып табылатын капиталистік өндіріс атаулының бәріне тән нәрсе,— мұнда жұмысшы еңбек жағдайын пайдаланбайды, қайта мұның керісінше еңбек жағдайы жұмысшыны пайдаланады, ал машинаның дамуымен бірге бұл теріс қатынас техникалық жағынан шын сезіле түсетін болады. Еңбек құрал-жабдығы өзінің автоматқа айналуы арқасында ол нақ еңбек процесі кезінде өзіне тірі жұмыс күшін бағындырып, оны сүліктей соратын капитал ретінде, өлі еңбек ретінде жұмысшыға қарсы тұрады. Өндіріс процесінің интеллект күштерінің дене еңбегінен бөлініп, олардың капиталдың еңбекке жүргізетін өктемдігіне айналуы, жо-

¹⁸⁶⁾ Ф. Энгельс: «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы». Лейпциг, 1845, 217-бет. [К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармалар, 2-ші басылуы, 2-том 403-бет]. Тіпті мүлде жәй оптимистік фронтредер, Молянари мырза, былай дейді: «Машинаның бір қалыпты қимылын күніне 15 сәгаттан бақылап отырған адам осыншама уақыт бойына өзінің дене күшін жұмсағандағысынан әлде қайда тезірек титықтайды. Өзі осындай тым ұзақ болмаса ми үшін пайдалы гимнастика болатын бұл бақылау жұмысы өзінің тым ауырлығынан миды да, дененің өзін де бұзады» (*G. de Molinari*. «Etudes Economiques». Paris, 1846 [p. 49]).

¹⁸⁷⁾ Ф. Энгельс: цитат алынған шығарманың 216-беті. (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс: Шығармалар, 2-ші басылуы, 2-том. 404-бет).

ғарыда айтылғандай, машиналардың негізінде құрылған ірі өнеркәсіпте келіп шыңна жетеді. Машинада істейтін, жігері құм болған жеке жұмысшының бөлшекшілік өнері ғылымның қасында, машиналар системасында жарыққа шыққан, сол системамен бірге «қожайынның» (master) өктемдігін орнататын табиғаттың орасан зор күштері мен қоғамдық көпшілік еңбегінің қасында бір болмашы, ешқандай маңызы жоқ тетік сияқты көрінбей кетеді. Міне сондықтан да бұл қожайын, миында машиналар жөніндегі ұғымы оларды монополиялауымен біте қайнасып кеткендіктен, «білек күштерімен» айкаса қалған реттерде оларға жиренішпен екілене сөйлейді:

«Фабрика жұмысшыларының еңбегі шынына келгенде машықтанған еңбектің өте төменгі категориясы екенін олар естерінен шығармасын; оңай үйренуге болатын және, сапасын еске алғанда, жақсы ақы төленетін басқа мұндай ешбір еңбек жоқ; осындай аз үйретіп барып, осындай аз уақыттың ішінде және осындай орасан мол табуға болатын басқа ешқандай еңбек жоқ 6 айда үйретіп шығаруға болатын және өзін деревня батрағының кез келгені үйрене алатын жұмысшының еңбегі мен өнерінен гөрі қожайынның машиналары іс жүзінде өндіріс ісінде анағұрлым маңызды роль атқарады»¹⁸⁸⁾.

Еңбек құрал-жабдығының бір сарынды қимылына жұмысшының техникалық жағынан бағынуы және жұмыс организмінің әралуан жастағы екі жыныс адамдарынан ерекше құралуы казармалық тәртіп жасайды, бұл тәртіп кемеліне жеткен фабрикалық режимге айналып, жоғарыда айтылып өткен бақылау жұмысын, ал онымен бірге жұмысшылардың орындаушылар [Handarbeiter] мен еңбекті бақылап отырушыларға, қатардағы өнеркәсіп жұмысшылары мен өнеркәсіп унтер-офицерлеріне бөлінуін де әбден кемеліне келтіреді.

«Автоматты фабрикадағы ең басты қиыншылық адамдарды еңбектегі өздерінің дағдылы тәртіпсіздігінен бастартқызу үшін және оларды ірі автоматтың бірқалыпта үздіксіз жұмыс істеуіне сәйкестендіру үшін қажетті тәртіпті қамтамасыз етуге еді. Ал автоматты системаның қажеттері мен жылдамдығына сай келетін тәртіп кодексіні ойлап тауып, ойдағыдай қолдану, — Геркулеске лайық бұл іс Аркрайттың игі ісі болды! Тіпті бұл система әбден толық күйінде ұйымдастырылған кәзіргі кездің өзінде де ер жетіп азамат болған жұмысшылардың арасынан автоматтық системаға пайдалы жәрдемшілер табу мүмкін емес десе болғандай»¹⁸⁹⁾.

Фабрикалық кодексте капитал жәй праволық жолмен және өз билігімен, буржуазияға тегінде соншалық қымбатқа түсетін

¹⁸⁸⁾ «The Master Spinners' and Manufactures' Defence Fund. Report of the Committee». Manchester, 1854, p. 17. Қожайындарға өздерінің «жанды» автоматтарынан айырылу қаупі төнгенде, «қожайындардың» басқаша енге басатындығын кейініректе көреміз.

¹⁸⁹⁾ Ure. «Philosophie of Manufactures», p. 15. Кімде-кім Аркрайттың өмірбаянымен таным болса, ол адам бұл данышпан шаштаразға «игі» деген атақты ешуақытта бермек емес. XVIII ғасырдың барлық ұлы өнертапқыштарының ішінен бұл кісі бөтен адамның өнертабыстарын ұрлаушы даусыз асқан ұры және нағыз азғын субъект.

билікті бөлiспестен және буржуазия үшін онан да қымбат өкiлдiк системасын қолданбастан жұмысшыларға жүргізетiн күдiреттi әмiрiн тұжырымдайды, — мiне бұл кодекс iрi көлемдегi кооперацияның тұсында және еңбек құрал-жабдықтарын, әсiресе машиналарды бiрлесiп қолданғанда қажет болатын еңбек процесiн қоғамдық жолмен реттеуге жасалған жәй әншейiн капиталистiк мазақ болып табылады. Құлдарды бақылаушылардың қамшысының орнын надзирательдiң штраф кітабы басады. Сонымен, барлық жазалау шаралары ақшалай штрафтар салу, жалақыдан ұстап қалу болады, сөйтiп фабрика Ликурттерiнiң заң шығарушылық тапқырлығының арқасында олардың заңдарын бұзу олардың өздерiне, бәлкiм, бұл заңдарды орындаудан да гөрi пайдалырақ болып шығады ¹⁹⁰⁾.

¹⁹⁰⁾ «Буржуазияның пролетариатты байлап-матап қойған құлдық бұғауы фабрикалық системадағыдай ешжерде де айқын көрiнбейдi. Мұнда бостандық атаулының бiр заң жүзiнде де, iс жүзiнде де жоғалады. Таңертеңгi бесжарымда жұмысшы фабрикада болуға тиiстi. Егер ол бiрнеше минут кешiгiп қалса, ол штраф төлейдi, ал егер ол он минут кешiкке оны ертеңгi асқа жасалған үзiлiс бiткенше жiбермейдi және ол ширек күнiн жалақысынан айрылады... Ол асты, суынды команда бойынша iлiп, команда бойынша ұйықтауға тиiс... Рақымсыз қонырау оны ұйықдан, ертеңгi астан, түскi астан бөледi. Ал фабрикант өзiнде не болып жатыр! Мұнда фабрикант — заң шығарушының нағыз өзi. Ол фабрикалық ережелердi қалай болса, солай шығарады. Ол өзiнiң кодексiне, ойына келгенiн iстеп, өзгерiстер, қосымшалар енгiзедi, сөйтiп ол бұл кодекске мүлде қисансыз нәрсе енгiзсе де, соттардың жұмысшыға айтатыны мынау: сiз бұл договорды өз iктиярыңызбен жасаған екенсiз, сiз ендi оны орындауға мiндеттiсiз... Бұл жұмысшылардың жазымы тоғыз жасынан бастап өз-өзгелiне тән жағынан да, рухани жағынан да телкi көру болды» (*Ф. Энгельс: «Англиядағы жұмысшы табынн қардайы»*, Лейпциг, 1845, 217 және келесi беттерi. [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар*, 2-шi басылуы, 2-том, 405—406-беттер]). «Соттардың айтатындарының» не екенiн мен бiрнеше мысалмен түсiндiрiп берейiн. Бiр оқиға 1866 жылдың аяғында Шеффилдте болған оқиға. Онда бiр жұмысшы екi жылға металл фабрикасына жалданған. Фабрикантпен ұрсысып қалған себептi әлгi жұмысшы фабриканы тастап, бұдан былай бұл фабрикантта түк те жұмыс iстемеймiн деген. Договорды бұзды деп айып тағылған әлгi жұмысшы 2 ай түрмеге кесiлген. (Егер договорды фабрикант бұзатын болса, ол азаматтық жолмен ғана жауапқа тартылып, ақшалай штраф төлеуi ғана мүмкiн). Ол екi ай түрмеде отырып шыққаннан кейiн, сол әлгi фабриканттың өзi оны бұрынғы контракт бойынша фабрикаға қайта келуге шақырады. Жұмысшы қайтып бармаймын дейдi. Контрактыны бұзғаны үшін ол айыбын тартты да, Фабрикант оны қайтадан жауапқа тартады, сот оны қайтадан соттайды, судьялардың бiрi. Шш мырза, сол бiр айыбы немесе қылмысы үшін адамды бүкiл өмiрi бойына мезгiл-мезгiл қайта-қайта айыпқа тарта беретiн мұндай тәртiптi юридикалық жағынан жантүрiшгерлiк нәрсе деп анықтан-анық мойындаса да соттады. Бұл үкiмдi қайдағы бiр «Great Unpaid» ¹⁹¹⁾ провинциялық Догбери шығарған жоқ, қайта Лондонда, жоғарғы сот мекемелерiнiң бiрi шығарған болатын. *4-ші басылуына* Көзiр бұл тәртiп жойылған. Көзiргi кезде Англияда, кейбiр аздаған реттерде, — мәселен, қоғамдық газ заводтарында, — болмаса, жұмысшы договор бұзу жөнiнде қасiпкермен теңестiрiлiп, азаматтық жолмен ғана жазалана алады. *Ф. Э.* Екiншi бiр оқиға 1863 жылғы ноябрдiң аяғында Уилтширде болды. Уэстбери Ли, Леозер Миллдегi шұға фабриканты Харрап деген бiреудiң бумеп жүрегiн тоқнама станоктарында жұмыс iстейтiн 30 шамалы жұмысшы әйелдер стачка жасаған, оның себебi бұл Харраптың таңертең кешiккендерi үшін әлгi әйелдердiң жалақысынан шегерiп қалып отыратын бiр жақсы әдетi бар екен: 2 минутқа 6 пенни, 3 минутқа 1 шиллинг және 10 минутқа 1 шиллинг 6 пенни шегерiп қалады екен. Сағатына 9 шиллинг шегергенде, муның өзi күнiне 4 фунт стерлинг 10 шиллинг болады екен, ал олардың орта есеппен бiр жылдағы жалақысы аптасына 10—12 шиллингiден iсқанша аспайды. Мұның үстiне Харрап бiр жас өспiрiм балаға жұмыстың басталғанын керней тартып хабарлап отыруды тапсырып қойған, ал мұны әлгi бала кейде таңертеңгi 6-дан бұрын iстейтiн болған, бала кернайын тартып болғаннан кейiнгi жерде жұмысшылар орнында болмай шықса, қақпа жабылады да сыртта қалғандарға штраф салынады; ал фабрикада сағат болмағандықтан, бақытсыз жұмысшылар Харрап айдап салып отырған жас кернайшының дегенiнде болып шығып отырған. «Стачканы» бастаған жұмысшылар, семья аналары мен қыздар, күзетшiлiк орнына сағат iлiп, штрафтардың неғұрлым ақшалы қосымды тарифiн енгiзген сотте-ақ өздерiнiң жұмысқа шығатындығын жәлiмдеген. Договорды бұзғандықтары үшін Харрап 19 әйел мен қызды сотқа тартты. Жұрт қатты наразы

Біз бұл жерде фабрикалық еңбек атқарылатын материалдық жағдайларды ғана атап көрсетіп отырмыз. Өлгендер мен мертіккендердің өнеркәсіптік бюллетендерін жыл мерзімдерінің ауысуындай үнемі беріп отыратын, тығыз қойылған машиналардың арасында жұмыс істеудің өмірге қауіптілігін сөз қылмағанның өзінде барлық сезім органдары қолдан көтерілген температурадан, шикі материалдардың тозаңдары толған ауадан, құлақ жаратын у-шудан, т. т. бірдей зиян шегеді^{190a)}. Жылы-жайлы қолайлы жағдайда өскендей фабрикалық системаның тұсында ғана кемеліне келген қоғамдық өндіріс құрал-

болса да, бұлардың әрқайсысына 6 пенни штраф және 2 шиллинг 6 пенни сот шығыны кесілді. Жиналған топ халық Харрашты соттан жақтырмаған пішінмен мазақтап шығарып салды.— Фабриканттардың жаңы құмар тәсілдерінің бірі мынадай — олар сапасы нашар материал жасап шығарғандығы үшін жалақыдан шегеріп қалу арқылы жұмысшыларды жазалап отырды. Бұл әдіс 1866 жылы ағылшынның қыш-құмыра бұйымдарын өндіретін округтарында жаппай стачка туғызды. Балалар еңбегінің жағдайларын зерттеу жөніндегі Комиссияның есептері (1863—1866) жұмысшылардың жалақы алу орнына өзінің еңбегінің қорытындысында штрафтың жазыла беруінің арқасында тіпті өздерінің тамаша «қожайындарына» берешек болып та шыққан рәстерін келтіреді. Жалақыдан шегеріп қалу жағына келгенде фабрика билеп-төстеушілерінің тәпқырлығының сабақ боларлық белгілерін соңғы мақта дағдарысы да ашып берді. «Осы жуырда менің өзімнің», — дейді фабрика инспекторы Р. Бейкер, — «бір мақтамата фабриканттың сот жауабына тартуыма тура келді, бұл фабрикант осы қиын-қиыстау, азапты заманда өзінде жұмыс істейтін кейбір «жасөспірім» балалардан» (13 жастан жоғары балалардан) «жасы туралы берілетін дәрігердің куәлігі үшін 10 пенниден ақша ұстап қалған, бұл куәлік оған 6 пенниге түседі және заң бұл үшін 3 пенни ғана ұстап қалуға қосады, ал салт бойынша — ешнәрсе ұстамауға тиіс... Екінші бір фабрикант, заңмен шатасып жүрмей-ақ, дәл осы мақсатқа жету үшін, өзінде жұмыс істейтін сорлы балалардың әрқайсысына жіп ірудің өнері мен сырын үйреткені үшін 1 шиллингден асық салады; дәрігердің куәлігі әлгі балалардың осы жұмысты істеуге өсіп-жеткендігін куәландірісімен-ақ дереу салық алына бастайды. Демек тереңде бір ағымдар жатыр, бұл ағымдарды білмейінше көзгірі кезегідей дәуірлердегі стачкалар сияқты төтенше құбылыстарды түсіну мүмкін емес» (өңгіме Дарүзіндегі фабрикада 1863 жылғы июньде машинада істейтін тоқымашылардың жасаған стакасы туралы болып отыр). «Reports of Insp. of Fact. for 30th April 1863», p. 50, 51. (Фабрикалық есептер әрқашанда өздерінің ресми датасынан арғы уақытты қамтиды).

^{190a)} Қауіпті машиналардан сақтау үшін шығарылған заңдар игі әсерін тигізді. «Бірақ... көзгірі кезде бақытсыздық жайлардың бұдан 20 жыл бұрын болмаған жана себептері пайда болды, атап айтқанда машиналардың өсе түскен жылдамдығы пайда болды. Дөңгелектер, біліктер, ұршықтар мен тоқыма станоктары кәзір өсе түскен және үнемі өсе беретін күшпен қимылға келтірілуде; адамның саусақтары үзілген жіпті тезірек, батылырақ суырып алып отыруға тиіс, өйткені баяулық пен батылысыздық саусақтардың түбіне жетеді... Бақытсыздық жайлардың көбі жұмысшылардың жұмысты тезірек бітіруге тырысатындығынан туған. Мынаны еске сала кету қажет: фабриканттар үшін өз машиналарын үзбей жүргізіп тұрудың, яғни жіп пен матаны үздіксіз өндіре берудің барына зор маңызы бар. Бір минутқа бөгелуді қандай болса да қозғаушы күштен ғана емес, сонымен қатар өнімнен де айырылғандық болады. Сондықтан өнімнің мөлшеріне мүдделі қараушылар машина тоқтап қалмау үшін жұмысшыларды асықтырып тияқпалап қуып отырады; егер жұмысшыларға өнімнің салдарына қарай немесе өнім басына ақы төленетін болса, мұның жұмысшылар үшін де маңызы кем емес. Сондықтан, фабрикалардың көпшілігінде машиналар жүріп тұрған кезінде оларды тазалауға формалды жағынан тым салынғанмен де, іс жүзінде бұл әрдайым солай етіледі. Осы себептің бір өзі соңғы 6 айдың ішінде 906 бақытсыздық жайға тап қылды... Тазалау күп сайын жасалғанымен, алайда сенбі күндеріне әдетте машиналарды толық тазалау ісі белгіленеді, ал мұның өзі көбінесе машиналардың жүріп тұрған кезінде жасалады... Бұл операцияға ақы төленбейді, сондықтан да жұмысшылар мүмкіндігінше оны тез бітіруге тырысады. Сондықтан жұма күні, әсіресе сенбі күні бақытсыздық жайлардың саны басқа жұмыс күндеріндегінен әлдеқайда көп болады. Антанның алғашқы 4 күніндегі орта мөлшермен салыстырғанда жұма күні болатын бақытсыздық жайлар 12% шамасындай артық болады, өткен 5 күннің әр қайсындағы орта мөлшермен салыстырғанда сенбіде болатын бақытсыздық жайлар 25% көп болады; ал егер сенбі күндері фабрикадағы жұмыс күні $7\frac{1}{2}$ сағат қалған жұмыс күндері $10\frac{1}{2}$ сағат болатынын еске алатын болсақ, онда артығы 65%-тен асып кетеді» («Reports of Insp. of Factories for 31st October 1866», London, 1867, p. 9, 15, 16, 17).

жабдықтарын үнемдеу мұнымен бірге капиталдың қолында жұмыс кезінде жұмысшының өміріне қажетті жағдайлардың бәрін: кеңістікті, ауаны, жарықты, сонымен бірге жұмысшыны өндіріс процесінің өмірге қауіпті немесе денсаулыққа зиянды жағдайларынан қорғайтын құралдардың бәрін үнемі тонаушылыққа айналады,— ал жұмысшыға жайлы келетін аспаптар жасау жөнінде сөз қылмаса да болады¹⁹¹⁾. Фурьенің фабрикарды «жеңілдетілген каторга» деуі әділ айтылған сөз емес пе¹⁹²⁾?¹³⁹

5. ЖҰМЫСШЫ МЕН МАШИНАНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ КҮРЕС

Капиталист пен жалдама жұмысшының арасындағы күрес капиталистік қатынастың алғаш туған кезінен-ақ басталады. Ол күрес бүкіл мануфактуралық дәуір бойында өрши түседі¹⁹³⁾. Бірақ жұмысшы тек машиналар енгізілісімен ғана еңбек құрал-жабдығының өзіне қарсы, капиталдың өмір сүруінің осы материалдық формасына қарсы күресе бастады. Жұмысшы капиталистік өндіріс әдісінің материалдық негізі ретіндегі өндіріс құрал-жабдықтарының осы белгілі формасына қарсы көтеріледі.

XVII ғасырда бүкіл Еуропа дерлік *Bandmühle* дейтінге (сонымен қатар *Schaermühle* немесе *Mühlenstuhl* деп те аталатынға) — лента мен оқа тоқитын машиналарға қарсы жұмысшы-

¹⁹¹⁾ Үшінші кітаптың бірінші бөлімінде мен ағылшын фабриканттарының өмірге қауіпті машиналардан жұмысшының аяқ-қолдарын аман сақтау мақсатын көздейтін фабрикалық актінің статьяларына қарсы соғыс кезде жасаған жорығын баяндап беремін. Бұл арада фабрика инспекторы Леонард Хорнердің ресми есебінен бір цигата келтірсек те жетіп жатыр: «Мен кейбір бақытсыздық жайларды фабриканттардың соншама кеңіргісіз жеңілтегіпкен сөз қылатындарын естідім; мәселен, бір саусағынан айырылып қалу олардың ойына, түк емес. Шынына келгенде жұмысшының өмірі және болашақтан күтетін барлық үміті оның саусақтарына байланыста екені соншалық, мұндай саусағынан айрылу жұмысшы үшін барышына елеулі оқиға болып табылады. Осындай мағнасыз бұлшықты естігенде, мен былай деп сұрадым: «Айталық, сізге қосымша жұмысшы керек екен, сізге екі жұмысшы келіпті, басқа жақтарының бәріннен де бұлардың екеуі де бірдей жақсы екен дейік, бірақ біреуінің бас бармағы немесе сұққолы жоқ болсын; сонда сіз қайсысын қалар едіңіз?» Олар ешбір іркілместен барлық саусағы бүтін жұмысшыны қалайтындықтарын айтты... Бұл фабрикант мырзаларда өздерінің жалған-филантропиялық заң деп атайтын нәрселері жөнінде алдамшы қате түсінік бар» («Reports of Insp. of Fact. for 31st October 1855»). Бұл мырзалар — «есті адамдар», сондықтан олардың құл иеленушілердің бүлігіне шартқандығы тегін емес.

¹⁹²⁾ Жұмыс уақытын күшпен шектеуі және басқа да қауыптары бәр фабрикалық актінің қамтуына басқа фабрикарлардан ерте түскен фабрикарларда бұрынғы қырсық жайлардың кейбіреулері жойылды. Машиналарды жетілдірудің өзі, белгілібір сатыда «фабрика үйлерінің жетілдіріліп салынуын» талап етеді, мұның өзі жұмысшыларға пайдалы болады (салыстырыңыз: «Reports etc. for 31st October 1863», p. 109).

¹⁹³⁾ Басқасын былай қойғанда мынаны қараңыз: *John Houghton*. «Husbandry and Trade improved» London, 1727. «The Advantages of the Fact-India Trade», 1720 *John Bellers*. «Proposals for Raising a College of Industry». London, 1696. «Амал не, қожайындар мен жұмысшылар үнемі өзара бір-бірімен айқасуда. Алғашқылардың үнемі көздейтін мақсаты — өзіне еңбекті мүмкіндігінше арзанға түсіріп алу; сондықтан олар осы мақсатпен айла-шарғының қандайына барудан да тайынбайды, ал енді жұмысшылар қожайындарына көтеріңкі талаптар қою үшін дағды сондай табап тіресін барлық реті келген жайды пайдаланып барады». «An Inquiry into the Causes of the Present High Price of Provisions», 1767, p. 61, 62. (Мұның авторы — Натаниел Форстер деген святичник — бүтіндей жұмысшылар жағында).

лардың ашынуы бастан кешірді ¹⁹⁴⁾. XVII ғасырдың алғашқы отыз жылының аяғында, Лондон маңынан бір голланд салған жел күшімен жүретін тақтай тілгіш машина қара тобыр халықтың бүлігінен қирап қалған-ды. XVIII ғасырдың бас кезінде-ақ судың күшімен жүргізілетін тақтай тілгіш машиналар Англияда парламент қолдаған халық қарсылығынан әреп ғана аман қалған-ды. 1758 жылы, Эверет су күшімен жүргізілетін, тұңғыш қырыққыш машинаны жасап шығарған кезде, оны жұмыссыз қалған 100 000 адам өртеп жіберген болатын. Бұған дейін жүн түтумен күн көріп келген 50 000 жұмысшы scribbling mills [жүн түтетін машиналар] мен Аркрайттың жүн түтетін машиналарына қарсы парламентке петиция берді. XIX ғасырдың алғашқы 15 жылының ішінде ағылшынның мануфактуралық округтарында әсіресе бу күшімен жүретін тоқыма станоктарына қарсы бағытталған және луддиттер қозғалысы деген атпен белгілі болған машиналардың жаппай қиратылуы Сидмуттың, Каслридің және басқалардың анти-якобиндік үкіметінің нағыз реакциялық зорлық шараларын жүргізуіне сылтау болды. Жұмысшының машинаны оның капиталистік жолмен қолданылуынан айыра білуі үшін және сонымен бірге өзінің шабуылдарын материалдық өндіріс құрал-жабдықтарынан оларды пайдаланудың қоғамдық формасына көшіре білуі үшін белгілі уақыт пен тәжірибе керек болды ¹⁹⁵⁾.

¹⁹⁴⁾ Vandmühle Германияда ойлап шығарылған. Италия аббаты Ланчеллотти 1636 жылы Венецияда шыққан еңбегінде мынаны айтады: «Данцигтің адамы Антон Моллер бұдан 50 жыл дерлік бұрын» (Ланчеллотти мұны 1629 жылы жазған-ды) «Данцигтен өте бір тамаша машинаны көріпті, ол машина 4 топтан 6 топқа дейін матаны бірденінен жасап шығарып-ты; бірақ қалалық совет бұл өнертабыс жұмысшылар бұқарасын қайыршыларға айналдыруы мүмкін деп қауіптенген, сондықтан ол машинаның қолданылуына тиым салып, ал оны ойлап шығарушыны жасырын түрде тұнықтырып өлтіруге немесе суға батырып жіберуге бұйрық еткен» ¹⁹⁶⁾. Лейденде дәл осындай машина тұңғыш рет 1629 жылы қолданылған. Зергерлердің шығарған бұліктері магистратқа әуелі ол машинаға тиым салыған. Бас штаттар 1623, 1639 жылдардағы және басқалай қаулылар бойынша оның қолданылуына шек қойып отыруға тиім болды; ақырында, 1661 жылы 15 августтағы қаулы бойынша оған белгілі шарттармен рұқсат етілді. «Бұл қалада»,— дейді Воксхорн («Institutiones Politicæ», 1663) Лейденде Vandmühle-дің енгізілуі жөнінде,— «бұдан 20 жыл шамасы бұрын тоқыма станогы ойлап шығарылған болатын, бұл станокта бір қызметші матаны бірнеше адамның бірдей уақыттың ішінде станоксыз өндіре алғанынан көп және оңай өндіре алды. Бірақ мұның өзі тоқымашылардың шағым жасап, наразы болуын туғызды, сондықтан магистрат, ақыр аяғында, станоктың қолданылуын тиім тастады». Дәл сондай машинаға 1676 жылы Кельнде тиым салынды, ал осымен қатар оның Англияда өндіріске енгізілуі жұмысшылардың толқуын туғызды. Императордың 1685 жылғы 19 февральдағы указы бойынша оның қолданылуына бүкіл Германияда тиым салынды. Гамбургте бұл машина магистраттың бұйрығы бойынша жұртшылық алдында өртеп жіберілген болатын. 1719 жылы 9 февральда Карл VI 1685 жылғы указын қайта қайталады, ал Саксония курфюрлігінде оған жалпы жұрттың қолдануы үшін 1765 жылы ғана рұқсат стілген болатын. Соншалық көп шу көтерткен бұл машина шындығында тіру, тоқу машиналарының алдындағы, слай болса, XVII ғасырдағы өнеркәсіп революциясының алдындағы машина болатын. Тоқымашылық жұмысында мүлде тәжірибесіз жасөспірім балалар да оны қолданғанда, матаның ілгері-кейінді жылжытып, өзінің барлық аспаптарымен қоса бүкіл станокты жүргізе алды; өзінің жетілдірілген формасында бұл машина бір мезгілдің ішінде 40—50 дана зат өндіре алды.

¹⁹⁵⁾ Ескілікті мануфактураларда кейде дәлі осы күнге дейін жұмысшылардың машинаға деген ашынуының деректі формалары қайталаным жүр. Мәселен, 1865 жылы Шеффилдтің темір тегістеушілерінің арасында осындай ашу-ыза болған.

Мануфактурада жалақы мөлшері үшін жүргізіліп келген күрес мануфактураны факт деп қарады, бірақ қалай болғанда да бұл күрес оның өмір сүруіне қарсы бағытталған жоқ. Ал күрес мануфактуралардың құрылуына қарсы бағытталғанда, оны жалдама жұмысшылар емес, цех мастерлері мен артықша дәрежедегі қалалар жүргізді. Сондықтан мануфактуралық дәуірдегі авторлардың арасында еңбек бөлінісін шын бар жұмысшыларды ығыстырып шығару құралы деп емес, потенциялы жұмысшылардың қызметін атқару құралы деп қарайтын көзқарас үстем болды. Айырмашылық бар екені анық. Егер, мәселен, кәзір машинаның көмегімен 500 000 жұмысшы өңдеп шығаратын мақтаны ескі ұршықтың көмегімен өңдеп шығару үшін Англияда 100 миллион адам керек болған болар еді деушілер болса, онда мұның мәнісі әсте де машина іс жүзінде болып та көрмеген осы миллиондаған адамдардың орнын басады деген сөз емес екені өзінен өзі түсінікті. Мұның мәнісі иіру машиналарының қызметін атқару үшін көптеген миллион жұмысшы керек болған болар еді деген сөз ғана. Мұның керісінше, егер бу күшімен жүретін тоқыма станогы Англияда 800 000 тоқымашыны көшеге лақтырып тастады деушілер болатын болса, онда әңгіме кәзіргі бар машиналардың қызметін белгілібір мөлшердегі жұмысшылардың атқаратыны туралы болып отырған жоқ, қайта іс жүзінде машиналар орнын басқан немесе ығыстырып шығарған белгілібір мөлшердегі жұмысшылар бар екені туралы болып отыр. Мануфактуралық дәуірде жеке операцияларға бөлшектелген күйде болса да қолөнерлік өндіріс әдісі өндірістің негізі болып қала берді. Орта ғасырлардан мұра болып қалған қала жұмысшылары біршама аз болып отырғанда отарлық жаңа ренюктардың керектері өтеле алмады, міне сонда шын мәнісіндегі мануфактуралар феодализм ыдыраған сайын жерден қуылған село халқына өндірістің жаңа салаларын ашты. Сондықтан ол кезде мастерскойдағы еңбек бөлінісі мен кооперация өзінің жақсы жақтарын — жұмыстағы жұмысшылардың өнімділігінің артуын көп байқатты ¹⁹⁶⁾. Рас, еңбек құрал-жаб-

¹⁹⁶⁾ Джемс Стюарт сэр тіпті машиналардың қимылын да әлі де болса мүлде осы рухта бағалайды. «Мен машиналарды — асырауға тура келмейтін жұмысшылардың санын (потенциялы түрде) көбейтудің құралы деп білемін... Машина қимылының жаңа тұрғындардың пайда болуынан туатын қимылдан өзгешелік жері неде? («Recherche des principes de l'économie politique», t. I, l. I, ch. XIX.) Машина «полигамияның» орнына жүреді дейтін Петти әлгіден де тым аңқаулау. Бұл көзқарас ең мықтағанда Құрама Штаттардың кейбір бөліктері жөнінде қолданылатын көзқарас. Мұның керісінше: «Жеке жұмысшының еңбегін азайту үшін машиналарды анда-санда ғана табысты етіп пайдаланып қалуға болады; машинаны жасау оны қолданғанда үнемдәлетін уақыттан көп уақытты керек етер еді. Машина ірі көлемде жұмыс істеген ретте ғана, бір машина мыңдаған адамның жұмысына көмектесе алатын болған ретте ғана оны шын мәнісінде пайдалы етіп қолдануға болады. Осыған сәйкес халқы неғұрлым тығыз, жұмыссыз адамдары бөрінен көп елдерде машиналар анағұрлым көп қолданылады. Машиналардың қолданылуы адамдардың жетіспегендігінен туып отырған жоқ, қайта көптеген адамды жұмысқа тарту қалай оңай болатын болса, дәл сондай оңай бола-

дықтарының егіншілікте қолданылған кооперациялануы мен азғана адамдардың қолына жиіалуы, — көптеген елдерде ірі өнеркәсіп дәуірінен көп бұрын, — өндіріс әдісінде күтпеген жерден болған, үлкен-үлкен зорлықты революциялар туғызды, ал олай болған соң село халқының тұрмыс жағдайлары мен жұмыс істеу құралдарында да революциялар туғызды. Бірақ бұл күрес алғашында капитал мен жалдама еңбектің арасында болған күрестен гөрі ірі жер меншікшілері мен ұсақ жер меншікшілерінің арасында көбірек жүреді; екінші жағынан, жұмысшыларды еңбек құрал-жабдықтары — қой, жылқы, тағы басқалары, — ығыстырып шығарып отырғандықтан, тікелей зорлық жасау актілері мұнда өнеркәсіп революциясының алғашқы алғышартын туғызады. Алдымен жұмысшылар жерден қуылады, ал сонан кейін ол жерлерге қой келеді. Жердің, мәселен, Англиядағы сияқты, ірі көлемде талан-таражға салынуы ғана ірі ауыл шаруашылығына өріс жасайды ^{196а)}. Сондықтан егіншіліктегі бұл төңкеріс өзінің басталған кезінде көбінесе саяси сипаттағы революция сияктанып көрінді.

Машина ретінде шыққан еңбек құрал-жабдығы салған жерден жұмысшының өзінің бәсекелесі болып шыға келеді ¹⁹⁷⁾. Машиналардың көмегімен капиталдың өздігінен өсуі өмір сүру жағдайларын машиналар талқандап отырған жұмысшылардың санына тіке пропорцияда болады. Капиталистік өндірістің бүкіл системасы жұмысшының өз жұмыс күшін товар ретінде сатуына негізделеді. Еңбек бөлінісі бұл жұмыс күшін біржақты етіп, оны бөлшек жеке құралды басқарудың мүлде бөлшек өнеріне айналдырады. Құралды басқару ісі де машинаға көшкен кезде жұмыс күшінің тұтыну құнымен бірге оның айырбас құны да жойылады. Айналыстан шығып қалған қағаз ақшаны ешкім алмайтыны сияқты, жұмысшы өзіне сатып алушы таба алмай қалады. Машина осылай етіп басы артық халыққа, яғни капиталдың өздігінен өсуіне енді тікелей керек болмайтын басы артық халыққа айналдырып отырған жұмысшы табының бір бөлегі, бір жағынан, бұрынғы қолөнерлік және мануфактуралық өндірістің машиналы өндіріске қарсы күші тең емес күресінде күйрейді, ал екінші жағынан — өнеркәсіптің неғұрлым жеңіл-желпі тарауларына қаптай түседі, еңбек рыногын лық толтырады, сөйтіп жұмыс күшінің бағасын оның құнынан төмендетеді. Қайыршыланған жұмысшыларға

тындықтан туып отыр» (*Piercy Ravenstone. «Thoughts on the Funding System and its Effects»*. London, 1824, p. 45).

^{196а)} (4-ші басылуына. Мұның Германияға да қатысы бар. Бізде ірі егіншілік бар жерде, яғни әсіресе шығыста, оның өзі XVI ғасырдан бастап, әсіресе 1648 жылдан кейін жүргізілген «Вauernpflegen»-нің [шаруаларды жерінен қуудың] салдарынан ғана мүмкін болған еді. Ф. Э.

¹⁹⁷⁾ «Машина мен еңбек үнемі бәсекелесуде болады» (*Ricardo. «Principles of Political Economy»*, 3rd ed. London, 1821, p. 479).

мына жағдай зор жұбаныш болуға тиіс деушілер бар, бір жағынан, олардың көретін азаптары «уақытша» ғана азап («a temporary inconvenience»), ал екінші жағынан — машина өндірістің бүкіл өрісін бірте-бірте ғана меңгереді ғой, осының арқасында оның талқандаушы қимылының өресі мен қарқыны кемиді ғой деушілер бар. Бір жұбанышты екінші жұбаныш басып кетіп отырады. Машина өндірістің белгілі бір саласын бірте-бірте меңгерген кезде ол машина жұмысшылардың өзімен бәсекелесуші топтарында арылмайтын қайыршылық туғызады. Бұл өту тез болған кезде, машинаның әрекеті жаппай күшті сипат алады. Бүкіл дүниежүзілік тарих ағылшынның қолмен тоқитын мақта-мата тоқымашыларының ондаған жылдарға созылған, ақырында келіп, 1838 жылы аяқталған баяу қырғынынан асқан сұмдық көріністі білген емес. Бұлардың көбі аштан өлді, бірсыпырасы өздерінің семьяларымен күніне 2½ пенниге ұзақ уақыт өлмешінің күнін көрді¹⁹⁸). Мұның керісінше, ағылшынның мақта-мата машиналары Ост-Индияға қатты әсерін тигізді, оның генерал-губернаторы 1834—1835 жылдары мынаны атап көрсетті: «Сауда тарихында бұл апаттың теңдесі бола қояр ма екен. Индияның кең жазығы мата тоқушылардың сүйегінен ағарып жатыр» деді. Әрине, бұл тоқымашылар осы уақытша өмірмен қоштасқандықтан, машина оларға тек «уақытша азаптар» әзірлеген. Алайда, машиналардың «уақытша» жасаған әсері түпкілікті әсер екен, өйткені машиналар өндірістің барған сайын жаңа салаларын қамти беріп отыр. Сонымен, капиталистік өндіріс әдісі тегінде жұмысшы жөнінде еңбек жағдайлары мен еңбек өніміне беретін дербестік және оқшаулық сипат машиналардың пайда болуымен, бір жағынан, жұмысшылардың, екінші жағынан, еңбек жағдайлары мен еңбек өнімдерінің арасындағы барып тұрған қарама-қарсылыққа айналады¹⁹⁹). Сондықтан машиналармен

¹⁹⁸) Кедейлер туралы 1833 жылғы заң алынғанға дейін қол тоқымашылығы мен машина тоқымашылығының арасындағы бәсеке Англияда минимуммен әлдеқайда төмендеп кеткен жалақыны табыстан бөлінген жәрдем ақшамен толықтырып отырудың салдарынан көпке созылып кетті. «1827 жылы мәртебелі Тёрнер фабрикалық округ Чеширдегі Уилмслоуда ректор болды. Эмиграция істері жөніндегі комитеттің сұрақтары мен Тёрнердің жауаптары қол еңбегінің машинаға қарсы бәсекесінің қалай сүйемелденгендігін көрсетеді. Сұрақ: «Механикалық станоктардың қолданылуы қол станоктарының қолданылуын ығыстырып шығарған жоқ па?» Жауап: «Күмән жоқ; егер қол тоқымашыларының жалақының төмендеуіне көңіліне мүмкіндігі болмаған болса, оның ығыстырылуы шындығында байқалып отырғанынан анағұрлым зорырақ болар еді». Сұрақ: «Бірақ, бұған көнгенде олар өздерінің күн көрулеріне жетпейтін ақыға жалдау отырған жоқ па және күн көру қаражаттарының жетіспеген жерін жабу үшін табыстың сүйемелдейтінне есеп қылып отырған жоқ?» Жауап: «Я солай, қол станогы мен механикалық станоктың арасындағы бәсеке іс жүзінде кедейлер үшін жиналатын салықпен сүйемелденіп отырады». Сөйтіп, қорлықты қайыршылық немесе эмиграцияға кету — машинаның енгізілуінің еңбекшілердің көрген игіліктері міне осындай. Бұл игіліктері сол — қадірлі және белгілі бір дәрежеде тәуелсіз мастерлерден оларды қайырымдылықтың қорлап берген нанымен күнелтетін құлақ кесті жақымбайлардың дәрежесіне түсіреді. Міне олардың «уақытша азап» деп атайтыны осы» («A Price Essay on the Comparative Merits of Competition and Co-operation». London, 1834, p. 29).

¹⁹⁹) «Елдің таза табысын» (яғни дәл осы арада Рикардоның түсіндіріп отырған-

Бірге тұңғыш рет жұмысшының еңбек жабдығына деген стихиялық наразылығы пайда болады.

Еңбек құрал-жабдығы жұмысшының түбіне жетеді. Әрине, бұл тіке карама-қарсылық жаңадан енгізілетін машинаның ежелгі қолөнерлік немесе мануфактуралық өндіріспен бәсекеге түсуі жағдайларында бәрінен күштірек біліне түседі. Бірақ ірі өнркәсіптің өзінің шеңберінде де машиналардың үнемі жетілдірілуі мен автоматтық системаның дамуы да осылай әсер етеді.

«Машиналарды жетілдірудің түпкілікті көздейтін мақсаты — қол еңбегін азайту немесе өндірістік тізбектің белгілі бір буынында адам аппаратын темір аппаратпен ауыстырып, фабрикадағы өндірістік процесті жетілдіріп отыру»²⁰⁰. «Оған дейін адамның қолы жүргізіп келген машиналарға будың немесе судың күшін қолдану күн сайын орын алуда... Машиналарға үнемі үсті-үстіне жана біршама ұсақ жетілдірулер жасалуда, бұл жетілдірулердің көздейтін мақсаты — қозғаушы күшті үнсмдеу, өнімді жақсарту, уақыт өзгергілмей өнімнің көп өндірілуі немесе балаларды, әйелдерді не болмаса еркектерді ығыстырып шығару, жәнеде тосыннан қарағанда бұл жетілдірулердің зор маңызы болмағанымен де, дсгенмен бұлар зор нәтижелер беріп отыр»²⁰¹. «Белгілі бір операция үлкен өнерді және батыл қолды керек қылатын реттердің бәрінде де ол операцияны тым шебер және екінші бірінде неше түрлі былыққа бейім жұмысшының қолынан мүмкіндігінше тезірек алып, өзін бала да бақылай алатын дәлдікпен істейтін ерекше механизмге беруге тырысады»²⁰². «Автоматты системаның тұсында жұмысшының талапты бірден-бірге ығыстырылып шығарылады»²⁰³. «Машиналардың жетілдірілуі белгілі бір нәтижеге жету үшін қажетті жұмыстағы ересек жұмысшылардың санын азайтуға ғана мүмкіндік беріп қоймай, сонымен қатар адам еңбегінің бір категориясын екінші бір категориясымен ауыстырады: неғұрлым шебер адамдарды шеберлігі кемдеу адамдармен, ересектерді балалармен, еркектерді әйелдермен ауыстырады. Осы өзгерістердің

ныпдай, экономикалық тұрғыдан алғанда байлығы ұлт байлығына тең лендлордтар мен капиталистердің табысын) «арттыратын себептің дәл өзі сонымен бірге халықты артылттып, жұмысшының күйін нашарлатуы мүмкін» (*Ricardo*, «Principles of Political Economy», 3rd ed. London, 1821, p. 469). «Механизмді жетілдірудің қандайының да болсын түпкілікті мақсаты мен тенденциясы іс жүзінде — адам еңбегінен мүлде құтылу немесе ересек еркек жұмысшылардың еңбегін әйелдердің, балалардың еңбегімен ауыстыру арқылы не болмаса машықтанған жұмысшылардың еңбегін қара жұмысшылардың еңбегімен ауыстыру арқылы адам еңбегінің бағасын азайту болады» (*Ure*, «Philosophy of Manufactures», p. 23).

²⁰⁰) «Reports of Insp. of Fact. 31 st October 1858», p. 43.

²⁰¹) «Reports etc. for 31 st October 1856», p. 15.

²⁰²) *Ure*, «Philosophy of Manufactures», p. 19. «Кіріпін заводтарында қолданылатын машиналардың орасан тиімділігі сол — бұл машиналар қожабайды шебер жұмысшылардан мүлде тәуелсіз етеді» («Children's Employment Commission. 5 th Report». London, 1866, p. 130, № 46).

2-ші басылуына қосымша. Үлкен Солтүстік темір жолының машина бөлімінің суперинтенданты А. Старрок мырза машиналар (локомотивтер, т. т.) жасау жөнінде былай дейді: «Қымбатқа түсетін (expensive) ағылшын жұмысшылары күннен күнге барған сайын аз керек болуда. Жетілдірілген аспаптарды қолданудың арқасында өндіріс күшейіп келеді, ал бұл аспаптарды, өз ретінде, неғұрлым төмен категориядағы жұмысшылар (a low class of labour) меңгереді... Бұрын бу машинасының барлық бөлшектерін қажеттілігінен өнерлі еңбек өндіретін еді. Дәл осы бөлшектер кәзіргі кезде өнерлілігі шамалы еңбекпен, бірақ жақсы аспаптардың көмегімен өндіріледі... Аспаптар деп мен машина жасау кезінде қолданылатын машиналарды айтып отырмын» («Royal Commission on Railways. Minutes of Evidence», № 17 862 және 17 863. London, 1867).

²⁰³) *Ure*, «Philosophy of Manufactures», p. 20.

бәрі жалақы дәрежесін үнемі ауытқытып отырады»²⁰⁴). «Машина ересек жұмысшыларды фабрикадан үздіксіз лактырын тастап жатады»²⁰⁵).

Машиналық системаның жұмыс күнінің қысқаруынан туған жеңісті салтанаты бізге оның практикалық тәжірибе жиналуының нәтижесінде, көзір қолда бар механикалық құралдар мөлшерінің нәтижесінде және техниканың үздіксіз прогресс жасауының нәтижесінде қол жеткен ерекше икемділігін көрсетті. Бірақ ағылшын мақта-мата өнеркәсібі кемеліне келген 1860 жылы, кейінгі үш жылда, Америкадағы Азамат соғысы сияқты түрткіден туған, машиналардың жедел жетілдірілулерін және осыған сәйкес қол еңбегінің ығыстырылуын кім болжап білетін еді? Бұл арада ағылшын фабрика инспекторларының ресми мәліметтерінен осы мәселе жөнінде бір-екі мысал келтірсек жетіп жатыр. Манчестердің бір фабриканты былай дейді:

«75 кардалы машинаның орнына бізге көзір тек қана 12 машина керек, осы 12 машинамен біз жақсы сапалы домесек те, сапасы сондай бұрынғы мөлшерде өнім аламыз... Жалақыдан аптасына 10 фунт стерлинг үнемделеді, мақта қалдығынан 10% үнемделеді». Манчестердің жиңішке жіп иретін бір фабрикасында «машинаның жүрісі жылдамдатылып, түрліше автоматты процестердің енгізілуімен фабриканның бір бөлімінде жұмысшылардың төрттен бірі, екінші бөлімінде жартысынан астамы жұмыстан шеттетілген, ал енді екінші кардалы машинаның орнына қойылған тарауыш машина бұрын жүн түтетін бөлімде істеген жұмысшылардың санын әбден азайтқан».

Жіп иретін екінші бір фабрика «білек күшінен» үнемдеген жалпы үнемін 10% деп көрсетеді. Манчестердегі иіру фабрикаларының иелері Гилмор мырзалар былай дейді:

«Жаңа машиналардың арқасында біздің «білек күші» мен түту бөлімінде жалақыдан үнемдегеніміз табандатқан үштің бірі деп... банка-броштар бөлімі мен ленталық машина бөлімінде шығындар мен жұмысшылардан үнемдегеніміз үштің бірі шамасында деп білеміз; иіру бөлімінде шығыннан үнемделгені үштің бірі шамасында. Бірақ әңгіме мұнымен де бітпейді: жаңа машиналарды қолданудың арқасында тоқымашыға жіберетін жібіміздің жақсарғандығы сонша, тоқымашы бұрынғы машинамен иірілген жіптің кезіндегі өндірілгенінен көп және сапасы жақсы мата шығарады»²⁰⁶).

Фабрика инспекторы А. Редгрейв бұл жөнінде былай дейді:

«Өнім көп өндірілгенде жұмысшылар санының азаюы тез арта береді; жүн мата фабрикаларында осы жуырда жұмысшылар саны қайтадан азайтыла бастады, және ол әлі де азайтылуда; Родейлдің маңында тұратын бір мектеп мұғалімі осыдан бірнеше күн бұрын маған: мектептердегі оқушы қыздар санының орасан азайып кетуі дағдарыстың қысымынан ғана

²⁰⁴) Бұл да сонда, 321-бет.

²⁰⁵) Бұл да сонда, 23-бет.

²⁰⁶) «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1863», p. 108 sqq.

емес, сонымен қатар жүн мата фабрикаларындағы машиналардың өзгерістерінен де болып отыр, осының салдарынан жалпы алғанда жарты күн жұмыс істейтін 70 жұмысшы жұмыстан шығарылып жіберді дегенді айтты»²⁰⁷⁾.

Мына төмендегі кесте¹⁴¹ ағылшын мақта-мата өнеркәсібіндегі механикалық жетілдірулердің жалпы нәтижесін көрсетеді, бұл жетілдірулер Америкадағы Азамат соғысының арқасында пайда болды.

	<i>Фабрикалар саны</i>		
	1857 ж.	1861 ж.	1868 ж.
Англия мен Уэльс	2 046	2 715	2 405
Шотландия.....	152	163	131
Ирландия.....	12	9	13
Біріккен корольдік	2 210	2 887	2 549

	<i>Бумен жүретін тоқыма станоктарының саны</i>		
	1857 ж.	1861 ж.	1868 ж.
Англия мен Уэльс.....	275 590	368 125	344 719
Шотландия	21 624	30 110	31 864
Ирландия.....	1 633	1 757	2 746
Біріккен корольдік	298 847	399 992	379 329

	<i>Ұршықтар саны.</i>		
	1857 ж.	1861 ж.	1868 ж.
Англия мен Уэльс	25 818 576	28 352 125	30 478 228
Шотландия	2 041 129	1 915 398	1 397 546
Ирландия	150 512	119 944	124 240
Біріккен корольдік	28 010 217	30 387 467	32 000 014

	<i>Жұмыстағы жұмысшылар саны</i>		
	1857 ж.	1861 ж.	1868 ж.
Англия мен Уэльс	341 170	407 598	357 052
Шотландия	34 698	41 237	39 809
Ирландия	3 345	2 734	4 203
Біріккен корольдік	379 213	451 569	401 064

²⁰⁷⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1863», p. 109. Мақта даярдауының кезінде машиналардың тез жетілдірілуі Америкадағы Азамат соғысы бітісімен ілешала ағылшын фабриканттарының дүниежүзілік рынокты қайтадан тез лық толтырып жіберуіне мүмкіндік берді. 1866 жылдың соңғы 6 айының өзінде-ақ мата сағу мүмкін болмай қалды десе болғандай. Міне сонда Қытай мен Индияға консигнацияға товар жөнелтіле бастайды, әлбетте, мұның өзі рынокқа товардың лық толуын бұрынғыдан да күшейте түседі. 1867 жылдың басында фабриканттар өздерінің дағдылы амалына басты — жалақыны 5% кемітті. Жұмысшылар бұған қарсылық көрсетіп, бұл жағдайдан құтылудың бірден-бір жолы — қысқартылған уақыт, аптасына 4 күн жұмыс істеу деп мәлімдеді, — теориялық жағынан алғанда бұл мүлде дұрыс мәлімдеме еді. Ұзақ уақыт қарсылық көрсетілгеннен кейін, өздерің өздері өнеркәсіптің капитандары деп атайтын мырзалар бұған көңуге тиіс болды, оның бержағында кейбір жерлерде жалақы 5% төмендетілді, ал басқа жерлерде өзгеріссіз қалды.

Сонымен, 1861 жылдан 1868 жылға дейін 338 мақта-мата фабрикасы жоқ болып кеткен, яғни неғұрлым өнімдірек, ірірек болып жасалған машиналар азғана капиталистердің қолына жинақталған. Бу тоқыма станоктарының саны 20 663 станок азайған; бірақ сонымен қатар олардың өнімі көбейді, олай болса жетілген тоқыма станогы енді ескі станоктан көп өнім беріп отыр. Ақырында, ұршықтардың саны 1 612 547 болып көбейді, ал енді жұмыстағы жұмысшылардың саны 50 505 адам азайды. Демек, мақта дағдарысы жұмысшыларды жаншыған «уақытша» кайыршылық машиналардың тез, тоқтаусыз жетілдірілуі арқылы күшейтіліп, баянды етілген еді.

Алайда машина жалдама жұмысшыны «басы артық» етуге ығыда дайын тұратын күдіретті бәсекеші ретінде ғана әрекет етіп қоймайды. Капитал ашықтан-ашық және қасақана машинаны жұмысшыға қас күш деп жариялап, оны сондай күш ретінде пайдаланады. Машина капиталдың жеке өктемдігіне қарсы бағытталған жұмысшылардың оқтын-оқтын болып тұратын ашынуларын, стачкаларын, т. с. жаныштаудың ең күшті айбынды құралына айналады²⁰⁸). Гаскеллдің айтуынша, бу машинасы әуел бастан-ақ «адам күшінің» антагонисі болып алды да, туып келе жатқан фабрикалық системаға дағдарыс қаупін төндірген жұмысшылардың өскелең дәме-талаптарын капиталистердің тойтаруына мүмкіндік берді²⁰⁹). Жұмысшылардың ашынуларына қарсы капиталдың қолданатын айбынды құралдары ретінде ғана дүниеге келтірілген өнертабыстардың 1830 жылдан бері тұтас бір тарихын жазып шығуға болар еді. Ең алдымен біз автоматты мюль-машина туралы еске түсіріп өтеміз, өйткені ол автоматтық системаның жаңа заманын ашады²¹⁰).

Тред-юниондар жөніндегі Комиссияның алдында берген жауаптарында бу балғасын ойлап шығарушы Несмит машина жасаушы жұмысшылардың 1851 жылғы ұзаққа созылған зор стачкасының салдарынан өзінің машиналарға енгізген жетілдірулері жөнінде мына жайды айтқан:

«Біздің көзіргі замандағы механикалық жетілдірулеріміздің сипатты белгісі — автоматты жұмыс машиналарының енгізілуі. Енді машинада істейтін жұмысшының өзі жұмыс істемей, машинаның тамаша жұмысын бақылап тұруына ғана тура келеді, бұл жасөспірім баланың қайсысының болса да қолынан келеді. Көзіргі кезде тек қана өз өлеріне сенген бүкіл

²⁰⁸) «Шыны және бөтелке заводтарындағы қожайындар мен жұмысшылардың қарым-қатынастары дегеніміз — арылмайтын стачка». Престелген шыны өндірісінің тез дамуы осыдан, мұнда негізгі операцияларды машина орындайды. Ньюкаслдегі бұрын жылына 350 000 фут қуыс шыны өндірген бір фирма көзір оның орнына 3 000 500 фут престелген шыны өндіреді («Children's Employment Commission 4th Report», 1865, p. 262—263).

²⁰⁹) Gaskell. «The Manufacturing Population of England». London, 1833, p. 3—4.

²¹⁰) Ферберн мырза өзінің машина жасау фабрикасындағы стачкалардың әсерінен машина жасау ісіне машиналарды қолдануда біраз өте елеулі жаңалықтар сінгізді.

жұмысшылар табы шеттетілді. Бұрын менде бір механикке төрт жасөспірімнен келуші еді. Осы механикалық жаңа жетілдірулердің арқасында мен ересек еркектердің санын қысқартып, 1 500 адамнан 750 адамға түсірдім. Мұның нәтижесінде менің лайдам едәуір көбейді»¹⁴².

Сиса өрнектеу кәсіпорындарында бояумен өрнек қондыратын бір машина жөнінде Юр былай дейді:

«Ақырында келіп, капиталистер, ғылым ресурстарының көмегін алып, осы адам төзгісіз құлдықтан» (яғни оларға ауыр тиетін жұмысшылармен жасалатын договор шарттарынан) «құтылуға тырысып бақты, сөйтіп олар көп ұзамай өздерінің заңды праволарын — дененің былайғы мүшелеріне бас болу праволарын қайта алды».

Матаның арқауын шлихталайтын, тікелей стачкадан туған бір өнертабыс жөнінде ол былай дейді:

«Еңбек бөлінісінің ескі бекіністерін тасалап, өздерін жеңімпаз деп есептейтін наразылар тобы бүйірден жасалған шабуылға кезіккенін жәпс кәзіргі заманғы механикалық тактика кезінде өзінің қорғаныс құралдары тұқ пайдасыз болып қалғанын бір-ақ білді. Олар жеңген жақтың рахымы мен қаһарына берілуге тиіс болды».

Автомат мюль-машинаның ойлап шығарылуы жөнінде ол былай дейді:

«Ол өнеркәсіпші таптардың арасындағы тәртіпті қайта қалпына келтіруге тиіс болды... Бұл өнертабыс: капитал ғылымды өзіне қызмет еткізіп бүлікшіл еңбек адамдарын мойынсұнуға үнемі зорлап көндіріп отырады деп, өзіміз көптен дамытқан доктринаны растап отыр»²¹¹).

Юрдың еңбегі 1835 жылы, демек, фабрикалық системаның әлі біршама лашар дамыған заманында жарыққа шықса да, ол еңбек өзінің ашықтан-ашық арсыздығы жағынан ғана емес, сонымен қатар капиталистік мидың сорақы қайшылықтарын өзінің айтып салып отырған аңқаулығы жағынан да күні бүгінге дейін фабрика рухының тамаша көрінісі болып келеді. Мәселен, капитал өзі қамқорлыққа алған ғылымның көмегімен «бүлікшіл еңбек адамдарын мойынсұнуға үнемі зорлап көндіріп отырады» деген «доктринаны» дамытып, Юр бұдан соң:

«механика-физика ғылымы бай капиталистердің деспотизміне қызмет етіп, кедей таптарды қанаудың құралы болып отыр деп оны белгілібір жақтан айыптаушылар бар» екені жөнінде күйініш білдіреді.

Машиналардың тез дамытылуы жұмысшыларға қандай тиімді деген тақырыпқа айтылған көпірмелі уағыздан кейін Юр жұмысшыларды өздерінің қайсарлықтарымен, стачкаларымен, тағы сондайларымен машиналардың дамуын өздері тездестеді деп сақтандырады.

²¹¹) *Ure*. «Philosophy of Manufactures», p. 367—370.

«Мұндай зорлықты бүліктер»,— дейді ол,— «адамның көреген еместігінің ең оңбаған түрін. адамды нақ өзінің жендеті ететін көреген еместікті байкатады».

Мұның керісінше, бұдан бірнеше бет бұрын былай делінген:

«Жұмысшылардың алдамшы көзқарастарынан туатын осындай күшті қақтығыстар мен үзілістер болмаса, фабрикалық система әлдеқайда тезірек және барлық мүдделес жақтар үшін бұрынғыдан әрі пайдалы болып дамыған болар еді». Мұнан соң ол тағы да: «Великобританияның фабрикалық округтары халқының бақытына қарай механикадағы жетілдірулер бірте-бірте ғана жасалуда» деп лепіреді. «Машиналар»,— дейді ол,— «ересек адамдардың жалақысын кеміткізеді, олар сол ересек адамдардың белгілі бір бөлегін ығыстырып шығарады, осының арқасында олардың саны еңбекті қажетсінуден асып түседі деп машинаны кінәлау әділеттілік емес. Бірақ машиналар балалардың еңбегін керексінуді арттырады да, осылай етіп олардың табысын өсіреді ғой».

Бірақ, екінші жағынан, нақ осы жұбатушы адам балалардың аз жалақы алатындығын мына жаймен қорғайды: «мұның өзі ата-аналарға өз балаларын фабрикаға тым ерте жасынан жібермейтің еткізеді». Оның кітабы түгелімен шексіз жұмыс күнін мадақтағандық болып табылады, ал егер заң 13 жастағы балаларды тәулігіне 12 сағаттан артық азаптауға тиым салып отырса, онда мұның өзі оның либералдық жан жүйесіне орта ғасыр замандарының ең қара түнек кездері сияқты көрінеді. Мұның өзі оған машиналар арқылы «өздерінің өшпес мүдделеріңді ойластыруға бос уақыт бергені»²¹²⁾ үшін құдіретке алғыспен құлшылық етіндер деп фабрика жұмысшыларын шақыруына бөгет болып отырған жоқ.

6. МАШИНАЛАР ЫҒЫСТЫРЫП ШЫҒАРАТЫН ЖҰМЫСШЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМПЕНСАЦИЯ ТЕОРИЯСЫ

Джемс Милль, Мак-Куллох, Торренс, Сениор, Джон Стюарт Милль сияқты бірқатар буржуазиялық экономистер жұмысшыларды ығыстырып шығаратын машиналардың бәрі сонымен қатар осы ығыстырылып шығарылатын жұмысшылардың өздеріне жұмыс беретін тиісті капиталды да үнемі және қажетті түрде босатып отырады дейді²¹³⁾.

Капиталист, мәселен, обой мануфактурасында 100 жұмысшы пайдаланады, оның бержағында бұлардың әрқайсысы жылына 30 фунт стерлингтен алады делік. Олай болса, капиталистің жылма-жыл айналымға салатын өзгермелі капиталы 3 000 фунт стерлинг болады екен. Капиталист 50 жұмысшы-

²¹²⁾ *Ure. «Philosophy of Manufactures», p. 368, 7, 370, 280, 322, 321, 475.*

²¹³⁾ Рикардо алғашында осы көзқарасты ұстаған еді, бірақ кейінде өзінің бір қасиеті болып табылатын ғылыми әділдігі мен ақиқатты сүйегіндігінен бұл көзқарастан бастартты. Қараңыз: *David Ricardo. «Principles of Political Economy», XXXI тарау «Машиналар туралы».*

ны жұмыстан шығарады, ал қалған 50 жұмысшыны өзіне 1 500 фунт стерлингке түсетін машиналармен жұмыс істеткізеді делік. Мәселені жеңілдету үшін біз үйді, көмірді, т. б. былай қоя тұрамыз. Мұнан соң, жылма-жыл тұтынылатын шикі материал бұрынғыша 3 000 фунт стерлинг тұрады екен делік ²¹⁴⁾. Осындай өзгерістің арқасында пәлендей бір капитал «босады» ма? Істі жүргізудің ескі әдісінің кезінде бүкіл айналымға жұмсалған 6 000 фунт стерлинг соманың жартысы тұрақты капитал, жартысы өзгермелі капитал еді. Енді ол сома 4 500 фунт стерлинг (шикі материалда 3 000 фунт стерлинг және машиналарда 1 500 фунт стерлинг) тұрақты капиталдан және 1 500 фунт стерлинг өзгермелі капиталдан құралады. Капиталдың өзгермелі, яки тірі жұмыс күшіне, айналған бөлегі енді бүкіл капиталдың жартысы емес, $\frac{1}{4}$ ғана болып отыр. Мұнда капитал босаудың орнына өзі жұмыс күшіне алмастырылудан қалатын формада маталады, яғни өзгермелі капитал тұрақты капиталға айналады. Енді 6 000 фунт стерлинг капитал басқа барабар жағдайларда 50 жұмысшыдан артық пайдалана алмайды. Машинаны әрбір жетілдірген сайын капитал бірден-бірге аз жұмысшы пайдаланады. Егерде жаңадан енгізілетін машиналар өздері ығыстырып шығарған жұмыс күші мен еңбек құралдарынан арзан тұратын болса, мәселен, 1.500-дің орнына тек қана 1 000 фунт стерлинг тұратын болса, онда 1 000 фунт стерлинг өзгермелі капитал тұрақты капиталға айналар еді, яғни матаулы қалар еді, ал 500 фунт стерлинг капитал босар еді. Жылдық жалақы бұрынғы күйінде қалады деп ұйғарсақ, бұл капитал шамамен 16 жұмысшы ұстайтын,— ал шығарылғаны 50 жұмысшы еді ғой,— және тіпті 16-дан да едәуір аз жұмысшы ұстайтын фонды құраған болар еді, өйткені бұл 500 фунт стерлингті капиталға айналдыру үшін олардың бір бөлегін тұрақты капиталға айналдыруға тура келеді, олай болса, тек бұдан қалған бөлегін ғана жұмыс күшіне айналдыруға болады.

Ал тіпті жаңа машиналар шығару көп механикке жұмыс береді делік; сонда мұның өзі көшеге шығарылып тасталған обойшылар үшін компенсация бола ала ма? Ең мықтағанда машиналарды жасау ісі машиналарды қолдану арқылы ығыстырылып шығарылатын жұмысшылардан гөрі аз жұмысшы керек етеді. Жұмыстан шығарылған обойшылардың ғана жалақысы болған 1 500 фунт стерлинг сома енді машина формасында: 1) машиналарды жасауға қажетті өндіріс құрал-жабдықтарының құны; 2) машиналарды жасайтын механиктердің жалақысы; 3) сол механиктердің «қожайындарының» қолына

²¹⁴⁾ NB. Мен жоғарыда аталған экономистерге әбден ұнайтын мысал келтіріп отырмын.

тиетін қосымша құн болып табылады. Мұнан соң: машина дайын екен, енді оны әбден тозып біткенше қайта жаңғыртуға тура келмейді. Олай болса, қосымша механиктер тұрақты кәсіп алатын болуы үшін обой фабриканттары бірінен соң бірі жұмысшыларды машинамен ауыстыруы қажет.

Алайда, жоғарыда аталған апологеттер капиталдың осы тәрізді босауын айтып отырған жоқ. Олардың айтып отырғаны жұмыстан босап қалған жұмысшылардың тіршілік заттары. Мәселен, жоғарыда айтылған жағдайда машиналар 50 жұмысшыны жұмыстан босатып, сөйтіп оларды «ерікті» адамдар етіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың құны 1 500 фунт стерлинг тіршілік заттарымен де байланысын үзеді, сөйтіп осылайша әлгі тіршілік заттарын да «босатады». Сонымен машиналар жұмысшыны тіршілік заттарынан арылтады деген әсте де жаңа емес, жәй факты, экономистердің тілінде, машиналар жұмысшы үшін тіршілік заттарын босатады, яки оларды жұмысшыны қолданатын капиталға айналдырады деген сөз болып шығады. Көріп отырмыз, істің бәрі сөйлеу әдісіне байланысты екен. *Nominibus mollire licet mala* ¹⁴³.

Бұл теория бойынша, құны 1 500 фунт стерлинг тіршілік заттары өзінің құнын жұмыстан шығарылған елу обойшының еңбегі арқылы көбейтіп отырған капитал еді. Олай болса, елу адам жұмыстан шығарылып отырғандықтан, бұл капитал өзінің кәсібінен айрылады да, жаңадан «жұмсалатын» жер таппайынша, жаны жәй таппайды, мұндай жұмсалатын жер табылғанда әлгі елу жұмысшы бұл капиталды өнімді түрде тұтынуға қайтадан мүмкіндік алады. Сонымен, ерте ме, кеш пе капитал мен жұмысшы қайтадан қосылуға тиіс, міне сонда компенсация шыға келеді. Демек машиналар ығыстырып шығарып отырған жұмысшылардың тартатын азаптары бұл дүниенің байлығының өткінші екені сияқты, өткінші азап.

Сомасы 1 500 фунт стерлинг тіршілік заттары жұмыстан шығарылған жұмысшыларға ешқашан да капитал ретінде қарама-қарсы тұрған емес. Кәзір машинаға айналып отырған 1 500 фунт стерлинг оларға капитал ретінде қарама-қарсы тұр. Неғұрлым байыптап қарағанда былай екен: бұл 1 500 фунт стерлинг жұмыстан шығарылған 50 жұмысшының жылма-жыл өндіріп отырған обойларының осы жұмысшылар өз кәсіп иесінен жалақы ретінде алып келген, заттай емес, ақшалай формада алып келген бөлсгі ғана екен. 1 500 фунт стерлингке айналдырылған осы обойларға әлгі жұмысшылар дәл сондай сомадағы тіршілік заттарын сатып алып отырған. Сондықтан бұл тіршілік заттары әлгі жұмысшылар үшін капитал ретінде емес, товар ретінде болған, ал олардың өзі бұл товарлар жөнінде жалдама жұмысшылар болмай, сатып алушылар бол-

ған. Машинаның жұмысшыларды сатып алу қаржыларынан «босатуы» оларды сатып алушылардан сатып алушы еместерге айналдырады. Тиісті товарларға деген сұраныстың азаюы осыдан. *Voila tout* (бар болғаны міне осы). Егер сұраныстың осы азаюы оның әйтеуір бір жақтан көбеюі арқылы өтелмейтін болса, онда товарлардың рыноктық бағасы төмендейді. Егер бұл жағдай біршама ұзақ уақыт және едәуір көлемде орын алатын болса, онда әлгі товарларды өндірумен шұғылданушы жұмысшылар жұмыстан шығарылады. Бұрын қажетті тіршілік заттарын өндірген капиталдың бір бөлегі енді басқа формада қайта өндірілетін болады. Рынок бағалары төмендеп, капитал басқа салаға ауыстырылған кезде қажетті тіршілік заттарын өндірумен шұғылданушы жұмысшылар да өздерінің жалақысының біраз бөлегінен «босайды». Сонымен машина жұмысшыларды тіршілік заттарынан арылта отырып, мұнымен бірге бұл тіршілік заттарын әлгі жұмысшыларды пайдаланатын капиталға айналдыратынын дәлелдеудің орнына, апологет мырза өзінің сұраныс пен ұсыныс жөніндегі үйреншікті заңы арқылы, мұның керісінше, машина өзі енгізілген өндіріс тарауында ғана емес, сонымен қатар өзі енгізілмеген өндіріс тарауларында да жұмысшыларды көшеге лақтырып тастайды деп дәлелдеуге тырысады.

Экономикалық оптимизм өңін айналдырған шын фактылар мынадай: машина ығыстырып шығаратын жұмысшылар мастерскойдан еңбек рыногына шығарылады, сөйтіп онда капиталистік жолмен қанауға жарамды жұмыс күштерінің санын көбейтеді. Машиналардың бұл арада бізге жұмысшы табы үшін компенсация болады деп көрсетіліп отырған бұл әрекеті шындығына келгенде жұмысшы табы үшін нағыз барып тұрған қалың сор болып табылатындығын жетінші бөлімде көреміз. Бұл арада тек мынаны ғана айта кетелік: әрине, өнеркәсіптің бір тарауынан лақтырып тасталған жұмысшылар өнеркәсіптің әйтеуір бір басқа тарауынан кәсіп іздей алады. Егер олар мұндай кәсіпті табатын болса, егер осылайша жұмысшылардың және осылармен бірге босап қалған тіршілік заттарының арасында байланыс қайта орнайтын болса, онда мұның өзі жұмсалынатын жер іздеуші қосымша, жаңа капитал арқылы жасалды, бірақ әсте де бұрыннан пайдалануда болған, ал кәзір машинаға айналдырылған капитал арқылы жасалмайды. Бірақ тіпті осылай болғанның өзінде де, олардың болашағы соншалық мардымсыз! Еңбек бөлінісі жарымжан еткен бұл сорлылардың өздері бұрын қызмет еткен салалардан тысқары жерлерде құнсыз болатындығы соншалық, бұлар төмен сатыдағы, үнемі жұртлық толған және ақы нашар төленетін аздаған ға-

на еңбек тарауларына кіре алуы мүмкін ²¹⁵⁾. Мұнан соң, өнеркәсіптің әрбір тарауы жылма-жыл жаңадан ағылып келуші адамдарды өзіне тартып отырады, бұлар өнеркәсіптің сол саласында үнемі басқалардың орнын басу үшін және өздерінің өсуі үшін қажетті контингент жетістіріп беріп отырады. Ал енді машиналар бұған дейін өнеркәсіптің белгілі бір тарауында жұмыс істеп келген жұмысшылардың бір бөлегін босатқан кезде бұлардың орының басатын адамдар контингенті де қайтадан өзара қайта бөлініп, еңбектің басқа тарауларына сіңіседі, ал енді алғашқы құрбандықтар көбінше азып-тозып, өтпелі дәуірде құрып бітеді.

Машиналардың жұмысшыны тіршілік заттарынан «босатқанына» машиналардың өздері жауапты емес екендігінде ешқандай күмән жоқ. Машиналар өздері игеріп алған тарауда өнімді арзандатып, оны көбейтеді, және де алғашында өнеркәсіптің өзге тарауларында өндірілетін тіршілік заттарының аумағын өзгеріссіз қалдырады. Олай болса, машиналар енгізілгеннен кейін, бұдан бұрынғысындағы сияқты, егер жылдық өнімнің жұмыс істемейтіндер ысырап етіп бітіретін орасан зор бөлегін былай қоятын болсақ, қоғамның қарауында жұмыстан босаған жұмысшылар үшін сол бұрынғыдай мөлшерде немесе одан да көп тіршілік заттары болды. Экономикалық апологетиканың *pointe* [ілгішері] міне дәл осында! Машиналарды капиталистік жолмен қолданудан бөліп алуға болмайтын қайшылықтар мен антагонизмдер болмайды, өйткені бұлар машиналардың өзінен тумайды, қайта оларды капиталистік жолмен қолданудан туады! Ал машинаның өзін алатын болсақ, ол жұмыс уақытын қысқартады, ал оны капиталистік жолмен қолдану жұмыс күнін ұзартады; машинаның өзін алатын болсақ, ол еңбекті жеңілдетеді, ал оны капиталистік жолмен қолдану еңбектің интенсивтілігін арттырады; машинаның өзін алатын болсақ, ол адамның табиғат күштерін жеңгендігінің белгісі, ал оны капиталистік жолмен қолдану адамды табиғат күштеріне құл етеді; машинаның өзін алатын болсақ, ол өндірушінің байлығын арттырады, ал оны капиталистік жолмен қолдану өндірушіні қайыршыға айналдырады, т. т. міне сондықтан, буржуазиялық экономист әншейін ғана былай дейді: машинаның өзін ғана алып қарау осы айдан айқын қайшылықтар өздігінен алғанда нағыз оңбаған өмір шыңдығының жәй әнше-

²¹⁵⁾ Бір рикардошыл Ж. Б. Сэйдің оңбарадық пікірлеріне қарсы айтысып, бұл жөнінде былай дейді: «Дамыны еңбек бөлінісінің түсында жұмысшының өнері өзі үйреніп шыққан ерекше салада ғана қолданыла алады; жұмысшының өзі өзінше бір машина болып табылады. Сондықтан барлық нәрселерге өзінің дәрежесін іздеп табуға ұмтылушылық тән деп бұлбұлша сайраудың ешнәрсеге септігі болмайды. Айналамызға көз жіберсек болғаны, сонда біз олардың ұзақ уақыт бойына өз дәрежесін таба алмайтынын, егер таба қалса, онда ол дәреже процестің бастапқы кезіндегіден төмен болып шығатындығын көреміз» («An Inquiry into those Principles respecting the Nature of Demand etc.». London, 1821, p. 72).

йін сыртқы көрінісі ғана болып табылатындығын, сондықтан да бұл қайшылықтардың теорияда әсте болмайтындығын мейлінше көз жеткізе дәлелдейді, дейді. Осылайша әлгі буржуазиялық экономист өзін онан әрі бас қатырып ойлаудан құтқарып, мұның үстіне өзінің қарсыласына бұл адам машинаны капиталистік жолмен қолдануға қарсы емес, машинаның өзіне қарсы күресіп отыр-мыс деген сорақылықты апарып таңады.

Әрине, бұлай болғанда уақытша қолайсыз жайлар да болатынын буржуазиялық экономист әсте теріске шығармайды; бірақ қандай медальдың болса да екінші жағы болады ғой! Буржуазиялық экономист үшін машинаны капиталистік жолмен пайдаланудан басқаша пайдалану мүмкін емес нәрсе. Олай болса, машина арқылы жұмысшыны қанау ол үшін жұмысшының машинаны қанауымен бірдей нәрсе. Сондықтан кімде-кім машиналарды капиталистік жолмен қолданудың іс жүзіндегі жайы қалай болып отырғанын әйгілеп ашатын болса, ондай адам машинаның қолданылуын әсте тілемейді, ондай адам әлеуметтік прогрестің жауы дейді!²¹⁶⁾ Тура әйгілі баскерер сойқан Билл Сайкстің айтқанындай: «Присяжный мырзалар, әрине, бұл бақалшылардың тамағы бауыздалды. Бірақ бұл менің кінәм емес, пышақтың кінәсы. Осындай уақытша болған қолайсыз жайларға бола қалайша ғана пышақты қолдануға тиым салмақпыз? Жақсылап ойлап көрсеңіздерші! Пышақсыз егіншілік пен қолөнерінің жайы не болмақ? Бұл пышақ хирургияда адамды аман алып қалмай ма, анатомның қолында ғылымның құралы бола алмай ма? Ал онан соң — мұның өзі той-думандарда ең керекті көмекші емес пе? Пышақты құртып көріңіз — сонда сіздер бізді ең барып тұрған варварлыққа қарай кейін итеріп тастайсыздар»^{216а)}.

Машиналар өздері енгізілген еңбек тарауларынан жұмысшыларды сөзсіз ығыстырып шығарып отырғанымен де алайда олар еңбектің басқа салаларында кәсіпті көбейтуі мүмкін. Бірақ бұл әрекеттің компенсация теориясы дейтінге ешбір қатысы жоқ. Қандай да болсын машина өнімі, мәселен машинамен тоқылған бір кез мата, машина ығыстырып шығарған қол еңбегінің осы тектес өнімінен арзан болатындықтан, бұдан мы-

²¹⁶⁾ Осы даңдайсыған кретинизмнің асқан шеберлерінің бірі; басқасын былай қойғанда. Мак-Куллох. «Егерде». — дейді ол 8 жасар баланың долы аңқаулығымен, — «жұмысшы еңбектің бұрынғы мөлшерінде немесе одан да аз мөлшерінде товарды үсті-үстіне көп өндірілік қабілетке не болатындай етіп, жұмысшының өнерін барған сайын өрште түсу тиімді болатын болса, онда оның осы нәтижеге жетуінде оған неғұрлым тиімді түрде жәрдем ететін машиналардың көмегімен жұмысшының пайдалануының тиімділігі одан кем болмауға тиіс» (*MacCulloch*. «Principles of Political Economy». Edinburgh, 1830, p. 166).

^{216а)} «Иру машинасын ойлап шығарған адам Индияны күйзелтті, алайда, мұның өзі бізді онша қынжылтпайды» (*A. Thiers*. «De la Propriété». [Paris, 1848, p. 275]). Тьер мырза бұл жерде иру машинасын механикалық тоқыма станогымен шатастырып отыр, «алайда, мұның өзі бізді онша қынжылтпайды».

надай абсолютті заң туады: егер машиналық әдіспен өндірілген товарлардың жалпы мөлшері қолөнерлік немесе мануфактуралық әдіспен өндірілген, өздері орнын басқан товарлардың жалпы мөлшеріне тең болып қалатын болса, онда жұмсалатын еңбектің жалпы аумағы кемиді. Еңбек құрал-жабдықтарының өзін,— машиналарды, көмірді, тағы басқаларын,— өндіруге байланысты көбейетін еңбек машиналарды қолдану арқылы үнемделетін еңбектен аз болуға тиісті. Олай болмаған күнде машинаның өнімі қол өнімінен арзан болмас еді немесе тіпті онан қымбат та болар еді. Алайда азайған жұмысшылардың машина арқылы өндіретін товарларының жалпы аумағы өзгеріссіз қалатыны былай тұрсын. қайта, оның керісінше, ығыстырылып шығарылған қолөнер товарларының жалпы аумағынан әлдеқайда асып түсетін мөлшерде өседі. Айталық, машинамен тоқылған 400 000 кез матаны қолмен тоқылған 100 000 кез матаны өндіргендегіден аз жұмысшы өндіреді делік. Төрт есе көп өнімде төрт есе көп шикі материал да бар. Олай болса, шикі материалды өндіру төрт есе артуы керек. Жұмсалған еңбек құрал-жабдықтарына, мәселен, үйге, көмірге, машиналарға, тағы басқаларына келетін болсақ, онда оларды өндіруге қажетті қосымша еңбектің өсуі мүмкін мөлшері жұмысшыларының саны бірдей болғанда, бір жағынан, машиналық әдіспен, екінші жағынан, қол әдісімен өндірілетін өнім аумағының арасындағы айырмаға қарай өзгеріп отырады.

Сондықтан өнеркәсіптің бір тарауында машиналы өндірістің ұлғаюымен бірге ең алдымен сол тарауға оның өндіріс құрал-жабдықтарын жетістіріп беретін басқа тарауларда да өнім өндіру артады. Осының арқасында жұмыстағы жұмысшылар санының қаншалық өсетіні жұмыс күнінің кәзіргі ұзақтығы мен еңбектің кәзіргі интенсивтілігі тұсында жұмсалынатын капиталдардың құрылымына, яғни сол капиталдардың тұрақты және өзгермелі құрамды бөлімдерінің арасындағы қатынасқа байланысты. Бұл қатынас, өз ретінде, өнеркәсіптің белгілі бір тарауын машиналардың кәзірдің өзінде қаншалық дәрежеде игеріп алғандығына немесе игеріп келе жатқандығына қарай едәуір өзгеріп отырады. Көмір кендері мен рудниктерде жұмыс істеуге тиісті болған жұмысшылардың саны Англияда машиналарды қолданудың өрістеуімен бірге орасан зор өсті, бұл өсу соңғы ондаған жылдардың ішінде кен қазу ісіне жаңа машиналардың қолданылуымен баяулап отырса да солай болды²¹⁷⁾. Машинамен бірге жұмысшылардың жаңа тұ-

²¹⁷⁾ Англия мен Уэльстің көмір кендерінде жұмыс істеген жұмысшылардың саны 1861 жылғы санақ бойынша (Лондон, 1863, II том) 246 613 адам болған, оның ішінде 20 жасқа дейінгісі 73 546 адам, 20 жастан аскандары 173 067 адам болған. Бірінші тарауға 5—10 жастардағы 835 адам, 10 жастан 15 жасқа дейін 30 701, 15 жастан 19 жасқа

рі — машина жасаушылар пайда болады. Өндірістің осы тарауын да машиналық өндірістің барған сайын игере түсіп отыратынын біз көптеп білеміз²¹⁸⁾. Мұнан соң, шикі материалға келетін болсақ²¹⁹⁾, онда, мәселен, мақта жіп иірудің қауырт өркендеуі Құрама Штаттарда мақта өсіруді, сонымен бірге Африкадағы құл саудасын да тездете түсіп қана қойған жоқ, сонымен қатар негрлерді көптеп өсіруді де құл иеленуші шекаралық штаттар деп аталатын штаттардың басты кәсібі етті. 1790 жылы, Құрама Штаттарда құлдардың бірінші санағы жүргізілген кезде, олардың саны 697 000 болғанды, ал енді 1861 жылы төрт миллион шамасында болды. Екінші жағынан, механикалық жүн мата фабрикаларының гүлденіп өркендеуі егіндік жерді үдемелі түрде қой жайылымдарына айналдырумен бірге ауылшаруашылық жұмысшыларын жерден жаппай қуғызып, оларды «басы артық» халыққа айналдырғызды, мұның растығы әлгіден кем емес. Ирландияда бұл процесс кәзіргі кезде де әлі жүріп жатыр, — Ирландияның 1845 жылдан кейін тең жарымына жуықтай азайып кеткен халқы Ирландия лендлордтары мен ағылшынның жүн мата фабриканттары мырзаларының қажеттеріне әбден сай келетін мөлшерге түсіріліп отыр.

Еңбек заты өзінің ақтық формасын алғанға дейін сол еңбек заты өтуге тиіс болатын алдынала немесе аралық сатыларды машина игеріп отырса, онда еңбек материалының артуымен бірге әлі қолөнерлік немесе мануфактуралық әдіспен жүргізілетін және машина фабrikаты келіп түсіп жататын өндіріс тарауларында еңбекке деген сұраныс та артады. Мәселен, машинамен иірудің жіпті сондайлық арзанға түсіріп, сондайлық мол етіп бергендігі сонша, қол тоқымашылары, шығынды ешбір көбейтпей-ақ, алғаш кезде толық уақыт бойы жұмыс істей алды. Сөйтіп олардың табысы арты²²⁰⁾. Дженни, ватер-машина және мюль-машина сияқты машиналар Англияда жұмысқа тартқан 800 000 тоқымашыны, ақырында, бумен жүре-

дейін 42 010 адам жатады. Темір, мыс, қорғасын, қалайы рудниктерінде және басқа рудниктерде істейтіндердің саны — 319 222.

²¹⁸⁾ Англия мен Уэльсте 1861 жылы машина жасаумен 60 807 адам айналысқан болатын, бұған өздерінің приказниктерімен т. т. қоса фабриканттар да ditto (сонымен қатар) осы саладағы барлық агенттер мен саудагерлер де кіреді. Мұның керісінше, неғұрлым ұсақ машиналар, мәселен, тігін машиналарын, т. с. өндірушілер шығарылып тасталған, сонымен қатар жұмыс машиналары үшін аспаптар, мәселен, ұршық, т. с. өндірушілер де шығарылып тасталған. Барлық жай инженерлердің саны 3 329 болған.

²¹⁹⁾ Темірдің өзі — ең маңызды шикі материалдардың бірі болғандықтан, мұнда мына жағдайды айта кеткен жөн, 1861 жылы Англия мен Уэльсте 125 771 адам темір құюшы болған, оның ішінде 123 430 еркек, 2 341 әйел. Еркектердің ішінде 20 жасқа дейінгілер 30 810 және 20 жастан жоғарғылары 92 620.

²²⁰⁾ «Шпилькашылар есебінде істейтін екі баласы бар 4 ересек адамнан (мақта-мата тоқымашыларынан) тұратын семья өткен ғасырдың аяғы мен үстіміздегі ғасырдың басында 10 сағаттық жұмыс күні тұсында аптасына 4 фунт стерлинг табыс тапқанды; егер жұмыс өте асығыс болатын болса, олар одан да көп табыс таба алды... Бұрын олар жіптің жеткіліксіз ұсынылуынан үнемі азап көріп келген еді» (Gaskell, цитат алынған шығарманың 25—27-беттері).

тін тоқыма станогы құртып жібергенше, мақта мата токитын тоқыма өнеркәсібіне жұмысшылардың қаптап ағылып келуі осыдан болды. Машинамен өндірілетін киім-кешек маталарының молаюымен бірге, тігін машинасы шыққанға дейін, дәл осындай жолмен портнойлар, тігіншілер саны да көбейеді.

Машиналы өндіріс біршама аз жұмысшыларды пайдалану арқылы беретін шикі материалдар, шала фабрикаттар, жұмыс аспаптары, т. с. аумағының көбеюіне сәйкес осы шикі материалдар мен шала фабрикаттарды өңдеу толып жатқан түр-түрге бөлінеді, сондықтан да қоғамдық өндіріс тарауларының түр-түрі көбейеді. Машиналы өндіріс қоғамдық еңбек бөлінісін мануфактурадан гөрі анағұрлым тереңдетеді, өйткені ол өзі қамтыған өнеркәсіп тарауларының өндіргіш күшін анағұрлым зор дәрежеде арттырады.

Машиналарды енгізудің ең жақын нәтижесі мынадай: машиналар қосымша құнды көбейтеді және мұнымен бірге құнның өзі сіңірілген өнімдер аумағын көбейтеді; олай болса, оның нәтижесі сол — машиналар капиталистер табы мен оның нөкерлері тұтынатын субстанциямен бірге осы қоғамдық топтардың өзін де көбейтеді. Осы топтардың байлығының өсуі және қажетті тіршілік заттарын өндіруге керекті жұмысшылар санының үнемі относительді түрде кеміп отыруы сән-салтанат бұйымдары жөніндегі жаңа керексінулермен бірге оларды қанағаттандырудың жаңа құралдарын да туғызады. Қоғамдық өнімнің барған сайын көп бөлегі қосымша өнімге айналады және қосымша өнімнің барған сайын көп бөлегі ұдайы өндіріліп, бірден бірге неғұрлым талғампаз және әралуан формаларда тұтынылады. Басқа сөзбен айтқанда: сән-салтанат заттарын өндіру өседі²²¹⁾. Өнімдердің өсе түсіп отырған талғамы мен нешеқилы түр-түрі де дүниежүзілік рыноктың ірі өнеркәсіп жасаған жаңа жағдайларынан туады. Әңгіме шетелдің көптеген тұтыну заттарының отандық өнімге айырбасталатынында ғана емес, сонымен қатар әңгіме мынада: отандық өнеркәсіпке өндіріс құрал-жабдықтары болып қызмет ететін шетелдік шикі материалдардың, құрамды заттардың, шала фабрикаттардың, т. б. барған сайын көп массасы келіп түседі. Дүниежүзілік рыноктың осы қарым-қатынастарының дамуымен бірге транспорт өнеркәсібінде еңбекке деген сұраныс арта түседі, сөйтіп бұл өнеркәсіп толып жатқан жаңа тармақтарға бөлінеді²²²⁾.

²²¹⁾ Ф. Энгельс «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген кітабында атап айтқанда осы сән-салтанат заттарын өндірушілердің көпшілік бөлегінің бишаралық күйін атап көрсетеді. Мұның толып жатқан жаңа дәлелдерін балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі Комиссияның есептерінсіз табамыз.

²²²⁾ 1861 жылы Англия мен Уэльсте сауда флотында 94 665 моряк қызмет еткен-ді.

Жұмысшылар саны относительді түрде кеміп отырғанда өндіріс жабдықтары мен тіршілік заттарының артуы өнімдері, мысалы, каналдар, доктар, туннельдер, көпірлер, т. т., бірқыдыру ұзақ мерзімнен кейін ғана жеміс беретін өндіріс салаларында еңбектің ұлғаюына себеп болады. Тікелей машиналы өндіріс негізінде не болмаса соған сәйкес келетін жалпы өнеркәсіп төңкерісі негізінде өндірістің мүлде жаңа салалары, олай болса еңбектің жаңа сфералары пайда болады. Алайда олардың жалпы өндірістегі үлес салмағын тіпті неғұрлым өркендеген елдердің өзінде де онша елеулі деп тануға болмайды. Оларда істейтін жұмысшылар саны нағыз дәрекі қол еңбегіне деген сұрапыстың қалпына келтірілуі қаншалықты екеніне қарай артып отырады. Кәзіргі кезде өнеркәсіптің бұл тектес басты салалары деп газ заводтарын, телеграфияны, фотографияны, пароход және теміржол ісін айтуға болады. 1861 жылғы санақ (Англия мен Уэльсте) газ өнеркәсібінде (газ заводтары, механикалық аппараттар өндірісі, газ компанияларының агенттері, т. с.) 15 211 адам, телеграфияда — 2 399, фотографияда — 2 366, пароход кәсібінде — 3 570 және темір жолдарда — 70 599 адам, оның ішінде 28 000 шамасы азды-көпті тұрақты қызметтегі «машықтанбаған» жер қазушылар, әкімшілік және сауда қызметкерлері бар деп көрсетеді. Демек, өнеркәсіптің осы бес жаңа саласында істеушілердің жалпы саны 94 145 адам болып отыр.

Ақырында, өндірістің басқа салаларының бәрінде жұмыс күшін қанаудың интенсивті және экстенсивті түрде арта түсуімен қабат ірі өнеркәсіп салаларында өндіргіш күштің өте мөте ұлғаюы жұмысшы табының барған сайын көп бөлегін өнімсіз пайдалануға, сөйтіп, мысалы, қызметші, күтуші, малай т. т. сияқты «қызметші тап» деп аталатын баяғы үй құлдарын барған сайын мол көлемде қалпына келтіруге мүмкіндік береді. 1861 жылғы санақ бойынша Англия мен Уэльстің барлық халқы 20 066 224 адам болды, оның ішінде еркегі — 9 776 259, әйелі — 10 289 965. Егер бұдан кәрілігі немесе жастығы себепті еңбек етуге жарамайтындардың бәрін, «өнімсіз» әйелдердің, жасөспірімдер мен балалардың бәрін, онан соң үкімет, поптар, юристер, әскер, т. с. сияқты «идеологиялық» сословиелерді, онан кейін жер рентасы, процент, т. т. түрінде бөтеннің еңбегін пайдалануды бірден-бір кәсіп етіп отырғандардың бәрін, ақырында, қайыршыларды, қаңғымаларды, қылмыстыларды, т. с. шығарып тастасақ, сонда әртүрлі жаста тура 8 миллион еркек, әйел қалады, әртүрлі ретпен өндірісте, саудада, финанста, т. с. істейтін капиталистердің бәрі де осыған қосылды. Бұл 8 миллионның ішінде:

Ауылшаруашылық жұмысшылары (малшыларды және фермерлерде тұратын батрақтар мен батрақ әйелдерді қосқанда)	1 098 261 адам	
Мақта-мата, жүн, камвол, зығыр, кендір, жібек, джут фабрикаларында, сол сияқты тоқыма, шілтер өндірісінде істейтіндердің бәрі	642 607 ²²³⁾	»
Көмір кендері мен рудниктерде істейтіндердің бәрі	565 835	»
Барлық металлургия заводтарында (домна пештерінде, прокат кәсіпорындарында, т. с.) және әртүрлі металл мануфактураларында істейтіндер	396 998 ²²⁴⁾	»
Малайлық қызметіндегілер	1 208 648 ²²⁵⁾	»

Егер біз тоқыма фабрикаларында істейтіндердің бәрін көмір кендері мен металл рудниктерінің қызметкерлеріне қоссақ, онымыз 1 208 442 болып шығады; ал егер алғашқылардың санын барлық металлургия заводтары мен мануфактураларында істейтіндерге қоссақ, жиыны 1 039 605 болып шығады — мұның екеуінде де көзіргі заманғы үй құлдарының санынан кем болып шығады. Мұның өзі машинаны капиталистік жолмен пайдаланудың қандай тамаша нәтижесі десеңізші!

7. МАШИНАЛЫ ӨНДІРІСТІҢ ДАМУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ӨНДІРІСТЕН АЛЫСТАТЫЛУЫ ЖӘНЕ ОҒАН ТАРТЫЛУЫ. МАҚТА-МАТА ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ДАҒДАРЫСТАР

Жаңадан машина қолданылғанда мұның өзі машина ең алдымен бәсекеге түсетін байырғы қолөнерлер мен мануфактуралардың жұмысшыларына обадай тиетінін саяси экономияның есі дұрыс өкілдері түгел мойындайды. Олардың бәрі дерлік фабрикалық жұмысшының құлдыққа түсуіне қайғырады. Ал сондағы олардың бәрінің бетке ұстар басты көзірі қандай? Ол мынау: машиналардың енгізілуі мен өркендеуі дәуірінде болатын барлық сұмдықтардан кейін машиналар, сайып келгенде, еңбек құлдарының санын кемітпейді, қайта көбейте түсе-

²²³⁾ Оның ішінде 13 жастан жоғарғы еркектер не бәрі 177 596.

²²⁴⁾ Оның ішінде әйелдер 30 501.

²²⁵⁾ Оның ішінде еркектері 137 447. Жеке меншікті адамдарда қызмет істемейтіндердің бәрі 1 208 648-ден шығарылып тасталды.

2-ші басылуына қосымша. 1861 жылдан 1870 жылға дейін еркек қызметшілердің саны екі есе дерлік көбейді. Ол 267 671-ге дейін жетті. 1847 ж. аң қараушылар (ақсүйектердің аң аулайтын парктерінде) 2 694, ал 1869 ж.—4 921 болды.— Лондонда ұсақ буржуялардың үйінде қызмет ететін жас қыздарды халық тілінде «little slaveys», кішкентай күндер, деп атайды.

ді! — дейді. Солай, саяси экономия жексұрын теоремаға елтуде, — капиталистік өндіріс тәсілінің мәңгілігі мен табиғи қажеттігіне сенетін «филантроп» атаулыға жексұрын көрінетін теоремаға, — тіпті машиналы өндіріске негізделген фабриканың өзі де белгілібір өсу дәуірінен кейін, азды-көпті ұзаққа созылған «өтпелі кезең» бітісімен, өзі алғашқыда көшеге шығарып тастаған жұмысшылардан анағұрлым көп жұмысшыны азаптай бастайды, дейтін теоремаға елтуде!²²⁶⁾

Рас, кейбір мысалдар — мәселен ағылшынның камвол және жібек мата фабрикаларының мысалдары болса да — дамудың белгілібір сатысында фабрика тарауларын өте-мөте ұлғайтудың өзі онда істейтін жұмысшылар санын относительді түрде ғана емес, абсолютті түрде де кемітуі мүмкін екенін көрсетеді. 1860 жылы, парламенттің жарлығы бойынша Біріккен корольдіктің барлық фабрикаларына арнаулы сапақ жүргізілгенде. Ланкашир, Чешир және Йоркшир фабрика округтерінің фабрика инспекторы Р. Бейкерге тапсырылған бөлегінде 652 фабрика болды; олардың 570-інде: бу тоқыма станогы 85 622, ұршық (жіп есу ұршықтарын қоспағанда) 6 819 146, ат күші бу машиналарында 27 439, сумен айналатын тегершіктерде 1 390, бұл фабрикаларда істейтін адамдар 94 119 болды. Мұның керісінше, осы фабрикаларда 1865 жылы: тоқыма станоктары 95 163, ұршық 7 025 031, ат күші бу машиналарында 28 925, сумен айналатын тегершіктерде 1 445, істейтін адамдар 88 913 болды. Демек, бұл фабрикаларда 1860 жылдан 1865 жылға дейін: бу тоқыма станоктары 11%, ұршық 3%, бу ат күші 5% өскен, оның есесіне осы мерзім ішінде оларда істейтін адамдар саны 5,5%²²⁷⁾ кеміген. 1852 жыл мен 1862 жылдар арасында Англияда жүн өндірісі едәуір ұлғайды, ал оның бержағында онда істейтін жұмыс-

²²⁶⁾ Керісінше, Ганиль машиналы өндірістің түпкі нәтижесінде еңбек құлдарының саны абсолют түрде азаяды, сонан соң осылардың есебінен «gens honnells» [«инабатты адамдар»] күн көріп, өздерінің «perfectibilité perfectible»; [«жеріде беруге қабілеттілігін жетілдіре беру қабілетін»] өркендетеді деп біледі. Ганиль өндіріс қоғалысын қаншама нашар түсінгенмен, ол, қалай дегенде де, машинаның өте-мөте қатерлі нәрсе екенін сезеді, өйткені оны енгізу жұмыстағы жұмысшыларды пауперге айналдырады, ал оның дамуы өні құртқан еңбек құлдарынан көп құлдарды дүниеге келтіреді. Оның өз көз қарасындағы кешелікті оның өз сөзімен сипаттауға болады: «Өндіру мен тұтынуға жазған таптар өзінкі саны жағынан азая береді де, еңбекті басқартатын, күллі жұртқа жеңілдік, жұбайыш беріп, көзін ашып ағартатын таптар көбей береді... сөйтіп еңбек шығандары азақының, өнім молшылығы мен тұтыну заттары арзандауының жемісі болып табылатын игіліктің бәрін өздері иемденеді. Осы бағытта адам баласы жасағаннан ең жоғары жаратқандарына дейін көтеріледі, діниң сыры терең тұңғығына жетеді, моральдың асыл принциптерін жасайды» (онысы «барлық игілікті иемдену», т. т.) «бостандықты қорғау заңдарын шығарады» («өндіруге жазған таптарға» бостандық па?) «және өкімет, мойынсұну мен әділеттілік, парыз бен адамгершілік орнатады». Осы мағнасыз былық: *Ch. Ganiilh. «Des Systemes d'Economie Politique etc.»*, 2ème éd. Paris» деген кітапта жазылған. 1821, t. I, r. 1821, p. 224. Сонда 212-бетпен салыстырыңыз.

²²⁷⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1865», p. 58 sq. Алайда сол кезде мұныңмен қабат көбейе түскен жұмысшыларды қамтитын материалдық базис те — 11 623 бу тоқыма станоктары, 628 576 ұршығы, 2 695 бу және су ат күштері бар 110 жаңа фабрика салынды (бұл да сонда).

шылар саны еш өзгеріссіз қалды десе болғандай. «Мұның өзі жаңадан енгізілген машиналар бұрынғы кезеңдердегі ецбекті қаншалық зор көлемде ығыстырып шығарғанын көрсетеді»²²⁸⁾. Тәжірибеде байқалған кейбір реттерде жұмыстағы фабрика жұмысшылары санының көбеюі тек сырт көрініс болып табылады, яғни бұл көбею өзінің негізі машиналы өндіріс болып отырған фабрикаларды ұлғайтудан емес, қайта бұл фабрикаларға қосалқы салаларды бірте-бірте қосудан туған. Мысалы, 1838—1856 жылдардағы дәуірде макта мата өндірісінде (Англияда) механикалық тоқыма станоктары мен оларда істейтін фабрика жұмысшылары санының көбеюі сол тарауды ұлғайтудан ғана болды; ал мұның керісінше, басқа фабрикаларда бұл көбею кілем, лента, кенеп, тағы сондайлар шығаратын және сол кезге дейін адамның бұлшық етінің күшімен жүргізіліп келген тоқыма станоктарына бу күшін қолданудың арқасында болды²²⁹⁾. Демек, бұл фабрика жұмысшылары санының артуы жұмыстағы жұмысшылардың жалпы саны кемігендігінің көрінісі ғана еді. Ақырында, біз бұл жерде металл фабрикаларынан басқаның барлығында фабрика жұмысшыларының едәуір көпшілігі жасөспірімдер (18 жасқа дейінгі), әйелдер мен балалар екендігіне мүлде тоқталып жатпаймыз.

Солдай бола тұрса да, машиналар іс жүзінде ығыстырып шығаратын немесе олар потенциалды түрде орнын басатын жұмысшылар бұқарасына қарамастан, фабрика жұмысшыларының саны машиналы өндірістің өзінің өсуі нәтижесінде,— бұл өсу біркелкі фабрикалар санының артуынан немесе қазірдің өзінде бар фабрикалардың көлемін арттырудан көрініп отыр,— ақыр аяғында ығыстырылып шығарылған мануфактуралық жұмысшылардың немесе қолөнершілердің санынан артық болып шығуы мүмкін екені түсінікті. Айталық, өндірістің ескі тәсілі кезінде апта сайын жұмсалатын, мәселен, 500 фунт стерлинг капиталдың $\frac{2}{5}$ -сі тұрақты бөлімнен және $\frac{3}{5}$ -і өзгермелі бөлімнен тұратын, яғни 200 фунт стерлингсі өндіріс құрал-жабдығына, 300 фунт стерлингсі жұмыс күшіне, мәселен, әр жұмысшыға 1 фунт стерлингтен жұмсалған еді делік. Машиналарды енгізумен бүкіл капиталдың құрылымы өзгереді. Енді, мәселен, оның $\frac{4}{5}$ -і тұрақты, $\frac{1}{5}$ -і өзгермелі капитал бо-

²²⁸⁾ «Reports etc. for 31 st October 1862», p. 79.

²²⁹⁾ 2-ші басылуына қосымша. 1871 жылғы декабрьдің аяғында фабрика инспекторы А. Редгрейв Брадфордта, «New Mechanics' Institution-да» жасаған бір баяндамасында мынаны мәлімдеді: «Жұн фабрикаларының сырт көрінісі соншалықты өзгеріп кеткендігі біраз уақыттан бері мені таңдандыра бастады. Бұрын олар әйелдер мен балаларға толы еді, ал қазір барлық жұмысты машина орындайтын болған тәрізді. Менің сұрағымна бір фабрикант мынадай түсінік берді: ескі система кезінде мен 63 кісіге жұмыс беретін едім; жетілдірілген машиналарды енгізгеннен кейін мен өз жұмысшыларымның санын 33-ке дейін қысқарттым, ал таяуда, жаңадан болған ірі өзгерістер нәтижесінде, мен оларды 33-тен 13-ке түсірдім».

²²⁹⁾ «Reports etc. for 31 st October 1856», p. 16.

лып бөлінеді, басқаша айтқанда — жұмыс күшіне небәрі 100 фунт стерлинг қана жұмсалады. Демек, бұрынғы істейтін жұмысшылардың үштен екісі жұмыстан шығарылады. Егер сол фабрикалық өндіріс ұлғайтылып, басқа өндірістік жағдайлары бірдей болғанда, бүкіл жұмсалған капитал 500-ден 1 500 фунт стерлингке дейін көбейтілетін болса, онда енді 300 жұмысшы — осы өнеркәсіп революциясы болғанға дейін қанша болса, нақ сонша жұмысшы істейтін болады. Егер жұмсалатын капитал мұнан да көбейіп, 2 000 фунт стерлингке жеткізілсе, онда 400 жұмысшы, яғни істі ескі тәсілмен жүргізу тұсындағыдан $\frac{1}{3}$ есе артық жұмысшы істейтін болады. Жұмыстағы жұмысшылар саны абсолютті жағынан 100 адам көбейді, ал относительді жағынан, яғни бүкіл авансыланған капиталдың мөлшерімен салыстырғанда, ол 800 адам азайды, себебі істі ескі тәсілмен жүргізгенде 2 000 фунт стерлинг капитал 400 емес, 1 200 жұмысшы алған болар еді. Демек, жұмыстағы жұмысшылар санының относительді кемуі оның абсолютті көбеюімен сыйыса береді. Жоғарыда біз бүкіл капитал өскенде оның құрылымында өзгеріс болмайды, өйткені өндіріс жағдайы өзгермейді деп ұйғардық. Алайда біз енді мынаны да білеміз: шындығында машиналы өндірістің дамуындағы әрбір қадам сайын капиталдың машиналардан, шикізат материалдарынан, т. т. құралатын тұрақты бөлегі өсіп отырады, ал оның өзгермелі, жұмыс күшіне жұмсалатын бөлегі кемиді, жәнеде мұнымен қатар біз мынаны білеміз: қандай да болсын басқа өндіріс тәсілі тұсында жетілдіру ісі машиналы өндіріс тұсындағыдай мұндайлық тұрақты болмайды, ал олай болса бүкіл капиталдың құрылымы да мұншалықты дәрежеде өзгермелі болмайды. Бірақ осы тұрақты өзгерістер белгілібір техникалық базисте дәл сондай тұрақтылықпен үзіліс жасап, таза сан жағынан ұлғайып отырады. Сондықтан жұмыстағы жұмысшылар саны өседі. Мысалы, Біріккен корольдіктің мақта мата, жүн, камвол, зығыр, жібек фабрикаларындағы барлық жұмысшылар саны 1835 жылы 354 684 қана болды, ал 1861 жылы бумен жүретін станоктарда істейтін тоқымашылардың өзі ғана (еркек-әйелі және 8 жастан бастап әртүрлі жастағылар) 230 654 болды. Егер 1838 жылдың өзінде-ақ Англияда өздерімен бірге істейтін семья мүшелерін қоса алғанда қолмен істейтін 800 000 мақта мата тоқымашылар болғанын еске алсақ, онда, әрине, жоғарыда айтылған өсу онша елеулі емес болып көрінуі мүмкін ²³⁰⁾; біз мұнда Азия-

²³⁰⁾ «Қолмен істейтін тоқымашылардың» (мақта мата тоқымашылары мен мақта араласқан басқа да шикізат түрлерінен мата тоқитын тоқымашылардың) «азал-қасіретін корольдік комиссия тексерген болатын, бірақ олардың ауыр азабы мойындалып оларға аяушылық білдіргенімен, олардың жағдайларын жақсарту (!) ісі тағдыр мен

да және Европа континентінде ығыстырылып шығарылған қолмен тоқитын тоқымашылар туралы мүлде әңгіме етіп те отырғанымыз жоқ.

Осы пункт жөнінде жасауымыз керек болатын аздаған ескертпелерде біз өзіміздің теориялық байымдауымыз бізді әлі жеткізе қоймаған қарым-қатынастарға бірыңғай нақты жағынан шінара тоқтала кетеміз.

Өнеркәсіптің белгілі саласында машиналы өндіріс байырғы қолөнерінің немесе мануфактураның есебінен ұлғайып отырғанда, оның табысты болуы, мәселен, садақпен қаруланған армияға қарағанда шитті мылтықпен қаруланған армияның табысты болатындығы сияқты, даусыз нәрсе. Машина әрекет ету сферасын енді ғана жеңіп ала бастайтын осы алғашқы дәуірдің пайдалы маңызы бар, себебі машинаның көмегімен төтенше шешімдер алынады. Бұл пайдалардың енді өзінен өзі-ақ тездетіп қор жинау көзі болатыны өз алдына, сонымен қатар үнемі жаңадан құралып, қолданылатын жаңа сфералар іздеуші үстеме қоғамдық капиталдың едәуір бөлегін ерекше қолайлы жағдайда болып шыққан өндіріс тарауына тартып отырады. Дауылды, тегеуірінді алғашқы дәуірдің ерекше тиімділігі машиналар тұңғыш рет енгізіліп отырған өндіріс салаларында үнемі қайталанып отырады. Ал фабрика белгілі мөлшерде қанат жайып, белгілі бір дәрежеде кемеліне келген кезде, әсіресе оның өзіне тән техникалық негізі — машиналардың өзі машиналардың көмегімен өндіріле бастаған кезде, көмір мен темір өндіруде де, сондай-ақ металл өңдеу мен транспорт ісінде де революция жасалған кезде, қысқасы, өндірістің ірі өнеркәсіпке сай келетін жалпы жағдайлары жасалған кезде, міне сол кезде машиналы өндірісте тез, секірмелі сипатта ұлғаюға деген икемділік, қабілеттілік пайда болады, бұған тек шикі материалдар мен товар өткізу рыноктары ғана шек қояды. Бірақ машиналар, бір жағынан, турадан-тура шикі материал мөлшерін арттырады, мысалы, талшық айырғыштың мақта өндіруді арттырғаны сияқты²³¹⁾. Екінші жағынан, машина өндірген бұйымның арзандығы және транспортпен байланыс жабдықтарында төңкеріс жасалуы шетелдік рыноктарды басып алу құралына айналады. Онда қолөнері өндірісін күйрете отырып, машиналы өндіріс ол рыноктарды тиісті шикі материалдар өндіретін өнерге күштеп айналдырады. Мәселен, Ост-Индия Великобритания үшін мақта, жүн, кендір,

уақытқа тапсырылды да қала берді, сонымен бұл азап-қасіреттер кәзір» (20 жылдан кейін) «түгел дерлік (nearly) жойылды деп үміттенуге болады, бұған, тегінде, бұл тоқыма станоктарының кәзірде орасан көп таралғандығы себепші болса керек» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1856», p. 15).

²³¹⁾ Машиналардың шикі материалдар өндіруге әсер етуіне дәнекер болатын басқа тәсілдер үшінші кітапта айтылады.

джут, индиго, т. т. өндіруге мәжбүр болған ²³²). Ірі өнеркәсіп елдерінде үнемі болып жататын жұмысшылардың «басы артық жұмысшыға» айналуы күшті эмиграция тудырады және бөтен елдерді отарлауға апарып соқтырады, бұл елдер, мәселен, Австралияның жүн өндіретін өңірге айналғаны секілді, метрополия үшін шикі материал өндіретін плантацияларға айналдырылады ²³³). Машиналы өндірістің басты-басты орталықтарының орналасуына сай келетін жана, халықаралық еңбек бөлінісі жасалады, бұл еңбек бөлінісі жер шарының көбінесе өнеркәсіп өндірісінің өлкесі болып табылатын бір бөлегі үшін жер шарының екінші бір бөлегін көбінесе егіншілікті өндірістің өлкесіне айналдырады. Бұл революция егіншіліктегі төңкерістермен тығыз байланысты, бұл төңкерістерді бұл жерде жете зерттеудің әзірше керегі жоқ ²³⁴).

Гладстон мырзаның инициативасы бойынша, 1867 жылғы 18 февральда қауымдар палатасы 1831 — 1866 жылдар ішінде дән, ұн түрінде Біріккен корольдікке әкелінген астық пен онан әкетілген астық жөніндегі статистикалық мәліметтерді жинауға жарлық берді. Төменде мен осының жиынтық нәтижесін келтіріп отырмын. Мұнда ұн дән күйіндегі квартал астыққа айналдырылған ¹⁴⁴.

²³²) Ост-Индиядан Великобританияға мақта тасу:
1846 ж. 34 540 143 ф., 1860 ж. 204 141 168 ф., 1865 ж. 445 947 600 ф.

Ост-Индиядан Великобританияға жүн тасу:
1846 ж. 4 570 581 ф., 1860 ж. 20 214 173 ф., 1865 ж. 20 679 111 ф.

²³³) Добрая Надежда мүйісінен Великобританияға жүн тасу:
1846 ж. 2 958 457 ф., 1860 ж. 16 574 345 ф., 1865 ж. 29 920 623 ф.

Австралиядан Великобританияға жүн тасу:
1846 ж. 21 789 346 ф., 1860 ж. 59 166 616 ф., 1865 ж. 109 734 961 ф.

²³⁴) Құрама Штаттарының экономикалық дамуының өзі Еуропаның, әсіресе ағылшынның ірі өнеркәсібінн жемісі. Құрама Штаттарға, олардың кәзіргі күйінде (1866 жылғы), әлі де Еуропаның отары деп қарау керек.} 4-ші басылуына. «Сол кезден бері олар дүние жүзіндегі екінші өнеркәсіпті ел дәрежесіне жетті, дегенмен әлі отарлық сипатынан онша арылған жоқ. Ф. Э. }

Құрама Штаттарынан Великобританияға мақта тасу (фунт есебімен):

1846 ж.	401 949 393	1852 ж.	765 630 544
1859 ж.	961 707 204	1860 ж.	1 115 890 608

Құрама Штаттарынан Великобританияға астық, т. т. тасу
(ағылшын центнері есебімен):

	1850 ж.	1862 ж.
Бидай	16 202 312	41 033 503
Арпа	3 669 653	6 624 806
Сұлы	3 174 801	4 426 994
Қара бидай	388 749	7 108
Бидай ұны	3 819 440	7 207 113
Қара ұмық	1 054	19 571
Маис	5 473 161	11 694 818
Веге немесе Bigg (арпаның айрықша бір түрі)	2 039	7 675
Бұршақ	811 620	1 024 722
Асбұршақ	1 822 972	2 037 137

Жалпы тасылғаны	35 365 801	74 083 441
-----------------------	------------	------------

Бес жылдық кезеңдер және 1866 жыл

	1831—1835	1836—1840	1841—1845	1846—1850	1851—1855	1856—1860	1861—1865	1866
Жылына орта есеппен әкелінгені (квартер есебімен)	1 096 373	2 389 729	2 843 865	8 776 552	8 345 237	10 913 612	15 009 871	16 457 340
Жылына орта есеппен шетке шығарылғаны (квартер есебімен)	225 263	251 770	139 056	155 461	307 491	341 150	302 754	216 218
Жылына орта есеппен әкелінгеннің сыртқа шығарылғаннан артатыны	871 110	2 137 959	2 704 809	8 621 091	8 037 746	10 572 462	14 707 117	16 241 122
Әр кезеңдегі халық санының жылдық орта саны	24 621 107	25 929 507	27 262 559	27 797 598	27 572 923	28 391 544	29 381 760	29 935 404
Жыл сайын әрбір тұрғынның елде өндірілгеннен тыс тұтылған астығының, т.т. орта мөлшері (квартер есебімен)	0, 036	0, 082	0, 099	0, 310	0, 291	0, 372	0, 501	0, 543

Фабрикалық өндірістің орасан секірмелі сипатта ұлғайғыштығы және оның дүниежүзілік рынокқа тәуелділігі сөз жоқ жанталаса аптыға өндіруді және соның ізінше рынокты асыра толтырып жіберушілікті туғызады, рынок тарылса, оның қояншық дерті басталады. Өнеркәсіптің тіршілігі бірінен соң бірі болып отыратын орташа жандану, гүлдену, артық өндіру, дағдарыс, тоқырау кезеңдерінің тізбегіне айналады. Өнеркәсіп циклі кезеңдерінің осындай алма-кезек ауысуы қалыптасқан кезде машиналы өндірістің жұмысшының жұмысы болушылықты, демек, тіршілік жағдайын сенімсіздікке, тұрақсыздыққа ұшыратуы қалыпты құбылысқа айналады. Гүлдену кезінен басқа кезеңдерде капиталистер арасында рыноктан дербес орын алу үшін қыян-кескі күрес болып жатады. Олардың рыноктағы үлесі өнімнің арзандығына тура пропорциялы болады. Осыдан келіп жұмыс күшінің орнын басатын жетілдірілген машиналарды қолдануда және өндірістің жаңа әдістерін қолдануда туатын бәсекенің үстіне әрқашан мынадай кезең туып отырады: жалақыны жұмыс күшінің құнынан күштеп төмендету арқылы товарларды арзандатуға тырысушылық орын тебеді ²³⁵).

Демек, фабрика жұмысшылары санының өсуіне фабрикаға жұмсалған бүкіл капиталдың біршама әлдеқайда тез өсуі себеп болады. Бірақ бұл процесс өнеркәсіп циклінің тасуы мен қайтуы кезеңдерінің шеңберінде ғана болып отырады. Оның үстіне, бұл процесті біресе потенциялы түрде жұмысшылардың орнын басып, біресе іс жүзінде оларды ығыстырып шығаратын техникалық прогресс үнемі үзіп кетіп отырады. Машиналы өндірістегі осындай сапа өзгерістері жұмысшыларды үнемі фаб-

²³⁵) Лестердегі етік фабриканттары «локаут» жасап, көшеге шығарып тастаған жұмысшылардың Англияның кәсіпшілер қауымына 1866 жылғы июльде жазған үндеуінің бір жерінде, мысалы, былай делінген: «Тігу орнына шегемен бекітуді қолдану салдарынан бұдан 20 жыл бұрын Лестердің етікшілік ісінде төңкеріс жасалды. Ол кезде жақсы табыс табуға болатын еді. Кешікпей бұл жаңа іс мықтап ұлғайды. Неғұрлым әсем товарлар шығаратын түрлі фирмалар арасында күшті бәсеке басталды. Ал бұдан кейін көп ұзамай бәсекенің оңбаған түрі шықты — рынокта бірін-бірі төмен бағамен (undersell) жығуға ұмтылушылық басталды. Мұның зиянды зардаптары ұзамай ақ жалақының төмендеуінен көрінді, ал еңбек бағасын төмендетудің тездетілгені сонша, көптеген фирмалар кәзір бастапқы жалақының небәрі жартысын ғана төлейтін болды. Сөйтіп, жалақы барған сайын құлдырап төмендеп отырғанымен, тегі еңбек нарық өзгертілген сайын пайда өсе түссе керек» — Тіпті өнеркәсіптің қолайсыз кезеңдерінің өзін фабриканттар жалақыны өте-мөте төмендету, яғни жұмысшының ең қажетті тіршілік қаражатын тікелей тонау жолымен төтенше пайда табу үшін пайдаланады. Мысал мынадай. Әңгіме Ковентридегі жібек тоқымасындағы дағдарыс туралы болып отыр: «Фабриканттардың, сол сияқты жұмысшылардың айтқандарынан алған мәліметім жалақы шет ел өндірісшілерінің бәсекесі мен басқа да жағдайлар мәжбүр еткен мөлшерден артық кемітілгені күмәнсіз екенін көрсетеді. Тоқымашылардың көпшілігі 30—40 процент кемітілген жалақыға ісеп келеді. Бұдан бес жыл бұрын тоқымашы 6—7 шиллинг алатын бір топ лентя жасағаны үшін оған кәзір 3 шиллинг 3 пенни немесе 3 шиллинг 6 пенни ғана беріледі; бұрын 4 шиллинг және 3 шиллинг 3 пенни төленетін басқа жұмысқа кәзір тек 2 шиллинг немесе 2 шиллинг 3 пенни береді. Жалақы суранысты жандандыруға қажетті мөлшерден артық кемітілген. Шындығында лентялардың көптеген түрінде жалақыны кемітумен қабат товар бағасын тіпті ешқандай кеміту болмаған» (Комиссияның мүшесі Ф. Д. Лондждың есебі, «Children's Employment Commission. 5 th Report», 1866, p. 114, № 1).

рикадан аластайды немесе жаңадан келушілер тобына фабрика қақпасын ашпай, жауып тастайды, ал оның бержағында фабрикалардың жәй сан жағынан ұлғаюы көшеге шығарылып тасталғандармен қоса жұмысшылардың жаңа контингентін де сіңіріп отырады. Сонымен, жұмысшылар үнемі өндіріске тартылып не алыстатылып отырылады, біресе мұнда, біресе онда жіберіледі, және де мұның өзінде жалдап алынатын жұмысшылардың жынысы, жасы, өнері үнемі өзгеріп отырады.

Егер біз ағылшын мақта-мата өнеркәсібінің тағдырына біраз көз жіберсек, фабрика жұмысшысының тағдыры барынша айқын көрінеді.

1770 жылдан 1815 жылға дейін мақта-мата өнеркәсібіндегі торығу немесе тоқыраушылық 5 жылға созылды. Осы бастапқы 45 жылдық дәуір бойында машиналар қолдану монополиясы мен дүниежүзілік рыноктағы монополия тізгіні ағылшын фабриканттарының қолында болды. 1815 жылдан 1821 жылға дейін — торығушылық күйі. 1822 және 1823 жылдар — гүлдену. 1824 ж. — коалицияға қарсы заң жойылды¹⁴⁵, фабрикаларды жаппай мықтап ұлғайту. 1825 ж. — дағдарыс. 1826 ж. — мақта-мата жұмысшылары арасындағы орасан тарығушылық пен толқу. 1827 ж. — болмашы оңдалу. 1828 ж. — бу тоқыма станоктарының саны мен шетке товар шығару мықтап артады. 1829 ж. шетке, әсіресе Индияға, товар шығару бұрынғы жылдардағының бәрінен асып түседі. 1830 ж. — рыноктарға товар керегінен аса толып кетеді, зор күйзеліс. 1831 жылдан 1833 жылға дейін — толассыз торығушылық күй; Ост-Инд компаниясы Шығыс Азияда (Индия мен Қытайда) сауда жасау монополиясынан айрылады. 1834 ж. — фабрикалар мықтап өсіп, машиналы өндіріс етек алады, жұмысшылар жетіспейді; келейлер жайындағы жаңа заң ауыл шаруашылығы жұмысшыларының фабрикалық округтерге көшіп қонуын күшейтеді; егіншілік графтықтарынан балалар топ-тобымен кете бастайды; ақ құлдармен сауда жасау. 1835 ж. — мықтап гүлдену; сонымен қатар қолмен істейтін мақта-мата тоқымашылары аштан қырылады. 1836 ж. — мықтап гүлдену. 1837 және 1838 жылдары — торығу мен дағдарыс. 1839 ж. — жандану. 1840 ж. — күшті депрессия, толқу, әскерлердің араласуы. 1841 және 1842 жылдары — фабрика жұмысшылары сұмдық қасірет шегеді. 1842 ж. — астық заңдары жоюға мәжбүр ету үшін фабриканттар жұмысшыларды фабрикалардан шығарды; жұмысшылар мыңдаған топ-тобымен ағылып, Йоркширге лап береді, онан әскерлер бұларды қайта қуады, ал олардың көсемдерін Ланкастерде сотқа береді. 1843 ж. — қатты тарығу. 1844 ж. — жандану. 1845 ж. — мықтап гүлдену. 1846 ж. — әуелі әрлеу бола береді, соңынан кері қозғалыс белгілері көрінеді;

астық заңдары жойылады. 1847 ж.— дағдарыс; «big loaf»-қа [«үлкен бөлке нанға»]²³⁶ бола жалақыны жалпы 10 процент және онан да көп төмендету. 1848 ж.— қысылшаң жағдай созыла береді; Манчестер әскер күзетінде. 1849 ж.— жандану. 1850 ж.— гүлдену. 1851 ж.— товар бағасы төмендеп құлдырайды, төмен жалақы, жиі-жиі стачка. 1852 ж.— оңдалу басталады, стачкалар басылмайды, фабриканттар шетел жұмысшыларын әкелеміз деп қорқытады. 1853 ж.— шетке товар шығару арта түседі; сегіз айлық стачка және Престондағы үлкен мұқтаждық. 1854 ж.— гүлдену, рыноктарға товар толып кетеді. 1855 ж.— Құрама Штаттардан, Канададан, Шығыс Азиялық рыноктардан банкроттық жайында хабарлар келеді. 1856 ж.— мықтап гүлдену. 1857 ж.— дағдарыс. 1858 ж.— оңдалу. 1859 ж.— мықтап гүлдену, фабрикалар көбейеді. 1860 ж.— ағылшын мақта-мата өнеркәсібі шырқау шегіне жетеді; Индиялық, Австриялық, тағы басқа рыноктардың товарға толып кеткені сонша, олар үйіліп қалған товарды 1863 ж. әрең сіңіріп бітіреді; Франциямен сауда шартын жасау; фабрикалар мен машиналы өндіріс орасан өседі. 1861 ж.— өрлеу біраз уақыт бойы созылады, соңынан кері қозғалыс болады, Америкадағы Азамат соғысы, мақта жұты. 1862 жылдан 1863 жылға дейін толық күйреу.

Мақта жұтының тарихы тым сипатты нәрсе, сондықтан оған аздап тоқталып өткен жөн. Дүние жүзілік рыноктың 1860—1861 жылдардағы жәй-күйі жөніндегі қысқаша көрсеткіштерден мақта жұты фабриканттарға дәл дегендей келіп, шінара оларға тиімді болғанын көреміз: мұның өзі Манчестер сауда палатасының есептерінде мойындалған, Пальмерстон мен Дербби парламентте мадақтаған және оқиғалар дәлелдеген факт²³⁶). Әрине, 1861 жылы Біріккен корольдіктегі 2 887 мақта мата фабрикасының ішінде көптеген ұсақ фабрикалар да болды. Оқругінде осы 2 887 фабрикадан 2 109 фабрика болған фабрика инспекторы. А. Редгрейвтің есебі бойынша әлгі 2 109 фабриканың 392-сі, немесе 19%-і — әрқайсысы 10-нан кем бу ат күшін пайдаланады, 345-і, немесе 16%-і — 10-нан 20-ға дейін, 1 372 фабрика — 20 және онан да көбірек ат күшін пайдаланған²³⁷). Ұсақ фабрикалардың көбісі 1858 жылдан кейінгі гүлдену дәуірінде, көбінесе жалдаптар орнатқан тоқыма фабрикалары екен, жалдаптардың біреулері, иірілген жіп, екіншілері машиналар, үшінші біреулері үй-ғимарат беріп отырған; бұл фабрикаларды бұрынғы overlookers [фабрикалық бақылаушылар] мен басқа да дәулеті шамалы адамдар басқарған. Бұл ұсақ фабриканттардың көпшілігі күйзеліп күйре-

²³⁶) Салыстырыңыз: «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October, 1862», p. 30.

²³⁷) Бұл да сонда, 19-бет.

466-бет. Жоғарыдан 16-жолдағы «Австриялық» деген сөз «Австралиялық» деп оқылсын.

ді. Сауда дағдарысы да оларды осы күйге ұшырататын еді, бірақ оның тууына мақта жұты бөгет болды. Бұлар фабриканттардың жалпы санының $\frac{1}{3}$ -і болғанымен, мақта-мата өнеркәсібіне жұмсалған бүкіл капиталдан осылардың фабрикаларына тиген үлесі бұдан әлдеқайда аз болған. Ал қысқару мөлшеріне келетін болсақ, онда ақиқат тұжырымдарға қарағанда 1862 жылғы октябрьде ұршықтың 60,3% -і, тоқыма станоктарының 58% -і жұмыссыз қарап тұрған. Бұл өзі өнеркәсіптің бүкіл осы саласына қатысты цифрлар, сондықтан жеке округтер бойынша, әлбетте, көп өзгеріп отырады. Тек өте аздаған фабрикалар ғана толық уақыт бойы жұмыс істеді (аптасына 60 сағат), қалған фабрикалар үзіліспен істеді. Тіпті толық уақыт бойы және әдеттегі кесімді ақымен жұмыс істеген аздаған жұмысшылардың өздерінің де апталық жалақысы мақтаның жақсы сорттарын жаман сорттарымен, си-айленд мақтасын египет мақтасымен (жіңішке жіп иіруде) америка және Египет мақтасын суратпен (Ост-индиялық) және таза мақтаны мақта қалдығы мен сураттан жасалған қосындымен ауыстырудың салдарынан сөзсіз қысқарып отырды. Сурат мақтасы торқасының анағұрлым қысқалығы, оның ыластығы, жібінің үзілгіштігі, жіп арқауын тартқанда ұн орнына онан едәуір ауыр әртүрлі қосындылар қолданылуы, т. т.— осының бәрі машинаның шапшаңдығын немесе бір тоқымашы басқаратын тоқыма станоктарының санын азайтуға мәжбүр етті, машиналардың жұмысындағы мүкістерді жөндеуге керек еңбекті көбейтті, сөйтіп өнімнің санын кемітумен бірге кесімді табысты да кемітті. Сурат қолданылғанда жұмысшылар толық уақыт бойы жұмыс істегенімен, табысының 20,30 процентін, тіпті онан да көбін жоғалтты. Ал фабриканттардың көпшілігі кесімді ақы нормасының өзін де 5, $7\frac{1}{2}$, 10 процент кемітті. Сондықтан бұдан аптасына 3, $3\frac{1}{2}$, 4 күн немесе күніне 6 сағаттан ғана жұмыс істегендердің хал-ахуалы қандай болғанын аңғару қиын емес. 1863 жылы, біршама оңалу басталғаннан кейіннің өзінде тоқымашылардың, жіп иірушілердің, т. т. аптасына алатын жалақысы 3 шиллинг 4 пенни, 3 шиллинг 10 пенни, 4 шиллинг 6 пенни, 5 шиллинг 1 пенни т. с. болды²³⁸⁾. Тіпті осындай толық қасірет шегу жағдайының өзінде фабриканттардың жалақыдан ұстап қалу жөніндегі айлақорлығы тоқталған емес. Олар мұның бірсыпырасын мақта сапасының нашарлығы, үйлеспейтін машиналарды пайдалану, т. с. салдарынан бұйымда кездесетін кемшіліктер үшін штраф ретінде ұстап қалып отырды. Ал жұмысшылар тұрған үйлер фабриканттың меншігінде болған реттерде фабрикант номиналды жалақыдан ұстап қалу

²³⁸⁾ «Reports etc. for 31 st October 1863», p. 41—45, 51.

арқылы пәтер ақыны өзіне өзі төлеп отырған. Фабрика инспекторы А. Редгрейв мюль-машиналардағы *minders* туралы (олардың әрқайсысы екі автомат мюль-машиналарын қарайтын болған) былай дейді:

«14 күндік толық жұмыстың аяғында олар 8 шиллинг 11 пенниден алатын; осы сомадан пәтер ақы ұсталатын, алайда, оның жартысын фабрикант сыйлық ретінде қайтарып беретін, сөйтіп мюльшілер үйлеріне 6 шиллинг 11 пенниден әкеледі. Тоқымашылардың апталық ақысы 1862 жылдың соңғы айларында 2 шиллинг 6 пенниден басталды»²³⁹⁾.

Жалақыдан пәтер ақыны ұстап қалушылық жұмысшылар тіпті қысқа уақыт істеген реттерде де жиі кездесіп отырған²⁴⁰⁾. Ланкаширдің кейбір жерлерінде аштық обасы тәріздес бірдеменің етек алғаны таңданарлық нәрсе емес! Бірақ мұның бәріндегі атап айтарлық бір нәрсе — өндіріс процесін революцияландыру жұмысшы есебінен істелгені болды. Мұның өзі анатомдардың құрбақаға істейтін тәжірибесі тәріздес нағыз *experimenta in corpore vili* [көк тиынға тұрмайтын жанды денеге тәжірибе жасау] болды.

«Мен»,— дейді фабрика инспекторы Редгрейв,— «көптеген фабрикалардағы жұмысшылардың ақиқат жалақысын көрсеттім, алайда олар апта сайын осы соманы алады екен деп ойлап қалмау керек. Фабриканттардың үнемі эксперимент жасауы («experimentalizing») салдарынан жұмысшылардың жәй-күйі орасан зор толқып отырады. Олардың табысы мақта қоспасының сапасына қарай не артып, не төмендеп отырады: біресе олардың табысы бұрынғы табысынан 15% кем болады, бірде келесі немесе екінші аптада 50—60% құлдырайды»²⁴¹⁾.

Бұл эксперименттер жұмысшылардың тіршілік қаражаты есебінен ғана істеліп отырмаған. Жұмысшылардың бүкіл бес сезім мүшесі арқылы да есесі кетіп отырған.

«Мақта тазартумен шұғылданушы адамдар маған шыдап болмайтын иіс-қоңыстан есімізді танып қаламыз дегенді айтты... Сорттау, сабау, түту бөлімдерінде болатын шаң-тозаң мен ылас онда істейтіндердің ауыз-мұрын-дарына, көздері мен құлақтарына толып кетіп, жөтелтіп, деміктіреді. Торқа қысқа болған себепті жіп арқауын тартқан кезде көптеген әртүрлі заттар қосылады, атап айтқанда бұрын қолданылып келген үн орнына неше алуан суррогаттар қолданылады. Осыдан барып тоқымашылардың жүрегі айнып, диспепсия пайда болады. Тозаңнан болатын бронхит, сол сияқты тамақтың қабынуы етек алған; сураттағы ыластан тітіркену салдарынан тері ауруы да етек алған».

Екінші жағынан үн орнына пайдаланылатын заттар иірілген жіптің салмағын арттыратын болғандықтан, мұның өзі фабрикант мырзалар үшін нағыз Фортунат қапшығы болып ал-

²³⁹⁾ «Reports etc. for 31 st October 1863», p. 41, 42.

²⁴⁰⁾ Бұл да сонда, 57-бет.

²⁴¹⁾ Бұл да сонда, 60, 51 беттер.

ған. Осы заттарды қолданудың арқасында «15 қадақ шикі материал жіпке айналғанда 20 қадақ болып шыққан»²⁴²⁾. Фабрика инспекторларының 1864 жылғы 30 апрельдегі есебінен біз мынаны оқимыз:

«Өнеркәсіп қазір осы көмекші затты шын мәнісінде өрескел мөлшерде пайдалануда. Беделді жерден мен мынаны білдім: 8 кез мата $5\frac{1}{4}$ қадақ мақта мен $2\frac{3}{4}$ қадақ шлихтадан жасалады екен. Басқа бір $5\frac{1}{4}$ кез матада екі қадақ шлихта бар. Ол — экспорт үшін жасалатын кәдімгі көйлектік мата. Кейбір сорттарға кейде 50% шлихта қосады, матаны оған жұмсалған жіптің номинальды бағасынан арзан сатып, баюдамыз деп фабриканттардың мақтануына болады және олар шынында солай мақтанып та жүр»²⁴³⁾.

Алайда жұмысшылар- фабриканттардың фабрикаларда, муниципалитеттердің фабрикадан тыс жерлерде істеген эксперименттерінен ғана, жалақының төмендеуі мен жұмыссыздықтан, қайыршылық пен садақа сұраудан, лордтар мен қауымдар палатасы мүшелерінің даурықпа сөздерінен ғана қасірет шегіп қоймаған.

«Мақта жұты салдарынан жұмыстан айрылған бақытсыз сорлы әйелдер қоғамның тастандысына айналған және сол күйінде қалып отыр... Қазір қалада жас жезөкшелердің саны соңғы 25 жылдың қай кездегісінен болса да асып түседі»²⁴⁴⁾.

Сонымен, ағылшын мақта мата өнеркәсібінің алғашқы 45 жылында, 1770 жылдан 1815 жылға дейін, біз тек 5 жыл ғана дағдарыс пен тоқырау болғанын көреміз, бірақ мұның өзі оның дүние жүзілік монополиясының кезі еді. Екінші 48 жылдық дәуірде, 1815 жылдан 1863 жылға дейін, тек 20 жыл ғана жандану мен гүлдену күйінде, ал 28 жыл торығу мен тоқырау күйінде болған. 1815—1830 жылдары континенттік Еуропамен және Құрама Штаттарымен бәсеке басталады. 1833 жылдан бастап «адам баласын күйрету»¹⁴⁷ жолымен азиялық рыноктар күштеп ұлғайтылады. Астық зандары жойылған кезден бастап, 1846 жылдан 1863 жылға дейін сегіз жыл орташа жандану мен гүлдену болғанда, 9 жыл торығу жағдайы мен тоқырау болған. Тіпті гүлдену дәуірінің өзінде мақта мата өнеркәсібіндегі ересек еркек жұмысшылардың не күйде болғанын төменде келтіріліп отырған ескертуден көруге болады²⁴⁵⁾.

¹⁴²⁾ Бұл да сонда, 62, 63-беттер.

²⁴³⁾ «Reports etc. for 30 th April 1864», p. 27.

²⁴⁴⁾ Болтондары полиция бастығы Харрисің хатынан, бұл «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1865», p. 61, 62, цитатка келтірілген.

²⁴⁵⁾ Мақта мата өнеркәсібі жұмысшыларының 1863 жылғы көктемде эмиграциялық қоғам қуруға шақырған бір үндеуінде, мысалы, былай делінген: «Қазіргі кезде көптеген фабрика жұмысшылары эмиграциясының өте-мөте қажет екендігін теріс деушілер жоқтың қасы. Ал төмендегі фактілер қай кезде болса да эмиграция тоқның үнемі тоқтатылау қажет болғанын, осыз әдеттегі жағдайларда біздің жағдайымызды бір қалыпта ұстау мүмкін еместігін дәлелдейді: 1814 ж. шетке шығарылған мақта мата говарының (тек сан жағынан көрсеткіші болып табылатын) ресми құны 17 665 378 фунт стерлинг, ал олардың ақиқат көрсеткіші болып табылатын) ресми құны 20 070 824 фунт стерлинг болды. 1858 ж.

8. ІРІ ӨНЕРКӘСІПТІҢ МАНУФАКТУРАНЫ, ҚОЛӨНЕРІН ЖӘНЕ ҮЙГЕ БЕРІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫ РЕВОЛЮЦИЯЛАНДЫРУЫ

а) ҚОЛӨНЕРІ МЕН ЕҢБЕК БӨЛІНІСІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН КООПЕРАЦИЯНЫҢ ЖОЙЫЛУЫ

Машиналар қолөнеріне негізделген кооперацияны және қолөнері сипатын жоймайтын еңбек бөлінісіне негізделген мануфактураны қалай жоятынын біз көрдік. Мұның бірінші түріне орақшылар кооперациясының орнын басатын ору машиналары мысал бола алады. Екінші түріне тігін иinelерін шығаратын машина айқын мысал болады. Адам Смиттің айтуынша, оның заманында еңбек бөлінісі нәтижесінде 10 адам күніне 48 000 ине шығаратын болған. Мұның керісінше, бір машина 11 сағаттық жұмыс күнінде 145 200 ине береді. Бір әйел немесе бір қыз орта есеппен осындай 4 машинаны бақылайды, демек, машиналардың көмегімен күніне 600 000-ға дейін, немесе аптасына 3 000 000-нан аса ине шығарады²⁴⁶⁾. Жеке жұмыс машинасы кооперацияның немесе мануфактураның орнын басатын болғанда, оның өзі енді жаңа қолөнер өндірісінің базисі бола алады. Алайда қолөнер өндірісін машина негізінде зсылайша қалпына келтіру фабрикалық өндіріске көшу ғана болып табылады, әдетте мұндай өндіріс механикалық қозғаушы күш, бу немесе су, машинаны жүргізуде адамның бұлшық етінің қызметін атқарған әрбір ретте пайда болады. Бирмингемнің кейбір мануфактураларында байқалып отырғанындай, ұсақ өндіріс бұды аренаға алу арқылы, тоқымашылықтың кейбір тарауларындағы сияқты²⁴⁷⁾ ұсақ калориялы машиналарды¹⁴⁸⁾ қолдану, т. т. арқылы кездейсоқ түрде, қалай дегенде де тек қысқа мерзімге ғана, өзін механикалық қозғаушы күшпен үш-

шетке шығарылған мақта мата товарының ресми құны 182 221 681 ф. ст., ал олардың ақиқат рыноктық құны тек 43 001 312 ф. ст. болды, сөйтіп сан жағын он еселеп арттыру бараны екі еседен сәл-ақ арттырды. Жалпы алғанда еліміз үшін, әсіресе фабрика жұмысшылары үшін сондайлық қолайсыз бұл нәтиже түрліше жағдайлардың түйсінуінен туып отыр. Бадрайып көзге түсетін бір жағдай, жойылып кету қаупінен қорқып рынокты үнемі ұлғайта беруді талап ететін өнеркәсіптің осы саласына қажетті еңбектің үнемі артық қалуы болып отыр. Біздің мақта мата фабрикаларымыздың саудада дүркін-дүркін болатын тоқыраулардың біреуінің салдарынан жұмысты тоқтатып қоятын кездері болады; ажал қандай даусыз болса, көзіргі құрылыс кезінде мұндай тоқыраулар дәл сондай даусыз нәрсе. Бірақ мұның өзі адам баласының өнер талқыштығын бөгей алмайды. Соңғы 25 жыл ішінде бұл елден 6 миллион адам кеткеніне қарамастан, алайда тіпті ең шығына шыққан гүлдену дәуірлерінің өзінде де ересек жұмысшылардың үлкен бір бөлегі, өнімді арзандату мақсатымен еңбекті үнемі ырыстырып шығару салдарынан, фабрикалардан қандай да болсын шаптып ешқандай да жұмыс таба алмайтын болып жүр» («Reports of Insp. of Fact. for 31st April 1863», p. 51—52). Келесі тараулардың бірінен біз мақта апаты кезінде фабрикант мырзалар барлық шараның бәрін қолданып, тіпті мемлекеттік өкіметтің көмегімен де пайдаланып, фабрика жұмысшыларының эмиграциясына бөгет жасауға тырысып баққанын көреміз.

¹⁴⁶⁾ «Children's Employment Commission. 3rd Report», 1864, p. 108, № 447.

¹⁴⁷⁾ Құрама Штаттарында машиналар негізінде қолөнер кәсіпшілігін осылайша қалпына келтіру жиі кездеседі. Міне, дәл осы себептен, фабрикалық өндіріске сөзсіз көшумен қатқабат болып отыратын шоғырлану онда Европамен, тіпті Англиямен саяластырғанда аршындап өркендеуде.

тастыра алады. Ковентридің жібек тоқыма өнеркәсібінде «фабрика-коттедждер» эксперименті стихиялық түрде жасалды. Қатарлас коттедждерден пайда болған төрт бұрыштың ортасынан бу машинасы үшін engine house [машина ғимараты] дейтін жасалады да, ол машина біліктер арқылы коттедждердегі тоқыма станоктарымен жалғастырылады. Барлық жағдайда да бұға төленетін ақы, мысалы, тоқыма станогына 2½ шиллингтен келіп отырды. Бу үшін берілетін бұл аренда ақысы станоктың жұмыс істеген-істемегеніне қарамастан әрбір апта сайын төленіп отырды. Әрбір коттежде жұмысшыға тән, немесе несиеге сатып алынған, немесе уақытша арендаға алынған 2-ден 6-ға дейін тоқыма станоктары орналастырылатын. Фабрика-коттедждер мен кәдімгі фабрика арасындағы күрес 12 жылдан аса созылды. Бұл күрес 300 фабрика-коттедждің толық күйреуімен аяқталды²⁴⁸⁾. Процесс жаратылысы ірі көлемді өндірістің болуына әуел бастан-ақ себеп болмаған реттерде, кейінгі он жылдарда көтерілген өнеркәсіп салалары, мысалы, конверттер, болат қаламұштар, т. с. өндірісі әдетте фабрикалық өндіріске өтудің қысқа фазалары ретінде әуелі қолөнер өндірісінен, сонан соң мануфактуралық өндірістен өтеді. Бұл өзгерудің өзі өнімді мануфактуралық тәсілмен өндіру ісі біріне бірі тіркес келетін өзара байланысты процесс болмай, көптеген бөлек процестер болып келген реттерде мейлінше үлкен қиыншылықтарға тап болады. Мұның өзі, мысалы болат қаламұштар фабрикасының дамуына үлкен бөгет болды. Алайда бұдан онбес жыл бұрынғы кезде-ақ бірден әртүрлі 6 процесті атқаратын автомат ойлап шығарылған-ды. 1820 жылы алғашқы болат қаламұштарды қолөнер кәсіпшілігі 12 дюжинасын 7 ф. ст. 4 шиллингтен өндірді, мануфактура 1830 ж. оларды 8 шиллингтен шығарды, ал көзіргі кезде фабрика оларды көтерме саудагерлерге 2—6 пенниден береді²⁴⁹⁾.

б) ФАБРИКАЛАРДЫҢ МАНУФАКТУРА МЕН ҮЙГЕ БЕРІЛЕТІН ЖҰМЫСҚА ҚЕРІ ЫҚПАЛ ЖАСАУЫ

Фабрикалардың дамуына және сол дамумен қабат болатын егіншіліктегі төңкеріске байланысты өнеркәсіптің барлық басқа салаларында өндіріс мөлшері ұлғайып қана қоймай, сонымен қатар олардың сипаты да өзгереді. Машиналы өндірістің принципі — өндіріс процесін оның құрамды фазаларына

²⁴⁸⁾ Салыстырыңыз: «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1865», p. 64.

²⁴⁹⁾ Джиллот мырза Бирмингемде болат қаламұштар шығаратын тұңғыш мануфактураны ірі масштабта орнатты. 1851 жылдың өзінде-ақ ол 184 миллионнан аса қаламұш шығарып, жылына 120 тонна табақ болат тұтынды. Біріккен корольдікте өнеркәсіптің осы саласын монополиялаған Бирмингем көзіргі кезде жылына миллиардтаған болат қаламұш шығарады. 1861 жылғы санақ бойынша, оларда істейтіндердің саны 1 428 адам, оның ішінде 5 жастан жоғары әйел жыныстылар 1 268 адам болған.

бөлшектеу, сөйтіп осы жолмен туатын міндеттерді механиканы, химияны, т. т., қысқасы, жаратылыс ғылымдарын қолдану арқылы шешу,— барлық жерде үстемдік ете бастайды. Сондықтан машиналар мануфактураға еніп, онда біресе бір бөлшек процеске, біресе екінші бір бөлшек процеске қолданылады. Сөйтіп мануфактураның ескі еңбек бөлісінен туған берік, сараланған құрылысы ыдырап, тоқтаусыз өзгерістерге жол ашады. Және оның үстіне жиынтық жұмысшының немесе құрмалас жұмысшы адамдардың құрамында түбегейлі төңкеріс жасалады. Мануфактуралық дәуірге қарама-қарсы, енді еңбек бөлінісінің жоспары мүмкін болған жердің бәрінде әйел еңбегін, барлық жастағы балалардың, үйретілмеген жұмысшылардың еңбегін қолдануға негізделеді,— қысқасы, ағылшынның сипатты сөз тізбегімен айтқанда «shear labour», арзан еңбекті қолдануға негізделеді. Мұның машинаны қолдану-қолданбауына қарамастан, ірі масштабтағы құрмалас өндірістің сан алуан түрлеріне ғана емес, сонымен қатар үй өнеркәсібі дейтінге де қатысы бар, бұл өнеркәсіппен жұмысшылар өздерінің жеке меншік пәтерлерінде шұғылдана ма немесе ұсақ мастерскойларда істей ме,— ол жағы есеп емес. Осы кәзіргі заманғы үй өнеркәсібі дейтіннің тек аты болмаса, ескі үй өнеркәсібіне ешқандай ұқсастығы жоқ, онда тәуелсіз қалалық қолөнер кәсіпшілігі, дербес шаруа шаруашылығы және ең алдымен жұмысшы семьясының үйі болатын. Кәзір ол фабриканың, мануфактураның немесе сауда орнының сыртқы бөліміне айналды. Капитал кеңістік жағынан үлкен-үлкен жиын етіп шоғырландыратын және тікелей басқаратын фабрикалық жұмысшылардың, мануфактуралық жұмысшылар мен қол өнершілердің үстіне ол үлкен қалалар мен деревняларда бытырап жатқан үй жұмысшыларының бүтін бір армиясын көзге көрінбейтін тетіктің көмегімен іске қосып отырады. Мысалы: Ирландияда Лондондеридегі Тилли мырзалардың, көйлек-көншек фабрикасының 1 000 фабрикалық жұмысшысы және деревняда бытырап жүрген 9 000 үй жұмысшысы бар ²⁵⁰⁾.

Кәзіргі заманғы мануфактурада арзан және толысып жетпеген жұмыс күшін пайдалану нағыз фабрикадағыдан әлдеқайда асып түсетін арсыздық сипат алып отыр, себебі фабрикадағы техникалық негіз, бұлшық ет күші орнына машина істеуі және еңбектің жеңілдігі мануфактурада көбінесе кездеспейді; оның есесіне мануфактурада әйелдер организмді немесе жас өспірімдердің әлі толысып жетпеген организмді барып тұрған арсыздықпен улы заттардың, т. т. әсеріне душар етіледі. Үйге берілетін жұмыс деп аталатын жұмыс кезінде қанау ма-

²⁵⁰⁾ «Children's Employment Commission. 2nd Report». 1864. p. LXVIII, № 415.

нуфактурадағыдан да асып түсетін арсыздық сипат алады, себебі бытыраңқылықтың салдарынан жұмысшылардың қарсыласу қабілеті кемиді, жұмыс беруші мен жұмысшылар арасына толып жатқан жыртқыш арамтамақтар еніп кетеді, үйге берілетін жұмыс барлық жерде нақ сол саладағы машиналы, немесе, ең болмағанда да, мануфактуралық өндіріске қарсы күреседі, жоқшылық жұмысшыларды еңбекке аса қажетті жағдайлардан — үйден, жарықтан, желдеткіштен, тағы сондайлардан айырады, жұмыс тұрақсыздығы артады және, ең ақырында, ірі өнеркәсіп пен егіншілік «басы артық адамдарға» айналдырған осы адамдардың бәрінің осы ақырғы баспаналарында жұмысшылар арасындағы бәсеке шарықтау шыңына жетпей қоймайды. Машиналы өндірістің арқасында ғана өндіріс құрал-жабдығынан үнемі жасалып отыратын үнем, сонымен бірге әуел бастан-ақ жұмыс күшін барынша аяусыз ысырап ету және еңбектің өз функциясын атқаруының қалыпты жағдайларына жыртқыштық жасау болып табылатын үнем, енді өзінің осы антагонистік және кісі өлтіргіштік жағын бұрынғыдан да күшті көрсетеді, осы өнеркәсіп саласында еңбектің қоғамдық өндіргіш күші мен еңбектің құрмалас процестерінің техникалық негізінің дамуы неғұрлым аз болса, соғұрлым күшті көрсетеді.

с) ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МАНУФАКТУРА

Жоғарыда келтірілген қағидаларды мен бірнеше мысалмен түсіндіріп өтейін. Асылында оқушы жұмыс күні жөніндегі тараудан көптеген көрнекі мысалдарды жақсы біледі. Бирмингем мен оның төңірегіндегі металл өңдеуші мануфактуралар жұмысқа, көбінесе өте ауыр жұмысқа, 30 000 бала мен жас өспірім және 10 000 әйел пайдаланады. Мұнда біз оларды ден саулыққа зиянды мыс құю орындарында, түйме фабрикаларында, өрнектеп мәнер жасау, гальванизация және сырлау жұмыстарында кездестіреміз ²⁵¹⁾. Ересектер мен жас өспірімдерге өте ауыр еңбек еткізгені үшін Лондонның әртүрлі газет және кітап баспаханаларына «қасапхана» деп лайықты атақ берілген ^{251а)}. Түптеу орындарында да дәл сондай өте-мөте ауыр еңбек, онда сорлайтындар әйелдер, қыздар мен балалар. Жас өспірімдердің арқан есетін кәсіпорындардағы ауыр еңбегі, тұз заводтарындағы, шырақ жасайтын және басқа да химиялық мануфактуралардағы түнгі еңбек, механикалық қозғаушы күшті пайдаланбайтын жібек тоқыма кәсіпорындарын-

²⁵¹⁾ Шеффилде тіпті grey керту жұмысында да балалар істейді!

^{251а)} «Children's Employment Commission. 5th Report», 1866, p. 3, № 24; p. 6. № 55, 56; p. 7, № 59, 60.

дағы тоқыма станоктарын айналдыруға жас өспірімдердің еңбегін аяусыз қолдану²⁵²). Ең бір жиіркенішті, ылас және ақы бәрінен нашар төленетін, көбінесе жас қыздар мен әйелдер істейтін еңбектің бірі — ескі-құсқы шүберектерді сұрыптау. Жұртқа белгілі, өзінде ескі-құсқы шүберегі орасан көптігі өз алдына, сонымен қабат Великобритания шүберек саудасының дүниежүзілік орталығы болып отыр. Мұнда шүберек Жапониядан, Оңтүстік Американың ең алыс жатқан мемлекеттері мен Қанар аралдарынан тасылады. Алайда Великобританияға әкелінетін шүберектің басты-басты көздері — Германия, Франция, Россия, Италия, Египет, Түркия, Бельгия мен Голландия. Шүберек тыңайтқышқа айналдырылады, қылқыбыр (матрастар мен төсекке тығу үшін), Shoddy (жасанды жүн) жасау үшін және қағаз жасауға керекті шикі материал ретінде пайдаланылады. Шүберек сұрыптаушы әйелдер — шешекті және басқа жұқпалы ауруларды таратушылар, оған алдымен өздері шалдығады²⁵³). Рудниктер мен көмір кендерімен қоса, черепица мен кірпіш заводтары шектен тыс еңбектің, ауыр, қолайсыз жұмыстың және осыған байланысты нағыз қыршын жас кезінен қанауға түскен жұмысшылардың кемтар болып кетуінің тамаша мысалы бола алады, бұларда жаңадан ойлап шығарылған машиналар Англияда (1866 ж.) әзірге некен-саяқ қолданылып келеді. Майдан бастап сентябрьге дейін жұмыс ертеңгі сағат 5-тен кешкі сағат 8-ге дейін, ал егер кептіру ашық ауада істелсе, көбіне ертеңгі сағат 4-тен кешкі сағат 9-ға дейін созылады. Таңертеңгі сағат 5-тен кешкі сағат 7-ге дейін созылған жұмыс күні «қысқарған», «қалыпты» жұмыс күні деп есептеледі. Ер және қыз балалар жұмысқа 6 және тіпті 4 жастан бастап алынады. Ересектер қанша сағат істесе олар да сонша істейді, көбіне ересектерден көп істейді. Еңбек ауыр, ал жаздың анызағы онан бетер қалжыратады. Мысалы, Мослидегі кірпіш заводында 24 жасар бір қыз күніне 2 000 кірпіш құйған, оған екі жасөспірім қыз болысқан, бұлар балшық тасыған, кірпішті бір жерге қалаған. Бұл қыздар күн сайын тереңдігі 30 футтық тайғақ ордан 10 тонна балшық шығарып, оны 210 футтық жерге тасиды.

«Жас баланың кірпіш зауытындағы дозактан адамгершілік жағынан бұзылмай кетуі мүмкін емес... Үлбіреген қыршын кезінен бастап боғауыз есту, жиіркенішті, әлсіз, ұятсыздық әдетке еті үйреніп, надан, жабайы болып өсу оларды онан арғы бүкіл өмірі бойына сорақы, жұрттан шыққан, бұзылған адамдарға айналдырады... Пәтерге орналастыру тәсілі адамгер-

²⁵²) Бұл да сонда, 114, 115-беттер, № 6—7. Комиссия мүшесінің: әдетте машина адам орнына істейтін болса, мұнда жас өспірімдер шын мәнісінде машина орнына істейді, дегені өте дұрыс.

²⁵³) Шүберек саудасы жөніндегі есепті және «Public Health, 8 th Report»-тағы көптеген мысалдарды қараңыз. London, 1866. Appendix, p. 196—208.

шіліктен аздырудың маскара себебі болып табылады. Әрбір moulder (формовщик)» (дәл айтқанда шебер жұмысшы және жұмысшылар тобының бастығы) «артеліндегі 7 адамға ылашығынан немесе коттеджінен пәтер мен үстел береді. Бұл ылашықта еркектер, жас жігіттер мен қыздар бірге тұнейді, олар формовщиктің семьясынан ба, жоқ па,— ол жағы есеп емес. Ылашық әдетте жартылай подвал, ауасы тапшы 2 бөлме, тек әредікте ғана 3 бөлме болып келеді. Адамдар күні бойғы дінкеге тиген еңбектен қалжырайтыны сонша, онда ешқандай гигиена, тазалық, әдеп тәртібін сақтау деген ойға келуі мүмкін емес. Осы ылашықтың көбісі көң-қосыр, ылас пен шаң-тозаңның нағыз ұясының өзі... Осы сияқты жұмысқа жас қыздарды пайдалану жүйесінің асқан зор сұмдығы мынада: бұл жүйе, әдетте, ол қыздарды қыршын кезінен бастап, бүкіл өмір бойына елден шыққан азғындармен біте қайнастырады. Жаратылыс оларға: сен әйелсің дейтін кезге жеткенге дейін олар бұзық, бейпіл ауыз ер балаға айналып кетеді («rough, foul-mouthed boys»). Олардың киімі шокпыт, ылас келеді, аяқтары тізеден жоғары ашық, шаштары, бет-аузы баттасқан кір болады, олар әдептілік, ұят дегенге пысқыра қарайтын болып кетеді. Түскі үзіліс кезінде олар жерге сұлап жата кетеді немесе жақын жердегі қаналда шомылып жүрген жас жігіттерге көз салады. Күндізгі ауыр еңбек аяқталғаннан кейін, олар тәуір көйлектерін киіп, еркектерге еріп, сыраханаларға кетеді».

Бүкіл осы таптың арасында қыршын жас кезінен бастап сұмдық маскүнемдік жайлайтыны өзінен өзі айқын.

«Ең бір жаманы — кірпішілердің өзінен өзі түңілетіндігі. Сіз, мырза,— деген солардың ішіндегі тәуір дегендерінің бірі,— Саутоллфилдегі дін қызметкеріне: кірпішілер сияқты сайтанды да жолға салып, түзетем деп тырысып көруіңізге болады! — деген («You might as well try to raise and improve the devil as a brickil, Sir!»)²⁵⁴).

Кәзіргі заманғы мануфактурада (мұнда нағыз фабрикалардан басқа барлық ірі мастерскойлар айтылып отыр) еңбек жағдайларынан жасалатын капиталистік үнем жөнінде халықтың ден саулығы жайындағы төртінші (1861 ж.) және алтыншы (1864 ж.) есептерден орасан көп ресми материалдар табуға болады. Workshops (жұмысшылар тұрған орындарды), әсіресе Лондонның баспаханашылары мен тігіншілері тұрған орындарды, суреттеу біздің роман жазушыларымыздың қиялынан тууы мүмкін ең сұмдық деген нәрсенің бәрінен асып түседі. Жұмысшылардың ден саулығына тиетін зияндылығы өзінен өзі түсінікті. Құпия советтің¹⁴⁹ дәрігерлік аға инспекторы және халықтың ден саулығы жайындағы есептің ресми редакторы д-р Саймон бір ретте былай дейді:

«Мен төртінші есебімде» (1861 ж.) «жұмысшылардың өзінің бірінші правосын — денсаулық правосын қорғауы, қожайындары оларды қандай жұмысқа жұмсаса да ол жұмыс денсаулыққа зиянды нәрселерден түгел тазартылсын,— өйткені мұның өзі қожайынның қолында ғой,— деп талап қоюы іс жүзінде мүмкін еместігін көрсеткен болатыным. Мен жұмысшы-

²⁵⁴) «Children's Employment Commission, 5 th Report», 1866, p. XVI—XVIII, № 86—97, p. 130—133, № 39—71. Сонымен қатар қараңыз: «3rd Report», 1864, p. 48, 56.

лар денсаулық жайындағы осы правосын өз күштерімен жүзеге асыруға іс жүзінде дәрменсіз болып отырғанда, сонымен қатар олар санитарлық полицияның ақылы қызметкерлері тарапынан да шын көмек ала алмайтынын дәлелдеген болатынмын... Қазіргі кезде ондаған мың жұмысшы еркектер мен жұмысшы әйелдердің өмірі ешбір мағынасыз бүлінуде және олардың жұмыс істеуі сияқты қарапайым фактіден туған ауру-сырқаулық түпсіз терең қасірет ол өмірді қысқарта түсуде»²⁵⁵).

Мастерскойлардың жұмысшылардың денсаулығына қандай зиян тигізетінін сипаттау үшін д-р Саймон өлім-жітім жөніндегі мына төмендегі кестені келтіреді²⁵⁶):

Өнеркәсіптің тиісті салаларында істейтін түрлі жастағы адамдар саны	Денсаулыққа тигізетін зияны тұрғысынан салыстырылатын жұмыс түрлері	Тиісті салалардағы әрбір 100 000 адамнан өлгендер (жастарына қарай)		
		25—35 жас	35—45 жас	45—55 жас
958 265	Англия мен Уэльстегі егіншілік	743	805	1 145
22 301 еркек } 12 377 әйел }	Лондон тігіншілері	958	1 262	2 093
13 803	Лондон баспа жұмысшылары	894	1 747	2 367

д) ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮЙГЕ БЕРІЛЕТІН ЖҰМЫС

Енді мен үйге берілетін жұмыс дегенге тоқталып өтемін. Капитал ірі өнеркәсіптің қаға беріс қалтарысында жүзеге асыратын қанаудың осы саласын және бұл қанаудың жан түршігерліктей сұмдығын түсіну үшін, мысалы, Англияның кейбір алыс түкпірдегі деревняларында істелетін, сырт қарағанда мүлдем жантыныштық кәсіп сияқты көрінетін шеге кәсіпшілігін алып қарауға болар еді²⁵⁷). Бұл арада шілтер мен салом тоқу өндірісі сияқты тараулардан алынған бірнеше мысалға тоқталып өтсек те жеткілікті, бұларда әліде болса машина атымен қолданылмайды немесе олар машиналы және мануфактуралық өндіріспен бәсекелесуде.

²⁵⁵) «Public Health, 6th Report». London, 1864, p. 29, 31.

²⁵⁶) «Public Health, 6th Report». London, 1864, p. 30. Доктор Саймон Лондонның 25—35 жастағы тігіншілері мен баспа жұмысшылары арасында өлім-жітім шындығында әлдеқайда жоғары, себебі Лондонның кәсіпкерлері деревнядан 30 жасқа дейінгі жас адамдарды «шәкірт» және «improvers» (өз қолөнерін жетілдіре бергісі келетіндерді) көптеп алып отырады, дейді. Олар санақ бойынша лондондықтар болып саналады да, Лондондағы өлім-жітімді есептегенде есепке алынатын жан санын көрінеу көбейтеді, ал деревнялықтардың өздерінің арасындағы өлім-жітім біршама төмен. Олардың едәуір бөлегі, әсіресе ауыр науқастанып қалған жағдайда, деревняға қайтып кетеді (сонда).

²⁵⁷) Мұнда әңгіме машина қолдану тәсілімен істелетін кеспе шеге жайында емес, құйма шеге туралы болып отыр. Қараңыз: «Children's Employment Commission. 3rd Report». p. XI, № 125—130; p. 52, № 11, 113—114, № 487; p. 137, № 674.

Англияның шілтер өндірісінде істейтін 150 000 адамның шамамен алғанда 10 000-ына 1861 жылғы фабрикалық заңның күші жүреді. Қалған 140 000 адамның басым көпшілігі әйелдер, екі жыныстағы жас өспірімдер мен балалар, оның бержағында еркек саны тым аз. Қанаудың осы «арзан» материалының денсаулық жәйі Ноттингемдегі кедейлерге арнап ашылған жалпы поликлиниканың дәрігері д-р Трумэннің төмендегі ақпарынан айқын көрінеді. Көпшілігі 17—24 жастағы 686 емделуші шілтерші әйелдердің құрт ауруына шалдыққандары²⁵⁸⁾:

1852 ж.	45-тен 1	1857 ж.	13-тен 1
1853 »	28 » 1	1858 »	15 » 1
1854 »	17 » 1	1859 »	9 » 1
1855 »	18 » 1	1860 »	8 » 1
1856 »	15 » 1	1861 »	8 » 1

Құрт ауруына шалдығушылар процентінің осы үдемелі өсуі неғұрлым оптимист прогресшілдерді де, еркін сауда теориясын таратушы неміс жалғаншыларын да қанағаттандыруға тиіс.

1861 жылғы фабрикалық заң шілтер машинамен өндірілетін болғандықтан шілтер жасау ісін реттеп отырады, ал мұның өзі Англия үшін ортақ тәртіп болып табылады. Біз осында қысқаша, — оның бержағында мануфактураларға, магазиндерге, т. с. шоғырланғандарға қатысты емес, үй жұмысшылары дейтінге қатысты, — тоқталып отырған тараулар мыналарға бөлінеді: 1) lace finishing (машина қолдану тәсілімен шығарылатын шілтерлерді біржолата өңдеп шығару; бұл категория, өз тарапынан, сан алуан бөлімшелерді қамтиды); 2) шілтер тоқу.

Lace finishing үйге жұмыс беру түрінде, немесе «mistresses houses» [«кожайын әйелдердің үйлері»] дейтіндерде, немесе өздері ғана не болмаса өзінің балаларымен бірге істейтін әйелдердің меншікті үйлерінде істеледі. «Mistresses houses» ұстайтын әйелдердің өздері кедей болады. Мастерской олардың меншікті пәтерінің бір бұрышы болып табылады. Олар фабриканттардан, магазин иелерінен, т. б. заказ алады да, өз бөлмесінің шама-шарқына қарай және өнеркәсіптің осы саласындағы сұраныстың ауытқуына сәйкес мөлшерде әйелдерді, қыздар мен жас балаларды жалдайды. Жұмыс істейтін жұмысшы әйелдер саны мұндай мастерскойлардың біреулерінде 20-дан 40-қа дейін, екінші біреулерінде 10-нан 20-ға де-

²⁵⁸⁾ «Children's Employment Commission. 2nd Report», p. XXII, № 166.

йін өзгеріп отырады. Орта мөлшермен балалар ең төмені 6 жастан, ал кейбіреулері тіпті 5 жастан бастап жұмыс істей бастайды. Жұмыс күні әдетте таңертеңгі 8-ден кешкі сағат 8-ге дейін созылып, тамақ ішуге 1½ сағат үзіліс болады, оның өзі де үнемі болып тұрмайды және тамақ әлгі жұмыс істейтін сасық ылашықта ішіледі. Іс онына басып тұрса, көбіне жұмыс таңертеңгі сағат 8-ден (кейде 6-дан) түнгі сағат 10, 11 немесе 12-ге дейін созылады. Ағылшын казармаларында әр солдатқа 500—600 текше фут берілуге тиіс, әскери лазареттерде — 1200 текше фут. Ал әлгі жұмысшы қапастарында бір адамға 67—100 текше футтан ғана келеді. Оның үстіне газ шамы ауаның оттегін жұтып отырады. Шілтерді таза ұстау үшін балалар көбіне, тіпті қысты күні де, башмақтарын шешіп тастауға тиіс, ал еден тас плитадан немесе кірпіштен жасалған.

«Ноттингемде мынаны жиі көруге болады: 15—20 бала ені мен ұзындығы 12 футтан аса қоймайтын тар бөлмеде сығылысып отырып, тәулігіне 15 сағаттан жұмыс істейді, жұмыстың өзі ылғи көңілсіз, бір сарында істелген соң қалжыратып жібереді, оның үстіне жұмыс ең барып тұрған антисанитарлық жағдайда істеледі. Ең жас деген балалардың өзі де сарыла зейін қойып істейді, олардың шапшандығына таң қаласын, саусақтарына ешқашан тыным бермейді, оны баяу қимылдатуға тағы болмайды. Егер олардан бірдеме сұрай қалса, олар жұмыстан көздерін алмайды, бір секунд те кідіруге мұршасы жоқ».

«*Mistresses*» үшін «ұзын таяқ» — жұмыс күні неғұрлым ұзаққа созылса, балаларды соғұрлым көп қыса түсетін құрал болып табылады.

«Бір сарынды, көзге зиянды, бір қалыптан өзгермей тұру себепті денені сірестіріп тастайтын ұзақ жұмысқа таңылған балалар бірте-бірте қажиды, сөйтіп ұзақ жұмыс уақытының аяғында құсша елеңдей бастайды... Мұның өзі барып тұрған құлдық жұмыс» («*Their work is like slavery*») ²⁵⁹⁾.

Өзінің балаларымен бірге өз үйінде, яғни көбіне үй төбесіндегі шардақтан жалдап алатын кәзіргі заманғы мағнадағы бөлмеде, әйелдер істейтін жердегі жағдай бұдан да нашар, егер жалпы онан нашар жағдай кездесер болса. Жұмыстың бұл түрі Ноттингем төңірегінде 80 миль жерге дейін беріледі. Бала магазинде істеп, онан кешкі сағат 9-да немесе 10-да қайтқанда, көбіне оған үйде істеу үшін қайтар жолында тағы бір бума жүк береді. Зымиян капиталист өзінің жалдама малайларының біреуі арқылы мұны беріп жатып, әлбетте, сұрқиялықпен жылмиып, мынау «шешең үшін» дейді, оны бала сорлы барған соң тағы да отырып, анасына болысатынын жақсы біле тұра айтады ²⁶⁰⁾.

²⁵⁹⁾ «Children's Employment Commission. 2nd Report», 1864, p. XIX, XX, XXI.

²⁶⁰⁾ «Children's Employment Commission. 2nd Report», 1864, p. XXI, XXII.

Шілтер өнеркәсібі көбіне Англияның егіншілікті екі округіне — Девонширдің оң жағалауын бойлай 20—30 миль өңірді және Солтүстік Девонның кейбір жерлерін камтитын шілтерлі Хонитон округіне және Бакингем, Бедфорд, Нортгемптон графтықтарының едәуір бөлегін, Оксфордшир мен Хантингдонширдің жапсарлар бөлегін камтитын екінші бір округке таралған. Батрақтардың коттеждері әдетте мастерской да болып есептеледі. Кейбір мануфактура иелері 3 000-нан аса осындай үй жұмысшыларын пайдаланады, оның дені балалар мен жас өспірімдер және ылғи әйел заты болады. Lace finishing байланысты айтылған жағдай мұнда тағы да байқалады. Айырмасы тек «mistresses houses»-тің орнына «lace schools» («шілтер тоқу мектебі») дейтіндер қолданылатындығында, мұндайларды кедей әйелдер өздерінің ылашықтарында ұстайды. 5 жасынан бастап, кейде онан да ертерек, балалар 12—15 жасқа дейін осындай мектептерде істейді — алғашқы жылы ең жастары 4—8 сағат, кейіннен таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 8—10-ға дейін істейді.

«Әдетте, бөлмелер — кішкентай коттеждердің әдеттегі тұрғын бөлмелері, жел соқпасын деп каминін бітеп тастайды, оның тұрғындары кейде қыстың күндері де өз бойындағы жылумен ғана жылынады. Енді бір жағдайларда әлгі мектеп бөлмелері делінетіндер — кішкентай шоланға ұқсас, от жағылмайтын бөлмелер болады... Бұл ылашықтардың адамға лық толуы, осыдан барып ауаның бұзылуы шегінен шығады. Бұған әдетте кішкене коттеждердің қасында болатын жуынды судың, әжетханалардың, іріпшіріген заттар мен басқа да ыластардың зиянды әсерлері қосылады». Үй жайында: «Шілтер тоқитын бір мектепте 18 қыз бен шебер әйелдер бар, әр адамға 33 текше футтан келеді; сасық иісіне шыдап болмайтын енді бір мектепте 18 кісі бар, адам басына 24½ текше футтан келеді. Осы өндірістегі жұмыста 2—2½ жастағы жас балалар кездеседі»²⁶¹).

Бакингем мен Бедфордтың шілтер тоқу ісі жоқ селолық графтықтарында саломнан өрме тоқу ісі басталады. Ол Хартфордширдің едәуір бөлегіне және Эссекстің батысы мен солтүстік бөлегіне тараған. 1861 жылы салом тоқу мен салом шляпа жасауда 48 043 адам істеді, олардан әртүрлі жастағы еркек 3 815, қалғаны — әйел жынысты, атап айтқанда 20 жасқа дейінгілер 14 913, оның ішінде 7 000-ға жуығы балалар. Шілтер тоқу мектебінің орнына мұнда «straw plait schools» («салом тоқу мектептері») пайда болады. Балалар мұнда салом тоқуға әдетте 4 жастан, кейде 3 пен 4 жастың аралығында үйретіле бастайды. Олар, әрине, ешқандай тәрбие көрмейді. Балалардың өздері осы қан сорғыш мекемелерден өзгеше бастауыш мектептерді «natural schools» («нағыз мектептер») деп атайды; салом тоқу мектептерінде балаларды өздерінің

²⁶¹) Бұл да сонда, р. XXIX, XXX.

ашыға бастаған аналары берген тапсырманы орындату үшін ғана ұстайды,— көпшілігінде бұл тапсырма күніне 30 ярдан болады. Сол аналар екінің бірінде соңынан балаларға үйінде тағы түнгі сағат 10, 11, 12-ге дейін жұмыс істеттіреді. Салом олардың қолдары мен еріндерін қиып жібереді, өйткені олар саломды ылғи сілекеймен түкіріктеп отырады. Лондонның дәрігерлік инспекторларының д-р Баллард қорытындылаған жалпы пікірі бойынша жатар бөлме мен мастерскойлар адам басына кемінде 300 текше футтан келуге тиіс. Ал оның бер-жағында салом тоқу мектептеріндегі үй шілтер тоқу мектептеріндегі де тар: $12^{2/3}$, 17, $18^{1/2}$, адам басына 22 текше футтан да аз.

«Осы цифрлардың ең төмені»,— дейді комиссия мүшесі Уайт,— «барлық үш өлшеуішінің үшеуі де 3 футтан келетін жәшікке салынған баланың алып жататын жерінің жартысынан да аз көлемдегі бөлме болып табылады».

12—14 жасқа дейінгі балалар өмірдің осындай қызығын көреді. Жарлы, азып-тозған ата-аналардың көздейтіні — балаларынан неғұрлым көбірек қамтып алып қалу. Өскен соң балалар, әлбетте, ата-аналарын бақыр құрлы бағаламай, оларды тастап кетеді.

«Осындай түрде тәрбие алған жұрттың надан, бұзық келетіні танқаларлық жағдай емес... Оның адамгершілігі ең төмен сатыда болады... Әйелдердің едәуір бөлегі заңсыз бала табады, оның бержағында олардың көбі буыны катпай тұрып ана болады, мұның өзі тіпті қылмыс статистикасын жақсы білетін адамдарды да таңдандырады»²⁶²⁾.

Ал осы үлгілі семьялардың отаны — Еуропаның үлгілі христиан елі көрінеді,— христиандықты даусыз көп білетін граф Монталамбер осылай дейді!

Жаңа ғана баяндалып өткен өнеркәсіп саласындағы жалпы мардымсыз аз жалақы (салом тоқитын мектептерде балаларға анда-санда төленетін ең жоғары ақы 3 шиллинг болады) әсіресе шілтер өндірісі бар округтерде жаппай қолданылатын truck-system [еңбекке ақыны товарлай төлеу системасы] салдарынан өзінің номинал мөлшерінен де төмендеп кетеді²⁶³⁾.

²⁶²⁾ «Children's Employment Commission. 2nd Report», 1864, p. XL, XLI.

²⁶³⁾ «Children's Employment Commission. 1st Report», 1863, p. 185.

е) ОСЫ ЗАМАНҒЫ МАНУФАКТУРА МЕН ҮЙГЕ БЕРІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ ІРІ ӨНЕРКӘСІПКЕ АЙНАЛУЫ. ФАБРИКАЛЫҚ ЗАҢДАРДЫ ОСЫ ЗАМАНҒЫ МАНУФАКТУРА МЕН ҮЙГЕ БЕРІЛЕТІН ЖҰМЫСҚА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БҰЛ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ТЕЗДЕТІЛУІ

Әйелдер мен жасөспірімдердің жұмыс күшіне көрнеу қиянат жасау арқылы, еңбек пен тіршілік бірқалыпты өтіп жататын жағдай атаулыдан еңбекті көрнеу жұрдай ету арқылы, аяусыз шектен тыс еңбек пен түнгі еңбек арқылы жұмыс күшін арзандатушылық ақыр аяғында келіп аттап өтуге болмайтын белгілі табиғи шектерге барып тіреледі, ал мұшымен бірге әлгі негіздерге сүйеніп, товарларды арзандату мен жалпы капиталистік қанау да әлгі шектерге тіреледі. Ақырында, осы пунктке жеткенде,— ал бұған дейін ұзақ уақыт өтеді,— машиналарды қолдану кезеңі және осы кезден бастап үйге берілетін бытыраңқы жұмысты (сондай-ақ мануфактураны да) тездетіп фабрикалық өндіріске айналдыру кезеңі туады.

«Weaving apparel» (киім-кешек) өндірісі бұл қозғалысқа ең айқын мысал бола алады. Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі комиссияның түр-түрге бөлуі бойынша өнеркәсіптің бұл саласы салом шляпалар мен әйелдер шляпаларын, қалпақ жасаушыларды, тігіншілерді, milliners пен dressmakers-терді²⁶⁴, көйлек-көншек тігетіндер мен тігіншілерді, корсетші, биялайшы, башмақшыларды және оған қоса, мысалы, галстук, жаға, т. с. өндірісі сияқты көптеген ұсақ тарауларды қамтиды. Англия мен Уэльстің осы өнеркәсіп салаларында істейтін әйел қызметшілер 1861 жылы 586 298 адам, оның ішінде 20 жастан төмені ең кемі 115 242, 15 жастан төмені — 16 560 адам болды. Біріккен корольдікте мұндай қызметкер әйел саны (1861 ж.) — 750 334 болды. Сол жылы Англия мен Уэльстің шляпа, башмақ, биялай және тігін өндірісінде істейтін еркек 437 969, оның ішінде 15 жастан төмені 14 964, 15 жастан 20 жасқа дейінгілері 89 285, 20 жастан жоғарысы 333 117 болды. Осы салаға жататын басқа көптеген неғұрлым ұсақ тараулар бұл мәліметтерге енгізілмеген. Бірақ біз жаңағы келтірілген цифрларды сол қалпында алатын болсақ, онда 1861 жылғы санақ бойынша тек Англия мен Уэльстің өзінде ғана жалпы жиынтығы 1 024 267 адам, яғни егіншілік пен мал шаруашылығында қанша адам істесе, дәл сол шамалас болып шығады. Машиналар осынша керемет көп өнімді не үшін шығаратынын және осынысы арқылы соншалық орасан көп жұмысшыны «босатуға» неге себепші болатынын түсіне бастайсың.

²⁶⁴) Millinery — кіден бас киім, сол сияқты әйелдер жамылғысы мен қамзол өндірісі: dressmakers біздегі мода шеберлері дегенмен бірдей.

«Wearing apparel» өндірісін *membra disjecta* [жеке-дара мүшелерін]²⁶⁵ даяр күйінде табатын еңбек бөлінісін өздерінде қалпына келтіруші ғана мануфактуралар жүргізеді; ұсақ қол-өнерші мастерлер жүргізеді, бірақ бұлар бұрынғыдай жеке тұтынушылар үшін емес, мануфактуралар мен магазиндер үшін жұмыс істейді, сондықтан екінің бірінде бүтін бір қалалар мен мекенді жерлер, мысалы, етікшілік, т. с. сияқты өндіріс салаларына бейімделіп кетеді, ақырында, көбінесе бұл өндіріс үй жұмысшылары дейтіндер арқылы жүргізіледі, бұлар мануфактуралардың, магазиндердің, тіпті біршама ұсақ мастерлердің сыртқы бөлімдері болып табылады²⁶⁶. Еңбек заттары массасын, шикізатты, шала фабрикаатты, т. т. ірі өнеркәсіп жеткізіп береді, ал (*taillable à merci et miséricorde* [мүсіркеу мен ашу-ызаның билігіне берілген]) арзан адамзат материалы ірі өнеркәсіп пен егіншіліктің «босатқан адамдарына» құралады. Өндірістің бұл сферасындағы мануфактуралар көбінесе капиталистердің өз қол астында сұраныстың қандай толқуына болса да сай келетін әзір армия ұстауы қажеттігінің арқасында пайда болған²⁶⁶. Алайда бұл мануфактуралар өзінің кең негізі ретінде өздерімен қатар бытыраңқы қолөнер өндірісі мен үй өндірісінің онан әрі өмір сүре беруіне жол береді. Еңбектің осы салаларында қосымша құнның ірі масштабта өндірілуіне және сонымен бірге олар өндірген товарлардың үсті-үстіне арзандай түсуіне көбінесе жалақының өлмешілік күнелтуге ғана жетерлік ең төмен мөлшері мен жұмыс уақтының адам организмі әрең төзетін шекке жеткізіле барынша ұзартылуы себеп болып келді және себеп болып отыр. Товарға айналдырылатын адам тері мен адам қанының арзандығы,— товар өткізу рыногын, атап айтқанда Англия үшін ағылшын салты мен талғамы басым болып отырған отарлық рынокты да үнемі ұлғайтып келген және күн сайын ұлғайтып отырған нәрсе міне осы. Ақырында, қысылтаяң кезең туды. Ескі тәсілдің негізі, дамыған еңбек бөлінісі азды-көпті дәрежеде үнемі қатар келіп отырғанда жұмысшы материалды кәдуілгі өрескел қанау, енді рынок өскен кезде және капиталистер арасындағы бәсеке онан сайын тез өршіп түскен кезде мүлдем жеткіліксіз болып шықты. Машиналар заманы туды. Және шешуші революциялық роль атқарған машина, өндірістің осы сферасындағы қисапсыз көп салалардың бәрін бірдей қамтыған, мысалы, сән-салтанат товарлары өндірісін, ті-

²⁶⁵ Англиядағы *millinery* мен *dressmaking* әдетте кәсіпкерлердің үйлерінде, шінара сонда тұратын жалдама әйелдер арқылы, шінара басқа жаққа тұратын күндікшілер арқылы жүргізіледі.

²⁶⁶ Комиссия мүшесі Уайт әскери киім тігетін, бәрі дерлік әйел жынысты 1 000—1 200 адам істейтін бір мануфактурада және жартысына жуығы балалар мен жас өспірімдер болған 1 300 жұмысшысы бар етік мануфактурасында, т. с. болған. («Children's Employment Commission. 2nd Report», p. LXVII. № 319).

гіншілік, етікшілік, тігу, шляпа жасау кәсіпшілігін, т. т. түгел қамтыған машина — тігін машинасы болды.

Оның жұмысшыға тікелей әсері ірі өнеркәсіп дәуірінде өндірістің жаңа салаларын тұңғыш рет қамтитын жалпы машина біткеннің бәрінің әсерімен шамалас. Ең жас балалар шеттетіледі. Машинада істейтін жұмысшылардың жалақысы көпшілігі «кедейдің кедейі» («the poorest of the poor») болып табылатын үй жұмысшыларының жалақысына қарағанда арта түседі. Машина бәсекеге түсетін, жағдайы басқалардан біршама жақсы болып келген қолөнершілердің табысы төмендейді. Жаңа машина жұмысшысы — ылғи балалар мен жас әйелдер. Механикалық күштің көмегімен олар неғұрлым ауыр жұмыстардағы еркек еңбегі монополиясын жояды, неғұрлым жеңіл жұмыстар саласынан көптеген қарт әйелдер мен жасөспірім балаларды ығыстырып шығарады. Өте күшті бәсеке қол жұмысын атқаратын неғұрлым нашар жұмысшыларды құртады. Соңғы он жылда Лондонда аштан өлушілік (death from starvation) жағдайларының сұмдық көбеюі машинамен тігуді кеңінен қолданумен қатар болып отыр²⁶⁷⁾. Тігін машиналарында істейтін, машинаның ауырлығына, көлемі мен сипатына қарай, оны отырып немесе түрселіп тұрып, қолымен не аяғымен, немесе тек қолымен ғана жүргізетін жаңа тігінші әйелдер жұмыс күшін көп жұмсауға тиіс. Жұмыс процесі ескі система кезіндегіден қысқа болғанымен, осы процестің ұзақтығы салдарынан әлгі әйелдер атқаратын жұмыс денсаулыққа зиянды бола бастайды. Мысалы, аяқ киім, корсет, шляпа, т. с. өндірісінде тігін машинасы әрі тар, әрі онсыз да аузы-мұрнынан шығып тұрған мастерскойларға енген жерлердің бәрінде ол денсаулыққа зиянды әсерді күшейте түседі.

«Төбесі аласа, ішінде машина жанында қабатынан 30—40 адам істейтін мастерскойларға кіріп барғандағы сезімің»,— дейді комиссия мүшесі Лорд,— «адам төзгісіз... Бір жағынан өтектерді қыздыратын газ пештерінен шығатын ыстық қызу соншалық сұмдық. Тіпті мұндай мастерскойларда жұмыс уақыты бірқалыпты, яғни таңертеңгі сағат 8-ден кешкі сағат 6-ға дейін созылады дегеннің өзінде де әдетте күн сайын 3 — 4 адам талып жығылады»²⁶⁸⁾.

Өндірістің қоғамдық тәсіліндегі төңкеріс, өндіріс құрал-жабдықтарын өзгертудің осы қажетті жемісі, шым-шытырық өтпелі формалар бұлыңында өтеді. Бұл формалар тігін машинасы өнеркәсіптің белгілі бір саласын қандай дәрежеде жә-

²⁶⁷⁾ Мысал мынау: бас тіркеушінің¹⁸¹ өлім-жітім жайында 1864 жылғы 26 февральда жасаған аталық есебінде аштан өлген 5 адам болғанын айтады. Сол күні «Times» аштан өлудің тағы бір оқиғасын жазды. Бір аптада аштан алты адам өлген!

²⁶⁸⁾ «Children's Employment Commission. 2nd Report», 1864, p. LXVII, №№ 406—499; p. 84, № 124; p. LXXIII, № 441; p. 68, № 6; p. 84, № 126; p. 78, № 85; p. 76, № 69; p. LXXII, № 438.

не қаншалық ұзақ уақыттан бері қамтығанына қарай, жұмысшылар осының алдында қандай жағдайда болғанына қарай, мануфактураның, қолөнердің, немесе үй өндірісінің қайсысы басым болғанына, мастерскойды арендау ақысына, т. с. қарай өзгеріп отырады²⁶⁹⁾. Мысалы көпшілігінде еңбек ылғи жай кооперация формасында ұйымдасып қалған сән товарлары өндірісінде тігін машинасы әуел баста мануфактуралық өндірістің жаңа факторы ғана болады. Тігіншілік кәсібінде, көйлектер, аяқ киімдер өндірісінде, т. т. форма біткеннің бәрі ұштасып араласып кетеді. Мұнда — кәдімгі фабрикалық өндірістің дәл өзі. Анда — делдалдар *en chef* [басты] капиталистен шикі материал алады да, «ит күркелерде», «мансардтарда» тігін машиналары жанына 10—50-ден және одан да көп жалдама жұмысшыларды топтастырады. Ақырында, жалпы машина атаулының бәрінде кездесетіндей, машиналар бөлшектелген система болып табылмайтындықтан және оларды өте ұсақ көлемде қолдануға болатындықтан, қол өнершілер немесе үй жұмысшылары, өздерінің семьяларынын немесе азынаулақ бөгде жұмысшылардың көмегімен, өздеріне тиісті тігін машиналарын қолданатын болады²⁷⁰⁾. Англияда кәзіргі кезде іс жүзінде мынадай система басым: бұл система кезінде капиталист өзінің ғимараттарына едәуір мөлшерде тігін машиналарын шоғырландырады, ал машинадан шыққан өнімді онан әрі өңдеу үшін толып жатқан үй жұмысшылары армиясына бөліп береді²⁷¹⁾. Алайда өтпелі формалардың ала-құлалығы нағыз фабрикалық өндіріске айналу тенденциясын бүркпейді. Бұл тенденция тігін машинасы сипатының өзінен, оны қолдану тәсілдерінің сан алуандығы бұрын бөлек-бөлек болып келген өндіріс салаларын бір ғимаратқа, бір капиталдын қоластына біріктіруге итермелейді; онан соң, алғашқы тігу-құрау ісін және басқа да кейбір жұмыстарды машиналар тұрған жерде істеу бәрінен тиімдірек болатындығынан; ақырында, өзіне тән машиналарының көмегімен жұмыс істейтін қол өнершілер мен үй жұмысшыларын сөзсіз қанаудан нәр алады. Шінара олар кәзірдің өзінде-ақ осындай қаналуға душар болып отыр. Тігін машинасына жұмсалған капитал аумағынын үнемі артуы²⁷²⁾ өндірісті ұлғайтуға стимул болады және рынокта тоқырау туғызады, бұл жағдайлар үй жұмысшыларын

²⁶⁹⁾ «Жұмыс үйлерін арендау ақысы, тегінде, сайып келгенде-әсіресе астаналарда — жұмысты ұсақ кәсіпкерлермен семьяларға таратып берудің ескі системасынын бәрінен ұзақ сақталуына және бәрінен тезірек қалпына келуіне шешуші ықпалын тигізген жағдай болса керек» (бұл да сонда, 83-бет, № 123). Соңғы сөйлем түгелінен етік кәсіпшілігіне қатысты сөйлем.

²⁷⁰⁾ Мұндай жағдай жұмысшыларының жай-күйі қайыршылардың жай-күйінен оша артық емес биялай, т. с. өндірістерінде жоқ.

²⁷¹⁾ «Children's Employment Commission. 2nd Report», 1864, p. 83, № 122.

²⁷²⁾ Лесгерде, көтерме сауда үшін істейтін бір етік-башмақ өндірісінде 1864 ж. өзінде-ақ 800 тігін машинасы қолданылған.

өздерінің тігін машиналарын сатуға мәжбүр етеді. Тігін машиналарының өздерінің артық өндірілуі товарын өткізуге мұқтаж болып отырған өндірісшілерді әлгі машиналарын апталық мерзімге пайдалануға беруге итермелейді, сөйтіп осылайша машиналары бар ұсақ меншікшілер үшін ажалды бәсеке туғызады²⁷³⁾. Машиналар конструкциясында үнемі өзгеріс жасала беруі және олардың арзандауы дәл солайша үнемі ескі машиналардың құнын түсіріп отырады, осының салдарынан бұларды су тегін арзан бағамен көптеп сатып алатын ірі капиталистер ғана оларды пайда түсіретіндей етіп қолдана алады. Ақырында, осы тәріздес барлық төңкеріс процесіндегі сияқты, мұнда да адамның орнын бұл машинасының басуы шешуші маңыз алады. Бұл күшін қолдану әдепкіде машинаның селкілдеуі, олардың шапшандығын реттеу қиыншылығы, неғұрлым жеңіл машиналардың тез бұлінуі, т. с. сияқты таза техникалық кедергілерге кездеседі,— көп кешікпей-ақ практика бұл кедергілердің бәрін жоюды үйретеді²⁷⁴⁾. Егер, бір жағынан, көптеген жұмыс машиналарын біршама ірі мануфактураларға шоғырландыру бұл күшін қолдануға ұмтылдырса, екінші жағынан, пардың адамның бұлшық етімен бәсекелесуі жұмысшы адамдар мен жұмыс машиналарын үлкен фабрикаларға шоғырландыруды тездетеді. Мәселен, Англиядағы «weaving apparatus» өндірісінің орасан зор сферасы, сол сияқты басқа да өндірістердің көп бөлегі, кәзіргі кезде мануфактураның, коләнері мен үйге берілетін жұмыстың фабрикалық өндіріске көшуінің революциясын бастан кешіруде, ал жоғарыда аталған формалардың бәрі бұл көшуден бұрын-ақ ірі өнеркәсіптің ықпалымен мүлдем өзгеріп кеткен, ыдыраған, бейнесі бұзылып кеткен болатын және фабрикалық системаның жақсы жақтарын игеріп болмай жатып, оның барлық сұмдықтарын баяғыда-ақ істей бастаған, тіпті онан асып та түскен болатын²⁷⁵⁾.

Осы стихиялық түрде болып жататын өнеркәсіп революциясы әйелдер, жас өспірімдер мен балалар істейтін өнеркәсіп салаларының бәрінде фабрикалық заңдарды қолдану арқылы

²⁷³⁾ «Children's Employment Commission. 2nd Report», 1864, p. 84. № 124.

²⁷⁴⁾ Мысалы, Пимликодағы, Лондон, әскери-киім жабдық депосында, Лондондегідегі Тилль мен Хендерсонның көйлек фабрикасында, Лиммериктегі 1 200 жұмысшысы бар Тейт фирмасының көйлек фабрикасында.

²⁷⁵⁾ «Фабрикалық системаға бет алу» («Children's Employment Commission. 2nd Report», 1864, p. LXVII). «Өндірістің бәрі кәзір өтпелі күйде болып отыр және шілттер өндірісінде, тоқима өндірісінде, т. т. болған өзгерістер сияқты өзгерістерге ұшырауда» (бұл да сонда, № 405). «Наурыз революция» (бұл да сонда, XLVI-бет, № 318). Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі Комиссияның заманында 1840 жылы шұлық тоқу өндірісінде жұмыс әлі қолмен атқарылатын. 1846 жылдан бастап әр алуан машиналар енгізілді, бұлар кәзіргі кезде бұмен жүргізіледі. Англияның шұлық тоқу өндірісінде істейтін 3 жастан бастап, барлық жастағы ерлер мен әйелдердің жалпы саны 1862 ж. 120 000 шамасы болды. Парламенттің 11 февральдағы¹⁸²⁾ есебі бойынша, 1862 жылы осы адамдардың ішінен небәрі 4 063 адамға ғана фабрикалық заң күші жүрген.

жасанды түрде тездетіле түседі. Жұмыс күнінің ұзақтығын, үзілістерді, жұмыс күнінің басталуы мен аяқталу кезеңін күшпен реттеп отыру, балалар сменасының системасы, белгілі жасқа дейінгі балалардың бәрін жұмыстан шығару, т. т. машиналарды еселеп қолдануға²⁷⁶⁾ және қозғаушы күш ретіндегі бұлшық еттің орнына буды пайдалануға ұмтылдырады²⁷⁷⁾. Екінші жағынан, уақыт жағынан ұтылғанды ғимарат жағынан ұтуға ұмтылушылық бірлесе пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтарын,— пештерді, ғимараттарды, т. т.,— сан жағынан ұлғайтуға бастап әкеледі, қысқасы, өндіріс құрал-жабдықтарын шоғырландыру және осыған сәйкес жұмысшыларды бір жерге жинақтау күшейеді. Мануфактураға фабрикалық заңды қолдану қатері төнген сайын асылында нақ сол бір басты қарсылық өршелене қайталанып отырады: фабрикалық заңға бағынған күнде істі бұрынғы көлемінде жүргізе беру үшін молырақ капитал жұмсау қажет болады. Ал мануфактура мен үйге берілетін жұмыстың арасындағы аралық формаларға және үйге берілетін жұмыстың өзіне келетін болсақ, онда жұмыс күші мен балалар еңбегіне шек қойылуына байланысты олар тірек негізінен айрылады. Арзан жұмыс күшін шексіз қанау олардың бәсекелесу қабілеттілігінің бірден-бір негізі болып табылады.

Фабрикалық өндірістің, әсіресе онда жұмыс күнін реттеп отыру ісі қолданыла бастағаннан бергі жердегі, өте маңызды шарты — қалыпты нәтижеге жетудің қамтамасыз етілгендігі, яғни белгілібір кесімді мерзімнің ішінде белгілібір мөлшерлі товар шығарылатынына немесе көзделген пайдалы нәтижеге жетуге болатынына сенімді болу. Онан соң, ретке салынып отыратын жұмыс күнінің заң жүзінде белгіленген үзілістері еңбекті кенеттен және дүркін-дүркін тоқтатып қою ісі өндіріс процесіндегі өнімге зиян келтірместен жасалады деп ұйғарады. Осылайша нәтиженің қамтамасыз етілгендігі мен еңбекті үзу мүмкіншілігі әдетте, химиялық және физикалық процестер белгілі роль атқаратын өндірістердегіден гөрі, мысалы, қыш құмыра, әктеу, бояу, наубайхана кәсіпшіліктеріндегіден гөрі, металл өңдеу мануфактураларының көпшілігіндегіден гөрі таза механикалық өндірістерде оңай жүзеге асырылады. Шексіз жұмыс күні, түнгі еңбек және адам күшін емін-еркін

²⁷⁶⁾ Мысалы, Кокреннің «*Britannia Pottery, Glasgow*» фирмасының қыш құмыра өндірісі жайында былай дейді: «Өндірістің бұрынғы көлемін сақтау үшін мамандығы жоқ жұмысшылар істейтін машиналарды қолдану ісін күшейту әрекетін жасадық, міне, енді ескі тәсіл кезіндегіден өнімді көп өндіруге болатынына күн санап көзіміз жете түсіп отыр» («*Reports of Insp. of Fact. for 31st October 1865*», p. 13). «Фабрикалық заңның әсері сондай, ол машиналарды онан әрі енгізуге ұмтылдырады» (бұл да сонда, 13, 14-бет).

²⁷⁷⁾ Мысалы, қыш құмыра өндірісіне фабрикалық зиян қолданылғаннан кейінгі жерде *power jiggers*-тің [қолмен айналырылатын құмыра шеңберлерінің] орнына *handmoved jiggers* [механикалық құмыра шеңберлері] мықтап көбейгені байқалады.

ысырап қылу кеселі үстем болып тұрған жерде көп кешікпей стихиялық кедергі атаулыны өндірістің мәңгілік «табиғи шегі» деп біле бастайды. Фабрикалық заң осындай «табиғи шектерді» жояды, бұл жағынан зиянды жәндіктерді біржолата түп-теп құртатын ешбір у оған пар келмейді. «Мүмкіншілік жоқ» деп даурыға жар салу жағынан қыш-құмыра кәсіпшілігіндегі мырзалардан асқан ешкім болған емес. 1864 жылы оларға фабрикалық заң беріліп еді, сол сол-ақ екен 16 айдан кейін әлгі мүмкін еместер түгелінен жойылды.

Фабрикалық заң тудырған тәсіл— «кептіру орнына престеу арқылы қыш құмыра массасын (slip) жасау тәсілін жетілдіру, күйдірілмеген товарды кептіретін пештердің жаңа конструкциясы, т. т.— осының бәрі қыш құмыра өнері үшін үлкен маңызды оқиғалар болған үздік прогресс болып табылады, соңғы жүз жылда бұған тең кслерлік пәрсе болған емес. Пештердің қызуы көп төмендетілді, оған көмір жағу едәуір азайтылды және товарға әсері тезірек тиетін етілді»²⁷⁶).

Қаншама сәуегейлік айтылғанына қарамастан, қыш құмыра товарларын өндіру шығыны артқан жоқ, қайта өнім аумағы артты, сол себепті 12 ай ішінде, 1864 жылғы декабрьден 1865 жылғы декабрьге дейінгі уақытта, шетке товар шығару құн жағынан өткен үш жылда шығарылған товардың орта мөлшерінен 138 628 фунт стерлинг асып түсті. Шақпақ сіріңкелер өндіруде жас өспірімдердің тіпті түскі тамақ ішіп жатқан кезде де сіріңкені улы буы бетті шаритын жылы фосфор ерітіндісіне малып отыруға тиіс болғаны табиғат заңы деп есептелді. Уақытты үнемдеуге мәжбүр ете отырып, фабрикалық заң (1864 ж.) «dipping machine» (малу машинасын) енгіздіртті, онан шыққан бу жұмысшыға жете алмайды²⁷⁷). Дәл сондай-ақ шілтер мануфактурасының фабрикалық заңға әлі бағындырылмаған салалары жөнінде кәзіргі кезде былай десеңі: мұнда тамақ ішетін уақытты реттеп отыру мүмкін емес, өйткені шілтерге керекті түрлі материалдарды кептіруге қажетті уақыт біркелкі емес, мұндай уақыт 3 минуттан бір сағатқа дейін, онан да көпке созылады дегенді айтады. Бұған балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі Комиссияның мүшелері былай деп жауап береді:

«Мұндағы жағдай да обой жасап шығарудағы сияқты. Бұл саладағы кейбір басты фабриканттар қолданылатын материалдардың сипаты және сол материалдар өтетін процестердің әркелкілігі тамақ йну үшін жұмыста кенет үзіліс жасауға мүмкіндік бермейді, себебі бұлай ету үлкен зиянға ұшыратады, дегенді қатты баса айтады... Фабрикалық заңдардың күші жү-

²⁷⁶) «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1865», p. 96, 127.

²⁷⁷) Сіріңке фабрикасында осы машинаны және басқа да машиналарды қолданғаннан кейін оның бір бөлімінде 230 жас өспірімдер орнына 14—17 жастағы 32 жас жігіт пен қыздар істейтін болды. Жұмысшылар санынан осылайша үнемдеу 1865 жылы бу күшін пайдалану арқылы онан әрі күшейтілді.

ретін сфераны ұлғайту жөніндегі заңның алтыншы тарауының алтыншы тармағына сәйкес» (1864 ж.) «олар демалыс үшін фабрикалық заңдар белгілеген үзілісті әлгі заң шыққан кезден бастап 18 ай өткеннен кейін барып қана қолдануға міндетті»²⁸⁰).

Занды парламенттің құптауы-ақ мұң екен, дереу фабрикант мырзалар жаңалық ашты:

«Фабрикалық заңды қолданудан туады деп біз күткен қолайсыздық болған жоқ. Біз өндірістің нендей де бір қиыншылыққа кездескенін көре алмадық. Ал шындығында пақ сол уақыттың ішінде біз бұрынғыдан көп өндірудеміз»²⁸¹).

Сонымен, даналығына ешкім кінә қоя алмайтын ағылшын парламенті тәжірибе жолымен мынадай сенімге келді: жұмыс күнін шектеу мен реттеу жөнінде бейне бір өндіріс қоятын табиғи кедергі дейтіндердің бәрін зорлық заңы жәй ғана әмір ету арқылы-ақ жоя алады екен. Сондықтан өнеркәсіптің белгілі саласында фабрикалық заңды енгізген кезде 6 айдан 18 айға дейін мерзім белгіленеді, ал осы уақыттың ішінде техникалық кедергілер жойылатын ету — фабриканттың ісі. Мирабонның: «Impossible? Ne me dites jamais ce bête de mot!» [«Мүмкін емес дейсіз бе? Бұл есуастық сөзді маған ешқашан айтушы болмаңыз!»] деген сөздері кәзіргі заманғы технология үшін ерекше маңыз алып отыр. Ал егер мануфактуралық өндірісті фабрикалық өндіріске айналдыру үшін қажетті материалдық элементтерді фабрикалық заң теплиціадағы сияқтандырып тез өсіретін болса, онда мұнымен қабат капитал жұмсауды арттыру қажеттігін туғыза отырып, ол неғұрлым ұсақ кәсіп иелерінің күйреп құруын және капиталдың шоғырлануын тездете түседі²⁸²).

Егер кілең техникалық және техникалық жағынан жоюға болатын кедергілерді былай қойсақ, жұмыс күнін реттеп отыру ісі жұмысшылардың өздерінің бейберекеттік әдеттеріне кездеседі, ол әсіресе кесімді ақы үстемдік ететін және күннің немесе аптаның кейбір бөлегін қыдырумен өткізіп, оның орнын кейін мерзімнен тыс немесе түнгі еңбекпен өтеп толтыру — ересек жұмысшыны топастандыратын және оның жас өспірім, әйел жолдастарына азыдырушы әсер ететін тәсіл — бар жерлерде кездеседі²⁸³). Жұмыс күшін жұмсаудағы бұл

²⁸⁰) «Children's Employment Commission. 2nd Report», 1864, p. IX, № 50.

²⁸¹) «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1865», p. 22.

²⁸²) «Егер кәзіргі кездегі көптеген мануфактура иелерінің қаржысынан асып түсетін мөлшерде капитал жұмсау жүзеге асырылмаса, онда көптеген ескі мануфактураларда қажетті жетілдіру шараларын... қолдануға болмайды... Фабрикалық заңды енгізу өткініш іріткімен қат-қабат болмай қоймайды. Бұл іріткінің мөлшері фабрикалық заң жоюға тиісті кеселдердің мөлшеріне тікелей пропорциялы» (бұл да сонда, 96, 97-беттер).

²⁸³) Мысалы домна пештерінде «аптаның аяғында әдетте жұмыстың ұзақтығы мықтап артады, мұның өзі жұмысшылардың дүйсенбіде, ал кейде сейсенбінің бір бөле-

бейберекеттік бірсарынды азапты еңбектің зеріктіруіне қарсы жасалған табиғи өрескел әрекет болғанымен, алайда мұның өзі көбінесе өндірістің өзінің анархиясынан туады, ал ол анархия өз ретінде капиталдың жұмыс күшін тежеусіз қанауын көздейді. Өнеркәсіп циклі фазаларының жалпы дүркін-дүркін алмасуымен және рыноктың ерекше ауытқуымен қатар өндірістің әрбір саласында сахнаға мейлінше қысқа мерзімде орындау қажет болатын тұтқиыл үлкен заказдар маусымы дейтін келіп шығады, оның бержағында бұл маусымдық жұмыстар кеме жүруге қолайлы жыл мезгілдерінің ауыспалылығына байланысты ма әлде модаға байланысты ма,— ол жағы бәрі бір. Темір жолдар мен телеграф неғұрлым кең қанат жайса, тұтқиыл заказдар солғұрлым әдетке айналады.

«Темір жол жүйесінің бүкіл елге тарауы»,— дейді, мысалы, Лондонның бір фабриканты,— «қысқа мерзімді заказдар салтына мейлінше қолайлы болды; Глазгодан, Манчестерден, Эдинбургтен келген сатып алушылар біз товар жеткізіп беріп тұратын Ситидегі ірі сауда үйлеріне көтере сатып алу үшін қазірде шамамен 2 аптада бір рет келіп тұрады. Бұрынғы салт бойынша қоймадан сатып алу орнына, олар заказ беретін болды, онысы дереу орындалуға тиіс. Бұрынғы жылдарда біз сұраныс нашар болған кездерде келесі маусымның сұранысын алу үшін әрқашан күні бұрын істеп қоятын едік, ал қазір сұраныс не жайында болатынын ешкім алдын ала болжап айта алмайтын болды»²⁸⁴).

Фабрикалық заңға әлі де бағындырылмаған фабрикалар мен мануфактураларда маусымдар дейтіндер кезінде және тұтқиыл заказдар салдарынан — мерзімсіз кездерде дүркін-дүркін сұмдық шектен тыс ауыр еңбек үстемдік етуде. Фабриканың, мануфактура мен магазиннің сыртқы бөлімдерінде — бірқалыптылықтан онсыз да мүлдем жүрдай, шикі материалдар мен заказдар жөнінен капиталистің, мұнда ғимараттарды, машиналарды, т. т. пайдалану жөнінде ешқандай қам жемсітін және жұмысшылардың өздерінің жон терісінен басқа ештеңені тәуекелге қоймайтын капиталистің озбырлығына түгелдей бағынышты үйге берілетін жұмыс сферасында — міне осы сыртқы бөлімде өнеркәсіптік резерв армия, капиталиске қызмет етуге әрдайым әзір, жылдың бір бөлегінде адам төзгісіз

гінде немесе тілгі бүкіл сейсенбі бойы жұмыс істемеуінен болады» («Children's Employment Commission. 3rd Report», p. VI). «Ұсақ мастерлердің жұмыс істеу сағаттары әдетте өте құбылмалы болады. Олар 2—3 күнді босқа өткізеді де, кейін оның орнын толтыру үшін түні бойы жұмыс істейді. Егер олардың балалары бар болса, оларға да әрқашан жұмыс істетіреді» (бұл да сонда, VII бет). «Жұмысқа келуде тұрақтылықтың жоқтығы мұның есесін жұмыс сағатының санын көбейтумен толтыру мүмкіндігімен және практикасымен көтермеленіп отырады» (бұл да сонда, XVIII бет). «Бирмингемде уақытты босқа өткізушілік өте көп... бір мезгілде іссіз бос жүреді, ал енді бір мезгілде дінкесі құрығаша каторгалық еңбек етеді» (бұл да сонда, XI бет).²⁸⁴ «Children's Employment Commission. 4th Report», p. XXXII, «Темір жол жүйесінің ұлғаюы осы тұтқиыл заказдар салтына қатты себепші болды және оның аяғы асығыстыққа, тамақтану сағаттарына мән бермеуге, жұмысты ұзақ істеуге әкеліп соқтырды деседі» (бұл да сонда, XXXI бет).

сұмдық қаторгалық еңбектен жаншылып құритын, ал жылдың екінші бөлегінде жұмыс жоқтығынан қаңғырмашылық күйге түсіп тұралайтын резерв армия осылайша үнемі жасалып жатады.

«Кәсіп иелері»,— дейді балалар еңбегінің жағдайын зерттеу жөніндегі Комиссия,— «үйге берілетін жұмыстың әдетке айналған тұрақсыздығын пайдаланады, шұғыл жұмыстар атқарылатын кездерде оны түнгі сағат 11, 12, 2-ге дейін, немесе жұрт арасына көп тараған сөзбен айтқанда, қалаған сағатына дейін созады, және де жұмыс істелетін үйлердің «сасықтығы» сонша, кірсең есінен танасын» («the stench is enogh to knock you down»). Мүмкін сіз оның есігіне дейін барарсыз, тіпті есігін ашарсыз да, бірақ онан әрі баруға батпайсыз»²⁸⁵). «Біздің кәсіп иелері қызық адамдар»,— дейді куәретінде жауап берген бір етікші,— «олар жас өспірімге жылдың бір жартысында өлтіре жұмыс істетіп, қанын сорса, ал жылдың екінші жартысында мүлдем дерлік жұмыссыз қаңғыртып қойса, оған ешқандай зиян жоқ деп біледі»²⁸⁶).

Техникалық кедергілер туралы да, сол сияқты осы «сауда салттары» («usages which have grown with the growth of trade») дейтіндер туралы да осы істерге мүдделі капиталистер өндірістің «табиғи шегі» дегенді айтып келді және солай айтуда — мұның өзі фабрикалық заң мақта мата лордтарына тұңғыш рет қатер төндіре бастаған заманда солардың сүйіп айтқан шағымы. Олардың өнеркәсібі дүниежүзілік рынокқа, ал олай болса кеме қатынасына да, басқа өнеркәсіптің қайсысынан гөрі де неғұрлым көбірек сүйеніп отырғанымен, алайда тәжірибе олардың өтірігін әшкерелеп берді. Содан бастап ағылшынның фабрика инспекторлары «сауда кедергілері» дегенге бос сөз деп қарайтын болып алды²⁸⁷). Шындығында, балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі Комиссияның тыңғылықты да адал атқарған жұмысы кейбір өнеркәсіп салаларында жұмыс күнін ретке келтіру сол салалардың өзінде қолданылып отырған еңбек массасын бүкіл жыл бойына бірқалыпты етіп бөлген болар еді дегенді дәлелдейді²⁸⁸); оның өзі кісі өлтіргіш, мағнасыз және шын мәнісінде ірі өнеркәсіп системасына үндеспейтін моданың құбылмалы қыңырлығына салынатын алғашқы тиімді нөқта болатынын²⁸⁹); мұхит кеме

²⁸⁵) «Children's Employment Commission. 4 th Report», p. XXXV, № 235, № 237.

²⁸⁶) Бұл да сонда, 127-бет, № 56.

²⁸⁷) «Теңізбен тасылатын товарлар зақаздарының тиісті мерзімінде орындалмауынан саудада болатын зияндарға келетін болсақ, онда мұның өзі фабрикалық кәсіпкерлердің 1832, 1833 жылдарда айта беретін желеуі екені менің өсімге түсіп отыр. Бұл жөнінде көзір айтуға болатын нәрсенің бәрі бұ барлық жолды екі есе қысқарта қоймаған және тасымалдың жаңа құралдарын шығара қоймаған сол кездегі күшпен айрылған. Тіпті сол кездің өзінде-ақ практика жүзінде тексергенде бұл желеу қисынсыз болып шығатын, ал көзір ол ешбір сын көтермейді!» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1882», p. 54—55).

²⁸⁸) «Children's Employment Commission. 3rd Report», p. XVIII, № 118.

²⁸⁹) 1699 жылдың өзінде-ақ Джон Беллерс былай деп көрсетеді: «Моданың тұрақсыздығы сөз жоқ келетіндер санын көбейтеді. Онда екі зор қырсық бар: 1) жұмысшылар қыста жұмыс тапшылығын тарығады, қашан көктем шығып, мода қандай болатыны анықталғанша мата саудагерлері мен тоқымашы-кәсіпкерлер капиталын

қатынасы мен жалпы қатынас құралдарының дамуы маусымдық жұмысқа тән техникалық негізді жойғанын²⁹⁰⁾; бақылауға көнбейді-мыс дейтін басқа жағдайлардың бәрі де ғимараттарды ұлғайту, қосымша машиналар, бір мезгілде істейтін жұмысшылар санын көбейту арқылы жойылатынын²⁹¹⁾ және осы өзгерістердің бәрінің көтерме сауда жүйесіне кері ықпал етуі арқылы жойылатынын дәлелдейді²⁹²⁾. Алайда, өз өкілдерінің талай рет мәлімдегеніндей, капитал мұндай төңкеріске жұмыс күнін күштеу-заң жолымен реттейтін «жалпы парламенттік актінің тегеуірінімен ғана»²⁹³⁾ келіседі.

9. ФАБРИКАЛЫҚ ЗАҢ ШЫҒАРУ (ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ МЕН ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР). ОНЫҢ АНГЛИЯДА ЖАППАЙ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Фабрикалық заң шығару, өзінің стихиялық жолмен қалыптасқан өндіріс процесінің құрылысына қоғамның осы алғашқы рет саналы және жоспарлы түрде ықпал жасауы, өзіміздің көріп өткеніміздей, бұл да ірі өнеркәсіптің мақта мата тоқымасы, сельфактор мен электр телеграф сияқты, әбден қажетті жемісі болып табылады. Фабрикалық заңның Англияда жалпыға бірдей жаппай қолданылуы туралы айтпас бұрын оның жұмыс күнінің сағат санына қатысы жоқ кейбір ережелерін қысқаша еске сала кету қажет.

Денсаулықты қорғау туралы ережелер, капиталистер оңоңай бұлтарып кетерліктей етіп жазылғаны туралы айтпағанының өзінде, өте-мөте мардымсыз және іс жүзінде қабырғаларды әкетеу керек деген жарлықпен және тазалық сақтау, желдеткіш қою, қауіпті машиналардан сақтау шаралары жа-

жұмсап, жұмысшыларға табыс тапқызуға аяқ баспайды; 2) көктемде жұмысшылар саны жеткіліксіз болып шығады, сондықтан тоқымашы-қожайындар елдің тоқсандық немесе жарты жылдық саудасын қамтамасыз ету үшін көптеген шәкірттер алуға тиіс болады; мұның өзі жұмысшыларды егіншіліктен әкетеді, деревняны қызметкерлерден айырады және қалаларды қайыршыларға орасан толтырып жібереді; қайыр сұрауға ұялғандар қыста аңған өледі» («Essays about the Poor, Manufactures etc.», p. 9).

²⁹⁰⁾ «Children's Employment Commission. 5 th Report», p. 171, № 34.

²⁹¹⁾ Мысалы Бралфордтың экспорт саудагерлерінің күелік жауабында былай делінген: «Мұндай жағдайлардағы айқын бір нәрсе — магазиндердегі балаларды ертеңгі сағат 8-ден кешкі сағат 7-ге немесе 7½-ға дейіннен артық істеуге мәжбүр етудің қажетті жоқ. Бұл тек қана қосымша шығын мен қосымша жұмыс қолының мәселесі. (Егер кейбір кәсіпкерлер пайда дегенде соншалық ашқарақ болмаса, балалардың түнеге дейін оқинаша ұзақ уақыт істеуіне тура келмеген болар еді; қосымша машина небәрі 16—18 ф. ст. тұрады)... Барлық қиыншылық көмекші жабықтар мен үй-жәйлардың тапшылығында болып отыр» (бұл да сонда, 171-бет, № 35, 36, 38).

²⁹²⁾ Бұл да сонда. Жұмыс күнін күштеп реттеп отыруды фабриканттардан жұмысшыларды қорғау және фабриканттардың өздерін көтерме саудадан қорғау құралы деп білетін бір лондондық фабрикант мынадай жауап берген: «Мысалы, товарды желкенді кемемен жөнелтуді көздейтін экспортшылар біздің тарауға қысым жасайды; олар белгілі маусымның басталар кезінде сол баратын жерінде болуға ұмтылады — сонымен қатар желкенді кеме мен бу кемесі арасында кеме жалдау ақысында болатын айырманы өз қалталарына басқысы келеді; немесе шетел базарына өзінің бәсекелестерінен бұрын жету үшін екі кемеңің неғұрлым ерте кететініне ілгүді көздейді».

²⁹³⁾ «Бұдан», — дейді бір фабрикант, — «жалпы парламенттік актінің тегеуірінімен өндірісті ұлғайту арқылы құтылуға болар еді» (бұл да сонда, X бет, № 38).

йында басқа да кейбір ережелерді айтумен ғана тынады. Жұмысшылардың аяқ-қолдарын жазым болудан қорғау мақсатымен аздаған шығын шығаруды жүктеген ережеге қарсы фабриканттардың қандай жанталаса күрес жүргізгеніне біз үшінші кітапта қайтып соғамыз. Антагонистік мүдделері бар қоғамда әркім өз басының пайдасын көздей отырып, осынысы арқылы ортақ игілікке жәрдемдеседі, дейтін фритредер догматы бұл жерде тағы да тамаша қуатталып отыр. Бұған бір мысалдың өзі де жеткілікті. Соңғы жиырма жыл ішінде Ирландияда зығыр өнеркәсібінің, ал онымен бірге scutching mills (зығыр түтетін фабрикалардың) мықтап ұлғайғаны жұртқа мәлім. 1864 жылы онда осы mills 1 800 болды. Машинадан түк қабары жоқ адамдар, көбінесе жас өспірімдер мен әйелдер, көршілес ұсақ фермерлердің ұлдары, қыздары мен әйелдері зығырды scutching mills жаныштау машиналарына әперіп тұру үшін күз бен қыста егіс жұмыстарынан дүркін-дүркін кетіп қалып отырады. Мұнда болып жататын бақытсыздыққа ұшыраушылық жағдайлар өзінің саны мен жиілігі жағынан машиналар тарихында мүлдем теңдесі жоқ оқиғалар болып табылады. Килдинандағы (Корк маңында) небәрі жалғыз scutching mill машинасында 1852 жылдан 1856 жылға дейін 6 рет кісі өлімі болып, 60 рет ауыр зақымданушылық болды, — ал егер небәрі бірнеше шиллинг тұратын өте қарапайым қосымша жабдықтар қойылған болса, жаңағының бәрін болғызбауға болатын еді. Даунпатриктегі фабрикалардың certifying surgeon [ресми дәрігері] д-р Уайт 1865 жылғы 16 декабрьдегі ресми есебінде былай дейді:

«Scutching mills-тегі бақытсыздыққа ұшырау жағдайлары жан шошырлық. Көп реттерде дененің төрттен бірін жұлып әкетеді. Өліп кету немесе болашақта толық дәрменсіз сорлы болып, қасірет шегу, — міне зақымданудың әдеттегі салдары осындай. Елде фабрикалар санының артуы, әрине, мұндай сұмдық нәтижелерді бұрынғыдан анағұрлым көбейтеді. Мемлекет scutching mills-ке тиісті бақылау орнатса, денсаулық пен тіршіліктің осындай зор құрбандыққа ұшырауына жол бермеуге болатынына менің сенімім көміл»²⁹⁴).

Капиталистік өндіріс әдісіне тазалық пен денсаулықты қорғаудың ең қарапайым ережелерін сақтауды осылайша мемлекеттік күштеу заңымен әкеліп таңу қажеттігінен артық оны сипаттайтын тағы қандай сипаттама болмақ?

«1864 жылғы фабрикалық акт қыш құмыра өндірісінде 200-ден аса мастерскойды әктетіп, тазарттырды, осыдан кейін олар мұндай жұмыстарды 20 жыл бойына немесе тіпті мүлдем дерлік тоқтатты» (міне, капиталдың «бойтартуы» деген осы!). «Осы уақытқа дейін бұл мастерскойларда шектен асқан күндізгі, ал көп ретте түнгі жұмыс кезінде де сасық ауамен

²⁹⁴) «Children's Employment Commission. 5 th Report», p. XV, № 72 sqq.

дем алып келген 27 878 жұмысшы істеді, осының салдарынан жалпы біршама зиянсыздау осы өндіріс ауруға шалдығу мен өлім қатерін үнемі төндіруде болды. Фабрикалық акт желдеткіш жабдықтарын мықтап көбейтірді»²⁹⁵).

Мұнымен бірге фабрикалық акт қолданылған осы сала капиталистік өндіріс әдісі нақ өзінің мәні жағынан белгілі шектен асқаннан кейін тиімді жақсарту атаулыны болғызбайтынын мейлінше айқын көрсетеді. Ағылшын дәрігерлері үздіксіз жұмыс істеген кезде бір адамға 500 текше фут ауа жетержетпес қана мөлшер болады дегенді бірауыздан мойындайтынын біз талай рет атап өттік. Хош! Егер фабрикалық акт ұсақ мастерскойларға фабрикаларға айналдыруды өзінің барлық күштеу шаралары арқылы жанама түрде тездетіп отыр екен, олай болса ұсақ капиталистердің меншік правосына жанама түрде қол сұғып, ірі капиталистерге монополия болуын қамтамасыз етіп отыр екен, онда әр жұмысшыға қажетті ауа мөлшерін заң бойынша бір дегеннен-ақ қамтамасыз ету мындаған ұсақ капиталистерді тура экспроприациялау болар еді! Мұның өзі капиталистік өндіріс әдісінің, яғни капиталдың жұмыс күшін «еркін» сатып алып, пайдалану арқылы болып жататын өзінен өзі өсуінің, ірі капиталдың да, ұсақ капиталдың да өзінен өзі өсуінің, нағыз түп тамырына балта шабу болар еді. Әне сондықтан да әлгі 500 текше футтық ауаға келгенде фабрикалық заңның дымы құрып, үні шықпайды. Таза-лық сақтау мекемелері, өнеркәсіпті тексеру комиссиялары, фабрикалық инспекторлар сол 500 текше футтық ауаның қажеттігін және оны капиталдан жұлып алуға болмайтынын үсті-үстіне айтуда. Сонымен, олар жұмысшылардың құрт ауруы мен басқа да өкпе аурулары капиталдың өмір сүруінің шарты болып табылады дегенді іс жүзінде мәлімдеп отыр²⁹⁶).

Фабрикалық заңның тәрбие жөніндегі статъялары жалпы алғанда қаншама мардымсыз болғанымен, олар бастауыш оқуды еңбектің міндетті шарты деп жариялады²⁹⁷). Олардың табысы оқыту мен гимнастиканы дене еңбегімен ұштасты-

²⁹⁵) «Reports of Insp. of Fact, for 31 st October 1865». p. 127.

²⁹⁶) Тәжірибеде мынау анықталған: депі сау орташа адам орташа тездікпен дем алған сайын 25 текше дюйм шамасында ауа жұтады және минутына 20 рет шамасы дем алады. Сонда бір адамның тәулікте жұтатын ауасы 720 000 текше дюйм, немесе 416 текше фут шамасы болуға тиіс. Алайда жұтқан ауа жаратылыстың ұлы мастерскойында тазармай тұрып, оны қайта жұтуға болмайтыны белгілі. Валентин мен Бруннердің жасаған тәжірибелеріне қарағанда, депі сау адам, тегі, сағатына 1 300 текше дюйм көмір қишқылы газын шығарып отыру керек; мұның өзі өкпенің тәулігіне 8 унцияға дейін қатты көмір шығарып отыруымен тең. «Әрбір адамға кемі 800 текше футтан ауа келетін болуға тиіс» (*Huxley* [*Lessons in Elementary Physiology*]. London, 1860, p. 105).

²⁹⁷) Ағылшынның фабрикалық заңы бойынша, егер «бақылаудағы» фабрикалар еңбекпен қатар бастауыш оқуды қамтамасыз етпейтін болса, ата-аналар оған 14 жасқа дейінгі балаларын жібере алмайды. Фабрикант заңды сақтап отыруға жауапты. «Фабрика жанында оқыту міндетті нәрсе, ол — жұмыс істеу шарты» («Reports of Insp. of Fact, for 31 st October 1865», p. 111).

ру²⁹⁸), демек, дене еңбегін де оқытумен және гимнастикамен ұштастыру мүмкін екенін тұңғыш рет дәлелдеді. Фабрика инспекторлары оқытушылардың жауаптарын тыңдай келіп, кешікпей мынаны ашты: фабрикадағы балалар мектепке күндіз үнемі барып тұратын оқушылардан екі есе аз оқығанымен, оқу жағынан олардан қалыспайды, тіпті екінің бірінде олардан артық оқып үлгереді.

«Оның түсінігі оңай. Мектепте жарты күн ғана болатындар үнемі тың, сондықтан әрқашан оқуға қабілетті және оған әзір тұрады дегуге болады. Еңбек мектептегі оқумен алмасып отыратын система осы екі кәсіптің әрқайсысын бірінен соң бірінде дем алып, тынығуға айналдырады, ендеше, бұл система балаға әлгі екі кәсіптің бірінің үнемі бола беруінен гөрі анағұрлым қолайлы. Таңертеңнен бастап, әсіресе ыссы күндері мектепте отырған бала жұмысынан сергек, көтеріңкі келген баламен бәсекелесе аямайды»²⁹⁹).

Мұнан арғы дәлелдемелерді Сениордың 1863 жылы Эдинбургте социология конгресінде сөйлеген сөзінен табуға болады. Ол мұнда мынадай бір жағдайды көрсетеді: жоғарғы және орта кластардағы балалардың біржақты өнімсіз және ұзаққа созылатын мектеп күні оқытушының жұмысын еш пайдасыз көбейтіп жібереді «және сонымен қатар ешбір жеміс бермейтіні өз алдына, оның үстіне балаларға тікелей зиян келтіреді, уақытын, ден саулығы мен күш-жігерін ысырап етеді»³⁰⁰). Егжей-тегжейін Роберт Оуэннен байқауға болатынындай, болашақ заман тәрбиесінің ұрығы фабрикалық системадан өсіп шықты, болашақ заманда белгілі бір жастан асқан барлық балалар үшін өндіргіш еңбек сабақ оқытумен, гимнастикамен ұштастырылғанда қоғамдық өндірісті ұлғайту құралдарының бірі ретінде ғана емес, сонымен қатар барлық жағы-

²⁹⁸ Гимнастиканы (ал жас жігіттер үшін әскери жаттығуларды да) фабрикалар мен кедейлер мектептерінде балаларды міндетті түрде оқытумен ұштастырудың ең тамаша нәтижелері жайында Н. У. Сениордың Қоғамдық ғылымдарға жәрдем ету жөніндегі ұлттық ассоциацияның әржылдық жетінші конгресінде сөйлеген сөзін «Report of Proceeding etc.»-тен, London, 1863, p. 63, 64, сол сияқты фабрика инспекторларының 1865 жылғы 31 октябрьдегі есебін қараңыз, 118, 119, 120 келесі беттері.

²⁹⁹ «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1865», p. 118. Бір аңқау жібек фабриканты Балалар еңбегінің жардайларын тексеру жөніндегі комиссияның мүшесіне былай деген: «Жақсы жұмысшылар даярлап шығарудың сыры болса жастан бастап еңбекті оқумен ұштастырудан табылып отырғанына мен кәміл сенімдімін. Әрине, еңбек тым ауыр да, жергілі жіберетіндей де, денсаулыққа зиянды да болмауға тиіс. Менің тілегім — өз балаларыма еңбек пен ойын мектептен тынығу сияқты болса деймін» («Children's Employment Commission. 5 th Report», p. 82, № 36).

³⁰⁰ Сениордың Қоғамдық ғылымдарға жәрдем ету жөніндегі ұлттық ассоциацияның әр жылдық жетінші конгресінде «Report of Proceeding»-тегі сөзі, 66-бет. Дамудың белгілі дәрежесіне жеткен ірі өнеркәсіп материалдық өндіріс әдісі мен қоғамдық қарым-қатынастардағы төңкеріспен қатар адамның басында да төңкеріс жасайтынын Н. У. Сениордың 1863 жылғы сөзін оның 1833 жылғы фабрикалық заңға қарсы ызаалы сөзімен салыстыру немесе аталған конгресстің көзқарастарын Англияның кейбір селолық аудандарында әлі күнге дейін аштан өлу қатерімен кедей ата-аналарға балаларын оқыттырмайтыны сияқты фактімен салыстыру әбден айқын көрсетеді. Мысалы, Снедл мырза мынаны айтады: егер Сомерсетширде біреу-міреу кедейлігі себепті приходқа жәрдем сұрай келсе, орын тепкен практика бойынша, оны баласын мектептен қайтарып алуға мәжбүр ететін болған. Мысалы, Фелтмендегі сүйенник Уолластон мырза кейбір семьяларға үзілді-кесілді ешқандай қайырымшылық жасалмайтын болғанын, мұның «себебі олар балаларын мектепке жіберетіндігі» екені сияқты жәйттерді айтады.

нан бірдей жетілген адамдарды шығарудың бірден-бір құралы ретінде де ұштастырылатын болады.

Біз ірі өнеркәсіп адамды түгелдей өмір бойына бір бөлшек операцияға әкеліп танатын мануфактуралық еңбек бөлігісін техникалық жағынан жоятынын көрдік, ал сонымен қабат ірі өнеркәсіптің капиталистік формасы осы еңбек бөлігісін бұрынығыдан да сұмдық түрінде қайта қалпына келтіреді: мұны фабриканың өзінде жұмысшыны бөлшек машинаның саналы шылауына айналдыру арқылы, барлық басқа жерлерде шінара машиналар мен машина еңбегін кездейсоқ қолдану арқылы³⁰¹⁾, шінара әйел, бала еңбегін және еңбек бөлігісінің жаңа негізі ретінде машықтанбаған еңбекті қолдану арқылы істейді. Мануфактуралық еңбек бөлігісі мен ірі өнеркәсіптің мәні арасындағы қайшылық өзін зорлықпен танытады. Басқасын былай қойғанда, мұның өзі көзіргі заманғы фабрикалар мен мануфактураларда істейтін және нағыз балғын кезінен ең қарапайым қимылға таңылған балалардың көпшілік бөлегі жылдар бойына қанауға түсіп, ең болмаса сол мануфактураның немесе сол фабриканың өзінде кейін бұларды керек етсеңдеріңіз білмейтін сияқты сұмдық фактіден көрінеді. Мысалы, ағылшын баспаханаларында бұрын ескі мануфактура мен қолөнер системасына сәйкес келетін, шәкірттерді бір шама қарапайым жұмыстан неғұрлым күрделі жұмысқа көшіру салты болатын. Үйретілген баспашы болып шыққанға дейін шәкірттер үйрену курсың өтетін. Оқи және жаза білу қолөнерінде істеу үшін жұрттың бәріне қажетті шарт болатын. Баспа машинасы шығуымен байланысты осының бәрі өзгеріп кетті. Ол екі түрлі жұмысшыны: машинаны бақылайтын ересек жұмысшыны және жасы жетпеген, әдетте 11—17 жастағы ер балаларды керек қылады, бұлардың атқаратын бар қызметі машинаға қағаз салып тұру немесе басылған қағаздарды онан алып тұру болады. Олар, әсіресе Лондонда, осы дінкеге тиетін жұмыспен аптаның кейбір күндерінде үзіліссіз 14, 15, 16 сағат, ал көп ретте бірден 36 сағат істейді, тамақ пен ұйқыға небәрі екі сағат қана үзіліс жасайды!³⁰²⁾ Олардың көпшілігі

³⁰¹⁾ Адам күшімен істейтін қолөнер машиналары механикалық қозғаушы күшті керек ететін жетілген машиналармен тікелей немесе жанама түрде бәсекеге түскен реттерде машинаны іске қосушы жұмысшы жөнінде ірі өзгерістер болады. Әуелде бұл жұмысшының орнын бу машинасы басқан, енді ол алғи бу машинасының орнын басуға тиіс. Сондықтан оның жұмыс күшін барынша жұмылдыруы мен жұмсауы сұмдық мөлшерге жетеді, әсіресе осы аспапқа таңылған жас өспірімдерге қиын болады. Мысалы, комиссия мүшесі Лонджд Ковентри мен оның төңірегіндегі жерлерде 10—15 жасар ер балалардың лента станогін айналдыруға пайдаланылатынын, ал онан да жас балалар бұдан төрі кішілеу станоктарды айналдыруға тиісті екенін көрген. «Мұның өзі өте-өте ауыр еңбек. Тұрасын айтқанда, бу күші орнына балалар істейді» («Children's Employment Commission. 5th Report», 1866, p.114, № 6). Ресми есепте аталғанындай, «осы құлдық системасының» ажалды зардаптары жайында сол жерден және онан соңғы беттерден қараңыз.

³⁰²⁾ «Children's Employment Commission. 5th Report», 1866, p. 3, № 24.

хат танымайды, олар, әдетте, мүлдем тағы, нақұрыс сүлде болып келеді.

«Оларды жұмысқа қабілетті ету үшін ешқандай да ақыл-ой тәрбиесінің мүлдем керекі жоқ; олар шеберлік алуына мүмкіншілігі жоқ, өсіп жетілу жағы оған бетер нашар; олардың жалақысы ер балалар үшін біршама жоғары болғанымен, онысы өсіп ер жетуіне қарай көбейіп отырмайды, сондықтан олардың көпшілігінде неғұрлым пайдалы және жауапты машина бақылаушысы қызметіне жетем деген ешқандай үміт жоқ, себебі әрбір машинада небәрі бір-ақ бақылаушы және көбіне 4 жас өспірім болады»³⁰³).

Олар бала еңбегін атқаратын шамадан жасы едәуір асқан кезде, атап айтқанда ең көбі 17-ге жеткенде, оларды баспаханадан шығарады. Олар қылмыс жасаушылар кандидатына айналалы. Оларға әйтеуір бір басқа жұмыс тауып беру жөніндегі кейбір әрекеттер олардың надандығынан, дәрсікілігінен, дене және ақыл-ой мешеулігінен жүзеге аса алмады.

Мастерской шеңберіндегі мануфактуралық еңбек бөлінісі жөнінде айтылғандар қоғам шеңберіндегі еңбек бөлінісі үшін де өзінің маңызын сақтайды. Қолөнер мен мануфактура қоғамдық өндірістің жалпыға бірдей базисі болып тұрғанда, өндірушіні өндірістің тек бір ғана саласына бағынышты ету, оның кәсіптерінің әуел бастағы сан алуандығын бұзу³⁰⁴) дамудың қажетті моменті болып табылады. Осы базисте өндірістің әрбір жеке тарауы өзіне сәйкес келетін техникалық құрылысты тәжірибе арқылы табады, оны ақырындап жетілдіре береді, сөйтіп белгілі бір пісу дәрежесіне жетісімен, оны дереу тұрақты күйге түсіреді. Мезгіл-мезгіл өзгерістер болып тұрады, бұған сауда арқылы келетін жаңа еңбек материалымен қоса, жұмыс аспабының бірте-бірте өзгеруі себеп болады. Ал аспаптың тиісті формасы тәжірибе арқылы табылған екен, онда ол өзгеруін тоқтатады, ол аспаптың кейде мың жылдар бойына бір ұрпақтың қолынан екінші ұрпақтың қолына көшіп отырғандығы осыны көрсетеді де. Мұндағы бір сипатты нәрсе сол, дәл XVIII ғасырға дейін кейбір қолөнер кәсіптері *mysteries* (*mystères*) [құпия кәсіптер] деп аталып келді, оның терең сырын тек тәжірибе арқылы және сол кәсіпке үйренгендер ғана білетін болған³⁰⁵). Ірі өнеркәсіп адамдардың өзіне тән қо-

³⁰³) Бұл да сонда, 7-бет, № 60.

³⁰⁴) «Таулы Шотландияның кейбір аудандарында... статистикалық есептерге қарағанда, көптеген қойшылар мен кедей-арендаторлар әйелі, бала-шағасымен түгелдей шоқай киелі, оны өздері илеген теріден тігіп алады, киімдеріне де өздерінен басқа бөтен адамның қол ұшы тимеген, оған керекті жүнді қойдан өздері қырқып алған, керекті зығирды өздері егіп өсірген. Біз, ине, оймақ және тоқымашылықта қолданылатын аспаптардың санаулы ғана темір бөлшектері болмаса, киім тігуге басқа ешқандай да сатып алынған заттар қолданылуы екі талай. Бояуды ағаштан, бұталардан, шөптен, т. с. әйелдер өздері жасайды». (*Dugald Stewart*. «Works», ed. Hamilton, vol. VIII, p. 327—328).

³⁰⁵) Этьенн Буалоның «*Livre des métiers*» дейтін атақты шығармасында, мәселен, мастердің көмекшісі мастерлікке көшірілгенде «кәсіптес бауырларымыз бауы-

ғамдық өндіріс процесін олардан жасырып келген пердені жыртты, сөйтіп стихиялық түрде оқшауланып кеткен түрліше өндіріс салаларын бір біріне, тіпті әрбір саланы жақсы білетіндер үшін де жұмбақ салаға айналдырды. Ірі өнеркәсіптің принципі — өз алдына алынған және ең алдымен адамның қолына қатысынсыз алынған әрбір өндіріс процесін оның құрамды элементтеріне жіктеу, ол нағыз осы заманғы технология ғылымын жасады. Өндірістің қоғамдық процесінің шытырман, сырт қарағанда ішкі байланыстан жұрдай және бір қалыпта қатып қалған сияқты көрінетін түрлері жаратылыстануды қолданудың саналы түрде жоспарланған, пайдалы нәтижені көздеуге байланысты үнемі бөлшектеліп отырған саласына айналды. Машиналардың асқан күрделілігіне қарамастан, олардың бәрі қарапайым механикалық күштердің үнемі қайталанып отыруы болып табылатындығы жөнінде механиканың алданбайтыны тәрізді, технология да қолданылатын аспаптар қаншама сан-алуан болғанымен, қозғалыстың сол санаулы ғана негізгі ұлы формаларын ашты, адам денесінің бүкіл өндіргіш қызметі осы формалардың шеңберінде қажетті түрде істеліп отырады. Осы заманғы өнеркәсіп өндірістің кәзірде бар формасын ешқашанда түпкілікті форма деп қарамайды және олай деп түсіндірмейді де. Сондықтан оның техникалық базисі революцияшыл, ал оның бержағында бұрынғы өндіріс әдістерінің бәрінің базисі асылында керітартпа базис болатын³⁰⁶⁾. Машиналарды, химиялық процестерді, тағы басқа тәсілдерді енгізу арқылы ірі өнеркәсіп өндірістің техникалық базисінде, ал сонымен бірге жұмысшылардың атқаратын функциялары мен еңбек процесінің қоғамдық комбинацияларында да үнемі төңкеріс жасап отырады. Осынысы арқылы ол қоғам ішіндегі еңбек бөлінісін дәл сондай үнемі революцияландырып, көптеген капитал мен көптеген жұмысшыларды өндірістің бір тарауынан екінші тарауына үнемі ауыстырып отырады. Сондықтан ірі өнеркәсіптің жаратылысы еңбек

рымша сүйемін, оларға болысамын, қолөнер кәсібінің құпияларын өз бегіммен ешкімге айтпаймын және тіпті, бүкіл цехтың мүддесі үшін, өз товарымды ұсыну мақсатымен сатып алушыға басқалардың бұйымындағы кеміліктерді айтып көрсетпеймін» деп ант беру керек деп жазылған.

³⁰⁶⁾ «Буржуазия, өндіріс құралдарында үнемі төңкерістер жасамайынша, олай болса, өндірістік қатынастарды, демек, қоғамдық қатынастардың бүкіл жиынтығын революцияшыландырмайынша, өмір сүре алмайды. Мұның керісінше, бұрынғы барлық өнеркәсіптік таптардың өмір сүруінің бірінші шарты — өндірістің ескі әдісін өзгертіп сақтау еді. Өндірістегі дамылсыз төңкерістер, барлық қоғамдық қатынастардың үздіксіз шайқалуы, мәңгі сенбеушілік пен қозғалыс буржуазия заманын барлық өткен замандардан өзгеше етті. Қатып қалған, тот басқан қатынастардың бәрі, өздеріне тап, ғасырлар бойы қасиеттелген түсініктермен, көзқарастармен бірге қирайды, жаңадан пайда болғандардың бәрі, буыны қатип үлгірмей тұрып, ескіріп қалады. Сөловенік және тоқыраған нәрселердің бәрі жоғалады, қасиетті нәрселердің бәрі былғанады, сөйтіп адамдар, ақырында, өздерінің тұрмыс күйлері мен арақатынастарына көзді ашып қарау қажет екенін аңғарады. (Ф. Энгельс пен К. Маркс. «Коммунистік партияның манифесті». Лондон, 1848, 5-бет [К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 4-том. 427-бет].

өзгерісін, функциялар алмасуын, жұмысшының жан-жақты ептілігін туғызады. Екінші жағынан, ол өзінің капиталистік формасында ескі еңбек бөлінісін, оның қатып қалған мамандықтарымен қоса, ұдайы қалпына келтіріп отырады. Осы абсолютті қайшылық жұмысшының бүкіл тыныштығын, тіршілік жағдайының тұрақтылығын, қамтамасыздығын қалай жоятындығын, еңбек құрал-жабдықтарымен қоса қабат оның қолынан тіршілік заттарын да жұлып алу³⁰⁷⁾ және оның шінара функциясымен қоса қабат оның өзін де керексіз ету жөнінде үнемі қатер төндіріп отыратынын; бұл қайшылықтың жұмысшы табын үздіксіз құрбандыққа шалудан, жұмыс күшін шектен тыс ысырап етуден және қоғамдық анархияға байланысты жойқын ойрандардан қандай қатал түрде көрініп отыратынын біз жоғарыда көрдік. Мұның өзі ірі өнеркәсіптің теріс жағы. Ал егер еңбектің өзгеруі енді өзіне тек бой бермес табиғи заң ретінде ғана және барлық жерде де кедергілерге кездесіп отырған³⁰⁸⁾ табиғи заңның ойрандаушы дулей күшімен жол салып отырса, онда, екінші жағынан, ірі өнеркәсіптің өзі өзінің апаттары арқылы еңбек өзгерісін мойындауды, олай болса жұмысшылардың мүмкін қадерінше неғұрлым сегіз қырлы болуын да мойындауды өмір мен өлім мәселесі етіп отыр, қоғамдық өндірістің жалшыға бірдей заңы етіп отыр, қарым-қатынастар осыны қалыпты түрде жүзеге асыруға бейімделуге тиіс. Ол өмір мен өлім мәселесі ретінде мынадай міндет қойып отыр: капиталдың қанау жөніндегі өзгеріп отыратын қажеттері үшін запаста ұсталатын резервтегі бақытсыз жұмысшы халықтың жан түршігерлік қалпын өзгертіп, еңбек жөніндегі өзгеріп отыратын қажеттерге адамды әбден жарамды ету; белгілі бір қоғамдық бөлшек функцияны атқарушы қарапайым бөлшекші жұмысшыны түрліше қоғамдық функцияларды асылында бірінің орнын бірі басатын тіршілік әрекетінің тәсілдері деп қарайтын, барлық жағынан жетілген индивидууммен алмастыру міндетін қояды. Ірі өнеркәсіп негізінде стихиялы түрде өрістеген осы төңкеріс процесі моменттерінің бірі политехникалық және ауыл шаруашылық мектептері, енді бірі — «écoles d'enseignement professionnel [«кәсіби мектептер»] бо-

³⁰⁷⁾ «Тіршілік заттарынан айыру арқылы — бүкіл өмірден айырасындар» (*Шекспир*)¹⁶².

³⁰⁸⁾ Сан-Францискодан қайтып оралған бір француз жұмысшысы былай деп жазады: «Өзім Калифорнияда іс жүзінде істеген қолөнеркәсібінің бәрімен шұғылдануға кәбілетім жетеді, деп ешқашан ойлаған емеспін. Мен кітап басудан басқа ешнәрсеге жарамаймын деген берік шіркеу болатынмын... Өзінің кәсібін сіздің көйлек ауыстыруыңыздан да оңай ауыстыра салатын осы бір алаяқтар дүниесіне тап болдым да, мен де басқалар сияқты әрекет еттім. — бұған сеніңіз! — Кен қазушылық кәсібі онша тиімді болмағаны себепті мен оны тастадым да, қалаға барып, онда әуелі баспахана жұмысшысы, онан қаңықтыршы, қорғасын куюшы, т. с. болдым. Тәжірибе өзімнің қандай жұмысқа болса да жарайтынымды көрсеткен соң, менде құртақандай жәндіктің дегеннен гөрі адамның деген сезім үстем болды». (*A. Corbon. «De l'enseignement professionnel», 2^{ème} éd., p. 50.*)

лып табылады, бұларда жұмысшылардың балалары технологиямен және түрлі өндіріс құрал-жабдықтарын іс жүзінде қолданумен біраз танысады. Капиталдан тартып алған алғашқы болымсыз кеңшілік болып табылатын фабрикалық заң фабрикалық еңбекті тек жәй оқытумен ғана ұштастырған болса, онда жұмысшы табының саяси өкімет билігін сөзсіз жеңіп алуы жұмысшылар мектептерінде теориялық жағынан болсын, практикалық жағынан болсын технологиялық оқу үшін де тиісті жеңіске жететінінде ешбір күмән болмасқа керек. Ал дәл сол сияқты өндірістің капиталистік формасы және жұмысшылардың осыған сай келетін экономикалық қарым-қатынасы төңкерістің ескі еңбек бөлінісін жою сияқты ферменттерімен және олардың мақсатымен тікелей қайшылықта екендігінде де ешқандай күмән болмау керек. Алайда өндірістің белгілі тарихи формасының қайшылықтарының дамуы сол форманың іріп-шіруінің, сөйтіп жаңа форманың пайда болуының бірден-бір тарихи жолы болып табылады. «Ne sutor ultra crepidam!»³⁰⁹ Қолөнер кәсібі даналығының осы nec plus ultra [біік шыны] сағатшы Уатт бу машинасын, шаштараз Аркрайт — жіп иіру машинасын, жұмысшы зергер Фултон — кемені ойлап шығарған кезден бастап сүмдік есуастыққа айналды³⁰⁹⁾.

Фабрикалық заң фабрикаларда, мануфактураларда, т. т. еңбекті реттеп отырғанда, мұның өзі әуелі капиталдың қанаушылық правосына тура қол сұғушылық деп қаралады. Мұның керісінше, үйге берілетін жұмыс деп аталатынды реттеу атаулының бәрі³¹⁰⁾ әуел бастан-ақ patria potestas-қа, яғни кәзіргі тілмен айтсақ, ата-ана билігіне тікелей баса-көктеп қол сұғу болып көрінеді, — мұның өзі ағылшынның сыпайы парламенті ұзақ уақыт бойы жүрегі дауаламай қорқып, аяқ баспай келген әрекет. Алайда, ірі өнеркәсіп ескі семьяның экономикалық базисімен қоса сол базиске сай келетін семья еңбегі мен ескі семьялық қарым-қатынастарды да күйрететінін фактілер күші, ақыр аяғында, мойындауға мәжбүр етті. Балалар правосын жариялау қажет болды.

³⁰⁹⁾ Саяси экономия тарихының нағыз феномені Джон Беллерс XVII ғасырдың аяқ шешінде-ақ, қарама-қарсы екі бағытта болғанымен, қоғамның екі полюсінде де гипертрофия мен атрофия туғызатын кәзіргі тәрбие жүйесі мен еңбек бөлінісін жою қажеттігін әбден айқын түсінген болатын. Ол мынадай бір өте жақсы сөздер айтты: «Жан ауырмас тәлімінің жан ауырмастыққа тәлім алудан артықшылығы шамалы жақты... Дене еңбегі — жаратқанның тұңғыш заңы... Тамақ тіршілікке қандай қажет болса, дененің сау болуы үшін еңбек те дәл сондай қажет, себебі адамдар жан ауыртпау арқылы құтылмақ болған пәле, оған кесел түрінде кездеседі... Еңбек өмір шырағына май құяды да, ақыл-ой оны тұтатушы тамызық болады. Жадағай бала еңбегі» (бұл өзі — Базедовтар мен олардың кәзіргі кездегі сыбайластарына қарсы айтылған әділеттік сөз) «бала ақылын жадағай қалдырады» («Proposals for raising a College of Industry of all useful Trades and Husbandry». London, 1696, p. 12, 14, 16, 18).

³¹⁰⁾ Мұның өзі, тегінде, екінің бірінде ұсақ мастерскойларда болады, оны біз шпәтер мануфактурасы мен сәлем тоқу мысалынан көрдік және мұны әсіресе Шеффилдегі, Бирмингемдегі, т. б. металл мануфактураларының мысалымен неғұрлым толық көрсетуге болар еді.

«Сорымызға қарай»,— делінген Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі комиссияның 1866 жылғы қорытынды есебінде.— «куәлар берген жауаптардың бәрінен айқын көрініп отырған нәрсе — ер бала да, қыз бала да басқадан гөрі алдымен өзінің ата-анасынан қорғауға мұқтаж көрінеді». Жалпы алғанда балалар еңбегін, әсіресе олардың үйдегі еңбегін шексіз қанау системасы «ата-аналардың өздерінің жас және бұғанасы қатпаған ұрпақтарына озбырлық, қаталдық билігін ешқандай шексіз және ешқандай бақылаусыз жүргізетіндігіне сүйенеді... Ата-анада балаларып апта сайын пәлендей жалақы табатын жәй машиналарға айналдырушылық абсолют билік болмауға тиіс... Ата-ана билігін балалар мен жас өспірімдерді қаршадайынан титықтататындай, олардың моральдық, ақыл-ой тіршілігін бұзатындай етіп қиянатпен пайдаланудан құтқару жөнінде олар заңнан қорғаныш іздеуге праволы»³¹¹).

Алайда бұғанасы қатпаған жұмыс күшін капиталдың тікелей немесе жанама түрде қанауын туғызған нәрсе — ата-ана билігін қиянатпен пайдалану емес, қайта керісінше, ата-ана билігінің өзіне сай келетін экономикалық базисті жойып, ата-ана билігін қиянатқа айналдырған — капиталистік қанау тәсілі. Бірақ капиталистік система тұсында ескі семьяның азып-тозуы қаншама сұмдық және жиіркенішті болғанымен, солай бола тұрса да, ірі өнеркәсіп үйдегі отбасының жұмысынан тыс қоғамдық жолмен ұйымдастырылған өндіріс процесінде әйелдерге, екі жыныстағы жас өспірімдер мен балаларға шешуші роль бере отырып, семьяның жоғарғы формасы үшін және жыныстар арасындағы қарым-қатынастар үшін жаңа экономикалық негіз жасайды. Әлбетте, семьяның христиандық-германдық формасын, сол сияқты ертедегі римдік, немесе ертедегі гректік, немесе шығыстық формасын абсолютті форма деудің ешбір қисыны келмейді, ал оның бержағында, бұлар бірімен бірі байланысты күйінде дамудың бірыңғай тарихи тізбегі болып табылады. Тегінде, екі жыныстан және әрқилы жастағы адамдардан құрамалас жұмысшы адам жасау ісі өзінің стихиялық, өрескел, капиталистік формасында, өндіріс процесі жұмысшы үшін емес, жұмысшы өндіріс процесі үшін өмір сүріп отырған кезде, апат пен құлдықтың дерт жайлаған қайнар бұлағы болса, мұның керісінше, тиісті жағдайларда оның өзі адамгершілік дамудың қайнар бұлағына айналуға тиіс³¹²).

Фабрикалық заңды машиналы өндірістің тұңғышы болған жіп иіру мен тоқыма фабрикаларына ғана арналған заңнан бүкіл қоғамдық өндірістің ортақ заңына айналдыру қажеттігі ірі өнеркәсіптің тарихи дамуының барысынан туып отырғанын біз жоғарыда көрдік, ірі өнеркәсіптің қаға берісінде мануфактураның, қолөнер кәсібі мен үйге берілетін жұмыс-

³¹¹) «Children's Employment Commission. 5 th Report», p. XXV, № 162, «2nd Report», p. XXXVIII, № 285, 289, p. XXV, XXVI, № 191.

³¹²) «Фабрикалық еңбек те... үй ішіндегі еңбек сияқты сондай таза және ұнамды еңбек бола алады, ал мүмкін тіпті онан әлдеқайда артық та бола алар» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1865», 129).

тың байырғы құрылысы толық революцияны басынан кешіруде: мануфактура үнемі фабрикаға, қолөнер кәсібі мануфактураға айналуда, ақырында, қолөнер кәсібі мен үйге берілетін жұмыс сферасы таңқаларлықтай қысқа мерзім ішінде қайыршылық лас орындарға айналып, мұнда капиталистік қанау еркін сайраңдап, өзінің жан түршігерлік құтырма жын ойнағын өткізуде. Сайып келгенде екі жағдай шешуші роль атқарады: біріншіден, үнемі қайталап отыратын тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: капитал қоғамдық периферияның кейбір пункттерінде ғана мемлекет бақылауына тап болып, оның есесіне басқа пункттерде өзін шамадан тыс сыйлауда³¹³⁾; екіншіден, капиталистердің өздері бәсеке жағдайлары теңбе-тең болсын, яғни еңбекті қанау шектері теңбе-тең болсын деп зарлайды³¹⁴⁾. Бұл жөніндегі бірді-екілі ауыр мұнды тыңдап көрелік. У. Куксли мырзалар (Бристолдағы шеге, шынжыр, т. с. фабриканттары) өздерінің кәсіп орындарында өз еріктерімен жұмыс күніне шек қойған.

«Көршілес кәсіпорындарында ретке келтірілмеген ескі система әлі де орын алып отырғандықтан, Куксли мырзалардың мынадай әділетсіздікке шыдауына тура келіп отыр: олардың жас өспірім жұмысшыларын басқа бір жерлер азғырып (enticed), кешкі сағат 6-дан кейін жұмысқа әкетеді. «Бұл,— дейді, күткеніміздей-ақ, әлгі мырзалар,— бізге қиянат жасаушылық және бізге зиян, өйткені бұлайша еткенде жас өспірімдердің біраз күші жойылады, ал бұл күштен түсетін пайда түгелімен біздікі болуға тиіс»³¹⁵⁾.

Дж. Симпсон мырза (Лондондағы қағаз қапшықтар мен қағаз құтылар фабриканты) Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі комиссияға былай деп мәлімдейді.

«Мен фабрикалық заңды енгізуді жақтаған петицияның қандайына болса да қол қоюға әзірмін. Қазіргі жағдайда, мастерскойды жапқаннан кейін ылғи түні бойы мазам кетуден болады («he always felt restless at night»), өйткені басқалар ұзақ істетеді де, маған тиісті заказдарды көз алдымда қағып кетеді-ау деп уайым жеймін»³¹⁶⁾. Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі комиссия қорытынды жасай келіп, былай дейді: «Ірі кәсіп иелеріне тән өндіріс саласындағы ұсақ кәсіпорындарында жұмыс уақытына заң бойынша ешқандай шек қойылмай отырғанда, сол ірі кәсіп иелерінің фабрикаларын реттеу ісіне бағындыру олар жөнінде әділетсіздік болар еді. Ұсақ мастерскойларда жұмыс сағатына шек қойылмауынан бәсеке жағдайында туып отырған теңсіздік қиянатына неғұрлым ірі фабриканттар үшін тағы мынадай қолайсыз жағдай қосылып отыр: жас өспірімдер мен әйелдер еңбегін ұсыну бұларға келмей, фабрикалық заң жүрмейтін мастерскойларға ауып кетеді. Ақырында, мұның өзі халықтың ден саулығы, оған қолайлылығы, тәрбие беру және оның жағдайын жалпы жақсарту

³¹³⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 31st October 1865», p. 27, 32.

³¹⁴⁾ Фабрика инспекторларының есептерінде бұл жайында көптеген мысалдар бар.

³¹⁵⁾ «Children's Employment Commission. 5th Report», p. X, № 35.

³¹⁶⁾ «Children's Employment Commission. 5th Report», p. IX, № 28.

жағынан түгелдей дерлік анағұрлым тиімсіз болып отырған ұсақ мастер-скойлар санының көбеюіне себепкер болған болар еді»³¹⁷⁾.

Өзінің қорытынды есебінде Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі комиссия фабрикалық заңды 1 400 000-нан астам балаларға, жас өспірімдер мен әйелдерге қолдануды ұсынады, бұлардың жартысына жуығын ұсақ өндірістер мен үйге берілетін жұмыс системасы қанап отыр³¹⁸⁾.

«Егер»,— дейді комиссия,— «парламент біздің ұсынысымызды толығынан қабылдаса, онда мұндай заң, күмән жоқ, өзі ең алдымен қамтитын жас өспірімдер мен әлсіздерге ғана емес, сонымен қатар тікелей» (әйелдер) «немесе жанамалай» (еркектер) «осы заңның сферасында болып шығатын көптеген ересек жұмысшыларға да барынша игілікті ықпалын тигізген болар еді. Заң оларды реттелген және қысқартылған жұмыс уақытына бағындырар еді; ең алдымен заң олардың өздерінің әл-ауқаты мен елдің әл-ауқатына бәрінен гөрі соншалықты қажет болып отырған дене күшін үнемдеп, жинақтаған болар еді; ол заң өсіп келе жатқан жұптық қаршайдыан өте-мөте ауыр жұмыс істеуден қорғар еді, ондай жұмыс организмді бүлдіріп, ерте қартаюға апарып соғады; ол заң, ақырында, балалардың ең болмағанда 13 жасқа дейін бастауыш білім алуына мүмкіндік берер еді, сөйтіп, айтуға ауыз бармайтын надандықты жоғалтқан болар еді, мұның өзі комиссияның есептерінде мейлінше дұрыс суреттелген, оны көргенде жаныңа сонша қатты батады, ұлттық намыс сезіміңе тиіп, зығырданың қайнайды»³¹⁹⁾.

Тори министрлігі 1867 жылғы 5 февральдағы тақтық сөзінде өнеркәсіпті тексеру жөніндегі комиссияның ұсыныстары негізінде министрлік «билли» жасап шығарғанын жариялады^{319a)}. Бұл үшін оған *experientium in corpore vili* [көк тиынға тұрмайтын жанды денеге эксперимент жасау үшін] тағы жиырма жыл керек болды. 1840 жылдың өзінде-ақ балалар еңбегінің

³¹⁷⁾ «Children's Employment Commission. 5th Report», p. XXV, № 165—167. Ipi өндірістің ұсақ өндірістерге қарағандағы артықшылықтары жөнінде мынаны салыстырыңыз. «Children's Employment Commission. 3rd Report», p. 13, № 144, p. 25, № 121; p. 26; № 125; p. 27, № 140 т. т.

³¹⁸⁾ Фабрикалық заңдардың күші жүруге тиісті өнеркәсіп салалары мыналар: шілтер мануфактурасы, шұлық тоқу өндірісі, салом тоқу, киім-кешекке керекті түрлі бұйымдар жасау мануфактурасы, жасаяды гүлдер өндірісі, аяқ киім, шляпа, биялай өндірісі, тігіншілік ісі, домна пештерінен бастап, ине фабрикалары, т. т. дейін күллі металл фабрикалары, қағаз фабрикалары, шыны мануфактурасы, темекі мануфактуралары, резина өндірісі, бердо (тоқымашылыққа керекті) өндірісі, қолмен кілем тоқу, қолшатыр мануфактурасы, ұрыш пен шуль өндірісі, кітап басу, түптеу ісі, жазу-сызу құралдарымен сауда (stationery, оның бержағында қағаз құтыялар, қарталар, қағаз бояулары, т. т. жасау да осыған жатады), аркан өндірісі, сондық ақиқ тас мануфактурасы, кірпіш заводтары, қол еңбегі қолданылатын жібек мануфактурасы, жібек лента өндірісі, тұз қайнататын, май шам және цемент заводтары, шақпақ қант өндірісі, бисквит өндірісі, түрлі араш өңдеу жұмыстары мен басқа да аралас жұмыстар.

³¹⁹⁾ «Children's Employment Commission. 5th Report», p. XXV, № 169.

^{319a)} Фабрикалық заңдарды қолдану саласын ұлғайту туралы заң 1867 жылғы 12 августа өтті. Ол барлық металл құю, ұсталық және металл өңдеу заводтарын, бұған машина жасау заводтары да қосылады, оған сон шыны, қағаз, гуттаперча, каучук, темекі мануфактураларын, кітап басу, түптеу, ақырында, 50-ден аса адам істейтін мастерскойлардың күлдісін реттейді. Жұмыс уақытын реттеу жөнінде 1867 жылғы 17 августа өткен заң неғұрлым ұсақ мастерскойлар мен үйге берілетін жұмыс дейтінді де қамтиды.

Бұл заңдарға, рудниктер мен кендер жөніндегі 1872 жылғы заңға және т. б. мен II томда қайта ораламын.

жағдайларын тексеру үшін парламенттік комиссия құрылған болатын. Н. У. Сениордың айтуынша, сол комиссияның 1842 жылғы есебінде мыналар суреттелген

«капиталистер мен ата-аналардың сарандығының, өзіншілдігі мен қаталдығының, қайыршылықтың, азғындаушылықтың және балалар мен жас өспірімдер организмнің бұзылуының жан түршігерлік суретін бейнелеген. мұндай сұмдықты дүние бұрын-соңды көре қоймаған болар.. Есеп өткен заманның сұмдықтарын суреттеп отырған шығар деп қалғандайсың. Бірақ, амал нешік, біздің алдымыздағы мәлімдеме бұл сұмдықтар бұрынғы қай кездегіден болса да асқына түсіп өршіп отырғанын айтады. Бұдан екі жыл бұрын Хардуик шығарған бір кітапша 1842 жылғы сұмпайы озбырлық әлі күнге дейін толық сол күйінде қалып отыр дейді» (1863 ж.)... «Бұл есеп» (1842 ж.) «ескерусіз жиырма жыл жатты, осы мерзім ішінде біздің мораль-дейтінімізден, сол сияқты мектепте білім алу, дін, кәдімгі семьялық мақабат дегеннен түк түсінігі болмай өскен балаларға — міне осындай балаларға қазіргі ұрпақтың ата-анасы болуға жол берілді»³²⁰).

Оның бержағында қоғамдық жағдай өзгерді. Парламент бір кезде 1842 жылғы комиссияның талабын қабылдамай тастағаны сияқты, 1863 жылы комиссияның талабын қабылдамай тастауға батылы бармады. Сондықтан 1864 жылдың өзінде-ақ, комиссия өз есептерінің бір бөлегін ғана жариялаған кезде-ақ, балшықтан бұйымдар жасайтын өнеркәсіп (құмыра жасау өнеркәсібін қоса), обой, сіріңке, патрон мен пистон өндірісі, сол сияқты барқытты түктеу ісі де тоқыма өнеркәсібінде қолданылып жүрген заңға бағындырылды. Сол кездегі торилер кабинеті 1867 жылғы 5 февральдағы тақтық сөзінде өз жұмысыны 1866 жылы аяқтаған комиссияның қорытынды ұсыныстарына негізделген жаңа биллиді жариялады.

1867 жылғы 15 августа фабрикалық заңдарды қолдану саласын ұлғайту туралы заң, сол жылғы 21 августа балалардың, жас өспірімдер мен әйелдердің мастерскойлардағы еңбегі туралы заң корольдің бекітуінен өтті; бірінші заң ірі кәсіпорындарда, екінші заң ұсақ кәсіпорындарда қолданылады.

Фабрикалық заңдарды қолдану саласын ұлғайту туралы заң домна пештерін, темір жасайтын, мыс балқытатын заводтарды, шойын құю заводтарын, машина жасау заводтарын, металл мастерскойларын, гуттаперча, қағаз, шыны, темекі фабрикаларын, баспа және түптеу мастерскойларын және жалпы алғанда осы тектес өнеркәсіп мастерскойларының күллісін. егер бұларда 50 немесе онан да көп адам жылына кем дегенде 100 күн бойы бір мезгілде істейтін болса, осылардың бәрін фабрикалық заңға бағындырды.

Балалардың, жас өспірімдер мен әйелдердің мастерскойлардағы еңбегі туралы заңның қолданылатын саласы туралы аздап түсінік беру үшін ондағы кейбір ережелерді келтірелік.

³²⁰) Senior. «Social Science Congress», p. 55—58.

«Кол өнер кәсібі дегеніміз» мынау болуға тиіс (делінген заңда): «сатуға арналған қандай да болсын бір затты немесе заттың бір бөлегін әзірлеуге, өзгертуге, әшекейлеуге, жамауға немесе біржолата өңдеп жасап шығаруға керекті кәсіп немесе кәсіпшілік ретінде іске асырылатын қол еңбегі атаулының бәрі.

Мастерской дегеніміз мынау болуға тиіс: ішінде бала, жас өспірім немесе әйел әйтеуір бір «кәсіпкермен» шұғылданатын және ондағы балаға, жас өспірімге немесе әйелге кәсіп беруші адам оған кіруге және бақылауға қол жеткізе алмайтын ашық орындар атаулының бәрі.

Жұмыстағы адам дегеніміз мынау болуға тиіс: әйтеуір бір «кәсіпкермен» ақшаға немесе ақсыз, мастердің немесе ата-ананың бірінің басқаруымен жұмыс істеуші адам, ата-ана туралы төменде толығырақ анықтала берілген.

Ата-ана — ол әке, ана, қамқоршы немесе әйтеуір бір... балаға немесе жас өспірімге қамқорлық етуші немесе бақылаушы басқа да адамдар» *.

7-статья, осы заңның ережелерін бұзып, балаларды, жас өспірімдер мен әйелдерді жұмысқа пайдаланғандарды жазалау жөніндегі статья, оның иесі ата-ананың бірі болсын-болмасын, *мастерской* иелеріне ғана емес, сонымен қатар

«ата-аналарға және бала, жас өспірім немесе әйел қамқорлығында болып отырған немесе олардың еңбегінен тікелей пайда тауып отырған басқа да адамдарға» ақшалай айып салады.

Ірі кәсіпорындарда қолданылатын фабрикалық заңдардың қолдану саласын ұлғайту туралы заң көптеген бишаралық ерекшеліктер жасауы және капиталистермен қорқақтық келісім жасауы себепті негізгі фабрикалық заңнан нашар жатыр.

Балалардың, жас өспірімдер мен әйелдердің *мастерской* заңдағы еңбегі туралы заң — барлық жағынан бишаралық заң, осыны іске асыру жағы өздеріне жүктелген қалалық және жергілікті өкімет орындарының қолында өлі әріп болып қала берді. Ал 1871 жылы парламент оларды бұл өкілдіктен босатып, оны фабрикалық инспекторларға жүктеген кезде, бұлардың бақылау саласының көлемі дереу ұлғайып, 100 000-нан астам *мастерской* мен 300-дей кілең ғана кірпіш заводтарын қамтыды, ал инспекторлар тобы бұрынның өзінде тым аз болғанына қарамастан, оған кеңпейілділік жасалып, небәрі тек сегіз көмекші ғана қосылды ³²¹⁾.

Сонымен, осы 1867 жылғы ағылшын заңынан, бір жағынан, үстем таптардың парламентінде капиталистік қанаудың шектен шығуларына қарсы осыншалық төтенше және кең шара-

* An Act for regulating the Hours of Labour for Children, Young Persons, and Women employed in Workshops. *Ред.*

³²¹⁾ Фабрикалық инспекция қызметкері 2 инспектор, 2 көмекші және 41 жәрдемші инспектордан құралады. Және 8 жәрдемші инспектор 1871 жылы тағайындалды. Англияда, Шотландия мен Ирландияда фабрикалық заңдарды іске асыруға шыққан шығынның жалпы сомасы 1871—1872 жылдары небәрі 25 347 ф. ст. қана болды, заңды бұзушылар жөнінде болған процестердегі сот шығыны да осының ішінде.

ларды принципіне ылажсыз қабылдау қажеттігі болғаны, екінші жағынан, кейін оны іске асыруда парламенттің жасаған шалағайлығы, ықылассыздығы мен *mala fides* [арамдығы] көзге түседі.

1862 жылғы тергеу комиссиясы да кен өнеркәсібінде, — басқалардың бәрінен айырмашылығы — мұнда жер иелері мен өнеркәсіп капиталистерінің мүдделері біте қайнаса ұштасып жататын өнеркәсіпте, еңбек жағдайларын реттеу туралы жаңа ұсыныс жасады. Жер иелері мен өнеркәсіп капиталистері мүдделерінің қарама-қарсылығы фабрикалық заңға қолайлы болды; осы қарама-қарсылықтың болмауы кен өнеркәсібі жөніндегі заңның созбұйдаға салынып, айла-шарғыға түсуін түсіндіру үшін жетіп жатыр.

1840 жылғы тергеу комиссиясы сондай сұмдық, жұртты ашындыратын әшкерелеу жасап, бүкіл Европа алдында масқара қылғаны сонша, парламент 1842 ж. рудниктер мен кендер туралы заң шығарып өзінің ар-инабатын сақтауға тиіс болды, бұл заң әйелдер мен 10 жасқа дейінгі балаларды жер астындағы жұмысқа пайдалануға тиым салумен тынды.

Онан соң 1860 жылы кен инспекциясы туралы заң шықты, бұл заң бойынша шахталар әдейі арнап тағайындалған мемлекеттік чиновниктер инспекциясына бағынады және егер қолында мектеп куәлігі болмаса немесе белгілі сағаттарда мектепке барып тұрмайтын болса, 10—12 жасар балаларды жұмысқа алуға тиым салынады. Тағайындалған инспекторлар санының масқара аздығы, оларға берілген өкілдіктің түкке тұрғысыздығы және төмендегі баяндаулар үстінде толығырақ анықталатын басқа да себептердің салдарынан бұл заң мүлде өлі әріп болып қала берді.

Кен өнеркәсібі жайындағы ең жаңа Көк кітаптардың ¹⁵⁵ бірі «Report from the Select Committee on Mines, together with... Evidence, 23 July 1866» болып табылады. Бұл — қауымдар палатасының мүшелерінен құрылған және куәлар шақырып, оларды тыңдауға өкілдік берілген комитеттің еңбегі; in folio қалың том, ал ондағы «Report»-тың («Есептің») өзі бас-аяғы бес-ақ жол, оның мазмұны мынау: комитет ешнәрсе айта алмайды, әлі де көптеген куәлардан жауап алу керек!

Куәлардан сұрау тәсілі ағылшын соттарындағы ерсілік-қарсылық сұрақ беру тәсілін еске түсіреді, онда адвокат ұятсыз, адамды шатастыратын, қыңыр-қисық сұрақтар қойып куәні жаңылдыруға, сөйтіп оның жауабының өнін айналдыруға тырысады. Ал мұндағы адвокаттар — парламенттік тергеу комиссиясы мүшелерінің өздері, оның ішінде рудниктерді меншіктенушілер мен пайдаланушылар бар; куәлар кен жұмысшылары, көбінесе тас көмір кендерінде істейтіндер. Бүкіл

өрескел әжуаның капитал рухына дәл келетіні сонша, бұл жерде онан бірнеше үзінді келтіре кетпеске болмайды. Шолуға жеңіл болу үшін мен зерттеудің нәтижелерін, т. б. тармақтарға бөлім. Ескерте кетейін, ағылшынның Көк кітаптарындағы сұрақтар мен міндетті жауаптар номерлеулі болады, ал осында жауаптарынан үзінді келтіріліп отырған куәлар — тас көмір кендерінің жұмысшылары.

1) Кендерде 10 жастан бастап істейтін ер балалар жұмысы. Кенге бару мен одан қайтуды қоса есептегенде жұмыс әдегте 14—15 сағатқа созылады, өте сирек реттерде онан да ұзақ болады, таң ертеңгі 3, 4, 5, сағаттан кешкі 4—5-ке дейін (№№ 6, 452, 83). Ересек жұмысшылар екі сменада, 8 сағаттан істейді, бірақ шығынды азайту мақсатымен жас өспірімдерге мұндай ешқандай смена жасалмайды (№№ 80, 203, 204). Жастау балалар көбінесе кеннің әртүрлі бөлімдеріндегі желдеткіш есіктерін ашып, жауып тұруға пайдаланылады, ересектеу балалар — неғұрлым ауыр жұмыстарға, көмір тасуға, т. с. пайдаланылады (№№ 122, 739, 740). Жер астындағы жұмыста ұзақ жұмыс күні нағыз көмір қазу жұмысына көшкенде — 18—22 жастағы жұмысшыларға қолданылады (№ 161). Балалар мен жас өспірімдерді бұл күндерде бұрынғы қай кездегіден болса да жұмыста анағұрлым қатал қинайды (№№ 1663—1667). 14 жасқа толмағанларды шахталардағы жұмысқа пайдалануға тиым салатын парламенттік заң шығаруды көмір қазушылар бірауыздан дерлік талап етеді. Міне осы арада Хасси Вивиан (өзі көмір кенін пайдаланушы адам) сұрақ береді:

«Бұл талаптың өзі ата-аналардың қатты кедейлігіне немесе онша кедей еместігіне байланысты емес пе екен?» — Онан кейін мистер Брюс: «Әкесі өлген немесе мертліккен және т. б. реттерде семьяны осы күн көріс табысынан айырудың өзі рақымсыздық болмас па екен? Ал әлгі тыйым салудың өзі жаппай түрде болмақ деп ойлау керек... Сіз өзіңіз 14 жасқа дейінгі балалар үшін жер астында жұмыс істеуге барлық реттерде де тыйым салынсын дейсіз бе?» Жауап: «Барлық реттерде де» (№№ 107—110). Вивиан: «Егер 14 жасқа дейінгілерге шахтада істеуге тыйым салынса, ата-аналары балаларын фабрикаларға, т. т. жібере бастамас па екен? — Жоқ, жалпы олай істемейді» (№ 174). Жұмысшы: «Есікті ашып, жауып тұру оңай тәрізді көрінеді. Бірақ ол өте азапты жұмыс. Үнемі желдің өтінде болатынын былай қойғанда, баланы, дәл түрмедегі сияқты, бір қараңғы зынданға отырғызып қояды». Буржуа Вивиан: «Егер май шамы болса, бала есік жанында отырып кітап оқи алар ма еді? — Біріншіден, оның май шам сатып алуы керек болады. Оның үстіне оның бұлай істеуіне рұқсат етілмес те еді. Ол өзінің ісін қадағалап тұру үшін қойылған, сондықтан ол міндетін атқаруға тиіс. Мен ешбір баланың кенде кітап оқып отырғанын ешқашан көрген емеспін» (№№ 139, 141, 143, 158, 160).

2) Тәрбие. Кен жұмысшылары фабрикалардағы сияқты балаларды міндетті түрде оқыту туралы заң шығарылуын та-

лап етеді. 1860 жылғы заңның мектеп куәлігін 10—12 жастағы балаларды жұмысқа алудың қажетті шарты деп көрсететін статьясын олар нағыз босқа алданушылық дейді. Капиталист тергеушілерінің «өзіне тарта» жүргізген жауап алуы бұл жерде шын мәнісінде күлкілі әжуаға айналады.

«Заң көбіне кімге қарсы қажет — кәсіп иелеріне қарсы ма, әлде ата-аналарға қарсы ма? — Екеуіне де қарсы заң керек» (№ 115). Соның қайсысына қарсы көбірек қажет? — Бұған мен не деп жауап берейін?» (№ 116). «Кәсіп иелерінде еңбек ету сағаттарын мектепке баруға лайықтаудеген ешқандай ниет бар ма? — Ешқашан болған емес» (№ 137). «Кен жұмысшылары тәрбиесінің кемістігін кейін толықтыра алмай ма? — Жалпы олар барған сайын нашарлай түсуде; олар жаман әдетке үйренеді; олар маскүнемдікке, ойынға, т. с. салынады да, мүлдем бұзылып кетеді» (№ 211). «Балаларын кешкі мектептерге неге бәрмейді? — Тас көмір округтарының көпшілігінде ондайлар атымен жоқ. Ал ең бастысы — балалардың шектен тыс ұзақ жұмыстан қажитыны сонша, қалжырағаннан көздері жұмыла бастайды» (№ 454). «Сонда», — деп қорытады буржуа, — «сіз білім алуға қарсысыз ғой? — Ешбір қарсы емеспін, бірақ», т. т. «1860 жылғы заң шахта иелерін, т. б., егер олар 10-нан 12 жасқа дейінгі балаларды жұмысқа қабылдай болса, мектеп куәлігін талап етуді міндеттейді емес пе? — Заң солай дейді, ал кәсіп иелері олай істемейді». «Сіздің ойыңызша, заңның сол статьясы үнемі орындала бермейтін болғаны ғой? — Ол әсте де орындалып жүрген жоқ» (№№ 443, 444). «Кен жұмысшыларында тәрбие мәселесіне көңіл бөлушілік күшті ме? — Орасан көпшілігінде» (№ 717). «Олар осы заң іске асса екен деп тілей ме? — Орасан көпшілігі» (№ 718). «Осы заңның іске асырылуын олар неге талап етпейді? — Кейбір жұмысшы баланы мектеп куәлігінсіз жұмысқа жібергісі келеді, бірақ мұнысы үшін ол дереу тізімге алынады (a marked man)» (№ 720). «Тізімге алатын кім? — Оның кәсіп иесі» (№ 721). «Ал сіз болсаңыз, кәсіп иелері заңға бағынды деп адамды қудалайды деп ойламайтын боларсыз? — Мен олар солай істеген болар еді деп ойлаймын» (№ 722). «Ондай балалардың еңбегін қолданудан жұмысшылар неге бастартпайды? — Бұл олардың қалауына берілген іс емес» (№ 123). «Сіз бұған парламенттің араласуын талап етесіз бе? — Кен жұмысшыларының балаларын тәрбиелеу ісінде шын мәнісінде бірдене шығару үшін оны күштеп, парламенттік заң арқылы өткізу қажет» (№ 1634). «Ол сонда Великобританияның барлық жұмысшыларының балаларына ма, әлде тек кен жұмысшыларына ғана қолданылуға тиіс пе? — Мен мұнда кен жұмысшыларының атынан сөйлеуге келіп отырмын» (№ 1636). «Кен жұмысшылары балаларының басқа балалардан қандай айырмасы бар? — Айырмасы сол — олар жалпы ережеге кірмей отыр» (№ 1638). «Қай жағынан? — Дене күші жағынан» (№ 1639). «Басқа таптардың балаларынан гөрі бұларға тәрбиенің құндырақ болатын себебі неден екен? — Мен тәрбие оларға құндырақ деп отырғаным жоқ, бірақ кендердегі шектен тыс жұмыстың салдарынан күндізгі және жексенбілік мектептерде тәрбие алуға оларда мүмкіншілік кем болып отыр» (№ 1640). «Мұндай мәселелерді үзілді-кесілді түйіндеуге болмайды ғой, рас емес пе?» (№ 1644). «Округтарда мектеп жеткілікті ме? — Жоқ» (№ 1646). «Егер мемлекет барлық баланы мектепке жіберіндер дейтін болса, онда ол балалардың бәріне мектепті қайдан алмақпыз? — Менің ойымша, жағдай керек етсе, мектеп деген табылады» (№ 1647). «Балалардың ғана емес, тіпті ересек кеншілердің де орасан көпшілігі не жаза, не оқи білмейді» (№№ 705, 726).

3) Әйелдер еңбегі. 1842 жылдан бастап жұмысшы әйелдер жер астындағы жұмысқа жіберілмейтін болғанымен, әйтсе де олар жер бетінде көмір, т. с. тнеу, көмір салынған шелекті қаналдар мен темір жол вагондарына тасу, көмірді сұрыптау, т. с. жұмыстарын атқарады. Әйелдер еңбегін қолдану соңғы 3—4 жылда мықтап етек алды (№ 1727). Әйел жұмысшылар — көпшілігінде кен жұмысшыларының әйелдері, қыздары мен жесірлері, 12-жастан 50 және 60 жасқа дейінгі әйелдер (№№ 647, 1779, 1781).

«Кен жұмысшыларының рудниктердегі әйелдер еңбегі жөніндегі ойлары қандай? — Олардың бәрі мұндай еңбекке қарсы» (№ 648). «Неге? — Олар мұны әйел жынысы үшін қорлық деп санайды» (№ 649). «Әйелдер еркек киімдері сияқты бірдеңе киеді. Көп реттерде осының өзі ұят сезімі атаулыны тұншықтырады. Кейбір әйелдер шылым тартады. Жұмыс дәл кендердің өзіндегі сияқты ылас. Олардың ішінде ерге шыққан әйелдер көп, олар өздерінің үйдегі міндеттерін атқара алмайды» (№№ 650—654, 701). «Жесір әйелдер дәл осы күңгісіндей табыс беретін (аптасына 8—10 шилл.) басқа бір кәсіп таба алар ма еді? — Бұл жөнінде мен ешнәрсе айта алмаймын» (№№ 709, 708). «Сөйте тұра сіз» (тас бауыр!) «оларды осы күн көріс көзінен айырмақсыз ба? — Оған еш күмән болмасқа тиіс» (№ 710). «Бұл өзі қайдан шыққан мінез? — Біздер, кен жұмысшылары, әсем жынысты қатты қадірлейтін жаңдармыз, сол себепті оның көмір кендерінде жұмыс істегенін көргіміз келмейді... Ол жұмыс көбіне өте ауыр. Осы қыздардың көбі күніне 10 тошпаға дейін жүк көтереді» (№№ 1715, 1717). «Сіздің ойыңызша, кендерде істейтін жұмысшы әйелдер фабрикадағылардан гөрі көргенсіз болғаны ма? — Бұзылғандар проценті фабрика қыздарының арасындағыдан артық» (№ 1732). «Алайда сіз фабрикадағы көргенсіздік дәрежесіне де наразысыз ғой тәрізі? — Жоқ» № 1733). «Сіз фабрикада да әйелдер еңбегіне тиым салынсын демейсіз бе? — Жоқ, мен олай болсын демеймін» (№ 1734). «Неге? — Ондағы еңбек сипайы және әйел жынысына қол келеді» (№ 1735). «Дегенмен ондағы еңбек олардың адамгершілігіне зиян, солай емес пе? — Жоқ, оның зияны кендегіден әлдеқайда төмен. Оның бер жағында мен тек моральдық жағын ғана емес, деген еңбегі мен әлеуметтік жағын да айтып тұрмын. Қыздардың әлеуметтік азғындауы сұмдық, шегіне жетіп отыр. Бұл қыздар кен жұмысшыларына күйеуге шыққанда, ерлері осы азғындауынан қатты, қасірет шегеді, әйелі оны үйден қуады, маскүнемдікке итермелейді» (№ 1736). «Ал темір өңдеу заводтарындағы әйелдер жайында да дәл осыны айту жөң емес пе? — Мен өндірістің басқа салалары жөнінде ешнәрсе айта алмаймын» (№ 1737). «Дегенмен темір өңдеу заводтары мен кендерде істейтін әйелдер арасындағы айырмашылық қандай? — Мен ол мәселемен шұғылданып көрген емеспін» (№ 1740). «Сіз осы екі категория арасындағы пәлендей бір айырмашылықты анықтап бере алмайсыз ба? — Бұл жөнінде дәл пәлендей деп тұжырып ешнәрсе айта алмаймын, бірақ, үйден үйге көшіп жүріп, округымыздан талай масқара жәйттерді көрдім» (№ 1741). «Сіз осы азғындауға соқтыратын жердің бәрінде әйел еңбегіне тиым салуды қатты жақтаушы емессіз бе? — Солаймын... Бала ең жақсы сезімді ана тәрбиесінен алады» (№ 1750). «Ал жаңағы айтылғандардың егіншіліктегі әйелдер жұмысына да қатысы бар емес пе? — Егіншілік жұмысы жылдың тек екі маусымында ғана болады, ал біздегі әйелдер жылдың төрт маусымында түгелдей, көбіне күндіз-түні бірдей, суға малынып жүріп істейді, оргазмдері нашарлайды, ден саулықтары бұзылады» (№ 1753). «Сіз бұл мәселені жалпы зерттеген емессіз бе» (әйелдер еңбегі мәселесін)? — «Мен өз айналамды байқадым,

сондықтан мынаны айта аламын: көмір кендеріндегі әйелдер жұмысына титтей де ұқсастығы бар нәрсені ешқайдан көре алмадым. Бұл өзі еркектің, еркек болғанда да қайраттысының ғана жұмысы». «Таңдаулы деген пеншілер өз тұрмыс дәрежесін көтеріп, адам болайын десе, әйелдері оған ешқандай сүйеніш бола алмайды, қайта олар әлгі әйелдерінің кесірінен азғындап кетеді».

Буржуа тағы да қыңыр да қисық сұрақтарын қойып болғаннан кейін, ақырында, олардың жесір әйелдерді, жарлы семьяларды, т. б. «аяғыштығының» сыры ашылады.

«Кен несі негізгі бақылаушылықты белгілі жентельмендерге жүктейді; олар жағыну үшін істің бәрін үнемді жолға қоюға тырысады, сондықтан еркектер атқарғанда күніне 2 шилл. 6 пенни төленетін жұмыс үшін жұмысшы қыздар 1 шиллингтен 1 шилл. 6 пенниге дейін ғана ақы алады» (№ 1816).

4) Мүрде қараушы присяжныйлар.

«Ал сіздердің округтарыңыздағы coroner's inquests [мүрделерді қарайтын присяжныйлар тергеуіне] келетін болсақ, бақытсыз жағдайлар бола қалғандағы сот практикасына жұмысшылар разы ма? — Жоқ, разы емес» (№ 360). «Неліктен разы емес? — Оның себебі, әсіресе, кен жайынан ешқандай хабары жоқ адамдарды присяжный етіп тағайындайтындықтан. Қуәға шақырғаны болмаса, бұл іске жұмысшыларды ешуақытта қатыстырмайды. Жалпы көрші дүкеншілерді шақырады, ал олар сатып алушыларының, кеп нелерінің ықпалында болады және олар тіпті куәлардың техника жөніндегі сөздерін де түсінбейді. Біз присяжныйлардың біразы кен жұмысшыларынан болуын талап етеміз. Әдетте шығарылған үкімдер куәлардың жауабына қайшы болады» (№№ 361, 364, 366, 368, 371, 375). «Присяжныйлар ешкімге бұрмайтын әділ адамдар болуға тиіс емес пе? — Дұрыс». «Ал жұмысшылар солай болар ма екен? — Неге болмасын, олай болмайды деген дәлелді мен көре алмай тұрмын. Олар істің жайын біледі». «Алайда олар жұмысшылардың мүддесін көздеп, әділетсіз қатал үкім шығаруға бой ұрмас па екен? — Жоқ, мен олай болмайды деп білемін».

5) Теріс өлшеу, таразы және т. т. Жұмысшылар ақыны екі аптада емес, апта сайын төленуін, шелек көлемімен емес, таразымен өлшенуін, тұзу емес таразыны, т. с. қолданудан қорғауды талап етеді (№ 1071).

«Егер көз бояп, шелек салмағын көбейтушілік болса, ондайда жұмысшы 14 күн бұрын ескертіп, шахтыдан кетіп қалуына болады емес пе? — Бірақ ол басқа жерге жұмысқа кірсе, әлгі жағдайға онда да кездеседі» (№ 1071). «Дегенмен ол қиянат жасалатын жерден кете алады емес пе? — Барлық жерде де дәл осындай жағдай» (№ 1072). «Алайда, жұмысшы 14 күн бұрын ескертіп, қалаған уақытында кетуіне болады емес пе? — Болады». Енді не керек!

6) Кен инспекциясы. Жұмысшылардың қасірет шегуі тек газ жарылғандағы бақытсыздық жағдайлардан ғана емес.

«Біз мұндай шағымды көмір кендеріндегі желдеткіштің нашарлығы жөнінде де жиі айтуымызға тура келеді, соның нашарлығынан ондағы

жұмысшылар демін әрең алады; соның салдарынан олар еш жұмысқа жарамсыз болып қалады. Мысалы, дәл кәзіргі кезде, кеннің мен істейтін бөлегінде, сасық ауа көптеген жұмысшыларды бір апта бойы төсек тартқызып тастады. Негізгі жолда жалпы алғанда ауа жеткілікті, ал дәл біз істейтін жерде ауа жетіспейді. Егер жұмысшы желдеткіш нашар деп инспекторға шағым айтса, ол жұмыстан шығарады да, «тізімге алынған» адам болып есептеледі, сөйтіп, ол басқа ешқайда жұмысқа орналаса алмайтын болады. Кен инспекциясы жөніндегі 1860 жылғы заң — әншейін бір жапырақ қағаз ғана. Инспекторлар — ал олар тым аз — ресми аралауын, сірә, жеті жылда бір-ақ рет өткізетін шығар. Біздің инспекторымыз мүлдем істен шыққан жетпіс жастағы қарт, оған 130-дан аса тас көмір кендері бекітілген. Инспекторлардың көп керектігінің үстіне бізге жәрдемші инспекторлар керек» (№ 234 және келесі беттері). «Бұлай болғанда инспекторлар жұмысшылар тарапынан хабар алмай-ақ, сіздерге керектінің бәрін өздері істейтін болуы үшін үкімет толып жатқан инспекторлар армиясын ұстауы керек қой? — Ол мүмкін емес, хабар алу үшін олар кендердің өзіне баруға тиіс» (№№ 280, 277). «Сонда осылың нәтижесінде келіп желдеткішке, т. с. жауапкершілік (!) кен иелерінен алынып, үкімет чиновниктеріне жүктелсін демекшісіз бе? — Мүлдем олай емес; олардың міндеті кәзірдің өзінде бар заңдарды орындап отыруға күштеп көндіру болуға тиіс» (№ 235). «Жәрдемші инспекторлар дегенде сіздің айтпағыңыз жалақысы төмен және кәзіргі кездегі инспекторларға қарағанда төмен дәрежедегі адамдар емес пе? — Сіздер жақсыларын берсеңіздер, мен төмен болсын деуден аулақпын» (№ 294). «Сіз инспектор саны көп болсын дейсіз бе әлде инспекторға қарағанда төмен таптың адамдары көп болсын дейсіз бе? — Бізге өздері кендерде жүретін, қара басының қамын жеп, қалтырамайтын адамдар керек» (№ 295). «Егер сіздің төменгі сатыдан инспекторлар болсын деген тілегіңіз орындалса, сонда олардың білместігі, т. т. сияқты қауіп тумай ма? — «Тумайды, лайықты адамдарды қою үкімет ісі».

Жауап алудың мұндай тәсілі, ақырында, тергеу комиссиясы председателінің өзіне де тым ерсі көрінсе керек.

«Сіз»,— дейді ол сөзге араласып,— «практика адамдары болсын, олар кендердің өзін қарап тексеріп, инспекторға хабарлан отырсын, сонда инспектор өзінің мол білімін пайдалана алар еді дейсіз» (№№ 298, 299). «Осы ескі кендердің бәріне желдеткіш қоюға көп шығын керек болмай ма? — Дұрыс, шығын, тегі, өсетін болар, ал оның есесіне адамдардың өмірі сақталады» (№ 531).

Бір кен қазушы 1860 жылғы заңның 17-статьясына наразылық білдіреді.

«Кәзіргі кезде кен инспекторы кеннің пәлендей бір бөлегін жұмыс істеуге жарамсыз күйде деп танса, ол бұл жөнінде кен иесі мен ішкі істер министрине білдіруге тиіс. Осыдан кейін кен иесінің ойланп-толғануына 20 күн беріледі; осы 20 күн өткеннен кейін ол қандай да болсын өзгеріс жасаудан бастаруға ерікті. Егер ол нақ осылай істесе, ол ішкі істер министрине хат жазып, оған 5 кен инженерін көрсетуге тиіс, министр олардың иінінен төреші би тағайындауға тиіс. Біз бұлай болғанда кен иесі іс жүзінде өзінің ісіне соттарды өзі тағайындайтын болып шығады дейміз» (№ 581).

Жауап алып отырған буржуаның өзі — кен иесі:

«Бұл — таза ойша жорамалдау наразылығы» (№ 586). «Демек, сіз кен инженерлерінің адалдығына онша сенбейтін болғаныңыз ғой? — Мен мү-

ның өте теріс және әділетсіздік екенін айтып отырмын» (№ 588). «Кен инженерінің жағдайы бір есептен қоғамдық жағдай емес пе, сондықтан олар сіз қауіптеніп отырғандай қиянат шешім қабылдауға бармайтын адамдар емес пе, бұған не дейсіз? — Мен ол адамдардың өз бастарының мінез-құлқы жөніндегі сұраққа жауап бермеймін. Олардың көп реттерде өз пайдасын көздейтіндігіне көзім жеткен, сондықтан адамның өміріне қатер төніп тұрған жерлерде билікті олардың қолынан алу керек».

Мынадай сұрақ қоюға да әлгі буржуаның арсыздығы жетеді:

«Қалай дейсіз, газ жарылуынан кен иелері де зиян көреді емес пе?»

Ақырында:

«Сіздер, жұмысшылар, үкіметтен көмек сұрамай-ақ, өз мүдделеріңізді өздеріңіз қорғай алмайсыздар ма? — Жок» (№ 1042).

1865 жылы Великобританияда 3 217 тас көмір кені және 12 инспектор болды. Йоркширдағы бір кен иесінің өзі есептеп шығарған есеп бойынша («Times» 26 январь, 1867 ж). Тіпті барлық уақыттарын түгел алатын кеңсе қызметтерін тастағанда да, инспекторлар әрбір кен орнына 10 жылда бір-ақ рет бара алады екен. Соңғы жылдарда (әсіресе 1866 және 1867 жылдары) апаттардың саны мен көлемі барған сайын көбейе түскені тегін емес (кейде апатқа ұшыраған жұмысшылар саны 200—300-ден саналады). «Ерікті» капиталистік өндірістің әсем сиқы міне осындай.

Не дегенмен де, 1872 жылғы заң, қаншама кемшілігі болғанымен, кен орындарында істейтін балалар еңбегінің ұзақтығын реттейтін және бақытсыздық жағдайлар дейтіндер жөніндегі жауапкершілікті белгілі дәрежеде қанаушылар мен кен иелеріне жүктейтін тұңғыш заң болып табылады.

Балалардың, жас өспірімдер мен әйелдердің егіншіліктегі еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі 1867 жылғы корольдік комиссия бірнеше өте маңызды есептер жариялады. Егіншілікке тым болмаса өзгертілген түрінде болса да фабрикалық заңның принциптерін қолдану жөнінде бірнеше рет әрекет жасалды, бірақ оның бәрі осы кезге дейін толық сәтсіздікке ұшыраумен аяқталып келді. Алайда мен бұл жерде бір жағдайды — әлгі принциптерді жаппай қолдануға тынбастан ұмтылу тенденциясы бар екенін атап өтуге тиіспін.

Егер, бір жағынан, жұмысшы табын дене және рухани жағынан қорғау құралы ретінде фабрикалық заңды жалпыға бірдей қолдану шарасыздықтан істелсе, екінші жағынан, жоғарыда көрсетілгеніндей, ол өте шағын көлемде жүргізіліп отырған бытыраңқы еңбек процестерін ірі, қоғамдық масштабтағы құрамалас еңбек процестеріне айналдыруды жалпы-

ға бірдей етеді және тездете түседі, яғни капиталдың шоғырлануы мен фабрикалық тәртіптің дара билігін тездетіп, жалпыға бірдей етеді. Ол капитал үстемдігі әлі де болса шінара бүркеніш етіп отырған ескілікті және өтпелі формалардың бәрі талқандап, олардың орнына тікелей, ашық капитал үстемдігін орнатады. Осылай етуімен ол осы үстемдікке қарсы жүргізілетін тікелей күреске де жалпыға бірдейлік сипат береді. Жеке мастерскойларды біркелкілікке, жүйелілікке, тәртіпке және үнемшілікке еріксіз көндіре отырып, ол жұмыс күніне шек қойып, реттеудің нәтижесінде техниканың мықтап өркендеуіне жол ашылуы арқасында тұтасынан алғанда капиталистік өндірістің анархиясы мен апаттарын көбейтеді, еңбектің интенсификациясын және машинаның жұмысшымен бәсеке-сін арттырады. Ол ұсақ өндіріс пен үйге берілетін жұмыс сферасымен қабат «басы артық» жұмысшылардың ақырғы паналар жерін, демек, бүкіл қоғамдық механизмнің бұл кезге дейін өмір сүріп келген қоғамдық сақтық қақпағын жояды. Ол өндіріс процесінің материалдық жағдайларымен және қоғамдық комбинациясымен қатар оның капиталистік формасының қайшылықтары мен антагонизмдерінің, демек, мұнымен бірге жаңа қоғам құру элементтері мен ескі қоғам төңкерісі моменттерінің пісіп-жетілуіне бастап әкеледі³²²⁾.

³²²⁾ Кооперативтік фабрикалар мен кооперативтік дүкендердің атасы, алайда, жоғарыда айтылғандай, өз жолын қушылардың қайта құрудың осы оқшау элементтерінің маңызы жөніндегі бос үміттеріне мүлдем қосылмаған Роберт Оуэн өзінің тәжірибелерінде іс жүзінде фабрикалық системаға сүйенгені өз алдына, сонымен қатар бұл система теория жүзінде де әлеуметтік революцияның түпкі бастама пунктін деп жариялады. Лейден университетінің саяси экономия профессоры Виссеринг мырза 1860—1862 жылдардағы өзінің «Handboek van Praktische Staatshuishoudkunde» деген еңбегінде де осы сияқты бірденің алдын ала сезген тәртізді, ол еңбегі тұрпайы саяси экономияның күллі ласықтығын нағыз лайықты түрде көрсетеді, кол өнері өндірісін өршеден жақтап, ірі өнеркәсіпке қарсы шығады.

4-ші Басылуына. Өзара біріне бірі қайшы фабрикалық заңдар, фабрикалық заңдарды қолдану саласын ұлғайту туралы заң және балалардың жас өспірімдер мен әйелдердің мастерскойлардағы еңбегі туралы заң арқылы ағылшын заңы жасаған «юридикалық жаңа айла-шарғы шытырман» (264-бет) [осы томның 309-беті], ақырында, адам тәзгісіз жағдайға айналды, сондықтан да 1878 жылғы фабрикалар мен мастерскойлардағы еңбек туралы заңда бұл саладағы барлық заңдарды бір жүйеге салу ісі жүзеге асырылды. Әрине, бұл арада Англияның осы, әлі күнге дейін күшінде қалып отырған өнеркәсіп кодексіне егжей-тегжейлі сынап жату мүмкін емес. Төмендегі ескертпелерді айтумен ғана тынамыз. Заңның күші жүретіндері: 1) Тоқыма фабрикалары. Мұнда жалпы алғанда бәрі де ескі қалпында қалып отыр; 10 жастан асқан балалар үшін рұқсат етілген жұмыс уақыты күніне 5½ сағат немесе 6 сағат, алайда бұл ретте сенбі бос күн; жас өспірімдер мен әйелдер үшін — бес күн 10 сағаттан, сенбіде көп болса 6½ сағат.—2) Тоқыма емес фабрикалар. Олардағы жағдай бұрынғыға қарағанда кәзір № 1-де айтылған жағдайға неғұрлым жақындатылған, дегенмен капиталистерге кеңшілік беретін кейбір қолайлы жағдайлар онда әлі де бар, мұны олар белгілі жағдайларда ішкі істер министрінің арнаулы рұқсатымен бұрынғыдан да ұлғайта алады.—3) Бұрынғы заңда айтылғандарға шамалас келетін мастерскойлар; олай дейтініміз бұларда да балалар, жас өспірімдер мен әйелдер істейтіндіктен мастерскойлар тоқыма емес фабрикаларға теңелген десе де болмайды, алайда бұларда да жеке тармақтары босансытылған.—4) Балалар мен жас өспірімдер жоқ, бірақ 18 жастан асқан ерлер мен әйелдер істейтін мастерскойлар; бұл категория үшін бұрынғыдан да босансытылған.—5) Өзіне міншікті пәтерінде тек семья мүшелері ғана істейтін үй мастерскойлары; мұндағы қолданылатын ережелер басқалардан да икемді және оның үстіне мынадай шек қойылған: министрдің үйіне соттың ерекше рұқсатансыз инспекторлар тек бір жағынан тұрғын үй де емес ғимараттарға ғана бара алады; ақырында, семьядағы салом тоқу, шілтер тоқу, биялай өндірісі толық еркіндікке қалдырылған. Барлық

10. ІРІ ӨНЕРКӘСІП ПЕН ЕГІНШІЛІК

Ірі өнеркәсіптің егіншілікте және егіншілік өндірісі агенттерінің қоғамдық қарым-қатынастарында жасайтын революциясын кейініректе ғана баяндауға болады. Бұл жерде мұнан арғы баяндаудың алдын орай, оның кейбір нәтижелерін көрсетсек те жеткілікті болады. Егер машиналарды егіншілікте қолдану оның фабрикадағы жұмысшыға³²³⁾ тигізетіндей табиғи зардаптарынан көпшілік ретте аман болғанымен, мұның есесіне мұнда оның жұмысшыларды «басы артық» жұмысшылар ету жөніндегі әрекеті анағұрлым күшті болады да, бұл ісінде ешқандай қарсылыққа кездеспейді, мұны біз кейінірек неғұрлым толық көрсетеміз. Кембридж және Суффолк графтықтарында, мысалы, өңделетін жердің көлемі соңғы жиырма жыл ішінде мықтап артты, ал оның бержағында осы мерзім ішінде село халқы отностительді түрде ғана емес, абсолютті түрде де азайды. Солтүстік Америка Құрама Штаттарында ауылшаруашылық машиналары әзірше тек потенциалды түрде ғана жұмысшының орнын басып отыр, яғни олар өндірушінің көп жерді өңдеуіне мүмкіндік береді, бірақ іс жүзінде жұмыс істеуші жұмысшыларды қумайды. Англия мен Уэльсте ауыл шаруашылық машиналары өндірісіне қатысатын адамдар саны 1861 жылы 1 034 болды, ал оның бержағында бу және жұмыс машиналарында істейтін ауыл шаруашылық жұмысшыларының саны небәрі 1 205 болды.

Ірі өнеркәсіп ескі қоғамның тірегін, «шаруаны», жойып, оның орнына жалдама жұмысшыны қояды, осы мағнада алағанда ол егіншілік саласында анағұрлым революцияшылдықпен қимылдайды. Сонымен деревняда әлеуметтік төңкерісті керексіну мен әлеуметтік қарама-қарсылықтар қаламен бір-ыңғай болады. Ең ескішіл кертартпа және ең тиімсіз өндірістің орнын ғылымды саналы түрде технология жолымен қолдану ісі басады. Капиталистік өндіріс әдісі егіншілік пен өнеркәсіптің екеуінің «балалық-жетілмеген формаларын бірімен бірін қосқан бұл екеуінің әуелдегі семьялық одағын бұзуды ақырына дейін жеткізеді. Алайда, ол сонымен қабат жаңа,

кемшіліктеріне қарамастан, бұл заң Швейцарияның 1877 жылғы 23 марттағы федералдық заңымен қатар әлі де болса осы саладағы таңдаулы заң болып қала беруде. Оны жаңа ғана аты аталған Швейцарияның федералдық заңымен салыстырудың ерекше қызықты болатын себебі — мұның өзі екі заң шығару әдісінің — оқта-текте ғана араласатын, «тарихи» ағылшындық әдіс пен француз революциясының дәстүріне құрылған, континенттік, көбірек қорытындылаушы әдістің артықшылықтары мен кемшіліктері өте айқын көрсетеді. Ама! не, ағылшын кодексі мастерскаяларға қолдану жөнінен көбіне инспектор қызметкерлердің жеткіліксіздігі салдарынан әлі де болса тек аты бар, заты жоқ күйінде қалып келеді. Ф. Э. }

³²³⁾ Англияның егіншілігінде қолданылатын машиналар — Dr. W. Hamm. «Die Landwirtschaftlichen Geräte und Maschinen Englands», 2. Aufl., 1856. деген еңбекте толық суреттелген. Ағылшын егіншілігінің дамуы жайындағы очеркінде Гамм мырза сән көймен қарамай, Леонс де Лаверн мырзаға тым ере берген. {4-ші басылуына. Әрине, бұл еңбек көзір ескіріп қалды. Ф. Э. }

жоғары синтезге — егіншілік пен өнеркәсіптің өздерінің қарама-қарсы дамыған формалары негізіндегі одағына материалдық алғышарттар жасайды. Капиталистік өндіріс өзі ірі орталықтарға жинақтайтын қала халқы санының басымдығын үнемі арттыра отырып, осылай етуі арқылы, бір жағынан, қоғамның алға басу қозғалысының тарихи күшін жинақтайды, ал, екінші жағынан, адам мен жер арасында зат алмасуына, яғни жердің адам тамақ заттары мен киім түрінде пайдаланған құрамдас бөлімдерінің жерге қайта қайтып баруына бөгет жасайды, яғни жердің үнемі құнарлы болуының мәңгілік табиғи шартын бұзады. Сөйтіп ол қала жұмысшыларының тәні саулығы мен село жұмысшыларының рухани тіршілігін қоса-қабат бүлдіреді ³²⁴⁾. Алайда, осы зат алмасуының таза стихиялық жолмен қалыптасқан жағдайларын күйрете отырып, капиталистік өндіріс сонымен қабат оны қоғамдық өндірісті реттеп отыратын заң ретінде және адамның толық өркендеуіне сай келетін формада үнемі қалпына келтіріп отырады. Мануфактурадағы сияқты, егіншілікте де өндіріс процесін капиталистік жолмен қайта құру сонымен қабат өндірушілердің азап шегуінің, еңбек құралы — жұмысшыны құлданудың, қанаудың және қайыршыға айналдырудың құралы болуының, еңбек процестерінің қоғамдық комбинациясы — жұмысшының жеке бас өмір сүру әрекетін, бостандығы мен дербестігін ұйымдасқан түрде жаныштап тұншықтырудың көзі болып табылады. Село жұмысшыларының зор кеңістікке жайылған бытырандылығы олардың қарсыласу күшін мұқалтады, ал қала жұмысшыларының шоғырлануы бұл күшті көбейтіп еселей түседі. Кәзіргі заманғы қалалық өнеркәсіптегі сияқты, кәзіргі заманғы егіншілікте де еңбектің өндіргіш күшінің артуы мен оның орасан шапшаңдығы жұмыс күшінің өзін күйретіп, титығына жету есебінен болып отырады. Оның үстіне капиталистік егіншіліктегі прогрестің қандайы болсын — жұмысшыны тонау өнеріндегі прогресс қана емес, сонымен қатар жерді тонау өнеріндегі прогресс, кәзіргі мерзімде жердің құнарлылығын арттырудағы прогрестің қандайы болсын — сонымен қатар сол құнарлылықтың тұрақты қайнар көздерін бүлдіру жөніндегі прогресс болып табылады. Мысалы, Солтүстік Америка Құрама Штаттары сияқты белгілі ел өз дамуының базисі ретінде ірі өнеркәсіпке неғұрлым көбірек сүйенсе, әлгі бүл-

³²⁴⁾ «Сіздер халықты: дөрекі деревнялықтар мен үлпілдек ергежейлілер деп екі жаулас лагерге бөлесіздер. О жаратқан құдай! Егіншілік мүдделері мен саяуда мүдделерінің айырмашылығына қарай бөлінетін ұлт өзін қалыпты дұрыс ұлтпын деп есентейді, онымен де қоймай, осынау сұмдық та табиғи емес бөлнушілікке қарамастан емес, қайта нақ соның арқасында тіпті өзін білімді де мәдениетті ұлтпын деп атайды» (*David Urauhart*, цитат алынған шығарманың 119-беті). Бұл жері кәзіргі заманды талқылай да сөге білетін, бірақ оны түсіне білмейтін сынның күші мен әлсіздігін қоса-қабат аңғартады

діру процесі солғұрлым жеделдей түседі ³²⁵⁾. Демек, капиталистік өндіріс техника мен өндірістің қоғамдық процесінің комбинациясын дамытқанда ол сонымен қатар байлық атаулының қайнар бұлағын: жер мен жұмысшыны бұлдіріп күйретіндей жолмен ғана дамытады.

³²⁵⁾ Салыстырыңыз: *Liebig* «Die Chemie in ihrer Anwendung auf Agrikultur und Physiologie», 7. Aufl, 1862, әсіресе «Егіншіліктің табиғи заңдарына кіріспе» бірінші томында. Жаратылыс тану тұрғысынан көзіргі заманғы егіншіліктің қолайсыз жақтарын анықтағаны Либихтың өшпес еңбегінің бірі болып табылады. Өрескел хателерден сау болмағанымен, оның егіншілік тарихына жасаған тарихи шолуы да кейбір мәселелердің бетін ашады. Бір қыңжыларлық жері, оның төмендегі пікір сияқты пікірлерді долбарлап айта салуға тәуекел етпейде: «Майдалап ұнтақтау мен жиі жырту жердің қопсымалы қуыстары арасында ауа алмасуын күшейтеді, оның ауа әсері тиюге тиісті қыртысын қалындатып, жаңартады; дегенмен өнім егіске жұмсалған еңбек мөлшеріне пропорциялы түрде артпайтынын, қайта өнімнің артуы ол пропорциядан әлдеқайда кем болатынын түсіну қиын емес». «Бұл заңды,— дейді оған әрі Либих,— «тұңғыш рет Дж. Ст. Милль өзінің «Principles of Political Economy», v. I, p. 17: дейтін еңбегінде былайша тұжырымдаған: «caeteris paribus [басқа жағдайлары бірдей болып келгенде] жер өнімі жұмыстағы жұмысшы санының артуына қарағанда» (Милль мырза бұл жерде Рикардо мектебінің жалпыға әйгілі заңын теріс тұжырымдап отыр, өйткені Англияда әрқашан егіншіліктегі прогреспен қабат «the decrease of the labourers employed» [жұмыстағы жұмысшы санының кемуі] болып отырды, сол себептен де Англия үшін және Англияда шыққан заң, ең берісі, сол Англияда қолдануға мүлдем үйлесімсіз болып шығар еді).— «кеми беру пропорциясымен артады, мұның өзі — егіншіліктің универсал заңы». Мұның өзі тащырақуға тұрарлық жағдай, өйткені осы заңның негізінде жатқан себеп Милльге белгісіз күйінде қалған» (*Liebig*, цитат алынған шығарма. I том, 143-бет, ескерту). «Еңбек» деген сөзді теріс түсіндіріп отырғандығы туралы айтпағанның өзінде, Либих еңбек деп саяси экономиядағыдан басқа бір нәрсені түсінеді, қалай дегенде де оның Дж. Ст. Милльді А. Смит заманында тұңғыш рет Джемс Андерсон жариялаған және мұнан соң XIX ғасырдың бас кезіне дейін түрлі еңбектерінде қайталап келген теорияны, жалпы плагиаттыққа шебер Мальтус 1815 ж. иемденіп алған теорияны (оның халық өсуі жайындағы бүкіл теориясы — түгелінен арсыздық ұрлық), Уэст сол кезде-ақ Андерсонге байланысыз түрде дамытқан теорияны, 1817 жылы Рикардо жалпы құн теориясымен байланыстырған, сол кезден бастап Рикардонның есімімен бүкіл дүние жүзін аралап шыққан теорияны, 1820 жылы Джемс Милль (Дж. Ст. Милльдің әкесі) тұрпайылаған және, ақырында келіп, оны алғі Дж. Ст. Милль мырза да жауыр болған мектептік догма ретінде қайталаған теорияны тұңғыш жариялаушы етіп отырғаны «тандануға тұрарлық жағдай». Дж. Ст. Милльдің өзінің алғі, қалай дегенде де «тандануға тұрарлық», бекеті тек қана осы тәрізді qui pro quo арқасында дерлік болып отырғаны даусыз нәрсе.

БЕСІНШІ БӨЛІМ

АБСОЛЮТТИ ЖӘНЕ ОТНОСИТЕЛЬДИ
ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ ӨНДІРІЛУІ

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

АБСОЛЮТТИ ЖӘНЕ ОТНОСИТЕЛЬДИ ҚОСЫМША ҚҰН

Жоғарыда (бесінші тарауды қараңыз) еңбек процесі абстрактылы түрде, өзінің тарихи формулаларынан тәуелсіз, адам мен табиғаттың арасындағы процесс ретінде қарастырылған еді. Онда біз: «Егер бүкіл процесті оның нәтижесі — өнімнің тұрғысынан алып қарайтын болсақ, еңбек құрал-жабдығы мен еңбек затының скеуі де өндіріс құрал-жабдықтары ретінде, ал еңбектің өзі өндіргіш еңбек ретінде көрінеді» дегенбіз. 7-ші ескертуде бұған: «Өндіргіш еңбекке жәй еңбек процесі тұрғысынан берілген бұл анықтама капиталистік өндіріс процесі үшін мүлде жеткіліксіз» деген пікір қосылған-ды. Ендігі зерттеуге жататын нәрсе міне осы.

Еңбек процесі бірыңғай даралық процесс болып тұрған кезінде, кейіннен бөлектенетін қызметтердің бәрін бір ғана жұмысшының өзі атқарып отырады. Табиғат заттарын өзінің өмірлік мақсаттары үшін жеке иемденіп тұрған кезінде жұмысшы өзін өзі бақылайды. Кейін оны бақылайтын болады. Өз миының бақылауымен қара күшін қимылға келтірмейінше жеке адам табиғатқа әсер ете алмайды. Табиғаттың өзінде бас пен қолдың бір денеге тиісті болатыны сияқты, ой еңбегі мен дене еңбегі де еңбек процесінде бірігеді. Бұлар кейін бөлініп, өзара өш қарама-қарсылыққа дейін жетеді. Жалпы алғанда өнім жеке өндірушінің тікелей өз өнімінен жиынтық жұмысшының қоғамдық, ортақ өніміне айналады, яғни жеке мүшелері еңбек затына тікелей әсер етуден азды-көпті алыс тұратын біріккен жұмысшы адамдардың өніміне айналады. Сондықтан еңбек процесінің кооперациялық сипатының өзі өндіргіш еңбек пен оны атқаратын өндіргіш жұмысшы деген ұғымды кеңітпей қоймайды. Енді өнімді еңбек ету үшін тіке-

лей өз қолын жұмсаудың қажеті жоқ; жиынтық жұмысшының мүшесі болып, оның жеке қызметтерінің бірін атқарса болғаны. Өндіргіш еңбектің жоғарыда келтірілген алғашқы анықтамасы материалдық өндірістің табиғатының өзінен алынғанды; тұтас бір бүтіндік ретінде қаралатын жиынтық жұмысшыға қолданғанда ол әрқашан өз маңызын сақтап отырады. Бірақ бұл анықтама жиынтық жұмысшының мүшелерін жекелеп алғанда, олардың әрқайсысына қолдануға енді жарамсыз болады.

Бірақта, екінші жағынан, өнімді еңбек деген ұғым тарыла түседі. Капиталистік өндіріс дегеніміз тек товар өндірісі ғана емес, өзінің шын мәнісі жағынан алғанда ол қосымша құн өндірісі. Жұмысшы өзі үшін өндірмейді, капитал үшін өндіреді. Сондықтан жұмысшының жалпы өнім өндіруі ғана жеткіліксіз. Ол қосымша құн өндіруге тиіс. Капиталист үшін қосымша құн өндіретін немесе капиталдың өздігінен өсуіне қызмет ететін жұмысшы ғана өндіруші жұмысшы болады. Мәселен, мектеп мұғалімі, — егер материалдық өндіріс саласынан тыс жерден мысал алуға болатын болса, — өндіруші жұмысшы болып табылады, өйткені ол балалардың ақыл-ойын өңдеп қана қоймай, сонымен қатар кәсіп иесін байыту үшін өзін жұмыста қажытады. Кәсіп иесі өзінің капиталын оқыту фабрикасына жұмсай ма немесе колбаса фабрикасына жұмсай ма, бұдан мәселе ешбір өзгермейді. Сондықтан өндіргіш жұмысшы деген ұғымға қызмет пен оның пайдалы нәтижесінің арасындағы, жұмысшы мен оның еңбегінің өнімінің арасындағы қатынас қана ембейді, сонымен қатар жұмысшыны капиталды өсірудің тікелей құралы ететін ерекше бір қоғамдық, тарихи түрде шыққан өндірістік қатынас та енеді. Демек, өндіргіш жұмысшы болу деген — әсте бақыт емес, қайта сор. Осы еңбектің төртінші, теория тарихы баяндалатын, кітабында, классикалық саяси экономияның баяғыдан бермен өндіргіш жұмысшының шешуші белгісі қосымша құн өндіруде деп білгендігі толық көрсетіледі. Сондықтан ол саяси экономияның қосымша құнның табиғаты жөніндегі көзқарастарының өзгеруіне қарай, оның өндіргіш жұмысшыға беретін анықтамасы да өзгереді. Мысалы, физиократтардың айтуынша, тек егіншілік еңбегі ғана өндіргіш еңбек, өйткені тек сол ғана қосымша құн береді. Физиократтар үшін қосымша құн тек жер рентасы формасында ғана болады.

Жұмыс күнінің белгілібір шектен, жұмысшы өзінің жұмыс күші құнының эквивалентін ғана өндіре алатын шектен әрі ұзартылуы және осы қосымша еңбекті капиталдың иемденуі — абсолютті қосымша құн өндіру болып табылады. Абсолютті қосымша құн өндіру капиталистік системаның жалпылық негізі және относительді қосымша құн өндірудің баста-

ма пункті. Относительді қосымша құн өндіруде жұмыс күні ең бастан-ақ екі бөлімге: қажетті еңбек пен қосымша еңбекке бөлінеді. Қосымша еңбекті ұзарту мақсатымен жалақының эквивалентін неғұрлым қысқа уақыт ішінде өндіруге мүмкіндік беретін әдістер арқылы қажетті еңбек қысқартылады. Абсолютті қосымша құн өндіру жұмыс күнінің ұзақтығына ғана байланысты; относительді қосымша құн өндіру ісі еңбектің техникалық процестерін де, қоғамдық топтасуларды да түбірінен революцияландырады.

Демек, относительді қосымша құн өндіру ерекше капиталистік өндіріс әдісінің болуын керек етеді; бұл өндіріс әдісінің өзі өзіне тән әдістермен, құралдармен және жағдайлармен стихиялы түрде пайда болып, еңбектің капиталға формалды түрде бағынуы негізінде ғана дамиды. Сонымен қатар еңбектің капиталға формалды түрде бағынуы оның нақтылы бағынуына орын береді.

Бұл арада қосымша еңбек өндірушіден тікелей күштеу жолымен сығып алынбайтын, ал сонымен қатар оның капиталға формалды түрде бағынуы да әлі жарыққа шыға қоймаған аралық формаларды [Zwitterformen] жай көрсетіп өтудің өзі-ақ жеткілікті. Мұнда капитал еңбек процесін әлі тікелей меңгерген жоқ. Ата-бабадан дәстүр болып келе жатқан әдістер бойынша қолөнерімен немесе егіншілікпен айналысатын дербес өндірушілермен қатар өсімқор немесе күпец, өсімқорлық капитал немесе сауда капиталы жарыққа шығады, мұның өзі дербес өндірушілердің қанын сүлікше сорып отырады. Қанаудың бұл формасының қоғамда басым болуы капиталистік өндіріс әдісінің жоқ екенін көрсетеді, дегенмен, екінші жағынан, қанаудың бұл формасы капиталистік өндіріс әдісіне өту сағысы болып табылуы мүмкін, орта ғасырлардың аяғында осылай болған да. Ақырында, осы заманғы үйге берілетін жұмыстың мысалының көрсетіп отырғанына қарағанда, аралық формалар кей жерде ірі өнеркәсіп негізінде де ұдайы туып отырады, бірақ мүлде өзгерген түрде туады.

Егер, бір жағынан, абсолютті қосымша құн өндіру үшін еңбектің капиталға формалды түрде бағынуы әбден жеткілікті болса, мәселен, бұрын өз алдына, өзі үшін, немесе цех шеберінің кіші шебері болып жұмыс істеген қолөнершінің капиталистің тікелей бақылауында болатын жалдама жұмысшыға айналуы жеткілікті болса,— онда екінші жағынан, относительді қосымша құн өндірудің әдістері, жоғарыда өзіміз көргендей, абсолютті қосымша құн өндірудің әдістері де болып табылады. Жұмыс күнінің тым ұзартылуы ірі өнеркәсіптің ең бір сипатты нәтижесі екенін көріп өттік қой. Затты өзіне ерекше капиталистік өндіріс әдісі өндірістің бүтін бір саласын

немесе, онан да асып, өндірістің барлық шешуші салаларын меңгергеннен кейін относительді қосымша құн өндірудің жай құралы болудан қалады. Бұл кезде ол өндіріс процесінің жалпылық, қоғамдық үстем формасы бола бастайды. Енді ол, біріншіден, өнеркәсіптің соған дейін капиталға формалды түрде ғана бағынышты болған салаларын қамтитын болғандықтан ғана, демек ол барған сайын көп таралып отырғандықтан ғана относительді қосымша құн өндірудің ерекше әдісі ретінде қимыл жасайды. Екіншіден, оның билеуіне түсіп кеткен өнеркәсіп салалары өндіріс әдістерінің өзгеруі арқасында үздіксіз революцияланатын болғандықтан ғана ол относительді қосымша құн өндірудің ерекше әдісі ретінде қимыл жасайды.

Белгілі тұрғыдан қарағанда абсолютті және относительді қосымша құнның арасындағы айырмашылық жалпы алғанда жоққа тән тәрізді болып көрінеді. Относительді қосымша құн абсолютті нәрсе, неге десеңіз ол жұмыс күнін жұмысшының өзінің өмір сүруіне қажетті жұмыс уақытының шеңберінен асыра абсолютті түрде ұзартуды керек етеді. Абсолютті қосымша құн относительді нәрсе, өйткені ол еңбек өнімділігін қажетті жұмыс уақытын жұмыс күнінің бір бөлегімен шектеуге мүмкіншілік беретіндей етіп арттыруды керек етеді. Ал егер қосымша құнның қозғалысына көңіл бөлетін болсақ, онда осы бірдейлік тәрізді нәрсе жойылады. Капиталистік өндіріс әдісі дүниеге келіп, жалпылық өндіріс әдісіне айналып отырған соң, мәселе жалпы алғанда қосымша құнның нормасын өсіру туралы болып отырған кезде, абсолютті және относительді қосымша құнның арасындағы айырма көріне бастайды. Жұмыс күші өзінің құны бойынша төленеді деп ойлағанда, біз мынадай альтернативаға келеміз: егер еңбектің өндіргіш күші және оның интенсивтілігінің қалыпты дәрежесі белгілі болса, онда қосымша құнның нормасын тек жұмыс күнін абсолютті түрде ұзарту жолымен ғана арттыруға болады; екінші жағынан, жұмыс күні белгілі бір шектерде болып отырғанда қосымша құнның нормасын тек жұмыс күнінің құрамды бөлімдерінің, яғни қажетті еңбек пен қосымша еңбектің относительді мөлшерін өзгерту жолымен ғана арттыруға болады, ал мұның өзі келіп, жалақы жұмыс күшінің құнынан төмендеуге тиіс емес болғандықтан, еңбектің өнімділігін немесе интенсивтілігін өзгертуді керек етеді.

Егер жұмысшы өзінің қарамағындағы уақыттың бәрін өзі үшін және өз семьясы үшін қажетті тіршілік заттарын өндіруге жұмсауға мәжбүр болса, онда, үшінші бір адамдардың пайдасына тегін еңбек етуге оның, әрине, уақыты қалмайды. Сонымен, еңбек өнімділігі белгілі дәрежеге жетпей тұрғанда, жұмысшының қарамағында тегін еңбек ететін уақыт болмай-

ды, ал оның ондай уақыты болмай тұрғанда, қосымша еңбектің болуы мүмкін емес, олай болса, капиталистердің де болуы мүмкін емес; ал ондай жағдайларда құл иеленушілердің, феодал барондардың, қысқасы — қандай да болсын ірі меншікшілер табының да болуы мүмкін емес ¹⁾.

Сонымен, қосымша құнның табиғи базисі туралы айтуға болады, бірақ айтқанда тек мынадай барынша жалпы мағынада айтуға болады: өзінің өмір сүруін қамтамасыз етуге қажетті еңбекті бір адамның өз мойнынан алып, екінші адамның мойнына аударуына бөгет боларлықтай табиғатта ешқандай абсолютті кедергі жоқ. Нақ осындай правоға сүйене отырып, мәселен, бір адамның тамақ ретінде екінші адамның етін жетіне бөгет боларлықтай табиғатта абсолютті кедергі жоқ деуге болады ^{1а)}. Табиғи түрде өсіп шығатын бұл еңбек өнімділігімен мистикалық түсініктерді ешбір байланыстыруға болмайды, бұлар кейде осылай байланыстырылып келді. Адамдар өз еңбегі арқылы әуелгі айуандық күйден құтылып шыққан кезде ғана, сөйтіп олардың еңбегінің өзі белгілі дәрежеде қоғамдық еңбекке айналған кезде ғана, — тек сонда ғана бір адамның қосымша еңбегі екінші адамның өмір сүру шартына айналатын қатынастар туады. Мәдениеттің бастапқы сатыларында еңбектің өндіргіш күштері мардымсыз болады, бірақ оларды керек етушіліктер де сондай дәрежеде болады; бұлар өздерін қанағаттандыратын құралдармен бірге және осы құралдардың дамуына тікелей байланысты түрде өсіп отырады. Сонан соң, осы айтылған алғашқы сатыларда қоғамның өзге кісі еңбегімен өмір сүретін бөлектерінің относителді мөлшері тікелей өндірушілер бұқарасымен салыстырғанда тым аз болады. Еңбектің қоғамдық өндіргіш күші өсе келе, ол бөлектері абсолютті және относителді түрде өсіп отырады ²⁾. Ал он соң, капиталистік қатынастар дамудың ұзақ процесінің жемісі болып табылатын экономикалық негізде туады. Капитал өзінің негізінен шыққандай болып шығатын кәзіргі бар еңбек өнімділігі табиғаттың сыйлығы емес, мыңдаған ғасырларды қамтитын тарихтың сыйлығы.

Егер біз қоғамдық өндірістің азды-көпті дамуына көңіл аудармайтын болсақ, онда еңбек өнімділігі табиғи жағдайларға байланысты болады. Табиғи жағдайларды бүтіндей

¹⁾ «Капиталистік кәсіп иелерінің ерекше тап ретінде өмір сүруінің өзі де еңбек өнімділігіне байланысты» (*Ramsay*, цитат алынған шығарманың 208-беті). «Егер әрбір адамның еңбегі оның өз басының иішіп-жемін табу үшін ғана жеткілікті болған болса, онда меншік дегеніміз бола алмаған болар еді» (*Ravenstone*, цитат алынған шығарманың 14-беті).

^{1а)} Таяуда жасалған есеп бойынша, жер шарының көзiрдiң өзiнде зерттелген аудандарының көлiмiнде ғана аз дегенде 4 000 000 қаннибал тұрады.

²⁾ «Америкашыл жабайы индеецтерінің бәрі дерлік қызметшіге жатады, өнімнің 99 проценті еңбек үлесіне тиеді; Англияда жұмысшының үлесіне, бәлкім, $\frac{1}{3}$ бөлігі де тимейтін болар» («The Advantages of the East-India Trade etc.», p. 72, 73).

адамның өзінің жаратылысына, оның нәсіліне, т. с. және адамның айналасындағы табиғатқа әкеп тіреуге болады. Сыртқы табиғат жағдайлары экономика жағынан екі үлкен топқа бөлінеді: тіршілік заттарының табиғи байлығы, демек жердің құнарлылығы, суларда балықтың молдығы, т. т., және еңбек жабдықтарының табиғи байлығы, олар: кәзіргі бар құлама сулар, кеме жүретін өзендер, орман-тоғай, металдар, көмір, т. т. Мәдениеттің бастапқы сатыларында табиғи байлықтың бірінші тобының шешуші маңызы болады, ал мәдениеттің неғұрлым жоғарғы сатыларында — екінші тобының шешуші маңызы болады. Мәселен, Англияны Индиямен немесе — көне заман дүниесіндегі — Афины мен Коринфті Қара теңіз жағалауындағы елдермен салыстырыңыз.

Қанағаттандырылуы әбден қажет табиғи керектер неғұрлым аз болса, жердің табиғи құнарлылығы неғұрлым мол болса және ауа райы неғұрлым қолайлы болса, өндірушінің тіршілігін сақтап, ұдайы қалпына келтіріп отыруға қажетті жұмыс уақыты да соғұрлым аз болмақ. Демек, өндірушінің өзіне жұмсалатын еңбегіне қарағанда басқаларға жұмсалатын артық еңбегі соғұрлым көп болады. Мысалы, ерте замандағы египеттіктер жөнінде Диодордың өзі де былай деген болатын:

«Өз балаларын тәрбиелеудің оларға соншама аз еңбек пен аз қаржыға түсетіні мүлде ғажап нәрсе. Олар балаларына кез келген өнімнен жай ғана тамақ пісіріп береді; сонымен қатар балаларына папирустың түбін отқа пісіріп береді, мұның үстіне батпақты жерде өсетін өсімдіктердің тамырлары мен сабақтарын шінара шикілей, шінара қайлатып не қуырып береді. Балаларының көпшілігі жалаңаяқ, жалаңаш жүреді, өйткені күні жылы болады. Сондықтан баланы өсіру ата-аналарына жалпы алғанда жиырма драхман көпке түспейді. Египет халқының көп болуының басты себебі осыдан; ал халқының көп болуы соншама көп үлкен құрылыстар салуға мүмкіншілік берді».³

Бірақ, шындығына келгенде, Ертедегі Египеттің орасан зор құрылыстар салуына себеп болған нәрсе — Египет халқының көптігінен гөрі, оның едәуір бөлегін осы жұмысқа пайдалану мүмкін болғандығы. Жеке жұмысшының қажетті жұмыс уақыты неғұрлым аз болса, қосымша еңбекті ол соғұрлым көп бере алады; жалпы жұмысшы халық жөнінде де осыны айтуға болады: қажетті тіршілік заттарын өндіру үшін халықтың неғұрлым аз бөлегі керек болатын болса, оның басқа бір іске пайдалануға болатын қалған бөлегі соғұрлым көп болады.

Белгілібір капиталистік өндірісті алсақ, онда, басқа жағдайлары тең болған, жұмыс күнінің ұзақтығы белгілі болған жағдайда, қосымша еңбектің мөлшері еңбектің табиғи жағ-

³) *Diodor*, цитат алынып отырған шығарма, I-кітап, 80-тарау [126-бет].

дайларына және әсіресе жердің құнарлылығына қарай өзгеріп отырады. Алайда бұдан: ең құнарлы жер капиталистік өндіріс әдісінің өсуіне ең қолайлы нәрсе болып табылады деген кері қағида өсте шықпайды. Капиталистік өндіріс әдісінің өсуі адамның табиғатқа үстемдік жасауын керек етеді. Еңбекті тым көп тілейтін табиғат «адамды, жас балаша, жетелеп отырады»¹⁵⁶. Ол адамның өзінің дамуын табиғи қажеттік етпейді⁴⁾. Қапталдың туған жері өсімдігі аса мол тропиктік климат өңірлері емес, қоңыр салқын пояс болды. Қоғамдық еңбек бөлінісінің табиғи негізі болатын нәрсе жердің абсолютті құнарлылығы емес, оның әркелкілігі, оның табиғи өнімдерінің аралуандығы; адамның өмір сүретін табиғи жағдайларының өзгеріп отыруына қарай, оның өзінің керектері, қабілеттері, еңбек жабдықтары мен еңбек әдістері молайып отырады. Шаруашылық мүдделері үшін табиғаттың белгілі бір күшіне қоғамдық бақылау жүргізудің қажеттігі, адам қолымен орнатылған аса ірі құрылыстар арқылы ол күшті пайдаланудың немесе тежеудің қажеттігі өнеркәсіп тарихында шешуші роль атқарады. Бұған Египетте⁵⁾, Ломбардияда, Голландияда, т. т. немесе Индияда, Персияда және т. т. суды пайдалану ісінің ретке салынуы мысал бола алады; бұл жерлерде қолдан жасалған каналдар арқылы жер суландыру ісі жерге өсімдік үшін қажетті су беріп қана қоймай, сонымен бірге гаудан ылайымен қоса минерал тыңайтқыш та ағызып әкеледі. Испания мен Сицилияның арабтар үстем болған кезінде шаруашылық жағынан гүлденуінің сыры осы жер суландыруда болды⁶⁾.

Қолайлы табиғи жағдайлар қосымша еңбектің болуына

⁴⁾ «Біріншісі» (табиғи байлық), «неғұрлым қолайлы және пайдалы болғаны үшін... халықты бейқам, тәкаппар және әртүрлі ысырапшылыққа әуес етеді, ал енді екіншісі қыраарлықтың, әдебиеттің, өнердің және саясаттың дамуына себепкер болады» («England's Treasure by Foreign Trade. Or the Balance of our Foreign Trade is the Rule of our Treasure». Written by *Thomas Mun*, of London, Merchant, and now published for the common good by his son John Mun. London, 1669, p. 181, 182) «Сондықтан мен тіршілік заттары мен ішіп-жемді табиғаттың өзі мол өндіретін, ал ауа райы киім-кешек жөнінде және жауын-шашыннан, суықтан қорғану жөнінде қам жуеуден бүтіндей дерлік босататын алақандай жерде қалып қоядан асқан бақытсыздық халық басына түседі деп білмеймін... Мұның тал керісінше болуы да мүмкін. Өзіне жұмсалған еңбектің көмегімен өнім бере алмайтын жер мен ешбір еңбек жұмсалмай мол өнім беретін жердің екеуі де жамаң» ([*N. Forster*.] («An Enquiry into the Causes of the Present High Price of Provisions» London, 1767, p. 10).

⁵⁾ Ниль суының көтеріліп, басылу кезеңдерін есептеп шығарудың қажеттігі Египет астрономиясын туғызды, ал сонымен бірге егіншілік кәсібінің басшылары ретінде абыздар қастасының үстемдігін орнатты. «Жыл ішінде күннің қысқарып-ұзаратын кезі — Ниль суының көбеюі бастағанын кезі еді, сондықтан егіншіліктер бұл мезгілді ерекше көңіл қойып бақылады... Өздерінің ауылшаруашылық жұмыстарын реттеу үшін егіншіліктерге жылдың осы мезгілін анықтап алу маңызды нәрсе болды. Сондықтан олар осы мезгілдің қайта оралуын көрсететін белгіні аспаннан іздеуге тиіс болды» (*Cuvier*: «Discours sur les révolutions du globe», ed. Hoefer. Paris 1863, p. 141).

⁶⁾ Индияның бір бірімен байланысы жоқ ұсақ өндірістік организмдеріне мемлекеттік билік жүргізудің материалдық негіздерінің бірі сумен қамтамасыз ету ісін реттеу болды. Индияның мұсылман билеушілері мұны өздерінің ағылшын мирасқорларынан гөрі жақсы түсінді. Біз тек 1866 жылғы ашаршылықты ғана еске түсірейік; бұл ашаршылықтан Бенгалия президенттігінің Орисс округінде миллионнан аса индус өлді.

әрқашан мүмкіншілік қана береді, бірақ олар өздігінен шын қосымша еңбекті есте жасай алмайды, ал олай болса, қосымша құнды немесе қосымша өнімді де жасай алмайды. Еңбектің табиғи жағдайларының әртүрлі болуынан белгілібір мөлшердегі еңбек түрлі елдерде түрлі мөлшерлі керектерді қанағаттандырады⁷⁾, демек, басқа жағдайлары тең болып келгенде, қажетті жұмыс уақытының өзі әртүрлі болып шығады. Ол жағдайлар қосымша еңбекке тек табиғи шек ретінде ғана әсер етеді, яғни басқалар үшін істелетін жұмыстың басталуы мүмкін пунктін ғана анықтап береді. Өнеркәсіп қаншама алға басса, бұл табиғи шек соншама кейін шегінеді. Жұмысшы өзінің өмір сүре алуы үшін еңбек ету рұқсатын қосымша еңбек арқылы ғана сатып ала алатын батысевропалық қоғам арасында: қосымша өнім беру адам еңбегінің туа біткен қасиеті екен деген жалған пікір онай туады⁸⁾. Бірақ, мысал үшін, Азия архипелагының шығыс аралдарының тұрғындарын алайық, бұл жерлерде сағо тоғайда жабайы өседі.

«Осы жерлердің байырғы жұрты ағаштың бір жерін тесіп қарайды да, оның өзегінің піскендігін біліп, ағашты кесіп алады, сөйтіп оны жарғын-тан, өзегін аршып алып, суға былғайды, сонан соң оның суын сүзіп тастайды да тамакқа әбден жарайтын сағо ұнын алады. Бір ағаш әдетте 300 қадақ үн береді, ал кейде ол 500-ден 600 қадаққа дейін де үн беруі мүмкін. Сонымен, бізде жұрттың тоғайға отын алуға баратыны сияқты, ол жерлердің жұрты тоғайға нан кесіп алу үшін барады»⁹⁾

Айталық, өзінің барлық керегін қанағаттандыру үшін мұндай шығысаязиялық нан кесіп алушыға аптасына 12 жұмыс сағаты керек болады екен делік. Қолайлы табиғи жағдайлар бой оған тікелей бір ғана нәрсе береді — артық бос уақыт береді. Оның осы уақытты өзіне өнімді етіп пайдалануы үшін бірсыпыра тарихи жағдайлар керек; оның осы уақытты басқа біреу үшін істелетін қосымша еңбек ретінде жұмсауы үшін сырт біреудің күштеуі керек. Егер ол жерде капиталистік өндіріс енгізілген болса, онда бір жұмыс күнінің өнімін өз пайдасына жаратуына мүмкіндігі болуы үшін біздің бұл жігіті-

7) Бірдей еңбек, бірдей күш жұмсап, бір мөлшерлі тіршілік заттарын табатын екі бірдей ел болмайды... тұратын жерінің ауа райының суық немесе жылы болуына қарай адамның мұқтажы артып немесе кеміп отырады; демек, әртүрлі елдердің тұрғындарының өз өнеркәсібін жүргізуге мәжбүр болатын мөлшерлері бірдей бола алмайды, сондықтан жылылық пен суықтық дәрежелеріне қарай болмаса, басқаша жолмен олардың қандай болуының дәрежесін анықтау мүмкін емес; бұдан келіп мынадай жалпы қорытынды шығаруға болады: белгілібір мөлшерлі халықтың күн көріп тұруына қажетті еңбектің мөлшері ауа райы суық жерде неғұрлым көп болады да, ыстық жерде неғұрлым аз болады, неге десеніз бірінші жағдайда адам ғана киімді көп керек етіп қоймайды, сонымен қатар жер де екінші жағдайға қарағанда өңдеуді көп тілейді» («An Essay on the Governing Causes of the Natural Rate of Interest», London, 1750, p. 53). Өзінше бір заман жасаған бұл аноним шығарманың авторы — Дж. Масси еді. Юм өзінің процент теориясын сонан алған болатын.

8) «Қандай еңбек болса да» (бұл да азаматтың праволары мен міндеттеріне жағдай деп ойлау керек) «бір артық нәрсе қалдыруға тиіс» (Прудон)¹⁶²

9) F. Schouw: «Die Erde, die Pflanzen und der Mensch», 2. Aufl. Leipzig. 1854. S. 148.

міздің аптасына, бәлкім, алты күн жұмыс істеуіне тура келген болар еді. Оның енді аптасына не себепті алты күн жұмыс істейтінін немесе не себепті 5 күн қосымша еңбек беретінін қойлайлы табиғи жағдайлар әсте түсіндірмейді. Ол жағдайлар тек оның қажетті жұмыс уақытының не себепті аптасына бірақ күн болып отырғанын ғана түсіндіреді. Бірақ оның қосымша өнімі адам еңбегіне жаратылысынан біткен бір құпия қасиеттен туған болуы тіпті де мүмкін емес.

Еңбектің өндіргіш күштері,— тарихи дамыған, қоғамдық өндіргіш күштері де, табиғаттың өзіне байланысты өндіргіш күштері де,— еңбек соған барып қосылатын капиталдың өндіргіш күштері сияқты болып көрінеді.

Рикардо қосымша құн қайдан пайда болды деген мәселені өз алдына ешқашан қойған емес. Ол оны капиталистік өндіріс әдісінің өз бойына біткен бір нәрсе деп қарайды, ал капиталистік өндіріс әдісін ол қоғамдық өндірістің табиғи формасы деп біледі. Еңбек өнімділігін сөз қылған жерінде ол еңбек өнімділігінен қосымша құнның өмір сүру себебін іздейді, қосымша құнның мөлшерін белгілейтін себепті ғана іздейді. Ал енді оның мектебі: пайданың (қосымша құнның деп оқыңыз) шығуына себеп болатын нәрсе еңбектің өндіргіш күші деп жұртқа естірте жар салды. Мұның өзі меркантилистерге қарағанда қалай да прогресс жасағандық еді, бұлардың өздері өнімді өндіруге жұмсалған шығыннан өнім бағасының артып түсуін айырбастан, өнімдерді өз құндарынан жоғары сатудан болады деп білетін. Бірақта Рикардоның мектебі де проблеманы шешкен жоқ, оны тек орағытып өтті. Қосымша құнның қайдан пайда болғаны туралы көкейтесті мәселені тым терең зерттеудің өте қауіпті екендігін бұл буржуазияшыл экономистерге олардың инстинктісі мейлінше дұрыс сездірген. Ал енді Джон Стюарт Милль мырза Рикардодан елу жыл кейін келіп, Рикардоның алғаш өңін айналдырушылардың түкке тұрғысыз айла-шарғыларын өте нашар түрде қайталап, осының негізінде мен меркантилистерден артықпын дегенді маңғаздана айтып отырса, бұған не деуге болады?

Милль былай дейді:

«Пайданың шығып отырған себебі — еңбек өзін күтуге қажет нәрседен көбірек өндіреді».

Мұның өзі әзірше ескі жырға баса бергендік қана; бірақ Милль бұған өзінің де бірдемелерін қоспақшы.

«Немесе басқаша айтқанда, капиталдың пайда келтіретін себебі мынадан: тамақ, киім-кешек, шикізат және еңбек жабықтары бұларды өндіруге қажет уақыттан гөрі ұзағырақ уақыт өмір сүреді».

Милль бұл арада жұмыс уақытының ұзақтығы мен оның өнімдерінің өмірінің ұзақтығын шатастырып отыр. Бұл тұрғыдан қарағанда өнімі бір күнге ғана шыдайтын бөлкеші өзінің жалдама жұмысшыларынан өнімі жиырма жылға және онап да артық уақытқа шыдайтын машина жасаушының алатын пайдасындай пайданы еш уақытта да ала алмаған болар еді. Қалай дегенмен де бір күмәнсіз нәрсе мынау, егер құстың ұялары оларды салуға кететін уақыттай ғана уақыт төзетін болса, құстардың ұясыз-ақ амал етуіне тура келген болар еді.

Осы негізгі ақиқатты анықтағаннан кейін, Милль өзінің меркантилистерден артықшылығын анықтайды:

«Сонымен, біз мынаны көріп отырмыз: пайда дегеніміз айырбас сияқты кездейсоқ фактіден тумады, еңбектің өндіргіш күшінен туады; белгілі бір елдің жиынтық пайдасы айырбастың болу-болмауына қарамастан әрқашан еңбектің өндіргіш күшімен анықталады. Егерде кәсіп бөлінісі болмаған болса, сатып алу да, сату да болмаған болар еді, бірақ сонда да пайда болған болар еді».

Сөйтіп, бұл арада айырбас, сатып алу мен сату — капиталистік өндірістің бұл жалпы шарттары — мүлде кездейсоқ бір нәрселер деп жарияланып отыр; пайда дегеніміз тіпті жұмыс күшін сатып алу мен сату болмаса да бола беретін көрінеді!

Онан соң:

«Егер белгілі бір елдің барлық жұмысшылары болып өз жалақыларының сомасынан 20% артық өндіретін болса, онда товар бағаларының дәрежесі қандай болуына қарамастан, пайда 20% болады».

Бұл, бір жағынан, мейлінше тауып айтылған мылжын, неге десеңіз, егер жұмысшылар өз капиталистері үшін 20% қосымша күн өндіретін болса, онда, капиталистердің пайдасы жұмысшылардың жиынтық жалақысына 20 : 100 дей болып келетіндігі өз өзінен түсінікті. Екінші жағынан, пайда «20% болады» деу мүлде дұрыс емес. Пайда сөзсіз аз болады, өйткені пайда авансыланған капиталдың барлық сомасына қарай шығарылады. Мәселен, капиталист 500 фунт стерлинг авансылаған екен, оның 400 ф. ст. өндіріс құрал-жабдықтары түрінде, 100 ф. ст. жалақы түрінде авансыланған екен делік. Қосымша құнның нормасы, жоғарыда ұйғарылғандай, 20% екен делік. Сонда пайданың нормасы 20 : 500 болады, яғни 20% емес, 4% болады.

Бұдан соң Милльдің қоғамдық өндірістің әртүрлі тарихи формаларына қалай қарайтындығының тамаша үлгісі келтірілген: «Меніңше барлық жерде де істің жайы кәзіргідей болған, мұндай жай, біраз ерекшеліктері болмаса, барлық жерде үстем болып отыр, яғни капиталист, жұмысшыға төленетін

ақыны да қоса есептегенде, алдынала жұмсалатын қаржының бәрін жұмсайды». Осы уақытқа дейін жер бетінде тек ерекшелік ретінде ғана үстем болып келген қатынастарды барлық жерде де болды деп тану — адам таңғаларлық оптикалық алдану. Алайда ілгері баралық. Милль «мұның осылай болуының абсолютті қажеттігі жоқ» * екендігін шын ниетімен мойындайды. Мұның керісінше.

«Егерде жұмысшының жұмыс аяқталғанға дейін өмір сүруіне қажетті қаражаты болған болса, онда ол жұмыс әбден аяқталғанға дейін өзінің барлық табысын алмай тұра тұрған болар еді. Бірақ бұлай болғанда ол жұмысшы кәсіпорнына капитал жұмсап, сол кәсіпорнын жүргізуге қажетті фондының бір бөлегін тауып беріп отыратын белгілі дәрежедегі капиталист болған болар еді».

Милль нақ осындай правомен: өзіне өзі тіршілік заттарын ғана емес, сонымен қатар еңбек жабдықтарын да қарызға беріп отыратын жұмысшы шындығына келгенде өзінің жалдама жұмысшысы болып табылады деп айта алар еді. Немесе, американ шаруасының өзі өзінің құлы болып табылады, оның кәдімгі құлдан айырмасы сол ғана — ол барщиналық жұмысты мырза үшін істемейтін, өзі үшін істейді деп айта алар еді.

Сонымен, капиталистік өндіріс тіпті өмір сүрмеген болса да, ол әйтеуір өмір сүрген болар еді дегенді соншама айқын дәлелдегеннен кейін, Милль сонан соң келіп нақ осындай дәйектілікпен — капиталистік өндіріс тіпті өмір сүріп отырған күннің өзінде де ол өмір сүріп отырған жоқ, деп дәлелдейді.

«Ал тіпті ол өмір сүрген жағдайда да» (яғни капиталист жалдама жұмысшыға оның барлық күн кәріс қаражатын аванс ретінде берген күнде де) «жұмысшыны нақ сол тұрғыдан» (яғни капиталист ретінде) «алып қарауға болады. Неге десеңіз, өз еңбегін оның рыноктік бағасынан төмен (!) беріп, ол өз кәсіп иесіне айырмасын авансыға беріп (?) отырған сияктаналды, т. т.»^{9а}).

Шындығына келгенде жұмысшы аптаның аяғында, т. т. өз еңбегінің рыноктік бағасын алу үшін, ол өз еңбегін апта бойына, т. т. капиталистке аванс ретінде тегін береді; Милльдің ойынша мұның өзі жұмысшыны капиталист ететін көрінеді! Тақтайдай кең жазықта қандай төмпешік те төбе болып көрінеді; кәзіргі буржуазиялық ой-пікірдің кендігі бәрінен де гөрі оның «ұлы ойшыларының» өресімен өлшенеді.

* Маркс өзінің 1878 жылы 28/XI-де Н. Ф. Даниельсонға (Н. — онға) жазған хатында бұл абзацты былайша редакциялау керек деген: «Бұдан соң Милльдің қоғамдық өндірістің әртүрлі тарихи формаларына қалай қарайтындығының тамаша үлгісі келтірілген: «Меніңше барлық жерде де», — дейді ол, — «стің жайы кәзіргідей болған, мұндай жай, біраз ерекшеліктері болмаса, жұмысшылар мен капиталистер ерекше таптар болып отырған жердің бәрінде үстем болып отыр, яғни меніңше, капиталист, жұмысшыға төленетін ақыны да қоса есептегенде, алдынала жұмсалатын қаржының бәрін жұмсайды». Милль мұның осылай болуының, тіпті жұмысшылар мен капиталистер ерекше таптар болып отырған экономикалық системаның тұсында да, абсолютті қажеттігі жоқ екендігіне сенгісі келеді». *Ред.*

^{9а}) *J. St. Mill: «Principles of Political Economy». London, 1868, p. 252—253, passim* {Бұл келтірілген жерлер «Қапталдың» французша басылуынан алынған. Ф. Э. }

О Н Б Е С І Н Ш І Т А Р А У

ЖҰМЫС КҮШІНІҢ БАҒАСЫ МЕН ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ
МӨЛШЕР ЖАҒЫНАН ӨЗГЕРУІ

Жұмыс күшінің құны орташа жұмысшының әдеттегі қажетті тіршілік заттарының құнымен анықталады. Бұл тіршілік заттарының аумағы, бұлардың формаларының өзгеру мүмкіндігіне қарамастан, осы заман мен осы қоғам үшін белгілі, сондықтан оны тұрақты мөлшер деп қарау керек. Бұл жиынның тек құны ғана өзгереді. Жұмыс күшінің құнын анықтауға тағы екі фактор кіреді. Бір жағынан, жұмыс күшін дамытуға жұмсалатын шығындар, бұлар өндіріс әдісінің өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады, екінші жағынан — еркектер мен әйелдердің, ересек жұмысшылар мен жасөспірімдердің жұмыс күшінің арасындағы табиғи айырмашылықтар. Осы әртүрлі жұмыс күштерін тағы сол өндіріс әдісіне қарай пайдалану жұмысшы семьясын ұдайы қалпына келтіріп отыру шығындарында және ересек ер жұмысшының құнында ірі айырма туғызады. Алайда бұдан былайғы зерттеуде бұл екі фактордың екеуі де есепке алынбайды^{9b)}.

Біз: 1) товарлар өздерінің құны бойынша сатылады; 2) жұмыс күшінің бағасы кейде құнынан жоғары көтерілуі мүмкін, бірақ ешуақытта да құнынан төмен түспейді, деп ұйғарамыз.

Бұлай деп ұйғарғанда жұмыс күшінің бағасы мен қосымша құнның относителді мөлшерлері үш жағдаймен анықталады: 1) жұмыс күшінің ұзақтығымен, немесе еңбектің экстенсивті мөлшерімен; 2) еңбектің қалыпты интенсивтілігімен, немесе оның интенсивті шамасымен, — белгілібір уақыт ішінде белгілібір мөлшерлі еңбектің жұмсалатындығымен; 3) ақырында, еңбектің өндіргіш күшімен, — өндіріс жағдайларының даму дәрежесіне қарай белгілібір мөлшерлі еңбектің белгілібір уақыт ішінде өнімді не аз, не көп бере алатындығымен анықталады. Анығында, егер бұл үш фактордың біреуі тұрақты

^{9b)} 281-бетте қаралған жағдай да [осы томның 327—328-беттері] бұл арада, әлбетте, шығарылып тасталған. {3-ші басылуына ескерту. Ф. Э. }

болып, екеуі өзгертін болса, немесе екеуі тұрақты болып, біреуі өзгертін болса, не болмаса, акырында, мұның үшеуі бірдей бір мезгілде өзгертін болса, онда бұл арада мейлінше әрқилы комбинациялардың болуы мүмкін. Әртүрлі факторлар бір мезгілде өзгерген уақытта өзгерістердің мөлшері мен бағыты әрқилы болуы мүмкін, осындай жағдайларда да комбинациялардың саны көбейе түседі. Төменде тек басты-басты комбинациялар ғана көрсетілген.

1. ЖҰМЫС КҮНІНІҢ МӨЛШЕРІ МЕН ЕҢБЕКТІҢ ИНТЕНСИВТІЛІГІ ТҰРАҚТЫ (БЕЛГІЛІ), ЕҢБЕКТІҢ ӨНДІРГІШ КҮШІ ӨЗГЕРЕДІ

Бұлай деп ұйғарғанда жұмыс күшінің құны мен қосымша күн үш заң бойынша анықталады.

Біріншіден: Еңбек өнімділігі және сонымен бірге өнімдердің аумағы, демек, товар единицасының бағасы қалай өзгертін болса да, белгілібір мөлшердегі жұмыс күні қашанда болсын сол белгілі бір жаңадан өндірілген құн арқылы көрінеді.

Өндірілген тұтыну құндарының мөлшері еңбектің өндіргіш күшімен бірге өзгертін болса да, он екі сағаттық жұмыс күнінің ішінде жаңадан жасалатын құн, мәселен, 6 шиллингке тең, демек, 6 шиллинг күн азды-көпті мөлшердегі товарларға бөлінеді.

Екіншіден: Жұмыс күшінің құны мен қосымша күн қарама-қарсы бағытта өзгереді. Еңбектің өндіргіш күшінің өзгеруі, оның өсуі немесе азаюы, жұмыс күшінің құнына кері бағытта әсер етеді, ал қосымша құнға — тіке бағытта әсер етеді.

Он екі сағаттық жұмыс күнінде жаңадан жасалған құн, мәселен 6 шиллинг, тұрақты мөлшер болып табылады. Бұл тұрақты мөлшер қосымша құнның сомасына және жұмысшы эквивалент арқылы толтыратын жұмыс күшінің құнына тең. Тұрақты мөлшердің екі қосындысының біреуі азаймайынша олардың бірде біреуінің көбейе алмайтындығы өзінен өзі түсінікті. Қосымша құн 3 шиллингтен 2 шиллингке дейін төмендемейінше, жұмыс күшінің құны 3 шиллингтен 4 шиллингке дейін арта алмайды, және, мұның керісінше, жұмыс күшінің құны 3 шиллингтен 2 шиллингке дейін төмендемейінше, қосымша құн 3 шиллингтен 4 шиллингке дейін арта алмайды. Демек, бұл жағдайда жұмыс күші құнының немесе қосымша құнның относительді немесе салыстырмалы мөлшерлері бір мезгілде өзгермейінше, олардың абсолютті мөлшерінің өзгеруі мүмкін емес. Олар бір мезгілдің ішінде қатарынан артып немесе төмендей алмайды.

Сонан соң, егер еңбектің өндіргіш күші артпаса, жұмыс

күшінің құны төмендей алмайды, демек, қосымша құн арта алмайды; мәселен, жоғарыда келтірілген мысалда, бұрын өндірілуіне 6 сағат керек болған тіршілік заттарының аумағын еңбектің көтеріңкі өндіргіш күші 4 сағат ішінде өндіруге мүмкіндік беретін ретте ғана жұмыс күшінің құны 3 шиллингтен 2 шиллингке дейін төмендей алады. Мұның керісінше, егер еңбектің өндіргіш күші бұрын өндірілуіне 6 сағат жеткілікті болған тіршілік заттарының аумағын өндіру үшін 8 сағат керек болатындай дәрежеде төмендемейтін болса, онда жұмыс күшінің құны 3 шиллингтен 4 шиллингке дейін арта алмайды. Мұнан шығатын қорытынды: еңбек өнімділігінің артуы жұмыс күшінің құнын төмендетеді, сөйтіп қосымша құнды арттырады, ал, мұның керісінше, еңбек өнімділігінің төмендеуі жұмыс күшінің құнын арттырып, қосымша құнды төмендетеді.

Осы заңды тұжырымдай келіп, Рикардо мына бір жағдайды есіне шығарып алған: қосымша құнның, немесе қосымша еңбектің мөлшерінің өзгеруі жұмыс күші құнының, немесе қажетті еңбектің мөлшерінің керісінше өзгеруін керек ететін болса да, алайда мұнан келіп әлгі мөлшерлер нақ бірдей пропорцияда өзгереді деген қортынды эсте шықпайды. Бұл арада көбею немесе азаю нақ бір ғана мөлшерде болады. Бірақ жаңадан жасалған құнның немесе жұмыс күнінің құрамды бөлімдерінің әрқайсысының көбею немесе азаю пропорциясы еңбектің өндіргіш күшінің өзгеруіне дейін болған алғашқы бөлініске байланысты. Жұмыс күшінің құны 4 шиллинг, немесе қажетті жұмыс уақыты 8 сағат, қосымша құн 2 шиллинг, немесе қосымша еңбек 4 сағат болсын; егер еңбектің өндіргіш күшінің артуы нәтижесінде жұмыс күшінің құны 3 шиллингке дейін немесе қажетті жұмыс уақыты 6 сағатқа дейін төмендесе, онда қосымша құн 3 шиллингке дейін, немесе қосымша еңбек 6 сағатқа дейін өседі. 2 сағаттық, немесе 1 шиллингтік сол бір мөлшер бір жағдайда қосылады да, екінші жағдайда — алынып қалады. Бірақ мөлшерлердің относителді өзгеруі осы екі жағдайдың екеуінде де әртүрлі. Жұмыс күшінің құны 4 шиллингтен 3 шиллингке дейін, демек $\frac{1}{4}$, немесе 25% төмендегенде, қосымша құн 2 шиллингтен 3 шиллингке дейін, яғни жарты есе немесе 50% өседі. Мұнан шығатын қорытынды: еңбектің өндіргіш күшінің белгілі бір өзгеруі нәтижесінде қосымша құнның өсетін немесе азаятын пропорциясы жұмыс күнінің қосымша құннан көрінетін алғашқы бөлегі неғұрлым аз болса, соғұрлым көп болады, ал неғұрлым көп болса, соғұрлым аз болады.

Үшіншіден: Қосымша құнның өсуі немесе азаюы жұмыс күші құнының тиісінше азаюының немесе өсуінің қашанда нәти-

жесі болып табылады, бірақ ешуақытта да оның себебі болып табылмайды ¹⁰⁾.

Жұмыс күні тұрақты мөлшер болып табылатындықтан және ол құнның өзгермейтін мөлшерінен көрінетін болғандықтан, сонан соң, қосымша құн мөлшерінің әрбір өзгерісіне жұмыс күші құнының қарама-қарсы өзгеруі сай келіп отыратындықтан және жұмыс күшінің құны еңбектің өндіргіш күші өзгергенде ғана өзгере алатын болғандықтан, міне сондықтан бұдан келіп, анығында, мынадай қортынды шығады: осы көрсетілген жағдайларда қосымша құн мөлшерінің әрбір өзгеруі жұмыс күші құнының мөлшерінің кері өзгеруі нәтижесінен туады. Егер біз бұрын жұмыс күшінің құны мен қосымша құнның отнотельді мөлшерлері өзгермейінше олардың абсолютті мөлшерлерінің ешқандай өзгеруі мүмкін емес екендігін көрген болсақ, енді біз жұмыс күші құнының абсолютті мөлшері өзгермейінше олардың отнотельді мөлшерлерінің де ешқандай өзгеруі мүмкін емес екендігін көріп отырмыз.

Үшінші заң бойынша, қосымша құнның мөлшерінің өзгеруі жұмыс күші құнының өзгеруін керек етеді, жұмыс күші құнының өзгеруі еңбектің өндіргіш күшінің өзгеруінен келіп шығады. Бірінші өзгерістің шегі жұмыс күші құнының жаңа дәрежесі арқылы белгіленеді. Алайда, қаралып отырған заңның өз қимылын көрсетуге жағдайлар мүмкіншілік бергеннің өзінде де, аралық өзгерістердің болуы мүмкін. Мәселен, егер еңбектің өндіргіш күшінің артуы нәтижесінде жұмыс күшінің құны 4 шиллингтен 3 шиллингке дейін, немесе қажетті жұмыс уақыты—8 сағаттан 6 сағатқа дейін төмендейтін болса, онда жұмыс күшінің бағасы небәрі 3 шиллинг 8 пенниге, 3 шиллинг 6 пенниге, 3 шиллинг 2 пенниге дейін, т. с. төмендей алады, ал енді, қосымша құн тек 3 шиллинг 4 пенниге, 3 шиллинг 6 пенниге, 3 шиллинг 10 пенниге дейін т. с. ғана артады. Ең төменгі шегі 3 шиллинг болып табылатын төмендеу дәрежесі, бір жағынан, капиталдың ықпал етуінің, екінші жағынан, жұмысшылардың қарсылық көрсетуінің арасалмағына байланысты болады.

Жұмыс күшінің құны белгілі мөлшердегі тіршілік заттарының құны арқылы белгіленеді. Еңбектің өндіргіш күшінің өзге-

¹⁰⁾ Айта кету керек, бұл үшінші заңға Мак-Куллох келіп: бұрын капиталист төлеуге тиісті болған салықтардың жойылуы нәтижесінде қосымша құн жұмыс күшінің құны төмендемей-ақ арта алады деген дәрекі қосымша жасайды. Мұндай салықтардың жойылуы өнеркәсіп капиталисі жұмысшыдан тікелей сырымдап алып отыратын қосымша құнның мөлшерін мүлде ешқандай өзгерте алмайды. Ол тек капиталистің қосымша құнды өз қалтасы мен үшінші бір адамдардың арасында бөлуге тиісті болған пропорцияны ғана өзгертеді. Сөйтіп, оның өзі жұмыс күшінің құны мен қосымша құнның арасындағы қатынасты ешбір өзгеріссіз қалдырады. Демек, Мак-Куллохтың бұл пікірі оның жалпы ережені түсінібейтіндігін ғана дәлелдейді; мұның өзі, А. Смитті бұрмалағанда Ж. Б. Сэйдің жиі кездесетін бақытсыздығы сияқты, Рикардоны бұрмалағанда Мак-Куллохтың жиі кездесіп отыратын бақытсыздығы.

руіне байланысты осы тіршілік заттарының құны өзгереді, бірақ олардың аумағы өзгермейді. Еңбектің өндіргіш күші артқан кезде жұмысшының да, капиталистің де тіршілік заттарының аумағы, жұмыс күшінің бағасы мен қосымша құнның мөлшерлері жөнінде ешқандай өзгеріс туғызбай-ақ, бір мезгілде және бір пропорцияда өсе алады. Егер жұмыс күшінің бастапқы құны 3 шиллингке, ал қажетті жұмыс уақыты 6 сағатқа тең болса, және қосымша құн да 3 шиллингке, яғни қосымша еңбек те 6 сағатқа тең болса, онда жұмыс күшінің бұрынғы бөлінісінде еңбектің өндіргіш күшінің екі есе көбеюі жұмыс күшінің бағасы мен қосымша құнды өзгеріссіз қалдырады. Тек енді олардың әрқайсысы тиісінше арзандаған тұтыну құндарының екі есе мөлшерінен көрінеді. Жұмыс күшінің бағасы өзгеріссіз қалғанымен, дегенмен ол енді өз құнынан жоғары болады. Егер жұмыс күшінің бағасы оның жаңа құны арқылы белгіленетін ең төменгі шегі — $1\frac{1}{2}$ шиллингке дейін емес, 2 шиллинг 10 пенниге, 2 шиллинг 6 пенниге дейін, т. с. төмендеген болса, онда тіпті осы төмендеген бағаның өзі де тіршілік заттарының өскен аумағын көрсетер еді. Сонымен, еңбектің өндіргіш күші арта берген кезде жұмысшының тіршілік заттары аумағының үздіксіз өсуімен қатар жұмыс күшінің бағасы үздіксіз төмендей берер еді. Бірақ мұнымен бірге жұмыс күшінің құны относителді түрде, яғни қосымша құнмен салыстырғанда ұдайы кеми берген болар еді де, жұмысшы мен капиталистің тіршілік дәрежесінің арасындағы алшақтық барған сайын терседей түсер еді ¹¹⁾.

Жоғарыда белгіленген үш заңды алғаш рет Рикардо нақтылы тұжырымдап берген еді. Оның баяндауында мынадай кемшіліктер болды: 1) Бұл заңдардың күші болатын ерекше жағдайларды ол капиталистік өндірістің өзінен өзі түсінікті, жалпылама және ерекше жағдайлары деп есептейді. Ол үшін жұмыс күшінің ұзақтығында да, еңбектің интенсивтілігінде де өзгерістер болмайды, демек ол үшін еңбек өнімділігі өз өзінен-ақ бірден-бір өзгермелі фактор болып шығады. 2) Басқа да экономистердің бәрі сияқты, Рикардо қосымша құн дегеннің өзін, яғни оның пайда, жер рентасы, т. т. сияқты ерекше формаларынан тәуелсіз түрде, ешқашан зерттеген емес. Ал осы екінші терістік оның талдауына бірінші терістіктен анағұрлым көбірек қателер енгізді. Қосымша құн нормасына қатысты заңдарды ол пайда нормасы жөніндегі заңдармен бір жерге

¹¹⁾ «Өнеркәсіптің өнімділігінде өзгеріс болып, еңбек пен капиталдың белгілі бір мөлшері өнімді аз не көп өндірген кезде жалақының относителді мөлшері едәуір өзгеруі мүмкін, ал енді осы относителді мөлшерден көрінетін өнімдердің мөлшері бұрынғы күйінде қалуы мүмкін; не болмаса жалақының относителді мөлшері сол күйінде қалып отырғанда, өнімдердің мөлшері өзгеруі мүмкін ([J. Cazenove.] «Outlines of Political Economy etc.», p. 67).

өкеп үйе салады. Алайда, жоғарыда айтылғандай, пайда нормасы дегеніміз қосымша құнның бүкіл авансыланған капиталға келетін қатынасы да, ал енді қосымша құн нормасы дегеніміз қосымша құнның осы капиталдың бір ғана өзгермелі бөлегіне келетін қатынасы. Айталық, 500 фунт стерлинг капитал (K) бәрін қоса алғанда 400 фунт стерлинг (c) болатын шикізатқа, еңбек жабдықтарына, т. с. және 100 фунт стерлинг болатын жалақыға (v) бөлінді делік; сонан соң, қосымша құн = 100 фунт стерлинг (m) делік. Сонда қосымша құн нормасы $\frac{m}{v} = \frac{100 \text{ ф. ст.}}{100 \text{ ф. ст.}} = 100\%$ болады. Ал оның бержағында, пайда нормасы $\frac{m}{K} = \frac{100 \text{ ф. ст.}}{500 \text{ ф. ст.}} = 20\%$ болады. Оның үстіне, анығында, пайда нормасы қосымша құн нормасына ешқандай әсер етпейтін жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда қосымша құнның сол белгілі бір нормасының өзі пайданың мейлінше әрқилы нормаларында және қосымша құнның әрқилы нормалары — пайданың сол белгілі бір нормасында көрінуі мүмкін екендігін мен кейін, осы еңбектің үшінші кітабында, көрсетемін.

II. ЖҰМЫС КҮНІ МЕН ЕҢБЕКТІҢ ӨНДІРГІШ КҮШІ ТҰРАҚТЫ, ЕҢБЕКТІҢ ИНТЕНСИВТІЛІГІ ӨЗГЕРЕДІ

Еңбектің өскелең интенсивтілігі белгілі бір мезгілдің ішінде еңбектің көп жұмсалуын керек етеді. Сондықтан интенсивтілігі жоғары жұмыс күні сондай уақыт жұмсалатын интенсивтілігі төмен жұмыс күнінен өнімді көп береді. Рас, өндіргіш күш артқан кезде де нақ сол жұмыс күні өнімді артық береді. Бірақ бұлай болғанда өнім единицасының құны төмендейді, өйткені өнім беруге еңбек бұрынғыдан кем жұмсалады; мұнын керісінше, бірінші жағдайда өнім единицасының құны өзгермей қала береді, өйткені өнімге жұмсалатын еңбек нақ бұрынғыдай болады. Өнімдердің мөлшері бұл арада, олардың бағасын төмендетпей-ақ өсіп отырады. Олардың мөлшерімен бірге олардың бағасының сомасы да өседі, ал өндіргіш күш артқан кезде құнның нақ сол сомасы өнімдер аумағының өсуінен көрінеді. Сонымен, жұмыс сағатының саны өзгермеген неғұрлым интенсивті жұмыс күні жаңадан жасалған неғұрлым жоғары құн туғызады, демек, егер ақшаның құны өзгермейтін болса, — ақшаның мөлшерін көбейтеді. Жұмыс күні бойында жаңадан жасалған құн жұмыс күні интенсивтілігінің қалыпты қоғамдық дәрежеден ауытқуына қарай өзгереді. Нақ сол жұмыс күні енді келіп, бұрынғыдай, тұрақты құннан емес, жаңадан жасалған өзгермелі құннан көрінеді, мәселен, қалыпты интен-

сивтілігі бар он екі сағаттық жұмыс күн көрінетін 6 шиллингтің орнына, интенсивтілігі көтеріңкі он екі сағаттық жұмыс күні 7 шиллингтен, 8 шиллингтен, т. с. көрінеді. Анығында, жұмыс күні бойында жаңадан жасалатын құн, мәселен, 6 шиллингтен 8 шиллингке дейін өзгереді болғандықтан, осы құнның құрамды екі бөлегі де — жұмыс күшінің бағасы мен қосымша құн — бір мезгілдің ішінде бірдей немесе әрқилы шамада өсе алады. Егер, жаңадан жасалған құн 6 шиллингтен 8 шиллингке дейін өсетін болса, жұмыс күшінің бағасы мен қосымша құн бір мезгілдің ішінде 3 шиллингтен 4 шиллингке дейін өсе алады. Бұл жағдайда жұмыс күші бағасының өсуі бұл бағаның құннан артып шығуымен қажетті түрде байланысты болмайды. Қайта мұның өзінің құннан төмен * түсуімен қабат болып отыруы мүмкін. Ал жұмыс күші бағасының артуы оның тез тозуын өтей алмайтын жағдайлардың бәрінде де осылай болып отырады.

Еңбек өнімділігінің өзгеруі, азын-аулақ ерекше жағдайларды былай қойғанда, өнеркәсіптің қаралып отырған саласының өнімдері жұмысшының қалыпты тұтынуына енген жағдайда ғана жұмыс күші құнының мөлшеріне, демек, қосымша құнның мөлшеріне де өзгеріс енгізетіндігі бізге белгілі. Қаралып отырған жағдайда бұл ерекшелік болмайды. Жұмсалған еңбектің саны экстенсивті түрде өзгерсе де немесе интенсивті түрде өзгерсе де, қайткен күнде де, бұл мөлшердің өзгеруіне жаңадан жасалатын құнның мөлшерінің өзгеруі сай келеді; ал бұл құнның сіңген заттарының жаратылысы қандай болса да бәрібір.

Егер еңбек интенсивтілігі өнеркәсіптің барлық салаларында бір мезгілде және бірқалыпты артқан болса, онда интенсивтіліктің жаңа көтеріңкі дәрежесі әдеттегі қоғамдық қалыпты дәреже болып шығар еді, демек, бұдан былай экстенсивті мөлшер деп есепке алынбаған болар еді. Бірақ бұл жағдайда да еңбек интенсивтілігінің орташа дәрежелері түрлі ұлттарда түрліше болып қала берер еді де, сондықтан құн заңын әртүрлі ұлттардың жұмыс күндеріне қолданудың түрін өзгерткен болар еді. Бір ұлттың неғұрлым жоғары интенсивті жұмыс күні, екіншібір ұлттың неғұрлым төмен интенсивті жұмыс күніне қарағанда, ақшаны анағұрлым көп сомада берер еді ¹²⁾.

* Түпнұсқада, қате жазылудан болуы керек, «төмен» деген сөз жоқ. *Ред.*

¹²⁾ «Басқа жағдайлары тең болып келгенде, ағылшын фабриканты белгілі бір уақыт ішінде шетел фабрикантынан гөрі недәуір көп өнім өндіре алады, осының арқасында біздегі 60 сағаттық жұмыс аптасы мен шетелдегі 72 немесе 80 сағаттық жұмыс аптасының арасындағы айырма төнеліп кетеді» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1855», p. 65). Континенттегі фабрикаларда жұмыс күнін заң бойынша едәуір қысқарту континенттік жұмыс күні мен ағылшындық жұмыс күнінің арасындағы бұл айырманы азайтудың ең дұрыс шарасы болған болар еді.

III. ЕҢБЕКТИҢ ӨНДІРГІШ КҮШІ МЕН ИНТЕНСИВТІЛІГІ ТҰРАҚТЫ, ЖҰМЫС КҮНІ ӨЗГЕРЕДІ

Жұмыс күнінің екі бағытта өзгеруі мүмкін. Оның қысқаруы не ұзаруы мүмкін.

1) Белгілібір жағдайларда, яғни өндіргіш күш пен еңбек интенсивтілігі өзгермей тұрған кезде жұмыс күнінің қысқаруы жұмыс күшінің құнын, демек, қажетті жұмыс уақытын да өзгеріссіз қалдырады. Ол қосымша еңбек пен қосымша құнды қысқартады. Қосымша құнның абсолютті мөлшерінің төмендеуімен қатар оның относителді мөлшері де, яғни оның жұмыс күші құнының өзгермейтін мөлшері жөніндегі мөлшері де төмендейді. Бұл жағдайда жұмыс күшінің бағасын оның құнынан төмен түсіру арқылы ғана капиталист шығыннан құтыла алған болар еді.

Жұмыс күнін қысқартуға қарсы таралып жүрген пікірлердің бәрі: құбылыс осы жерде айтылған жағдайларда ғана болады деп жориды, ал шынына келгенде ол мұның керісінше болады: еңбектің өнімділігі мен интенсивтілігінің өзгеруі не жұмыс күнінің қысқарар алдында болады, немесе онан соң іле-шала болады ¹³⁾.

2) Жұмыс күнінің ұзаруы. Қажетті жұмыс уақыты 6 сағат, немесе жұмыс күшінің құны — 3 шиллинг, қосымша еңбек те 6 сағат және қосымша құн 3 шиллинг делік. Онда бүкіл жұмыс күні 12 сағат болады да, 6 шиллинг құны бар өнім береді. Егер жұмыс күні 2 сағатқа ұзайып, жұмыс күшінің бағасы өзгеріссіз қалатын болса, онда қосымша құнның абсолютті мөлшерімен бірге оның относителді мөлшері де өседі. Жұмыс күшінің құны өзінің абсолютті мөлшері жағынан өзгермегенімен, ол относителді түрде төмендейді. I бөлімшеде болжалған шарттар бойынша, жұмыс күші құнының относителді мөлшері оның абсолютті мөлшері өзгермейінше, өзгере алмаған болар еді. Бұл арада, мұның керісінше, жұмыс күші құнының относителді мөлшерінің өзгеруі қосымша құнның абсолютті мөлшерінің өзгеруінің нәтижесі болып табылады.

Жұмыс күні білінетін жаңадан жасалған құн жұмыс күнінің ұзаруымен бірге өсетін болғандықтан, жұмыс күшінің бағасы мен қосымша құн бір мезгілдің ішінде дәл сондай мөлшерде немесе әрқилы мөлшерде өсе алады. Демек, бұл бір мезгілдің ішінде өсу мынадай екі жағдайда: жұмыс күнінің абсолютті ұзаюы тұсында және мұндай ұзаю болмай-ақ еңбектің интенсивтілігінің өсуі тұсында болуы мүмкін.

¹³⁾ «Есесін өтейтін жағдайлар бар.. мұның өзі он сағаттық жұмыс күні туралы актының қимылы арқылы көрсетілген-ді» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1848», p. 7).

Жұмыс күні ұзартылған кезде жұмыс күшінің бағасы өзінің құнынан төмендеуі мүмкін, жұмыс күшінің бағасы номинальды түрде өзгеріссіз қалса да немесе тіпті артса да осылай болуы мүмкін. Біздің есімізде, жұмыс күшінің күндік құны жұмысшы өмірінің қалыпты орташа ұзақтығы арқылы немесе оның қалыпты дәуірі арқылы және өмірлік субстанцияның қалыпты түрде, адам жаратылысына тән түрде қозғалысқа айналуы арқылы анықталады¹⁴⁾. Жұмыс күшінің жұмыс күнінің ұзартылуымен тығыз байланысты түрде қатты тозуы белгілі пунктке дейін неғұрлым жоғары ақы төлеу арқылы өтелуі мүмкін. Бұл пункттен арғы жерде тозу геометриялық прогрессия бойынша өседі және сонымен қатар жұмыс күшінің ұдайы қалпына келтірілуі мен қимыл жасауының қалыпты шарттарының бәрі бүлінеді. Жұмыс күшінің бағасы мен оның каналу дәрежесі өлшеуге алуға келетін мөлшер болудан қалады.

IV. ЕҢБЕКТІҢ ҰЗАҚТЫҒЫНЫҢ, ӨНДІРГІШ КҮШІНІҢ ЖӘНЕ ИНТЕНСИВТІЛІГІНІҢ БІР МЕЗГІЛДЕ ӨЗГЕРУІ

Анығында, бұл арада комбинациялар санының көп болуы мүмкін. Бір мезгілде үш фактордың үшеуінің де өзгеруі немесе біреуі өзгермей қалып, кез келген қалған екеуінің өзгеруі мүмкін. Олардың бірдей немесе әрқилы дәрежеде, нақ бір немесе қарама-қарсы бағытта өзгеруі мүмкін, ал соңғы жағдайда өзгерістер шінара немесе толық өтеледі. Айта кету керек, өзіміз I, II және III бөлімшелерде жасаған қортындылардан соң, болуы мүмкін жағдайлардың барлығына талдау жасау қиын емес. Қалғандарын тұрақты деп ойлап, факторлардың әрқайсысын өзгермелі деп дәйекті түрде қарайтын болсақ, болуы мүмкін қай комбинацияның болса да нәтижесін табу оңай. Сондықтан біз бұл арада тек екі маңызды жағдайды ғана қысқаша атап өтеміз.

1) Жұмыс күнінің ұзарып отыруымен қатар еңбектің өндіргіш күшінің кеми түсуі.

Еңбектің өндіргіш күшінің кеми түсуі дегенде біз бұл жерде өнімдері жұмыс күшінің құнын анықтайтын еңбек салаларын, мысалы, жер құнарлылығының барған сайын кемуінің және егіншілік өнімдерінің осыған сәйкес қымбаттауының нәтижесінде еңбектің өндіргіш күшінің кемуін айтып отырмыз. Жұмыс күні 12 сағатқа созылады, ал осы күн ішінде жасалған жаңа құн 6 шиллинг болады, мұның жартысы жұмыс кү-

¹⁴⁾ «Адамның 24 сағат ішінде жұмсаған еңбегінің мөлшерін адамның денесінде болған химиялық өзгерістерді зерттеу арқылы шамамен анықтауға болады, өйткені материяның өзгерген формалары қозғалушы күштің бұдан бұрынғы жұмсалғанын көрсетеді» (*Group: «On the Correlation of Physical Forces»*).

шінің құнын өтеп, екінші жартысы қосымша құн жасайды делік. Демек, жұмыс күні 6 сағат қажетті еңбекке және 6 сағат қосымша еңбекке бөлінеді. Егіншілік өнімдерінің қымбаттауы нәтижесінде жұмыс күшінің құны 3 шиллингтен 4 шиллингке дейін, демек қажетті жұмыс уақыты 6 сағаттан 8 сағатқа дейін артады екен делік. Егер жұмыс күні өзгеріссіз қалса, онда қосымша еңбек 6 сағаттан 4 сағатқа дейін төмендейді, қосымша құн 3 шиллингтен 2 шиллингке дейін төмендейді. Егер жұмыс күні екі сағатқа, яғни 12 сағаттан 14 сағатқа дейін ұзаятын болса, онда қосымша еңбек 6 сағатқа тең, қосымша құн 3 шиллингке тең болып қала береді. Бірақ қажетті еңбек арқылы өлшенетін жұмыс күшінің құнымен салыстырғанда қосымша құнның мөлшері төмендейді. Егер жұмыс күні 4 сағатқа, 12 сағаттан 16 сағатқа дейін, ұзаятын болса, онда қосымша құнның жұмыс күші құнына, қосымша еңбектің қажетті еңбекке қатынасы өзгеріссіз қалады, бірақ қосымша құнның абсолютті мөлшері 3 шиллингтен 4 шиллингке дейін, қосымша еңбектің абсолютті мөлшері 6 сағаттан 8 сағатқа дейін, демек $\frac{1}{3}$, немесе $33\frac{1}{3}\%$ өседі. Сонымен, еңбектің өндіргіш күші азайып, мұнымен бірге жұмыс күні ұзайған кезде қосымша құнның абсолютті мөлшері өзгеріссіз қала алады, ал оның относителді мөлшері төмендейді; оның абсолютті мөлшері өсіп отырған кезде относителді мөлшері өзгеріссіз қала алады және, ақырында, жұмыс күні белгілі дәрежеде ұзайған кезде қосымша құнның относителді мөлшері де, абсолютті мөлшері де бір мезгілде өсе алады.

1799 жылдан 1815 жылға дейінгі дәуір ішінде тіршілік заттары бағасының өсуі Англияда жалақыны номиналды түрде арттырды, ал тіршілік заттары арқылы байқалатын шын жалақы — төмендеді. Осыдан келіп Уэст пен Рикардо егіншілік еңбектің өнімділігінің азаюы қосымша құн нормасының төмендеуін туғызды деген қортынды шығарды, сөйтіп өздерінің қиялдарында ғана болған бұл болжауды жалақы, пайда және жер рентасы мөлшерлерінің арақатынасы жөніндегі маңызды талдаудың бастама пункті етті. Бірақ шындығында, еңбектің өсіп отырған интенсивтілігі және жұмыс күнінің күштеп ұзартылуы арқасында мұнымен бірге қосымша құн абсолютті түрде де, относителді түрде де өсті. Мұның өзі жұмыс күнінің шектен тыс ұзартылуы азаматтық право алған дәуір¹⁵⁾ болды,

¹⁵⁾ «Нан мен еңбектің мүлде бір дәрежеде болып отыруы сирек нәрсе. Бірақ анықталған шек бар, ол шектен асқан кезде нан мен еңбекті бөлуге болмайды. Қымбатшылық дәуірінде еңбекші таптар көрсеткен және жалақының төмендеуін туғызған.— бұл төмендеу куәлардың жауабы арқылы» (атап айтқанда 1814—1815 жылдардағы парламенттік комитеттердің алдында) «анықталған,— ерекше күш-жігерлерге келетін болсақ, онда олар, әрине, жеке адамдарды жақсы жағынан көрсетеді және капиталдың өсуіне көмектеседі. Бірақ адамгершілігі бар бірде-бір адам оларды тұрақты болып, күшінде қалсын деп тілемейді. Қиын жағдайдан шығудың уақытша құралы ретінде

бұл дәуір үшін ерекше сипатты болған нәрсе — бір жағында капитал тездеп өсті, екінші жағында пауперизм өсті¹⁶⁾.

2) Жұмыс күнінің қысқаруымен қатар еңбектің интенсивтілігі мен өндіргіш күшінің өсе түсуі.

Еңбектің өндіргіш күшінің артуы және оның интенсивтілігінің өсуі бір жағдайда бірдей әсер етеді. Мұның екеуі де белгілібір мерзім ішінде шығарылатын өнімдер жиынын көбейтеді. Демек, бұлардың екеуі де жұмыс күнінің жұмысшы өзінің тіршілік заттарын немесе олардың эквивалентін өндіруге жұмсайтын бөлегін қысқартады. Жұмыс күнінің абсолютті ең кем шегін жалпы алғанда оның осы қажетті, тіпті қысқартылуы мүмкін құрамды бөлегі анықтайды. Егер бүкіл жұмыс күні осыған келіп тірелетін болса, онда қосымша еңбек жойылған болар еді, капитал тәртібі тұсында бұлай болуы мүмкін емес. Өндірістің капиталистік формасын жою жұмыс күнін қажетті еңбекпен шектеуге мүмкіндік береді. Бірақта қажетті еңбек, басқа жағдайлары тең келгенде, өз шеңберлерін дегенмен кеңейтуге тиіс. Мұның себебі, бір жағынан, жұмысшының өмір сүру жағдайлары байырақ болуға тиіс, оның тіршілік қажеттері өсуге тиіс. Екінші жағынан, қажетті еңбекке кәзіргі қосымша еңбектің бір бөлегін, атап айтқанда қоғамдық резерв фондысы мен қоғамдық қор жинау фондысын жасау үшін керекті еңбекті қоса есептеуге тура келер еді.

Еңбектің өндіргіш күші неғұрлым күштірек өскен сайын, жұмыс күнінің соғұрлым көп қысқаруы мүмкін, ал жұмыс күні неғұрлым көбірек қысқаратын болса, еңбектің интенсивтілігінің соғұрлым өсуі мүмкін. Қоғамдық тұрғыдан карағанда еңбек өнімділігі еңбектің үнемделуіне байланысты да өседі. Еңбектің үнемделуіне өндіріс құрал-жабдықтарының үнемделуі ғана кіріп қоймай, сонымен қатар пайдасыз еңбек атаулы-

оларды барынша мақтауға тұрады; ал олар тұрақты болып алса, онда ел халқының өзектілігі аса тапшы кезде болатын нәтижелер сияқты нәтижеге әкеп соққан болар еді» (*Malthus: «Inquiry into the Nature and Progress of Rent»*. London, 1815, p. 48, ескерту). Мальтус бұл арада жұмыс күнінің ұзаруын баса көрсетеді, өз памфлетінің басқа жерінде де ол осыны тікелей көрсетеді, бұл оның жақсы жағы, ал Рикардо және басқалар, бұл сияқты сорақы фактілерге қарамастан өздерінің барлық зерттеулерінде жұмыс күнінің тұрақты мөлшер деп қарайды. Бірақ Мальтус жыртқыш жыртыққан консервативтік мүдделер, оның жұмыс күнінің шектен тыс ұзаратылуы машиналардың адам айтқысыз дамуымен және әйел еңбегі мен бала еңбегін қанаумен бірге жұмысшы табының недәуір бөлегін «басы артық» етуге тиіс болғандығын, әсіресе соғыс туғызған сұрапыл және дүниежүзілік рыноктағы ағылшын монополиясының тоқталуымен бірге басы артық етуге тиіс болғандығын көруіне бөгет жасады. Бұл «артық халықты» капиталистік өндірістің тек қана табиғи заңдарымен түсіндірмей, табиғаттың мәңгі заңдары арқылы түсіндіру анағұрлым ыңғайлы болғандығы, Мальтус попиа құлшынып, бас иген үстем таптардың мүдделеріне анағұрлым сай келгендігі өзінен өзі түсінікті.

¹⁶⁾ «Соғыс кезінде капиталдың өсуінің басты себебі әрбір қоғамда неғұрлым көп болып отырған еңбекші таптардың көп күш жұмсауынан және, бәлкім, көп қасірет шегуінен болды. Көптеген әйелдер мен балалар жағдайларға қарай өнеркәсіп еңбегімен айналысуға мәжбүр болды; ал бұрынғы қызметшілер нақ осы себеп бойынша өз уақытының денін өндірісті көбейтуге арнауға тиіс болды» («*Essays on Political Economy in which are illustrated the Principal Causes of the Present National Distress*». London, 1830, p. 248).

ны жою да кіреді. Капиталистік өндіріс тәсілі әрбір жеке кәсіпорындарында үнем жасауға мәжбүр ететін болғанымен, оның бәсекесінің анархиялық системасы өндірістің қоғамдық құрал-жабдықтары мен жұмыс күштерінің қисапсыз ысырап болуын туғызады, сонымен қатар, шынына келгенде қажетсіз болғанымен кәзіргі уақытта болмай қоймайтын көптеген қызметтерді туғызады.

Еңбектің интенсивтілігі мен өндіргіш күші белгілібір дәрежеде тұрғанда қоғамның жұмысқа қабілетті барлық мүшелерінің арасында еңбек неғұрлым біркелкі бөлінсе, еңбектің табиғи қажеттілігін қоғамдық бір топ өз мойнынан алып тастап, екінші бір қоғамдық топтың мойнына жүктеуіне мүмкіншілігі неғұрлым аз болса, қоғамдық жұмыс күнінің материалдық өндіріс үшін қажетті бөлегі соғұрлым қысқа болады, демек, жеке адамның ерікті ой қызметі мен қоғамдық қызметіне қалатын уақыт соғұрлым көп болады. Осы жағынан қарағанда жұмыс күнін қысқартудың абсолютті шегі — еңбектің жалпыға бірдей болуы. Капиталистік қоғамда бір таптың бос уақытының болуы бұқараның бүкіл өмірін жұмыс уақытына айналдыру арқылы жасалады.

О Н А Л Т Ы Н Ш Ы Т А Р А У

КОСЫМША ҚҰН НОРМАСЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ ФОРМУЛАЛАРЫ

Өзіміз жоғарыда көрдік, қосымша құнның нормасы мынадай формулалармен білдіріледі:

$$I) \frac{\text{қосымша құн}}{\text{өзгермелі капитал}} \left(\frac{m}{v} \right) = \frac{\text{қосымша құн}}{\text{жұмыс күшінің құны}} = \frac{\text{қосымша еңбек}}{\text{қажетті еңбек}}$$

Үшінші формула бұл құндар шығарылатын уақыт бөлшектерінің қатынастары түрінде не көрсетсе, алғашқы екі формула құндардың қатынастары түрінде нақ соны көрсетеді. Бұл өзара бір бірінің орнын басатын формулалар толық ақылға сиымды формулалар. Сондықтан біз оларды классикалық саяси экономияда да көреміз, бірақ көргенде, саналы түрде жасалған түрінде емес, тек мәнісі жағынан ғана көреміз. Ал оның есесіне біз одан мынадай туынды формулаларды кездестіреміз:

$$II) \frac{\text{қосымша еңбек}}{\text{жұмыс күні}} = \frac{\text{қосымша құн}}{\text{өнім құны}} = \frac{\text{қосымша өнім}}{\text{жиынтық өнім}}$$

Бұл арада сол белгілі бір ғана қатынас біресе жұмыс уақытының формасында, біресе осы жұмыс уақыты көрінетін құндардың формасында, біресе осы құндары бар өнімдер формасында кезектесіп көрініп отырады. Өзінен өзі түсінікті, өнімнің құны деп бұл арада жұмыс күнінің бойында жаңадан жасалған құнды түсіну керек,— ал өнім құнының тұрақты бөлегі шығарылып тасталуға тиіс.

Бұл формулалардың бәрінде де еңбекті қанаудың шын дәрежесі, немесе қосымша құн нормасы, дұрыс көрсетілмеген. Жұмыс күні 12 сағатқа тең дейік. Біздің бұрынғы мысалымыздың басқа жорамалдарының бәрін сақтай отырып, біз бұл жағдайда еңбекті шын қанаудың дәрежесін мынадай қатынастар бойынша көрсетеміз:

$$\frac{\text{қосымша еңбектің 6 сағаты}}{\text{қажетті еңбектің 6 сағаты}} = \frac{\text{қосымша құн 3 шилл.}}{\text{өзгермелі капитал 3 шилл.}} = 100\%$$

Оның бержағында, II) формуланы қолдана отырып, біз мынаған келеміз:

$$\frac{\text{қосымша еңбектің 6 сағаты}}{12 \text{ сағаттық жұмыс күні}} = \frac{\text{қосымша құн 3 ш.}}{\text{жаңадан жасалған құн 6 ш.}} = 50\%$$

Бұл туынды формулалар шындығына келгенде мынадай қатынасты көрсетеді: жұмыс күні немесе жұмыс күні бойында жасалған құн капиталист пен жұмысшының арасында бөлінеді. Ал егер олар капиталдың өздігінен өсу дәрежесінің тікелей көрінісі ретінде қабылданса, онда мұнымен жалған заң белгіленеді: қосымша еңбек, немесе қосымша құн ешуақытта да 100%-ке жете алмайды¹⁷⁾. Қосымша еңбек қашанда жұмыс күнінің бір бөлегі ғана және қосымша құн бүкіл жаңадан жасалған құнның бір бөлегі ғана болатындықтан, қосымша еңбек бүкіл жұмыс күнінен қашан да қажетті түрде аз болуға тиіс, яки қосымша құн бүкіл жаңадан жасалған құннан аз болуға тиіс. Ал бір біріне $\frac{100}{100}$ қатынасындай болу үшін олар өзара тең болуға тиіс. Қосымша еңбектің бүкіл жұмыс күнін сіңіруі үшін (мәселе жұмыс аптасының, жұмыс жылының, т. т. орташа күні туралы болып отыр) қажетті еңбек нольге дейін кемуге тиіс. Ал егер қажетті еңбек жойылса, қосымша еңбек те жойылады, өйткені мұның соңғысы біріншінің қызметі ғана. Сондықтан

$$\frac{\text{қосымша еңбек}}{\text{жұмыс күні}} = \frac{\text{қосымша құн}}{\text{жаңадан жасалған құн}} \text{ деген қатынас}$$

$\frac{100}{100}$ деген шекке еш уақытта жете алмайды және $\frac{100 + x}{100}$ деген

¹⁷⁾ Мысалы, мынаны қараңыз: «Dritter Brief an v. Kirchmann von *Rodbertus*. Wiederingung der Ricardo'schen Lehre von der Grundrente und Begründung einer neuen Renteitheorie» Berlin, 1851. Бұл еңбекке мен кейін ораламын, бұл еңбек, жер рентасының жалған теориясын жасағандығына қарамастан, капиталистік өндірістің мәнін дұрыс көрсетеді. *3-ші басылуына қосымша*. Маркстің өзінен бұрынғыларға — ол бұлардың шын алға басқан қаламын, пәлендей дұрыс жана ойын көрген кезде — қандай ықыласты қарағандығын оқушы көріп отыр. Солай бола тұрса да Родбертустің Руд Мейерге жазған, соңғы кезде жарияланған хаттары Маркстің жоғарыда келтірілген бағалауын белгілі дәрежеде ықшамдауға мәжбүр етеді. Онан біз мынаны оқимыз: «Капиталды еңбектен ғана құтқарып қоймай, сонымен қатар оны өзінен де құтқару қажет, ал мұның өзі кәсіпесі-капиталистің қызметін халықшаруашылық немесе мемлекеттік-шаруашылық қызмет деп, оған капиталистік меншік жүктеген қызмет деп қарау арқылы, ал оның табысын — қызметінің ерекше бір түрі деп қарау арқылы бәрінен гөрі жақсырақ жасалады, өйткені біз әзірге мұнан басқа ешқандай әлеуметтік ұйымды білмейміз. Ал егер қызметіңіз жалақыдан тұм көп бөліп алатын болса, онда қызметіңіз ретке салуға, қысқартуға болады. Маркстің қоғамға жасаған шабуылы, — оның кітабын мен осылайша атаған болар едім, — дәл солайша тойтару керек... Жалпы алғанда Маркстің кітабы капиталға арналған зерттеу болудан гөрі, капиталдың кәсіргі формасына қарсы айтыс болып табылады, капиталдың кәсіргі формасын ол капитал деген ұғымның өзмен шағастырады, оның қателері осыдан келіп шығады» («Briefe etc. von Dr. *Rodbertus-Jagetow*, herausgegeben von Dr. Rud Meyer». Berlin, 1881, Bd. I, S. 111, Родбертустің 48-ші хаты). — Родбертустің «әлеуметтік хаттарының» батыл айтылған жерлері осындай идеологиялық мылжын сөздерде мүлде жойылып кетеді. Ф. Э. }

қатынасқа одан да бетер көтеріле алмайды. Бірақ мұның өзі қосымша құнның нормасы үшін немесе еңбекті қанаудың шын дәрежесі үшін толығынан мүмкін нәрсе. Мысал үшін Л. де Лавернь мырзаның есебін алайық, бұл есеп бойынша ағылшын ауылшаруашылық жұмысшысы өнімнің немесе оның құнының тек $\frac{1}{4}$ бөлегін, ал капиталист (арендатор) $\frac{3}{4}$ бөлегін алады¹⁸⁾, оның бержағында біз мынадай мәселені — бұл пайда сонан кейін капиталистің, жер иесінің, тағы тағылардың арасында қалай бөлінеді деген мәселені мүлде қалдырып кетіп отырмыз. Бұл есеп бойынша ағылшын ауылшаруашылық жұмысшысының қосымша еңбегі оның қажетті еңбегіне 3 : 1 ге қатынасындай келеді, қанау нормасы 300% -ке тең болады.

Жұмыс күнін тұрақты шама деп қарайтын, классикалық саяси экономияға тән әдіс II) формуланы қолдану нәтижесінде орнығып нығайды, өйткені бұл арада қосымша еңбек қашанда белгілібір шамадағы жұмыс күнімен салыстырылады. Жаңадан жасалған құнның бөлінуіне ғана назар аударатын болса, нақ сондай нәтиже шығады. Жаңадан жасалған құнға сінген жұмыс күні қашанда нақтылы бір мөлшердегі жұмыс күні болып табылады.

Қосымша құн мен жұмыс күшінің құнын жаңадан жасалған құнның бөлектері ретінде көрсету, — айта кетейік, осылайша көрсету әдісі капиталистік өндіріс тәсілінің өзінен келіп шығады, біз кейін оның маңызын анықтаймыз, — капиталистік қарым-қатынастың ерекше сипатын бүркемелейді, атап айтқанда өзгермелі капиталдың тірі жұмыс күшіне айырбасталатындығын және осыған сәйкес жұмысшының өнімнен шеттетілетіндігін бүркемелейді. Мұның орнына серіктестік қатынастың жалған көрінісі жасалып, мұнда капиталист пен жұмысшы өнім жасауға әрқайсысының қатысу шамасына қарай өнімді өзара бөлісіп алатындай көрінеді¹⁹⁾.

Оның бержағында, II) формула қашанда I) формулаға қайтадан айналдырыла алады. Мысалы, егер бізде:

$$\frac{6 \text{ сағаттық қосымша еңбек}}{12 \text{ сағаттық жұмыс күні}}$$

деген қатынас болса, онда қажетті жұмыс уақыты алты сағаттық қосымша еңбек алынып тасталған он екі сағаттық жұмыс күніне тең болады. Демек, мынадай нәрсе келіп шығады:

¹⁸⁾ Өзінеп өзі түсінікті нәрсе, бұл есепте өнімнің тек тұрақты капиталдың шығындарын ғана өтейтін бөлегі шығарылып тасталған. — Англияның көзсіз қорғаушысы Л. де Лавернь мырза бұл қатынасты асыра көрсеткеннен гөрі, жасыра көрсетеді.

¹⁹⁾ Капиталистік өндіріс процесінің дамыған формаларының бәрі кооперация формалары болып табылатындықтан, әрине, оларға тән антагонистік сипаттан абстракцияланып, оларды ерікті ассоциация формалары ретінде суреттеуден оңай ешнәрсе жоқ. Мұны, мәселен, граф А. де Лаборд «De l'Esprit d'Association dans tous les Intérêts de la Communauté». Paris, 1818, деген еңбегінде іспен шықты. Янки Г. Кэри кейде бұл фокусты тіпті құлдық системасы қатнастары жөнінде де сондай жақсы қолданады.

$$\frac{6 \text{ сағаттық қосымша еңбек}}{6 \text{ сағаттық қажетті еңбек}} = \frac{100}{100}$$

Алдын ала айтып, өзім бір жағдайда келтіріп өткен үшінші формула мынадай:

$$\text{III)} \quad \frac{\text{қосымша құн}}{\text{жұмыс күшінің құны}} = \frac{\text{қосымша еңбек}}{\text{қажетті еңбек}} = \frac{\text{ақы төленбеген еңбек}}{\text{ақы төленген еңбек}}$$

$\frac{\text{Ақы төленбеген еңбек}}{\text{Ақы төленген еңбек}}$ деген формула капиталист жұмыс күшіне ақы төлемей, еңбекке ақы төлейді екен деп ойлауға себеп болуы мүмкін, бірақ мұның алдындағы баяндау мұндай қатселесу мүмкіншілігін жойған болатын. $\frac{\text{Ақы төленбеген еңбек}}{\text{Ақы төленген еңбек}}$

деген формула тек $\frac{\text{қосымша еңбек}}{\text{қажетті еңбек}}$ деген формуланың көп тараған көрінісі ғана болып табылады. Капиталист жұмыс күшінің құнын немесе онан басқаша болатын бағасын төлейді, сөйтіп айырбас арқылы өзіне нақ тірі жұмыс күшін алады. Оның бұл жұмыс күшін пайдалануы екі кезеңге бөлінеді. Бір кезең ішінде жұмысшы тек өз жұмыс күшіне тең құнды ғана, демек, оның эквивалентін ғана өндіреді. Сонымен жұмыс күшінің авансыланған бағасының орнына капиталист нақ сондай бағасы бар өнім алады. Капиталист өнімді базардан дайын күйінде сатып алған сияқты болып шығады. Мұның керісінше, қосымша еңбек кезінде жұмыс күшін пайдалану капиталист үшін құн жасап береді, бұл құн үшін капиталист ештеңе төлемейді²⁰). Мұнда жұмыс күшінің қызметі капиталистке тегін түседі. Осы мағнада қосымша құнды ақы төленбегей еңбек деп атауға болады.

Сонымен, А. Смиттің айтуындай, капитал дегеніміз еңбектің әміршісі ғана емес. Ол асылына келгенде ақы төленбеген еңбектің әміршісі. Қосымша құнның қандайы болса да, ол кейіннен қандай ерекше формада—пайда, процент, рента, тағы басқалар түрінде қалыптасса да, өзінің нағыз субстанциясы бойынша ол ақы төленбеген жұмыс уақытының материалдануы болып табылады. Капиталдың өздігінен өсу сыры мынада—капиталда белгілібір мөлшерде бөтеннің ақы төленбеген еңбегі болады.

²⁰) Физнократтар қосымша құнның сырын ашпағанымен, қосымша құн дегеніміз «байлық, байлық болғанда ол» (байлық несі) «дербес, ерікті түрде билей алатын байлық, ол сатып алынған, бірақ ол сататын байлық» екендігі оларға қалай дегенмен де айқын болды (*Turgot*. «Réflexions sur la Formation et la Distribution des Richesses», p. 11).

А Л Т Ы Н Ш Ы Б Ө Л І М

Ж А Л А Қ Ы

О Н Ж Е Т І Н Ш І Т А Р А У

ЖҰМЫС КҰШІ ҚҰНЫНЫҢ, СОҒАН СӘЙКЕС ОНЫҢ
БАҒАСЫНЫҢ ДА, ЖАЛАҚЫҒА АЙНАЛУЫ

Буржуазиялық қоғамның сырт көрінісінде жұмысшының жалақысы еңбек бағасы болып, белгілібір мөлшерлі еңбек үшін төленетін белгілібір мөлшерлі ақша болып көрінеді. Бұл ретте еңбектің құны туралы сөз қылады және оның ақшалай көрінісін еңбектің қажетті немесе табиғи бағасы деп атайды. Екінші жағынан, еңбектің рыноктық бағалары туралы, яғни оның қажетті бағасынан жоғары не төмен ауытқып отыратын бағалар туралы сөз қылады.

Ал товардың құны дегеніміз не? Товардың құны дегеніміз оны өндіру кезінде жұмсалған қоғамдық еңбектің заттық формасы. Ал товар құнының мөлшерін біз немен өлшейміз? Оның бойындағы еңбектің мөлшерімен өлшейміз. Мәселен, он екі сағаттық жұмыс күнінің құны немен анықтала алар еді. Әлбетте он екі сағаттық жұмыс күніне енетін 12 сағаттық еңбекпен ғана анықталады; бірақ мұның өзі тайғақ қайталақтау ²¹⁾.

Товар ретінде базарда сатылу үшін еңбек қалай болғанда да бұл сатылуға дейін өмір сүруге тиіс. Бірақ егер өз еңбегін дербес өмір сүргізуге жұмысшының мүмкіндігі болса, онда ол

²¹⁾ «Күн өндірісте қолданылған еңбектің мөлшеріне байланысты дейтін өз ілімін теріске шығару қауіпі туғызатын сияқты көрінетін қиыншылықты Рикардо мырза аса тапқырлықпен орағытын өтеді. Егер оның бұл принципін толығынан ұстайтын болсақ, онда мұнан — еңбектің құны оны өндіруге жұмсалған еңбек мөлшеріне байланысты болады деген қорытынды шығады, — мұның өзі, анығында, дәрекі нәрсе. Сондықтан Рикардо мырза шебер айла шарғылар арқылы еңбектің құнын жалақы өндіру үшін қажетті еңбек мөлшерінен тәуелді етеді, немесе, оның өз сөзімен айтқанда, еңбектің құнын жалақыны өндіру үшін қажетті еңбек мөлшері арқылы анықтау керек; ал бұлай дегенде ол жұмысшы алатын ақша немесе товарларды өндіру үшін қажетті еңбектің мөлшерін айтады. Бұл: шұғаның бағасы оны өндіруге жұмсалған еңбек мөлшерімен анықталмай, шұға айырбасталатын күміс өндіруге жұмсалатын еңбек мөлшерімен анықталуы керек деген сөзбен бірдей» ([S. Bailey.] «A Critical Dissertation on the Nature etc. of Value», p. 50, 51).

еңбекті сатпай, еңбек жасаған товарды сатқан болар еді²²⁾.

Бірақ бұл қайшылықтарға байланыссыз-ақ, ақшаның, яғни затқа айналған еңбектің тірі еңбекке тікелей айырбасталуы не нақ капиталистік өндіріс негізінде еркін дамитын құн заңын, немесе нақ жалдама еңбекке негізделетін капиталистік өндірістің өзін жойып жіберген болар еді. Мәселен, 12 сағаттық жұмыс күнінің ақшалай құны 6 шиллинг болады делік. Егер эквиваленттер айырбасталатын болса, онда өзінің он екі сағаттық еңбегіне жұмысшы 6 шиллинг алады. Оның еңбегінің бағасы еңбек өнімінің бағасына тең болады. Олай болғанда, ол өзінің еңбегін сатып алушыға ешқандай қосымша құн өндірмейді, әлгі 6 шиллинг капиталға айналмайды, мұнымен бірге капиталистік өндірістің негізінің өзі жойылады; бірақ нақ осы негізде жұмысшы өз еңбегін сатады, нақ осы негізде оның еңбегі жалдама еңбек болып табылады. Не болмаса жұмысшы 12 сағаттық еңбекке 6 шиллингтен аз, яғни 12 сағаттық еңбектен аз алады. 12 сағаттық еңбек 10, 6 сағаттық, т. с. еңбекке айырбасталады. Бұл әрқилы мөлшерлерді теңестіру құнды анықтауды мүмкін емес етіп қана қоймайды. Мұндай өзін өзі жоятын қайшылық әсте заң ретінде айтыла да немесе тұжырымдала да алмайды²³⁾.

Сонымен қатар еңбектің көп мөлшерінің оның аз мөлшеріне айырбасталуы формалардың әртүрлілігінен — бір жағдайда затқа айналған еңбек, екінші жағдайда тірі еңбек болудан әкеліп шығаруға тырысу да ештемеге көмектеспейді²⁴⁾. Бұл мейлінше дөрекі нәрсе, өйткені товардың құны оның бойында шын мәнісінде затқа айналған еңбек мөлшерімен анықталмайды, оны өндіру үшін қажет болған тірі еңбектің мөлшерімен анықталады. Айталық, товар 6 жұмыс сағатындық екен делік. Егер өнертабыс жасалып, осының арқасында әлгі товарды 3 сағатта жасап шығаруға болатын болса, онда өндірілген товардың құны да жартысындай кемиді. Енді бұл товар бұрынғы алты сағаттың орнына тек қажетті қоғамдық еңбектің үш-ақ

²²⁾ «Сіздер еңбекті товар деп атағандарыңызбен де, ол әуелі айырбасталу мақсатымен өндірілетін, сонан соң өзімен бір мезгілде базарда болатын басқа товарларға белгілі мөлшерде айырбасталу үшін базарға шығарылатын товарға қалай да үксе емес; еңбек базарға шығарылуында ғана жасалады, ол ол ма, еңбек өзі жасалмастан бұрып базарға шығарылады» («Observations on certain Verbal Disputes etc.», p. 75, 76).

²³⁾ «Егер еңбекті товар деп қарап, ал капиталды, еңбек өнімін, екінші бір товар деп қарайтын болсақ, және егер бұл екі товардың құндары еңбектің бірдей мөлшерлерімен анықталатын болса, онда еңбектің осы жиыны... нақ сол еңбек жиыны өндірген капитал мөлшеріне айырбасталатын болады; өткен еңбек... кәзіргі еңбектің нақ осындай жиынына айырбасталатын болады. Бірақ еңбектің құны... басқа товарлардың құны сияқты нақ сондай еңбек мөлшерімен анықталмайды» (Ә. Г. Уэксфилд бастырып шығарған: *A. Smith. «Wealth of Nations»*. London, 1836, v. I, p. 231, ескерту).

²⁴⁾ «Өткен еңбек болашақ еңбекке айырбасталатын әрбір ретте, соңғысы (капиталист) біріншіге (жұмысшыға) қарағанда артық құн алады дегенге келісу қажет болды» («contrat social»-дың [«қоғамдық шарттың»] тарты бұл түрі) (*Simonde de Sismondi. «Die la Richesse Commerciale»*. Genève, 1803, t. I, p. 37).

сағаты болады. Сонымен, товар құнының мөлшері еңбектің заттық түрімен емес, товар өндіру үшін қажетті еңбек мөлшерімен анықталады.

Іс жүзінде товар рыногында ақша иссіне тікелей қарама-қарсы тұратын нәрсе еңбек емес, жұмысшы. Жұмысшының сататын нәрсесі өзінің жұмыс күші. Оның еңбегі шын басталған кезде ол еңбек жұмысшыға тән болудан қалады, демек, жұмысшы оны сата алмайды. Еңбек дегеніміз құндардың субстанциясы және имманенттік өлшеуіші, бірақ оның өзінде құн болмайды ²⁵⁾.

«Еңбек құны» деген сөзде құн ұғымының мүлде жойылып кететіндігі былай тұрсын, сонымен қатар ол өзінің қарама-қарсылығына айналады. Мұның өзі, мәселен, жердің құны деген сияқты жорамал сөздер. Бірақ мұндай жорамал сөздер өндірістік қатынастардың өзінен туады. Бұл — елеулі қатынастар көрінісі формаларының категориялары. Заттар өз көрінісінде көбінесе бұрмаланған түрде көрінетіндігі, саяси экономиядан басқа, барлық ғылымдарда танылған сияқты ²⁶⁾.

Классикалық саяси экономия кейін: бұл баға немен анықталады? — деген сұрақ қою үшін, ешбір саранптамастан күнделікті өмірден «еңбек бағасы» деген категорияны ала салды. Сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қарым-қатынастардың өзгеруі еңбек бағасы жайында, сондай-ақ басқа товар атаулының бағасы жайында да, баға өзгерістерінен, яғни рыноктық бағалардың белгілі бір мөлшерден не төмен, не жоғары ауытқуынан басқа ешнәрсені түсіндіре алмайтындығына оның тез көзі жетті. Егер сұраныс пен ұсыныс бірін бірі жабатын болса, онда басқа жағдайлары тең болып келгенде, бағалардың ауытқуы тоқталады. Бірақ онда сұраныс пен ұсыныс ешбір нәрсені түсіндіре алмайтын болады. Сұраныс пен ұсыныс

²⁵⁾ «Еңбек, құнның ерекше өлшеуіші... байлық атаулының бәрін жасаушы, бірақ оның өзі товар болып табылмайды» (*Th. Hodgskin: «Popular Political Economy», p. 186.*)

²⁶⁾ Мұның керісінше, мұндай сөздерді жай *Isentia poetica* [ақындық еркіндік] деп түсіндіруге тырысушылық талдаудың түкке тұрғысыздығын көрсетеді. Прудонның: «Еңбекте құн бар дейтін себебі оның өзі товар болғандықтан емес, жұрттың жорамалы бойынша, еңбектің өзінде потенциалды түрде құн бар болғандығынан. Еңбек құны дегеніміз мәнерлі сөз, т. т.» деген сөздеріне мен былай деп ескертемін: «Өлердей шындығы бар еңбек-товардан ол тек грамматикалық ықшамдауды ғана көріп отыр. Демек, еңбек-товарға негізделген бүкіл қазіргі қоғам осыдан бастап кейбір ақындық еркіндікке, мәнерлі сөзге негізделген болып шығады. Сөйтіп егер қоғам өзін қинап отырған «қолайсыздықтардың бәрін жойғысы» келсе, онда ол қолайсыз сөздерді жойып, тілді өзгерте ғана болғаны, ал мұның үшін ол Академияға өтініш етіп, оның өз сөздігін қайтадан бастырып шығаруын сұраса ғана болғаны» (*Карл Маркс. «Философия бишаралығы», 34, 35-беттер. [Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 4-том, 92-бет].* Әрине, «құн» деген терминді ешбір нақтылы ұғым деп түсінбегеннің өзі бұдан да қолайлырақ. Сонда бұл категорияға не болса соның бәрін ешбір қымсынбастан әкеліп таңа беруге болады. Мысалы, Ж. В. Сэй осылай істеп отыр. «Құн» дегеніміз не? Жауап: «Заттың тұратын нәрсесі». Ал «баға» дегеніміз не? Жауап: «Заттың ақшаға шағылған құны». Ал «жер еңбегінің... құны» болатын себебі не? «Себебі оған белгілі бір баға береді». Сөйтіп, құн дегеніміз заттың тұратын нәрсесі, ал желдің «құны» болатын себебі, оның құны «ақшаға шағылады». Мұның өзі, қалай дегенмен де, заттардың себебі мен шыққан тегі туралы мәселелерді шешудің өте оңай әдісі.

тең болғанда еңбектің бағасы оның сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына байланыссыз түрде анықталатын бағасы болып табылады, оның табиғи бағасы болып табылады; сонымен нақ зерттеуге жататын зат ретіндегі еңбектің «табиғи» бағасына келді де. Немесе рынок бағасының азды-көпті ұзақ уақыт бойына, мысалы, бір жыл бойына ауытқуын қарап, оның не ол, не бұл жаққа ауытқуы кейбір орташа, тұрақты мөлшерге келіп өзара теңдеседі деп тапты. Әрине, бұл орташа мөлшер, мұнан ауытқитын өзара өтелетін ауытқушылықтармен анықталғаннан гөрі, басқаша түрде анықталуға тиіс. Еңбектің бұл бағасы, кездейсоқ рыноктық бағаларға үстемдік ететін және бұл соңғыларды ретке салып отыратын баға, еңбектің «қажетті бағасы» (физиократтар) немесе «табиғи бағасы» (А. Смит) деп аталатын баға, басқа товарлардағы сияқты, оның ақшаға шағылған құны ғана бола алады. Осылайша етіп саяси экономия еңбектің кездейсоқ бағаларын жарып өтіп, оның құнына жетемін деп ойлады. Сонан соң, басқа товарлардағы сияқты, бұл құн өндіріс шығындары арқылы анықталды. Бірақ жұмысшының өндіріс шығындары дегеніміз, яғни жұмысшының өзін өндіру немесе қайта өндіру үшін жұмсалатын шығындар дегеніміз не? Бұл сұрау келіп саяси экономияға ойламаған жерден бастапқы сұрауды өзгерттіріп жіберді, өйткені нақ сол еңбек өндіру шығындарын қарастыра отырып, ол тұйық шеңберді шырқ айнала берді, сөйтіп бір орнынан қозғалмады. Демек, оның еңбек құны (value of labour) деп отырғаны шындығында жұмыс күшінің құны, мұндай құн жұмысшының өз басында болады және, машина өз қызметінен қандай өзгеше болса, ол өз қызметінен, еңбектен сондай өзгеше болады. Еңбектің рыноктық бағалары мен оның кәдімгі құнының арасындағы айырмашылықты, бұл құнның пайда нормасына, еңбек жасап шығаратын товар құндарына, т. т. қатынасын қарастырумен шұғылданған экономистер талдаудың барысы еңбектің рыноктық бағаларына оның жалған «құнына» қарай бастап әкеліп қана қоймай, сонымен қатар өз ретінде еңбектің сол құнының өзін жұмыс күшінің құнына саяуға мәжбүр ететінін ешуақытта байқамады. Өз талдауының осындай нәтижелерін түсінбей, «еңбек құны», «еңбектің табиғи бағасы», т. т. сияқты категорияларды қаралып отырған құндық қарым-қатынастың ақырғы адекваттық көрінісі ретінде талғамай қолданып, классикалық саяси экономия шешілмейтін қайшылықтарға ұшырап шатасты, мұны біз кейініректе көреміз, сонымен бірге құбылыстардың бір ғана сыртқы көрінісін принципті түрде мойындайтын тұрпайы саяси экономияның оңбағандықтарына операциялық берік базис жасап берді.

Ең алдымен жұмыс күшінің құны мен бағасының өзінің өзгерген формасында жалақы түрінде қалай көрінетіндігін қарастырайық.

Біз білеміз, жұмыс күшінің күндік құны жұмысшы өмірінің белгілібір ұзақтығына қарай есептеледі, жұмысшы өмірінің белгілібір ұзақтығына жұмыс күнінің белгілібір ұзындығы сай келеді. Айталық, әдеттегі жұмыс күні 12 сағатқа созылады және жұмыс күшінің күндік құны 6 жұмыс сағатын сіңіретін құнның ақшалай көрінісі болып табылатын 3 шиллингке тең делік. Егер жұмысшы 3 шиллинг алатын болса, ол 12 сағат бойы қызмет ететін өз жұмыс күшінің құнын алады. Жұмыс күшінің осы күндік құнын енді күндік еңбектің құны ретінде көрсетіп, біз он екі сағаттық еңбектің 3 шиллинг құны бар деген формула шығарамыз. Сонымен, жұмыс күшінің құны еңбек құнын, немесе — ақшаға шаққанда — оның қажетті бағасын анықтайды. Егер жұмыс күшінің бағасы оның құнынан ауытқитын болса, онда еңбектің бағасы да оның құны дейтіннен ауытқиды.

Еңбектің құны жұмыс күшінің құны үшін тек иррационалды көрініс қана болып табылатын болғандықтан, еңбек құны еңбектің жаңадан жасаған құнынан қашанда аз болуға тиіс екендігі өзінен өзі түсінікті, неге десеніз капиталист әрқашан да жұмыс күшін оның өз құнын қайта өндіру үшін қажетті уақыттан гөрі көбірек жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Жоғарыда келтірілген мысалда 12 сағат бойы жұмыс істейтін жұмыс күшінің құны 3 шиллингке, — қайтадан қалпына келтіру үшін жұмыс күші 6 сағат бойы жұмыс істеуге тиіс құнға тең. Оның бер жағында жаңадан жасалған құн 6 шиллингке тең, өйткені жұмыс күші іс жүзінде 12 сағат жұмыс істеді, ал оның жаңадан жасаған құны оның өзінің құнына байланысты емес, оның жұмыс істеуінің ұзақтығына байланысты. Сонымен біз бір қарағанда дәрекі болып көрінетін қорытындыға — 6 шиллингтік құн жасайтын еңбектің өзінде 3 шиллингтік құн болады деген қорытындыға келеміз ²⁷⁾.

Онан соң біздің көріп отырғанымыз: жұмыс күшінің ақы төленген бөлегін, яғни алты сағаттық еңбекті көрсететін 3 шиллингтік құн еңбектің ақы төленбеген алты сағатын қамтитын бүкіл он екі сағаттық жұмыс күшінің құны, немесе бағасы ретінде көрініп отыр. Сөйтіп, жалақы формасы жұмыс күшінің

²⁷⁾ «Саяси экономия сынына» дегенмен салыстырыңыз. Берлин, 1859, 40-бет; онда мен капиталды зерттеу мынадай проблеманы: «Тек қана жұмыс уақытымен анықталатын айырбас құны негізінде өндіріс еңбектің айырбас құны оның өнімінің айырбас құнынан аз болады деген нәтижеге келтіретіні қалай?» деген проблеманы шешуге тиіс дегенмін [Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 48-бет].

қажетті және қосымша еңбек, ақы төленген және ақы төленбеген еңбек болып бөлінуінің ешбір ізін қалдырмайды. Бүкіл еңбек ақы төленген еңбек сияқты болып көрінеді. Барщиналық еңбек тұсында крепостной шаруаның өзі үшін істеген еңбегі мен оның помещикке істеген еріксіз еңбегі айрықша сезіліп тұрады, кеңістік пен уақыт бойынша білінеді. Құлдық еңбек тұсында жұмыс күнінің тіпті құл өзінің тіршілік заттарының құнын қалпына келтіретін бөлегі де, құл іс жүзінде тек өзі үшін ғана жұмыс істейтін бөлегі де қожайынға істелген жұмыс болып көрінеді. Оның бүкіл еңбегі ақы төленбеген еңбек болып көрінеді²⁸⁾. Мұның керісінше, жалдама еңбек системасы тұсында тіпті қосымша, немесе ақы төленбеген еңбектің өзі де ақы төленген еңбек болып көрінеді. Құлдық еңбек тұсында меншік қарым-қатынасы құлдың өзі үшін істеген еңбегін бүркемелейді, жалдама еңбек тұсында ақша қарым-қатынасы жалдама жұмысшының тегін еңбегін бүркемелейді.

Сондықтан да жұмыс күшінің құны мен бағасының жал-ақы формасына, яғни еңбектің өзінің құны мен бағасына айналуының қандай шешуші маңызы бар екендігі түсінікті. Жұмысшының да, сондай-ақ капиталистің де праволық түсініктерінің бәрі, капиталистік өндіріс әдісінің жалғандықтарының бәрі, осылардан туатын азаттық елестерінің бәрі, тұрпайы саяси экономияның анологеттік айла-шарғыларының бәрі көріністің осы формасына негізделеді, бұл форма шын қарым-қатынасты бүркемелеп, тікелей қарама-қарсы қарым-қатынастар елесін туғызады.

Жалақының сырын ашу үшін бүкіл дүниежүзілік тарихқа көп уақыт керек болған болса, онда, мұның керісінше, көрі-нудің осы формасының қажеттілігін, *raison d'être* [мәнін, негізін] түсінуден оңай ешнәрсе жоқ.

Капитал мен еңбек арасындағы айырбас алғашында басқа товар атаулыны сатып алу мен сату сияқты болып танылады. Сатып алушы белгілібір сомада ақша береді, сатушы — ақшадан өзгеше бір зат береді. Заң жүзіндегі түсінік бұл арада ең мықтағанда: «*do ut des*», «*do ut facias*», «*facio ut des*» және «*facio ut facias*» [«сен берсін деп беремін», «сен істесін деп беремін», «сен берсін деп істеймін» және «сен істесін деп істеймін»] деген юридикалық балама формулалардан байқалатын заттық айырманы ғана көреді.

²⁸⁾ «Morning Star». Лондон фритредерлерінің ақымақтыққа дейін барған аңқау органы. Америкадағы Азамат соғысы кезінде «Конфедерациялық Штаттарда»¹⁵⁸ негрлер мүлде тегін жұмыс істейді дегенге сендірмек болды, бұл ретте адам қолынан келетін моральдық ашу-ызаның бәрін білдіре отырып, сендірмек болды. Оның бұдан төрі осы негрдің күндік шығындары мен, мәселен, Лондондағы Ист-Эндтегі азат жұмысшының күндік шығындарын салыстырғаны жақсы болатын еді.

Сонан соң: айырбас құны мен тұтыну құны дегендеріміз өздігінен алғанда өлшеуге келмейтін мөлшерлер болғандықтан. «еңбек құны», «еңбек бағасы» деген сөздер, мысалы, «мақта құны», «мақта бағасы» деген сөздерден гөрі иррационалды емес болып көрінеді. Бұған қосылатын тағы бір жағдай: жұмысшы өз еңбегін істеп бергеннен кейін барып ақы алады. Төлем құралының қызметін атқарғанда ақша әкелінген заттың құнын, немесе бағасын, демек, бұл жағдайда істеп берілген еңбектің құнын, немесе бағасын кейін өтейді. Ақырында, жұмысшының капиталиске беретін «тұтыну құны» шынына келгенде жұмыс күші емес, оның қызметі, белгілі бір пайдалы еңбек, тігіншінің, етікшінің, тоқушының, т. т. еңбегі болып табылады. Екінші жағынан, нақ осы еңбектің өзі құн жасайтын жалпыға бірдей элемент екендігі,— оны басқа товарлардың бәрінен өзгешелендіретін қасиет екендігі,— міне бұл жағдай әдетте естен шығып кетеді.

Егер біз өзінің он екі сағаттық еңбегіне алты сағаттық еңбекпен жасалған құнды, айталық 3 шиллинг, алатын жұмысшының көзқарасында болсақ, онда он екі сағаттық еңбек ол үшін шындығында 3 шиллинг сатып алатын құрал ғана болып табылады. Оның жұмыс күшінің құны ол үшін дағдылы болған тіршілік заттарының құнымен бірге өзгеруі мүмкін: 3 шиллингтен 4 шиллингке дейін артып немесе 3 шиллингтен 2 шиллингке дейін төмендеуі мүмкін; немесе, жұмыс күшінің құны өзгеріссіз қалған күнде, оның бағасы сұраныс пен ұсыныстың ауытқуы салдарынан 4 шиллингке дейін артып немесе 2 шиллингке дейін төмендеуі мүмкін,— осы жағдайлардың бәрінде де жұмысшы бірдей дәрежеде 12 сағаттық еңбек беріп отырады. Сондықтан оның алатын эквивалентінің мөлшеріндегі өзгерістің қандайы болса да оған өзінің 12 жұмыс сағатының құнының, немесе бағасының өзгеруі болып көрінеді. Бұл жағдай жұмыс күнін тұрақты шама²⁹⁾ деп қараған. А. Смитті кері қатерге әкеп соқтырды: тіршілік заттары құнының өзгеріп отыратындығына қарамастан, еңбек құны тұрақты болады, сондықтан нақ сол белгілі бір жұмыс күні жұмысшы үшін не көп, не аз мөлшерлі ақша бола алады деген қорытындыға келтірді.

Екінші жағынан, капиталисті алайық. Ол мүмкіндігінше аз ақшаға мүмкін қадерінше көп еңбек алғысы келеді. Сондықтан ол іс жүзінде жұмыс күшінің бағасы мен оның қызмет етуі жасайтын құнның арасындағы айырмаға ғана көңіл бөледі. Бірақ ол барлық товарларды да мүмкіндігінше арзанға сатып алуға тырысады және өзінің пайдасының шығар көзін

²⁹⁾ А. Смит әрзааттық жалақы туралы айта келіп, жұмыс күнінің өзгеруі жөнінде тек кездейсоқ қана айта кетеді.

ерқашан жай алдап соғуда, құнынан арзан алып, құнынан қымбат сатуда деп біледі. Демек, егер еңбектің құны сияқты бір нәрсе шын бар болған болса, және де капиталист бұл құнға шын мәнісінде ақы төлеп отырған болса, онда ешбір капиталдың өмір сүре алмайтындығын, өз ақшасының капиталға айнала алмайтындығын,— міне бұл жағдайды түсінуден капиталист аулақ жатыр.

Оның үстіне жалақының шын өзгерісі ақы жұмыс күшінің құнына емес, жұмыс күші қызметінің құнына, яғни еңбектің өзінің құнына төленеді-міс дегенді дәлелдейтін сияқты құбылыстарды көрсетеді. Бұл құбылыстарды біздің үлкен-үлкен екі топқа бөлуімізге болады. Біріншіден: жұмыс күшінің ұзақтығының өзгеруімен бірге жалақының өзгеруі. Нақ осындай правомен — ақы машинаның құнына төленбейді, оның жұмысының құнына төленеді, неге десеңіз машинаны да бір аптаға жалдау бір күнге жалдаудан гөрі қымбатқа түседі деген қорытынды шығаруға болар еді. Екіншіден: белгілі бір ғана жұмысты атқаратын орқилы жұмысшылардың жалақыларындағы жеке-даралық өзгешеліктер. Мұндай жеке-даралық өзгешеліктерді біз құлдық еңбек системасынан да көреміз; бірақ мұнда, жұмыс күшінің өзі ешбір бүркеусіз ашықтан-ашық сатылатын болғандықтан, олар жалған елес туғызуға себеп бола алмайды. Айырма тек мынада ғана: құлдық система тұсында ортадан жоғары дәрежедегі жұмыс күшінен келетін пайда да және ортадан төмен дәрежедегі жұмыс күшінен келетін зиян да құл иеленушінің үлесіне түседі, ал жалдама еңбек системасы тұсында — жұмысшының өз үлесіне түседі, өйткені соңғы жағдайда жұмыс күшін жұмысшының өзі сатады, бірінші жағдайда — үшінші бір адам сатады.

Оның бержағында, «еңбектің құны мен бағасы» немесе «жалақы» сияқты көріну формалары туралы да, бұлардан көрінетін слеулі қарым-қатынастан өзгеше,— жұмыс күшінің құны мен бағасынан өзгеше,— болатын формалары туралы да тегінде жалпы көріну формалары туралы және олардың өздерінің тасасында бүркемеленген негізі туралы не айтатын болсақ, нақ соны айтуға болады. Бұлардың біріншілері ақыл-ойдың көп таралған формалары ретінде өздерінен өздері тікелей қайтадан қалпына келеді, ал екіншісі тек ғылыми зерттеу арқылы ғана ашыла алады. Классикалық саяси экономия істің ақиқат мән-жайына өте жақын келеді, бірақ оны біле тұра тұжырымдамайды. Ол өзінің буржуазиялық жамылғышын сыпырып тастамай тұрып, мұны істей алмайды да.

О Н С Е Г І З І Н Ш І Т А Р А У

МЕРЗІМДІ ЖАЛАҚЫ

Жалақының өзі де өте әртүрлі формаларда болады, саяси экономия жөніндегі кітаптарда бұл туралы ешқандай мәлімет жоқ, бұлар мәселенің заттық жағына орынсыз көп көңіл бөледі де, формалардың әртүрлі болуы жағын елемейді. Алайда бұл формалардың бәрін баяндап жазу жалдама еңбек жөніндегі арнаулы ғылымның ісі, сондықтан ол бұл шығарманың міндетіне жатпайды. Бұл арада үстем болып отырған негізгі екі форманы ғана қысқаша қарастырып өту орынды болады.

Жұмыс күшінің қашанда болсын белгілі уақыт бойына сатылатындығы біздің есімізде. Сондықтан жұмыс күшінің күндік құны, оның апталық құны және т. т. тікелей көрінетін өзгерген форма дегеніміз «мерзімді жалақының» формасы, яғни күндік және т. с. жалақы болып табылады.

Ең алдымен мынаны ескерте кетелік: он бесінші тарауда баяндалған жұмыс күшінің бағасы мен қосымша құнның өзгеру заңдары форманың жай өзгеруі арқылы жалақы заңдарына айналады. Сондай-ақ жұмыс күшінің айырбас құны мен тіршілік заттары аумағының арасындағы айырма,— ал жалмақы осы тіршілік заттарына айналады,— енді номиналды жалақы мен реалды жалақының арасындағы айырма түрінде көрінеді. Елеулі форма жөнінде баяндалған нәрселердің бәрін көріну формалары жөнінде қайталап жату орынсыз болған болар еді. Сондықтан біз мерзімді жалақыны сипаттайтын біраз пункттерге ғана тоқталамыз.

Жұмысшының өзінің күндік, апталық, т. с. еңбегіне алатын ақшасының сомасы³⁰⁾ оның номиналды жалақысының сомасы, яғни құндық көрінісіндегі жалақының сомасы болмақ. Бірақта, анығында, жұмыс күшінің ұзақтығына қарай, яғни жұмысшының күн сайын істеп беретін еңбек мөлшеріне қарай белгілібір күндік, апталық, т. с. жалақының өзі еңбектің

³⁰⁾ Ақшаның өзінің құны бұл араның бәрінде тұрақты деп алынып отыр.

өте әрқилы бағасын, яғни белгілібір еңбек мөлшері үшін берілетін өте әрқилы ақша сомасын көрсетуі мүмкін³¹⁾. Сонымен, онан соң, мерзімді ақы кезінде жалақының — күндік, апталық, т. с. жалақының — жалпы сомасы мен еңбектің бағасын айыра қарау керек. Бірақ бұл бағаны, немесе еңбектің осы мөлшерінің ақшалық құнын қалай табу керек? Егер жұмыс күшінің орташа күнделік құнын орташа жұмыс күнінің сағаты санына бөлетін болсақ, біз еңбектің орташа бағасын білеміз. Мысалы, жұмыс күшінің күнделік құны 3 шиллингке, немесе 6 жұмыс сағатының ішінде жаңадан жасалған құнға тең екен делік, ал жұмыс күні 12 сағатқа созылады екен делік; сонда еңбектің бір сағатының бағасы $= \frac{3 \text{ шил.}}{12} = 3$ пенни болмақ. Осылайша табылған жұмыс сағатының бағасы еңбектің бағасын өлшеудің единицасы болып табылады.

Осыдан келіп, еңбек бағасының үнемі төмендеуіне қарамастан, күндік, апталық, т. с. жалақы өзгермей қала алады деген қорытынды шығады. Мысалы, дағдылы жұмыс күні 10 сағатқа созылатын болса, ал жұмыс күшінің күндік бағасы 3 шиллингке тең болса, онда жұмыс сағатының бағасы — $3\frac{3}{5}$ пенни болады; егер жұмыс күні 12 сағатқа дейін өсетін болса, бұл баға 3 пенниге дейін төмендейді, ал егер жұмыс күні 15 сағатқа дейін өсетін болса — $2\frac{2}{5}$ пенниге дейін төмендейді. Солай бола тұрсада күндік және апталық ақы өзгермей қала береді. Мұның керісінше, еңбек бағасының өзгермей қалуына және тіпті төмендеуіне қарамастан, күндік немесе апталық ақының артуы мүмкін. Мысалы, жұмыс күні он сағат болып, жұмыс күшінің күндік құны 3 шиллинг болып тұрғанда жұмыс сағатының бағасы $3\frac{3}{5}$ пенни болады. Егер жұмысшы еңбектің бағасы нақ сол бұрынғы күйінде қалып, жұмыс көлемінің көбеюі нәтижесінде күніне 12 сағат жұмыс істейтін болса, онда, еңбек бағасы ешқандай өзгермстен оның жалақысы 3 шиллинг $7\frac{1}{5}$ пенниге дейін өседі. Егер еңбектің экстенсивті мөлшері емес, интенсивті мөлшері өсетін болса да, нақ сондай нәтиже келіп шығар еді³²⁾. Сондықтан күндік немесе апталық номиналды ақының артуы еңбек бағасы өзгермей және тіпті төмендеп отырған кезде де бола береді. Семья ба-

³¹⁾ «Еңбек бағасы дегеніміз белгілібір мөлшерлі еңбек үшін төленген сома» (*Sir Edward West: «Price of Corn and Wages of Labour»*. London, 1826, p. 67). Уэст — саяси экономияның тарихында көрнекті орын алған аноним пұығарманың авторы: «*Essay on the Application of Capital to Land*. By a Fellow of the University College of Oxford». London, 1815.

³²⁾ «Еңбек үшін төленетін ақы еңбектің бағасына және істелген еңбектің мөлшеріне байланысты... Жалақының көбеюі еңбек бағасының өсуімен қажетті түрде байланысты болмайды. Жұмыс уақыты ұзайтылған кезде және жұмысқа артықша күш жұмсалған кезде жалақы, еңбек бағасының сол бұрынғы күйінде қалуына қарамастан, сдәуір өсе алады» (*West: «Price of Corn and Wages of Labour»*. London, 1826, p. 67, 68, 112). Айта кету керек, «еңбек бағасы» немен анықталады деген негізгі мәселеден Уэст жалпылама бос сөздермен құтылады.

сының істеген еңбегінің санына семьяның басқа мүшелерінің еңбегі де қосылып отыратындықтан, жұмысшы семьяның табыстары жөнінде де нақ осыны айтуға болады. Сонымен, еңбек бағасын төмендетудің күндік немесе апталық номиналды жалақының азаюына тәуелсіз әдістері бар³³⁾.

Ал жалпы заң мынадай: күндік, апталық, т. с. еңбек мөлшері бір қалыпта тұрғанда күндік немесе апталық жалақының мөлшері еңбектің бағасына байланысты болады, бұл баға, өз кезегінде, не жұмыс күші құнының өзгеруімен бірге немесе оның бағасының күннан ауытқуымен бірге өзгеріп отырады. Егер, мұның керісінше, еңбек бағасы белгілі болса, онда күндік немесе апталық жалақы күндік немесе апталық еңбектің мөлшеріне байланысты болады.

Мерзімді жалақыны өлшеу единицасы, немесе жұмыс сағатының бағасы дегеніміз жұмыс күшінің күндік құнын дағдылы жұмыс күнінің сағаты санына бөлуден шығатын бөлінді. Айталық, жұмыс күні 12 сағаттық еңбек екен делік, ал жұмыс күшінің күндік құны 3 шиллингке тең, яки 6 жұмыс сағатының өнімі болып табылатын құнға тең екен делік. Мұндай жағдайларда жұмыс сағатының бағасы 3 пенни, оның жаңадан жасаған құны 6 пенни болады. Сонан соң, егер біз жұмысшы күніне 12 сағаттан кем (немесе аптасына 6 күннен кем), мысалы 6 немесе 8 сағат жұмыс істейді деп ойлайтын болсақ, онда ол еңбек бағасы сол бұрынғы күйінде қалып отырғанда күніне бар болғаны 2 немесе 1½ шиллинг ақы алады³⁴⁾. Ал енді біздің ұйғаруымызша, ол өзінің жұмыс күшінің құнына сай келетін күндік жалақы өндіру үшін күніне орта есеппен 6 сағат жұмыс істеуге тиіс болғандықтан, нақ сол ұйғаруымыз бойынша, ол еңбектің әрбір сағатының жарты-

³³⁾ Мұны XVIII ғасырдағы өнеркәсіптік буржуазияның өлердей берілген қорғаушысы, өзіміз талай рет цитата келтірген «Essay on Trade and Commerce»-нің авторы сезді: алайда ол мәселені өте-өте шағастырып баяндайды: «Тағам өнімдерінің және басқа да қажетті заттардың бағасы еңбектің бағасын емес», (ол еңбек бағасы деп күндік немесе апталық номиналды жалақыны айтады) «еңбектің мөлшерін анықтайды. Қажетті заттардың бағасын айтарлықтай дәрежеде төмендетсеңіз, сонда сіз осындай дәрежеде еңбектің мөлшерін де азайтасыз...Еңбек бағасының номиналды мөлшеріне тимей оны арттырудың және төмендетудің әртүрлі жолдары бар екенін фабриканттар біледі» (көрсетілген шығарманың 48 және 61-беттері). Айта кету керек, Н. У. Сеиор өзінің «Three Lectures on the Rate of Wages». London, 1830 деген еңбегінде, Уэстен көп нәрселерді ала отырып, бірақ, онан алғанын айтпай, былай дейді: «Жұмысшы... ең алдымен жалақының мөлшеріне мүдделі» (15-бет). Сонымен, жұмысшының ең алдымен мүдделі болатын нәрсесі — оның беретіні, еңбектің мөлшері емес, қайта оның алатыны, жалақының номиналды сомасы екен.

³⁴⁾ Мұндай қалыптан тыс, толық жұмыс істемеудің әсері жұмыс күнінің жаппай, еріксіз түрде, заң бойынша қысқартылуының әсерінен мүлде өзгеше болады. Мұның біріншісі жұмыс күнінің абсолютті мөлшеріне мүлде тимейді және ол 15 сағаттық күн тұсында да 6 сағаттық күн тұсында да ол-онай бола береді. Еңбектің қалыпты бағасы, бірінші жағдайда, жұмысшы орта есеппен 15 сағат жұмыс істейді деген жорамалға сүйеніп есептеліп шығарылса, екінші жағдайда орташа жұмыс күні 6 сағат болады деген жорамалға сүйеніп есептеліп шығарылады. Егер бірінші жағдайда жұмысшы күніне тек 7½ сағат бойы ғана, екінші жағдайда тек 3 сағат бойы ғана жұмыс ітесе, бұлардың нәтижесі бірдей болып шығады.

сын ғана өзіне жұмсап, екінші жартысын капиталист үшін істейтін болғандықтан, оның алты сағаттық еңбек арқылы жасалған құнды кемінде 12 сағат жұмыс істеген жағдайда ғана таба алатыны анық. Бұрын біз шамадан тыс істелетін еңбектің зардабының өте жаман болатынын көрген едік, енді біз жұмысшының толық жұмыс істемеуінен туатын азаптарының негізі қайда екенін көріп отырмыз.

Егер сағаттап ақы төлеу деген капиталистің міндеті белгілі бір күндік немесе апталық ақы беру емес, жұмысшыға жұмыс беру өзі үшін тиімді болатын жұмыс сағаттарына ғана ақы төлеу деп білетін болсақ, онда капиталист алғашында сағаттап төлеуді немесе еңбек бағасын өлшеудің единицасын анықтау үшін қызмет еткен жұмыс күні мөлшерлерімен салыстырғанда жұмысшының еңбек уақытын қысқарта алады. Ал енді осы өлшеу единицасының өзі $\frac{\text{жұмыс күшінің күндік құны}}{\text{белгілі мөлшерлі сағаттағы жұмыс күні}}$

қатынасымен анықталатын болғандықтан, жұмыс күні бойында белгілі бір мөлшерлі сағаттар болмайтын жағдайда, ол өлшеу единицасының ешбір мәні болмайтыны өз өзінен түсінікті. Ақы төленген және ақы төленбеген еңбектің арасындағы байланыс жойылады. Енді капиталист жұмыс уақытын жұмысшының өмір сүруі үшін қажетті мөлшерге жеткізбей-ақ, жұмысшыдан белгілі бір мөлшерлі қосымша еңбекті сығып ала алады. Ол еңбектің бірқалыпты үнемі жасалуы дегеннің бәрін жоя алады және, өзінің ыңғайын, жан тиыштығын, өзінің минуттық мүддесін ғана көздей отырып, жантүршігерлік ауыр еңбек кезеңдерін относителді немесе тіпті толық жұмыссыздық кезеңдерімен ауыстыра алады. «Еңбектің қалыпты бағасын» төлеуді сылтау етіп, ол жұмысшыға ешқандай тиісті өтеуін төлеместен, жұмыс күнің норма атаулының бәрінің шегінен асыра ұзарта алады. Сондықтан Лондонның құрылысшы жұмысшылары капиталистердің оларға осылай сағаттап ақы төлемек болған әрекеттеріне қарсы көтеріліс жасап (1860 ж.), әбден дұрыс істеді. Жұмыс күніне заң бойынша шек қоюшылық мұндай масқаралықтарды жояды, бірақ, әрине, машиналардың бәсекесінен, пайдаланылатын жұмысшылардың мамандығының өзгерулерінен, шінара және жаппай дағдарыстардан келіп туатын жұмысшының жұмысқа толық пайдаланылмауын әсте жоя алмайды.

Өсіп отыратын күндік немесе апталық ақы жағдайында еңбек бағасы номиналды жағынан өзгеріссіз қала алады және, оған қарамастан, өзінің қалыпты дәрежесінен төмен түсе алады. Мұның өзі еңбектің, яғни жұмыс сағатының бағасы тұрақты болып, жұмыс күні өзінің қалыпты ұзақтығынан асырып жіберілген жағдайдың бәрінде де осылай болып отырады.

Егер жұмыс күшінің күндік құны деген бөлшектің бөлімі өсетін болса, онда оның алымы онан да тез өседі. Жұмыс күшінің құны, тозу салдарынан, жұмыс күшінің қызмет етуінің ұзақтығымен бірге өседі, өскенде жұмыс күшінің қызмет етуінің ұзақтығынан гөрі неғұрлым тез пропорцияда өседі. Осының салдарынан өндірістің жұмыс уақытына заң бойынша шек қою болмай, мерзімді ақы басым болған көптеген салаларында жұмыс күнін белгілібір шекке дейін, мысалы еңбектің оның сағаты өткенге дейін қалыпты жұмыс күні («normal working day») [«қалыпты жұмыс күні», «the day's work»] [«күндізгі жұмыс»] немесе «the regular hours of work» [«еңбектің үнемі істелетін сағаттары»] деп санау дағдысы өз өзінен орын тепті. Бұл шектен асатын жұмыс уақыты мерзімнен тыс уақыт (overtime) болып, еңбектің әрбір сағатына ақы төлегенде көтеріңкі тариф (extra pay) бойынша, алайда көбінесе мүлде болмашы дәрежеде ғана көтеріңкі тариф бойынша төленеді³⁵⁾. Мұнда қалыпты жұмыс күні шын жұмыс күнінің бір бөлегі ретінде келеді, оның бержағында шын жұмыс күні көбінесе қалыпты жұмыс күнінен бүкіл жыл бойына ұзағырақ болып стырады³⁶⁾. Жұмыс күнінің белгілі қалыпты шектен шығып ұзаюымен бірге еңбектің бағасының өсуі Британия өнеркәсібінің әртүрлі салаларында мынадай сипат алуда: көдімгі қалыпты уақыт деп аталатын уақыт бойында еңбек бағасының төмен болуы жұмысшыны, егер ол тегі жеткілікті жалақы алғысы келсе, тәуірлеу төлсетін мерзімнен тыс уақыт жұмыс істеуге мәжбүр етеді³⁷⁾. Жұмыс

³⁵⁾ «Мерзімнен тыс уақытқа ақы төлеу нормасының» (шілтер өндірісінде) «аздығы сонша — бір сағатқа 1/2 пенни, т. т. болады, — мұның өзі мерзімнен тыс жұмыстың жұмысшының денсаулығы мен тіршілік күшіне келтіретін орасан зор зиянына қарағанда өте аяқал жатады... Оның үстіне жалақының осылайша табылатын азын-аулақ қосымшасын түгелімен қосымша серіту заттарына жұмсауға тура келеді» («Children's Employment Commission. 2nd Report», p. XVI, № 117).

³⁶⁾ Мысалы, таяуда енгізілген фабрикалық актіге дейін обой өндірісінде осылай болды. «Біз түсікі тамаққа үзіліс жасамай жұмыс істейміз, демек біздің 10½ сағаттық жұмыс күніміз түс қайта 4¼ сағатқа аяқталады, ал бұдан соңғы жұмыстың бәрі мерзімнен тыс уақыт, бұл жұмыстың кешкі сағат 6-дан ерте бітуі сирек кездеседі; сонымен шыдырында біз жыл бойы мерзімнен тыс жұмыс істейміз» (Смит мирзаның жауаптары «Children's Employment Commission. 1st Report», p. 125).

³⁷⁾ Мысалы, Шотландиядағы өкпеу бұйымдарын жасайтын кәсіп орындарын алсақ: «Шотландияның кейбір жерлерінде бұл өнеркәсіп» (1862 жылғы фабрикалық актінің енгізілгенге дейін) «мерзімнен тыс уақыт системасын қолданды, яғни бұларда 10 сағаттық еңбек қалыпты жұмыс күні деп саналды. Бұл уақыттың ішінде жұмысшы 1 шиллинг 2 пенни алып отырды. Бірақ бұған күніне 3 сағаттан 4 сағатқа дейін мерзімнен тыс уақыт қосылып отырды, бұл уақыттың сағатына 3 пенниден төтеледі. Бұл системаның нәтижесі мынадай: тек қалыпты уақыт бойы ғана жұмыс істейтін жұмысшы аптасына 8 шиллинг қана ала алады... Мерзімнен тыс сағатын оның жалақысы жеткілікті болып отырды» («Reports of Insp. of Fact. for 30th April 1863», p. 10). «Мерзімнен тыс уақытқа жоғары ақы төлеу — қызықтыратын нәрсе, бұған жұмысшылар шыдап тұра алмайды» («Reports of Insp. of Fact. for 30th April 1848», p. 5). Лондон Ситііндегі түптеу өндірісі 14—15 жастағы өте көп жас қыздарды жұмысқа пайдаланады, оның бержағында нақтылы жұмыс сағаты белгіленетін шәкірттік контракт бойынша пайдаланады. Солай бола тұрса да олар әрбір айдың соңғы аптасында түнгі 10, 11, 12-ге дейін және тіпті сағат 1-ге дейін, неғұрлым ересек жастағы жұмысшылармен бірге, тым ала-құла топта жұмыс істейді. «Қожаындар оларды көтеріңкі

уақытына заң бойынша шек қою бұл жағдайды жояды³⁸⁾.

Өнеркәсіптің белгілі бір саласында жұмыс күні неғұрлым ұзақ болса, жалақының соғұрлым төмен болатыны жалпыға мәлім³⁹⁾. Мұны фабрика инспекторы А. Редгрейв 1839 жылдан 1859 жылға дейінгі жиырма жылдық дәуірге жасаған салыстырма шолуында көрсетеді; бұған қарағанда, он сағаттық заңның құзыры жүретін фабрикаларда жалақы артқан да, ал күніне 14—15 сағат жұмыс істейтін фабрикаларда жалақы төмендеген көрінеді⁴⁰⁾.

«Еңбектің белгілі бір бағасы болып отырған жағдайда күндік немесе апталық жалақы жұмсалған еңбектің көлеміне байланысты болады» деген заңнан ең алдымен шығатын қорытынды мынау: еңбектің бағасы неғұрлым төмен болса, жұмысшыға тіпті блмашы орташа жалақы қамтамасыз етілуі үшін соғұрлым көп еңбек немесе соғұрлым ұзақ жұмыс күні керек болады. Еңбек бағасының төмен болуы жұмыс уақытын ұзартуға итермелейді⁴¹⁾.

Бірақ мұның керісінше де болады: жұмыс уақытының ұзартылуы, өз кезегінде, еңбек бағасының төмендеуін туғызады, ал сонымен бірге күндік немесе апталық жалақының төмендеуін туғызады.

Еңбек бағасын жұмыс күшінің күндік құны белгілі мөлшерлі сағаттағы жұмыс күні деген бөлшекпен анықтаудан шығатын қорытынды мынау: егер ешқандай компенсация болмайтын болса, жұмыс күнінің ұзаюының өзі еңбектің бағасын төмендетеді. Капиталистің жұмыс күнін көп уақыт бойы ұзартуына мүмкіндік беретін нақ сол жағдайлардың өзі жұмыс сағатының өскен мөлшерінің жиынтық

ақы арқылы және қыздар көрші кабактардан алатын жақсы кешкі тамаққа ақша беру арқылы қызықтырады (tempt). Осындай жолмен осы «жас момындардың» арасында таратылған әбден бұзылғандық. («Children's Employment Commission. 5th Reports», p. 44, № 191) олардың басқа кітаптармен қатар көптеген інжікдер мен әртүрлі ғибрат кітаптарын мұқабалап отырумен етеледі.

³⁸⁾ Қараңыз: «Reports of Insp. of Fact. for 30th April 1863», бұл да сонда. 1860 жылы болған үлкен стачка мен локаут кезінде Лондонның құрылысшы жұмысшылары сағаттап ақы төлеуді тек мынадай екі шарт бойынша ғана қабылдай аламыз деп, жағдайды өте дұрыс бағалай білген; ол екі шарты мынау еді: 1) жұмыс сағатының бағасымен бірге жұмыс күнінің нормасы 9 және 10 сағат болып белгіленуге тиіс, онсон 10 сағаттық күннің бір сағаты 9 сағаттық күннің бір сағатынан жоғары бағалануға тиіс; 2) қалыпты күннен асқан әрбір сағат, мерзімнен тыс уақыт ретінде, біршама жоғары бағамен төленуге тиіс.

³⁹⁾ «Ұзақ жұмыс күні жалпы әдет болған жерде жалақының төмен болуы да жалпы әдет болып табылатындығы жұртқа сондай жақсы мәлім нәрсе» (Reports of Insp. of Fact. for 31st October 1863», p. 9). «Күн көріс заттарын блмашы мөлшерде ғана табатын еңбек көптеген жағдайларда шектен тыс ұзақ еңбек болып табылады» («Public Health. 6th Report», 1864, p. 15).

⁴⁰⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 30th April 1860», p. 31, 32.

⁴¹⁾ Мысалы, ең азғантай ғана апталық ақы алу үшін ағылшынның шеге жасайтын өндірісінің көленерші жұмысшылары еңбек бағасының төмен болуы сепепті күніне 15 сағат жұмыс істеуге мәжбүр болды. «11 пени немесе 1 шиллинг ақша табу үшін ол күн сайын өте ұзақ, ұзақ сағат бойы тырысып еңбек етуге тиіс, оның бержарында бұл соманың 2½-3 пени құралдардың тозығын қалпына келтіруге, отынға, темір қалдықтарына жұмсалыды» («Children's Employment Commission. 3rd Report», p. 136, № 671). Нақ сол жұмыс уақыты ішінде әйелдер бар болғаны аптасына 5 шиллинг табыстады (бұл да сонда, 137-бет, № 674).

бағасы, яғни күндік немесе апталық ақы төмендегенге дейін капиталистің еңбек бағасын номиналды түрде де төмендетуіне әуелі мүмкіндік береді, ал ақыр аяғында осылай жасауға мәжбүр етеді. Бұл арада мына екі жағдайды көрсетудің өзі жеткілікті. Егер бір адам бір жарым немесе екі адамның жұмысын орындай бастаса, онда, рынокта бар жұмыс күшін ұсыну өзгеріссіз қалып отырғанымен, еңбекті ұсыну өседі. Жұмысшылардың арасында осылайша келіп жасалған бәсеке капиталистің еңбек бағасын төмендетуіне мүмкіндік береді, ал төмендей түскен еңбек бағасы, өз кезегінде, оның жұмыс уақытын бұрынғыдан да көбейтуіне мүмкіндік береді⁴²⁾. Бірақ бұл ақы төленбеген еңбектің қалыптан тыс, яғни қоғамдық орта дәрежеден асып түсетін мөлшерін пайдалану мүмкіншілігі көп ұзамай капиталистердің өздерінің арасындағы бәсекенің құралына айналады. Товар бағасының бір бөлегі еңбек бағасынан құралады. Бірақ еңбек бағасының ақы төленбеген бөлегі товар бағасында есепке алынбауы да мүмкін. Оны сатып алушыға сыйлауға болады. Бәсекенің қысымымен жасалатын бірінші қадам осындай. Нақ сол бәсекенің мәжбүр ететін екінші қадамы — товардың сатылатын бағасынан, ең болмағанда, жұмыс күнін ұзарту арқылы жасалатын қалыптан тыс қосымша құнның бір бөлегін шығарып тастау болып табылады. Товардың қалыптан тыс төмен сатылар бағасы осындай жолмен жасалады, мұндай баға әуелі кездейсоқ түрде шығады, ал сонан соң аз-маздап есепке алына бастайды және мардымсыз жалақы мен шектен тыс жұмыс уақытының тұрақты негізі бола бастайды, оның өзі әуелде осылардың ықпалымен шыққан болатын. Біз бұл арада осы қозғалысты атап қана өтеміз, өйткені бәсекеге анализ жасау әзірше біздің міндетімізге кірмейді. Солай бола тұрса да біз капиталистің өзіне бір минут сөз берелік.

«Бирмингемде қожайындар арасындағы бәсекенің зор екендігі сонша, біздің кейбіреулеріміз жұмыс берушілер ретінде өзіміз басқа жағдайларда жасауға ұялатын әрекеттерді жасауға мәжбүр болып отырмыз; сонда да мұнымен көп ақша табылмайды (and yet more money is made), тек жұрт қана пайдасын көреді»⁴³⁾.

Лондон бөлкешілерінің екі категориясын еске түсірелік, олардың біреулері нанды оның толық бағасы бойынша

⁴²⁾ Егер, мысалы, фабрика жұмысшысы әдеттегі көп сағат бойы жұмыс істеуден бастартқан болса, онда «ол қанша уақыт болса да жұмыс істеуге дайын тұрған басқа біреумен тез ауыстырылған болар еді, сөйтіп көшеге лақтырып тасталған болар еді» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1848». Evidence, p. 39, № 58). «Егер... бір адам екі адамның жұмысын орындаса... еңбектің қосымша ұсынылуы оның бағасын төмендететін болғандықтан пайда нормасы әдетте арта түседі» (*Senior*: «Three Lectures on the Rate of Wages». London, 1830, p. 15).

⁴³⁾ «Children's Employment Commission. 3rd Report». Evidence, p. 66, № 22.

сатады (the «fullpriced» bakers), ал екінші біреулері оның қалыпты бағасынан кемге сатады («the underpriced», «the undersellers»). «Fullpriced» өз бәсекелестерін парламенттік тергеу комиссиясының алдында мынадай сөздермен әшкерелейді:

«Олар тек мынаның арқасында ғана күн көріп отыр: біріншіден, олар жұртты алдайды» (товарды жалған түрде көрсетеді), «ал, екіншіден, он екі сағаттық ақы төлеп, өз адамдарынан 18 сағаттық еңбекті сығып алады... Олардың бәсекелестерге қарсы күресетін қаруы — жұмысшылардың ақы төленбеген еңбегі (the unpaid labour)... Наныш-кожайшылардың арасындағы бәсеке түнгі еңбекті жоюды қиындатып отырған себеп болып табылады. Өз панын үн бағасының өзгеруімен бірге өзгеріп отыратын өндіріс шығындарынан кемге сататын underseller шығынға ұшырамайды, өйткені өзінің жұмысшыларынан артық еңбек сығып алып отырады. Егер мен жұмысшылардан тек он екі сағат еңбек алып, ал менің көршім 18 немесе 20 сағат еңбек алатын болса, онда, әрине, ол мені товардың сатылар бағасынан жеңіп шығады. Егер жұмысшылар мерзімнен тыс уақытқа ақы төлеттіре алса, онда мұндай айла тез аяқталар еді... Underseller-лерде жұмыс істейтін жұмысшылардың едәуірі шетелдіктерден, жас өспірімдерден және басқадайлардан құрылған, олар өздерінің қолына тиетін жалақының қандайымен болса да қанағаттануға мәжбүр адамдар»⁴⁴).

Айта кетейік, бұл зар жылаудың тағы бір қызық жері сол, — мұның өзі капиталистің миына өндірістік қатынастардың тек сырт көрінісінің ғана қонатындығын көрсетеді. Еңбектің қалыпты бағасының да ақы төленбеген белгілі бір мөлшерлі еңбектің болуын қажет ететіндігін және нақ осы ақы төленбеген еңбек оның пайдасының қалыпты негізі болатындығын капиталист түсінбейді. Ол үшін қосымша жұмыс уақытының категориясы зады жоқ нәрсе, неге десеңіз қосымша жұмыс уақыты қалыпты жұмыс күніне қосылып кеткен, ал капиталист, күндік ақы арқылы жұмыс күніне толық ақы төлеп отырмын деп ойлайды. Бірақ ол мерзімнен тыс жұмыс уақытын, еңбектің дағдылы бағасына сай келетін шектен асыра жұмыс күнін ұзартуды біледі. Ол товардың сатылар бағасын дағдылы дәрежеден төмендетіп жіберетін бәсекелестері туралы сөз болған жерде тіпті осы мерзімнен тыс уақытқа қосымша ақы беруді де (extra pay) талап етеді. Бірақ ол дағдылы жұмыс сағатының бағасы ақы төленбеген еңбекке қандай байланысты болса, осы қосымша ақы да оған нақ сондай байланысты екендігін тағы да білмейді. Мысалы, он екі сағаттық жұмыс күнінің бір сағатының бағасы 3 пенни екен делік, яғни

⁴⁴) «Report etc. relative to the grievances complained of by the Journeymen Bakers». London, 1862, p. LII және сондағы № 479, 359, 27 жауаптар. Айта кету керек, жоғарыда өзіміз айтып өткен және мұны олардың қорғаушысы Беннеттің өзі де мойындап отырғанындай, fullpriced-тер де өз жұмысшыларын «жұмысты кешкі сағат 11-ден немесе одан да ерте бастап, көбіне келесі күнгі кешкі сағат 7-ге дейін істеуге» мәжбүр етеді (бұл да сонда, 22-бет).

$\frac{1}{2}$ сағаттық еңбек ішінде жасалған құнға тең екен делік, ал мерзімнен тыс жұмыс сағатының бағасы 4 пенни екен делік, яғни $\frac{2}{3}$ жұмыс сағатының ішінде жасалған құнға тең екен делік. Сонда капиталист бірінші жағдайда жұмыс сағатының жартысын тегін иемденеді де, екінші жағдайда — үштен бірін тегін иемденеді.

О Н Т О Ы З Ы Н Ш Ы Т А Р А У

ӘРЗАТТЫҚ ЖАЛАҚЫ

Мерзімді жалақы жұмыс күші құнының немесе бағасының өзгерген формасы екені сияқты, әрзаттық жалақы дегеніміз мерзімді жалақының өзгерген түрінің дәл өзі.

Әрзаттық жалақы кезінде мәселе э дегенде былай болып көрінеді: жұмысшының сататын тұтыну құны оның жұмыс күшінің қызметі емес, тірі еңбек емес, өнімде затқа айналған еңбек сияқты болып көрінеді, және де бұл еңбектің бағасы жұмыс күшінің күндік құны

мерзімді жалақы кезіндегідей белгілі мөлшерлі сағаттағы жұмыс күні деген бөлшек арқылы анықталмай, өндірушінің жұмыс қабілеті арқылы анықталатын сияқты болып көрінеді ⁴⁵⁾.

Жалақының екі формасының да бір мезгілде және өнеркәсіптің нақ сол бір салаларында қатар өмір сүру фактісінің өзі-ақ мұндай көзқарастың дұрыстығына сенушілікті қатты қобалжытуға тиіс еді. Мысалы,

«Лондонның әріп теруші жұмысшылары әдетте әрзаттық жалақы алады, мерзімді жалақы оларда оқта-текте ғана болып отырады. Мұның керісінше, провинцияның әріп теруші жұмысшыларында мерзімді жалақы әдетке айналып, әрзаттық жалақы — оқта-текте болады. Лондон гаванының кеме жасайтын балташылары әрзаттық ақы алады да, ал ағылшынның басқа гавандарының барлығында — олар мерзімді ақы алады» ⁴⁶⁾.

Лондонның нақ сол тері илейтін мастерскойларында француздардың еңбегі көбінше әрзаттық ақымен төленіп, ағылшын-дардың еңбегі — күндік ақымен төленеді. Әрзаттық жалақы

⁴⁵⁾ «Әрзаттық жұмыстың системасы жұмысшы тарихында белгілібір заман болып табылады: ол система капиталистің еркіне тәуелді болған жай күндікшінің жағдайы мен таяу уақыттың ішінде өзі арқылы мастеровой мен капиталисті қоспақшы болып отырған кооперативтік мастеровойдың арасындағы жарты жолда тұр. Кесімді жұмысшылар іс жүзінде өздеріне өздері қожа, олар тіпті кәсіпкердің капиталы арқылы жұмыс істеген кезде де осылай» (*John Watts: «Trade Societies and Strikes, Machinery and Co-operative Societies»*. Manchester, 1866, p. 52, 53). Менің бұл шығармасымақты цитатқа келтіріп отырған себебім оның өзі апологетиканың әлдеқашан шіріп біткен жалпылама жерлерінің бәрі үшін нағыз су ағар арна болып табылады. Нақ сол Уоте мырза бұрын сузист ретінде шығып, 1842 жылы «Facts and Fictions of Political Economists», деген басқа бір шығармасымағын жариялаған-ды, мұнда ол, мысалы, меншікті тонау деп жариялайды. Бірақ мұның өзі әлдеқашан болған нәрсе еді.

⁴⁶⁾ *T. J. Dunning: «Trades' Unions and Strikes»*. London, 1860, p. 22.

жалпы алғанда басым келетін кәдімгі фабрикаларда жеке жұмыс функциялары техникалық пікірлер себепті әрзаттық жалақыға жатқызылмай оларға мерзімді ақы төленеді⁴⁷⁾. Дегенмен, жалақы төлеу формаларының әртүрлі болуы, бұл формалардың біреуі капиталистік өндірістің дамуына екінші бір формадан гөрі неғұрлым қолайлы бола тұрса да, жалақының мәнісін оның ешбір өзгертпейтіні анық.

Дағдылы жұмыс күні 12 сағат екен делік, оның 6 сағатына ақы төленген және 6 сағатына ақы төленбеген екен делік. Бұл күннің бойында өндірілген күн 6 шиллингке тең екен делік, демек, бір жұмыс сағатында өндірілген күн — 6 пенни болмақ. Онан соң, тәжірибенің көрсеткеніндей, орташа интенсивтілікпен және орташа шөберлікпен жұмыс істейтін, демек, өнім өндіруге қоғамдық қажетті жұмыс уақытын ғана қолданатын жұмысшы 12 сағаттың ішінде 24 бөлек өнім береді екен делік, ал бұлар бұл жағдайда бөлінбейтін өнімнің жеке даналары бола ма немесе өлшемді бөлімдері бола ма — оның бәрі бір. Міне осындай жағдайларда бұл 24 бөлек өнімнің құны — капиталдың олардың бойында болатын тұрақты бөлегін алып тастағанда — 6 шиллинг болады, әрбір жеке бөлегінің бағасы — 3 пенни болады. Жұмысшы әрбір данасына $1\frac{1}{2}$ пенни алады, демек, 12 сағатта 3 шиллинг табыс табады. Мерзімді ақы тұсында біз: жұмысшы 6 сағат өзі үшін және 6 сағат капиталист үшін істейді дейміз бе, немесе, ол әрбір сағаттың жартысын өзі үшін, ал екінші жартысын капиталист үшін істейді дейміз бе, — оның бәрі бір болатыны сияқты, — нақ сол сияқты бұл арада да: әрбір бөлегінің жартысы төленіп, жартысы төленбеген дейміз бе, немесе 12 бөлегінің бағасы жұмыс күшінің құнын ғана өтейді, ал басқа 12 бөлегінде қосымша құн болады дейміз бе, — оның бәрі бір.

Мерзімді ақының формасы сияқты, әрзаттық ақының формасы да нақ сондай дәрежеде иррационалды болады. Мысалы, товардың екі бөлегі бір жұмыс сағатының өнімі болып табылады, демек, тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын шығарып тастағанда, 6 пенни тұрады, ал жұмысшы

⁴⁷⁾ Жалақының бұл екі формасының бір мезгілде өмір сүруінің фабриканттардың қулық-сұмдық жасауына қандай жағдай тұрғызатынын үлгісі мынадай: «Фабрика 400 адамға жұмыс береді, олардың жартысы кесімді жұмыс істейді, сондықтан мерзімнен тыс жұмыс істеуге тікелей ділгер болып отырады. Қалған 200 адамға күндік ақы төленеді, олар нақ сондай ұзақ уақыт жұмыс істейді де, мерзімнен тыс сағаттарға ештеме алмайды... Бұл 200 адамның күніне $\frac{1}{2}$ сағаттық істеген жұмысы бір адамның 50 сағат бойындағы еңбегіне, немесе бір адамның $\frac{5}{6}$ апталық еңбегіне тең болады, сондықтан бұлардың еңбегі кәсіпкерге тікелей тиімді болып табылады» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1860», p. 9). «Мерзімнен тыс еңбек бұрынғысынша кең көлемде қолданылуда, ал оның бержарында, бұл қиянатты әшкерелудің және оған кінәлыларды жазара тартудың мүмкін болмауына заңның өзі көбінесе жағдай тұрғызып отырады. Кесімді ақы алмай, апта бойынша ақы алатын жұмысшылардың баалығына қандай әділетсіздік жасалатынын мен өзімнің бұрынғы есептерімде, талай рет көрсеткен болатынмын...» (Леонард Хорнер: «Reports of Insp. of Fact. for 30 th April 1859», p. 8, 9).

олар үшін 3 пенни ғана алады. Шындығына келгенде әрзаттық ақы құнның ешқандай да қатынасын тікелей көрсетпейді. Бұл арада товар бөлегінің құны оған сіңіп отырған жұмыс уақыты арқылы өлшенбейді, қайта, мұның керісінше, жұмысшының жұмсаған еңбегі оның өндірген бөлек товарының саны арқылы өлшенеді. Мерзімді жалақы кезінде еңбек тікелей өзінің ұзақтығымен өлшенеді, әрзаттық жалақы кезінде — белгілі бір уақытқа созылған еңбек жиындалған өнімнің санымен өлшенеді⁴⁸⁾. Жұмыс уақытының өзінің бағасы, сайып келгенде, күндізгі еңбектің құны жұмыс күшінің күндізгі құнына тең деген теңеу арқылы анықталады. Сонымен, әрзаттық жалақы мерзімді жалақының тек түрі өзгерген формасы ғана болып табылады.

Әрзаттық жалақының өзіне тән ерекшеліктерін біраз толығырақ қарап көрелік.

Еңбектің сапасы бұл арада оның өзінің өнімі арқылы бақыланады, неге десеңіз, өнім орташа сапалы болып шықса ғана әрзаттық ақы толық беріледі. Осы себепті әрзаттық ақы жалақыдан ұстап қалудың және капиталистік қулық-сұмдықтың сарқылмас бұлағы болып табылады.

Әрзаттық ақы капиталистке еңбек интенсивтілігінің мейлінше нақтылы өлшеуішін береді. Алдынала анықталған, тәжірибеде белгіленген товар мөлшеріне сіңетін жұмыс уақыты ғана қоғамдық қажетті жұмыс уақыты деп есептеліп, сол есебінде ақы төленеді. Лондонның неғұрлым ірі тігін мастерскойларында өндірілетін өнімдердің белгілі бір бөлегі, мысалы, желетке, т. т., бір сағат, жарты сағат, т. т. деп аталады, сөйтіп әрбір сағатқа 6 пенниден келеді. Бір сағаттың орташа өнімінің мөлшері тәжірибеде белгілі. Мода ауысқан кезде, жашап-жасқау, т. т. кезінде, бұл жерде де мәселені тәжірибе шешкенге дейін, кәсіпкер мен жұмысшының арасында — өнімнің бұл бөлегі еңбектің бір сағатына, т. т. тең бе, тең емес пе, деген талас туады. Лондонның мебель мастерскойларында да, т. т. нақ осындай жағдай орын алып отыр. Егер жұмысшының орташа жұмыс қабілеті болмаса, егер ол күндізгі жұмыстың белгілі бір минимумын бере алмайтын болса, онда оны жұмыстан шығарады⁴⁹⁾.

⁴⁸⁾ «Жалақы мынадай екі тәсілмен: не еңбектің ұзақтығымен немесе оның өнімімен өлшене алады» («Abrégé élémentaire des principes de l'Economie Politique». Paris, 1796, p. 32). Бұл аноним еңбектің авторы — Ж. Гарнье.

⁴⁹⁾ «Оған» (тоқымашыға) «пәлендей мөлшерлі мақта беріледі, ал белгілі бір уақыт өткішпен кейін ет мұның орнына пәлендей мөлшерлі белгілі бір дәрежедегі жіңішке жіп немесе тоқыма қайырып беруге тиіс, оның бер жағында ол өзінің берген өнімінің әрбір қадағы үшін белгілі бір ақы алады. Егер оның істеген жұмысының сапасы жамаң болса, оған айып салынады; егер ол жұмыс сан жағынан, сол уақытқа арнап белгіленген минимумнан аз болса, ол есебін алады да, оның орнына неғұрлым шеберлеу қызматкер қойылады» (Ure: «Philosophy of Manufactures», p. 316, 317).

Бұл арада еңбектің сапасы мен интенсивтілігі жалақы формасының өзімен бақыланатын болғандықтан, еңбек процесін бақылау едәуір дәрежеде керексіз бола бастайды. Сондықтан өрзаттық ақы жоғарыда суреттелген кәзіргі кездегі үйге берілетін жұмыстың да, қанау мен езгінің иерархиялық түрде бөлшектенген системасының да негізі болып табылады. Бұл соңғының негізгі екі формасы болады. Бір жағынан, өрзаттық ақы капиталист пен жалдама жұмысшының арасына арамтамақтардың енуін, делдалдардың еңбекті қайта сатуын (*subletting of labour*) оңайлатады. Делдалдардың пайдасы еңбектің капиталист төлейтін бағасы мен бұл бағаның делдалдар жұмысшыға шын мәнісінде қалдыратын бөлегінің арасындағы айырманың есебінен ғана құралады⁵⁰⁾. Бұл системаның Англияда «*sweating system*» (азапты система) деген ерекше аты бар. Екінші жағынан, өрзаттық ақы капиталистің аға жұмысшымен — мануфактурада топтың басшысымен, шахталарда — көмір қазушымен және тағы сондайлармен, фабрикада — кәдімгі машиналық жұмысшымен — белгілі бір мөлшерлі бөлек өнімді белгілі бір баға бойынша өндіріп беру жөнінде шарт жасауына мүмкіндік береді; аға жұмысшы осы баға бойынша жұмысшы жалдап, ақы төлеу міндетін өз мойнына алады. Бұл арада капиталдың жұмысшыларды қанауы бір жұмысшыны екінші жұмысшының қанауы арқылы жүзеге асырылады⁵¹⁾.

Өрзаттық жалақы қолданылып отыр екен, онда жұмысшының жеке басының мүддесі оны өзінің жұмыс күшін мүмкіндігінше интенсивті түрде жұмсауға мәжбүр етеді, мұның өзі келіп, капиталистке интенсивтіліктің қалыпты дәрежесін артыруды оңайлата түседі^{51a)}. Нақ сондай-ақ жұмысшының же-

⁵⁰⁾ «Жұмыс көптеген адамдардың қолынан өтіп, олардың әрқайсысы пайданың үлесін алатын болған кезде, бірақ тек соңғысы ғана өз еңбегін шындап жұмсайтын кезде, міне осындай кезде қызметші әйелдің шын мәнісінде алатын ақысы мейлінше аз ақы болып шығады» («*Children's Employment Commission, 2nd Report*», p. LXX бет, № 424).

⁵¹⁾ Тіпті апологет Уотстың өзі былай дейді: «Өз жолдастарының шектен тыс еңбегіне, осыдан бас пайдасын табатын, бір жұмысшы ғана құштар болушылықтың орнына, нақтылы бір жұмыспен шұғылданып жатқан адамдардың бәрі, өз қабілеттеріне қарай, шарт жасауға тікелей қатынасатын болуы, кесімді ақы системасын елеулі түрде жақсарту болған болар еді». (*John Watts. «Trade Societies and Strikes, Machinery and Co-operative Societies»*. Manchester, 1865, p. 53). Бұл системамен байланысты жеке сұрындықтар туралы мынаны қараңыз: «*Children's Employment Commission, 3rd Report*», p. 66, № 22; p. 11, № 124; XI, № 13, 53, 59 және т. т.

^{51a)} Осындай табиғи нәтижеге көбінесе жасанды шаралар арқылы жәрдемдеседі. Мысалы, Лондонның машина жасайтын өндірісінде мынадай айла-шарғы дағдылы нәрсе: «Капиталист бір топ жұмысшылардың басына өзінің қара күші немесе неберлігі басым бір адамды қояды. Дағдылы ақы алып отырған жұмысастас жолдастарының бар күшін сала жұмыс істеуіне керек мүмкіншіліктің бәрін қолданасын деген шарт қойып, капиталист әлгі адамға жылдың әрбір тоқсанында немесе басқа бір мерзімде қосымша ақы төлеп отырады... Мұның өзі капиталистердің тред-юниондар үстінен: бұлар «энергияны, үздік өнер мен жұмыс күшін тежейді»-мыс («*stinting the action, superior skill and working power*») деп шарғын етуінің қайдан шыққанын ешбір келденең түсініктерсіз-ақ түсіндіріп береді» (*Dunning*, цитат алынған шығарманың 22—23-беттері). Автордың өзі жұмысшы және тред-юнионның қатысы болғандықтан, оның сөзі асыра

ке басының мүддесі оны өз жұмыс күнін ұзартуға мәжбүр етеді, неге десеңіз осы арқылы оның күндік немесе апталық жалақысы өседі⁵²⁾. Жұмыс күнінің ұзаруы, тіпті тұрақты әрзаттық жалақы тұсында да, еңбек бағасының төмендеуі болып табылатындығын айтпағанның өзінде, жоғарыда айтылған жәйдің өзі мерзімді жалақыны зерттеу кезінде суреттелген реакцияны туғызады.

Мерзімді жалақы тұсында, бірін-саран ретте ғана болмаса, нақ сол бір қызмет үшін бірдей ақы төленеді; ал әрзаттық ақы тұсында, жұмыс уақытының бағасы өнімнің белгілібір мөлшеріне қарай анықталатын болғанымен, күндік және апталық ақы жұмысшылар арасындағы жеке айырмашылықтарға байланысты өзгеріп отырады, өйткені жұмысшылардың біреуі сол бір уақыттың ішінде аз өнім береді, екіншісі—орташа норма, үшіншісі—орта нормадан көбірек береді. Демек, жұмысшының шын табысының мөлшері бұл жағдайда жеке жұмысшылардың өнерінің, күшінің, жігерінің, шыдамдылығының, т. т. дәрежесіне қарай, өте әркелкі болып отырады⁵³⁾. Әрине, мұның өзі капитал мен жалдама еңбектің арасындағы жалпы қатынасты ешбір өзгертпейді. Біріншіден, егер мастерскойды бүтіндей алатын болсақ, жеке айырмашылықтар білінбей кетеді, сөйтіп мастерской белгілібір жұмыс уақытының ішінде орта мөлшерде өнім беретін болады, ал мастерскойдың жұмысшыларға берген жиынтық жалақысы—өндірістің осы саласының орташа жалақысы. Екіншіден, жалақы мен қосымша құнның арасындағы қатынас өзгеріссіз қалады, өйткені жеке жұмысшының жеке алған ақысына оның жеке өзі өндірген қосымша құнның мөлшері сай келеді. Әрзаттық ақы, жеке іс-қимылдың саласын кеңіте отырып, сонымен, бір жағынан, жұмысшылар арасында жекешілдіктің, еркіндік рухының, жеке өзі шешудің және өзін-өзі бақылау қабілетінің дамуына себеп болады, бірақ, екінші жағынан, олардың арасында өзара бәсеке де туғызады. Сондықтан әрзаттық ақы жеке адамның жалақысын

айтылған сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ, мәселен, Дж. Ч. Мортоның «өте тиімді» агрономиялық энциклопедиясын алып қараныз, сонда сіз «Жұмысшы» деген мақалада нақ осы әдістің фермерлерге сыннан өткен әдіс ретінде ұсынылып отырғандығын көресіз.

⁵²⁾ «Әрзаттық ақы алатындардың бәрі үшін... еңбектің заң белгілеген шектерден асыра ұзартылуы тиімді болады. Шектен тыс уақыт жұмыс істеуге өзiрлiк әсiресе то қымашы және жиі ораушы әйелдердің арасында жиі байқалады» («Reports of Insp of Fact. for 30 th April 1858», p. 9). «Капиталист үшін соншама пайдалы осы әрзаттық ақы системасы... құмыра құюшы жас жұмысшыны 4 немесе 5 жыл бойы өте ұзақ уақыт жұмыс істеуге итермелеуге тікелей бағытталған, соның өзінде ол әрзат бойынша ақы алады, бірақ тым төмен баға бойынша алады. Мұның өзі құмыра құюшылардың әлсіреп-азуын туғызатын басты себептердің бірі» («Children's Employment Commission ist Report», p. X111).

⁵³⁾ «Егер пәлендей бір өндірісте еңбек жеке нәрсеге пәлендей ақша беріліп, кесімді төленетін болса, онда... түрлі жұмысшылардың жалақысы мөлшері жағынан бір-бірінен өте елеулі түрде өзгеше болады... Ал күндік жұмыс тұсында әдетте біркелкі бағалау болады... оны кәсіпкер де, жұмысшы да сол өндірістегі орта жұмысшыға арнағандай жалақы нормасы деп таниды» (*Dunning*, цитат алынған шығарманың 17-беті)

орташа дәрежеден жоғары көтере отырып, сонымен қатар сол дәреженің өзін төмендетуге де бейім болады. Алайда, белгілі-бір әрзаттық ақы көптен келе жатқан дәстүр бойынша мықты орныққан және сондықтан оны төмендету ерекше қиындыққа түсетін жерлерде,— мұндай жағдайларда қожайындар кейде әрзаттық ақыны мерзімді ақыға күштеп айналдырады. Мысалы, Ковентридегі лента өндірісі жұмысшыларының 1860 жылғы үлкен стачкасы осыдан туды⁵⁴⁾. Ақырында, әрзаттық ақы жоғарыда суреттелген сағаттық системаның басты тірегі болып табылады⁵⁵⁾.

Бүкіл жоғарыда айтылған жәйдан мынадай қорытынды шығады: әрзаттық ақы дегеніміз капиталистік өндіріс тәсіліне анағұрлым сай келетін жалақы формасы болып табылады. Пәлендей бір жаңалық бола қоймағанымен,— айта кетейік, әрзаттық ақы, мерзімдік ақымен бірге, XIV ғасырдағы француз және ағылшын жұмысшы статуттарында ресми түрде көрсетілген,— әрзаттық ақы, алайда, нағыз мануфактуралық дәуірде ғана азды-көпті кең көлемде қолданылған. 1797—1815 жылдары, ірі өнеркәсіп қаулап өсіп, өршіген дәуірде, әрзаттық жалақы жұмыс уақытын ұзартудың және жалақыны төмендетудің тұтқасы болды. Ол кездегі жалақының өзгерісі туралы өте маңызды материалды біз Көк кітаптардан табамыз: «Report and Evidence from the Select Committee on Petitions respecting the Corn Laws» (1813—1814 жылдардағы парламенттік сессия) және «Reports from the Lords' Commit-

⁵⁴⁾ «Көлөнерші-кіші шеберлердің еңбегі не күндік ақы, немесе әрзаттық ақы бойынша реттеледі (à la journée ou à la pièce)... Осы көлөнер жұмысшыларының күн сайын қанша өнім жасай алатындығын қожайындар шамамен біліп отырады, сондықтан оларға көбіне өндірілген өнімге қарай шамалап ақы төлейді; соның өзінде кіші шеберлердің өз мүдделері, бақылаудың болу-болмауына қарамастан, оларды мүмкіндігінше ұзағырақ еңбек етуге итермелейді» (*Cantillon*: «Essai sur la Nature du Commerce en général», ed. Amsterdam 1756, p. 185, 202. Бірінші басылуы 1755 жылы шықты). Сонымен Кенз, сэр Джеймс Стюарт және А. Смит көп пайдаланған Кантильон бұл арада әрзаттық ақыны мерзімді ақының жай өзгерген формасы ғана деп көрсетеді. Кантильонның французша басылуының бастапқы бетінде мұның өзі ағылшын тілінен аударылған-мыс деп көрсетілген, ал оның «The Analysis of Trade, Commerce etc. by Philip Cantillon, late of the City of London, Merchant» деген ағылшынша басылуының французша басылуынан (1759 ж.) кейін шыққаны ғана емес, сонымен қатар өзінің мазмұны жағынан да ең соңғы кезде өңделген басылуы екендігі анық. Мысалы, французша басылуында Юм әлі тіпті аталмайды, ал мұның керісінше, ағылшынша басылуында Петти мүлде дерлік көрсетілмейді. Ағылшынша басылуы теория жағынан онша құнды емес, бірақ оның сөзсіне мұнда ағылшын саудасы жөнінде, асыл металдар саудасы, т. т. жөнінде әртүрлі арнаулы материалдар бар, мұндайлар французша басылуында жоқ. Сондықтан ағылшынша басылуының басындағы: бұл еңбек «taken chiefly from the Manuscript of a very ingenious Gentleman deceased, and adapted etc.» [«көбінесе көзінде қайтыс болған өте қабілетті бір джентльменнің қол жазбасынан алынған, т. т.»] деген сөздерді, сірә, сол кездегі дәуірде болатын жай жалғандықтан жоғарылау жатқан бір нәрсе деп білуге тура келеді¹⁵⁹.

⁵⁵⁾ «Кейбір мастерскойларда ондағы жұмысты орындау үшін керектісінен көп жұмысшылардың жиналуын біздің нешеме рет көруімізге тура келді десеңізші. Көбінесе жұмысшыларды тек қиялда ғана бар, белгісіз бір жұмыс үшін керек болып қала ма-неғылады деген оймен қабылдайды; жұмысшыларға әрзаттық ақы системасымен төлейтін болғандықтан, қожайынның жоғалтатын ештемесі жоқ, неге десеңіз бұл арада уақыт жоғалтудан болатын зиянның бәрі қызметсіз қалып отырған жұмысшылардың ғана мойнына түседі» (*H. Gregoir*: «Les Typographes devant le Tribunal Correctionnel de Bruxelles». Bruxelles, 1865, p. 9).

tee, on the state of the Growth, Commerce, and Consumption of Grain, and all Laws relating thereto» (1814—1815 жылдардағы сессия). Бұл арадан біз антиякобиндік соғыс басталған кезден бері еңбек бағасының үздіксіз төмендегенінің документ жүзіндегі дәлелдемелерін табамыз. Мысалы, тоқыма жұмысындағы әрзаттық ақының төмендегені сонша, — жұмыс күнінің көп ұзартылғандығына карамастан, күндік ақы бұрынғы дәрежесінен төмендеп кеткен.

«Тоқымашының реалды табысы қазіргі кезде бұрынғысынан көп аз: тоқымашының қара жұмысшыға қарағанда бір кезде өте елеулі болған артықшылықтары қазір мүлде дерлік жойылды. Расында да, машыктанған еңбек пен қара еңбектің жалақыларының арасындағы айырма қазір бұрынғы дәуірлердің қай-қайсысының кезіндегіден болсын анағұрлым аз»⁵⁶⁾.

Әрзаттық ақының әсерімен еңбектің интенсивтілігі өсіп, ұзақтығының артуынан ауылшаруашылық пролетариатының қаншама аз пайда көргенін лендлордтар мен арендаторлардың мүдделерін өзгеше қорғаған шығармадан алынған мынадай бір жері айқын көрсетеді.

«Егіншілік жұмыстардың басым көпшілігін күндік немесе әрзаттық ақы алатын адамдар орындайды. Олардың апталық ақысы шамалап алғанда 12 шиллингке тең болады, ал неғұрлым қызу еңбек етуге итермелейтін әрзаттық ақы тұсында жұмысшы апталық ақы тұсындағыдан 1 немесе 2 шиллинг артық табады деп ұйғаруға болатын болса да, оның табысын түгел алып қарағанда бұл қосымша жылдың белгілібір мезгілдерінде жұмыстың болмауынан туған зиян арқылы жоққа шығады... Біздің бұдан былайғы жерде жалпы көретініміз: бұл адамдардың жалақыларының қажетті тіршілік заттарының бағасына белгілібір қатынаста болатындығы, сондықтан екі баласы бар адам, жарлыларға жәрдем беретін жерге сағын салмай-ақ, өз семьясын асырауға қанша керекті болса, сонша табыс таба алады»⁵⁷⁾.

Мальтус сол кезде парламенттің жариялаған фактілері жайында былай деген болатын:

«Мен әрзаттық ақы төлеу практикасының кеңінен қолданылуына назары екенімді мойындаймын. Азды-көпті ұзақ уақыт бойына күніне 12—14 сағат ауыр еңбек ету дегеннің өзі адам баласының табиғатына шынын да да өте көптік етеді»⁵⁸⁾.

Фабрикалық заңның құзырына бағынған мастерскойларда әрзаттық жалақы жалпы әдетке айналып кетеді, өйткені мұнда капитал жұмыс күнін тек интенсивті түрде ғана ұлғайта алады⁵⁹⁾.

⁵⁶⁾ «Remarks on the Commercial Policy of Great Britain». London, 1815, p. 48.

⁵⁷⁾ «A Defence of the Landowners and of Farmers of Great Britain». London, 1814, p. 4, 5).

⁵⁸⁾ *Malthus*: «Inquiry into the Nature etc. of Rent». London, 1815.

⁵⁹⁾ «Әрзаттық ақы алатын жұмысшылар, сіра, барлық фабрика жұмысшыларының $\frac{1}{2}$ -і болса керек» («Rep. of Insp. of Fact. for 30 th April 1858», p. 9).

Еңбек өнімділігінің өзгеруімен бірге нақ сол бір мөлшерде өнім беретін жұмыс уақыты өзгереді. Демек, әрзаттық ақы да өзгереді, өйткені ол белгілібір жұмыс уақыты бағасының көрінісі болып табылады. Біздің жоғарыда келтірген мысалымызда 24 бөлек өнім 12 сағат ішінде өндірілді, 12 сағат ішінде жаңадан жасалған күн 6 шиллинг болды, жұмыс күшінің күндік құны 3 шиллинг, жұмыс сағатының бағасы 3 пенни және бір бөлек өнімнің жалақысы $1\frac{1}{2}$ пенни болды. Товардың әрбір бөлегіне $\frac{1}{2}$ жұмыс сағаты сіңді. Мысалы, еңбек өнімділігінің екі есе өсуі нәтижесінде нақ сол жұмыс күні 24 бөлек өнім берудің орнына 48 бөлек өнім беретін болса және егер қалған басқа жағдайлардың бәрі өзгермейтін болса, онда әрзаттық ақы $1\frac{1}{2}$ пенниден, $\frac{3}{4}$ пенниге дейін кемиді, өйткені өнімнің әрбір бөлегі енді $\frac{1}{2}$ жұмыс сағаты болмай, $\frac{1}{4}$ жұмыс сағаты ғана болады. $1\frac{1}{2}$ пенни $\times 24 = 3$ шиллинг және $\frac{3}{4}$ пенни $\times 48 = 3$ шиллинг. Басқаша айтқанда, нақ сол бір уақыттың ішінде өндірілген бөлек товардың саны қандай қатынаста көбейетін болса, әрзаттық ақы нақ сондай қатынаста төмендейді⁶⁰⁾, демек, өнімнің бір бөлегіне жұмсалатын жұмыс уақыты қандай қатынаста азаятын болса, нақ сондай қатынаста төмендейді. Әрзаттық ақының осы өзгеруі, мұның өзі бұл жерде таза номиналды нәрсе болғанымен, ол капиталист пен жұмысшының арасындағы күрестің тұрақты негізі болып табылады: оның себебі — не капиталист оны еңбектің бағасын шын азайту үшін сылтау ретінде пайдаланады, — немесе оның себебі, еңбектің өндіргіш күшінің артуы оның интенсивтілігінің артуымен қатар жүріп отырады, — не болмаса оның себебі, жұмысшы өзінің жұмыс күшіне емес, өз еңбегінің өніміне ақы төленеді деп ойлап, әрзаттық жалақының сыртқы формасын шынымен қабылдайды, сондықтан да жалақының төмендеуімен қатар товардың сатылар бағасының да солайша төмендеуі болып отырмайтын болғандықтан, ол жалақының қандай да болсын төмендеуіне қарсылық көрсетеді.

⁶⁰⁾ «Оның тоқыма машинасының өндіргіш күші дәл өлшенген, ал оның көмегімен істелетін еңбектің ақысының мөлшерлері оның өндіргіш күшінің өсуімен бірге азаяды, бірақ азайғанда нақ сол пропорцияда азаймайды» (*Ure. «Philosophy of Manufactures», p. 317*). Апологеттік соңғы ескертуді Юрдің өзі онан арғы баяндауында жойып жібереді. Ол, мысалы, мюльді ұзартқан кезде үстеме еңбек осы ұзаудың өзінен туады деп мойындайды. Демек, еңбек өзінің өнімділігінің өскен дәрежесінде кемімейді. Онан соң: «Машинаны бұлайша көбейткен жағдайда оның өндіргіш күші $\frac{1}{2}$ бөлегіндей өседі. Егер бұл шын осылай болатын болса, тоқымашы белгілібір мөлшерлі еңбек үшін өзінің бұдан бұрын алып келген ақысын енді ала алмайды; бірақ оның ақысы дәл $\frac{1}{2}$ бөлегіндей кемімейтіндіктен, бұл жетілдіру оның белгілібір мөлшерлі жұмыс сараты үшін алатын ақшалай табысын көбейтеді», — бірақ... бірақ «жоғарыда айтылғандар біраз түзетуді талап етеді... тоқымашы өзінің үстеме алты пеннинен ересек жұмысшылардың бір бөлегін ығыстырып шығаратын жауәспірім үйренуші жұмысшыларды... асырауға бірлеселер төлеуге тиіс», (бұл да сонда, 320, 321-беттер), мұның өзі жалақының өсуге бейімдігі бар дегенді ешбір көрсете алмайды.

«Жұмысшылар шикізаттың бағасы мен фабрикаттардың бағасын қадағалап бақылап отырады, сондықтан олар өз кожайындарының алатын пайдасын дәл анықтай алады»⁶¹⁾.

Мұндай талаптарды капитал жалдама еңбектің жаратылысын мүлдем түсінбеушілікке негізделген нәрсе деп әбден орынды қабылдамайды⁶²⁾. Ол жұмысшылардың өз пайдасына бола өнеркәсіп прогресіне салық салмақ болған талаптарына ызаланады және ол: жұмысшылардың өз еңбегінің өнімділігі қандай екендігінде тегі, ешқандай жұмысы жоқ деп кесіп айтады⁶³⁾.

⁶¹⁾ H. Fawcett: «The Economic Position of the British Labourer» Cambridge London, 1865, p. 178.

⁶²⁾ Лондонның 1861 жылғы 26 октябрьде шыққан «Standard» газетінен біз Джон Брайт пен оның сыбайластары фирмасының процесі туралы есепті көреміз, ол фирма «Рочдейлде кілем тоқушылар тред-юнионының мүшелерін қорқытты деп қиналап сотқа тартқан. Брайттың фирмасы жаңа машиналар енгізеді, ол машиналар бұрын 160 ярд кілем шығаруға керек болған уақыттың ішінде және нақ сондай еңбек жұмсап (1), 240 ярд кілем шығарады. Өздерінің кәсіпкерлерінің капиталы техниканы жетілдіруге жұмсалудың нәтижесінде құралатын пайдадан үлес аламын деп талап етуге жұмысшылардың дәлелі жоқ. Осыған сүйене отырып, Брайт мырзалар жалақыны ярд басына 1½ пенниден 1 пенниге дейін төмендетуді ұсынған, ал енді жұмысшының белгілібір еңбек үшін алатын жалпы табысы бұрын қандай болса, нақ сондай күйінде қалған. Бұл арада төленетін ақы тек номиналды түрде ғана қысқарған. жұрттың айтуына қарағанда, бұл туралы жұмысшыларға алдынала ескертілмеген».

⁶³⁾ «Тред-юниондар жалақыны белгілібір дәрежеде ұстап тұруға тырысып, машиналарды жақсартудан түсетін пайдаға жұмысшыларды қатыстыруға тырысады!» («Сұмдық-ай!..») «Еңбек көлемі қысқарып келеді дегенге сүйеніп, олар ақыны көбейтуді талай етеді... басқа сөзбен айтқанда: олар өнеркәсіптік жетілдірулерге салық салуға тырысады» («On combination of Trades». New Edit., London; 1834, p. 42).

ЖИЫРМАСЫНШЫ ТАРАУ

ЖАЛАҚЫДАҒЫ ҰЛТТЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Он бесінші тарауда біз жұмыс күші құнының абсолютті немесе относителді (яғни қосымша құнмен салыстырғандағы) мөлшерін өзгерте алатын әртүрлі комбинацияларды қарап өттік, бұл ретте жұмыс күшінің бағасы жүзеге асатын тіршілік заттарының мөлшері бұл бағаның ауытқуынан тәуелсіз⁶⁴⁾ немесе онан басқаша өзгерістерге ұшырауы мүмкін екені байқалды. Жоғарыда көрсетіп өткеніміздей, жұмыс күші құнының — соған сәйкес бағасының — жайдан жай жалақының экзотерикалық формасына көшуі арқылы сол тарауда көрсетілген заңдардың бәрі жалақының өзгеріс заңдарына айналады. Осы өзгерістің шеңберінде бірін бірі үнемі ауыстырып отыратын комбинациялар түрінде көрінетін нәрселер, міне осылар әртүрлі елдер үшін жалақылардың бір мезгілде өмір сүретін ұлттық айырмашылығы болып көрінуі мүмкін. Демек, әртүрлі елдердің жалақыларын салыстырған кезде жұмыс күші құнының мөлшеріндегі өзгерістерді анықтайтын жағдайлардың бәрін еске алу қажет: табиғи қалыптасқан және тарихи дамыған ең керекті тіршілік қажеттерінің бағасы мен көлемін, жұмысшыны тәрбиелеуге шығатын шығындарды, әйел еңбегі мен бала еңбегінің ролін, еңбек өнімділігін, оның экстенсивті және интенсивті мөлшерін еске алу қажет. Тіпті ең үстірт салыстырудың өзінде ең алдымен әртүрлі елдердің белгілібір өндірісіндегі орташа күндік жалақыны ұзақтығы бірдей жұмыс күніне әкеліп теңестіруді керек етеді. Күндік жалақыларды осылай теңестіргеннен кейін мерзімді ақы әрзаттық ақыға көшірілуге тиіс, өйткені тек осы әрзаттық ақы ғана еңбек өнімділігі үшін де, еңбек интенсивтілігі үшін де өлшеуіш болады. Әрбір елде еңбектің белгілібір орташа интенсивтілігі болады; осы орташа интенсивтілікке жетпейтін еңбек белгілібір

⁶⁴⁾ «Жалақыға неғұрлым арзан өнімді көп мөлшерде сатып алуға болатынына қарап, жалақы» (әңгіме оның ақшаға шағылған түрі туралы болып отыр) «есті деу дәл болмас еді» (Давид Бьюкенен А. Смиттің «Wealth of Nations»-ын бастырып шығарғанында, 1814 ж., I том, 417-бет, ескерту).

товарды өндіруге жұмсалған уақытты осы елдегі қоғамдық қажетті еңбектен көп жұмсағандық болады, сондықтан қалыпты сапалы еңбек болып табылмайды. Ұлттық орташа интенсивтіліктен жоғары көтерілетін интенсивтілік дәрежесі ғана бұл елде құнды жұмыс уақытының жай ұзақтығымен өлшеуді өзгертеді. Дүниежүзілік рынокта іс басқаша, жеке елдер оның интегральды бөлектері болып табылады. Еңбектің орташа интенсивтілігі елден елге өзгеріп отырады; бір елде ол көп болса, басқа елде аз болады. Сонымен, бұл ұлттық орташа мөлшерлер шкала құрады, оның өлшем единицасы бүкіл дүниежүзілік еңбектің орташа единицасы болады. Демек, неғұрлым интенсивті ұлттық еңбек интенсивтілігі кем ұлттық еңбекпен салыстырғанда бірдей уақыт ішінде көп құн өндіреді, ол көп ақша болып шығады.

Бірақ құн заңы интернационалдық көлемде қолданылғанда бұдан да зорырақ өзгерістерге ұшырайды; оның себебі, егер тек бәсеке неғұрлым жоғары өнімді ұлтты өз товарының сатылар бағасын оның құнына дейін төмендетуге мәжбүр етпейтін болса, дүниежүзілік рынокта неғұрлым өнімді ұлттық еңбек неғұрлым интенсивті еңбек ретінде де есепке алынады.

Нақтылы бір елдегі ұлттық еңбектің интенсивтілігі мен өнімділігінің интернационалдық дәрежеден жоғары көтерілетін шамасы — сол елдің капиталистік өндірісінің даму дәрежесінің шамасында болады^{64a)}. Демек, әртүрлі елдерде бірдей жұмыс уақытында өндірілетін нақ сол бір түрдегі товарлардың әртүрлі мөлшерінің интернационалдық құндары әртүрлі болады, мұның өзі әрқилы бағалардан, яғни интернационалдық құндарының әртүрлі болуына қарай әртүрлі мөлшерде болатын ақша сөмаларынан байқалады. Сонымен, капиталистік өндіріс әдісі неғұрлым аз дамыған ұлттан гөрі, ол неғұрлым көп дамыған ұлтта ақшаның относительді құны аз болады. Бұдан мынадай қорытынды шығады: номиналды жалақы, яғни жұмыс күшінің ақшаға айналған эквиваленті, бірінші ұлтқа қарағанда екінші ұлтта жоғары болады; бірақ мұның өзі ол ұлтта ақиқат жалақы да, яғни жұмысшының қарамағындағы тіршілік заттарының мөлшері де артық болады деген сөз емес.

Бірақ егер әртүрлі елдердегі ақша құнындағы бұл относительді айырманы тіпті былай қоя тұрғанның өзінде көбінесе былай болып отырады: күндік, апталық, т. т. жалақылар бірінші ұлтқа қарағанда екінші ұлтта жоғары болады, ал еңбектің относительді бағасы, яғни еңбектің қосымша құнмен және

^{64a)} Бұл заңның, еңбек өнімділігіне қолданғанда, өнеркәсіптің жеке салаларына тигізетін әсерін қандай жағдайлар өзгерте алатындығын біз басқа жерде зерттейміз.

өнім құнымен салыстырғандағы бағасы екінші ұлтқа қарағанда бірінші ұлтта жоғары болады⁶⁵⁾.

1833 жылғы фабрикалық комиссияның мүшесі Дж. У. Кауэлл тоқыма өндірісін мұқият зерттеп, мынадай қорытындыға келді

«істің мәлісіне келгенде, фабриканттардың тұрғысынан қарағанда жалақы Англияда континенттегіден төмен, ал жұмысшылардың тұрғысынан қарағанда оның жоғары болуы да мүмкін» (*Use. «Philosophy of Manufactures»*, p. 314).

Ағылшын фабрикалық инспекторы Александр Редгрейв 1866 жылғы 31 октябрьдегі фабрикалық есебінде Англия мен континенттік елдердің салыстырмә статистикасының көмегімен мынаны дәлелдейді: ақының неғұрлым төмен болуына және жұмыс күнінің неғұрлым ұзақ болуына қарамастан континенттік еңбек өніммен салыстырғанда ағылшындық еңбектен қымбат. Ольденбургтегі бір мақта-мата фабрикасының ағылшын-директоры (manager) былай дейді: мұнда жұмыс уақыты күн сайын, сенбіні де қоса алғанда, таңертенгі 5 сағат 30 минуттан кешкі 8 сағатқа дейін созылады, мұндағы жұмысшылар ағылшын-байқаушылардың бақылауымен істеп, өнімді ағылшын жұмысшыларының 10 сағат ішінде өндіретінінен біраз кем өндіреді, ал неміс байқаушыларының бақылауымен істегенде одан да анағұрлым кем өндіреді. Англиядағыға қарағанда жалақы онда көп төмен, көптеген реттерде тіпті 50% төмен, бірақ та машиналардың белгілі бір санына келетін жұмысшы саны анағұрлым көп; кейбір бөлімдерде жұмысшы саны Англиядағыға қарағанда 5:3 болып келеді. Редгрейв мырза орыс мақта-мата фабрикалары жөнінде өте толық мәліметтер келтіреді. Бұл мәліметтерді оған таяуда ғана сонда істеген бір ағылшын manager хабарлапты. Әртүрлі сорақылықтарға толы осы орыс топырағында ағылшын фабрикалық системасының жас дәуірінің ескі сұмдықтары әбден гүлденіп

⁶⁵⁾ А. Смитпен айтыса келіп, Джеймс Андерсон былай дейді: «Сонымен қатар мынаны айта кету керек: егіншілік өнімдері және әсіресе астығы арзан кедей елдерде еңбектің сырт көрінісіндегі бағасы әдетте төмен болатын болғанымен, еңбектің ақиқат бағасы басқа елдерге қарағанда онда әдетте жоғары болады. Өйткені еңбектің ақиқат бағасын бір күндік еңбек үшін жұмысшыға берілетін жалақы құрамайды, алайда сол жалақы еңбектің бағасы сияқты болып көрінеді. Ақиқат баға дегеніміз — белгілі бір мөлшерді дайын өнімнің кәсіпкерге іс жүзінде қаншаға түсетіндігі; міне осы тұрғыдан қарағанда еңбек бай елдерде, неғұрлым кедей елдерге қарағанда, барлық жағдайларда дерлік неғұрлым арзан болады екен; мұның өзі, бай елдерге қарағанда, неғұрлым кедей елдерде астықтың және басқа да тіршілік заттарының бағасы әдетте арзан бола тұрса да, осылай болады... Күнделі бағаланатын еңбек Англияға қарағанда, Шотландияда едәуір арзан... Ал бір бөлек товарға есептелген еңбек жалпы алғанда Англияда арзандау» (*James Anderson: «Observations on the means of exciting a spirit of National Industry etc.»*. Edinburgh, 1777, p. 350, 351). — Мұның керісінше, төмен жалақы, өз кезегінде, еңбектің қымбаттауына туғызады. «Англиядағыға қарағанда еңбек Ирландияда қымбат... оның себебі онда жалақы недәуір төмен» (№ 2074, «Royal Commission on Railways Minutes», 1867).

тұрған көрінеді. Басқарушылар, әрине, ағылшындар, өйткені жергілікті орыс капиталисі фабрикалық іске жарамсыз келеді. Шектен тыс еңбектің болуына, күндіз-түні үздіксіз жұмыс болуына және жұмысшылардың алатын ақысының соншама аз болуына қарамастан, орыс өндірісі қалт-құлт қана өмір сүруде, — соның өзі де шетелдік бәсекеге кедергілер жасаудың арқасы ғана. — Қорыта келе мен Европаның әртүрлі елдерінде бір фабрикаға және бір тоқымашыға келетін ұршықтардың орташа санының бұрын Редгрейв мырза жасаған салыстырмалы шолуын келтірейін. Бұл цифрлар бұдан бірнеше жыл бұрын жинақталған еді және онан бері ағылшын фабрикаларының көлемі де, әрбір жұмысшыға келетін ұршық саны да өскен еді дегенді Редгрейв мырзаның өзі ескертеді. Бірақ ол өзі атап өткен континенталдық елдердегі прогрестің қарқынына қарағанда, оның келтірген цифр мәліметтері өзінің отнотительді маңызын сақтап отыр деп біледі.

Әрбір фабрикаға келетін ұршықтардың орташа саны

Англияда	12 600
Швейцарияда	8 000
Австрияда	7 000
Саксонияда	4 500
Бельгияда	4 000
Францияда	1 500
Пруссияда	1 500

Бір жұмысшыға келетін ұршықтардың орташа саны

Францияда	14
Россияда	28
Пруссияда	37
Баварияда	46
Австрияда	49
Бельгияда	50
Саксонияда	50
Неғұрлым ұсақ герман мемлекеттерінде	55
Швейцарияда	55
Великобританияда	74

«Бұл салыстыру», — дейді Редгрейв мырза, — «басқаға қарағанда Великобритания үшін қолайлы емес, оның үлкен бір себебі, басқа жағдайлар туралы айтпағанның өзінде, онда өте көп фабрикалар бар, оларда машинамен тоқу қолмен иірумен қабат жүреді, ал оның бержағында тоқымашы станогында істейтін бірде-бір адам есептен шығарылмаған. Мұның керісінше, шетел фабрикалары — көбінесе тек тоқыма фабрикалары ғана болып келеді. Егер толық салыстырылатын мәліметтерді табуға мүмкін болатын болса, мен өз округімдегі көптеген макта мата тоқымаларын атап көрсет-

тер едім, бұлардағы 2 200 ұршығы бар мюль-машиналарды екі жәрдемшісі бар бір жұмысшы (minder) басқарады, ал бұлар күніне ұзындығы 400 миль» (ағылшынша) «220 қадақ тоқыма жасап шығарады» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1866», p. 31—37 passim).

Жұртқа мәлім, Шығыс Европа мен Азияда ағылшын компаниялары теміржолдар салуға кіріскен және бұл ретте жергілікті жұмысшылармен қатар белгілі мөлшерде ағылшын жұмысшыларын пайдаланады. Практика жүзіндегі қажеттілік осылайша оларды еңбек интенсивтілігіндегі ұлттық айырмашылықтарды есепке алуға мәжбүр еткен, ал мұның өзі оларға ешбір зиян келтірген жоқ. Олардың тәжірибесі мынаны көрсетеді: егер жалақының дәрежесі еңбектің азды-көпті орташа интенсивтілігіне сай келгенімен де, еңбектің относительді (өніммен салыстырғандағы) бағасы әдетте тікелей қарама-қарсы бағытта өзгереді.

Г. Кэри «Жалақының дәрежесі жөніндегі тәжірибесінде»⁶⁶⁾ — өзінің экономикалық шығармаларының ең алғашқыларының бірінде — әртүрлі ұлттық жалақылар ұлттық жұмыс күні өнімділігінің дәрежесіне тікелей пропорциялы деп дәлелдеуге тырысады. Бұл интернационалдық арасалмақтан ол мынадай қорытынды жасайды: жалпы алғанда жалақы еңбек өнімділігіне пропорциялы түрде артып, соған пропорциялы түрде төмендеп отырады дейді. Қосымша құн өндіруге біздің жасаған бүкіл талдауымыз мынаны көрсетеді: егер Кэри сын көзімен қарамай, әр жерден атүсті үзіп-жұлып келтірген статистикалық материалын өзінің әдеті бойынша бір жерге копсытып үйе салмай, өзінің қорытындыларын шындап дәлелдеген болса, тіпті осының өзінде де жоғарыдағы пікір сорақы пікір болған болар еді. Бірақ бәрінен де бір тәуірі сол — оның өзінің мойындауы бойынша, шындығына келгенде істің мәнісі теория бойынша болуға тиіс екеніндей болмай, басқаша болып отыр. Атап айтқанда мемлекеттің араласуы бұл табиғи экономикалық қатынасты бұрмалап отыр. Сондықтан ұлттық жалақыларды есептегенде олардың салықтар түрінде мемлекетке түсетін бөлегі жұмысшылардың өз қолына тиеді-мыс деп есептеу қажет. Кэри мырзаның бұл «мемлекеттік шығындар да» капиталистік дамудың «табиғи жемістері» болып табылмай ма дегенді ойластырып қарауы ешбір теріс болмас еді. Жоғарыда келтіріліп отырған пікір: әуелі капиталистік өндірістік қатынастарды табиғат пен ақыл-ойдың мәңгі заңдары деп, ал мемлекеттің араласуын олардың ерікті үндестік сарынын бұзушылық қана деп жариялап алып, онан соң Англияның дү-

⁶⁶⁾ «Essay on the Rate of Wages: with an Examination of the Causes of the Differences in the Conditions of the Labouring Population throughout the World», Philadelphia, 1835

ниежүзілік рыноктағы ғажап әсері,— сірә де капиталистік өндірістің табиғи заңдарынан тумайтын әсері,— мемлекеттің араласуының қажеттігін туғызып отыр, атап айтқанда осы «табиғат пен ақыл-ойдың заңдарын» мемлекеттің қорғауының қажеттігін, *alias* [басқаша айтқанда] — протекционизм системасының қажеттігін туғызып отыр деп жаңалық ашқан адамға ғана әбден лайық пікір. Онан соң ол: Рикардоның және басқалардың өмір сүріп отырған қоғамдық қарама-қарсылықтар мен қайшылықтарды тұжырымдаған теоремалары ақиқат экономикалық дамудың идеялық жемісі болып табылмайды қайта, мұның керісінше, Англиядағы және басқа елдердегі капиталистік өндірістің шынайы қайшылықтары Рикардо мен басқалардың теориясының нәтижесі болып табылады дегенді ашты! Ақырында ол, капиталистік өндіріс әдісінің туа біткен жақсылықтары мен үйлесімділіктерін сайып келгенде сауда бүлдіреді дегенді ашты. Кім білсін, осы бағытта тағы бір қадам жасаса, ол капиталистік өндірістің бірден-бір дерті — капиталдың өзі, дегенді ашып жүрмесін. Осындай керемет даңғой және осындай жалған оқымысты адам ғана, өзінің протекционистік сөлекеттігіне қарамастан, қайдағыбір Бастиа үшін және кәзіргі заманғы фритредерліктің басқа да барлық оптимистері үшін әп-әсем даналықтың құпия негізі болу дәрежесіне жетті.

ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

КАПИТАЛДЫҢ ҚОРЛАНУ
ПРОЦЕСІ

Белгілібір ақша сомасының өндіріс құрал-жабдықтарына және жұмыс күшіне айналуы капитал есебінде қызмет атқаруға тиісті құнның жасайтын бірінші қозғалысы болып табылады. Бұл қозғалыс рынокта, айналыс сферасында жасалады. Бұл қозғалыстың екінші фазасы, өндіріс процесі аяқталған, өйткені өндіріс құрал-жабдықтары товарға айналған, бұл товарлардың құны олардың құрамды бөлімдерінің құнынан асып түскен, яғни оның ішінде бастапқы авансыланған капиталға қоса қосымша құн бар. Бұл товарлар бұдан кейін тағы да айналыс сферасына түсірілуге тиісті. Оларды сату керек, олардың құны ақшаға айналуға тиіс, бұл ақша қайтадан капиталға айналдырылуы керек, сөйтіп барлығы да осылай қайта-қайта ауысып отыруы керек. Бірінен соң бірі келетін сол фазаларды үнемі өтіп отыратын осы ауыспалы айналым капиталдың айналысы болады.

Қорланудың бірінші шарты — капиталистің өз товарын сатып, одан түскен ақшаның көп бөлегін қайтадан капиталға айналдыруы. Одан әрі капитал өзінің айналыс процесін қалыпта түрде жасай береді деп ұйғарылады. Бұл процесті толық талдау екінші кітапта жасалады.

Қосымша құнды өндіретін, яғни тікелей жұмысшылардан ақы төленбеген еңбекті сорып алатын және оны товар түрінде беркітетін капиталист қосымша құнды бірінші болып иеленеді, бірақ ол оның ең соңғы меншіктенушісі емес. Ол бұдан кейін бұл қосымша құнды түгелдей алынған қоғамдық өндірісте өзге міндеттер атқарып отырған басқа капиталистермен, жер меншікшісімен, т. б. бөлісуге тиісті. Сонымен, қосымша құн әртүрлі бөлімдерге бөлінеді. Оның әртүрлі үлестері әртүрлі

адамдардың қолына түсіп, бір-бірі жөнінде дербес, әртүрлі формалар алады, ондай формалар: пайда, процент, сауда пайдасы, жер рентасы, т. б. Қосымша құнның мұндай өзгерген формалары үшінші кітапта ғана қаралуы мүмкін.

Сөйтіп, бір жағынан, бұл жерде товар өндіретін капиталист ол товарларын олардың өз құны бойынша сатады деп жоримыз, бұл ретте біз оның товар рыногына қайтып оралуын: капиталдың айналыс сферасында қабылдайтын жаңа формаларын да, ұдайы өндірістің сол формаларда бүркеулі жатқан нақты жағдайларын да бұл жерде қарастырмаймыз. Екінші жағынан, біз капиталистік өндіруші бүкіл қосымша құнның меншікшісі немесе, қаласаңыз, оны бөлісіп алуға қатынасушылардың бәрінің өкілі болып табылады деп білеміз. Сонымен, әуелі біз қорлануды абстракт түрде, яғни өндірістің тікелей процесінің жәй кезеңі ретінде алып қарастырамыз.

Алайда, қорлану болып жатқандықтан, капиталистің өндірілген товарды сата алатыны және бұл сатудан түскен ақшасын қайтадан капиталға айналдыра алатыны анық нәрсе. Онан соң: қосымша құнның әртүрлі үлестерге бөлінуі оның жаратылысын және оның қорланудың элементі болып шығуына қажетті жағдайларын титтей де өзгертпейді. Қосымша құн капиталистік өндіруші өз қолында ұстап қалатын бөлімге және ол басқаларға беретін бөлімге қандай пропорцияда бөлінетін болса да, қалай болған күнде де қосымша құнды ең алдымен оның капиталистік өндірушісі иеленеді. Демек, біздің қорлану процесін суреттеудегі жорамалымыз шындықта да болып жатады. Екінші жағынан, қосымша құнның бөлшектенуі және айналыстың аралық қозғалысы қорлану процесінің қарапайым негізгі формасын көмескілейді. Сондықтан қорлану процесін таза күйінде талдап қарау оның механизмінің ішкі жәй-күйін бүркемелейтін құбылыстардың бәрін алдын-ала есепке алмауды талап етеді.

Ж И Ы Р М А Б І Р І Н Ш І Т А Р А У

ЖӘЙ ҰДАЙЫ ӨНДІРІС

Өндіріс процесінің қоғамдық формасы қандай болса да, ол әйтеуір үздіксіз процесс болуға, яғни оқтын-оқтын сол бір сатылардан қайта-қайта өтіп отыруға тиісті. Қоғамның тұтынбай отыра алмайтыны сияқты, ол өндірмей де отыра алмайды. Сондықтан үнемі байланыста және өзінің жаналануының үздіксіз ағымында алып қаралатын қоғамдық өндіріс процесінің қандайы болсын, сонымен қатар ұдайы өндіріс процесі болып табылады.

Өндіріс жағдайлары — сонымен қатар ұдайы өндіріс жағдайлары. Өз өнімінің белгілібір бөлімін қайтадан өндіріс құрал-жабдықтарына, яки жаңа өндірістің элементтеріне үздіксіз айналдырып отырмайынша, ешбір қоғам үздіксіз өндіре алмайды, яғни ұдайы өндіре алмайды. Басқа жағдайлары тең болып келгенде өндіріс құрал-жабдықтары, яғни, мысалы, жыл бойында жұмсалған еңбек құралдары, шикізат және заттай күйіндегі көмекші материалдар дәл сондай мөлшерде солар тәрізді жаңа материалдармен ауыстырылатын болса ғана қоғам өзінің байлығын ұдайы өндіре алады немесе оны өзгермейтін дәрежеде ұстап тұра алады; бұл жаңа материалдар өнімдердің жылдық аумағынан бөлініп шығып, өндіріс процесіне қайтып оралады. Сонымен, жылдық өнімнің белгілібір мөлшері өндіріске тиісті болады. Әуел бастан-ақ өндірістік тұтынуға арналған өнімнің бұл бөлегі көпшілігінде өзінен өзі-ақ жеке тұтынуға жол бермейтін заттай формаларда болады.

Егер өндіріс капиталистік формада болатын болса, онда ұдайы өндіріс те сондай формада болады. Капиталистік өндіріс әдісі тұсында еңбек процесінің құнды өсіре беру процесі үшін керек құрал ретінде ғана көрінетіні сияқты, ұдайы өндіріс те авансыланған құнды капитал есебінде, яғни өздігінен өсетін құн есебінде ұдайы өндіру құралы ретінде ғана көрінеді. Капиталистің ерекше экономикалық ролі белгілібір адамға берілгенде, оның ақшасы капитал есебінде үздіксіз пайдалана-

нылып отырғандықтан ғана берілген. Егер, мәселен, авансыланған 100 ф. ст. ақша осы жылы капиталға айналып, 20 ф. ст. қосымша құн өндiрген болса, онда ол дәл сондай операцияны келесі жылы да қайталап жасауға тиісті, т. т. Капитал құнының мезгіл-мезгіл жамала түсуі, яки пайдаланылып отырған капиталдың мезгіл-мезгіл беретін жемісі есебіндегі қосымша құн капиталдан туатын табыс формасына ие болады ¹⁾.

Егер бұл табыс капиталист үшін тек тұтыну қоры ғана болатын болса, егер ол қалай табылса, дәл солай мезгіл-мезгіл тұтынылып отыратын болса, онда бұл, басқа жағдайлары тең болып келгенде, жай ұдайы өндіріс болып табылады. Және де мұның өзі өндіріс процесінің өзгермейтін көлемде жай қайталауы болғанымен, бұл жай қайталау немесе үздіксіздік келіп процеске жаңа сипаттар береді, немесе, анығында, бір ғана әрекет есебіндегі оған тән сияқты көрінетін кейбір сипаттарды жояды.

Өндіріс процесінің бастапқы жолы — жұмыс күшін белгілі-бір уақытқа сатып алу, ал еңбек сатып алынған сол мерзім өтісімен осы бастапқы жол үнемі қайталап отырады, сонымен қатар өндірістің белгілі-бір дәуірі, мысалы, апта, ай, т. б. аяқталып отырады. Алайда жұмысшының ақысы жұмыс күші әбден жұмсалып, ол өзінің құнын да, сондай-ақ қосымша құнды да товар түріне айналдырып болғаннан кейін ғана төленеді. Демек, жұмысшы әзірге біз капиталистің тұтыну қоры ғана деп қарастырып отырған қосымша құнды да, сондай-ақ өзіне ақы төлеу үшін керекті қорды да, яғни өзгермелі капиталды да өндірді,— өндiргенде осы капитал оның өзіне жалақы түрінде қайтып келуінен бұрын өндiрдi, сондықтан ол осы капиталды үздіксіз ұдайы өндіріп тұрған кезде ғана жұмысқа ие болады. Экономистердің біз жоғарыда он алтыншы тарауда II цифрмен еске салып өткен формуласы: жалақыны өнімнің өзіндегі бір үлес деп көрсететін формуласы осыдан шыққан ²⁾. Ол — жұмысшының өзінің үздіксіз ұдайы өндіріп отыратын өнімінің оған жалақы түрінде үздіксіз қайтадан келіп отыратын бөлегі. Әрине, капиталист оған бұл товар құнын ақшалай төлейді. Бірақ бұл ақша — еңбек өнімінің өзгерген түрі ғана. Жұмысшы өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлегін өнімге

¹⁾ «Басқаның еңбегінің өнімін пайдаланатын байлар бұл өнімді айырбас актысы» (товарлар сатып алу) «арқылы ғана алады. Сондықтан олардың запас қоры тез таусылуға тиіс сияқты көрінеді... Бірақ қазіргі қоғамдық құрылыста байлық бөтеннің еңбегі арқылы ұдайы өне беру күшіне ие болып отыр. Байлық еңбек сияқты және еңбектің көмегімен жыл сайын жеміс беріп отырады, байлық несің кедейлікке ұшыратпай-ақ, бұл жемісті бір жыл ішінде жоқ қылуға болады. Бұл жеміс — капиталдан туатын табыс» (*Sismondi*. «Nouveaux Principes d'Economie Politique», t. 1, p. 81, 82).

²⁾ «Жалақыны... нақ сондай-ақ пайдауы да, мыңдығында дайын өнімнің бір үлесі деп қарауға болады» (*G. Ramsay*, цитат алынған шығарманың 142-беті). «Жұмысшыға жалақы түрінде тиесілі өнім үлесі» (*James Mill*. «Elements d'Economie Politique», traduits de l'anglais par Parisot. Paris, 1823, p. 34).

айналдырып жатқан кезде, оның бұрынғы өнімінің бір бөлегі қайтадан ақшаға айналып жатады. Жұмысшының бүгінгі күнгі еңбегіне немесе алдағы жарты жылдың ішіндегі еңбегіне төленетін ақының шығар көзі — оның өткен апта бойындағы немесе соңғы жарты жылдың ішіндегі еңбегі. Егер біз жеке капиталист пен жеке жұмысшының орнына капиталистер табы мен жұмысшылар табын алып қарайтын болсақ, ақша формасы арқылы жасалатын жалған елес сол бойда-ақ жоқ болады. Капиталистер табы жұмысшылардың өндірген, капиталистердің иемденіп алған өнімінің белгілі бір бөлегін алу үшін жұмысшы табына ақшалай формада үнемі чек беріп отырады. Бұл чекке жұмысшы өзінің өндірген өнімінің өзіне тиесілі бөлегін айырбастап алады да чекті капиталистер табына нақ солай үнемі қайтып беріп отырады. Өнімнің товарлы формасы мен товардың ақша формасы осы процестің шын сипатын бүр-ксмелейді.

Сонымен, өзгермелі капитал — тіршілік заттарының қоры, немесе жұмысшы қоры көрінісінің ерекше тарихи формасы ғана, бұл қор жұмысшыға оның тіршілігін сақтап, қалпына келтіріп отыру үшін қажет және бұл қорды ол барлық қоғамдық өндіріс системаларының тұсында да үнемі өндіріп және ұдайы өндіріп отыруға тиіс. Жұмысшының өз өнімі одан капитал түрінде үнемі аулақтап отыратындықтан ғана жұмысшы қоры жұмысшы еңбегіне ақы төлеу қаржысы түрінде оған үнемі қайта келіп отырады. Алайда жұмысшы қоры көрінісінің бұл түрі капиталистің жұмысшыға оның өзінің затқа айналған еңбегін аванс түрінде беру фактісін титтей де өзгертпейді³⁾. Барщиналық жұмыстағы крепостной шаруаны алып көрелік. Ол өзінің өндіріс құрал-жабдықтарымен өз жерінде, аптасына 3 күн бойы жұмыс істейді делік. Аптаның қалған 3 күні бойында ол қожасының жерінде барщиналық жұмыс атқарады делік. Сонда ол өзінің жұмысшы қорын үнемі ұдайы өндіріп отырады, ал бұл қор оның еңбегіне үшінші адамның авансалаған төлем қаржысы түрінде ешуақытта болмайды. Оның есесіне оның ақы төленбеген еріксіз еңбегі де ерікті және ақы төленген еңбек түрін ешуақытта алмайды. Ал егер бір күні келіп помещик барщиналық шаруаның жерін, жұмыс малын, тұқымын, қысқасы — өндіріс құрал-жабдықтарын иеленіп алатын болса, онда сол күннен бастап әлгі шаруаның помещикке өзінің жұмыс күшін сатуына тура келеді. Ал басқа жағдайлары тең болып келгенде ол бұрынғысынша, кәзірде де аптасына

³⁾ «Капитал жұмысшылардың жалақысын оларға аванс ретінде беруге жұмсалған кезде, ол еңбекке көмек етуге арналған қорға ештеңе де қоспайды» (Мальтусің «Definitions in Political Economy». London, 1853, p. 22, деген еңбегін бастырып шығарарда Кейновтың берген ескертуінде айтылған).

6 күн —3 күнін өзіне, 3 күнін кәзірде жалдаушыға айналып отырған бұрынғы помещигіне істейтін болады. Кәзірде де ол, бұрынғысынша, өндіріс құрал-жабдықтарын, олардың құнын өнімге аудара отырып, тұтынатын болады. Кәзірде де, бұрынғысынша, өнімнің белгілібір бөлегі ұдайы өндіріс процесіне түседі. Алайда барциналық еңбектің бұл арада жалдама еңбек формасын алатыны сияқты, шаруаның өзінің кәзірде де, бұрынғысынша өндіріп және ұдайы өндіріп отырған жұмысшы қоры да бұрынғы помещиктің шаруаға авансылап отырған капиталы формасын алады. Көрініс формасын онда не көрінетінінен айыра алмайтын, ой-өрісі шамалы буржуазияшыл экономист тіпті кәзіргі кезде де бүкіл жер шарында жұмысшы қоры тек өте сирек жағдайда ғана капитал түрінде көрінетінін көргісі келмейді ⁴⁾.

Қалай болған күнде де, егер біз капиталистік өндіріс процесін, оның үздіксіз қайталануы тұрғысынан алып қарайтын болсақ қана өзгермелі капитал капиталистің өз қорынан авансыланған құн сипатын жоғалтады ^{4a)}. Бірақ қай жерде және қашан болсын бұл процесс басталуға тиіс. Демек, біздің осы кезге дейінгі көзқарасымызға сүйеніп, біз: бөтеннің ақы төленбеген еңбегінсіз-ақ пәлендей бір бастапқы қорлану арқылы капиталистің бір кезде ақша иесі болып шығуы, сөйтіп осының арқасында рынокқа жұмыс күшін сатып алушы болып шығуы мүмкін дей аламыз. Ал оның бержағында капиталистік өндіріс процесінің жәй үздіксіздігінің өзі, яки жәй ұдайы өндіріс, капиталдың өзгермелі бөліміне ғана емес, сонымен қатар түгелдей алынған бүкіл капиталға да қатысы бар басқа да өзіндік өзгерістер туғызады.

Егер 1000 ф. ст. капиталдың мезгіл-мезгіл, мысалы, жыл сайын, жасайтын қосымша құны 200 ф. стерлинг болатын болса, егер осы қосымша құн жыл бойында түгелінен тұтынылып кететін болса, онда осы процесс бес жыл бойы қайталанғаннан кейін тұтынылған қосымша құнның сомасы 200×5 -ке, немесе бастапқы авансыланған 1000 фунт стерлинг капитал құнына тең болатыны анық. Егер жылдық қосымша құнның бір бөлегі ғана, мысалы, жартысы ғана тұтынылатын болса, онда жаңағыдай нәтиже өндіріс процесін он жыл бойы қайталағаннан кейін ғана келіп шыққан болар еді, өйткені $100 \times 10 = 1000$ болады ғой. Жалпы алғанда, жыл сайын тұтынылатын қосымша

⁴⁾ «Жер шарының төрттен бірінен азырақ жерінде ғана капиталистер жұмысшылардың тіршілік заттарын оларға аванс ретінде береді». (Richard Jones. «Text-book of Lectures on the Political Economy of Nations». Hertford, 1852, p. 30).

^{4a)} «Қожайын мануфактуралық жұмысшыға оның жалақысын аванс ретінде төлесе де, жұмысшы шындығына келгенде капиталиске ешқандай шығын жасатпайды, өйткені бұл жалақының құны әдетте жұмысшының еңбегі жұмсалған заттың өскен құнындағы пайдамен бірге қожайынға қайтып оралады» (A. Smith, цитат алынған шығарма, II кітап, III тарау, 311-бет).

құнға бөлінген авансыланған капитал құны капиталистің бастапқы авансыланған капиталды тұтынып бітіретін, демек оның жоқ болып кететін жердарының санын немесе ұдайы өндіріс кезеңдерінің санын көрсетеді. Капиталистің бастапқы капиталдық құнға мүлде тимей-ақ, басқа біреудің ақы төленбеген еңбегінің өнімін, қосымша құнды, ғана жұмсап отырмын деп түсінуі әлгі фактіні мүлде өзгерте алмайды. Бірақтар жылдар өткеннен кейін капиталиске тиісті капиталдық құн оның нақ осы жылдар ішінде эквивалентсіз иемденген қосымша құнының сомасына тең болады, ал оның жұмсап қойған құнының сомасы бастапқы капиталдық құнға тең болады. Рас, оның қолында мөлшері жағынан өзгермеген капитал сақталып қалады, ал осы капиталдың бір бөлегі, құрылыстар, машиналар, т. б., оның өзі осы кәсіпке кіріскен кезінде қолында болған болатын. Бірақ бұл арада әңгіме капиталдың материалдық құрамды бөлімдері туралы болып отырған жоқ, оның құны туралы болып отыр. Егер біреу өз мүлкінің құнына тең сомаға борыштанып, өзінің барлық мүлкінен айрылған болса, онда оның барлық мүлкі оның борыштарының жалпы сомасындай ғана болып шығады. Сондай-ақ, егер капиталист өзінің авансылаған капиталының эквивалентін жұмсап қойған болса, онда бұл капиталдың құны оның тегін иеленген қосымша құнының жалпы сомасындай ғана болады. Енді бұрынғы капиталдың титтей де құны қалған жоқ.

Сонымен, қандай қорланудан болса да мүлде тәуелсіз, өндіріс процесінің жәй қайталануының өзі, немесе жәй ұдайы өндірістің өзі, азды-көпті ұзақ мезгіл өткеннен кейін қандай капиталды болса да қорланған капиталға, немесе капиталға айналған қосымша құнға айналдырмай қоймайды. Егер тіпті капитал өзі өндіріс процесіне енген кезінде, оны қолданып отырған адамның өз еңбегімен тапқан меншігі болған болса да, ол бәрібір күндердің күнінде ешқандай эквивалентсіз иеленіп алынған құн, бөтен біреудің ақы төленбеген еңбегінің — ақшалай немесе басқа түрде — затқа айналуы болып шығады.

Біздің төртінші тарауда көргеніміздей, ақшаны капиталға айналдыру үшін товар өндірісі мен товар айналысының болуы жеткіліксіз. Мұның үшін ең алдымен, бірі сатып алушы, екіншісі сатушы болып, бір жағынан құн немесе ақша иесі, екінші жағынан — құн жасайтын субстанция иесі, бұл жақта — өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарының иесі, ол жақта — бір ғана жұмыс күшінің иесі бір біріне қарама-қарсы тұруы керек. Демек, еңбек өнімін еңбектің өзінен бөлектеу, еңбектің объективтік жағдайларын субъективтік фактордан — жұмыс күшінен — бөлектеу капиталистік өндіріс процесінің іс жүзінде белгілі негізі, бастама пункті болды.

Бірақ алғашында бастама пункт болған нәрсе, кейін келе процестің жәй үздіксіздігінің арқасында, жәй ұдайы өндірістің арқасында, бәрі де қайта-қайта өндіріліп, капиталистік өндірістің өз нәтижесі есебінде мәңгілік етіледі. Бір жағынан, өндіріс процесі заттай байлықты капиталға, капиталист үшін күн өсіру құралына және оның үшін тұтыну құралына үнемі айналдырып отырады. Екінші жағынан, жұмысшы бұл процеске өзі қандай күйде енген болса, онан ұдайы дәл сондай күйінде: байлық шығар қайнар көз ретінде, бірақ осы байлықты өз басына жарату құралдарының бәрінен айрылған жан есебінде шығады. Жұмысшының өзі процеске енгенге дейін оның өз еңбегі одан бөлектеніп, оны капиталист иемденіп, капитал құрамына қосып жібергендіктен, процестің барысында бұл еңбек өзгенің өнімі арқылы үнемі затқа айналып отырады. Өндіріс процесі дегеніміз сонымен қатар капиталистің жұмыс күшін тұтыну процесі де болып табылатындықтан жұмысшының өнімі товарға ғана айналып қоймай, сонымен қатар капиталға да, — құнды жасайтын күшті сорып алатын құнға, адамдарды сатып алатын тіршілік заттарына, өндірушілерді қолданатын өндіріс құрал-жабдықтарына үнемі айналып отырады⁵⁾. Сонымен, жұмысшының өзі объективтік байлықты капитал ретінде, өзіне жат, өзіне үстемдік ететін және өзін қанайтын күш ретінде үнемі өндіріп отырады, дәл сондай-ақ капиталист те жұмыс күшін өзінің затқа айналу, жүзеге асу құралдарынан бөлектенген, байлықтың субъективтік көзі ретінде, абстрактылық, жұмысшының өз организмінде ғана өмір сүретін нәрсе ретінде үнемі өндіріп отырады, — қысқасы, жұмысшыны жалдама жұмысшы ретінде өндіріп отырады⁶⁾. Жұмысшыны осылай үнемі ұдайы өндіру немесе оны мәңгілік ету дегеніміз — капиталистік өндірістің *conditio sine qua non* [даусыз шарты].

Жұмысшының тұтынуы екі түрлі болады. Өндірістің өзінде ол өзінің еңбегі арқылы өндіріс құрал-жабдықтарын тұтынады және оларды авансыланған капиталдың құнынан анағұрлым жоғары құны бар өнімге айналдырады. Бұл — оның өндірістік тұтынуы. Бұл — сонымен қатар оның жұмыс күшін сатып алған капиталистің тұтынуы да. Екінші жағынан, жұ-

⁵⁾ «Өнімді етіп тұтынудың бір өте тамаша қасиеті осында. Өнімді етіп тұтынылатын нәрсе — капитал, ол тұтыну арқылы капиталға айналады» (*James Mill. «Elements d'Economie Politique», p. 242*). Бірақ Джемс Милль осы «өте тамаша қасиеттің» не екенін анықтай алмай-ақ қойды.

⁶⁾ «Жанадан іске қосылған мануфактураның көптеген кедейлерге жұмыс тауып беретіні, әрине, рас нәрсе; бірақ кедейлер кедейліктен шықпайды, ал мануфактуралық кәсіпорындардың одан әрі енгізілуі басқа да көптеген адамдарды кедей етеді» («Reasons for a limited Exportation of Wool». London, 1677, p. 19). «Фермердің кедейлерді асырап отырмын дейі — сорақылық. Шындығында кедейлер қайыршылықта күн көріп отыр» («Reasons for the late Increase of the Poor-Rates: or a comparative View of the Prices of Labour and Provisions». London, 1777, p. 31).

мысшы өзінің жұмыс күшін сатқан кезде өзіне төленген ақшаны тіршілік заттарын алуға жұмсайды. Бұл — оның жеке басының тұтынуы. Демек, жұмысшының өндірістік тұтынуы мен жеке басының тұтынуы — бір бірінен мүлдем өзгеше. Бірінші жағдайда жұмысшы капиталдың қозғаушы күші ретінде әрекет етеді және капиталистің қарамағында болады; екінші жағдайда жұмысшының өз билігі өзінде болып, өндіріс процесінен тыс тіршілік міндеттерін атқарады. Бірінші жағдайдың нәтижесі — капиталистің өмір сүруі, екінші жағдайдың нәтижесі — жұмысшының өзінің өмір сүруі болып табылады.

Жұмыс күнін және басқаларды қарастырғанымызда жұмысшының екінің бірінде өзінің жеке басының тұтынуын өндіріс процесінің таза кездейсоқ эпизодына айналдыруға мәжбүр болатыны жол-жөнекей анықталды. Бұл жағдайда жұмысшы, бу машинасының — көмір мен суды керек етуі сияқты, дөңгелектің — жағар майды керек етуі сияқты, тіршілік заттарын өзінің жұмыс күшін «күйінде» сақтау үшін ғана пайдаланып отырады. Мұнда оның тұтыну заттары өндіріс құрал-жабдықтарының бірінің тұтыну заттары ғана болып табылады, ал оның жеке басының тұтынуы тікелей өндірістік тұтыну болып табылады. Алайда мұның өзі капиталистік өндіріс процесінің мәнімен байланысы жоқ қиянат сияқты болып көрінеді ⁷⁾.

Егер біз жеке капиталист пен жеке жұмысшыны емес, капиталистер табы мен жұмысшылар табын алып қарастыратын болсақ, өндірістің жеке-дара процестерін емес, бүкіл капиталистік процесті оның ағымында және оның қоғамдық көлемінде алып қарастыратын болсақ, жағдай басқаша болады. Капиталист өз капиталының бір бөлегін жұмыс күшіне айналдырған кезде, ол осы арқылы өзінің бүкіл капиталын көбейтеді. Ол бір оқпен екі қоян атып алады. Ол жұмысшының еңбегінен ғана пайда түсіріп қоймай, сонымен қатар жұмысшыға төлеген ақысынан да пайда табады. Жұмысшы күшіне айырбасталып төленіп кеткен капитал тіршілік заттарына айналады, бұл заттарды пайдалану қолда бар жұмысшылардың бұлшық ет күшін, жүйке-тамырын, сүйегін, мыйын қайтадан қалпына келтіріп отыру үшін және жаңа жұмысшы туғызу үшін қызмет етеді. Демек, жұмысшы табының жеке басының тұтынуы, оның абсолютті қажетті шектерінде алғанда, капиталдың жұмыс күшіне айырбастап төлеген тіршілік заттарының капиталдың жаңадан қанауына жарамды жұмыс күшіне қайтадан айналуы ғана болып табылады. Мұның өзі — капиталист үшін ең қажетті өндіріс құрал-жабдығын — жұмысшының өзін өндіру және ұдайы өндіру. Сонымен, жұмысшының жеке басы-

⁷⁾ Егер Росси «өндірістік тұтырудың» сырын пынымен білген болса, ол бұл жайында соншама лепіре тақпақтамаған болар еді.

ның тұтынуы — капиталды өндіру мен ұдайы өндірудегі бір кезең, бұл тұтыну мастерскойдың, фабриканың, т. т. ішінде жасала ма немесе олардан тыс жерде жасала ма, еңбек процесінің ішінде жасала ма немесе одан тыс жерде жасала ма, бұл есеп емес, мұның өзі машинаны тазалау да нақ сондай кезең болып табылатыны сияқты нәрсе, бұл тазалау еңбек процесінің үстінде жасала ма немесе еңбектің белгілібір үзілістері кезінде жасала ма, ол есеп емес. Жұмысшының өзі жеке тұтынғанда капиталист үшін емес, өз басы үшін тұтынатындығынан істің жайы титтей де өзгермейді. Жұмыс малының жем жеуі оның өзі үшін ғана рахат нәрсе болуынан жұмыс малын пайдалану да өндіріс процесінің қажетті моменті болмай тұра алмайды ғой. Жұмысшы табын үздіксіз сақтап, оның қатарын ұдайы толықтырып отыру капиталды ұдайы өндірудің әрқашанғы қажетті шарты болып қала береді. Бұл шартты орындау ісін капиталист алаңсыз жұмысшылардың өзіне беріп қоя алады, өйткені ол жұмысшылардың өзін өзі сақтау және өсіп өну инстинктіне сенеді. Ол тек жұмысшылардың жеке басының тұтынуы мүмкін қадерінше ең қажетті заттармен шектелуінің қамын ойлайды, жұмысшыларға дәмсіз тамақ берудің орнына дәмді тамақты зорлап жегізетін оңтүстік американдік дәрекілігінен мүлдем аулақ болады⁸⁾.

Сондықтан капиталист пен оның идеологі, экономист, жұмысшының жеке басы тұтынуының жұмысшы табын мәңгілік ету үшін қажетті, капиталдың жұмыс күшін пайдалана алатын болуы үшін шын мәнісінде тұтынылуға тиісті бөлімін ғана өнімді тұтыну деп қарайды; ал жұмысшының мұнан тыс, өз басының тілегін қанағаттандыру үшін тұтынатындарының бәрі өнімсіз тұтыну болып табылады⁹⁾. Егер капиталдың қорлануы, капиталдың жұмыс күшін ұлғайта пайдалануына жеткізбей, жалақыны арттырған болса, және, демек, жұмысшының тұтыну заттары мөлшерін өсірген болса, онда үстеме капитал өнімсіз жұмсалған болар еді¹⁰⁾. Шынына келгенде, жұмысшының жеке басының тұтынуы оның өзі үшін өнімсіз тұтыну, өйткені ол тұтыну заттарына мұқтаж индивидуумды ғана қайтадан өндіреді, жұмысшының тұтынуы капиталист үшін және

⁸⁾ «Оңтүстік Америка рудниктері жұмысшыларының күн сайын атқаратын жұмысы (мүмкін, бұл дүниедегі ең ауыр жұмыс болар)—180—200 кадак келетін руданы 450 фут тереңнен жер бетіне ығына салып шығарады, бұған қарамастан олар тек нанмен, бұршақпен ғана тамақтанады; олар нанның өзімен ғана тамақтануды тәуір көрген еді, бірақ олардың мыраалары оларды ат орнында ұстайды: жалғыз нанмен қарқынды жұмыс істей алмайды деп біліп, жұмысшыларға бұршақты зорлап жегізеді; өйткені бұршақта фосфор нандағыдан анығурлым көп» (*Liebig*, «Die Chemie in ihrer Anwendung auf Agrikultur und Physiologie», 7. Aufl., 1862, I. Theil, S. 194, ескерту).

⁹⁾ *James Mill*. «Éléments d'Economie», Politique», p. 238 sqq.

¹⁰⁾ «Егер еңбек бағасы капиталдың көбеюіне қарамастан, көп еңбек қолдануға болмайтын дәрежеге дейін артатын болса, онда мен капиталдың ондай өсуі өнімсіз жұмсалды деген болар едім» (*Ricardo*. «Principles of Political Economy», 3 ed. London, 1821, p. 163).

мемлекет үшін өнімді тұтыну, өйткені ол бөтеннің байлығын жасайтын күшті өндіру болып табылады¹¹⁾.

Сонымен, қоғамдық тұрғыдан қарағанда жұмысшылар табы — тіпті тікелей еңбек процесінен тыс жерде де — еңбектің өлі құралы қандай болса, капиталдың дәл сондай заты болып табылады. Белгілібір шектерде алғанда, тіпті жұмысшылардың жеке басы тұтынуының өзі де — капиталды ұдайы өндіру процесіндегі бір кезең ғана. Міне осы процестің өзі, жұмысшылар еңбегінің өнімін олардың өз жағынан оған қарама-қарсы капитал жағына қарай үнемі ығыстыра отырып, осынау саналы өндіріс құралдарының қашып кетпеу қамын істейді. Жұмысшылардың жеке басының тұтынуы, бір жағынан, олардың өзінің сақталып және ұдайы өсіп отыруын қамтамасыз етеді, екінші жағынан, тіршілік заттарын жоя отырып, олардың еңбек рыногында үнемі болуын қажет етеді. Рим құлы шынжырлап ұсталған болса, жалдама жұмысшы өзін меншіктенушіге жіпсіз байланған. Оның тәуелсіз болып көрінуі жеке жалдаушы-қожайындардың үнемі алмасып отыратындығынан, сонымен қатар *factio juris* [юрдикалық алдамшы] договордың бар екендігінен болады.

Бұрынғы бір замандарда капитал өзінің бос жұмысшыны меншіктеніп алу правосын, керек болған жерінде, заңмен зорлап жүзеге асырған еді. Мәселен, 1815 жылға дейін Англияның машинада істейтін жұмысшыларының эмиграцияға кетуіне ауыр жаза қолданылады деп қорқытып тыйым салынған болатын.

Жұмысшы табының ұдайы қалпына келтіріліп отыруына ұрпақтан ұрпаққа өнер қалдырып, оны молайтып отыру да кіреді¹²⁾. Осындай өнерлі жұмысшы табының болуын өз қарамағындағы өндіріс жағдайларына апарып қосуға және іс жүзінде оны өзінің өзгермелі капиталының нақтылы өмір сүруі ретінде қарауға капиталистің қаншалық бейім екені қандай да бір дағдарыс өндірістің осы жағдайын жою қаупін туғыза бастаған кезде өте-мөте айқын көрінеді. Америкадағы Азамат соғысының және сонымен қат-қабат болған мақта жұтының салдарынан Ланкаширде және басқа жерлерде мақта мата өндірісі жұмысшыларының көпшілігі жұмыстан көшеге шығарылып тасталғаны жұртқа мәлім. Мемлекеттің көмегімен неме-

¹¹⁾ «Бірденбір өнімді тұтыну дегеніміз осы сөздің дәл мағнасында алғанда капиталистің ұдайы өндіру мақсатымен байлықты тұтынуы немесе ысырап етуі (Мальтус өндіріс құрал-жабдықтарын тұтынуды айтып отыр) ғана болып табылады. Жұмысшы... нағыз дәлін айтқанда өз басы үшін емес, оны пайдаланатын адам үшін және мемлекет үшін өнімді тұтыну болып табылады» (*Malthus*. «Definitions in Political Economy». London, 1853, p. 30).

¹²⁾ «Күні бұрын қорланып, әзірленіп қойылады деп айтуға болатын бірден бір аят — жұмысшының шеберлігі... Шебер еңбектің қорланыуы мен сақталуы, осы аса маңызды операция, жұмысшылардың басым көпшілігі жөнінде ешқандай капитал жұмсалмай жүзеге асырылады» (*Hodgskin*. «Labour Defended etc.», p. 12, 13).

се ерікті ұлттық жылу жинау арқылы «артық» жұмысшыларды ағылшын отарларына немесе Құрама Штаттарға жіберу ісін ұйымдастыру керек деген сөздер жұмысшы табының өз ішінен және қоғамның басқа да топтарының арасынан айтылып жатты. «Times» сол кезде (24 март, 1863 ж.) Манчестер сауда палатасының бұрынғы президенті Эдмунд Поттердің хатын жариялады. Қауымдар палатасында бұл хат «фабриканттар манифесі»¹³⁾ деп әділ аталды. Біз бұл жерде осы хаттың жұмыс күшін капиталдың меншігі деп қарайтын көзқарас әбден ашық айтылған бірқатар сипатты жерлерін келтіріп өтеміз.

«Мақта мата өндірісінің жұмысшыларына былай делінеді: сендердің еңбектерінің ұсынылуы өте көп... оны, мүмкін, үштің біріндей кеміту керек болар, сөйтіп одан кейін олардың үштен екісіне дұрыс сұраныс туатын ету керек болар... Қоғамдық пікір эмиграция жасауды талап етеді. Қожайын» (яғни мақта-мата фабрикасының иесі) «жұмысшылардың ұсынылуының азаюына өз ықтиярымен көне алмайды; ол мұның өзі қаншалық теріс болса, соншалық әділетсіз болған болар еді деген пікірді жақтайды... Егер эмиграция қоғамдық қор есебінен жасалатын болса, онда ол өзінің сөзіне құлақ қоюды талап етуге және, мүмкін тіпті, оған наразылық білдіруге праволы».

Сол Поттердің өзі онан әрі мақта мата өнеркәсібінің қандай пайдалы екенін, оның «Ирландиядан және Англияның егіншілік округтерінен басы артық халықты күмәнсіз өзіне тартқанын», оның көлемінің қаншалықты зор екенін, оның 1860 ж. бүкіл ағылшын экспортының $\frac{5}{13}$ бөлегін бергенін және рыноктың, әсіресе Индия рыногының кеңеюі нәтижесінде, «қадағына 6 пенниден төлеп, жеткілікті мөлшерде мақта әкелудің» нәтижесінде бір-екі жылдан кейін бұл өнеркәсіптің қайтадан өсетінін әңгіме етеді. Одан әрі ол былай дейді:

«Уақыт — бір, екі, мүмкін үш жыл — қажетті мөлшерге жеткізер... Сондықтан мен мынадай мәселе қойғым келеді; бұл өнеркәсібіміздің өзі қолдауға тұрарлық емес пе? Машинаны» (бұл жерде жанды жұмысшы машиналар айтылып отыр) «тәртіппен ұстау еңбекке тұрарлық емес пе, оларды тастау керек деген ой барып тұрған ақымақтық емес пе? Мен осылай ғой деп ойлаймын. Жұмысшылар меншік емес («I allow that the workers are not a property»), олар Ланкашир мен қожайындардың меншігі емес дегенге мен қосылуға әзірмін, бірақ олар сол екеуінің де күші; олар — интеллектуальды және үйретілген күш, бір ұрпақтың өмірі ішінде мұның орнын толтыра алмайсың, ал басқа машиналардың, олардың жұмыс істейтін машиналарының едәуір бөлегін («the mere machinery which they work») он екі айдың ішінде ойдағыдай ауыстырып және тіпті жақсартуға да болады¹⁴⁾.

¹³⁾ «Бұл хатты фабриканттардың манифесі деп қарауға болады» (Ферранд: мақта тапшылығы жайындағы ұсыныс, қауымдар палатасының 1863 ж. 27 апрельдегі мәжілісі).

¹⁴⁾ Міндет жалақыны төмендетуде болатын дағдылы жағдайларда нақ осы капиталдың өзі мүлде басқаша әдететіні оқушының есінде. Мұнда «қожайындар» бірауыздан былай дейді (қараңыз: төртінші бөлім, 188 ескерту, 389-бет [осы томның 434-бетін

Егер жұмыс күшін эмиграциялауды қолдап немесе тіпті оған жәй әншейін рұқсат етілетін (1) болса, онда капиталисттердің халі не болар екен? («Encourage or allow the working power to emigrate, and what of the capitalist?» Жүректен шыққан бұл айқай гофмаршал Қалбаны¹⁶⁰ еске салады). «...Жұмысшылардың қаймағын алып тастайтын болсаңыз, онда едәуір дәрежеде негізгі капиталдың құны түседі, айналмалы капитал сапасы төмен еңбек жеткіліксіз ұсынылып отырғанда күреске төтеп бере алмайды... Бізге жұмысшылардың өздері эмиграцияға кеткісі келіп отыр ғой деседі. Олардың мұнысы өз тарапынан өте табиғи нәрсе... Мақта-мата өнеркәсібін оның жұмыс күштерінен айырып, (by taking away its working power), қысқартып, тұншықтырып көріңіз, оның төлеп отырған жалақыларының сомасын, айталық, $\frac{1}{3}$, немесе 5 миллион кемітіп көріңіз, сонда жұмысшылардан жоғары, соларға жақын тұрған таптың, ұсақ дүкеншілердің күйі не болар екен? Жер рентасының, коттедждер үшін төленетін пәтер ақының жайы не болар екен?.. Ұсақ фермерлердің, ең жақсы деген үй иелерінің, жер меншікшілерінің жайы не болар екен? Сонымен, айтыңызшы, еліміздің барлық таптары үшін, ұлттың ең жақсы фабрика жұмысшыларын экспорт жасау және оның ең өнімді капиталы мен байлығының бір бөлегін құнсыздандыру арқылы ұлтты әлсірету жөніндегі осынау жобадан асқан өзін өзі өлтіру жоспары бола қояр ма екен?» «Мен екі немесе үш жылға бөлінген 5—6 миллион заем шығаруды ұсынамын; бұл ақша мақта-мата округтеріндегі кедейлерге көмек көрсету әкімшіліктеріне бағынған ерекше комиссарлардың бақылауымен жұмсалуды керек; қайыр алатын жұмысшылардың моральдық құндылығын сақтау үшін белгілі бір дәрежеде еріксіз еңбек тағайындалып, бұл іс аснаулы заңмен реттелуі керек... Жер меншікшілері мен қожайындар үшін (save anything be worse for landowners or masters) өздерінің ең жақсы жұмысшыларынан айрылудан және тік көтеріле жаппай эмиграцияға кету арқылы, бүкіл бір провинцияда капиталды құнсыздандыру арқылы басқа қалған адамдар арасында берекесіздік пен наразылық туғызудан жаман нәрсе бола қояр ма екен?»

Поттер, мақта мата фабриканттарының осы бір теңдесі жоқ өкілі, капиталистің қарамағындағы «машиналардың» екі түрі болады деп біледі: олардың бірі үнемі оның фабрикасында болады, ал екіншілері түнге қарай және жексенбі күндері коттедждерге ауысады. Біріншілері — жансыз, екіншілері — жанды машиналар. Жансыз машиналар күн асқан сайын тозып, құнсызданумен бірге үздіксіз техникалық прогрестің нәтижесінде олардың қолда барларының едәуір бөлегі соншама ескіреді, тіпті оларды бірнеше айдың ішінде неғұрлым жаңа машиналармен тиімді түрде ауыстырып алуға болады. Мұның керісінше, жанды машиналар неғұрлым ұзақ қызмет етсе, өткен ұрпақтардан қалған өнерді өз бойына неғұрлым көп сіңірсе, олар соғұрлым жақсы болады. «Times» өзінің осынау фабрика шонжарына берген жауабында былай деп жазды:

қараңыз): «Фабрика жұмысшыларының еңбегі шынына келгенде машыктанған еңбектің өте төменгі категориясы екенін олар естерінен шығармасын; оңай үйренуге болатын және, сапасын еске алғанда, жақсы ақы төленетін басқа мұндай ешбір еңбек жоқ; осындай аз үйретіп барып, осындай аз уақыттың ішінде және осындай орасан мол табуға болатын басқа ешқандай еңбек жоқ. 6 айда үйретіп шығаруға болатын және өзін деривия батрағының кез келгені үйрене алатын жұмысшының еңбегі мен өнерінен гөрі (енді келіп бізге: тіпті 30 жыл ішінде де жұмысшы өнерінің орыны толмайды, дейді) қожайынның машиналары (ал қазірде бізге: бұларды 12 айдың ішінде жақсы машина-

«Э. Поттер мырзаның мақта-мата кәсіпорындары қожайындарының өте-мөте аса маңызды екені туралы пікірге беріліп кеткендігі сонша, ол тіпті осы тапты қолдау үшін және оның кәсібін мәңгілік ету үшін жарты миллион жұмысшыны үлкен бір өнегелі жұмыс үйіне қамап қоюға дайын. Бұл өнеркәсіптің өзі қолдауға тұрарлық па? — деп сұрайды Поттер мырза. Әрине, барлық адал құралдарды пайдаланып қолдауға тұрады, — деп жауап береміз біз. Машиналарды тәртіптеп ұстау істелген еңбекке тұра ма? — деп сұрайды тағы да Поттер мырза. Бұл жерде біз аңырып қаламыз. Машина деп Поттер мырза адам машиналарды айтады; бұларды мен қожайынның сөзсіз меншігі деп қарамаймын, деп ант-су ішеді ол. Біз адам машиналарды тәртіптеп ұстау, яғни оларды керек болғанға дейін қамап қойып, майлап тұру «еңбекке тұрмайтын» нәрсе деп, тіпті бұлай ету мүмкін емес деп есептейтінімізді айтуымыз керек. Адам машиналар қаншама майланып, тазартылып тұрса да, олардың жұмыссыз бос тұрудан тотығатын қасиеті бар. Оның үстіне адам машиналар, жоғарыда көргеніміздей, өз-өзінен қайнап булануға, сөйтіп біздің үлкен қалаларымыздың көшелерінде бұрқан-тарқан шамырқануға қабілетті келеді. Мүмкін, Поттер мырзаның жұмысшыларды қайтадан көбейтіп алу үшін көп уақыт керек болады деуі дұрыс та болар, бірақ қолда тәжірибелі механиктер мен ақша болатын болса, біз айтарлықтай ыждағатты, қажырлы, еңбек сүйгіш адамдарды әрқашан тауып ала аламыз, осындай адамдардан керегінен де көп фабрика мастерлерін шығарып алуға болады... Поттер мырза 1, 2, 3 жылдан кейін өнеркәсіп тағы да жанданады деп мыжиды, сөйтіп жұмыс күшінің эмиграциялануын біздің сүйемеуімізді немесе тіпті оған рұқсат етпеуімізді талап етеді! Жұмысшылардың эмиграцияға кеткісі келетіні, оның ойынша, табиғи нәрсе; бірақ ол былай деп ойлайды: ұлт осындай жұмысшылардың жарты миллионын және олардың 700 000 адам семья мүшелерін, олардың тілектеріне қарамастан, мақта-мата округтерінде қамап ұстауы керек және, — осыдан сөзсіз туатын нәтиже, — олардың наразылығын күшпен баса отырып, оларды қайыр-садақа беру арқылы күн көретін ету керек, — осының бәрі олар мақта-мата фабриканттарына тағы да керек болатын күн тууы мүмкін деген оймен істелуі керек... Көмірге, темір мен мақтаға қалай қарайтын болса, бұған да солай қарағысы келетін адамдардан осы «жұмыс күшін» құтқару үшін осы аралдардың қоғамдық ұлы пікірінің бірдеме істеуге тиіс болатын уақыты жетті» («to save this «working power» from those who would deal with it as they deal with iron, coal and cotton»¹⁵).

«Times»-тің макаласы тек jeu d'esprit [бос ақыл] ғана болды. Шындығында «ұлы қоғамдық пікір» фабрика жұмысшысы фабриканның жылжымалы мүлкі ғана деген Поттер мырзаның пікірін қостады. Жұмысшылардың эмиграцияға кетуіне кедергі жасалды¹⁶. Оларды мақта мата округтерінің «өнегелі жұмыс үйіне» апарып қамап қойды, сөйтіп олар бұрынғысынан «Ланкашир мақта мата фабриканттарының күші (the strength)» болып қалды.

лармен ойдағыдай ауыстыруға болады, дейді) іс жүзінде өндіріс ісінде анағұрлым маңызды роль атқарады».

¹⁵) «Times», 24 март, 1863 ж.

¹⁶) Парламент эмиграцияға бір фардинг беруге де қарсы болды, алайда жұмысшыларды өмір мен өлім арасында ұстауға, яғни дұрыс жалақы төлемей оларды қанау жөнінде муниципалитеттерге өкілдік беретін заңдар ғана шығарды. Осыдан үш жыл өткеннен кейін мал қырғынға ұшыраған кезде парламент, тіпті парламенттік салтты өрескел бұзушылыққа да қарамастан, миллионер-лендлордтардың шеккен зияның орнын толтыру үшін миллиондаған сомалар беруге дереу дауыс берді; ал бұл лендлордтардың арендаторлары еттің бағасын арттырудың арқасында онысыз да

Сонымен, капиталистік өндіріс процесі өзінің барысында жұмыс күшін еңбек жағдайларынан бөліп тастап отырады. Сөйтіп ол жұмысшыны қанау жағдайларын да қайта туғызып, мәңгілік етіп бекітіп отырады. Ол жұмысшыны тіршілік ету үшін өзінің жұмыс күшін сатуға үнемі мәжбүр етіп отырады, ал капиталистің байи беруі үшін жұмыс күшін сатып алуына үнемі мүмкіндік беріп отырады¹⁷⁾. Ендігі жерде капиталист пен жұмысшыны сатып алушы мен сатушы ретінде товар рыногында кездестіретін нәрсе жәй кездейсоқ жағдай емес. Процессің өзінің механизмі жұмысшыны өзінің жұмыс күшін сатушы ретінде үнемі қайтадан товар рыногына шығарып отырады да, оның өз өнімін капиталистің қолындағы сатып алу құралына үнемі айналдырып отырады. Шындығына келгенде жұмысшы капиталиске өзін сатпастан бұрын-ақ капиталдың қарамағында болып шығады. Жұмысшының экономикалық жағынан азат болмауына¹⁸⁾ себеп болатын, әрі оны бүркемелейтін нәрсе — оның өзін өзі сатуының дүркін-дүркін қайталап отыруы, оның жеке жалдаушы-қожайындарының өзгеріп отыруы және оның еңбегінің рыноктық бағаларының ауытқып отыруы¹⁹⁾.

Демек, жалпы байланысында алып карағанда, яки ұдайы өндіріс процесі ретінде карағанда капиталистік өндіріс процесі товарды ғана, қосымша құнды ғана өндіріп қоймай, ол сонымен қатар капиталистік қатынастың өзін де, — бір жағынан капиталисті, екінші жағынан жалдама жұмысшыны да, — өндіріп және ұдайы өндіріп отырады²⁰⁾.

ешқандай зиян шекпеген еді. 1866 ж. парламентті ашарда жер меншікшілерінің өгіздеуі өкіргені Сабале снырға шоқыну үшін үндіс болудың керегі жоқ екенін, өгізге айналу үшін Юпитер болудың керегі жоқ екенін көрсетті.

¹⁷⁾ «Өмір сүру үшін жұмысшы тіршілік заттарын талап етті, пайда түсіру үшін қожайын еңбек етілуін талап етті» (*Sismond. «Nouveaux Principes d'Economie Politique»*, Paris, t. I, p. 91).

¹⁸⁾ Бұл тәуелділіктің түрпайы мүжықтық түрі Дургам графтығында бар. Бұл — жергілікті жағдайлары арендаторларға батрактарды даусыз меншіктену правосын бермейін аз ғана графтықтардың бірі. Мұнда кен өнеркәсібінің болуы батрактардың жұмыс таңдауына мүмкіндік береді. Сондықтан мұнда, жалпы әдетке қарама-қарсы, фермер тек жұмысшы қоттеждері тұрған жерді ғана арендаға алады. Қоттежді жалдау ақысы жалақының бір бөлігі болып табылады. Бұл қоттеждер «hind's houses» [«батрақ үйлері»] деп аталады. Бұл үйлерді жұмысшыларға жалдағанда белгілібір феодалдық міндеттемелерді орындап беру шартымен, «bondage» [крепостнойлық тәуелділік] деп аталатын договор бойынша жалдайды, оның үстіне, бұл шарт жұмысшы басқа бір жерде істеген кезінде өзінің орнына жұмысқа қызын жіберуге міндеттейді, т. т. Жұмысшының өзі *bondsmen*, яғни крепостной деп аталады. Бұл қатынас жұмысшының жеке басының тұтынуы капитал үшін тұтыну, немесе өнімді тұтыну екенін бізге мүлде жаңа жарынан әкеліп көрсетеді. «Айт кетерлік бір нәрсе — тіпті бұл *bondsmen*-ның нәжісін де оның есеңкей өміршісі өзінің табысына қосып есептейді... Фермер өзінің салған дәретханаларынан басқа ешқандай дәретхана салуға рұқсат етпейді және өзінің бұл жөніндегі мәртебелі праволарын титтей де бұзғыздайды» («Public Nealth. 7th Report 1864», p. 188).

¹⁹⁾ Ескерте кетелік, балалардың, т. б. еңбегі жөнінде тіпті өзін өзі сату формальдығы да жоғалып кетеді.

²⁰⁾ «Капитал жалдама еңбектің болуын керек етеді, ал жалдама еңбек капиталдың болуын керек етеді. Олар бір-біріне себеп болып, бірін-бірі туғызып отырады. Мақта-мата фабрикасындағы жұмысшы тек мата өндірумен ғана тына ма? — Жоқ, ол капитал өндіреді. Ол күн өндіреді, ол күндар тағы да оның еңбегіне үстемдік ету үшін және оның еңбегі арқылы жаңа күн өндіру үшін қызмет етеді» (*Карл Маркс. «Жалдама еңбек және капитал» «Neue Rheinische Zeitung»-те № 266, 7 апрель, 1849 жылы*

Ж И Ы Р М А Е Қ І Н Ш І Т А Р А У

ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ КАПИТАЛҒА АЙНАЛУЫ

1. ҰЛҒАЙҒАН КӨЛЕМДЕГІ КАПИТАЛИСТІК ӨНДІРІС ПРОЦЕСІ. ТОВАР ӨНДІРІСІ МЕНШІК ЗАҢДАРЫНЫҢ КАПИТАЛИСТІК ИЕМДЕНУ ЗАҢДАРЫНА АЙНАЛУЫ

Жоғарыда біз қосымша құнның капиталдан қалай туатынын зерттеген едік, енді капиталдың қосымша құннан қалай туатынын қарастырып көрелік. Қосымша құнның капитал есебінде қолданылуы, яки қосымша құнның қайтадан капиталға айналуы капиталдың қорлануы ²¹⁾ деп аталады.

Бұл процесі әуслі жеке капиталистің тұрғысынан қарастыралық. Мәселен, жіп иіру фабриканы 10 000 фунт стерлинг капитал авансылаған екен, оның $\frac{4}{5}$ бөлегін мақта, машина және т. б. түрінде және $\frac{1}{5}$ бөлегін жалақы түрінде авансылаған екен делік. Онан соң ол жылына құны 12 000 фунт стерлинг болатын 240 000 қадақ жіп өндіреді делік. Қосымша құн нормасы 100% болған жағдайда, құны 2 000 фунт стерлинг қосымша құн 40 000 қадақ иірілген жіпте, немесе жалпы өнімнің алтыдан бір бөлегі болатын қосымша, яки таза, өнімде болады, бұл құн өнімді сатқан кезде орналастырылады. 2 000 фунт стерлинг құн сомасы дегеніміз 2 000 фунт стерлинг құн сомасы болып табылады. Бұл ақшаның қосымша құн екенін олардың түрінен де, ісінен де білуге болмайды. Бұл құнның қосымша құн екені оның өз меншікшісінің қолына қалайша келіп түскендігін ғана көрсетеді, бірақ құнның немесе ақшаның табиғатын снқандай да өзгертпейді.

Сонымен, жіп иіру фабриканы қолына жаңадан түскен осы 2 000 фунт стерлинг соманы капиталға айналдыру үшін, басқа жағдайлары тең болып келгенде, оның $\frac{4}{5}$ бөлегін мақта, т. с. сатып алу үшін және $\frac{1}{5}$ бөлегін жаңадан иіруші-жұмысшылар жалдап алу үшін авансылауға тиіс, бұл жұмысшылар құнын өздеріне фабрикант авансылаған тіршілік заттарын

жарыяланған [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*, Шығармалар, 2-ші басылуы, 6-том, 444-ет]. «*Neue Rheinische Zeitung*»-те осы тақырыппен жарыяланған мақалалар менің 1847 ж. Брюссельдегі Неміс жұмысшылары қоғамында ¹⁶⁾ осы тақырыпта оқыған лекцияларымның үзінділері еді; оларды бастыру ісі февраль революциясына байланысты тоқтап қалды.

²¹⁾ «Капиталдың қорлануы—табыстың бір бөлегін капитал есебінде қолдану» («*Malthus. «Difinitions etc.»*, ed. Cazenove баспасы, p. 11). «Табысты капиталға айналдыру» (*Malthus. «Principles of Political Economy»*. 2nd ed. London, 1836, p. 320).

рыноктан тауып ала алады. Сонда осы 2 000 фунт стерлинг жаңа капитал жіп иіру ісінде пайдаланылады және, өз тарапынан, 400 фунт стерлинг қосымша құн әкеледі.

Капиталдық құн алғашында ақша түрінде авансыланған еді; оның керісінше, қосымша құн әуел баста жалпы өнімнің белгілі бір бөлімінің құны есебінде өмір сүреді. Егер бұл жалпы өнім сатылып, ақшаға айналатын болса, онда капиталдық құн қайтадан өзінің алғашқы түріне көшеді, ал қосымша құн өз болмысының бастапқы түрін өзгертеді. Алайда, осы кезеңнен бастап, олардың екеуі де, капиталдық құн да, қосымша құн да, ақшалай сома болып шығады да олар қайтадан капиталға айналғанда мүлде бірдей әдіспен айналады. Бұл құндардың екеуін де капиталист товар сатып алуға жұмсап, соның арқасында өз өнімін қайтадан өндіруге және бұл жолы ұлғайтылған көлемде өндіруге мүмкіндік алады. Бірақ бұл товарларды сатып алу үшін ол оларды рыноктан тауып алуға тиісті.

Ол өзінің жылдық өнімін, басқа капиталистердің бәрінің де өз товарларын рынокқа шығаратыны сияқты, рынокқа шығаратын болғандықтан ғана оның иірілген жібі айналысқа түседі. Бірақ бұл товар рынокқа түспестен бұрын олар жылдық өндірістік қорда болды, яғни әралуан заттардың аумағында болды, жыл бойында жеке капиталдардың сомасы, яки қоғамдық жиынтық капитал, бір аз ғана бөлегі әрбір жеке капиталистің қолында болатын капитал осындай заттарға айналып отырады. Рыноктағы процестер жылдық өндірістің тек жеке құрамды бөлімдерін ғана айналысқа түсіреді, оларды қолдан қолға өткізеді, бірақ жылдық өндірістің сомасын ұлғайта да алмайды, өндірілген заттардың жаратылысын өзгерте де алмайды. Жылдық жиынтық өнімнің қалайша пайдаланылатыны, сонымен, өнімнің айналысына емес, оның өзінің құрамына байланысты болады.

Ең алдымен жылдық өндіріс жыл бойында жұмсалған капиталдың заттық құрамды бөлімдерінің орнын толтыра алатын заттардың (тұтыну құндарының) бәрін тауып беруге тиісті. Осы бөлімін шығарып тастағанда таза, яки қосымша, өнім қалады, қосымша құн осы өнімде болады. Ал бұл қосымша өнім неден құралады? Мүмкін, капиталистер табының қажеттері мен сауық-сайранына арналған заттардан, — сөйтіп, олардың тұтыну қорына енетін заттардан құралатын болар? Егер осылай болатын болса, онда қосымша құн түгі қалмай жұмсалып кеткен болар еді де, жәй ұдайы өндіріс қана орын алған болар еді.

Қор жинау үшін қосымша өнімнің бір бөлегін капиталға айналдыру қажет. Бірақ, бір керемет жасамай-ақ, капиталға еңбек процесінде қолдануға болатын заттарды ғана, яғни өн-

діріс құрал-жабдықтарын айналдыруға болады және, одан соң, жұмысшының өмірін сақтай алатын заттарды, яғни тіршілік заттарын айналдыруға болады. Демек, жылдық қосымша еңбектің бір бөлегі авансыланған капиталдың орнын толтыру үшін қажет мөлшерден тыс қосымша өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарын өндіруге жұмсалуға тиісті. Бір сөзбен айтқанда, қосымша құнды капиталға айналдыруға болатын себебі: қосымша құн соның құны болып табылатын қосымша өнімнің өзінде жаңа капиталдың заттық құрамды бөлігі бар ^{21a)}.

Ал енді осы элементтерге іс жүзінде капитал есебінде қызмет еткізу үшін капиталистер тобы үстеме еңбекке мұқтаж болады. Егер жұмыс істеп жүрген жұмысшыларды қанау экстенсивті немесе интенсивті түрде арттырмайтын болса, онда үстеме жұмыс күші қолданылуға тиіс. Бұл жөнінде де капиталистік өндіріс механизмінің өзі қам жейді: ол жұмысшы табын жалақыға тәуелді тап ретінде ұдайы өндіріп отырады, ал жалақының әдеттегі дәрежесі жұмысшының қара басын сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар оның өсіп-өрбуі үшін де жеткілікті. Өртүрлі жастағы осы үстеме жұмыс күшін капиталға жыл сайын жұмысшы табының өзі жетістіріп беріп отырады, сондықтан тек бұларды жылдық өндіріс өнімінің өзінде бар үстеме өндіріс құрал-жабдықтарымен ұштастыру ғана қалады, сонда қосымша құнды капиталға айналдыру әзір болып шығады. Сонымен, нақтылап қарастырғанда капиталдың қорлануы капиталды ұлғая беретін көлемде ұдайы өндіру болып табылады. Жәй ұдайы өндірістің ауыспалы айналымы өзгеріп, Сисмондидің айтуынша ¹⁶², спиральға айналады ^{21b)}.

Енді біз өзіміздің мысалымызға қайта оралайық. Мұның өзі — ескі тарих: Авраам Исаакты туғызған, Исаак Иаковты туғызды ¹⁶³ т. б. деген сияқты. 10 000 фунт стерлинг бастапқы жұмсалған капитал 2 000 фунт стерлинг қосымша құн келтіреді, бұл құн капиталға айналады. 2 000 фунт стерлинг жаңа капитал 400 фунт стерлинг қосымша құн келтіреді, бұл қосымша құн да капиталға айналады, яғни екінші үстеме капиталға айналады, бұл капитал тағы да 80 фунт стерлинг жаңа қосымша құн келтіреді және т. т.

^{21a)} Біз бұл жерде сыртқы сауданы есепке алмаймыз, ұлт сыртқы сауда арқылы сән-салтанат заттарын өндіріс құрал-жабдықтарына және тіршілік заттарына айналдыра алады немесе оның керісінше істей алады. Өзіміздің зерттеп отырған предметімізді іске бөгет жасайтын көлденең жағдайларға байланысыз таза күйінде алып қарастыру үшін біз бүкіл сауда жасайтын дүниені бір ұлт есебінде алып қарап, капиталистік өндіріс барлық жерде бірдей орныққан және өндірістің барлық саласын менгеріп алған деп ұйғаруымыз керек.

^{21b)} Сисмондидің қорлануға жасаған талдауының мынадай үлкен кемістігі бар: автор «табыстың капиталға айналуы» деген сөзге тым асығыс қанағаттанып, осы операцияның материалдық жағдайларын зерттемейді.

Біз бұл арада қосымша құнның капиталист тұтынатын бөлегін есепке алмаймыз. Ал қосымша капитал бастапқы капиталға қосыла ма немесе өзінің құнын дербес өсіре беру үшін одан бөлініп шыға ма; бұл қосымша капиталды оны қорландырған капиталистің өзі пайдалана ма немесе ол басқа капиталистің қолына өтіп кете ме деген мәселелерге де біз қазір онша көңіл аудармаймыз. Біз тек мынаны ғана ұмытпауымыз керек: жаңадан құралған капиталдармен қатар бастапқы капитал өзін ұдайы өндіре береді және қосымша құн өндіре береді, ал әрбір қорланған капиталдың өзі өндірген қосымша капиталға қатынасы жөнінде де осыны айтуға болады.

Бастапқы капитал 10 000 фунт стерлингті авансылау арқылы құралды. Ал осы ақшаны оның иесі қайдан алды? Бұл ақша оның өз еңбегімен және ата-бабаларының еңбегімен құралды! — деп бірауыздан жауап береді саяси экономия өкілдері^{21с)}, ал олардың осы жорамалы шынында да товар өндірісінің заңдарына сәйкес келетін бірден-бір жорамал сияқты көрінеді.

2 000 фунт стерлинг қосымша капитал жөніндегі мәселе бұдан мүлдем басқаша. Оның пайда болу процесі бізге әбден белгілі. Бұл — капиталға айналған қосымша құн. Өзінің бастапқы пайда болуынан бастап-ақ онда басқа біреудің ақы төленбеген еңбегінен өзге жолмен туарлық титтей де құн болған емес. Жұмыс күшінің өзін өзі сақтауына себеп болатын тіршілік заттары сияқты, қосымша жұмыс күші келіп ұштасатын өндіріс құрал-жабдықтары қосымша өнімнің, — капиталистер табы жыл сайын жұмысшылар табынан жырып алып отыратын алымның, — құрамды бөлімдерінен басқа ештеңе емес. Егер капиталистер табы осы алымның бір бөлегіне, эквивалент эквивалентке айырбасталатындай етіп, тіпті толық бағасымен, қосымша жұмыс күшін сатып алатын болса, соның өзінде де капиталист бұл ретте жеңілгендердің товарын солардың өздерінің ақшасына, солардан тонап алынған ақшаға сатып алатын жеңушілердің ескі рецептімен әрекет етеді.

Егер қосымша капитал оны өндірген жұмысшының өзіне жұмыс беретін болса, онда осы жұмысшы ең алдымен бастапқы капиталдың құнын өсіре беруге тиіс және оның үстіне өзінің бұрынғы ақы төленбеген еңбегінің өнімін, оның жұмысшыға түскен құнынан көбірек еңбек жұмсау арқылы қайтадан сатып алуға тиіс. Ал енді біз мұны капиталистер табы мен жұмысшылар табының арасындағы келісім деп қарайтын болсақ, онда осы кезге дейін жұмыс істеп келген жұмысшылардың ақы төленбеген еңбегінің есебінен жаңа қосымша жұмысшы-

^{21с)} «Оның капиталы алғашқы еңбектің өзінен пайда болған» (*Sismondi: «Nouveaux Principes d'Economie Politique», ed. Paris, t. I, p. 109.*)

лардың жұмыс алатын болуынан істің мәні титтей де өзгермейді. Өйткені капиталистің қосымша капиталды машинаға айналдыруы, ол машинаның бұл қосымша капиталды өндірушіні көшеге лақтырып тастап, оның орнына бірнеше баланы қою мүмкін нәрсе ғой. Қалай болған күнде де жұмысшы табы өзінің осы жыл бойындағы қосымша еңбегі арқылы капитал жасайды, осы капитал келесі жылы үстеме еңбекке жұмыс тауып беретін болады²²⁾. «Капиталдан капитал туғызу» дегеннің мәні міне осы.

Алғашқы 2 000 фунт стерлинг қосымша капиталды қорландырудың алғышарты капиталист авансылаған және оның «бастапқы еңбегінің» арқасында соған тиесілі 10 000 фунт стерлинг құн сомасы болып еді. Керісінше, 400 фунт стерлинг екінші қосымша капиталдың алғышарты — алғашқы қосымша капиталдың, капиталға айналған қосымша құны жаңағы 400 фунт стерлинг болып табылатын осы 2 000 фунт стерлингтің, осының алдында болған қорлануынан өзге ештеңе де емес. Енді бұрынғы ақы төленбеген еңбекті меншіктену қазіргі ақы төленбеген тірі еңбекті барған сайын көбірек көлемде күнделікті иемдене берудің бірден-бір шарты болып шығады. Капиталист неғұрлым көп қор жинаған болса, ол соғұрлым көп қор жинай бере алады.

№ I қосымша капиталды құрайтын қосымша құн бастапқы капиталдың бір бөлегіне жұмыс күшін сатып алудың, товар айырбасының заңдарына толық сай келетін және заң тұрғысынан қарағанда жұмысшы өз басының қабілеттерін еркін билейді, ал ақша немесе товар иесі өзіне тиесілі құндарды еркін билейді деп қана ұйғаратын сатып алудың нәтижесі болғандықтан; № II қосымша капитал және т. б. № I қосымша капиталдың жәй ғана нәтижесі, яғни нақ сол қатынастардың өздерінің нәтижесі болғандықтан; мұнда әрбір жеке іс-әрекет әрқашан товар айырбасының заңына толық сай жасалып отыратын болғандықтан, яғни капиталист әрқашан жұмыс күшін сатып алып, ал жұмысшы әрқашан оны сатып отыратындықтан, — тіпті оны ақиқат құны бойынша сатады деп те ойлауға болады, — товар өндірісіне және товар айналысына негізделген иемдену заңы, яки жеке меншік заңы өзінің сөзсіз болатын ішкі диалектикасы арқылы өзінің тікелей қарама-қарсылығына айналатыны анық. Бастапқы операцияны бейнелейтін эквиваленттер айырбасының өзгерістерге ұшырағаны соншалық — осының нәтижесінде ол сыртқы көрініс қана болып қалады; шындығында капиталдың жұмыс күшіне айырбасталған бір бөлегінің өзі, біріншіден, эквивалентсіз иемделінген

²²⁾ «Капиталдың еңбекті пайдалануынан бұрын еңбек капиталды жасайды». (E. G. Wakefield. «England and America». London, 1883, v. II, p. 110).

бөтеннің еңбегі өнімінің бір бөлегі ғана болып табылады; екіншіден, оны өндiрген жұмысшы оның өз орнын толтырып қана қоймай, сонымен қатар жаңадан артығымен толтыруға тиіс. Сонымен, капиталист пен жұмысшының арасындағы айырбас қатынасы айналыс процесінде болатын көрініс қана, ол өзінің мазмұнын бүркемелейтін және оған жат бос форма ғана болып шығады. Жұмыс күшінің ұдайы сатып алынуы және сатылуы — форма жағы. Ал оның мазмұны мынада: капиталист өзі эквивалентсіз-ақ үнемі иемденіп алатын, затқа айналған бөтеннің еңбегінің бір бөлегін үнемі қайтадан бөтеннің көп мөлшерлі тірі еңбегіне айырбастап отырады. Алғашында меншік правосы бізге өз еңбегіне негізделінген право болып көрінді. Қалай болған күнде де оны біз осылай деп қабылдауға тиіс болдық, өйткені рынокта бір-біріне тең праволы товар иелері ғана қарсы келеді, сонда бөтеннің товарын иемдену шарты тек өз товарыңды өзгеге өткізу болып табылады, ал товарды еңбек арқылы ғана жасауға болады. Енді осыдан меншік дегеніміз капиталист үшін бөтеннің ақы төленбеген еңбегін немесе оның өнімін иемдену правосы, ал жұмысшы үшін өзінің өндiрген өнімін өзі иемденуінің мүмкін еместігі болып шығады. Меншікті еңбектен бөлектеу, тегі, осылардың ұқсастығы бастама пункті болған заңның қажетті нәтижесі болып шығады ²³⁾.

Сонымен, капиталистік иемдену тәсілі товар өндірісінің бастапқы заңдарына қайшы келетін сияқты көрінгенімен де, бұл иемдену тәсілі ол заңдарды бұзу арқылы емес, қайта, керісінше, соларды қолдану арқылы туып отырады. Ең қорытынды түйіні капиталистік қорлану болып табылатын қозғалыстың желілі кезеңдеріне өткенді шола үстірт көз жіберудің өзі осының бәрін бізге тағы да айқын көрсетіп береді.

Әуелі біз құн сомасының капиталға алғашқы айналуы айырбас заңдарына толық сай болғанын көрдік. Айырбас жасаушылардың біреуі өзінің жұмыс күшін сатады, ал екіншісі оны сатып алады. Біріншісі өз товарының құнын алады, сөйтіп оның тұтыну құнын, яғни еңбекті, екіншісінің қолына өткізеді. Сонда екіншісі бұрыннан өзіне тиісті өндіріс құрал-жабдықтары осы, бұл да өзіне тиісті болып отырған еңбек арқылы жаңа өнімге айналдырады, дәл сол сияқты бұл жаңа өнім де право жағынан соған тиісті.

Бұл өнімнің құнында, біріншіден, жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтарының құны бар. Пайдалы еңбек, өндіріс құрал-

²³⁾ Капиталистік бөтеннің еңбегінің өнімін меншіктенуі керісінше, негізгі принцип әрбір жұмысшының өз еңбегінің өнімін меншіктенуіне ерекше правосы «болатын иемдену заңының қажетті нәтижесі болып табылады» (*Cherbuliez*. «Richesse ou Pauvreté». Paris, 1841, p. 58. Алғайда, осы диалектикалық өзгеріс бұл еңбекте дұрыс дамытылмады).

жабдықтарының құнын өнімге көшірмейінше, оларды тұтына алмайды; ал жұмыс күші өзінің қолданылмақ болып отырған өндіріс саласына пайдалы еңбек бере алатын болса ғана сатуға түсе алады.

Онан соң, жаңа өнімнің құнында жұмыс күші құнының эквиваленті және қосымша құн бар. Мұның бұлай болатын себебі белгілібір мерзімге — бір күнге, бір аптаға, т. с., — сатылған жұмыс күшінің құны оның осы мерзім ішінде қолданылуынан пайда болатын құннан кем болады. Бірақ жұмысшыға оның жұмыс күшінің айырбас құны төленген, сөйтіп оның жұмыс күшінің тұтыну құны, — әрбір сатып алу мен сату кезінде болатыны сияқты, — басқаға өткізілген.

Осынау ерекше товардың — жұмыс күшінің — еңбекке ие ететін, олай болса құн жасайтын қабілетінде өзгеше бір тұтыну құны бар екенінен товар өндірісінің жалпы заңына титтей де нұқсан келмейді. Сонымен, егер жалақы үшін авансыланған құнның сомасы өндірілген өнімнің бойына тек қайта сіңіп қана қоймай, сонымен бірге қосымша құнның сомасындай мөлшерде ұлғайып шыққан болса, онда бұл әсте де сатушыны алдап соққандықтан болмайды, — ол товар құнын алды ғой, — сатып алушының осы товарды тұтынуынан ғана болды.

Айырбас заңы бір біріне айырбасталатын товарлардың айырбас құнының тең болуына ғана жағдай туғызады. Ол тіпті әуел бастан-ақ олардың тұтыну құндарында айырмашылық болады деп біледі және олардың сауда-саттық ісі әбден бітіп аяқталған кезде ғана басталатын тұтынылуына ешбір қатысы жоқ.

Демек, ақшаның ең алғаш капиталға айналуы товар өндірісінің экономикалық заңдарына және солардан туатын меншік правосына дәлме-дәл сәйкес жүріп отырады. Бұған қарамастан, соның нәтижесінде:

1) өнім жұмысшыға емес, капиталиске тиісті болып шығады;

2) бұл өнімнің құнында авансыланған капиталдың құнымен қоса жұмысшыға еңбекке түскен, ал капиталиске текке түскен және, солай бола тұрса да, капиталистің толық правосы меншігі болып табылатын қосымша құн да болады;

3) жұмысшы өзінің жұмыс күшін сақтап қалды, сатып алушы тапса, оны қайтадан сата алады.

Жәй ұдайы өндіріс — осы бірінші операцияның мезгіл-мезгіл қайталануы ғана; сонда әрбір қайталанған сайын ақша қайтадан капиталға айналып отырады. Сонымен, мұнда заң әсте бұзылмайды, — қайта ол үнемі жүзеге асып отыруға мүмкіндік алады.

«Бірінен соң бірі қайталанып келген бірнеше айырбастар тек соңғыны біріншінің өкілі ғана етті» (*Sismondi*: «Nouveaux Principes d'Economie Politique», t. I, p. 70).

Ал, солай бола тұрса да, біз осы операцияны оқшауланған процесс деп қарағандығымыздан, бұл бірінші операцияға мүлде басқаша сипат беру үшін, біздің жоғарыда көргеніміздей, жәй ұдайы өндірістің өзі-ақ жеткілікті.

«Ұлттық табыс бөлінетін адамдар арасында біреулері» (жұмысшылар) «жаңадан еңбек жұмсау арқылы ол табысты иемденуге жыл сайын жаңа право алып отырады; екіншілері» (капиталистер) «алғашқы еңбек жұмсауы арқылы ол табысты иемденуге бұрыннан-ақ тұрақты право алып алған» (бұл да сонда, 111-бет).

Еңбек саласы — бірінші кезек алу керемет жасайтын бірден-бір сала емес екені жұртқа мәлім.

Егер жәй ұдайы өндіріс ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріспен, яки қорланумен, ауыстырылатын болса, одан істің жәйі титтей де өзгермейді. Бірінші жағдайда капиталист қосымша құнды түгел жеп қойып отырады да, екінші жағдайда ол қосымша құнның бір бөлегін ғана жұмсап, қалғанын ақшаға айналдырып, өзінің азаматтық ізгі ниетін білдіреді.

Қосымша құн — капиталистің меншігі, ол одан басқа біреуге ешқашан тиесілі болған емес. Егер капиталист қосымша құнды өндіріске авансылайтын болса, онда ол өзінің меншікті қорынан бұл авансылауды өзі алғаш рет рынокқа шыққан күні қалай авансылаған болса, дәл солай авансылайды. Бұл жолы оның қоры өз жұмысшыларының ақы төленбеген еңбегінен туып отырғандығының мүлдем ешқандай маңызы жоқ. Егер жұмысшы *B* келіп жұмысшы *A* өндірген қосымша құн есебінен жалданатын болса, онда, біріншіден, *A* бұл қосымша құнды өз товарына тиесілі әділетті бағаны бір тиынын қалдырмай түгел алып өндірді, екіншіден, бұл істің жалпы алғанда жұмысшы *B*-ға ешқандай қатысы жоқ. Жұмысшы *B*-ның бар талап етегін және талап етуге праволы нәресі — өзіне капиталистің оның жұмыс күшінің құнын төлеуі ғана.

«Бұлардың екеуі де ұтып отыр: жұмысшы өзінің еңбегі орындалмай тұрып» (оның еңбегі өз жемістерін бермей тұрып делінуі жөн еді), «өз еңбегінің» (басқа жұмысшылардың ақы төленбеген еңбегінің делінуі жөн еді) «жемістері оған авансыға берілгендігінен ұтты; қожайын бұл жұмысшының еңбегі оның жалақысынан жоғары бағалы болғандығынан ұтты» (жалақы құнынан көп құн өндірді делінуі жөн еді). (*Sismondi*: «Nouveaux Principes d'Economie Politique», t. I, p. 135).

Рас, капиталистік өндірісті біз оның қайталануының үздіксіз ағымында алып қарайтын болсақ және жеке капиталист пен жеке жұмысшының орнына олардың жиынтығын, капита-

листер табы мен жұмысшылар табын алып қарайтын болсақ, онда істің жайы мүлдем басқаша болып шығады. Сөйтіп біз товар өндірісіне мүлдем жат критерийді қолданған болар едік.

Товар өндірісінде бір біріне тәуелсіз сатушы мен сатып алушы ғана қарама-қарсы келеді. Ал олардың жасасқан шартының мерзімі өткен кезде олардың арасындағы өзара қатынастардың бәрі үзіледі. Егер келісім жаңадан жасалатын болса, онда енді жаңа шарт негізінде жасалады, бұл шарттың оның алдындағы шартпен ешқандай қатысы жоқ, ол жаңағы сатып алушыны нақ сол сатушының өзімен тек кездейсоқ қана қайта кездестіреді.

Сонымен, егер товар өндірісін немесе соған қатысы бар басқа бір құбылысты солардың өздерінің экономикалық заңдарына сәйкес қарастыратын болсақ, онда біз әрбір айырбас әрекетін одан бұрынғы және одан кейінгі айырбас әрекеттеріне ешқандай байланыссыз, жеке алып қарауға, тиіспіз. Ал сатып алу мен сату жеке адамдардың арасында ғана болатындықтан, бұлардан бүтін бір қоғамдық таптар арасында болатын қатынастарды іздеуге болмайды.

Қазіргі кезде қолданылып отырған капитал тіркесті ұдайы өндірістер мен олардан бұрын болатын қорланулардың ұзақ тізбегін басынан кешіргенімен, қалай болған күнде де ол өзінің ең алғашқы таза қалпын сақтап отырады. Ал әзірге жеке алынған әрбір айырбас актысы кезінде айырбас заңдары сақталып отырғанда исмдену әдісі товар өндірісіне сай келетін меншік правосына ешқандай зардабын тигізбестен толық төңкеріске ұшырайды. Өнім өндірушіге тиісті болатын, өндіруші эквивалентті эквивалентке айырбастап, өз еңбегінің есебінен ғана байи алатын бастапқы кезде де, сол сияқты қоғамдық байлық бірден бірге өсе беретін көлемде басқалардың ақы төленбеген еңбегін үнемі қайта-қайта иемдене алатын адамдардың меншігіне айналатын капиталистік дәуірде де меншіктің нақ сол бір правосы өзінің күшін сақтайды.

Жұмыс күшін жұмысшының өзі товар есебінде еркін сатып отыратын болғандықтан нәтиженің осындай болуы сөзсіз. Бірақ тек осы кезден бастап товар өндірісі жалпылық сипат алып, өндірістің әдеттегі түріне айналады; тек осы кезден бастап әрбір өнім әуел бастан-ақ сату үшін өндіріледі, сөйтіп өндірілетін байлықтың бәрі айналыс саласынан өтіп отырады. Жалдама еңбек товар өндірісінің негізі болып алған кезден бастап қана товар өндірісі өзін бүкіл қоғамға еріксіз таңады; бірақ тек сонда ғана ол өзінің ішкі жасырын мүмкіндіктерінің бәрін де өрістете алады. Жалдама еңбектің пайда болуы товар өндірісінің шын сипатын бұзады деу — товар өндірісінің шын сипаты бұзылмай қалуы үшін оның дамымауы керек деу-

мен бірдей. Товар өндірісі өзінің ішкі заңдарына сәйкес дами келе қандайлық дәрежеде капиталистік өндіріске айналатын болса, товар өндірісіне тән меншік заңдары нақ сондай дәрежеде капиталистік иемдену заңдарына көшеді ²⁴⁾.

Тіпті жәй ұдайы өндірістің тұсында да бүкіл авансыланған капитал, оның алғашқы шыққан тегі қандай болуына қарамастан, қорланған капиталға, яки капиталға айналған қосымша құнға айналатынын біз жоғарыда көрдік. Бірақ өндірістің жалпы ағымында бүкіл бастапқы авансыланған капитал тікелей қорланған капиталмен, яғни қайтадан капиталға айналдырылған қосымша құнмен, яки қосымша өніммен салыстырғанда, бұл ретте осы капиталдың оны жинаған адамның қолында, немесе басқа біреудің қолында пайдаланылуы есеп емес—тегі өте-мөте аз мөлшер (*magnitudo evanescens* математикалық мағнада) болып шығады. Сондықтан саяси экономия жалпы алғанда капиталды «қосымша құн өндіру үшін қайтадан қолданылатын қорланған байлық» ²⁵⁾ (өзге түрге айналған қосымша құн, немесе табыс) деп, ал капиталисті — «қосымша құнның иесі» ²⁶⁾ деп суреттейді. Барлық қолда бар капитал — қорланған немесе капиталға айналған процент, өйткені процент дегеніміз қосымша құнның бір бөлегі ғана дегенде де дәл осы көзқарас айтылады, тек басқаша түрде айтылады ²⁷⁾.

2. САЯСИ ЭКОНОМИЯНЫҢ ҰЛҒАЙТЫЛҒАН КӨЛЕМДЕГІ ҰДАЙЫ ӨНДІРІСТІ ҚАТЕ ТҮСІНУІ

Қорлануды, яки қосымша құнның қайтадан капиталға айналуын неғұрлым дәлірек анықтауға кіріспестен бұрын біз классикалық саяси экономия туғызған екіұшты түсінікті жоюымыз керек.

Капиталистің өз тұтынуы үшін қосымша құнның бір бөлегіне сатып алатын товарлары оған өндіріс құрал-жабдықтары және құн өсіру құралдары бола алмайтыны сияқты оның өзінің табиғи және әлеуметтік қажеттерін өтеу үшін сатып алатын еңбегі де өндіргіш еңбек болып шықпайды. Ондай товарларды немесе еңбекті сатып алған жағдайда капиталист оларға

²⁴⁾ Капиталистік меншікке... товар өндірісінің мәңгілік меншік заңын қарсы қоя келіп, капиталистік меншікті жойғысы келетін Прудонның айласына сондықтан таңданбасқа болмайды!

²⁵⁾ «Капитал, яғни пайда түсіру мақсатымен қолданылатын қорланған байлық» (*Malthus*. «Principles of Political Economy». [p. 262]). «Капитал... табыстан үнемделген және пайда түсіру мақсатымен қолданылған байлықтан құралады» (*R. Jones*. «Text-book of Lectures on the Political Economy of Nations». Hertford, 1832, p. 16).

²⁶⁾ «Артық өнімнің, яки капиталдың, иесі» («The Source and Remedy of the National Difficulties. A Letter to Lord John Russel». London, 1821).

²⁷⁾ «Үнемделген капиталдың әрбір бөлегіне келетін күрделі проценттері бар капиталдың бәрін жалмағыштығы соншама, дүние жүзінің табыс беретін байлығының бәрі әлдеқашан-ақ капиталдың жой процентіне айналып кетті» (Лондон «Economist»-і 19 июль, 1851 ж.).

жұмсаған қосымша құнды капиталға айналдырмайды, қайта, керісінше, оны табыс есебінде тұтынады немесе жұмсайды. Гегельдің әділетті айтқанындай, «қолда барын тұтынып қоюда болатын»¹⁶⁴ және әсіресе жеке бастарының сән-салтанатынан айқын көрінетін ескі дворяндық принципке қарама-қарсы, буржуазиялық саяси экономия капиталдың қорлануын бірінші азаматтық борыш деп жариялауды және өз табысының басым бөлегін өз құнынан көбірек пайда беретін қосымша өндіргіш жұмысшылар жалдауға жұмсаудың орнына өзінің барлық табысын жеп қоятын адам капиталды қорландыра алмайды дегенді үнемі уағыздап отыруды ерекше маңызды нәрсе деп есептеді. Екінші жағынан, саяси экономияның капиталистік өндірісті қазына жинаумен²⁸⁾ шатастыратын, сондықтан қорланған байлық дегеніміз оның осы заттық түрінде бұзылудан қорғалған байлық, демек, тұтыну саласынан және тіпті айналыс саласынан шығарылған байлық, деп білетін халықтың соқыр сеніміне қарсы күресуіне тура келді. Шындығына келгенде ақшаны айналыс саласынан шығарып тастау оны капитал есебінде жұмсауға тура қарама-қарсы келген болар еді, ал қазына жинау мағынасында товарды қорландыру барып тұрған мағынасыздық болған болар еді^{28a)}. Товардың едәуір көлемде қорлануы — айналысты тоқтата тұрудың нәтижесі немесе артық өндірудің нәтижесі²⁹⁾. Қалай болған күнде де халықтың түсінігінде, бір жағынан, байлардың тұтыну қорында жинақталған, жайлап тұтынылатын игіліктер, екінші жағынан, запастардың құралуы,— өндіріс тәсілдерінің бәріне тән осы құбылыс, бұған біз айналыс процесіне талдау жасаған кезде тағы тоқталып өтеміз,— көрініс береді.

Демек, қосымша өнімді өндіріске қатыспайтын жұмысшылар емес, өндіргіш жұмысшылардың тұтынатындығын қорлану процесінің ерекше кезеңі деп атап көрсетіп отырса, бұл арада классикалық саяси экономияныкі әбден дұрыс. Бірақ оның қатесі де нақ осы жерден басталады. А. Смит қорлануды өндіргіш жұмысшының қосымша өнімді жай тұтынуы деп суреттеуді, яғни қосымша құнның капиталға айналуын оның жай ғана жұмыс күшіне айналуы деп суреттеуді әдетке айналдырды. Мәселен, Рикардоны тыңдап көрелік:

²⁸⁾ «Біздің заманымыздағы бір де бір экономист үнемдеуді қазынаның жәй қорлануы деп біле алмайды; бірақ бұл шектеуді және жеткіліксіз операциядан тыс алып, оны халық байлығына қолданғанда бұл термин бойынша бір ғана мағынаны түсінуге болады, атап айтқанда: үнемделгенді әртүрлі тұтырудан туатын және үнемделгендер есебінен төленбек еңбек түрлерінің арасындағы нақтылы айырмашылыққа негізделетін нәрсені түсінуге болады» (*Malthus*. «Principles of Political Economy», p. 38, 39).

^{28a)} Мәселен, сарандықтың барлық түрін әбден мұқият зерттеген Бальзак өмір-қор Гобсек жинап алған товарларынан қазына жасамақ болғанда оны баланың ісін істеуші деп суреттейді.

²⁹⁾ «Запастардың қорлануы... айырбастың тоқталуы... артық өндіру» (*Th. Corbet*, цитат алынған шығарманың 104-беті).

«Елдің барлық өнімі тұтынылып отырады, мұны түсіну керек; бірақ, ақыл жете алатын аса зор айырмашылық мынада: ол өнімдерді басқа күн өндіретін адамдар тұтына ма, немесе ондай күн өндірмейтін адамдар тұтына ма, айырмашылық осында. Біз табыс үнемделеді, сөйтіп капиталға қосылады дегенде, онда біз табыстың капиталға қосылды деп отырған бөлегін өндіргіш емес жұмысшылар емес, өндіргіш жұмысшылар тұтынады деп ойлаймыз. Тұтынбайтын болса капитал көбейе береді деп ұйғарудан үлкен қате жок»³⁰⁾.

А. Смиттің ізінше Рикардо және басқалары: «табыстың капиталға қосылды деп отырған бөлегін өндіргіш жұмысшылар тұтынады»-мыс деп қақсаумен келеді, ал бұдан асқан ақсаушылықтың болуы мүмкін емес. Мүл түсінік бойынша, капиталға айналатын қосымша құнның бәрі өзгермелі капитал болып шығуға тиіс. Ал шындығына келгенде ол, бастапқы авансыланған құн сияқты, тұрақты капитал мен өзгермелі капиталға, өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшіне бөлінеді. Жұмыс күші дегеніміз өзгермелі капиталдың өндіріс процесінде өмір сүретін формасы. Осы процесте оның өзін де капиталист тұтынады. Жұмыс күші өндіріс құрал-жабдықтарын өзінің қызметі — еңбегі арқылы тұтынады. Сонымен бірге жұмыс күшін сатып аларда төленген ақша «өнімді еңбектің» емес, «өндіргіш жұмысшылардың» тұтынатын тіршілік заттарына айналады. Өзінің түпкі негізінен қате талдауы себепті А. Смит: егер әрбір жеке капитал тұрақты және өзгермелі құрамды бөлімдерге бөлінетін болса, онда қоғамдық капитал түгелімен өзгермелі капиталдан ғана құралады, яғни түгелімен жалақы үшін жұмсалады деген сорақы қорытындыға келеді. Мәселен, шұға фабриканты 2 000 фунт стерлингті капиталға айналдырады. Бұл ақшаның бір бөлегін ол тоқымашылар жалдауға, екінші бір бөлегін иірілген жіп, машина және т. б. сатып алуға жұмсайды. Ал иірілген жіп пен машина сатқан адамдар өздерінің алған ақшаларының бір бөлегін тағы да сол еңбекке, және т. б. жұмсайды, сөйтіп, ақырында, 2 000 фунт стерлингтің бәрі жалақыға жұмсалып болғанға дейін, немесе осы 2 000 фунт стерлингтен өнген өнімнің бәрін өндіргіш жұмысшылар тұтынып болғанға дейін осылай болып отырады. Біздің көріп отырғанымыздай, бұл дәлелдің барлық күші «және т. б.» деген сөздерде ғана, бұл сөздер бізді Понтидан Пилатқа сілтеп жібереді. Ал Адам Смит өзінің зерттеуін оның нақ қиыншылығы басталған жерде үзіп тастайды³¹⁾.

³⁰⁾ *Ricardo*. «Principles of Political Economy», 3 ed. London, 1821, p. 163, ескертуі.

³¹⁾ Өзінің «Логикасына»¹⁶⁵ қарамастан, Джон Стюарт Милль мырза өзінің алдында өткендерге талдау жасағанда, олардың қателерін ешуақытта көрсетпейді, тіпті буржуазиялық өрістің шеңберінде де және тіпті жай маған тұрғысынан да түзетуші соншама тілеп отырған кемшіліктерді де ескермейді. Ол әрқашан тек өз ұстаздары ойларының қайшылықтарын мектеп баласына лайық догматизммен тізіп өтеді. Ол осы жерде де соны істеп отыр: «Капиталдың өзі ұзақ процесс бойында, ақыр аяғында, тү-

Әзірге біз жылдық жиынтық өндіріс қорын қарастырып отырған кезімізде ұдайы өндірістің жыл сайынғы процесі әбден түсінікті. Бірақ жылдық өнімнің құрамды бөлімдерінің бәрі товар рыногына шығарылуға тиіс, міне нақ осы арада келіп қиыншылықтар басталады. Жеке капиталдар мен жеке адам табыстарының қозғалыстары бір жерге тоғысады, араласады, көз алдайтын жалпылама орын алмасуында,— қоғамдық байлық айналысында,— көрінбей кетеді, сөйтіп зерттеушілер алдына өте қиын міндеттер қояды. Екінші кітаптың үшінші бөлімінде мен шын мәнісіндегі байланыстарға талдау жасап беремін. Физиократтардың сіңірген зор еңбегі мынада: олар өздерінің «Экономикалық кестесінде»¹⁶⁶ жылдық өнімге, оның айналыстан шығатын түрінде сипаттама беруге алғаш рет әрекет істеді³²⁾.

Алайда, А. Смиттің: таза өнімнің капиталға айналған бөлегінің бәрін жұмысшы табы тұтынады дейтін қағидасын капиталистер табының мүддесі үшін пайдалануды саяси экономияның ескерусіз қалдырмағаны өзінен-өзі түсінікті.

3. ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ КАПИТАЛ МЕН ТАБЫСҚА БӨЛІНУІ. ТЕЖЕЛУ ТЕОРИЯСЫ

Өткен тарауда біз қосымша құнды, сондай-ақ қосымша өнімді, капиталистің жеке тұтыну қоры деп қана қараған едік, осы тарауда біз оны бұған дейін қорлану қоры деп қана қарадық. Ал шынына келгенде қосымша құн — тек бірінші қор ғана емес, екінші де қор ғана емес, осылардың екеуінің де жиынтығы. Қосымша құнның бір бөлегін капиталист табыс ретінде тұтынады³³⁾, ал екінші бөлегі капитал ретінде қолданылады, яки қорланады.

Қосымша құнның белгілібір аумағында оның осы бөлек-

гелімен жалақыға кетеді, тіпті өнім сатылып, орны толтырылған кезде де ол онан кейін қайтадан жалақыға айналады».

³²⁾ А. Смит өндіріс процесін, демек, қорлану процесін де суреттеуінде, көп мәселе жөнінен алға қадам баса алмағаны былай тұрсын, ол тіпті өзінің алдында өткендермен, әсіресе физиократтармен салыстырғанда бір адым кейін шегінді. Оның тексте аталып өткен жалған сеніміне байланысты және одан саяси экономия мұра етіп алған шын мәнісінде ертегілік бір доғмасы бар, ол догма бойынша товардың бағасы жалақыдан, пайдадан (проценттен) және жер рентасынан, яғни жалақы мен қосымша құннан ғана құралады-мыс. Осы негізге сүйеніп, Шторх әбден аңқаулықпен: «Қажетті бағаны оның ең жәй элементтеріне жіктеудің мүмкіншілігі жоқ» деп мойындайды (*Storch*. «Cours d'Economie Politique», edit, Péttersbourg, 1815, t. II, p. 141, ескертуді). Товар бағасын оның ең жәй элементтеріне жіктеудің мүмкіншілігі жоқ деп отырған экономикалық ғылым да ғылым-ақ емес пе! Бұл жөнінде біз екінші кітаптың үшінші бөлімінде және үшінші кітаптың жетінші бөлімінде неғұрлым толық айтамыз.

³³⁾ «Табыс» [revenue] деген сөздің екі түрлі мағынада қолданылатынын оқушы аңғарады: біріншіден, оқтын-оқтын капиталдан туатын өнім ретіндегі қосымша құнды атау үшін қолданылады, екіншіден, осы өнімнің капиталистің оқтын-оқтын тұтынатын немесе өзінің тұтыну қорына қосып отыратын бөлегін атау үшін қолданылады. Мен осы екі мағынаны да сақтаймын, өйткені мұның өзі ағылшын мен француз экономистерінің әдеттегі терминологиясына сәйкес келеді.

терінің біреуі қанша көп болса, екіншісі сонша аз болады. Басқа барабар жағдайда, осы бөлінудің арасалмағы қорлану мөлшерін белгілейді. Ал оларды бұлай бөлетін қосымша құн иесінің өзі, капиталист. Бұлай бөлу, демек, капиталистің еркінен туған іс болып табылады. Капиталист жинаған алымының оның өзі қорландыратын бөлегі жөнінде: ол мұны жинақтап отыр, өйткені ол оны түгел жеп қоймайды, яғни ол осы арада өзінің капиталистік қызметін, өзін-өзі байыту қызметін орындап отыр, деседі.

Капиталист кісі кейіпіндегі капитал болғандықтан ғана оның тарихи маңызы бар және тапқыр сөйлейтін Лихновскийдің айтқанындай, өмір сүруге «ешқандай датасы жоқ»¹⁶⁷ тарихи правосы бар. Ал сондықтан оның өзінің өмір сүруінің өткінші қажеттігі капиталистік өндіріс әдісінің өткінші қажеттігінде болып отыр. Ал сондықтан да оның әрекетінің қозғаушы күші тұтыну мен тұтыну құны емес, айырбас құны мен оның өсуі болып табылады. Құн өсірудің фанатигі ретінде ол адамзатты тек өндіру үшін ғана өндіруге, демек, қоғамдық өндіргіш күштерді дамытуға және өндірістің материалдық жағдайларын жасауға, материалдық жағдайлар болғанда негізгі принципі әрбір жеке адамды толық және еркін жетілдіру болып табылатын неғұрлым жоғары қоғамдық формаға тек осылар ғана нақты базис бола алатын материалдық жағдайларды жасауға өршелене итермелеп отырады. Капиталдың кісі кейіпін алатындығынан ғана капиталист құрметке ие болады. Өзінің осы сиқында ол қазына жинаушымен бірге баюға деген шексіз құнығушылыққа ортақ. Қазына жинаушыда жеке адамның желіге әуестенуі болып отырған нәрсе — капиталист үшін өзі соның бір тегершігі ғана болып табылатын қоғамдық механизмнің қимылы ғана. Оның үстіне капиталистік өндірістің дамуы өнеркәсіп орнына жұмсалған капиталдың үнемі өсіп отыруын қажеттілік етеді, ал бәсеке капиталистік өндіріс әдісінің ішкі заңдарын сыртқы күштеу заңдары ретінде әрбір жеке капиталистке әкеліп таңады. Бәсеке капиталисті өз капиталын сақтап қалу үшін оны үнемі ұлғайтып отыруға итермелейді, ал ол өз капиталын қорландырған үстіне қорландыра беру арқылы ғана ұлғайта алады.

Сондықтан, капиталистің әрекетінің бәрі оның өзі арқылы ерік пен санаға ие болып отырған капиталдың қызметі ғана болып табылатындықтан, капиталистің өз басының тұтынуы оған өз капиталының қорлануына қарақшылықпен қол сұғу болып көрінеді; мысалы, итальян бухгалтериясында жеке тұтыну шығындары капиталист капиталының шығыс жағына жазылады. Қорлану — қоғамдық байлық дүниесін жеңіп алу. Қаналатын адам материалының аумағын ұлғайтумен бір-

ге, ол капиталистің тікелей және жанама түрде үстемдік жасайтын аймағын да ұлғайтады³⁴⁾.

Бірақ сүтпен біткен күнә барлық жерде де әрекет етеді. Капиталистік өндіріс әдісінің, қорлану мен байлықтың дамуымен бірге капиталист капиталдың жәй бейнесі ғана болудан қалады. Ол өзінің жаратылысына байланысты «адамдық сезімді»¹⁶⁸ сезеді, оның үстіне ол аскетизмді ескі дәстүрлі қазына жинаушының соқыр сенімі ретінде келеке етерліктей білімі бар адам. Классикалық капиталист жеке бастың тұтынуын өзінің қызметіне қарсы күнә және қорланудан «тежелу» деп қарайтын болса, жаңарған капиталист қорлануды тұтынудан «безу» деп қарауға жетіп отыр. «Ой, оның кеудесінде екі жан бар және оның екеуі де бір-бірімен келісе алмайды!»¹⁶⁹.

Капиталистік өндіріс әдісінің тарихи басталған кездерінде,— ал әрбір капиталистік *parvenue* [мансапқор] осы тарихи сатыны жеке-дара өтеді,— баюға құмарлық пен сараңдық абсолютті ынтықтық ретінде үстемдік етеді. Бірақ капиталистік өндірістің прогресі рақаттың жаңа дүниесін ғана жасап қой-

³⁴⁾ Өсімқорды — капиталистің ескілікті болса да, үнемі қайтадан туып отыратын осы түрін — мысалға ала отырып, Лютер өкіметқұмарлық — баюға ұмтылу элементтерінің бірі деп өте жақсы да айқын көрсетеді. «Мажусилор санаға сүйене отырып, өсімқор дегеніміз нағыз бауқесе ұры және кісі өлтіргін деген қорытындыға келе алған еді. Ал біз христиандар олардың ақшаларына бола олардың алдарында бас иіп тәубе етерліктей кәдірлейміз... Кімде-кім басқа бірсудің алдындағы тамағын алып, ұрлайтын болса, ол адам біреудің біреуді аштан қатырып өлтіргеніндей маскара кісі өлтірушілікке барған болар еді (бұл оның өзіне байланысты ғой). Өсімқор да осылай істейді; солай бола тұрса да ол өз орнында алаңсыз отыра береді, ал әділетке келгенде оның дарға асылуы керек еді; сөйтіп өзі қанша гүлден ұрлаған болса, оны сонша қарғаның келіп шоқуы, сөйтіп оның денесіндегі егі жететін болса, сол қарғалардың бәрі оны шоқылап, одан өз үлесін алатын болуы керек еді. Ал ұсақ ұрыларды дарға асады... Ұсақ ұрылардың аяқ-қолын кісендейді, ал ірі ұрылар алтын киіп, жібіске бөленіп жүреді... Сондықтан жер бетінде адамға (жын-періден кейін) сараң мен өсімқордан асқан үлкен жау жоқ, өйткені ол барлық адамның үстінен қарайтын құдай болғысы келеді. Түріктер, ел жаулаушылар, тирандар — бұлардың бәрі де сондай залым адамдар ғой. Бірақ айткенмен де олар адамның өмір сүруіне мүмкіндік беруге және өздерінің залым адамдар екенін, жау екенін мойындауға тиісті, ал кейде тіпті олар кейбіреулерге рақымдық та жасай алады және жасауға тиісті де. Ал өсімқор мен сараң бүкіл дүние ашығып, тарықса екен, қайыршылық көріп, қасірет шегіп қырылса екен, тек жалғыз менің ғана бар керемет қолымда болып, әрбір адам өз керемін құдайдан алғандай, менен алатын болса екен, сөйтіп ол мәңгі-бақи менің крепостнойым болса екен деп тілейді... Ол мантия киіп, алтын моншақ тағып, қолына сақина салып жүреді, белі-қолына кір жуытпайды, дінге берік, құдайшыл адам болып көрінеді, мақтанады... Өсімқор — өте зор, албастыдай керемет, Қақустан, Герноннан немесе Антейден де жаман, көзге көрінгеннің бәрін жалмап жұтып отыратын жалмауыз аң. Алайда ол өзін сәндөп безенгенде, құдай күткен тақуа кейпіне енгенде мұны өзінің үңгіріне құйрығынан сүйреп енгізіп алған өгіздерінің қайда кеткенін ешкім білмесін деп істейді. Бірақ Геркулес өгіздердің өкіргенін, тұтқындардың шыңғырғанын естіп, ол өгіздерді зұлымның тырнағынан қайтадан босатып жіберу үшін Қакусты тіпті шың, құз шатқалдан болса да іздеп тауып алуға тиіс. Өйткені Қакус деген бәрін бірдей ұрлап, тонап, жалмап-жұтып отыратын зұлым, құдайшыл өсімқор. Сонда да ол ешбір жаманшылық жасамаған адам сияқты түк көрмегенсіп отырады; ол өзін тіпті ешкім де әшкерелей алмайды деп ойлайды, өйткені ол өгіздерді өзінің үңгіріне артымен кіргізген, сондықтан түскен ізге қарағанда, өгіздер босатылып жіберілген сияқты көрінеді. Осылайша өсімқор жұртқа пайда келтіретін, дүниеге өгіздер беретін сияқтанып, бүкіл дүниені алдағысы келеді, ал шынында ол өгіздерге өзі жармасады, оларды жалмап жұтып қояды... Ал егер бауқесе қарақшылар мен кісі өлтірушілерді доңғалақтың табанына салып, бастарын кесіп тастайтын болса, онда өсімқорлардың бәрін қаншама көп доңғалақ табанына салуға, қол-аяғын кесуге... қуып жіберуге, лағынет айтуға, бастарын кесіп тастауға керек болар еді» (*Martin Luther*, цитат алынған шығарма).

майды; жалдаптық пен кредит істерінің дамуымен бірге ол кенеттен байып кетудің сан алуан көздерін ашады. Дамудың белгілі бір сатысына жеткенде ысырапшылдықтың кейбір шартты дәрежесі байлықтың көрінісі, демек, кредит алудың құралы бола отырып, «бакытсыз» капиталист үшін тіпті іскерлік қажеттілік болып алады. Сән-салтанат капиталдың өкілдік шығынына кіреді. Ал оның үстіне капиталист, қазына жинаушы сияктанып, өзінің жеке басының істеген еңбегіне немесе өзінің жеке тұтынуын ықшамдауына сәйкес емес, өзі сорып отырған бөтен жұмыс күшінің мөлшеріне және соның қысымымен жұмысшылардың барлық тіршілік игіліктерінен безуіне сәйкес байиды. Рас, капиталистің ысырапшылдығы ешқашан, бейбастақ феодалдың ысырапшылдығындай, *bona fide* [көңілшек] сипат алмайды, керісінше оның негізінде әрқашан нағыз оңбаған сараңдық пен тиын санаған есепшілдік жатады; солай бола тұрса да капиталистің ысырапшылдығы оның қор жинауының өсуімен қабат өсіп отырады, мұның өзі қор жинауға әсте кесел жасамайды. Сонымен бірге капиталистің бекзаттық көкірегінде қор жинауға деген ынтықтық пен рақатқұмарлықтың арасында фаустық жанжал өрши түседі.

«Манчестердің өнеркәсібін»,— делінген 1795 ж. доктор Эйкин жариялаған бір шығармада,— «төрт дәуірге бөлуге болады. Бірінші дәуірде фабриканттар өзінің өмір сүруі үшін қинала еңбек етуге мәжбүр болды».

Әсіресе олар өздеріне балаларын *apprentices* (шәкірт) есбінде берген және бұл шәкірттер аштық жағдайда ұсталған болса да, оларды үйреткені үшін қымбат төлеуге тиіс болған ата-аналарды алдап ұрлап-жырлаудан қатты байып алды. Екінші жағынан, орташа пайда төмен болды, сондықтан қор жинау үлкен ұқыптылықты талап етті. Олар нағыз сараң адамдар, қазына жинаушылар сияктанып күн көрді, тіпті өз капиталының проценттерін де толық тұтынбады.

«Екінші дәуірде олар аздап дәулет жинап ала бастады, бірақ бұрынғысынша тырбана жұмыс істеді»,— өйткені еңбекті тікелей қанаудың өзі еңбекке түсетін еді, мұның өзі құлдардың жұмысын бақылаушылардың бәріне белгілі.— «сөйтіп бұрынғысындай жұпыны жағдайда тұрды... Үшінші дәуірде сән-салтанат басталды, сөйтіп заказ алу үшін корольдіктін барлық сауда-саттық қалаларына салт атты адамдар (атты коммивояжерлер) жіберудің арқасында кәсіпорындар да ұлғая бастады. 1690 жылға дейін өнеркәсіп арқылы табылған 3 000—4 000 фунт стерлинг капитал өте аз болды немесе тіпті болған жоқ деуге де болады. Бірақ осы шамада немесе бұдан біраз кейін өнеркәсіпшілер ақша жинап алды, сөйтіп ағаш немесе шым үйлерінің орнына тас үйлер салып ала бастады... Манчестерде тіпті XVIII ғасырдың алғашқы он жылдықтарында қонақтарын бір кружка шетел шарабымен сыйлаған фабрикант туралы оның барлық көршілері әңгіме етіп, сөз тарататын-ды».

Машиналы өндіріс пайда болғанға дейін фабриканттар кешке жақын трактирлерде бас қосқанда 6 пенниге бір стакан пунша, 1 пенниге бір пачка темекі алудан әрі барып көрмеген еді. Тек 1758 жылы ғана ең алғаш рет «өзінің экипажы бар өнеркәсіпші!» көрінді — ал мұның өзі бүтін бір заманаға тұрарлық жаңалық болды. «Төртінші дәуір» — XVIII ғасырдың соңғы отыз үш жылы — «кәсіпорындарды ұлғайтуға негізделген үлкен сән-салтанатымен және ысырапшылдығымен көзге түскен дәуір болды»³⁵⁾. Егер тіріліп келіп қазіргі Манчестерді көрген болса, ақкөңіл доктор Эйкин не деген болар еді!

Қор жинай беріндер, қор жинай беріндер! Моисей мен пайғамбарлар міне осында!¹⁷⁰ «Еңбек сүйгіштік — ұқыптылықпен жиналатын материалдың негізі»³⁶⁾. Сонымен, жинай беріндер, жинай беріндер, яғни қосымша құнның, яки қосымша өнімнің мүмкіндігінше көбірек бөлегін қайтадан капиталға айналдыра беріндер! Қор жинау үшін қор жинау керек, өндіру үшін өндіру керек — міне осы формула арқылы классикалық саяси экономия буржуазиялық дәуірдің тарихи міндетін білдірді. Ол байлық табу азабының қаншалық зор екені жөнінде бір минут та алданбады³⁷⁾; бірақ тарихи қажеттілік туып отырғанда шағым атаулының бәрінің қандай мағынасы болмақ? Егер классикалық саяси экономияның көзімен қарағанда пролетарий қосымша құн өндіретін машина ғана болып табылатын болса, онда оның көзімен қарағанда капиталист те осы қосымша құнды қосымша капиталға айналдыратын машина ғана болып табылады. Классикалық саяси экономия капиталистің тарихи міндетіне мейлінше байыптап қарайды. Капиталистің жүрегін рақатқұмарлық пен баюға ынтызарлық арасындағы дертті жанжалдан құтқару үшін Мальтус осы ғасырдың жиырмасыншы жылдарының бас кезінде еңбек бөлінісінің ерекше түрін жақтап шықты, бұл бөлініс бойынша қор жинау шын мәнісінде өндіріспен шұғылданатын капиталистің ісі де, ал байлықты шашу — қосымша құн бөлісіне басқа да қатысушылардың: жер аристократиясының, мемлекет пен шіркеу есебінен құн көретін адамдардың және т. с. ісі. «Шығын шығаруға құмарлық пен қор жинауға құмарлықтың арасын ажырату» (the passion for expenditure and the passion for accumulation)³⁸⁾ аса маңызды нәрсе, дейді ол. Серілікпен өмір сүруші және дүниаяу адамдарға әлдеқашан айналған капиталист мырзалар

³⁵⁾ Dr. Aikin. «Description of the Country from 30 to 40 miles round Manchester». London, 1795. p. 182 sq.

³⁶⁾ A. Smith. «Wealth of Nations», в. III, ch. III.

³⁷⁾ Тіпті Ж. Б. Сэй де: «Байлардың ақша жинауы келелердің есебінен жасалды»¹⁷¹ дейді. «Римнің пролетары бүтіндей дерлік қоғам есебінен құн көрді... Қазіргі заманғы қоғам пролетардың есебінен, еңбекке ақы төлеуде қоғамның солардан жырып алып қалатын бөлегінің есебінен құн елтеді десе де болғандай» (Sismond. «Etudes etc.», t. I. p. 24).

³⁸⁾ Malthus. «Principles of Political Economy», p. 319, 320.

зарлап қоя берді. Мальтус мырза жоғары жер рентасын, жоғары салықтарды және т. б. қалайша уағыздайды,— деп таңырқайды, капиталистерге адвокат болған бір рикардошыл адам;— ол өндіргіш емес тұтынушылар арқылы өнеркәсіпшілерді үнемі ілгері ұмтылдырып отырмақшы болады! Әрине, өндіріс болсын, үнемі ұлғая түсетін көлемдегі өндіріс болсын — ұран осы, алайда

«мұндай жолмен өндірісті дамытудан гөрі оны тежеп тастауға болады. Оның үстіне өздерінің сипатына қарағанда (who are likely, from their characters), іске қоссақ, осылар іспен ойдағыдай айналыса алар еді-ау деп ойлауға болатын адамдарды қамшылай беру үшін ғана адамдардың бір тобын бос қою да (not is it quite fair) онша әділетті емес»³⁹⁾.

Бірақ ол өнеркәсіп капиталисін оның сорпасының майын кілкіп алып, қор жинауға итермелеу әділетті емес деп есептейтін болса да, солай дей тұрса да ол «жұмысшыны еңбекке ынталандырып отыру үшін» оның жалақысын мүмкін болатын минимумға келтіруді қажет деп табады. Сонымен қатар ол пайда түсірудің сыры — ақы төленбеген еңбекті иемденуде екенін де ешбір жасырмайды.

«Жұмысшылар тарапынан сұраныстың күшеюі олардың өзі өндірген өнімінің аз бөлегін өзі алып, көп бөлегін кәсіпкерге қалдыруға әзір екенін ғана көрсетеді; ал егер бұлай болғанда тұтынуын» (жұмысшылардың тұтынуының) «кемуінен «glut»» (рынок товарға толып кетеді, артық өндіру) «болады десетін болса, мен онда «glut» — жоғары пайданың синонимі деп қана жауап беремін»⁴⁰⁾.

Жұмысшылардан сығып алынған олжаны өнеркәсіп капиталисі мен арамтамақ жер меншікшілері, т. с. арасында қалай еткенде қор жинау ісіне тиімдірек етіп бөлуге болатыны жайындағы оқымыстылар таласы июль революциясын көргенде тыйыла қалды. Осыдан кейін көп ұзамай Лионның қала пролетариаты дабыл қақты, Англияның ауылшаруашылық пролетариаты өрт салды. Ла-Манштың бергі бетінде оуэнизм, арғы бетінде сен-симонизм мен фурьеризм жайылды. Тұрпайы саяси экономияның күні туды. Манчестерден шыққан Нассау У. Сениор капиталдан түсетін пайда (процентін қоса есептегенде) дегеніміз ақы төленбеген «еңбектің соңғы он екінші сағатының» өнімі деуден дәл бір жыл бұрын, ол дүниеге өзінің басқа бір жаңалығын хабарлады. «Мен,— деді ол салтанатты түрде,— өндіріс құралы есебінде қаралатын капитал деген сөзді тұтынудан тежелу деген сөзбен алмастырамын»⁴¹⁾.

³⁹⁾ «An Inquiry into those Principles respecting the Nature of Demand etc.», p. 67.

⁴⁰⁾ «An Inquiry into those Principles respecting the Nature of Demand etc.», p. 59.

⁴¹⁾ Senior. «Principes fondamentaux de l'Économie Politique», trad. Arrivabene. Paris, 1836, p. 309. Бұрынғы классикалық мектепті жақтаушылар үшін мұның өзі тым өрескел болып шықты. «Сениор мырза еңбек пен капитал деген сөздерді еңбек пен

Бұл — тұрпайы саяси экономия «жаңалықтарының» шынында да нағыз қол жеткісіз үлгісі! Экономикалық категория сикофанттық сөзбен алмастырылады. Voilà tout [бар болғаны осы]. «Егер тағы адам садақ жасайтын болса, онда ол тежелуді қойып, кәсіппен шұғылдану болады», — деп үйретеді Сениор. Мұның өзі бізге бұрынғы қоғамдық укладтар кезінде еңбек құралдарының қалай және неліктен капиталистің «тежелуінсіз» жасалғанын түсіндіріп береді. «Қоғам неғұрлым ілгері дамыған сайын, ол соғұрлым тежелуді талап етеді»⁴²⁾, атап айтқанда істейтін еңбегі бөтеннің еңбегін және оның өнімін иемдену болып табылатын адамдар тарапынан тежелуді талап етеді. Еңбек процесінің барлық жағдайы осы кезден бастап капиталистің тежелу актісінің тиісті мөлшеріне айналады! Астықты жеумен бірге оны себеді де, бұған біз капиталистің тежелуі арқасында жетіп жүрміз! Егер шарапты ашыту үшін белгілі бір уақыт сақтап қоятын болса, онда бұл да капиталистің тежелуінің арқасында ғана жасалады!⁴³⁾ Капиталист бу машиналарын, мақтаны, темір жолдарды, тыңайтқыштарды, жұмыс аттарын, т. б. ішіп-жеп қоюдың орнына немесе, тұрпайы экономистің мәселені балаша түсінудіңше, «олардың құнын» сәнсалтанат заттарына және басқа да тұтыну құралдарына айналдырып, жеп қоюдың орнына, «жұмысшыға еңбек құралын қарызға берген (!)», — яғни оларды жұмыс күшімен қосып, капитал есебінде жұмсаған, — кезде, ол өзінің жан-тәнін талан-таражға салады⁴⁴⁾. Капиталистер табының мұны қалайша жүзеге асыра алатыны тұрпайы саяси экономияның осы кезге дейін мұқият сақтап отырған құпиясы болып табылады. Қа-

тежелу деген сөздермен алмастырады... Тежелу — жәй бекерге саю ғана. Пайданың көзі тежелу емес, өнімді жұмсалатын капиталды тұтыну болып табылады» (Мальтус-тің «Definitions in Political Economy» деген еңбегін бастырып шығарғанда Джон Кейнсовтың жазғаны. London, 1853, p. 130, ескерту). Оның кәсіпшіше, Джон Ст. Милль мырза бір бетіне Рикардоның пайда теориясын көшіріп алады, ал екінші бетінде — Сениордың «тежелу үшін сыйлығын» қабылдайды. Диалектика атаулының көзі болып табылатын гегельдік «қайшылық» оған қаншалықты жат болса, дөркеі қайшылық оған сонша тән қасиет.

2-ші басылуына қосымша. Адам қимылы атаулының бәрін қарама-қарсы қимылдан «тежелу» деп қарауға болатыны жөніндегі жәй ой тұрпайы экономистің басына да кірмейді. Тамақ жеу ораза ұстаудан тежелу, жүру — бір жерде тұрудан тежелу, еңбек — бос отырудан тежелу, бос отыру — еңбектен тежелу және т. б. Бұл мырзалардың Спинозаның: *Determinatio est negatio*¹⁷² деген сөздері туралы ойлағаны жөн болар еді.

⁴²⁾ Senior, бұл да сонда, 342-бет.

⁴³⁾ «Егер қосымша құн аламын деп дәмеленбейтін болса, бидай, шарап сияқты заттарды немесе солардың орнына жүретін заттарды өзі жеу қоюдың орнына, ешкім де... мысалы, бидайын он екі ай бойы жер астына тастап, егін екігең болар еді, немесе шарабын жылдар бойы погребте сақтамаған болар еді» (*Scope*. «Political Economy», edit. A. Potter. New-York, 1841, p. 133)¹⁷³.

⁴⁴⁾ «Өндіріс құралдарының құнын тұтыну заттарына немесе сән-салтанат заттарына айналдырып, өзінің жеке басының тұтынуына пайдаланудың орнына капиталист өзінің өндіріс құралдарын жұмысшыға қарызға беріп, өзін қиыншылыққа түсіреді» (*G. de Molinari*. «Etudes Economiques». Paris, 1846, p. 36). («Қарызға беру» деген жұмсақ сөз, тұрпайы экономистердің көп қолданатын тәсілі бойынша, өнеркәсіп капиталисі қанап отырған жалдама жұмысшыны басқа капиталистің қарызға берген ақшасын пайдаланатын өнеркәсіп капиталисінің өзімен тең деп көрсету үшін қолданылып отыр.)

лай болған күнде де, дүние капиталистің, Вишну құдайының алдында күнәсын мойнына алып жалбарынушы, осы заманғы күнәһардың өзін-өзі қинауы арқасында ғана күн көріп отыр. Капиталды қорландыру ғана емес, сонымен қатар тіпті «капиталды сақтаудың өзі де оны жұмсамақ болып сұқтануға қарсы үнемі күш жұмсауды талап етеді»⁴⁵⁾. Сонымен, қарапайым адамгершіліктің өзі, тегінде, капиталистің жан қинау мен сұқтанулардан құтқарылуын талап етеді, құтқарғанда құлдық дәуірдің жойылуы жуырда құл иеленуші Джорджиді: негр құлдардан сығып алынған қосымша өнімнің бәрін шарапқа жұмсап ішіп қою керек пе, немесе оның бір бөлегін қайтадан қосымша мөлшердегі негрлер мен жерге айналдыру керек пе деген қиын таңдаудан қандай тәсілмен құтқарған болса, сондай тәсілмен құтқаруды талап етеді.

Нағыз әралуан қоғамдық-экономикалық формацияларда жәй ұдайы өндіріс қана емес, сонымен қатар, бірдей көлемде болмаса да, ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс те орын алады. Уақыт озған сайын бірден-бірге неғұрлым көп өндіріле береді және көп тұтынылады, демек, көп өнім өндіріс құрал-жабдықтарына айналдырылады. Алайда жұмысшыға оның өндіріс құралдары, демек, оның өнімдері мен оның тіршілік заттары капитал түрінде қарама-қарсы тұратын болғанға дейін, бұл процесс капиталдың қорлануы болып табылмайды, демек, ол капиталистің қызметі де болып табылмайды⁴⁶⁾. Бұдан бірнеше жыл бұрын өлген Ричард Джонс, Хейлиберидегі ост-индия колледжінің саяси экономия кафедрасында Мальтустың мұрагері болған адам, мұны екі үлкен фактімен тамаша суреттеп береді. Индия халқының көпшілігі дербес шаруашылық жүргізетін шаруалар болғандықтан, олардың өнімі, олардың еңбек құралдары және олардың тіршілік заттары «бөтен табыстан жинақталған («saved from revenue») қор түріне («the share») ешуақытта енбейді, демек, қор жинаудың алдын-ала болатын процесін өтпейді» («a previous process of accumulation») ⁴⁷⁾ дейді. Екінші жағынан, ағылшын үстемдігі ескі системаны аздап қана ыдыратқан провинцияларда егіншіліктен тыс жұмысшылар жұмысты ауылшаруашылық қосымша өнімнің бір бөлегін алым түрінде немесе жер рентасы түрінде қолына жинап алып отырған ірі феодалдардың өздерінен тіке-

⁴⁵⁾ Courcelle-Seneuil, цитат алынған шығарманың 20-беті.

⁴⁶⁾ «Табыстың ұлттық капитал прогресін барынша мықтап сүйемелдеп отыратын ерекше топтары дамудың әралуан сатыларында өзгеріп отырады және сондықтан... әртүрлі прогресс сатысында тұрған ұлттарда мүлдем әртүрлі болады... Пайда... қоғамдық дамудың ертеректегі сатылары кезіндегі жалақы мен рентаға қарағанда қор жинаудың шамалы ғана көзі болып табылады... Ұлттық еңбек күштерінің дамуы шынымен едәуір алға басқан кезде лайданғы қор жинау көзі ретіндегі шамалық ролі өседі» (Richard Jones. «Text-book etc.», p. 16, 21).

⁴⁷⁾ Бұл да сонда, 36 және келесі беттері.

лей алады. Осы қосымша өнімнің бір бөлегін ірі феодалдар заттай түрінде тұтынады, екінші бір бөлегін оларға жұмысшылар сән-салтанат заттарына және басқа да тұтыну заттарына айналдырып беріп отырады, ал қалғаны өз еңбегі құралдарының несі болып табылатын жұмысшылардың жалақысы болып шығады. Мұнда өндіріс пен ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс осынау таңқаларлық әулиенің, осынау аянышты бейнедегі серінің, «тежелуші» капиталистің ешбір қатысынсыз-ақ жүріп жатады.

4 ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ КАПИТАЛ МЕН ТАБЫСҚА БӨЛІНЕТІН ПРОПОРЦИЯСЫНА БАЙЛАНЫССЫЗ ҚОРЛАНУ КӨЛЕМДЕРІН БЕЛГІЛЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР. ЖҰМЫС КҮШІНІҢ ҚАНАЛУ ДӘРЕЖЕСІ. ЕҢБЕКТІҢ ӨНДІРГІШ КҮШІ. ҚОЛДАНЫЛАТЫН КАПИТАЛ МЕН ТҰТЫНЫЛАТЫН КАПИТАЛДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТЫҢ ӨСУІ. АВАНСЫЛАНҒАН КАПИТАЛДЫҢ МӨЛШЕРІ

Егер қосымша құнның капитал мен табысқа бөлінетін арақатынасы белгілі болса, онда қорланған капиталдың мөлшері, сірә, қосымша құнның абсолютті мөлшеріне байланысты болатын болу керек. Оның 80% -ті капиталға айналдырылады, 20% -і тұтынылады екен делік; сонда қорланған капитал, қосымша құнның жалпы сомасы 3 000 фунт стерлингке немесе тек 1 500 фунт стерлингке тең болуына қарай, 2 400 фунт стерлинг немесе 1 200 фунт стерлинг болады. Сонымен, қорлану мөлшерін анықтауға қосымша құн аумағын анықтайтын жағдайлардың бәрінің қатынасы бар. Бұларды осы арада тағы да қорыталық, қорытқанда тек олар қорлану жайында жаңа көзқарастар туғызатын болғандықтан ғана қорыталық.

Қосымша құнның нормасы ең алдымен жұмыс күшін қанаудың дәрежесіне байланысты болатыны біздің есімізде. Саяси экономия бұл қанау дәрежесінің ролін жоғары бағалайтыны сонша, екінші бірінде ол еңбектің өндіргіш күші артуының әсерімен қорланудың жедел өсуі және қорланудың жұмысшыны қанауды арттырудың әсерімен өсуі бірдей нәрсе деп қарайды⁴⁸⁾. Қосымша құн өндіру жөніндегі бөлімдерде біз ылғи жалақы, кем дегенде, жұмыс күшінің құнына тең бола-

⁴⁸⁾ «Рикардо былай дейді: «Қоғамдық дамудың әртүрлі сатыларында капиталдың қорлануы, немесе еңбекті қолдану» (яғни қанау) «құралдарының қорлануы неғұрлым тез немесе неғұрлым баяу болуы мүмкін, бірақ қалай болған күнде де ол еңбектің өндіргіш күштеріне байланысты болуға тиісті. Құнарлы жері көп жерлерде әдетте еңбектің өндіргіш күштері көбірек болады». Егер бұл арада еңбектің өндіргіш күштері деп әрбір өнімнің оны өз еңбегімен жасаған адамның қолына түсетін бөлегінің мөлшерінің болмайтыны ғана екендігі айтылып отырған болса, онда Рикардоның айтып отырғаны бос сөз, өйткені өнімнің қалған бөлегі, әлбетте, егер капитал несі қаласа («if the owner pleases»), капитал жинауға болатын қор болып табылады. Бірақ әдетте бұл жері құнарлырақ елде болмайды («Observations on certain Verbal Disputes etc.», p. 74).

ды деп ұйғарған едік. Алайда іс жүзінде жалақыны осы құннан күштеп кемітіп жіберудің өте зор маңызы бар, сондықтан оған қысқаша болса да тоқталмай болмайды. Бұлайша кеміту белгілібір шеңберде іс жүзінде жұмысшының тұтынуға қажетті қорын капиталдың қорлану қорына айналдырады.

«Жалақының,— дейді Дж. Ст. Милль,— өндіргіш күші болмайды, мұның өзі өндіргіш күштердің бірінің бағасы: жалақы, машина бағасы сияқты, товар өндіру ісіне еште де еңбектің өзімен бірге қатынаспайды. Егер еңбекті сатып алмай-ақ оған ие болуға болатын болса, жалақы керексіз нәрсе болып шығар еді⁴⁹⁾».

Ал егер жұмысшылар ауамен ғана тамақтана алатын болса, оларды қандай бағаға болса да сатып алуға болмас еді. Демек, тегін еңбек — осы сөздің математикалық мағынасындағы шек болып табылады: оған әрқашан жақындай түсуге болады, бірақ оған ешқашан жетуге болмас еді. Капиталдың үнемі ұмтылатын бағыты — жұмысшыларды осы нигилистік дәрежеге түсіру. Мен жиі-жиі цитат алып отырған XVIII ғасыр жазушысы, «*Essay on Trade and Commerce*»-нің авторы, Англияның тарихи өмірлік міндеті — ағылшын жұмысшыларының жалақысын француз немесе голланд жұмысшылары жалақысының дәрежесіне дейін төмендету, деп ағылшын капиталының ежелгі арманын айтып қойды⁵⁰⁾. Мәселен, ол аңқаулықпен былай дейді:

«Егер біздің кедейлер» (жұмысшыларды атаудың термині) «сән-салтанатта тұрғысы келетін болса,... онда, әрине, олардың еңбегі қымбат болады... Біздің мануфактуралық жұмысшылардың тұтынуындағы орасан зор ысырапшылық («*heap of superfluities*») ойына түскенде төбе шашын тік тұрады ғой: мұның ішінде арақ та, джин де, шай да, қант та, шетелдік жемістер, күшті сыра, мата, насыбай және темекі де, тағы басқалары да, бар»⁵¹⁾.

Автор онан әрі бір Нортгемптоншир фабрикантының шығармасынан цитат келтіреді, ол көкке қарап алақанын жайып, тақуалықпен былай деп зарланады:

«Еңбек Францияда Англиядағыдан үштің біріндей арзан, өйткені француз кедейлері қиналын жұмыс істейді және тамақ пен киімнің өте қажеттілерін ғана пайдаланады, олардың ішетін негізгі тағамдары: нан, жеміс,

⁴⁹⁾ J. St. Mill. «*Essays on some unsettled Questions of Political Economy*». London, 1844, p. 90.

⁵⁰⁾ «*An Essay on Trade and Commerce*». London, 1770, p. 44. Дәл сондай-ақ «*Times*» 1866 ж. декабрьде және 1867 ж. январьда ағылшын рудниктері кен иелерінің зар иеген мұңдарын басып шығарды, бұларда «қожайындарының» пайдасына бола өз өмірін сақтау үшін қанша керек болса, дәл сонша ғана алатын және одан артық ешнәрсені тілемейтін Бельгия кен жұмысшыларының рақатты тұрмысы суреттелген. Бельгия жұмысшыларының көрген азаптары аз емес, бірақ олардың «*Times*»-та үлгілі жұмысшылар есебінде көрсетілуді тым сорақылық! Бельгия кен жұмысшыларының бұған берген жауабы олардың 1867 ж. февральда (Маршьенна маңында) жасаған, қорғасынмен, оқ-дәрімен басып тасталған стачкасы болды.

⁵¹⁾ Бұл да сонда, 44, 46-беттері.

шөп, өсімдік тамырлары және кепкен балық; олар етті өте сирек жейді, ал бидай қымбат болған кезде нанды да өте аз жейді»⁵²). «Оның үстіне»,— дейді онан әрі өз тарапынан, жоғарыда аталған автор,— «олардың көбінесе ішетіні— су ғана, күшсіз ішімдіктер ғана, сондықтан олар шындығында ақшаны өте аз жұмсайды... Мұндай жағдай жасау, әрине, онай емес, алайда ондай жағдайды жасауға болады, мұны оның Францияда да, Голландияда да болуы дәлелдеп отыр»⁵³).

Осыдан жиырма жылдай кейін Бенджамин Томпсон (alias [басқаша айтқанда] граф Румфорд) деген бір барон атағындағы америкалық көкауызы дәл осындай филантропиялық жоспарды дәріштеп, құдай мен адамдардың үлкен рақымына ие болған көрінеді. Оның «Essays»-ы жұмысшылардың қымбатқа түсетін қалыпты тұтыну заттарын арзан суррогаттармен қалай ауыстыруға болатындығын көрсететін әртүрлі рецептерге толы аспаздық кітап болып табылады. Міне осы ғажап «философтың» өте-мөте бір тауып көрсеткен рецепті мынадай:

«5 қадақ арпа, 5 қадақ жүгері, 3 пенниге тұздалған шабак, 1 пенниге тұз, 1 пенниге сірке суын, 2 пенниге бұрыш пен асқа салатын шөп алса, сонда небәрі $20\frac{3}{4}$ пенни ақшаға 64 адам ішетін суп жасауға болады; бұл ретте нан бағасы орташа баға болып отырса, мұның құны адам басына $\frac{1}{4}$ пенниге дейін кемуі мүмкін»⁵⁴).

Капиталистік өндірістің дамуымен бірге жалған товарлар жасау ісі Томпсон мұраттарын керексіз егерліктей табыстарға жетті⁵⁵).

⁵²) Нортгемптонширдің фабриканты бұл жерде тақуалықпен алдап отыр, егер оның жүрек қызуын еске алсақ, мұнысы әбден кешірімді нәрсе. Ол бейбіт Франция мен Англияның мануфактуралық жұмысшысының тұрмысын салыстырған сияқты болады, ал шындығында цитат келтіріліп отырған жерінде ол, кейін оның өзі де мойындағандай, Францияның ауылшаруашылық жұмысшысының тұрмысын суреттеп отыр!

⁵³) «An Essay on Trade and Commerce». London, 1770. p. 70, 71.

⁵⁴) *3-ші басылуына ескерту*. Осы цитатқа алынып отырған сөздер жазылғаннан кейін дүниежүзілік рынокта туған бәсекенің арқасында біз бұл мәселеде едәуір алға басып отырмыз. «Егер Қытай»,— деген болатын өз сайлаушыларына парламент мүшесі Стейплтон,— «Егер Қытай ұлы өнеркәсіпті ел бола қалатын болса, онда Еуропаның жұмысшы халқы, осы өз бәсекелестерінің дәрежесіне түспей, олармен күресуге қалайша төтеп бере алатынын мен білмеймін» («Times» 3 сентябрь, 1873 ж.).— Қазір енді континенттік жалақы емес,— жоқ, қытайлық жалақы ағылшын капиталының көкейтесті арманы болып отыр.

⁵⁵) *Benjamin Thompson*. «Essays political, economical and philosophical etc.», 3 vol. London, 1796—1802. v. 1. p. 294. Әзінің «The State of the Poor, or an History of the Labouring Classes in England etc.» деген еңбегінде сэр Ф. М. Иден румфордтық шалма көжені жұмыс үйлерінің бастықтарына үсті-үстіне ұсынады және «Шотландияда көптеген семиялар бүтіндей айлар бойы бидайды да, қара бидайды да, етті де қолданбай-ақ, тұз салып, суға илеген сұлы, арпа ұнымен тамақтанады, ал сонда да олар өте салтанатты тұрады» («and that very comfortable too») деп ағылшын жұмысшыларына кінә таға көрсетеді (жоғарыда көрсетілген еңбекте, I том, II кітап, 11 тарау, 503-бет). Осындай «кінәлер» XIX ғасырда да тағылған. «Англияның ауылшаруашылық жұмысшылары,— дегенді оқыдық біз, мысалы,— сапасыз ұн қосып пісірген нанды жемілері келмейді. Тәрбие ісі тәуір Шотландияда, сірә, мұндай мінсез жоқ болса керек» (*Charles H. Parry, M. D.* «The Question of the Necessity of the existing Cornlaws Considered». London, 1816, p. 69). Сол Парридің өзі, алайда, ағылшын жұмысшыларының жағдайы қазіргі кезде (1815) Иден кезімен (1787 ж.) салыстырғанда өте нашарлап кеткендігін айтады.

⁵⁶) Соңғы парламенттік тексеру комиссиясының бір есебінде тіршілік заттары былай тұрсын тіпті дәрі-дәрмектің бұзылып сапасыздануы Англияда сирек кездесетін нәрсе емес, жалпы әдетке айналған нәрсе екені көрсетілген. Мәселен, Лондонның 34 ап-

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында ағылшын фермерлері мен лендлордтары жұмысшылардың табысын ең төменгі шегіне дейін кемітті, күндікші ауылшаруашылық жұмысшыларына күн көру үшін керек минимумнан кемірегін жалақы түрінде төлеп, қалғанын діни қауым қайырымдылығының жәрдемі түрінде қосып беріп отырды. Ағылшын Догберилерінің жалақы тарифтерін өздері «заң» жолымен белгілердегі қылжағының үлгісі мынадай:

«Спинемленд скванрлары 1795 ж. жалақы белгілеген кезде олардың түскі ас ішіп отырған кезі еді, сірә, олар, жұмысшылар мұндай ешбір нәрсеге мұқтаж емес деп ойлаған болу керек... Олар 8 қадақ 11 унций бөлке нанның бағасы 1 шиллинг тұратын болса, бір адамның апталық ақысы 3 шилл. болуға тиіс және бөлке нан бағасы 1 шиллинг 5 пенниге жеткенше ол ақы тиісінше арттырылып отыруға тиіс деп ұйғарды. Нан бағасы тағы да едәуір өскен жағдайда жалақы біршама төмендетілуге тиіс, сөйтіп бөлке бағасы 2 шиллинг болған кезде қызметкердің тұтынуы бұрынғысына қарағанда бестің біріндей кемуге тиісті»⁵⁶⁾.

1814 ж. лордтар палатасының тергеу комиссиясына ірі фермер, төреші судья, кедейлерге көмек беретін үйдің камқоршысы А. Беннет деген біреу жауап берген екен. Жалақыны реттеп отыру ісі де соның міндетінде болған. «Күндік еңбек құны мен жұмысшыларға діни қауымның беретін жәрдем мөлшерінің арасында қандай да болсын белгілі бір арақатынас сақтала ма?» деген сұраққа ол былай деп жауап берген:

«Я, сақталады. Әрбір семьяның апталық табысы бір галлон бөлке нан құнына (8 қадақ 11 унций) және жан басына 3 пенниге дейін жеткізіледі... Біз семьяның әрбір мүшесінің апта бойы жан сактауы үшін галлон бөлкесі жеткілікті деп ойлаймыз, 3 пенни киім алу үшін беріледі; егер діни қауым киімді өзі бергенді тиімді көретін болса, онда бұл 3 пенни төленбейді. Мұндай практика Уилтширдің бүкіл батыс бөлегінде ғана емес, сонымен бірге, меніңше, бүкіл елде де бар»⁵⁷⁾. «Сонымен»,— деп таңырқайды сол кездегі бір буржуазияшылы автор,— «фермерлер өз отандастарының қадірлеуге тұратын табын жұмыс үйлеріне бас сауғалауға мәжбүр етті, оларды бірсыпыра жылдар бойы кемсітіп келді. Жұмысшылар арасында тіпті ең қажетті тұтыну қорын жасауға да кедергі істей отырып, фермерлер өз табысын ұлғайтты»⁵⁸⁾.

текасынан сатып алынған 34 опiumды байқап тексеріп көргенде осының 31-інде оған көкнәр дәні, бидай ұны, шайыр, топырақ, күм және т. б. заттар қосылып бүлдірілгені байқалған, ал оның бержағында көптеген пробаларда морфий атымен болмай шыққан.

⁵⁶⁾ G. L. Newham (barrister at law). «A Review of the Evidence before the Committees of the two Houses of Parliament on the Cornlaws». London, 1815, p. 20, ескертуі.

⁵⁷⁾ G. L. Newham (barrister at law). «A Review of the Evidence before the Committees of the two Houses of Parliament on the Cornlaws». London, 1815, p. 19, 20.

⁵⁸⁾ Ch. H. Parry. «The Question of the Necessity of the existing Cornlaws considered». London, 1816, p. 77, 69. Өз кезегінде лендлорд мырзалар өздері Англияның атынан жүргізген антиякобин соғысы кезінде шеккен зияндары үшін өздерін «сыйлап» қана қойған жоқ, қайта мықтап байып алды. «18 жылдың ішінде олардың ренталары екі есе, үш есе, төрт есе көбейді, ал кейбір реттерде алты рет көбейді» (бұл да сонда, 100, 101-беттері).

Біздің заманымызда жұмысшының қажетті тұтыну қорын тура талан-таражға салудың қосымша құнды жасауда, демек, капиталдың қорлану фондысын жасауда да, қандай роль атқаратынын біз, мәселен, үйге берілетін жұмыс деп аталатын жұмысты қарастырған кезде де көрдік (қараңыз: XIII тарау, 8, d). Осы сияқты басқа фактілер енді төменде осы бөлімде келтіріледі.

Өнеркәсіптің барлық салаларында да тұрақты капиталдың еңбек құралдарынан тұратын бір бөлегі саны кәсіпорынның көлеміне қарай анықталатын жұмысшылардың белгілі бір тобына жұмыс беруге жеткілікті болуға тиіс болса да, капиталдың ол бөлегі жұмыс істеп жүрген жұмысшылардың санына әсте де міндетті түрде пропорциялы болып өсе бермейді. Бір фабрикадағы 100 жұмысшы сегіз сағаттық еңбек жағдайында 800 жұмыс сағатын береді екен делік. Егер капиталист осы сағат санын жартылай көбейткісі келетін болса, онда ол жұмысқа жаңадан 50 жұмысшы алуына болады, бірақ онда оның жалақы үшін ғана емес, сонымен қатар еңбек құралдары үшін де жаңадан капитал жұмсауы керек болады. Алайда ол осы бұрынғы 100 жұмысшысын 8 сағаттың орнына 12 сағат істеттіре де алады, ал бұлай болғанда ол қолындағы еңбек құралдарымен-ақ істей береді, тек бұлар тезірек тозатын болады. Сонымен, жұмыс күшінің ұзақ уақыт қажырлы қимылдауы арқылы жасалған үстеме еңбек капиталдың тұрақты бөлегін алдын-ала тиісінше көбейтпей-ақ, қорлану субстанциясын, яғни қосымша өнім мен қосымша құнды өсіре алады.

Кен шығаратын өнеркәсіпте, мәселен, кен ісінде шикізат — авансыланатын капиталдың құрамды бөлегі емес. Мұнда еңбек заты — оның алдындағы еңбектің өнімі емес, табиғаттың тегін жемісі. Бұлар: металл рудалары, минералдар, таскөмір, тастар және т. т. Мұндағы тұрақты капитал еңбекті көбейтілген мөлшерде (мәселен, жұмысшылардың күндізгі және түнгі сменаларын енгізу арқылы) қолдануға өте жақсы мүмкіндік беретін еңбек құралдарынан ғана дерлік құралады. Бірақ басқа жағдайлары тең болып келгенде өнімнің аумағы мен құны оған жұмсалған еңбектің мөлшеріне тікелей пропорцияда өсіп отырады ғой. Өнім жасайтын, ал олай болса капиталдың заттық элементтерін де жасайтын алғашқы екі фактордың екеуі де: адам мен табиғат бұл арада өндірістің алғашқы күніндегі сияқты, қоян-қолтық қатар жүріп отырады. Жұмыс күшінің икемді ептілігінің арқасында қорлану саласы тұрақты капиталды алдын-ала көбейтпей-ақ ұлғая береді.

Егіншілікте қосымша тұқым, тыңайтқыштар жұмсамайынша ұқсатылатын жер көлемін ұлғайту мүмкін емес. Ал егер мұның өзі жұмсалып қойған болса, онда жерді жәй ұқсатудың

өзі-ақ өнім мөлшерін орасан арттырады. Бұрынғы жұмысшылардың сіңірген өскен мөлшердегі еңбегі еңбек құралдары үшін жаңадан ешқандай қаржы жұмсауды керек етпей-ақ жердің құнарлылығын арттырады. Мұның өзі де — адамның табиғатқа тура әсер етуі, міне осы әсер жаңа капиталдың қатысынсыз-ақ қорлануды арттырудың тікелей көзі болып алады.

Ақырында, сөздің шын мағынасында алғанда өнеркәсіпте еңбекке жұмсалған әрбір қосымша шығын, шикізатқа да сондай қосымша шығын шығаруды керек етеді, бірақ еңбек құралдары үшін олай ету әсте де міндетті емес. Ал кен өнеркәсібі мен егіншілік өңдеу өнеркәсібіне оның өз шикізатын және оның еңбек құралдарына керек шикізатты жетістіріп беріп отыратын болғандықтан, кен өнеркәсібі мен егіншіліктің қосымша капитал жұмсамай-ақ шығаратын қосымша өнімдері де өңдеу өнеркәсібінің пайдасына кетіп отырады.

Жалпы қорытынды мынадай: байлық жасаушы алғашқы екі факторға, жұмыс күші мен жерге, ие бола отырып, капитал ұлғаю қабілетіне ие болады; бұл қабілет оның өзінің қорлану элементтерін капиталдың өз мөлшері арқылы, яғни өндірілген өндіріс құрал-жабдықтарының, — капитал осы өндіріс құрал-жабдықтары түрінде өмір сүреді, — құны мен аумағы арқылы белгіленетін сияқты болып көрінетін шектерден тыс шығаруына мүмкіндік береді.

Капиталдың қорлануының екінші бір маңызды факторы — қоғамдық еңбек өнімділігінің дәрежесі.

Еңбектің өндіргіш күшінің өсуімен бірге өнімдердің белгілі бір құн, демек, белгілі мөлшерлі қосымша құн бейнеленетін аумағы өседі. Қосымша құн нормасы өзгермейтін, не тіпті төмендеп отырған жағдайда, егер оның төмендеуі еңбектің өндіргіш күшінің ұлғаюынан баяу болатын болса, қосымша өнімнің аумағы өседі. Сондықтан қосымша өнімнің табыс пен қосымша капиталға бөлінуі өзгеріссіз болып отырған жағдайында капиталистің тұтынуы, қорлану қорын кемітпей-ақ, өсе алады. Товарлардың арзандауы нәтижесінде капиталиске тұтыну заттары дәл бұрынғысындай немесе тіпті одан да көп тиіп отырғанда қорлану қорының относителді мөлшері тіпті тұтыну қорының есебінен де өсе алады. Бірақ еңбек өнімділігінің өсуімен қабат, біздің жоғарыда көргеніміздей, жұмысшы арзандайды, олай болса, қосымша құн нормасы өседі; мұның өзі тіпті реалды жалақы артқан жағдайда да осылай болып отырады. Реалды жалақы ешқашан еңбек өнімділігінің өскеніндей дәрежеде өспейді. Сөйтіп, өзгермелі капиталдың нақ сол құнының өзі көп жұмыс күшін, демек, көп еңбекті іске қосады. Тұрақты капиталдың нақ сол

құнының өзі көп өндіріс құрал-жабдыктары, яғни көп еңбек құралдары, еңбек материалдары және көмекші материалдар арқылы көрінеді, демек, өнімді де, сондай-ақ құнды да құрайтын элементтерді, яки еңбекті өз бойына сіңіретін элементтерден көп береді. Сондықтан қосымша капиталдың құны өзгермеген және тіпті төмендеп отырған жағдайда да қор жинау шапшаңдайды. Ұдайы өндірістің көлемі заттық жағынан ұлғайып қана қоймай, сонымен қатар қосымша құн өндіру ісі де қосымша капиталдың құнынан гөрі тезірек өседі.

Еңбектің өндіргіш күшінің дамуы бастапқы жұмсалған капиталға да, яғни өндіріс процесіндегі капиталға да әсер етеді. Пайдаланудағы тұрақты капиталдың бір бөлегі еңбек құралдарынан тұрады, мұндай құралдар машиналар, т. б., бұлар еңбекте қолданылады, демек, азды-көпті ұзақ уақыт ішінде жаңартылып немесе нақ сондай жаңа даналарымен ауыстырылып отыруы мүмкін. Бірақ мұндай еңбек құралдарының бір бөлегі жыл сайын жойылып, яғни өзінің өндірістік қызметінің түпкі мақсатына жетіп отырады. Демек, еңбек құралдарының бұл бөлегі жыл сайын өзінің оқтын-оқтын қалпына келтірілуі немесе өзінің сол сияқты жаңа даналарымен ауыстырылу кезеңінде болып отырады. Егер еңбектің өндіргіш күші осы еңбек құралдары өндірілетін салаларда дамитын болса,— ал ол ғылым мен техниканың прогресіне байланысты үздіксіз дамып отырады,— онда ескі машиналардың, аспаптардың, аппараттардың және т. б. орнына олардың жаңалары, неғұрлым тиімділері және өзінің жұмыс көлеміне қарағанда неғұрлым арзандары шығады. Қолдағы еңбек құралдарының жеке бөлшектерінің үнемі өзгеріп отыруын айтпағанның өзінде бұрынғы капитал неғұрлым өнімді түрде жаңаланып отырады. Тұрақты капиталдың басқа бөлегі, шикізат және көмекші материал, жыл бойы үнемі жаңаланып отырады, ал егіншілік материалдары көбінесе жылына бір-ақ рет жаңаланады. Демек, жұмыс әдісін, т. б. жақсартудың қандай болсын бұл арада қосымша капиталға да, қазірдің өзінде пайдаланылып отырған капиталға да қатарынан дерлік әсер етеді. Химия саласындағы прогресс атаулы пайдалы заттардың санын және қазірдің өзінде мәлім болып отырған заттардың тиімді пайдаланылуының санын көбейтумен бірге, сөйтіп капитал өскен сайын оның қолданылу саласын да ұлғайтады. Химия прогресі өндіріс процесі мен тұтынудың қалдықтарын қайтадан ұдайы өндірістің ауыспалы айналымына қосуды да үйретеді, сөйтіп алдын-ала капитал жұмсамай-ақ, жаңа капиталдың материясын жасайды. Жұмыс күшінің өте қызу еңбек етуі арқылы табиғат байлығын барынша мықтап пайдалануға болатыны сияқты, ғылым мен техника да қолданылып отырған капиталды

өзінің қазіргі көлеміне байланыссыз ұлғаюға қабілетті етеді. Олар сонымен қатар бастапқы капиталдың жаңару сатысына енген бөлегіне де әсер етеді. Өзінің жаңа түрінде капитал, өзінің бұрынғы түрінен тыс жасалған қоғамдық прогресті тегін иемденеді. Рас, өндіргіш күштің бұл дамуы қолданылып отырған капиталдардың шінара бағасыздануымен қабат жүріп отырады. Бұл бағасыздану бәсеке арқылы қатты сезілетін болғандықтан, оның негізгі салмағы жұмысшыға түседі, жұмысшыны қанауды күшейту арқылы капиталист өзінің шеккен зиянының орнын толтыруға тырысады.

Еңбек өзі қолданған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын өнімге көшіреді. Екінші жағынан, белгілібір мөлшерлі еңбек арқылы іске қосылған өндіріс құрал-жабдықтарының құны мен көлемі еңбек өнімділігінің артуына пропорциялы түрде өседі. Демек, егер белгілібір мөлшерлі еңбек өзінің өніміне әрқашан сол белгілібір сомадағы жаңа құнды қосып отыратын болса, онда еңбек өнімділігінің өсуімен қатар, осы ретте өнімге көшірілетін ескі капиталдық құн да өседі.

Мәселен, егер ағылшын және қытай иірушілері бірдей мөлшерлі сағатта, бірдей қарқынмен жұмыс істейтін болса, онда бір апта ішінде олар бірдей құн өндірер еді. Алайда, бұл теңдікке қарамастан, қуатты автоматтардың көмегімен жұмыс істейтін ағылшынның апталық өнімінің құны мен қолында қол ұршығы ғана бар қытайдың апталық өнімінің құны арасында өте зор айырмашылық бар. Қытай иірушісі бір қадақ мақта иіретін уақыттың ішінде ағылшын иірушісі жүздеген қадақ мақта иіріп тастайды. Ағылшын өнімінің құнына, онда бұрынғы құндар жаңадан тиімді түрде сақталатын өнімнің құнына бұрынғы құндардың жүздеген есе көп сомасы келіп қосылады, сөйтіп капитал есебінде қайтадан қызмет атқара алады. «1782 жылы, — дейді Ф. Энгельс, — осыдан бұрынғы үш жылда (Англияда) жиналған барлық жүн жұмысшылардың жеткіліксіздігінен өңделмей жатты, ал егер осы жүннің күллісін иіріп шығарған, жаңадан ойлап табылған машиналар көмекке келмеген болса, онда өңделмей жата берген болар еді»⁵⁹). Машина түрінде затқа айналған еңбек, әлбетте, тікелей бір де жұмысшыны жасаған жоқ, бірақ ол аз ғана жұмысшылардың біршама аз тірі еңбек жұмсау арқылы жүнді өндірістік тұтынуына және оған жаңа құн қосуына мүмкіндік берумен бірге, иірілген жіп түрінде оның бұрынғы құнын сақтауға да мүмкіндік берді, т. т. Сөйтіп ол еңбек жүнді ұлғайта өндіруге құрал жасап, күш берді. Жаңа құн жасай отырып, бұрынғы құнды сақтап

⁵⁹) Ф. Энгельс. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы». 20-бет [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 2-том, 250-бет].

қалу — тірі еңбекке оның өз табиғаты бойынша тән қабілет. Сондықтан өндіріс құрал-жабдықтарының іәтижелілігінің, көлемі мен құнының артуына қарай, яғни еңбектің өндіргіш күшінің дамуымен қатар қор жинаудың өсуіне қарай болатын еңбек үнемі өсіп отыратын капиталдық құнды барған сайын жаңа формаларда сақтап, мәңгілік етіп отырады⁶⁰⁾. Еңбектің бұл табиғи қабілеті еңбекті иеленетін капиталға тән өзін-өзі сақтау қабілеті сияқты болып көрінеді, мұның өзінде еңбектің қоғамдық өндіргіш күштерінің капиталдың қасиеті сияқты, ал капиталистің қосымша еңбекті үнемі иемденуі ка-

⁶⁰⁾ Еңбек процесіне және құнын жасалу процесіне жасаған талдауы қанағатсыз болғандығынан классикалық саяси экономия ұдайы өндірістің осы маңызды кезеңін ешқашан дұрыс түсінген емес. Бұған Рикардо мысал бола алады. Мәселен ол: өндіргіш күш қалай өзгерсе де, «фабрикалардағы 1 миллион адам әрқашан нақ сол бір құнды өндіреді» дейді. Олардың еңбегінің экстенсивті және интенсивті мөлшері белгілі болған жағдайда бұл дұрыс. Бірақ мұның өзі еңбектің өндіргіш күші артурлі болып келетін жағдайда бір миллион адамның өте әралуан өндіріс құралдары массасын өнімге айналыдыруына, ол өнімде өте әралуан бұрынғы күн мөлшерін сақтауына, демек, өте әралуан құны бар өнімдер беруіне ешқандай кедергі жасамайды. Міне дәл осы жағдайды Рикардо өзінің кейбір қорытындыларында естен шығарады. Рикардо осы мысал арқылы Ж. Б. Сэйге тұтыну құны (мұны ол бұл арада *wealth*, заттық байлық деп атайды) мен айырбас құнының арасындағы айырмашылықты түсіндіремін деп босқа зүре болғанын жол-жөнекей ескерте кетелік. Сәй оған былай деп жауап береді: «Жетілдірілген өндіріс әдістері жағдайында бір миллион адам, көп күн өндірмей-ақ, байлықты екі есе, үш есе көп өндіре алды дегенде Рикардоның көрсетіп отырған қиыншылығына келетін болсақ, онда өндірісті айырбас ретінде, еңбектің, жердің, капиталдардың өндіріс қызметтері өнім алу үшін айырбасталады деп, мұның осылай қарауды қажет етіп отырғанындай қарайтын болсақ, онда әлгі қиыншылық жойылып кетеді. Осы өндіргіш қызметтер арқылы ғана біз үнемі өнімдердің бәрін алып отырмыз. Басқаша айтқанда: өндіріс деп аталатын айырбастау біз өндіріс қызметтері үшін неғұрлым көп пайдалы заттар алатын болсақ, біз соғұрлым бай боламыз, біздің өндіріс қызметтеріміздің құны соғұрлым көп болады» (*J. B. Say. «Lettres à M. Malthus». Paris, 1820, p. 168, 169*). Сәйдің түсінігі келіп отырған «қиыншылық», — мұның өзі есте Рикардо үшін емес, Сәй үшін ғана бар қиыншылық, — мынада. Еңбектің өскен өндіргіш күштерінің нәтижесінде тұтыну құндарының мөлшері өсіп отырған жағдайда, олардың құны неге еспейді? Жауап: егер біз тұтыну құнын айырбас құны деп атайтын болсақ, қиыншылық жойылады. Айырбас құны — қалай болған күнде де айырбаспен байланысты нәрсе. Сонымен, өндіріс дегенді біз еңбек пен өндіріс құрал-жабдықтарының өнімге «айырбасталуы» деп атайық, — сонда тұтыну құндары өндірісте неғұрлым көп жасалатын болса, бізде айырбас құны соғұрлым көп болатындығы айдан анық болады. Басқаша айтқанда: жұмыс күні тұтыну құндарын фабрикалық мәселені шұлықты неғұрлым көп беретін болса, фабрикант шұлыққа соғұрлым бай болады. Бірақ бұл арада Сәй мырзаға келетін мынадай бір ой келеді: шұлық «мөлшерінің көбеюіне» байланысты олардың «бағасы» (яғни, айырбас құнына ешқандай қатысы жоқ баға) төмендейді, «өйткені бәсеке өнім өндірушілердің өздеріне қаншаға түсетін болса, оны соншаға бергізетін болады». Ал егер капиталистің өзінің товарларын олардың өзіне түсетін бағасымен сататын болса, пайда қайдан келеді? Алайда мұндай болмашы нәрсеге абыржудың қажеті бар ма! Еңбек өнімділігінің артуы нәтижесінде өркім енді нақ сол бұрынғы эквивалентке бұрынғыдай бір пар шұлық алудың орнына екі пар шұлық алатын болады, т. т. дейді Сәй. Осылайша оның келген қорытындысы нақ сол Рикардоның, өзі теріске шығарғысы келген, қағидасының өзі болып шығады. Осылайша мықтап ойланғаннан кейін көңілі тасып, ол Мальтусты былай дейді: «Бұл жүйелі доктрина, марқабатты мырза, осындай; мұнысыз, — ашық айтып берейін, — саяси экономияның аса қиын мәселелерін, әсіресе, байлықтың құндардан құралатындығына қарамастан, өнім құны төмендеп отырған жағдайда, ұлт қалайынша байы алады деген мәселені анықтау ақылға сыймайтын нәрсе» (бұл да сонда, 170-бет). Сәйдің «Lettres»-тегі осы тәрізді фокустері жайында бір ағылшын экономисі былай дейді: «Мылжындаудың мұндай жасанды сарыны («those affected ways of talking») Сәй мырзаның өз доктрина деп атап отырған нәрсесі және оның «Европаның көп жерінде» істеліп отырғаны сияқты, Мальтусты Хартфордта оқытуға ұсынып отырған нәрсесі болып табылады. Сәй былай дейді: «Егер бұл қағидалардың кейбірі сізге парадокс болып көрінетін болса, онда солар арқылы бейнеленіп отырған заттарға қараңыз, сонда олар сізге өте қарапайым және түсінікті заттар болып көрінер деп ойлаймын». Дұра жоқ, — осы процестің нәтижесінде біздің көретін нәрсемізді не дессіңіз де болар, бірақ әйтеуір ол өзгеше жана немесе елеулі ештеме емес» («An Inquiry into those Principles respecting the Nature of Demand etc.», p. 110).

питалдың үнемі өздігінен өсуі сияқты болып көрінетіні тәрізді дәл солай көрінеді. Товар құны формаларының бәрі ақша формалары болып көрінетіні сияқты, еңбектің барлық күштері капиталдың күштері болып көрінеді.

Капиталдың өсуімен бірге қолданылатын капитал мен тұтынылатын капиталдың арасындағы айырмашылық та өседі. Басқаша айтқанда: құрылыстар, машиналар, дренаж тұрбалары, жұмыс малы, әралуан аппараттар сияқты еңбек құралдарының құндық және заттық аумағы өседі; бұлар азды-көпті ұзақ мерзім бойында, өндірістің үнемі жаңарып отыратын процестерінде қызмет атқарады, яғни белгілібір пайдалы нәтижеге жету үшін, толық көлемінде, қызмет етеді; ал сонымен қатар олар бірте-бірте тозады, демек, өзінің құнын біртіндеп жоғалтады, олай болса, құнын өнімге біртіндеп көшіріп отырады. Бұл еңбек құралдары өнімге құн қоспастан, өнім жасаушылар ретінде қызмет атқаратындықтан, яғни олар түгелімен қолданылып, бірақ бөлшектеіп тұтынылатын болғандықтан, міне сондықтан олар, жоғарыда ескертіп өткеніміздей, су, бу, ауа, электр және т. б. табиғат күштері сияқты тегін қызмет көрсетеді. Тірі еңбекпен қамтылып, жанданған өткен еңбектің осы тегін жемістері қорланудың көлемі көбейген сайын, қорлана береді.

Өткен еңбек әрқашан капитал шапанын киіп шығатындықтан, яғни *A, B, C* және т. б. жұмысшылар еңбегінің пассиві жұмыс істемейтін *X*-ның активіне айналып отыратындықтан, буржуа мен экономистер өткен еңбектің сіңірген қызметтерін үнемі дәріптеп мадақтай береді. Шотландияның данышпаны Мак-Куллох тіпті өткен еңбектің өзіне ерекше бір сыйлық (процент, пайда, т. б.) берілуге тиісті деп біледі ⁶¹⁾. Сөйтіп, еңбектің жанды процесіне өндіріс құрал-жабдықтары түрінде қатынасушы өткен еңбектің үздіксіз өсіп отыратын маңызына өткендегі ақы төленбеген еңбегінің нәтижесі өндіріс құрал-жабдықтары болып табылатын жұмысшының өзі ие емес, бұл еңбектің жұмысшыдан бөлектенген көрінісі, оның капиталдағы көрінісі ие болады. Құл иеленушінің құлдың ролінсі бөлек алынған жұмысшыны — жұмысшы деп түсіне алмайтыны сияқты, капиталистік өндірістің практикалық қайраткерлері мен олардың сөзуар идеологтары да қазіргі кезде өндіріс құрал-жабдықтарына кигізіліп қойған ерекше бір антагонистік қоғамдық пердеден бөлек алынған өндіріс құрал-жабдықтарын мүлде түсіне алмайды.

Жұмыс күші каналуының белгілібір дәрежесінде қосым-

⁶¹⁾ Мак-Куллох «wages of past labour» [«өткен еңбегі үшін сыйлыққа»] берілетін патентті Сениордың «wages of abstinence» [«тежелу үшін сыйлыққа»] берілетін патентті алуынан анағұрлым бұрын алды.

ша құнның аумағы бір мезгілде қаналатын жұмысшылардың санымен анықталады, ал жұмысшы саны, өзгеріліп отыратын пропорцияда болса да, капитал мөлшеріне сәйкес келеді. Қорланған үстіне қорлана берудің арқасында капитал неғұрлым көп өскен сайын, тұтыну фондысы мен қорлану фондысына бөлінетін құн сомасы да соғұрлым мықтап өседі. Капиталист сондықтан неғұрлым сән-салтанатты жағдайда тұра алады, ал сонымен қатар өзінің «тежелуін» де күшейте алады. Сонымен, сайып келгенде, авансыланған капиталдың аумағымен бірге өндіріс көлемі неғұрлым мықтап кеңейе түскен сайын, өндірістің қозғаушы тетіктерінің бәрі де соғұрлым күшті әрекет етеді.

5. ЖҰМЫСШЫ ҚОРЫ ДЕП АТАЛАТЫН ҚОР

Біздің зерттеуіміздің барысында капиталдың тұрақты шама емес екені, қайта қоғамдық байлықтың қосымша құнның табыс пен қосымша капиталға бөліну түріне қарай үнемі өзгеріп отыратын өте оралымды бөлегі екені анықталды. Мұнан әрі біз мынаны көрдік: қолданылып отырған капиталдың тіпті белгілібір мөлшерін алғанда оның қолындағы жұмыс күші, ғылым мен жер (экономикалық тұрғыдан қарағанда жер деп табиғаттың адам көмегісіз беретін еңбек заттарының бәрін түсінуіміз керек) сол капиталдың оралымды потенциалдарын құрайды, бұлар белгілібір шектерде капиталдың іс-әрекет арнасын оның өзінің мөлшеріне қарамастан кеңейтеді. Бұл ретте біз капиталдың сол бір аумағының өзіне өте әртүрлі дәрежеде әрекет еттіре алатын айналыс процесі жағдайларын мүлде есепке алмадық. Біз капиталистік өндіріс шеңберлерін ғана бар деп ұйғарғандықтан, демек, өндірістің қоғамдық процесінің таза стихиялық жолмен өсіп шыққан түрі бар деп білгендіктен қолда бар өндіріс құрал-жабдығы негізінде тікелей және жоспарлы түрде іске асырылатын неғұрлым тиімді комбинацияның қандайып болса да мүлде есепке алмадық. Классикалық саяси экономия қоғамдық капиталды тұрақты әрекет ету дәрежесі бар тұрақты шама деп қарауға ежелден құмар. Ал осы соқыр сенім барып тұрған филистер Иеремия Бентамның,— XIX ғасырдағы пасық буржуазиялық соқыр сенімінің осынау естияр-тақуа, берекесіз мылжың көріпкелінің арқасында ғана шүбәсіз догма болып қатып қалды⁶²⁾. Ақындардың арасында Мартин Таппер қандай болса, философтардың арасында Бентам сондай адам. Бұлардың екеуі де тек Англияда ғана бұл дүниеге келуі мүмкін адамдар⁶³⁾. Оның догмасы тұр-

⁶²⁾ Мынамен де салыстырып көріңіз: *J. Bentham*. «Théorie des Peines et des Récompenses», trad. Et. Dumont, 3ème éd. Paris, 1826, t. II, l. IV, ch. 2.

⁶³⁾ Иеремия Бентам — таза ағылшындық құбылыс. Нағыз жауыр болған ескі сөздерді мұншалық масаттап паш еткен философ — тіпті біздің Христиан Волифті қоса алғанда да — ешбір заманда, ешбір елде әлі болып көрген емес. Пайдалылық прин-

ғысынан қарағанда өндіріс процесінің нағыз қарапайым құбылыстарын, мәселен, оның кенет ұлғайып, кенет қысқаруын және тіпті қорлану фактісінің өзін де мүлде түсінуге болмады⁶⁴⁾. Бұл догманы Бентамның өзі де, сондай-ақ Мальтус, Джемс Милль, Мак-Куллох және басқалары да апологеттік мақсаттармен қолданды, атап айтқанда, капиталдың бір бөлегін, өзгермелі капиталды, яғни жұмыс күшіне айналдырылатын капиталды тұрақты шама деп көрсету мақсатымен қолданды. Өзгермелі капиталдың заттық түрде өмір сүруі, яғни оның жұмысшыларға беретін тіршілік заттары көлемі, немесе жұмысшы қоры деп аталатын қор — қоғамдық байлықтың табиғаттың өзі шектеген ерекше бір бөлегі, оның шегі бұзылмайды деген ертегі шығарылды. Қоғамдық байлықтың тұрақты капитал ретінде, немесе — заттық түрде — өндіріс құрал-жабдықтары ретінде қолданылуға тиісті бөлегін іске қосу үшін, әрине, тірі еңбектің белгілібір мөлшері керек. Бұл мөлшер өндіріс техникасы арқылы белгіленеді. Бірақ еңбектің бұл мөлшерін қимылға келтіру үшін керек болатын жұмысшылар саны да белгісіз, өйткені бұл сан жеке жұмыс күшін қанау дәрежесінің өзгеруімен бірге өзгеріп отырады, — жұмыс күшінің бағасы да белгісіз; оның тек ең аз, ал оның үстіне өте икемді шегі ғана белгілі. Қарастырылып отырған догманың негізінде жатқан фактілер мынадай: бір жағынан, қоғамдық байлықты жұмысшы еместердің тұтыну заттарына және өндіріс құрал-жабдықтарына бөлген кезде жұмысшының дауысы жоқ. Екінші жағынан, жұмысшы тек сирек кездесетін сәтті

дің Бентамның ойлап шығарған нәрсесі емес. Ол тек Гельвецийдің және XVIII ғасырдағы басқа да француздардың дарындылықпен баяндағандарын мүшкілдікпен қайталады. Егер біз, мәселен, ітке не пайдалы екенін білгіміз келетін болса, онда әуелі ит табиғатын зерттеп білуіміз керек. Бұл табиғаттың өзі «пайда принципі» негізінде жасалмаған. Егер бұл принципті адамға қолданғанымыз келетін болса, адамның әрекеттерінің, қозғалыстарының, қатынастарының, т. б. бәрін пайдалылық принципі тұрғысынан бағалағымыз келетін болса, онда біз жалпы алғанда адам табиғатының өзі қандай екенін және әрбір белгілі тарихи заманда оның қандай түр алатынын білуіміз керек. Бірақ Бентам мұндай мәселелерді мүлде керек қылмайды. Нағыз барып тұрған аңқаулық топастықпен ол осызаманғы филистерді — филистер болғанда мына ауылшындық филистерді — жалпы қалыпты дұрыс адамға апарып тенейді. Қалыпты дұрыс адамның осы бір түріне және оның жан дүниесін пайдалы нәрселердің бәрін ол өз-өзінен пайдалы нәрсе деп біледі. Мұнан кейін ол өткенді, қазіргіні, болашақты осы өлшеммен өлшейді. Мәселен, христиан діні «пайдалы», өйткені қылмыс заңы заң жүзінде айыптайтын қылмыстардың өзін ол дін бойынша айыптайды дейді. Керемет әдебиет сыны «зиянды», өйткені ол көдірменді адамдардың Мартин Таппердің және т. б. шығармаларын оқып рақаттануына кедергі жасайды дейді. Өз девизи — «nulla dies sine linea»¹⁷⁴ болған бұл пысық мырза толып жатқан кітаптарды осындай ескі-құсқылармен толтырды. Егер менің Г. Гейне досымның батылдығындай батылдығым болған болса, мен Иеремия мырзаны буржуазиялық ақымақтықтың дәншіпаны деп атаған әдімі.

⁶⁴⁾ «Экономистер... белгілібір мөлшердегі капиталды және белгілібір жұмысшылар санын белгілібір тұрақты күштің белгілібір тұрақты қарқынмен қимылдайтын өндіріс құралдары деп қарауға өте құмар келеді... Товарлар — өндірістің бірден-бір факторы... дейтін адамдар... осылай деуімен өндіріс тегінде ұлғая алмайды, өйткені оның бұлай-ша ұлғаюы үшін тіршілік заттарының шикі материалдар мен құралдардың мөлшері күні бұрын көбеюі керек деп тұжырымдайды; іс жүзінде мұның өзі — өндіріс алдынала өспей тұрып, ол ешбір өсе алмайды, немесе, басқаша айтқанда, оның ешбір өсуі мүмкін емес деумен бірдей нәрсе». (S. Bailey. Money and its Vicissitudes», p. 68, 70). Бейли догманы көбінесе айналыс процесі тұрғысынан сынайды.

жағдайларда ғана байлардың «табысының» есебінен «жұмысшы қоры» деп аталатынды ұлғайта алады⁶⁵⁾.

Жұмысшы қорының капиталистік шектерін тегінде қоғам табиғаты арқылы белгіленетін шектерге айналдыру әрекеті қандай жөнсіз мылжындыққа әкеліп соқтыратынын профессор Фосеттінің мысалынан көруге болады:

«Елдің айналмалы капиталы⁶⁶⁾».— дейді ол,— оның жұмысшы қоры болып табылады. Демек, әрбір жұмысшының алатын орташа ақшалай ақысын білу үшін бұл капиталды жұмысшы халықтың санына ғана бөлу керек»⁶⁷⁾.

Сонымен, біз әуелгі шын мәнісінде төленген жеке жалақының бәрінің сомасын есептеп шығарамыз да, одан кейін осылайша қосудың нәтижесі құдай мен табиғат белгілеген «жұмысшы қорының» құны болып табылады деп жариялаймыз. Ақырында, әрбір жеке жұмысшының үлесіне орта есеппен қаншадан келетінін тағы ашып алу үшін, жаңағы жолмен есептеп шығарылған соманы біз жұмысшылардың санына бөлеміз. Өте шебер жасалған тәртіп. Мұның өзі Фосеттінің, дем алмастан былай деуіне кедергі жасамайды:

«Англияда жыл сайын жинақталып отырған жиынтық байлық екі бөлімге бөлінеді: Сның бір бөлегі өзіміздің өнеркәсібімізді сақтау үшін Англияның өзіңде қолданылады. Екінші бөлегі шетелге шығарылады... Біздің өнеркәсібімізде қолданылатын бөлегі осы елде жыл сайын қорланатын байлықтың шамалы ғана үлесі болып табылады»⁶⁸⁾.

Сонымен, ағылшын жұмысшыларынан эквивалентсіз алынып, жыл сайын өсіп отыратын қосымша өнімнің көп бөлегі Англияда емес, басқа елдерде капиталға айналады екен. Бірақ осылайша шетелге шығарылған қосымша капиталға қоса құдай мен Бентамның тауып берген «жұмысшы қорының» бір бөлегі шетелге шығарылады ғой⁶⁹⁾.

⁶⁵⁾ Дж. Ст. Милль өзінің «Principles of Political Economy»-інде [б. II, ch. 1, § 3] былай дейді: «Еңбектің өнімі қазіргі кезде елбекке қарама-қарсы бағытта бөлінеді: оның ең көп бөлегі ешқашан еңбек елпейтіндер алады, мөлшері жағынан онан кейінгі бөлегін еңбегі түгелінен дерлік номиналды адамдар алады, осылайша, онан әрі кемі беру бағытында еңбек ауыр, сүйкімсіз нәрсеге айналған сайын ақы бірдеп-бірге төмендей береді. Ең ауыр, азапты дене еңбегімен айналысатын адам тіпті ең қажет деген тіршілік заттарын алып тұрармын деп сене алмайды». Жаңсақ түсінушілік болмау үшін мынаны ескерте кетейін: Дж. Ст. Милль мен сол сияқты адамдар өздерінің ескі экономикалық догмалары мен қазіргі бағыттары арасында қайшылық болып отырғаны үшін, әрине, қандай кінәлауға болса да тұратын адамдар, бірақ бұл адамдарды тұрлайы экономист-апологеттермен қосып бір жерге үйе салу барып тұрған әділетсіздік болған болар еді.

⁶⁶⁾ Мен бұл жерде мынадай жайды оқушының есіне сала кетейін: өзгермелі капитал мен тұрақты капитал деген категорияларды алғаш рет қолдануға мен енгізім. А. Смит заманынан бермен қарай саяси экономия бұл категориялардағы анықтамаларды негізгі және айналмалы капиталдың айналыс процесінен туатын формалар айырмашылығымен шатастырып келеді. Бұл туралы неғұрлым толығырақ түрде екінші кітаптың екінші бөлімінде айтылады.

⁶⁷⁾ H. Fawcett, Prof. of Polit. Econ. at Cambridge». «The Economic Position of the British Labourer». London, 1865, p. 120.

⁶⁸⁾ Бұл да сонда, 122, 123-беттері.

⁶⁹⁾ Жыл сайын Англиядан тек капитал ғана емес, сонымен қатар жұмысшылар

Ж И Ы Р М А Ү Ш І Н Ш І Т А Р А У

КАПИТАЛИСТІК ҚОРЛАНУДЫҢ ЖАЛПЫЛЫҚ ЗАҢЫ**1. КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ӨЗГЕРМЕЙТІН ЖАҒДАЙДА
ҚОРЛАНУҒА ҚАРАЙ ЖҰМЫС КҮШІНЕ ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ ӨСУІ**

Бұл тарауда біз капиталдың өсуінің жұмысшы табының тағдырына тигізетін әсерін қарастырамыз. Бұл зерттеудің ең маңызды факторлары — капиталдың құрылымы және оның қорлану процесінде душар болатын өзгерістері.

Капиталдың құрылымын екі түрлі тұрғыдан алып қарауға болады. Құн жағынан қарағанда, капитал құрылымы капиталдың тұрақты капиталға, яғни өндіріс құрал-жабдықтарының құнына, және өзгермелі капиталға, яки жұмыс күшінің құнына, яғни жалақының жалпы сомасына, бөлінетін қатнаспен белгіленеді. Өндіріс процесінде қызмет ететін материал жағынан қарағанда, қандай капитал болсын өндіріс құрал-жабдықтарына және жанды жұмыс күшіне бөлінеді; бұл мағнада алғанда капитал құрылымы, бір жағынан, қолданылатын өндіріс құрал-жабдықтары аумағының және, екінші жағынан, оларды қолдануға қажетті еңбек мөлшерінің арасындағы қатынаспен белгіленеді. Біріншісін мен капиталдың құндық құрылымы деп, екіншісін — капиталдың техникалық құрылымы деп атаймын. Бұлардың екеуінің де арасында тығыз өзара тәуелділік бар. Осы өзара тәуелділікті білдіру үшін мен капиталдың құндық құрылымын, — мұның өзі капиталдың техникалық құрылымы арқылы белгіленетін және өз бойында техникалық құрылымның өзгерістерін көрсететін болғандықтан, — капиталдың органикалық құрылымы деп атаймын. Жай әншейін капиталдың құрылымы туралы әңгіме болған жағдайларда оны әрқашан органикалық құрылым деп түсіну керек.

Өндірістің белгілі бір саласына жұмсалған толып жатқан жеке капиталдардың өз құрылымы жағынан бір бірінен аздықөпті айырмашылығы болады. Олардың жеке құрылымдары-

да эмиграция түрінде шетелге шығарылып отырады деуге болады. Алайда тексте көпшілігі жұмысшы табына жатпайтын қоныс аударушылардың мүліктері әңгіме болып отырған жоқ. Қоныс аударушылардың үлкен бір бөлсігі — фермерлердің балалары. Халықтың жылма-жылғы өсуімен салыстырғандағы жылма-жылғы эмиграцияға қарағанда, Англияның лайда түсіру мақсатымен жылма-жыл шетелге шығаратын қосымша капиталы жылма-жылғы қорланумен салыстырғанда анағұрлым көп.

ның орта мөлшері өндірістің осы саласындағы бүкіл капиталдың құрылымын көрсетеді. Ақырында, өндірістің барлық салаларының осы орташа құрылымдарының жалпы орта мөлшері осы елдің қоғамдық капиталының құрылымын көрсетеді, ал енді бұдан былайғы баяндауда әңгіме, сайып келгенде, тек осы жөнінде ғана болады.

Капиталдың өсуі капиталдың өзгермелі, яки жұмыс күшіне айналдырылатын, құрамды бөлімінің өсуін де қамтиды. Қосымша құнның қосымша капиталға айналдырылатын бір бөлегі қайтадан өзгермелі капиталға, немесе қосымша жұмысшы фондысына үнемі айналып отыруға тиіс. Мәселен, басқа өзгермейтін жағдайлардың ішінде капиталдың құрылымы да өзгермей қалады, яғни өндіріс құрал-жабдықтарының белгілі бір аумағын, яки тұрақты капиталды қозғалысқа келтіру үшін бұрынғысынша сол бір жұмыс күшінің мөлшері керек болады екен делік; міне бұл жағдайда еңбекке және жұмысшылардың күн көріс қорына деген сұраныс тегі капиталдың өсуіне пропорциялы түрде өседі және капитал неғұрлым тез өссе, ол да соғұрлым тез өседі. Капитал бір бөлегі жылма-жыл бастапқы капиталға қосылып отыратын қосымша құнды жылма-жыл өндіріп отыратындықтан; осы қосылудың өзі пайдаланудағы капитал мөлшерінің артуына қарай жылма-жыл өсіп отыратындықтан және, ақырында, баюға барынша қатты ұмтылудың итермелеуімен, мысалы, жаңадан пайда болған қоғамдық қажеттердің, т. т. нәтижесінде жаңа рыноктар, капитал жұмсайтын жаңа сфералар ашылған кезде, қорлану қосымша құнның, яки қосымша өнімнің капиталға және табысқа бөлінуінде болатын өзгерістің бір өзінің ғана салдарынан өз көлемін тез кеңейте алатындықтан, капиталдың қорлануынан туатын қажеттер жұмыс күшінің, яки жұмысшылар санының өсуінен, асып кетіп отырады, жұмысшыларға деген сұраныс олардың ұсынылуынан асып кетіп отырады міне, сөйтіп, жалақының артуы мүмкін. Мұның өзі, жоғарыда көрсетілген жағдайлар өзгермей сақталатын болған соң, сайып келгенде, осылай болып шығуға тиісті де. Жылма-жыл жұмысшылар өткен жылғыдан көп қолданылатын болғандықтан, ерте ме, кеш пе қорланудың қажеттері дағдылы еңбек ұсынысынан асып түсе бастайтын, демек, жалақының өсетін кезеңі тууға тиісті. Осыған қынжылу Англияда бүкіл XV ғасырдың бойында және XVIII ғасырдың бірінші жартысында болып келді. Алайда, жалдама жұмысшылар сақталып, көбейіп отыратын азды-көпті қолайлы жағдайлар капиталистік өндірістің негізгі сипатын ешқандай өзгертпейді. Жай ұдайы өндіріс капиталистік қатынастың өзін,— бір жағынан капиталистерді, екінші жағынан жалдама жұмысшыларды,— үздіксіз ұдайы өндіріп отыраты-

ны сияқты, кең көлемдегі ұдайы өндіріс, немесе қорлану да, капиталистік қатынасты кең көлемде ұдайы өндіріп отырады: бір жағында капиталистерді немесе неғұрлым ірі капиталистерді көбірек, екінші жағында жалдама жұмысшыларды көбірек ұдайы өндіреді. Құнды арттыру құралы есебінде үнемі капиталдың құрамына еніп отыруға тиісті және одан босана алмайтын жұмыс күшінің және де капиталға бағынуы өзін соларға апарып сататын жеке капиталистердің алмасуымен ғана бүркемеленетін жұмыс күшінің ұдайы өндірілуі, — міне осы ұдайы өндірілу шынына келгенде капиталдың өзінің ұдайы өндірілу моменті болып табылады. Сонымен, капиталдың қорлануы дегеніміз пролетариаттың көбеюі болып табылады⁷⁰⁾.

Классикалық саяси экономияның бұл жағдайды жақсы түсінгені соншама, А. Смит, Рикардо және басқалары, жоғарыда ескертіп өткеніміздей, тіпті қорлануды өндіргіш жұмысшылардың қосымша өнімнің бүкіл капиталданатын бөлімін тұтынуымен, немесе оны қосымша жалдама жұмысшыларға айналдырумен бірдей нәрсе деп қателескен. 1696 жылдың өзінде Джон Беллерс былай деген:

«Егер біреудің 100 000 ақр жері, соншама фунт стерлинг ақшасы және сонша малы болған болса, бірақ бір де жұмысшысы болмаса, онда осы бай адамның өзі жұмысшы болмағанда не болар еді? Ал жұмысшылар адамдарды байытатындықтан, жұмысшылар неғұрлым көп болса, байлар да соғұрлым көп болады... Кедейдің еңбегі — байдың баю бұлағы»⁷¹⁾.

Дәл сол сияқты Бернар де Мандевиль XVIII ғасырдың бас кезінде былай дейді:

«Меншік жеткілікті түрде қорғалатын жерде, кедейлерсіз тұрудан гөрі, ақшасыз тұру онайырақ болған болар еді, өйткені кім еңбек етпек?.. Жұмысшыларды аштан өлуден қорғау керек болғанымен, мұны олар жинақ жасарлық ештеңе алмайтындай етіп істеу керек. Егер кейде төменгі таптан шыққан біреу-міреу айрықша еңбек сүйгіштігінің және жарып ішіп-жемейі-

⁷⁰⁾ Карл маркс. «Жалдама еңбек және капитал» [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 3-ші басылуы, 6-том]. «Бұқараны бірдей дәрежеде езген жағдайда, ел ішінде пролетарлар неғұрлым көп болса, ол ел соғұрлым байырақ келеді» (Colins. «L'Economie Politique, Source des Révolutions et des Utopies prétendues Socialistes». Paris, 1857, t. III, p. 331). Экономикалық мағнада алғанда «пролетарий» деп «капиталды» өндіріп, оны көбейтетін және «капитал мырзаның», Пеккёр бұл персонды осылай атайды, өзінің өсу қажеттеріне керексіз болып қалған бойда көшеге лақтырылып тасталатын кілең жалдама жұмысшыны ғана түсіну керек. «Алғашқы заман ормандарының әлсіз пролетарийі» — Рошердің сүйікті фантазиясы. Алғашқы заман орманының тұрғыны — алғашқы заман орманының меншікшісі, алғашқы заман орманына, орангутангтің оярығындай, нақ сондай оярықпен өз меншігіне қарайды. Демек, ол пролетарий емес. Егер алғашқы заман орманын ол пайдаланбай, алғашқы заман орманы оны пайдаланған болса, ол міне осы жағдайда ғана пролетарий болған болар еді. Ал оның денсаулығы жайына келетін болсақ, онда ол бұл жөнінен, көзіргі заманғы пролетариймен ғана емес, сонымен қатар мезез, мысқыл ауруы бар «кәдірменді адамдармен» де тең түсер еді. Алайда алғашқы заман орманы деп Вильгельм Рошер мырза, сірә, өзінің туған Люнебург даласын түсінетін болса керек.

⁷¹⁾ John Bellers. «Proposals for raising a College of Industry». London, 1696, p. 2.

нің арқасында өзінің өскен жағдайынан жоғары көтерілетін болса, онда ешкім бұл жөнінде оған кедергі жасамауға тиіс: өйткені ұқыпты тұру дегеніміз — қоғамдағы әрбір жеке адам үшін, әрбір жеке семья үшін әбден орынды нәрсе екені талассыз ғой; алайда барлық бай ұлттардың мүддесі кедейлердің көпшілігінің ешқашан жұмыссыз қалмайтын болуында және олар өздерінің алатындарының бәрін үнемі түгелінен жұмсап отыратын болуында... Күнбе-күнгі еңбегімен күн елтетін адамдарды еңбекке тек өзінің мұқтаждықтары ғана итермелейді, ол мұқтаждықтарын жеңілдету орынды іс болғанымен, одан мүлде құтқару ақымақтық болған болар еді. Жұмысшы адамды ықыласты ете алатын бір ғана зат, — қанағат тұтатындай жалақы. Тым төмен жалақы оны, темпераментіне қарай, енжарлыққа немесе торығуға жеткізеді де, тым көп жалақы — арсыз және жалқау етеді... Осыған дейін айтылғанның бәрінен шығатын қорытынды: құлдыққа жол бермейтін еркін ұлт үшін ең қумансыз байлық — еңбек сүйгіш кедейлер бұқарасының болуы. Олар флот пен армияны толықтырудың сарқылмас көзі болып табылатынын айтпағанның өзінде, оларсыз ешқандай рахат дегендер болмаған болар еді және елдің өнімін табыс табу үшін пайдалануға мүмкіндік болмаған болар еді. Қоғамды» (әрине, жұмысшы еместерден құралған қоғамды) «бақытты ету үшін, ал халықты тіпті оның өзінен аянышты халіне разы ету үшін, міне мұның үшін орасан басым көпшіліктің надан және кедей болып қалуы қажет. Білім біздің тілектерімізді кеңейтіп, көбейтеді, ал адам неғұрлым аз тілейтін болса, оның керектерін де соғұрлым оңай қанағаттандыруға болады»⁷²).

Мандевиль, адал және айқын ойлы адам болғанымен, қорлану процесі механизмінің өзі капиталды көбейтумен бірге «еңбек сүйгіш кедейлер» бұқарасын да, яғни жалдама жұмысшыларды да; көбейтіп отыратынын, бұлар өздерінің жұмыс күшін ұлғаймалы капиталдың құнын өсіру үшін керек ұлғаймалы күшке айналдыруға және нақ осылай етуі арқылы капиталист кейпіне енген өз өніміне өзінің тәуелді болуын мәңгілік етуге мәжбүр екенін әлі түсінбейді. Осы тәуелділік жайында сэр Ф. М. Иден өзінің «Кедейлердің жай-күйі, немесе Англия жұмысшы табының тарихы» деген еңбегінде мынаны айтады:

«Біздің географиялық өңірімізде қажеттерді қанағаттандыру үшін еңбек керек, міне сондықтан, ең болмағанда, қоғамның бір бөлегі қажымай-талмай еңбек етуге тиісті... Еңбек етпейтін бірздарының өз қарамағында дегенмен ыждағат өнімдері болады. Алайда мұның өзіне де меншікшілер цивилизация мен тәртіптің арқасында жетті; олар түгелімен — азаматтық мекемелердің жасағаны⁷³). Өйткені олар еңбек жемістерін еңбектен басқа да әдіспен иемденуге болатынын мойындайды. Тәуелсіз дәулеті бар адам-

⁷²) *B. de Mandeville*. («The Fable of the Bees», 5th ed. London, 1728, ескертулері, 212, 213, 328-беттері). «Жұпыны тұрмыс пен ұдайы еңбек ету кедейлерді материалдық бақытқа жеткізетін» (бұлай деп бұл жерде мүмкіндігінше ұзақ жұмыс күні және тіршілік заттарының мүмкіндігінше аз мөлшері айтылып отыр) «және мемлекетті» (яғни жер меншікшілерін, капиталистерді және олардың саяси сановниктері мен агенттерін) «байлыққа жеткізетін жол болып табылады». («An Essay on Trade and Commerce». London, 1770, p. 54).

⁷³) Иденнің: ал «азаматтық мекемелер» кімнің шығарған нәрсесі? — деп сұрақ қоюы керек еді. Ол юридикалық жалған үміттер тұрғысында болғандықтан, заң материалдық өндірістің қатынастардың жемісі деп білмейді, қайта, керісінше, өндірістің қатынастар заңның жемісі деп біледі. Ленге Монтескьенің жалған түрдегі «Esprit des loix» [«Заңдар рухын»] бас-аяғы бір сөзбен-ақ теріске шығарып тастады: «L'esprit des loix, c'est proportion» [«Меншік — міне заңдар рухы деген осы»]¹⁷³.

дардың дәулетті болуы оның өзінің қабілетті болуының арқасы емес, түгелімен дерлік басқалардың еңбегінің арқасы, өйткені оның қабілеті басқалардың қабілетінен тіптен де жоғары емес; байларды кедейлерден өзгеше ететін нәрсе — жер мен ақшаны иелену емес, еңбекті билеу («the command of labour») ...Кедейге лайық нәрсе махрұм қалу немесе құлдық жағдайы емес, оңтайлы, либералдық тәуелділік жағдайы (a state of easy and liberal dependence), ал меншігі бар адамдарға лайық нәрсе өздеріне қызмет істеушілердің арасында тиісті ықпалы және беделі болушылық... Мұндай тәуелділік қатынаста болу, адам табиғаты жайын жақсы білетіндердің бәріне белгілі екені сияқты, жұмысшылардың өздерінің игілігі үшін қажет»⁷⁴⁾.

Айта кететін бір нәрсе: Адам Смит шәкірттерінің ішінен сэр Ф. М. Иден — XVIII ғасырда көзге түсерлік бір нәрсе жазаған бірден-бір адам⁷⁵⁾.

⁷⁴⁾ *Eden*, цитат алынған шығарма, I том, I-кітап, I тарау, 1, 2-беттері және алғысөз, XX бет.

⁷⁵⁾ Егер оқушы «*Essay on Population*» деген еңбегі 1798 ж. шыққан Мальтускі есіне түсіретін болса, онда мен мынаны есіне салайын: бұл еңбек өзінің алғашқы түрінде Дефодан, сэр Джемс Стюарттан, Таунсендтен, Франклиннен, Уоллестен және т. б. алынған шәкірттік-үстірт және поптық-көшірме плагиаттан бөтеш ешнәрсе емес, онда өз басынан ойлап шығарған бір де қағида жоқ. Бұл памфлеттен туған үлкен даурықпаның себебі партиялық мүдделерден ғана болды. Француз революциясы Британия корольдігінен жалынды жақтаушылар тапты: XVIII ғасырда асықпай жасалып шыққан, оған кейін ұлы әлеуметтік дағдарыстың ортасында келіп, Кондорсенін және басқалардың теориясына қарсы теңдесі жоқ дәру есебінде, дабыл қағылып дауылап соғылып жарияланған «халық өсуі заңын» Англия олигархиясы қуанышпен қарсы алды, ол мұны адамзаттың одан әрі дамуы талаптарының бәрін жоғатын ұлы жоюшы деп білді. Өзінің табысына сұмдық таң қалған Мальтус сол арада ескі схеманы үстірт құрастырылған материалмен толықтыруға және оған жаңа, бірақ Мальтус ашаған, ол жәй ғана иеленіп алған, материалды әкеліп қосуға кірісті. Айта кетерлік бір нәрсе: Мальтус — жоғары дәрежелі ағылшын шеркеуінің попы бола тұрса да, некесіз өтуге монахтық серт берген болатын. Некесіз өту протестанттық Кембридж университетіне [fellowship [мүше] болу шарттарының бірі еді. «Үйленген адамдардың коллегияға мүше болуына оқу берілмейді. Қайта біреу-біреу әйел алатын болса, ол адам мүшелер қатарынан шығып қалады» («Reports of Cambridge University Commission», p. 172). Бұл жағдай Мальтускі басқа протестанттық поптардан тиімді түрде ерекше етеді, бұлар священниктердің некесіз өтуі жөніндегі католиктік уағызды өз бойларынан дақтырып тастап, «өсіп-өрініздер» дейтін уағызды өзінің ерекше-таураттық міндеті есебінде игеріп алды, игергенде халықтың көбеюіне барлық жерде де ақиқатында лайықсыз түрде көмектесетін дәрежеде игерді, ал сонымен қатар жұмысшыларға «халық өсуінің принципі» уағыздайды. Бір қызығы, күнәхәр болудың экономикалық келекесі, Адамата алмасы, «urgent appetite» [«бой бермейтін тілек»], «the checks which tend to blunt the shafts of Cupid» [«Купидонның садағын мұқалтуға арналған кедергілер»], Таунсенд поптың көңілдене айтқанындай, міне осы шетін пунктті протестанттық теологияның немесе, дұрысырақ айтқанда, шеркеудің өкілдері мырзалар монополияланды, көзінде де монополияланды. Тамаша және тапқыр автор, венециялық монах Оресті қоспағанда, «халық өсуі заңын» уағыздаушылардың көпшілігі — протестанттық поптар. Мұндайлар мыналар: Брюкнер «*Théorie du Système animal*». Leyde, 1767, жазды, мұнда халық өсуі жайындағы бүкіл кәзіргі заманғы теория толық баяндалған және оған идея берген нәрсе осы тақырыпта Кең мен оның шәкірті үлкен Мирабонның арасында болған өткінші талас болды; оған кейін in this line [осы бағыттағы] ұсақ поп-шаймашыларды айтпағанда, поп Уоллес, поп Таунсенд, поп Мальтус және оның шәкірті архипоп Т. Чалмерс. Бастапқы кезде саяси экономиямен Гоббс, Локк, Юм сияқты философтар, Томас Мор, Темпл, Сюлли, де Витт, Норс, Ло, Вандерлинг, Кантильон, Франклин сияқты коммерциялық және мемлекеттік адамдар, ал әсіресе оның теориясымен, оның үстіне аса табысты түрде, Петти, Варбон, Мандельяр, Кең сияқты медиктер шұғылданған. XVIII ғасырдың сонау орта кезінде кәзірет Таккер мырза, өз заманының көрнекті экономисі, маммонамен шұғылданғанына кешірім сұрайды. Кейін, атап айтқанда «халық өсуі заңы» пайда болған кезден бастап протестанттық поптардың күні туды. Халықты байлықтың негізі деп санаған және, Адам Смит тәрізді, поптардың бітіспес жауы болған Петти, осы бақсы-балгерлердің пайда болуын күншілгері сезгендей: «Адвокаттар аштан өлетін жерде правоның етек алатыны сияқты, священниктер өз ұрығын бәрінен де көбірек өлтіретін жерде дін бәрінен де көбірек етек алады» дейді. Сондықтан, протестанттық священниктер апостол Павла ергісі келмейтін болған сон және некесіз өтіп, «ұрығын өлтіргісі» келмейтін болған соң Петти оларға «поптарды, ең болмағанда, кәзір бар приходтар (bene-

Қор жинаудың жұмысшылар үшін осы уақытқа дейін жорамалданып келген ең қолайлы жағдайларында жұмысшылардың капиталға тәуелділік қатынасы бір жөн формаға немесе, Иден айтқандай, «қолайлы, либералдық» формаға бөленеді. Капитал өскен сайын интенсивті бола берудің орнына ол қатынас экстенсивті ғана бола түседі, яғни капиталдың қанауы мен үстемдігінің сферасы оның өз көлемімен бірге және оның қоластындағылардың санымен бірге ғана ұлғаяды. Бұлардың барған сайын көбейіп, өсіңкі мөлшерде қосымша капиталға айналып отыратын өз қосымша өнімінің бірден бірге көбірек бөлегі төлем қаржысы есебінде оларға қайтадан түсіп отырады; осының арқасында олар өз қажеттерінің шеңберін кеңіте алады, өзінің киім-кешек, мебель және т. т. жөніндегі тұтыну қорын жақсы қамтамасыз ете алады және тіпті аздаған ақшалай запас қорлар құрай алады. Бірақ жақсы киім, жақсы тамақ, жақсы қараушылық және азды-көпті едәуір ресуиум¹⁷⁶ құлдың тәуелділік қатынасы мен қаналуын жоймайтыны сияқты, міне дәл сол сияқты бұл жағдай жалдама жұмысшының да тәуелділік қатынасы мен қаналуын жоймайды. Капиталдың қорлануының нәтижесінде еңбектің

ficas) сиғыз алатын мөлшерден артық («not to breed more Churchmen») дайындап шығармауға кеңес береді; басқаша айтқанда, егер Англия мен Уэльсте небәрі 12 000 приход болатын болса, онда 24 000 поп дайындап шығару орынсыз болған болар еді («it will not be safe to breed 24 000 ministers»), өйткені 12 000 орналаспаған поптар үнемі тіршілік заттарын іздейтін болады, жәнеде мынадай тәсілден басқа: халыққа барып, оған осы 12 000 приходы барлар жандарды жойып жатыр, ол жандарды аштыққа жеткізуде және оларға тайғақ жол көрсетуде, бұл жолмен олар көкке жете алмайды,—деуден басқа тіршілік заттарын табудың оңай тәсілі бар ма? (*Petty. «A Treatise of Taxes and Contributions».* London, 1667, p. 37). Адам Смиттің өз заманындағы протестанттық поптарға көзқарасын мыналар сипаттайды. «A Letter to A. Smith. LL. D. On the Life, Death and Philosophy of his Friend David Hume». By One of the People called Christians, 4th ed. Oxford, 1784, деген еңбекте Норидждан шыққан ағылшын епископы, доктор Хорн: Страэнге жазған бір ашық хатында «өзінің досын Давидті» (яғни Юмды) «бальзамдадың» деп, «елер алдында Юмның Лукиан мен вистіге көңіл аударғанын» жұртқа айттың деп, «Адам табиғатының нәзік жақтары кеменгер және аса қайырмды адамның әбден жетілген идеалын қаншалықты мүмкін етсе, мен Юмды әрқашан, оның тірі кезінде де, өлгеннен кейін де сол идеалға соншалықты жақын деп есептеген едім» деп жазуға да бағылты барды деп Адам Смитке кіжінеді. Епископ былайша ызаланып лепіреді: «Дін атаулының бәрине бітіспес дүшпан болған және тіпті діннің атының өзін адамның ойынан шығару үшін қолынан келгенін істеуге бар күш-жігерін салған адамның мінезі мен өмір салтын бізге әбден кеменгер, қайырмды адам еді деп суреттеуіңіз жақсы ма, маркабатты тақсыр?» (бұл да сонда, 8-бет). «Бірақ ұнжарғаңыз түспесін, ақиқат достары, атеизм ұзақ өмір сүрмейді» (бұл да сонда, 17-бет). Адам Смит сондай «оңбаған арам адам («the atrocious wickedness»), ел ішінде атеизмді насихаттап отыр» (атап айтқанда өзінің «Theory of moral sentiments» арқылы) «...Біз сіздің қулық-сұмдықтарыңызды білеміз, доктор мырза! Сіз жақсы ойластырып алғансыз, бірақ бұл жолы есебіңізден жанылып отырсыз. Давид Юмды мысалға алып, сіз атеизмді еңсесі түскен рухты бірден-бір сүйеніші («scordial») және өлім қорқынышының бірден-бір емі деп көрсеткііз келеді.. Вавилонның қирап қалған орнын кешке ете беріңіз және қатулы залым фараонды құттықтай беріңіз!» (бұл да сонда 21, 22-беттері). Адам Смиттің адал шәкірттерінің бірі А. Смит өлгеннен кейін былай деп жазады: «Смиттің Юммен достығы... Оның христианни болуына кедергі жасады... Барлық нәрсе жөнінде де ол Юмның айтқанына сенетін еді. Егер Юм оған: ай дегеніміз көк ірімшік деген болса, ол бұған да сенген болар еді. Сондықтан ол оның құдай мен кереметтер жөке дегеніне де сенген... Өзінің саяси принциптері жағынан ол республиканизмге жақын еді» («The Bee». By James Anderson. 18 vols. Edinburgh 1791—1793, vol. III, p. 166, 165). Поп Т. Чалмерс: А. Смит «өндірімшік жұмысшылар» категориясын қаскүнемдікпен ғана әдейі протестанттық поптар жөнінде шығарған болар, бұлардың ұлықтың жүзім бағындары бата алған еңбектерін ескермеген болар деп, А. Смит жөнінде күдіктенеді.

бағасының артуы шынына келгенде жалдама жұмысшының өзі өзіне арнап соғып алған алтын шынжырдың көлемі мен салмағы ол шынжырдың қысымын әлсіздеу етуге мүмкіндік беретінін ғана көрсетеді. Бұл мәселе жөніндегі таластарда әдетте ең басты нәрсе, атап айтқанда капиталистік өндірістің *differentia specifica* [сипатты белгілері] естен шығарылып жүрді. Мұнда жұмыс күші сатып алынғанда оның қимылымен немесе оның өнімімен сатып алушы өз басының керегін қанағаттандыра алатын болуы үшін сатып алынбайды. Сатып алушының мақсаты — өзінің капиталының құнын арттыру, өзінің ақы төлеген еңбегінен көп еңбек сіңірілген, демек, оның өзіне еш шығынсыз түскен, бірақ солай бола тұрса да товарды сатқан кезде өткізілетін құн бөлімі бар товарлар өндіру. Қосымша құн өндіру яки баю — міне бұл өндіріс әдісінің абсолютті заңы осындай. Жұмыс күші өндіріс құрал-жабдықтарын капитал ретінде сақтап, өзінің құнын капитал ретінде ұдайы өндіріп және ақы төленбеген еңбек арқылы қосымша капиталдың құралуына негіз жасап отыратын болғандықтан ғана сатылатын нәрсе бола алады⁷⁶⁾. Демек, жұмыс күшін сату жағдайлары, бұлар жұмысшыларға неғұрлым қолайлы немесе неғұрлым қолайсыз болуына қарамастан, жұмыс күшін сатуды үнемі қайталап отыруды және капитал ретінде байлықты үнемі ұлғайтып ұдайы өндіріп отыруды қажет етеді. Жалақы, жоғарыда өзіміз көргендей, өзінің табиғаты бойынша, жұмысшының белгілібір мөлшерде ақы төленбеген еңбек беруіне үнемі себеп болып отырады. Тіпті еңбек бағасы төмендеген, т. с. жағдайда жалақының артуы туралы айтпағанның өзінде, оның өсуі, тіпті ең мықтағанда, жұмысшының орындауына тура келетін ақы төленбеген еңбектің сан жағынан азаюын ғана көрсетеді. Бұл азаю капиталистік системаның өмір сүруінің өзіне қатер тұғызатын пунктке дейін ешқашанда жетпек емес. Жалақының мөлшері жөніндегі күшпен шешілетін дау-жанжалдарды, — мұндай дау-жанжалдарда қожайын ерқашан қожайын болып қала береді дегенді Адам Смит те көрсетіп өткен болатын, — былай қойғанда, капиталдың қорлануынан туатын еңбек бағасының артуы мынадай альтернативаны керек етеді.

Не еңбек бағасы арта береді, өйткені оның артуы қорланудың өсуіне кедергі жасамайды; мұнда тұрған таңырқарлық ешнәрсе жоқ, өйткені, Адам Смит айтқандай,

⁷⁶⁾ 2-ші басылуына ескерту. «Алайда, егіншілік жұмысшыларының болсын, өнер-кәсіп жұмысшыларының болсын пайдаланылуының шегі бір, атап айтқанда — олардың еңбегінің өнімінен кәсіпкердің пайда түсіру мүмкіндігі... Егер жалақының мөлшері, қожайынның алатыны орта пайдадан төмен түсіп кететіндей болып өсетін болса, онда қожайын жұмысшыларға жұмыс беруін қояды немесе олар жалақысын кемітуге көнетін болса ғана береді» (*John Wade*, цитат алынған шығарманың 240-беті).

«тіпті пайда төмендеген жағдайда да капиталдың өсе беретіні былай тұрсын, қайта тіпті бұрылғысынан анағұрлым тез өседі... Көп капитал тіпті шамалы пайда түсірілгенінің өзінде де көп пайда түсірілетін ұсақ капиталдан гөрі жалпы алғанда тезірек өседі» («Wealth of Nations»), I [Гарньенің французша аудармасы], 189-бет).

Бұл жағдайдағы айқын нәрсе: ақы төленбеген еңбектің кемуі капитал үстемдігінің тарауына ешқандай кедергі жасамайды. Немесе,— ал мұның өзі альтернативаның екінші жағы,— еңбек бағасының артуы салдарынан қор жинау нашарлайды, өйткені пайданың ынталандырушылық ықпалы кемиді. Қор жинау кемиді. Бірақ оның кемуімен бірге оның кему себебі жойылады, атап айтқанда капитал мен қанауға болатын жұмыс күшінің арасындағы диспропорция жойылады. Демек, капиталистік өндіріс процесі механизмінің өзі өзінің жасаған уақытша кедергілерін жояды. Еңбек бағасы капиталдың ұлғаю тілектеріне сай дәрежеге дейін қайтадан төмендейді,— бұл дәреже жалақы артқан кезге дейін қалыпты деп саналып келген дәрежеден төмен, жоғары немесе соған тең бола ма, жоқ па, ол бәрібір. Сонымен, бірінші жағдайда капиталды басы артық ететін нәрсе — жұмыс күшінің немесе жұмысшы халықтың абсолютті немесе относителді ұлғаюының бәсеңдеуі емес, қайта мұның керісінше, капиталдың артуы қанауға болатын жұмыс күшін жеткіліксіз етеді. Екінші жағдайда капиталды жеткіліксіз ететін нәрсе — жұмыс күшінің немесе жұмысшы халықтың абсолютті немесе относителді ұлғаюының күшеюі емес, қайта мұның керісінше, капиталдың кемуі қанауға болатын жұмыс күшін басы артық етеді немесе, көбінесе, оның бағасын тым көтеріп жібереді. Капиталдың қорлануының нақ осы абсолютті қозғалыстары қанауға болатын жұмыс күші массасының относителді қозғалыстары түрінде келіп көрінеді, сондықтан да олар жұмыс күшінің өз қозғалысынан тұған сияқты болып көрінеді. Математика тілімен айтқанда, қорланудың мөлшері — тәуелсіз өзгермелі мөлшер де, жалақының мөлшері — тәуелді мөлшер, мұның керісінше емес. Дәл сондай-ақ өнеркәсіп циклі дағдарысының фазасында товар бағаларының жалпы кемуі ақшаның относителді құнының артуы ретінде көрінеді де, ал өркендеу фазасында товар бағаларының жалпы артуы ақшаның относителді құнының кемуі ретінде көрінеді. *Scarcity School* [Ақша мектебі] деп аталатын мектеп бұдан: баға жоғары болған кезде айналыста өте көп ақша болады, баға төмен болған кезде — өте аз ақша * болады деген қорытынды шығарады. Бұл мектептің надандығы мен фак-

*) Түпнұсқада бірінші ретте «аз» деп, екінші ретте — «көп» деп айтылған; бұл түзету автордың қатысуымен французша жасалған аударманың текстіне сәйкес жасалды. *Ред*

тыларды мүлдем елемейі ⁷⁷⁾ қорланудың жаңа ғана көрсетіліп өткен құбылыстарын бейнебір бір жағдайда жалдама жұмысшылар өте аз, ал екінші бір жағдайда — өте көп болатын сияқты етіп түсіндіретін экономистермен әбден барабар келеді.

Жалған түрдегі «халық өсуінің табиғи заңының» негізіне алынып отырған капиталистік өндіріс заңы тек әншейін мынаған келіп тіреледі: капиталдың, қорланудың және жалақы мөлшерінің арасындағы қатынас дегеніміз капиталға айналған ақы төленбеген еңбек пен қосымша капиталды қозғалысқа келтіруге қажетті қосымша еңбектің арасындағы қатынастан басқа ештеңе емес. Демек, бұл — әсте де біріне бірі тәуелсіз екі шаманың арасындағы, бір жағынан, капитал мөлшерінің, екінші жағынан, жұмысшы халық санының арасындағы қатынас емес; мұның керісінше, бұл сайып келгенде сол жұмысшы халықтың бір өзінің ақы төленбеген еңбегі мен ақы төленген еңбегінің арасындағы ғана қатынас. Егер жұмысшы табы беретін және капиталистер табы қорландыратын ақы төленбеген еңбектің мөлшері соншама тез өсіп, ол ақы төленген қосымша еңбектің өте-мөте көбейген жағдайында ғана капиталға айнала алатын болса, онда жалақы өседі, және басқа жағдайлары тең болып келгенде, ақы төленбеген еңбек относительді түрде кемиді. Бірақ бұл кему капиталдың қорқанып отырған қосымша еңбегі қалыпты мөлшерде ұсынылудан қалатын пунктке жеткен кезде реакция басталады: табыстың капиталға айналатын бөлімі кемиді, қорлану нашарлайды және жалақының жоғары өрлеу қозғалысы кері қозғалыспен алмасады. Сонымен, еңбек бағасының артуы капиталистік системаның негіздеріне қол сұғылмай қалатыны былай тұрсын, сонымен қатар капиталистік системаның ұлғая түсетін көлемде ұдайы өндірілуі қамтамасыз етілетін шеңберден шықпайды. Демек, табиғат заңының мистикалық түрін алып отыратын капиталистік қорлану заңы шынына келгенде мынадай жағдайдың көрінісі ғана болып табылады: қорланудың табиғаты капиталистік қатынастың үнемі ұдайы өндірілуіне, оның үстіне оның үнемі ұлғаймалы көлемде ұдайы өндірілуіне шын қауіп туғызуы ықтимал еңбек қанау дәрежесі кемуінің қандайына болса да немесе еңбек бағасы өсуінің қандайына болса да жол бермейді. Жұмысшының даму қажеттері үшін материалдық байлық болуының орнына, қайта кәзірде бар құндарды көбейтудің қажеттері үшін жұмысшы болатын өндіріс әдісінің тұсында оның өзі басқаша бола да алмайды. Дінде адамға

⁷⁷⁾ Салыстырып қараңыз. *Карл Маркс*. «Саяси экономия сынына», 165 және келесі беттері [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 13-том, 162 және келесі беттері.]

оның өз басының жемісі үстемдік ететіні сияқты, капиталистік өндірісте адамға оның өз білектерінің жемісі үстемдік етеді^{77а)}.

2. ҚОР ЖИНАУДЫҢ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ҚОСА ҚАБАТ ЖҮРЕТІН ШОҒЫРЛАНУДЫҢ БАРЫСЫНДА КАПИТАЛДЫҢ ӨЗГЕРМЕЛІ БӨЛЕГІНІҢ ОТНОСИТЕЛЬДІ КЕМУІ

Экономистердің өздерінің пікіріне қарағанда, жалақыны арттыратын нәрсе — кәзірдің өзінде бар қоғамдық байлықтың көлемі мен кәзірдің өзінде жинап алынған капиталдың мөлшері емес, тек қана қорланудың үздіксіз өсуі мен осы өсудің жылдамдық дәрежесі ғана. (А. Смит [*«Wealth of Nations»*], I кітап, 8-тарау). Бұған дейін біз бұл процестің бір ерекше фазасын ғана, атап айтқанда капиталдың көбеюі оның техникалық құрылымының өзгермеген жағдайында болатын фазасын ғана қарастырып келдік. Бірақ процесс бұл фазадан да әрі созылады.

Капиталистік системаның жалпы негіздері бар болғаннан кейін қорланудың барысында қоғамдық еңбек өнімділігінің дамуы қорланудың ең мықты тұтқасына айналатын кезең сөзсіз туады.

«Жалақының артуына бастап әкелетін себептің өзі», — дейді А. Смит, — «атап айтқанда капиталдың көбеюі еңбектің өндіріштік қабілеттерін арттыруға ұмтылдырады және аз еңбектің көп өнім шығаруына мүмкіндік береді»¹⁷⁷.

Жер құнарлылығы, т. б. сияқты табиғи жағдайларды және тәуелсіз, бір-бірінен оқшау істейтін өндірушілердің ептілігін, ептілік болғанда, көбінесе өнімдердің сан жағынан, олардың аумағынан емес, сапа жағынан, өнімдердің оңды болуынан көрінетін ептілігін былай қойғанда, еңбек өнімділігінің қоғамдық дәрежесі жұмыс күшінің жұмсалу қалпын өзгертпейінше жұмысшының белгілі бір уақыт ішінде өнімге айналдыратын өндіріс құрал-жабдықтарының отноcительді мөлшерінен көрнеді.

Жұмысшының жұмыс істейтін өндіріс құрал-жабдықтарының аумағы оның еңбек өнімділігімен бірге өсіп отырады. Бұл өндіріс құрал-жабдықтары бұл жерде екі түрлі роль атқарады. Біреулерінің өсуі — еңбек өнімділігі артуының нәтиже-

^{77а)} «Егер біз өзіміздің: капиталдың өзі — адам еңбегінің өнімі ғана екені... көрсетілген бірінші зерттеуімізге қайта оралатын болсақ... онда адамның өз жемісінің... капиталдың — үстемдігіне қалайша түсіп, оған қалайша бағынышты болып шыққаны мүлдем түсініксіз болып көрінеді; ал енді шындығында істің жайы нақ осылай болып отырғандықтан, еріксіз келіп: капиталды жасаушы болып табылатын жұмысшы капиталдың билеушісіне капиталдың құлына қалайша айналып кетті? — деген сұрақ туады» (*Thünen. «Der isolierte Staat»* Theil II. Abtheilung II. Rostock, 1863, S. 5, 6). Тюненнің сінрген еңбегі сол — ол сұрау қойды. Ал оның жауабы мүлдем балалық жауап.

сі, екіншілерінің өсуі — еңбек өнімділігін арттырудың шарты болып табылады. Мәселен, мануфактуралық еңбек бөлінісі мен машиналарды қолдану жағдайында белгілі бір кесімді уақыттың ішінде көп шикі материал ұқсатылады, демек, көптеген шикі материал мен көмекші заттар еңбек процесіне енеді. Бұл — еңбек өнімділігі артуының нәтижесі. Екінші жағынан қолданылудағы толып жатқан машиналар, жұмыс малы, минералды тыңайтқыштар, дренаж трубалары және т. б. — еңбек өнімділігін арттырудың шарты. Ғимараттар, домна пештері, транспорт құралдары және т. б. түрінде шоғырланған толып жатқан өндіріс құрал-жабдықтары жөнінде де осыны айтуға болады. Бірақ өндіріс құрал-жабдықтарына қосылатын жұмыс күшіне қарағанда өндіріс құрал-жабдықтары көлемінің ұлғаюы еңбек өнімділігі артуының шарты немесе нәтижесі бола ма, — мұның өзі осы жағдайдың екеуінде де еңбек өнімділігі артуының көрінісі болып табылады. Демек, еңбек өнімділігінің артуы сол еңбек арқылы қимылға келтірілетін өндіріс құрал-жабдықтарының көлеміне қарағанда еңбек көлемінің кемуінен көрінеді, яки еңбек процесінің объективті факторымен салыстырғанда оның субъективті факторының мөлшерінің кемуінен көрінеді.

Капиталдың техникалық құрылымының бұл өзгеруі, өндіріс құрал-жабдықтарын жандандыратын жұмыс күші көлемімен салыстырғанда өндіріс құрал-жабдықтары көлемінің артуы, өз тарапынан, капиталдың құндық құрылымына да, капитал құнының өзгермелі құрамды бөлегінің есебінен оның тұрақты құрамды бөлегінің өсуіне де әсер етеді. Мәселен, бастапқыда белгілі бір капиталдың 50%-і өндіріс құрал-жабдықтарына және 50%-і жұмыс күшіне жұмсалды делік: кейінірек, еңбек өнімділігінің дамуына байланысты, оның 80%-і өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалады да, 20%-і жұмыс күшіне жұмсалады делік, т. т. Капиталдың өзгермелі бөлегіне қарағанда оның тұрақты бөлегінің неғұрлым тез өсуінің бұл заңы товар бағаларының салыстырмалы анализі арқылы (жоғарыда көрсетілгеніндей) қадам сайын расталып отырады, бұл ретте біз сол белгілі бір ұлттың әртүрлі экономикалық замандарын салыстырамыз ба немесе сол белгілі бір замандағы әртүрлі ұлттарды салыстырамыз ба, оның бәрібір. Жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтарының құны ғана, яки капиталдың тұрақты бөлегі ғана болып табылатын баға элементінің относительді мөлшері қорлану прогресіне тура пропорцияда болады да, ал еңбекке ақы төлейтін, яки капиталдың өзгермелі бөлегі болып табылатын бағаның екінші элементінің относительді мөлшері қорлану прогресіне жалпы алғанда кері пропорцияда болады.

Алайда капиталдың тұрақты бөлегіне қарағанда өзгермелі бөлесінің кемуі, яки капиталдың құндық құрылымының өзгеруі, оның заттық құрамды бөлімдерінің құрылымындағы өзгерістің шамамен алынған көрсеткіші ғана болып отырады. Егер, мәселен, кәзіргі кезде иіру ісіне жұмсалып отырған капитал құнының $\frac{7}{8}$ -сі тұрақты капиталдан және $\frac{1}{8}$ -і өзгермелі капиталдан құралып отырған болса, ал XVIII ғасырдың бас кезінде оның $\frac{1}{2}$ -і тұрақты және $\frac{1}{2}$ -і өзгермелі капиталдан құралған болса, онда, керісінше, кәзіргі кезде иірушілер еңбегінің белгілі бір мөлшері өнімді түрде пайдаланып отырған шикізаттың, еңбек құралдарының және т. б. көлемі XVIII ғасырдың бас кезіндегі сондай көлемнен әлденеше жүз рет көп. Мұның себебі мынада ғана: еңбек өнімділігінің артуымен бірге еңбек тұтынатын өндіріс құрал-жабдықтарының көлемі өсіп қана қоймайды, сонымен қатар өздерінің көлемімен салыстырғанда, олардың құны да кемиді. Сонымен, олардың құны абсолютті түрде өседі, бірақ өскенде олардың мөлшерімен пропорциялы болып өспейді. Сондықтан тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың арасындағы айырма тұрақты капитал айналатын өндіріс құрал-жабдықтары көлемі мен өзгермелі капитал айналатын жұмыс күші көлемінің арасындағы айырмадан әлдеқайда баяу өседі. Алдыңғы айырма соңғы айырмамен бірге өседі, бірақ соңғыдан кем өседі.

Алайда, егер қорлану прогресі капиталдың өзгермелі бөлегінің относительді мөлшерін кемітетін болса, онда ол мұнымен оның абсолютті мөлшерінің өсуін әсте тыя алмайды. Капитал құны бастапқыда 50% тұрақты, 50% өзгермелі капиталға, кейіннен — 80% тұрақты және 20% өзгермелі капиталға бөлінген екен делік. Егер осы уақыттың ішінде, айталық, 6 000 ф. ст. тұратын бастапқы капитал 18 000 ф. стерлингке дейін өскен болса, онда оның өзгермелі құрамды бөлегі де $\frac{1}{5}$ көбейгені. Бұрын ол 3 000 ф. стерлинг еді, енді 3 600 ф. стерлинг болып отыр. Бірақта егер бұрын еңбекке деген сұранысты 20% арттыру үшін капиталдың 20% өсуі жеткілікті болған болса, енді мұның үшін бастапқы капиталды үш есе көбейту керек болады.

Төртінші бөлімде былай деп көрсетілген болатын: еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің дамуы ірі көлемде кооперацияның болуын керек қылады, тек осындай алғышарт болғанда ғана еңбек бөлінісі мен еңбек комбинациясын ұйымдастыруға, жаппай шоғырландыру арқылы өндіріс құрал-жабдықтарын үнемдеуге болады, өзінің заттық тегі бойынша тек біріктіріп қана қолдануға болатын еңбек құрал-жабдықтарын, мысалы, машиналар системасы, т. б., — іске қосуға болады, табиғаттың орасан зор күштерін өндіріске қызмет еткізуге болады және

өндіріс процесін ғылымның технологиялық жолмен қолданылуына айналдыруға болады. Товар өндірісінің негізінде жоғарыда айтылған алғышарт жеке капиталдардың ұлғаюы арқылы ғана, немесе қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарының капиталистердің жеке меншігіне айналу дәрежесіне қарай орындалады; товар өндірісінің тұсында өндіріс құрал-жабдықтары жеке адамдардың меншігі болып табылады, сондықтан жұмысшы мұнда товарды не оқшау жүріп, дербес өндіреді, не өзінің жұмыс күшін товар есебінде сатады, өйткені оның дербес өндіруге керекті құралы болмайды. Товар өндірісінің негізінде ірі көлемдегі өндіріс капиталистік формада ғана дами алады. Сондықтан капиталдың жеке товар өндірушілердің қолында белгілі қорлануы өзіне ерекше капиталистік өндіріс әдісінің алғышарты болып табылады. Сонымен, біз қолөнерінен капиталистік өндіріске көшерде осындай қорлану нақты бар деп ұйғаруға тиіспіз. Мұны алғашқы қорлану деп атауға болады, өйткені ол қорлану — өзіне ерекше капиталистік өндірістің тарихи нәтижесі емес, тарихи негізі. Бұл арада бізге оның өзінің қалайша пайда болатынын зерттеп жатудың қажеті жоқ. Оның бастама пункт болатынының өзі жеткілікті. Бірақ еңбектің қоғамдық өндіргіш күшін арттырудың осы негізде дамитын әдістерінің бәрі сонымен қатар қосымша құн яки қосымша өнім өндіруді ұлғайтудың әдістері болып табылады, қосымша өнімнің өзі келіп қорлануды туғызатын элемент болып шығады. Сонымен, бұл әдістер мұнымен қатар капиталдың капиталды өндіру әдістері, яки оны тездетіп қорландырудың әдістері болып табылады. Қосымша құнның үнемі қайтадан капиталға айналып отыруы өндіріс процесіне кіретін капитал мөлшерінің ұлғаюынан көрінеді. Өз ретінде, бұл қорлану өндірістің еңбектің өндіргіш күшін арттыру және қосымша құнды тездетіп өндіру әдістерімен қоса қабат жүретін өндіріс масштабтарын ұлғайтудың негізі болып алады. Демек, егер капиталды қорландырудың белгілібір дәрежесі өзіне ерекше капиталистік өндіріс әдісінің шарты болып табылатын болса, онда бұл өндіріс әдісі, кері ықпал жасау арқылы, капиталдың шапшаң қорлануына себеп болады. Сондықтан капиталдың қорлануымен бірге өзіне ерекше капиталистік өндіріс әдісі дамиды, ал өзіне ерекше капиталистік өндіріс әдісімен бірге капиталдың қорлануы дамиды. Осы экономикалық екі фактор, өздерінің күрделі қарым-қатынаста болатындығынан, осының арқасында олардың бірінен екіншісіне түрткі жасалатындығынан, капиталдың техникалық құрылымына өзгеріс енгізеді, осының арқасында капиталдың тұрақты құрамды бөлегіне қарағанда оның өзгермелі құрамды бөлегі бірден бірге кеми береді.

Қандай да болсын жеке капиталдың өзі өндіріс құрал-жабдықтарының азды-көпті шоғырлануы және азды-көпті жұмысшылар армиясын тиісінше билеу болып табылады. Қорланудың қандай болсын жаңа қорланудың құралы болып отырады. Капитал ретінде қолданылатын байлық аумағының көбеюімен бірге ол қорлану капиталдың жеке капиталистер қолына шоғырлануын күшейтеді, сөйтіп, ірі көлемдегі өндірістің және өндірістің өзіне ерекше капиталистік әдістерінің негізін кеңейтеді. Қоғамдық капитал көптеген жеке капиталдардың өсуі арқылы ұлғаяды. Басқа жағдайлары тең болып келгенде жеке капиталдар, ал онымен бірге өндіріс құрал-жабдықтарының шоғырлануы бүкіл қоғамдық капиталдың бұлардың әрқайсысына келетін үлесіне сәйкес пропорцияда өсіп отырады. Сонымен қатар бастапқы капиталдардан кейбір бөлшектері бөлініп шығып, дербес жаңа капиталдар ретінде әрекет жасай бастайды. Мұндайда, айта кетелік, капиталистердің семьяларындағы дәулет бөлісу ісі үлкен роль атқарады. Сондықтан капиталдың қорлануымен қатар капиталистердің саны да азды-көпті өсіп отырады. Қорлануға тікелей негізделген немесе тіпті соған ұқсас келетін мұндай шоғырлану екі жағдаймен сипатталады. Біріншіден: жеке капиталистердің қолындағы қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары шоғырлануының өсуі, басқа жағдайлары тең болып келгенде, қоғамдық байлықтың өсу дәрежесімен шектелген. Екіншіден: өндірістің әрбір жеке сферасына жұмсалған қоғамдық капиталдың бір бөлегі бірінен бірі тәуелсіз және бірімен бірі бәсекелесуші товар өндірушілер ретінде бір біріне қарама-қарсы тұрған көптеген капиталистер арасында бөлінеді. Демек, қорлану және онымен жарыса жүретін шоғырлану толып жатқан пунктерге бөлшектеніп қана қоймайды, сонымен қатар қолданылып отырған капиталдардың өсуі жаңа капиталдардың құралуымен және ескі капиталдардың ұсақталуымен тоғысып ұласып жатады. Сондықтан, егер қорлану, бір жағынан, өндіріс құрал-жабдықтарының және еңбекті билеу ісінің ұлғая түскен шоғырлануы түрінде көрінетін болса, екінші жағынан, ол көптеген жеке капиталдардың бірін бірі сыртқа тебуі болып отырады.

Бүкіл қоғамдық капиталдың көптеген жеке капиталдарға бұлайша бөлшектенуіне немесе оның бөлімдерінің бірін бірі бұлайша сыртқа тебуіне олардың тартылу күші қарсы тұрады. Міне мұның өзі өндіріс құрал-жабдықтарының және еңбекті билеу ісінің жәй ғана, қорлануға ұқсас шоғырлануы емес. Бұл — қалыптасып болған капиталдардың шоғырлануы, олардың дара дербестігінің жоғалуы, капиталисті капиталистің экспроприациялауы, көптеген ұсақ капиталдардың азған-

тай ірі капиталдарға айналуы. Бұл процестің алғашқы процестен айырмашылығы мынада: мұның өзі кәзірде бар және қолданылып отырған капиталдардың бөлінуінің өзгеруін ғана көрсетеді, демек оның іс-әрекет саласы қоғамдық байлықтың абсолютті түрде өсуімен немесе қорланудың абсолютті шенберімен шектелмеген. Бұл жерде капиталдың бір қолға орасан мол көлемде жинақталып отырғандығының себебі — басқа жерде оның көптеген басқа адамдардың қолынан шығып кеткендігінен болады. Мұның өзі асылында қорлану мен шоғырланудан өзгеше орталықтану болып табылады.

Капиталдардың бұл орталықтануының заңдары, яки капиталды капиталдың тарту заңдары, бұл жерде баяндалмайды. Қысқаша ғана фактілі мәліметтер берсек жеткілікті болады. Бәсеке күресі товарларды арзандату арқылы жүргізіледі. Товарлардың арзан болуы *caeteris paribus* [басқа жағдайлары тең болып келгенде] еңбек өнімділігіне байланысты болады, ал еңбек өнімділігі — өндіріс көлеміне байланысты болады. Сондықтан ұсақ капиталдарды неғұрлым ірі капиталдар күйретіп кетеді. Мұнан әрі еске сала кететін бір нәрсе, капиталистік өндіріс әдісінің дамуымен бірге қалыпты жағдайларда іс жүргізуге керек болатын жеке капиталдың минималды көлемі өседі. Сондықтан біршама ұсақ капиталдар ірі өнеркәсіп кездейсоқ немесе шінара меңгеретін өндіріс салаларына қарай ұмтылады. Бәсеке бұл жерде бәсекелессуші капиталдардың санына тура пропорцияда, олардың мөлшеріне кері пропорцияда өршиді. Ол бәсеке әрқашан көптеген ұсақ капиталистердің күйреуімен аяқталады, бұлардың капиталдары шінара жеңушінің қолына көшеді де, шінара құрып кетеді. Оның үстіне капиталистік өндіріспен қатар мүлдем жаңа бір күш — кредит дамиды; әуелгі кезінде ол қорланудың жұпыны бір жәрдемшісі есебінде астыртын келіп енеді де көзге ілінбейтін байланыстары арқылы келіп, қоғам ішінде азды-көпті көлемде бытырап жүрген ақша қаржыларын жеке немесе ассоциацияланған капиталистердің қолына жинақтайды; бірақ көп ұзамай ол кредит, бәсеке күресіндегі жаңа және қатерлі құралға айналады, сөйтіп, ақыр аяғында, капиталдарды орталықтандырудың орасан зор әлеуметтік механизміне айналады.

Капиталистік өндіріс пен қорланудың даму дәрежесіне қарай бәсеке мен кредит те — орталықтандырудың осы екі ең күшті тетігі де дамиды. Мұнымен қатар қорлану прогресі орталықтану үшін керек материалды, яғни жеке капиталдарды көбейтеді, ал енді капиталистік өндірістің ұлғаюы, бір жағынан, қоғамдық қажеттілікті туғызады, ал екінші жағынан, орасан зор өнеркәсіп орындарына керек техникалық құралдарды шығарады, мұндай өнеркәсіп орындарының жүзеге

асуы капиталдың бұдан бұрынғы орталықтануымен байланысты болады. Сондықтан кәзіргі уақытта жеке капиталдардың бірін бірі тартуы мен орталықтануға бағытталған тенденциясы бұрынғы қай кездегісінен де күштірек болып отыр. Бірақ орталықтануға бағытталған қозғалыстың отноcительді кеңдігі мен энергиясы белгілі дәрежеде кәзірдің өзінде қол жеткен капиталистік байлықтың мөлшеріне және экономикалық механизмнің артықшылығына байланысты болатын болса да, алайда орталықтанудың прогресі қоғамдық капиталдың тиімді көбеюіне өсте тәуелді болмайды. Ал мұның өзі орталықтануды кеңейтілген көлемдегі ұдайы өндірістің басқаша бір көрінісі ғана болып табылатын шоғырланудан өте-мөте өзгеше етеді. Орталықтану кәзірде бар капиталдардың бөлінуіндегі жәй өзгеріс арқылы, қоғамдық капиталдың құрамды бөлімдерінің сандық жіктерінің жәй өзгеруі арқылы жасала алады. Капиталдың мұнда, бір қолда, орасан зор көлемде өсе алатын себебі — басқа жерде оның көптеген жеке адамдардың қолынан шығып кеткендігінен болады. Өндірістің әрбір жеке саласына жұмсалған капиталдардың бәрі бір ғана дара капиталға келіп құйылған болса, өндірістің әрбір жеке саласындағы орталықтану өзінің ең шырқау шегіне жеткен болар еді^{77«b»}). Әрбір белгілі қоғамда мұндай шекке бүкіл қоғамдық капитал бір ғана дара капиталистің немесе капиталистердің бір ғана дара компаниясының қолына жинақталған кезде ғана жетуге болар еді.

Өнеркәсіп капиталистеріне өз операцияларының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беріп, орталықтану қорландыру ісін аяқтап шығады. Бұл ақтық нәтиже қорланудың немесе орталықтанудың салдары бола ма, орталықтанудың өзі күшпен қосып алу арқылы жасала ма, мұнда белгілібір капиталдар басқаларып соншама бой бермей тартудың орталықтары болып алып, мұның өзі басқа капиталдардың жеке байланысын бұзып, сөйтін осыдан кейін ыдырап кеткен бөлшектерді өзінс тартып ала ма, не болмаса құралып болған немесе құралу процесіндегі көптеген капиталдардың қосылуы акционерлік қоғамдар құру арқылы неғұрлым тыныш түрде өте ме,— осы жағдайлардың бәрінде де экономикалық ықпал сол бір қалыпта қала береді. Өнеркәсіп орындары көлемінің өсуі барлық жерлерде де көптеген адамдардың біріккен еңбегін неғұрлым кең көлемде ұйымдастыру үшін, оның материалдық қозғаушы күштерін неғұрлым кең көлемде дамыту үшін, яғни өндірістің бытыраңқы

⁷⁷⁾ 4-ші басылуына. Англияның және Американың ең жаңа «стрестері» кәзірдің өзінде-ақ осы мақсатқа ұмтылып, ең кем дегенде, өнеркәсіптің белгілібір саласындағы ірі кәсіпорындардың бәрін іс жүзінде монополиясы болатын бір ірі акционерлік қоғамға біріктіруге тырысып отыр.— Ф. Э. }

және ескірген процестерін өндірістің қоғамдық құрамалас және ғылыми жолмен бағытталып отыратын процестеріне барған сайын үдете айналдыру үшін бастама пункт болады.

Алайда бір анық нәрсе мынау: капиталдың қорлануы, қозғалыстың айналмалы формасынан спиральды формасына көшіп отыратын ұдайы өндіріс арқылы капиталдың бірте-бірте өсіп отыруы қоғамдық капиталдың құрамды бөлімдерінің сандық жігінде ғана өзгеріс болуын керек ететін орталықтануға қарағанда өте баяу процесс болып табылады. Егер, қорланудың кейбір жеке капиталдарды темір жол салуға шамасы келе алатын мөлшерге дейін жеткізуін күтуге тура келген болса, дүние жүзі осы кезге дейін темір жолсыз қалған болар еді. Мұның керісінше, орталықтандыру ісі акционерлік қоғамдар арқылы мұны көзді ашып-жұмғанша жүзеге асырды. Қорланудың қимылын осылайша әрі күшейте, әрі тездеті отырып, орталықтандыру сонымен қатар капиталдың техникалық құрылымындағы төңкерістерді кеңейтіп, тездетеді, бұл төңкерістер капиталдың өзгермелі бөлегінің есебінен оның тұрақты бөлегін өсіреді, сөйтіп еңбекке деген сұранысты относителді түрде кемітеді.

Орталықтану процесі арқылы өте қысқа мерзім ішінде біріктірілген капитал аумағы, басқа капиталдар сияқты, бірақ олардан гөрі жеделірек түрде, ұдайы өндіріліп, көбейтіледі, сөйтіп, өз ретінде қоғамдық қорланудың күшті тетігіне айналады. Демек, қоғамдық қорланудың прогресі туралы сөз болған кезде, онда кәзіргі уақытта оны ашып айтпаса да орталықтанудың әрекеті деп те түсінеді.

Қалыпты қорланудың барысында құралған (XXII тараудың 1-ші бөлімін қараңыз) қосымша капиталдар көбінесе жаңа өнертабыстарды, ғылым жаңалықтарын және жалпы өнеркәсіптік жетілдірулерді пайдалану құралы болып қызмет етеді. Сонымен қатар ескі капитал да уақыт оза келе өзінің бастан-аяқ түгелдей жаңару кезеңіне, өзінің сырт бейнесін өзгерту кезеңіне жетіп, техникалық жағынан жетілдірілген түрде қайта жаңғырады, бұл ретте көптеген машиналар мен шикізат көлемін қозғалысқа келтіру үшін азғана еңбек мөлшерінің өзі жеткілікті болып шығады. Әлбетте, осыдан келіп сөзсіз туатын еңбекке деген сұраныстың абсолютті кемуі — осы жаңару процесін жасап отырған капиталдар орталықтандырушы қозғалыстың арқасында масса болып неғұрлым көп жиылған болса, соғұрлым зор болатыны өзінен өзі түсінікті.

Сонымен, бір жағынан, қорланудың барысында құралған қосымша капитал өзінің мөлшеріне қарағанда жұмысшыларды барған сайын бірден бірге аз тартады. Екінші жағынан,

мезгіл-мезгіл жана құрылымда ұдайы өндіріліп отыратын ескі капитал бұрын осы капитал пайдаланып келген жұмысшыларды барған сайын бірден бірге көбірек сыртқа теуіп отырады.

3. ОТНОСИТЕЛЬДІ АРТЫҚ ХАЛЫҚТЫҢ, ЯКИ ӨНЕРӘСІПТІҢ РЕЗЕРВТІК АРМИЯСЫНЫҢ КӨБЕЙТЕЛЕ БЕРУІ

Капиталдың алғашында сан жағынан ғана ұлғаюы сияктанып көрінген қорлануы, жоғарыда өзіміз көргендей, оның құрылымының үздіксіз сапалық өзгеруі арқылы, оның өзгермелі бөлегінің есебінен тұрақты құрамды бөлегінің үнемі өсуі арқылы жүзеге асады ^{77с)}.

Өзіне ерекше капиталистік өндіріс әдісі, соған сәйкес келетін енбектің өндіргіш күшінің дамуы, осыдан келіп капиталдың органикалық құрылымының өзгеруі қорлану прогресімен, яки қоғамдық байлықтың өсуімен қатарласа бірге жүріп қана қоймай: олар өлшеусіз тезірек жүреді, өйткені жәй қорлану, немесе жиынтық капиталдың абсолютті өсуі, оның дара элементтерінің орталықтануымен қоса қабат жүреді, ал қосымша капиталдағы техникалық төңкеріс бастапқы капиталдағы техникалық төңкеріспен қабат жүреді. Қорланудың прогресімен бірге капиталдың тұрақты бөлегінің өзгермелі бөлегіне қатынасы былайша өзгереді: егер бастапқы кезінде ол 1 : 1 болған болса, кейін ол 2 : 1, 3 : 1, 4 : 1, 5 : 1, 7 : 1-ге және т. с. айналады, сөйтіп капиталдың өсуіне қарай, жұмыс күшіне оның жалпы құнының $\frac{1}{2}$ -і айналмайды, бірте-бірте тек $\frac{1}{3}$, $\frac{1}{4}$, $\frac{1}{5}$, $\frac{1}{6}$, $\frac{1}{8}$ -і және т. с. айналады, ал өндіріс құрал-жабдықтарына — $\frac{2}{3}$, $\frac{3}{4}$, $\frac{4}{5}$, $\frac{5}{6}$, $\frac{7}{8}$ -сі және т. с. айналады. Еңбекке деген сұраныс барлық капиталдың көлемімен емес, оның өзгермелі құрамды бөлегінің көлемімен белгіленетін болғандықтан, барлық капитал өскен сайын, біздің бұрынғы ойлағанымыздай, осы өсуге пропорциялы түрде көбеюдің орнына, ол үдемелі түрде кеми береді. Ол барлық капиталдың мөлшеріне қарағанда отноcительді түрде кемиді, кемігенде осы мөлшердің өсуімен бірге тездей түсетін прогрессияда кемиді. Рас, барлық капиталдың өсуімен бірге оның өзгермелі құрамды бөлегі де, яғни оның өзіне қосып алатын жұмыс күші де көбейеді, бірақ ол үнемі кеми беретін пропорцияда көбейеді. Қорланудың белгілі бір техникалық базисте өндірістің жәй ұлғаюы ретінде қи-

^{77с)} { 3-ші басылуына ескерту. Маркстің өз қолында қалған данасында осы сөздің тұсына мынадай сөздер жазылған: «Ілгері де пайдалану үшін бұл жерде мынаны айта кету керек: егер ұлғаю тек сандық ұлғаю ғана болатын болса, онда өндірістің сол белгілі бір саласының көп және аз капиталдарына келетін пайдалардың бір-біріне қатынасы нақ авансыланған капиталдардың мөлшерінің қатынасындай болады. Егер сандық ұлғаю сапалық өзгеріске жеткізетін болса, онда сонымен қатар көп капиталға келетін пайда нормасы да артады» — Ф. Э. }

мыл ететін уақыт мерзімі бірден бірге қысқара береді. Әңгіме тек мынада ғана емес: барлық капиталдың өскелең прогрессияда тездей беретін қорлануы белгілібір мөлшердегі қосымша жұмысшыларды сіңіру үшін ғана қажет емес, тіпті керек десе — ескі капиталдың үнемі болып отыратын өзгерістері себепті — кәзірдің өзінде пайдаланылып отырған жұмысшыларға жұмыс беру үшін ғана қажет емес. Бұл өсе беретін қорлану мен орталықтанудың өзі, өз ретінде, капитал құрылымының жаңадан өзгеруінің яки оның тұрақты бөлегіне қарағанда, өзгермелі бөлегінің жаңадан тездеп кемуінің көзіне айналады. Капиталдың өзгермелі бөлегінің мұндай, барлық капиталдың өсуімен бірге тездей түсетін және тездегенде де, барлық капиталдың өсуінің тездеуінен де гөрі жылдамырақ тездей түсетін относителді кемуі, екінші жағынан, мұның керісінше, жұмысшы халықтың абсолютті өсуі өзгермелі капиталдың, яки осы халықты жұмысты ету құралдарының өсуінен гөрі тез болатын сияқты болып көрінеді. Мұның керісінше, капиталистік қорлану үнімі және оның үстіне өзінің қарқыны мен өзінің көлемдеріне пропорциялы түрде, относителді басы артық халықты, яғни капиталдың өз өсуі жөніндегі орташа керексінуіне қарағанда артық, сол себепті де керексіз немесе қосымша жұмысшы халықты туғызады.

Қоғамдық жиынтық капиталды қарастыра келгенде біз оның қорлану процесі біресе оқтын-оқтын өзгерістер туғызып отыратынын, біресе бұл процестің жеке кезеңдері бір мезгілдің ішінде өндірістің әртүрлі салаларына бөлінетінін көреміз. Кейбір салаларда капитал құрылымының өзгеруі орталықтанудың *) бір өзінің нәтижесінде ғана, капиталдың абсолютті мөлшерінің өсуісіз болады; басқа салаларда — капиталдың абсолютті өсуі оның өзгермелі құрамды бөлегінің, яки оның сіңіретін жұмыс күшінің абсолютті кемуіне байланысты болады; енді бір салаларда — біресе капитал белгілібір техникалық негізде өсіп отырады және өзінің өсуіне пропорциялы түрде қосымша жұмыс күшін тартып отырады, біресе капитал органикалық жағынан өзгереді де оның өзгермелі бөлегі кемиді; барлық салаларда капиталдың өзгермелі бөлегінің өсуі, ал олай болса жұмыстағы жұмысшылардың санының өсуі де әрқашан күшті ауытқуларға және уақытша халық артылысына байланысты болады, бұл ретте бұл өсу жұмыстағы жұмысшыларды шеттетудің көзге бадырайып көрінерліктей формасында бола ма немесе қосымша жұмысшы халықты қиын да болса өзінің дағдылы бұрып жіберу каналдары арқылы сіңірудің онша елеулі емес, бірақ пәрменділігі де кем емес форма-

*) Түпнұсқада «шоғырлану» делінген; мұндай мағналық түзету Ф. Энгельстің редакциясымен шыққан ағылшынша басылуының текстіне сәйкес жасалып отыр. *Ред*

сында бола ма, оның бәрібір⁷⁸⁾. Кәзірде қолданылып отырған қоғамдық капиталдың көбеюімен және оның өсу дәрежесімен бірге, өндіріс көлемінің және жұмыс істеп жүрген жұмысшылар мөлшерінің өсуімен бірге, олардың еңбегінің өндіріс күшінің дамуымен бірге, байлықтың барлық көздерінің ұлғаюымен және көбеюімен бірге капиталдың жұмысшыларды тартуының күшеюі оларды шеттетіп отырудың күшеюімен байланысты болатын құбылыстың көлемі де кеңейеді, капиталдың органикалық құрылымының және оның техникалық формасының өзгерісі тездейді және осы өзгеріс не бір мезгілде, не бірінен соң бірін қамтитын өндіріс салаларының шеңбері кеңейеді. Демек, жұмысшы халық, капиталдың қорлануын жасай отырып, сонымен өзін өзінің өндіріс қорына артық халық етіп шығаратын құралдарды өсе түскен көлемде өзі тудырып отырады⁷⁹⁾. Мұның өзі — капиталистік өндіріс әдісіне

⁷⁸⁾ Англия мен Уэльсте жүргізілген санақ мәселен мыналарды көрсетеді:

Ауыл шаруашылығында істейтін барлық адам (бұларға меншікшілерді, фермерлерді, бақшыларды, малышыларды және т. б. қосқанда) 1851 жылы — 2 011 447, 1861 ж. — 1 924 110 болған, кемігені — 87 337. Жүн мата өндірісінде: 1851 ж. — 102 714, 1861 ж. — 79 242; жібек фабрикаларында: 1851 ж. — 111 940, 1861 ж. — 101 678; шығқа безек салушылар: 1851 ж. — 12 098, 1861 ж. — 12 556. — өндірістің орасан зор ұлғаюына қарамастан осы болмашы ғана көбею жұмыстағы жұмысшылар санының орасан зор өткізілімі мен кемігені көрсетеді; шяляпа тігушілер: 1851 ж. — 13 957, 1861 ж. — 13 814; салом шяляпалар мен әйелдер шяляпасын тігу өндірісі: 1851 ж. — 20 393, 1861 ж. — 18 176; ашытқышылар: 1851 ж. — 10 566, 1861 ж. — 10 677; май шам өндірісінде: 1851 ж. — 4 949, 1861 ж. — 4 686. — мұндағы кемудің себебі газбен жарияқ берудің таралуына да болып отыр; тарақшылар: 1851 жылы — 2 038, 1861 ж. — 1 478; ағаш тілушілер: 1851 ж. — 30 552, 1861 жылы — 31 647. — ағаш тілетін механикалық аралардың таралуы себепті өсу тым аз болған; шегешілер: 1851 ж. — 26 940, 1861 ж. — 26 130, мұның кемуі машиналардың бәсекесі салдарынан болған; қалайы және мыс рудниктеріндегі жұмысшылар: 1851 ж. — 31 360, 1861 ж. — 32 041. Мұның керісінше, мақта иретін және мақта мата тоқитын кәсіпорындар да: 1851 ж. — 371 777, 1861 ж. — 456 646; таскөмір кендерінде: 1851 ж. — 183 389, 1861 ж. — 246 613. «Жалпы алғанда 1851 жылдан кейін жұмысшылар санының өсуі көбінесе осы кезге дейін машиналар ойдағыдай қолданылмай отырған өнеркәсіп салаларында болған» («Census of England and Wales for 1861», vol. III. London, 1863 p. 35—39).

⁷⁹⁾ Классикалық мектептің кейбір аса көрнекті экономистері өзгермелі капиталдың өткізілімі мен мөлшерінің прогрессивті түрде кемуі және оның жалдама жұмысшылар табының жағдайына тигізетін әсерін түсінуден гөрі, боялғанды. Бұл жөнде аса зор еңбек сіңірген адам Джон Бартон еді, бірақ ол да, басқалары сияқты, тұрақты капиталды негізгі капиталмен, өзгермелі капиталды айналмалы капиталмен шатастырады. Ол былай дейді: «Еңбекке деген сұраныс негізгі капиталдың емес, айналмалы капиталдың өсуіне байланысты. Егер капиталдың осы екі түрінің арасындағы қатынас барлық уақыттарда және барлық жағдайларда бірдей болады деу дұрыс болған болса, онда шынында да бұдан шығатын қорытынды: жұмыстағы жұмысшылардың саны елдің байлығына пропорционалы деу болар еді. Бірақ олай дел білу ешбір шындыққа жанаспайды. Өндіріс жетілдірілген сайын және цивилизация кең тараған сайын айналмалы капиталға қарағанда негізгі капитал бірден-бірге көп үлес алып отырады. Ағышын мұсылманының бір данасын жасауға жұмсалған негізгі капиталдың сомасы, нақ сондай Индия мұсылманының бір данасын жасауға жұмсалған негізгі капиталдан, ең болмағанда, жүз есе, мүмкін тіпті мың есе көп. Ал айналмалы капиталдың үлесі жүз немесе мың есе кем болады... Егер жылдық жинақтың барлық сомасы негізгі капиталға қосылған болса, мұның өзі еңбекке деген сұранысты ешқандай көбейтпеген болар еді» (*John Barton. «Observations on the Circumstances which influence the Condition of the Labouring Classes of Society»*. London, 1817, p. 16, 17). «Елдің таза табысын көбейте алатын себептің нақ өзі сонымен қатар халықты артық етіп шығарып, жұмысшылардың жағдайын нашарлата түседі» (*Ricardo. «Principles of Political Economy»*, 3 ed. London, 1821, p. 469). Капиталдың өсуімен бірге» (еңбекке деген) «сұраныс өткізілімі түрде кемиді» (бұл да сонда, 480-бет, ескерту). «Еңбекті пайдалануға арналған капитал сомасы капиталдың жалпы сомасындағы өзгерістердің қандайына болса да байланысыз өзгеріп отыра алады... Капиталдың өзі неғұрлым молыққан сайын жұмыс мөлшеріндегі үлкен ауытқулар мен үлкен қиыншылықтар өте жиі-жиі болып отыруы мүмкін» (*Richard Jones. «An Introductory Lecture on Political Economy. [To which is added a Syllabus of a Course of Lectures on the Wages of Labor].*

тән халық өсуінің заңы болып табылады, өйткені әрбір ерекше тарихи өндіріс әдісінің шындығында өзіне тән ерекше, тарихи сипаты бар халық өсуі заңдары болады. Өсімдіктер мен хайуанаттар саласына адам тарихи қол сұқпай тұрған кезінде, абстрактылы халық заңы тек өсімдіктер мен хайуанаттар жөнінде ғана болады.

Ал егер басы артық жұмысшы халық қорланудың, яки байлықтың капиталистік негізде дамуының, қажетті жемісі болатын болса, онда бұл халық артылысы, өз тарапынан, капиталистік қорланудың тетігі және тіпті капиталистік өндіріс әдісінің өмір сүру шарты болып шығады. Ол капиталдың қарауында болатын өнеркәсіптік резерв армиясын құрады және бұл армия капиталдың оны өз есебінен өсіріп шығарғанындай-ақ, абсолютті түрде сол капиталдың өзіне тиісті болады. Резерв армия капиталдың өздігінен өсуінің өзгеріп отыратын керектеріне үнемі дайын, қанауға ыңғайлы, халықтың шын өсуінің шектеріне тәуелсіз адам материалын беріп отырады. Қорланумен және еңбектің өндіргіш күшінің оған қоса қабат жүретін дамуымен бірге капиталдың кенет ұлғаю күші өседі, — мұның себебі, пайдаланылып отырған капиталдың икемділігінің, бірқатар икемді бөлегі ғана капитал болып құралатын абсолютті байлықтың өсетіндігінен ғана емес, мұның себебі әрбір ерекше қызу жағдайдың кезінде кредиттің келіп осы байлықтың ересен үлкен бір бөлегін қосымша капитал ретінде бірден өндірістің қарамағына беретіндігінен ғана емес: осының бәрінің үстіне өндіріс процесінің өзінің техникалық жағдайлары, машиналар, транспорт құралдары және т. б. қосымша өнімді орасан зор көлемде барынша тез қосымша өндіріс құрал-жабдықтарына айналдыруды мүмкін етеді. Қорлану прогресімен бірге ұлғаятын және қосымша капиталға айнала алатын қоғамдық байлық массасы рыногы кенет кеңейетін ескі өндіріс салаларына, немесе өндірістің ескі салаларының дамуына байланысты қажет болатын темір жолдар және т. б. сияқты жаңадан ашылып жатқан салаларға қарай жанталаса ағылады. Мұндай жағдайлардың бәрінде де шешуші пункттерге бірден және басқа салалардағы өндірістің көлемін қысқартпайынша орасан көп адамды тәгіп жіберу мүмкін болатын ету қажет. Ол адамдарды халық артылысы тауып береді. Кәзіргі заман өнеркәсібінің өзіне тән өмірлік жолы, — орташа жандану, зор қысыммен өндіру, дағдарыс пен тоқырау дәуірлерінің онжылдық циклы, шамалы ауытқулар үзіп кетіп отыра-

London, 1833, p. 12). (Еңбекке деген) «сұраныс бүкіл капиталдың қорлануына пропорционалды түрде көбеймейді... Сондықтан ұдайы өндіріске арналған ұлттық капиталдың өсуінің қандай болсын қоғамның прогресіне байланысты жұмысшылардың жағдайына барған сайын кем әсер етеді» (G. Ramsay, цитат алынған шығарманың, 90—91-беттері).

тын циклы түріндегі өмірлік жолы,— өнеркәсіп резерв армиясын, яки халық артылысын, үнемі жасауда, оны көп немесе аз сіңіруде және қайтадан жасауда болып табылады. Өнеркәсіп циклы фазаларының құбылмалылығы халық артылысын көбейтеді және оның қайтадан өнуінің аса күшті факторларының бірі болып шығады.

Кәзіргі заманғы өнеркәсіптің біз адамзаттың бұрынғы замандарының еш бірінен де көрмеген мұндай өзіне тән өмірлік жолы капиталистік өндірістің жас шағында да мүмкін болмаған еді. Капиталдың құрылымы өте баяу ғана өзгеріп отырған болатын. Демек, оның қорлануына жалпы алғанда еңбекке деген сұраныстың пропорциялы өсуі сәйкес келіп отырды. Капиталдың қорлану прогресі кәзіргі заманмен салыстырғанда қаншалықты баяу болғанымен, соның өзі де қанауға болатын жұмысшы халықтың табиғи шектеріне келіп тіреліп отырды; бұл шектерді тек күштеу құралдарымен ғана жоюға болатын болды, мұндай құралдар туралы кейінірек айтылады. Өндіріс көлемінің кенет және секірмелі ұлғаюы оның кенет қысқаруының алғышарты болып табылады; кенет қысқарудың өзі өз тарапынан, кенет ұлғаюды туғызады, бірақ ұлғаю қанауға болатын адам материалынсыз, халықтың абсолютті өсуіне қарамастан, жұмысшылар санының, көбеюінсіз мүмкін емес. Бұл көбеюдің өзі қарапайым процесс арқылы жасалады, бұл процесс өсіп бара жатқан өндіріске қарағанда жұмыстағы жұмысшылар санын кемітетін әдістер арқылы жұмысшылардың бір бөлегін үнемі «босатып отырады». Демек, кәзіргі заманғы өнеркәсіпке тән өзгеріс формасының бәрі жұмысшы халықтың біраз бөлегін жұмыстан бос немесе жарым-жартылап жұмыс істейтін жұмысшыларға үнемі айналдырудан туады. Саяси экономия үстірттігінің тағы бір көрінетін жері, ол кредиттің ұлғаюы мен қысқаруын, өнеркәсіптік циклдың алмасып отыратын дәуірлерінің жәй-белгілерін солардың себептері деп біледі. Аспандағы денелер бір кезде белгілі бір қозғалысқа келгеннен кейін сол қозғалысты үнемі қайталай беретіні сияқты, қоғамдық өндіріс те дәл сондай, алма-кезек ұлғайып, қысқарып отыру қозғалысына бір түсіріп жіберілгеннен кейін осы қозғалысты үнемі қайталай береді. Салдарлардың өзі, өз тарапынан, себептерге айналады, сөйтіп өзіне тән жағдайларын үнемі қайта жасап отыратын бүкіл процестің ауыспалы фазалары дүркінділік форма алады. Ал осы дүркінділік орнығып бекіп алғаннан кейін типті саяси экономияның өзі де относителді артық халықтың жасалуын, яғни капиталдың өз өсуі жөніндегі орташа керексінуіне қарағанда артық болатын халықтың жасалуын кәзіргі заманғы өнеркәсіптің өмір сүру шарты деп тани бастайды.

«Айталық»,— дейді әуелі Оксфордта саяси экономияның профессоры, кейін Англияның отарлар министрлігінің чиновнигі болған Г. Меривейл,— «айталық, дағдарыс бола қалған жағдайда ұлт бірнеше жүз мың басы артық кедейлерден эмиграция арқылы құтылу үшін күш салады екен делік,— сонда мұның нәтижесі не болар еді? Мұның нәтижесі — еңбекке деген сұраныс қайта туысымен-ақ еңбек жеткіліксіз болып шыққан болар еді. Адам қаншама тез өсіп отыратын болса да, ересек жұмысшылардың орнын толтыру үшін қалай да бір ұрпақтың өміріндей уақыт керек болады. Бірақ біздің фабриканттарымыздың пайдасы көбінесе сұраныстың күшеюінің қолайлы кезеңін пайдалану, сөйтіп оның бәсеңдеген дәуірінде болған олқылығының орнын толтыру мүмкіндігіне байланысты болады. Бұл мүмкіндік оларға машиналар мен еңбекті билеудің арқасында ғана қамтамасыз етіледі. Олардың бос жұмысшылар тауып ала алатын мүмкіндігі болу керек, олар рыноктың жағдайына қарай өз операцияларының жеделділігін қажетінше күшейтуге немесе бәсеңдетуге қабілетті болулары керек, әйтпеген күнде олар осы елдің байлығы негізделіп отырған басымдықты жанталасқан бәсеке жағдайында сақтап қала алмайды»⁸⁰⁾.

Тіпті Мальтустің өзі де халықтың артық өсуін,— ол өзіне тән тарөрістіліктен барып, мұны жұмысшы халықтың относителді артық өсуі демей, жұмысшы халықтың абсолютті артық өсуі деп түсіндіреді,— кәзіргі заманғы өнеркәсіп үшін қажетті нәрсе деп таниды. Ол былай дейді:

«Көбінесе мануфактура мен саудаға байланысты болып отырған елдің жұмысшы табының арасында белгілібір дәрежеге жеткізілген неке жөніндегі жөн әдеттер елге зиянды болып шығуы да мүмкін... Халықтың жаратылысының өзіне қарағанда жұмысшылардың ерекше сұраныстан туатын үстеме өсуі рынокты 16—18 жылдан ерте қамтамасыз ете алмайды, ал жинақ арқылы табыстың капиталға айналуы одан анағұрлым тезірек бола алады; елдің жұмысшы фондысы халықтан гөрі тезірек өсетіндігінен ел үнемі қауіпке ұшырап отырады»⁸¹⁾.

Сонымен, жұмысшылардың үнемі относителді артық өсуін капиталистік қорланудың қажетті шарты деп жариялап, саяси экономия, кәрі қыз бейнесінде, өзінің «beau idéal» [«тамаша идеяның»] — капиталистің — аузына: қосымша капитал, яғни жұмысшылардың өз туындылары, көшеге лақтырып тастаған «басы артық» жұмысшыларға арналған мынадай сөздерді салады:

«Біздер, фабриканттар, сіздердің өмір сүрулеріңізге керекті капиталды көбейте отырып, сіздер үшін қолымыздан келгеннің бәрін істеудеміз, ал сіздер өздеріңіздің саныңызды тіршілік заттарымен сәйкестіре отырып, қалғанын жасауға тиістісіздер»⁸²⁾.

⁸⁰⁾ Н. Merivale. «Lectures on Colonization and Colonies». London, 1841 and 1842, v. I, p. 146.

⁸¹⁾ Malthus. «Principles of Political Economy», p. 215, 319, 320. Бұл еңбегінде Мальтус, ақырында, Сисмондидің көмегімен, капиталистік өндірістің тамаша үш бірлігін ашады: артық өндіруді, халықтың артық өсуін, артық тұтынуды, осы three very delicate monsters indeed! [неғұрлым сыпайы үш кереметті] ашады. Салыстырыңыз: Ф. Энгельс: «Саяси экономияның сыны жөніндегі нобайлар». «Deutsch-Französische Jahrbücher» журналында басылған. Париж, 1844, 107 және келесі беттері [Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 1-том, 563—568-беттері].

⁸²⁾ Harriet Martineau. «A Manchester Strike». London, 1832, p. 101.

Капиталистік өндіріске халықтың табиғи өсуі беріп отыратын бос жұмыс күшінің мөлшері әсте жеткіліксіз болады. Өзінің еркін дамуы үшін капиталистік өндіріс мұндай табиғи шекке тәуелсіз өнеркәсіптік резерв армияға мұқтаж.

Бұған дейін біз өзгермелі капиталдың көбеюі мен азаюы жұмыстағы жұмысшылар санының көбеюі мен азаюына дәлме-дәл сәйкес келіп отырады деп ұйғарған едік.

Алайда, егер тек жеке жұмысшы көп еңбек бере бастайтын болса, сондықтан оның жалақысы өсетін болса, — бірақ еңбек бағасы өзгеріссіз қалатын болғанымен немесе тіпті төмендеп кететін, бірақ еңбек мөлшерінің көбеюінен гөрі баяу төмендеп кететін болғанымен, — өз билігіндегі жұмысшылардың саны өзгермейтін немесе тіпті қысқаратын жағдайда да өзгермелі капитал өседі. Бұлай болғанда өзгермелі капиталдың ұлғаюы жұмыстағы жұмысшылар санының көптігінің емес, еңбек мөлшерінің көптігінің көрсеткіші болып шығады. Әрбір капиталистің абсолют мүддесі көп жұмысшыдан емес, — мұның өзі аз жұмысшыдан арзан немесе тіпті арзанырақ болатын болса да, — аз жұмысшыдан белгілі бір мөлшерлі еңбекті сығып алу болып табылады. Көп жұмысшы жағдайында тұрақты капиталдың шығыны іске қосылған еңбек мөлшеріне пропорциялы түрде өседі, ал аз жұмысшы жағдайында — одан анағұрлым баяу өседі. Өндірістің көлемі неғұрлым ірі болған сайын мұның өзі соғұрлым шешуші маңыз алады. Оның күші капиталдың қорлануымен бірге өсіп отырады.

Біз капиталистік өндіріс әдісі мен еңбектің өндіргіш күшінің дамуы — қорланудың әрі себебі, әрі нәтижесі — капиталистің дара жұмыс күштерін қанауды экстенсивті түрде немесе интенсивті түрде ұлғайта отырып, өзгермелі капиталды бұрынғы мөлшерде жұмсағанның өзінде көп мөлшерлі еңбекті іске қосуына мүмкіндік беретінін көрдік. Онан әрі біз: неғұрлым шебер жұмысшыларды шеберлігі аз жұмысшылар арқылы, кәмелетке келгендерді кәмелетке келмегендер арқылы, ерлерді әйелдер арқылы, ересектерді жас өспірімдер немесе балалар арқылы бірден бірге ығыстырып шығара отырып, капиталист сол бір капиталдық құнның өзіне жұмыс күшін көп мөлшерде сатып алатынын көрдік.

Сонымен, қорлану прогресі күшейе келе көп мөлшерлі өзгермелі капитал, бір жағынан, жұмысшылар санын көбейтпей-ақ, көп мөлшерлі еңбекті іске қоса алады; екінші жағынан, бұрынғы мөлшердегі өзгермелі капитал жұмыс күшінің бұрынғы мөлшерін пайдалана отырып, көп мөлшерлі еңбекті іске қосады және, ақырында, жоғары сапалы жұмыс күштерін ығыстырып шығарып, төмен сапалы жұмыс күштерінің көп мөлшерін іске қосады.

Сондықтан относителді артық халық жасау немесе жұмысшыларды босату ісі қорлану прогресі арқылы онысыз да тездетіліп отырған өндіріс процесінің техникалық төңкерісінен де гөрі және осы төңкеріске сәйкес капиталдың тұрақты бөлігіне қарағанда оның өзгермелі бөлігінің относителді кемуінен де гөрі тезірек жүреді. Егер өндіріс құрал-жабдықтары өзінің көлемі мен ықпал күші жағынан өсе отырып, жұмысшыларды қамтудың бірден бірге кеміп бара жатқан дәрежедегі құралына айналатын болса, онда осы қатынастың өзі, еңбектің өндіргіш күші өсе келе, капиталдың өзінің жұмысшыларға деген сұранысын арттыруынан гөрі еңбектің көбейе түскен ұсынылуын тезірек туғызуы арқылы да түрін өзгертіп отырады. Жұмысшы табының жұмыстағы бөлігінің шектен тыс ауыр еңбегі оның резервтерінің қатарын көбейтеді, ал резервтер бәсекесінің жұмыстағы жұмысшыларға жасайтын күшті қысымы, оның керісінше, оларды шектен тыс ауыр еңбек етуге және капиталдың дегеніне бағынуға мәжбүр етеді. Жұмысшылардың бір бөлігінің шектен тыс ауыр еңбек етуі арқылы оның екінші бөлігінің лажсыз бос жүруі, және мұның керісінше болуы, жеке капиталистердің баюының қайнар бұлағы болады⁸³⁾ және сонымен қатар қоғамдық қорлану прогресіне сәйкес мөлшерде өнеркәсіптік резерв армияны жасауды тездетеді. Относителді артық халықты жасауда бұл жағдайдың қаншалықты маңызды екенін, мәселен, Англия дәлелдейді. Оның еңбекті «үнемдеу» жөніндегі техникалық құралдары орасан зор. Алайда, егер ертеңгі күні еңбек барлық

⁸³⁾ Тіпті 1863 ж. мақта тапшылығының кезінде де Блэкберн мақта иірушілерінің бір памфлетінен фабрикалық заңның салдарынан, яғни, тек ересек ер жұмысшылардың ғана мойнына түскен шектен тыс ауыр еңбек жайында күшті шағымдар жасалғанын көреміз. «Осы фабриканың ересек жұмысшыларының күніне 12—13 сағат жұмыс істеу талап етілді, ал оның бержағында жүздеген адамдар лажсыз бос жүруге мәжбүр және олар өз семьяларының тамағын асырап, өз жолдастарын шектен тыс ауыр еңбек салдарынан мезгілсіз өлуден сақтау үшін ғана толық емес уақыт жұмыс істеуге қуана келіскен болар еді». «Біздің»,— делінген одан әрі,— «мынаны сұрағымыз келеді: осы мерзімнен тыс жұмыс істеу практикасы қожайындар мен «қызметшілер» арасында оңды қатынастар болуына мүмкіндік бере ме? Шектен тыс ауыр еңбек салдарынан лажсыз бос жүргендер (condemned to forced idleness) сияқты ауыр еңбектің құрбандықтары да әділетсіздікті көріп отыр. Егер жұмыс әділетті түрде бөлінген болса, ол осы округта жұрттың бәріне шінара жұмыс беруге жеткілікті болған болар еді. Ең болмағанда осындай жағдай сақталып тұрған кезде барлық жерлерде толық емес жұмыс уақытын енгізуді қожайындарға ұсығанда біз өз правомызды ғана талап етеміз; ал оның бержағында кәзір жұмысшылардың бір бөлігі шектен тыс ауыр еңбек етуге тиіс болып отырғанда, екінші бөлігі жұмыстың жеткіліксіздігінен қайыр-садақа есебінен ілділалан күн көруге мәжбүр болып отыр» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st. October 1863», p. 8).— «Essay on Trade and Commerce»-нің авторы өзінің лағдылы күнәсіз буржуазиялық инстинкті бойынша относителді артық халықтың жұмыстағы жұмысшыларға тигізетін әсерін түсінеді. «Бұл корольдіктегі жалқаулықтың (idleness) тағы бір себебі — жұмысшылар санының жеткіліксіздігінде. Белгілі бір фабрикаттарға аса зор сұраныс туып, еңбек массасы жеткіліксіз бола қалған жағдайда жұмысшылар өздерінің маңызын сезе бастайды және оны өздерінің қожайындарына да сездірмек болады; бұл тамаша жақсы нәрсе; бірақ бұл адамдардың ақыл-ойының бұзылғандығы сонша, мұндай жағдайларда өз қожайындарын қиыншылық жағдайға түсіру мақсатымен жұмысын топтары келісім жасасалды, сондағы істейтіндері күні бойы тұқ бітірмей, жалқаулыққа салыну» («An Essay on Trade and Commerce». London, 1770, p. 27, 28). Міне осы адамдар нақ жалақысын көбейттіріп отырды.

жерде бірдей рационалды мөлшерге дейін шектелген болып шықса және жасы мен жынысына қарай жұмысшы табының әртүрлі жіктеріне сабақтастық ісі енгізілген болса, онда ұлттық өндірісті оның кәзіргі көлемінде жүргізе беру үшін қолда бар жұмысшы халық мүлде жеткіліксіз болып шыққан болар еді. Кәзіргі кезде «өнім бермейтін» жұмысшылардың басым көпшілігінің «өнім беретін» жұмысшыларға айналуына тура келген болар еді.

Жалпы және тұтас алғанда жалақының жалпылама өзгерістері өнеркәсіп резерв армиясының өнеркәсіп циклы дәуірлерінің ауысуына сәйкес келетін өсуі мен кемуі арқылы ғана реттеліп отырады. Демек, олар жұмысшы халықтың абсолют санының қозғалысымен анықталмайды, жұмысшы табы белсенді армияға және резервтік армияға бөлінетін өзгермелі қатынаспен, артық халықтың относительді мөлшерінің өсуімен және кемуімен, артық халықтың біресе жұмысқа тартылып, біресе қайтадан босап қалып отыру дәрежесімен анықталады. Кәзіргі заманғы өнеркәсіп үшін сипатты нәрсе — онжылдық цикл мен оған тән дүркінділік фазалары, оның үстіне қорланудың барысында бұл фазалар бірінен соң бірі келіп отыратын оқтын-оқтын ауытқулар арқылы барған сайын жиі үзіліп қалып отырады. Міне сондықтан мұндай өнеркәсіп үшін еңбекке деген сұраныс пен оны ұсынуды капиталды ұлғайту және қысқарту арқылы тәртіптеп отыратын заң емес, — олай болса, капиталдың өз өсуінің кезектегі керексінудеріне сәйкес біресе еңбек рыногы капиталдың ұлғаюы салдарынан жеткілікті толық емес болатын, біресе капиталдың қысқаруы салдарынан относительді түрде аса толып кететін етіп емес, — қайта, оның керісінше, капиталдың қозғалысын халық мөлшерінің абсолютті қолғалысына тәуелді етіп отыратын заңның болуы жақсы болған болар еді. Алайда бұл заң — саяси экономияның догмасы. Бұл заң бойынша капиталдың қорлануы арқасында жалақы артады. Жалақының артуы жұмысшы халықтың неғұрлым тез өсіп-өнуіне себеп болады, және де мұның өзі еңбек рыногы шарасынан аса толып кеткенге дейін, яғни жұмысшылардың ұсынылуына қарағанда капитал относительді түрде жеткіліксіз болып шыққанға дейін осылай бола береді. Жалақы төмендейді, сонда біз медальдың екінші жағын көреміз. Жалақының төмендеуі салдарынан жұмысшы халық аз-аздап сирей бастайды, сөйтіп оған қарағанда капитал тағы да басы артық бола бастайды, не болмаса, басқалардың айтып жүргеніндей, жалақының төмендеуі және осыған сәйкес жұмысшыларды қанаудың артуы қорлануды тағы да тездетеді, ал жалақының төмен дәрежесі жұмысшы табының көбеюін тежейді. Сонымен, еңбекті ұсыну еңбекке деген сұра-

ныстан төмен болатын, жалақы көтерілетін және т. с. болатын жағдайлар тағы туады. Дамыған капиталистік өндіріс үшін қандай тамаша қозғалыс тәсілі десеңізші! Жалақының артуы нәтижесінде жұмысқа шынымен қабілетті халықтың әйтеуір бір жөнге келіп көбейе алуына дейін бұл жағдайлардың кезінде өнеркәсіптік науқанды жүргізу, шешуші ұрыс жасап, одан ұтып шығу керек болатын мерзім бірнеше рет ауысып үлгірген болар еді.

1849 және 1859 жылдардың арасында, астық бағасының төмендеуімен қатар, Англияның егіншілік округтерінде жалақы практика жүзінде таза номиналды түрде артты; мәселен, Уилтширде апталық ақы 7 шиллингтен 8 шиллингке дейін, ал Дорсетширде 7 немесе 8 шиллингтен 9 шиллингке дейін және т. с. артты. Мұның өзі басы артық егіншілік халықтың дағдыдан тыс ауытқуынан болды, бұл ауытқу соғыс қажеттерінен¹⁷⁸, теміржол құрылысының, фабрикалардың, кен жұмысының және т. б. аса зор ұлғаюынан туды. Жалақы неғұрлым төмен болса, оның қаншалықты аз болғанымен әрбір артуы көрінетін проценттік сан соғұрлым жоғары болады. Мәселен, егер жалақы аптасына 20 ш. болып, одан 22 шиллингке дейін артқан болса, онда оның өсуі 10% болады; егер, мұның керісінше, жалақы небәрі 7 шиллинг болып, одан 9 шиллингке дейін артқан болса, онда бұл арту $28\frac{4}{7}\%$ болады, мұның өзі едәуір өскен болып көрінеді. Қалай болған күнде де фермерлер байбалам сала бастады, ал тіпті Лондондағы «Economist» осындай болмашы табыстар жайында: «жалақы жалпы және елеулі дәрежеде өсті»⁸⁴⁾ деп кәдімгідей шынымен-ақ былшылдай бастады. Ал фермерлер не істеді? Олар осындай тамаша ақының әсерімен село жұмысшылары өздерінің жалақысы қайтадан төмендейтін дәрежеге дейін көбеюін,— догматтық-экономикалық ми мұны осылай болады деп түсінеді,— күтіп отырды ма? Олар машинаны көп енгізді, сөйтіп жұмысшылар тағы да тез, тіпті фермерлерді де қанағаттандыратын дәрежеде «артық» болып шықты. Енді егіншілікке бұрынғыдан «көп капитал» жұмсалатын болды, жәнede неғұрлым өнімді формада жұмсалды. Сөйтіп еңбекке деген сұраныс относительді түрде ғана емес, сонымен қатар абсолютті түрде де төмендеп кетті.

Жоғарыда аталған экономикалық фикция жалақының жалпы толқуын, немес жұмысшы табы мен, яғни жиынтық жұмыс күші мен қоғамдық жиынтық капиталдың арасындағы қатынасты тәртіптеп отыратын заңдарды жұмысшы халықтың өндірістің жеке салалары арасында бөлінуін тәртіптеп оты-

⁸⁴⁾ «Economist», 21 январь, 1860 ж.

ратын заңдармен шатастырады. Егер, мәселен, қолайлы болған конъюнктураның нәтижесінде өндірістің белгілібір саласындағы қорлану өте-мөте күшті болатын болса, пайда орташа пайдадан жоғары болып, қосымша капитал соған құйылып жатса, онда, әлбетте, еңбекке деген сұраныс пен жалақы өседі. Көтеріңкі жалақы қолайлы жағдайларда отырған осы салаға, бұл сала жұмыс күшіне әбден толып болғанға дейін, жұмысшы халықты көптеп тарта береді; сонда келіп жалақы ұзақ уақыт тағы да өзінің бұрынғы орташа мөлшеріне дейін немесе, егер жұмысшының ағылып келуі тым зор болса, тіпті одан да төмен кемиді. Сонда өндірістің бұл саласына жұмысшылардың ағылып келуі тоқталып қана қоймай, тіпті ол кері қайтумен алмасады. Мұндай жағдайларда экономист жалақы өскен кезде жұмысшылар санының абсолютті көбеюінің, ал жұмысшылар саны абсолютті өскен кезде жалақының төмендеуінің «қайда және қалайша» болатынын байқап алармын деп ойлайды; бірақ шынына келгенде ол өндірістің бір жеке саласының еңбек рыногының жергілікті маңызы бар ауытқуын ғана көреді, капиталдың өзгеріп отыратын керексінуіне байланысты капитал жұмсаудың әртүрлі салалары арасында жұмысшы халықтың бөлінуін ғана көреді.

Өнеркәсіптің резерв армиясы, яки относительді артық халық, тоқырау мен орташа жандану кезеңдерінде істегі жұмысшы армияға қысым жасап, артық өндіру мен пароксизм кезінде оның талаптарын тежейді. Демек, относительді артық халық дегеніміз еңбекке деген сұраныс пен оны ұсыну заңы әрекет жасап отыратын орта болып табылады. Ол бұл заңның әрекетін капиталға тәп қанау құмарлығымен және үстемдікке ұмтылумен барынша үйлес келетін шектерге сиғызып отырады. Осы арада экономикалық апологетиканың ұлы әрекеттерінің біріне қайта оралып соғу орынды болады. Еске сала кетелік, егер жана машиналар енгізудің немесе ескі машиналарды кеңінен қолданудың арқасында өзгермелі капиталдың бір бөлегі тұрақты капиталға айналатын болса, онда капиталды «байланыстыратын», сөйтіп жұмысшыларды «босататын» бұл операцияны экономист-апологет: бейнебір осы операция, керісінше, капиталды жұмысшылар үшін босатады деп түсіндіреді. Тек осыдан кейін ғана біз апологеттің арсыздығын толық бағалай аламыз. Шынына келгенде тікелей машина арқылы ығыстырып шығарылатын жұмысшылар ғана босатылып қоймайды, сонымен бірге олардың орынбасарларының контингенті де және кәсіпорынның ескі базисі негізінде оның дағдылы ұлғаюы кезінде үнемі жұмысқа тартылып отыруы мүмкін қосымша контингент те босатылады. Олардың бәрі кәзір «боса-

тылулы», сондықтан қызмет атқарғысы келетін әрбір жаңа капитал оларды пайдалана алады. Ол капитал нақ осы жұмысшыларды іске тарта ма немесе басқаларын тарта ма, міне бұл жағдайдың екеуінде де еңбекке деген жалпы сұранысқа тигізлетін әсер, осы жаңа капитал рынокқа машиналар ығыстырып шығарған мөлшердегі жұмысшылардай жұмысшылардан рынокты босатуға ғана жеткілікті болып тұрған кезінде, нольге тең болады. Егер ол капитал аз жұмысшыны тартатын болса, онда басы артық жұмысшылар саны өседі; егер көп жұмысшыға жұмыс тауып беретін болса, онда еңбекке деген жалпы сұраныс жұмыстағылар мен «босатылғандар» санының арасындағы айырмашылық көлемінде ғана өседі. Сонымен, тегінде өзіне жұмсалатын орын іздеуші қосымша капиталдардың туғызуы мүмкін еңбекке деген сұраныстың өсуі, қалай болған күнде де, машина көшеге шығарып тастаған жұмысшылар өтейтін дәрежеде ғана бейтараптанады. Демек, капиталистік өндірістің механизмі капиталдың абсолютті өсуі еңбекке деген жалпы сұраныстың сондай өсуімен қоса қабат жағаласа жүрмеуінің қамын істейді. Міне осыны келіп апологет жұмысшыларды өнеркәсіптің резерв армиясының қатарына шығарып тастайтын өтпелі дәуірлерде ығыстырып шығарылған жұмысшылардың қайыршылығы үшін, азабы мен болуы мүмкін қырғыны үшін жасалған компенсация деп атайды! Еңбекке деген сұраныс капиталдың өсуімен барабар нәрсе емес, еңбекті ұсыну жұмысшы табының өсуімен барабар нәрсе емес, олай болса мұнда біріне бірі тәуелсіз екі күштің өзара ықпалы жоқ. *Les dés sont ripés* [сүйектің өңі өзгертілген]. Капитал бір мезгілдің ішінде екі жаққа да әсер етеді. Егер капиталдың қорлануы, бір жағынан, еңбекке деген сұранысты көбейтетін болса, екінші жағынан, ол жұмысшыларды «босату» арқылы олардың ұсынылуын көбейтеді, ал сонымен қатар жұмыста жоқ жұмысшылардың қысымы жұмыстағы жұмысшыларды еңбекті көп мөлшерде беруге көндіреді, сөйтіп еңбектің ұсынылуын белгілі бір дәрежеде жұмысшылардың ұсынылуынан тәуелсіз етеді. Осы базисте еңбекке деген сұраныс пен оны ұсыну заңының қозғалысы капиталдың деспотиясын аяқтап шығады. Сондықтан, жұмысшылар өздері жұмысты неғұрлым көп істесе, бөтеннің байлығын неғұрлым көп өндірісе және өздерінің еңбегінің өндіргіш күші неғұрлым көп өссе, өздерінің капиталды көбейтудің құралы ретінде жұмыс істеу мүмкіншілігінің өзі де оларға соғұрлым сенімсіз бола түсетін себебі қалай скендігінің сырын ашқан кезде; олар нақ өздерінің арасындағы бәсекенің интенсивтілік дәрежесі бүтіндей отнотительді артық халықтың қысымына байланысты екенін ашқан кезде; осы себепті олар капиталистік өндірістің осы табиғи

заңының өздерінің табына тигізетін бүлдіргіш зардаптарын жою немесе бәсеңдету мақсатымен тред-юниондар және т. б. арқылы жұмыстағы жұмысшылар мен жұмыста жоқ жұмысшылардың арасында жоспарлы түрде болатын өзара байланыс жасауға тырысатын кезде,— міне сонда капитал мен оның итаршысы, экономист, сұраныс пен ұсыныстың «мәңгі» және, былайынша айтқанда, «қасиетті» заңы бұзылды деп зарқағып байбалам салады. Жұмыстағы жұмысшылар мен жұмыста жоқ жұмысшылардың арасындағы байланыс атаулы бұл заңның «таза» құбылуын бұзады. Ал екінші жағынан, қолайсыз жағдайлар, мәселен, отарлардағы жағдайлар, өнеркәсіптің резерв армиясының құрылуына, ал сонымен қатар жұмысшы табының капиталистер табына абсолютті тәуелді болуына да бөгет жасайтын болғандықтан, капитал өзінің мезі болған Санчо-Пансасымен қосылып алып, сұраныс пен ұсыныстың «қасиетті» заңына қарсы шығады және күштеу шаралары арқылы оның қимылына бөгет жасауға тырысады.

4. ОТНОСИТЕЛЬДІ АРТЫҚ ХАЛЫҚТЫҢ БОЛУЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫ. КАПИТАЛИСТІК ҚОРЛАНУДЫҢ ЖАЛПЫЛЫҚ ЗАҢЫ

Относительді артық халық әралуан сарындарда болады. Әрбір жұмысшы өзінің жартылай жұмыссыз немесе мүлде жұмыссыз жүрген кезінде относительді артық халыққа жатады. Артық халықтың өнеркәсіп циклы фазаларының ауысуынан туатын оқтын-оқтын қайталап отыратын ірі формаларын былай қойғанда, артық халық біресе — дағдарыстар кезінде— тым күшейіп, біресе — істің сылбыр жүретін кезінде — айықпай үнемі болып отыратын осы формаларын былай қойғанда, артық халық әр қашан үш формада: аумалы, бүркемелі және тоқырамалы формаларда болады.

Кәзіргі заманғы өнеркәсіптің орталықтарында — фабрикаларда, мануфактураларда, металлургия заводтарында, рудниктерде және т. б.— жұмысшылар едәуір зор көлемде біресе шеттетіліп, біресе жұмысқа тартылып отырады, сондықтан жұмыстағы жұмысшылардың саны, өндіріс көлемімен салыстырғанда үнемі кеми түсетін пропорцияда болса да, жалпы алғанда өседі. Артық халық мұнда аумалы формада болады.

Фабрикалардың өздерінде де, сондай-ақ машиналар қолданылатын не, ең болмағанда, кәзіргі заманғы еңбек бөлінісі жүргізілген ірі-ірі мастерскойлардың бәрінде де жас өспірім еркек жұмысшылар көп керек болады. Ал камелет жасқа жеткеннен кейін олардың өте азы ғана өздерінің бұрынғы істеген өндіріс салаларынан орын таба алады, көпшілігі үнемі жұмыстан шығып қалып отырады. Олар аумалы артық халық-

тың өнеркәсіптің өсуіне қарай өсіп отыратын элементін құрайды. Олардың бір бөлегі эмиграцияға кетеді, яғни шындығында эмиграцияланатын капиталдың соңына еріп кетеді. Мұның нәтижелерінің бірі еркектерге қарағанда әйел жынысының неғұрлым тез өсуі болып табылады, мұның мысалын Англиядан көреміз. Жұмысшылар бұқарасының табиғи өсуі капиталдың қорлану қажеттерін қанағаттандырмайтындығы және сонымен қатар оның осы қажеттерінен қалай да асып түсіп отыратындығы капитал қозғалысының өзінің қайшылығы болып табылады. Капиталға бала жастағы жұмысшы көп керек, ал ержеткен жастағы жұмысшы аз керек. Бұл қайшылық — еңбек бөлінісі жұмысшыларды өндірістің белгілі бір саласына ғана тәліп қойғандықтан, көптеген мың жұмысшылар көшеге шығарылып тастап отырған кезде, жұмысшылар жетіспей жатыр⁸⁵⁾ деген шағымдар болатын қайшылықтан сорақы қайшылық емес. Оның үстіне жұмыс күшін капиталдың тез пайдаланатыны сонша, орта жасқа келгенде-ақ жұмысшы аздықөпті қартайып қаусап қалады. Сонан ол артық адамдардың қатарына қосылады немесе жоғарғы сатыдан төменгі сатыға түсіріледі. Ең аз өмір сүретіндерді біз нақ осы ірі өнеркәсіп жұмысшыларының арасынан кездестіреміз.

«Манчестердің медициналық инспекторы доктор Ли осы қалада дәулетті тап үшін өмірдің орташа ұзақтығы 38 жыл, жұмысшы табы үшін — небәрі 17 жыл ғана екенін анықтаған. Ливерпульде бұл мерзім бұлардың біріншісі үшін — 35 жыл, екіншісі үшін — 15 жыл болады екен. Бұдан шығатын қорытынды: неғұрлым қолайсыз жағдайларда өмір сүретін азаматтастарының табына қарағанда ардақты тап өмірден екі есе көп үлес (had a lease of life) алған екен»^{86a)}.

Мұндай жағдайларда пролетариаттың бұл бөлегі өз элементтерінің тез жарамсыздануына қарамастан, өзінің саны көбейе беретін формада абсолютті өсіп отыруға тиісті. Сонымен, жұмысшы ұрпақтарының тез алмасуы керек болады. (Бұл заң халықтың басқа таптарына тура келмейді.) Бұл қоғамдық қажеттік ерте үйленумен, — ірі өнеркәсіп жұмысшылары өмір сүріп отырған жағдайлардың қажетті нәтижесімен, — және жұмысшы балаларды өсіріп-әрбіткені үшін осылардың қаналуынан түсетін сыйлықпен өтеліп отырады.

Капиталистік өндіріс ауыл шаруашылығын меңгерісімен-

⁸⁵⁾ 1866 жылдың екінші жартысында Лондонда 80 мыңнан 90 мыңға дейін жұмыссыздар болып отырған кезде, сол жартыжылдықта берілген фабрикалық есепте былай делінген: «Тегінде, сұраныс, дәл қажет кезінде, барлық жерде ұсыныс туғызды деудің өзі мүлде дұрыс болмайтын болар. Еңбек жөнінде мәселе бұлай болған жоқ, өйткені өткен жылы жұмысшы қолының жеткіліксіздігінен көптеген машиналар бос қарап тұрды» («Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1866», p. 81).

^{86a)} 1875 ж. 15 январьда Бирмингемде санитариялық конференцияны ашарда Дж. Чемберленнің, сол кездегі қала мәрінің {кәзіргі (1883) сауда министрінің. Ф. Э.} сөйлеген сөзі.

ақ немесе оның бұл шаруашылықты меңгеруі дәрежесіне қарай ауыл шаруашылық жұмысшыларына деген сұраныс осы салада қолданылып отырған капиталдың қорлануымен бірге абсолютті түрде кемиді, оның бержағында жұмысшыларды ығыстырып шығару, егіншілікті емес өндірістегі сияқты, оларды жұмысқа көп тартумен қабат жүрмейді. Сондықтан село халқының бір бөлегі үнемі қалалық немесе мануфактуралық порлетариаттың қатарына енді-енді өтеді-ау деген күйде болады және осы өтуге қолайлы жағдайлардың тууын күтеді. (Мануфактура — бұл жерде барлық егіншілікті емес өндіріс маңнасында алынып отыр)⁸⁶⁾. Относительді артық халықтың бұл қайнар бұлағы үнемі ағында болады. Алайда оның қалаларға қарай үнемі ағылуы деревняның өзінде әрқашан бүркемелі артық халықтың болуын керек етеді, бұл бүркемелі артық халықтың мөлшері бұрып ағызу каналдарының айырықша кең ашылған кезінде ғана айқын көрінеді. Сондықтан, ауыл шаруашылық жұмысшысының жалақысы ең төмен мөлшерге түсіріледі, сөйтіп оның бір аяғы әрқашан пауперизм батпағында тұрады.

Относительді артық халықтың үшінші категориясы, тоқырамалы артық халық, істегі жұмысшы армиясының бір бөлегін құрайды, бірақ оның жұмысы тіптен де үнемі болып отырмайды. Сол себепті ол армия капитал үшін бос жұмыс күшінің сарқылмайтын қоймасы болып табылады. Оның тіршілік дәрежесі жұмысшы табының орташа қалыпты дәрежесінен төмен түседі, сөйтіп нақ осы жағдай келіп оны капитал үшін ерекше қанау салаларының кең базисі етеді. Бұл армия жұмыс уақытының максимумымен, жалақының минимумымен сипатталады. Үйге берілетін жұмыс тармағында біз оның негізгі формасымен танысқан болатынбыз. Ол армия үнемі ірі өнеркәсіп пен егіншіліктің басы артық жұмысшыларынан, әсіресе колөнер өндірісін — мануфактуралық өндіріс, мануфактуралық өндірісті — машиналық өндіріс жететін, өнеркәсіптің құрып бара жатқан салаларының жұмысшыларынан құралады. Оның көлемі қорлану көлемдерінің артуы мен қарқынына қарай «басы артық» жұмысшының жасалуы үдеген сайын артып отырады. Бірақ ол сонымен қатар жұмысшы табының өзін өзі ұдайы өндіретін және өзін өзі мәңгілік ететін элементін,—

⁸⁶⁾ 1861 жылғы санақ бойынша Англия мен Уэльсте «10 960 998 халқы бар 781 қала болды, ал деревнялар мен селолық қауымдарда 9 105 226 ғана халық болды. 1851 жылғы санақта 580 қала болған еді, олардың халқы селолық округтардың халқымен тең дерлік болған еді. Бірақ селолық округтардың халқы келесі онжылдықтың ішінде жарты миллион ғана өсіп отырған кезде, 580 қалада ол 1 554 067 адам өсті. Халықтың өсуі селолық қауымдарда 6,5%, қалаларда —17,3% болды. Бұлардың өсу нормасының арасындағы айырмашылық деревнядан қалаға қоныс аударудан болып отыр. Халықтың жалпы өсуінің төрттен үші қала халқының есебінен болып отыр». («Census etc.», v. III, p. 11, 12).

жұмысшы табының жалпы өсуіне басқа элементтердің бәрінен де гөрі относителді түрде көп қатынасатын элементін құрайды. Шынында да, туу мен өлім-жітім саны ғана емес, сонымен қатар семьялардың абсолютті мөлшері де жалақы дәрежесіне, яғни жұмысшылардың әртүрлі категориялары иеленетін тіршілік заттарының аумағына кері пропорциялы болады. Егер біз бұл заңды жабайыларға немесе тіпті цивилизациялы колонистерге қолданған болсақ, капиталистік қоғамның бұл заңы мағнасыз болып көрінер еді. Бұл заң жеке алғанда әлсіз және үнемі қуғынға ұшырап отыратын хайуанат түрлерінің жалпылама көбеюін еске түсіреді⁸⁷⁾.

Ақырында, относителді артық халықтың төменгі тобы пауперизм сферасында болады. Егер қаңғымаларды, қылмыстыларды және жезқошкелікпен күн көрушілерді,— қысқасы бұл сөздің өз мағнасында алғанда бүкіл люмпен-пролетариатты былай қоятын болсақ, онда қоғамның бұл тобы үш категориядан құралады. Біріншіден: жұмысқа қабілеттілер. Ағылшын пауперизмінің статистикасын жүгіртіп қарап шықсақ болғаны, онда біз пауперизм бұқарасы әрбір дағдарыс сайын көбейіп, іс әрбір жетімінен сайын азайып отыратынын көреміз. Екіншіден: жетімдер және пауперлердің балалары. Бұлар өнеркәсіп резерв армиясының кандидаттары; үлкен өнеркәсіптік өрлеу дәуірлерінде мәселен, 1860 жылғы сияқты, олар тез және топ-тобымен істегі жұмысшы армияның қатарына қосылады. Үшіншіден: азып-тозғандар, қайыршыланғандар, жұмысқа қабілетсіздер. Бұлар нақ еңбек бөлінісі жасайтын өздерінің икемсіздігінен өлетін адамдар, жұмысшы өмірінің қалыпты ұзақтағынан асып кеткен адамдар, бұлар, ақырында, өнеркәсіп құрбандары, бұлардың саны қауіпті машиналар, кен істері, химия фабрикалары және т. б. таралып қолданылған сайын көбейіп отырады, бұлар мүгедектер, аурулар, жесір әйелдер және т. с. Пауперизм істегі жұмысшы армияның мүгедектік үйі, өнеркәсіп резерв армиясының өлі жүгі болып табылады. Пауперизмнің өнуі относителді артық халықтың өнуі арқылы болады, біріншінің қажеттігі — екіншінің қажеттігінен туады; относителді артық халықпен бірге пауперизм капиталистік өндірістің өмір сүруінің және байлықтың дамуының шарты болып табылады. Ол капиталистік өндірістің фаух

⁸⁷⁾ «Кедейлік, тегі, өсіп-өнуге қолайлы жағдай туғызатын болса керек» (А. Смит). Сыпайы және тапқыр аббат Галианидің пікірі бойынша, мұның өзі тіпті құдайдың ерекше дана жарлығы болып табылады: «Құдай ең пайдалы жұмыс істейтін адамдарды ең көп туатын еткен» (*Galiani*, цитат алынған шығарманың 78-беті.) «Аштық пен эпидемияның ең қорқынышты шегіне дейін, қайыршылық халықтың көбеюін тежемейді, қайта оны көбейтуге бағыт алып отырады» (*S. Laing*. «National Distress», 1844, p. 69). Бұл жағдайды статистика арқылы көрсетіп бергеннен кейін Ленг тағы былай дейді: «Ігер жұрттың бәрі қолайлы жағдайларда тұратын болса, дүние көп кешікпей адамсыз қалған болар еді».

grais-на [өнімсіз шығындарына] жатады, алайда, капитал олардың көпшілік бөлегін өз мойнынан алып жұмысшы табы мен ұсақ буржуазияның иығына аудара біледі.

Қоғамдық байлық, пайдаланудағы капитал, оның ұлғаю көлемі мен қарқыны неғұрлым көп болса, демек, пролетариаттың абсолютті мөлшері мен оның еңбегінің өндіргіш күші неғұрлым көп болса, өнеркәсіптің резерв армиясы соғұрлым көп болады. Бос жұмыс күші капиталдың ұлғаю күші дамитын себептер бойынша дамиды. Демек, өнеркәсіптің резерв армиясының относительді мөлшері байлық күштерінің өсуімен бірге өсіп отырады. Бірақ істегі жұмысшы армиямен салыстырғанда бұл резерв армия неғұрлым көп болса, тұрақты артық халық соғұрлым молырақ болады, мұның қайыршылығы істегі жұмыс армиясы еңбегінің азаптарына тура пропорциялы болады*. Ақырында, жұмысшы табының қайыршылықтағы топтары мен өнеркәсіптің резерв армиясы неғұрлым көп болса, ресми пауперизм соғұрлым көп болады. *Бұл — капиталистік қорланудың абсолютті, жалпылық заңы.* Барлық басқа заңдар сияқты, өзінің жүзеге асуында бұл заң да көптеген жағдайлар арқылы өзгереді, ол жағдайларды талдап жатудың бұл жерге қатысы жоқ.

Жұмысшылар өздерінің санын капиталдың өз өсуі жөніндегі қажеттерімен үйлестіріп отыруға тиіс деп жұмысшыларға уағыздайтын экономикалық даналықтың ақымақтығы түсінікті. Капиталистік өндіріс пен қорланудың механизмінің өзі-ақ жұмысшылар санын капиталдың өз өсуі жөніндегі қажеттерімен үнемі үйлестіріп отырады. Осы үйлесудің бірінші сөзі — относительді артық халықты, яки өнеркәсіптің резерв армиясын жасау, соңғы сөзі — істегі жұмысшы армияның барған сайын өсе түсетін жіктерінің қайыршылануы мен пауперизмнің өлі жүгі.

Қоғамдық еңбек өнімділігі прогресінің нәтижесінде өндіріс құрал-жабдықтарының барған сайын өсіп отыратын көлемі адам күшін барған сайын бірден бірге аз жұмсау арқылы қозғалысқа келтіріледі дейтін заң, — міне осы заң еңбек құралдарын жұмысшы қолданбайтын, қайта жұмысшыны еңбек құралдары қолданатын капитализм базисінде мынадан көрінеді: еңбектің өндіргіш күші неғұрлым жоғары болса, жұмысшылардың өздерін пайдаланатын құралдарға жасайтын қысымы соғұрлым көп болады, демек, олардың өмір сүруіне қажет жағдай: басқаның байлығын көбейту үшін, яки капиталдың өздігінен өсуі үшін өз күшін сату соғұрлым сенімсіздеу болады. Сонымен, өндіргіш халықтың өсуінен гөрі өндіріс

* Түпнұсқада: «оның еңбегінің азаптарына кері пропорциялы болады» делінген; түзету автордың қатысуымен французша басылуының текстіне сәйкес жасалды. *Ред.*

құрал-жабдықтары мен еңбек өнімділігінің неғұрлым тез өсетіндігі, мұның керісінше, жұмысшы халық капиталдың өз өсуі жөніндегі қажетінен гөрі үнемі тез өсетіндігінен келіп капиталистік көрініс алады.

Төртінші бөлімде относителді қосымша құн өндіру ісіне анализ жасаған кезде біз мынаны көргенбіз: капиталистік система тұсында еңбектің қоғамдық өндіргіш күшін арттыру әдістерінің бәрі жеке жұмысшының есебінен жүзеге асырылады; өндірісті дамыту үшін керек құралдардың бәрі өндірушіні бағындыру және қанау құралдарына айналады, жұмысшыны аздырады, оны жарымжан адам етеді [einen Teilmenschen], жұмысшыны машинаның шылауы болу роліне дейін кемітеді, оның еңбегін азапқа айналдырады, бұл еңбектің мазмұнын жояды, еңбек процесіне ғылым дербес күш ретінде қаншалық енсе, еңбек процесінің рухани күштерін жұмысшыдан соншалық бөлектейді; олар жұмысшының жұмыс істейтін жағдайларын жиіркенішті жағдайларға айналдырады, еңбек процесі кезінде жұмысшыны нағыз ұсақ, нағыз жиренішті деспотизмге бағындырады, оның өмірінің барлық уақытын жұмысшы уақытына айналдырады, оның әйелі мен балаларын капиталдың Джаггернаут доңғалағына ¹⁷⁹ бастырады. Бірақ қосымша құн өндіру әдістерінің бәрі сонымен қатар қорлану әдістері де болып табылады, ал қорлануды ұлғайтудың қандайы болсын, керісінше, осы әдістерді дамытудың құралына айналады. Мұнан шығатын қорытынды: капитал қорланған сайын жұмысшының жағдайы, оның алатын ақысының қаншама жоғары немесе төмен болуына қарамастан, нашарлай беруге тиісті. Ақырында, относителді артық халықты, яки өнеркәсіптің резерв армиясын қорланудың көлемі мен қарқынына теңестіріп ұстайтын заң жұмысшыны капиталға таңғанда, Гефестің балғасының Прометейді жартасқа қаққанынан гөрі де мықтап таңады. Бұл заң капиталдың қорлануына сәйкес қайыршылықтың көбеюін туғызады. Демек, бір полюсте байлықтың қорлануы,— сонымен қатар оған қарама-қарсы полюсте, яғни өзінің өз өнімін капитал ретінде өндіретін тап жағында қайыршылықтың, еңбек азабының, құлдықтың, надандықтың, деректіліктің және моральдық жағынан азғындаудың көбеюі болып табылады.

Капиталистік қорланудың бұл антагонистік сипатын ⁸⁸⁾ эконо-

¹⁷⁹⁾ «Сонымен, буржуазия айналысып отырған өндірістік қатынастардың сипаты өсте де біртұтас, қарапайым емес, қайта екі жақты екені; байлық өндіретін нақ осы қатынастардың өзінің шеңберінде қайыршылықтың да өндірілетіні; өндіргіш күштердің дамуы болып жататын нақ осы қатынастардың өзінің шеңберінде езу күштерінің де дамитындығы; бұл қатынастар буржуазиялық байлықты, яғни буржуазия табының байлығын жасайтындығы, жасағанда олар осы таптың жеке мүшелерінің байлығын үнемі жойып, үнемі өсе беретін пролетариатты жасау жағдайында ғана өндіретіндігі күннен күнге».

номистер әралуан формаларда мойындап отыр, бірақ олар капитализмге дейінгі өндіріс әдістерінің шінара әлгі антагонизмге ұқсас, бірақ солай бола тұрса да, одан елеулі өзгешелігі бар құбылыстарын сол антагонизммен бір жерге әкеліп үйіп төгеді.

XVIII ғасырдың ірі экономистерінің бірі Венеция монағи Ортес капиталистік өндірістің антагонизмін қоғамдық байлықтың жалпылық табиғи заңы деп қарайды.

«Қай-қай ұлтта болсын экономикалық жақсылық пен экономикалық жаманшылық өзара теңесіп отырады (*il bene ed il male economico in una nazione sempre all'istessa misura*), біреулерде игілік әрқашан соншалық мол болса, екіншілерде жоқшылық әрқашан соншалық көп болады (*la copia de beni in alcuni sempre eguale alla mancanza di essi in altri*). Аздаған адамдардың зор байлығы әрқашан өлшеусіз көп екінші бір адамдардың ең керекін түк қоймай тонаумен қабат жүреді. Ұлттың байлығы оның халқына сәйкес келеді, ал оның кедейлігі оның байлығына сәйкес келеді. Біреулердің еңбек сүйіштігі екіншілерді бос жүргізеді. Кедейлер мен жатып ішерлер — байлар мен еңбек етушілердің қажетті жемісі» және т. с.⁸⁹⁾.

Шамада Ортестен 10 жыл кейін ағылшындық протестант поп Таунсенд кедейлікті байлықтың қажетті шарты деп мүлде дәрекі түрде дәріптеді.

«Еңбек етуге заң жүзінде зорлау өте зор қиыншылықтармен, күштеумен және айқаймен істеледі, ал аштықты алсақ, ол бейбіт у-шусыз, тын-бастан жасалатын қысым болып қана қоймай, сонымен қатар,— ыждағат пен еңбекке деген табиғи түрткі боса отырып,— барынша күшті қимылдауды туғызады».

Демек, мәселенің тетігі жұмысшы табы үшін аштықты үнемі болып тұратын нәрсе етуге және, Таунсендтің пікірі бойынша, мұның жайын халық өсуінің заңы, әсіресе кедейлер арасында қолданылатын заңы ойластырады.

«Тегі, табиғаттың заңы мынадай болса керек: кедейлер белгілібір дәрежеде алды-артып ойламайды (*improvident*)» (яғни алды-артып ойламайтындығы сонша, дүниеге келгенде кедей семьялардың үйінде дүниеге келеді), «сондықтан қоғамда нағыз дәрекі, нағыз лас және жаман жұмыстарды орындайтын адамдар үнемі болып отырады (*that there always may be some*). Осының арқасында адам бақытының жиынтығы (*the stock of human happiness*) мықтап көбейеді, неғұрлым епті адамдар (*the more delicate*) ауыртпалықтан босанады және өзінің неғұрлым жоғары тақыласына кедергісіз бой ұрады, т. т... Кедейлер жайындағы заң дүниеде құдай мен

күнге барған сайын анық бола түсуде». (*К. Маркс: «Философия қайыршылығы», 116-бет [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 4-том, 144-бет]*).

⁸⁹⁾ G. Ortes. «Della Economia Nazionale libri sei 1774», бастырып шығарған Кустоди, Parte Moderna, t. XXI, p. 6—9, 22, 25 etc. Ортес соның 32-бетінде былай дейді: «Халықтарды қалай бақытты етуге болады деген пайдасыз системаларды ойлап шығарудың орнына мен олардың бақытсыздығының себептерін зерттеумен ғана тығамын».

табиғат жасаған бұл системаның үндестігі мен әсемдігін, үйлесімділігі мен тәртібін бұзу бағытында болып отыр»⁹⁰⁾.

Егер Венеция монағы қайыршылықты мәңгілік етуші тағдыр тәңірі христиандық қайырымдылықтың болуын, руханилардың некесіз болуын, монастырлар мен құдай қалаған мекемелердің болуын ақтайды деп білген болса, протестанттық қауым билеушісі, оның керісінше, мұны кедейлер жайындағы ағылшын заңдарын, — осылардың арқасында кедей мардымсыз қоғамдық көмек-жәрдем алуға праволы болған заңдарды, — кінәлаудың сылтауы етеді.

«Қоғамдық байлықтың прогресі», — дейді Шторх, — «қоғамның пайдалы табын туғызады... ол тап ең іш ұмысарлық, ең жамаң, ең жиренішті жұмыстарды орындайды, қысқасын айтқанда — өмірде қандай жеркенішті және құл ететін нәрселер болса, соның бәрін өз мойнына жүктейді; сөйтіп басқа таптардың қолы бос, көңлі шат және қасиетінің шартты (тамаша емес пе!) болуын, т. б. қамтамасыз етеді»⁹¹⁾.

Шторх өзіне: бұқарасы қайыршыланып, кері кетіп отырған осы капиталистік цивилизацияның варварлықтан артықшылығы неде? — деген сұрақ қояды. Сөйтіп ол — қауіпсіздікте! — деген бір ғана жауап табады.

«Өнеркәсіп пен ғылым прогресінің арқасында», — дейді Сисмонди — «әрбір жұмысшы күн сайын өзінің тұтынуына керегінен анағұрлым көп өндіре алады. Бірақ мұнымен бірге жұмысшының еңбегімен өндірілетін байлықтың өзі, егер оны жұмысшының өзі тұтынатын болған болса, оны еңбекке аз қабілетті еткен болар еді». Оның ойынша, «егер искусство мен жан рақатын жұмысшы еңбегі сияқты қажырлы еңбек жұмсап табуына тура келген болса, адамдар» (яғни жұмысшы еместер) «онда тегі искусствонан жетілдірудің бәрін де, сондай-ақ өздеріне өнеркәсіп беретін жан рақаттарының бәрін де бастартқан болар еді... Кәзіргі кезде күш жұмсаулар бұларға төленетін ақыдан бөлектелген: сол бір адамның өзі әуелі жұмыс істеп, сонынан тынықпайды: керісінше, біреу жұмыс істейтін болғандықтан, екіншісі тынығуға тиісті... Демек, еңбектің өндіргіш күштерін шексіз ұлғайту қолы бос байлардың сән-салтанаты мен рақатын молайтудан басқа ешқандай нәтиже бере алмайды»⁹²⁾.

Ақырында, салқын қанды буржуазиялық доктринер Десютт де Траси:

⁹⁰⁾ «A Dissertation on the Poor Laws». By a Well-wisher to Mankind (The Rev. Mr. Townsend), 1786, Лондонда қайта басылып шыққан, 1817 ж., 15, 39, 41 беттері. Бұл «епті» поп., — мұның жаңа ғана аталып өткен еңбегінсі де және оның «Испанияға жасаған саяхатынан» Мальтус екінің бірінде бүтіндей беттерін көшіріп ала береді, — өз ілімінің көбін сэр Дж. Стюарттан алған, бірақ оны бұрмалаған. Мәселен, Стюарт: «Мұнда, құлдық дәуірінде, адамдарға» (жұмыс істемейтіндерге) «еңбек еткізудің тәсілі күштеу болды... Адамдарға ол кезде еріксіз еңбек еткізгенді» (яғни басқаларға арнап тегін еңбек еткізді), «өйткені олар басқалардың құлдары еді; кәзір адамдары еріксіз еңбек етуге» (яғни жұмыс істемейтіндерге арнап тегін еңбек етуге) «зорлайтын болды» — олар өз тілектерінің құны болғандықтан» десе⁹¹⁾, егер ол осылай деп отырса, онда ол, алайда, қауымдық семіз поп сияктанып, жалдама жұмысшылар әрқашан да ашығуға тиіс деген қорығынды жасамайды. Қайта, ол олардың тілегін ұлғайтқысы келеді және сонымен қатар олардың тілектерінің ұлғаюын «шеугрлым елгілерге» арнап еңбек етудің стимулы еткісі келеді.

⁹¹⁾ *Storch*. «Cours d'Economie Politique», éd. Petersbourg, 1815, t. III, p. 223.

⁹²⁾ *Sismondi*. «Nouveaux Principes d'Economie Politique», t. I, p. 79, 80, 85.

«Кедей ұлттар дегеніміз халқы жақсы тұратын ұлттар, ал бай ұлттар дегеніміз халқы әдетте кедей болатын ұлттар»⁹³⁾ деп дәрекілікпен көкіді.

5. КАПИТАЛИСТІК ҚОРЛАНУДЫҢ ЖАЛПЫЛЫҚ ЗАҢЫН КӨРСЕТЕТІН СИПАТТАМАЛАР

а) 1846—1866 жылдардағы АНГЛИЯ

Капиталистік қорлануды зерттеу үшін кәзіргі заманғы қоғамның дамуында ешбір дәуір соңғы 20 жыл ішіндегі дәуірдей соншама қолайлы болған емес. Бейнебір Фортунат қапшығы табылған сияқты. Бірақ барлық елдердің ішінен ең тамаша мысал болып табылатын тағы да сол Англия, өйткені ол дүниежүзілік рынокта бірінші орын алып отыр, өйткені тек осы елде ғана капиталистік өндіріс әдісі кемеліне келіп дамып отыр, және, ақырында, еркін сауданың мың жылдық үстемдігінің орын тебуі 1846 жылдан бастап тұрпайы саяси экономияның ең соңғы тірегін жойып отыр. Жиырма жылдық дәуірдің екінші жартысының оның бірінші жартысынан тағы да әлдеқайда асып түсуіне себеп болған өндірістің орасан зор прогресін біз төртінші бөлімде жеткілікті дәрежеде көрсетіп өткенбіз.

Соңғы жарты ғасырдың ішінде ағылшын халқының абсолютті өсуі өте зор болғанымен, алайда оның относителді өсуі, яки өсу нормасы, ресми санақтан алынып отырған төмендегі кестеге қарағанда, барлық уақытта да төмендеп отырған.

Англия мен Уэльс халқының жылма-жылғы проценттік өсуі он-он жылдап алғанда мынадай:

1811—1821	1,533%
1821—1831	1,446%
1831—1841	1,326%
1841—1851	1,216%
1851—1861	1,141%

Енді, екінші жағынан, байлықтың өсуін қарастырып көрелік. Мұнда ең сенімді тірек болатын нәрсе — табыс салығы салынған пайданың, жер рентасының өзгеруі және т. т. Салық салынуға жататын пайданың (фермерлердің және кейбір басқа да категориялардың пайдаларын есептемгенде) өсімі 1853—1864 жылдардың ішінде Великобританияда 50,47% (немесе бір жыл ішінде орта есеппен 4,58%)⁹⁴⁾, осы дәуірдің ішінде халықтың өсуі шамамен алғанда 12% болды. Салық

⁹³⁾ *Destutt de Tracy*, цитат алынған шығарманың 231-беті.

⁹⁴⁾ «Tenth Report of the Commissioners of H. M.'s Inland Revenue». London, 1866, p. 38.

салынған жер рентасының (бұған үйлер, темір жолдар, кендер мен рудниктер, балық аулайтын орындар, т. т. алып жатқан жерлерді қосқанда) өсуі 1853—1864 жылдардың ішінде 38%, немесе жылына $3^{5/11}$ % болды, оның бержағында ең көп өсім берген мына статъялар болды ⁹⁵⁾:

	1853 жылдан 1864 жылға дейін та- бастың өсуі	Бір жыл ішінде өсуі
Үйлер	38,60%	3,50%
Тас казу	84,76%	7,70%
Кендер мен рудниктер.....	68,85%	6,26%
Шойын құю заводтары.....	39,92%	3,63%
Балық аулайтын орындар.....	57,37%	5,21%
Газ заводтары	126,02%	11,45%
Темір жолдар	83,29%	7,57%

Егер 1853—1864 жылдарғы мерзім шеңберінде төрт жылдап салыстырып көрсек, онда табыстардың өсу дәрежесі бірден бірге көбейіп отырғанын көреміз. Мәселен, пайдадан түсетін табыстар жөнінде бұл өсу 1853—1857 жылдарда жылына 1,73%, 1857—1861 жылдарда жылына 2,74% және 1861—1864 жылдарда жылына 9,30% болған. Табыс салығы салынған табыстардың жалпы сомасы Біріккен корольдікте 1856 жылы 307 068 898 фунт стерлинг, 1859 ж.—328 127 416 ф. ст., 1862 ж.—351 745 241 ф. ст., 1863 ж.—359 142 897 ф. ст., 1864 ж.—362 462 279 ф. ст., 1865 ж.—385 530 020 фунт стерлинг болған ⁹⁶⁾.

Капиталдың қорлануы сонымен қатар оның шоғырлануымен және орталықтануымен қабат жүріп отырды. Англияда ресми ауыл шаруашылық статистикасы болмағанымен (Ирландияда ондай статистика бар), алайда 10 графтық оны өз инициативасымен ұйымдастырған. Бұдан мынадай нәтиже келіп шыққан: 1851 жылдан 1861 жылға дейін 100 акрге дейін жері бар арендалардың саны 31 583-тен 26 567-ге дейін кеміген, яғни 5 016 аренда неғұрлым ірі арендалармен бірігіп кеткен ⁹⁷⁾. 1815—1825 жылдар ішіндегі дәуірде мұрагерлік салық

⁹⁵⁾ Бұл да сонда.

⁹⁶⁾ Салыстырып көру үшін осы цифрлар жеткілікті, бірақ абсолютті жағынан олар дұрыс емес, өйткені жылма-жыл табыстардың 100 миллион фунт стерлингтейі, тегі, жасырылып қалатын болу керек. Ішкі табыстарға салық салу жұмысын жүргізетін чиновниктердің әсіресе коммерсанттар мен өнеркәсіпшілер тарапынан болатын ұдайы алдау жөніндегі шағымдары олардың әрбір есебінде айтылып отырады. Мәселен: «Бір акционерлік қоғам өзінің салық салуға жататын пайдасын 6 000 ф. ст. деп белгілеген екен, ал бағалаушы оны 88 000 ф. ст. деп анықтаған, сөйтіп, ақырында келіп, салық осы соңғы сомадан төленген. Басқа бір компания өзінің табысын 190 000 ф. ст. деп көрсеткен, бірақ табысының шын сомасы 250 000 ф. ст. екенін мойындауға мәжбүр болған» (бұл да сонда, 42-бет).

⁹⁷⁾ «Census etc.», v. III, p. 29. Джон Брайттың Англия жер меншігінің жартысы 150 лендлордтарға тиісті де, Шотландия жер меншігінің жартысы 12 лендлордтарға тиісті дегені осы уақытқа дейін бекерге шығарылған жоқ.

салынған жылжымалы мүліктер ішінде 1 миллион фунт стерлингтен асатын бірде-бір нәрсе болмаған; мұның керісінше, 1825 жылдан 1855 жылға дейін ондай мүліктер 8, 1855 жылдан 1859 жылдың июніне дейін, яғни 4½ жыл ішінде, 4 болған⁹⁸⁾. Алайда орталықтану жайы 1864 және 1865 жылдар ішіндегі D тармағында (фермердің, т. с. пайдасынан басқа пайда) табыс салығын қысқаша талдау арқылы бәрінен де жақсы байқалады. Ең алдымен мынаны ескерте кетейін, осы айтылған көзден алынатын табыстарға 60 фунт стерлингтен бастап қана табыс салығы салынады. Мұндай салық салынатын табыстар Англияда, Уэльсте және Шотландияда 1864 жылы 95 844 222 ф. ст. және 1865 жылы 105 435 787 ф. ст. болған⁹⁹⁾, салық төлеушілер саны 1864 жылы жалпы саны 23 891 009 адам болған халық ішінен 308 416 адам, 1865 жылы тиісінше жалпы саны 24 127 003 адамнан 332 431 адам болған. Бұл табыстардың осы екі жыл ішіндегі бөлінуін төмендегі кесте көрсетеді:

	1864 ж. 5 апрельде аяқталатын жыл		1865 ж. 5 апрельде аяқталатын жыл	
	Пайдадан түскен табыстар (ф. ст. есебімен)	Алушы- лар саны	Пайдадан түскен табыстар (ф. ст. есебімен)	Алушы- лар саны
Жалпы сома	95 844 222	308 416	105 435 787	332 431
оның ішінде	57 028 290	22 334	64 554 297	24 075
оның ішінде	36 415 225	3 619	42 535 576	4 021
оның ішінде	22 809 781	822	27 555 313	973
оның ішінде	8 744 762	91	11 077 238	107

1855 жылы Біріккен корольдікте құны 16 113 267 ф. стерлинг 61 453 079 тонна тас көмір шығарылды; 1864 жылы құны 23 197 968 ф. стерлинг 92 787 873 тонна шығарылды; 1855 жылы құны 8 045 385 ф. стерлинг 3 218 154 тонна шойын; 1864 жылы құны 11 919 877 фунт стерлинг 4 767 951 тонна шойын өндірілді. 1854 жылы Біріккен корольдіктегі пайдаланылып отырған теміржолдардың ұзындығы 8 054 миля, бұларға жұмсалған капитал — 286 068 794 ф. ст. болды; 1864 жылы жол ұзындығы 12 789 миля, оған жұмсалған капитал 425 719 613 ф. ст. болды. 1854 жылы Біріккен корольдіктің шетке шығарған және шеттен алып келген товарларының жалпы сомасы

⁹⁸⁾ «Fourth Report etc. of Inland Revenue». London, 1860, p. 17.

⁹⁹⁾ Бұл — таза табыстар, яғни заң бойынша жасалатын белгілі жарналар алып тасталған табыстар.

268 210 145 және 1865 жылы: 489 923 285 фунт стерлинг болды. Төмендегі кесте шетке товар шығару қозғалысын көрсетеді ¹⁰⁰⁾:

1847 жылы	58 842 377 ф. ст.
1849	» 63 596 052 » »
1856	» 115 826 948 » »
1860	» 135 842 817 » »
1865	» 165 862 402 » »
1866	» 188 917 563 » »

Осындай аздаған мәліметтерден кейін британ халқының бас регистраторының ¹⁸¹ мына төмендегі даурығуы түсінікті болады:

«Халық қаншама тез өссе де, ол өнеркәсіп пен байлықтың прогресіне ілесе алмай қалды» ¹⁰¹⁾.

Енді осы өнеркәсіптің тікелей агенттеріне, яки осы байлықты жасаушыларға, жұмысшы табына көз жіберіп көрелік.

«Еліміздің әлеуметтік жайының ең өкінішті белгілерінің бірі»,— дейді Гладстон,— «кәзіргі кезде халықтың тұтыну күшінің мүлде күдіксіз кеміп бара жатқандығында және жұмысшы табының жоқшылығы мен қайыршылығының өсіп бара жатқандығында болып отыр. Ал сонымен қатар байлық жоғарғы таптардың қолына үнемі жиілігімен, капитал үздіксіз өсіп отыр» ¹⁰²⁾.

1843 жылы 13 февральда қауымдар палатасында осы сұрқия министр осылай деді. Осыдан жиырма жыл өткеннен кейін, 1863 жылы 16 апрельде, өзінің бюджетін талқылауға ұсына отырып, ол былай деді:

«1842 жылдан 1852 жылға дейін бұл елдің салық салуға жататын табысы 6 проц. артты... 8 жылдың ішінде. 1853 жылдан 1861 жылға дейін, ол табыс, сгер негізге 1853 жылғы табысты алатын болсақ, 20 проц. артты. Бұл фактының таң қаларлық екені сонша, ол тіпті адам иланғысыздай болып көрінеді... Байлық пен күш-қуаттың мұншалық таңғажайып өсуі... тек қана дәулетті таптармен тынады, бірақ... бірақ бұл өсу жұмысшы халыққа да жаппама пайда тигізуге тиісті, өйткені ол жалпы жұрт тұтынатын заттарды арзандатады,— байлар бұрынғыдан да байи түсіп отырған кезде кедейлердің кедейлігі әйтеуір кеми бастап отыр. Бірақ мен кедейшіліктің асқындауы кеміді деп айта алмаймын» ¹⁰³⁾.

¹⁰⁰⁾ Кәзіргі кезде, 1867 жылғы мартта, Индия-Қытай рыногы тағы да, консигнацияға шығарылған ағылшын мақта мата фабриканттарының товарларына лық толып отыр. 1866 жылы мақта мата жұмысшыларының жалақысы 5%-тей төмендей бастады, 1867 жылы осындай операцияның салдарынан Престонда 20 000 жұмысшының стачкасы болды. { Мұның өзі осының артынан көп ұзамай болған дағдарыстың бастамасы болды.— Ф. Э. }

¹⁰¹⁾ «Census etc.», v. III, p. 11.

¹⁰²⁾ Гладстон қауымдар палатасында 1843 жыл, 13 февраль («Times», 14 февраль, 1843: — «Hansard», 13 февраль, 1843).

¹⁰³⁾ Гладстон қауымдар палатасында 1860 жыл, 16 апрель («Morning Star», 17 апрель).

Қандайлық бишаралық жалтарыс десеңізші! Егер жұмысшы табы «кедей» күйінде қалған болса, кедей болғанда оның меншікшілер табы үшін «байлық пен күш-қуатты таңғажайып көбейтуіне» қарағанда «кедейлігі кемдеу» күйінде ғана қалған болса, онда бұл относителді жағынан алғанда оның бұрынғысынша кедей күйінде қалғанын көрсетеді. Егер кедейшіліктің асқиндай түсуі кемімеген болса, онда оның өсе түскендігі болады, неге десеңіз байлықтың асқиндауы күшейіп отыр. Ал тіршілік заттарының арзандау жағына келетін болсақ, онда ресми статистика, мәселен, Лондондағы жетімдер үйінің мәліметтері, 1860—1862 жылдар ішіндегі үш жыл бойында тіршілік заттарының 1851—1853 жылдардағы үш жылмен салыстырғанда 20% қымбаттағанын көрсетеді. Бұдан кейінгі үш жыл, 1863—1865, ішінде, еттің, майдың, сүттің, қанттың, тұздың, көмірдің және басқа да толып жатқан тіршілік заттарының мықтап қымбаттағанын көрсетеді¹⁰⁴⁾. Гладстонның бюджет бойынша келесі, 1864 жылғы 7 апрельдегі, сөйлеген сөзі байып алу ісіндегі прогреске және «кедейшілікпен» өлшенетін халық бақытына арналған пиндарлық мақтанш сөз болып табылады. Ол «пауперизм шегінде» тұрған бұқара туралы, «жалақы арттырылмаған» өндіріс салалары туралы айтады және қорытындысында келіп жұмысшы табының бақытын былайша суреттейді: «Адам өмірі онның тоғызында өмір сүру үшін күрес қана болып табылады»¹⁰⁵⁾. Гладстон сияқты ресми пікірлерге қатнасы жоқ профессор Фосетт ешбір бұлтарыссыз былай дейді:

«Әлбетте, капиталдың осындай өсуімен бірге» (соңғы онжылдықтың ішінде) «ақшалай төлемнің де өскенін мен бекер демеймін, бірақ ұтыс сияқты болып көрінетін бұл жағдай көптеген аса қажетті тіршілік заттарының барған сайын қымбаттай беруінен» (оның ойынша, асыл металдар құнының түсуі салдарынан) «едәуір дәрежеде жойылып отырады... Байлар бұрынғыдан бетер бірден-бірге тез байып барады (the rich grow rapidly

¹⁰⁴⁾ Көк кітаптағы ресми мәліметтерді қараңыз: «Miscellaneous Statistics of the United Kingdom». Part VI. London, 1866, p. 260—273 passim. Дәлелдеме есбінде жетімдер үйлерінің, т. б. статистикасының орнына министрлік газеттердің король әулеті балаларына енші беруді жақтап айтқан салтанатты сөздері де пайдаға аса алар еді. Бұл арада ол газеттер тіршілік заттарының қымбаттығын ешуақытта естерінен шығармайды.

¹⁰⁵⁾ Гладстон қауымдар палатасында 1864 ж. 7 апрель. Ал «Hansard»-тың топшылауы былай дейді: «Ол ма.— адам өмірі көбінесе өмір сүру үшін күрес болмағанда не болушы еді?» — Гладстонның 1863 және 1864 жылдардағы бюджет жайындағы сөздерінде қайта-қайта кездесіп отыратын сұмдық қайшылықтарды ағылшынның бір жазушысы Буалодан алынған мынадай цитатпен сипаттайды:

«Voilà l'homme en effet. Il va du blanc au noir.
Il condamne au matin ses sentiments du soir.
Importun à tout autre, à soi même incommode,
Il change à tous moments d'esprit comme de mode».

[«Адам деген шынында осындай болады. Ол ақ пен қараның арасында толқып отырады. Ол кешке мақұлдағаннан таңертең теріске шығарады. Басқалардың бөріне ұнамай, өзіне де ауырлық келтіріп, ол көңіл-күйін минут сайын, мода сияқты, өзгертіп отырады».]¹⁰⁷ ([H. Roy.] «The Theory of the Exchanges etc.». London, 1864, p. 135).

richer), ал еңбекші таптардың тұрмысында ешқандай жақсарғандық байқалмайды... Жұмысшылар өздері борышқор болып отырған дүкеншілерінің құлына айналып барады десе де болғандай»¹⁰⁶⁾.

Жұмыс күні мен машиналар жайындағы бөлімдерден біз британ жұмысшы табының дәулетті таптар үшін «байлық пен күш-қуатты таңғажайып көбейткен» жағдайларды айқын көрдік. Алайда біз ол кезде көбінесе жұмысшының қоғамдық функциясына көңіл аударған едік. Қорлану заңдарын толық баяндау үшін жұмысшының мастерскойдан тыс жағдайын, оның тамағы мен үйі жағдайын да еске алу қажет. Бұл кітаптың көлемі бізді бұл жерде ең алдымен өнеркәсіп пролетариаты мен ауыл шаруашылық жұмысшыларының ең нашар ақы алатын бөлегіне, яғни жұмысшы табының көпшілік бөлегіне назар аудартқызып отыр.

Бірақ әуелі ресми пауперизм жайында, яки жұмысшы табының өзінің өмір сүруінің қажетті шартынан, жұмыс күшін сату мүмкіндігінен айырылған, сөйтіп жұртшылықтың қайыр-садақасымен күнелтіп отырған бөлегі жайында тағы да бірнеше сөз айта кету керек. Ресми мәліметтер бойынша Англияда¹⁰⁷⁾ 1855 жылы 851 369, 1856 ж.— 877 767, 1865 ж.— 971 433 паупер болды. Мақта тапшылығы салдарынан бұлардың саны 1863 және 1864 жылдары 1 079 382 және 1 014 978 адамға дейін өсті. Басқалардың бәрінен де гөрі Лондонға аса ауыр тиген 1866 жылғы дағдарыс Шотландия корольдігінен гөрі халқы көп дүниежүзілік рыноктың осы орталығында пауперлердің санын 1866 жылы, 1865 жылғыға қарағанда, 19,5% көбейтті және, 1864 жылғыға қарағанда 24,4% көбейтті, ал 1866 жылғыға қарағанда, 1867 жылдың алғашқы айларында одан да бетер көбейтіп жіберді. Пауперизм статистикасын талдаған кезде екі жағдайды атап көрсету қажет. Бір жағынан, пауперлер санының азаюы мен көбеюі өнеркәсіп циклы фазаларының оқтын-оқтын алмасып тұруының көрінісі болып табылады. Екінші жағынан, капиталдың қорлануымен бірге тап күресі күшейіп, сондықтан жұмысшылардың сана-сезімі оянуына қарай ресми статистика пауперизмнің шын мөлшерін барған сайын бұрмалай бастайды. Мәселен, пауперлерге варварлық түрде қарау,— бұл жайында соңғы екі жылдың ішінде ағылшын баспасөзі («Times», «Pall Mall Gazette» және т. б.) көп даурыққанды, — ескі құбылыс. 1844 жылы Ф. Энгельс дәл осындай сұмдықтарды және «сенсациялық әдебиеттің»¹⁸³ дәл осындай өткінші екіжүзділік зарларын көр-

¹⁰⁶⁾ H. Fawcett. «The Economic Position of the British Labourers». London, 1855. p. 67, 82. Жұмысшылардың дүкеншілерге тәуелділігінің өсіп отырғанына келетін болсақ, онда мұның өзі жұмысшылардың жұмыста болуындағы ауытқулар мен үзілістердің жиілеп бара жатқандығынан болып отыр.

¹⁰⁷⁾ Уэльс әрқашанда Англияға қосылады, Англия, Уэльс пен Шотландия — Великобританияға қосылады, осы үш ел мен Ирландия — Біріккен корольдікке қосылады.

сетіп берген болатын. Алайда Лондонда соңғы онжылдықтың ішінде аштан өлу реттерінің («deaths by starvation») сұмдық көбеюі жұмыс үйлерінің¹⁰³⁾, осы қайыршылыққа салатын жазалаушы мекемелердің, құлдығына жұмысшылардың жирене қарауы өсіп отырғанын сөзсіз дәлелдейді.

б) БРИТАН ӨНЕРКӘСІП ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ НАШАР АҚЫ АЛАТЫН ТОПТАРЫ

Енді өнеркәсіп жұмысшы табының нашар ақы алатын топтарына келелік. 1862 жылғы мақта тапшылығы кезінде Құпия совет¹⁰⁵⁾ доктор Смитке Ланкашир мен Чеширдегі қайыршылыққа ұшыраған мақта мата жұмысшыларының тамақтану жайын зерттеуді тапсырған болатын. Көп жылдық бұрынғы байқаулардың негізінде ол мынадай қорытындыға келген: «аштықтан болатын (starvation diseases) ауруларды болғызбау үшін» жұмысшы әйелдің күндізгі ішетін тамағында орта есеппен кем дегенде 3 900 гран көмір тегі және 180 гран азот болуға тиісті, ер адамның күндізгі тамағында — кем дегенде 4 300 гран көмір тегі және 200 гран азот болуға тиісті, яғни екі қадақ жақсы бидай нанында қанша нәрлі заттар болатын болса, шамамен әйелдерге сонша нәрлі заттар, еркектер үшін одан $\frac{1}{9}$ -індей көбірек болуға тиісті; орта есеппен ересек еркектер мен әйелдер тамағында аптасына кем дегенде 28 600 гран көмір тегі және 1 330 гран азот болуға тиісті. Оның есебі практикада таңқаларлық түрде расталды, практика мақта мата өнеркәсібі жұмысшыларының тұтынуы мұқтаждықтың салдарынан төмендеп барып жеткен болмашы тамақ мөлшерімен ол есептің дәл келгенін көрсетті. 1862 жылғы декабрьде ол жұмысшылар аптасына 29 211 гран көмір тегін және 1 295 гран азот алып отырды.

1863 жылы Құпия совет ағылшын жұмысшы табының ең нашар тамақтанатын бөлегінің орасан нашар жағдайын зерттеді. Құпия советтің медициналық инспекторы д-р Саймон бұл жұмысқа жоғарыда аталып өткен д-р Смитті таңдап алды. Оның зерттеуі, бір жағынан, ауыл шаруашылық жұмысшылары, екінші жағынан — жібек тоқушыларды, тігіншілерді, былғары биялай жасайтын жұмысшыларды, шұлықшыларды, биялай тоқушылар мен етікшілерді қамтиды. Шұлықшыларды қоспағанда, осы соңғы категориядағы жұмысшылар кілең қала жұмысшылары. Зерттеуде әрбір категориядан неғұрлым

¹⁰⁵⁾ Адам Смит заманынан бермен болған прогреске мынадай жағдай өзінше бір айқындық береді, А. Смит үшін *workhouse* [жұмыс үйі] деген сөз кейде *manufactory* [мануфактура] деген сөзбен тең мағналас болды. Мәселен, еңбек бөлінісі туралы тараудың бас жағында: «Белгілі бір жұмыс үйінде екінші бірінде екінстің әртүрлі салаларында істейтін адамдардың жиналуы мүмкін»¹⁰⁴⁾.

сау және біршама тәуір жағдайдағы семьяларды тандап алу тәртіп болды.

Жалпы қорытынды мынадай болды:

«қала жұмысшыларының зерттелген категорияларының бір категориясында ғана тұтынылатын азот мөлшері, одан төмен болса аштықтан ауруға ұшырайтын абсолютті минимумнан сәл ғана жоғары болған: азоты және көмір тегі бар тамақ ішу екі категорияда кеміс,— олардың біреуінде өте-мөте көп кеміс болып шықты; егіншілікпен шұғылданатын, зерттелген семьялардың бестен бір бөлегінен астамы көмір тегі бар тамақты қажет мөлшерден кем алатыны, үштен бір бөлегінен астамы азоты бар тамақты қажет мөлшерінен кем алатыны байқалды, ал үш графтықта (Беркшир, Оксфордшир және Сомерсетшир) азоты бар тамақтың жетімсіз болуы дағдылы жағдай болып шықты»¹⁰⁹⁾.

Ауыл шаруашылық жұмысшыларының арасында Біріккен корольдіктің ең бай бөлімі — Англияның ауыл шаруашылық жұмысшылары бәрінен де нашар тамақтанатындар екен¹¹⁰⁾. Ауыл шаруашылық жұмысшыларының арасында тегінде көбінесе әйелдер мен балалар тамақты жарып ішпейтін, өйткені «еркек адам өз жұмысын атқару үшін тамақ ішуге тиісті». Жұмысшылардың зерттеуге ілінген қалалық категорияларының арасында мұқтаждық одан да күшті болды. «Олардың нашар тамақтанатындығы сонша, көптеген реттерде аяусыз және ден саулықты бұзатын жоқшылықтың болуы сөзсіз» (мұның бәрі — капиталистің «өзінің пайдасынан безуі!» яғни өз жұмысшыларының өлмесінің күнін көруі үшін ғана қажетті тіршілік заттарын төлеуден безуі!)¹¹¹⁾.

Төмендегі кестеде жұмысшылардың жоғарыда аталып өткен таза қалалық категорияларының тамақтану жағдайы

	Көміртегінің орташа апталық мөлшері (гран есебімен)	Азоттың орташа апталық мөлшері (гран есебімен)
Өнеркәсіптің қалалық бес саласындағы екі жыныстағы жұмысшылар	28 876	1 192
Ланкаширдің екі жыныстағы жұмыссыз фабрикалық жұмысшылары	29 211	1 295
Ланкашир жұмысшылары үшін орта есеппен ерлерге және әйелдерге ұсынылған минимум	28 600	1 330

¹⁰⁹⁾ «Public Health. 6 th Report etc. for 1863». London, 1864, p. 13.

¹¹⁰⁾ Бұл да сонда, 17-бет.

¹¹¹⁾ «Public Health. 6 th Report etc. for 1863». London, 1864, p. 13.

д-р Смит минимальды деп тапқан мөлшермен және мақта мата жұмысшыларының аса зор мұқтаждыққа ұшыраған кезіндегі тамақтану жағдайымен салыстырылады¹¹²⁾.

Зерттелген өнеркәсіп жұмысшыларының ішінен жартысы, $\frac{60}{125}$, мүлдем сыра ішпеген, 28% -і—сүт ішпеген. Сұйық тағам заттарының апталық орташа мөлшері әрбір тігінші ссмыясындағы 7 унциядан шұлықшылардағы $24\frac{3}{4}$ унцияға дейін ауытқып отырған. Мүлдем сүт ішпегендердің көпшілігі Лондон тігіншілері болған. Аптасына желінетін нанның мөлшері тігіншілердегі $7\frac{3}{4}$ қадақтан етікшілердегі $11\frac{1}{4}$ қадаққа дейін ауытқып отырған және орта есеппен аптасына бір ересек адамға 9,9 қадақтан болып отырған. Қанттың (сироп және т. б.) мөлшері былғары биялай тігушілердегі аптасына 4 унциядан шұлықшылардағы 11 унцияға дейін ауытқып отырған; барлық категориялар үшін апталық орташа мөлшер әрбір ересек адамға 8 унциядан келген. Апта сайын май тұтынудың (тон май және т. б.) жалпы орташа цифры бір ересек адамға 5 унция болған. Еттің (шошқа майы және т. б.) апталық орташа мөлшері, ересек бір адамға есептегенде, жібек тоқушылардағы $7\frac{1}{4}$ унциядан былғары биялай тігушілердегі $18\frac{1}{4}$ унцияға дейін ауытқып отырған; орта есеппен әртүрлі категориялар үшін 13,6 унция болған. Ересек адамның тамаққа шығаратын апталық шығыны мынадай орташа мөлшерде болған: жібек тоқушылар—2 шилл. $2\frac{1}{2}$ пенни, тігіншілер—2 шилл. 7 пенни, былғары биялай тігушілер—2 шилл. $9\frac{1}{2}$ пенни, етікшілер—2 шилл. $7\frac{3}{4}$ пенни, шұлықшылар—2 шилл. $6\frac{1}{4}$ пенни. Маклсфилдтің жібек тоқушыларының апталық орташа шығыны 1 шилл. $8\frac{1}{2}$ пенни ғана болған. Ең нашар тамақтанатын категориялар тігіншілер, жібек тоқушылар және былғары биялай тігушілер болған¹¹³⁾.

Д-р Саймон өзінің жалпы санитариялық есебінде тамақтанудың осы жағдайлары туралы былай дейді:

«Кедейлер арасындағы медицина жұмысымен немесе ауруханалардың стационарлық болсын немесе келіп-кетіп тұрушы болсын пациенттерімен таныстығы бар адамның қайсысы болсын көптеген жағдайларда тамақтың кемдігі ауруға шалдықтыратынын немесе ауруды асқындыратындығын растай алады... Алайда санитариялық тұрғыдан қарағанда бұған тағы мынадай бір өте маңызды жағдай қосылады... Мынаны еске алу керек, тамақтанудың айтарлықтай нашарлауы қажырлылықпен қарсылық көрсетуден кейін барып қана фактіге айналады және, әдетте, бұл нашарлау өзінен бұрынғы басқа да өзге жоқшылықтың ізінше келіп туады. Тамақтың жетімсіздігі денсаулыққа әсерін тигізуінен көп бұрын, физиологтың азот пен көміртегінің өмір мен аштан өлу аралығында ауытқып отыратын грандарын өлшей бастайтын кезінен көп бұрын,— міне осы кезеңдерден көп бұ-

¹¹²⁾ «Public Health. 6 th Report etc. for 1863». London, 1864, қосымша, 232-бет.

¹¹³⁾ Бұл да сонда, қосымша, p. 232, 233.

рын-ақ үй тұрмысындағы барлық материалдық қолайлылықтар жоғалады. Киім мен отын тамақтан да гөрі қатты тапшы бола бастайды. Қатаң ауа райынан жеткілікті қорғаныш болмайды: тұрғын үйдің тарлығы ауруға себеп болатындай немесе оны асқындырып жіберетіндей дәрежеге жетеді; үй мүліктері мен мебельдер жоқ десе де болғандай: тіпті тазалық сақтау ісі де өте қымбат немесе қиын болып кетеді. Егер әлде де адамдық сезім бойынша тазалықты сақтау әрекеттері істелетін болса, онда осы сияқты әрекеттердің бәрі аштықтың жаңа азаптарына әкеп соқтырады. Тұрғын үйді ең арзанға жалдауға болатын жерлерден, санитариялық полицияның шараларынан түк шықпайтын, нағыз жиреністі заттар ағып жататын, қатынасы ең жаман, ластық бәрінен де көп, сумен қамтамасыз етілу жағы нашар немесе тіпті жаман және, әңгіме қалалар туралы болып отырғандықтан, жарық пен ауасы аса жеткіліксіз кварталдардан тауып алады. Егер кедейдің кедейшілігі тамақтың жеткіліксіздігімен қоса-қабат болып отырса, кедейлер сөзсіз ұшырайтын денсаулыққа қауіпті жағдайлар осындай. Егер мұндай жаманшылықтардың бәрінің адам өміріне аса қауіпті зардабы болатын болса, онда тамақтың жеткіліксіздігінің бір өзі ғана одан да зор қауіпті... Егер бұл жерде әңгіме болып отырған кедейлік әсте де бос жүрудің лажсыз нәтижесі еместігін еске алатын болсақ, мұның өзі өте-өте ауыр ойлар туғызады. Бұл — жұмысшылардың кедейшілігі. Қала жұмысшыларының осындай там-тұм мөлшерде тамақ сатып алып отыратын еңбегі көп реттерде қандай шектен болсын асыра ұзартылып отырады, алайда бұл еңбек жұмысшының өмір сүруіне мүмкіндік береді дегенді өте шартты мағнада ғана айтуға болады... Жалпы алғанда өз өмірін осылайша номиналды түрде сақтау дегеніміз науперизмге апаратын неғұрлым қысқа немесе неғұрлым ұзын айналма жол болып қана табылады»¹¹⁴).

Жұмысшылардың анағұрлым еңбек сүйгіш топтарының аштық азаптары мен байлардың капиталистік қорлануға негізделген ашық немесе бүркемелі ысырапшылығының арасындағы ішкі байланысты экономикалық заңдарды түсіну ғана аша алады. Пәтер-үй жағдайлары мүлдем басқаша. Бұл жерде әділ байқайтын адамның қай-қайсысы болсын мынадай жағдайды көре алады: өндіріс құрал-жабдықтарын орталықтандыру неғұрлым зор болса, тиісінше белгілі бір орынға жұмысшылар соғұрлым көп жиналады, ал, олай болса, капиталистік қорлану неғұрлым тез жүрсе, жұмысшылардың тұрғын үйлерінің жайы соғұрлым нашар болады. Байлықтың өсуімен қоса-қабат жүретін қалаларды «жақсарту ісі» (improvements), жақсартқанда нашар салынған кварталдарды бұзу, банктер мен универсал магазиндер, т. т. үшін сарайлар салу арқылы, іс қатынастары үшін және сәнді экипаждар үшін көшелерді кеңейту, қала жолдарын жасау және т. с. арқылы жақсарту кедейлерді барған сайын жаман, адамдар құжынап лық толған лашықтарға тездете ығыстырып шығарады. Екінші жағынан, жұрттың бәріне белгілі нәрсе, тұрғын үйлердің қымбатшылығы олардың сапасына кері пропорциялы болады және қайыршылық кендерінің құрылысшы-жалдаптар баяғы кезде Потос күміс кендерінің пайдаланылғанынан гөрі, аз шығын шығарып, ар-

¹¹⁴) Бұл да сонда, 14, 15-бет.

тық пайда келтіріп пайдаланып отырады. Капиталистік қорланудың, ал олай болса, жалпы капиталистік меншік қатынастарының да ¹¹⁵⁾ антагонистік сипаты бұл жерде соншама айқын, тіпті Англияның ресми есептері де бұл мәселе жөнінде «меншік пен оның праволарына» қарсы қисынсыз шабуылдарға лық толы. Өперкәсіптің дамуымен, капиталдың қорлануымен, қалалардың өсіп, «жақсаруымен» бірге жамандықтың жайылуы сонша, «қадірменді жұртшылықты» да аямайтын жұқпалы аурулар қорқынышының бір өзі ғана 1847 жылдан 1864 жылға дейін кемі 10 санитариялық-полицейлік парламенттік заңдарды шығартты, ал Ливерпуль, Глазго, т. т. сияқты кейбір қалалардың үрейленген буржуазиясы сақтану мақсатымен өздерінің муниципалитеттерін пайдаланды. Алайда д-р Саймон өзінің 1865 жылғы есебінде: «Жалпы айтқанда, бұл жаманшылық Англияда мүлдем бақылаусыз қалып отыр» деп таңданады. Күпия советтің жарлығы бойынша 1864 жылы ауыл шаруашылық жұмысшыларының, 1865 жылы қалалардағы аса кедей таптардың тұрғын үй жағдайлары тексерілді. Д-р Джулиан Хантердің істеген тамаша жұмыстары халық денсаулығы жайындағы жетінші және сегізінші есептерде (1865 ж.) көрсетілді. Ауыл шаруашылық жұмысшыларына мен кейірек тоқталамын. Ал қалалық тұрғын үй жағдайларын суреттеуді мен д-р Саймонның мынадай жалпы ескертуімен бастаймын:

«Менің ресми көзқарасым»,— дейді ол,— «таза медициналық көзқарас, алайда адамгершіліктің нағыз қарапайым сезімі бұл жаманшылықтың екінші жағын да елмей кетуге жол бермейді. Ең шырқау шегіне жеткен бұл тығыздық әдептілік атаулының бәрін сөзсіз дерлік бекерге шығаратыны, денелер мен нәжістерді былықтырып араластырып жіберетіні, адамның абыройын ашатыны соншалық, мұның бәрі адамдық емес, айуандық сипат алып отыр. Мұндай ықпалға түсу деген — қорлық, ол қорлық созыла берген сайын тереңдей түседі. Осындай лағнат жағдайда туған балалар үшін өл маскаралық таңбасы (baptism into infamy) болып табылады. Сондықтан осындай жағдайларға қойылған адамдардың басқа мәселелерде ішкі мәні тәп тазалығы мен моральдық тазалық болып табылатын цивилизация атмосфересына ұмтылуын тілеу барып тұрған үмітсіз тілек болған болар еді» ¹¹⁶⁾.

Тұрғын үйлерінің адамға лық толылығы жағынан немесе тіпті олардың адам тұруға мүлдем жарамсыздығы жағынан Лондон бірінші орын алады.

«Екі жағдай күмәнсіз»,— дейді д-р Хантер,— «біріншіден, Лондонда

¹¹⁵⁾ «Жеке адам правосы ешбір жерде, жұмысшы табының тұрғын үй жағдайларындағыдай, соншама ашық және соншама ұятсыз түрде меншік правосына құрбан етілген емес. Өрбір ірі қала — адамдарды құрбандыққа шалуудың орыны, Молах жалмауыздығы үшін жыл сайын мыңдаған адамдар өлтірілетін алтарь (S. Laing, цитат алынған шығарманың, 150-беті).

¹¹⁶⁾ «Public Health. 8 th Report». London, 1866, p. 14, ескерту.

әрқайсысы шамамен 10 000 адамдық 20 шақты үлкен поселкелер бар, бұлардың аса ауыр жағдайы. Англияда бұрын-соңды көз көрген нәрселердің бәрінен де асып түседі, ал бұл жағдай бүтіндей дерлік тұрғын үйлерді жаман салудың нәтижесі болып отыр; екіншіден, кәзірде бұл поселкелердегі үйлердің адамға жыл толығы мен тозығы жеткендігі бұдан 20 жыл бұрынғысынан әлдеқайда асып түсіп отыр»¹¹⁷⁾. «Лондон мен Ньюкаслдің көптеген жерлеріндегі тұрмыс — нағыз дозақ десек, мұнымыз асырып айтқандық болмайды»¹¹⁸⁾.

Сонымен қатар «жақсартулар» күшейген сайын, ал мұнымен бірге ескі көшелер мен үйлер жойылған сайын, фабрикалардың саны өсіп, астанаға жұрттың ағылып келуі көбейген сайын, — ақырында, қалалық жер рентасымен бірге пәтер ақы да артқан сайын жұмысшы табының біршама жақсы жағдайда тұрған бөлегі де, сондай-ақ ұсақ дүкеншілер мен ұсақ буржуазияның басқа да элементтері Лондонда осындай аса жаман тұрғын үй жағдайларының әлегіне барған сайын көп ұшырап отырады.

«Пәтер ақының өлшеусіз өсіп кеткендігі сонша, тек аздаған жұмысшылар ғана бір бөлмеден артық үйге ақы төлеп тұра алады»¹¹⁹⁾.

Лондонда орасан көп «middlemen» [«делдалдармен»] шырмалмаған бірде-бір дерлік үй иелігі жоқ десе де болған-дай. Лондонда жер бағасы, оның жылма-жылғы табыстылығымен салыстырғанда, әрқашан өте-мөте қымбат келеді, әсіресе мұның себебі — әрбір жер сатып алушы әйтеуір күндердің күнінде оны Juгу Price бойынша (экспроприациялау кезінде присяжныйлардың белгілейтін таксасы бойынша) өтермін деп немесе бір ірі кәсіпорынның көршілестігі арқасында жер құнын өте-мөте арттырудан ұтармын деп дәмөгейленеді. Мұның салдары мерзімі бітуге жақындап келе жатқан аренда договорларын үнемі сатып алу болып отырады.

«Бұл іспен шұғылданып жүрген джентельмендерден олар осы күні қалай істеп жүрген болса, солай істейді деп, пәтер жалдаушылардан мүмкін болған нәрсенің бәрін сығып алады және үйлерді өзінен кейінгілерге мүмкін болғанынша жаман күйінде қалдырып кетеді деп күтуге болады»¹²⁰⁾.

Пәтер ақы апта сайын төленеді, сондықтан бұл мырзалар ешқандай қауіп-қатерге ұшырамайды. Қала шегінде темір жолдар салынуының салдарынан

¹¹⁷⁾ Бұл да сонда, 89-бет. Бұл поселкелердегі балалар жайында д-р Хангер былай дейді: «Көптеген осындай аса зор тығыздықта тұрған заманға дейін балалардың қалай тәрбиеленгенін біз білмейміз, бірақ осы елдегідей теңдесі жоқ жағдайларда өзінің болашағы үшін кәзір қауіпті таптардың арасында тәрбиеленіп жатқан, түп ортасына дейінгі уақытын әртүрлі жастағы адамдармен, мастармен, оңбаған жаман адамдармен бірге өткізіп тәрбиеленіп жатқан балалардан келешекте не күтуге болатынын болжап айту үшін батыл әулие болудың қажеті жоқ» (бұл да сонда, 56-бет).

¹¹⁸⁾ «Public Health. 8 th Report». London, 1866, p. 62.

¹¹⁹⁾ «Report of the Officer of Health of St. Martin's-in-the-Fields». 1865.

¹²⁰⁾ «Public Health. 8 th Report». London, 1866, p. 91.

«жуырда бір сембі күні кешке таман Лондонның шығыс жақ бөлегінде өздерінің ескі үйлерінен қуып шығарылған көптеген семьялар көрдік; олар өздерінің ол-пұл заттарын аркалап алып, қаңғып жүрді және жұмыс үйінен басқа ешқайдан баспана таба алмады»¹²¹⁾.

Жұмыс үйлері кәзірдің өзінде лық толық, ал парламент рұқсат еткен «жақсартулар» әлі де өзінің басталар күйінде ғана болып отыр. Егер жұмысшылар өздерінің ескі үйлерін бұзу салдарынан қуып шығарылатын болса, онда олар өздерінің қауымынан кетпейді, немесе, әрі дегенде, соған өте таяу жерге орналасады.

«Әлбетте, олар өздерінің жұмысына неғұрлым жақын жерге орналасуға тырысады. Сөйтіп екі бөлменің орнына бір үйлі жан бір бөлмеге кіруге мәжбүр болады. Тіпті пәтер ақының анағұрлым жоғары екендігіне қарамастан, бұл тұрғын үй семья қуып шығарылған сол жамақ үйден де нашар болып шығады. Страндта тұратын жұмысшылардың жартысы жұмыс орнына дейін екі миля жер жүріп барады».

Басты көшесі шетелдікті Лондонның байлығына таңдандыратын бұл Странд Лондонда адамдардың аса тығыз тұратындығына мысал бола алады. Медицина инспекторы Страндтың бір қауымында бір акр жерде 581 адам тұратынын есептеп шығарған, оның бержағында бұл акрға Темза өзені арнасының жартысына дейін қамтитын су кеңістігі де кіргізілген. Лондонда осы уақытқа дейін болып келгеніндей, санитарлық-полицейлік шаралардың қандайы болсын жарамсыз үйлерді бұзып, жұмысшыларды бір кварталдан қуса, іс жүзінде мұның өзі оларды басқа кварталда бұрынғыдан да бетер тар, тығыздыққа түсуге ғана жеткізетіні өз-өзінен түсінікті.

«Немесе»,— дейді д-р Хантер,— «осы процедураның бәрі, мүлдем сорақылық делініп, тоқтатылуға тиіс, болмаса кәзір, ешбір асырмай айтқанда, ұлттық борыш деп атауға болатын іске, атап айтқанда — қаржысының жеткіліксіздігінен өздері баспана сатып ала алмайтын, бірақ оқтын-оқтын төлемдер төлеу арқылы оның жалдау ақысын төлеп тұра алатын адамдарға баспана тауып беру жөнінде қоғамдық тілектестік сезімі (!) оятылуға тиіс»¹²²⁾.

Капиталистік әділеттілік деген таңғажайып нәрсе ғой! Жер меншікшісі, үй иеленуші, кәсіпкер «жақсартуларға» байланысты экспроприация болған жағдайдың бәрінде, мәселен, темір-жолдар салған, жаңа көшелер жасаған, т. б. жағдайда, толық сый-сипат алатыны былай тұрсын: ол лажсыз «өзінің бас пайласынан безгендігі» үшін, құдай мен адам заңдары бойынша, мұның үстіне тағы жап-жақсы пайда тауып көңілденуге тиісті. Ал жұмысшыларды әйелдерімен, балаларымен және бар мүл-

¹²¹⁾ Бұл да сонда, 88-бет.

¹²²⁾ «Public Health. 8 th Report» London, 1866, p. 89.

кімен қоса көшеге лақтырып тастайды, жәнеде егер олар аса үлкен топ-топ болып, әсемдігін муниципалитет ерекше бақылап отыратын қала кварталдарына қарай аттанатын болса, онда оларды санитарлық полиция қуғынға ұшыратады!

XIX ғасырдың басында Англияда 100 000 тұрғыны бар Лондоннан басқа ешбір қала болған жоқ. Тек бес қалада ғана 50 000-нан аса адам болды. Кәзір әр қайсысында 50 000-нан астам тұрғындар бар 28 қала бар.

«Бұл өзгерістің нәтижесі қала халқының орасан өсуі ғана болған жоқ, сонымен қатар ескі, халқы тығыз қалалар енді орталықтарға айналып отыр, сөйтіп бұлар барлық жағынан бірдей биік үйлерге толып, таза ауа мүлде келмейтін болып отыр. Сонымен енді байларға бұл қалаларда тұру лайықсыз болғандықтан, олар қала төңірегіндегі неғұрлым ұнамды жерлерге қоныстанады. Бұл байлардың жұртына келетін адамдар үлкен үйлерге әр семья бір бөлмеге орналасып, екінші бірінде өздеріне пәтершілер жібереді. Сонымен халық өзіне арналмаған, оған мүлдем бейімделмеген, үлкен адамдарға шынында қорлық, балаларға апат боларлық жағдайдағы үйлерге тығылады»¹²³⁾.

Қандай да бір өнеркәсіп немесе сауда қаласында капитал неғұрлым тез қорланатын болса, қанауға қолайлы адам материалдың ағылып келуі соғұрлым тез, жұмысшылардың апыл-құпыл жасай салған тұрғын үйлері соғұрлым жаман болады. Сондықтан үздіксіз дамып келе жатқан тас көмір және кен өнеркәсібі округтарының орталығы болып табылатын Ньюкасл-апон-Тайн тұрғын үй дозағының кереметтері жөнінде Лондоннан кейін екінші орын алады. Оның үйшіктерінде кемі 34 000 адам тұрады. Жұртшылыққа қауіпті болғандықтан Ньюкасл мен Гейтсхеде полицияның бұйрығы бойынша жуырда көп үй бұзып тасталды. Жаңа үйлер салу жұмысы өте баяу жүргізілуде, кәсіпкерлік жұмыстар өте тез дамуда. Сондықтан 1865 жылы бұл қала бұрынғы қай кездегіден де анағұрлым толы болып шықты. Бір үйшіктен ғана пәтерге бергендер кемде-кем болар. Ньюкасл ауруханасының докторы Эмблтон былай дейді:

«Ешбір күмән жоқ, сүзектің ұзаққа созылып, кең жайылып отырған себебі — адамдардың өлшеусіз тығыздығынан және олардың үйлерінің ластығынан болып отыр. Әдетте жұмысшылар тұратын үйлер қаланың қараңғы түкпірлері мен қора-жайлар ішінде. Жарық, ауа, жерінің кеңдігі мен тазалық жағынан алып қарасак,— бұлар түкке жарамсыздықтың және ластықтың ақиқат үлгілері, цивилизациялы ел атаулыға маскара нәрсе. Түнде еркектер, әйелдер мен балалар араласып жатады. Еркектердің түнгі сменасы үздіксіз күндізгі сменамен жалғасып және күндізгі сменасы түнгі сменамен жалғасып жатады, сондықтан олардың төсектері суымайды деуге болады. Бұл үйлер сумен нашар қамтамасыз етілген, дәретханалары одан да жаман, лас, желдеткіштері жоқ, ауру жұқтырып отырады»¹²⁴⁾

¹²³⁾ Бұл да сонда, 56-бет.

¹²⁴⁾ «Public Health. 8 th Report». London, 1866, p. 149.

Осындай күркелерге төленетін апталық ақы 8 пенниден 3 шиллингке дейін барады.

«Ньюкасл-апон-Тайн»,— дейді д-р Хантер,— «біздің жерлестеріміздің ішіндегі ең әдемі тайпалардың бірі, тұрғын үйлер мен көшелер жағдайларының нашарлығы себепті, екінші бірінде тағылық халге дейін дерлік жетіп отырғандығының мысалы болып табылады»¹²⁵⁾.

Қапитал мен еңбектің бірде тасып, бірде қайтып отыруының салдарынан белгілібір өнеркәсіптік қаланың тұрғын үй жағдайлары бүгін тәуірлеу болса, ертең өте жаман болып кетеді. Кей-кейде қала әкімдері, ақырында, өте сұмдық масқарашылықтарды жоюға кіріседі. Бірақ ертеңінде-ақ шегірткедей қаптаған ирланд жалба-жұлбалары немесе азып-тозған ағылшын ауыл шаруашылық жұмысшылары қаптап кетеді. Оларды подвалдарға және амбарларға апарып тығады немесе жұмысшыларға арналған, осы кезге дейін әп-әсем болып тұрған үйді түнеме үйге айналдырады, бұл үйдегі тұрғындар отызжылдық соғыс кезіндегі солдат тұрағындай тез ауысып отырады. Бұған мысал — Бадфорд. Онда муниципальдық филистерлер қала реформасын қолға алды. Оның үстіне 1861 жылы онда адам тұрмайтын үйлер саны 1751 болды. Бірақ кенеттен іс алға басты, жуырда мұны негрлердің досы, әдепті-либерал Форстер мырза сүйкімді етіп айтып берді. Істің жақсаруымен бірге, үнемі азайып және толысып отыратын «резерв армияның», яки «относительді артық халықтың» қайтадан ағылып қаптауы сөзсіз. Доктор Хантердің бір сақтық қоғамының агентінен алған тізімінде¹²⁶⁾ тіркелген өте жеркөнішті подвал үйлері мен үйшіктердің көпшілігінде тәуір ақы алатын жұмысшылар тұрған. Олар: егер тәуір үй таба алатын болсақ, оған пәтер ақы төлеуге әзірміз, деп мәлімдеді... Олар өздерінің семьяларымен қоса азып-тозып, ауру-сырқаудан арып жүдейді, ал әдепті-либерал Форстер, парламенттің мүшесі, сауда бос-

¹²⁵⁾ Бұл да сонда, 50-бет.

¹²⁶⁾ Бұл да сонда, 111-бет, Бадфордтағы бір жұмысшыларды сақтандыру қоғамы агентінің жасаған тізімі:

Валкан-стрит, № 122	1 бөлме	16 адам
Ламли-стрит, № 13	1 бөлме	11 адам
Бауэр-стрит, № 41	1 бөлме	11 адам
Портленд-стрит, № 112	1 бөлме	10 адам
Харди-стрит, № 17	1 бөлме	10 адам
Норт-стрит, № 18	1 бөлме	16 адам
Сонда, № 17	1 бөлме	13 адам
Ваймер-стрит, № 19	1 бөлме	8 ересек адам
Джоует-стрит, № 56	1 бөлме	12 адам
Джордж-стрит, № 150	1 бөлме	3 семья
Райфл-Корт, Мэригейт, № 11	1 бөлме	11 адам
Маршалл-стрит, № 28	1 бөлме	10 адам
Сонда, № 49	3 бөлме	3 семья
Джордж-стрит, № 128	1 бөлме	18 адам
Сонда, № 130	1 бөлме	16 адам
Эдвард-стрит, № 4	1 бөлме	17 адам
Джордж-стрит, № 49	1 бөлме	2 семья
Йорк-стрит, № 34	1 бөлме	2 семья
Солт Пай-стрит (төменде)	2 бөлме	26 адам

тандығының жақсылығы мен Бадфордтың атақты адамдары жүн кәсібiнен алып отырған пайдалардың алдында көңiлi ел-жiреп көз жасын төгуде. Бадфордтағы кедейлер дәригерлерiнiң бiрi, д-р Белл 1865 жылғы 5 сентябрьдегi есебiнде өз округiнде сүзектен өте көп өлушiлiктi пәтер үй жағдайларынан болды деп түсiндiредi:

«Көлемi 1 500 текше фут келетiн бiр подвалда 10 адам тұрады... Винсен-стритти, Грин-Эир-Плейсте және Листе 1 450 адамы, 435 төсегi және 36 дәретханасы бар 223 үй тұр... Әрбiр төсекке,— мен төсек деп әртүрлi ескi-құскы шүберек үйiндiсiн немесе бiр құшақ ағаш жаңқаларын айтып отырмын,— орта есеппен 3,3 адамнан, кейде 5 және 6 адамнан келедi. Көбi, шешiнбестен, төсексiз құр еденде ұйықтайды,— жас еркектер мен әйелдер, әйелi барлар мен әйелi жоқтар мидай араласып жатады. Бұған қоса бұл үйлердiң көпшiлiгi адам тұруға мүлде жарамсыз, қараңғы, дымқыл, ылас және сасық лашықтар екенiн айтып жатудың керегi болар ма екен. Бұлар — ауру мен өлiм тарайтын, бiздiң арамызда осындай оба iрiндерiнiң ағып жатуына жол берiп отырған ауқатты адамдардың (of good circumstances) арасынан да өз құрбандықтарын алып кетiп отыратын орталық-тар»¹²⁷⁾.

Тұрғын-үй мұқтаждығы жағынан Бристоль Лондоннан кейiн үшiншi орын алады.

«Мұнда, Еуропаның ең бай қалаларының бiрiнде, ашықтан-ашық қайыршылық («blankest poverty») пен тұрғын үй мұқтаждығы орасан мол болып отыр»¹²⁸⁾.

с) ҚАҢҒЫМА ХАЛЫҚ

Ендi өзiнiң тегi жағынан деревнялық және көпшiлiгiн алғанда кәсiбi жағынан өнеркәсiптiк халық тобына көз жiберiп көрелiк. Бұл халық — капиталдың өзiнiң қажеттерiне қарай бiр жерден екiншi жерге көшiрiп отыратын жеңiл инфантериясы. Ол инфантерия жорықта болмаған кезiнде «лагерь болып тұрады». Қаңғыма жұмысшылар әртүрлi құрылыс жұмыстарына, жер құрғату жұмысына, кiрпiш соғуға, әк күйдiруге, темiржол жұмыстарына және т. б. пайдаланылады. Жұқпалы аурулардың ел кезiп жүрген ошағы болып табылатын бұл жұмысшылар өздерi көршiлес лагерь болып тұрған жерлерiнiң

Подвалдар

Риджент-сквер	1 подвал	8 адам
Эйкр-стрит	1 подвал	7 адам
Робертс-Корт, № 33	1 подвал	7 адам
Бэк Прэт-стрит, жезшiлердiң мастерской үйi	1 подвал	7 адам
Эбенизер-стрит, № 27	1 подвал	6 адам (жасы 18-ден жоғары бiр де ер адам жоқ)

¹²⁷⁾ «Public Health, 8 th Report». London, 1866, p. 114.

¹²⁸⁾ Бұл да сонда, 50-бет.

бәріне шешек, сүзек, оба, скарлатина және басқа аурулар таратады¹²⁹⁾. Капитал едәуір жұмсалатын, теміржол құрылысына, т. т. сияқты кәсіпорындарда кәсіпкер әдетте өзінің армиясына ағаш барактарды және т. с.— ешқандай санитариялық жағдайы жоқ, жергілікті әкімдердің бақылауына бағынбайтын, жұмысшыларды өнеркәсіп солдатты есебінде де және пәтер жалдаушылар есебінде де қос-қабат қанап отыратын мердігер мырзаға өте пайдалы деревня-сымақтарды өзі тауып береді. Ағаштан жасалған барақта неше үйшік — бір, екі немесе үш үйшік — болуына қарай тұрғын адамның яғни жер қазушының және т. б. ол үшін атасына 2, 3, 4 шиллинг төлеуіне тура келеді¹³⁰⁾. Мынадай бір мысал келтірсек те жетеді. 1864 жылы сентябрьде — дейді д-р Саймон,— ішкі істер министрі сэр Джордж Грей Севенокс қауымындағы антисанитариялық жағдайларды жою Комитетінің председателинен мынадай мәлімдеме алды:

«Шамада осыдан 12 ай бұрын біздің қауымымызда шешек ауыруы атымен жоқ еді. Осы кезден сәл бұрын Луишемнен Тонбриджке баратын теміржол салу жұмысы басталған-ды. Мұның негізгі жұмыстары осы қалаға тікелей іргелес жерде жүргізілгендігін айтпағанда, қалада бүкіл кәсіпорынның негізгі қоймалары салынған болатын. Сондықтан мұнда жұмысшылар көп болды. Олардың бәрін коттеждерге орналастыруға мүмкін болмағандықтан, мердігер, Джей мырза, жұмысшыларды орналастыру үшін жол бойының әртүрлі пункттерінен барактар салуға бұйрықтар берді. Бұл барактарда вентиляция да, су ағар жыралар да болмады, ал онсоң олардың бәрі лажсыздықтан лық толы болды, өйткені әрбір пәтер жалдаушының өз семьясының жаны көптігіне және әрбір барақта небәрі екі бөлме болғанына қарамастан, басқа жалдаушыларды да қабылдауына тура келді. Біздің алып отырған медициналық есебіміз бойынша мұның нәтижесі мынадай болды: лас шалшықтардың және дәл терезесінің алдынан салынған дәретханалардың жаман ісінен сақтану үшін бұл сорлылардың түнде тұншығу азаптарына ұшырауына тура келді. Ақырында, осы барактарда болған бір дәрігер біздің комитетке шағым берді. Ол осы тұрғын үйлер делініп отырғандардың жағдайының өте жаман екенін, егер кейбір санитариялық шаралар қолданылмаса, бұдан өте зор қауіп бар екенін айтты. Бұдан бір жыл дерлік бұрын әлгі айтылған Джей өзінде істейтін жұмысшылар жұкпалы аурумен ауырып қалған жағдайда оларды дереу оқшаулау үшін үй салуды міндетіне алған еді. Осы жылғы июль айының аяғында ол осы үдесін тағы да айтқан еді, бірақ сол кезден бермен бірнеше адамға шешек шыққанына және екі адамның шешектен өлгеніне қарамастан, өзінің үдесін орындау жолында ол ешқандай шара қолданбады. 9 сентябрьде дәрігер Келсон маған бұл барактарда шешек ауруының тағы да болғанын хабарлады, оның айтуына қарағанда, бұлардағы жағдай өте жаман. Мен мына жағдайды да сіздің» (министрдің) «есіңізге салуға тиіспін: біздің қауымымызда жұкпалы аурулар үйі деп аталатын оқшау үй бар, ол үйде жұкпалы аурумен ауырған келімсектер тұрады. Міне бірнеше айдан бермен осы үй ауруларға үнемі лық толы болып отыр. Бір семьяда шешек пен безгек ауруынан бес бала өлді. Осы жылғы 1 апрельден 1 сентябрьге дейін шешектен кемі 10 адам өлді, соның ішінен 4 адам айтылып отырған,

¹²⁹⁾ «Public Health. 7 th Report». London, 1865, p. 18.

¹³⁰⁾ Бұл да сонда, 165-бет.

жұқпалы ауру таратушы барактарда өлді. Ауырғандардың санын анықтау мүмкін емес, өйткені ауру шыққан үйлер мұны мүмкін болғанынша жасыруға тырысады»¹³¹⁾.

Тас көмір шахталары мен басқа да шахталарда істейтін жұмысшылар британ пролетариатының ең көп ақы алатын категорияларына жатады. Олардың өз жалақысын қандай қиыншылықпен алатыны басқа жерде көрсетілген болатын¹³²⁾. Мен бұл жерде олардың тұрғын үй жағдайларына жүгірте көз жіберіп өтемін. Шахталарды пайдаланушы адам, ол меншікші болсын немесе арендатор болсын бәрібір, әдетте өзінің жұмысшыларына арнап белгілі мөлшерде коттедждер салады. Жұмысшылар коттедждерді және оны жылытатын көмірді «тегін» алады, яғни бұл оған заттай берілетін жалақының бір бөлегі болып табылады. Егер кейбір жұмысшылар осылайша пәтер үй ала алмайтын болса, олар мұның орнына жылына 4 фунт стерлинг алып отырады. Кен өнеркәсібінің округтері кен жұмысшыларының өздерінен және солардың төңірегіне топталатын қолөнершілерден, дүкеншілерден және т. б. құралған көп халықты өзіне тез тартып алады. Халқы аса тығыз келетін жерлердің бәріндегі сияқты, жер рентасы бұл жерде өте жоғары болады. Сондықтан кен өнеркәсіпшісі шахтаның кіре берісіндегі өте тар құрылыс алаңында мүмкіндігінше көп коттедж салуға, өзінің барлық жұмысшыларын олардың семьяларымен қоса сиыстыруға қанша керек болса, сонша коттедж салуға тырысады. Егер таяу жерден жаңа кендер ашылатын болса немесе ескі кендер қайтадан пайдаланылатын болса, онда адам тығыздығы арта түседі. Коттедждерді салуда шешуші маңыз алатын бір ғана көзқарас: капиталистің сөзсіз қажетті емес қолма-қол шығын атаулыдан «безуі».

«Нортумберленд пен Дургам кендеріне байланысты шахтерлер мен басқа да жұмысшылардың тұрғын үйлері»,— дейді д-р Джулиан Хантер,— «жалпы алғанда, мүмкін, Монмутширдегі осындай округтерді қоспағанда, бұл жөнінде Англияда ірі көлемде бар нәрсенің бәрінен ең жаманы және ең қымбаты болып табылатын болар. Бұл үйлердің өте жаман жағдайының себебі: әрбір бөлмеге лық толы адамдардың көптігінен, көптеген үйлер салынған құрылыс алаңның тарлығынан, судың жеткіліксіздігінен және дәретханалардың жоқтығынан, көбінесе үй үстіне үй салу немесе оларды flats-қа бөлу (әртүрлі коттедждер бірінің үстіне бірі тігінен қондырылған

¹³¹⁾ «Public Health. 7 th Report». London, 1865, p. 18, ескерту. Чапел-эн-ле-Фрит Юниондегі кедейлер жөніндегі қамқоршы бас регистраторға былай деп хабарлайды: «Давхолсте әк топырағы бар үлкен қырақадан көптеген ұсақ үңгірлер жасалған. Бұл үңгірлер теміржол құрылысында істейтін жер қазушыларға және басқа жұмысшыларға тұрғын-үй болып табылады. Үңгірлер тар, дымқыл, ылас сулар ағатын жыралары және дәретханалары жоқ. Бұл үңгірлерде, төбедегі тесіктен басқа, желдеткіш жасайтын ешқандай ыңғай жоқ, ол тесіктер сонымен қатар түтін шығатын тұрбалар болып та табылады. Шешек ауруы етек алып өршіген және одан бірнеше адам өлді» (үңгірде тұратындар арасынан) (бұл да сонда, 2-ші ескерту).

¹³²⁾ 505 және келесі беттерде толық келтірілген жағдайлар көбінесе тас көмір шахталарындағы жұмысшыларға жатады. Кеншілердің бұдан да напар жағдайы жағында Корольдік комиссияның 1864 жылғы мұқият жазылған есебінен қараңыз.

этаждар болып табылады) әдісін қолдануда болып отыр... Кәсіпкер бүкіл осы колонияға ол үнемі тұратын колония деп емес, жай лагерь болып тұрған сияқты қарайды»¹³³⁾. «Алғаш құсқауларымды орындау мақсатымен»,— дейді д-р Стивенс,— «мен Дургам Юнионның ірі-ірі кен завод селендерінің көпшілігінде болдым... өте аз реттерде болмаса, тұрғындардың денсаулығын сақтау үшін еш жерде ешқандай шаралар қолданылмайды деуге болады... Кен жұмысшыларының бәрі» (bound,— крепостнойлық право заманына жататын bondage деген сияқты сөз) «12 ай бойына арендаторға («lessee») немесе кен меншікшісіне басыбайлы етіліп қойылған. Егер жұмысшылар өздерінің разы еместігін білдірсе немесе байқаушыны басқа бір себеппен ызаландырса («viewer»), онда байқаушы өз кітабындағы олардың есімдерінің тұсына белгі немесе сызықша қояды да, жаңадан жылдық шарт жасалған кезде оларды жұмыстан шығарып жібереді... Менің ойымша truek-system [жұмысшыға товармен ақы төлеу системасының] бір де бір түрі осы халқы тығыз округтерде үстем болып отырған ақы түрінен жаман болуға тиіс емес. Жұмысшы жұқпалы аурулардың арасында тұрғын үйді өзінің жалақысының бір бөлегі есебінде алуға мәжбүр. Ол өзіне өзі жәрдем ете алмайды. Ол барлық жағынан бірдей крепостной (he is to all intents and purposes a serf). Ал онсоң жалпы алғанда оған өз меншікшісінен басқа біреу-міреудің көмек ете қоюы шүбәлі нәрсе, ал бұл меншікші ең әуелі өз балансының мүддесін көздейді, сондықтан мұның нәтижесі қандай болатынын түсіну қиын емес. Жұмысшы суды да меншікшіден алып отырады. Ол су жақсы ма әлде жаман ба, сумен қамтамасыз етіп тұра ма, жоқ па, ол әйтеуір су үшін ақы төлеуге тиісті немесе, дәлірек айтқанда, оның жалақысынан сондай ақы ұсталып қалады»¹³⁴⁾.

«Қоғамдық пікірмен» немесе тіпті санитарлық полициямен қайшы келіп қалған жағдайда капитал жұмысшының еңбегі мен үй тұрмысын шінара қауіпті, шінара қорлықты жағдайға қойып отырғанын: мұның өзі жұмысшыны неғұрлым тиімді түрде қанау үшін керек болды деп «ақталудан» ешқандай қысылмайды. Капитал фабрикалардағы қауіпті машиналардан сақтандыру амалдарын жасаудан, шахталарда желдеткіш жасау мен сақтық шараларын, т. т. жүргізуден бастартқан кезде осылай істейді. Кен жұмысшыларының тұрғын үйлеріне байланысты жағдайда да капитал осылай істейді.

«Жарамсыз тұрғын үй жағдайлары жөнінен ақталған кезде»,— дейді Купия советтің медициналық инспекторы д-р Саймон өзінің ресми есебінде,— «шахталар әдетте арендалық негіздерде пайдаланылатынына сүйенеді: арендатордың кәсіпорынға тартатын жұмысшылар, колөнершілер және т. б. үшін жақсы, ыңғайлы тұрғын үйлер салуы үшін арендалық договордың мерзімі тым қысқа (тас көмір шахталарында көбіне 21 жыл) деседі: егерде ол бұл жөнінде тіпті мырзалық жасағысы келген болса да жер меншікшісі оның жоспарын бұзған болар еді. Ол өзінің жер астындағы меншігін шығарып жатқан жұмысшылар үшін жер бетінен тұрғын үйлері бар өте жақсы және қолайлы селениелерді салу артықшылығын бергені үшін дереу өте жоғары қосымша рента алуға тырысқан болар еді. Егер тура тибым салу болмағанның өзінде, бұл тибым салушылық баға әйтеуір жөні түзу тұрғын үй салғысы келетіндерге де тежеу салған болар еді... Мен бұл ақталудың дәлелді-дәлелсіздігі жайындағы мәселені, сондай-ақ тәуір

¹³³⁾ «Public Health. 7 th Report». London, 1865, p. 180, 182.

¹³⁴⁾ «Public Health. 7 th Report». London, 1865, p. 515, 517.

тұрғын үйлер салу жөніндегі қосымша шығындар ақырында кімнің мойнына: жер меншікшісіне ме, кен арендаторына ма, жұмысшыларға ма немесе қоғамға ма — түсетіндігі туралы мәселені де қарастырып жатпаймын... Бірақ осыған қоса беріліп отырған есептерде» (д-р Хантердің, Стивенстің және басқалардың есептері) «масқара фактілер әшкереленіп отырғандықтан, бұларды жою шараларын істеу керек. Мұнда жер меншігі правоарын пайдаланғанда үлкен қоғамдық әділетсіздік жасап пайдалануда. Жер қойнауындағы кендердің меншікшісі есебінде жер меншікшісі өзінің иеліктеріндегі жұмысқа өнеркәсіп колониясын шақырады, ол содан соң жер бетінің меншікшісі есебінде өзінің жұмысқа шақырып алған жұмысшыларының тұруына қажетті қанағаттанарлық үй тауып алуын мүмкін емес етеді. Кен арендаторлары» (капиталист қанаушы) «мұндай екі жақтылыққа қарсы тұруға ақша жағынан ешқандай құштар емес, өйткені егер жер меншікшісінің талабы өте шектен тыс болса онда мұның зардабы оның мойнына түспейтіні, ол ауырталық мойындарына түсетін жұмысшылар өздерінің денсаулық сақтау правоарын танып білу үшін өте надан екені және нағыз жаман тұрғын үйлер де, нағыз сасық су да ешқашан стачка жасауға себеп болмайтыны оған әбден мәлім»¹³⁵).

д) ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ АҚЫ АЛАТЫН БӨЛЕГІНЕ DAҒДАРЫСТАРДЫҢ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Нағыз ауыл шаруашылық жұмысшыларына көшпестен бұрын мен тағы бір мысалмен жұмысшы табының тіпті ең жоғары ақы алатын бөлегіне, оның аристократиясына, дағдарыстардың қандай әсер ететінін көрсетіп өтейін. 1857 жыл әрбір ретте өнеркәсіп циклы аяқталып отыратын ірі дағдарыстардың бірін туғызғанын еске сала кетелік. Бұдан кейінгі дағдарыс 1866 жылы болды. Фабрикалық округтардың өзінде көптеген капиталды оның дағдылы жұмсалатын сферасынан ақша рыногының ірі орталықтарына қарай ығыстырған мақта тапшылығы сездірген дағдарыс бұл жолы көбінесе финансылық сипат алды. Мұның басталуына белгі болған нәрсе 1866 жылы Лондонның өте ірі банктерінің бірінің күйреуі болды, мұның артынан дереу көптеген жалдаптық финанс қоғамдары күйрей бастады. Бұл апатқа ұшыраған Лондонның ірі өндіріс салаларының бірі—темірден кеме жасау өндірісі болды. Өнеркәсіптің бұл саласының алпауыттары өрлеу дәуірінде өлшеусіз артық өндіріп қана қойған жоқ, оның үстіне кредиттің көзі бұдан былай да бұрынғысынша мол болады деп есептеп, орасан зор поставкаларды орындау жөнінде өздеріне шарт бойынша міндеттемелер де алды. Енді келіп аса қауіпті реакция туып отыр, бұл реакция Лондон өнеркәсібінің¹³⁶ осы саласын-

¹³⁵) «Public Health. 7 th Report». London. 1865. p. 16.

¹³⁶) «Лондонда кедейлердің жаппай ашығуы («Wholesale starvation of the London Poor!») ...Соңғы күндері Лондон үйлерінің қабырғаларына мынадай тамаша құлақтандырулары бар үлкен плакаттар жапсырылды: «Семіз өгіздер, ашыққан адамдар! Ашыққан адамдар өздерінің аянышты үңгірлерінде өліп, қырылып жатқан кезде, салтанатты жайларына барып байларды сөмірту үшін семіз өгіздер өздерінің хрусталь сарайларын тастап шығып отыр». Осындай ызалы сөздер жазылған плакаттар қайта-қайта қағылып жүр. Олардың бір тобын жұлып алып, үстінен желімдеп тастасымен,

да да, сондай-ақ басқа салаларында да осы уақытқа дейін, яғни 1867 жылғы марттың аяғына дейін созылып отыр. Жұмысшылардың жағдайын сипаттап көрсету үшін 1867 жылдың басында апатшылықтың негізгі орталықтарында болған «Morning Star-дың» бір тілшісінің толық хабарынан мынадай бір жерін келтірейік.

«Лондонның шығыс жақ бөлімінде, Поплар, Миллуолл, Гринвич, Депт-форд, Лаймхаус және Каннинг-Таун округтарында, кем дегенде 15 000 жұмысшы семьяларымен бірге аса қиыншылық жағдайда отыр, оның ішінде 3 000-нан астам маман механиктер асқан мұқтаждық күйде отыр. Алты — сегіз айлық жұмыссыздықтың салдарынан олардың жинақтары әбден түгесілген... Менің жұмыс үйі (Поплардағы) қақпаларына жетуім үлкен қиыншылыққа түсті, өйткені оны ашыққан адамдар тобы қамап алған екен. Бұл адамдар нан алатын талон күтіп тұрды, талон үлестіру уақты әлі болмаған екен. Бұл аула қабырғасына жағалай лапас жасалған төрт бұрышты кең аула. Оның ортасындағы тас төсеулі жерінде төбе-төбе қар жатыр. Осы арада үйенкі шарбақпен, қой қорасы тәріздендіріп, қоршалған бос жерлер бар екен: мұнда жылы күндері еркектер жұмыс істейтін көрінеді. Мен барған күні бұл қоршауларды қар басып қалыпты, сондықтан ешкім отыра алмады. Солай бола тұрса да төбе кемерін қалқалап, еркектер көшеге төселетін тас уақтап жатты. Олардың әрқайсысы, үлкен тастың үстіне отырып алып, 5 бушель қиыршық тас уатқанша қатып жатқан тасты ауыр балғамен соққылап отыр. Осыны істегенде ғана оның күндік жұмысы аяқталып, ол 3 пенни және нан алатын талон алады екен. Ауланың екінші бөлегінде жапырайған кішкене ағаш үй тұр. Оның есігін ашып қалып едік, жылыну үшін бірі-біріне тығылысып толып отырған еркектерді көрдік. Олар кендір түтіп, аз тамақпен қайсымыз ұзақ жұмыс істей аламыз деп таласып отыр екен, өйткені мұнда жұмысқа төзімділік абройлы нәрсе болатын. Осы бір ғана жұмыс үйінен 7 000 адам жәрдем алады екен, оның ішінде бұдан 6 немесе 8 ай бұрын біздің елімізде машықтанған еңбекке төленетін ең жоғары ақы алып келген жүз-жүздеген адамдар бар екен. Егер бұлардың көбі өздерінің жинақтаған ақшаларының бәрі тіпті әбден таусылған күнде де, залокке салатын әлі де бірдемесі болса, қауымның көмегіне жуығысы келмейді, әйтпесе олардың саны жаңағыдан екі есе көп болған болар еді... Жұмыс үйінен шығып, мен Попларда соншама көп болатын, көбінесе бір қабат үйлер салынған көшелерді жағалап кеттім. Мені алып жүрген адам жұмыссыздар комитетінің мүшесі еді. Біздің бірінші кірген үйіміз бір металлистің үйі болды: ол міне 27 апта бойы жұмыссыз екен. Ол өзінің үйі-ішімен түпкі бөлмесінде отыр екен. Бөлмеде әлі де ол-пұл мебель қалған екен, пешке от жағылатын көрінеді. Мұның өзі жас балалардың жалаң аяқтарын жылыту үшін істелген екен,— күн өте суық еді. Ошақ қасында жатқан ыдыста кендір жатыр, мұны өйсіл мен балалары жұмыс үйінен нан алу үшін түтіп отыр. Ері жоғарыда сурстеліп өткен қоралардың біреуінде жұмыс істеп, күніне нан талонын және 3 пенни алатын көрінеді. Өзінің бізге ызалы мысқылмен айтқанындай, кәзір ол түскі ас ішу үшін, әбден ашығып, үйіне келген екен, оның түскі асы шошқа майы жағылған бірнеше үзім нан және бір стакан сүтсіз шай екен... Біздің келесі барып қаққан есігімізді орта жастағы бір әйел ашты, ол ләм демес-

дәл сол жерде немесе көрнектілігі одан кем емес басқа жерлерде жаңа топ жарналар пайда болады... Мұның өзі француз халқы 1789 жылғы оқиғаларға дайындаған ызалы нишандарды еске түсіреді... Ағылшын жұмысшылары әйел, бала-шағаларымен қоса аштық пен суықтан қырғып жатқан кезде миллиондаған ағылшын алтыны мен ағылшын сібегінің жемісі орыс, испан, итальян және басқа да шетел кәсіпорындарына жұмсалып жатыр» («Reynolds' Newspaper», 20 январь, 1867 ж.).

тен бізді кішкене ғана түпкі бөлмесіне алып кірді, бұл бөлмеде оның бүкіл семьясы сөніп бара жатқан отқа көздерін тігіп телміріп, үн-түнсіз отыр екен. Бұл адамдардың жүздерінен және олардың осы кішкентай бөлмесінен соншама қайғылы, соншама үмітсіздік жәй көрінді, мен мұндай жәйді енді-гәрі көрмесем екен деймін. «Бұлар ешбір табыс тапқан жоқ, тақсыр,— деді әйел, балаларып ұсақтап,— соңғы 26 апта бойында ешбір табыс тапқан жоқ, біздің ақшамыздың бәрі таусылып бітті, әкесі мен екеуіміз қиын кездерде қорек ету үшін керек болар деп жақсы уақытта сақтап қалған 20 фунт стерлингіміздің бәрі бітті. Міне көріңіз»,— деді ашы дауысы шығып жыламсыраған жаңағы әйел, бізге өздерінің салған және қайтып алған ақшалары үнемі жазылып отырған банк книжкасын ұсынып жатып: ол книжкадан біз осы аз дәулеттің алғашында 5 шиллингтен басталып, аз-аздап көбейе келе 20 фунт стерлингке дейін жеткенін, ал содан кейін фунт стерлингтен бастап шиллингке дейін азая келе,— ең соңғы жазу бұл книжканы енді бір жапырақ таза қағазға тұрарлықтай ғана күнсыз нәрсеге айналдырып, жаңағы жинақты бітіргенін көрдік. Бұл семья жұмыс үйінен күніне бір рет қана болар-болмас түскі ас алады екен. Біз одан кейін кеме верфінде істейтін бір ирландтың әйеліне барып жолықтық. Ол әйел жарып тамақ ішпегендіктен ауруға шалдыққан екен: ол кілем сілімтігін жамылып, киімшең матраста жатыр, өйткені барлық төсек-орындарын залокке берген. Бақытсыз балалары оны күтімдеп жүр, бірақ олардың өздері де анасының күтіміне мұқтаж балалар екені көрініп тұр. Онтоғыз апта бойы жұмыс іздеп қаңғыру оны осы жағдайға жеткізген, бізге өзінің қайғылы тарихын айтып, ол әйел жақсы келешектен әбден үмітін үзгендей ауыр күрсінді... Біз бұл үйден шыққан кезімізде бір жас жігіт жүгіріп келіп, менің үйіме де келіп, мен үшін бірден істеуге болмас па екен, соны көріңіздер, деп өтінді. Жас әйелі, эп-әдемі екі баласы, қарыз кассасының толып жатқан квитанциялары және мүлде ешнәрсе жоқ бос бөлме — міне оның бізге көрсеткен нәрселері осы».

1866 жылғы дағдарыстың салдарынан болған апаттар жайында бір тори газетінен алынған тағы бір үзінді мынадай. Бұл жерде есте ұстайтын нәрсе, мұнда әңгіме болып отырған Лондонның шығыс бөлегі жоғарыда осы тараудың текстінде аталып өткен темір кеме құрылысы жұмысшыларының тұратын жері ғана емес, сонымен қатар кәдімгі «үйге берілестін жұмыс» дейтіннің де орталығы болып табылады, бұл жұмысқа төленетін ақы әрқашан минимумнан кем келеді.

«Кеше астананың бір бөлегінде өте бір жаман жағдай көзге түсті. Ист-Эндтің мыңдаған жұмыссыздары жиналып, кара жалаулар ұстап шығып демонстрация жасамағанымен, адамдар тобы өте айбарлы болды. Бұл халықтың қалай азап шегіп отырғанын еске түсіріп көрелік. Халық аштан өліп жатыр. Бұл — қарапайым да жан түршігерлік факт. Бұлар 40 мың адам... Осынау таңғажайып астананың кварталдарының бірінде, дүние көріп білген байлық орасан зор жиналған жердің қасында, міне дәл соның қасында біздің көз алдымызда 40 000 адам еш дәрменсіз аштан өліп жатыр! Енді бұл мыңдаған адамдар басқа кварталдарға да барып енеді; ешуақытта жарып ас ішпеген, ашыққан бұл жұрт бізге өздерінің шеккен азаптарын айтып, құлағымызды тұндырады, оларын айтып, көкке жалбарынады, олар бізге өздерінің қайыршылыққа ұшыраған үйлерін, жұмыс табу мүмкін еместігін, қайыр сұраудан түк шықпайтындығын айтады. Келдейлердің пайдасына жергілікті салық төлеушілердің өздері де қауымдардың тарапынан болып отырған талаптардың салдарынан пауперизмнің шегінде тұр» («Standard», 5 апрель, 1867 ж.).

Бельгияны жұмысшылар үшін жұмақ деп көрсету ағылшын капиталистерінің арасында модаға айналған нәрсе, өйткені «еңбек бостандығы», немесе, бұ да сол мағнада, «капитал бостандығы», онда тред-юниондардың деспотизмімен де, фабрикалық заңдармен де бұзылмайды дейді; сондықтан Бельгия жұмысшысының «бақыты» жайында бірнеше сөз айту керек болады. Бұл бақыттың сырын, сірә, Бельгия түрмелері мен шапағат мекемелерінің бас инспекторы және Орталық статистика комиссиясының мүшесі марқұм Дюкпесьо мырзадан артық ешкім білмейтін болар. «Budgets économiques des classes ouvrières en Belgique». Bruxelles, 1855, деген еңбегіне көз жіберіп көрелік. Бұл кітапта, мәселен, жылма-жылғы шығыстары мен кірістері өте дәл мәліметтер негізінде есептеп шығарылған және сонан кейін тамақтану жағдайы солдаттың, флот матросы мен тұтқындағы адамның тамақтану жағдайларымен салыстырылған Бельгияның орташа жұмысшы семьясы суреттеледі. Семьяда «әкесі, шешесі және төрт баласы бар». Бұл алты адамның «төртеуі жыл бойына пайдалы еңбекпен шұғылдана алады»; «бұлардың ішінде ауру және жұмысқа жарамайтын адамдар жоқ», шіркеудегі орын үшін төленетін аз ғана шығынды қоспағанда, «діни, өнегелік және интеллектілік қажеттерге шығын» жасалмайды, «сақтық кассаларына және қартайғанда қамсыздандыру кассаларына жарналар» төленбейді, «сән-салтанат заттарына шығын шығарылмайды және жалпы алғанда қандай да болсын орынсыз шығындар» жасалмайды деп ұйғарылады. Алайда әкесі мен үлкен баласы темекі тартады және жексенбі күндері трактирге барады, бұл үшін оларға аптасына бүтіндей 86 сантим кетеді деу керек.

«Әртүрлі өндіріс салаларының жұмысшылары алатын жалақының жалпы жиынтығынан көрініп отырғаны... ең жоғары жалақы орта есеппен: еркек адамға күніне 1 франк 36 сантим, әйелге 89 сантим, ер балаларға 56 сантим және қыздарға 55 сантим болып табылады. Осылай есептегенде семья табысы жылғы ең көп дегенде 1068 франк болады... Біз әдеттегі семьяның табуы мүмкін табыстарының жалпы сомасын есептеп шығардық. Ал егер шешесі де жалақы алады деп есептейтін болсақ, онда біз үй шаруашылығын жетекшісінен айырған боламыз; олай болғанда үй жайында, жас балалар жайында кім қам жасамақ? Кім тамақ асып, кір жуып, киім жамамақ? Міне бұл таңдау жұмысшыға әр күн кездесіп отырады».

Сонымен семьяның бюджеті мынадай болып шығады:

Әкесі —	300	жұмыс күнге	1,56	франктен	—	468	франк	алады.
Шешесі —»	»	»	0,89	»	—	267	»	»
Баласы —»	»	»	0,56	»	—	168	»	»
Қызы - -	»	»	0,55	»	—	165	»	»

Барлығы 1068

Егер жұмысшы тамақты төмендегі нормамен алған болса, семьяның жылдық шығыны мен оның дефициті мынадай болып шығар еді:

Флот матросыныкі	1 828	франк және	760	фр.
Солдаттыкі	1 473	»	»	405 »
Тұтқындағы адамдікі	1 112	»	»	44 »

«Бұдан көрініп отырғаны: тек аздаған жұмысшы семьялары ғана, матрос-тарды немесе солдаттарды айтпағанның өзінде, тұтқындағы адамдар сияк-ты ғана тамақтана алады екен. Орта есеппен Бельгияның тұтқындағы адамының әрқайсысына 1847—1849 жылдары күніне 63 сантимет шығып отыр-ды, мұның өзі жұмысшының күнбе-күнгі тамаққа шығаратын шығынынан 13 сантимет көп. Басқару мен бақылау жұмыстарына шығатын шығындар тұтқындағы адамның пәтер ақы төлемеуімен өтеледі... Ал көптеген жұмыс-шылардың,— біз орасан басым көпшілігі деп те айта алар едік,— бұдан да жаман жағдайларда тұратындығын қалай түсіндіруге болады? Оның се-бебі, жұмысшылар сыры олардың өздеріне ғана мәлім амалдарды қолда-нады; олар өздерінің күнбе-күндік порциясын кемітіп отырады; бидай на-нының орнына қара бидай нанын жейді; етті аз жейді немесе мүлде же-мейді; май мен овоштардың жайы да солай; бүкіл семья бір немесе екі үйшікте тығылып отырады, бұларда ер балалары мен қыздары бірге ұйықтайды, екінің бірінде бір ғана салом төсекте ұйықтайды; олар киімнен, көйлек-көншектен, тазалық сақтау шараларынан үнем жасайды: мейрам-сауықтарға бармайды, қысқасы — нағыз ауыр мұқтаждыққа көнеді. Жұ-мысшы осындай өте ауыр жағдайға жеткеннен кейін, тіршілік заттары баға-сының сәл ғана артуы жұмыста қандай да болсын бөгет болуы, ауру-сыр-қау жұмысшының қайыршылығын ұлғайтып, оны толық күйзеліске жеткізеді. Борыштары өседі, кредит ала алмайды, киім-кешек пен ең қа-жетті мебельдері ломбардқа салынады, сөйтіп мұның бәрі семьяның өзін кедейлер тізіміне енгізуді өтінумен аяқталады»¹³⁷⁾.

Шындығында да, осынау «капиталистер жұмағында» аса қажетті тіршілік заттары бағасының сәл ғана өзгеруі өлім-жітім мен кылмыс жасаушылық санын өзгертіп отырады («ка-раңыз: «Manifest der Maatschappij De Vlamingen Vooruit! Brus- sel, 1860», р. 12). Бүкіл Бельгияда 930 000 семья бар. Оның ішінде, ресми статистика бойынша: 90 000 бай семья (сайлау-шылар) — бұлар 450 000 адам; 390 000 семья қалалық және деревнялық ұсақ буржуазия; мұның едәуір бөлегі үнемі про-летариаттың қатарына көшіп отырады — бұлар 1 950 000 адам; ақырында, 450 000 жұмысшы семьялары — барлығы 2 250 000 адам, бұлардың ішінен үлгілі семьялар Дюкпесьюның суретте-ген бақытын көріп рақаттанады. 450 000 жұмысшы семьялары-ның ішінен 200 000-нан астамы кедейлер тізіміндегі семьялар!

е) БРИТАНИЯНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ПРОЛЕТАРИАТЫ

Капиталистік өндіріс пен қорланудың антагонистік сипаты ағылшын ауыл шаруашылығының (бұған мал шаруашылығын

¹³⁷⁾ *Discrètaux*, цитат алынған шығарманың, 151, 154, 155-беттері.

да қосқанда) прогресіндегідей және ағылшын ауыл шаруашылық жұмысшыларының регресіндегідей соншама тұрпайы формада басқа еш жерде байқалмайды. Оның кәзіргі жағдайына көшпестен бұрын, өткенге бір көз жіберіп өтелік. Жер меншігі катынастарындағы төңкеріс айтарлықтай ерте кездегі уақытта болғанымен, Англиядағы кәзіргі кездегі егіншілік XVIII ғасырдың орта кезінен басталады; өндіріс әдісінің өзгерісі өз негізінен шыққандай болып осы төңкерістен туған болатын.

Егер біз дәлме-дәл бақылаушы, бірақ үстірт ойлаушы Артур Юнгтің еңбектерін қарап, одан 1771 жылғы ауыл шаруашылық жұмысшылары жөніндегі мәліметтерді алатын болсақ, онда олар өздерінен бұрын XIV ғасырдың аяғында өткен, «молшылық ортасында өмір сүріп, байлық жиіай алған»¹³⁸⁾ жұмысшылармен салыстырғанда өте аянышты ролде болып шығады; біз бұл арада XV ғасыр туралы, «қаладағы және деревнядағы ағылшын жұмысшыларының алтын ғасыры» туралы мүлде айтып та отырғанымыз жоқ. Алайда бізге онша әрілеп кейін оралудың қажеті жоқ. 1777 жылғы бір өте мазмұнды еңбектен біз мынаны оқимыз:

«Ірі фермер джентельменнің дәрежесіне дейін дерлік көтерілді, ал кедей ауыл шаруашылық жұмысшысы жермен жексен болып жанышталып отыр. Егер оның кәзіргі кездегі және бұдан 40 жыл бұрынғы тұрмыс жағдайларын салыстырып қарасақ, оның бақытсыздық жағдайы толық айқын көрінеді. Жұмысшыны езу үшін жер меншікшісі мен фермер қоян-қолтықтаса әрекет етіп отыр»¹³⁹⁾.

Мұнан кейін автор реалды жалақының деревняда 1737 жылдан 1777 жылға дейінгі дәуір ішінде $\frac{1}{4}$ дерлік, яки 25% кемігенін толық баяндап көрсетеді.

«Кәзіргі заманғы саясат» — дейді осымен қатар д-р Ричард Прейс,— «халықтың жоғарғы таптарына қамқоршылық жасайды; мұның нәтижесінде, ерте болсын, не кеш болсын, корольдіктің барлық халқы тек джентельмендер мен қайыршылардан, аксүйектер мен құлдардан ғана құралатын болады»¹⁴⁰⁾.

Солай бола тұрса да Англияның ауыл шаруашылық жұмысшысының 1770—1780 жылдардағы жағдайы, оның тамақ-

¹³⁸⁾ James E. Th. Rogers (Prof. of Polit. Econ. in the University of Oxford). «A History of Agriculture and Prices in England». Oxford, 1866, v. 1, p. 690. Бұл шығарма — мұқиятты еңбектің нәтижесі — осы уақытқа дейін екі том болып шықты, әзірге тек 1258—1400 жылдардағы дәуірді қамтиды. Екінші томда тек статистикалық материал ғана бар. Мұның өзін — бағалардың деректемелерге негізделген тұңғыш тарихы, сол дәуір жөнінде бізде бар тарих осы.

¹³⁹⁾ «Reasons for the late Increase of the Poor-Rates; or, a comparative view of the price of labour and provisions». London, 1777, p. 5. 11.

¹⁴⁰⁾ Dr. Richard Price. «Observations on Reversionary Payments», 6-шы басылуы, By W. Morgan. London, 1803, v. II, p. 158. 159-бетте Прайс былай дейді: «Жұмыс күнінің номинальды бағасы кәзіргі кезде оның 1514 жылғы номинальды бағасынан көп дегенде төрт есе немесе, ең көп дегенде, бес есе артық болады. Ал нанның бағасы кәзір жеті есе, ст пен киімнің бағасы онбес есе жоғары. Сонымен, еңбек бағасы тіршілік құшаның өсуіне соншама сәйкессіз түрде артып отыр, сондықтан кәзір ол осы құн жөнінде бұрынғысының жартысы да болмайтын болу керек.

тануы мен тұрғын үйінің жағдайы жағынан да, сондай-ақ сана-сезімі, көңіл көтеруі, т. б. жағынан да, кейін ешуақытта қол жетпеген идеал болып табылады. Оның орташа жалақысы, бидай пинтімен көрсеткенде, 1770—1771 жылдары 90 пинт, Иденнің кезінде (1797 ж.) 65 пинт қана, 1808 ж. небәрі 60 пинт болды ¹⁴¹⁾.

Жер аристократтары, фермерлер, фабриканттар, көпестер, банкирлер биржа рыцарлары, армияға азық-түлік жетістірушілер және т. т. өлшеусіз байып алған антиякобиндік соғыстың аяқ кезінде ауыл шаруашылық жұмысшыларының жағдайы қандай болғанын біз жоғарыда айтып өткенбіз. Номинальды жалақы шінара банкноттардың құнсыздануы салдарынан, шінара оған байланыссыз түрде ең қажетті заттар бағасының өсуі салдарынан артып отырды. Бірақ жалақының шын өзгерісін, бұл арада керексіз болатын егжей-тегжейлерге бармай-ақ, өте жәй әдіспен анықтауға болады. Кедейлер туралы заң және оны іс жүзіне асырушы администрация 1795 және 1814 жылдары сол бәз-баяғы бір нәрсе болды. Бұл заңның деревняда қалай қолданылғанын еске түсірелік: қауым садақа түрінде номинальды жалақыны жұмысшының өйтіп-бүйтіп күн көруі үшін ғана қажетті номинальды сомаға дейін жеткізіп толықтырып отырды. Фермер беретін жалақы мен оның қауым толықтырып отыратын кемшін жетімсіздігінің арасындағы қатынас бізге, біріншіден, жалақы өзінің минимумынан да әрі төмендеп кеткенін және екіншіден, ауылшаруашылық жұмысшының жалдама жұмысшы мен пауперден құралуының проценттік қатынасын немесе оны қаншалық дәрежеде өз қауымының крепостнойна айналдырып үлгіргендігінің дәрежесін көрсетеді. Біз бір графтыққа тоқталып өтеміз, мұндағы жағдай басқа графтықтардың бәріне де дағдылы жағдай болып табылады. 1795 жылы апталық орташа жалақы Нортгемтонширде 7 шиллинг 6 пенни; 6 адамы бар семьяның жылдық шығындарының жалпы сомасы 36 фунт стерлинг 12 шиллинг 5 пенни, семья табыстарының жалпы сомасы 29 фунт стерлинг 18 шиллинг, қауым толықтыратын кемшіні 6 фунт стерлинг 14 шиллинг 5 пенни болды. Сол графтықта 1814 жылы апталық жалақы 12 шиллинг 2 пенни, 5 адамы бар семьяның жылдық шығындарының жалпы сомасы 54 фунт стерлинг 18 шиллинг 4 пенни, семья табыстарының жалпы сомасы 36 фунт стерлинг 2 шиллинг, қауым толықтыратын кемшіні 18 фунт стерлинг 16 шиллинг 4 пенни болды ¹⁴²⁾. Демек, 1795 жылы жалақы кемшіні жалақының $\frac{1}{4}$ -інен кемірек, 1814 жылы жартысынан

¹⁴¹⁾ Barton, цитат алынған шығарманың 26-беті. XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі жағдай туралы Eden. «The State of the Poor», деген кітапты қараңыз.

¹⁴²⁾ Parry. «The Question of the Necessity of the Existing Corn Laws». London, 1816, p. 86.

артығырақ болды. Иденнің ауылшаруашылық жұмысшысының қоттеджінен көрген шамалы қолайлылықтарының өзі де мұндай жағдайларда 1814 жылға қарай жойылып кеткені өз-өзінен түсінікті¹⁴³⁾. Фермердің ұстап отырған барлық хайуандарының ішінен жұмысшы, *instumentum vocale* [сөйлейтін құрал], осы кезден бастап оның бәрінен де көп қинайтыны, бәрінен де жаман асырайтыны және бәрінен де қатаң қарайтыны болып шығады.

Осындай жағдай

«1830 жылдың қаулаған бүліктері бізге» (яғни үстем таптарға) «лаулап жанған астық майларының жарығында: егіншілікті Англияның қойнауларында, өнеркәсіпті Англияның қойнауларындағыдай, нақ сондай қайыршылық барын және нақ сондағыдай дүлей бүлікшіл наразылық барын көрсеткен»¹⁴⁴⁾.

кезге дейін жайбарақат сақталып келген.

Садлер сол кезде қауымдар палатасында ауыл шаруашылық жұмысшыларына «ақ құлдар» («white slaves») деген ат тақты, бір епископ жоғарғы палатада осы анықтаманы қайталап айтты. Сол дәуірдегі ауызға аларық экономист Э. Г. Уэйкфилд былай дейді:

«Оңтүстік Англияның ауылшаруашылық жұмысшысы құл да емес, ерікті адам да емес, ол — паупер»¹⁴⁵⁾.

Астық заңдарын жоюдың тікелей алдында өткен кезең ауылшаруашылық жұмысшыларының жағдайын бұдан да айқын көрсетті. Бір жағынан, қорғау баж салықтарының нағыз астық өндірушілерді қаншалықты аз қорғайтынын көрсету буржуазиялық үгітшілердің мақсаты болды. Екінші жағынан, өнеркәсіп буржуазиясы жер аристократтарының фабрикалардағы жағдайларды әшкерелеуіне, осы бақайшағына дейін бұзылған, тасбауыр, маңғаз сандалбайлардың фабрика жұмысшысының азабына бейне жаны ашығансып отырғанына, олардың фабрикалық заңдарға деген «дипломатиялық ынталылығына» қатты ыза болды. Егер екі ұры жағаласып бірінің шашын бірі жұлса, одан әрқашан әйтеуір бір пайда түседі дейтін ескі ағылшын мәтелі бар. Шындығында да үстем таптың екі фракциясының арасында: біздің қайсымыз жұмысшыларды мейлінше арсыздықпен қанап отырмыз, деген мәселе жөніндегі қызу талас ақиқатты анықтауға оңнан да, солдан да көмектесті. Граф Шефтсбери, басқаша айтқанда лорд Эшли, фабрикаларға қарсы аристократтық-филантроптық жорықтың басшысы болды. Сондықтан 1844—1845 жылдары ол ауыл шаруашы-

¹⁴³⁾ Parry. «The Question of the Necessity of the Existing Corn Laws». London... 1816, p. 213.

¹⁴⁴⁾ S. Laing, цитат алынған шығарманың 62-беті.

¹⁴⁵⁾ «England and America». London, 1833, v. I, p. 47.

лық жұмысшыларының жағдайы жөніндегі әшкерелеулерінде «Morning Chronicle» үшін ұнамды объект болып алды. Сол кезде ең көрнекті либералдық орган болған бұл газет селолық округтарға өз комиссарларын жіберді, бұлар жалпы суреттеулер мен статистикаға қанағаттанбай, зерттеуге алынған жұмысшы семьяларының да, сондай-ақ тиісті жериелерінің де есімдерін жариялап отырды. Төмендегі кестеде¹⁴⁶⁾ Блэнфордпен, Уимборнмен және Паулмен іргелес жатқан үш деревня халқының алатын жалақысы келтіріліп отыр.

Балалар саны		Семья мүшелерінің саны		Еркектердің алғалық жалақысы		Балалардың алғалық жалақысы		Бүкіл семьяның алғалық табысы		Алғалық пәтер ақы		Пәтер ақыны алып тастағанда, берілік алғалық табыс		Жан басына келетін алғалық табыс	
		ш. п.		шилл. пен.		ш. п.		ш. п.		ш. п.		ш. п.		шилл. пенни	
<i>Бірінші деревня.</i>															
2	4	8	0	—	—	8	0	2	0	6	0	1	6		
3	5	8	0	—	—	8	0	1	6	6	6	1	3 ¹ / ₂		
2	4	8	0	—	—	8	0	1	0	7	0	1	9		
2	4	8	0	—	—	8	0	1	0	7	0	1	9		
6	8	7	0	1) 1	6	10	6	2	0	8	6	1	3 ³ / ₄		
				2) 2											
3	5	7	0	—	—	7	0	1	—	5	8	1	1 ¹ / ₂		
<i>Екінші деревня</i>															
6	8	7	0	1) 1	6	10	0	1	6	8	6	1	3 ³ / ₄		
				2) 1	6										
7	8	7	0	—	—	7	0	1	3 ¹ / ₂	5	8 ¹ / ₂	0	8 ¹ / ₂		
8	10	7	0	—	—	7	0	1	3 ¹ / ₂	5	8 ¹ / ₂	0	7		
4	6	7	0	—	—	7	0	1	6 ¹ / ₂	5	5 ¹ / ₂	0	11		
3	5	7	0	—	—	7	0	1	6 ¹ / ₂	5	5 ¹ / ₂	1	1		
<i>Үшінші деревня</i>															
4	6	7	0	—	—	7	0	1	0	6	0	1	0		
3	5	7	0	1) 2	—	11	6	0	10	10	8	2	1 ³ / ₅		
				2) 2	6										
0	2	5	0	—	—	5	0	1	0	4	0	2	0		

¹⁴⁶⁾ Лондон «Economist»-і, 29 март, 1845 ж., 290-бет.

Бұл деревнялар — Дж. Банкс мырза мен граф Шефтсбери-дің меншігі. Айта кету керек, «Low Church»¹⁸⁶-тің бұл папасы, ағылшын пиетистерінің бұл басшысы, өзінің серігі Банкс сияқты, тұрғын үй ақысы деген сылтаумен өз жұмысшыларының қайыршылық табыстарының тағы да едәуір бөлегін өз қалталарына түсіріп отырған.

Астық заңдарының жойылуы Англияның ауыл шаруашылығына үлкен түрткі берді. Өте зор көлемде жүргізілген дренаж жұмыстары¹⁴⁷⁾, малды қолда бағу мен мал азығы шөптерін қолдан егіп өсірудің жаңа системасы, түк сеялқаларын қолдану, сазды жерді ұқсатудың жаңа тәсілдері, минералды тыңайтқыштарды көп қолдану, бу машинасын және басқа да әртүрлі жаңа жұмыс машиналарын, т. т. қолдану, жалпы алғанда неғұрлым интенсивті дақылдар — бұл заманды сипаттайтын нәрселер міне осылар. Корольдік егіншілік қоғамының президенті Пьюзи мырза жаңа машиналарды енгізудің арқасында (относительді) шаруашылық шығындары екі есеге жуық кеміді дейді. Екінші жағынан, жерден түскен абсолютті өнім тез көбейді. Жаңа әдістердің негізгі шарты — бір акр жерге капиталды көп жұмсау, демек, фермерлерді тездете шоғырландыру болды¹⁴⁸⁾. Сонымен қатар, үй қояны үшін жасалған қоршаулар мен құнарсыз мал жайылымдарынан сиқырдың істегеніндей бай астық өңірлеріне айналған шығыс графтықтарындағы орасан көп жерлерді айтпағанның өзінде, өңделген егістік жер 1846 жылдан 1865 жылға дейін 464 119 акр ұлғайды. Біз мұнымен бірге ауыл шаруашылығында істейтін адамдардың жалпы санының кеміп кеткенін де білеміз.. Ал ер-әйел және әртүрлі жастағы егіншілердің өздеріне келетін болсақ, онда олардың саны 1851 жылғы 1 241 269 адамнан 1861 жылы 1 163 227 адамға дейін кеміді¹⁴⁹⁾. Сондықтан, егер Англияның бас регистраторы¹⁸⁷⁾:

«Фермерлер мен ауыл шаруашылық жұмысшылары санының 1801 жылдан бастап өсуі егіншілік өнімнің көбеюімен ешқандай сәйкеспейді»¹⁵⁰⁾.

¹⁴⁷⁾ Егіншілік аристократиясы бұл мақсат үшін мемлекеттік қассада, өзіне өзі қарыз береді, бергенде әрине, парламент арқылы, фермерлердің оған екі есе етіп төлеуге тиісті процентін өте төмен қылып береді.

¹⁴⁸⁾ **Орташа фермерлер санының кемігенін** әсіресе санақ рубрикаларынан байқауға болады: «Фермерлердің балалары, немерелері, аға-інілері, жиендері, қыздары, немере қыздары, апа-қарындастары, жиен қыздары», қысқасынан айтқанда — фермердің өзінде істейтін өзінің семья мүшелері. Бұл рубрикалар бойынша 1851 жылы 216 851 адам, 1861 жылы 176 151 ғана адам болды.—1851 жылдан 1871 жылға дейін көлемі 20 акрдан кем келетін арендадардың саны 900-ден көбірек кеміді, 50-ден 75-акрге дейін келетін арендадар саны 8 253-тен 6 370-ке дейін кеміді; 100 акрден кем арендадардың бәрінің жайы да осындай болды. Мұның керісінше, сол 20 жылдың ішінде ірі арендадардың саны өсті; 300-ден 500 акрге дейінгі арендадардың саны 7 771-ден 8 410-ға дейін көбейді, 500 акрден астам келетін арендадардың саны —2 755-тен 3 194-ке дейін, 1 000 акрден жоғары арендадардың саны — 492-ден 582-ге дейін көбейді.

¹⁴⁹⁾ Қойшылардың саны 12 517-ден 25 559-ға дейін өсті.

¹⁵⁰⁾ «Census etc.», v. III, p. 36.

деп әділ айтып отырған болса, онда бұл сәйкессіздік селолық жұмысшы халықтың абсолютті кемуі ұқсатылатын жер көлемінің өсуімен, дақылдардың интенсивтенуімен, жерге және оны өңдейтін құралдарға жұмсалатын капиталдың құлақ естіп көрмеген дәрежеде қорлануымен, ағылшын агрономиясының тарихында теңдесі жоқ дәрежеде жер өнімінің көбейуімен, жер меншікшілері рентасының өте-мөте тез өсуімен, капиталист арендаторлар байлығының өсуімен қоян-қолтық қоса қабат жүрген соңғы дәуірде өлшеусіз зор дәрежеде байқалып отыр. Егер мұның бәріне тағы қалалық зат өткізу рыноктарының үздіксіз тез ұлғаюы мен еркін сауда үстемдігін әкеліп қосатын болсақ, онда ауыл шаруашылық жұмысшысы *post tot discrimina rerum* [соншама көп қырсықтардан кейін], ақырында, *secundum artem* [теория бойынша] оны соншама бақытты етуге тиісті жағдайларға қойылған сияқты болып шығады.

Профессор Роджерс, мұның керісінше, біздің заманымыздағы ауыл шаруашылық жұмысшысының жағдайы оның өзінен бұрын XIV ғасырдың соңғы жартысы мен XV ғасырда өткен жұмысшылардың жағдайымен салыстырғанда ғана емес, тіпті 1770—1780 жылдардағы дәуірде өткен жұмысшылардың жағдайымен салыстырғанда да өте-мөте нашарлап кетті, «ол тағы да крепостной болды», атап айтқанда нашар тамақ пен нашар тұрғын үй алып отырған крепостной болды деген қорытындыға келеді¹⁵¹⁾. Д-р Джулиан Хантер ауыл шаруашылығы жұмысшыларының тұрғын үйлері жайындағы өзінің аса тамаша есебінде былай дейді:

«Хайндың» (крепостнойлық тәуелділік заманына жататын ауыл шаруашылық жұмысшысының аты) «тіршілік ету шығындары оның тек күн-көресі мүмкін болатындай ең төмен дәрежеде көрсетілген... Оның жалақысы мен тұрғын үйі одан сығып алынуға тиісті пайда мен салыстырғанда түкке тұрмайды десе болғандай. Ол — фермердің есептерінде ноль ғана¹⁵²⁾. Оның тіршілік заттары әрқашан тұрақты шама деп қаралады»¹⁵³⁾. «Оның табысының одан әрі қысқара беретіндігіне келетін болсақ, онда ол: *nihil habeo, nihil curo* (ештеңем жоқ, ештеңе туралы ойламаймын да) дей алады. Ол келешегін ойлап қорықпайды, өйткені онда өзінің тіршілік етуіне аса қажетті нәрседен басқа ештеңе де жоқ. Ол өлу шегіне жеткен, сондықтан фермердің барлық есептері осы фактіге сүйеніп жасалады. Бақыт бола ма әлде бақытсыздық бола ма, не болса о болсын, оның мұнда жұмысы жоқ»¹⁵⁴⁾.

Жер аударуға және еріксіз қоғамдық жұмыстар атқаруға кесілген қылмыстылардың тамақ жағдайы мен жұмыс жағдай-

¹⁵¹⁾ Rogers, цитат алынған шығарманың 693-беті. Роджерс либералдық мектепке жататын адам, ол Кобден мен Брайттың жан досы, демек, өсте де *laudator temporis acti* емес [жайырымды ескі заманды дәріптейтін адамдардың қатарынан емес]¹⁴⁸⁾.

¹⁵²⁾ «Public Health, 7 th Report». London, 1865, p. 242. Сондықтан жұмысшының біраз көбірек табыс таба бастағанын естігенде үй иесінің пәтер ақыны арттыруында да, немесе фермер «жұмысшының зиялі жұмыс тауып алды» дегенге сүйеніп жұмысшының ақысын төмендеткенде де таңданарлық ешнәрсе жоқ» (бұл да сонда).

¹⁵³⁾ Бұл да сонда, 135-бет.

¹⁵⁴⁾ Бұл да сонда, 134-бет.

лары 1863 жылы ресми түрде зерттелді. Мұның нәтижелері екі қалың Көк кітапта баяндалды.

«Түрмеге қамалған ағылшын қылмыстыларының тамағын жұмыс үйіндегі пауперлердің тамағымен және нақ сол елдің ерікті ауыл шаруашылық жұмысшыларының тамағымен әбден мұқият салыстырып көру»,— делінген онда,— «булардың біріншілерінің тамақтануы қалған екі категорияның қайсысынан болса да анағұрлым жақсы екенін даусыз дәлелдеп береді»¹⁵⁵⁾, ал «еріксіз қоғамдық жұмыстар атқаруға кесілгендерден талап етілетін жұмыс мөлшері кәдімгі ауыл шаруашылық жұмысшының орындайтын жұмысының шамада жартысындай ғана болады»¹⁵⁶⁾.

Бірнеше сипатты куә жауаптарын келтірейік. Эдинбург түрмесінің директоры Джон Смиттен жауап алынады:

№ 5056: «Ағылшын түрмелеріндегі тамақ кәдімгі ауыл шаруашылық жұмысшыларының тамағынан анағұрлым жақсы». № 5057: «Шотландияның кәдімгі ауыл шаруашылық жұмысшыларының әйтеуір бір ет алуы өте сирек кездесетін факт». № 3047: «Кәдімгі ауыл шаруашылық жұмысшыларға қарағанда қылмыстыларды анағұрлым жақсы (much better) тамақтандыру қажеттігінің қандай дәлелі бар екенін айтып бере аласыз ба? — Әрине, жоқ». № 3048: «Еріксіз жұмыстар атқаруға кесілген тұтқындардың тамағын ерікті селолық жұмысшылардың тамағына жақындату үшін сіз бұдан былай да эксперименттер жасауды қолайлы деп есептейсіз бе?»¹⁵⁷⁾. «Ауыл шаруашылық жұмысшысы»,— делінген онда: — «Мен аса ауыр еңбек істеймін және жеткілікті тамағым жоқ. Өзім түрмеде болған кезде жұмыс онша ауыр болмаған еді, ал тамақты тойын ішкен едім, сондықтан менің еркіндікте жүргенімнен түрмеде отырғаным жақсы, деген болар еді»¹⁵⁸⁾.

Есептің бірінші томына қоса берілген кестелерден төмендегі салыстырма ақпар жасалды.

Апталық тамақ мөлшері ^{158 а)}
(унция есебімен)

	Азотты құрамды бөлімдері	Азотсыз құрамды бөлімдері	Минералды құрамды бөлімдері	Жалпы жиыны
Портландия түрмесіндегі қылмысты адамдыкі	28,95	150,06	4,68	183,69
Король флоты матросыныкі	29,63	152,91	4,52	187,06
Солдаттікі	25,55	114,49	3,94	143,98
Күймешінікі (жұмысшы)	24,53	162,06	4,23	190,82
Әріп терушінікі	21,24	100,83	3,12	125,19
А ауыл шаруашылық жұмысшыныкі	17,73	118,06	3,29	139,08

¹⁵⁵⁾ «Report of the Commissioners... relating to Transportation and Penal Servitude». London, 1863, p. 42, № 50.

¹⁵⁶⁾ Бұл да сонда, 77-бет. Бас судья лордтың меморандумы.

¹⁵⁷⁾ Бұл да сонда, 11 том. Жауаптар [418, 239-беттер].

¹⁵⁸⁾ Бұл да сонда, 1 том. Қосымша, 280-бет.

^{158а)} Бұл да сонда, 274, 275-беттер.

1863 ж. медициналық комиссияның ең дәулетсіз таптардың тамақ жайын зерттеуінің жалпы нәтижесі оқушыға мәлім. Ауыл шаруашылық жұмысшылары семьяларының басым көпшілігінің тамағы «аштықтан болатын ауруға шалдықпау үшін» қажет минимумнан төмен екені оқушыға аян. Әсіресе таза егіншілікті Корнуэлл, Девон, Сомерсет, Уилтс, Стаффорд, Оксфорд, Беркс және Хартс округтарының бәрінде де істің жәйі осындай.

«Ауыл шаруашылық жұмысшысының ішетін тамағының мөлшері»,— дейді д-р Смит,— «орташа көрсеткіштерге қарап айтуға болатын мөлшерден гөрі көбірек, өйткені жұмысшының өзі өз семьясының басқа мүшелерінен гөрі тіршілік заттарын анағұрлым көп алып отырады, өйткені мұның өзі оның еңбек етуі үшін әбден қажет; неғұрлым кедей округтарда еттің немесе шошқа майының бәрі дерлік жұмысшының үлесіне тиеді. Әйелнің сондай-ақ шапшаң өсу дәуіріндегі балаларының үлесіне тиетін тамақтың мөлшері көп реттерде және барлық графтықтарда дерлік жеткіліксіз, әсіресе азоттылығы жағынан жеткіліксіз»¹⁵⁹).

Фермерлердің өз үйлерінде тұратын батрақтар мен жұмысшы әйелдер жақсы тамақтанады. Олардың саны 1851 жылғы 288 277-ден 1861 жылы 204 962-ге дейін кеміді.

«Әйелдердің егіс басында атқаратын еңбегі»—дейді д-р Смит,— «жалпы алғанда қандай қолайсыздықтармен істелетін болса да, кәзіргі жағайларда семья үшін неғұрлым пайдалы, өйткені ол еңбек аяқ киім, киім-кешек алуға, үй жалдау ақысын төлеуге қосымша қаржы тауып береді, сөйтіп тәуірлеу тамақтануға мүмкіндік береді»¹⁶⁰).

Бұл зерттеудің аса тамаша нәтижелерінің бірі сол, бұл зерттеу Англияның ауыл шаруашылық жұмысшысының Біріккен корольдіктің басқа жерлеріндегі ауыл шаруашылық жұмысшыларынан әлдеқайда нашар тамақтанатындығын ашып берді («is considerably the worst fed»); мұны төмендегі кесте көрсетеді:

Бір ауыл шаруашылық жұмысшысының орта есеппен аптада тұтынатын көміртегі мен азоты ¹⁶¹⁾

	Көміртегі	Азот
Англия	40 673	1 594
Уэльс	48 354	2 031
Шотландия	48 980	2 348
Ирландия	43 366	2 434

¹⁵⁹⁾ «Public Health, 6th Report 1863», p. 238, 249, 261, 262.

¹⁶⁰⁾ Бұл да сонда, 262-бет.

¹⁶¹⁾ Бұл да сонда, 17-бет. Англияның ауылшаруашылық жұмысшысы Ирландияның ауылшаруашылық жұмысшысының алатын сүтінің $\frac{1}{4}$ -ін ғана және нанының $\frac{1}{2}$ -ін ғана алады. Өткен XIX ғасырдың бас кезінде-ақ Юнг өзінің «Tour in Ireland» деген еңбегінде Ирландия жұмысшысының тамақтану жайы жақсы екенін көрсеткен болатын. Мұның себебі мынада ғана: Ирландияның кедей фермерінің адамгершілігі Англияның бай фермерінен анағұрлым артық. Ал Уэльсті алатын болсақ, онда тексте келтіріліп

«Д-р Хантер есебінің әрбір беті»,— дейді д-р Саймон халық денсаулығы жайындағы өзінің ресми есебінде,— «біздің ауыл шаруашылық жұмысшыларымыздың тұрғын үйлерінің сан жағынан жеткіліксіздігін және сапа жағынан аянышты халде екенін көрсетеді. Міне көп жылдардан бермен олардың бұл жөніндегі күйі бірден-бірге нашарлап барады. Кәзір ауыл шаруашылық жұмысшыларының тұрғын үй табуы бұрынғыдан әлдеқайда қиындап кетті, ел егер таба қалатын болса, онда бұл үйлердің олардың керегіне сайма-сай келуі бірнеше ғасырлар бойындағысынан әлдеқайда кем соғады. Бұл қырсық әсіресе соңғы 20 немесе 30 жылдың ішінде тез өсіп барады, сондықтан село халқының тұрғын үй жағдайы кәзіргі кезде өте-өте күйінішті күйде. Егер тек село халқының еңбегі байытып отырған адамдар оларға белгілібір дәрежеде аяушылық көзбен қарауды қажет деп таппайтын болса, село халқы бұл жөнінде мүлде дәрменсіз. Жұмысшы өзінің ұқсатып отырған жерінде тұрғын үй таба ма, жоқ па, ол үй адам тұрарлық үй ме немесе шошқа қора бола ма, ол үйдің жанында кедейшілік езгінің жеңілдететін кішкене бақшасы бола ма, жоқ па,— міне мұның бәрі жұмысшының тиісті пәтер ақы төлеуге әзір екендігіне немесе соны төлей алатындығына байланысты емес, басқалардың «өз меншігін өз қалауынша пайдалана алу правосынан» туатын тұтынуына байланысты. Арен-

отырған мәліметтер оның оңтүстік-батыс бөліміне жатпайды. «Ондағы дәрігерлердің бәрі де туберкулезден, мысқылдан және т. б. өлудің өте тез өсуі халықтың денсаулық жағдайының нашарлауына байланысты екенін бірауыздан мойындайды және олардың бәрі де мұны кедейшіліктен болған деп біледі. Ауылшаруашылық жұмысшысының күндік тамағы онда 5 пенни деп белгіленеді, ал көптеген округтарда фермер» (өзі де өте кедей фермер) «бұдан да көм төлейді. Қызыл ағаштың қаттылығындай болып кескен және асқазанның бойға сіңіру жөніндегі қиын процесін ақтан жарымайтын бір кесек тұздалған сүр ет, немесе бір кесек шошқа майы үй мен жуадан жасалған көп быламыққа немесе сұлыдан жасалған көжеге қатық болады, міне бұл ауылшаруашылық жұмысшының күн сайынғы барлық түскі асы болып табылады... Өнеркәсіп процесінің оған берген нәтижесі мынау болды: қолдан тоқылған қалың шұғаның орнына осындай суық және дымқыл аяу райы жағдайында арзан мақта мата келді, ал неғұрлым күшті ішімдіктер — «құр» шаймен ауыстырылды... Суық жел мен жауын-шашын жағдайында көп сағаттар бойы жұмыс істегеннен кейін егінші шымтезектен немесе шөліті топырақ пен таскөмір қалдықтарынан жағылған, жанған кезінде көміртегі мен күкірт қышқылының қарақошқыл түтінін қапталтып жіберетін отқа жылыну үшін өз лашығына қайтып келеді. Лашығының қабырғалары балшықтан және тастан қаланған, едені — лашық салмастан бұрын жатқан жалаң жер, төбесі — еш нәрсемен бекітпей жаба салған саям. Санлауларының бәрін жылу шықпасын деп тығындап тастаған, міне осындай салқон ауада, лас жерде, ескінің бірінде өзінің үстіндегі жалғыз су киімін кептіре отырып, жұмысшы әйелімен және балаларымен бірге кешкі асын ішуге кіріседі. Түнің бір бөлегін осы лашықтарда өткізуге мәжбүр болған акушерлер аяқтарының лас жер еденге қалай батып кеткенін, аз да болса таза аяу жұту үшін қабырғадан — оп-онай — тесік жасап алуларына тура келгенін суреттейді. Әралуан көптеген куәлар жарып тамақ ішпейтін (underfed) шаруа тұн сайын осындай және басқа денсаулыққа зиянды әсерлерге ұшырайтынын айтады, ал мұның нәтижесінде қаусаған және мысқыл аурулы адам пайда болады деген дәлелдемелер әбден жеткілікті... Кармартеншир мен Кардиганширдегі қауым қызметшілерінің хабары да осындай жағдайларды көз жеткізе көрсетеді. Бұған келіп тағы бір үлкен пәле — идиотизмнің таралуы қосылады. Енді аяу жағдайлары жайында бірнеше сөз. Оңтүстік-батыстан тұратын күшті жел жылына 8—9 ай бойы бүкіл елді аралап өтеді, олармен қатар несер жауындар келеді, бұлар әсіресе қырқа-жоталардың батыс беткейлерінде күшті болады. Ағаш сирек, тек ықтасын жерлерде ғана кездеседі; ашық жерлерде оларды жел жұлып әкетеді. Лашықтар нендей бір тау кенерелеріне, көбінесе ойнат немесе тас қазылған жерлерге тығылып отырады; бұл жайлыларда тек ең ұсақ қойлар мен жергілікті сиырлар ғана күнкөре алады... Жас жігіттер Гламорган мен Монмуттың шығысындағы кең округтарына кетеді... Кармартеншир — кең қазушылардың шығатын жерлері және олардың мүгедектік үйі... Халық саны бұрынғы мөлшерінде әрең-әрең сақталып отырады. Мәселен, Кардиганширде:

	1851 ж.	1861 ж.
Еркектер	45 155	44 446
Әйелдер	52 459	52 955
	97 614	97 401 болды».

(Д-р Хантердің есебі, мынада: «Public Health. 7th Report 1864». London, 1865, p. 498—502, passim).

да участогі қандай үлкен болмасын, онда жұмысшыларға арналған белгілі бір мөлшерлі тұрғын үйлер болсын дейтін заң жоқ.— тәуір үйлер туралы айтын жатудың да қажеті жоқ; сондай-ақ заң жұмысшының еңбегі жауын мен күн жарығындай қажет болатын жер жөнінде де жұмысшыға ешқандай право бермейді... Тағы бір жағдай таразының жұмысшыға қарсы басына ауыр жүк тастайды... бұл — мекендеу правосы туралы ережелері және кедейлер пайдасына деген салығы бар, кедейлер жайындағы заңның әсері¹⁶²⁾. Осы заңның әсерімен әрбір қауым өз жерінде тұратын ауыл шаруашылық жұмысшыларының санын барынша азайтуға ақша жағынан күштар, өйткені егіншілік еңбек маңдай терін ағызып еңбек етіп жүрген жұмысшыға және оның семьясына сенімді де тұрақты тәуелсіз жағдайдың болуын қамтамасыз етудің орнына, бақытсыздыққа қарай, көпшілік жағдайларда, ерте болсын, кеш болсын жұмысшыны пауперизмге жеткізеді,— пауперизм болғанда бұған жұмысшы өзінің бүкіл өмірі бойында соншама жақын болатын, сондықтан қандай да болсын ауру-сырқау немесе жұмыстың уақытша болмай қалуы оны сол бойда дереу қауымнан көмек сұрауға мәжбүр ететін пауперизмге жеткізеді; сол себепті қауым жерінде ауыл шаруашылық жұмысшыларын әржерге таратып орналастыру, тегінде, әрбір ретте оған кедейлер пайдасы үшін салынатын салықты көбейтетін болу керек... Ірі жер меншікшілері¹⁶³⁾ біздің иеліктерімізде жұмысшылар үшін ешқандай тұрғын үй болмауға тиіс, деп ұйғарса-ақ болғаны,— олар өздерінің кедейлер жөніндегі жауапкерлігінің жартысынан дереу құтылады. Лендлордқа «өз меншігімен не тілесе, соны істеуге», жерді ұқсатушыларға шетелдіктер ретінде қарауға және оларды өз жерінен қуып жіберуге мүмкіндік беретін сөзсіз жер меншігін жасау ағылшын конституциясы мен заңдарының иіетіне қаншалықты енгеніне келетін болсақ,— мұның өзін талқылау менің міндетіме жатпайтын мәселе... Бұл қуып жіберу билігі — жалаң теория ғана емес. Ол практикада өте үлкен көлемде жүзеге асырылады. Мұның өзі ауыл шаруашылық жұмысшысының тұрғын үй жағдайларына шешуші әсерін тигізетін жағдайлардың бірі... Бұл қырсықтың көлемін соңғы санаққа қарап түсінуге болады, бұл санақ үй жөніндегі жергілікті керексінудің көбеюіне қарамастан, соңғы 10 жылдың ішінде үйлерді бұзу Англияның әртүрлі 821 округында күшейе түскенін көрсетті; сондықтан 1851 жылғыға қарағанда 1861 жылы $5\frac{1}{3}$ проц. көбейген халық $4\frac{1}{2}$ проц. азайған үйлерге апарып тығылды,— біз бұл жерде өздерінің жұмыс істеп жүрген қауымдарындағы отырықшылығынан еріксіз айырылған адамдарды мүлде былай қойып отырмыз... Елсіздендіру процесі аяқталған кезде — дейді д-р Хантер,— оның нәтижесі бір көрме деревня (showvillage) жасау болып табылады; мұнда коттедждер саны құлдырап кемиді, және мұнда қойшылардан, бақшашылардан, орманшылардан басқа — осындай тұрақты жалшылардан басқа ешкімнің тұруына рұқсат етілмейді; қайырымды мырзалар әдетте осындай категориядағы адамдарға жақсы қарайды¹⁶⁴⁾. Бірақ жер өндеуді керек етеді, ал біз мұнымен айналысатын жұ-

¹⁶²⁾ 1865 жылы бұл заң бірқатар жақсартылды. Бұл сияқты жамап-жасқаудың ешқандай жәрдемі болмайтындығын тәжірибе таяуда көрсетеді.

¹⁶³⁾ Мұны түсіну үшін: close villages (жабық деревнялар) деп жер меншікшілері бір немесе екі ірі лендлорд болып табылатын деревнялар аталады; open villages (ашық деревнялар) деп жері көптеген ұсақ меншікшілерге тиісігін деревнялар аталады. Дәл осы ашық деревняларда құрылысын жабдаттар коттедждер мен түнеп шығатын үйлер сала алады.

¹⁶⁴⁾ Мұндай бір көрме деревня өте көз тартарлықтай болады, бірақ ол Қырымға саяхаттап барған кезінде Екатерина II көрген деревнялардай, нақтылы емес деревня. Соңғы кезде бұл show-villages-тен қойшы да жиі қуылатын болып жүр. Мәселен, Маркет-Харборның маңында 500 акрдей қой жайылымы бар; мұнда небәрі бір адамның ғана еңбегі керек. Осы кең байтақ жазықтар арқылы,— Лестер мен Нортгемптонның тамаша жайылдары арқылы,— өтетін ұзақ жолды қысқарту үшін малшыға әдетте фермеден коттедж берілетін. Енді оған пәтер үшін онушінің шилдиг береді, ол пәтерді бір жырақтағы ашық деревнядан тауып алуына тура келеді.

мысшылардың жер меншікшілерінде тұрмай, одан, бәлкім, үш миллиард жерде тұратын ашық деревнядан келетінін, жұмысшылардың жабық деревнялардағы коттеждерін бұзып тастағаннан келіп оларды көптеген ұсақ үй қожайындары қабылдаған деревнядан келетінін көрсіз. Істің бәрі осындай нәтижеге жетуге бағытталған жерлерде коттеждер өздерінің ұсқынсыз түрімен әдетте олардың ұшырауға тиісті болатын тағдырын көрсетеді. Олар табиғи бұзылудың әртүрлі сатыларында тұрады. Төбесі бүтін тұрған кезінде жұмысшының пәтер ақы төлеуіне мүмкіндік береді және бұған мүмкіндік бергені үшін,— оған жақсы тұрғын үйге төленетіндей ақы төлеп отырғанына қарамастан,— жұмысшы көбінесе қуанышта болады. Бірақ бұл үйлерге, қайыршылық тұрмыстағы үй жалдаушының өзінің істей алатынынан басқа, ешқандай жөнделу, ешқандай жақсарту жасалмайды. Ал бұл үй, ақырында, адам тұру үшін мүлде жарамсыз болып қалған кезде, мұның өзі бұзылған бір коттеждің көбейгенін, ал кедейлер пайдасына төленетін салықтың соған сәйкес азайғанын ғана көрсетеді. Ірі меншікшілер осылайша өз жерлерінен халықты ығыстырып, кедейлер үшін төлейтін салығынан құтылып жатқан кезде, қуып шығарылған жұмысшылар таяудағы кішкене қалаларға немесе ашық деревняларға барып орналасады; мен таяудағы деп отырмын, бірақ бұл «таяудағылар» дегеніміз жұмысшының күнбе-күн келіп жұмыс істеуге тиіс фермасынан 3—4 миллиард жерде болуы мүмкін. Сонымен, оның күндік еңбегіне,— түк емес нәрсе сияқты болып,— күнделік нанын табу үшін күн сайын 6—8 миля жер жүру қажеттігі келін қосылады. Жұмысшының әйелі мен балалары істейтін селолық жұмыстардың бәрі де көзін осындай ауыр жағдайларда істеледі. Ал жұмыс орнынан алыс тұрудан туатын қырсықтың бәрі бұл ғана емес. Ашық деревняларда құрылысшы жалдаптар алақандай жерді сатып алады да бұларды нағыз арзан лашықтармен лық толтыруға тырысады. Егер тіпті бұл лашықтар ашық алаңда салынғанның өзінде де, бұларда қаланың жаман үйлерінің барып тұрған жириеністі белгілерінің бәрі болады, міне осындай ұсқынсыз үйлерде Англияның ауыл шаруашылық жұмысшылары тұрады...¹⁶⁵ Екінші жағынан, тіпті өздерінің ұқсатып жатқан жерлерінде тұратын жұмысшы ол жерден өзінің өнімді еңбекке толы өміріне лайық үй тауып алады екен деп әсте де ойлауға болмайды. Тіпті князь иеліктерінде де жұмысшы коттеждері көбінесе нағыз сұрықсыз күйде болады. Жұмысшылар мен олардың семьялары үшін атқора да жеткілікті жақсы үй болады деп білетін, ал осындай қора-жайларды жалдағаны үшін мүмкіндігінше көп ақша алудан

¹⁶⁵ «Жұмысшылардың үйлері» (әрине, әрқанан лық толы болатын ашық деревнялардағы үйлер). «әдетте сырт жағын құрылысшы жалдап өзімдікі деп атайтын алақандай жердің шетіне тигізе қатар-қатар салынады. Сондықтан жарық пен ауа ол үйлерге тек алындығы жарынан ғана келеді» (д-р Хантердің «Public Health. 7th Report. 1864»-тегі есебі. London, 1865, p. 135). Селода тұратын сырақана несі немесе дүкенші де екінің бірінде үй жалдаумен де айналысады. Мұндай жағдайларда ауылшаруашылық жұмысшысының фермермен қатар екінші қожайыны пайда болады. Мұнымен бірге жұмысшы оның сатып алушысы да болуға тиіс. «Аптасына 10 шиллинг ала отырып, оның 4 фунт стерлингісін жылына пәтер ақыға төлеп, жұмысшы дүкеншінің өз еркімен тағайындаған бағалары бойынша шәй, қант, ұн, сабын, май шам және сыра сатып алып отыруға міндетті» (бұл да сонда, 132-бет). Бұл ашық деревнялар шындығында ағылшын ауыл шаруашылық пролетариатының «түзеу колониялары» болып табылады. Коттеждердің көбі нағыз түнеп шығатын үйлер, төңректегі қаңғырлардың бәрі осы үйлерге соқпай өтпейді. Осындай өге жириеністі жағдайлардың ішінде көбіне ғажайып таңғаларлықтай тазалық пен адалдығын сақтайтын егінші мен оның семьясы мұнда сөзсіз өлімге ұшырап жатады. Әңгіме құрылысшы жалдаптар, ұсақ меншікшілер мен ашық деревнялар туралы болғанда зәлімдікпен тандана қарап шығын көтеру әйгілі Шейллоктардың арасында модаға айналды. Әлбетте, олардың «жабық деревнялары мен бір көрме деревнялары» — «ашық деревнялардың» шыққан жері екенін және соңғыларысы біріншілердің өмір сүре алмайтыны оларға әбден мәлім. «Ашық деревнялардың ұсақ меншікшілері болмаса, ауылшаруашылық жұмысшыларының көбісі өздері жұмыс істеп жүрген именселеріндегі ағаштардың түбіне жатып ұйықтауына тура келген болар еді» (бұл да сонда 133-бет). «Ашық» және «жабық» деревнялар системасы бүкіл орталық және шығыс Англияда өте күшті.

жерімейтін лендлордтар да бар¹⁶⁶). Мұның өзі мүлдем қауіп тұлған, ұйықтайтын бір үйшігі ғана бар, пеші жоқ, дәретханасы жоқ, ашпалы терезелері жоқ, егер әйтеуір бір жыраның ағып жатқанын есептемесек, сүмен қамтамасыз етілмейтін, бақшасы жоқ лашық болатын болса да,— жұмысшы мұндай сорақылыққа қарсы ешнәрсе істей алмайды. Ал біздің санитариялық-полициялық заңдарымыз (The Nuisances Removal Acts) өлі әріп болып қала береді. Бұл заңдарды жүзеге асыру осындай үңгірлерді жалға беретін меншікшілердің өздеріне жүктелген... Өте сирек реттерде ғана болатын неғұрлым жақсы жағдайлардың көзімізді шағылыстырып, жалпы әдет болып кеткен және ағылшын цивилизациясының маскара таңбасы болып табылатын фактілерді бізден бүркемелеуіне жол бермеу керек. Шынында, егер кәзіргі тұрғын үйлердің керемет нашарлығы айқын екеніне қарамастан, істің жайын білетін байқаушылар тұрғын үйлер жайының тіпті барлық жерде бірдей жаман болып отырғандығы үйлердің таза сан жағынан жетіспеушілігінен гөрі анағұрлым жеңіл қырсық деген қорытындыға бірауыздан келіп отырса, онда істің жағдайының орасан жаман болып отырғандығы. Міне көптеген жылдардан бері село жұмысшылары үйлерінің лық толылығы денсаулық қамын ойлайтын адамдарды ғана емес, сонымен қатар жалпы жөні түзу және адамгершілікті тұрмыстың болуын жақтайтын адамдардың бәрін де қатты алаңдатып отыр. Шынында да, селолық округтарда жұқпалы аурудың таралуы жайындағы есептердің авторлары: біліне бастаған жұқпалы аурудың таралуын тоқтату жөніндегі барлық әрекеттерді мүлде зая кетіріп отырған себеп — жұмысшы үйлерінің лық толылығы дегенді мүлдем бір сарынды, стереотипке айналған сөздермен қайта-қайта қоймай айтып жүр. Деревия өмірінің көп реттерде денсаулыққа қолайлы келетініне қарамастан, жұқпалы аурулардың жайылуын соншама күшті тездетіп отырған халық тығыздығы жұқпалы емес аурулардың да шығуына себепші болатыны да қайта-қайта көрсетіліп отыр. Мұндай жағдайды ашып отырған адамдар бұдан былайғы апаттар туралы да айтпай қалып отырған жоқ. Олар алғашқыда тек қана денсаулықты қорғау ісімен шұғылданған реттердің өзінде де, олар амалсыздан мәселенің тағы бір жағына соқпай кете алмады. Ер, әйел ересек адамдардың, әйелі барлар да, әйелі жоқтар да, көбінесе тар бөлмелерде қабаттасып (huddled) жататын жағдайлары көп кездестінін көрсете келіп, олардың есептері: суреттеліп отырған жағдайларда ұят және әдептілік сезімдері нағыз дөрекі түрде бұзылады және адамгершілік сөзсіз дерлік бұзылады деген сенімге келтіруге тиісті болды¹⁶⁷). Мәселен, менің соңғы есебіме

¹⁶⁶) «Үйді жалға беретін адам» (фермер немесе лендлорд) «өзі аптасына 10 шиллинг төлейтін адамының, ал кейін ашық рынокта сатқан кезде 20 фунт стерлинг де тұрмайтын, бірақ солай бола тұрса да, өзінің қолдан жасаған бағасы меншікшінің: «Менің үйімді ал немесе көр жерімді жиып ал да кет және сен жөніндегі менің пікірімді алмайынша басқа бір баспана тауып көр...» дегуе құдыреттілігіне ғана сақталып тұрған үй үшін алғі кедейден жылына 4 немесе 5 фунт стерлинг пәтер ақы деп қайтып алатын адамының сүбегімен тікелей немесе жанама түрде баиды... Егер бұл адам өз жағдайын жақсартқысы келетін болса, сөйтіп темір жолға барып рельс төсейтін немесе тас сындыру жұмысына кіретін болса, дәл жағарыдай өктемдік оның қыр соңынан сүбір қалмайды: «Маған осындай төмен ақыға қызмег істе немесе бір апта бұрын өскертілгеннен кейін кет; бар болса шошқанды ала кет, ал содан кейін сенің бақшанда өсіп тұрған картобыңнан не алатынанды көрерміз» дейді. Егер меншікшінің өз мүддесі оған басқа бір шараларды істеуге бұйыратын болса, онда ол» (немесе фермер) «мұндай жағдайларда жұмысшының жұмыстан кетіп қалғаны үшін берілген жаза ретінде екінің бірінде пәтер ақыны арттыруды дұрыс көреді» (Д-р Хантер, бұл да сонда, 132-бет).

¹⁶⁷) «Жаңадан қосылған жұбайлар сол бөлмеде жататын ересек ара-інілері мен апа-қарындастарына ышқандай өнеге болып табымайды; мұндай мысалдар тіркеліп отырмайтын болса да, алайда, үлкен азап көріп, көбінесе өліп кетушілік қан араластыру қылмысын жасаған әйелдердің басына түсетінін көрсететін мәліметтер жеткілікті» (д-р Хантер, бұл да сонда, 137-бет). Бұрын Лондонның ең жаман кварталдарында көптеген жылдар бойы тыңшы болып істеген бір селолық полиция чиновнигі өз дервнясының қыздары туралы былай дейді: «Жас басынан мұндай дөрекі әдепсіздік

берілген қосымшада д-р Орд өзінің Уингеде (Бакингемишпирде) сүзектің жабылуы туралы берген хабарында ол жерге Уингрейвтен сүзекпен ауырған бір жас жігіттің келгені туралы айтады. Алғаш ауырған күндерінде ол басқа 9 адаммен бірге бір бөлмеде жатқан. Екі аптаның ішінде бұлардың да кейбіреулері ауырған. Бірнеше аптаның ішінде 9 адамның 5-і сүзекпен ауырып, біреуі өлген! Сонымен қатар эпидемия кезінде жеке практика есебінде Уингеде болған, Сент-Джордж ауруханасының дәрігері д-р Харви дәл осындай бір жағдайды хабарлады: «Сүзекпен ауырған бір жас әйел түн мезгілінде әкесімен, шешесімен, өзінің некесіз тапқан баласымен, өзінің аға-інілері болатын екі жас жігітпен және екі сінлісімен бір бөлмеде бірге жатып жүрді, сінлілерінің әрқайсысының бір-бір некесіз тапқан баласы бар. Барлығы мұнда 10 адам жатып жүрді. Бұдан бірнеше апта бұрын нақ сол бөлмеде 13 адам жататын еді»¹⁶⁸⁾.

Д-р Хантер таза егіншілік округтарындағы ғана емес, сонымен қатар Англияның барлық графтықтарындағы ауыл шаруашылық жұмысшыларының 5375 коттеджін тексерген. Осы 5375 коттедждің 2195 коттеджінде тек бір-бірден ғана жатар бөлме (көбінесе бұл әрі ас ішетін бөлме болып табылатын), 2930-ында екіден ғана және 250-інде екіден артық бөлме болған. Мен бұл жерде он екі графтық бойынша фактілерден қысқаша үзінділер келтіремін.

1) Бедфордшир

Реслингүэрт: жатын бөлмелерінің ұзыны 12 фут, сні 10 фут шамасында, ал көбі одан да кішкене. Бір қатарлы кішкене лашық көбінесе тақтаймен екіге бөлініп, екі жатар бөлме жасалады, биіктігі 5 фут 6 дюйм келетін ас үйге көбінесе бір керуеет қойылады. Пәтер ақысы 3 фунт стерлинг. Дәретханаларын пәтер жалдаушылардың өздері салып алуға тиісті, үй меншікшісі тек шұңқыр ғана береді. Біреу дәретхана салса болды, көршілерінің бәрі сонымен пайдаланады. Ричардсон есімді бір семьяның тұратын үйі,— айтуға болмайтын «әдемі». «Оның балшықтан салған қабырғалары реверанс жасаған әйел көйлегіндей қопсып тұрады. Төбесінің бір бөлегі ойылып, екінші бөлегі иіліп шығарылған, осы иілген бөлегінен, амал не, түтін мұржасы шығарылған — мұның өзі соқпа балшық пен ағаштан жасалған, піл тұмсығы сияқты, ирелеңдеп жатқан қисық тұрба. Тұрбаға құлап кетпеу үшін ұзын сырғауылдан тіреу тірелген; есігі мен терезелері ромба формасында жасал-

жасауды, мұндай бұзылғандық пен арсыздықты мен өзімнің бүкіл полицейлік өмірімде Лондонның ең жаман жерлерінде де ешқашан көрген емеспін... Олар шошқаларына тұрады, ересек жігіттер мен қыздар, шешелері мен әкелері — бәрі бір бөлмеде бірге жатып ұйықтайды» («Children's Employment Commission. 6 th Report», London, 1867. Appendix, p. 77, 135).

¹⁶⁸⁾ «Public Health. 7 th Report 1864», p. 9—14 passim.

ған». Қаралған 17 үйдің тек 4-інде ғана бірден артық ұйықтайтын бөлмелері бар, ал бұл төрт үй де лық толы. Бір ғана жатар бөлмесі бар коттедждердің біреуінде 3 ересек адам және 3 бала тұрады, екіншісінде ерлі-зайыпты адам және 6 бала тұрады, т. т.

Дантон: Пәтер ақы жоғары, 4 фунт стерлингтен 5 ф. ст. дейін болады, ерлердің апталық жалақысы 10 шиллинг. Олар пәтер ақыны семьясы саломнан тоқитын бұйымдарды сатып өтерміз деп дәмеленеді. Пәтер ақы неғұрлым жоғары болған сайын, оны төлей алу үшін, бір үйде соғұрлым көп адам тұруға тиісті. 4 баласымен бір бөлмеде жататын алты ересек адам ол бөлме үшін 3 ф. ст. 10 шиллинг төлейді. Дантондағы ең арзан үй, сыртынан өлшегенде ұзыны 15 фут, ені 10 фут, 3 фунт стерлингке жалданады. Тексерілген 14 үйдің біреуінде ғана екі жатын бөлме болды. Деревняның қымқа алдыңғы жағында тұрған, айналасын тұрғын адамдар әбден былғап тастаған, үй есігінің төменгі жағының 9 дюймдей жері мүлдем шіріп кеткен. Бұл тесік кешке таман ішінен құлап жатқан бірнеше кірпіштермен мұқият жабылып, жөке тұтылып қояды. Терезесінің жартысы, әйнегі де, рамасы да, сынып жатыр. Мұнда ешбір мебельсіз 3 ересек адам және 5 бала тұрады. Дантон Биглсуэйд Юнионның қалған бөлектерінен жаман емес.

2) Беркишир

Бинем: 1864 жылғы июньде бір сот (бір қатарлы коттежде) ері, әйелі, 4 баласы тұрды. Қызы жұмыстан скарлатинамен ауырып қайтты. Ол өлді. Бір бала ауырып, ол да өлді. Шешесі мен бір баласы сүзекпен ауырды, оларға д-р Хантер шақырылды. Әкесі мен үшінші баласы далада ұйықтап жүрді, бірақ ауруды оқшаулау мұнда қаншалықты қиын болғанын мынадан көруге болады: бақытсыз деревняның лық толы рынок алаңында жұкпалы ауруы бар үйден әкелінген киімдер жуусыз жатты. Н. үйінің пәтер ақысы аптасына 1 шиллинг; ерлі-зайыпты адам мен 6 баласына бір ғана ұйықтайтын бөлме бар. Бір үй (аптасына) 8 пенниге жалданады; ұзыны 14 фут 6 дюйм, ені 7 фут, ас үйінің биіктігі 6 фут; ұйықтайтын бөлмесінде терезе де, пеш те, есік те және шығатын тесіктен басқа, ешқандай тесік те жоқ; ешқандай бақшасы жоқ. Жуырда осы үйде бой жеткен екі қызы және жас өспірім ұл баласы бар бір адам тұрған еді; әкесі мен баласы кереуетте, қыздары сенекте жататын. Әлгі семья осында тұрған кезінде қыздарының әрқайсысы бір-бір баладан тапты, біреуі жұмыс үйіне барып босанып, кейін үйге қайтып келді.

3) *Бакингемиш*

30 коттедже — 1 000 акр жерде — мұнда шамамен айтқанда 130—140 адам тұрады. Браденем қауымының жері 1 000 акр; 1851 жылы мұнда 84 еркек және 54 әйел адамы бар 36 үй болды. Ер-әйел адам санының мұндай сәйкеспешілігі 1861 жылы азая бастады, бұл кезде 98 еркек және 87 әйел болды; 10 жыл ішінде 14 еркек және 33 әйел қосылды. Осы уақыттың ішінде үйлердің саны бір үйге кеміді.

Уинслоу: Мұның едәуір бөлесі жақсы мәнереде жаңадан салынды; үй керексіну, сірә, едәуір көрінеді, өйткені өте жұпыны бір қатарлы коттеждер аптасына 1 шиллинг және бір шиллинг 3 пенниге жалданады.

Уотер-Итон: Мұнда меншікшілер, халық өсуіне қарамастан, үйдің 20%-ке жуығын бұзып тастады. Жұмысқа 4 милядай жүріп баруға мәжбүр бір кедей жұмысшы: жақындау жерден коттедж таба алмағаныңыз ба деген сұрауымызға: «Таба алмадым, менің семьям сияқты үлкен семьялы адамды қабылдаудан олар өте қауіптенеді» деп жауап берді.

Уинслоу маңындағы Тинкерс-Энд: 4 ересек адам және 4 бала жатқан бір жатын бөлменің ұзыны 11 фут, ені 9 фут, ең биік жері 6 фут 5 дюйм; ұзыны 11 фут 3 дюйм, ені 9 фут, биіктігі 5 фут 10 дюйм келетін екінші бөлмеде 6 адам тұрады. Бұл семьялардың әрқайсысына бір каторжникке келетін жерден кем жер келеді. Ешбір үйде бірден артық жатын бөлме жоқ, ешбіреуінде қосалқы есік жоқ, өтсе аз үйлер ғана сумен қамтамасыз етіледі. Пәтер ақы аптасына 1 шиллинг 4 пенниден 2 шиллингке дейін. Тексерілген 16 үйдегі тұрғындардың ішінен тек жалғыз бір адам ғана аптасына 10 шиллинг табады екен. Осы айтылған жағдайда әрбір адамға келетін ауа мөлшері оның әрқайсысын түнде ұзыны, ені, биігі 4 футтан келетін жәшікке салып тастағанда оған тиетін ауа мөлшерімен тең. Алайда, ескі лашықтар табиғи желдеткішпен мол қамтамасыз етілген.

4) *Кембриджшир*

Гамблингей әртүрлі меншікшілерге тиісті. Ол ілуде бір кездесетін ең ашық-тесік cots-ден құралған: Көпшілігі салом тоқуымен шұғылданады. Өлердей шаршау, лас жағдайдағы тұрмысқа лажсыз көну Гамблингейде аса күшті. Орталығында да байқалып отырған қаңраған жағдай үйлері бірте-бірте қаусап құлап жатқан шеттерінде, солтүстігі мен оңтүстігінде де нағыз азаптың көзіне айналуда. Өздері басқа жерде тұрушы лендлордтар кедей ұяның қанын ағыза сорып алады. Пә-

гер ақы өте жоғары; бір жатын бөлмеге 8—9 адам тығылады; бір-екі ретте кішкене ғана жатын бөлмеде әрқайсысының бір немесе екі баласы бар 6 ересек адам тұрады.

5) *Эссекс*

Бұл графтықтың көптеген қауымдарында коттедж санының кемуі халықтың кемуімен қоса-қабат жүріп отыр. Алайда кемі 22 қауымда үйлердің бұзылуы халықтың өсуін тежемеді немесе оны қуып шығармады, халық ауысуы «қалаға барып қоныстану» делініп барлық жерде бірдей болып отырады. Фингрингхода, 3 443 акр жері бар қауымда, 1651 жылы 145 үй болған еді, ал 1861 жылы 110 үй ғана қалды, бірақ халық кеткісі келмеді және тіпті осындай тұрғын үй жағдайларында да көбеюін тимады. Рамсден-Крейсте 1851 жылы 252 адам 61 үйде тұрған еді, ал 1861 жылы 262 адам 49 үйде сығылысып тұрды. Базилдонда 1851 жылы 1 827 акр жердегі 35 үйде 157 адам тұрған еді, осы онжылдықтың аяғында 27 үйде 180 адам тұрды. Фингрингхо, Саут-Фамбридже, Уилфорд. Базилдон және Рамсден-Крейс қауымдарында 1851 жылы 8 449 акр жердегі 316 үйде 1 392 адам, 1861 жылы осы жерде — 249 үйде 1 473 адам тұрды.

6) *Херефордшир*

Осы кішкене графтық «қуғындау рухынан» Англиядағы басқа графтардың бәрінен де көп қиыншылық көрді. Мадлиде коттеждері адамға лық толы, олардың әдетте 2 жатын бөлмесі болады, олардың көбі фермерлердікі. Бұлар коттеждерін жылына 3 немесе 4 фунт стерлингке онай жалдайды және аптасына 9 шиллинг жалақы төлейді.

7) *Хантингдоншир*

Хартфордта 1851 жылы 87 үй болды, мұнан кейін көп ұзамай, көлемі 1 720 акр келетін осы кішкене қауымда 19 коттедж бұзылды; бұл жерде тұрушылардың саны: 1831 ж.— 452 адам, 1851 ж.— 382 адам, 1861 ж.— 341 адам болды. Әрқайсысында бір-бір жатын бөлмеден бар 14 cots тексерілді. Олардың біреуінде: бір ерлі-зайыпты адам, 3 ересек баласы, бір бой жеткен қызы, 4 баласы, барлығы он адам тұрады; екіншісінде — 3 ересек адам, 6 бала тұрады. 8 адам жататын осы бөлмелердің біреуінің ұзыны 12 фут 10 дюйм, ені 12 фут 2 дюйм, биіктігі 6 фут 9 дюйм; мүйістерін қоса есептегенде орта есеппен әрқайсысына 130 текше фут шамасындай келеді. 14 жатын бөлмеде 34 ересек адам және 33 бала тұрады. Бұл

коттедждердің жанында бақша деген сирек кездеседі, бірақ көптеген тұрғындардың good-ына ($\frac{1}{4}$ акр) 10 немесе 12 шиллингтен төлеп аздаған жер арендаға алуына болады. Бұл парцельдер үйлерден қашық жерлерде, ал үйлердің жанында дәретханалар жоқ. Семья мүшелерінің не өз парцеліне отыруына, сөйтіп нәжісін сонда тастауына, немесе,— ұят та болса айтайын, осында істеліп жүргеніндей, онымен жылжымалы жәшік шкафты толтыруларына тура келеді. Ол жәшік толған кезде сүйреп апарып, ішіндегі затты керек жеріне төгіп тастайды. Жапонияда тіршілік айналымы тазалау келеді.

8) Линкольншир

Лангтофт: Бір адам мұнда Райттың үйінде өзінің әйелімен, енесімен және 5 баласымен тұрады; үйдің алдыңғы бөлмесі әрі ас үй, шоланы, ас үйдің үстінде жатын бөлмесі бар; ас үйі мен жатын бөлмесінің ұзыны 12 фут 2 дюйм, ені 9 фут 5 дюйм, үйдің алып тұрған жерінің ұзыны 21 фут 3 дюйм, ені 9 фут 5 дюйм. Жатын бөлмесі — шатырдағы үй, қабырғалары, қойбас қанттай төбесіне қарай тарылып шығарылған, фасад жағынан форточка ашылады. Ол мұнда неліктен тұрады? Бақша үшін бе? Жоқ, бақшасы өте кішкентай. Пәтер ақы аздығынан ба? Ол да емес. Пәтер ақы жоғары — аптасына 1 шиллинг 3 пенни. Жұмыс орнына жақындығынан ба? Жоқ, жұмыс орны 6 миля жерде, оның күн сайын екі арада 12 миля жүруіне тура келеді. Оның мұнда тұрған себебі — бұл сот жалданатын болды, ал оның қайдан болсын, қандай бағасы болсын, қандай күйде болсын өзіне ғана жеке сот тауып алғысы келді. Төменде Лангтофтегі 12 жатын бөлмесі бар, 38 ересек адам және 36 бала тұратын 12 үй жайындағы статистикалық мәліметтер келтіріліп отыр:

Лангтофтегі 12 үй

Үй саны	Жатын бөлме саны	Ересек адам саны	Бала саны	Тұрғындардың жалпы саны	Үй саны	Жатын бөлме саны	Ересек адам саны	Бала саны	Тұрғындардың жалпы саны
1	1	3	5	8	1	1	3	3	6
1	1	4	3	7	1	1	3	2	5
1	1	4	4	8	1	1	2	0	2
1	1	5	4	9	1	1	2	3	5
1	1	2	2	4	1	1	3	3	6
1	1	5	3	8	1	1	2	4	6

9) Кент

1859 жылы, дифтерит шыққан кезде, Кеннингтон адамға аса лық толып кеткен еді, сонан қауым дәрігері халықтың ең кедей таптарының жағдайын ресми түрде зерттеген болатын. Ол осы көп еңбек тілейтін жерде бірнеше cots бұзылғанын, ал олардың орнына жаңадан бір де бір үй салынбағанын ашты. Бір участокте bigcages (құс ұялары) деп аталатын 4 үй болды; олардың әрқайсысының, фут және дюйммен есептегенде, көлемі төмендегідей 4 бөлмесі болды.

Ас үй	9,5×8,11×6,6
Шолан	8,6×4,6 ×6,6
Жатын бөлме	8,5×5,10×6.3
Жатын бөлме	8,3×8,4 ×6.3

10) Нортгемптоншир

Бриксуэрт, Питсфорд және Флур: Бұл деревняларда қысты күні көшеде 20—30 жұмысшы қаңғып жүреді, олардың істейтін жұмысы жоқ. Фермерлер астық пен жеміс тамырлы егістер егілетін жерді әрқашан әбден мұқият ұқсатпайтын еді, сондықтан лендлорд арендаға берілетін участоктердің бәрін екі немесе үш участок етіп біріктіруді қолайлы деп тапты. Жұмыстың жеткіліксіздігі осыдан болды. Ордың бір бетіндегі жерлер ұқсатуды тілеп жатқан кезде, оның екінші бетіндегі жұмыстан айрылған жұмысшылар ол жерлерге мәлие көз тігеді. Егер жазды күнгі қызу ауыр еңбектен шаршап-шалдыққан және қысты күні ашалаң жүрген жұмысшылар өздерінің диалектісімен «the parson and gentlefolks seem frit to death at them»^{168a)} дейтін болса, мұның ешбір таңданатыны жоқ.

Флурдан алынған мысалдар: ең кішкентай жатын бөлмесінде ерлі-зайыпты адам 4, 5, 6 баласымен, немесе 3 ересек адам 5 баласымен, немесе ерлі-зайыпты адам атасымен және скарлатинамен ауыратын 6 баласымен тұрады, т. т.; 2 жатын бөлмесі бар 2 үйде әрқайсысының 8—9 ересек адамы бар 2 семья тұрады.

11) Уилтшир

Страттон: 31 үй тексерілді, олардың 8 үйінің әрқайсысында бір-бірден ғана жатын бөлме бар. Сол қауымдағы Пенхилл: бір cot аптасына 1 шиллинг 3 пенниге жалданады, онда

^{168a)} «Поц пен дворянин бізді өле-өлгенше қинауға мәмлелескен сияқты».

4 ересек адам және 4 бала тұрады; жаман түрленген тас еденнен бастап, шіріген салом төбесіне дейін, онда жақсы қабырғаларынан басқа жақсы дерлік ешнәрсе жоқ.

12) Вустершир

Мұнда үйлер онша көп бұзылмаған, алайда 1851 жылдан 1861 жылға дейін әрбір үйде тұратын адам саны 4,2-ден 4,6-ға дейін өсті.

Бадси: Мұнда cots-тар мен кішкене бақшалар көп. Кейбір фермерлер cots — «a great nuisance here, because they bring the roog» (cots — зор пәле, өйткені олар кедейлерді тартады) деседі. Бір джентельмен былай дейді:

«Кедейлер бұдан ешқандай ұтпайды; егер 500 cots салынатын болса, оларды, бәлкі, нандай, тез талап әкетеді; шынында да оларды неғұрлым көп салса, олар соғұрлым көп керек болады»,—

демек, оның ойынша, үйлер үй жалдаушы тұрғындарды туғызады, бұлар, әлбетте, «пәтерге орналастыру құралдарына» қысым жасайды. Бұған жауап ретінде д-р Хантер былай дейді:

«Бірақ бұл кедейлер бір жерден келуге тиіс қой, ал Бадсиде оларды осында келуге қызықтыра қоярлықтай, мәселен, қайырымдылық сияқты, ешнәрсе жоқ болғандықтан, оларды мұнда айдап әкелетін нәрсе олардың бұдан да қолайсыз бір жерден ығыстырылуы болмақ. Егер әркім өзінің жұмысына жақын жерден cot және тоқымдай жер таба алмап болса, онда, дау жоқ, ол бұл жерде, өзінің тоқымдай жеріне фермерден екі есе қымбат төлететін Бадсиден артық көрген болар еді».

Фермаларды шоғырландыру, егіс далаларын жайылымға айналдыру, машиналар қолдану, т. т. салдарынан қалаларға үнемі эмиграция жасалуы, деревняда үнемі «артық» халық жасалуы және коттедждерді бұзып тастау салдарынан село халқының үнемі қуылып отыруы қабаттаса жүріп отырады. Белгілібір округтың халқы неғұрлым сирек болса, онда «относительді артық халық» соғұрлым көп, оның жұмыс істеу құралдарына қысым жасауы соғұрлым күшті, село халқының пәтерге орналастыру құралдарынан абсолютті артықтығы соғұрлым көп және, демек, деревняларда жергілікті артық халық және эпидемияның ошағы болып табылатын адам тығыздығы соғұрлым күшті болады. Бытыранды ұсақ деревнялар мен елді жерлерде адам мөлшерінің тығыз болуы адамдарды жерден күштеп қуып шығуға сәйкес келіп отырады. Ауыл шаруашылық жұмысшылары өнімі аумағының өсуімен қабат олардың санының кемуіне қарамастан, ауыл шаруашылық жұмысшыларын үздіксіз «артық жұмысшыларға» айналды-

ру — пауперизмнің бесігі болып табылады. Оларға төнген пауперизм қаупі — оларды қуып жіберудің сылтауы және олардың тұрғын-үй мұқтаждығының негізгі көзі болып табылады, бұл мұқтаждық олардың қарсыласу қабілетін біржолата тойғарады, сөйтіп оларды жер меншікшілері¹⁶⁹⁾ мен фермерлердің нағыз құлы етіп шығарады, сондықтан жалақы минимумы олар үшін табиғи заңға айналады. Екінші жағынан, өзінің үнемі «относительді артық халықты» болуына қарамастан, деревняда сонымен қатар халық жеткілікті болмайды. Мұның өзі халқы қалаларға, рудниктерге, кендерге, теміржол құрылыстарына және т. б. өте тез кетіп қалып отыратын пункттердегі жергілікті құбылыс ретінде ғана байқалып қоймай, — мұның өзі өте мұқият және интенсивті жүргізілетін ағылшын егіншілігі қосымша жұмысшыларға мұқтаж болған көптеген кезеңдерде, орақ үстінде болсын, көктемде және жазда болсын, барлық жерде бірдей байқалып отырады. Ауыл шаруашылық жұмысшылары әрқашан егіншіліктің орташа қажеттері үшін өте көп болып, оның ерекше немесе уақытша қажеттері үшін өте аз болып отырады¹⁷⁰⁾. Сондықтан да ресми документтерде еңбектің әрі жеткіліксіздігі, әрі артықтығы жайында сол бір облыстардың өзінен бір мезгілдің ішінде түскен бірне бірі қайшы шағымдар көрсетіліп отырады. Жұмысшылардың уақытша немесе жергілікті жердегі жеткіліксіздігі жалақыны арттырмайды, бірақ егіншілікке әйелдер мен бала-

¹⁶⁹⁾ «Хайндтың ежелгі кәсібі [осы томның 689-бетін қараңыз] тіпті оның жағдайына да ынабат береді. Ол құл емес, дүниенің солдаты, сондықтан ол ленлордтың оны әйелі бар адамға лайық үймен қамтамасыз етуіне тұратын адам, өйткені елдің солдаттан талап ететіндей ленлорд та одан ықтиярсыз еңбекті талап еткені. Солдат сияқты, ол да өз жұмысына рынок бағасын алмайды. Солдат сияқтандырып, оны жас, нағдан күнінде, өзінің кәсібі мен өзінің жерін ғана білетін кезінде алады. Солдат үшін әскерге алу және әскери-қылмыстық заң қандай болса, ол үшін ерте үйлену және отырқышылық туралы әртүрлі заңдар нақ сондай нәрсе» (д-р Хантер «Public Health. 7th Report»-ге 1864». London, 1865, p. 132). Кейде пәлендей бір, өте сирек кездесетін жұмсақ көңілді ленлорд өзінің жасаған ойранын көргенде уайым-қайғыға түседі. «Өз иеліктерінде жалғыз болу өте қайғылы нәрсе, — деген граф Лестер, оны Холкгемнің салынуын аяқтаумен құттықтаған кезде. — Мен айнала қарасам, өз үйімен басқа ешбір үй көрмеймін. Мен алыстар мұнарасының алыбы болып, өз көршілерімнің бәрін жұттып қойыпмын».

¹⁷⁰⁾ Капиталистік өндіріс егіншілікті меңгеріп, «артық» село халқын қалаларға қуған кезде, осындай құбылыс соңғы онжылдықтың ішінде Францияда да байқалып отыр. Мұнда да «басы артықтардың» жасаушылардың өздерінің тұрғын үй және басқа да жағдайлары нашарлағаны байқалады. Парцельдік система жасаған өзіне ерекше «Proletariat foncier» [«село пролетариаты»] жайында басқасын айтпағанда жоғарыда цитат келтірілген еңбекті де қараңыз: *Coilins*. «L'Economie Politique» және менің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегімді қараңыз, Нью-Йорк, 1852, 56 және кейсі беттері [қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*, Шығармалар, 2-ші басылуы, 8-том, 207 және келесі беттері]. 1846 жылы Францияда қала халқы 24,42%, село халқы 75,58% болған еді; 1861 жылы қала халқы — 28,86%, село халқы — 71,14% болды. Соңғы бес жыл ішінде село халқының проценттік үлесінің кемуі бұдан да зор. 1846 жылдың өзінде-ақ Пьер Дюпон өзінің «Жұмысшылар өлеңі» деген өлеңінде былай деп жазған:

«Нашар кінді біздер,
Сарайға, іргелерге барып ұйықтаймыз,
Онда біз жаналақтармен,
Ұрылармен бірге тұрамыз».

лардың тартылуына ғана әкеліп соғады және жұмысшылардың жасы бірден-бірге төмендей береді. Әйелдер мен балаларды қанау кең етек алған кезде, мұның өзі селонның ересек жұмысшы еркектерін артық жұмысшыларға айналдыруды жана құралы, олардың жалақысын кемітудің құралы болып шығады. Англияның шығысында осы *circle vicieux* [теріс дағдының] тамаша жемісі — *gangsystem* (артельдер системасы) дейтін гүлденуде, бұл жөнінде мен осы арада бірнеше сөз айта кетейін¹⁷¹⁾.

Артельдер системасы Линкольнширде, Хантингдонширде, Кембриджширде, Норфолкте, Суффолкте, Ноттингемширде ылғи дерлік, көршілес графтықтарда: Нортгемптонда, Bedfordта, Ратленде анда-санда кездесіп отырады. Мысал есебінде біз бұл жерде Линкольнширді аламыз. Бұл графтықтың едәуір бөлегі бұрынғы батпақ жерлерден құрғатып алынған немесе, жоғарыда көрсетілген басқа да шығыс графтықтардағы сияқты, теңізден тартып алынған жана жер болып табылады. Жер құрғату жұмыстарында бу машинасы кереметтер көрсетті. Бұрынғы батпақтар мен сусыма құмдардың орнында көзір гүлденген егістіктер көрінеді және одан ең жоғары ренталар алынады. Адам игеріп алған, мәселен, Аксхолм аралындағы және Трента жағалауындағы басқа қауымдардағы сияқты құйқалы жерлер жөнінде де дәл осыны айту керек. Жаңа фермалардың пайда болуына қарай жаңа коттедждер салынбайтыны былай тұрсын, тіпті ескілерін де бұзып тастайды, ал жұмысшылар бірнеше миля жердегі және жота беткейлерімен бұраңдап өтіп жататын үлкен жолдар бойына орналасқан ашық деревнялардан алынады. Бұрын халық ұзақ уақыт болатын қысқы су тасқындарынан қорғанысты сол жерлерде ғана табатын еді. Көлемі 400—1 000 акрлік фермаларда үнемі тұратын жұмысшылар (оларды мұнда «*coffined labourers*» [«бекітіліп қойған жұмысшылар»] деп атайды) ат көмегімен істелетін ылғи ауыр егіншілік жұмыстарын атқару үшін ғана пайдаланылады. Әрбір 100 акрге орта есеппен бір-бір коттеджден әрең келсіді. Бұрын батпақ болып жатқан участкакті [Fenland] арендаға алған бір фермер тексеру комиссиясының алдында, мәселен, былай деп жауап берді:

«Менің фермам 320 акрден астам жерді алып жатыр, мұның бәрі егістік жерлер. Коттедждер жоқ. Көзір менің қолымда бір ғана жұмысшы тұрады. Менің аттарымды күтетін төрт жұмысшы төңіректерде тұрады. Көп жұмысшыны керек ететін жеңіл жұмыс артельдер арқылы орындалады»¹⁷²⁾.

¹⁷¹⁾ Балалар еңбегінің жағдайларын тексеру жөніндегі Комиссияның 1867 ж. марттың аяғында жарияланған алтыншы және қорытынды есебі тек егіншіліктері *gangsystem* туралы әңгіме етеді.

¹⁷²⁾ «*Children's Employment Commission 5th Report*». Evidence, p. 37, № 173.— Fenland — батпақты жер.

Жер, мәселен, арам шөптерді жұлу, шұқыршақ жасау, тыңайтқыштар төгу, жердің тасын тазарту, т. с. сияқты көптеген жеңіл егіс жұмыстарын жүргізуді керек етеді. Осының бәрін артельдер, немесе ашық деревняларда тұратын ұйымдасқан топтар істейді.

Артель 10—40 немесе 50 адамнан, атап айтқанда әйелдерден, жас өспірім ер балалар мен қыздардан (13—18 жастағы) құралады, алайда 13 жасқа жеткеннен кейін ер балалар әдетте артельден шығып кетеді, және, ақырында, артель (6—13 жастағы) ер балалар мен қыздардан құралады. Артельді gangmaster (артель старостасы) басқарады; бұл әрқашан қарапайым ауыл шаруашылық жұмысшысы, көбінесе кәдімгі бұзық, әулекі, қаңғыма, маскүнем, бірақ бір аз пысықтығы, қулығы бар адам болады. Ол фермердің басшылығымен емес, өз басшылығымен істейтін артель құрап алады. Фермермен ол көбінесе кесімді жұмыс істеуге келіседі, сондықтан оның табысы,— орта есеппен алғанда кәдімгі ауыл шаруашылық жұмысшының табысынан онша жоғары болмайтын табысы¹⁷³⁾,— бүтіндей дерлік оның өз артелинен ең аз уақыттың ішінде еңбекті ең көп мөлшерде ала білу шеберлігіне байланысты болады. Фермерлер әйелдер еркектердің басқаруымен ғана жұмысты жақсы істейтінін ашқан, ал, екінші жағынан, әйелдер мен балалар жұмысқа кіріскеннен кейін өздерінің тіршілік күштерін мейлінше зор ынтасымен жұмсайды,— мұны Фурье де білген болатын,— ал ересек еркек қызметкер зұлым келеді, ол өз күштерін мүмкін қадерінше үнемдеп жұмсауға тырысады. Артель старостасы бір именовден екінші именовге көшіп отырады, сөйтіп ол өзінің артелимен жыл бойында 6—8 ай жұмыс істейді. Сондықтан балаларға оқта-текте ғана жұмыс беретін жеке фермерде істегеннен гөрі артельде істеу жұмысшы семьяға әлдеқайда пайдалырақ және сенімдірек болады. Бұл жағдай оның ашық деревнялардағы ықпалын күшейтетіндігі сонша, көбінесе балаларды оның делдалдығынсыз жұмысқа орналастыру мүмкін емес. Артельден бөлек, бір-бірлеп бала «жалдау» оның қосымша кәсібі болып отырады.

Бұл системаның «жаман жақтары» — балалар мен жас өспірімдердің шектен тыс көп еңбек ететіндігі, олардың күн сайын 5,6 кейде тіпті 7 миля жерде тұратын именовелерге барып, қайтатындығы және, ақырында, артельдің оларды бұзатындығы. Кейбір жерлерде «the driver» [айдаушы] деп аталатын артель старостасының ұзын таяғы болатын болса да, ол оны өте сирек жағдайда ғана қолданады, сондықтан қатаң қараушылық жөніндегі шағымдар жоқтың қасы. Ол — демократия-

¹⁷³⁾ Алайда кейбір артель старосталары 500 акрге дейін жер арендалайтын фермерлерге, немесе толып жатқан үйлердің несіне айналып кетті.

лық император немесе гамельн сабауқұйрық аулаушысы сияқты бір қу. Демек, ол өзінің қоластындағылардың арасында беделді болуға мұқтаж және оларды өзінің камқорлығымен гүлденетін цыган мінезділіктермен өзіне тартып отырады. Артельде тұрпайы еріктілік, әулекі тәртіпсіздік және барып тұрған арсыз ұятсыздық етек алған. Артель старостасы әдетте кабакқа барып ішіп келеді, сонан соң артель бастап, тәлтіректей басып, екі жағынан топ әйел қолтықтаған күйінде үйіне қайтады; балалар мен жас өспірімдер соңынан еріп, айқайшу мен сықақ, әдепсіз өлеңдер айтып келе жатады. Үйге қайтар жолда Фурьенің «ашық жыныс шағылысы»¹⁸⁹ деп атайтын нәрсесі болып жатады. Екінің бірінде он үш жасар, он төрт жасар қыздар өз құрдастарынан екіқабат болып қалады. Артельдерге контингент беріп отыратын ашық деревнялар Содом мен Гоморраға¹⁷⁴⁾ айналады, сөйтіп некесіз туған баланы қалған корольдіктердің бәрінен екі есе көп береді. Осындай мектепте тәрбиеленген қыздардың күйеуге шыққаннан кейін адамгершілік жағынан не мінез көрсететінін біз жоғарыда айтып өткенбіз. Олардың балалары, егер тек апиын олардың түбіне жетпеген болса, артель рекруты болып туады.

Артель өзінің жаңа ғана суреттеліп өткен классикалық формасында қоғамдық, қауымдық немесе қаңғыма (public, common or tramping gang) артель деп аталады. Мұның үстіне жеке артельдер де (private gangs) кездесіп отырады. Олардың құрамы да қоғамдық артельдердің құрамындай, бірақ олардың мүшелерінің саны аз және олар артель старостасының басшылығымен емес, фермер оған басқа тәуір жұмыс тауып бере алмаған бір қарт батрақтың басшылығымен жұмыс істейді. Цыгандық мінез-құлық мұнда жоқ, бірақ барлық куә жауаптарына қарағанда, еңбекке ақы төлеу мен балаларға көзқарас нашарлайды.

Соңғы жылдар ішінде бірден-бірге көп тарап келе жатқан артельдер системасы¹⁷⁵⁾, әрине, артель старостасы үшін өмір сүрмейді. Ол ірі фермерлер¹⁷⁶⁾ мен лендлордтарды¹⁷⁷⁾ байыту үшін өмір сүреді. Фермер үшін өзінің жұмысшы персоналын

¹⁷⁴⁾ «Ладфордтағы қыздардың жартысының түбіне жеткен артель болды» (бұл да сонда, қосымша. 6-бет, № 32).

¹⁷⁵⁾ «Бұл система соңғы жылдары өте көп тарайды. Кейбір жерлерде ол жаңа ғана өніп отыр, ал артель ұзағырақ өмір сүретін басқа бір жерлерде артельге балалар бірден-бірге көп тартылып отыр және олардың жасы бірден-бірге төмендеп келеді». (бұл да сонда, 79-бет, № 174).

¹⁷⁶⁾ «Ұсақ фермерлер артель еңбегін қолданбайды». «Ол жаман жерде қолданылмайды, әкірне 2 фунт стерлингтен 2 ф. ст. 10 шиллингке дейін рента беретін жерде қолданылады» (бұл да сонда, 17 және 14-беттер).

¹⁷⁷⁾ Бұл мырзалардың біреуіне оның ренталарының ұнағаны сонша, ол тексеру комиссиясының алдында: бүкіл айқай шу тек системаның аты жөнінде ғана болды, деп қиыжылды. Егер артельдер «Gang» [артель, бригада, банда] деп аталмай, «дербес табыс табу үшін құрылған жас өспірімдердің өнеркәсіптік-егіншілік ассоциациялары» деп аталған болса, онда ешқандай ың-шың болмаған болар еді.

нормадан төмен азайту және сонымен қатар шұғыл жұмыстар бола қалатын жағдайға деп үнемі қосымша жұмысшылар болатын ету, мүмкін қадерінше аз ақша жұмсап, мүмкіндігінше көп еңбек істету¹⁷⁸⁾ және ересек еркек жұмысшыларды «артық етіп шығару» әдісінен артық табылған әдіс жоқ. Міне осының бәрінен кейін, бір жағынан, село жұмысшысы аздықтөпті дәрежеде жұмыссыздықтан азап шегуде деп мойындаудың, ал екінші жағынан, артель системасы еркек жұмысшылардың жеткіліксіздігі себепті және олардың қалаларға ауысуы себепті «қажет болып отыр» деудің неліктен айтылып отырғанын түсіну қиын емес¹⁷⁹⁾. Арам шөптен тазартылған егістік жер және Линкольнширдің, т. т. адам сынды арам шөптері — міне капиталистік өндірістің қарама-қарсы полюстері осылар¹⁸⁰⁾.

г) ИРЛАНДИЯ

Бұл бөлімнің қорытындысында біз тағы Ирландияға да көз жіберуге тиіспіз. Ең алдымен осыған қатысты фактілерді келтірейік.

Ирландияның халқы 1841 жылдың қарсаңына 8 222 664 адамға жеткен-ді, 1851 жылы 6 623 985-ке дейін, 1861 жылы — 5 850 309-ға дейін, 1866 жылы — 5½ миллионға дейін кеміді, яғни 1801 жылғы дәрежесіне дейін дерлік кеміді. Халықтың азаюы 1846 жылғы аштық жылдан басталды, сөйтіп 20 жылдан аз уақыттың ішінде Ирландия өз халқының 5/16 бөлегі-

¹⁷⁸⁾ «Артель еңбегі басқа еңбектің қай-қайсысынан да арзан, сондықтан да оны қолданады» — дейді артельде бұрын староста болған бір адам (бұл да сонда, 17-бет, № 14). «Артельдер системасы фермер үшін сөзсіз ең арзан және балалар үшін сөзсіз соңдайлық ең қауіпті система» — дейді бір фермер (бұл да сонда, 16-бет, № 3).

¹⁷⁹⁾ «Кәзір артельдерде балалардың істеп жүрген жұмыстарының көбін бұрын еркектер мен әйелдердің орындап келгені күмәнсыз. Кәзірті кезде әйелдер мен балалар еңбегі қолданылып отырылған жерлерде жұмыссыз еркектер бұрынғысынан көп (more men are out of work)» (бұл да сонда, 43-бет, № 202). Бірақ екінші жағынан, айта кететік: «эмиграцияның салдарынан және темір жолдардың арқасында үлкен қалаларға ауысудың оңайлығынан жұмысшы мәселесі (labour question) көптеген, әсіресе астық егетін, егіншілік округтарда өте елеулі сипат алып отыр, сондықтан мен» (бұл «мен» деп отырған — бір ірі лендлордтың селолық агенті) «бала еңбегін әбден қажет деп сәлаймын» (бұл да сонда, 80-бет, № 180). The labour question (жұмысшы мәселесі) ағылшын егіншілік округтарында, басқа цивилизациялы дүниеге қарағанда, the landlords' and farmers question (лендлордтар мен фермерлердің мәселесі) болып отыр; село халқы ығысуының үнемі көбейіп отырғанына қарамастан, деревняда жеткіліксіз «относительді артық халықты» және сонымен қатар ауылшаруашылық жұмысшысына деген «минимум жалақыны» қалай еткенде мәңгілік қалдыруға болады? — деген мәселе болып отыр.

¹⁸⁰⁾ Балалардың өлімі жайындағы проблеманы баяндаған кезде жол-жөнекей артельдер системасы туралы айта кететін, мен бұрын цитат алған «Public Health Report» баспасөзге, демек, ағылшын жұртылығына да, мәлімсіз болып қалды. Оның керісінше, балалар еңбегі жағдайларын тексеру жөніндегі Комиссияның соңғы есебі баспасөзге тілеген «сенсациялық» қорегін берді. Либералдық баспасөз: Линкольнширде толып жүрген текті дженгельмендер мен ледилер және мемлекеттік шіркеудің священниктері «Оңтүстік мұхит жабайы адамдарының мінез-құлқы жұмсарту үшін» антиподтарға өздерінің ерекше «миссияларын» жіберген осы адамдар. — Міне осылар өздерінің именістерінде, өздерінің көз алдында, осындай системаның дамуына қалайынша жол берді екен, деп сұрау салып жатқан кезде, — міне осы кезде аристокра-

нен астамынан айырылды¹⁸¹⁾. Эмигранттардың жалпы саны 1851 жылғы майдан 1865 жылғы июльге дейін 1 591 487 адам болды, 1861 жылдан 1865 жылға дейінгі соңғы 5 жыл ішінде эмиграцияға жарты миллионнан астам адам кетті. Адам тұратын үйлердің саны 1851—1861 жылдар арасындағы дәуірде 52 990-ға кеміді. 1851 жылдан 1861 жылға дейін 15—30 акр жері бар фермалардың саны 61 000 болып өсті, 30 акрден көп жері бар фермалардың саны — 109 000 болып өсті, ал оның бержағында барлық фермалардың жалпы саны 120 000 кеміді,— бұл кему 15 акрден кем жері бар фермаларды жоюдан ғана, яғни оларды орталықтандырудан ғана болды.

Халық санының кемуі, әлбетте, жалпы алғанда өнім аумағының кемуімен қабат жүріп отырды. Біздің мақсатымыз үшін жарты миллионнан астам халық эмиграцияға кеткен және халықтың абсолют саны $\frac{1}{3}$ миллионнан астам кеміген 1861—1865 жылдар арасындағы бесжылдықты қарастырсақ та жеткілікті болады (А кестесін қараңыз).

Енді мал мен адамға тіршілік азық беретін егіншілікке көз жіберіп көрелік. Келесі В кестесінде әрбір жылы тікелей осының алдында өткен жылғымен салыстырғанда егістік пен шабындық (немесе жайылым) жердің кемігені немесе өскені көрсетілген. Дәнді астыққа: бидай, сұлы, арпа, қара бидай, бұршақ пен ас бұршақ жатқызылған, овощтарға шартты түрде — картоп, турнепс, қызылша, капуста, сәбіз, пастернак, вика және т. б. жатқызылған.

1865 жылы шабындықтар көлемі 127 470 акрға дейін көбейді, мұның басты себебі өңделмеген бос жерлер мен шымтезекті батпақтар көлемі 101 543 акр кеміді. Егер біз 1865 жылды 1864 жылмен салыстыратын болсақ, онда дәнді

тиялық баспасөз өз балаларын осындай құлдыққа сатуға барған осы село тұрғындарының онбағандай бұзылғандығын талқылаумен ғана шұғылданып жатты! Ал оның бержағында село тұрғынына «тектілер» душар еткен осындай лағнат жағдайларда, село тұрғыны тіпті өз балаларын жеп қойған болса да онысы түсінікті болған болар еді. Егер бір нәрсеге таллануға болатын болса, онда осы село тұрғынының көбінесе адамшылық қасиетін сақтап отырғанына тандануға болады. Ресми есептердің авторлары: артельдер системасы қолданылатын округтарда да ата-аналар ол системаға жирене қарайтынын көрсетеді. «Біз жинастырған куәлер жауаптарынан ата-аналар өздері өте жиі ұшырап жүрген алдау-арбаулар мен қысымдарға қарсы тұруға мүмкіншілік беретін болса еріксіз заңға көптеген жағдайларда риза болатынын көрсететін дәлелдемелерді көп табуға болады. Біресе қауым чиновнигі, біресе кожайын келіп, қызметтен шығарамын деп қорқытып, олардың балаларын мектепке жіберудің орнына жұмысқа жіберткізеді... Уақыт пен күшті босқа шығындаудың бәрі, егінші мен оның семьясының шамадан тыс, лайдасыз шаршан-шалдығудан тартатын азаптарының бәрі ата-аналар өз баласының адамгершілік жағынан азуы қоттеждердің лық толылығынан болды немесе артельдер системасының азғындату әсерлерінен болды деуіне болатын жағдайлардың бәрі,— міне осының бәрі еңбекші кедейлердің жүрегінде оңай түсінуге болатын және оларды толығырақ суреттеп жатудың қажеті жоқ сезімдер тұрғанды. Өздерін күш-қайраты жағынан және адамгершілік жағынан көптеген азаптарға салатын жағдайларды олар түсінеді, бірақ олар бұл жағдайларға ешбір жауапты емес, егер өздерінің қолынан келетін болса, олар ешуақытта бұған ризалығын бермеген болар еді, бірақ оларға қарсы күресуге өздері дәрменсіз» (бұл да сонда, XX бет, №82; XXIII бет, № 96).

¹⁸¹⁾ Ирландияның халқы: 1801 ж.—5 319 867 адам, 1811 ж.—6 084 996, 1821 ж.—6 869 544, 1831 ж.—7 828 347, 1841 ж.—8 222 664 адам болған.

А К Е С Т Е С І

Мал саны (1862)

Жылда- ры:	Жылқы		Сыыр		
	Жалпы саны	Кемігені	Жалпы саны	Кемігені	Өскені
1860	619 811	—	3 606 374	—	—
1861	614 232	5 579	3 471 688	134 686	—
1862	602 894	11 338	3 254 890	216 798	—
1863	579 978	22 916	3 144 231	110 659	—
1864	562 158	17 820	3 262 294	—	118 063
1865	547 867	14 291	3 493 414	—	231 120

Ж ал р а с ы

Жылда- ры:	Қой			Шопқа		
	Жалпы саны	Кемігені	Өскені	Жалпы саны	Кемігені	Өскені
1860	3 542 080	—	—	1 271 072	—	—
1861	3 556 050	—	13 970	1 102 042	169 030	—
1862	3 456 132	99 918	—	1 154 324	—	52 282
1863	3 308 204	147 928	—	1 067 458	86 866	—
1864	3 366 941	—	58 737	1 058 480	8 978	—
1865	3 688 742	—	321 801	1 299 893	—	241 413

Жоғарыдағы кестеден көрінетіні:

Жылқы	Сыыр	Қой	Шопқа
Абсолют кемігені	Абсолют кемігені	Абсолют өскені	Абсолют өскені
74 944	112 960	146 662	28 821

астықтар жинаудың кемуі 246 667 кварталер, оның ішінде бидай 48 999 кварталер, сұлы 166 605 кварталер, арпа 29 892 кварталер кеміген, т. т. болып шығады; картоптың егіс көлемі 1865 жылы

¹⁸²⁾ Егер біз бұдан әрі кейін оралсақ, нәтиже бұдан да қолайсыз болған болар еді. Мәселен, қой 1865 ж. 3 688 742, ал 1866 ж.—3 694 294; шопқа 1865 ж. 1 299 893, ал 1858 ж.—1 409 883 болған.

В КЕСТЕСІ

Жылдары:	Дәнді астық		Овощтар			Шабындықтар мен жоңышқа		Зығыр		Егіншілікпен мал шаруашылығына пайдаланылатын жердің жалпы көлемі	
	Кемігені	Кемігені	Өскені	Кемігені	Өскені	Кемігені	Өскені	Кемігені	Өскені		
1861	15 701	36 974	—	47 969	—	—	19 271	81 373	—		
1862	72 734	74 785	—	—	6 623	—	2 055	138 841	—		
1863	144 719	19 358	—	—	7 724	—	63 922	92 431	—		
1864	122 437	2 317	—	—	47 486	—	87 761	—	10 493		
1865	72 450	—	25 241	—	68 970	50 159	—	28 398	—		
1861—1865	428 041	108 193	—	—	82 834	—	128 850	330 550	—		

көбейе тұрса да, оның шығымының кемуі 446 398 тонна және т. т. болған (С кестесін қараңыз, 711-бет).

Ирландияның халқы мен егіншілік өндірісінің өзгерісінен енді оның лендлордтарының, ірі фермерлері мен өнеркәсіп капиталистерінің әмиандарында болған өзгеріске көшелік. Мұның өзі табыс салығының азаюы мен көбеюінен көрінеді. Келесі Д кестесін түсіну үшін мынаны айта кету керек: Д тармағы (фермерлердің пайдасын қоспағандағы пайда) «кәсіптік» пайда деп аталатын пайданы да, яғни адвокаттардың, дәрігерлердің және т. б. табыстарын да қамтиды, ал мұнда ерекше көрсетілмеген С және Е тармақтары чиновниктердің, офицерлердің, мемлекеттік синекуры бар адамдардың, мемлекет кредиторларының, т. т. табыстарын көрсетеді.

D КЕСТЕСІ

Табыс салығы салынатын табыстар¹⁸⁴⁾

(фунт стерлинг есебімен)

	1860	1861	1862	1863	1864	1865
А тармағы						
Жер рентасы.....	12 893 829	13 003 554	13 398 938	13 494 091	13 470 700	13 801 616
В тармағы						
Фермерлер пайдасы.....	2 765 387	2 773 644	2 937 899	2 938 923	2 930 874	2 946 072
Д тармағы						
Өнеркәсіптік және т. с. пайда.....	4 891 652	4 836 203	4 858 800	4 846 497	4 546 147	4 850 199
А-дан Е-ге дейінгі барлық тармақтардың жиынтығы	22 962 885	22 998 394	23 597 574	23 658 631	23 236 298	23 930 340

¹⁸⁴⁾ «Tenth Report of the Commissioners of Inland Revenue». London, 1866.

С КЕСТЕСІ

1864 жылғымен салыстырғанда 1865 жылы өңделетін жер көлемінің, бір акр¹⁾жерден түсетін өнім мөлшері мен жалпы өнім мөлшерінің көбеюі немесе азаяуы ¹⁸⁸⁾

Өнім аты	Өңделінін жердің акр мөлшері		1865 жылы көбейгені немесе азайғаны		Акрге келетін өнім мөлшері		1865 жылы көбейгені немесе азайғаны		Өнімнің жалпы мөлшері		1865 ж. көбейгені немесе азайғаны		
	1864	1865	+	-	1864	1865	+	-	1864	1865	+	-	
Бидай.....	276 483	266 989	—	9 494	Бидай (цент)	13,3	13,0	—	0,3	875 782 (кварт.)	826 783	—	48 999 (кварт)
Сұлы.....	1814 886	1 745 228	—	69 658	Сұлы »	12,1	12,3	0,2	—	7 826 332 »	7659 727	—	166 605 »
Арпа.....	172 700	177 102	4 402	—	Арпа »	15,9	14,9	—	1,0	761 999 »	732 017	—	29 892 »
Бәрә	8 894	10 091	1 197	—	Бәрә »	16,4	14,8	—	1,6	15 160 »	13 989	—	1 171 »
Қара бидай)					Қара бидай »	8,5	10,4	1,9	—	12 680 »	18 364	5 684 (кварт.)	—
Картоп.....	1039 724	1 066 260	26536	—	Картоп (тонна)	4,1	3,6	—	0,5	4 312 388 (тонна)	3865 990	—	446 398 (тонна)
Турнепс	337 355	334 212	—	3 143	Турнепс »	10,3	9,9	—	0,4	3 467 659 »	3301 683	—	165 976 »
Қызылша	14 073	14 389	316	—	Қызылша »	10,5	13,3	2,8	—	147 284 »	191 937	44 653 (тонна)	—
Қаууста	31 821	33 622	1 801	—	Қаууста »	9,3	10,4	1,1	—	297 375 »	350 252	52 877 (тонна)	—
Зығыр.....	301 693	251 433	—	50 260	Зығыр (стон)	34,2	25,2	—	9,0	64 506 »	39 561	—	24 945 (тонна)
Шөп.....	1609 569	1 678 493	68 924	—	Шөп (тонна)	1,6	1,8	0,2	—	2 607 153 »	3068 707	461 554 (тонна)	—

¹⁾ Бұл мәліметтер мына кітаптардың материалы бойынша жасалды: «Agricultural Statistics. Ireland. General Abstracts», Dublin, 1860 және келесі жылдардыкі, және «Agricultural Statistics. Ireland. Tables showing the Estimated Average Produce etc.», Dublin, 1866. Мұның өзі жыл сайын парламентке тапсырылып отыратын ресми статистика болып табылады.

¹⁸⁸⁾ *Елдің басылуына қосымша.* Ресми статистика өңделетін жер көлемінің 1872 жылы 1871 жылғымен салыстырғанда 134 915 акр азайғанын көрсетеді. Көбею ошоштар — турнепс, қызылша және т. б. жөнінен болды; өңделетін жер көлемінің кеміуі мынадай дақылдар жөнінен болды: бидай дақылдан 16 мың акр, сұлы 14 мың акр, арпа мен қара бидай 4 мың акр, картоп 34 667 акр кеміді; шабындықтар, жоншақа, вика және сурепца көлемі 30 000 акр кеміді. Бидай дақнылы егілген жер көлемі соңғы 5 жыл ішінде мынадай тәртіппен кеміді: ол жерлер 1868 ж.—285 000 акр, 1869 ж.—280 000 акр, 1870 ж.—259 000 акр, 1871 ж.—244 000 акр, 1872 ж.—228 000 акр болды. 1872 ж. (бүтіндей цифрмен есептегенде) жылқы 2 600, сиыр 80 000, қой 28 682 бас көбейді және шошқа 236 000 азайды.

Д тармағында табыстың жылдық орташа көбеюі 1853—1864 жылдары 0,93% қана болды, ал Великобританияда ол осы уақыттың ішінде 4,58% болды. Келесі кесте пайдалардың (фермер пайдасын қоспағанда) 1864 және 1865 жылдардағы бөлінуін көрсетеді: (осы беттегі Е кестесін қараңыз).

Е КЕСТЕСІ

*Д тармағы. Ирландияда пайдадан (60 фунт стерлингтен жоғары) түскен табыстар*¹⁸⁵⁾
(фунт ст. есебімен)

	1864	1865
Жалпы жылдық табыс.....	4 368 610 (17 467 адамға бөлінген)	4 669 979 (18 081 адамға бөлінген)
60 ф. ст. жоғары, 100 ф. ст. төмен жылдық табыс.....	238 726 (5 015 адамға бөлінген)	222 575 (4 703 адамға бөлінген)
Жалпы жылдық табыстан.....	1 979 066 (11 321 адамға бөлінген)	2 028 571 (12 184 адамға бөлінген)
Жалпы жылдық табыстың қалдығы.....	2 150 818 (11 131 адамға бөлінген)	2 418 833 (11 194 адамға бөлінген)
Оның ішінде.....	1 073 906 (1 010 адамға бөлінген)	1 097 927 (1044 адамға бөлінген)
	1 076 912 (121 адамға бөлінген)	1 320 906 (150 адамға бөлінген)
	430 535 (95 адамға бөлінген)	584 458 (122 адамға бөлінген)
	646 377 (26 адамға бөлінген)	736 448 (28 адамға бөлінген)
	262 819 (3 адамға бөлінген)	274 528 (3 адамға бөлінген)

Дамыған капиталистік өндіріс елі және көбінесе өнеркәсіпті ел болып табылатын Англия Ирландияның халқы душар етілген сияқты жағдайға ұшыраса, қанға боялып қансыраған болар еді. Ал Ирландия кәзіргі кезде Англиядан кең бұғаз арқылы бөлініп тұрған және оған астық, жүн, мал, өнеркәсіп пен соғыс рекруттарын беріп отырған егіншілік округы ғана болып табылады.

Елсіздендіру мұнда мынаған жеткізді: көптеген жер өңдеусіз қалды, егіншілік өнімінің мөлшері мықтап кеміді¹⁸⁶⁾ және мал шаруашылығына арналған жер көлемінің кеңітілгендігіне қарамастан, мал шаруашылығы өзінің кейбір салаларында

¹⁸⁵⁾ Заң кейбір жарналар төлеуге жол бергендігі себепті Д тармағындағы жалпы жылдық табыс бұл жерде алдыңғы кестелегі цифрлардан ауытқып отыр.

¹⁸⁶⁾ Егер өнім акрге келетін мөлшері жағынан да кеміген болса, онда Англия бір жарым ғасырдың ішінде Ирландияның топырағын өзіне жанама түрде тасып алғанын, ирланд егіншілеріне топырақтың қоректену элементтерінің орнын толтыратын да түк қалдырмағанын естен шығармау керек.

абсолютті түрде кеміп, басқа салаларында әлсін-әлсін кері кетсе, ауызға алып жарымайтын түрде дамыды. Алайда халық санының кемуімен бірге жер рентасы мен фермер пайдасы үнемі өсіп отырды; фермер пайдасы, алайда, жер рентасындай үнемі өспеді. Мұның себебін түсіну оңай. Бір жағынан, фермаларды орталықтандырудың және егістік жерлерді мал жайылымына айналдырудың нәтижесінде жиынтық өнімнің барған сайын көп бөлегі қосымша өнімге айналып отырды. Қосымша өнім өзінің бір бөлегі болып табылатын жиынтық өнім бірден-бірге кеміп отырса да, қосымша өнім өсе берді. Екінші жағынан, бұл қосымша өнімнің ақшалай құны оның аумағына қарағанда онан сайын тезірек өсті, өйткені еттің, жүннің және т. б. Англиядағы рыноктық бағалары соңғы 20, әсіресе соңғы 10 жылдардың ішінде барған сайын арта берді.

Өндірушінің өзі үшін іс істеу құралдары және тіршілік заттары болып табылатын бытыранды өндіріс құрал-жабдықтары, бұлар бөтеннің еңбегін қосып алу арқылы өзінің құнын өсірмейтін болса, өндірушінің өзі тұтынатын өнімінің товар болмайтыны сияқты, олар да капитал болып табылмайды. Егіншілікте қолданылатын өндіріс құрал-жабдықтар аумағы халық санының кемуімен бірге кеміген болса да, солай бола тұрса да егіншілікте қолданылатын капиталдың аумағы көбейіп отырды, өйткені бұрынғы бытыраңқы өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлегі капиталға айналдырылды.

Ирландияның егіншіліктен тыс өнеркәсіп пен саудаға жұмсаған барлық капиталы соңғы жиырма жыл ішінде баяу және үнемі ірі толқулармен қорланып отырды. Мұның керісінше, оның жеке құрамды бөлімдерінің шоғырлануы соғұрлым жылдамырақ дамыды. Ақырында оның абсолютті өсуі қаншама нашар болғанымен,—отнотельді жағынан, халықтың кеміп бара жатқан санымен салыстырғанда, ол көбейіп отырды.

Сонымен, бұл арада, біздің көз алдымызда, ортодоксальды саяси экономия өзінің: кедейшілік абсолютті артық халықтан туады, ал тепе-теңдік халықтың кемуі арқылы қайтадан қалпына келеді дейтін догматын дәлелдеу үшін осыдан артықты тілемейтін процесс ірі көлемде өрістеп келеді. Мұның өзі — мальтусшілдер соншама дәріптеген, XIV ғасырдың орта кезінде болған обаға қарағанда анағұрлым көрнекті эксперимент болып табылады¹⁹⁰. Реті келген соң айта кетелік, XIX ғасырдағы өндіріс қатынастары мен соған сәйкес халық өсуі қатынастарына XIV ғасырдың өлшемін қолданудың өзі педанттық-аңқаулық болды; ал бұл аңқаулық оның үстіне мына жағдайларды естен шығарып жіберді: егер Ла-Манштың бір жағында, Англияда, обаның және сонымен бірге халық

кемуінің ізінше село халқы азат етіліп, байып алған болса, Ла-Манштың екінші жағында, Францияда, оның ізінше құлдыққа салу мен қайыршылық бұрынғыдан да зор өсе түсті^{186a)}.

Ирландияда 1846 жылы болған аштық миллионнан астам адамды жойды, бірақ бұлар өңкей кедейлер еді. Аштық елдің байлығына титтей де зиян келтірген жоқ. Мұның артынан болған жиырма жылдық және бірден бірге күшейе түскен эмиграция, Отызжылдық соғысқа қарағанда, адамдармен бірге олардың өндіріс құрал-жабдықтарын да азайтып жібермеді. Ирландиялық даналық кедей халықты олардың қайыршы болып тұрған жерінен мыңдаған миля жерге сиқырмен апарғандай апарып тастаудың мүлде жаңа әдісін тапты. Құрама Штаттарға барып қоныстанған эмигранттар жыл сайын үйіне ақша — қалғандарын көшіріп алу үшін қаражат жіберіп отырады. Осы жылы эмиграцияланған әрбір партия келесі жылы өз соңынан жаңа партияны тартып отырды. Сонымен, эмиграцияның Ирландияға ешқандай залал болмағаны былай тұрсын, қайта оның экспорттық операцияларының аса табысты статъяларының бірі болды. Ақырында, мұның өзі бір жүйелі процесс болып табылады, бұл процесс белгілібір халық мөлшерінде өткінші азауды туғызып қана қоймай, мұның керісінше, жыл сайын адамдарды жылма-жылғы өсім арқылы толықтырылып отыратын мөлшерден көп алып отырады, сөйтіп халықтың абсолютті саны жылдан жылға кеміп отырады^{186b)}.

Мұның Ирландияның артық халықтан арылған, қалған жұмысшыларына тигізген зардабы қандай болды? Оның зардабы мынадай болды: относительно артық халық кәзіргі кезде, 1846 жылға дейін, қандай болған болса, дәл сондай көп, жалақы да сондай төмен, еңбек ауырталығы өсті, деревнядағы қайыршылық жаңа дағдарыс қауіпін туғызып отыр. Мұның себептері өте түсінікті. Екіншіліктегі революция эмиграциямен қоса-қабат жүріп отыр. Относительно артық халықтың жасалуы халықтың абсолютті кемуінен гөрі тезірек болып отыр. С кестесін үстірт қарап өту егістік жерді мал жайылымына айналдыру Ирландияда Англиядағыдан да анағұрлым күшті әсер етуге тиісті екенін көрсетеді. Англияда мал шаруа-

^{186a)} Ирландия «халық өсуі заңының» жер үйегі деп есептелетін болғандықтан Т. Садлер, халық өсуі туралы еңбегін жариялаудан бұрын, мынадай әйгілі кітабын бастырып шығарды: «Ireland, its Evils and their Remedies», 2nd ed. London, 1829; бұл кітапта ол жеке провинциялар бойынша, ал әрбір провинция үшін жеке графтықтар бойынша статистикалық мәліметтерді салыстыра келіп, онда қайыршылық халықтың санына, Мальтусың тілегеніндей, тура пропорциялы емес, кері пропорциялы екенін көрсетті.

^{186b)} 1851—1874 жылдар арасындағы дәуірде эмигранттардың жалпы саны 2 325 922 адам болды.

шылығымен қатар құнарлы мал азығын өндіру өсіп отыр, Ирландияда ол кемуде. Бұрын өңделіп келген көптеген егістік жерлер өңделусіз қалып тыңайған жерлерге айналып отырған кезде немесе біржолата шабындықтарға айналдырылып жатқан кезде, бұрын пайдаланылмай келген бос жерлер мен шымтезекті батпақтардың едәуір бөлегі мал шаруашылығын ұлғайту үшін пайдаланылып отыр. Ұсақ және орташа фермерлер,— мен бұлардың қатарына көп дегенде 100 акр жер өңдейтін фермерлердің бәрін енгізіп отырмын,— әлі де болса фермерлердің жалпы санының $\frac{8}{10}$ -дей болып табылады^{186с}). Капиталистік егіншілік өндірістің бәсекесі оларға бұрынғы уақыттағысынан гөрі күштірек қысым жасауда, сондықтан олар жалдама жұмысшылар табын жаңа рекруттармен үсті-үстіне үнемі толықтырып отырады. Ирландияның бірден-бір ірі өнеркәсібі, зығыр өңдеуші өнеркәсіп, ересек еркек жұмысшыларды басқалардан гөрі аз керек етеді және, 1861—1866 жылдары мақтаның қымбаттауынан кейін оның ұлғайғандығына қарамастан, жалпы алғанда халықтың бір шама шағын бөлегіне ғана жұмыс тауып беріп отыр. Басқа ірі өнеркәсіптің бәрі сияқты, ол өзінің сферасында үнемі ауытқып отыруы арқылы үнемі относительді артық халық жасайды, тіпті оның іске тартылып отырған жұмысшыларының мөлшері абсолютті түрде өсіп отыратын болса да соны жасайды. Село халқының қайыршылығы арасан зор көйлек-көншек, т. с. фабрикалары үшін пьедестал болады, бұлардың жұмысшы армиясы көбінесе деревняларда тұрады. Бұл жерде біз бұрын баяндалып өткен үйге берілетін жұмыс системасына тағы кездесеміз, мұның өзі төмен ақы төлеу және шектен тыс ауыр еңбек жағдайында «артық» жұмысшылар жасап отыру құралдарына ие болады. Ақырында, халықтың кемуінің мұнда дамыған капиталистік өндірісі бар елдегідей сойқанды зардабы болмайтын болса да, алайда мұнда да ол кему ішкі рынокқа үнемі кері әсер етпей кете алмайды. Эмиграция жасайтын олқылықтар еңбекке деген жергілікті сұранысты ғана кемітіп қоймай, оның үстіне ұсақ дүкеншілердің, колөнершілердің, жалпы алғанда ұсақ өнеркәсіпшілердің табыстарын да кемітеді. Е кестесіндегі табыстардың 60 фунт стерлингтен 100 фунт стерлингке дейін кемуінің себебі осында жатыр.

Ирландияның ауылшаруашылық жұмысшылары жағдайының едәуір айқын суреттемесін біз Ирландияның кедейлерге қамқоршылық жасаушы мекемелері инспекторларының

^{186с}) 2-ші басылуына ескерту. *Murphy*-дің «Ireland, Industrial, Political and Social», 1870, деген кітабындағы бір кесте бойынша барлық жердің 94,6%-ті әрқайсысында 100 акрге дейін жері бар фермалар және 5,4%-ті 100 акрден артық жері бар фермалар болып отыр.

есептерінен көреміз (1870)^{186d}). Тек найзаның көмегімен ғана және біресе ашық, біресе жабық қоршаулы жағдайдың көмегімен ғана өмір сүріп отырған үкіметтің чиновниктері өз сөздерінде сақ болуға тиіс, ал олардың Англиядағы әріптестері мұндай сақтықты керек қылмайды да; солай бола тұрса да, ол чиновниктер өздерінің үкіметінің жалған үмітке салынуына жол бермейді. Олардың мәліметтері бойынша жалақы дәрежесі, деревняда осы күнге дейін де өте төмен болып отырған жалақы дәрежесі, соңғы 20 жылдың ішінде дегенмен 50—60% артып, кәзір орта есеппен аптасына 6—9 шиллинг болып отыр. Бірақ елес болып көрінетін бұл артудың тасасында жалақының шын мәнісінде төмендеуі болып отыр, өйткені ол тіпті қажетті тіршілік заттары бағасының осы уақыт ішіндегі артуына да теңесіп отырған жоқ; бір ирланд жұмыс үйінің ресми есептерінен келтірілген төмендегі мәлімет бұған дәлел бола алды.

Бір адамға жұмсалатын апталық орташа шығын

	Тамақ		Киім		Барлығы	
	шилл.	пенни	шилл.	пенни	шилл.	пенни
1848 ж. 29 сентябрьден— 1849 ж. 29 сентябрьге дейін	1	3 1/4	0	3	1	6 1/4
1868 ж. 29 сентябрьден 1869 ж. 29 сентябрьге дейін	2	7 1/4	0	6	3	1 1/4

Сонымен, қажетті тіршілік заттарының бағасы бұдан жы-
ырма жыл бұрынғысымен салыстырғанда екі есе дерлік өс-
кенде, ал киімнің бағасы — дәл екі есе өскен.

Ал тіпті мұндай сәйкеспеушілікті былай қойғанда, ақша-
мен көрсетілген жалақы дәрежесін салыстырудың өзі ғана
тіпті де дұрыс қорытынды бере алмайды. Ашаршылыққа де-
йін деревняда жалақының көп бөлегі заттай берілген еді, тек
аз бөлегі ғана ақшалай төленген болатын; кәзіргі кезде ақша-
лай төлеу жалпы әдет болып отыр. Міне осының өзінен-ақ
реалды жалақының өзгерісі қандай болса да оның ақшалай
көрінісі өсуге тиісті еді деген қорытынды шығады.

«Ашаршылыққа дейін ауылшаруашылық күндікшісінің тоқымдай жері
болған еді, ол жерінде картоп егіп, шошқа мен құс ұстаған еді. Қазіргі
кезде оның өзіне керек тіршілік заттарының бәрін де сатып алуына тура

^{186d} «Reports from Poor Law Inspectors on the Wages of Agricultural Labourers in Ireland». Dublin. 1870. Сонымен қатар салыстырыңыз: «Agricultural Labourers (Ireland). Return etc.», 8 th March 1861.

келіп отырғанымен бірге, оның үстіне оның шошқа, құс және жұмыртқа сатудан түсетін табыстары да қолынан шығып кетіп отыр»¹⁸⁷⁾.

Шындығында, ауылшаруашылық жұмысшылары бұрын ұсақ фермерлермен қосылып кетіп, әдетте, орташа және ірі фермалардың арьсбергарды ғана болып келген еді, олар осыдан өздеріне жұмыс тауып алатын. Тек 1846 жылғы апаттан бермен ғана олар таза жалдама жұмысшылар табының бір бөлегі, өз қожайындарымен тек ақша қатынастары арқылы ғана байланысты ерекше сословие бола бастады.

Біз олардың тұрғын үй жағдайлары 1846 жылға дейін қандай болғанын білеміз. Сол кезден бермен ол жағдайлар одан да нашарлап кетті. Ауылшаруашылық жұмысшыларының кейбір бөлегі, алайда күннен күнге азайып бара жатқан бөлегі әлі де болса фермерлердің жерінде лық толы лашықтарда тұрады, бұлардың аса сұрықсыз жәй-күйі бұл жөнінде ағылшын егіншілік округтарында бар ең жаман жағдайлардың бәрінен де анағұрлым асып түседі. Ал осындай жағдай, Ольстердегі кейбір жерлерді қоспағанда, барлық жерлерде де болып отыр; ол оңтүстікте Қорк, Лимерик, Қилкенни және т. б. графтықтарда сондай; шығыста Уиклоуда, Уэксфордта және т. б.; Ирландияның орталығында Кингс пен Қуинс графтықтарында, Дублин төңірегінде және т. б.; солтүстікте Даунда, Антримде, Тиронда және т. б.; ақырында, батыста Слайгода, Роскоммонда, Мейода, Голуэйд және т. б. сондай. «Бұл,— деп таңданады инспекторлардың біреуі,— дін үшін және еліміздің цивилизациясы үшін маскара нәрсе». Сірә, күндікші жұмысшылардың үңгірлеріндегі өмірін неғұрлым жөндем ету үшін олардан атам заманнан бері тұрғын үйлерге тиісті болып келген тоқымдай жерлерді үнемі тартып алып отырады.

«Лендлордтар мен олардың шаруашылық басқарушылары душар егіп отырған осындай қорлықты сезіп білу ауылшаруашылық күндікшілерінің өздеріне правосыз нәсіл ретінде қарап отырған адамдарға деген антагонизм және жек көру сезімдерін туғызды»^{187а)}

Егіншілікте болған революцияның бірінші актысы — жұмыс орындарындағы лашықтарды жоюдың орасан зор көлемде және жоғарыдан атой берілгендей жүргізілуі болды. Көптеген жұмысшылар баспананы деревиялар мен қалалардан іздеуге мәжбүр болды. Ол жерлерде оларды, үйінді шүберктей, ең нашар кварталдардағы шатырларға, үйшіктерге, подвалдар мен вертептерге апарып тықты. Ұлттық соқыр сенімдері күшті ағылшындардың айтуы бойынша да өзінің от басы-

¹⁸⁷⁾ Бұл да сонда, 29, 1-беттер.

^{187а)} Бұл да сонда, 12-бет.

на деген сирек кездесетін ықыластылығымен, өздерінің ақ жарқын көңілділігімен және семьядағы мінез-құлықтарының кіршіксіз тазалығымен сипатталатын мыңдаған ирланд семьялары ойламаған жерден азғындық таратушы орындарға апарып тасталды. Еркектердің енді жұмысты көршілес фермерлерден іздеуіне тура келді, фермерлер оларды тек күндеп қана, яғни жалақының ең сенімсіз формасы негізінде ғана жалдап отырды; бұл жағдайда

«олар енді фермаға дейін және онан үйіне қарай ұзақ жол жүруге, жиі-жиі жауын астында қалып, қатты жаурауға және көбінше әлін кетіріп, ауруға шалдықтыратын және, демек, мұқтаждыққа түсіретін басқа да қиыншылықтарға ұшырауға мәжбүр болады»^{187b)}.

«Селолық округтарда артық болып қалған жұмысшыларды қалалардың жылдан жылға қабылдап отыруына тура келді»^{187c)}, міне осыдан кейін де жұрт «қалалар мен қалашықтарда жұмысшылардың артық, ал деревняда — жұмысшылардың жеткіліксіз!» болуына»^{187d)} таңданады. Істің ақиқаты мынадай: бұл жеткіліксіздік «қауырт егіншілік жұмыстарының кезінде, егін орағы немесе көктем кезінде ғана сезіліп отырады, ал жылдың қалған мерзімдерінде көптеген жұмысшылар жұмыссыз жүреді»^{187e)}, «егін жинап алынғаннан кейін, октябрь айынан көктем басталғанға дейін, оларға қандай да болсын жұмыс табылып жарымайды»^{187f)} және олардың жұмысы болған кездің өзінде де «олар көбінесе бүтіндей күндерін босқа өткізіп, олардың жұмысы әр түрлі үзілістерге ұшырап отырады»^{187g)}.

Егіншілікте болған революцияның, яғни егістік жерді мал жайылымына айналдырудың, машиналарды қолданудың, еңбектен қатты үнем жасаудың және т. б. осы зардаптарын өзінің ренталарын шетелде тұтынудың орнына Ирландияда, өзінің иеліктерінде тұруға рай көрсетіп отырған үлгілі лендлордтар бұрынғысынан да гөрі шиеленістіре түседі. Сұраныс пен ұсыныс заңын бұзбас үшін бұл мырзалар

«енді өздеріне керек еңбектің бәрін дерлік, өздерінің ұсақ фермерлерінен алып отырады, бұл фермерлер, сонымен, өздерінен қашан талап етілетін болса да, өз лендлордтарына көбінесе қарапайым күндікшілердің жалақысынан да төмен жалақыға еңбек етуге мәжбүр болады, егістің немесе орақтың ең қызу кезеңдерінде фермердің өз егістік жерлерін тастап кетуіне тура келетіндіктен туатын қолайсыздықтар мен шығындарды айтпаса да болады»^{187h)}.

^{187b)} Бұл да сонда, 25-бет.

^{187c)} Бұл да сонда, 27-бет.

^{187d)} Бұл да сонда, 26-бет.

^{187e)} Бұл да сонда, 1-бет.

^{187f)} Бұл да сонда, 32-бет.

^{187g)} Бұл да сонда, 25-бет.

^{187h)} Бұл да сонда, 30-бет.

Сонымен жұмыстың қамтамасыз етілмеуі мен үнемі болып отырмауы, жиі және ұзақ уақыт болатын жұмыссыздық — от-носительді артық халықтың осы белгілерінің бәрі кедейлерге қамқоршылық жасаушы мекемелер инспекторларының есеп-терінде Ирландияның егіншілік пролетариатының нағыз соры ретінде көрсетіледі. Нақ осындай құбылыстар ағылшын ауылшаруашылық пролетариатының арасында да болғанын еске түсірейік. Бірақ айырмашылық мынада: Англияда, өнер-кәсіпті елде, өнеркәсіп резерв армиясы деревнядан алынады, ал Ирландияда, егіншілікті елде, егіншілік резерв армиясы қуылған ауылшаруашылық жұмысшылары барып паналайтын қалалардан алынады. Англияда басы артық ауылшаруашы-лық жұмысшылары фабрикалық жұмысшыларға айналып отырады; ал Ирландияда қалаларға қуылғандар, қалаларда-ғы жалақыға да қысым жасап отырғанымен, солай бола тұрса да ауылшаруашылық жұмысшылары болып қала береді және жұмыс іздеп үнемі деревняға кетіп отырады.

Ресми есептердің авторлары ауылшаруашылық жұмысшы-ларының материалдық жағдайлары жөніндегі қорытындыла-рын былайша қорытады:

«Бұл жұмысшылар өте-мөте ұқыпты тұратын болсадағы, алайда олар-дың жалақысы өзі мен өзінің семьясына тамақ тауып, үй жалдап алуына әрең-әрең жетеді. Киім сатып алу үшін қосымша табыстар керек болады... Басқа да жоқшылықтарымен қоса олардың тұрғын үйлерінің жағдайы бұл тапты сүзек пен құрт ауруларына көп ұшырайтын етіп отыр»¹⁸⁷¹⁾.

Міне осыдан кейін, есептердің авторларының бірауыздан айтуы бойынша, бұл таптың арасына қасіретті наразылық еніп отырса, ол тап өткенге қарай кері шақырып, кәзіргіні жаратпай, келешектен түңіліп, «демагогтердің зиянды ықпа-лына беріліп», бір ғана нәрсені — Америкаға эмиграцияға ке-туді арман етіп отырса, бұл ешқандай таңданарлық нәрсе емес. Атышулы мальтустік панацея — халықтың азаюы келіп жасыл алқапты Эрииді¹⁹¹ міне қандай рахат өлкеге айнал-дырды десеңізші!

Ирланд өнеркәсіп жұмысшыларының қандай рахат тауып отырғанын мынадай бір мысал жеткілікті айқын көрсетеді.

«Ирландияның солтүстігіне өзімнің жуырда жасаған инспекторлық сапарым кезінде»,— дейді ағылшынның фабрика инспекторы Роберт Бей-кер,— «бір шебер ирланд жұмысшының өзінің өте аз қаржысымен бала-ларына білім беруге тырысканы мені аса таңдандырды. Мен оның өз аузы-нан естіген әңгімемді толық келтірейін. Оның шынында шебер фабрика жұмысшысы екені оның еңбегі Манчестер рыногына шығарылатын товарлар-ды өндіру үшін пайдаланылып отырғанынан көрінеді. Джонсон: Маман-дығым жағынан мен кендір түтушімін, дүйсенбіден жұмаға дейін ертенгі

¹⁸⁷¹⁾ Бұл да сонда, 21, 13-беттер.

сағат 6-дан түнгі сағат 11-ге дейін жұмыс істеймін; сенбі күндері біз жұмысты кешкі сағат 6-да бітіріп, түскі ас пен дем алуға 3 сағатымыз болады. Менің бес балам бар. Бұл жұмысым үшін мен аптасына 10 шиллинг 6 пенни аламын; менің әйелім де жұмыс істеп, аптасына 5 шиллинг табады. Он екі жасар үлкен қызым үйге қарайды. Біздің ас пісірушіміз де, бірден-бір жәрдемшіміз де сол. Ол кіші балаларымызды мектепке әзірлейді. Әйелім менімен бірге тұрып, менімен бір мезгілде жұмысқа кетеді. Біздің үйіміздің жанынан өтетін бір қыз мені таңертеңгі сағат 5¹/₂-да оятады. Жұмысқа кетерде біз ештеңе ішпейміз, Ұзақ күн бойына онекі жасар қызымыз кіші балаларымызды қарап отырады. Біз таңертеңгі асты сағат 8-де ішеміз, осының үшін үйге келеміз. Шайды біз аптасына бір рет ішеміз; жалпы алғанда бізде кисель (stirabout) болып тұрады, оны біз, қайсысын сатып алуға жағдайымыз келетініне қарай, кейде сұлы ұнынан, кейде жүгері ұнынан жасаймыз. Қысты күндері бізде жүгері ұнынан басқа аздап қант және су ғана болады. Жазды күні біз азғантай картоп жинап аламыз, оны тоқымдай жерге өзіміз егеміз, ал картобымыз таусылған кезде қайтадан кисельге көшеміз. Жыл тәулігі күннен күн, жексенбі күндері де, жәй күндері де, осылай өтіп жатады. Жұмысты аяқтағаннан кейін мен әрқашан кешке қатты шаршағандығымды сеземін. Бір кесек етті біз ерекше жағдайларда ғана, өте сирек көреміз. Балаларымыздың үшеуі мектепке барады, ол үшін біз әрқайсысына аптасына 1 пенниден төлейміз. Біздің пәтер ақымыз аптасына 9 пенни болады, үй жылытатын шымтезек екі аптаға кем дегенде 1 шиллинг 6 пенни тұрады»¹⁸⁸⁾.

Ирландиялық жалақы міне осындай, ирландиялық өмір міне осындай!

Шынында да, Ирландияның қайыршылығы Англияда тағы да шұғыл мәселе болып отыр. 1866 жылдың аяғы мен 1867 жылдың бас кезінде Ирландия жерлесі алпауыттарының бірі, лорд Дафферин «Times» беттерінде осы мәселені шешуді қолына алды. «Мұндай әйдік мырзаның тарапынан мұның өзі қандай адамгершілік десеңізші!»¹⁹²

Е кестесінен біз мынаны көрдік: 1864 жылы жалпы сомасы 4 368 610 фунт стерлинг пайдадан бас-аяғы үш капиталист қана 262 819 фунт стерлинг алған, ал 1865 жылы «нәпсісін тыюдың» осы үш шебері 4 669 979 фунт стерлинг жалпы пайдадан 274 528 фунт стерлингті өз қалталарына салды; 1864 жылы 26 капиталист 646 377 фунт стерлинг алды, 1865 жылы 28 капиталист — 736 448 ф. ст. алды; 1864 жылы 121 капиталист — 1 076 912 ф. ст.; 1865 жылы 150 капиталист — 1 320 906 ф. ст.; 1864 жылы 1 131 капиталист — 2 150 818 ф. ст., жалпы жылдық пайданың жартысын дерлік алды; 1865 жылы 1 194 капиталист — 2 418 833 ф. ст., жалпы жылдық пайданың жартысынан көбін алды. Ал Англияның, Шотландияның және Ирландияның жерлесі алпауыттарының ат төбеліндей бір тобының ұлттық аренда ақысының жылдық сомасынан жалмап отыратын үлесінің керемет көп екені сонша, ағылшын мемлекеттік кеменгерлігі жер рентасының бөлінуі жөнінде, пайда-

¹⁸⁸⁾ «Reports of Insp. of Fact. for 31 st October 1866», p. 96.

ның бөлінуі жөнінде берілетіндей, статистикалық материал бермеу жөн деп тауып отыр. Лорд Дафферин — осындай жер иесі алпауыттардың бірі. Рента мен пайданың әйтеуір бір уақытта «артық» болуы мүмкін немесе олардың молдығы халықтың қайыршылығының молдығымен қалай да бір байланыста болады дегенге келсек, — бұл түсінік, әлбетте, қаншама «теріс» (unsound) түсінік болса, соншама «irrespectable» [«сорақы»] да түсінік. Лорд фактілерге сүйенеді. Ал факті дегеніміз мынадай: ирланд халқының саны кемуімен бірге ирланд жер рентасы өседі, халықтың кемуі жер меншікшісі үшін, демек, жер үшін де, олай болса жерге ғана тиісті халық үшін де «игілік» болып табылады. Сонымен, лорд былай дейді: Ирландияда әлі де болса халық артық және эмиграцияның толқыны әлі де болса өте баяу болып отыр. Нағыз бақытқа жету үшін Ирландия әлі де болса кем дегенде $\frac{1}{3}$ миллион жұмысшыдан арылуға тиіс дейді. Басқаларының бәрін былай қойғанда, осынау асқақтаған маңғаз лорд, өзінің емдеп жүрген ауру адамының беті бері қарамағанын сезген соң қан алуға бұйырған, онан кейін тағы да қан алып, ақырында, аурудың қанымен бірге жаны да шыққанға дейін қан ала беретін Санградо мектебінен шыққан бір дәрігер екен деп ойлап қалмаңыз. Лорд Дафферин 2 миллиондай адамның орнына не бәрі $\frac{1}{3}$ миллион адамнан ғана тағы да қан алуды талап етіп отыр; бұларды кетірмейінше Эринде шынында мыңжылдық жақсы заман орнамайтын көрінеді. Дәлел келтіру қиын емес.

Ирландиядағы 1864 жылғы фермалардың саны мен көлемі

1 1 акрге дейінгі фермалар	2 1-ден 5 акрге дейінгі фермалар	3 6-дан 15 акрге дейінгі фермалар	4 16-дан 30 акрге дейінгі фермалар
Саны Көлемі 48 653 25 394	Саны Көлемі 82 037 288 916	Саны Көлемі 176 368 1 836 310	Саны Көлемі 136 578 3 051 343
5 31-ден 50 акрге дейінгі фермалар	6 51-ден 100 акрге дейінгі фермалар	7 100 акрден көп фермалар	8 Жалпы көлемі
Саны Көлемі 71 961 2 906 274	Саны Көлемі 54 247 3 983 880	Саны Көлемі 31 927 8 227 807	20 319 924 акр. ^{188а)}

^{188а)} Жалпы жер көлеміне шымтезекті батпақтар мен өңделмеген бос жерлер де кіреді.

1851—1861 жылдар ішінде жүргізілген орталықтандыру көбінесе алғашқы үш категориядағы, 15 акрге дейін жері бар фермаларды жойды. Олар ең алдымен жойылуға тиіс. Мұның өзі 307 058 «артық» фермер береді, және, әрбір семьяда орта есеппен кем дегенде 4 адам бар деп алғанда, жалпы жиыны 1 228 232 адам болып шығады. Жер революциясы аяқталғаннан кейін олардың $\frac{1}{4}$ қайтадан сіңіседі деп адам нанғысыз жорамал жасағанның өзінде де, сонда да 921 174 адамның эмиграцияға кетуіне тура келеді. 15 акрден жоғары, 100 акрден кем жері бар 4, 5 және 6 категориядағы фермалар, Англияда баяғыдан бері-ақ мәлім болып отырғанындай, капиталистік астық шаруашылығы үшін өте ұсақ, ал қой шаруашылығы үшін мүлдем болмашы ғана фермалар болып табылады. Демек, жоғарыдағы жорамалымыз бойынша, тағы да 788 761 адамның эмиграцияға кетуіне тура келеді, сонда жиыны 1 709 532 адам болады. Ал *l'appétit vient en mangeant* [адамның төбегі ас ішкенде келеді дегендей], ірі жер меншікшілерінің көзі ұзамай-ақ мынаны көреді: халқы $3\frac{1}{2}$ миллион болғанымен Ирландия — әлі де болса қайыршы күйіндегі ел, ал оның мұндай қайыршылығының себебі — оның халқының артықтығы; демек, өзінің Англия үшін қой бағатын және мал жайылымы елі деген шынайы міндетін атқара алатын болуы үшін оның халқы бұдан былай да едәуір азая беруі керек ^{185b}).

Міне бұл пайдалы әдістің, бұл дүниедегі жақсы заттардың бәрінде болатыны сияқты, кемшіліктері де бар. Ирландияда

^{185b}) Осы еңбектің үшінші кітабында, жер меншігі туралы бөлімде, мен кейбір жер меншікшілері мен ағылшын заңдарының егіншілікте революцияны күшпен жүргізу және Ирландияның халқын лендлордтарға тиімді мөлшерге түсіру мақсатымен астықты және соған байланысты туған жағдайларды қалай етіп жоюға түрде пайдаланып отырғанын толығырақ көрсетемін. Сол бөлімде мен ұсақ фермерлер мен ауылшаруашылық жұмысшыларының жағдайына да қайта ораламын. Бұл арада тек бір ғана цитата келтірейін. Nassau У. Сениор өлгеннен кейін жарияланған шығармасында «*Journals, Conversations and Essays relating to Ireland*», 2 vols., London, 1868, v. II, p. 282, мәселен былай дейді: «Д-р Дж. біздің кедейлер туралы заңымыз арқасында бізде лендлордтарға жеңіс өперу үшін қолданатын күшті құралымыз бар; ал екінші қаруымыз — эмиграция деп әділін айтады. Ирландияның бірде-бір досы соғыстың» (лендлордтар мен ұсақ кельт фермерлердің арасындағы соғыстың) «сөзіла беруін тілемейді, — ал оның фермерлердің жеңісімен аяқталуын одан әрі тілемейді... Ол» (осы соғыс) «неғұрлым тезірек аяқталса, Ирландия мал жайылымы болып отырған ел үшін керекті шамалы ғана халқы болатын мал жайылымы еліне (*grazing country*) неғұрлым тезірек айналса, — барлық таптарға бұл соғұрлым жақсы болады». 1815 жылығы ағылшын астық заңдары Ирландияның Великобританияға астықты еркін әкелу монополиясын қамтамасыз етті. Сонымен, олар дәнді астық егістерін өндетеу әдейі қамқорлық жасап отырды. 1846 жылы астық заңдарының жойылуымен бірге бұл монополия да кенет жойылды. Басқа жағдайлардың бәрін айтпағанның өзінде, Ирландияның егістік жерлерін мал жайылымына айналдыруға күшті қарқын беру үшін, фермаларды шоғырландырып, ұсақ шаруаларды қуып шығу үшін осы жағдайдың бір өзі-ақ жеткілікті болды. Ағылшын агрономдары, экономистері мен саясатшылары 1815—1846 жылдар ішінде Ирландия жерінің құнарлылығын өбден дәріптеп, ол жерді табиғаттың өзі бидай өндіруге ғана арнаған жер деп жар салған болса, енді олар кенеттен келіп ол жер мал азығы шөптерін өндіруден басқа мүлде ешнәрсеге жарамсыз деп тауып отыр! Леонс де Лавернь мырза Ла-Манштың екінші жағында жатып осы пікірді қайталап айтуға асықты. Мұндай ертегілерге наным қалу үшін Лавернь сияқты «байсалды» адам болу керек болғаны ғой.

жер рентасының қорлануымен қатар ирландықтар Америкаға ауып барып жиналуда. Қой мен өгіз ығыстырып шығарған ирландтық мұхиттың екінші жағында фенилер¹⁹³ тәрізді тіріліп жатады. Сонымен, теңіздердің бұрынғы билеушісіне қарсы аса қуатты жас республика бірден-бірге қорқынышты бола түсуде.

Acerba fata Romanos agunt
Scelusque fraternae necis¹⁹⁴

Ж И Ы Р М А Т Ө Р Т І Н Ш І Т А Р А У

КАПИТАЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚОРЛАНУЫ ДЕЙТІН ҚОРЛАНУ

1. АЛҒАШҚЫ ҚОРЛАНУДЫҢ СЫРЫ

Біз ақшаның капиталға қалай айналатынын, капиталдың қосымша құнды қалай өндіретінін және қосымша құнның есебінен капиталдың қалай көбейетінін көрдік. Ал капиталдың қорлануы қосымша құнға, қосымша құн капиталистік өндіріске, ал бұл соңғының өзі товар өндірушілердің қолында елеулі мөлшерде капитал мен жұмыс күшінің болуына байланысты. Сонымен, бұл қозғалыстың бәрі тұйық шеңберде айналып жүретін тәрізді; сондықтан капиталистік қорланудан бұрын «алғашқы» қорлану (А. Смиттің айтуынша «previous accumulation»),— капиталистік өндіріс әдісінің нәтижесі ретіндегі қорлану емес, оның бастама пункті ретіндегі қорлану болды деп ұйғармайынша, біз бұл тұйық шеңберден шыға алмаймыз.

Дін ілімінде күнәһарлық қандай роль атқарса, бұл алғашқы қорлану саяси экономияда шамамен сондай роль атқарады: Адам ата алманы татамын деп, адам баласын күнәга батырған. Алғашқы қорлану туралы атамзаманда болған тарихи анекдот ретінде айтып, оның пайда болуын былай түсіндіреді. Бұрынғы өткен заманда, бір жағынан, еңбек сүйгіштер, әсіресе, ұқыпты ақылды таңдаулы адамдар тобы, екінші жағынан, өзінің қолда барын, тіпті онан да артық ішіп-жеп қоятын көптеген жалқау жалба-жұлбалар болған. Рас, күнәһарлық жөніндегі діни ертегі бізге адамдар маңдай терін төгіп еңбек етіп барып нан жеуге тиіс болғанын айтады; ал экономикалық күнәһарлықтың тарихы еңбек етуге мүлде мұқтаж емес адамдардың қалай пайда болғанын ашып береді. Бірақ мұның бәрі бір. Алғашқылар байлық жинаған болып шығады, ал соңғылардың, ақыр аяғында, өздерінің жон терісінен басқа сатарлық ештеңесі қалмаған болып шығады. Осы күнәһарлық заманынан бастап, барынша еңбек етуіне қарамастан, өзінен басқа сатарлық ештеңесі жоқ қалың бұқараның кедейлігі және аздаған адамдардың байлығы пайда болады, бұл адамдар жұмыс істеуді баяғыда-ақ қойғанына қарамастан, бұл байлық үнемі өсе береді. Мәселен, *progrité-ni* [меншікті] ақтау

мақсатымен осы сияқты сорақы ертегіні ежелден сөз тапқыш француздарға Тьер мырза қайта-қайта айтып жүр, айтқанда да мемлекет қайраткерінше маңғазданған байсалды пішінмен айтады. Алайда, әңгіме меншік туралы мәселеге байланысты болғандықтан, бойыңдағы ардақты борыштың барлық жастағы адамдар үшін және дамудың барлық сатысы үшін бірден-бір дұрыс көзқарас ретіндегі балалар әліппесінің көзқарасын жақтауға міндеттейді. Шынайы тарихта басып алудың, құлдыққа салудың, талап-тонаудың, қысқасын айтқанда, зорлықтың аса маңызды роль атқаратыны белгілі. Бірақ биязы саяси экономияда баяғыдан бері-ақ идиллия дәурен сүріп келді. Право мен «еңбек» баяғыдан-ақ баудың бірден-бір құралы болды,— әрине, «осы жыл» ғана үнемі есепке кірмейтін-ді. Шындығында не нәрсені болса да алғашқы қорланудың әдісі болды деуге келер, тек идиллия жөнінде мұны айтуға болмайды.

Нақ тіршілік заттары мен өндіріс құрал-жабдықтары сияқты ақша мен товарлар өздігінен эсте капитал болмайды. Олар капиталға айналдырылуға тиіс. Бірақ мұндай айналыстың белгілібір жағдайларда ғана орын алуы мүмкін, ондай жағдайлар мынадай: бір бірінен мүлде өзгеше екі товар иесі бір бірімен кездесіп, өзара байланыс жасаулары керек,— олар бір жағынан, ақшаның, өндіріс құрал-жабдықтарының және тіршілік заттарының иесі, ол өзі иемденіп алған құнның сома-сын онан әрі молайта беру үшін бөтеннің жұмыс күшін сатып алуы керек; екінші жағынан, еркін жұмысшылар, өздерінің жұмыс күшін сатушылар, демек, еңбекті сатушылар. Еркін жұмысшылар екі түрлі тұрғыдан еркін болады: олардың өздері құлдар, крепостнойлар, т. т. сияқты тікелей өндіріс құрал-жабдықтарының қатарына жатпайды, сонымен қатар олардың өз алдына дербес шаруашылық жүргізетін шаруалардағы сияқты өндіріс құрал-жабдықтары да болмайды, т. т. керісінше, олар өндіріс құрал-жабдықтарынан бос, олардан құтылған, олардан айрылған. Товар рыногының осы екі өңірі арқылы капиталистік өндірістің негізгі шарттары жасалады. Капиталистік қатынас еңбектің жүзеге асырылу шарттарына деген меншіктің жұмысшылардан бөлінуін керек етеді. Капиталистік өндіріс өз аяғына тік басқан соң-ақ бұл бөлінуді қуаттаумен бірге оны үнемі өскелең көлемде ұдайы өршітіп отырады. Сонымен, капиталистік қатынасты туғызатын процесс жұмысшыны оның еңбек ету шарттарына деген меншіктен айыру процесі,— бір жағынан, қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарын капиталға айналдыратын процесс, екінші жағынан, тікелей өндірушілерді жалдама жұмысшыларға айналдыратын процесс болып табылады, бұдан басқаша бол-

мақшы емес. Демек, алғашқы қорлану дейтініміз анығында өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан айыратын тарихи процесс болып табылады. Оның «алғашқы» болып көрінетін себебі — ол капитал тарихының және оған сәйкес келетін өндіріс әдісі тарихының табалдырығы болып табылады.

Капиталистік қоғамның экономикалық құрылымы феодалдык қоғамның экономикалық құрылымынан өсіп шықты. Соңының іріп-шіруі алғашқының элементтерін босатты.

Тікелей өндіруші, жұмысшы, оның жерге шырмалуы және оның басқа біреуге крепостнойлық немесе феодалдык тәуелділігі тоқталған кезде ғана өз басына өзі билік етуге мүмкіндік алады. Мұнан соң, жұмыс күшін еркін сатушы, өз товарын оған сұраныс болатын жерге апарып сатушы болу үшін жұмысшы цехтардың үстемдігінен, шәкірттер мен кіші мастерлер жөніндегі цехтық уставтардан, еңбек жайындағы басқа да тежеуші ережелерден құтылуға тиіс болды. Сонымен, өндірушілерді жалдама жұмысшыларға айналдыратын тарихи процесс, бір жағынан, оларды феодалдык міндетті жұмыстар мен цехтық зорлықтан азат ету түрінде көрінеді; біздің буржуазияшыл тарихшылар процесің тек осы жағын ғана көреді. Ал, екінші жағынан, азат болушылар өздерінің барлық өндіріс құрал-жабдықтарынан және ескі феодалдык тәртіптер камтамасыз етіп келген барлық тіршілік тірегінен айрылғанда ғана өздерін өздері сатушы бола алады. Олардың бұл экспроприациялануының тарихы адамзат шежіресіне қан мен оттың жалын атқан тілімен жазылған.

Өнеркәсіп капиталистері, осы жаңа билеп-төстеушілер, өз тарапынан цех мастерлерін ғана емес, сонымен қатар байлық көздерін иемденген феодалдарды да ығыстырып шығаруға тиіс болды. Бұл жағынан алып қарағанда олардың мерейі үстем болуы феодалдык өкіметке, оның адам күйінерлік артықшылықтарына қарсы, сол сияқты цехтарға қарсы және өндірістің еркін дамуына, адамды адамның еркін қанауына цехтардың жасап отырған шырмауына қарсы жеңімпаз күресінің жемісі ретінде көрінеді. Алайда өнеркәсіп серілері олардың өздерінің мүлде қатысы болмаған жағдайларды пайдалануы арқасында ғана семсер серілерін ығыстыра алды. Олар бір кезде Римнің азаттық алғандарының өз қамқоршыларының әміршісі болуына мүмкіндік берген нақ сол жеркенішті амалдарды пайдалану арқылы мерейлі болды.

Жалдама жұмысшыны да, капиталисті де туғызған дамудың бастама пункті—жұмысшының құлдығы болды. Бұл дамудың мәні жұмысшыны құлданудың формасын өзгертуде, феодалдык қанауды капиталистік қанауға айналдыруда болды. Бұл процесің барысын түсіну үшін біздің өткен заманға өте

алыстап кетуіміздің қажеті жоқ. Капиталистік өндірістің алғашқы белгілері Жерорта теңізі жағалауындағы кейбір қалаларда XIV және XV ғасырларда-ақ некен-саяқ кездесе бастағанымен, капиталистік заман тек XVI ғасырдан басталады. Ол аяқ басқан жерде крепостниктік право баяғыда-ақ жойылды және ортағасырлық дәуірдің жарқын беті болған еркін қалалар солып қалды.

Қапиталдың алғашқы қорлану тарихында капиталистер табының пайда болуына тірек болған төңкерістер, ең алдымен көптеген адамдарды өздерінің тіршілік заттарынан күтпеген жерден күшпен айырып, заңнан тыс қойылған пролетарлар түрінде еңбек рыногына шығарып тастаған жағдайлар көрнекті орын алады. Ауыл шаруашылық өндірушісінің, шаруаның жерін экспроприациялау бүкіл процестің негізі болды. Бұл экспроприацияның тарихы түрлі елдерде түрліше сипатта көрінеді, әрқилы тәртіппен, түрлі тарихи замандарда түрліше кезеңдерден өтіп отырады. Мұның үздік формасы Англияда ғана болды, сондықтан да біз осыны мысалға алып отырымыз¹⁸⁹⁾.

2. СЕЛО ХАЛҚЫНЫҢ ЖЕРІН ЭКСПРОПРИАЦИЯЛАУ

Англияда крепостнойлық тәуелділік іс жүзінде XIV ғасырдың аяғында бітті. Халықтың басым көпшілігі¹⁹⁰⁾ ол кезде — XV ғасырда онан да көбірек— меншігі феодалдық бүркеністің қандайымен бүркемеленсе де өз бетінше дербес шаруашылық жүргізетін еркін шаруалар болды. Негұрлым ірі байбатша имениелерінде бір кезде өзі крепостной болған (басқарушыны) еркін фермер ығыстырып шығарды. Екіншіліктегі жалдама жұмысшылардың бір бөлегі бос уақытын ірі жер иелеріне жұмыс істеуге пайдаланатын шаруалардан, бір бөлегі отпосительді жағынан да, абсолютті жағынан да саны аз, кәдімгі

¹⁸⁹⁾ Италияда, капиталистік өндіріс бәрінен бұрын дамыған жерде, крепостнойлық қатынастар да бәрінен бұрын іріл-шірді. Мұнда крепостной шаруа өзін қандай да болсын жер иемдену правосымен қамтамасыз етуден бұрын кіріптарлықтан құтылды. Сондықтан азат болу оны дереу заңнан тыс қойылған пролетарға айналдырады, ол көпшілігі римдік дәуірден сақталып қалған қалалардан дереу жана қожайындар табды. XV ғасырдың аяғынан бастап дүниежүзілік рынок революциясы¹⁸⁵ Солтүстік Италияның саудадағы артықшылығын жойғаннан кейінгі жерде кері бағыттағы қозғалыс басталды. Жұмысшылар қалалардан деревняларға жаппай ығыстырылып, онда бау-бақша шаруашылығы түрінде ұйымдастырылған ұсақ егіншілік мөденнетін үздік гүлдендіре бастады.

¹⁹⁰⁾ «Өз жерін өз еңбегімен өңдейтін және жұпыны әл-ауқатты місе тұтқан... ұсақ жер иелері ол кезде кәзіргіге қарағанда ұлттың анағұрлым елсулі бөлегі болатын... Семьяларымен қоса алғанда, бәлкім, бүкіл халықтың жетіден бір бөлегінен асатын кемінде 160 000 жер меншікшілері өздерінің ұсақ freehold-учаскелерін» (freehold-жерге толық меншік) «өңдеумен күн көрді. Бұл ұсақ жер иелерінің орташа табысы 60—70 фунт стерлинг болып бағаланады. Есептей келгенде өз жерін өңдейтіндердің саны басқа біреудің жерін арендаға алушылардан көп болып шықты» (*Macaulay*. «History of England» 10 th ed. London, 1854, v. I, p. 333, 334). XVII ғасырдың соңғы отыз жылы ішінде де ағылшын халқының 1/5-і егіншілікпен шұғылданды (сонда, 413-бет); — Макюлей үнемі тарихты бурмалаушы ретінде мұндай фактілерді мүмкіндігінше «боямалап» бағады, сондықтан мен цитатаны содан алып отырмын.

ерекше жалдама жұмысшылар табынан құралған болатын. Мұның үстіне бұл соңғылардың өзі іс жүзінде өз алдына дербес шаруашылық жүргізуші шаруалар болды, өйткені олар жалақымен бірге коттедж, сол сияқты 4 акр және онан да артығырақ егіндік жер алып отырды. Мұнымен бірге олар нағыз шаруалармен бірлесіп қауымдық жерді де пайдаланды, онда өзінің малын бақты, одан отындық материалдар: ағаш, шымтезек, тағы сондайлар алды¹⁹¹⁾. Еуропаның барлық елдерінде де феодалдық өндіріс жердің мүмкін қадерінше көптеген вассалды тәуелді адамдар арасында бөлінуімен сипатталады. Феодал мырзалардың, сол сияқты басқа да барлық суверендердің күш-қуаты олардың ренталарының көлеміне емес, оларға бағынышты адамдардың санына байланысты, ал бағынышты адамдар саны дербес шаруашылық жүргізетін шаруалар санына байланысты¹⁹²⁾. Сондықтан, Англия жері нормандар жаулап алғаннан кейін көбінесе әрқайсысы 900-ге дейін ескі ағылшын-саксон лордтықтарын қамтитын орасан зор барондықтарға бөлінгендігіне қарамастан, онда ұсақ шаруа шаруашылықтары көп болатын, тек кей жерлерде ғана бұл ұсақ шаруашылықтар аралығында ірі байбатша помещьелері орналасқан-ды. Мұндай қатынастар XV ғасырға тән қалалық өмірдің жаппай гүлденуімен қатар халық байлығына мүмкіндік жасады, бұл байлықты канцлер Фортескью өзінің «Laudibus Legum Angliae» деген еңбегінде соншалық ділмәрлікпен суреттейді, бірақ бұл қатынастар капиталистік байлыққа мүмкіндік бермеді.

Капиталистік өндіріс әдісінің негізін жасаған төңкерістің прологы XV ғасырдың соңғы отыз үш жылында және XVI ғасырдың алғашқы он жылында болды. Заңнан тыс қойылған қалың пролетарлар феодалдық жасақтардың таратылуы нәтижесінде еңбек рыногіне шығарылды, феодалдық жасақтар, Джемс Стюарт сэрдің орынды айтқанындай, «барлық үйлер мен сарайларды құр босқа лық толтырған еді»¹⁹⁵⁾. Рас, өзі де буржуазиялық дамудың жемісі болған корольдік өкімет абсолютизмге ұмтыла отырып, бұл жасақтардың таратылуын күшпен шапшаңдатқанымен, бірақ оның өзі жасақтардың

¹⁹¹⁾ Тіпті крепостнойлардың өз қорасына ұштасып жатқан шағын жер учаскесін меншіктенумен бірге,— рас, олар оброк төлеуге міндетті еді,— сонымен қатар қауымдық жерді коллектив болып меншіктенуге де қатысқанын ұмытуға болмайды. «Шаруа онда» (Силезияда)— «крепостной». Алайда, бұл крепостнойлар қауымдық жерді иемденеді. «Осы уақытқа дейін силезиялықтар қауымдық жерді бөлуге көнбей келді, ал Неймаркте жерді ойдағыдай бөлісіп болмаған бірде-бір деревня қалған жоқ». (Mirabeau. «De la Monarchie Prussienne». Londres 1788, t. II, p. 125, 126).

¹⁹²⁾ Жер иемденуді таза феодалдық жолмен ұйымдастырған және ұсақ шаруа шаруашылығы кең өріс алған Жапония еуропалық орта ғасырдың бейнесін біздегі тарихи кітаптардың бәрін де анағұрлым дұрыс суреттейді, өйткені бұл кітаптар көбінесе буржуазиялық соқыр сенімдер тұрғысынан жазылған. Орта ғасыр есебінен «либералшыл» болу өте қолайлы-ақ.

таратылуының бірден-бір себебі болған жоқ. Корольдік өкіметке және прапарламентке қарсы өте күшті антагонистік қатынаста болған ірі феодалдар қауымдық жерлерді басып алып және шаруаларды өз жерінен қуып шығып, бұрынғыдан анағұрлым көп пролетарнатты туғызды,— ол жерлерді меншіктенуге феодалдардың правосы қандай болса, шаруалардың да сондай феодалдық правосы бар еді. Бұған Англияда фландрлық жүн мануфактурасының гүлденуі және осыған байланысты жүн бағасының артуы тікелей түрткі болды. Ескілікті феодал аксүйектерді феодалдық ұлы соғыстар жалмап кетті, ал жаңа аксүйектер заманының перзенті еді, сондықтан олар үшін ақша барлық күштердің ең күдіретгісі болды. Егіндік жерлерді қой жайылымына айналдыру феодалдардың ұраны болды. Харрисон өзінің «Description of England . Prefixed to Holinshed's Chronicles» деген еңбегінде ұсақ шаруаларды осы экспроприациялаудың елге қандайлық бүлдірушілік әсер еткенін суреттейді. Бірақ, «what care our great incroachers!» («біздің ұлы узурпаторларымыздың мұнымен ісі қанша!») деп жазады ол. Шаруалардың үйлері мен жұмысшылардың қоттеждері зорлықпен талқандалған немесе иесіз қалған.

«Егер біз,— дейді Харрисон,— «кез келген сері именовінің ескі тізбесін алып қарайтын болсақ, мынаны көреміз: қисапсыз көп үйлер мен ұсақ шаруа шаруашылықтары жоқ болып кеткен; жердің қазір асырайтын адамдары анағұрлым азайған; жаңа қалалардың гүлденуімен бірге көптеген қалалар құлдырап кері кеткен... Талқандалған және қой жайылымына айналдырылған қалалар мен деревнялар туралы және олардан тек помещиктердің үйлері ғана қалғаны туралы бірқыдыру әңгіме айтып бере алар едім».

Бұлар сияқты ескі шежіренің шағымдары біраз асыра айтылған, дегенмен бұл шағымдар ол кезде өндірістік қатынастарда болған революцияның сол замандағыларға еткен әсерін дәл суреттейді. Біз канцлер Фортескью мен Томас Мордың шығармаларын салыстыра отырып, XV ғасыр мен XVI ғасыр арасындағы шыңырауды айқын көреміз. Торнтонның орынды айтқанындай, ағылшын жұмысшы табы өзінің алтын ғасырынан ешқандай өтпелі сатысыз-ақ темір ғасырына тап болды.

Бұл төңкеріс заң шығару ісін үрейлендірді. Заң шығару «Wealth of the Nation» [«ұлттық байлық»], яғни капитал жасау және халық бұқарасын аяусыз қанап, қайыршыландыру қандай да болсын мемлекеттік даналықтың ultima Thule * болып есептелетін цивилизация дәрежесіне әлі жете қоймаған еді. Бэкон өзінің Генрих VII нің патшалық құру тарихында былай дейді:

* — сөзбе сөз: қиыр шеткі Фула; бұл арада бұл сөз ақтық шегі деген мағынада қолданылып отыр. (Фула — ерте замандарылардың түсінігі бойынша, Европаның қиыр солтүстігіндегі аралдағы ел.) *Red.*

«Сол кезде» (1489 жылы) «егістік жерлердің тек аздаған бақташылардың ғана қарауын керек қылатын жайылымға» (кой жайылымы, т. т.) «айналдырылуына қарсы шағым көбейді; өмірлік немесе жылдық арендаға» (йоминдердің көпшілігі жылдық арендамен тұратын) «берілетін жерлер байбатша именелеріне айналдырылды. Мұның өзі халықтың халінің нашарлауына, демек, қалалардың, шіркеулердің, десятиналардың кері кетуіне әкеліп соқтырды... Король мен парламент бұл дертті таңқаларлық даналықпен емдеуге тырысты... Олар халықты қырғынға ұшырататын қауымдық жерлерді басып алуға (depopulating inclosures) қарсы қауымдық жерлерді басып алумен қат-қабат жүргізілетін, халықты қырғынға ұшырататын жайылымдық шаруашылыққа (depopulating pastuage) қарсы шаралар қолданды».

Генрих VII нің 1489 жылы шығарған заңының 19-тарауы кемінде 20 акр жері бар шаруалардың үйін бұзуға тиым салады. Генрих VIII патшалық құруының 25-ші жылы шығарылған заңы әлгі заңның күшін қайтадан қалпына келтіреді. Онда, мысалы, былай делінген:

«арендалық жердің едәуірі және көптеген табын-табын мал, әсіресе қой аз адамның қолына жиналады, соның салдарынан жер рентасы мықтап өсті, ал егістік жерді (tillage) өңдеу қатты кеміді, шіркеулер мен үйлер бұзылды, сөйтіп адам айтықсыз көп халық өзін және семьясын асырау мүмкіндігінен айрылды».

Сондықтан заң тозған үйлерді қалпына келтіруді міндеттейді, егістік пен жайылымның арасалмағын белгілейді, т. т. 1533 жылы шығарылған бір заң көптеген жеке меншікшілердің 24 000-ға дейін қойы бар деп налиды да, ұстауға болатын қойдың саны екі мыңнан аспауы керек деп шек қояды¹⁹³⁾. Ұсақ фермерлер мен шаруаларды экспроприациялауға қарсы Генрих VII заманынан бастап 150 жыл бойы шығарылып келген заңдар да, халықтың наразылығы да жеміссіз болды. Бұлардың жеміссіз болуының сырын бізге абайсызда Бэконның өзі ашып берді.

«Генрих VII-нің заңында»,— деп жазады ол өзінің «Essaays, civil and poгал» деген еңбегінде, 29-тарау, терең сырлы, таңданарлық бір жағдай, ол егіншілік шаруашылықтары мен үйлерін белгілі қалыпты мөлшерде ұйымдастырды, яғни олардың пайдалануына керегінше жер қалдырды, соның арқасында олар әл-ауқаты әбден жеткілікті, құлдық тәуелділікте болмайтын бағынышты адамдар беріп отырды, ал екінші жағынан, ол жерге салынған плүгті жалдама адамның емес, меншікшінің өз қолы ұстады» («to keep the plough in the hand of the owners and not hirelings») ^{193) а)}

¹⁹³⁾ Томас Мор өзінің «Утопиясында» «адамдарды қой жейтін» таңғажайып ел туралы айтады («Utopia» transl. Arber, London, 1869, p. 41).

^{193) а)} Бэкон ауқатты еркін шаруа мен жақсы жаяу әскер арасындағы байланысты түсіндіреді. «Дені сау қабілетті адамдардың ауқатты өмір сүруін қамтамасыз ету үшін және корольдік жерінің көбін йомендердің, яғни бекзаттар мен қоттерлердің (cottagers) және батрактардың аралығында тұрған адамдардың иемденуіне бекітіп беру үшін аренданың жеткілікті мөлшерін сақтау корольдіктің күш-қуаты мен әлет-ғұрыптарын күшейту жолында аса маңызды шара болды... Өйткені әскери істі өте-мөте жетік білетіндердің бәрі де... армияның негізгі күші инфантерия, яғни жаяу әскер дегенді

Бірақ капиталистік система, керісінше, халық бұқарасының құлдық жағдайда болуын, олардың өздерін жалданушыларға, олардың еңбек құралдарын капиталға айналдыруды талап етті. Осы өтпелі дәуір ішінде заң әрбір селолық жалдама жұмысшының коттеджіне ең кемінде 4 акр жерді бекітіп беруге тырысты және бұл жұмысшының өз коттеджіне тұрғындар жіберуіне тиым салды. 1627 жылы-ақ, Карл I тұсында, Фонтмиллдегі Роджер Крокер өзінің иениесі Фонтмиллде коттедж сала тұрып, оған 4 акр жер бөлмегені үшін айыпталған; 1638 жылы-ақ, Карл I тұсында, ескі заңдарды, әсіресе 4 акр жер жөніндегі заңды жүзеге асыру мақсатымен корольдік комиссия тағайындалған; Кромвель де Лондоннан 4 мильден жақын жерде қасында 4 акр жері жоқ үйлер салуға тиым салған. XVIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ ауылшаруашылық жұмысшысы, егер оның коттеджіне 1 акрден 2 акрге дейін жер берілмеген болса, сотқа шағым арыз берсіді екен. Ал қазір ол, егер өз коттеджінің іргесінде шағын бақшасы болса немесе оған таяу жерден бірнеше шаршы сажын жер ала алатын болса, бақытты саналады.

«Жер иелері мен арендаторлар»,— дейді доктор Хантер,— «мұнда қол ұстасып әрекет етеді. Коттедж маңындағы бірнеше акр жер жұмысшыны тым тәуелсіз етер еді»¹⁹⁴).

Реформацияға және онымен қат-қабат жүргізілген шіркеулік иениелерді мейлінше тонауға байланысты халық бұқарасын зорлықпен экспроприациялау XVI ғасырда қайтадан өрескел асқынып кетті. Реформация қарсаңында Англия жерінің едәуір бөлегі католиктік шіркеудің феодалдық меншігі болды. Монастырьлардың жойылуы, т. т. оларда тұрушыларды пролетариатқа айналдырды. Шіркеу иениелерінің едәуір бөлегі корольдің жыртқыш тамыр-таныстарына сыйлыққа берілді немесе жалдаптық жасаушы фермерлер мен қала тұрғындарына арзанға сатылды, бұлар ескі мұрагер арендаторларды отырған қоныстарынан жаппай қуып шығып, олардың

түгел мақұлдайды. Бірақ жақсы инфантерия құру үшін құлдық пен қайыршылықта өскен адамдар емес, белгілі дәулеті бар еркін өскен адамдар керек. Сондықтан, егер мемлекетте дворяндар мен жоғарғы қауым маңызды орын алатын болса, ал село халқы мен егіншілер тек жұмысшылардан немесе батрақтардан, сол сияқты коттерлерден, яғни күркілі қайыршылардан құралатын болса, онда мұндай жағдайда жақсы атты әскердің болуы мүмкін, бірақ жақсы, мықты жаю әскер әсте де болмайды... Францияда, Италияда және басқа кейбір шетелдер жерінде біз осыны көріп отырмыз, бұларда халық шындығында барлық дворяндардан және қайыршы шаруалардан құралған... сондықтан олар өздерінің жаю батальондары үшін жалдама швейцар бандаларын, т. с. алуға мәжбүр болып отыр, бұл ұлттардың халқы көп болып, бірақ солдаттарының аз болуы міне осыдан» («The Reign of Henry VII etc. Verbatim Reprint from Kennet's England, ed. 1719». London, 1870, p. 308).

¹⁹⁴ Доктор Хантер, «Public Health. 7th Report 1864». London, 1865, p. 134. «Белгіленген» (ескі заңдар бойынша) «жер малшері қазір жұмысшылар үшін тым көп, бұдан олардың ұсақ фермерлерге айналып кетуі мүмкін деген жұр» (George Roberts. «The Social History of the People of the Southern Counties of England in Past Centuries». London, 1856, p. 184, 185).

шаруашылықтарын қосып жіберді. Кедейленген егіншілер шіркеулік десятинаның белгілі бөлегін алуға заң бойынша правосы еді. олардың бұл правосы үнсіз-үнсіз тартып алынды¹⁹⁵⁾. «Pauper ubique jacet»¹⁹⁷⁾,— деді королева Елизавета Англияда жасаған бір саяқатынан кейін. Оның патшалық құруының 43-ші жылында үкімет, ақырында, пауперизмді ресми түрде мойындауға мәжбүр болып, кедейлер үшін салық жинауды енгізді.

«Бұл заңның авторларына оның шығарылу себептерін ашық айту ұят еді, сондықтан да ол заң барлық әдет-ғұрыптан тыс ешқандай преамбулсыз (түсіндірме алғысөзсіз) жарыққа шықты»¹⁹⁶⁾.

Қарл I-нің патшалық құруының 16-шы жылы шығарылған 4-ші акті бұл заңды түпкілікті заң деп жариялады, және тек 1834 жылы ғана оған жаңа, қаталырақ форма берілді¹⁹⁷⁾. Алайда Реформацияның бұл тікелей нәтижелері оның ең маңызды жемісі болмады. Шіркеу мүліктері жер меншігі дәстүрлі қатынастарының діни тірегі еді. Бұл тіректің құлауымен бірге жер меншігі қатынастары да тұрақтай алмады¹⁹⁸⁾.

¹⁹⁵⁾ «Кедейлердің шіркеулік десятинаның бір бөлегіне ие болу правосы тікелей ертедегі заң ережелерінде белгіленген» (*J. D. Tuckett*, цитат алынған шығарма, II том, 804, 805-бттер).

¹⁹⁶⁾ *William Cobbett*. «A History of the Protestant Reformation», § 471.

¹⁹⁷⁾ Бұл ретте протестанттық «рухтың» қалай білініп отырғаны мысалы мынандай көрінеді. Англияның оңтүстігіндегі бірнеше жер меншікшілері мен ауқатты фермерлер бас қосып, ойланып-толғандай да, кедейлер туралы Елизавета заңын түсіндірудің ең дұрыс жолы қайсы деген мәселе жөнінде он сурақ әзірледі. Бұл сурақтарды олар қорытынды жасау үшін сол кездегі атақты юрист, право докторы Сингеге (кейін Яков I тұсында судья болған) береді. «Тоғызыншы сурақта былай делінген: діни қауымның бірсыпыра бай фермерлері данышпандық жоспар ойлап шығарды, заңды орындау кезіндегі барлық абыржушылықты осы жоспардың көмегімен жоюға болады. Олар қауым ішінде түрме салуды ұсынады. Бұл түрмеде отырғысы келмейтін әрбір кедейге көмек көрсетілмеуге тиіс. Одан кейін, көрші селендерге мынаны хабарландыру керек, егер оларда осы қауымның кедейлерін жалға алғысы келетіндер болса, олар белгілі күнде, біздің кедейлерді жалға алып, асырап-сақтаудың ең арзан бағасы көрсетілген жабық өтіншістерін жіберсін. Бұл жоспардың авторлары көрші графтықтарда жұмыс істегісі келмейтін және жерді немесе кемеңі арендаға алып, сөйтіп еңбек етпей күн көруге жеткілікті күші немесе кредиті жоқ адамдар («so as to live without labour») бар деп ойлайды. Мұндай адамдар қауымға өте тиімді ұсыныстар жасай алар еді. Ал егер осындай жалдаушының қамқорлығына берілген кедейлер зәуде өле қалатындай болса, онда күнә сол жалдаушының мойнына түседі, өйткені қауым ол кедейлер жөніндегі өз борышын өтеген-ді. Алайда біз бұл акт мұндай даналық шараларға (prudentia) жол бермес деп қауіптенеміз, бірақ сіз біздің және көрші графтықтардың басқа барлық фригольдерлері бізге қосылатынын және өздерінің қауымдар палатасындағы өкілдерін кедейлерді түрмеге отырғызып, еріксіз еңбек еткізуге рұқсат ететін заң жобасын ұсынуға көндіретінін, сөйтіп түрмеде отырғысы келмейтіндердің бірде-бірінің жәрдем алуға правосы болмайтынын жақсы білуге тиіссіз. Бұл шара, біздің ойымызша, қайыршылыққа түскен адамдарды жәрдем сұрамайтын етеді» («will prevent persons in distress from wanting relief») (*R. Blakey*, «The History of Political Literature from the Earliest Times». London, 1855, v. II, p. 84, 85).— Шотландияда крестниктік право Англияға қарағанда бірнеше жүз жыл кейін жойылды. 1698 жылы-ақ Солтұндағы Флетчер Шотландия парламентінде былай деп мәлімдеді: «Шотландиядағы қайыршылар кем дегенде 200 000 болады. Принципі республикашыл болғандықтан мен бұған қарсы бірден-бір құрал ретінде крестниктік правосы қайта қалпына келтіруді және өздігімен өмір сүруге қабілеті жоқтардың бәрін құлға айналдыруды ұсынамын». Иден де «The State of the Poor», деген кітабында, v. I, ch. I, p. 60, 61: «Егіншілердің азат болуы пауперизмді туғызады. Мануфактура мен сауда— біздің кедейлердің ақиқат арайындары осылар». Иден және жоғарыда цитат келтірілген Шотландияның «принципі республикашылы» бір нәрсе жөнінде ғана қателесіп отыр: егінші крестниктік право жойылғандықтан ғана пролетарий немесе паупер болған жоқ, өзінкі жерге жеке меншігі жойылғандықтан солай болды.— Экспроприация басқаша жолмен жүргізілген Францияда кедейлер туралы ағылшын заңына 1566 жылы Мулен ордонансы мен 1656 жылғы эдикт сай келеді.

¹⁹⁸⁾ Роджерс мырза, ол кезде Оксфорд университетінде, протестанттық ортодок-

XVII ғасырдың соңғы он жылында-ақ иомендер, тәуелсіз шаруалар, арендаторлар табына қарағанда, көбірек болды. Олар Кромвельдің негізгі күші болды, тіпті Маколейдің өзінің мойындауынша, сауықшыл дворян балаларымен және олардың қызметшілерімен, міндеті байбатша шонжарлардың қатардан қалған тамыр әйелдерінің күнәсін неке тажымен жуу болған селолық поптармен салыстырғанда тиімді келді. Тіпті жалдама село жұмысшылары да қауымдық жерді әлі бірге иемденді. 1750 жылы шамасында йомендер¹⁹⁹⁾ жойылды, ал XVIII ғасырдың соңғы он жылында егіншілердің жерге қауымдық меншігінің ешқандай да ізі қалмайды. Біз бұл жерде аграрлық революцияның таза экономикалық себептерін есепке алмаймыз. Бізге қажеттісі оның күш қолдану жағы.

Стюарттардың реставрациясы кезінде жер меншікшілері узурпацияны заң арқылы жүргізді, ал континентте барлық жерде де узурпация ешқандай заңды жолдарсыз-ақ жүргізілді. Олар жер қатынастарындағы феодалдық құрылысты жойды, яғни мемлекет алдындағы міндеттілік атаулыны өз мойындарынан алып тастады, шаруаларға және басқа да қалған халық бұқарасына салықтар салу арқылы мемлекетті «компенсациялады», поместьелерді жеке меншіктенудің қазіргі заманғы правосына ие болды, бұрын олардың поместьелерді иемденуге тек феодалдық правосы болған еді, және, ақырында, Англияның селолық жұмысшыларын қоныстандыру («laws of settlement») туралы заңдарды бекітіп берді, татар Борис Годуновтың указы орыс шаруаларына қандай әсер етсе¹⁹⁸⁾, бұл заңдар *mutatis mutandis* [тіпті өзгерістерімен] Англия егіншілеріне дәл сондай әсер етті.

«Glorious Revolution» (даңқты революция)¹⁹⁹⁾ Вильгельм-III Оранскиймен бірге²⁰⁰⁾ өкімет басына жер иелері мен капиталистерден шыққан обырларды қойды. Олар мемлекеттік мү-

сияның осы орталығында, саяси экономияның профессоры болуына қарамастан, өзінің «History of Agriculture»-дегі алғысөзінде Реформацияның салдарынан халық бұқарасының қайыршыланғанын атап көрсетеді.

¹⁹⁹⁾ «A Letter to Sir T. C. Bunbury, Bart.: On the High Price of Provisions». By a Suffolk Gentleman. Ipswich. 1795, p. 4. Тіпті ірі фермерлік шаруашылықты өлдерді қорғаушы, «Inquiry into the Connection between the Present Price of Provisions and the Size of Farms etc.»-тің авторы, London, 1773, p. 139 былай дейді: «Мен біздің йомендердің, біздің ұлтмыздың тәуелсіздігін шын мәнісінде қолдап келген адамдардың осы категориясының жойылуына көбірек қайырамын... олардың жерлері кәзір лорд-монополистердің қолында болып отырғанын және ол жерлердің вассалдарға қойылатын шарттардан сәл ғана тауір шарттармен ұсақ фермерлерге арендаға берілуін көріп отыру маған ауыр, оның бержағында бұл фермерлер бір қырсықты жағдайға кездесе ақ болғаны жерден қуылады».

²⁰⁰⁾ Осынау буржуазиялық сабаздың моральдық сиқын мынадан көруге болады: «1695 жылы Ирландияда леди Оркниге сыйлыққа берілген кең байтақ жер — міне корольдің ледиге деген сүйіспеншілігінің және оған ледидің әсерінің қаншалықты күшті болғанын көрсететін жұртқа мәлім үлгі осындай. Леди Оркнидің сыйайгерлік қызметі сіре — foeda laborum ministeria [махаббаттың лас қызметі] болған болса керек. (Британия музейінде, Слоун жинаған қолжазбалар коллекциясында, № 4224. Қолжазбаның тақырыбы: «The Character and Behaviour of King William, Sunderland etc. as represented in Original Letters to the Duke of Shrewsbury from Somers, Halifax, Oxford, Secretary Vernon etc.» делінген. Ол күлкілі жәйттарға толы).

лікті талап-тонаудың осы күнге дейін болып келген қалыпты дәрежесін орасан зор көлемге жеткізіп, жаңа дәуірді бастады. Мемлекеттік жерлер сыйлыққа берілді, су тегін арзанға сатылды немесе тікелей басып алу арқылы жеке меншіктегі помещиктерге қосылды²⁰¹⁾. Осының бәрі де ешқандай заңдылық нормасы сақталмастан жасалды. Шіркеуден тонап алынған жерлермен қатар, осындай қулық-сұмдық жолмен иемденілген мемлекеттік мүлік, бұлар республикалық революция кезінде тағы да сақталып қалғандықтан, Англия олигархиясының²⁰²⁾ қазіргі заманғы князьдік иеліктерінің негізі болып табылады. Буржуй-капиталистер бұл іске қамқоршы болды, ондағы мақсаты — жерді еркін сауда затына айналдыру, ірі егіншілік өндірісі саласын кеңейту, заңнан тыс қойылған пролетарлардың селодан ағылып келуін көбейту, т. т. еді. Оның үстіне жаңа жер иесі аристократия жаңа банкратияның, осы жұмыртқадан жаңа ғана шыққан финанс шонжарларының және ол кезде қамқорлық баждарға сүйенген ірі мануфактуралар иелерінің табиғи одақтасы болды. Ағылшын буржуазиясы бұл жерде тек өз мүдделерін ғана қорғады және осы тұрғыдан алғанда дұрыс істеді, дұрыс болғанда, мұның керісінше, өзінің экономикалық тірегі — шаруалармен бірігіп, швед қала тұрғындарының олигархия талап алған мемлекеттік жерлерді (1604 жылдан бастап, кейініректе, Карл X және Карл XI тұсында) қайтадан күшпен тартып ала бастаған корольдерді қолдап дұрыс істегені сияқты дұрыс істеді.

Қауымдық меншік — жаңа ғана сөз болған мемлекеттік меншіктен мүлде өзгеше меншік — феодалдық бүркеншікпен сақталып келген германиялық ескі салт болды. Бұл меншікті, әдетте егістік жерді жайылымдыққа айналдырумен қоса-қабат жүретін күшпен басып алу ісі XV ғасырдың аяғында басталып, XVI ғасыр бойы созылғанын жоғарыда көрдік. Алайда ол кезде бұл процесс кейбір жеке-дара күш қолдану формасында жүзеге асырылды, заң бұған қарсы 150 жыл бойы күресіп түк шығара алмады. Жол-жөнекей ірі фермерлердің өздері де кішігірім әдістерді²⁰³⁾ қолданып отырғанымен де, XVIII

²⁰¹⁾ «Бір бөлегін сату арқылы, бір бөлегін сыйлыққа беру арқылы мемлекеттік жерді заңсыз талан-таражға түсіру Англия тарихының шатақ тарауы... ұлтты барынша алдау болып табылады (gigantic fraud on the nation)» (F. W. Newman. «Lectures on Political Economy». London, 1851, p. 129, 130). [Қазіргі кездегі Англияның ірі жер иелерінің өз иеліктеріне қалай ие болғаны жөніндегі толық мәліметтерді мынадан қараңыз: [Evans, N. H.] «Our old Nobility». By Noblesse Oblige. London, 1879. Ф. Э.]

²⁰²⁾ Мысалы, Э. Бёрктің²⁰⁰⁾ Велфордтың герцогтік үйі туралы памфлетін қараңыз, лорд Джон Рассел «the tomtit of Liberalism» [«либерализмнің жұдырықтай торғайы»]. — осының тұқымы.

²⁰³⁾ «Фермерлер коттерлерге өздерінен басқа ешқандай тірі жөндік ұстауға рұқсат етпейді, ондағы сылтауы, егер коттерлердің малы мен құсы болса, онда олар фермерлердің жемін ұрлаған бұлар еді, дейді. Олар: егер коттер еңбек сүйгіш болсын десен, онда оны келесілікте ұста, дегенді де айтады. Шындығында, істің бәрі мынаған келіп саиды: фермерлер қауымдық жер жөніндегі барлық правоны осылайша басып

ғасырда заңның өзі халықтық жерді талаудың құралына айналуы жөнінде прогресс байқалады. Бұл талаудың парламенттік формасы «Bills for Inclosures of Compons» (қауымдық жерді қоршау жөніндегі заңдар) болды, яғни декреттер болды, осылардың көмегімен лендлордтар халықтық жерді жеке меншік правосында өздеріне өздері сыйлыққа тартты, ол декреттер халықты экспроприациялады. Қауымдық меншікті феодалдардың орнын басқан ірі жер иелерінің меншігі ретінде көрсетуге тырысушы сэр Ф. М. Иден, «қауымдық жерді қоршау туралы жалпы парламенттік заң» шығаруды талап ете отырып, демек, оларды жеке меншікке айналдыру үшін парламенттік мемлекеттік төңкерістің қажет екенін мойындай отырып, және, екінші жағынан, экспроприацияланған кедейлердің «шеккен зиянының орнын толтыруды»²⁰⁴⁾ заң жүзінде орындауды талап ете отырып, өзінің құлықпен жасалған адвокаттық сөзін өзі жоққа шығарады.

Тәуелсіз йомендердің орнына tenants-at-will — жерді жылма-жылдап арендаға алған ұсақ фермерлер келген кезде, құлдық жағдайға дейін кемсітілген және лендлордтардың өктемдігіне толық тәуелді адамдар тобы келген кезде мемлекеттік мүлікті тонаумен бірге қауымдық жердің ұдайы талантаражға салынуы XVIII ғасырда капиталдық фермалар²⁰⁵⁾ немесе купецтік фермалар²⁰⁶⁾ деп аталған ірі фермалардың құрылуына көп көмектесті; нақ осы себептер село халқының пролетариатқа айналуына, оның өнеркәсіп үшін «босатылуына» себепші болды.

Ұлттық байлықтың халықтың кедейлігімен барабар екендігі XVIII ғасырда XIX ғасырдағыдай дәрсжеде әлі анық болмаған еді. Сондықтан да ол уақыттың экономикалық әдебиетінде «қауымдық жерді қоршау» жөнінде қызу айтыс болды. Менің алдымда жатқан көп материалдардан сол уақыттағы жағдайды анағұрлым айқын көрсететін біраз жерлерін ғана келтіремін.

«Хартфордширдің көптеген қауымдарында» — деп жазады бір ашулы қалам, — «әрқайсысында 50—150 акр жер бар 24 ферма 3 фермаға біріктірілген»²⁰⁷⁾. «Норттемптонширде және Лестерширде қауымдық жерді қоршау көп таралды, жер қоршаудың нәтижесінде құрылған жаңа лордтықтардың көпшілігі жайылымдыққа айналдырылған; осының салдарынан

алады» («A Political Inquiry into the Consequences of Enclosing Waste Lands». London, 1785, p. 75).

²⁰⁴⁾ *Eden*, цитат алынған шығарма, алғысөз.

²⁰⁵⁾ «Capital farms» («Two Letters on the Flaur Trade and the Dearness of Corn». By a Person in Business. London, 1767, p. 19, 20).

²⁰⁶⁾ «Merchant-farms» («An Enquiry into the Causes of the Present High Price of Provisions». London, 1767, p. 111-бет, ескерту). Жарыққа аноним түрде шығарылған осы жап-жақсы еңбектің авторы священник Натаниел Форстер.

²⁰⁷⁾ «Thomas Wright». «A short address to the Public on the Monopoly of large farms», 1779, p. 2, 3.

көптеген лордтықтарда 50 акр жер де жыртылмайды, ал бұрын 1 500 акрға дейін жер жыртылатын еді... Мұнда бір кездегі тұрғын үйлердің, сарайлардың, ат қоралардың тағы басқа сондайлардың бұзылған орындары жатыр» — бұрынғы тұрғындардан қалған бірден-бір белгі міне осылар. «Кейбір жерлерде жүз үй мен семьядан не бәрі 8 немесе 10-ы қалған... Жерді қоршау осыдан тек 15 немесе 20 жыл бұрын ғана басталған көптеген діни қауымдарда жер қоршалмастан бұрын жер өңдеп жүрген жер меншікшілерінен өте аз ғана қалған. Мал өсіруші 4 немесе 5 байдың таяуда ғана қоршалған, бұрын 20—30 фермердің және сондай мөлшерлі ұсақ меншікшілер мен басқа да тұрғындардың қолында болған үлкен лордтықтарды басып алуы жиі кездеседі. Бұл адамдардың барлығы семьяларымен қоса өз иеліктерінен қуып жіберілді, бұлармен бірге солардан жұмыс, тамақ тауып жүрген көптеген басқа да семьялар да қуып жіберілді»²⁰⁸.

Лендлордтар екінің бірінде жерді қоршау деген сылтаумен бос жатқан іргелес жерлерді ғана емес, сонымен қатар бірлесіп өңдейтін немесе жеке адамдар қауымнан белгілібір ақыға арендаға алып өңдейтін жерлерді де басып алды.

«Мен бұл жерде сол уақытқа дейін қоршалмаған, сол кездің өзінде-ақ өңделіп жүрген егістік жерлерді қоршау туралы айтып отырмын. Тіпті (жерді қоршауды) жақтаушы авторлардың өздері де жерді қоршаудың нәтижесінде ірі фермалардың монополиялық жағдайы күшейеді, тіршілік заттарының бағасы артады және халық азаяды дегенді мойындайды... Тіпті бос жатқан жерлерді қоршаудың өзі де, қазіргі уақыттағы қолданылып жүрген түрінде қоршау, кедейлерді өздерінің тіршілік заттарының бір бөлігінен айырады және онысыз да өте ірі фермаларды көбейтеді»²⁰⁹. «Егер жер», — деп жазады доктор Прайс, — «аздаған ірі фермерлердің қолына тиетін болса, онда ұсақ фермерлер» (бұларды ол бұрын «өздерін және өз семьяларын өздерінің өңдейтін жерінің өніммен, қауымдық жерде күтілетін қой, құс, шошқа, тағы басқаларымен қамтамасыз ететін, сондықтан өздерінің ешқандай дерлік тіршілік заттарын рыноктан сатып алуына тура келмейтін ұсақ меншікшілер мен фермерлер бұқарасы» ретінде сипаттаған болатын) «өздеріне керекті тіршілік заттарын басқа біреуге еңбек ету арқылы табуға және өзіне қажет нәрсенің бәрін рыноктан сатып алуға мәжбүр болатын адамдарға айналдырылады... Еңбектің көп істелуі мүмкін, өйткені еңбек етуге зорлау күшейеді... Қалалар мен мануфактуралар өседі, өйткені кәсіп іздеуге мәжбүр болған адамдар оларға барған сайын көп барады. Фермалардың шоғырлануы міне осындай нәтижелерге сөзсіз жеткізуге тиіс және шынында да ол біздің корольдігімізде міне көп жылдар бойы осындай нәтижелерге әкеліп соқтырып отыр»²¹⁰.

Жерді қоршаудың жалпы зардаптарын ол былайша қорытындылайды:

«Жалпы алғанда халықтың төменгі таптарының жағдайы барлық жағынан дерлік нашарлады, ұсақ жер иелері мен фермерлер күндікшілер мен жалдамалар дәрежесіне түсірілді; сонымен қабат мұндай жағдайда олардың тіршілік заттарын табуы қиындай түсті»²¹¹.

²⁰⁸ Rev. Addington. «Inquiry into the Reasons for against Inclosing Open Fields». London, 1772, p. 37—43, passim.

²⁰⁹ Dr. R. Price. «Observations on Reversionary Paymenst», 6 ed. By. W. Morgan. London, 1803, v. 11, p. 155. Форстерді, Аддингтонды, Кентті, Прайсті және Джемс Андерсонды оқыңыз, сөйтіп Мак-Куллохтың катологіндегі бшара сикофанттық мылжынын осылармен салыстырыңыз: «The Literature of Political Economy». London, 1845.

²¹⁰ Dr. R. Price, цитат алынған шығарманың 147-беті.

²¹¹ Бұл да сонда, 159-бет. Мұның өзі Ертедегі Римді еске түсіреді. «Байлар тұ-

Шындығында, қауымдық жерді басып алудың және онымен қоса-қабат жүрген егіншіліктегі революцияның ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жағдайына қатты әсер еткені сонша, Иденнің өзінің айтуына қарағанда, 1765—1780 жылдарда олардың жалақысы минимумнан да төмен құлдырай бастаған, соның салдарынан жалақыны ресми жәрдем қаражаттары есебінен толықтыруға тура келген. Олардың жалақысы,— дейді ол, «ең қажетті деген өмірлік керектерді ғана қанағаттандыруға жетті».

Енді жерді қоршауды жақтаушылардың бірін, доктор Прайске қарсы адамды тыңдап көрелік.

«Халық ендігі жерде өз еңбегін ашық далада босқа ысырап етпейтіндіктен ел адамсыз қалды дейтіп қорығанды дұрыс емес... Егер ұсақ шаруалар басқа біреулер үшін жұмыс істеуге мәжбүр болған адамдарға айналдырылғаннан кейін көп еңбек іске қосылған болса, онда мұның өзі ұлтқа (өзгеріске ұшыраған шаруалар, әлбетте, бұған жатпайды) «тек тиімді де қажетті нәрсе ғана... Егер олардың құрамалас еңбегі фермада ғана қолданылатын болса, онда өнім көп болады, осылайша мануфактура үшін артық өнім жасалады, демек, мануфактуралар саны — еліміздің осы алтын алқаларының саны — өндірілетін астық мөлшеріне сәйкес көбейеді»²¹²).

Торилік бағыттағы адам және «филантроп» сэр Ф. М. Иден бізге былайша айтқанда рухтың стоиктік жайбарақаттығының үлгісін көрсетеді, капиталистік өндіріс әдісінің негізін қалауға қажет болған жағдайда «меншіктің қасиетті правосын» өте өрескел бұзушылыққа және адамға өте өрескел зорлық жасаушылыққа экономистер осындай жайбарақаттықпен қарайды. XV ғасырдың соңғы отыз үш жылынан бастап XVIII ғасырдың аяғына дейін халықты күштеп экспроприациялаумен қоса-қабат жүрген талан-тонаудың, қаталдық пен жәбірлеу-

тас жатқан жердің көпшілігін иемденді. Сол уақытта өздеріне қолайлы болып шыққан жағдайды арқалайып, олар бұл жерлерді бізден қайыра тартып алады деп қорықпады, сондықтан да олар көршілес орналасқан кедейлердің жерлерін кейде олардың өз келісімімен сатып алды, кейде күннен алды, сөйтіп олар енді әр жерде бығырап жатқан егісіктердің орнына қазір кең даланы бірден жыртатын болды. Бұл ретте олар егіншілік пен мал шаруашылығы жұмыстары үшін құлдарды пайдаланды, өйткені еркін адамдар әскери қызметке алынар еді де, демек, оларда жұмыс істей алмаған болар еді; құлдарды иемденудің оларға тағы бір үлкен пайдалы жері сол, құлдар әскери қызметтен босатылуың нәтижесінде еркін-еркін өсіп-өніп, бала-шағасы көп болатын еді. Сөйтіп әлді адамдар өз қолдарына бар байлықты жинақтады да бүкіл ел құлдарға толып кетті. Италиялықтар өздерінің арасында кең өріс алған қайыршылықтың, алым-салықтар мен әскери қызметтің салдарынан барған сайын азая берді. Ал бейбіт заман орнаған кезде олар мүлде жұмыссыз қалатын болды, өйткені барлық жерді байлар иемденді де олар жерді өңдеу үшін еркін адамдардың орнына құлдарды пайдаланды» (*Appian*. «*Römische Bürgerkriege*», I, 7). Бұл жері Лициний заңы²⁰¹ алдыңғы дәуірге қатысты. Римдік ерікті құлдарды күйзелтуді соншалық тездетте түскен әскери қызмет Қарл Великий үшін ерікті неміс шаруаларын феодал тәуелділер мен крепостнойларға тезінен айналдырудың негізгі құралы болды.

²¹²) [*J. Arbuthnot*]. «*An Inquiry into Connection between the Present Price of Provisions etc.*», p. 124, 129. Дал осындай, бірақ қарама-қарсы тенденцияда айтылған байымдауларды басқа автордан да көреміз: «Жұмысшылар өздерінің қоттеждерінен қуып жіберілген, сондықтан олар көсіп іздеп қалаға қарай ағылуға мәжбүр,— бірақ бұл ретте қосымша өнім көп алынды, сөйтіп капитал өсе береді» ([*R. B. Seeley*]. *The Perils of the Nation*, 2nd ed. London, 1843, p. XIV).

шіліктің шексіз тізбегі оны тек мынадай «өте қолайлы» қорытынды пікірге келтіреді:

«Егістік пен жайылымдық арасында тиісті (due) пропорция жасау қажет болды. Тіпті бүкіл XIV ғасыр бойында және XV ғасырдың көп жылдарында бір акр жайылымдыққа 2, 3, тіпті 4 акр егістік келетін. XVI ғасырдың ортасында бұл пропорция өзгеріп, 2 акр жайылымдыққа 2, кейініректе 1 акр егістіктен келді, ақырында, дұрыс пропорция жасалып: 3 акр жайылымдыққа бір акр егістік жерден келетін болды».

XIX ғасырда, әлбетте, егінші мен қауымдық меншік арасындағы байланыс туралы еске алудың өзі де жойылды. Ең соңғы уақытты сөз етпегеннің өзінде, село халқы өзінен 1801 және 1831 жылдар арасында тартып алынған және лендлордтардан құралған парламенттің лендлордтарға сыйлыққа берген 3 511 770 акр қауымдық жер үшін бір тиын да төлем алған жоқ.

Ақырында, егіншілердің жерін экспроприациялаудың соңғы бір ірі процесі «Clearing of Estates» («имениелерді тазарту») — шындығында оларды адамдардан тазарту) дейтін болды. «Тазарту» экспроприацияның жоғарыда қаралған барлық ағылшындық әдістерінің шыңы болды. Өзіміздің жоғарыда көргеніміздей, қазіргі уақытта, қуып шығарарлық тәуелсіз шаруалар қалмады, сондықтан іс жерді коттеждерден «тазартуда» ғана қалды, сөйтіп ауылшаруашылық жұмысшылары өздері өңдейтін жерде өздерінің тұрғын үйлеріне қажетті орын таба алмайтын болды. Сөздің шын мағынасында алғанда «Clearing of Estates» дегеніміздің не екенін таулы Шотландияға, осы заманғы романдардың арман еткен жеріне көз жібергенде ғана біле аламыз. Онда бұл процесс өзінің үздіксіз сипатымен, оның бір дегеннен жасалатын көлемінің кендігімен, (Ирландияда лендлордтар бірден бірнеше деревняны бұзып тастайды; таулы Шотландияда көлемі герман герцогтіктері жерінің көлеміндей жерлер бірден «тазартылады»), және, ақырында, экспроприацияланатын жер меншігінің ерекше түрімен көзге түседі.

Таулы Шотландияның кельттері кландардан құралған, олардың әрқайсысы өзінің қарауындағы жердің меншікшісі болған. Кланның өкілі, оның басшысы, яки «үлкен адам», бұл жерді өзінің титулы арқасында ғана, ағылшын королевасы өзінің титулы арқасында бүкіл ұлттық жер фондысын қалай меншіктеніп отырған болса, дәл солай меншіктенді. Ағылшын үкіметі осы «үлкен адамдардың» арасындағы ішкі соғысты және олардың кең жазықтағы Шотландия жеріне үнемі шапқыншылық жасауын басып-жанышқан кезде де, кландардың басшылары өздерінің ескі қарақшылық кәсібінен әсте де бас-

тартпады; тек бұл кәсіптің түрі ғана өзгертілді. Титулдың арқасында олар өз билігімен өздерінің меншік правосын жеке меншік правосына айналдырды, және де олар кланның қатардағы жәй мүшелерінің қарсылығына кездесіп, оларды ашықтан-ашық күш жұмсау арқылы жерден қуып жіберуге ұйғарды. «Дәл осындай негізде Англия королі де өзінің қол астындағыларды теңізге қуып жіберу правосын пайдаланудан дәмәткен болар еді»,— дейді профессор Ньюмен²¹³). Талапкерді²⁰² жақтаушылардың соңғы көтерілісінен кейін басталған бұл революцияның алғашқы кезеңдерін сэр Джемс Стюарт²¹⁴) пен Джемс Андерсонның²¹⁵) еңбектері бойынша көруге болады. XVIII ғасырда жерден қуылған гәлдерге²⁰⁴ эмиграцияға кетуге де тыйым салынды, өйткені оларды Глазго мен басқа да фабрикалық қалаларға күшпен қуып тықпақшы болды²¹⁶). XIX ғасырда үстем болып отырған әдістің үлгісі ретінде²¹⁷) біз бұл жерде герцогиня Сатерленд жүргізген «тазалауды» мысалға келтіреміз. Ел басқару тізгіні саяси экономия мәселелері жөнінен өте-өте сауатты осы кісінің қолына тиісімен-ақ, ол дереу түбегейлі экономикалық ем жасауға кірісуге және барлық графтықты қой жайылымына айналдыруға ұйғарды, бұл графтықтардың халқы осы тәріздес бұрын да жүргізілген шаралардың нәтижесінде 15 000 адамға дейін азайтылған еді. 1814 жылдан 1820 жылға дейін бұл 15 000 тұрғын-

²¹³) F. W. Newman. «Lectures on Political Economy». London, 1851, p. 132.

²¹⁴) Стюарт былай дейді: «Бұл жер учаскелерінен алынатын рента» (ол кланның басшысына тақмендер²⁰⁰ төлейтін алымды қатеден жер рентасы деген экономикалық категорияға жатқызады) «олардың көлеміне қарағанда тым болмайы ғана; арендамен күн көретін адамдардың санын алып қарайтын болсақ, онда, бәлкім, Шотландияның таулы жерлеріндегі тоқымдай жердің өте бай провинциялардағы құны дәл сондай жермен салыстырғанда он есе көп адамды азықтандыруы мүмкін» (James Stewart. «An Inquiry into the Principles of Political Oeconomy». London, 1767, v. I. ch. XVI, p. 104).

²¹⁵) James Anderson. «Observations on the means of exciting a spirit of National Industry etc.». Edinburgh, 1777.

²¹⁶) 1860 жылы күшінен экспроприацияланғандар Канадаға жіберілді, бұл ретте оларға әдейі жалған уәде берді. Олардың кейбіреулері тауға және көрші аралдарға қашып кетті. Олардың соңынан полицейскийлерден қуғыншы жіберілді, бұл қуғыншылармен қолдасыл төбелескеннен кейін олар жасырынып қалатын.

²¹⁷) «Таулы облыстарда»,— деп жазады А. Смиттің комментаторы Бюкенен 1814 жылы, — «меншіктің өскі системасы күн сайын күшпен қулатылу... Лендлорд, мүрагер арендаторларға» (бұл жерде бұл категория да дұрыс қолданылмаған) «назар аудармастан, жерді жоғары ақы ұсынғанға береді, ал егер ол жерді өңдуді жақсартатын болса, онда лендлорд дереу жана дақылар системасын енгізеді. Бұрын ұсақ шаруалар қалпап жүрген жерлерге халық сол жерден алынатын өнімнің мөлшеріне сәйкес коньстандартты; жақсартылған дақылдың жана системасы мен көбейтілген рента кезінде олар мүмкін қадерінше аз шығын жұмсал, мүмкіндігінше легұрым көп өнім алуға тырысады және осы мақсатқа жету жолында пайдасыз болып қалған барлық адамдарды қуады... Туған жерінен қуылған адамдар фабрикалық қалаларға, тағы басқа жерлерге тіршілік заттарын іздеп кетеді» (David Buchanan. «Observations on etc. A. Smith's Wealth of Nations». Edinburgh, 1814, v. IV, p. 144). «Шотландия шонжарлары шаруа семьяларын экспроприациялап, арам шөп сияқты лақтырып тастады; кек кернеген үндістер тағы аңдардың үңгірлерін қалай талқандайтын болса, шонжарлар да деревнялар мен олардың халқың дәл солай талқандайды... Адамды қой терісіне, қой сирағына, тіпті одаи да арзанға сағады... Қытайдың солтүстік провинцияларына шапқыншылық жасалған кезде монғолдар кенесінде ондағы тұрғындарды жойып жіберіп, олардың жерін жайылымға айналдыру жөнінде ұсыныс жасалды. Таулы Шотландияның көптеген лендлордтары өз елінде өздерінің отандастары жөнінде осы жобаны жүзеге асырды» (George Ensor. «An Inquiry concerning the Population of Nations». London, 1818, p. 215, 216).

дар — 3 000 семья шамасында — ұдайы қудаланып құртылды. Олардың барлық деревнялары талқандалып, өртелді, барлық егістік жерлері жайылымға айналдырылды. Британ солдаттары ұрып-соғып жазалау үшін жіберілді, сөйтіп олар жергілікті тұрғындармен кәдімгідей ұрыс жүргізуге дейін барды. Бір кемпірді өз үйінде өртеп жіберген, өйткені ол үйін тастап шығудан бастартқан. Осындай жолмен Сатерленд атам заманнан кландарға тиесілі болып келген 794 000 ақр жерді иемденіп алды. Қуып жіберілген тұрғындарға ол теңіз жағасынан әрбір семьяға 2 ақрдан 6 000 ақр шамасында жер бөлді. Бұл 6 000 ақр жер бұрын бос жататын және меншікшілерге ешқандай табыс келтірмейтін. Ғасырлар бойы герцогияның тұқымы үшін қан төгіп келген кланның мүшелеріне жерді әрбір акрын орта есеппен 2 шилл. 6 пенниден беріп, герцогия сонша мәртебелі адамгершілік сезім көрсеткен болды. Кланнан тартып алынған жердің бәрін ол қой шаруашылығына арналған 29 ірі фермаға бөлді, бұл ретте әрбір фермада жалғыз бір ғана семья, көбінесе ағылшын фермерлерінің батрақтары тұрды. 1825 жылы 15 000 гэлдің орнына 131 000 қой болды. Теңіз жағасына қуылған аборигендердің бір бөлігі балық аулаумен күн көруге тырысты. Олар амфибияға айналып, бір ағылшын авторының сөзімен айтқанда, жартылай жерде, жартылай суда өмір сүрді, бірақ жер де, су да олардың күнкөрісін тек жартылай ғана қамтамасыз етті ²¹⁸⁾.

Алайда өздері кланның «үлкен адамдары» алдында таулықтарға тән романтикалықпен бас игені үшін қайратты гэлдердің алдында жаңа, бұрынғыдан да ауырырақ сын тұрды. «Үлкен адамдардың» мұрнына балықтың ісі келді. Олар бұдан пайдалы бірдененің иісін сезді де теңіз жағалауын Лондонның ірі балықшы саудагерлеріне арендаға берді. Гэлдер екінші рет қуылды ²¹⁹⁾.

Бірақ, ақырында, қой жайылымының бір бөлегі де, өз кезегінде, аң аулайтын жерге айналдырылады. Англияда нағыз табиғи тоғайдың жоқ екені белгілі, Ақсүйектердің бауларын мекендейтін жабайы бұғы үй хайуаны да болып табылады,

²¹⁸⁾ Кәзіргі герцогия Сатерленд өзінің Америка республикасының құл-негірлеріне деген тілектестік ниетін көрсету мақсатында Лондонда «Том ағайдың лашығы» деген кітаптың авторы миссис Бичер-Стоумен салтанатты кездесу ұйымдастырған кезде.— Азамат соғысы кезінде, «барлық ізгі ниетті» ағылшын жүректері құл иеленушілерге тілектестік білдірген кезде басқа ақсүйектермен бірге герцогия да әлгі ниеттестігін саналы түрде ұмытып кетті,— мен «New-York Tribune»-де Сатерлендтің өзінің құлдары қалай тұратыны жөнінде әңгіме еттім ²⁰⁶⁾ (менің мақаламның бір бөлегін *Kari* «The Slave Trade»-те цитатқа келтірді. Philadelphia 1853, p. 202, 203). Бұл мақаланы бір шотландиялық газет көшіріп басты және мұның өзі сол газет пен Сатерлендтің сикофанттары арасында күшті айтыс туғызды.

²¹⁹⁾ Бұл балық саудасы жөніндегі қызықты мәліметтерді біз Давид Уркартан кездестіреміз: «Portfolio. New Series» — Нассау У. Сеппор өзінің жоғарыда цитат келтірілген, өзі өлгеннен кейін шыққан «Journals, Conversations and Essay relating to Ireland» деген шығармасында, London 1868, «Сатерлендшірдегі шараларды адамзаттың бұрын-соңды көрген ең қайырымды «тазартуларының» (clearings), бірі ретінде» сипаттайды.

олар Лондонның ольдермендері сияқты семіз келеді. Шотландия осы «ізгі тілектің» ең соңғы тұрағы болып табылады.

«Таулы облыстарда»,— деп жазады Сомерс 1848 жылы,— тоғайлы жерлердің көлемі едәуір ұлғайтылды^{219а)}. Мұнда, Гейктің бір бетінде сіз Гленфешидің жаңа тоғайын, онда, Гейктің екінші бетінде, Ардверикидің жаңа тоғайын көресіз. Тағы сонда сізге Блэк-Маунт, таяуда жасалған орасан зор құлазыған бос жер көрінеді. Шығыстап батысқа қарай, Абердин өңірінен Обан құздарына дейін, қазіргі уақытта орман-тоғай өңірі созылып жатыр, ал таулы елдің басқа жерлерінде— Лох-Аркайкте, Гленгарриде, Гленмористонда, тағы басқаларында жаңа ормандар бар. Жердің қой жайылымына айналдырылуы... гәлдерді құнарсыз жерлерге қуып шығарды. Енді бұғылар қойды ығыстыра бастады, мұның өзі гәлдерді бұрынғыдан да гөрі лажсыз қайыршылыққа ұшыратуда... Аң аулау паркі мен халық бірге өмір сүре алмақ емес. Екеуінің бірі жойылуға тиіс. Егерде таяудағы ширек ғасырда аң аулайтын орындар саны мен көлемі жағынан өткен ширек ғасырда өскендей дәрежеде өсетін болса, онда бұдан былай өзінің туған жерінде бірде-бір гәл қалмайды. Таулы жерлердегі жер меншікшілері арасындағы бұл қозғалыс, бір жағынан, әдеттен, ақсүйектік әуестіктен, аң аулуға құмарлықтан, т. с. туған болса, екінші жағынан, олар өте пайдалы істі көздеп, жабайы хайуандармен сауда жасайды. Өйткені таулы жердің аң аулау үшін бөлінген үчастогы қой жайылымына айналдырылған сол үчастокпен салыстырғанда көп реттерде іс жүзінде өлшеусіз зор табысты болып табылады.. Аң аулайтын жер іздеп жүрген әуесқой адам, өзінің қалтасы қаншаға мүмкіндік берсе, аң аулайтын жер үшін сонша төлеуге әзір... Таулы Шотландияға тап болған апаттың сұмдықтығы Нормандия корольдерінің саясаты нәтижесінде Англияға тап болған апаттан кем емес. Жабайы аңдардың жері кеңіді, бірақ мұның есесіне адамдар барған сайын тығыздала түсуде.. Халықтың еркіндігін бірінен соң бірін алып жатыр... Ал езгі күн сайын күшейіп келеді. «Тазарту ісі» мен халықты қууды меншікшілер белгіленген қатаң принцип, агротехникалық қажет нәрсе ретінде жүргізуде; Америка мен Австралияның тың жерлерінде ағаштар мен бұталарды қалай құртып жатса, мұны да солай істеуде; және де бұл істің өзі салмақпен, іскерлік мәнерде орындалуда»²²⁰⁾.

^{219а)} Шотландияның «deer forests» [«аң аулау парктерінде»] бірде-бір ағаш жоқ. Қойларды басқа жаққа айдап жіберіп, олардың орнына бұғыларды ашық тауда айдап анарады да мұны «deer forest» деп атайды. Сонымен, мұнда тіпті ағаш өсіру де жоқ.

²²⁰⁾ Robert Somers. «Letters from the Highlands; or, the Famine of 1847». London, 1848, p. 12—28 passim. Бұл хаттар алғаш «Times»-та жарияланды. Ағылшын экономистері, әлбетте, 1847 жылы гәлдердің аштыққа ұшырауын, олардың халқының артық болуынан деп түсіндірді. Қалай болғанда да гәлдер өздерінің күнкөріс заттарына «қысым жасаған» көрінеді. Германияда «имениелерді тазарту», немесе мұнда аталғанындай, «Вауегнлегел» Отыз жылдық соғыстан кейін ерекше күшті өріс алды және 1790 жылы-ақ Саксония курфюрлігінде шаруалар көтерілісін туғызды. «Имениелерді тазарту» Шығыс Германияда кеңінен таралды. Пруссияның көптеген провинцияларында шаруаларға меншік правосын алғаш рет Фридрих II берді. Силезияны жаулап алып, ол оның жер меншікшілерін шаруалардың үйлерін, қоймалары мен тағы басқаларын қалпына келтіруге және шаруа шаруашылықтарын малмен, құралдармен жабдықтауға мәжбүр етті. Оған армия үшін солдаттар, қазна үшін салық төлеушілер керек болды. Фридрих II тұсында, оның оңбаған финансе системасы мен деспотизмінің, бюрократизмінің және феодализмнің қойрыптақ қосындысы болып табылатын басқару системасы кезінде шаруа тұрмысының қаншалықты зәсем болғанын Фридрихке жалбарына бас иішү Мірабоның мына сөздері көрсетеді: «Зығыр Солтүстік Германия егіншісінің негізгі байлықтарының бірі болып саналады. Бірақ, адам баласының бақытсыздығына қарай, бұл — ауқаттылықтың қайнар көзі емес, шегіне жеткен қайыршылыққа қарсы құрал ғана. Тәте салықтар, барцианалар, алуан түрлі міндеттемелер шаруаны күйзелтеді, мұның үстіне ол не нәрсе сатып алса, соның бәріне жанама салық төлейді... және оның сорына қарай ол өзінің өнімдерін қайда сатқисы келсе, сонда, қаншаға сатқисы келсе, соншаға сата алмайды; ол өзіне керекті өнімдерді оған неғұрлым қолайлы бағамен сатуға ықпяр купецтерден сатып ала алмайды. Осы жағдайлардың бәрі оны

Шіркеу мүліктерін тонау, мемлекеттік жерлерді қулық-сұмдықпен иеліктен айыру, қауымдық меншікті басып алу және аяусыз террор жолымен талан-таражға салу, феодалдық еншілік пен кландар меншігін қазіргі заманғы жеке меншікке айналдыру — капиталдың алғашқы қорлануының алуан түрлі тамаша әдістері міне осылар. Капиталистік егіншілік үшін егістік жерлерді басып алу, жерді капиталдың билігіне беру және заңнан тыс қойылған пролетариатты қалалық өнеркәсіпке қажетті мөлшерде ағылып келетін ету осындай жолмен жүзеге асырылды.

Біртіндеп күйзелетеді, сондықтан да ол жіп иірумен шұғылданбаса, төте салықтарды төлей алмаған болар еді; жіп иіру оның әйелінің, балаларының, қызметкерлерінің және өзінің күшін пайдалануға мүмкіндік беріп, оған қажетгі демеу болады. Бірақ осындай демеу болып тұрғанымен де тұрмыс мәрдәмді емес! Жазда ол каторжник сияқты жер жұрту мен егін орағында жұмыс істейді, жұмысын орындау үшін ол сарап 9-да жатып, түнгі 2-де тұрады; қыста ол ұзағырақ демалыспен пайдаланып, өзінің күш-қуатын қайтадан қалпына келтіруге тиіс еді; бірақ ол салықтарды төлеу үшін өз өнімінің бір бөлегін сататын болса, онда оның нанға және тұқымға керекті астығы жетпейді. Сөйтіп осы кемшінді толтыру үшін оның жіп иіруіне тура келеді... жіпті барынша күш-жігер жұмсап иіруіне тура келеді. Сондықтан шаруа қыста тура ортасында немесе түнгі сарап бірде жатып, таң ертенгі сағат бесте немесе алтыда тұрады немесе сарап тоғызда жатып, түнгі сағат екі де тұрады,— жексенбі күндерінен басқа күндердің бәрінде өмір бойы күн сайын осылай істейді... Осылайша өте ұзақ уақыт бойы ұйықтамай жұмыс істеу және осы шектен тыс еңбек адам организмін қалжыратады; сондықтан да деревняда еркектер мен әйелдер қаладағылардан гөрі анағұрлым тез қартайды» (*Merabeau*, цитат алынған шығарма, III том, 212 және келесі беттері).

2-басылуына қосымша. 1866 жылдың апрелінде, Роберт Сомерстің жоғарыда цитат келтірілген еңбегі жарияланғаннан соң 18 жыл өткеннен кейін, профессор Лион Леви Искусство мен көлеңер қорамында²⁰⁰ қой жайылымдарының аң аулайтын жерге айналдырылуы туралы баяндама жасады. Ол таулы Шотландияны елсіз бос жерге айналдырудың қаншалықты ілгері басқаны туралы айтты, сонымен қатар былай деді: «Халықты қуып жіберіп, жерді қой жайылымына айналдыру ешбір шығын шығармай-ақ табыс табу үшін ең қолайлы амал болды... Қой жайылымын аң аулайтын жерге айналдыру таулы Шотландияда әдеттегі іс болып алды. Қойға орын босату үшін бұрын адамдар қалай қуылған болса, енді жабайы аңдар қойларды солай қуып шығып отыр. Сіз Форфарширдегі граф Далхузидің поместьесінен шығып Джон-о' Гротстың поместьесіне дейін орман-тоғай ішімен бара аласыз». (Осы тоғайлардың көпшілігінде көптен-ақ түлкі, жабайы мысық, сусар, күзен, ақ тышқандар мен альпі көяндары өсіп жатыр; үй қояндар, ақ тышқандар мен егеу құйрықтар онда тек соңғы уақытта пайда болды. Шотландия статистикасында керемет бай және кең байтақ шабындықтар ретінде көрсетіліп жүрген орасан үлкен жерлер қазіргі уақытта шұққандай да өңдеуге түсіп, ұсатылмағанды және солар аздаған адамдардың ғана аң аулап қызықтауы жеріне,— жылына бірнеше күнге ғана созылатын қызықтау жеріне айналған».

Лондондық «Economist» 1866 жылғы 2 июньде былай деп жазды: «Бір Шотландия газеті соңғы аптаның жаңалықтары ішінде былай деп хабарлайды: «Сатерлендширдегі таңдауды қой фермаларының бірі, ол үшін таяуда шарт мерзімі біткеннен кейін 1 200 ф. ст. жылдық рента ұсынылған ферма, аң аулайтын жерге айналдырылды» Феодалдық инстинкт нормандар шапқыншылығы кезінде... жаңа орман жасау үшін 36 деревня талқандалып бұзылған кезде... қалай көрінген болса, солай көрінуде... Екі миллион акр жер, оның ішінде Шотландияның бірнеше өте құнарлы аудандары, мүлде елсіз бос жерге айналдырылды. Глен-Гилттегі шабындықтарда өсетін шөптер Перт графтығындағы анағұрлым нәрлі шөп болып есептелді; Вен-Олдердегі аң аулау бағындары шөп өткен кезде Ваденоктің кең байтақ округында ең жақсы шөп болатын; Блэк-Маунт орманының бір бөлегі Шотландияда қара қой үшін ең жақсы жайылым болып саналды. Аң аулауға әуесқойлар үшін бос жерге айналдырылған аңандардың көлемі туралы мынадай фактінің негізінде түсінік алуға болады: бұл аңандар бүкіл Перт графтығынан да әлдеқайда көлемдірек жерді алып жатыр. Жерді осылайша күшпен елсіз бос жерге айналдырудың салдарынан елдің қаншалық көп нәрсе жоғалтатынын мынадан көруге болады: Вен-Олдер орманы тұрған жерде 15 000 қой асырау болар еді және бұл орманның көлемі Шотландияның барлық аң аулау облыстарының тек 1/30 бөлігі ғана... Аң ауланатын бұл жердің бәрі де өндіріске мүлде пайдасыз болып бос жатыр... егер бұл жерді Солтүстік теңіздің суы басып қалған күнде қандай нәтиже шығатын болса, сондай ғана нәтиже шығады. Құлазыған бос жерлерді осылайша бөледің жасаушылыққа заңның қарулы қолы тыйым салуға тиіс еді».

3. ЭКСПРОПРИАЦИЯЛАНҒАНДАРҒА ҚАРСЫ XV ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНДА ШЫҒАРЫЛҒАН ҚАНҚҰЙЛЫ ЗАҢ. ЖАЛАҚЫНЫ ТӨМЕНДЕТУ МАҚСАТЫМЕН ШЫҒАРЫЛҒАН ЗАҢДАР

Феодалдық жасақтардың таратылуы себепті қуылған және ауық-ауық қайталап отырған зорлықты экспроприация арқылы жерден айрылған адамдарды,— заңнан тыс қойылған бұл пролетариатты туып келіп жатқан мануфактура ол пролетариат дүниеге қандай тез келсе, сондай тездікпен сіңіре алмады. Екінші жағынан, дағдылы тіршілік қалыбынан күтпеген жерден шығып қалған адамдар өздерінің жаңа жағдайларының тәртібін нақ сондай кенет игере алмады. Олар шінара бейімділігінен, ал көбінесе жағдайдың қысымымен жаппай қайыршыға, тонаушыға, қаңғымаға айналды. Сондықтан XV ғасырдың аяғында және бүкіл XVI ғасырдың өн бойында барлық Батыс Европа елдерінде қаңғымаларға қарсы қанқұйлы заңдар шығарылады. Қазіргі кездегі жұмысшы табының аталары өздерінің қаңғымалар мен пауперге айналдырылғаны үшін алдымен жазаға тартылады. Егер ықылас қойған болса олар қазірде жоқ, бұрынғы ескі жағдайларда еңбек ете берер еді деген болжалға сүйеніп, заң оларды «ерікті» қылмыстылар ретінде қарады.

Мұндай заң шығару Англияда Генрих VII тұсында басталды.

Генрих VIII-нің 1530 жылы шығарған заңы бойынша, еңбекке жарамсыз кәрі қайыршылар қайыр сұрауға рұқсат алады. Ал әлі де еңбекке жарамды қаңғымаларға дүре соғылып, түрмеге қамалатын болды. Оларды ташке арбаға байлап қойып, тәнінен қаң сорғалап аққанға дейін қамшымен дүре соғу, сонан кейін олардан өзінің туған жеріне немесе соңғы үш жылын өткізген жерге қайтып барып, «еңбек етуге кірісу» жөнінде (to put himself to labour) ант ішкізіп, уәде алу керек болды. Бұдан өткен қатал сайқы-мазақ болар ма! Генрих VIII-нің патшалық құруының 27-ші жылы шығарылған заң осы тәртіптерді қалпына келтіріп, оны бірсыпыра қосымшалармен күшейтеді. Қаңғырмашылық қайталанған кезде тағы да қамшымен дүре соғылады және оның үстіне құлағының жартысы кесіп алынады; ал егер қаңғыма үшінші рет қолға түссе, онда ол ең ауыр қылмысты және қоғамның жауы ретінде өлім жазасына тартылады.

Эдуард VI 1547 жылы — өзінің патшалық құруының бірінші жылында-ақ — заң шығарды, бұл заң бойынша кімде-кім жұмыстан бастартса, ол адам оның бостан-бос қарап жүргенін хабарлаған адамға құлдыққа беріледі. Қожайын өзінің құлына нан мен су, сорпа-суан және көңілі түссе еттің қалдықтарын беруді керек. Қожайын оның қол-аяғын кісендеп, қамшымен

дүре соғу арқылы қандай жиіркенішті болса да кез келген жұмысты еріксіз істеткізуге праволы. Егер құл өз бетімен 2 апта кетіп қалса, онда ол өмір бойы құл болуға жазаланады және оның маңдайына не бетіне «S» таңбасы басылады; егер ол үшінші рет қашып кететін болса, онда оны мемлекеттік қылмысты адам ретінде дарға асады. Қожайын оны қандай да болсын жылжымалы мүлік немесе мал сияқты сата алады, мұра етіп қалдыра алады, құл ретінде жалға бере алады. Егер құлдар өздерінің қожайындарына қарсы жамандық бірдене ойлайтын болса, онда да олар өлім жазасына тартылады. Бітістіруші судья қожайындардың өтінуі бойынша қашқан құлдарды іздеп табуға міндетті. Егер қашқын қаңғыма үш күн жұмыссыз бос сенделіп жүрген болса, онда оны туған жеріне қайтарады, қыздырылған темірмен кеудесіне «V» таңбасын басады да аяқ-қолын шынжырлап, жол жұмысы мен басқа да жұмыстарға пайдаланады. Туған жерін дұрыс көрсетпеген қаңғыма осының жазасы ретінде тиісті селоның, оның тұрғындарының немесе корпорациясының өмір бойғы құлына айналдырылады және оған «S» таңбасы басылады. Кім де болса қаңғыманың балаларын тартып алып, ер баланы 24 жасқа дейін, қыздарды 20 жасқа дейін өзінде үйренуші етіп ұстауға праволы. Егер олар қашып кететін болса, онда әлгі айтылған жасқа жеткенше олар өздерінің тәрбиеші-қожайындарының құлына айналдырылады, қожайындар оларды шынжырлап ұстауға, ұрып-соғуға, т. т. праволы. Қожайын өзінің құлын басқа құлдардан ажырату оңай болу үшін және оның жасырынып жүруіне мүмкіндік бермеу үшін оның мойнына, аяғына немесе қолына темір білезік кигізіп қояды²²¹). Бұл заңның соңғы жағында кедейлердің өздерін тамақтандырып, сусын беретін және жұмыспен қамтамасыз ететін округта немесе адамда жұмыс істеуге тиісті жағдайлары қаралған. Осы тәріздес құлдар — діни қауымдардың құлдары — Англияда *goumdmen* (қауымшылар) деген атпен XIX ғасырға дейін сақталып келді.

Елизаветаның 1572 жылғы заңы бойынша: қайыр-садақа жинауға рұқсаты жоқ 14 жастан жоғары қайыршыларды, егер оларды екі жылға қызметке ешкім алмайтын болса, аяусыз ұрып соғады да сол құлағына таңба басады; қайыр-садақа сұрау қайталанған кезде 18 жастан жоғары қайыршылар, егер оларды ешкім 2 жылға қызметке алуға келіспесе, өлім жазасына тартылады; үшінші рет қайталанғанда оларды мем-

²²¹) «*Essay on Trade etc.*»-тің авторы былай дейді: «Эдуард VI патшалық еткен кезде ағылшындар мануфактурады күшейту және кедейлерге кәсіп тауып беру ісімен, сірә, шындап шұғылданған болса керек. Мұны мынадай бір тамаша заңнан көруге болады: ол заңда барлық қаңғымаға таңба басылуға тиіс делінген», т. т. («*An Essay on Trade and Commerce*». London, 1770, p. 5).

лескеттік қылмысты адам ретінде ешбір кешірімсіз дарға асады. Бұл сияқты ережелер Елизаветаның патшалық құруының 18-ші жылында шыққан заңда да, 13-тарауда, және 1597 жылғы заңда да ^{221a)} бар.

Яков I-нің тұсында бос сенделіп жүрген және қайыр сұрайтын адам қаңғырма деп есептелген. Petty Sessions-те ²⁰⁷ бітістіруші судьяларға мұндай қаңғымаларға жұрт алдында дүре соғуға және оларды бірінші рет қолға түскенін 6 айға, екінші рет қолға түскенін 2 жылға түрмеге отырғызуға өкілдік берілген. Түрмеде отырған кезінде оларға бітістіруші судьялар ойына келгенін істеп жиі-жиі және көп дүре соққызады... Түзелмейтін және қауінті қаңғымалардың сол иығына «R» әрпінен күйдіріп таңба басылады да еріксіз жұмысқа жіберіледі; ал егер олар тағы бір рет қайыршылықпен қолға түсетін болса, онда олар кешірімсіз дарға асылады. Заңның бұл ұйғарындылары XVIII ғасырдың басына дейін күшінде болды, мұны Аннаның патшалық құруының 12-ші жылы шыққан заң ғана жойды, 23-тарауы.

Бұл сияқты заңдар Францияда да болды, онда XVII ғасырдың орта кезінде Париж қаңғымалары «қаңғымалар корольдігі» (royaume des truands) дегенді құрған болатын. Людовик XVI-ның патшалық етуінің алғашқы кезінде-ақ ордонанс (1777 жылғы 13 июльде) шығарылды, бұл заң 16 жастан 60 жасқа дейінгі әрбір дені сау адамды, егер оның күнкөріс

^{221a)} Томас Мор өзінің «Утопиясында» былай дейді: «Мынадай жағдай да болады: өз елінің нағыз соры, ашқарақ, тойымсыз жалмауыз мыңдаған ақ жерді өзінің қолына жинап алады да оларды шарбақпен немесе дуалмен қоршап тастайды, немесе өзінің зорлық пен қысым көрсетуі арқылы меншікшілерді өз мүліктерін сақтауға мәжбүр еткізеді. Басқа да түрлі тәсілдермен, әйтеуір қайткенде де олардың титығына жетеді, ақырында, олар — бұл кедей, қарапайым, сорлы адамдар көшіп кетуге мәжбүр болады! Бұлар — еркектер мен әйелдер, ерлері мен әйелдері, жегімдер мен жесірлер, емшекте баласы бар алынған аналар, тіршілік заттарынан тапшылық көрген үй-ішінің барлық адамдары, бұлар өте көп, өйткені егіншілік көп жұмысшы қолын керек қылды. Олар тоз-тоз болып жүр, деймін, өздерінің үйреншікті туған жерлерін тастап кетеді және ешқайдан баспана таппайды. Онша құнды болмаса да барлық үй жабдықтарын сату басқа жағдайларда оларға едәуір көмек болған болар еді, бірақ күтпеген жерден көшеге шығарылып тасталған олар мүліктерін су тегін арзанға сатуға мәжбүр болады. Бұл бақытсыз кезбелер соңғы тыйынына дейін бәрін жұмсап қойғаннан кейін, құдай ақы, айтыңызшы, оларға ұрлық істеудің басқа не қалады? Бірақ бұлай етсе оларды заң бойынша дарға асады. Немесе қайыр сұрау керек пе? Онда оларды жұмыссыз бос жүргені үшін қаңғымалар ретінде түрмеге жабады: олар өдеріне жұмыс беруді қанағалық тіленсе де, оларға ешбір жанның жұмыс бергісі келмейді, сонда да оларды жұмыс істемейсің деп кінәлайды». Томас Мордың айтуына қарағанда, тұрадан-тұра ұрлық жасауға мәжбүр етіліп күйіп жіберілген осы кедейлердің ішінен «Генрих VIII патшалық құрған заманда ирлі-уақты 72 000 ұры дарға асылған» (Holinshead, «Description of England», v. I, p. 186). Елизавета уақытында «қаңғымаларды қатарлап тізіп қойып дарға асқан, не ана жерде не мына жерде 300 немесе 400 адам дарға асылмаған жыл болмаған» (Strype, «Annals of the Reformation and Establishment of Religion, and other various Occurrences in the Church of England during Queen Elisabeth's Happy Reign» 2nd ed., 1725, v. II). Сол Страйпудың өзінің айтуына қарағанда, Сомерсетширде тек бір жылдың ішінде ғана 40 адамды дарға асқан, 35 адамға таңба басылған, 37 адамға қамшымен дүре соғылған және 183 «өжет жексурындар» еркіндік алған. Соған қарамастан, дейді ол, «бітістіруші судьялардың жол беруі мен халықтың орынсыз қайырымдылығы салдарынан айыптылардың осы елеуді саны барлық нағыз қылмыстылардың 1/2-і де болмай отыр». Ол былай деп қосады: «Англияның басқа графтықтарында да жағдай Сомерсетширдегіден жақсы емес, тіпті көпшілігі әлдеқайда нашар жағдайда»

қаражаты және белгілі кәсібі болмаса, каторгаға жер аударуға ұйғарды. Бұл сияқты шаралар Карл V-нің Нидерланды үшін шығарған статутында (1537 жылғы октябрь), Голландия штаттары мен қалаларының 1614 жылғы 19 марттағы бірінші эдиктіінде, Біріккен провинциялардың 1649 жылғы 25 июльдегі плакатында, тағы басқаларында белгіленген.

Жерден зорлықпен айрылып, қуылған, сөйтіп қаңғымаларға айналдырылған деревня халқын осы сұмдық террорлық заңдарға сүйене отырып, дүрелеу, таңба басу, азаптау арқылы жалдама еңбек тәртібіне үйретпек болды.

Ол ол ма, бір жағында капитал ретінде еңбек жағдайы, ал екінші жағында өзінің жұмыс күшінен басқа сатарлық ештеңесі жоқ адамдар пайда болады. Бұл адамдарды өздерін өз ықтиярымен сатуға мәжбүр ету де жеткілікті болмады. Капиталистік өндірістің онан әрі өсуімен бірге жұмысшы табы дамиды, ол өзінің тәрбиесі, дәстүр-салты, үйреншікті әдеттері бойынша капиталистік өндіріс әдісінің жағдайларын өзінен өзі болатын табиғи заңдар деп таниды. Дамыған капиталистік өндіріс процесін ұйымдастыру қандай да болсын қарсылықты күйретеді; относительно артық халықтың ұдайы жасалуы еңбекке деген сұраныс пен еңбекті ұсыну заңын, демек, жалақыны да капиталдың өз өсуінің қажеттеріне сай келетін шеңберде ұстап отырады; экономикалық қатынастардың дүлей күші капиталистердің жұмысшыларға жасайтын үстемдігін нығайтады. Экономикадан тыс тікелей зорлау, рас, әлі де қолданыла береді, бірақ ол ерекшелік ретінде қолданылады. Істің әдеттегі барысында жұмысшыны «өндірістің табиғи заңдарының» билігіне, яғни капиталға тәуелділікке беріп қоюға болады, ол тәуелділік өндірістің өз жағдайларынан туады, оны сол жағдайлар қамтамасыз етіп, мәңгі сақтайды. Капиталистік өндіріс жаңа ғана қалыптасып келе жатқан тарихи заманда басқа нәрсені көреміз. Туып келе жатқан буржуазияға мемлекеттік билік керек, және де ол жалақыны «реттеп отыру» үшін, яғни оны қосымша құн сығып алуға қолайлы шеңберлерде күштеп ұстау үшін, жұмыс күнін ұзарту үшін және жұмысшының өзін капиталға қалыпты тәуелділікте ұстау үшін шынында да мемлекеттік билікті қолданады. Капиталдың алғашқы қорлануы дейтін қорланудың мәнді жері осында.

XIV ғасырдың екінші жартысында пайда болған жалдама жұмысшылар табы ол кезде және онан кейінгі ғасырда халықтың өте аз ғана бөлегі болды; оның жағдайы деревнядағы дербес шаруа шаруашылығынан және қалалардағы цехтық ұйымнан өзіне мықты тірек тапты. Деревняда да, сол сияқты қалада да қожайындар мен жұмысшылар әлсуметтік жағынан біріне-бірі жақын тұрды. Еңбек капиталға тек формальды түрде ғана

бағынды, яғни өндіріс әдісінің өзі әлі ерекше капиталистік сипатқа ие болмаған еді. Капиталдың өзгермелі элементі оның тұрақты элементінен қатты басым болды. Осы себепті капитал қорланған сайын жалдама еңбекке деген сұраныс тез өсті, ал жалдама еңбектің ұсынылуы сұраныстың соңынан баяу ғана ілесіп отырды. Ұлттық өнімнің кейіннен капиталдың қорлану фондысына айналған едәуір бөлегі ол кезде әлі де жұмысшының тұтыну фондысына енетін еді.

Жалдама еңбек жөніндегі заңдарды, әуел бастан-ақ жұмысшыны қанауды көздеген және өзінің онан әрі дамуында үнемі жұмысшы табына жаулық қатынаста болған заңдар²²²⁾ шығару Англияда Эдуард III тұсында 1349 жылы шығарылған статуттан басталады. Францияда оған король Иоанның атынан 1350 жылы шығарылған ордонанс сай келеді. Англия мен Францияның шығарған заңдары қатар дамып отырады және өздерінің мазмұны жағынан ұқсас болды. Жұмыс күнін ұзартудың құралы болып табылатын жұмысшы статуттарына тоқталып жатпаймын, өйткені олар бұл жағынан жоғарыда (сегізінші тарау, 5-бөлім) қарастырылған болатын.

Жұмысшы статуты қауымдар палатасының қатты өтініп сұрауы себепті шығарылды.

«Бұрын»,— дейді бір тори аңқаулықпен,— «кедейлер өнеркәсіп пен байлыққа қауіп туғызарлықтай соншалық жоғары жалақыны талап ететін еді. Қазірде олардың жалақысының төмен екені соншалық, мұның өзі тағы да сол өнеркәсіп пен байлыққа қауіп болып отыр, бірақ бұл қауіп бұрынғыдан басқадай, және, тегінде, ол кездегіден әлдеқайда қатерлі қауіп болса керек»²²³⁾.

Заң жалақының қала мен деревняға арналған, кесімді ақы мен күндік ақыға арналған тарифін белгілейді. Селолық жұмысшылар бір жылға жалдануға тиіс, ал қалалық жұмысшылар «еркін рынокта» жалдануға тиіс. Түрмеге қамаймыз деп қорқытып, статутта көрсетілгеннен артық ақы төлеуге тыйым салынады, оның бер жағында мұндай заңсыз ақы алғандар, оны төлегендерден гөрі қаталырақ жазаланады. Мысалы, тіпті Елизавета статутының үйренушілер жөніндегі 18 және 19 статьяларында тарифтен жоғары ақы бергендерге он күндік түрме жазасы, ал ол ақыны алғандарға үш апталық түрме жазасы белгіленген. 1360 жылғы статут жазалау шарасын көбейткен және тіпті қожайындарға жұмысшыларды күш қол-

²²²⁾ «Әрдайым, заң қожайындар мен олардың жұмысшылары арасындағы таласты реттемек болған кезде, ол заңның кеңесшілері қожайындар болды»,— дейді А. Смит²⁰⁸. «Меншік — заңдардың рухы міне осы»,— дейді Ленге²⁰⁹.

²²³⁾ [J. B. Byles.] «Sophisms of Free Trade». By a Barrister. London, 1850, p. 206. Ол мысықылдап былай деп қосады: «Біз кәсіпкерлердің пайдасына бола іске араласуға әрдайым әзір болдық; ал жұмысшылардың пайдасына келгенде ештеңе істей алмағанымыз ба?»

дану арқылы заң белгілеген тариф бойынша жұмыс істеткізуге ерік берген. Тас қалаушылар мен ағаш ұсталарының басын қосып біріктірген барлық одақтар, договорлар, уәде-анттар, тағы басқалары заңсыз деп жарияланды. Жұмысшылар коалициялары XIV ғасырдан бастап 1825 жылға дейін, коалицияларға қарсы заңдар²¹⁰ жойылғанға дейін ауыр қылмыс ретінде қаралды. 1349 жылғы жұмысшы статутының және барлық онан кейінгі заңдардың рухы мемлекет әсте де жалақының минимумын емес, тек максимумын ғана белгілейді дегеннен айқын көрінеді.

XVI ғасырда жұмысшылардың жағдайы өте-мөте нашарлап кеткені белгілі. Ақшалай ақы артты, бірақ мұның өзі ақшаның құны түсуі мен товарлар бағасының көтерілуі дәрежесінен көп төмен болды. Демек, іс жүзінде жалақы төмендеді. Соған қарамастан жалақыны төмендетуге бағытталған заңдар онан әрі күшінде қала берді; мұнымен бірге «ешкім өзіне қызметке алуға келіспеген» адамдардың құлақтары кесіліп, оларға таңба басылып отырды. Елизаветаның патшалық құруының 5-ші жылында үйренушілер туралы шығарылған статут, 3-ші тарауы, бітістіруші судьяларға жалақының белгілібір дәрежесін белгілеуге және оны жыл мезгілдері мен товарлар бағасына сәйкес өзгертіп отыруға ерік береді. Яков I еңбекті бұлай реттеу тәртібін тоқымашыларға, иірушілерге және жұмысшылардың басқа да категорияларына қолданды²²⁴. Георг II жұмысшылар коалицияларына қарсы заңдарды барлық мануфактурада қолданды.

Мануфактуралық дәуірдің өзінде капиталистік өндіріс әдісі жалақыны заң арқылы реттеп отыруды әрі орындалмайтындай, әрі қажетсіз егерліктей болып жеткілікті нығайды, бірақ солай бола тұрса да дегенмен ескі арсеналдан алынған бұл қаруды керек бола қалса деп сақтай тұрғысы келді.

²²⁴) Яков I патшалық құруының 2-ші жылында шығарылған статуттың бір пунктінен, 6-тараудан мынаны көреміз: бітістіруші судья болып жүрген кейбір шұғашылар өз мастерскойларында жалақы тарифін ресми түрде өздері белгілеген. Германияда, әсіресе Отыз жылдық соғыстан кейін, жалақыны кеміту үшін статуттар өте жиі шығарылған. «Елсіз қалған жерлерде қызметшілер мен жұмысшылардың жетіспеуі помещиктерге өте ауыр тиді. Барлық деревня тұрғындарына бойдақ еркектер мен әйелдерге жалға үй беруге тиым салынды; барлық мұндай келімсектер жөнінде басшылыққа айтып жеткізіп тұруға бұйырылған, егер олар қызметші болғысы келмесе, қандай да болсын басқа кәсіпмен, күндік ақы алып шаруаларға жұмыс істеумен немесе тіпті ақшамен және астықпен сауда жасау арқылы күнкөріп жүруіне қарамастан, түрмеге отырғызылуға тиіс» («Kaiserliche Privilegien und Sanctionen für Schlesiens», I, 125). Патшалардың указдарында қатаң тәртіпке бағынбайтын, заң бойынша белгіленген ақыға қанағат етпейтін бұзылған, бетімен кеткен арсыз қонсылар жөнінде айшыпп наздалану бүкіл ғасыр бойы тоқталмайды; жеке помещиктердің бүкіл округ үшін тағайындалған тақсыдан гөрі неғұрлым жоғары ақы төлеуіне тиым салынады. Сонда да соғыстан кейін қызметшілердің жағдайы кейде бұдан жүз жыл кейінгісінен жақсы болды; Силезияда қызметшілер 1632 жылдың өзінде аптасына екі рет ет алып тұрды, ал біздің ғасырымызда сол Силезияның өзінде қызметшілер жылына үш рет қана ет алатын жерлер бар. Соғыстан кейін жалақы да одан кейінгі ғасырдағылардан жоғары болды» (G. Freitag. [«Neue Bilder aus dem Leben des deutschen Volkes». Leipzig, 1862, S. 35, 36]).

Георг II патшалық құруының 8-ші жылында шығарылған заң Лондон мен оның төңірегіндегі жерлердің тігінші кіші шеберлеріне бүкілхалықтық қаралы күндерден басқа реттерде 2 шилл. 7 $\frac{1}{2}$ пенниден артық күндік ақы төлеуге тыйым салды; Георг III патшалық құруының 13-ші жылында шығарылған заң, 68-тарауы, бітістіруші судьяларға жібек тоқымашыларының жалақысын реттеуге ерік береді; бітістіруші судьялардың жалақы жөніндегі жарлықтары ауыл шаруашылығы жұмысшыларынан басқа жұмысшыларға қолданыла ма, жоқ па деген мәселені шешу үшін тіпті 1796 жылдың өзінде жоғарғы сот орындарының екі қаулысы керек болды; Шотландияның кен жұмысшыларының жалақысы Елизаветаның статутымен, 1661 және 1671 жылдардағы шотландиялық екі заңмен реттелетіні тіпті 1799 жылы-ақ парламенттік актымен нығытылған болатын. Бұл уақытқа қарсы жағдайдың қаншалықты қатты өзгергенін Англияның қауымдар палатасының практикасында болған құлақ естімеген бір жағдайдан көруге болады. Мұнда 400 жылдан астам уақыт бойы тек қана белгілі бір максимумды белгілейтін заңдар шығарылып келді, жалақы ешуақытта осы максимумнан аспауға тиіс, Уитбред 1796 жылы ауылшаруашылық жұмысшылары үшін жалақының минимумын заң жүзінде белгілеуді ұсынды. Питт бұған қарсы болды, алайда ол «кедейлердің жағдайы өте жаман (сгуел)» дегенге қосылды. Ақырында, 1813 жылы жалақыны реттеу жөніндегі заңдар жойылды. Капиталист өзінің фабрикасында еңбекті өзінің заңы арқылы реттеп отыратын және кедейлер пайдасына алынатын салық арқылы село жұмысшыларының ақысын қажетті минимумға дейін толықтырып отыратын жағдайларда ол заңдар кісі күлерлік аномалияға айналды. Ал жұмысшы статуттарының қожайындар мен жұмысшылар арасындағы шарттар, шартты бұзу мерзімдері, тағы басқалары жөніндегі ұйғарындылары күні осы уақытқа дейін еш мүлтіксіз толық сақталды, бұл ұйғарындылар бойынша — шартты бұзған қожайынға тек азаматтық іс бойынша ғана талап қойылады, ал шартты бұзған жұмысшы қылмысты іс бойынша жауапқа тартылуға тиіс.

Қоалицияларға қарсы қатаң заңдар 1825 жылы, пролетариаттың беталысы қатерлі болған кезде құрыды. Алайда олар тек шінара ғана құрыды. Ескі статуттардың кейбір ұнамды қалдықтары тек 1859 жылы ғана жойылды. Ақырында, 1871 жылғы 29 июньде парламенттік заң шығарылды, ол осы таптық заңның соңғы қалдықтарын жоюдан дәмеленді, өйткені ол тред-юниондарды заң жүзінде танылатын етті. Бірақ дәл сол күні шығарылған екінші бір парламенттік заң (зорлау, қорқыту және озбырлық жасауды жазалау шаралары жөніндегі қылмыс заңын өзгерту үшін қабылданған заң) іс жүзінде

бұрынғы жағдайды жаңа формада қалпына келтірді. Осындай парламенттік көз бояушылық арқылы жұмысшылардың стачка немесе локаут (өздерінің фабрикаларын бір мезгілде жабу ісін қолданатын өзара байланысты фабриканттардың стачкасы) кезінде пайдалануына болатын барлық құралдар жалпы правоның қатарынан шығарылып, ерекше қылмыс заңына бағындырылды, бұл заңның түсінігі бүтіндей бітістіруші судьяларға, яғни фабриканттарға байланысты болды. Осыдан екі жыл бұрын сол қауымдар палатасының өзінде сол Гладстон мырзаның өзі жұмысшы табына қарсы бағытталған барлық ерекше заңдарды жою жөнінде белгілібір ізгі ниеттілікпен заң жобасын енгізді. Бірақ онан әрі, бұл заң жобасын екінші рет оқудан әрі іс алға баспады, ақырында, «ұлы либералдық партия» торимен бірігіп, өздерін өкімет басына қойған пролетариаттың өзіне үзілді-кесілді қарсы шығуға батылы жеткенге дейін жоба ұзақ уақыт бойы тығулы жатты. Бұл сатқындыққа місе тұтпай, «ұлы либералдық партия» үстем таптардың алдында әрдайым құрдай жорғалаушы ағылшын судьяларына «конспирацияларға»²¹¹ қарсы ескі заңды қоларып қазып алып, оларды жұмысшы коалициялары жөнінде қолдануға мүмкіндік берді. Біздің көріп отырған бір нәрсеміз, ағылшын парламентінің өзі арысздық өзімшілдікпен бес жүз жыл бойы капиталистердің жұмысшыларға қарсы бағытталған тұрақты тред-юнионы жағдайында болып келгеннен кейін, бұл парламент бұқараның қысымымен еріксізден ғана стачка мен тред-юниондарға қарсы заңдардан бастартты.

Дәл сол сияқты француз буржуазиясы да революциялық дауылдың ең бас кезінде-ақ жұмысшылардың жаңа ғана жеңіп алған ассоциацияны правосын тартып алмақ болып ұйғарды. 1791 жылғы 14 июньдегі декрет бойынша буржуазия барлық жұмысшы коалицияларын «бостандық пен адам праволары декларациясына қарсы қылмыс» деп жариялады, бұл үшін 500 ливр айып төлеу және бір жылға түбегейлі азаматтық праволарынан айыру жазасына тартылады деді²²⁵). Капитал мен еңбек арасындағы бәсекені мемлекеттік-полициялық шаралар арқылы капиталға қолайлы шеңберге әкеліп тығатын бұл заң

²²⁵) Бұл заңның бірінші статьясында былай делінген: «Дәулеті бірдей немесе кәсібі бірдей адамдардың қандай да болсын корпорацияларын жою француз конституциясының түбірлі тұжырымдарының бірі болып табылатындықтан мұндай корпорацияларды қандай себептермен болса да, қандай формада болса да қалпына келтіруге тным салынады». Төртінші статьясы былай дейді: «егер бір мамандықтан, өнердің немесе кәсіптің азаматтары бірлесе отырып бастартуға немесе белгілібір ақы төленген жағдайда ғана өзіміздің өнеркәсіптік қызметтерімізбен және жұмыстарымызбен қызмет көрсетеміз деп өзара сөз байласа немесе осылай деп келісім жасасса, онда бұл аталған сөз байласулар мен келісімдер конституцияға қарсы, бостандық пен адам праволарының декларациясына, т. т. қарсы нәрселер деп жариялануы керек...», яғни нақ сол ескі жұмысшы статуттарындағыдай мемлекеттік қылмыс деп жариялануы керек («*Revolutions de Paris*». Paris, 1791, 111, p. 523.

барлық революцияларды және династиялардың барлық ауысуын басынан кешірді. Тіпті террор үкіметі де ²¹² оған ешбір соқтыққан жоқ. Тек таяуда ғана ол Code pénal-дан [Қылмыстық заңдар кодексінен] өшіріліп тасталды. Бұл буржуазиялық мемлекеттік төңкерістің дәлелдемесі өте өзгеше. «Осы ақыны алатын адамның қажетті тіршілік заттарының жетіспеуінен туып отырған абсолютті, құлдық тәуелділік десе болғандай тәуелділіктен құтылуы үшін жалақыны қазіргі дәрежесінен жоғары көтеру қажет бола тұрса да»,— деді баяндама жасаушы Ле Шапелье,— солай бола тұрса да жұмысшылар өздерінің мүдделері жөнінде өзара сөз байласпауға тиіс, өздерінің «абсолютті, құлдық тәуелділік десе болғандай тәуелділігін» жеңілдету мақсатымен бірлесіп әрекет етпеуге тиіс, өйткені бұлай ете «олар өздерінің бұрынғы қожайындарының, қазіргі кәсіп иелерінің еркіндігін» (жұмысшыларды құлдықта ұстау еркіндігін!) «бұзған болар еді», және өйткені бұрынғы цехтық қожайындардың озбырлығына қарсы коалиция дегеніміз — сіздер қалай деп ойлайсыздар! — француз конституциясы жойған цехтарды қайтадан қалпына келтіру болып табылады ²²⁶).

4. КАПИТАЛИСТІК ФЕРМЕРЛЕРДІҢ ГЕНЕЗИСІ

Біз заңнан тыс қойылған пролетариатты туғызған зорлықтарды, оларды жалдама жұмысшыларға айналдырған қанқұйлы тәртіпті, еңбекті қанаудың дәрежесін күшейтіп, капиталдың қорлануын полициялық тәсілдер арқылы арттырған мемлекеттік жоғары былық шараларды қарастырып өттік. Енді әуелде капиталистер қайдан пайда болды?—деген сұрақ туады. Селолық халықты экспроприациялау тікелей ірі жер меншікшілерін ғана туғызады ғой. Ал фермерлердің генезисіне келетін болсақ, онда біз оның әрбір қадамын қадағалап қарай аламыз, өйткені бұл — бірнеше ғасырларға созылған баяу процесс. Крепостнойлардың өздері де, ал олармен қатар ерікті ұсақ жер меншікшілері де, дәулеті жағынан өте әртүрлі жағдайда болды, сондықтан олардың босатылуы да әрқилы экономикалық жағдайларда өтті.

Англияда фермердің бірінші формасы bailiff [кожа имение-сінің менгерушісі] болды, оның өзі крепостной болып қала берді. Ол өзінің жағдайы жағынан ерте заманғы римдік villisus-қа ұқсайды, бірақ мұның қызмет шеңбері тарырақ. XIV ғасырдың екінші жартысында bailiff-тің орнын фермер басты, фермерді лендлорд тұқыммен, малмен және егіншілік құралда-

²²⁶) *Buchez et Roux*. «Histoire Parlementaire», t. X, p. 193—195 passim.

рымен жабдықтайды. Оның жағдайы шаруаның жағдайынан онша өзгеше емес. Ол тек жалдама еңбекті көбірек қанайды. Көп ұзамай ол «metaуег», жартылай-фермер болады. Екіншілікке қажетті капиталдың бір бөлегін ол, екінші бөлегін лендлорд қосады. Жалпы өнім олардың арасында шартпен белгіленген пропорция бойынша бөлінеді. Англияда аренданың бұл түрі тез жойылып, өзінің орнын сөздің дәл мағынасындағы фермерге береді, бұла фермер іске өз капиталын қосады, шаруашылықты жалдама жұмысшылардың күшімен жүргізеді және қосымша өнімнің бір бөлегін лендлордқа жер рентасы ретінде ақшалай немесе заттай береді.

XV ғасыр бойында, жалдама жұмыстармен бірге өздерінің дербес шаруашылықтарымен де шұғылданған тәуелсіз шаруалар мен ауылшаруашылық жұмысшыларының еңбегі олардың өз пайдасына жұмсалып тұрған кезде, фермердің өндіріс сферасы қаншалық мардымсыз болса, оның тұрмыс дәрежесі де соншалық мардымсыз болды. XV ғасырдың соңғы отыз жылдығында басталып, бүкіл XVI ғасыр бойы дерлік созылған (оның соңғы он жылын қоспағанда) екіншілік революциясы село халқын қаншалық тез күйзелткен болса, фермерлерді соншалық тез байытты²²⁷⁾. Қауымдық жайылымдарды, тағы басқаларды басып алу фермерлердің өз мал санын ешқандай шығынсыз дерлік едәуір көбейтуіне мүмкіндік берді, ал мал оның жері үшін мол тыңайтқыш береді.

XVI ғасырда бұған шешуші маңызы бар тағы бір жағдай қосылады. Ол уақытта аренда договорлары ұзақ мерзімге, көбінесе 99 жылға жасалатын. Асыл металдар құнының, демек, ақша құнының ұдайы төмендеуі фермерлер үшін өте тиімді болды. Бұл, жоғарыда қаралып өткен басқа жағдайларды сөз етпегеннің өзінде, жалақыны кемітті. Жалақының бір бөлегі фермердің пайдасына айналды. Астық, жүн, ет бағасының — бір сөзбен айтқанда, барлық ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының ұдайы арттырылуы фермердің тарапынан ешқандай күш-жігер жұмсалмаса да оның ақша капиталын көбейтті, ал оның бержағында жер рентасын ол ақшаның бұрынғы құны кезінде жасалған договорлардың негізінде төледі²²⁸⁾.

²²⁷⁾ «Фермерлерге»,— дейді Харрисон өзінің «Description of England»-нда,— «бұрын 4 ф. ст. рентаны төлеу қиын болса, қазір олар 40, 50, 100 ф. ст. рента төлейді және сонда да, егер аренда мерзімі өткеннен кейін қолында 6—7 жылдық рента қалмайтын болса, олар іс онша пайда түсірерлік іс емес деп есептейді».

²²⁸⁾ XVI ғасырда ақшаның құнсыздануының қоғамның әртүрлі таптарына тигізген әсері туралы қараңыз: «A Compendious or Briefe Examination of Certain Ordinary Complaints of Diverse of our Countrymen in these our Days». By W. S., Gentleman (Лондон, 1381). Бұл шығарманың диалогтік формасы оны ұзақ уақыт бойы Шекспирдің шығармасы деп келуге себеп болды, ол 1751 жылы да Шекспирдің атымен жарыққа шықты. Оның авторы — Уильям Стаффорд. Бір жерінде рыцарь (knight) былайша пайымдайды:

Рыцарь: «Сіз, менің егінші көршім, сіз саудагер мырза, құрметті мысып, сіз де, басқа қолөнершілер сияқты, сіздер де өз мүдделеріңізді біршама оңай қорғай аласыздар. Өйткені барлық заттардың бағасы бұрынғысымен салыстырғанда қаншалық

Сонымен ол өзінің жалдама жұмысшылары есебінен де, өзінің лендлорды есебінен де бірдей байыды. Сондықтан Англияда XVI ғасырдың аяқ кезінде «капиталистік фермерлердің» сол уақытқа лайық байлар табы құрылғандығының таңқаларлық ештеңесі жоқ ²²⁹⁾.

5. ЕГІНШІЛІКТЕГІ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ӨНЕРКӘСІПКЕ ТИГІЗЕТІН КЕРІ ЫҚПАЛЫ. ӨНЕРКӘСІП КАПИТАЛЫ ҮШІН ІШКІ РЫНОКТЫҢ ЖАСАЛУЫ

Ұдайы қайталанып, дүркін-дүркін дүмпүмен жүзеге асырылған село халқын экспроприациялау және оны жерден қуу, өзіміздің жоғарыда көргеніміздей, қалалық өнеркәсіпке қандай да болсын цехтық қатынастардан мүлде тыс тұрған пролетарлардың барған сайын көптеген жаңа топтарын беріп отырды,— бұл жағдай А. Андерсон қартты (Джемс Андерсонмен шатастырмау керек) өзінің сауда тарихы жөніндегі еңбегінде ²¹³ күдіреттің тікелей қатысы бар дегенге сенуге мәжбүр

артатын болса, сіздер өздеріңіздің сататын товарларыңыздың, өздеріңіздің еңбектеріңіздің бағасын социалық арттырасыздар. Ал біздің жоғары бағамен сатарлық, сөйтіп өнімдер сатып алғанда шегетін зиянымыздың орнын толтыратын ештеңеміз жоқ». Басқа бір жерінде рыцарь доктордан былай деп сұрайды: «Тілеуіңіз берсін, айтыңызшы, сіз кімдерді айтып отырсыз? Және де ең алдымен, сіздің ойыңызша, бұдан ешқандай залал шекпейтіндер кімдер?» *Доктор*: «Мен сатып алумен және сатумен күн көретіндерді айтып отырмын, ал қымбатқа сатып алатын болса, соншалық қымбатқа сатады да». *Рыцарь*: «Сіздің сөзіңізге қарағанда, бұдан ұтатын адамдардың категориясы кімдерден құралады?» *Доктор*: «Әрине, бұлар өздері өңдеп отырған жер үшін ескі рента төлейтін барлық арендаторлар немесе фермерлер, өйткені олар ескі норма бойынша төлейді, ал жаңа баға бойынша сатады, яғни өзінің жері үшін өте арзан төлейді, ал ол жерден өңгендердің бәрін қымбатқа сатады...» *Рыцарь*: «Ал сіздің сөзіңізге қарағанда, бұл адамдардың ұтқанынан гөрі көбірек ұтылатындар кімдер?» *Доктор*: «Бұлар дворяндар, дженгельмендер және тегінде қатан белгіленген рентамен немесе белгіленген ақшамен күн көретін немесе өз жерін өздері ұқсатпайтын, немесе өздері сауда жасамайтын барлық адам».

²²⁹⁾ Францияда бұрын орта ғасырлардың бас кезінде менгеруші және феодалдардың пайдасына төленетін төлемдерді жинаушы болған *regisseur* көп ұзамай қорқытыл алу, алдау, т. с. жолдармен капиталист болып шығатын *hottie* et *affaires*-ке [еппіл пысыққа] айналады. Бұл *regisseurs*-тің өздері кейде бекзаттық *oslovien*ден шыққандар болды. Мысалы: «Бұл есепті Безансондағы касташы рыцарь Жак де Торрес Дижонде герцог және граф Бургонский мырза алдында, көрсетілген қасталық топтардан 1359 жылдың 25 декабрінен 1360 жылдың 28 декабріне дейін алуына тиісті рента жөнінде сөеп беруші өзінің қажоршысына беріп отыр» (*Alexis Monteil*. «Traité des Matériaux Manuscrits etc.», р. 234, 235). Қоғамдық өмірдің барлық саласында деддалдардың қолына мол үлес тиетіні осыдан-ақ көрінеді. Мысалы, экономикалық салада кәсіпкерлік олжаны финансистер, биржевиктер, кулептер, дүкеншілер алады; азаматтық пайдалау ісі болып жүрген адамдарды адвокат сыпырып алады; саясатта өзінің сыйлаушыларынан гөрі депутат мығым, патшадан гөрі министр мығым келеді; дінде құдайды оның қасиетті «қорғаушылары» кейін сырып тастайды, ал бұл сонғыларды поппар кейін ысырайды, ал поппар өз кезегінде «қайырымды пастыр» мен оның малы арасында сөзсіз деддал болады. Англиядағы сияқты Францияда да ірі феодалдық жерлер сансыз көп ұсақ шаруашылықтарға бөлінді, бірақ олар село халқы үшін анағұрлым қолайсыз шарттармен бөлінді. XIV ғасырдың ішінде аренда — фермалар немесе *fermiers* деп аталатындар пайда болды. Олардың саны ұдайы көбейіп, 100 000-нан алуыр артық болды. Олар жер рентасы түрінде өкімнің $\frac{1}{12}$ -інен $\frac{1}{5}$ -не дейінгі бөлегін ақшалай немесе заттай төлейді. Кейде тек бірнеше арпан ғана болатын жер көлемі мен бағасына қарай *terriers*-тер лендер, кіші лендер (*iefs, arrière-iefs*) т. с. деп аталады. Бұл *terriers* иелерінің бәрiнiң өз участоктерiндегi халық жөнiнде белгiлiбiр дәрeжеде сот билiгi болды; олардың сот билiгi төрт дәрeжеге бөлiндi. Барлық осы ұсақ тирандар билiгiнiң село халқына қандайлық ауыр езгi болып түскенiн аңғару қиын емес. Монтэй: Францияда кәзiр 4 000 сот бар жерде (бұған бiтiстiрушi соттарды да қоса есептегенде) ол кезде 160 000 сот болғанын айтады.

еткен қиын жағдай. Біз капиталдың алғашқы қорлануының осы жағына тағы да аздап тоқталуға тиіспіз. Жоффруа Сент-Илердің²³⁰⁾ әлемдік материяның бір жерде шоғырлануына оның екінші бір жерде сиреуі себеп болады деп түсіндіретіні сияқты, шаруашылықты дербес жүргізуші, тәуелсіз село халқының сиреуіне өнеркәсіп пролетариатының шоғырлануы ғана сай келіп қойған жоқ. Жерді ұқсататын адамдар санының кемуіне қарамастан, жер бұрын қанша өнім беріп келсе, қазірде де сонша өнім беруде немесе тіпті одан да көп өнім беруде, өйткені жер меншігі қатынастарындағы революция жер өңдеу әдістерінің жақсартылуымен, кооперацияның ұлғайтылуымен, өндіріс құрал-жабдықтарының шоғырлануымен, т. т. қабат жүргізілді және өйткені ауылшаруашылық жалдама жұмысшыларына еңбекті неғұрлым интенсивті²³¹⁾ түрде істеттіріп қана қоймай, сонымен қатар олардың өздері үшін еңбек ететін өндіріс саласы да барған сайын кеми берді. Сонымен, село халқының бір бөлегінің босатылуымен бірге олардың бұрынғы тіршілік заттары да босайды. Бұлар енді өзгермелі капиталдың заттық элементтеріне айналады. Аспан мен жердің ортасында қалған шаруа олардың құнын жалақы формасында өзінің жаңа қожасынан, өнеркәсіп капиталисінен алуға тиіс. Ауыл шаруашылығының өнеркәсіпке беретін отандық шикі материалы тіршілік заттарының тағдыры сияқты тағдырға тап болды. Ол тұрақты капиталдың элементіне айналды.

Мысалы, Фридрих II тұсында барлығы зығыр торқасын иірумен шұғылданған Вестфаль шаруаларының бір бөлегі зорлықпен экспроприацияланды және жерден қуылды, ал олардың екінші бір бөлегі ірі фермерлердің батрақтарына айналдырылды, деп ұйғарайық. Мұнымен бірге зығыр торқасын иіретін және тоқитын ірі кәсіпорындар өседі, жерден «босатылғандар» жалдама жұмысшылар ретінде осыларға келіп жалданады. Зығырдың түрі бұрын қандай болса, қазір де сондай. Оның бір талшығы да өзгерген жоқ, бірақ оның тәніне енді жаңа элеуметтік жан келіп кірді. Ол енді мануфактура иесінің тұрақты капиталының бір бөлегі болып саналады. Егер ол бұрын өз семьяларымен бірге жұмыс істеп, оны өсіріп шығарған және оны аз-аздап иіріп шығаратын көптеген ұсақ өндірушілер арасында бөлінген болса, енді ол басқа адамдарды өзіне арнап иіруге және тоқуға міндеттейтін бір капиталистің қолына шоғырланған. Зығыр торқасын иіруге жұмсалатын қосымша еңбек бұрын сансыз көп шаруалар семьяларының қосымша табысы ретінде, сондай-ақ — Фридрих II тұсында, — *pour le roi*

²³⁰⁾ Оның мына еңбегін қараңыз: «Notions de Philosophie Naturelle». Paris, 1838.

²³¹⁾ Джемс Стюарт мырза осы пунктті атап көрсетеді²³¹⁾.

de Prusse * алынатын салықтар түрінде іске асырылатын. Қазір ол аздаған капиталистердің пайдасы түрінде іске асырылады. Ұршықтар мен тоқыма станоктары бұрын әрбір деревняға таратылып бытырап жатқан болса, қазірде жұмысшылар мен шикі материалдың өздері сияқты аздаған үлкен жұмысшы казармаларына жинақталған. Ұршықтар да, тоқыма станоктары да, шикі материал да иірушілер мен тоқымашылардың тәуелсіз өмір сүруін қамтамасыз ету құралынан, иірушілер мен тоқымашыларға билік ету құралына²³²), олардың ақы төленбеген еңбегін сорып алу құралына айналдырылуда. Ірі мануфактуралардың, дәл сол сияқты ірі фермалардың да сыртқы түріне қарап, бұлар көптеген ұсақ, тәуелсіз өндірушілерді экспроприациялау арқылы көптеген ұсақ өндірістік единицаларды қосудан пайда болған екен деуге әсте болмайды. Алайда бұл сыртқы көрініс әділ бақылаушыны алдай алмайды. Мирабо уақытында — революцияның осы көкжал арыстаны кезінде — ірі мануфактуралар әлі manufactures réuniés, біріктірілген мастерскойлар деп аталатын-ды, қазіргі уақытта біздің біріктірілген егістік жерлер дейтініміз сияқты.

«Ірі мануфактураларға ғана көңіл бөледі»,— дейді Мирабо,— оларда жүздеген адам бір директордың басқаруымен жұмыс істейді және оларды әдетте біріктірілген мануфактура (manufactures réuniés) деп атайды. Керісінше әрбір жұмысшы өз бетінше өз тәуекелімен бөлек-бөлек жұмыс істейтін көптеген жұмысшылары бар мастерскойларға көңіл бөлініп, назар аударылмайды. Мұндай мастерскойлар мүлде екінші кезекке қалдырылады. Бұл — үлкен қате, өйткені осылар ғана халықтық байлықтың шын мәнісіндегі маңызды құрамды бөлегі болып табылады.. Біріктірілген фабрика (fabrique réuniée) бір немесе екі кәсіпкерді ғана өте-мөте мықтап байыта алады, ал жұмысшылар — жоғары немесе төмен ақы алатын және кәсіпкерлердің дәулетіне ешбір қатыспайтын күндікшілер ғана. Мұның керісінше, бөлшектенген фабрика (fabrique séparée) ешкімді байытпайды, бірақ мұның есесіне көптеген жұмысшылардың күйлі болуына дем береді.. Ыждағатты шаруашыл жұмысшылардың саны өсе береді, өйткені тұрмыстың ақылға қонымды қалпын, еңбек сүйгіштікті олар жалақыны аздап жоғарылатудан гөрі өздерінің жағдайын едәуір жақсартудың құралы деп қарайды, жалақының аздап артуының болашақ үшін ешуақытта маңызды нәтижесі болмақ емес және ең қолайлы жағдайдың өзінде жұмысшылардың сол кезеңде ғана аздап жақсы тұруына мүмкіндік береді. Әдетте ұсақ ауыл шаруашылығымен ұштастырылған бөлек-бөлек дербес мануфактуралар бірден-бір еркін мануфактуралар болып табылады»²³³).

* — сөзбе-сөз: Пруссия королінің пайдасына, сөздің ауыспалы мағнасында: желге кететін. *Ред.*

²³² «Менің сіздерге басшылық еткенім үшін,— дейді капиталист,— өздеріңізде әлі де болса бар азын-аулақ нәрсені маған беретін болсаңыздар, мен сіздердің маған қызмет етулеріңізге рақым етемін, ал басшылық ету міндетін мен өз мойныма аламын». (*J. J. Rousseau. «Discours sur l'Economie Politique»*).

²³³ *Mirabeau*, цитат алынған шығарма, III том, 20—109 беттер, әр жерінде. Егер Мирабо «біріктірілген» мастерскойларға қарағанда бөлшектенген мастерскойлар неғұрлым үнемді және неғұрлым өнімді деп есептейтін болса және «біріктірілген» мастерскойларды үкіметтің қамқорлығымен жылы жайда қолмен өсірілген өсімдік қана деп қарайтын болса, бұл континенттік мануфактуралардың көпшілігінің сол кездегі жағдайынан туған еді.

Село халқының бір бөлегін экспроприациялап, деревнядан қуу өнеркәсіп капиталы үшін жұмысшыларды, олардың тіршілік заттарын, олардың еңбегінің материалын босатып қана қоймай, сонымен бірге ішкі рынокты да жасайды.

Шындығында, ұсақ шаруаларды жалдама жұмысшыларға, ал олардың тіршілік заттары мен еңбек құралдарын капиталдың заттық элементтеріне айналдыратын жағдайлар, сонымен бірге капитал үшін ішкі рынокты да жасайды. Бұрын шаруа семьясы тіршілік заттары мен шикізатты өзі өндіріп, өзі өңдейтін және олардың көбісін өзі тұтынатын еді. Енді бұл шикізат пен тіршілік заттары товарға айналды. Ірі фермер оларды сатады; мануфактуралар оның рыногы болып табылады. Иірілген жіп, кенеп, жүннен жасалған бұйымдар — әрбір шаруа семьясының қарамағындағы бұларға керекті шикізаты болған, оларды өздерінің тұтынуы үшін иіріп, тоқып шығарған заттардың бәрі, — енді мануфактуралық бұйымдарға айналды, нақ сол егінші округтар оларды өткізетін рынок болып табылады. Бұған дейін өзінің білгенінше тәуекелмен жұмыс істеуші ұсақ өндірушілер бұқарасы қызмет көрсетіп келген көпсаиды бытыранды тұтынушылар енді бір ірі бүтінге шоғырланып, өнеркәсіп капиталы жабдықтайтын рынок жасайды²³⁴). Осылайша бұрынғы еркін шаруаларды экспроприациялаумен, оны өндіріс құрал-жабдықтарынан айырумен қоса қабат селолық қосалқы кәсіпшілік жойылады, мануфактура мен егіншіліктің бір-бірінен бөліну процесі болады. Және де селолық үй кәсіпшілігінің жойылуы ғана белгілі бір елдің ішкі рыногына капиталистік өндіріс әдісі мұқтаж болып отырған көлем мен тұрақтылықты бере алады.

Алайда мануфактура дәуірінің өзі түбірлі өзгеріске әлі де жеткізе қоймайды. Мануфактураның кең базис [Hintergrund] ретінде әрдайым қалалық қолөнер мен селолық қосалқы үй кәсіпшіліктеріне негізделіп, ұлттық өндірісті өте толық емес түрде ғана меңгеретінін еске сала кетелік. Мануфактура бұл қосалқы кәсіпшіліктер мен қалалық қолөнерді олардың бір формасында, өнеркәсіптің белгілі бір тарауларында, белгілі бір пункттарда жоя отырып, оларды басқа жерлерде қайта жандандырады, өйткені ол өзінің шикі материалын ұқсату үшін белгілі дәрежеде соларға мұқтаж болады. Сондықтан

²³⁴) «Егер жиырма қалақ жүн жұмысшы семьясының еңбегі арқылы оның басқа жұмыстары аралықтарында, елеусіз түрде, бүкіл жыл бойында, сол семьяға керекті кімге айналдырылатын болса, мұнда бәрі де өте түсінікті. Ал бұл жүнді рынокқа шығарып көріңіз, оны фабрикантқа жөнелтіңіз, онан соң фабриканттың өнімін делдалға, онан күпешке жөнелтіңіз, сонда сіз ірі сауда операциясын көресіз, оның бер жағында бұл іске керекті номинальды капитал әлгі жүннің құнынан жиырма есе артық болады... Сонымен жұмысшы табы бақытсыз фабрикалық халықты, дүкеншілердің арамтамақ табын және жалған сауда, ақша, финанс системасын асырап сақтау үшін қаналады» (David Urquhart, цитат алынған шығарманың, 120-беті).

мануфактура ұсақ егіншілердің жаңа табын жасайды, бұлар үшін жер өңдеу тек көмекші сала болып табылады, ал негізгі кәсібі — өнеркәсіптік еңбек, тікелей немесе купец арқылы мануфактураға сатылатын өнімдерді өндіру болады. Бұл — ең бастысы болмаса да, Англия тарихын зерттеуші адамды алдымен шатастыратын құбылыс себептерінің бірі. XV ғасырдың соңғы отыз жылынан бастап зерттеуші деревняда капиталистік шаруашылықтың өсуі жөнінде, шаруа шаруашылықтарының барған сайын жойылып бара жатқаны жөнінде тек андасанда ғана толастайтын, үздіксіз шағымға кездесіп отырады. Ал, екінші жағынан, ол шаруалардың әрқашан өмір сүргенін көреді, рас олардың саны азайып, жағдайлары барған сайын нашарлай түскенін көреді²³⁵⁾. Мұның негізгі себебі мынада: Англияда біресе астық шаруашылығы, біресе мал шаруашылығы алма-кезек басым болып отырды, міне осыған байланысты шаруалар өндірісінің көлемі ауытқып отырды. Тек машиналы ірі өнеркәсіп қана капиталистік егіншілік үшін берік базис жасап береді, село халқының орасан көпшілігін батыл экспроприациялайды және деревняның үй өнеркәсібінің тамырын — жіп иіру мен тоқымашылықты жұлып тастап, осы өнеркәсіп пен егіншіліктің бөлінуін аяқтайды²³⁶⁾. Демек, тек сол ғана өнеркәсіп капиталы үшін барлық ішкі рынокты жеңіп алады²³⁷⁾.

6. ӨНЕРКӘСІП КАПИТАЛІСІНІҢ ГЕНЕЗИСІ

Өнеркәсіп²³⁸⁾ капиталисінің генезисі фермер генезисін сипаттайтын бірте-біртелікпен көзге түспеді. Кейбір ұсақ цех

²³⁵⁾ Кромвель уақытында басқаша болды. Республика сақталып тұрғанда, Англияның халық бұқарасының барлық топтары өздері Тодорлар тұсында душар болған құлдықраудан есін жиыды.

²³⁶⁾ Мануфактураның өзінен және село мануфактурасын яки үй мануфактурасын жоюдың нәтижесінде машинаны енгізумен бірге ірі жүн өнеркәсібінің пайда болғанын Такетт біледі (*Tuckett*, цитат алынған шығарма, I том, 144-бет). «Плугпен жарма құдайлардың ойлап шығарған және ерлер кәсібінің заты болған болса, тоқыма станогының, ұршықтың, жіп иіргіштің шығу тегінің нашарырақ болғаны ма? Сіз жіп иіргішті плугтан, ұршықты жармадан бөліп қарайсыз да фабрикаларды және кедейлерге арналған үйді, кредит пен дағдарыстарды, біріне бірі жау екі ұлтты — село ұлты мен сауда ұлтын көресіз» (*David Urquhart*, цитат алынған шығарманың 122-беті). Бірақ Кэри келеді де Англия барлық басқа елдерді тек егіншілікті елдерге айналдырып, өзі олардың фабриканты болғысы келеді деп Англияны кінәлайды, өрне, мұнысы негізсіз де емес. Осындай жолмен Түркия күйзелді, өйткені онда жер меншікшілері мен егіншілерге плуг пен тоқыма станогының, тырма мен балғанын табиғи одағы арқылы өз жағдайларын нығайтуға» (Англия тарапынан) «еш уақытта рұқсат етілмеді» (*The Slave Trade*, p. 125) деп байымдайды ол. Оның пікірінше, Укарттың өзі Түркияның күйзелуіне басты кінәлілердің бірі болып табылады, онда ол Англияның мүддесін көздеп, сауда бастандығын насихаттаған Бірақ ең тәуірі Кэри — айта кетелік бұл Россияның үлкен малайы — осы бөліну процесіне протекционизм системасының көмегімен кедергі жасарғысы келеді, шындығында протекционизм системасы бөлінуді шашқандатп түседі.

²³⁷⁾ Англияның Милль, Роджерс, Голдунн Смит, Фосетт, тағы басқалары сияқты филантропиялық экономистері және Джон Брайт пен оның сыбайластары сияқты либерал фабриканттары, құдайдың Қайнаан оның бауыры Авел туралы сұрағаны сияқты, ағылшынның жер аристократтарынан — біздің мындаған шаруаларымыз қайда кетті? — деп сұрайды. — Ал сіздердің өздеріңіз қайдан шықтыңыздар? Сол шаруалардың жойылуынан шықтыңыздар. Ал сіздер дербес тоқымашылар жіп иірушілер, қолөнершілер қайда кетті деп неге сұрамайсыздар?

²³⁸⁾ «Өнеркәсіп» бұл жерде «егіншілікке» қарама-қарсы қолданылған. Экономикалық категория мағынасында алғанда фермер — Фабрикант қандай болса, дәл сондай өнеркәсіп капиталисі.

мастерлерінің және дербес ұсақ қолөнершілердің көпшілігінің және тіпті жалдама жұмысшылардың көпшілігінің ұсақ капиталистерге айналғандығында, ал сонан соң жалдама еңбекті қанауды бірте-бірте ұлғайта отырып және оған сәйкес капиталдың қорлануын күшейте отырып sans phrase [сөзсіз] капиталистерге айналғандығында күмән жоқ. Капиталистік өндірістің нәрестелік шағында екінші бірінде дәл орта ғасырлық қала өмірінің нәрестелік шағындағыдай болды, онда қашқын крепостнойлардың қайсысы қожайын, қайсысы қызметкер болу керек деген мәселе әдетте олардың ішінде өз қожаларынан кімнің бұрын қашқанына байланысты шешілетін-ді. Бірақ бұл әдістің өте шабан қарқыны XV ғасырдың аяқ кезіндегі ұлы жаңалықтар арқылы жасалған дүниежүзілік жаңа рыноктың сауда қажеттеріне ешбір сай келмеді. Орта ғасырлар капиталдың екі түрлі формасын мұра етіп қалдырды, олар өсімқорлық капитал мен купецтік капитал, бұлар нағыз алуан түрлі қоғамдық-экономикалық формациялар кезінде пісіп жетіледі және капиталистік өндіріс әдісінің заманы басталғанға дейін сондай капитал болып есептеледі.

«Қазіргі уақытта барлық қоғамдық байлық әуелі капиталистің қолына түседі... ол жер меншікшісіне рента, жұмысшыға жалақы, алым-салық жинаушыларға — салықтар мен десятина төлейді, ал өзіне еңбектің жылдық өшімінің едәуір бөлегі, тіпті басым бөлегі, оның үстіне ұдайы өсіп отыратын бөлегі қалады. Қазіргі уақытта капиталисті барлық қоғамдық байлық алдымен соның қолына түсетін меншікші деп қарауға болады, бірақ оның осы меншікке деген правосын қамтамасыз ететін заң жоқ. Меншік сферасындағы бұл өзгеріс капиталға процент алудың арқасында жасалды... және бүкіл Еуропаның заң шығарушыларының өсімқорлыққа қарсы заңдар шығару арқылы бұған кедергі жасамақ болып тырысуының мәні де кем болмады... Капиталистердің елдің барлық байлығына билік жасауы — меншік правосындағы толық революция; бұл революцияны қандай заң немесе қандай заңдар тізбегі жасады?»²³⁹⁾

Тегінде заңдардың ешуақытта да революция жасамайтынын автордың білуі керек еді.

Өсімқорлық пен сауда арқылы жасалған ақша капиталының өнеркәсіп капиталына айналуына деревнядағы феодалдық құрылыс, қаладағы цехтық құрылыс кедергі болды²⁴⁰⁾. Бұл тежеулер феодалдық жасақтар таратылған кезде, село халқы экспроприацияланып, шінара жерден қуылған кезде жойылды. Жаңа мануфактура шетке товар шығаратын теңіз гавандарында немесе ел ішінде цехтық құрылысы бар ескі қалалардың бақылауынан тыс болған жерлерде пайда болды.

²³⁹⁾ «The Natural and Artificial Right of Property Contrasted». London, 1832, p. 98. 99. Бұл аноним еңбектің авторы — Т. Годскин.

²⁴⁰⁾ 1794 жылы-ақ Лидтің ұсақ шұғары иесілері купецтердің фабриканттарға айналуына тиым салатын заң шығару туралы петиция жазып парламентке депутаттар өкілдігін жіберді (Dr. Aikin, цитат алынған шығарма).

Осы себептен Англияның *corporate towns*-тері [цехтық корпоративтік құрылысы бар қалалары] өнеркәсіптің осы жаңа пикетіне қарсы кескілескен күрес жүргізді.

Америкада алтын мен күміс кендерінің ашылуы, жергілікті халықты құрту, құлдыққа салып, рудниктерде тірідей жерлеу, Ост-Индияны басып алып, талап-тонау жөніндегі алғашқы қадамдар, Африканы қара түстілерді аулайтын қорыққа айналдыру — өндірістің капиталистік заманының таң шапағы міне осындай болды. Бұл идилиялық процестер — капиталдың алғашқы қорлануының негізгі кезеңдері ғана. Бұлардан кейін Еуропа ұлттарының сауда соғысы басталды, бұл үшін жер шары соғыс алаңы болды. Бұл соғыс Нидерландының Испаниядан бөлініп кетуінен басталады, Англияның антиякобиндік соғысында мейлінше кең өріс алады және қазір де Қытайға қарсы «апиын» соғысы түрінде онан әрі жүргізілуде, тағысын тағылар.

Капиталдың алғашқы қорлануының түрлі кезеңдері түрлі елдер арасында, атап айтқанда: Испания, Португалия, Голландия, Франция және Англия арасында азды-көпті тарихи дәйектілікпен бөлінеді. Англияда XVII ғасырдың аяқ кезінде олар отар системасы мен мемлекеттік заемдар системасына, қазіргі салық системасы мен протекционизм системасына үнемі біріктіріліп отырады. Шінара бұл әдістер мысалы, отар системасы сияқты, дөрекі зорлыққа негізделеді. Бірақ олардың бәрі де феодалдық өндіріс әдісін капиталистік өндіріс әдісіне айналдыру процесін шапшаңдату үшін және оның өтпелі дәуірін қысқарту үшін мемлекеттік өкіметті пайдаланады, яғни шоғырланған және ұйымдасқан қоғамдық зорлықты пайдаланады. Ескі қоғам атаулының бәрі жаңа қоғамға жүкті болған кезде, күштеу жаңа қоғамның кіндік шешесі болады. Зорлықтың өзі — экономикалық потенция.

Христиандық отарлау системасы жөнінде У. Хауитт, христианшылдықты өзінің мамандығы етіп алған адам, былай дейді:

«Христиандық нәсіл деп аталатындардың әлемнің барлық бөлектерінде өздері құлдыққа салған барлық халықтар жөнінде жасаған тағылықтары мен арсыздық қаталдықтары қандай да болмасын тарихи дәуірде қандай да болмасын нәсілдің, бұл нәсіл қандайлық тағы да надан, мейірімсіз де арсыз нәсіл болса да, осы нәсілдің жасаған барлық сұмдықтарының бәрінен де асып түседі»²⁴¹).

²⁴¹ William Howitt. «Colonization and Christianity. A Popular History of the Treatment of the Natives by the Europeans in all their Colonies». London, 1838, p. 9. Құлдарға адамша қарамаушылық жөнінде мына еңбекте жақсы мәліметтер жинағы бар: Charles Comte. «Traité de Législation», 3ème ed. Bruxelles, 1837. Буржуа ешнәрседен именбестен дүниені өз қалпы мен өз сикына сай өзгерте алатын жерлерде буржуаның өзі неге айналатынын және оның өз жұмысшыларын неге айналдыратынын көру үшін бұл еңбекті талдап зерттеу керек.

Голландияның отарлық шаруашылығының тарихы — ал Голландия XVII ғасырдағы үлгілі капиталистік ел болғанды — сатқындықтың, сатып алудың, кісі өлтіру мен зұлымдықтың бұрын-соңды болып көрмеген көрінісін көрсетіп отыр²⁴²⁾. Ява аралындағы құлдардың қатарын толықтыру үшін Целебестен адам ұрлаудың голландықтар қолданған системасынан асқан өзгешелік ешқайда жоқ. Осы мақсатпен адам ұрлайтын арнаулы ұрылар даярланды. Ұры, адамдарды өткізуші мен сатушы бұл сауданың басты агенттері болды, жергілікті принцтер — негізгі сатушылар болды. Ұрланған жастар, құл таситын кемелерге отырғызып аттандырып жіберуге жарарлық жасқа толғанға дейін Целебестегі жасырын түрмелерге қамалды. Бір ресми есепте былай делінген:

«Мысалы, Макассар қаласының бір өзі ғана бірінен-бірі өткен жан түршігерлік жасырын түрмелерге толы, олар қол-аяғы шынжырланған, өз семьясынан күшпен айрылған адамдарға, обырлық пен озбырлықтың бақытсыз құрбандықтарына лық толы».

Голландықтар Малаккаға ие болу үшін португалдық губернаторды сатып алды. 1641 жылы ол голландықтарды қалаға кіргізді. Олар қалаға кірісімен-ақ, келісілген соманы — 21 875 фунт стерлингті төлеуден «тартыну» үшін дереу губернатордың үйіне барып, оны өлтірді. Мұнан кейін олар барған жерінің бәрін талап-тонап, адамдарын құрта бастады. Яваның Баньюванга деген провинциясында 1750 жылы 80 000 тұрғын болған болса, 1811 жылы бар болғаны 8 000 адам болды. Міне *doix saptege* [залалсыз сауда] деген осы!

Англияның Ост-Инд компаниясының²⁴⁵ Ост-Индияда саяси билікті алумен бірге шаймен сауда жасау, сондай-ақ жалпы Қытаймен сауда жасау және Европадан товар әкеліп, Европаға товар тасу жөніндегі ерекше монополияға ие болғаны белгілі. Ал Индия жағалауындағы және аралдар арасындағы кеме қатынасы, сол сияқты Индиядағы ішкі сауда компанияның жағарғы қызмет адамдарының монополиясы болды. Тұзға, апынға, бетельге, тағы басқа товарларға монополия жасау байлықтың саркылмас қайнар бұлағы болды. Қызмет адамдары бағаны өздері тағайындап, бақытсыз үнділерді өздерінің ойына келгенін істеп тонады. Генерал-губернатор бұл жеке саудаға қатысты. Оның қалаулы адамдары белгілібір шарттармен контракт жасасып, мұның өзі олардың жоқ нәрседен алтын жасауына алхимиктерден де жақсы мүмкіндік берді. Ірі байлық-дәулеттер жаңбырдан кейінгі саңырау құлақтай қаптап өсті, алғашқы қорлану алдын ала бір шиллинг те жұмсалмастан жүзеге асырылды. Уоррен Гастингстің сот процесі бұл тәрізді

²⁴²⁾ *Thomas Stamford Raffles*, late Lieut. Gov. of that island. «The History of Java». London, 1817 [v. II, p. CXC — CXCI, қосымша].

мысалдарға толы. Соның бірі мынадай. Апиың жеткізіп тұру жөніндегі бір контракт Индияның апиын өндіретін жерден қашық жатқан бір ауданына ресми тапсырмамен кетіп бара жатқан кезінде Салливен деген біреуге беріледі. Салливен өзінің контрактты Бинн деген біреуге 40 000 ф. стерлингке сатады, ал Бинн сол күні-ақ ол контрактты 60 000 фунт стерлингке қайта сатқан. Контрактыны соңғы сатып алушы және оны орындаушы болған адам бұл контракттан мен де орасан зор пайда таптым деп мәлімдейді. Парламентке тапсырылған бір документке қарағанда 1757 жылдан 1766 жылға дейін компания мен оның қызмет адамдары үнділерді өздеріне 6 миллион фунт стерлинг сыйлық беруге міндеттеген. 1769—1770 жылдары ағылшындар барлық күрішті сатып алып, оны адам айтқысыз өте жоғары баға болмаса, басқа бағамен сатудан бастартып әдейі аштық туғызды²⁴³⁾.

Мысалы, Вест-Индиядағы сияқты тек экспорт саудаға арналған плантацияларда, сондай-ақ таланып-тоналуға душар болған Мексика мен Ост-Индия сияқты халқы тығыз бай елдерде жергілікті халыққа деген көзқарас, әлбетте, бәрінен де сұмдық болды. Алайда алғашқы қорланудың бәз-баяғы христиандық сипаты нағыз отарлардың өзінде де көрініп отырды. Жаңа Англияның пуритандары — айық протестантизмнің осы асқан шеберлері — 1703 жылы өздерінің Assembly-інде [Заң шығару жиналысында] әрбір индеецтің бас терісі мен әрбір күрең түсті тұтқын үшін 40 ф. ст. сыйлық беруге қаулы етті; 1720 жылы әрбір бас тері үшін берілетін сыйлық 100 ф. ст. дейін арттырылды. 1744 жылы, Массачусет бұғазында бір тайпаны бүлікшіл деп жариялағаннан кейін мынадай бағалар тағайындалды: 12 жасар және онан жоғары жастағы еркектің бас терісі үшін жаңа валютамен 100 ф. ст., еркек жынысты тұтқыны үшін 105 ф. ст., тұтқын әйел немесе бала үшін 55 ф. ст., әйелдің немесе баланың бас терісі үшін 50 фунт стерлинг! Бірнеше он жыл өткеннен кейін отарлық система бұл тақуа *pilgrim fathers*-тің [пилигрим ата-бабалардың] өз кезегінде бүлікшіл болып шыққан тұқымдарынан кек алды. Ағылшындардың сатып алуы және азғырып арандатуы нәтижесінде оларды айбалталармен қырып салды, Британияның парламенті қап ішкіш иттерді және бас теріні сыпырып алуды «оған құдай мен табиғаттың өзі сыйлаған құрал» деп жариялады.

Отарлық система сауда мен кеме қатынасының қарыштап өсуіне себепші болды. «Монополия-қоғамдары» (Лютер) капиталды шоғырландырудың қуатты құралы болды. Отарлар тез

²⁴³⁾ 1866 жылы бір ғана Орисс провинциясының өзінде миллионнан астам үнділер аштықтан өлді. Соған қарамастан ашыққан адамдарға тіршілік заттарын жоғары бағамен сату арқылы Индияның мемлекеттік қассасын байытуға бар күш жұмсалды.

өсіп келе жатқан мануфактуралар үшін товар өткізетін рынокты қамтамасыз етті, ал бұл рынокты монополиялық иемдену еселеп қор жинауды қамтамасыз етті. Европадаң тыс жерлерде жергілікті халықты турадан-тура талап-тонау, құлдыққа салу, кісі өлтіру арқылы жиналған қазына метрополияға ағылып келіп жатты және осында капиталға айналды. Отарлық системаны бірінші болып толық дамытқан Голландия 1648 жылы-ақ өзінің сауда күш-қуатының шырқау шыңына жетті.

«Ост-Индиялық сауда және Европаның оңтүстік батысы мен солтүстік шығысы арасындағы сауда қатынастары оның бір өзінің дерлік иелігінде болды. Балық аулау, кеме қатынасы, мануфактура жөнінде оның басқа ешбір елде теңдесі болмады. Бұл республиканың капиталы, мүмкін, бүкіл қалған Европаның капиталын қоса алғандағыдан молырақ шығар»²¹⁶.

Бұл жолдардың авторы Гюлих: Голландияның халық бұқарасы бүкіл қалған Европаның халық бұқарасына қарағанда 1648 жылдың өзінде-ақ шектен тыс еңбектен көп азап шекті, олардан гөрі кедей болды және әлдеқайда катал езгіге душар болды деп қосуды ұмытып кеткен.

Қазіргі уақытта өнеркәсіптік гегемония сауда гегемониясын да орнатады. Мұның керісінше, мануфактуралық дәуірдің өзінде сауда гегемониясы өнеркәсіптік басымдықты қамтамасыз етеді. Ол кезде отарлық системаның шешуші роль атқаруы осыдан болған-ды. Мұның өзі Европаның бұрынғы құдайларымен бірге алтарьға шығып алып, бір сәтті күні олардың бәрін бір сермегенде-ақ алтарьдан лақтырып тастаған «көрінбейтін құдайдың» өзі еді. Отарлық система баюды адамзаттың ең соңғы және бірден-бір мақсаты етіп жариялады.

Орта ғасырларда-ақ Генуия мен Венецияда өркен жайғанын өзіміз көріп отырған қоғамдық кредит, яғни мемлекеттік борыштар системасы мануфактура дәуірінің ішінде бүкіл Еуропаға таралды. Теңіз саудасы бар және сауда жолында соғыс жүргізген отарлық система ол үшін жылы ұя болды. Ол осылайша өзінің тамырын алдымен Голландияда жайды. Мемлекеттік борыш, яғни мемлекет иелігіне алу — деспоттық, конституциялық немесе республикалық мемлекет болсын, оның бәрібір — капиталистік заманға өзінің белгісін соғады. Ұлттық байлық дейтіннің шын мәнісінде қазіргі халықтардың ортақ иелігінде қалатын бірден-бір бөлегі осы — мемлекеттік борыштар ^{245a)}. Сондықтан халықтың борышы неғұрлым көп болса, ол соғұрлым бай дейтін қазіргі доктрина өте орынды. Мемлекеттік кредит капиталдың сенім бейнесіне айналуға. Мемле-

²¹⁶а) Уильям Коббет Англияда барлық қоғамдық мекемелер «корольдік» мекемелер деп аталады, бірақ оның есесіне борыш «ұлттық» борыш болады (national debt) дейді.

кеттік борыштың пайда болуымен бірге кешіруге болмайтын, өліммен тең күнә — қасиетті аруақты жамандау емес, мемлекеттік борышқа деген сенімді бұзу болып табылады.

Мемлекеттік борыш алғашқы қорланудың ең күшті құралдарының біріне айналады. Сиқырлы таяқпен сүрме салған тәрізді ол өндіргіш емес ақшаға өндіргіш күш береді, сөйтіп оны капиталға айналдырады, ақшаны өнеркәсіпке жұмсаумен және тіпті өсімқорлық істермен тығыз байланысты қауіп-қатерлер мен қиыншылықтарға душар етудің қандайын болса да жояды. Мемлекеттік кредиторлар шындығында ештеңе бермейді, өйткені олардың қарызға беретін сомасы мемлекеттік борыш куәліктеріне айналады, ал бұл куәліктер олардың қолында нақты ақша сияқты оп-оңай айналысқа түсіп, қызмет атқарады. Бірақ осылайша жасалған қарап жатып күн көретін рантие табымен және үкімет пен ұлт арасында делдалдық қызмет атқаратын финансистердің тосын байлығымен бірге, қандай да болмасын мемлекеттік заемның мол үлесі аспаннан түскен капиталдай болып өз қолдарына түсетін салық жинауды сатып алушылармен, купецтермен және жеке меншік фабриканттармен бірге мемлекеттік борыш акционерлік қоғамдарды, алуан түрлі бағалы қағаздар саудасын, ажиотажды, бір сөзбен айтқанда — қулық-сұмдықтар мен осы заманғы банккратияны туғызды.

Ұлттық титулдармен нығайтылған ірі банктер өздерінің ең алғаш пайда болған кездерінен бастап тек жеке меншік саудагерлердің қоғамдары болды, бұлар үкіметтерге жәрдемдесті және өздеріне берілген артықшылықтардың арқасында оларға қарызға ақша беруге мүмкіндігі болды. Сондықтан мемлекеттік борыштың қорлануының ең әділ өлшеуіші осы банктердің акцияларының үдей түсіп артуы болып табылады, бұл банктердің гүлденуі Англия банкінің құрылуынан (1694 ж.) басталады. Англия банкі өзінің қызметін үкіметке 8% өсіммен қарыз беруден бастады; мұнымен бірге ол банкнот түрінде тағы да халыққа қарызға берген нақ сол капиталдың өзінен ақша соғып шығаруға парламенттен өкілдік алды. Ол осы банкноттар арқылы вексельдерді есепке ала алатын, товарлардың есебіне қарыз бере алатын, асыл металдарды сатып ала алатын еді. Көп уақыт өтпей-ақ банктің өзі шығарған осы кредит ақшалары алтын теңге ретінде қызмет атқара бастады: Англия банкі банкноттар түрінде мемлекетке қарыз берді, мемлекеттік заемдар бойынша төленетін процентті мемлекет үшін банкноттар түрінде төлеп отырды. Банк бір қолымен бере отырып, екінші қолымен одан едәуір көп алды, бірақ бұл да аз болды; банк өзіне алған күнде де ол өзінің берген барлық сомасының ақырғы тиынына дейін ұлттың мәңгілік кредиторы болып қала бер-

ді. Бірте-бірте ол елдің металл запасының бірден-бір сақтаушысы және бүкіл сауда кредиті үшін орталық өзек болды. Ағылшындар мыстан кемпірлерді отқа жағуды тоқтатқан уақыттан бастап, олар жалған банкнот жасаушыларды дарға аса бастады. Банкократтардың, финансистердің, рантьенің, делдалдардың, саудагерлердің және биржа көкжалдарының осы тобының кенет пайда болуы замандастарына қалай әсер еткенін сол кездегі шығармалар, мысалы, Болингброктың шығармалары көрсетіп береді ^{243b)}.

Мемлекеттік борыштармен бірге халықаралық кредит системасы пайда болды, бұл система екінші бірінде сол белгілі бір халық үшін алғашқы қорланудың жасырын көздерінің бірі болып табылады. Мысалы, талап-тонаудың венециялық системасының пасықтығы Голландияның капиталистік байлығының осындай жасырын негізі болды, құлдырап кері кеткен Венеция Голландияға кесек ақша сомасын қарызға берді. Голландия мен Англия арасындағы қатынас та нақ осындай болды. XVIII ғасырдың бас кезінде-ақ Голландия мануфактурасын Англия мануфактурасы әлдеқайда басып озды, сөйтіп Голландия сауда мен өнеркәсіп жөнінен үстем ұлт болудан қалды. Сондықтан 1701—1776 жылдар дәуірінде Голландияның басты кәсіптерінің бірі орасан көп капиталдарды қарызға беру, әсіресе өзінің қуатты бәсекелесі Англияға қарызға беру болып табылады. Нақ осы тәріздес қатынастар қазіргі уақытта Англия мен Құрама Штаттар арасында болып отыр. Өздерінің біртектес екенін білмейтін, Құрама Штаттарда пайдалануда жүрген көптеген капиталдар Англияда кеше ғана капиталға айналған балалар қаны болып табылады.

Мемлекеттік борыштар, мемлекеттік кірістерге негізделетін болғандықтан қазіргі салық системасы мемлекеттік заемдар системасына қажетті қосымша болып алды, жылдық проценттер және тағы басқа төлемдер сол мемлекеттік кірістердің есебінен өтелуге тиіс. Заемдар үкіметке төтенше шығындарды өтеуге мүмкіндік береді, бұлай еткенде салық төлеуші бұл шығындардың бүкіл ауыртпалығын бірден сезбейді, алайда сол заемдардың өзі сайып келгенде салықтарды арттыруды талап етеді. Екінші жағынан, бірден-бірге өсіп отырған қарыздардың салдарынан салықтардың артуы үкіметті әрбір төтенше жаңа шығын кезінде жаңа заемдарды алған үстіне ала беруге мәжбүр етеді. Сонымен, аса қажетті тіршілік заттарына салық салу (демек, олардың қымбаттауы) өзінің өзегі болып табылатын қазіргі фискальды системаның өзінде салық-

^{243b)} «Егер біздің заманымызда татарлар Европаны жаулап алған болса, біздің арамызда финансистердің алатын орнын оларға түсіндіру өте қиын болған болар еді» (*Montesquieu*. «*Esprit des loix*», éd. Londres, 1769, t. IV, p. 33).

ғардың өздігінен өсе беруінің ұрығы бар. Шектен тыс салық салу — кездейсоқ факт емес, осы системаның өзінің принципі. Бұл система ең алдымен нығайған Голландияда ұлы патриот де Витт оны өзінің «Максимдарында»²¹⁷ жалдама жұмысшының көңілділігін, төзімділігін, ыждағаттылығын және... шектен тыс ауыр еңбекке мойынсұнуға әзірлігін дамытудың ең жақсы әдісі ретінде мадақтайды. Алайда біз бұл арада қазіргі фискальды системаның жалдама жұмысшылардың жағдайына тигізетін содырлы ықпалынан гөрі, шаруалардың, қолөнершілердің — бір сөзбен айтқанда ұсақ буржуазияның барлық құрамдас бөлімдерінің осы системадан туған зорлықпен экспроприациялануына көңіл аударамыз. Бұл жөнінде тіпті буржуазиялық экономистердің арасында да екі ұшты пікір жоқ. Фискальды системаның экспроприациялаушы әрекеті протекционизм арқылы да онан сайын күшейе түседі, протекционизмнің өзі фискальды системаның құрамдас бөлімдерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік борыштар мен тиісті фискальды системаның байлықты капиталға айналдыруда, бұқараны экспроприациялауда атқарып отырған зор ролі бірсыпыра авторларды: Коббетті, Даблдейді және мемлекеттік борыш пен фискальды системаны қазіргі заманғы халықтардың қайыршылығының негізгі себебі деп білген басқа да авторларды адастырды.

Протекционизм системасы фабриканттарды көптеп жасаудың, тәуелсіз қызметшілерді экспроприациялаудың, ұлттық өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарын капиталға айналдырудың, ескі өндіріс әдісінен осы заманғы өндіріс әдісіне көшуді күштеп тездетудің жасанды құралы болды. Еуропалық мемлекеттер осы өнер табудың патентіне бола қырқысты және байып алуды көздеген рыцарьларға қызмет етуге тап болып, олар осы мақсатпен өз халқын тонап отырғандығымен, жанамалай түрде — қамқорлық баж алымын алумен, тікелей түрде — экспорт сыйлықтарымен және т. т. тонап отырғандығымен қанағаттанбады. Олар өздеріне тәуелді көршілес елдердегі өнеркәсіп атаулыны күштеп жойды, мәселен, ағылшындардың Ирландиядағы жүн мануфактурасын құртқаны сияқты. Еуропа континентінде бұл процесс Кольбердің сәтін салуымен онан сайын оңайлатылды. Бастапқы капитал мұнда өнеркәсіпшілерге едәуір дәрежеде тікелей мемлекеттік қазынадан келіп құйылады.

«Саксонияның Жетіжылдық соғыс алдындағы мануфактуралық гүлденуінің себептерін алыстан іздеудің қажеті не? — деп лепіреді Мирабо.— 180 миллион мемлекеттік борышқа назар аударудың өзі жеткілікті»²⁴⁴!

²⁴⁴) *Mirabeau*, цитат алынған шығарма, VI том, 101-бет.

Отарлық система, мемлекеттік борыштар, салықтар езгісі, протекционизм, сауда соғыстары, т. т.— нағыз мануфактура дәуірінің осы қалдықтарының бәрі ірі өнеркәсіптің нәресте кезінде мейлінше ұлғаяды. Ірі өнеркәсіптің тууы балаларды мейірімсіздікпен орасан көп ұрлап-жырлаумен белгілі. Король флоты өзінің матростарының құрамын күш қолдану арқылы толықтыратыны сияқты, фабрикалар да өздерінің жұмысшыларын солай күш қолдану арқылы толықтырады. Сэр М. Ф. Иденнің XV ғасырдың соңғы отыз жылынан бастап өзінің заманына дейін, XVIII ғасырдың аяғына дейін, село халқының жерін экспроприациялаудың қандайлық жан түршігерлік сұмдықтармен қоса қабат жүргізілгеніне немқұрайды қараған еді; капиталистік егіншілікті жасау үшін және «егістік пен жайылымдық арасында дұрыс арасалмақ орнату» үшін «қажетті» осы процесті ол қандайлық масаттана құттықтанған еді; бірақ сэр Иден де мануфактуралық өндірісті фабрикалық өндіріске айналдыру үшін және капитал мен жұмыс күші арасында дұрыс арасалмақ орнату үшін балаларды ұрлап алып, құлдыққа салудың экономикалық қажеттілігін де сондайлық түсіну дәрежесіне дейін жете алмаған. Ол былай дейді:

«Мүмкін, жұртшылық мына мәселеге көңіл бөлетін болар. Қоттеджер мен жұмыс үйлерінен кедей балаларды ұрлап алу арқылы ғана ойдағыдай жұмыс істей алатын өнеркәсіп,— бұл балалар топ-тобымен ауысып, түннің көбінде демалыссыз жұмыс істеуге тиіс; мұның үстіне ер-әйелдерді, әртүрлі жастағы және бейімділігі әртүрлі адамдарды бір жерге қосып араластырып жіберетін өнеркәсіп, мұның өзі еліктеткіш жаман өнеге арқылы адамды бұзып, аздыруы сөзсіз,— міне осындай өнеркәсіп ұлттың және жеке адамның бақытын молайта ала ма?»²⁴⁵. «Дербиширде, Ноттингемширде, әсіресе Ланкаширде»,—деп жазады Филден,— «жаңадан ойлап шығарылған машиналар сумен жүретін дөңгелекті айналдыра алатын өзендерге жақын жерге салынған ірі фабрикаларда таяуда қолданылды. Қалалардан қашық жатқан осы жерлерге кенеттен мыңдаған жұмысшы қолы керек болды; атап айтқанда Ланкаширде, құнарсыз болып, осы уақытқа дейін халқы біршама аз болған жерде, бәрінен бұрын адамдар керек болды. Кішкентай ғана епті саусақтары бар балаларды керексіну ерекше күшті болды. Лондонның, Бирмингемнің және тағы басқа қалалардың діни қауымдарының жұмыс үйлерінен шәкірттер (!) алу дереу әдетке айналды. 7-ден 13 немесе 14 жасқа дейінгі осы мың-мыңдаған кішкентай дәрменсіз жандар сол кезде солтүстікке тасымалданды. Әдетте қожайындар» (яғни балаларды ұрлап алушылар) «өз үйренушілерін киіндіріп, тамақтандырып, оларды фабрикаларға жақын салынған үйлерге орналастыратын. Олар балалардың жұмысын бақылап қарау үшін бақылаушылар жалдады. Құлдардың жұмысын бақылаушылар балаларды неғұрлым көп жұмыс істеуге мүдделі болды, өйткені олардың ақысы әрбір баладан сығып алынған өнімнің мөлшеріне байланысты болды. Қаталдық мұның табиғи жемісі болды. Көптеген фабрикалық округтарда, әсіресе Ланкаширде, фабриканттардың өктемдігіне берілген бұл жазықсыз, қорғансыз жандар нағыз жан түршігерлік азапқа салынды. Оларды шектен тыс ауыр еңбекпен өлімші етіп азаптады... ұрып-соқты,

²⁴⁵) *Eden*, цитат алынған шығарма, II кітап, I тарау, 241-бет.

аяқ-қолын шынжырлап, нағыз жымысқы қатал азапқа душар етті; аштықтан әбден азып, қу сүйек болып қалған балалар көбінесе қамшы астында еңбек етуге мәжбүр болды... Кейде оларды өзін өзі өлтіруге дейін жеткізді.. Дербиширдің, Ноттингемширдің және Ланкаширдің қандай да болсын қоғамдық бақылау атаулыдан таса жатқан тамаша әсем алқаптары ауыр азаптың және көбінесе өлімнің қаратүнек ұясына айналды... Фабриканттардың пайдасы орасан мол болды. Мұның өзі олардың айуандық обырлығын күшейте түсті. Олар түнгі жұмысты қолдана бастады, яғни күндізгі жұмыстан қалжыраған жұмысшылар тобының орнына түнге қарай фабрикаға жұмысшылардың басқа бір тобы келетін болды; күндізгі топ жаңа ғана түнгі топ қалдырып кеткен төсек орынға барып жатады және vice versa [керісінше]. Ланкаширдегі халық төсек орын ешуақытта суынған емес, деп аңыз етеді»²⁴⁶,

Мануфактуралық дәуір ішінде капиталистік өндірістің дамуымен бірге Еуропаның қоғамдық ой-пікірі ұят пен ұжданнан ең соңғы қалдықтарынан да айрылды. Ұлттар капитал жинауға құрал болатын жексұрын пасықтық істердің қандайын болса да арсыздықпен мақтан етті. Мысалы, филистер А. Андерсон жазған²¹⁸ сауданың аңғырт шежіресін оқып қараңыз. Мұнда Утрехт бітімін жасасқан кезде Англия асьенто²¹⁹ бойынша Африка мен испан Америкасы арасында негрлермен сауда жасауға праволы болу жөнінде Испаниядан ризалық алғандығын ағылшындық мемлекеттің даналықтың тамаша салтанаты деп мадақтайды, ал бұған дейін Англия тек Африка мен ағылшындық Вест-Индия арасында ғана негрлермен сауда жасайтын еді. Англия 1743 жылға дейін испан Америкасына жыл сайын 4 800 негр апаруға право алды. Мұнымен бірге британдық контрабанда үшін ресми бүркеншік осылай жасалды. Ливерпуль құлдармен сауда жасау негізінде өсті. Құлдармен сауда жасау оның капиталды алғашқы қорландыруының әдісі болып табылады. Біздің кезімізде де Ливерпульдің «байсалды қоғамы» құлдармен сауда жасаудың Пиндары болып қалып отыр, бұл сауда,— жоғарыда цитатқа келтірілген

²⁴⁶) *John Fielden*, цитат алынған шығарманың 5, 6-беті. Әуелде фабрикаларда қолданылған сорақылықтар жайында қараңыз: *Dr. Aikin*, цитат алынған шығарманың 219-беті және *Gisborne*. «Inquiry into the Duties of Men», 1795, v. II.— Бу машинасы фабрикаларды селолық оқшау жерлердегі су құламасынан қалаларға көшірген кезде «тежелуге» бейім капиталистің қолында балалардың жұмыс күші болып шықты, сөйтіп құлдарды жұмыс үйлерінен зорлап тасымалдау керексіз болып қалды.— Сэр Роберт Пиль («сыпайлық министрінің» әкесі) 1815 жылы парламентке балаларды қорғау үшін билль енгізген кезде Франенс Хорнер («Кесек металдар жөніндегі Комитеттің» мүшесі және Рикардоның сырлас досы) қауымдар палатасында былай деді: «Банкрот болған біреудің бағалы заттарымен бірге бір топ фабрикалық балалар әлгі адамның меншігінің бір бөлегі ретінде, егер осылай деп айтуға болатын болса, торгпен сатуға белгіленгені және шынында сатылғаны жақсы мәлім. Бұдан екі жыл бұрын (1813 ж.) король сотында бір өрескел іс қаралды. Іс бір топ ер балалар жайында. Лондонның бір діни қауымы оларды бір фабрикантқа берген, ал ол, өз кезегінде, екінші фабрикантқа берген. Ақыр аяғында бірнеше филантроптар оларды аштықтан әбден азған (*absolute famine*) күйінде тапқан. Бұдан да сорақы екінші оқиғамен ол парламент комиссиясының мүшесі ретінде танысқан. Осыдан бірнеше жыл бұрын Лондонның бір діни қауымы Ланкашир фабрикантымен договор жасаған, бұл договор бойынша фабрикант сатып алатын әрбір дені сау жиырма балаға бір есуасты қоса сатып алуға міндеттенген».

доктор Эйкиннің 1795 жылы шыққан еңбегімен салыстырыңыз,— «сауда кәсібінің рухын құмарлыққа айналдырады, даңқты теңізшілерді жасақтап, орасан көп ақша түсіреді». 1730 жылы Ливерпуль құлдармен сауда жасау үшін 15 кеме, 1751 жылы — 53 кеме, 1760 жылы — 74, 1770 жылы — 96 және 1792 жылы — 132 кеме пайдаланды.

Мақта мата өнеркәсібі Англияда балаларды құлдыққа салуды енгізе отырып, сонымен бірге Құрама Штаттардың бұрын азды-көпті дәрежеде патриархаттық шаруашылық болып келген құлдық шаруашылығын қанаудың коммерциялық система-сына айналдыруға итермеші болды. Жалпы алғанда Еуропадағы жалдама жұмысшылардың жасырын құлдығына негіз ретінде Жаңа дүниедегі *sans phrased* [ашық] құлдық керек болды ²⁴⁷⁾.

Капиталистік өндіріс әдісінің «мәңгілік табиғи заңдарының» еркін көрінуі үшін жағдайлар жасау, жұмысшыларды олардың еңбек жағдайларынан бөлу процесін жүзеге асыру, бір жағында қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарын капиталға айналдыру, қарама-қарсы жағында халық бұқарасын жалдама жұмысшыларға, еркін «жұмыс істейтін кедейлерге» — қазіргі заманғы тарихтың осы ғажайып өніміне ²⁴⁸⁾ айналдыру *Tantae molis erat* ²⁴⁹⁾. Егер ақша, Ожьенің сөзімен айтқанда, «дүниеге бір бетіндегі қанды дақпен келетін болса» ²⁴⁹⁾, жаңа туған капиталдың басынан аяғына дейін, бүкіл тұлабойынан қан мен ірің ағып тұрады ²⁵⁰⁾.

²⁴⁷⁾ 1790 жылы Вест-Индияның ағылшындық жерінде 1 еркін адамға 10 құлдан, француздық жерінде — 14 құлдан, голландық жерінде — 23 құлдан келді (*Henry Brougham. «An Inquiry into the Colonial Policy of the European Powers».* Edinburgh, 1803, v. II, p. 74).

²⁴⁸⁾ «Labouring poor» [«жұмыс істейтін кедей»] деген сөздер жалдама жұмысшылар табы елеулі мөлшерге жеткен кезден бастап ағылшын заңдарында кездесе бастайды. «Labouring poor» бір жағынан, «idle poor» [«жалқау кедейлерге»], қайыршыларға, тағы басқаларға, екінші жағынан, меншіктен әлі арылып болмаған, әлде болса өз еңбегінің құрал-жабдықтарын меншіктеніп отырған жұмысшыларға қарама-қарсы қойылады. «Labouring poor» дейтін сөздер заңнан саяси экономияға ауысты, мұнда ол сөздер Каллперден, Д. Чайлдан, т. т. бастап А. Смит пен Иденге дейін қолданылады. Эдмунд Бёрктін, осы «execrable political cantmonger» [«пасық саяси екіжүзді адамның»] «labouring poor» дегенді «execrable political cant» [«пасық саяси екіжүзділік»] деп атағандағы болпе *foi* [адальдығы] қандай екісін осыдан аңғаруға болады. Осы сикофанг ағылшын олигархиясының асырауында болып, француз революциясы жөнінде романтиктің ролін атқарды, ал Америкада жағдай қиындай бастаған кезінде ол солтүстік америкалық отарлардың асырауында болып, ағылшын олигархиясы жөнінде либералдың ролін нақ сондай етіп ойлағандай атқарды; шындығында ол нағыз буржуаның өзі болды: «Сауданың заңдары — табиғат заңдары, демек, құдайдың өзінің заңдары» деді ол (*E. Virke «Thoughts and Details on Scarcity».* ed. London, 1800, p. 31, 32). Құдай мен табиғат заңдарына адал болып қала отырып, ол өте тиімді рынокта әрдайым өзін өзі сағып жүргенінде таңданарлық ештеңе жоқ! Бұл Эдмунд Бёрк либералдық жасап жүрген кезінде оған берілген жақсы сипаттаманы Таккердің шығармаларынан табуға болады. Таккер поп әрі торы болған адам, ал басқа жағынан ол толық инбатты адам және жақсы экономист. Біздің уақытымызда үтсем болып жүрген және барынша жарамсақтықпен «сауда заңдарына» сеніп жүрген масқара принципсідікті еске ала отырып, өзінің жолын қушылардан тек талайымен ғана өзгеше көрінетін Бёрктерді үсті-үстіне масқаралай беру керек!

²⁴⁹⁾ *Marie Augier. «Du Crédit Public».*

²⁵⁰⁾ Капитал, — дейді «Quarterly Reviewer», — айқай-шудан-тілдеуден қашады және жасқаншақтау келеді. Бұл шындық, бірақ бұл әлі барлық шындық емес. Табиғаттың бос

7. КАПИТАЛИСТІК ҚОР ЖИНАУДЫҢ ТАРИХИ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Сонымен, капиталдың алғашқы қорлануы, яғни оның тарихи генезисі неге келіп тіреледі! Мұның өзі құлдар мен крепостнойлардың жалдама жұмысшыларға тікелей айналуы, демек, форманың жәй ауысуы болып табылмайды, сондықтан мұның өзі тек тікелей өндірушілерді экспроприациялау, яғни өз еңбегіне негізделген жеке меншіктің жойылуы болып табылады.

Жеке меншік, қоғамдық, коллективтік меншікке қарама-қарсы меншік ретінде, тек еңбек құрал-жабдықтары мен еңбектің сыртқы жағдайлары жеке адамдардың қолында болған жерде ғана өмір сүреді. Бірақ бұл жеке адамдардың жұмысшы немесе жұмысшы емес екендігіне қарай жеке меншіктің өзінің сипаты өзгереді. Жеке меншіктің біздің көзімізге түсетін шексіз көп сарындары осы екі шеткерліктің арасында жатқан аралық жағдайларды ғана көрсетеді.

Жұмыскердің өз өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншігі ұсақ өндірістің негізі болып табылады, ал ұсақ өндіріс қоғамдық өндірістің және жұмыскердің өзінің ерікті жеке басының дамуы үшін қажетті жағдай болып табылады. Рас, бұл өндіріс әдісі құл иеленушілік тұсында да, крепостниктік құрылыс тұсында да, адам тәуелділігінің басқа қатынастары тұсында да өмір сүреді. Алайда жұмыскер өзінің, өзі қолданатын еңбек жағдайларының ерікті жеке меншікшісі болған жерде, шаруа өзі өндейтін жерге ие болған жерде, қолөнерші өзі мейлінше шебер меңгерген аспаптарға ие болған жерде ғана бұл өндіріс әдісі толық гүлденеді, өзінің барлық күш-жігерін көрсетеді, өзіне сәйкес үздік формаға ие болады.

Бұл өндіріс әдісі жердің және басқа өндіріс құрал-жабдықтарының бөлшектелуін керек етеді. Бұл әдіс осы соңғылардың шоғырлануын да, кооперациялануын да, сол бір өндіріс процесінің ішінде еңбек бөлінісін, табиғатқа қоғамдық үстемдік етуді және оны қоғамдық жолмен реттеуді, қоғамдық өндіргіш күштердің еркін дамуын болғызбайды. Ол әдіс өндіріс пен қоғамның тек әдепкі тар шектерімен ғана үйлесе алады. Оны мәңгілік етуге тырысу, Пеккёрдің орынды айтуы бойынша, «жалпылама баяулықты декреттеумен»²²¹ барабар болып шығады. Бірақ дамудың белгілі бір дәрежесінде оның өзі өзінің

кеністіктен қорқатыны сияқты, капитал пайданың болмауынан немесе пайданың тым аз болуынан қорқады. Ал пайда жеткілікті мөлшерде болып отырса, капитал батырлана түседі. 10 процент пайданы қамтамасыз етсеңіз, капитал қай жерге болса да қолданылуға әзір; пайда 20 процент болатын болса капитал жандана түседі; 50 процент болатын болса ол өзінің басын жаруға да әзір, 100 процент болатын болса ол адам заңдарының бәрін аяққа басады, 300 процент болатын болса дарға асылу қаупі бола тұрса да капиталдың істемейтін қылмысы жоқ. Егер айқай-шу мен тілдеу пайда түсіретін болса, капитал оларды өршіте түседі. Мұның дәлелі: контрабанда және құлдармен сауда жасау» (*T. J. Dunning*, цитат алынған шығарманың 35, 36-беті).

жойылуы үшін материалдық құралдар жасайды. Осы кезеңнен бастан қоғамның қойнауында осы өндіріс әдісінің тежеп отырғанын сезетін күштер мен ниеттер қимылдай бастайды. Бұл өндіріс әдісі жойылуға тиіс және ол жойылады да. Оның жойылуы, жекелеген және ұсақталған өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық шоғырланған өндіріс құрал-жабдықтарына айналуы, демек, көпшіліктің ұсақ меншігінің азшылықтың орасан зор меншігіне айналуы, қалың халық бұқарасының жерін, тіршілік заттарын, еңбек құралдарын экспроприациялау,— халық бұқарасының осындай аяусыз және ауыр экспроприациялануы капитал тарихының прологын жасайды. Мұның өзі толып жатқан зорлық әдістерін қамтиды, бұлардың ішінен біз жоғарыда тек алғашқы қорланудың әдістері ретінде бүтін бір заман жасағандарын ғана қарастырып өттік. Тікелей өндірушілерді экспроприациялау нағыз аяусыз вандализм арқылы және нағыз арсыз, нағыз оңбаған, нағыз ұсақ және нағыз құтырған ниеттердің қысымы арқылы жүргізіледі. Меншікшінің еңбегімен табылған, былайша айтқанда, жеке тәуелсіз жұмыскердің өзінің еңбек құрал-жабдықтарымен біте қайнауына негізделген жеке меншікті өзгенің, бірақ формальды жағынан ерікті жұмыс күшін қанауға негізделген капиталистік жеке меншік ығыстырып шығарады ²⁵¹⁾.

Өзгерудің осы процесі ескі қоғамды барлық жағынан бірдей жетерліктей ыдыратқан кезде, жұмыскерлер енді пролетарларға, ал олардың еңбек жағдайлары — капиталға айналған кезде, капиталистік өндіріс әдісі өз аяғынан тік басқан кезде,— міне сол кезде еңбектің одан әрі қоғамдастырылуы, жердің және басқа да өндіріс құрал-жабдықтарының одан әрі қоғамдық жолмен пайдаланылатын, демек, ортақ өндіріс құрал-жабдықтарына айналуы және осыған байланысты жеке меншікшілердің одан әрі экспроприациялануы да жаңа форма алады. Енді экспроприациялауға жататын дербес шаруашылық жүргізетін жұмыскердің өзі емес, көптеген жұмысшыларды қанаушы капиталист жатады.

Бұл экспроприация капиталистік өндірістің өзінің ішкі заңдарының әрекетімен, капиталдардың орталықтануы арқылы болып жатады. Бір капиталист көптеген капиталистерді жеңеді. Осы орталықтанумен, немесе азғана капиталистердің көптеген капиталистерді экспроприациялауымен қоян-қолтық түрде еңбек процесінің кооперативтік формасы барған сайын өскелең көлемде дамиды, ғылымды саналы түрде техникалық

²⁵¹⁾ «Біз мүлде жаңа қоғамдық құрылысқа ендік... біз меншік атаулының қандай да болсын түрін еңбек атаулының қандай да болсын түрінен бөлуге тырысамыз» (*Sismondi*. «Nouveaux Principes de l'Economie Politique», t. [Paris. 1827], p. 434).

жағынан қолдану, жерді жоспарлы түрде пайдалану, еңбек құрал-жабдықтарын, бұл еңбек құрал-жабдықтары барлық өндіріс құрал-жабдықтарын құрамалас қоғамдық еңбектің өндіріс құрал-жабдықтары ретінде пайдалану жолымен оларды тек коллективтік түрде қолдануға, үнемдеуге жол беретін еңбек құрал-жабдықтарына айналдыру ісі, барлық халықтарды дүниежүзілік рыноктың желісіне тарту ісі, ал сонымен қатар капиталистік режимнің интернационалдық сипат алуы дамиды. Өзгерудің осы процесінің барлық пайдалы жақтарын өзіне басып алатын және монополияландыратын капитал алпауыттарының саны үнемі азаюмен бірге қайыршылық, езілушілік, құлдық, азушылық, қаналушылық көлемі өседі, ал сонымен бірге капиталистік өндіріс процесінің өзінің механизмі арқылы үйренетін, бірігетін және ұйымдасатын, үнемі өсіп отыратын жұмысшы табының ашынуы да өседі. Капитал монополиясы өз тұсында және өзінің негізінде өсіп жетілген өндіріс әдісінің тұсауына айналады. Өндіріс құрал-жабдықтарының орталықтануы және еңбектің қоғамдастырылуы бұлардың өздерінің капиталистік қауызымен сыйыса алмайтындай дәрежеге жетеді. Қауыз жарылады. Капиталистік жеке меншіктің соңғы сағаты соғады. Экспроприаторларды экспроприациялайды.

Капиталистік өндіріс әдісінен туатын капиталистік иемдену әдісі, ал демек, капиталистік жеке меншік те, өз еңбегіне негізделген индивидуалды жеке меншікті тұңғыш бекерге шығару болып табылады. Ал капиталистік өндіріс табиғи процестің қажеттігімен өзін өзі бекерге шығаруды туғызады. Бұл — бекерге шығаруды бекерге шығару. Капиталистік өндіріс жеке меншікті емес, қайта капиталистік заман табыстарының негізінде: кооперация, жерді және еңбектің өзі өндірген өндіріс құрал-жабдықтарын қауымдасып қолдану негізінде индивидуалды меншікті қайта орнатады.

Жеке адамдардың өз еңбегіне негізделген бытыранды жеке меншігін капиталистік меншікке айналдыру, әрине, қазірдің өзінде-ақ іс жүзінде қоғамдық өндіріс процесіне негізделген капиталистік жеке меншікті қоғамдық меншікке айналдырудан гөрі анағұрлым ұзақ, қиын да ауыр процесс болып табылады. Онда әңгіме аз ғана узурпаторлардың халық бұқарасын экспроприациялауында болып еді, мұнда халық бұқарасының аз ғана узурпаторларды экспроприациялауына тура келеді ²⁵²⁾.

²⁵²⁾ «Өнеркәсіптің прогресі, жұмысшыларды бәсеке арқылы бытыратудың орнына, ассоциациялар құру арқылы оларды революцияшыл етіп біріктіреді; бұл прогреске буржуазия лажсыз себепші болады, оған қарсы тұруға буржуазияның шамасы келмейді. Сөйтіп, ірі өнеркәсіптің дамуымен қатар, буржуазия өзінің өнімдер өндіріп, оны неменденіп отырған негізінің өзінен айрылады. Буржуазия ең алдымен өзінің көрін қазушыларын туғызады. Буржуазияның құритыны да, пролетариаттың жеңетіні де

Ж И Ы Р М А Б Е С І Н Ш І Т А Р А У

ОТАРЛАУДЫҢ ОСЫ ЗАМАНҒЫ ТЕОРИЯСЫ ²⁵³⁾

Саяси экономия тіпті әр тектес екі жеке меншікті принципінде шатастырып жүр, бұлардың бірі өндірушінің өз еңбегіне негізделеді де, ал екіншісі — бөтеннің еңбегін қанауға негізделеді. Саяси экономия жеке меншіктің соңғы түрі біріншісіне тікелей қарама-қарсы болып қана қоймай, сонымен бірге соның моласында ғана өсіп өркендейтінін ұмытады.

Европаның батысында, саяси экономияның туған жерінде, капиталдың алғашқы қорлану процесі азды-көпті аяқталды. Капиталистік тәртіп мұнда не барлық ұлттық өндірісті өзіне тікелей бағындырды, не, капиталистік қатынастар нашар дамыған жерлерде, ол өзімен қатар әлі де өмір сүріп отырған және ескірген өндіріс әдісіне жататын, күйреп бара жатқан қоғамдық топтарды ең болмағанда жанама түрде бақылап отыр. Фактілер өзінің идеологиясына неғұрлым өктем түрде қарсы шыққан сайын экономист право мен меншік жөніндегі капитализмге дейінгі дүниеге қатысты түсініктерді капиталдың осы қатар дүниесіне соғұрлым саязүректік жігермен және соғұрлым қатты елжірей қолданады.

Отарларда мәселе мүлде басқаша болып отыр. Капиталистік тәртіп онда әрбір қадам сайын өндіруші тарапынан, өзінің еңбек жағдайларына өзі ие бола отырып, өз еңбегімен капиталисті емес, өзін байытатын өндіруші тарапынан кедергіге кездесуде. Біріне бірі тура қарама-қарсы осы екі экономикалық

сөзсіз... Кәзірде буржуазияға қарсы тұрған барлық таптардың ішінде тек пролетариат қана шын революцияшы тап болып табылады. Өзге таптардың бәрі ірі өнеркәсіп дамыған сайын азып, күрі береді, ал пролетариат — осы өнеркәсіптің өз жемісі. Орта сословиелер — ұсақ өнеркәсіпші, ұсақ саудагер, колөнерші, шаруа — бұлардың бәрі, орта сословиелер ретінде, өздерінің өмірін күйреуден сақтап қалу үшін буржуазияға қарсы күреседі. Демек, олар революцияшы емес, консерватившіл. Тіпті ол ол ма, олар реакцияшыл: олар тарихтың тегершігін кері айналдыруға ұмтылады». (К. Маркс пен Ф. Энгельс: «Коммунистік партияның манифесті». Лондон, 1848, 11, 9-бет [қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-ші басылуы, 4-том, 435—436, 434-беттері]).

²⁵³⁾ Бұл жерде шынайы отарлар туралы, еркін иммигранттар отарлап отырған аяқ баспаған соны жер туралы сөз болып отыр. Құрама Штаттар экономикалық маңнада әлі де болса Европаның отары болып табылады. Дегенмен, құлдықтың жойылуы барлық қарым-қатынастарды түбірінен өзгерткен ескі мекенді жерлер де осылардың қатарына жатады.

системаның қайшылығы мұнда олардың күресі арқылы практика жүзінде көрініп отыр. Егер капиталист өзінің метрополиясының күшін арқа тұтатын болса, онда ол өндірушінің өз еңбегіне негізделген өндіру мен иемдену әдісін күштеп жоюға тырысады. Экономисті, капиталдың сикофантын, метрополияда капиталистік өндіріс әдісі өзінің қарама-қарсылығымен барабар деп теория жағынан негіздеуге мәжбүр ететін мүдделердің өзі,— нақ осы мүдделердің өзі мұнда оны «to make a clean breast of it» [«бұл жөнінде өз ұжданын тазартуға»] және бұл өндіріс әдістерінің қарама-қарсылығын дауыстап жариялауға итермелейді. Осы мақсатпен ол еңбектің қоғамдық өндіргіш күшінің дамуы — кооперация, еңбек бөлінісі, машиналарды ірі көлемде қолдану және т. т.— жұмысшыларды экспроприацияламайынша және осыған сәйкес олардың өндіріс құрал-жабдықтарын капиталға айналдырмайынша мүмкін емес екенін дәлелдейді. Ұлттық байлық дейтін байлықтың мүддесі үшін ол халық кедейлігін жасаудың жасанды құралдарын іздестірді. Бұл жерде оның апологеттік сауыты күйген пілте сияқты үгіліп түседі.

Э. Г. Уэйкфилдтің зор еңбегі оның отарлар туралы жаңалық бірдеңе айтқанында²⁵⁴⁾ емес, отарлардан ол метрополиядағы капиталистік қатынастар жайындағы шындықтың бетін ашқанында. Протекционизм системасы өзінің пайда болған кезінде²⁵⁵⁾ метрополияда капиталистерді көптеп шығаруға ұмтылатыны сияқты, Уэйкфилдтің отарлау теориясы да отарларда жалдама жұмысшыларды көптеп шығаруға ұмтылады, бұл теорияны Англия едәуір уақыт бойы заң бойынша жүзеге асырмақ болып тырысты. Жалдама жұмысшыларды шығаруды Уэйкфилд «systematic colonization» [жүйелі түрде отарлау] деп атайды.

Алдымен Уэйкфилд отарлардан мынаны ашты: ақшаға, тіршілік заттарына, машиналарға және басқа да өндіріс құрал-жабдықтарына ие болу, егер бұларға қоса жалдама жұмысшы сияқты қосымша болмаса, егер өз еркімен өзін өзі сатуға мәжбүр болатын екінші бір адам болмаса, бұлар әлі де болса адамды капиталист етпейтінін ашты. Ол капиталдың зат емес екенін, адамдар арасындағы зат арқылы көрінетін қоғамдық қатынас екенін ашты²⁵⁶⁾. Пил мырза,— деп шағым етеді ол,—

²⁵⁴⁾ Отарлардың өзінің мәні жөнінде Уэйкфилд жасаған аздаған айқындықты Мирабо-эке, физиократтар және одан да әрі ертеректе ағылшын экономистері күнілгері голық болжап көрсеткен болатын.

²⁵⁵⁾ Кейініректе протекционизм системасы халықаралық бәсеке күресінде уақытша қажеттілік болды. Бірақ оның себептері қандай болса да, салдары біреу ғана болды.

²⁵⁶⁾ «Негр дегеніміз негр. Ол тек белгілібір қатынастарда ғана құл болады. Мақта иретін машина мақтаны ируге керекті машина. Ол белгілібір қатынастарда ғана капиталға айналады. Алтынның өзінен өзі ақша болмайтыны немесе қанттың өздігінен қант бағасы болмайтыны сияқты, осы қатынастардан бөлектеп алынған машина да капитал бола алмайды... Капитал — қоғамдық өндірістік қатынас. Ол — тарихи өнді-

Жаңа Голландиядағы Суон өзенінің жағалауына Англиядан өзімен бірге жалпы сомасы 50 000 фунт стерлинг тіршілік заттары мен өндіріс құрал-жабдықтарын алып барды. Пил мырзаның барлығын да алдын ала ойлағаны сонша, бұлармен бірге жұмысшы табынан 3 000 адамды — еркектерді, әйелдер мен балаларды өзімен қоса ала кеткен. Бірақ белгіленген жерге жеткеннен кейін «Пил мырзаның тіпті өзіне төсек-орын әзірлейтін немесе өзеннен су әксіліп беретін бірде-бір қызметшісі қалмаған»²⁵⁷). Бақытсыз сорлы Пил мырза! Ол барлығын алдын ала ойлады, бірақ Суон өзенінің жағалауына ағылшын өндіріс қатынастарын ала баруды ғана ұмытып кетті!

Уэйкфилдтің бұдан кейін ашқан жаңалықтарын түсіну үшін алдын ала екі ескертпе жасай кетелік. Егер өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттары тікелей өндірушінің өзінің меншігі болатын болса, онда олардың капитал болмайтынын біз білеміз. Олар сонымен бірге жұмысшыларды қанау және оларға үстемдік ету құралдары болып қызмет атқаратын жағдайларда ғана капитал болады. Бірақ экономистің басында олардың осы капиталистік жаны олардың заттық субстанциясымен өте тығыз байланыстырылғаны соншалық, экономист оларды барлық жағдайда да, тіпті олар капиталға тура қарама-қарсы болып отырған жағдайда да капитал деп атай береді. Уэйкфилд те осылай етіп отыр. Оған соң: өз алдына дербес шаруашылық жүргізуші, бір-бірінен тәуелсіз көптеген жұмысшылардың дара меншігі болып саналатын өндіріс құрал-жабдықтарының бөлшектенуін ол капиталдың тең бөлінуі деп атайды. Экономист феодалдық юрист сияқты болып отыр. Феодалдық юрист тіпті таза ақша қатынастарының өзіне де өзінің феодалдық юристік жарнамаларын жапсырған болатын.

«Егер»,— дейді Уэйкфилд,— «капитал қоғамның барлық мүшелері арасында тең үлеспен бөлінетін болса, онда бірде-бір адам өз қолымен қолдануға боларлықтан артық капитал жинауға мүдделі болмаған болар еді. Бұл белгілі дәрежеде жаңа америкалық отарларда да байқалып отыр, оларда жерді жеке меншіктенуге деген құмарлық жалдама жұмысшы табының болуына кедергі болып отыр»²⁵⁸).

Демек, жұмыскер өзі үшін қор жинай алып отырғанда,— ол өзінің өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшісі болып қалып отырғанда осылай істей алады,— капиталистік қорланудың және капиталистік өндіріс әдісінің болуы мүмкін

рістік қатынас» (*К. Маркс*: «Жалдама еңбек және капитал». «Neue Rheinische Zeitung» газетінде, № 226, 1849 жылғы 7 апрель [қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 6-том, 441, 442-бет]).

²⁵⁷) *E. G. Wakefield*. «England and America». London, 1833, v. II, p. 33.

²⁵⁸) Бұл да сонда, I том, 17-бет.

емес. Бұған қажетті жалдама жұмысшылар табы жоқ. Ал мұндай жағдайда ескі Европада жұмысшының еңбек жағдайларын экспроприациялау қалай жүзеге асырылды, капитал мен жалдама еңбек қалай жасалды? Өте ерекше қасиеті бар contract social [қоғамдық шарт] арқылы жүзеге асырылды. «Адамзат... капиталдың қорлануына жәрдем етудің жай әдісін игерді», капиталдың қорлануы, әлбетте, Адамата заманынан бері адамзатқа өмір сүрудің ең соңғы және бірден-бір мақсаты болып көрінді; «адамзат капитал меншікшілері және еңбек меншікшілері болып бөлінді; ...бұл бөлініс ерікті келісім мен мәмлге келудің нәтижесі болды»²⁵⁹⁾. Қысқасын айтқанда: адамзат бұқарасы «капиталдың қорлануы» құрметіне өзін өзі экспроприациялады. Бірақ бұлай болғанда өз пайдасынан бастартудың мұншалықты фанатиктік инстинкті нақ сол отарларда өзінің бар күшімен көрінуге тиіс деп ойлауға болар еді, өйткені осы contract social-ды арман әлемінен шындық әлеміне келтіре алатын адамдар мен жағдайлар тек отарларда ғана бар. Бірақ онда табиғи отарлауға қарама-қарсы «жүйелі түрде отарлау» тегі не үшін керек? Алайда, дегенмен:

«Американ одағының солтүстік штаттарындағы халықтың тіпті оннан бір бөлегі болса да жалдама жұмысшылар категориясына жататын-жатпайтыны күмәнді нәрсе... Англияда... халықтың көбі жалдама жұмысшыларда»²⁶⁰⁾.

Я, еңбекші халықтың капитал құрметіне өзін өзі экспроприациялауға ұмтылуы жоқтың қасында, тіпті Уэйкфилдтің айтуынша да, құлдық — отарлық байлықтың бірден-бір табиғи негізі. Оның жүйелі түрде отарлауы жай pis aller [лажсыз қырсық], өйткені ол құлдармен емес, еркін адамдармен істес болып отыр.

«Сан-Домингоға алғаш барып қоныстанған испандықтар ішінде Испаниядан бірде-бір жұмысшы болмады. Ал жұмысшыларсыз» (яғни құлдықсыз) «капитал құрыған болар еді, немесе, ең болмағанда, әрбір жеке адам өз қол күштерімен қолдана аларлық ұсақ мөлшерге дейін қысқарған болар еді. Ағылшындар құрған соңғы отарда шындығында осылай болды да, онда тұқым, мал және құралдар түріндегі көп капитал жалдама жұмысшылардың жетіспеуі салдарынан жойылды және онда бірде-бір қоныстанушының өз еңбегімен қолдана аларлық мөлшерден артық капиталы болмады»²⁶¹⁾.

Халық бұқарасының жерін экспроприациялау капиталистік өндіріс әдісінің негізі болып қызмет ететінін біз жоғарыда көрдік. Еркін отардың мәні, мұның керісінше, мынада: онда көп жер әлі де болса халық меншігі болып қалады, сондықтан

²⁵⁹⁾ Бұл да сонда, 18-бет.

²⁶⁰⁾ Бұл да сонда, 42, 43, 44-беттер.

²⁶¹⁾ Бұл да сонда, II том, 5-бет.

да әрбір қоныстанушы жердің бір бөлегін өзінің жеке меншігіне және өзінің дара өндіріс құрал-жабдығына айналдыра алады, бұл ретте кейінірек қоныстанушылардың да осылай етуіне кедергі жасамайды²⁶²⁾. Отарлардың гүлденуінің де, сондай-ақ оларды жегідей жеп жатқан дерттердің де, олардың капиталдың орын теуіп өршуіне қарсылық етуінің де сыры міне осында.

«Жер өте арзан және барлық адам еркін болатын жерлерде, әркім өзінің қалауы бойынша өзіне жер участогын ала алатын жерлерде, ондай жерде еңбек, егер жұмысшының өзінің өз өнімінен алатын үлесін еске алатын болсақ, өте қымбат болумен бірге, күрделі еңбекті қандай бағаға болса да алу жалпы қиын²⁶³⁾».

Отарларда жұмысшы еңбек жағдайларынан және жерден — еңбек жағдайларының негізінен әлі бөлінбегендіктен немесе мұндай бөліну кездейсоқ түрде ғана болып отырғандықтан не болмаса өте шағын кеңістікте кездесіп отырғандықтан, отарларда егіншілік өнеркәсіптен әлі бөлектенбеген, селолық үй өнеркәсібі әлі жойылмаған. Олай болса оларда капитал үшін ішкі рынок қайдан алынбақ?

«Америкада құлдар мен олардың капитал мен еңбекті ірі кәсіпорындарда құрамдастыратын қожайындарын қоспағанда, басқа халықтың тек қана егіншілікпен шұғылданатын бірде-бір бөлегі жоқ. Жерді өздері өңдейтін еркін американдықтар, сонымен бірге басқа да көп жұмыстармен шұғылданады. Олар өздеріне қажетті мебельдер мен құралдардың бір азын да әдетте өздері жасайды. Олар өздері үшін үйді де өздері салады және өз өнеркәсібінің өнімдерін ең алыстағы рыноктарға өздері алып барады. Олар әрі ирушілер, әрі тоқымашылар, олар өздерінің тұтынуына керекті сабын мен май шамды, аяқ киім мен киімді өздері жасап шығарады. Америкада егіншілік екінің бірінде темір ұстасының, диірменшінің немесе дүкеншінің қосымша кәсібі болып табылады»²⁶⁴⁾.

Мұндай даракылардың арасында капиталистің «өз пайдасынан бастартуына» орын қайдан қалсын?

Капиталистік өндірістің тамаша жері сол, ол жалдама жұмысшыларды жалдама жұмысшы ретінде үнемі ұдайы өндіріп қана қоймай, сонымен бірге жалдама жұмысшылардың капиталдың қорлануына сәйкес относителді артық өсуін де әрдайым жасап отырады. Осының арқасында еңбекке деген сұраныс пен ұсыныс заны тиісті қалыпта сақталады, жалақының ауытқуына капиталистік қанаудың тілегеніндей шек қойылады, және, ақырында, өте қажетті әлеуметтік тәуелділік — жү-

²⁶²⁾ «Жер отарлаудың элементі болуы үшін оның өңделмеген болуымен бірге, сонымен қатар жеке меншікке айналдырылуы мүмкін қоғамдық меншік болуға да тиіс» (бұл да сонда, II том, 125-бет).

²⁶³⁾ Бұл да сонда, I том, 247-бет.

²⁶⁴⁾ Бұл да сонда, 21, 22-бет.

мысшының капиталиске тәуелділігі,— экономист өз үйінде, метрополияда отырып, мұның өзі сатып алушы мен сатушы арасындағы, біріне бірі бірдей тәуелсіз екі товар иесі арасындағы, капитал товарының иесі мен еңбек товарының иесі арасындағы еркін келісімді қағынас деп тілін безеп суреттей алатын абсолютті тәуелділік қамтамасыз етіледі. Бірақ отарларда бұл тамаша қиял іске аспайды. Мұнда халықтың саны метрополиядағыдан әлдеқайда тез өседі, өйткені мұнда көптеген жұмысшы дүниеге ересек күйінде келеді және, солай бола тұрса да, мұнда еңбек рыногы ешқашан толы болмайды. Еңбекке деген сұраныспен ұсыныс заңы апатқа ұшырайды. Бір жағынан, Ескі дүние қанауға құныққан, өз нәпсісін тыюға ұмтылған капиталды үнемі отарларға шығарып отырады; екінші жағынан, жалдама жұмысшылар ретінде жалдама жұмысшыларды үнемі ұдайы өндіру өте ұнамсыз, кейде жоюға болмастай кедергілерге кездеседі. Мұндай жағдайда жалдама жұмысшыларды капиталдың қорлануына сәйкес артық өндіруге мұрша бола ма! Бүгінгі жалдама жұмысшы ертең дербес шаруашылық жүргізетін тәуелсіз шаруа немесе қолөнерші болып шығады. Ол еңбек рыногынан ғайып болады, бірақ ол жұмыс үйіне бармайды. Жалдама жұмысшылардың капитал үшін емес, өзі үшін жұмыс істейтін, капиталист мырзаны емес, өздерін байытатын тәуелсіз өндірушілерге осылайша үнемі айналып отыруы өз кезегінде еңбек рыногының жәй-күйіне өте-мөте зиянды әсер етеді. Мәселе жалдама жұмысшыны қанау дәрежесінің лайықсыз төмен күйде қалатындығында ғана емес. Мұның үстіне жалдама жұмысшы өз бас пайдасынан безуге берілген капиталиске тәуелділігімен бірге оған тәуелділік сезімін де жояды. Біздің Э. Г. Уэйкфилд соншалық ашықтан-ашық, соншалық тілмәрлікпен және соншалық әсерлі сипаттап отырған қайғылы құбылыстардың бәрі осыдан.

Жалдама еңбектің ұсынылуы,— деп шағым етеді ол,— тұрақты емес, жүйелі емес, жеткілікті емес. Жалдама еңбектің ұсынылуы «әрдайым өте аз болумен бірге оның өзі қамтамасыз да етілмеген»²⁶⁵⁾.

«Жұмысшы мен капиталист арасында бөлінуге тиісті өнім көп болғанымен, жұмысшы өзіне соншалық мол үлес алады да тез арада капиталист болып шығады... Мұның керісінше, тек аздаған адамдар ғана, тіпті олар ерекше ұзақ өмір сүретін болса да, орасан мол байлық жинай алады»²⁶⁶⁾.

Жұмысшылар өздерінің еңбегінің көп бөлегіне ақы төлеуден капиталистің тартынуына еш мүмкіндік бермейді. Егер ол

²⁶⁵⁾ Бұл да сонда, II том, 116-бет.

²⁶⁶⁾ Бұл да сонда, I том, 131-бет.

өзінің капиталымен бірге Европадан өзінің жалдама жұмысшыларын да алып келіп, соншалық сақтық істесе де, мұның оған ешбір жәрдемі болмайды.

«Олар көп ұзамай жалдама жұмысшы болудан қалады, олар ұзамай тәуелсіз шаруаларға немесе тіпті жалдама еңбек рыногының өзінде өздерінің бұрынғы қожаларының бәсекелесіне айналады»²⁶⁷⁾.

Мұндай сұмдық жағдай болар ма! Айбарлы капиталист өз ақшасына Европадан өзінің бәсекелестерін алып келді! Мұның өзі бәрін құртағын жәйт қой! Уэйкфилдтің отарлардағы жалдама жұмысшылардың тәуелсіздігінің және тәуелсіздік сезімдерінің жеткіліксіздігіне шағым етуі таңданарлық нәрсе емес.

«Жалақының жоғары болуы себепті»,— дейді оның шәкірті Мери-вейл,— «отарларда неғұрлым арзан және неғұрлым көнбіс еңбекке құмарлық күшті, керісінше, капиталистің өзіне жұмысшылардың шарт қоюының орнына, капиталист өзінің шарттарын ұсынатын осындай көнбіс тапты қажетсіну бар... Ескі цивилизация елдерінде жұмысшы еркін бола тұрса да, табиғи заңдардың салдарынан капиталистке тәуелді; отарларда мұндай тәуелділік жасанды шаралар арқылы жасалуға тиіс»²⁶⁸⁾.

Уэйкфилдтің ойынша отарлардағы осындай қайғылы жағдайлардың салдары қандай? Өндірушілер мен ұлттық мүлікті «бытыранды етіп жіберудің дөрекі системасы»²⁶⁹⁾. Өндіріс құрал-жабдықтарының көптеген, дербес шаруашылық жүргізуші меншікшілер арасында бөлшектенуі капиталдың орталықтануымен бірге құрамалас еңбектің барлық негіздерін де жояды. Ұзақ мерзімге арналған, көп жылды қамтитын және негізгі капиталдың жұмсалудың керек ететін әрбір шара жүзеге асырыла бастаған кезде кедергілерге кездеседі. Европада ка-

²⁶⁷⁾ E. G. Wakefield. «England and America». London, 1833, v. II, p. 3.

²⁶⁸⁾ Merivale. «Lectures on Colonization and Colonies». London, 1841—1842, v. II, p. 235—314 passim. Тіпті мәйменке тұрпайы экономист-фритредер Молинаридің өзі былай дейді: «Еріксіз еңбек тиісті мөлшердегі ерікті еңбекпен ауыстырмалы тұрып құлдық жойылған отарлардан біз өзіміз күн сайын көріп жүргенімізге қарама-қарсы нәрселерді көрдік. Біз жай жұмысшылардың өз тарапынан өнеркәсіп кәсіпкерлерін қанараны, сөйтіп олардың өздеріне тиесілі заңды өнім үлесінен жоғары жалақыны талап еткенін көрдік. Өз қантына өскен жалақының орнын толтыра аларлықтай баға алу мүмкіндігінен айырылған плантаторлар кемшідерін әуелі өздерінің пайдасы есебінен, ал кейін өз капиталы есебінен де өтеуге мәжбүр болды. Сөйтіп көптеген плантаторлар күйзелді, кейбіреулері сөзсіз күйзелуден құтылу үшін өз кәсібін тоқтатты... Күмән жоқ, бүгін бір адам ұрпақтары құрығанынан гөрі, капиталдың қорлануы болмай-ақ қойсын» (Молинари мырзаның кең пейілі қандай десеңізші!); бірақ адам да, капитал да жойылмайтын болса, ең жақсысы сол болмас па еді» (Molinari, цитат алынған шығарманың 51, 52-беттері). Ой, Молинари мырза, Молинари мырза! Егер Европада «кәсіпкер» жұмысшының «заңды үлесін», ал Вест-Индияда жұмысшы кәсіпкердің «заңды үлесін» жиырмадайтын болса, онда он өсиеттің, Моисей мен пайғамбарлардың²²² сұраныс пен ұсыныс заңының жәйі не болмақ. Сіздің мойындауыңыз бойынша, Европада капиталист күн сайын толық төлемейтін «заңды үлес» деп отарғаныңыз не, соны айтыңызшы! Молинари мырза әбден желіккен: жұмысшылары «көргенсіздік» жасап, капиталистерді «қанап» отырған отарларда басқа жағдайларда өздігінен әрекет ететін сұраныс пен ұсыныс заңына полициялық шаралар арқылы тиісті күш беру керек, дейді.

²⁶⁹⁾ Wakefield. «England and America». London, 1833, v. II, p. 52.

питал бір сәт те аялдамайды, өйткені онда жұмысшы табы оның жанды шылауы болып табылады, ол үнемі мол болады, әрдайым оған қызмет етуге әзір тұрады. Ал отар елдерде!... Уэйкфилд өте зарлы анекдот айтады. Ол Қанададағы және Нью-Йорк штатындағы кейбір капиталистермен әңгімелескен, оларда — атап айта кету керек—иммиграция толқыны жиі-жиі тоқталып қалып, «артық» жұмысшыларды қалдырып отырады.

«Біздің капиталымыз»,— деп күрсінеді мелодраманың бір кейіпкері,— «біздің капиталымыз көптеген істерді істеуге әзір еді, бұл істерді істеу үшін едәуір уақыт керек болатын еді; бірақ біз мұндай істерді көп ұзамай бізге сырт айналып кететін жұмысшылармен—мұны біз білген едік—бастай алатын ба едік? Егер біз бұл келімсектердің еңбегін өз қолымызда ұстап тұра аламыз деп сенетін болсақ, біз оларды қуана-қуана дереу жалдаған болар едік, онын бержағында жоғары ақыға жалдаған болар едік. Ол ола ма: біздің олардан айырылып қалатынымызға көзіміз әбден жетіп отырғанына қарамастан, біз өзіміздің қажетімізге сәйкес жаңа келімсектердің ағылып келіп жататынына сенімді болсақ, біз оларды жалдап алған болар едік»²⁷⁰⁾.

«Құрамалас» еңбекті ағылшынның капиталистік егіншілігі мен бытыранды америкалық шаруалар шаруашылығы арасындағы қарама-қарсылықты әдемі суреттегеннен кейін Уэйкфилд медальдің екінші жағын да мойындап қалады. Оның суреттеуінше америкалық халық бұқарасы ауқатты, тәуелсіз, шаруашылыққа икемді келеді және біршама сауатты, ал

«ағылшынның ауылшаруашылық жұмысшысы — жалаң аяқ бишара (a miserable wretch), паупер... Солтүстік Америкадан және кейбір жана отарлардан басқа қай елде егіншілікте қолданылатын еркін еңбекке төленетін ақы жұмысшының аса қажет тіршілік заттарынан аздап болса да артық болып отыр?.. Англияда жұмыс көліктері ағылшын егіншісінен гөрі әлдеқайда жақсы жемделетіні күмәнсіз, өйткені олар бағалы меншік болып табылады»²⁷¹⁾.

Бірақ бұл ештеңе емес, өйткені қазірде ұлттық байлық өзінің жаратылысы жағынан халықтың қайыршылығымен барабар ғой.

Алайда отарларды капитализмге қарсы дерттен қалай емдеу керек? Егер барлық жерді бірден халықтық меншіктен жеке меншікке айналдырып жіберсе, онда ол қырсықтың тамырын жоюын жойғанмен, мұнымен бірге отарларды да қоса жойған болар еді. Бар өнер бір оқпен екі қоянды атып алуда болып отыр. Үкімет игерілмеген соны жерге сұраныс пен ұсыныс заңынан тәуелсіз жасанды баға қоятын ету қажет: ол баға

²⁷⁰⁾ Wakefield. «England and America». London, 1833, v. II, p. 191, 192.

²⁷¹⁾ Бұл да сонда, I том, 47, 246-беттер.

қоныстанушының жер участогын ²⁷²⁾ сатып алып, тәуелсіз шаруаға айналуына мүмкіндік берерлік ақша тапқанға дейін оны біршама ұзақ уақыт бойы жалдама жұмысшы болып жұмыс істеуге мәжбүр етуге тиіс. Бұл жерлерде жалдама жұмысшы үшін біршама қымбат баға бойынша сатудың нәтижесінде жасалатын қорды, яғни сұраныс пен ұсыныстың қасиетті заңын бұзу арқылы жалақыдан сығып алынатын ақша қорын үкімет, өз кезегінде, ол қордың құралуына қарай, Европада отарларға кедейлер алып келуге пайдалануы керек, сөйтіп капиталист мырзалар үшін жалдама еңбек рыногын толтыруға тиіс. Мұндай жағдайда «tout sera pour le mieux dans le meilleur des mondes possibles» ²²³ болады. «Жүйелі түрде отарлаудың» ұлы сыры осында.

«Осы жоспарды жүзеге асырғанда»,— дейді Уэйкфилд масаттана сөйлеп,— «еңбекті ұсыну тұрақты да үздіксіз болады; өйткені, біріншіден, барлық қоныстанушы жұмысшылар,— ақша табу үшін белгілі уақыт бойы жұмыс істемейінше олардың бірде-бірі жер сатып ала алмайтын болғандықтан,— бірлесіп жалданып жұмыс істеген болар еді, сөйтіп өзінің қожайынының неғұрлым көп еңбекті пайдалануы үшін капитал өндірген болар еді; өйткені, екіншіден, кімде-кім жалдама еңбекті тастап жер меншікшісі болатын болса, ол нақ сол жер сатып алуымен отарға жана еңбек алып келуге қажетті белгілі қорды қамтамасыз етеді» ²⁷³⁾.

Мемлекет белгілеген жер бағасы, әрине, «жеткілікті» (sufficient price) болуға тиіс, яғни «жалдама еңбек рыногында жұмысшылардың орнын басуға әзір басқа адамдар табылғанға дейін, жұмысшылардың тәуелсіз шаруаларға айналуына кедергі жасарлықтай» ²⁷⁴⁾ жоғары болуы керек. Бұл, «жердің жеткілікті бағасы» жұмысшының жалдама еңбек рыногынан өзінің жер участогына кетуге рұқсат алғаны үшін капиталистке төлейтін өзінің өзі сатып алу сомасының оңайлатылған белгісінен басқа ештеңе емес. Жұмысшы алдымен капиталист мырзаның барған сайын көп жұмысшыны қанауы үшін «капитал» жасауы керек, сонан кейін еңбек рыногына өзінің «орынбасырын» шығаруға тиіс, мұны жұмысшының бұрынғы қожайыны капиталист үшін үкімет жұмысшының есебінен теңіздің ар жағынан алып келеді.

Уэйкфилд мырзаның әдейі отарларда қолдану үшін арнап ұсынған осы «алғашқы қорлану» әдісін жүзеге асыру ісімен ағылшын үкіметінің жылдар бойы шұғылданып келгені

²⁷²⁾ «Сіз, екі қолынан басқа ештеңесі жоқ адам жер мен капиталды иемдену арқасында жұмыс тауып, өзіне кіріс жасайды дейсіз... керісінше, жерді жеке-дара иемденудің арқасында ғана өздерінің қолдарынан басқа ештеңесі қалмай отырған адамдар бар... Адамды ауасыз кеністікке қойып, сіз оны дем алуға қажетті ауадан айырып отырсыз. Жерді иемдене отырып та сіз дәл солай етіп отырсыз... Мұның өзі адамның өмірін өз еркіндігіне бағындыру үшін оны байлықтан тыс қоюмен бірдей» (Colins цитат алынған шығарма, III том, 267—271-беттер, әр жерінде).

²⁷³⁾ Wakefield. «England and America». London, 1833, v. II, p. 192.

²⁷⁴⁾ Бұл да сонда, 45-бет.

ерекше назар аударарлық нәрсе. Әрине, мұндағы сәтсіздік, Пильдің банктік актысының²²⁴ сәтсіздікке ұшырағаны сияқты, дәл сондай маскаралық сәтсіздік болды. Мұның нәтижесі мынау ғана болды: эмиграция толқыны Англия отарларынан ауысып Құрама Штаттарға қарай толқыды. Оның бержағында Европадағы капиталистік өндірістің үкімет езгісінің күшеюімен қоса-қабат жүрген прогресі Уэйкфилдтің рецепті керексіз етіп тастады. Бір жағынан, жылдан-жылға Америкаға қарай бет алған адамдардың орасан зор да үздіксіз тасқыны Құрама Штаттардың Шығысында тоқыраулы тұнбалар қалдырып отырады, өйткені Европандан келген эмиграция толқыны адамдарды басқа бір толқының батысқа қарай алып кетуінен гөрі оларды Құрама Штаттардың Шығысындағы еңбек рыногына тезірек шығарып отырады. Екінші жағынан, Америкадағы Азамат соғысының нәтижесінде орасан зор ұлттық борыш және сонымен бірге салықтар езгісі, ең төмен финанс аристократиясы туды, қоғамдық жерлердің орасан көп бөлегі темір жолдарды, кендерді және т. т. пайдалану мақсатымен пайда болған саудагерлер қоғамдарына бөліп берілді — қысқасынан айтқанда, ол соғыстың нәтижесінде капитал барынша тез орталықтандырылды. Сонымен, ұлы республика эмиграцияланушы жұмысшылар үшін бұлардың арман еткен жері болудан қалды. Жалақының төмендеуі мен жалдама жұмысшының тәуелділігі әлі де болса еуропалық норма дәрежесіне жетпегенімен онда капиталистік өндіріс алып қадаммен өркендеді. Ағылшын үкіметі аристократтар мен капиталистерге үлестіріп берген отарлық тың жерлердің арсыздықпен ысырап етілуі, — мұны тіпті Уэйкфилдтің өзі де қатты жазғырады, — алтын кендеріне қарай ағылған адамдармен және ағылшын товарларының әкелінуі тіпті өте ұсақ көлөнершінің өзін де қамтыған бәсекемен қосылып — осылардың бәрі, әсіресе Австралияда²⁷⁵), «относительді артық жұмысшыларды» жеткілікті шығарды, сондықтан австралиялық еңбек рыногының аса толып кеткені жөнінде — «glut of the Australian labour-market» жөнінде, — әрбір почта дерлік кайғылы хабарлар әкелуде және онда кей жерде жезөкішсіз Лондондағы Хеймаркеттегі сияқты, дәл сондай етек алып, өршіп түсіп отыр.

Алайда біз бұл жерде отарлардың жағдайымен шұғылданбаймыз. Бұл жерде бізге қажеті: Ескі дүниенің саяси экономиясы Жаңа дүниеден ашқан және жұртқа естірте дауыстап

²⁷⁵) Австралия өз заңдарын өзі шығаратын болысымен ақ ол, әрине, қоныс аударушыларға қолайлы заңдар шығара бастады, бірақ ағылшындардың жерді ысырап етуі бұған кедергі болды. «1862 жылғы жаңа жер заңының бірінші және негізгі мақсаты — халықтың қоныстап орналасу мүмкіндігін жеңілдету болды» («The Land Law of Victoria» by the Hon. G. Duff, Minister of Public Lands. London, 1862).

жариялаған жасырын сырды ғана білу; ол сыр: капиталистік өндіріс әдісі мен қор жинау, демек, капиталистік жеке меншік те әркімнің өз еңбегіне негізделген жеке меншіктің жойылуын керек етеді, яғни жұмысшыны экспроприациялауды керек етеді.

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының
тексті бойынша басылып отыр, 2-ші басылуы,
23-том, 1960 жылы шыққан*

**ЕСКЕРТУЛЕР
ҚӨРСЕТКІШТЕР**

ЕСКЕРТУЛЕР

¹ «*Капитал*» — марксизмнің данышпандық шығармасы. Маркс өзінің осы басты еңбегін жазу үстінде қырық жыл бойы, 40-шы жылдардан бастап, өмірінің ақырғы күндеріне дейін жұмыс істеді. «Маркс экономикалық құрылысты саяси қондырманың қаланатын негізі деп танып, осы экономикалық құрылысты зерттеп білуге бәрінен көп көңіл бөлді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 19-том, 5-бет).

Маркс саяси экономиямен жүйелі түрде шұғылдану ісіне Парижде 1843 жылдың аяқ кезінде кіріскен болатын. Экономикалық әдебиетті оқып, зерттей келіп, ол өмір сүріп отырған қоғамды және буржуазиялық саяси экономияны сынайтын үлкен еңбек жазуды өзіне мақсат етіп қойды. Оның бұл саладағы алғашқы зерттеулері «1844 жылғы экономикалық-философиялық қолжазбалар», «Неміс идеологиясы», «Философия қайыршылығы», «Жалдама еңбек және капитал», «Коммунистік партияның манифесі» деген еңбектерінен және басқаларынан көрінді. Осы еңбектердің өзінде-ақ капиталистік қанаудың негіздері, капиталистер мен жалдама жұмысшылардың мүдделерінің ымыраға келмейтін қарама-қарсылығы, капитализмнің барлық экономикалық қатынастарының антагонистік және өтпелі сипаты ашып көрсетіледі.

1848—1849 жылдарда болған революцияның қауырт оқиғаларынан туған белгілі үзілістен кейін Маркс өзінің экономикалық зерттеулерін Лондонда ғана қайта жалғастырып жүргізе бастады; ол Лондонға 1849 жылы эмиграциямен келуге мәжбүр болды. Мұнда ол халық шаруашылығының тарихын және түрлі елдердің, әсіресе сол кезде капитализмнің әйгілі елі болған Англияның өз заманындағы экономикасын терең де жан-жақты зерттейді. Маркс бұл кезде жер меншігінің тарихы мен жер рентасының теориясына, ақша айналысы мен бағаның тарихы мен теориясына, экономикалық дағдарыстарға, техника мен технология тарихына, агрономия мен агрохимия мәселелеріне көп көңіл бөледі.

Маркс жұмысты соншалық қиын жағдайларда істеді. Оның үнемі жокшылықпен арпалысып, тіршілік етуге қаражат табу үшін көбінесе жұмысын тоқтатып қоюна тура келді. Материалдық жағынан жоқшылық көру жағдайларында ұзақ уақыт бойы бар күшін салып жұмыс істеу өзінің зардабын тигізбей қалмады — Маркс қатты ауырып қалады. Солай бола тұрса да, 1857 жылы ол орасан зор өзірлік жұмысын жүргізеді, бұл жұмыс оның зерттеудің соңғы сатысына — жиналған ма-

терналдарды бір жүйеге келтіріп, қорытындылау ісіне кірісуіне мүмкіндік берді.

1857 жылғы августан бастап 1858 жылғы июньге дейін Маркс көлемі 50 баспа табаққа жуық қолжазба дайындайды; бұл қолжазба болашақ «Қапиталдың» қаралай желісі сияқты болады. Бұл қолжазбаны тұңғыш рет КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты ғана 1939—1941 жылдары «Grundrisse der Kritik der politischen Oekonomie» («Саяси экономия сынының негізгі белгілері») деген атпен түпнұсқа тілінде басып шығарды. 1857 жылғы ноябрьде Маркс мұнымен қоса өз шығармасының жоспарын жасайды, бұл жоспар кейіннен егжей-тегжей қаралып, оған елеулі өзгерістер жасалады. Оның экономикалық категорияларды сынауға арналған бұл зерттеуі алты кітапқа бөлінеді:

1) Қапитал туралы (бірнеше кіріспе тараулары бар); 2) Жер меншігі туралы; 3) Жалдама еңбек туралы; 4) Мемлекет туралы; 5) Сыртқы сауда туралы; 6) Дүниежүзілік рынок туралы. Бірінші кітапта («Қапитал туралы») төрт бөлім болады деп ұйғарған: а) Жалпы алғандағы капитал; б) Қапиталдардың бәсекесі; в) Кредит; г) Акционерлік капитал, оның бержағында «Жалпы алғандағы капитал» деген бөлім тағы үш бөлімшеге бөлінді: 1) Қапитал өндіру процесі, 2) Қапитал айналысының процесі және 3) Осы екеуінің бірлігі, немесе капитал және пайда, процент. Осы соңғы жәй бөлу бұдан былайғы жерде бүкіл еңбекті «Қапиталдың» тиісті үш томы етіп бөлудің негізі болғандығын айта кетудің маңызы зор. Саяси экономия мен социализмнің тарихын жасау жөнінде арнайы жұмыс істемек болып ұйғарған.

Мұнымен бірге Маркс өзінің жазып жатқан еңбегі жеке-жеке кітап болып шығады, мұның бірінші кітабы «қайткен күнде де белгілі бір дәрежеде біртұтас жүйелі еңбек болуға тиіс» деп, бұл еңбек бірінші кітаптың бірінші бөлімін ғана — үш тараудан: 1) Товар; 2) Ақша, немесе жәй айналыс және 3) Қапитал деген тараулардан тұратын бөлімін ғана қамтиды, деп ұйғарады. Алайда саяси себептерге байланысты бірінші кітаптың аяқталып біткен соңғы вариантына — «Саяси экономия сынына» деген кітапқа — үшінші тарау кірген жоқ. Маркс «нағыз ұрыс» нақ осы тараудан басталады деп көрсетті, сондықтан, оның ойынша, ресми цензура болып отырған, үстем таптарға ұнамайтын авторларға полиция қудалау жасап, барынша қуғын-сүргінге ұшыратып отырған жағдайда жоғарыда аталған тарауды әуел бастан-ақ, яғни қалың жұртшылық жаңа шығарма туралы естіп білмей жатып жарыққа шығару ақылға сымсыз нәрсе болар еді. Маркс «бірінші кітапқа» арнайы товар туралы арнаулы тарау жазды және ақша жөніндегі тарауды 1857—1858 жылдардағы қолжазбасынан мұқият қайта өңдеп шықты.

«Саяси экономия сынына» деген кітап 1859 жылы жарық көрді. Осының ізінде «екінші кітапты» да жарыққа шығару, яғни капитал жөніндегі жоғарыда аталған, 1857—1858 жылдардағы қолжазбаның негізгі мазмұны болып табылатын тарауды жариялау көзделген болатын. Маркс Британ музейінде саяси экономиямен қайтадан үнемі шұғылдана бастайды. Рас, көп кешікпей оның бұл жұмысты тура бір жарым жыл тоқтата тұруына тура келді; мұның себебі бонапартист агент К. Фогтің жалақорлық әрекеттерін баспасөз бетінде әшкерелеу қажеттігіне және басқа да асығыс жұмыстарға байланысты болды. Тек 1861 ж. августа ғана ол кең көлемді қолжазбасын жаза бастайды да оны 1863 жылдың орта кезінде аяқтайды. Жалпы көлемі 200 баспа табаққа жуық, 23 дөңгелек болған қолжазба да 1859 жылғы кітап сияқты — «Саяси экономия сынына» деп аталған. Бұл қолжазбаның басым

бөлегінде (VI—XV және XVIII дәптерлер) экономикалық ілімдердің тарихы баяндалады. Бұл қолжазбаны КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты баспаға әзірлеп, «Қосымша құн теориялары» («Капиталдың» IV томы) деген атпен орыс тілінде бастырып шығарды. Бірінші бес дәптерде және шінара XIX—XXIII дәптерлерде «Капиталдың» бірінші томының тақырыптары баяндалған. Мұнда Маркс ақшаның капиталға айналуын талдайды, қосымша құн, абсолютті және относителді құн туралы ілімді дамытып, басқа да бірсыпыра мәселелерді қамтиды. Атап айтқанда, XIX және XX дәптерлерде бірінші томының «Машина және ірі өнеркәсіп» деп аталатын он үшінші тарауының мол негізі жасалған; бұл дәптерлерде техника тарихы жөнінде аса бай материал көрсетіліп, машиналарды капиталистік өнеркәсіпте қолдануға өте-өте толық экономикалық талдау жасалған. XXI—XXIII дәптерлерде «Капиталдың» түрлі томдарына, оның ішінде екінші томға қатысты жекелеген мәселелер баяндалады. XVI—XVII дәптерлер түгелдей үшінші томының мәселелеріне арналған. Сонымен, 1861—1863 жылдардағы қолжазба, азы-көпті дәрежеде, «Капиталдың» барлық төрт томының мәселелерін қамтиды.

Бұдан былайғы жұмысының барысында Маркс өзінің бүкіл шығармасын үшке бөлінген «Жалпы алғандағы капитал» деген бөлім үшін бұрын белгіленген жоспар бойынша құруға ұйғарады. Ал қолжазбаның тарихи-сын бөліміне келетін болсақ, бұл бөлім соңғы төртінші бунақ болуға тиіс болды. 1866 жылғы 13 октябрьде Кугельманға жазған хатында Маркс: «Бүкіл еңбек мынадай бөлімдерге бөлінеді: I) кітап Капитал өндіру процесі. II) кітап Капитал айналысының процесі. III) кітап Тұтас алғанда процесс формасы. IV) кітап Теория тарихы жөнінде», деп жазды. Маркс сонымен қатар шығармасын жеке-жеке кітап етіп шығару жөніндегі бастапқы жоспарынан да қайтып, әуелі негізінен алғанда бүкіл еңбекті әзірлеп алу, тек осыдан кейін ғана барын оны жарыққа шығару міндетін қояды.

Осыған байланысты Маркс өз еңбегі жөнінде, әсіресе оның 1861—1863 жылдардағы қолжазбада әлі де болса онша жеткілікті дамытылмаған бөлімдері жөнінде бар күшін салып жұмыс істейді. Ол қосымша көптеген экономикалық, техникалық әдебиеттерді, оның ішінде ауыл шаруашылығы жөніндегі, кредит пен ақша айналысы жөніндегі әдебиетті оқып зерттейді, статистикалық материалдарды, түрлі парламенттік документтерді, өнеркәсіптегі балалар еңбегі жөніндегі ресми есептерді, ағылшын пролетариатының тұрғын-үй жағдайлары жөніндегі ресми есептерді, т. т. оқып зерттейді. Осыдан кейін Маркс екі жарым жыл ішінде (1863 жылғы августтан бастап 1865 жылдың аяғына дейін) жанадан орасан үлкен қолжазба жасайды; міне осы қолжазба «Капиталдың» теориялық үш томының егжей-тегжейлі жасалған бірінші варианты болып табылады. Сөйтіп бүкіл еңбегін түгелдей жазып болғаннан кейін барып қана (1866 ж. январь) Маркс бұл еңбегін баспаға арнап ақыр-тақыр дайындауға кіріседі, оның бержағында, Энгельстің кеңесі бойынша, ол бүкіл еңбекті баспаға бірден әзірлемей, ең алдымен «Капиталдың» бірінші томын әзірлемек болып ұйғарады. Маркс бұл ақыр-соңғы өңдеуін мейлінше мұқият жасады, сөйтіп оның мәнісінде мұның өзі тұтас алғанда «Капиталдың» бүкіл бірінші томының тағы бір өңделісі жазылуы болды. Баяндаудың жүйелі, толық және айқын болуы мақсатымен Маркс 1859 ж. шығарылған «Саяси экономия сынына» деген еңбегінің негізгі мәселелерін «Капиталдың» бірінші томының бас жағында біршама қысқайта түрде қайталап көрсетуді қажет деп есептеді—қазірде бүкіл бірінші бөлім («Товар және ақша») осы мәселелерден тұрады, ал бірінші басылуында ол мәселелер бірінші тарауда («Товар және ақша») баяндалған болатын.

«Капиталдың» бірінші томы жарыққа шыққаннан кейін (1867 жылғы сентябрь) Маркс оның неміс тілінде жаңадан басылуына және шет тілдерге аударылуына байланысты осы томмен онан әрі шұғылдану береді. Ол екінші басылуына (1872 ж.) толып жатқан өзгерістер енгізеді, 1872 ж. Петербургте шыққан және «Капиталдың» шет тілге тұңғыш рет аударылуы болып табылған орысша басылуына байланысты маңызды-маңызды ақыл-кеңестер береді, 1872—1875 жылдары жеке-жеке кітап болып басылып шыққан французша аудармасын едәуір өңдеп, редакциялайды.

Екінші жағынан, «Капиталдың» бірінші томы жарыққа шыққаннан кейін Маркс бүкіл шығарманы жуық арада аяқтап бітіру ниетімен «Капиталдың» келесі томдарымен шұғылдану ісін онан әрі жүргізе береді. Бірақ оның бұл ойлаған ниеті іске аспайды. I Интернационалдың Бас Советінің жұмысына белсене қатынасу оның көп уақытын алады. Денсаулығының нашар болуы себепті де жұмысын жиі-жиі тоқтата береді. Мұнымен бірге ғылыми жұмысты өте-мөте ұқыптылықпен дәлме-дәл жасайтын және, Энгельстің сөзімен айтқанда, «өзінің экономикалық ұлы жаңалықтарын жариялаудан бұрын оларды толық кемеліне келтіре талдап шешуге тырысып» өзін өзі қатаң сынға алып отыратын Маркс белгілібір мәселелерді қарағанда барған сайын көптеген қосымша зерттеулер жасап отырады. Осы творчестволық жұмыс барысының өзінде көптеген жаңа мәселелер де туып отырды.

«Капиталдың» келесі екі томын Маркс қайтыс болғаннан кейін Энгельс баспаға әзірлеп, екінші томын 1885 жылы, үшінші томын 1894 жылы жариялады. Сөйтіп Энгельс осы еңбегі арқылы ғылыми коммунизмнің қазынасына баға жетпес үлес қосты.

Маркс қайтыс болғаннан кейін Энгельс «Капиталдың» бірінші томының ағылшын тіліндегі аудармасын редакциялады (1887 ж. басылып шықты), «Капиталдың» бірінші томының неміс тіліндегі үшінші (1883) және төртінші (1890) басылуын баспаға әзірледі. Мұнымен бірге, Маркс қайтыс болғаннан кейін, бірақ Энгельстің көзі тірісінде, «Капиталдың» бірінші томы мына төмендегідей болып басылып шықты: Лондонда ағылшын тілінде үш рет (1888, 1889 және 1891 жылдары) басылып шықты, Нью-Йоркте ағылшын тілінде үш рет (1887, 1889 және 1890 жылдары); Парижде француз тілінде (1885 ж.), Копенгагенде даттар тілінде (1885 ж.), Мадридте испан тілінде (1886 ж.), Туринде итальян тілінде (1886 ж.), Лейпцигте поляк тілінде (1884—1889), Амстердамда голланд тілінде (1894) басылып шықты, сондай-ақ мұнан басқа да толық емес көптеген басылулары болды.

«Капиталдың» немісше төртінші басылуында (1890) Энгельс Маркстің өзі айтқан нұсқауларына сүйенсе отырып, «Капиталдың» бірінші томының тексті мен ескертулерінің ақтық редакциясын жасап шығады. Кезірде бүкіл дүние жүзінде бұл еңбек немісше төртінші басылуы бойынша жаңадан шығарылып, осы басылуынан аударылады. «Капиталдың» бірінші томының осы басылуы да немісше төртінші басылуынан алынып әзірленді.—II.

- 2 Бұл арада «Капиталдың» 1867 ж. немісше бірінші рет басылған бірінші томының «Товар және ақша» деген бірінші тарауы айтылып отыр. Екінші басылуын әзірлеген кезде Маркс өзінің кітабын қайта өңдеді, атап айтқанда оның құрылымына үлкен өзгерістер енгізді. Бұрынғы бірінші тараудың бөлімдері мен қосымшаның негізінде тиісінше дербес үш тарау жасалып бұлар бәрі қосылып кітаптың бірінші бөлімін құрайды.—II.

- 3 Ф. Лассальдің: «Herr Bastiat-Schulze von Delitzsch, der ökonomische Julian, oder: Capital und Arbeit». Berlin, 1864 («Бастиа Шульце-Делич

- мырза, экономикалық Юлиан, немесе Капитал және еңбек». Берлин, 1864) деген еңбегінің үшінші тарауы айтылып отыр.—12.
- ⁴ *Mutato nomine de te fabula narratur* (Сенің атыңды өзгертсе ғана болғаны, бұл айтылып отырған сенің тарихың емес пе)— Горацийдің сатираныңан келтірілген сөздер, бірінші кітап, І-ші сатира.—12.
- ⁵ *Көк кітаптар* (Blue Books)— Англия парламентінің материалдары мен сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық документтерін жариялағандағы жалпы аты. Мұқабасы көк болғандықтан осылай аталған көк кітаптар Англияда XVII ғасырдан бастап шығарылуда және осы елдің экономикалық, дипломатиялық тарихын зерттеу үшін негізгі ресми дерек болып табылады.—17.
- ⁶ *Segui il tuo corso, e lascio dir le genti!* (Жұрт не десе, о десін, өз жолыңмен жүре бер!)— Дантенің «Құдыретті комедия» деген шығармасынан алынып, өзгертіліп айтылған сөздер, «Тозақ оты», V өлең.—17.
- ⁷ S. Mayer. «Die sociale Frage in Wien. Studie eines «Arbeitgebers»». Wien, 1871 (З. Майер. «Венадағы әлеуметтік мәселе. Бір «жұмыс берушінің» этюді». Вена. 1871).—19.
- ⁸ «Капиталдың» бірінші томының немісше төртінші басылуында (1890) осы соңғысөздің бастапқы төрт абзацы алынып тасталған. Бұл басылуында соңғысөз толық беріліп отыр.—19.
- ⁹ *Астық заңдарына қарсы лиганы* 1838 ж. фабриканттар Кобден мен Брайт құрған болатын. Өнеркәсіп буржуазиясының мүдделерін қорғап, Лига астық заңдары дегенді жоюды талап етті, бұл заңдар жер аристократиясының пайдасын ойлап, астықты шетелдерден әкелуге шек қойып, тиым салуды көздеген. 1815 ж. қабылданған астық заңы Англияның өзінде астық бағасы бір кварталіне 80 шиллингтен төмен болып қалып отырғанда шеттен астық әкелуге тиым салған. 1822 ж. бұл заң біраз өзгертілді, ал 1828 ж. жылжымалы шкала енгізілді, бұл шкала бойынша ішкі рынокте астық бағасының төмендеуіне қарай астықтың әкелімі баж салығы арттырылып, ал мұның керісінше, астық бағасы артқан кезде баж салығы төмендетіліп отырды. Астық заңдарын жоюды және астықпен еркін сауда жасауға жол беруді талап етіп, Лига астықтың ішкі рыноктегі бағасын төмендетуді, сөйтіп жалдама жұмысшылардың жалақысын төмендетуді де мақсат етіп қойды. Лига жұмысшылар мен өнеркәсіпшілердің мүдделері бір деген босөзді уағызында сауда бостандығы ұранын кенінен пайдаланды. Астық заңдары 1846 жылы жойылды.—23.
- ¹⁰ И. Дицгеннің: «Карл Маркс. «Капитал. Саяси экономия сынына» Гамбург, 1867» деген мақаласы айтылып отыр; мақала «Demokratisches Wochenblatt» («Демократиялық апталық») газетінің 1868 жылғы 31, 34, 35 және 36 номерлерінде жарияланған. 1869—1876 жылдары бұл газет «Der Volkstaat» («Халық мемлекеті») деген жаңа атпен шығып тұрды.—24.
- ¹¹ Бұл жерде әңгіме 1867—1883 жылдары Парижде шығып тұрған «La philosophie positive. Revue» («Позитивтік философия. Шолу») деген журнал туралы болып отыр. Осы журналдың 1868 ж. ноябрь-декабрь-дегі үшінші номерінде «Капиталдың» бірінші томы жөнінде қысқаша

- рецензия жарияланды, рецензияны О. Конттың позитивистік философиясының жолын қуушы Е. В. Де-Роберти жазған.—25.
- 12 Н. Зибер. «Ең соңғы толықтыруларымен, түсіндірулерімен байланысты Д. Рикардоның құндылық және капитал теориясы». Киев. 1871 170-бет.—25.
- 13 Бұл мақаланы («Карл Маркстің саяси-экономикалық сынының көзқарасы») И. И. Кауфман жазған.—25.
- 14 Қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-ші басылуы, 13-том, 6—8-беттер.*—26.
- 15 Немістің буржуазияшыл философтары Бюхнер, Ланге, Дюринг, Фехнер және басқалары айтылып отыр.—27.
- 16 «*Жаңа үштің екіншісі*» — құны талердің $\frac{2}{3}$ -сіндей, бірсыпыра герман мемлекеттерінде қолданылған күміс теңге осылай деп аталған.—34.
- 17 «Капиталдың» бірінші томының ағылшынша басылуындағы тарауларының рет саны оның немісше басылуындағы тараулардың рет санымен дәл келмейді.—37.
- 18 «Құлдықты қорғау жолындағы бунт» дегенде Америка Құрама Штаттарының Оңтүстігіндегі құлиенушілер шығарған және 1861—1865 жылдардағы Азамат соғысына әкеліп соқтырған бүлік айтылып отыр.—40.
- 19 Шын мәнісінде бұл арада Марксте ағаттық жоқ.—42.
- 20 Гладстонның 1863 жылғы 16 апрельдегі сөзінен алынған цитатты әдейілеп бұрмалады деп Марксті кінәлаған буржуазия өкілдерінің талай рет жасаған жалақорлық әрекеттерін әшкерелеуге Энгельс «Брентано соңға Маркс, цитатты жалған бұрмалау жөнінде. Мәселенің тарихы және документтер» деген ариаулы еңбегін арнайды; бұл еңбек 1891 жылы Гамбургте жарияланған (Қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-ші басылуы, 22-том.*)—42.
- 21 «Титімдей Ласкердің ойлап тапқан өнері» туралы айтқанда Маркс мынадай бір жағдайды айтып отыр. Рейхстагтың 1871 жылғы 8 ноябрьдегі мәжілісінде буржуазия депутаты ұлтшыл-либерал Ласкер Бебельге қарсы айтысында: егер немістің социал-демократиялық жұмысшылары Париж коммуналарынан өнеге алмақшы болатын болса, онда «ізгі ниетті және меншігі бар бюргерлер оларды сойылмен соққылап құртады» деп мәлімдеді. Алайда мұны дәл осындай тұжырымында жариялауға оратордың батылы бармайды, сондықтан стенографиялық есептің өзінде-ақ «оларды сойылмен соққылап құртады» деген сөздердің орнына «оларды тұқыртып ұстайды» делінген. Бұл бұрмалауды Бебель әшкерелейді. Ласкер жұмысшылар арасында мазаққа айналды. Өзінің бойы тапал болғандықтан оны келекелеп «титімдей Ласкер» деп атайды.—43.
- 22 Гете. «Фауст», I бөлім, үшінші көрініс («Фаустың кабинеті»).—45.
- 23 Энгельс бұл арада қорқақ әрі мақтаншақ Фальстафтың сөздерін өзгертіп айтып отыр, Фальстаф: мен жалғыз өзім елу адаммен қылыштастым деп мақтанған (Шекспир. «Король Генрих IV». I бөлім, II акт, төртінші көрініс).—45.

- 24 С. Батлердің «Гудибрас» («Hudibras») деген поэмасынан өзгертіліп алынған сөздер, II бөлім, I-ші өлең.—52.
- 25 Мына кітапты қараңыз: W. Jacob. «An Historical Inquiry into the Production and Consumption of the Precious Metals», In two volumes. London, 1831 (У. Джейкоб. «Асыл металдар өндіру мен оларды тұтыну жөніндегі тарихи зерттеу». Екі том, Лондон, 1831).—56.
- 26 [W Petty.] «A Treatise of Taxes and Contributions». London, 1667, p. 47 ([У. Петти.] «Салықтар мен алымдар жөніндегі трактат». Лондон, 1667 47-бет).—59.
- 27 Маркс бұл арада Шекспирдің «Король Генрих IV» деген тарихи хроникасындағы диалогті қолданып отыр, I бөлім. III актының үшінші көрінісінде Фальстаф жесір әйел Куликлиге «қай жағынан келерінді білмейсің» дейді. Осыған орай жауап ретінде әйел: «Өтірік айтасың: менің қай жағымнан келуді сен де, басқалар да өте жақсы білесіңдер» дейді.—63.
- 28 «*Paris vaut bien une messe*» («Париж ғибадат тұтуға тұрарлық») — егер Генрих IV протестант дінінен католик дініне көшетін болса, оны король деп танымыз деген париждіктердің уәдесіне байланысты Генрих IV-нің 1593 жылы айтқан сөзі.—69.
- 29 Маркс бұл арада: «Aristotelis opera ex recensione Immanuelis Bekkeri». Tomus IX. Oxonii, 1837, p. 99-100 (Аристотель. Шығармалар. Иммануил Беккер бастырып шығарған. IX том, Оксфорд, 1837, 99, 100-беттер) деген кітап бойынша Аристотельдің «Никомахов этикасы» деген шығармасын цитатқа алып отыр.—75.
- 30 *Ломбард-стрит* — Ситидегі (Лондонның финанс орталығындағы) көше, мұнда бірсыпыра ірі банктер орналасқан; Лондонның ақша рыногінің синонимы.—77.
- 31 Қ. Маркс. «Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап, I тарау (Қараңыз: Қ. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-ші басылуы. 4 том, 71—127-беттер).—84.
- 32 Гётс. «Фауст», I бөлім, төртінші көрініс («Фаустың кабинеті»).—85.
- 33 1848—1849 жылдарда болған революциялар жеңіліске ұшырағаннан кейін Европада қаратүнек саяси реакция дәуірі туды. Осы кезеңде еуропалық елдердегі ақсүйектер тобында спиритизмге, әсіресе үстел айналдыруға еліге бастады. Ал дәл сол кезде Қытайда қуатты шаруалар соғысының сипатын алған антифеодалдық азаттық қозғалысы (Тайпин революциясы) кең өріс алды.—87.
- 34 Оуэннің параллелограммалары жөнінде Рикардо өзінің «On Protection to Agriculture». Fourth edition. London, 1882, p. 21 («Егіншілікті қамқорлыққа алу туралы»). Төртінші басылуы. Лондон, 1822, 21-бет) деген еңбегінде атап өтеді. Әлеуметтік өзгерістер жасау жөніндегі өзінің утопиялық жобасын дамыта отырып, Оуэн поселкені параллелограмма немесе шаршы түрінде салу экономикалық жағынан да, сондай-ақ үй тұрмысын құру тұрғысынан да анағұрлым тиімді-болып табылады деп дәлелдеді.—92.

- 35 Жалпы алғанда материалист әрі атеист, ертедегі грек философы Эпикурдың көзқарастары бойынша сансыз көп дүние бар. Бұл дүниелер өздеріне тән табиғи заңдар бойынша пайда болып, өмір сүреді. Ал құдайлар бар болғанымен, олар бұл дүниелерден тысқары, сол дүниелер арасындағы кеністіктерде тұрады, сондықтан аспан әлемінің дамуына да, адамның өміріне де ешқандай ықпал етпейді.—95.
- 36 Шекспир. «Даурыққан дакпырт», III акт, үшінші көрініс.—99.
- 37 *Ланди жәрменкесі*.— XII — XIX ғасырларда жыл сайын өткізіліп тұрған, Париж маңындағы үлкен жәрменке.—100.
- 38 Гёте. «Фауст», I бөлім, үшінші көрініс («Фаустың кабинеті»).—102.
- 39 *Апокалипсис* — ертедегі христиан әдебиеті шығармаларының Жана өсиетке (Библия. Иоанның сырының ашылуы) кіретін бір шығармасы. I ғасырда жазылған. Апокалипсистиң авторы Рим империясына деген жаппай өшпенділік сезімін білдіреді, оны «тағы аң» деп маскаралап, жын-шайтанның бейнесі деп есептейді. Цитат алынған жерлері 17 және 18 тараулардыкі.—102.
- 40 *Инктер мемлекеті* — XV ғасырдың бас кезінде — XVI ғасырдың орта шенінде осы күнгі Перудің жерінде өмір сүрген құл иеленуші мемлекет, онда алғашқы-қауымдық құрылыстың қалдықтары едәуір сақталған. Мұнда үстем болған инктер тайпасы бірте-бірте селолық (көршілес) қауымдарға айналған 100 ру қауымдарына (айлью) бөлінген.—103.
- 41 *Ландекттер* — Римнің азаматтық право жинағының аса маңызды бөлімі Дигестің (латынша *Digesta* — жинақталған) грекше аты. Дигестер Рим юристерінің шығармаларынан алынған үзінділердің жинағы болды және құлиеленушілердің мүдделерін білдірді. Дигестер 533 жылы Византия императоры Юстинианның тұсында жарияланды.—106.
- 42 [W. E. Parry] «Journal of a Voyage for the Discovery of a North West Passage from the Atlantic to the Pacific; performed in the Years 1819—20. in His Majesty's Ships Hecla and Griper, under the Orders of William Edward Parry». London, 1821 ([У. Э. Парри]. «Атлант мұхитынан Тынық мұхитқа өтетін солтүстік-батыс жолын ашу үшін Уильям Эдуард Парридің басшылығымен ұлы мәртебелі тақсырдың «Гекла» және «Грайнер» деген кемелерімен 1819—20 жылдары жасалған саяхаттың журналы». Лондон. 1821). 1821 ж. Лондонда да шыққан осы кітаптың екінші басылуында цитатқа алынған жері 277—278-беттерде.—110.
- 43 Көне заманғы мифологияда адамзат тарихы бес дәуірге бөлінген. Алтын және күміс ғасырлар осы бес дәуірдің алғашқы екі дәуірі болып табылады. Аса бақытты болған алтын ғасырда адамдар бейнебір ешқандай таршылық көрмей өмір сүрген, тек соңғы ғасырларда ғана адамдардың өмірі басқаша болып қалыптасқан. Бұл ғасырлардың бесінші және ақырғы ғасыры — темір ғасыр — әділетсіздікке, зорлық-зомбылық пен қырғынға толы. Бес ғасыр жөніндегі аңыздар грек ақыны Геснод пен Римнің лирик ақыны Овидийдің творчествосында жырланған.—114.
- 44 1707 жылғы ағылшын-шотланд униясы айтылып отыр, осы уния бойынша Шотландия Англияға біржолата қосылған болатын. Шотландия парламентін жойған осы актының нәтижесінде екі елдің арасында болып келген экономикалық кедергілердің бәрі де жойылды.—114.
- 45 Данте. «Құдыреті комедия», «Ұжмақ», XXIV өлең.—118.

- 46 Маркс Иероним Блаженныйдың: «Қыз кезін сақтау туралы Евстохияға жазған хатын» цитатқа келтіріп отыр.—117.
- 47 К. Маркс. «Саяси экономия сынына» (қараңыз: К Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-ші басылуы, 13-том, 72-бет).—120.
- 48 «*The course of true love never does run smooth*» («Шын махаббаттың азап оты күшті болады») — В. Шекспир. «Жазғы түндегі тұс», I акт, бірінші көрініс.—122.
- 49 «*Dissecta membra poetae*» («ақынның жеке-дара мүшелері») — Горацийдің сатираларынан алынған сөздер, бірінші кітап, 4-ші сатира.—122.
- 50 Маркс бұл арада Дюпон де Немурдың «*Maximes du docteur Quesnay, ou Résumé desesprincipes d'economie sociale*» («Доктор Кенэнің қағидалары, немесе оның әлеуметтік экономия жөніндегі негізгі бастамаларының Резюмеси») деген еңбегін цитатқа келтіріп отыр, бұл еңбек «*Physiocrates*». Avec une introduction et des commentaires par E. Daire. Partie I. Paris, 1846, p. 392. («Физиократтар». Кіріспе мақала мен түсініктерді Э. Дэр жазған. I бөлім, Париж, 1846, 392-бет) деген кітапта жарияланған.—123.
- 51 Ақшаның *pan olet* (исі болмайды) — бұл сөздерді Рим императоры Веспасиан (69—79 жылдар) өзінің баласына айтқан; әжетханаға арнаулы салық салуды енгізгені үшін баласы әкесін жазғырған.—124.
- 52 А. Н. Müller. «*Die Elemente der Staatskunst*». Theil II, Berlin, 1809. S. 280. (А. Г. Мюллер. «Мемлекет басқару өнерінің негіздері». II бөлім, Берлин, 1809, 280-бет).—139.
- 53 Құбылмалы сөз: «sovereign» деген ағылшын сөзі «суверен, монарх» дегенді білдіреді, сонымен бірге алтын фунт стерлингтің аты «соверен» деген мағнаны да білдіреді.—141.
- 54 P. Boisguillebert. «*Le détail de la France*». In: «*Economistes financiers du XVIII-e siècle*». Paris, 1843, p. 213 (П. Буагильбер. «Францияның бөлшек саудасы». «XVIII ғасырдағы экономист-финансистер» деген кітапта. Париж. 1843, 213-бет).—144.
- 55 Д. Дидро. «1767 жылғы Салон».—148.
- 56 *Ост-Инд компаниясы* — Англияның сауда компаниясы, 1600 жылдан 1858 жылға дейін өмір сүріп, Англияның Үндістандағы, Қытайдағы және Азияның басқа да елдеріндегі тонаушылық отарлау саясатының құралы болған. Армиясы мен флоты бар Компания XVIII ғасырдың ортасынан бастап аса зор соғыс күшіне айналды. Компанияның жалауын жамылып ағылшын отаршылары Үндістанды жаулап алу ісін жүзеге асырды. Үндістанмен сауда жасау ісін және осы елді басқарудың аса маңызды функцияларын Компания ұзақ уақыттар бойы жалғыз өзі билеп-төстеп келді. Үндістанда 1857—1859 жылдары болған ұлт-азаттық көтерілісі ағылшындарды өздерінің отарлық үстемдігінің формаларын өзгертуге мәжбүр етті: Компания жойылды, Үндістан британ тәжінің иелігі деп жарияланды.—148.
- 57 «*East Inda (Bullaon)*. Return to an Address of the Honourable the House of Commons, dated 8 February 1864» («Шығыс Үндістан (Жамбылар). Жоғары мәртебелі қауымдар палатасының талап етуі бойынша 1864 жылғы 8 февральда тапсырылған есеп»).—149.

- 55 Маркс У. Петтидің: «*Verbum Sapienti*» («Даналарға арналған сөз») деген еңбегін цитатқа келтіріп отыр: бұл еңбек Петтидің Маркс осы арада атап отырған басқа бір кітабына: «*The Political Anatomy of Ireland*». London, 1691 («Ирландияның саяси анатомиясы 1672»). Лондон, 1691) деген кітабына қосымша ретінде басылған.—156.
- 59 Маркс бұл арада Д. Рикардоның: «*The High Price of Bullion a Proof of the Depreciation of Bank Notes*». The Fourth Edition, Corrected. London, 1811 («Жамбылардың бағасы жоғары болуы — банкноттардың құнсыздануының дәлелдемесі». Төртінші басылуы, түзетілген. Лондон, 1811) деген кітабын цитатқа келтіріп отыр.—157.
- 60 «*Currency principle*» («ақша айналысының принципі»), немесе «ақша жөніндегі ағым» — ақшаның сан теориясын жақтан шыққан ағымның бір түрі. Бұл ағымның өкілдері товардың құны мен бағасы айналыс саласындағы ақшаның мөлшерімен анықталады деді. Олар тұрақты ақша айналысын жасауды мақсат етіп қойды және бұған жетудің бірден бір жолы банкноттарды қайткен күнде де алтынмен өтеуді қамтамасыз етуде және асыл металдардың импорты мен экспортына сәйкес олардың эмиссиясын реттеп отыруда деп білді. Өздерінің жалған теориялық дәлелдеріне сүйеніп, «ақшаны жақтаушы ағым» артық өндірудің экономикалық дағдарыстарының негізгі себебі — асы ағым уағыздап жүрген ақша айналысы заңдарының бұзылуында деп білді. «Ақшаны жақтаушы ағымның» теориясы XIX ғасырдың бірінші жартысында Англияда көп таралады. Алайда Англия үкіметінің осы теорияға сүйенбесі болған әрекеттері (1844 жылғы банк ісі) ешқандай нәтиже бермеді, сөйтіп бұл теорияның ғылыми жағынан түгелдей түкке тұрғысыздығын және практикалық мақсаттар үшін мүлде жарамсыз екендігін ғана дәлелдеп берді. (Сонымен қатар қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-ші басылуы. 13-том, 164—165-беттер*).—157.
- 61 58-ші ескертуді қараңыз.—159.
- 62 Бұл арада Франция Институты — бірнеше бөлімдері, немесе академиялары бар жоғарғы ғылыми мекеме айтылып отыр; 1795 жылдан бері бар. Дестют де Траси моральдық және саяси ғылымдар Академиясының мүшесі болған.—176.
- 63 *Hic Rhodus, hic salta!* (Родос осы арада, осы арадан секір! — Астарлап айтқанда: қандай қабылетің барлығын осы арада көрсетіп бақ! деген мағынада) — Родос аралында орасан зор секірулер жасады деп мақтанған мақтаншаққа арналып айтылған сөз (Эзоптың «Мақтаншақ» деген мысалынан).—179.
- 64 Маркс айтып еске алып отырған «Қуза төңкерісі» Румыния тарихындағы маңызды оқиға болып табылады. 1859 жылғы январьда көрнекті саяси және қоғам қайраткері Александр Кузаны әуелі Молдавияны, одан соң Валахияның да господарі (әкімі) етіп сайлайды. Ұзақ уақыттар бойы Оттома империясының вассальді тәуелділігінде болып келген осы екі Дунай князьдіктерін біріктіру арқылы біртұтас Румын мемлекетінің негізі салынды. Өкімет басына келгеннен кейін Куза бірсыпыра буржуазиялық демократиялық реформаларды жүзеге асыру мақсатын ойластырады. Алайда оның саясаты помещиктердің және буржуазияның белгілі бір бөлегінің тарапынан елеулі қарсылыққа кездеседі. Жер иеленушілердің (боярлардың) өкілдері басым болған Ұлттық жиналыс үкімет ұсынған аграрлық реформа жобасын қабылдамай тастағанынан кейін Куза 1864 жылы мемлекеттік төңкеріс жасайды, мұның нәтижесінде

- реакциялық Ұлттық жиналыс таратылады, жаңа конституция жарияланып, сайлаушылар тобы кеңейтіледі және үкіметтің ролі күшейтіледі. Осы жаңа саяси жағдайда қабылданған аграрлық реформа крепостнойлық правоны жоюды және сатып алу төлемдерін төлеу негізінде шаруаларға жер беруді көздейді.—181.
- 65 Н. Storch. «Cours d'economie Politique, ou Exposition des principes, qui déterminent la prospérité des nations». Tome I, St.—Petersbourg, 1815, p. 288 (Г. Шторх. «Саяси экономия курсы, немесе халықтардың әл-ауқат молшылығын белгілеп беретін негіздерді баяндау». I том, С.-Петербург, 1815, 288-бет).—195.
- 66 А. Cherbuliez. «Richesse ou pauvreté. Exposition des causes et des effets de la distribution actuelle des richesses sociales». Paris, 1841 p. 14 (А. Шербюлье. «Байлық немесе кедейлік. Қоғамдық байлықты осы заманғы бөлудің себептері мен салдарларын баяндау». Париж, 1841, 14-бет).—196.
- 67 «Оны лажсыздан күлдірген Қазус» — Гётенің Фауст атты трагедиясынан Фаусттың өзгертіліп алынған сөздері, I бөлім, үшінші көрініс («Фаустың кабинеті»).—206.
- 68 «Tout pour le mieux dans le meilleur des mondes possibles» («Дүниенің ішіндегі ең жақсы осы дүниеде бәрі де жақсылыққа қарай бастайды») — Вольтердің «Қаңдид» деген повестінен алынған афоризм.—207.
- 69 Гёте. «Фауст», I бөлім, бесінші көрініс («Лейпцигте Ауэрбахты жерлеу»).—207.
- 70 Лукреций. «Заттардың тегі туралы», бірінші кітап, 155—156-шы өлеңдер.—226.
- 71 Маркс Вильгельм Рошерді ортадағы гректердің әйгілі тарихшысы Фукидидің есімімен Вильгельм Фукидид Рошер деп келеке етіп атап отыр, мұның себебі осы тұрпайы экономист Рошер өзінің «Die Grundlagen der Nationalökonomie» («Саяси экономия негіздері») деген кітабының бірінші басылуына жазған алғысөзінде, Маркстің сөзімен айтқанда, «өзін кішіпейілдікпен саяси экономиядағы Фукидид деп жариялаған». Фукидидтен цитат келтіріп, Рошер мынадай сөздерді қолданған: «ортадағы тарихшы сияқты, мен де өзімнің еңбегім... адамдардың пайдасына жараса екен деп тілер едім», т. т.—228.
- 72 Бұл арада неміс жазушысы әрі әдебиет сыншысы Готшед айтылып отыр: ол әдебиетте белгілібір дұрыс роль атқарған, бірақ мұнымен бірге недей де бір жаңа әдеби бағыттарға соншама төзбестікпен қараған. Сондықтан оның есімі әдебиеттегі менмендік пен топастықтың синонимі болып кеткен.—228.
- 73 W. Jacob. «A Letter to S. Whitbread, being a Sequel to Considerations on the Protection Required by British Agriculture». London, 1815, p. 33 (У. Джейкоб. «Британ ауыл шаруашылығының мүдделерінен туған протекционистік шараларды талқылауға байланысты С. Уитбредке хат». Лондон, 1815, 33-бет).—231.
- 74 1833 жылғы фабрикалық акт айтылып отыр. Бұл акт жөнінде осы томның 287—288-беттерін қараңыз.—235.

- 75 *Хилиастар* (гректерше «хилиас» — мың деген сөзден шыққан)— Христи екінші рет мейрамдау және жер бетінде әділеттіліктің, жалпыға бірдей теңдік пен рахат ғұмырдың «мың жылдық дүниесін» орнату жөніндегі діни-мистикалық ілімді уағыздаушылар. Хилиастық діни сенімдер құл иеленушілік құрылыстың ыдырау дәуірінде еңбекшілердің адам төзгісіз езілуі мен азал шегуінің негізінде пайда болған, олар бұдан құтылудың жолын қияли армандардан іздеген. Бұл діни сенімдер кенінен таралып, кейіннен орта ғасырдағы түрлі секталардың ілімдерінде үнемі қайтадан тудырылып отырды.—238.
- 76 A. Ure. «The Philosophy of Manufactures: or, An Exposition of the Scientific, Moral, and Commercial Economy of the Factory System of Great Britain. London, 1835, p. 406 (Э. Юр. «Фабрика философиясы, немесе Великобритания фабрикалық системасы экономикасының ғылымы, адамгерлік және коммерциялық жақтарын баяндау». Лондон, 1835, 406-бет). —239.
- 77 *Little shilling men* (кіші шиллингті жақтаушылар), немесе бирмингем ағымы,— экономикалық ғылымда XIX ғасырдың бірінші жартысында қалыптасқан ерекше ағым. Бұл ағымды жақтаушылар өлшемнің идеалды ақша единицасының теориясын уағыздады және осыған сәйкес ақшаны небары «есеп атауы» деп қана білді. Бирмингем ағымының өкілдері ағайынды Томас пен Маттиас Атвуд, Спунер және басқалары Англияда ақша единицасының алтындық құнын төмендету жобасын ұсынды, бұл жоба «кіші шиллинг жобасы» деп аталып кеткен. Бұл ағымның аты да осыдан шыққан. Мұнымен бірге «кіші шиллингті жақтаушылар» үкіметтің айналымдағы ақша мөлшерін азайтуға бағытталған шараларына қарсы шықты. Олардың ойынша, осы ағымның нұсқауларын жүзеге асыру бағаның жасанды түрде өсуін туғызып, өнеркәсіпті жандандыра алған болар еді, елдің жалпы гүлденуін қамтамасыз ете алған болар еді. Алайда, шын мәнісінде осы ұсынылып отырған валюта девальвациясы мемлекеттік және жеке адамдардың борыштарын құнсызданған ақшамен өтеу үшін ғана жағдайлар жасады, яғни қазнаның және негізінен алғанда алуан түрлі кредит алушылар болып табылатын ірі кәсіп иелерінің белгілі бір пайда түсіруіне мүмкіндік жасады. Маркс бұл ағым туралы өзінің «Саяси экономия сынына» деген еңбегінде сөз қылады (қараңыз: *К Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар. 2-ші басылуы, 66—67-беттер).—243.
- 78 64-ші ескертуді қараңыз.—247.
- 79 «*Règlement organique*» («Органикалық регламент») — Дунай князьдіктерінің (Молдавия мен Валахия) бірінші конституциясы, мұны 1828—1829 жылдардағы орыс-түрік соғысынан кейін орыс әскерлері оккупациялап алған осы князьдіктердегі орыс әкімшілігінің бастығы П. Д. Киселев 1831 ж. енгізген-ді. Органикалық регламент бойынша әрбір князьдіктегі заң шығарушы өкімет билігі ірі жер иелері сайлайтын жиналысқа берілді, ал атқарушы өкімет билігі жер иелерінің, дін иелерінің және қалалардың өкілдері өле-өлгенше сайлап қоятын господарларға (әкімдерге) берілді. Регламент бұрынғы феодалдық тәртіптерді, оның ішінде барщинаны да сақтай отырып, ірі боярлар мен жоғары дәрежелі дін иелерінің үстемдік жағдайын нығайта түсті. Шаруалар мұндай «конституцияға» көптеген көтерілістер жасаумен жауап берді. Сонымен қатар Органикалық регламент буржуазиялық өзгерістер жасауды: ішкі таможня кедергілерін жоюды, сауда бостандығын жасауды, сотты әкімшілік орындарынан бөлуді, тағы басқаларды да көздеді.—248.

- 80 Драйден. «Қораз бен түлкі» («The Cock and the Fox»).—252.
- 81 *Ecce iterum Crispinus* (мәссаған тағы да Криспин)— Ювеналдың Рим императоры Домицианның сарай маңындағы қызметкерлерінің бірі Криспинді өлтіре сынайтып IV сатирасы осылай басталады (бірінші бөлімі). Мағнасын ауыстырып айтқанда бұл сөздер: «тағы да бәзбаяғы сол адам» немесе «тағы да соның өзі» деген мағнаны білдіреді.—257.
- 82 *Элеаттар* — ертедегі грек философиясында біздің заманымызға дейінгі VI—V ғасырларда болған идеалистік бағыт. Бұл бағыттын аса көрнекті өкілдері Ксенофан, Парменид және Зенон болды. Былай айтқанда, элеаттар құбылыстардың қозғалысы мен алуан түрлілігінің шын ақиқат болмысы жоқ, сондықтан олар ой-пікірде ғана өмір сүреді деп дәлелдейді.—259.
- 83 *Үлкен жюри* — Англияда 1933 жылға дейін болған присяжнойлар коллегиясы, бұл коллегия істі алдын-ала қарау үшін және айыпталушыларды қылмысты іс қарайтын сотқа тапсыру жөніндегі мәселені шешу үшін шериф графстволардағы «ізгі ниетті адал адамдардың» ішінен іріктеп алған 12—23 адам құрамында құрылатын болған.—261.
- 84 Маркс бұл арада өзінің Т. Карлейльдің «Осы заманғы памфлеттер» деген кітабына жазған рецензиясын айтып отыр (қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-ші басылуы, 7-том, 269-бет).— 265.
- 85 W. Strange. «The Seven Sources of Health». London, 1864, p. 84 (У. Стрейндж. «Денсаулықтың жеті бұлағы». Лондон, 1864, 84-бет).—266.
- 86 «*Britons never, never shall be slaves!*» («жөк, британдықтар ешқашан, ешқашан да құл болмайды!»)— Англияның «Билеп төсте, Британия, теңіздерді» деген Ұлттық гимнінен келтірілген сөздер.—273.
- 87 *Эксетер-холл* — Лондонда түрлі діни және филантроп қоғамдарының жиыны болатын үй.—274.
- 88 4-ші ескертуді қараңыз.—276.
- 89 *Après moi le déluge!* (Менен кейін мейлі топан суы қаптасын!) — Францияның королі — Людовик XV өз маңайында жүрген жақын адамдардың: король өткізіп жүрген және сол рұқсат етіп жүрген ағыл-тегіл той-думандар мен сауық-сайрандар елдің мемлекеттік борышының қатты өсіп кету қаупін туғызатын түрі бар деген ескертуіне осылай деп жауап беріпті-міс.—288.
- 90 «*Анасының тұңғышы болу құқысын бір аяқ жасымық көжеге сату*» — осы бейнелі сөзге айналып кеткен бұл сөздер бір таураттан алынып тұрмысқа енген. Ашыққан Исав өзінің ана тұңғышы болу құқысын дәл осындай ақыға бола інісі Иаковке сатыпты-мыс.—280.
- 91 *Қырғын оба ауруы* — Батыс Европада 1347—1350 жылдары өршіп етек алған ғаламат оба ауруының эпидемиясы. Қолда бар деректерге қарағанда, сол кезде оба ауруынан 25 миллионға жуық адам — бүкіл Батыс Европа халқының $\frac{1}{4}$ -іне жуығы қырылған.—280.
- 92 58-ші ескертуді қараңыз.—281.
- 93 «Factories Inquiry Commission. First Report of the Central Board of. His

- Majesty's Commissioners. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 28 June 1833», p. 53. («Фабрикаларды зерттеу жөніндегі комиссия. Комиссияның орталық советінің ұлы мәртебелі тақсырға берген бірінші есебі. Қауымдар палатасының 1873 жылғы 28 июньдегі жарлығы бойынша жарияланған», 53 бет).—287.
- 94 «*Periculum in mora*» («Кешейілдеудің қауіптілігі») — Рим тарихшысы Тит Ливийдің: «*Ab urbe condita*» («Римнің алғаш құрылған кезінен бергі тарихы») деген шығармасынан алынған сөздер, XXXVIII кітап, 25-ші тауару.—288.
- 95 «Report from the Committee on the «Bill to regulate the Labour of Children the Mills and Factories of the United Kingdom»: with the Minutes of Evidence. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 8 August 1832 («Құрама корольдіктің фабрикалары мен заводтарында балалардың еңбегін тәртіпке келтіру туралы Билль» жөніндегі комиссияның есебі. Жауап беру протоколдары бар. Қауымдар палатасының 1832 жылғы 8 августағы жарлығы бойынша жарияланған»).—288.
- 96 Джаггернауттың (Джаганнатхтың) — индуист құдайы Вишнудің — құрметіне жасалатын дәстүрлі мейрамдардың кезінде діни фанатизмге соншалық берілген діни адамдар Вишнудің бейнесін салып әкеле жатқан арбаның астына талай-талай түсетін болған.—299.
- 97 Чартистердің қойған талаптары жазылған Халықтық хартия айтылып отыр, бұл хартия парламентке енгізілуге арналған заң жобасы ретінде 1838 жылғы 8 майда жарияланған-ды. Хартия алты тармақтан тұрады: жалпыға бірдей сайлау правосы (21 жасқа толған еркектер үшін), парламент сайлауын жыл сайын өткізіп тұру, дауысты жасырын беру, сайлау округтерін теңестіру, парламент депутаттығына ұсынылған кандидаттар үшін мүлік цензасын жою, депутаттарға сый беру.—299.
- 98 Астық заңдарына қарсы Лиганы (9-шы ескертуді қараңыз) жақтаушылар өздерінің демагогтік насихатында жұмысшылардың құлағына: сауда бостандығы ориатылуымен байланысты сендердің нақты жалақылары артады, сөйтіп жұмысшылар бұрынғысынан екі есе үлкен бөлкеге («big loaf») ие болады,—деп кұйды. Оның бержағында үлкенді-кішілі екі бөлкенің үстіне тиісті жазу жазып, тіпті бұларды көрнекі үгіт құралы ретінде көшелерге алып шығатын болған. Бұл уәделер мен айла-шарғылардың мүлде өтірік екендігін өмір көрсетті. Астық заңдарын жоюдың нәтижесінде нығайып алған Англия өнеркәсіп капиталы жұмысшы табының тіршілік мүдделеріне шабуыл жасауын күшейте түсті.—290.
- 99 *Конвент комиссарлары* деп Конвенттің (Француз республикасының 1792—1795 жылдардағы Ұлттық жиналысы) департамент пен әскери құрамалардағы, ерекше өкілдік берілген өкілдері XVIII ғасырдың аяқ кезінде болған француз буржуазиялық революциясы дәуірінде осылай деп аталған.—294.
- 100 *Күдіктілер жөніндегі заң* (loi des suspects)—Францияда Заң шығарушы корпус 1858 жылғы 19 февральда қабылдаған және Екінші империяның орнатқан тәртібіне дұшпандық көзқараста болып жүр деп күдікке алынған адамдардың бәрін Франция мен Алжирдің түрлі түңкірлеріне жер аудару немесе тегі француз жерінен қуып жіберу жөнінде император мен оның үкіметіне шексіз зор право берген Заң.—294.
- 101 18 ші ескертуді қараңыз.—294.

- 102 В. Шекспир. «Венециялық купец», IV акт, бірінші көрініс.—296.
- 103 В. Шекспир. «Венециялық купец», IV акт, бірінші көрініс.—296.
- 104 *10 кесте заңы* — Рим құл иеленушілік мемлекетінің ең көне заманғы заңдар ескерткіші «12 кесте заңының» бастапқы варианты. Жеке меншікті қорғауға тиіс болған бұл заң дәулетсіз борышқорды бостандығынан айыруды, оны құлдыққа сатуды немесе оның денесін бөлшектеп кескілеп тастауды көздеген.—296.
- 105 Француз тарихшысы Ленге бұл болжамды өзінің «*Théorie des loix civiles, ou Principes fondamentaux de la société*». Tome II, Londres, 1767, livre V, chapitre XX («Азаматтық заңдар теориясы, немесе Қоғамның негізгі бастамалары»). II том, Лондон, 1767, V кітап, XX тарау) деген еңбегінде айтқан.—296.
- 106 Неміс философы Даумер өзінің «*Die Geheimnisse des christlichen Alterthums*» («Ерте заманғы христиан дінінің сыры») деген еңбегінде алғашқы кездегі христиандар діни құпия жаны кезінде адам етін жеген деп дәлелдейді.—296.
- 107 Француздың ұлы утопист социалисі Фурье болашақ қоғамның бейнесін суреттеп көрсеткен, ол қоғамда адам бір жұмыс күні ішінде еңбектің бірнеше түрімен шұғылданатын болады, яғни жұмыс күні әрқайсысының ұзақтығы бір жарым — екі сағаттан аспайтын бірнеше қысқа еңбек сеанстарынан («*courtes séances*») тұратын болады. Фурьенің ойынша, осының нәтижесінде еңбек өнімділігінің артатындығы соншалық, тіпті ең кедей деген еңбеккер өзінің қажеттерінің бәрін бұрынғы кездегі капиталистің қай-қайсысынан гөрі де толығырақ қанағаттандыра алатын болады.—299.
- 108 Әңгіме 1866 жылғы 20 августан 25 августқа дейін Балтиморде болған Америкн жұмысшы съезі туралы болып отыр. Съезде тред-юниондарға біріккен 60 мыңнан астам жұмысшылардың атынан 60 делегат қатынасты. Съезд заң жүзінде сегіз сағаттық жұмыс күнін орнату туралы, жұмысшылардың саяси қызметі туралы, кооперативтік серіктік туралы, барлық жұмысшыларды тред-юниондарға біріктіру туралы және басқа мәселелерді талқылады. Сонымен қатар съезде жұмысшы табының саяси ұйымы — Ұлттық жұмысшы одағын құру туралы шешім қабылданды.—309.
- 109 Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Женеза конгресінің бұл арада қытаңқа келтіріліп отырған қарары Маркс жазған «Жеке мәселелер жөнінде Уақытша Орталық Советтің делегаттарына арналған нұсқаудың» негізінде жасалған (қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-ші басылуы, 16-том, 194—203-беттер*). Қарардың жоғарыда айтылып отырған жерінде осы «Нұсқаудың» тексті сөзсіз сөз келтіріліп отыр.—310.
- 110 «*Өз азабының әбжылаңы*» — Гейненің «Генрих» («Қазіргі кездегі өлеңдер» циклінен) деген өлеңінен өзгертіліп алынған сөздер.—310.
- 111 *Magna Charta* — Magna Charta Libertatum (Еркіндіктің ұлы хартиясы) — 1215 жылы ағылшын королі Иоанн Безземельный қол қойған грамота тарихқа осындан атпен енген. Корольге бұл «ұлы хартияны» рыцарьлар мен қала адамдарының қолдауымен пайдаланған, көтеріліс жасаушы ірі феодалдар тапсырған. Хартия корольдің өкімет билігіне белгілі бір шек қоюды көзделді, бірсыпыра феодалдық еркіндікті сақтап, рыцарь-

- лар мен калаларға кейбір жеңілдіктер беруді көздеді. Маркс бұл арада жұмыс күніне шек қою жөнінде Англияның жұмысшы табы капиталға қарсы ұзақ та табанды күрес жүргізу нәтижесінде жеңіп алған заңдарды айтып отыр.—311.
- 112 *Quantum mutatus ab illo!* (Бұрынғысына қарағанда қандайлық өзгеріс болған десеңізші!)—Вергилийдің «Энеида» деген поэмасындағы сөздер, екінші кітап, 274-ші өлең.—311.
- 113 «Соңымен ештеңе де үйреніп шықпады» деген жұрт арасына кең таралған сөздер француз адмиралы де Панның бір хатында жазылған. Кейде бұл сөздерді Талейрандыкі дейді. Бұл сөздер XVIII ғасырдың аяқ кезінде болған француз буржуазиялық революциясынан ешқандай сабақ алуға жарамаған роялистердің атына айтылған.—316.
- 114 Қараңғылық деу жеткілікті дәлел еместігі туралы Спиноза «Этикада» сөз етеді (бірінші бөлім, қосымша), табиғат жөніндегі поптық-телеогиялық көзқарастың өкілдеріне қарсы шығады, бұлар «құдай еркін» барлық құбылыстардың түп себебі деп көрсеткен, бұлардың дәлелдерінің бірден-бір құралы басқа себептерді білмеушілікті негіз ету болған.—316.
- 115 Қараңыз: A. Quetelet. «Sur l'homme et le développement de ses facultés, ou Essai de physique sociale». Tomes I—II, Paris, 1835 (А. Кетле. «Адам туралы және оның қабілеттерінің дамуы туралы, немесе Әлеуметтік физика тәжрибесі». I—II томдар, Париж, 1835).—333.
- 116 W. Roschet. «System der Volkswirtschaft». Band I: «Die Grundlagen der Nationalökonomie». Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage. Stuttgart und Augsburg, 1858, S. 88—89 (В. Рошер. «Халық шаруашылығының системасы». I том: «Саяси экономия негіздері». Толықтырылып, түзетіліп, үшінші басылуы. Штутгарт пен Аугсбург, 1858, 88—89-беттер).—334.
- 117 Рочдейл қаласы (Манчестер өнеркәсіп округі) жұмысшыларының утопист социалистердің идеясына толық бастамасы айтылып отыр, бұлар Әділетті пионерлердің қоғамы деген атпен 1844 жылы тұтынушылардың кооперативтік қоғамын ұйымдастырған-ды, бұл қоғам Англиядағы және басқа да елдердегі кооперативтік жұмысшы қозғалысының ұрығы болды.—342.
- 118 49-шы ескертуді қараңыз.—354.
- 119 *Bellum omnium contra omnes* (барша жұрттың барша жұртқа қарсы соғысы)—ағылшын философы Томас Гоббстың «Левинафан» деген еңбегінен алынған сөздер.—368.
- 120 Ескі аңызға қарағанда, Рим патрицийі Менений Агриппа біздің заманымызға дейінгі 494 жылы көтеріліс жасаған плебейлерге адам денесінің асқазанға қарсы наразылық туғызған мүшелері туралы ертск-мысал айтып, плебейлерді тыныштандырған. Менений Агриппа өз тұсындағы қоғамды тірі организмге теңеп, плебейлер осы организмнің асқазаны — патрицийлерге нәр беріп тұрған қолдары деп түсіндірген. Ал қолды асқазаннан бөліп тастаса, тірі организм сөзсіз өледі, олай болса, нақ осы тәрізді, плебейлердің өз міндеттерін атқарудан бастартуы да Ертедегі Рим мемлекетінің құрып кетуімен бірдей болған болар еді деген.—372.
- 121 *Искусство мен қолөнер қоғамы* (Society of Arts)—1754 ж. Лондонда құрылған буржуазиялық-ағартушылық және филантропиялық қоғам.

- Қоғам «Искусствоны, колөнер мен сауданы көтермелеп отыруды» және «кедейлерге жұмыс тауып беруге, сауданы ұлғайтуға, елді байытуға», т. т. жәрдем-етегіндердің бәрін көтермелеп отыруды өз мақсаты етіп кеңінен жариялады. Қоғам жұмысшылар мен кәсіп иелерінің арасында дөпкер болу ролін атқармақ болды. Маркс бұл қоғамды «искусство мен желбуаздық қоғамы» деп атады.—375.
- 122 Hegel. «Grundlinien der Philosophie des Rechts». Werke. Zweite Auflage, Bd. VII. Berlin 1840 S. 247 (Гегель, «Право философиясының негіздері». Шығармалар. Екінші басылуы, VIII том. Берлин, 1840, 247 бет).—375.
- 123 49-шы ескертуді қараңыз.—376.
- 124 Бұл арада Марксте ағаттық кеткен. Шындығында «Concerning Happiness, A Dialogue» («Бақыт туралы диалог») деген шығарманың авторы «Diaries and Correspondence» («Күнделіктер мен жазысқан хаттар») деген кітап жариялаған дипломат Жемс Харрис емес, оның әкесі Жемс Харрис.—377.
- 125 Маркс Архилохтың бұл сөздерін Секст Эмпириктің: «Adversus mathematicos», liber XI, 44 («Математиктерге қарсы», XI кітап, 44) деген шығармасы бойынша келтіріп отыр.—377.
- 126 30 тиранды құлату заманы — Ертедегі Афиныда отыз олигархтың терроршы төртбінін орнына құл иеленушілік демократияны қалпына келтірудің біздің заманымызға дейінгі V ғасырдың сң аяқ кезіне жататын дәуірі. Бұл дәуір Афиныда сауда және өсімқор капиталы өркендеген дәуір болды.—377.
- 127 Платон республикасы — құл иеленушілік мемлекеттің ертедегі грек философы Платоның шығармаларында бейнеленген тамаша түрі, мұның негізгі принципі азат азаматтардың топ-тобы арасында қатаң еңбек бөлінісі болуға тиіс деген принцип. Мәселен, философтар басқару міндетін атқаруға тиіс болды, жауынгерлер соғысқа қатынасып, азаматтардың өмірі мен дүние мүлкін қорғауға, жер иелері, қол өнершілер мен купецтер халыққа тіршілік заттарын өндіріп, жеткізіп беруге тиіс болды.—378.
- 128 Э. Юрдің еңбегінің 21-ші беті цитатқа келтіріліп отыр (76-шы ескертуді қараңыз).—379.
- 129 Қалориялық машина — кәдімгі ауаны қыздыру және суыту арқылы оның көлемін ұлғайту және азайту принципі жүргізу негізіне алынған машина. Бу машинасына қарағанда орасан үлкен болған және пайдалы қимылының коэффициенті өте төмен болған. Қалориялық машина ХХ ғасырдың бас кезінде ойлап шығарылған, алайда сол ғасырдың аяқ кезінде-ақ практикалық маңызын түгелдей жойған.—383.
- 130 Джени — 1764—1767 жылдары Жемс Харгривс ойлап шығарған және соның қызынын құрметіне осылай деп аталған тоқу машинасы.—384.
- 131 Библия. Моисейдің бесінші кітабы. 25-тарау.—384.
- 132 Baynes. «The Cotton Trade. Two Lectures on the above Subject, Delivered before the Members of the Blackburn Literary, Scientific and Mechanics' Institution». Blackburn — London, 1857, p. 48 (Бейнс. «Мақтамен сауда жасау. Осы мәселе жөнінде әдебиет, ғылым мен механика жөніндегі Блэберн қоғамының мүшелеріне оқылған екі лекция». Блэкберн — Лондон, 1857, 48-бет).—399.
- 51 К. Маркс «Қапитал» 1-том

- 133 *Құпия совет* — Англия королі жанындағы арнаулы орган, ол министрлер мен басқа да қызмет адамдарынан, сондай-ақ дін иелерінің жоғары дәрежелі өкілдерінен құрылған. Алғаш рет XIII ғасырда ұйымдастырылған. Ұзақ уақыттар бойы корольдің атынан және парламенттен тыс заң шығару правосына ие болып келген. XVIII және XIX ғасырларда Құпия советтің ролі күрт төмендейді. Қазіргі кездегі Англияның басқару ісіне Құпия совет іс жүзінде тегі қатынаспайды.—409.
- 134 Шиллер. «Қоңырау туралы өлең».—417.
- 135 Осы басылуында бұл өлеңдер «Грек эпиграммалары» деген кітап бойынша грекшеден аударылып келтіріліп отыр. М.—Л., 1935.—418.
- 136 Э. Юрдің еңбегінің 22-беті цитатқа келтіріліп отыр (76-шы ескертуді қараңыз).—431.
- 137 Осы томды қараңыз, 288-ші және одан кейінгі беттері.—432.
- 138 Осы томды қараңыз, 298-ші бет, 157-ші ескерту.—485.
- 139 «La fausse industrie morcelée, répugnante, mensongère, et l'antidote, l'industrie naturelle, combinée, attrayante, véridique, donnant quadruple produit». Paris, 1835, p. 59 («Бытыранды, жұртты өзінен бездіретін, өтірік, жалған шаруашылық қызмет пен мұның қарама-қарсы әрекеті: құрамдастырылған, жұртты өзіне тартушы, төрт есе көп өнім беретін шынайы, табиғи шаруашылық қызмет». Париж, 1835, 59-бет) деген кітабында Фурье фабриканы «жеңілдетілген каторға» («les hagnes mitigés») деп атайды.—437.
- 140 Маркс «J. Beckmann. «Beiträge zur Geschichte der Erfindungen». Band I, Leipzig, 1786, S. 125—126» (И. Бекман. «Өнертабу тарихына». I том, Лейпциг, 1786, 125—126-беттер) деген кітап бойынша С. Ленчеллоттидің: «L'Hoggidi overo Glingegni non inferiori a'passati» («Қазіргі заман, немерсе өткен замандардағы ақыл-ойлардан кем түспейтін ақыл-ойлар») деген еңбегін цитатқа келтіріп отыр.—438.
- 141 Кесте парламенттік үш документтің мәліметтері негізінде жасалған; «Factories» («Фабрикалар») деген жалпы атпен жасалған бұл документтер: «Return to an Address of Honourable the House of Commons, dated 15 April 1856» («Жоғары мәртебелі қауымдар палатасының 1856 жылғы 15 апрельдегі сұратпасы бойынша тапсырылған есеп»); «Return to an Address of the Honourable the House of Commons, dated 24 April 1861» («Жоғары мәртебелі қауымдар палатасының 1861 жылғы 24 апрельдегі сұратпасы бойынша тапсырылған есеп»); «Return to an Address of the Honourable the House of Commons, dated 5 December 1867» («Жоғары мәртебелі қауымдар палатасының 1867 жылғы 5 декабрьдегі сұратпасы бойынша тапсырылған есеп»).—444.
- 142 «Tenth Report of the Commissioners appointed to inquire into the Organization and Rules of Trades Unions and other Associations: together with Minutes of Evidence». London, 1868, p. 63, 64 («Тред-юниондар мен басқа да ассоциациялардың ұйымдары мен уставтарын зерттеп білу жөніндегі комиссияның куәлардың жауаптарының протоколдары бар оныншы есебі». Лондон, 1868, 63, 64-беттер).—446.

- 143 «*Nominibus millire licet mala*» («Жамандықты сөзбен боямалау керек») — Овидийдің «Махаббат ғылымы» деген шығармасынан алынған сөздер, екінші кітап, 657-ші өлең.—448.
- 144 Бұл деректерді Маркс мынадай парламенттік документтен алған: «*Corn, Grain and Meal. Return to an Order of the Honourable the House of Commons, dated 18 February 1867*» («Астық, дән және ұн. Есеп жоғары мәртебелі қауымдар палатасының 1867 жылғы 18 февральдағы жарлығы бойынша жасалған») —462.
- 145 *Коалицияларға қарсы заңдар* — Англия парламенті 1799 және 1800 жылдары қабылдаған заңдар, бұл заңдар бойынша қандай да болсын жұмысшы ұйымдарын құруға және олардың жұмыс істеуіне тиым салынған. Парламент бұл заңдарды 1824 ж. жойған, ал келесі жылы бұл заңдардың жойылғандығы тағы да нығайтылды. Алайда осыдан кейін де өкімет орындары жұмысшы одақтарының қызметіне барынша шек қойып отырды. Атап айтқанда, жұмысшылардың одаққа кіруі және стачкаларға қатынасуы жөнінде жәй ғана үгіт жүргізу — «күштеу» мен «зорлау» деп қаралып, қылмысты іс ретінде жазаланды.—465.
- 146 98-ші ескертуді қараңыз.—466.
- 147 Маркс бұл арада Ост-Инд компаниясының Қытаймен сауда жасау жөніндегі монополиясы жойылғаннан кейін (1833 ж.) ағылшын жеке меншік саудагерлерінің Қытай рыногіне ентелей жедел енуін айтып отыр. Әсіресе апиынмен жасырын сауда жасау кең өріс алады, бұл сауданы Қытайдың заңдары мен мемлекеттік мүдделерін әдейі аяққа басып, қытайлардың жаппай уланып, денсаулықтарының бұзылуына себепші болған Англия үкіметі барынша қолдап отырды. Осы наркотикті Қытай елінің жеріне жасырын түрде әкелуге қарсы Қытай өкімет орындарының батыл әрекеттер жасауына жауап ретінде ағылшындар бірінші «апиын» соғысын ашты (1839—1842), бұл соғыс Қытай үшін тең емес тонаушылық договор жасаумен аяқталды.—469.
- 148 129-шы ескертуді қараңыз.—470.
- 149 133-ші ескертуді қараңыз.—475.
- 150 49-шы ескертуді қараңыз.—482.
- 151 *Бас тіркеуші* — Англияда азаматтардың жай-күйі жағдайын тіркеп отыратын Орталық бюроны басқаратын чиновник осылай деп аталған. Өзінің әдеттегі міндеттерімен қоса бюро 10 жылда бір рет халық санағын жүргізіп отырған.—483.
- 152 Мынадай бір парламенттік документ айтылып отыр: «*Factories. Return to an Address of the Honourable the House of Commons, dated 24 April 1861*», р. 9 («Фабрикалар. Жоғарғы мәртебелі қауымдар палатасының 1861 жылғы 24 апрельдегі сұратпасы бойынша тапсырылған есеп», 9-бет).—485.
- 153 В. Шекспир. «Венециялық купец», IV акт, бірінші көрініс.—498.
- 154 «*Ne sutor ultra crepidam!*» («Етікші, өз қалыбыңды біл!») — ертедегі гректердің аса көрнекті суретшісі Аппеллес өзінің картинасын бір етікшінің сынағанына жауап ретінде айтқан; бұл етікші живописьтен мүлдем

- хабары жоқ адам болған, сондықтан аяқ киімнің суретіндегі кейбір кемшіліктерді ғана байқай алған.— 499.
- 155 5-ші ескертуді қараныз.—505.
- 156 XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі неміс ақыны Фридрих Леопольд Штольбергтің «Табиғатқа» («An die Natur») деген өлеңінен өзгертіліп алынған сөздер.—522.
- 157 P. J. Proudhon. «Système des contradictions économiques, ou Philosophie de la misère». т. I, Paris, 1846, p. 73 (П. Ж. Прудон. «Экономикалық қайшылықтар системасы, немесе Қайыршылық философиясы». I том, Париж, 1846, 73 бет).—523.
- 158 Әңгіме Америка Құрама Штаттарының Оңтүстігіндегі құлиеленуші он-бір штаттың құл иеленушілердің бүлігі нәтижесінде құрылып 1861—1865 жылдары өмір сүрген Одағы туралы болып отыр. Сепараттық мемлекетті жариялай отырып, бүлікшілер құлдықты сақтап, оны Америка Құрама Штаттарының бүкіл территориясына жаюды мақсат етіп қойды. Бұл одақ Азамат соғысында құл иеленушілердің жеңілуі нәтижесінде 1865 жылы жойылды.—548.
- 159 «Essai sur la nature du commerce en général» («Жалпы алғанда сауда тегі туралы тәжірибе») деген кітаптың авторы Ричард Кантильон. Ағылшынша шығару үшін бұл еңбекті Ричард Кантильонның туысқаны Филип Кантильон қайтадан өндеген.—565.
- 160 Маркс бұл арада Шиллердің «Жауыздық пен махаббат» атты трагедиясындағы гофмаршал Кальбтың қылығына тұспалдап отыр. Үшінші пердеде (екінші көрініс) Кальб неміс герцогінің сарайында президент шығарған дау-жанжалға қатысудан ә дегенде бастартады. Сонда президент тұрып отставкаға кетемін деп қорқытады, егер ол отставкаға кетсе Кальб та отставкаға кетуге тиіс болады. Осыдан шынымен қорыққан Кальб: «Ал мен қайтемін?.. Сіздің ештененіз кетпейді! Сіз оқыған адамсыз! Ал мен ше... топ Dieu! Егер жоғары мәртебелі тақсыр мені отставкаға жіберсе, онда менің күнім не болады?» — деп үрейленген.—587.
- 161 Әңгіме Неміс жұмысшы қоғамы туралы болып отыр, Бельгияда тұратын неміс жұмысшыларына саяси білім беру және олардың арасында ғылыми коммунизмнің идеяларын насихаттау мақсатымен бұл қоғамды 1847 жылғы августтың аяқ кезінде Брюссельде Маркс пен Энгельс құрған болатын. Маркс пен Энгельстің және олардың серіктерінің басшылығымен бұл қоғам Бельгиядағы революцияшыл пролетарлық күштерді біріктірудің жария орталығына айналды. Қоғамның таңдаулы элементтері Коммунистер одағының Брюссельдегі қауымына кірді. 1848 ж. Францияда февральда болған буржуазиялық революциядан кейін көп кешікпей-ақ, Қоғам мүшелерін Бельгия полициясы тұтқынға алып, жер аударуымен байлапты Брюссельдегі Неміс жұмысшылары қоғамының жұмысы тоқтатылды.—590.
- 162 Simonde de Sismondi. «Nouveaux principes d'économie politique, ou De la richesse dans ses rapports avec la population». Tome I, Paris, 1819, p. 119 (Симонд де Сисмонди. «Саяси экономияның жаңа негіздері, немесе Халық өсуіне қатынасы жөнінде алғандағы байлық туралы». I том, Париж, 1819, 119-бет).—592.
- 163 Инжіл (Матфейден шыққан Евангелие, 1-тарау) еврейлердің ата тегі

- Авраамның ұрпақтары бірте-бірте қалай көбейіп өскендігі және осының нәтижесінде одан бүкіл еврей халқының қалай өсіп тарағандығы туралы баяндайды.—596.
- 164 Hegel. «Grundlinien der Philosophie des Rechts». Werke. Zweite Auflage, Bd. VII, Berlin, 1840, S. 259.—601.
- 165 Мына еңбек айтылып отыр: J. St. Mill. «A System of Logic, ratiocinative and inductive, being a connected View of the Principles of Evidence, and the Methods of Scientific Investigation». In two volumes (Дж. Ст. Милль. «Силлогиялық және индукциялық логика системасы, ғылыми зерттеу методтарына байланысты дәлелдемелер принциптерін баяндау». Екі том). Бірінші басылуы Лондонда 1843 ж. шыққан. Маркс былай деп атап көрсетеді: «логика системасын» баяндаудан дәмелі болған Дж. Ст. Милль экономист ретінде үстірт болды және логикалық талдаудың қарапайым талаптарын да сақтап отырмады.—601.
- 166 «Экономикалық кесте» — жиынтық қоғамдық капиталдың ұдайы өндірілуі мен айналысының физикрат Кенэ экономикалық ғылымда тұнғыш рет жасап шығарған схемасы. Бұл схема туралы Маркстің «Қосымша кұн теорияларында» (I бөлім, 6-шы тарау), Энгельстің «Анти-Дюринг» деген кітабының екінші бөлімінің Маркс жазған оныншы тарауында, сондай-ақ «Капиталдың» екінші томында (он тоғызыншы тарау) неғұрлым толық айтылады.—602.
- 167 Бұл арада цитатка келтіріліп отырған «ешқандай датасы жоқ» деген сөздерді Лихновский Франкфурт Ұлттық жиналысында 1848 жылғы 25 апрельде Польшаның дербес өмір сүруі жөніндегі тарихи правосына қарсы сөйлеген сөзінде бір неше рет қолданған. Лихновский «keinen Datum hat» деудің орнына «keinen Datum nicht hat» деген, яғни неміс тілінің грамматикалық ережелеріне қарамастан екі болымсыз етістікті қатар қолданған. Сондықтан жиналысқа қатынасушылар оның сөзіне күліп отырған. Лихновскийдің бұл сөзі туралы К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармалары 2-ші басылуының 5-ші томының 375-бетінде неғұрлым толық айтылған.—603.
- 168 Шиллер. «Кепілдік» балладасы.—604.
- 169 Гётенің «Фауст» атты трагедиясынан Фаустың өзгертіліп алынған сөздері, I бөлім, екінші көрініс («Қала шеңберінен тыс»).—604.
- 170 Ертедегі христиан аңызына қарағанда, Көне өсиеттің негізі болып табылатын Інжіл кітаптарын Моисей мен басқа да әулиелер жазған көрінеді. «Мұнда Моисей мен әулиелер бар» деген сөйлемшені Маркс бұл арада — басты мәселе осында, бірінші өсиет осындай, т. т. деген мағнада қолданып отыр.—606.
- 171 J. B. Say. «Traité d'économie politique». Cinqüième édition, Tome premier, Paris, 1826, p. 130—131 (Ж. Б. Сэй. «Саяси экономика жөніндегі трактат». Бесінші басылуы. Бірінші том, Париж, 1826, 130—131-беттер).—606.
- 172 *Determinatio est negatio* — анықтама дегеніміз бекерге шығару. Маркс Спинозаның осы қағидасын Гегельдің жұртқа кеңінен әйгілі болған пайымдауында келтіріп отыр. Спиноза бұл сөздерді — «шек қою дегеніміз бекерге шығару» (қараңыз: Б. Спиноза. «Хаттар», № 50 хат) деген мағнада қолданады.—608.

- 173 Бұл арада А. Поттердің «Political Economy: its Objects, Uses, and Principles: considered with Reference to the Condition of the American People». New-York, 1844 («Саяси экономия: оның предметі, міндеті және оның америка халқының тіршілік жағдайларына сәйкес қаралған негіздері». Нью-Йорк, 1841) деген кітабынан цитат келтіріліп отыр. Кіріспесінен көрініп отырғанындай, бұл кітаптың көпшілік бөлегі негізінен алғанда Дж. Скруптың 1833 жылы Англияда жарияланған «The Principles of Political Economy» («Саяси экономияның негіздері») деген кітабының бастапқы он тарауының көшіріліп (А. Поттер енгізген өзгерістерімен) басылған түрі болып табылады.—608.
- 174 «Nulla des sine linea» («бір сызық жасамаған бір күнім жоқ») деген сөздерді ертедегі гректердің аса көрнекті суретшісі Апеллес айтқан деседі, ол өзі жасап жүрген живопись шығармалары жөнінде күн сайын ең болмағанда аздап болса да жұмыс істеуді әдетке айналдырған.—621.
- 175 Linguet. «Théorie des loix civiles, ou Principes fondamentaux de la société». Tome I, Londres, 1767, p. 236.—626.
- 176 *Peculium* (пекулий)—Ертедегі Римде семья басы азат адамның немесе құлдың шаруашылық құруы немесе соның басқаруы үшін беретін бір бөлек мүлік. Пекулийге не болу құлдың өз қожайынына іс жүзінде тәуелді болуын жойған жоқ және пекулийдің заң жүзіндегі меншікшісі сол қожайынның өзі болып қала берді. Мысалы, пекулийдің иесі құлға үшінші бір адамдармен ісмерлік келісім жасауға, алайда өз басын құлдықтан толық сатып алуға жетерліктей ақша алуға мүмкіндік бермейтін көлемде ғана осындай келісім жасауға рұқсат етілді. Пекулийді айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік беретін айырықша тиімді келісімдер мен басқа да шараларды жүзеге асыру ісін әдетте семья басы өз мойнына алып отырды.—628.
- 177 А. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I, Edinburgh, 1814, p. 142 (А. Смит. «Халықтар байлығының тегі мен байлық себептерін зерттеу». I том, Эдинбург, 1814, 412-бет).—632.
- 178 1849 және 1859 жылдардың арасында Англия бірнеше соғыстарға: Қырым соғысына (1853—1856), Қытайға қарсы соғысқа (1856—1858 және 1859—1860), Иранға қарсы соғысқа (1856—1857) қатынасты. Англия Үндістанды жаулап алуды аяқтады, ал 1857—1859 жылдары ағылшын әскерлері Үндістандағы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншуға жіберілді.—649.
- 179 96-шы ескертуді қараңыз.—657.
- 180 J. Steuart. «An Inquiry into the Principles of Political Oeconomy». Vol. I, Dublin, 1770, p. 39, 40 (Дж. Стюарт. «Саяси экономияның негіздері туралы зерттеу». I том, Дублин, 1770, 39, 40-беттер).—659.
- 181 151-ші ескертуді қараңыз.—663.
- 182 Н. Буало. VIII сатира.—664.
- 183 Ф. Энгельстің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегі айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар. 2-ші басылуы.—665).

- 184 A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I, Edinburgh, 1814, p. 6.—666.
- 185 133-ші ескертуді қараңыз.—666.
- 186 «*Low Church*» («төменгі шіркеу») — Англия шіркеуінің көбінесе буржуазия мен төменгі дін иелерінің арасында таралған бағыты. Бұл бағытты жақтаушылар буржуазиялық-христиандық моральды уағыздаумен және әманда скіжүзділік сипатта болған филантроптық қызметпен шұғылданған. Осындай қызметтің арқасында граф Шефтсбери (лорд Эшли де осы) «төмен дәрежелі шіркеу» топтарының арасында сдәуір ықпалы болды, сондықтан Маркс оны сықақ етіп осы шіркеудің «папасы» деп атап отыр.—688.
- 187 151-ші ескертуді қараңыз.—688.
- 188 Гораций. «Поэзия ғылымы», 173-ші өлең.—689.
- 189 Бұл сөздер Фурьенің «*Le nouveau monde industriel et sociétaire*» («Шаруашылық және әлеуметтік жаңа дүние») деген шығармасында қолданылған, бесінші бөлім, XXXVI тарауға қосымша; алтыншы бөлім, жалпылама қортындылар.—706.
- 190 91-ші ескертуді қараңыз.—713.
- 191 *Эрин* — Ирландияның ерте замандағы аты.—719.
- 192 Гётенің «*Фауст*» атты трагедиясынан Мефистофельдің өзгертіліп алынған сөздері («Аспан әлеміндегі пролог»).—720.
- 193 *Фенилер* — ұсақбуржуазияшыл ирланд революционерлері. Алғашқы фенилік ұйымдар 1857 жылы Ирландия мен Америка Құрама Штаттарында пайда болды, мұнда олар Ирланд тегінен шыққан эмигранттарды біріктірді. Фенилердің программасы мен іс әрекеті Ирландия халық бұқарасының ағылшын отаршыларының езгісіне қарсы наразылығын білдірді. Фенилер өз елі үшін ұлттық тәуелсіздік болуын, демократиялық республика орнатуды, арендатор-шаруаларды олардың өздері өңдеп отырған жерлерді меншіктенушілерге айналдыруды талап етті. Олар өздерінің саяси программасын қарулы көтеріліс жасау арқылы жүзеге асырмақ болды. Алайда олардың заговоршылдық әрекеттері сәтсіз болды. 60-шы жылдардың аяқ кезінде фенилер жаппай жазаланды. 70-ші жылдары фенилер қозғалысы құлдырауға түсті.—723.
- 194 «*Acerba fata Romanos agunt scelusque fraternalis necis*» («Қатаң тағдыр мен бірін-бірі жауыздықпен өлтірушілік римдіктердің қыр соңынан қалмайды») — Гораций. Зонд 7.—723.
- 195 Дүниежүзілік рынокте болған революция деп бұл арада Генуяның, Венецияның және Солтүстік Италияның басқа да қалаларының транзиттік саудадағы ролінің XV ғасырдың аяқ кезінде күрт құлдырап кетуі айтылып отыр; бұл құлдырау сол кезде географияда болған ұлы жаңалықтардың: Кубаның, Гантидің және Багама аралдарының, Солтүстік Америка материгінің, Африканың оңтүстік мүйісін айналып Үндістанға баратын теңіз жолының және, ақырында, Оңтүстік Америка материгінің ашылуы нәтижесінде болғанды.—727.
- 196 J. Steuart. «An Inquiry into the Principles of Political Oeconomy». Vol. I, Dublin, 1770, p. 52.—728.

- 197 «*Pauper ubique jacet*» («Қайда барсаң да кедей сорлылар бишаралық халдас») — Овидийдің «Фасттар» деген шығармасынан алынған сөздер, бірінші кітап, 218-ші өлең.—732.
- 198 Сірә, қашқын шаруаларды іздеп табу жөніндегі указ айтылып отырса керек, бұл указ Федор Иванович патшалық етіп тұрған кезде, Россияның іс жүзіндегі билеп-төстеушісі Борис Годунов болған кезде 1597 ж. шығарылған. Бұл указ бойынша, помещиктердің адам төзгісіз езгісі мен кіріптарлығына шыдамай қашып кеткен шаруалар бес жыл ішінде іздеп табылып, өздерінің бұрынғы қожайындарына еріксіз қайтарылатын болған.—733.
- 199 1688 жылы болған мемлекеттік төңкеріс Англияның буржуазиялық тарихнамасында «даңқты революция» деген ат алған; бұл төңкерістің нәтижесінде Англияда егіншілік аристократиясы мен ірі буржуазияның арасындағы компромиске негізделген конституциялық монархия орнатылған-ды.—733.
- 200 1796 ж. Лондонда шыққан мына памфлет айтылып отыр: *A Letter from the Right Honourable Edmund Burke to a Noble Lord, on the Attacks made upon him and his Pension, in the House of Lords, by the Duke of Bedford, and the Earl of Lauderdale, Early in the present Sessions of Parliament* («Аса құрметті Эдмунд Бёрктің өз атына және оның пенсиясы жөнінде парламенттің биылғы жылғы сессиясының бас кезінде лордтар палатасында герцог Бедфорд пен граф Додердельдің таққан кінәлары жөнінде мейірбанды лордка жазған хаты»).—734.
- 201 *Лициний заңы* — біздің заманымызға дейінгі 367 жылы Ертедегі Римде қабылданған заң. Бұл заңда қоғамдық жерлерді жеке адамның пайдалануына беру правосына белгілібір шек қою және борыштарды шінара жою ісі қаралған. Ірі жер иелігіне және патрициан шонжарларының артықшылықтарына қарсы бағытталған бұл заң плебстің экономикалық және саяси позицияларының біраз күшейгендігін көрсетті. Рим дәстүрі бойынша заңның авторлығы халық трибундары Лициний мен Секстийге беріледі.—737.
- 202 Стюарттардың корольдік династиясын жақтаушылардың 1745—1746 жылдары жасаған көтерілісі айтылып отыр, бұлар ағылшын тағына «жас талапкер» деп аталатын Чарльз Эдвардты отырғызуды талап еткен. Мұнымен бірге көтеріліс Шотландия мен Англияның халық бұқарасының өздерін лендлордтардың қанауына және өздерінің жаппай жерсіз қалуына қарсы жасаған наразылығын білдірді. Англияның тұрақты әскерлері көтерілісті басып-жапышқаннан кейін-ақ таулы Шотландиядағы кландық система мықтап ыдырай бастады, сөйтіп шаруаларды жерден қуып шығу онан сайын өршіген сипат алды.—739.
- 203 Маркстің өзінің «Сайлау.— Финанс қиыншылықтары.— Герцогиня Сатерленд және құлдық» (осы басылуын қараныз, 8-том, 521—528-беттер) деген мақаладағы түсіндіруіне қарағанда, Шотландияда кландық система үстемдік етіп тұрған кезде тікелей кланның көсеміне — ләрдке («үлкен адамға») бағынатын старейшиналар — *таксмендер* деп аталған. Қланның көсемі бүкіл кланның меншігі болып табылатын жерді («так») старейшиналардың қарамағына бөліп берген, ал ләрдтің өкіметін мойындаудың белгісі ретінде оған аздап алым төлеп тұрған. Өз кезегінде таксмендер жер учаскелерін өз вассалдарына бөліп беретін болған. Қландық системаның ыдырауына байланысты ләрд лендлордка, ал таксмендер

- шын мәнісінде капиталистік фермерлерге айналып кетеді. Сонымен қатар бұрынғы силық алым жер рентасына орын береді.—739.
- 204 *Гэльдер*— Солтүстік және Батыс Шотландияның таулы аудандарындағы байырғы халық, ертедегі кельттердің ұрпағы.—739.
- 205 Маркс өзінің 1853 жылғы 9 февральда «New-York Daily Tribune» газетінде жарияланған: «Сайлау.— Финанс қиыншылықтары.— Герцогиня Сатерленд және құлдық» деген мақаласын айтып отыр (қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар. 2-ші басылуы, 8-том, 521—528-беттер).—740.
- 206 121-ші ескертуді қараңыз.—742.
- 207 *Petty Sessions* (кіші сессиялар)— Англиядағы бітістіруші соттардың сессиялары; оңайлатылған сот жүйесі бойынша ұсақ істерді қарайды.—745.
- 208 A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I, Edinburgh, 1814, p. 237.—747.
- 209 175-ші ескертуді қараңыз.—747.
- 210 145-ші ескертуді қараңыз.—748.
- 211 «*Жасырын әрекеттерге*» қарсы заң Англияда тіпті өткен ғасырдың орта кезінде-ақ болған. Бұл заң «жасырын әрекеттер жасау себептерінің өзі заңды болған күнде де қандай да болсын жасырын әрекеттер жасауға» тиым салған. Осы заңның негізінде жұмысшылардың ұйымдары мен тап күресі коалицияларға қарсы заңдар (145-ші ескертуді қараңыз) қабылданғанға дейін де, бұл заңдар жойылғаннан кейін де басып-жанышталып отырды.— 750.
- 212 Әңгіме Францияда якобин диктатурасының 1793 жылғы июньнен 1794 жылғы июньге дейін болған үкіметі туралы болып отыр.—751.
- 213 A. Anderson. «An Historical and Chronological Deduction of the Origin of Commerce, from the Earliest Accounts to the present Time» (А. Андерсон. «Сауда жөніндегі ең ерте кездегі мәліметтерден бастап осы күнгі мәліметтерге дейін сауданың тарихи және хронологиялық очеркі»). Бірінші басылуы 1764 жылы Лондонда шыққан.—753.
- 214 J. Steuart. «An Inquiry into the Principles of Political Oeconomy». Vol. I, Dublin, 1770, First book, Ch. XVI.—754.
- 215 56-шы ескертуді қараңыз.—760.
- 216 G. Gülich. «Geschichtliche Darstellung des Handels, der Gewerbe und des Ackerbaus der bedeutendsten handeltreibenden Staaten unsrer Zeit». Bd. I, Jena, 1830, S. 371 (Г. Гюлих. «Біздің заманымыздағы аса маңызды сауда мемлекеттерінің саудасын, өнеркәсібі мен егіншілігін тарихи баяндап жазу». I том, Йена, 1830, 371-бет).—762.
- 217 Сірә, Маркс бұл арада Ян де Витте жазған деп жүрген «Aanwysing der heilsame politike Gronden en Maximen van de Republike van Holland en West-Friesland» («Голландия республикасы мен Батыс Фрисландияның аса маңызды саяси принциптері мен ережесірін көрсету») деген кітаптың

- ағылшынша басылуына меңзеп отырған болу керек; бұл кітап бірінші рет 1662 жылы Лейденде басылып шыққан-ды. Кәзірде айқындалып отырғанындай, Ян де Витте жазған екі тарау болмаса, бұл кітаптың авторы голланд экономисі әрі кәсіп иесі Питер фон дер Хоре (Питер де ля Кур да осы) болған.—765.
- 218 213-ші ескертуді қараңыз.—767.
- 219 *Асьенто* — договорлардың аты, бұл договорлар бойынша XVI—XVIII ғасырларда Испания өзінің американдық иеліктерінде құл негрлерді сату жөнінде шетел мемлекеттері мен жеке адамдарға ерекше право берген.—767.
- 220 *Tantae molis erat* (көп бейнетпен түсті) — Вергилийдің «Энеида» деген поэмасынан алынған сөздер, бірінші кітап, 33-ші өлең.—768.
- 221 С. Pecuеur. «Théorie nouvelle d'économie sociale et politique, ou Etudes sur l'organisation des sociétés». Paris, 1842, p. 435 (К. Пеккёр. «Әлеуметтік және саяси экономияның жаңа теориясы, немесе Қоғамдарды ұйымдастыру жөніндегі зерттеулер». Париж, 1842, 435-бет).—769.
- 222 170-ші ескертуді қараңыз.—778.
- 223 68-ші ескертуді қараңыз.—780.
- 224 1844 жылғы банк актысы айтылып отыр. Банкноттарды алтынға айыр-бастаудағы қиыншылықтарды жоймақ болып, 1844 жылы ағылшын үкіметі Р. Пильдің инициативасы бойынша Англия банкiне реформа жасау туралы заң қабылдап, ол банкті дербес екі бөлім — банк бөлімі мен эмиссия бөлімі етіп бөлді және банкноттарды алтынмен қамтамасыз етудің қатаң нормасын орнатты. Алтынмен қамтамасыз етілмейтін банкноттарды шығару 14 млн. фунт стерлинг мөлшерінде шектелді. Алайда, 1844 жылғы банк актысының болуына қарамастан, айналыста жүрген банкноттардың мөлшері іс жүзінде өтелу қорына емес, оларды айналыс сферасында керексінуге байланысты болды. Экономикалық дағдарыстар кезінде, ақшаны керексінуге ерекше қатты сезілген кезде, ағылшын үкіметі 1844 жылғы банк актысының әрекетін уақытша тоқтата тұрып, алтынмен қамтамасыз етілмеген банкноттардың мөлшерін көбейтті.—781.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

- Аддингтон* (Addington), Стивен (1729—1796)—ағылшын священнигі, бірсыпыра оқулықтардың авторы.—736.
- Александра* (1844—1925)—Дания королі Кристиан IX-ның қызы, 1863 ж. принц Уэльскийге — кейіннен Англияның королі болған Эдуард VII-ге тұрмысқа шыққан.—264.
- Андерсон* (Anderson), Адам (1692—1765 шамасы)—Шотландияның буржуазияшыл экономисі, сауда тарихы жөніндегі еңбектің авторы.—753, 767.
- Андерсон* (Anderson), Джемс (1739—1808)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі, дифференциальды рента теориясын негізгі белгілері бойынша талдап жасаған.—515, 571, 628, 736, 739, 753.
- Анна* (1665—1714)—Англияның королепасы (1702—1714).—176, 745.
- Антипатр* Фессалониктен шыққан (біздің заманымызға дейінгі I ғасыр)—ертедегі грек ақыны.—418.
- Аппиан* (I ғасырдың аяғы—II ғасырдың 70-ші жылдары)—ертедегі Римнің аса көрнекті тарихшысы.—737.
- Арбатнот* (Arbuthot), Джон—ағылшын фермері, 1773 ж. Лондонда шыққан «Азық-түлік өнімдерінің кәзіргі бағалары мен фермелердің мөлшері арасындағы тәуелділікті зерттеу» деген аноним шығарманың авторы.—318, 335—337, 733, 737.
- Ариосто* (Ariosto), Лодовико (1474—1533)—Қайта өркендеу заманындағы Италияның аса ірі ақыны, «Қаһарлы Роланд» поэмасының авторы.—44.
- Аристотель* (біздің заманымызға дейінгі 384—322)—ерте заманғы ұлы ойшыл, философияда материализм мен идеализм арасында ауытқуда болған, күл иеленушілер табының идеологі; өзінің экономикалық көзқарастары жөнінен заттай күл иеленушілік шаруашылықты қорғаған, күн формасына бірінші болып анализ жасаған.—75—76, 97, 101, 166, 178, 337, 418.
- Аркрайт* (Arkwright), Ричард (1732—1792)—ағылшын кәсіпкері; бөтен адамдардың Англияда жасаған өнертабыстары жөнінде бірсыпыра патенттерді иеленіп кеткен.—387, 392, 434, 438, 499.
- Архилох* (біздің заманымызға дейінгі VII ғасыр)—ертедегі гректің лирик ақыны.—377.
- Архимед* (біздің заманымызға дейінгі 287—212 жылдар шамасы)—ертедегі гректің ұлы математигі және механигі.—314.
- Атений* (II ғасырдың аяғы—III ға-

сырдың бас кезі)— ертедегі гректің риторы және грамматигі.— 115, 147.

Б

Баббедж (Babbage), Чарлз (1792—1871)— ағылшын математигі және механик, буржуазияшыл экономист.—358, 361, 386, 401, 415.

Базедов (Basedow). Иоганн Бернхард (1723—1790)— неміс педагогі.—499.

Байлс (Byles), Джон Барнард (1801—1884)— ағылшын юриси, Құпия советтің мүшесі, тари, зан, экономика және басқа да мәселелер жөніндегі еңбектердің авторы.—280, 747.

Баллард (Ballard), Эдуард (1820—1897)— ағылшын дәрігері, Лондондағы дәрігерлік инспектор.—480.

Бальзак (Balzac), Оноре де (1799—1850)— француздың ұлы реалист жазушысы.—600.

Банкс (Bankes), Джордж (1788—1856)— ағылшын юриси және саяси қайраткер, тари, парламент мүшесі.—688.

Барбон (Barbon), Николас (1640—1698)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі, заттың құны оның пайдалылығымен анықталады деп есептеген; ақшаның мемлекеттік теориясы деп аталатын теорияның негізін салушы.—49—52, 138, 143, 157—158, 627.

Бартон (Barton), Джон (XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың бас кезі)— ағылшын экономисі, буржуазияның классикалық саяси экономиясының өкілі.—642, 685.

Бастиа (Bastiat), Фредерик (1801—1850)— француздың тұрпайы экономисі, буржуазиялық қоғамда таптар мүдделерін үйлестіру теориясын уағыздаған.—23, 77, 97, 205, 419, 574.

Баглер (Butler), Самюэл (1612—1680)— ағылшынның сатирик ақыны, «Гудибрас» поэмасының авторы.—50.

Бабель (Bebel), Август (1840—1913)— неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-

демократиясының негізін салушылардың және оның көсемдерінің бірі, I Интернационалдың мүшесі, 1867 жылдан рейхстагтың депутаты, Маркс пен Энгельстің досы һәм шәкірті; өз қызметінің соңғы кезеңінде центристік сипатта бірсыпыра қателер жіберген.—42.

Бейкер (Baker), Роберт —50—60 жылдардағы ағылшынның фабрикалық инспекторы.—309, 410, 436, 458, 719.

Бейли (Bailey), Самюэл (1791—1870)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі философ; тұрпайы саяси экономияның позициялары тұрғысынан Рикардоның құнын еңбек теориясына қарсы шыққан; сонымен қатар Рикардоның экономикалық көзқарастарындағы кейбір қайшылықтарды дұрыс аңғарған.—66, 72, 79, 99, 543, 621.

Бейнс (Baupes), Джон — Англияның Блэкберн деген қаласының муниципалитет мүшесі; мақтамен сауда жасау туралы 1857 ж. екі лекция оқып, жариялаған.—399, 401.

Беккариа (Beccaria), Чезаре (1738—1794)— Италия юриси, публицист әрі экономист; XVIII ғасырдағы буржуазиялық Ағартудың көрнекті өкілі.—377.

Бекман (Beckmann), Иоганн (1739—1811)— немістің буржуазияшыл ғалымы, технология мен экономика жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—437—438.

Белл (Bell), Чарлз (1774—1842)— Шотландияның физиологі әрі хирургі.—288, 675.

Беллерс (Bellers), Джон (1654—1725)— ағылшын экономисі, байлықты жасауда еңбектің маңызын атап көрсеткен; әлеуметтік реформалар жөніндегі бірсыпыра утопиялық жобалардың авторы.—145, 152, 159, 336, 359, 437, 490, 499, 625.

Бентам (Bentham), Иеремия (1748—1832)— ағылшынның буржуазияшыл социологі, утилитаризмнің теоретигі.—190, 620—623.

Бёрк (Burke), Эдмунд (1729—1797)— ағылшынның публицисті әрі саяси қайраткер, экономикалық мәселелер жөніндегі бірсыпы-

- ра еңбектердің авторы; өз қызметінің бастапқы кезінде либерализмге іштарқан, кейіннен реакционер, XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі буржуазиялық француз революциясының қас дұшпандарының бірі.—218, 245, 333, 734, 768.
- Беркли** (Berkeley), Джордж (1685—1753)—ағылшынның реакцияшыл философы, субъективтік идеализмнің көрнекті өкілі, епископ, саяси экономияда — меркантилизмді сынаушы; байлықтың басты көзі еңбек деп есептеген; ақшаның номиналистік теориясының өкілі.—346, 365.
- Бидо** (Bidout), Ж. Н. (XIX ғасырдың бірінші жартысы)— француз публицисі, мемлекеттік қызметкер.—331.
- Бизе** (Biese), Франц (1803—1895)— неміс педагог, филолог әрі философ, Аристотельдің философиясы туралы еңбектің авторы.—418.
- Бичер-Стю** (Beecher-Stowe), Гарриет Элизабет (1811—1896)— белгілі американ жазушысы, Америка Құрама Штаттарындағы аболитионистік қозғалысқа белсене қатынасқан адам.—740.
- Бланки** (Blanqui), Жером Адольф, (1798—1854)— француздың буржуазияшыл экономисі, экономикалық ілімдердің тарихшысы, тұрпайы саяси экономияның өкілі.—285, 348.
- Бланки** (Blanqui), Луи Огюст (1805—1881)— француздың аса көрнекті революционері, утопиялық коммунизмнің өкілі, 1830 және 1848 жылдары болған революцияларға белсене қатынасқан адам.—285.
- Блейки** (Blakey), Роберт (1795—1878)— ағылшынның буржуазияшыл философы.—732.
- Блок** (Block), Морис (1816—1901)— француздың буржуазияшыл статистигі әрі экономисі, тұрпайы саяси экономияның өкілі.—24.
- Боксхорн** (Boxhorn), Маркус Зюэриус (1612—1653)— голланд тарихшысы әрі филолог.—438.
- Боллингброк** (Bolingbroke), Генри (1678—1751)— ағылшынның деист философы, публицист әрі саяси қайраткер, торн партиясы басшыларының бірі.—764.
- Болтон** (Boulton), Мэтью (1728—1809)— ағылшын инженері әрі өнеркәсіпші.—399.
- Брайт** (Bright), Джон (1811—1889)— ағылшын фабриканты, буржуазияшыл саяси қайраткер, фронтредерлер басшыларының және астық заңдарына қарсы Лиганың негізін салушылардың бірі; 60-шы жылдардың бас кезінен бастап либерал партияның солшыл қанатының басшысы; либералдық кабинеттерде бірқатар министрлік қызметтерде болған.—22, 365, 292, 568, 661, 689, 757.
- Брей** (Bray), Джон Фрэнсис (1809—1895)— ағылшын экономисі, социал-утопист, Р. Оуэннің жолын қуушы; «жұмысшы ақшасы» теориясын дамытқан.—84.
- Брентано** (Brentano), Луйо (1844—1931)— немістің тұрпайы буржуазияшыл экономисі, «катедер-социализмнің» басты өкілдерінің бірі.—42—46.
- Бриндли** (Brindley), Джемс (1716—1772)— ағылшын инженері әрі өнертапқыш.—360.
- Броди** (Brodie), Бенджамин (1783—1862)— белгілі ағылшын хирургі.—288.
- Броджерст** (Broadhurst), Дж.— XIX ғасырдың орта кезіндегі ағылшын экономисі, тұрпайы буржуазиялық саяси экономияның өкілі.—71.
- Брум** (Brougham), Генри Питер, барон (1778—1868)— ағылшынның юрисі әрі әдебиетші, 20—30-шы жылдары вигтер партиясының көрнекті қайраткері, лорд-канцлер (1830—1834).—768.
- Брукнер** (Bruckner), Иоаннес (1726—1804)— ағылшынның протестант священнигі, теолог.—627.
- Буагильбер** (Boisguillebert), Пьер (1646—1714)— француз экономисі, физнократтарға жол салушы, Франциядағы классикалық буржуазиялық саяси экономияның негізін салушы.—144, 154.
- Буало** (Boileau), Никола (1636—

- 1711)— француз ақыны әрі классицизмнің теоретигі.—664.
- Буало** (Voileau), Этьени (1200—1269)— Париждің корольдік превосы (дуан басы), Париждің қолөнер цехтары уставтарының жинағын — «Колөнері кітабын» құрастырушы адам.—496.
- Бьюкенен** (Buchanan), Давид (1779—1848)— ағылшын публицисі әрі буржуазияшыл экономист, А. Смиттің жолын қуашы және соның түсінік берушісі.—141, 569, 739.
- Вэкон** (Vacon), Фрэнсис, барон Веруламский (1561—1626)— ағылшынның аса көрнекті философы, ағылшын материализмінің негізін салушы; жаратылыс зерттеуші әрі тарихшы.—400, 401, 730, 731.
- Буше** (Buche), Филипп (1796—1865)— француздың саяси қайраткері әрі тарихшы, буржуазияшыл республикашыл, христиандық социализм идеологтерінің бірі.—751.
- В**
- Валентин** (Valentin), Габриель Густав (1810—1883)— неміс физиологі.—493.
- Вандерлинт** (Vanderlint), Джейкоб (1740 ж. өлген)— ағылшын экономисі, физикраттарға жол көрсетуші, ақшаның сандар теориясының ең алғашқы өкілдерінің бірі.—138, 145, 158, 283, 284, 323, 341, 360, 627.
- Веллингтон** (Wellington), Артур Уэлсли, герцог (1769—1852)— ағылшын қолбасшысы әрі мемлекет қайраткері, торн, премьер-министр (1828—1830).—139.
- Вергилий** (Публий Вергилий Марон) (біздің заманымызға дейінгі 70—19) Римнің аса көрнекті ақыны—311, 768.
- Верри** (Verri), Пьетро (1728—1797)— италияның буржуазияшыл экономисі, физикраттар ілімін алғаш сынаушылардың бірі.—57, 105, 148, 340.
- Вико** (Vico), Джамбаттиста (1668—1744)— Италияның аса көрнекті буржуазияшыл социологі, қоғамдық дамудың объективтік заңдылықтарын табуға тырысқан.—382.
- Вильгельм III Оранский** (1650—1702)— Нидерландының штатгальтері (1672—1702), ағылшын королі (1689—1702).—733.
- Вильгельм IV** (1765—1837)— ағылшын королі (1830—1837).—298.
- Вильерс** (Villiers), Чарлз (1802—1898)— ағылшынның саяси қайраткері әрі юрист, Фритредер, парламент мүшесі.—277.
- Вирт** (Wirth), Макс (1822—1900)— немістің тұрпайы буржуазияшыл экономисі әрі публицист.—93, 241.
- Виссеринг** (Vissering), Симон (1818—1888)— Голландияның тұрпайы буржуазияшыл экономисі және статистик.—512.
- Витт** (Witt), Ян де (1625—1672)— Нидерландының мемлекеттік қайраткері, Голландия провинциясының іс жүзіндегі билеп-төстеушісі (1653—1672), ірі сауда буржуазиясының мүдделерін білдіруші адам.—627, 765.
- Вобан** (Vauban), Себастьян ле Претр (1633—1707)— француз маршалы, әскери инженер, Францияның салық системасын сынаған.—154.
- Вокансон** (Vaucanson), Жак де (1709—1782)— француз механигі, тоқыма станоктерінің конструкциясын жетілдірген; тамаша ойыншық-автоматтарды ойлап шығарған.—392.
- Вольтер** (Voltaire), Франсуа Мари (1694—1778)— француздың деист философы, сатирик жазушы, тарихшы, XVIII ғасырдағы буржуазиялық Ағарту ісінің көрнекті өкілі, абсолютизм мен католицизмге қарсы күрескен.—208, 780.
- Вольф** (Wolff), Вильгельм (1809—1864)— немістің пролетар революционері, кәсібі жағынан мұғалім, Силезияның крепостной шаруасының баласы; 1846—1847 жылдары Брюссельдің коммунистік тілшілер комитетінің мүшесі, 1848 жылғы марттан бастап Коммунистер Одағы Орталық комитетінің мүшесі, 1848—1849 жылдары «Neue Rheinische Zeitung» редакторларының бірі болған; Маркс пен Энгельстің досы әрі шәкірті болған адам.—9.

- Вольф** (Wolff), Христиан (1679—1754)—немістің идеалист философы, метафизик.—620.
- Г**
- Галиани** (Galiani), Фердинандо (1728—1787)—итальян буржуазиялық экономисі, физиократтар ілімін сынаушы адам; заттың құны оның пайдалылығымен анықталады деген, сонымен қатар товар мен ақшаның табиғаты туралы бірсыпыра дұрыс болжамдар айтқан.—90, 105, 106, 114, 167, 173, 325, 655.
- Галлер** (Haller), Карл Людвиг (1768—1854)—Швейцария юриси әрі тарихшы, крепостниктік пен абсолютизмнің апологеті.—400.
- Гамм** (Hamm), Вильгельм (1820—1880)—неміс агрономы; ауыл шаруашылығының мәселелері жөнінде жазылған бірсыпыра кітаптардың авторы.—513.
- Ганиль** (Ganilh), Шарль (1758—1836)—француздың буржуазияшыл саяси қайраткері; тұрпайы экономист, меркантилизмнің эпигоны.—77, 97, 188, 193, 458.
- Гарнье** (Garnier), Жермен (1754—1821)—француз экономисі әрі саяси қайраткер, монархист; физиократтар мектебінің эпигоны; А. Смитті аударған және сынаған адам.—375, 562.
- Гаскелл** (Gaskell), Питер—ағылшын дәргері, либерал, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы буржуазияшыл публицист.—445, 454.
- Гастингс** (Hastings), Уоррен (1732—1818)—Индияның тұңғыш ағылшын генерал-губернаторы (1774—1785), қатаң отаршылдық саясатын жүргізушілердің бірі, қызмет бабын пайдаланып қиянат жасады деген айып тағылып 1788 ж. сотқа берілген, сот процесі екіжүзді сипатта өтіп, айыпталушыны ақтаумен аяқталған.—760.
- Гатри** (Guthrie), Джордж Джемс (1785—1856)—ағылшын хирургі.—288.
- Гегель** (Hegel), Георг Вильгельм Фридрих (1770—1831)—классикалық неміс философиясының аса ірі өкілі, объективті идеалист, идеалистік диалектиканы барынша жан-жақты талдап шыққан; неміс буржуазиясының идеологі.—26, 27, 58, 106, 182, 193, 272, 318, 375, 600.
- Гейне** (Heine), Генрих (1797—1856)—немістің революцияшыл ұлы ақыны.—310, 621.
- Гексли** (Huxley), Томас Генри (1825—1895)—ағылшын ғалымы, жаратылыс зерттеуші, Ч. Дарвиннің ең жақын серігі және оның ілімін жұртқа таратушы адам.—493.
- Гельвеций** (Helvétius), Клод Адриан (1715—1771)—аса көрнекті француз философы, механистикалық материализмнің өкілі, атеист, француздың революцияшыл буржуазиясы идеологтарының бірі.—621.
- Генрих III** (1551—1589)—француз королі (1574—1589).—146.
- Генрих VII** (1457—1509)—ағылшын королі (1485—1509).—381, 729, 743.
- Генрих VIII** (1491—1547)—ағылшын королі (1509—1547).—730, 743, 745.
- Георг II** (1683—1760)—ағылшын королі (1727—1760).—53, 111, 748, 749.
- Георг III** (1738—1820)—ағылшын королі (1760—1820).—749.
- Гёте** (Goethe), Иоганн Вольфганг (1749—1832)—немістің ұлы жазушысы әрі ойшылы.—44, 85, 102, 207, 208, 299, 604, 720.
- Гисборн** (Gisborne), Томас (1758—1846)—ағылшын дін ілімінің маманы, христиан моралінің мәселелері жөнінде жазылған бірсыпыра кітаптардың авторы.—767.
- Гладстон** (Gladstone), Уильям Юарт (1809—1898)—ағылшынның мемлекет қайраткері, тори, онан кейін пилит, XIX ғасырдың екінші жартысында либерал партияның басшыларының бірі; казначей канцлері (финанс министрі) (1852—1855 және 1859—1866) және премьер-министр (1868—1874, 1880—1885, 1886, 1892—1894).—41—45, 462, 663, 664, 750.
- Гоббс** (Hobbes), Томас (1588—1679)—ағылшынның аса көрнекті философы, механистикалық материализмнің өкілі; Гоббстың әлеуметтік-саяси көзқарастары барын-

- ша күшті антидемократиялық тенденцияларымен ерекше көзге түскен.—184, 368, 401, 627.
- Годскин* (Hodgskin), Томас (1787—1869)—ағылшын экономисі әрі публицист; пролетариаттың мүдделерін қорғап, капитализмді утопиялық социализмнің позициялары тұрғысынан сынаған, бұл ретте Рикардоның теориясын пайдаланған.—350, 364, 367, 545, 585, 758.
- Годунов*, Борис Федорович (1537—1605 шамасы)—орыс патшасы (1598—1605).—733.
- Гомер*—ертедегі гректің жартылай аңызға айналған ақыны, «Илиада» мен «Одиссеяның» авторы.—78, 264, 377.
- Гопкинс* (Hopkins), Томас—XIX ғасырдың бас кезіндегі ағылшынның буржуазияшыл экономисі.—241.
- Горацкий* (Квинт Горацій Флакк) (біздің заманымызға дейінгі 65—8)—аса көрнекті рим ақыны.—12, 122, 276, 354, 376, 482, 689, 723.
- Готшед* (Gottsehed), Иоганн Христов (1700—1766)—неміс жазушысы әрі сыншы, Германияда XVIII ғасырда болған ерте кездегі Ағарту ісінің өкілі.—228.
- Грег* (Greg), Роберт Хайд (1795—1875)—ағылшынның ірі фабриканты, либерал.—300.
- Грегуар* (Gregoir), Г.—Брюссельдің баспахана жұмысшылары ассоциациясының секретары, «Баспахана жұмысшылары Брюссельдің жөнге салу сотының алдында» деген кітаптың авторы, кітап 1865 жылы шыққан.—565.
- Грей* (Gray), Джон—XIX ғасырдың аяқ кезіндегі ағылшынның буржуазияшыл жазушысы, саясат пен экономика мәселелері жөнінде жазылған бірсыпыра кітаптардың авторы.—174.
- Грей* (Gray), Джон (1798—1850)—ағылшын экономисі, утопияшыл социалист, Р. Оуэннің жолын қуушы; «жұмысшы ақшалар» деген теорияның авторларының бірі.—84.
- Грей* (Gray), Джордж (1799—1882)—ағылшынның мемлекет қайраткері, виг, ішкі істер министрі (1846—1852, 1855—1858 және 1861—1866) және отарлар министрі (1854—1855).—297, 676.
- Гринхау* (Greenhow), Эдуард Хедлем (1814—1888)—ағылшынның терапевт дәрігері.—254, 255, 302.
- Гров* (Grove), Уильям Роберт (1811—1896)—ағылшын физигі әрі юрист.—535.
- Гюлих* (Gulich), Густав (1791—1847)—немістің буржуазияшыл экономисі әрі тарихшы, халық шаруашылығының тарихы жөнінде жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.—18, 762.

Д

- Даблдей* (Doubleday), Томас (1790—1870)—ағылшын публицисі әрі экономист, буржуазияшыл радикал, мальтусшілдікке қарсы шыққан.—765.
- Даннинг* (Dunning), Т. Дж (1799—1873)—ағылшынның кәсіподақ қайраткері және публицист.—560, 563, 564, 769.
- Данте Алигьери* (Dante Alighieri) (1265—1321)—Италияның ұлы ақыны.—17, 118, 257.
- Дарвин* (Darwin), Чарлз Роберт (1809—1882)—ағылшынның ұлы жаратылыс зерттеушісі, ғылыми эволюциялық биологияның негізін салушы.—352, 353, 382.
- Даумер* (Daumer), Георг Фридрих (1800—1875)—неміс жазушысы, дін тарихы жөнінде жазылған еңбектің авторы.—296.
- Дафферин* (Dufferin), Фредерик, Темпл Гамильтон, Темпл *Блэквуд*, маркиз (1826—1902)—ағылшынның мемлекет қайраткері әрі дипломат, либерал, Ирландиядағы ірі жер иесі, Канаданың генерал-губернаторы (1872—1878), Индияның вице-королі (1884—1888).—720.
- Даффи* (Duffy), Чарлз Гаван (1816—1903)—Ирландияның саяси қайраткері әрі публицист; 1855 ж. Австралияға кетіп, онда бірсыпыра мемлекеттік қызметтер атқарған.—781.
- Декарт* (Descartes), Рене (1596—1650)—француздың аса көрнекті

- дуалист-философы, математик әрі жаратылыс зерттеуші.—400, 401.
- Де Квинси* (De Quincey), Томас (1785—1859)—ағылшын жазушысы әрі экономист, Рикардоны түсіндіруші адам; оның еңбектері Рикардо мектебінің құлдырап, ыдырауын көрсетеді.—406.
- Дерби* (Derby), Эдуард Джордж, Джефри Смит Стэнли, граф (1799—1869)—ағылшынның мемлекет қайраткері, торидің басшысы, кейіннен консерваторлар партиясы басшыларының бірі; премьер-министр (1852, 1858—1859 және 1866—1868).—466.
- Де-Роберти*, Евгений Валентинович (1843—1915)—орыстың позитивші философы, буржуазияшыл тұрпайы экономист, 70-ші жылдары земство қайраткері, буржуазияшыл либерал, кейіннен Францияға эмиграцияға кеткен.—24.
- Дестют де Траси* (Destutt de Tracy), Антуан Луи Клод, граф (1754—1836)—француздың тұрпайы экономисі, сенсуалист философ; конституцияшыл монархияны жақтаушы.—96, 171, 176, 336, 338, 660.
- Дефо* (Defoe), Даниель (1660—1731)—ағылшынның белгілі жазушысы әрі публицист, «Робинзон Крузо» романының авторы.—92—94, 154, 298, 627.
- Джейкоб* (Jacob), Уильям (1762—1851 шамасы)—ағылшын коммерсаны, бірсыпыра экономикалық еңбектердің авторы.—54, 231.
- Дженовези* (Genovesi), Антонио (1712—1769)—Италияның идеалист философы әрі экономист, меркантилист.—167.
- Джиллот* (Gillott), Джозеф (1799—1873)—ағылшын фабриканы, Бирмингемдегі болат қаламұштар шығаратын ірі өндірістің негізін салушы.—471.
- Джонс* (Jones), Ричард (1790—1855)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі; оның еңбектері саяси экономияның классикалық мектебінің құлдырап, ыдырауын көрсетеді, сонымен қатар саяси экономияның бірсыпыра мәселелерінде Рикардодан асып түскен.—41, 318, 331, 339, 344, 580, 599, 609, 642.
- Дидро* (Diderot), Дени (1713—1784)—аса көрнекті француз философы, механистикалық материализмнің өкілі, атеист, Францияның революцияшыл буржуазиясы идеологтерінің бірі, ағартушы; энциклопедистердің басшысы.—148.
- Диккенс* (Dickens), Чарльз (1812—1870)—ағылшынның ұлы реалист жазушысы.—452.
- Диодор Сицилийский* (біздің заманымызға дейінгі 80—29 шамасы)—ертедегі грек тарихшысы.—157, 246, 351, 379, 521.
- Дицген* (Dietzgen), Иосиф (1828—1888)—диалектикалық материализмге өздігінен дербес түрде келген аса көрнекті неміс философы; социал-демократ; кәсібі жағынан былғары илеуші жұмыскер.—24.
- Драйден* (Dryden), Джон (1631—1700)—ағылшын ақыны әрі драматург, классицизмнің өкілі.—252.
- Дэр* (Daige), Эжен (1798—1847)—француздың буржуазияшыл экономисі, саяси экономия жөніндегі шығармаларды бастырып шығарушы адам.—50, 106, 123, 155, 172, 323.
- Дюкессо* (Ducpétiaux), Эдуард (1804—1868)—Бельгияның публицисі әрі статистик, буржуазияшыл филантроп; түрмелер мен игілікті мекемелердің инспекторы.—682, 683.
- Дюпон* (Dupont), Пьер (1821—1870)—француз ақыны, жұмысшылар арасына кең таралып айтылған әндердің авторы.—703.
- Дюпон де Немур* (Dupont de Nemours), Пьер Самюэль (1739—1817)—француздың буржуазияшыл саяси қайраткері және физик-экономист.—123.

Е

- Екатерина II* (1729—1796)—орыс императоры (1762—1796).—693.
- Елизавета* (1533—1603)—ағылшын королевасы (1558—1603).—381, 732, 745, 748, 749.

Ж

Жерар (Gerhardt), Шарль Фредерик (1816—1856)— аса көрнекті француз химигі.—318.

Жоффрау Сент-Илер (Geoffroy Saint-Hilaire), Этьенн (1772—1844)— француздың ірі зоологі, эволюционист, Ч. Дарвиннің алдында өткен ғалымдардың бірі.—754.

З

Зётбер (Soetbeer), Георг Адольф (1814—1892)— немістің буржуазияшыл экономисі әрі статистик.—33.

Зибер, Николай Иванович (1844—1888)— белгілі орыс экономисі; материалистік диалектиканы және марксизмнің революциялық мәнін түсінбегенімен Маркстің экономикалық еңбектерін Россияда тұңғыш уағыздап таратушылардың бірі; радикалдық буржуазиялық реформашылдықтың позициясында болған.—24.

Зорге (Sorge), Фридрих Адольф (1828—1906)— американ және халықаралық жұмысшы қозғалысы мен социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, I Интернационалдың мүшесі; марксизмді белсеніе насихаттаған адам, Маркс пен Энгельстің досы әрі шәкірті; шыққан тегі жағынан неміс, 1852 ж. Америкаға эмиграцияға кеткен.—36.

И

Иден (Eden), Фредерик Мортон (1766—1809)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі, А. Смиттің шәкірті.—253, 612, 626—628, 685, 732, 735, 737, 766, 770.

Иероним Блаженный (340—420 шамасы)— дін ілімінің адамы, інжілді латын тіліне аударған, Далмациядан шыққан.—117.

Иоанн II Добрый (1319—1364)— француз королі (1350—1364).—747.

Ирод (біздің заманымызға дейінгі 73—4)— Иудеяның патшасы біз-

дің заманымызға дейінгі 40—4).—413.

Исократ (біздің заманымызға дейінгі 436—338)— ертедегі грек жазушысы, толып жатқан памфлеттердің авторы.—378.

К

Калпегер (Culpeper), Томас (1578—1662)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі, меркантилизмді жақтаушы адам.—770.

Кантильон (Cantillon), Ричард (1680—1734)— ағылшын экономисі, физиократтарға жол көрсеткен адам, купец.—565, 627.

Кантильон (Cantillon), Филип — ағылшын экономисі, Ричард кантильонның «Жалпы алғанда сауданың табиғаты туралы тәжірибе» деген еңбегін өзі өңдеп, 1759 ж. ағылшын тілінде жариялаған.—565.

Карл Великий (742—814 шамасы)— франко королі (768—800) және император (800—814).—737.

Карл I (1600—1649)— ағылшын королі (1625—1649), ағылшынның XVII ғасырда болған буржуазиялық революциясы кезінде дарға асылған.—731, 732.

Карл II (1630—1685)— ағылшын королі (1660—1685).—139.

Карл V (1500—1558)— Қасиетті Рим империясы деп аталатын империяның императоры (1519—1556) және Карл I деген есіммен Испанияның королі болған (1516—1556).—746.

Карл VI (1685—1740)— Қасиетті Рим империясы деп аталатын империяның императоры (1711—1740).—438.

Карл X (1622—1660)— швед королі (1654—1660).—734.

Карл XI (1655—1697)— швед королі (1660—1697).—734.

Карлайл (Carlisle), Антони (1768—1840)— ағылшын дәрігері, хирург.—288.

Карлейль (Carlyle), Томас (1795—1881)— ағылшын жазушысы, тарихшы әрі идеалист философ, ағылшын буржуазиясын реакциялық романтизм тұрғысынан сына-

- ған, 1848 ж. кейін жұмысшы қозғалысының ашық жауы; тори партиясына қосылған.—265.
- Карли** (Carli), Джан Ринальдо (1720—1795)— италиян ғалымы, ақша жөніндегі және астық саудасы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы; меркантилизмге қарсы шыққан.—340.
- Каслри** (Castlereagh), Роберт Стюарт, виконт (1769—1822)— ағылшынның мемлекеттік қайраткері, тори, соғыс министрі және отарлар министрі (1805—1806, 1807—1809), сыртқы істер министрі (1812—1822).—438.
- Кауфман**, Илларион Игнатъевич (1848—1916)— орыстың буржуазияшыл экономисі, Петербург университетінің профессоры, ақша айналысы мен кредит мәселелері жөніндегі еңбектердің авторы.—24—26.
- Кейзов** (Cazenove), Джон — ағылшынның тұрпайы буржуазияшыл экономисі, Мальтустың жолын қуашы.—210, 328, 530, 579, 590, 608.
- Кент** (Kent), Натаниел (1737—1810)— егіншілікпен шұғылданушы ағылшын, ауыл шаруашылығы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—736.
- Кенэ** (Quesnay), Франсуа (1694—1774)— француздың аса ірі экономисі, физиократтар мектебінің негізін салушы; кәсібі жағынан дәрігер.—22, 123, 330, 565, 602, 627.
- Кернс** (Cairnes), Джон Эллиот (1823—1875)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі публицист; Америка Құрама Штаттарының оңтүстігінде құл иеленушілікке қарсы шыққан.—209, 275, 342.
- Кетле** (Quetelet), Адольф (1796—1874)— Бельгияның буржуазияшыл ғалымы; статистик, математик әрі астроном; «орташа адам» деген ғылымға жат, реакциялық теорияның авторы.—333.
- Кинкейд** (Kincaid), Джон (1787—1862)— ағылшын чиновнигі, 1850 жылдан бастап Шотландияда фабрикалар мен түрмелердің инспекторы.—411.
- Киселев**, Павел Дмитриевич, граф (1788—1872)— орыстың мемлекеттік қайраткері әрі дипломат, генерал, 1829—1834 жылдары Молдавия мен Валахиядағы орыс администрациясының басшысы.—248.
- Клаурен** (Claugren), Генрих (Карл Хейннің әдеби псевдонимі) (1771—1854)— неміс жазушысы, сентиментальдық романдардың авторы.—235.
- Клауссен** (Claussen), Питер — Бельгия өнертапқышы, жіп иіретін дөңгелек станокты жетілдірген.—382.
- Клемент** (Clement), Саймон— ағылшын купеці, 1695 ж. Лондонда шыққан «Өздерінің бір біріне қатынасында алғанда ақша, сауда және валюта курсы туралы жалпы түсініктер жөніндегі пайымдаулар» деген аноним шығарманың авторы.—106.
- Ко** (Caus), Саломон де (1576—1626)— француз инженері.—387.
- Коббет** (Cobbett), Уильям (1762—1835)— ағылшынның саяси қайраткері әрі публицист, ұсақбуржуазияшыл радикализмнің көрнекті өкілі, ағылшынның саяси құрылысын демократияландыруды жақтап шыққан.—298, 732, 762, 765.
- Кобден** (Cobden), Ричард (1804—1865)— ағылшын фабриканты, буржуазияшыл саяси қайраткер, фритредерлер басшыларының және Астық заңдарына қарсы лиганың негізін салушылардың бірі; парламент мүшесі.—22, 265, 292, 689.
- Колен** (Colins), Жан Гийом Сезар Александр Ипполит (1783—1859)— француздың ұсақ буржуазияшыл экономисі, шыққан тегі жағынан бельгиялық, жер рентасын мемлекеттің иеленуі капиталистік құрылыстың барлық қайшылықтарын шешудің құралы деп қорғаған.—625, 703, 780.
- Колумб** (Colombo), Христофор (1451—1506)— Американы ашқан атақты жиһангез; Испанияға қызмет еткен, шыққан тегі жағынан генауэялық.—146.
- Кольбер** (Colbert), Жан Батист (1619—1683)— француздың мемлекет қайраткері, финанстерінің

- бас бақылаушысы, абсолюттік монархияны нығайту мүдделерімен меркантилизм саясатын жүргізген.—319, 765.
- Кондильяк** (Condillac), Этьенн Бонно (1715—1780)— француз экономисі әрі деист философ, сенсуалист; заттың құны оның пайдалылығымен анықталады деп есептеген.—172.
- Кондорсе** (Condorcet), Жан Антуан (1743—1794)— француздың буржуазияшыл социологі, ағартушы, XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі француздың буржуазиялық революциясы кезінде жирондистерге қосылған; тарихи прогрестің идеалистік теориясын тұңғыш рет жапал шығарған, бұл теория тарихи прогрестің қайнар көзі адамзат ақыл-ойының жетілуі болады деп есептеген.—627.
- Комт** (Comte), Огюст (1798—1857)— француздың буржуазияшыл философы әрі социолог, позитивизмнің негізін салған.—24, 343.
- Комт** (Comte), Шарль (1782—1837)— француздың либерал публицисі, тұрпайы экономист.—759.
- Копп** (Корр), Герман Франц Морниц (1817—1892)—неміс химигі әрі химия тарихшысы.—318.
- Корбет** (Corbet), Томас — XIX ғасырдағы ағылшынның буржуазияшыл экономисі.—164, 600.
- Корбон** (Corbon), Клод Антим (1808—1891)— француз жұмысшысы, кейіннен саяси қайраткер болған, буржуазиялық республикашыл.—498.
- Кромвель** (Cromwell), Оливер (1599—1658)—XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы дәуірінде буржуазияның және буржуазияланған дворяндардың көсемі; 1653 жылдан бастап Англияның, Шотландияның және Ирландияның лорд-протекторы.—731, 733, 757.
- Ксеофонт** (біздің заманымызға дейінгі 430 шамасы—354 шамасы)— ертедегі грек тарихшысы әрі философ, құл иеленушілер табының идеологы, өзіндік шаруашылықты қорғаушы.—378.
- Кугельман** (Kugelmann), Людвиг (1830—1902)— неміс дәрігері, Германияда 1848—1849 жылдары болған революцияға қатынасқан адам, I Интернационалдың мүшесі; Маркс пен Энгельстің досы.—17.
- Куза** (Cuza), Александру (1820—1873)— румынның саяси қайраткері, Александр Иоанн I деген аптен 1859—1866 жылдары Молдавия мен Валахияның Дунай князьдіктерінің господары (әкімі) болған; бұл князьдіктер 1862 ж. біртұтас Румын мемлекетін құрған болатын; реакциялық заговордың нәтижесінде өкімет басынан тайдырылып, елден эмиграцияға кеткен.—181.
- Курсель-Сеней** (Courcelle-Seneuil), Жан Гюстав (1813—1892)— француздың буржуазияшыл экономисі, өнеркәсіп орындарының экономикасы жөніндегі, сондай-ақ кредит пен банк мәселелері жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—243, 609.
- Кустоди** (Custodi), Пьетро (1771—1842)— итальян экономисі, XVI ғасырдың аяқ кезіндегі—XIX ғасырдың бас кезіндегі итальян экономистерінің шығармаларын бастырып шығарумен белгілі болған адам.—57, 90, 105, 107, 167, 172, 340, 377, 658.
- Кэмпбелл** (Campbell), Джордж (1824—1892)— ағылшынның Индиядағы отаршы чиновнигі; Индия жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы; парламент мүшесі, либерал.—370.
- Кэри** (Carey)— Генри Чарльз (1793—1879)— Американың тұрпайы буржуазияшыл экономисі, капиталистік қоғамда тап мүдделері үйлес келеді деген реакциялық теорияның авторы.—229, 541, 573, 740, 757.
- Кювье** (Cuvier), Жорж (1769—1872)— француздың ірі жаратылыс зерттеушісі, зоолог және сонымен қатар апатқа ұшыраушылықтың ғылымға жат идеалистік геориясын ұсынған палеонтолог.—522.

Л

- Лаборд** (Laborde), Александр Луи Жезеф, граф *де* (1774—1842)— француз археологы, либерал саяси қайраткер, тұрпайы буржуазияшыыл экономист.—511.
- Лавернь** (Lavergne), Луи Габриель Леонс Гило *де* (1809—1880)— француздың саяси қайраткері әрі буржуазияшыыл экономист, ауыл шаруашылығының экономикасы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—513, 541, 722.
- Ланчеллотти** (Lancellotti), Секондо (1575—1643)— итальян аббаты, археолог, бірсыпыра тарихи еңбектердің авторы.—38.
- Ласкер** (Lasker), Эдуард (1829—1884)— немістің саяси қайраткері, рейхстагтың депутаты, Бисмарктың реакциялық саясатын қолдаған ұлтшыл-либерал партияның негізін салушылардың және көсемдерінің бірі.—42.
- Лассаль** (Lassalle), Фердинанд (1825—1864)— ұсақбуржуазияшыыл неміс публицисі, 1848—1849 жылдары Рейн провинциясының демократиялық қозғалысына қатынасқан; 60-шы жылдардың бас кезінде жұмысшы қозғалысына қосылып, Германияның жалпы жұмысшы одағының негізін салушылардың бірі болды (1863); Пруссияның басшылығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдаған; Германия жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік бағыттың бастамасын жасаған.—11, 12, 120.
- Лашатр** (Lachâtre), Морис (1814—1900)— француздың прогресшіл журналисі, Париж Коммунасына қатынасқан адам, Маркс «Капиталының» бірінші томын француз тілінде бастырып шығарған.—30, 31.
- Леви** (Levi), Лион (1821—1888)— ағылшынның буржуазияшыыл экономисі, статистик әрі юрист.—742.
- Лемонтэ** (Lemontey), Пьер Эдуард (1762—1826)— француз тарихшысы, экономист әрі саяси қайраткер, XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі француздың буржуазиялық революциясы кезінде Заң шығаратын жиналыстың оң қанатына қосылған (1791—1792).—374.
- Ленг** (Laing), Самюэл (1810—1897)— ағылшынның саяси қайраткері әрі публицист, Англияның теміржол компанияларында бірсыпыра жоғары әкімшілік қызметтерде болған; парламент мүшесі, либерал.—210, 655, 670, 686.
- Ленге** (Linguet), Симон Никола Анри (1736—1794)— француз адвокаты, публицист, тарихшы әрі экономист, физиократтарға қарсы шыққан, буржуазия бостандықтары мен капиталистік меншік қатынастарына сын көзбен талдау жасаған.—243, 296, 344, 626, 747.
- Лесаж** (Lesage), Ален Рене (1668—1747)— француз жазушысы, «Сантьяльяннан шыққан Жилы» Блестің басынан кешкендері» деген белгілі романның авторы.—720.
- Лессинг** (Lessing), Готхольд Эфраим (1729—1781)— немістің ұлы жазушысы, сыншы әрі философ, XVIII ғасырдағы көрнекті ағартушылардың бірі.—26.
- Ле Трон** (Le Trosne), Гийом Франсуа (1728—1780)— француздың буржуазияшыыл экономисі, физиократ.—50, 54, 107, 116, 132, 130, 134, 158, 171, 173, 177, 221.
- Ле Шапелье** (Le Chapelier), Исаак Рене Ти (1754—1794)— француздың реакцияшыыл саяси қайраткері, жұмысшы одақтары мен стачкаларға тыйым салу туралы 1791 ж. 14 июньде қабылданған заңның авторы; якобиндер диктатурасы дәуірінде заговорлық әрекеттерге қатынасқаны үшін дарға асылған.—751.
- Либих** (Liebig), Юстус (1803—1873)— аса көрнекті неміс ғалымы, агрохимияның негізін салушылардың бірі.—250, 338, 397, 515, 584.
- Ливий**, Тит (біздің заманымызға дейінгі 59— біздің заманымыздың 17)— Римнің көрнекті тарихшысы, «Қала салынғаннан бергі Римнің тарихы» деген кітаптың авторы.—288.
- Ликург**— ертедегі Спартаның аңызға айналған атакты заң шығару-

- шысы, аңызға карағанда, біздің заманымызға дейінгі IX—VIII ғасырларда өмір сүрген.—435.
- Литби* (Letheby), Генри (1816—1876)—ағылшын дәрігері әрі химик.—264.
- Лихновский* (Lichnowski), Феликс, князь (1814—1848)—Пруссия офицери, Франкфуртск ұлттық жиналысының депутаты, оң қанатта болған; 1848 жылғы сентябрьде болған Франкфурт көтерілісі кезінде халық өлтірген.—603.
- Лициний* (Гай Лициний Столон)—біздің заманымызға дейінгі IV ғасырдың бірінші жартысындағы Римнің мемлекеттік қайраткері.—737.
- Ло* (Law), Джон (1671—1729)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі финансист, Францияның финанс министрі (1719—1720); қағаз ақша шығару жөніндегі жалдаптық іс-әрекетімен белгілі болған, бұл әрекеттері толығынан күйреген.—106, 627.
- Лобердель* (Lauderdale), Джемс, граф (1759—1839)—ағылшынның буржуазияшыл саяси қайраткері әрі экономист; Смиттің теориясын тұрпайы саяси экономия тұрғысынан сынаған.—360.
- Локк* (Locke), Джон (1632—1704)—ағылшынның аса көрнекті дуалист философы, сенсуалист, буржуазияшыл экономист, ақшаның номиналды теориясы мен металл теориясы арасында ауытқуда болған.—50, 106, 116, 139, 164, 401, 627.
- Лоран* (Laurent), Огюст (1807—1853)—француз химигі.—318.
- Луи Бонапарт*—қараңыз: *Наполеон III*.
- Луи Филипп* (1773—1850)—француз королі (1830—1848).—286, 287.
- Лукреций* (Тит Лукреций Кар) (99 ж. шамасы)—біздің заманымызға дейінгі 55)—Римнің аса көрнекті философы әрі поэт, материалист, атеист.—226.
- Людвик XIV* (1638—1715)—француз королі (1643—1715).—154.
- Людвик XVI* (1754—1793)—француз королі (1774—1792), XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі француздың буржуазиялық революциясы кезінде дарға асылған.—745.
- Лютер* (Luther), Мартин (1483—1546)—Реформацияның көрнекті қайраткері, Германиядағы протестантизмнің (лотершілдіктің) негізін салушы; неміс бюргерлерінің идеологі; 1525 жылғы Шаруалар соғысы кезінде князь жағында болып, көтеріліс жасаған шаруалар мен қала кедейлеріне қарсы шыққан.—149, 205, 319, 604, 761.

M

Мак-Грегор (MacGregor), Джон (1797—1857)—ағылшын статистигі, Фритредер, парламнт мүшесі, Корольдік британ банкiсiн құрушы және соның директорларының бірі (1849—1856).—282.

Мак-Куллох (MacCulloch), Джон Рамси (1789—1864)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі, Рикардоның экономикалық ілімін тұрпайылап бұрмалаушы, капитализмнің нағыз барып тұрған апологеті.—157, 164, 167, 204, 282, 331, 419, 447, 452, 530, 619, 621, 736.

Макларен (MacLagen), Джемс—XIX ғасырдағы ағылшынның буржуазияшыл экономисі, ақша айналысының тарихын зерттеуші.—112.

Маклеод (Macleod), Генри Даннинг (1821—1902)—ағылшынның буржуазияшыл тұрпайы экономисі, кредиттің капитал жасаушы теориясы деп аталатын теорияны онан әрі дамытқан.—77, 167.

Маколей (Macaulay), Томас Бабингтон (1800—1859)—ағылшынның буржуазияшыл тарихшысы әрі саяси қайраткер, виг, парламент мүшесі.—282, 285, 727, 733.

Максимилиан Габсбург (1832—1867)—Австрияның эрцгерцогі, Австрияның Италиядағы иеліктерінің генерал-губернаторы (1857—1859), Мексикадағы ағылшын-француз-испан интервенциясы кезінде мексикалық қолжаулық империяның императоры болып жарияланған (1864—1867), Мексика патриоттары атып өлтірген.—181.

Мальтус (Malthus), Томас Роберт

- (1766—1834)—ағылшын священнигі, экономист, буржуазияланған егіншілік аристократиясының идеологі, капитализмнің апологеті, халық өсуінің адамзатқа қас теориясын уағыздаушы.—175, 224, 323, 364, 515, 537, 566, 579, 585, 590, 599, 600, 608, 609, 618, 621, 627, 645, 659, 714.
- Ман** (Mun), Томас (1571—1641)—ағылшын саудагері әрі экономист, меркантилист, сауда балансы теориясының авторы, 1615 жылдан бастап Ост-Инд компаниясы директорларының бірі.—522.
- Мандевиль** (Mandeville), Бернар (1670—1733)—ағылшын жазушысы әрі экономист.—365, 626.
- Маркс** (Marx), Карл (1818—1883) (өмірбаян мәліметтері).—11, 17, 18, 25—27, 30—37, 40—46, 231.
- Маркс-Эвелинг** (Marx-Aveling), Элеонора (1855—1898)—ағылшын және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері; Маркстің кіші қызы, 1884 жылдан бастап Э. Эвелингтің әйелі.—35, 40, 44, 45.
- Марри** (Murray), Хью (1779—1846)—ағылшын географы.—351.
- Мартино** (Maartineau), Гарриет (1802—1876)—ағылшынның буржуазияшыл жазушысы, мальтусшілдікті уағыздаған адам.—646.
- Масси** (Massie), Джозеф (1784 ж. өлген)—ағылшын экономисі, буржуазияның классикалық саяси экономиясының өкілі.—523.
- Маурер** (Mauger), Георг Людвиг (1790—1872)—немістің буржуазияшыл көрнекті тарихшысы, ерте заманғы және орта ғасырдағы Германияның қоғамдық құрылысын зерттеуші.—88, 247.
- Мейтцен** (Meitzen), Август (1822—1910)—немістің буржуазияшыл статистигі әрі тарихшы-экономист; Германиядағы және Еуропаның басқа да елдеріндегі аграрлық қатынастардың тарихы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—247.
- Мендельсон** (Mendelssohn), Мозес (1729—1786)—немістің реакциялық буржуазияшыл деист-философы.—26.
- Менений Агриппа** (біздің заманыз-ға дейінгі 493 ж. өлген)—Рим патрициі.—372.
- Меривейл** (Merivale), Герман, (1806—1874)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі мемлекет қайраткері, либерал, отарлау принциптері жөніндегі еңбектердің авторы.—645, 778.
- Мерсье де ля Ривьер** (Mercier de la Riviere), Поль Пьер (1720—1893)—француздың буржуазияшыл экономисі, физиократ.—124, 125, 144, 161, 172, 174, 204.
- Миль** (Mill), Джемс (1773—1836)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі философ, Рикардоның теориясын бұрмалаған; философияда Бентамның жолын қуған.—128, 138, 167, 197, 210, 364, 447, 515, 578, 582, 584, 621.
- Миль** (Mill), Джон Стюарт (1806—1873)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі және позитивист-философ, саяси экономияның классикалық мектебінің эпигоны.—22, 23, 138, 139, 148, 381, 447, 515, 524—525, 601, 608, 611, 622, 757.
- Мирабо** (Mirabeau), Виктор Рикетти, маркиз *де* (1715—1789)—француздың буржуазияшыл экономисі, физиократ; Мирабо, Онопере Габриельдің әкесі.—627, 773.
- Мирабо** (Mirabeau), Онопере Габриель (1749—1791)—XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі француз буржуазиялық революциясының көрнекті қайраткері, ірі буржуазияның және буржуазияланған дворяндардың мүдделерін білдірген.—488, 728, 743, 755, 765.
- Модсли** (Maudslay), Генри (1771—1831)—ағылшын конструкторы әрі фабрикант.—395.
- Молинари** (Molinari), Гюстав (1819—1912)—Бельгияның тұрпайы буржуазияшыл экономисі, фритредер.—172, 433, 608, 778.
- Моммсен** (Mommsen), Теодор (1817—1903)—Ертедегі Рим тарихын зерттеген буржуазияшыл неміс тарихшысы.—180, 184.
- Монталамбер** (Montalembert), Шарль (1810—1870)—француздың саяси қайраткері әрі публицист, Екінші республика дәуірінде Құрылтай жиналысы мен заң шыға-

- рушы жиналыстардың депутаты, орлеанист, католик партиясының басшысы.—480.
- Монтей** (Monteil), Аман Алексис (1769—1850)— француздың буржуазияшыл тарихшысы.—753.
- Монтескье** (Montesquieu), Шарль (1689—1755)— француздың аса көрнекті буржуазияшыл социологы, экономист әрі жазушы, XVIII ғасырдағы буржуазиялық Ағарту ісінің өкілі; ақшаның сан теориясын жақтаушысы.—106, 138, 626, 764.
- Мор** (More), Томас (1478—1535)— ағылшынның саяси қайраткері, лорд-канцлер, гуманист-жазушы, утопиялық коммунизмнің ертеректегі өкілдерінің бірі, «Утопияның» авторы.—627, 729, 730, 745.
- Мортон** (Morton), Джон Челмерс (1821—1888)— ағылшын агрономы, ауыл шаруашылығының мәселелері жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—386, 564.
- Мур** (Moore), Самюэл (1830 шамасы — 1912)— ағылшын юриси, I Интернационалдың мүшесі; Эвелингпен бірлесіп «Қапиталдың» I томын және «Коммунистік партияның манифесін» ағылшын тіліне аударған, Маркс пен Энгельстің досы.—36, 37.
- Мэрфи** (Murphy), Джон Николас — ағылшынның буржуазияшыл публицисі, «Ирландия, оның өнеркәсібі, саяси және әлеуметтік қатынастары» деген кітаптың авторы, кітап 1870 жылы Лондонда шыққан.—715.
- Мюллер** (Müller), Адам Генрих (1779—1829)— неміс публицисі әрі экономист, Германиядағы экономикалық ғылымда феодал аксүйектердің мүдделерін білдірген романтикалық мектеп дегеннің өкілі болған; А. Смиттің экономикалық іліміне қарсы болған.—140.
- Н**
- Наполеон III** (Луи-Наполеон Бонапарт) (1808—1873)— Екінші республиканың президенті (1848—1851), француз императоры (1852—1870).—385.
- Несмит** (Nasmyth), Джемс (1808—1890)— ағылшын инженері, бу балғасын ойлап тапқан.—396, 425, 445.
- Нибур** (Niebuhr), Бартольд Георг (1776—1831)— антикалық дүниені зерттеген неміс тарихшысы.—245.
- Норс** (North), Дадли (1641—1691)— ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның тұңғыш өкілдерінің бірі.—116, 136, 139, 148, 401, 627.
- Ньюмарч** (Newmarch), Уильям (1820—1882)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі статистик.—305.
- Ньюмен** (Newman), Самюэл Филлипс (1797—1842)— американ философы және буржуазияшыл экономист.—173, 219.
- Ньюмен** (Newman), Фрэнсис Уильям (1805—1897)— ағылшын филологы әрі публицист, буржуазияшыл радикал, діни, саяси және экономикалық мәселелер жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—734, 739.
- Ньюнхем** (Newnham), Дж. Л.— ағылшын адвокаты.—613.
- О**
- Оверстон** (Overstone), Самюэл Джоне Лойд, барон (1796—1883)— ағылшын банкирі, буржуазияшыл экономист, «ақша айналысының принципі» деп аталатын мектепті жақтаған адам.—138, 157.
- Овидий** (Публий Овидий Назон) (біздің заманымызға дейінгі 43— біздің заманымыздағы 17 шамасы)— Римнің аса көрнекті ақыны.—449, 732.
- Ожье** (Augier), Мари — француз журналисі, экономикалық мәселелер жөніндегі мақалалардың авторы.—768.
- Олмстед** (Olmsted), Фредерик Ло (1822—1903)— американ архитекторы-парктерді жобалаушы адам, Англия мен Солтүстік Америка жөніндегі кітаптардың авторы.—209.
- Опдайк** (Opdyke), Джордж (1805—1880)— американ кәсіпкері, буржуазияшыл экономист.—177.

Ортеc (Ortes) Джаммария (1713—1790)— италян экономисі, өз заманында айтарлықтай маңызы болған бірсыпыра тамаша шығармалардың авторы.—627, 658.

Оуэн (Owen), Роберт (1771—1858)— ағылшынның ұлы утопист-социалисі.—92, 109, 308, 413, 494, 511.

П

Пальмерстон (Palmerston), Генри Джон *Темпл*, виконт (1784—1865)—ағылшынның мемлекет қайраткері, өз қызметінің бастапқы кезінде тори, 1830 жылдан бастап вигтердің көсемдерінің бірі, осы партияның оңшыл элементтеріне сүйенген; сыртқы істер министрі (1830—1834, 1835—1841 және 1846—1851), ішкі істер министрі (1852—1855) және премьер-министр (1855—1858 және 1859—1865).—466.

Паньини (Pagnini), Джиованни Франческо (1715—1789)— италян экономисі, ақша жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—107.

Папиллон (Parillon), Томас (1623—1702)— ағылшын купеці әрі саяси қайраткер, Ост-Инд компаниясы директорларының бірі, парламент мүшесі.—106.

Парри (Parry), Уильям Эдуард (1790—1855)— ағылшын саяхатшысы, Арктиканы зерттеуші.—110.

Парри (Parry), Чарлз Генри (1779—1860)— ағылшын дәрігері.—612, 613, 685, 686.

Пеккёр (Pecqueur), Константен (1801—1887)— француз экономисі, утопист-социалист.—625, 769.

Перикл (біздің заманымызға дейінгі 490—429 жылдар шамасы)— Афины мемлекет қайраткері, құлиеленушілік демократиясының нығаюына себепші болған адам.—377.

Петти (Petty), Уильям (1623—1687)— аса көрнекті ағылшын экономисі әрі статистик, Англиядағы буржуазиялық классикалық саяси экономияның негізін салушы.—57, 67, 97, 107, 116, 136, 156, 159, 184,

280, 323, 353, 360, 377, 381 439, 566, 627, 628.

Пилат, Понтий (37 жылдар шамасында өлген)— Римнің Иудей прокуроры (уәкіл-әкім) (26—36).—601.

Пиль (Peel), Роберт (1750—1830)— ағылшынның ірі фабриканты, парламент мүшесі, тори, премьер-министр Роберт Пильдің әкесі.—767.

Пиль (Peel), Роберт (1788—1850)— ағылшынның мемлекет қайраткері, осының есімімен пилнаттар деп аталған баяу торилердің басшысы; ішкі істер министрі (1822—1827 және 1828—1830), премьер-министр (1834—1835 және 1841—1846); либералдардың қолдауымен астық заңдарын жойған (1846).—22, 156, 243, 767, 781.

Пиндар (552 ж. шамасы — біздің заманымызға дейінгі 442 ж. шамасы)— ертедегі грек ақыны, салтанатты одалардың авторы.—164, 429, 767.

Пинто (Pinto), Исаак (1715—1787)— голландияның ірі биржа кәсіпкері, экономисі.—164.

Пито (Peto), Самюэл Мортон (1809—1889)— ағылшын кәсіпесі, темір жолдар салу ісімен шұғылданған; парламент мүшесі, либерал; 1866 ж. фирмасы күйрегеннен кейін қоғамдық өмірден шеттеген.—245.

Питт (Pitt), Уильям, Кішісі (1759—1806)—ағылшынның мемлекет қайраткері, тори басшыларының бірі; премьер-министр (1783—1801 және 1804—1806).—749.

Плагон (427 ж. шамасы — біздің заманымызға дейінгі 347 ж. шамасы)— ертедегі грек философы, идеалист, құл иеленуші ақсүйектердің идеологы, өзіндік шаруашылықты қорғаған адам.—377.

Постлуэйт (Postlethwaite), Малекай (1707—1767)— ағылшын экономисі, «Жалпылама сауда-өнеркәсіп сөздігінің» авторы.—282, 283.

Поттер (Potter), Алонзо (1800—1865)— американ епископы, бірқатар оқу орындарында теологиядан сабақ берген, Скролтын саяси эко-

- номия жөніндегі кітабын бастырып шығарған.—609.
- Поттер* (Potter), Эдмунд — ағылшын фабриканты әрі саяси қайраткер, фритредер.—304, 586—588.
- Прайс* (Price), Ричард (1723—1791)—ағылшынның радикал публицисі, экономист әрі моралші-философ.—283, 684, 736.
- Протагор* Абдерден шыққан (408 ж. шамасы — біздің заманымызға дейінгі 441 ж. шамасы)—ертедегі гректің софист-философы, құл иеленушілік демократияның идеологы.—259.
- Прудон* (Proudhon), Пьер Жозеф (1809—1865)—француз публицисі, экономист әрі социолог, ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі.—85, 97, 432, 523, 545, 599.
- Пьюзи* (Pusey), Филипп (1799—1855)—ағылшынның саяси қайраткері, жер иеленуші, тори.—688.
- Р**
- Рамаццини* (Ramazzini), Бернардино (1663—1714)—итальян дәрігері, кәсіпке байланысты болатын аурулар жөніндегі мәліметтерді қорытып, бір жүйеге келтірген.—375.
- Рамсей* (Ramsay), Джордж (1800—1871)—ағылшын экономисі, буржуазиялық классикалық саяси экономияның соңғы өкілдерінің бірі.—175, 178, 326, 520, 578, 643.
- Руссел* (Russet), Джон (1792—1878)—ағылшынның мемлекет қайраткері, вигтердің басшысы, премьер-министр (1846—1852 және 1865—1866).—734.
- Раффлс* (Raffles), Томас Стамфорд (1781—1826)—ағылшынның отарлаушы чиновнигі, 1811—1816 жылдары Яванын губернаторы, «Ява тарихы» деген кітаптың авторы.—370, 760.
- Редгрейв* (Redgrave), Александер — Англиядағы фабрикалық инспектор.—377, 387, 407, 411, 427, 443, 459, 466, 468, 556, 571, 572.
- Рейвнстон* (Ravenstone), Пирс (1830 ж. өлген)—ағылшынның рикардошыл экономисі, ұсақ буржуазияның мүддесін білдірген, мальтусшілдікке қарсы болған.—438, 439, 520.
- Рейх* (Reich), Эдуард (1836—1919)—неміс дәрігері, қоғамдық санитария мен тазалық мәселелері жөнінде жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.—375.
- Реньо* (Regnault), Элиас Жорж Суланж Олива (1801—1868)—француздың буржуазияшыл тарихшысы әрі публицист, мемлекет чиновнигі.—249.
- Рикардо* (Ricardo), Давид (1772—1823)—ағылшын экономисі, буржуазиялық классикалық саяси экономияның аса ірі өкілдерінің бірі.—21, 24, 79, 92, 96, 97, 99, 138, 157, 180, 200, 216—217, 241, 316, 398, 403, 404, 418, 440, 441, 447, 515, 524, 530, 531, 536, 574, 584, 601, 618, 625, 642, 767.
- Ричардсон* (Richardson), Бенджамин (1828—1896)—ағылшын дәрігері, қоғамдық санитария мен тазалық мәселелері жөнінде жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.—264—266.
- Робертс* (Roberts), Джордж (1868 ж. өлген)—ағылшынның буржуазияшыл тарихшысы, Англияның оңтүстіктегі графтіктерінің тарихы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—731.
- Родбертус-Ягецов* (Rodbertus-Jagetzow), Иоганн Карл (1805—1875)—немістің тұрпайы экономисі әрі саяси қайраткер, Пруссияның буржуазияланған юнкерлерінің идеологі, Пруссиялық «мемлекеттік социализмнің» реакциялық идеяларын уағыздаған.—540.
- Роджерс* (Rogers), Джемс Эдвин Торолд (1823—1890)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі, Англияның халық шаруашылығының тарихы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—684, 689, 732, 757.
- Рой* (Roy), Генри—ағылшын дәрігері және экономист.—153, 664.
- Росси* (Rossi), Пеллегрини (1787—1848)—Италияның тұрпайы буржуазияшыл экономисі, юрист әрі саяси қайраткер, ұзақ уақыт бойы Францияда тұрған.—186, 583.

Рошер (Roscher), Вильгельм (1817—1894)— немістің тұрпайы экономисі, саяси экономиядағы тарихи мектеп деп аталатын мектептің негізін салушы.—107, 173, 218, 228, 241, 273, 334, 376, 625.

Ру — қараңыз: *Ру-Лавернь*, Пьер Селестен.

Руа (Roy), Жозеф — Маркс «Капиталының» бірінші томын және Фейербахтың шығармаларын француз тіліне аударушы.—31, 36.

Руар де Кар (Rouard de Card), Пи Мари — француз теологы.—259.

Рубенс (Rubens), Петер (1577—1640)— фламандтың ұлы живописці.—306.

Руге (Ruge), Арнольд (1802—1880)— неміс публицисі, жас гегельшіл; буржуазияшыл радикал; 1848 ж. Франкфурттың ұлттық жиналысының депутаты, оның солшыл канатында болған; 50-ші жылдары немістің Англиядағы ұсақбуржуазиялық эмиграциясы басшыларының бірі; 1866 жылдан кейін ұлтшыл-либерал.—91, 166, 177.

Ру-Лавернь (Roux-Lavergne), Пьер Селестен (1802—1874)— француздың буржуазияшыл тарихшысы, идеалист философ.—751.

Руссо (Rousseau), Жан Жак (1712—1778)— аса көрнекті француз ағартушысы, демократ, ұсақ буржуазияның идеогі.—755.

С

Садлер (Sadler), Майкл Томас (1780—1835)— ағылшын экономисі әрі саяси қайраткер, буржуазияшыл филантроп, мальтусшілдікке қарсы болған, тори партиясына қосылған.—686, 713.

Саймон (Simon), Джон (1816—1904)— ағылшын дәрігері, Күпия совет жанындағы дәрігерлік инспектор, «Халық денсаулығы» есептерін редакциялаған.—410, 475, 476, 666, 668—670, 676, 678, 679, 692—696.

Сандерс (Saunders), Роберт Джон— XIX ғасырдың 40-шы жылдарындағы ағылшынның фабрикалық инспекторы.—300, 310, 414.

Сатерленд (Sutherland), Харрнет Элизабет Джорджанна *Лусон-Гоэр*, герцогиня (1806—1868)— Шотландияның ірі жер иеленушісі, вигтер партиясының қайраткері.—740.

Сатерленд (Sutherland), Элизабет *Лусон-Гоэр*, маркиза *Стаффорд*, графиня, 1833 жылдан бастап герцогиня (1765—1839)— Шотландияның ірі жер иеленушісі, жоғарыда айтылған Сатерлендтің енесі.—740.

Секст Эмпирик (II ғасыр)— ертедегі гректің скептик-философы.—377.

Сениор (Senior), Нассау Уильям (1790—1864)— ағылшынның буржуазияшыл тұрпайы экономисі; капитализм апологеті, жұмыс күнін қысқартуға қарсы шыққан.—235—238, 239, 240, 273, 331, 416, 447, 494, 504, 553, 557, 608, 619, 722, 740.

Сервантес де Сааведра (Servantes de Saavedra), Мигель (1547—1616)— Испанияның ұлы реалист жазушысы.—97, 101, 652.

Сидмут (Sidmouth), Генри *Аддингтон*, виконт (1757—1844)— ағылшынның мемлекет қайраткері, тори; премьер-министр және казначейство канцлері (финанс министрі) (1801—1804); ішкі істер министрінің қызметін атқарып отырғанда (1812—1821) жұмысшы қозғалысына қарсы жазалау шараларын жүргізген.—438.

Сили (Seely), Роберт Бентон (1798—1886)— ағылшынның кітап бастырушысы әрі публицист, буржуазияшыл филантроп.—737.

Сисмонди (Sismondi), Жан Шарль Леонар *Симонд де* (1773—1842)— Швейцария экономисі, капитализмнің ұсақбуржуазияшыл сыншысы, экономикалық романтизмнің көрнекті өкілі.—21, 169, 186, 245, 325, 544, 578, 589, 592, 593, 597, 606, 645, 659, 770.

Скарбек (Skarbek), Фредерик, граф (1792—1866)— поляктың буржуазияшыл қоғамдық қайраткері әрі экономист, А. Смиттің жолын қуашы.—337, 363.

Скроп (Scrope), Джордж Джулиус

- Полетт (1797—1876)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі, мальтусшілдіктің дұшпаны, геолог; парламент мүшесі.—608.
- Слоон** (Sloane), Ханс (1660—1753)—ағылшын дәрігері әрі жаратылыс зерттеуші, кітаптар мен қолжазбаларды жинаумен шұғылданған, 1753 ж. осының коллекциясын басқа да екі жеке меншікті жипақталған коллекциямен қосу арқылы Англияның аса ірі ұлттық музейі—Британ музейі құрылды.—733.
- Смит** (Smith), Адам (1723—1790)—ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілдерінің бірі—24, 61, 96, 137, 138, 179, 282, 360, 363—366, 374, 375, 377, 420, 470, 515, 530, 542, 544, 546, 549, 565, 569, 570, 580, 601, 602, 606, 622, 625, 627—630, 632, 655, 666, 724, 739, 747, 770.
- Смит** (Smith), Голдуин (1823—1910)—ағылшынның буржуазияшыл тарихшысы, публицист әрі экономист; либерал; 1871 жылдан бастап Канадада тұрған; саяси экономияда манчестерлік мектепті жақтаған, XIX ғасырдың аяқ кезі мен XX ғасырдың бас кезінде Англия мен АҚШ-тың империалистік саясатына қарсы болған, бірақ мұнысын әрқашан да дәйекті жасамаған.—757.
- Смит** (Smith), Эдуард (1818 жылдың шамасы—1874)—ағылшын дәрігері, Құпия советтің кеңесшісі және жұмысшы аудандардағы халықтың тамақтануын зерттеу жөніндегі өкілі, кедейлерге қамқорлық жасау Советінің мүшесі.—405.
- Сомерс** (Somers), Роберт (1822—1891)—ағылшынның буржуазияшыл публицисі әрі журналист.—741, 742.
- Софокл** (497 шамасы—біздің заманымызға дейінгі 406 шамасы)—ерте заманғы Грецияның аса көрнекті драматургі, классикалық трагедиялардың авторы.—147.
- Спиноза** (Spinoza), Барух (Бенедикт) (1632—1677)—Голландияның аса көрнекті материалист философы, атеист.—26, 316, 608.
- Стаффорд** (Stafford), Уильям (1554—1612)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі, ертеректегі меркантилизмнің өкілі.—753.
- Страйн** (Strype), Джон (1643—1737)—ағылшын священнигі әрі тарихшы, Тюдорлар заманындағы Англия тарихы жөніндегі документтердің коллекциясын жинаған.—745.
- Страэн** (Strahan), Уильям (1715—1785)—Юмның, Адам Смиттің және басқа да авторлардың еңбектерін ағылшынша бастырып шығарушы.—628.
- Стюарт** (Steuart), Джемс (1712—1780)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі, меркантилизмнің соңғы өкілдерінің бірі, ақшаның сан теориясына қарсы болған.—41, 138, 158, 162, 191, 343, 364, 439, 565, 627, 659, 728, 739, 754.
- Стюарт** (Stewart), Дагалд (1753—1828)—Шотланд философы, философияда идеалистік бағыттын: парасатты мән философиясы деп аталатынның өкілі болған.—331, 356, 372, 495.
- Стюарттар**—Шотландияда (1371—1714) және Англияда (1603—1714) үстемдік еткен корольдік династия.—733.
- Сэй** (Say), Жан Батист (1767—1832)—француздың буржуазияшыл тұрпайы экономисі, «өндірістің үш факторы» деген апологеттік теорияны тұңғыш рет жүйелі түрде баяндап берген.—96, 129, 167, 177, 205, 218, 374, 398, 451, 530, 545, 606, 618.
- Сюлли** (Sully), Максимилиен де Бетюн, герцог де (1559—1641)—француз королі Генрих IV кеңесшісі.—627.

Т

- Такер** (Tucker), Джозая (1712—1799)—ағылшын священнигі және өз заманындағы ірі экономист, оның көзқарастары А. Смит теориясы негіздерінің бірі болған.—283, 627, 768.
- Такет** (Tuckett), Джон Дебелл (1864 ж. өлген)—1846 ж. Лондонда ағылшын тілінде екі том болып шыққан «Еңбекші халықтың өткен

- кездегі және кәзіргі кездегі жағдайының тарихы» деген еңбектің авторы.—374, 732, 757.
- Тайлер* (Tyler), Мартин (1810—1889)—ағылшын ақыны, бос ақыл-гөйлікке толы өлеңдердің авторы.—621.
- Таусенд* (Townsend), Джозеф (1739—1816)—ағылшын священнигі, геолог әрі социолог, халық өсуінің ғылымға жат теориясын насихаттаған, бұл теорияны кейіннен Мальтус қолданған.—364, 627, 659.
- Тейлор* (Taylor), Седли (XIX ғасырдың екінші жартысы—XX ғасырдың бас кезі)—Англиядағы кооперативтік қозғалысқа қатынасқан адам, жұмысшылардың капиталистер пайдасына қатынасу системасын уағыздаған.—44—46.
- Темпл* (Temple), Уильям (1628—1699)—ағылшын дипломаты және саяси қайраткер, экономика мен саясат мәселелері жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—627.
- Тимур* (Тамерлан) (1336—1405)—Орта Азия қол басшысы және жаулап алушы, Шығыста ұлан-байтақ үлкен мемлекеттің негізін салушы.—273.
- Томпсон* (Thompson), Бенджамин, граф *Румфорд* (1753—1814)—ағылшын физигі, бір кездерде Бавар үкіметінде қызмет еткен, Англияда кедейлер үшін жұмыс үйлерін ұйымдастырған адам, Солтүстік Америкада туған.—612.
- Томпсон* (Thompson), Уильям (1785 шамасы—1833), ирланд экономисі, утопист-социалист, Р. Оуэннің жолын қуған; Рикардоның теориясын социалистік қорытындылар жасау үшін пайдаланған.—373.
- Торнтон* (Thornton), Уильям томас (1813—1880)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі, Джон Стюарт Милльдің жолын қуған.—184, 278, 729.
- Торренс* (Torrens), Роберт (1780—1864)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі, «ақша айналысының принципі» деп аталатын мектепті жақтаған.—175, 184, 197, 415, 447.
- Трименхир* (Tremenheere), Хью Сеймур (1804—1893)—ағылшын чиновнигі әрі публицист, жұмысшылардың еңбек жағдайларын зерттеу жөніндегі үкімет комиссияларының құрамына талай рет енген.—187, 259, 273.
- Тук* (Tooke), Томас (1774—1858)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі, саяси экономияның классикалық мектебіне қосылған. Рикардоның ақша теориясын сынаған.—305.
- Тьер* (Thiers), Адольф (1797—1877)—француздың буржуазияшыл тарихшысы әрі мемлекеттік қайраткер, премьер-министр (1836, 1840); республика президенті (1871—1873), Париж Коммунасының жендеті.—452, 725.
- Тюдорлар*—Англиядағы корольдік династия (1485—1603).—757.
- Тюнен* (Thünen), Иоганн Генрих (1783—1850)—немістің буржуазияшыл экономисі, ауыл шаруашылық экономикасының мәселелерімен шұғылданған. 632.
- Турго* (Turgot), Анн Робер Жак (1727—1781)—француз экономисі әрі мемлекет қайраткері; физиократтар мектебінің аса ірі өкілі; финанс істерінің бас бақылаушысы (1774—1776).—192, 323, 542.

У

- Уайетт* (Wyatt), Джон (1700—1766)—ағылшын өнертапқышы, жіп іретін машинаны ойлап тапқан.—382.
- Уатт* (Watt), Джемс (1736—1819)—ағылшынның аса көрнекті өнертапқышы, универсал бу двигателін жасап шығарған.—385, 387, 388, 391, 399, 499.
- Уилкс* (Wilks), Марк (1760 ж. шамасы—1831)—Англияның отарлау армиясының офицері; ұзақ уақыт бойы Индияда болған, Индия жөніндегі бірсыпыра кітаптардың авторы.—369.
- Уилсон* (Wilson), Джемс (1805—1860)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі саяси қайраткер, «Economist» журналын ұйымдастырушы әрі соның редакторы болған; 1853—1858 жылдары казначей секретары, (финанс ми-

- нистрі); фритредер, ақшаның сан теориясына қарсы болған.—240, 351.
- Уильямс** (Williams), Уильям Фен-унк, баронет *Карсский* (1800—1883)—ағылшын генералы, 1855 ж. Қырым соғысы кезінде Карс қорғанысын басқарған, орыс әскерлерінің қолына тұтқынға түскен.—139.
- Уитбрэд** (Whitbread), Самюэл (1758—1815)—ағылшынның саяси қайраткері, парламент мүшесі, виг.—749.
- Уитни** (Whitney), Илай (1765—1825)—американ өнертапқышы, мақта талшығын, айыратын машинаны ойлап тапқан.—394, 402.
- Уоллес** (Wallace), Роберт (1697—1771)—ағылшын священнигі әрі статистик, халық өсуінің ғылымға жат теориясын насихаттаған, бұл теорияны кейіннен Мальтус қолдаған.—364, 627.
- Уорд** (Ward), Джон—автор, 1843 ж. Лондонда ағылшын тілінде шыққан «Ұлы мәртебелі королева Викторияның патшалық етуінің бастапқы кезіндегі Сток-апан-Трент округі» деген кітаптың авторы.—276.
- Уотсон** (Watson), Джон Форбс (1827—1892)—ағылшын дәрігері, Индияда әскери қызметте болған; Индияның ауыл шаруашылығы мен тоқыма өнеркәсібінің мәселелері жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—402.
- Уотс** (Watts), Джон (1818—1887)—ағылшын публицисі, әуелгі кезде утопист-социалист, Оуэннің жолын қушы, кейіннен буржуазияшыл либерал, капитализмнің апологеті.—560, 563.
- Уркарт** (Urquhart), Давид (1805—1877)—ағылшын дипломаты, реакцияшыл публицист әрі саяси қайраткер, түркішіл; 30-шы жылдары Түркияда дипломатиялық тапсырмалар орындаған, 1847—1852 жылдары парламент мүшесі, тори.—115, 375, 514, 740, 756, 757.
- Уэдждауд** (Wedgwood), Джозая (1730—1795)—ағылшын өнеркәсіпшісі, Англиядағы керамикалық өндірісті жетілдірген.—276, 279.
- Уэйд** (Wade), Бенджамин Франклин (1800—1878)—американ саяси қайраткері, 1867—1869 жылдары АҚШ-тың вице-президенті; АҚШ-тың оңтүстігіндегі құлдыққа қарсы шыққан.—17.
- Уэйд** (Wade), Джон (1788—1875)—ағылшынның буржуазияшыл публицисі, экономист әрі тарихшы.—253, 281, 630.
- Уэйкфилд** (Wakefield), Эдуард Гибон (1796—1862)—ағылшынның мемлекет қайраткері, отарлаудың буржуазиялық теориясын ұсынған экономист.—277, 336, 544, 593, 686, 773—779.
- Уэйленд** (Wayland), Фрэнсис (1796—1865)—этика, саяси экономия және басқа да ғылымдар жөніндегі көпшілікке арналған оқулықтардың авторы, Америкадағы Провиденс қаласындағы университеттің президенті, священник.—177, 219.
- Уэльсская**, принцесса — қараңыз: *Александра*.
- Уэст** (West), Эдуард (1782—1828)—ағылшын экономисі, буржуазиялық классикалық саяси экономия өкілдерінің бірі, жер рентасы мәселелерін талдап шешкен.—515, 536, 552, 553.



- Фарре** (Farre), Джон Ричард (1774—1862), ағылшын дәрігері.—288.
- Фаульхабер** (Faulhaber), Иоганн (1580—1635)—неміс математигі әрі инженер.—387.
- Фергюсон** (Ferguson), Адам (1723—1816)—Шотландияның буржуазияшыл тарихшысы, философ әрі социолог.—138, 366, 374.
- Ферранд** (Ferrand), Уильям — ағылшын жер иеленушісі, тори партиясына қосылған.—276, 427.
- Ферье** (Ferrier), Франсуа Луи Огюст (1777—1861)—француздың буржуазияшыл тұрпайы экономисі, меркантилизмнің энигоны, чиповник.—77.
- Фильден** (Fielden), Джон (1784—1849)—ағылшын фабриканты, буржуазияшыл филантроп, фабрика-

- лық заң шығаруды жақтаушы.— 414, 423, 767.
- Филипп VI** (1293—1350)— француз королі (1328—1350)—106.
- Фихте** (Fichte), Иоганн Готлиб (1762—1814)— неміс философы, субъективтік идеалист, XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі — XIX ғасырдың бас кезіндегі неміс идеализмінің өкілі.—69.
- Флетчер** (Fletcher), Эндрю (1655—1716)— Шотландияның саяси қайраткері, жер иеленуші, Шотландияның тәуелсіздігін қорғап шыққан.—732.
- Флитауд** (Fleetwood), Уильям (1656—1723)— ағылшын епископы, Англиядағы баға тарихы жөніндегі кітаптардың авторы.—281.
- Фонтере** (Fonteret), Антуан Луи — француз дәрігері, қоғамдық тазалық мәселелері жөнінде XIX ғасырдың екінші жартысында жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.—375.
- Форбонне** (Forbonnais), Франсуа Верон Дюверже, *де* (1722—1800)— француздың буржуазияшыл экономисі, ақшаның сан теориясын жақтаған.—106.
- Форстер** (Forster), Натаниел (1726 шамасы—1790)— ағылшын священнигі, бірсыпыра экономикалық еңбектердің авторы, жұмысшылардың мүдделерін қорғап шыққан.—283, 437, 522, 735, 736.
- Форстер** (Forster), Уильям Эдуард (1818—1886)— ағылшын фабриканты әрі саяси қайраткер, либерал, парламент мүшесі.—674.
- Фортескью** (Fortescue), Джон (1394 шамасы—1476 шамасы)— ағылшын юрисі, Англияның мемлекеттік құрылысының мәселелері жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—728, 729.
- Фосетт** (Fawcett), Генри (1833—1884)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі, Джон Стюарт Милльдің жолын қуған; саяси қайраткер, виг.—568, 622, 665, 757.
- Франклин** (Franklin), Бенджамин (1706—1790)— Американың аса көрнекті саяси қайраткері әрі дипломат, буржуазияшыл демократ, Солтүстік Америкадағы тәуелсіздік жолындағы соғысқа қатынаскан адам; ірі ғалым, физик әрі экономист.—67, 177, 193, 337, 627.
- Фрейтаг** (Freitag), Густав (1816—1895)— немістің буржуазияшыл жазушысы.—748.
- Фридрих II** (1712—1786)— Пруссия королі (1740—1786).—741, 754.
- Фукидид** (460 шамасы— біздің заманымызға дейінгі 395 шамасы)— ертедегі гректің аса ірі тарихшысы, «Пелопоннесс соғысы тарихының» авторы.—228, 377.
- Фуллартон** (Fullarton), Джон (1780—1849)— ағылшынның буржуазияшыл экономисі, ақша айналысы мен кредит мәселелері жөнінде жазған, ақшаның сан теориясына қарсы болған.—142—143, 155, 158.
- Фултон** (Fulton), Роберт (1765—1815)— американ инженері әрі өнертапқыш, тұңғыш пароходты жасап шығарған адам.—499.
- Фурье** (Fourier), Шарль (1772—1837)— француздың ұлы утопист-социалисі.—299, 394, 437, 705, 706.
- Фэрберн** (Fairbairn), Уильям (1789—1874)— ағылшын фабриканты, инженер әрі өнертапқыш.—445.

X

- Хансен** (Hanssen), Георг (1809—1894)— немістің буржуазияшыл экономисі; егіншілік пен аграрлық қатынастар тарихының мәселелері жөніндегі бірсыпыра кітаптардың авторы.—247.
- Хантер** (Hunter), Генри Джулиан — ағылшын дәрігері, жұмысшылар өмірінің ауыр жағдайлары жөніндегі бірсыпыра есептердің авторы.—409, 670—675, 677, 679, 689, 692, 694—696, 703, 731.
- Харрис** (Harris), Джемс (1709—1780)— ағылшын филологі әрі философ, мемлекет қайраткері, парламент мүшесі, казначей лорды (1763—1765).—377.
- Харрис** (Harris), Джемс, граф *Малмсбери* (1746—1820)— ағылшын дипломаты, Россияда және басқа мемлекеттерде елші болған.—377.
- Харрисон** (Harrison), Уильям (1534—

- 1593)—ағылшын священнигі, XVI ғасырдағы Англияның тарихын зерттеу үшін құнды әдебиет болып табылатын бірсыпыра еңбектердің авторы.—729, 752.
- Хассел* (Hassall), Артур Хилл (1817—1894)—ағылшын дәрігері, көбінесе қоғамдық тазалық мәселелері жөнінде жазылған бірсыпыра еңбектердің авторы.—187, 259.
- Хаттон* (Hutton), Чарлз (1737—1823)—ағылшын математигі.—381.
- Хауард де Уолден* (Howard de Walden), Чарлз Огастес Эллис, барон (1799—1868)—ағылшын дипломаты.—385.
- Хауитт* (Howitt), Уильям (1792—1879)—ағылшын жазушысы, христиан дінінің тарихы жөніндегі және бірсыпыра басқа да мәселелер жөніндегі кітаптардың авторы.—759.
- Хаутон* (Houghton), Джон (1705 ж. өлген)—ағылшын сауда қызметкері, сауда, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының мәселелері жөнінде бірсыпыра кітаптар шығарған.—437.
- Херреншванд* (Herrenschwand), Жан (1728—1812)—Швейцарияның буржуазияшыл экономисі.—136.
- Хобхауз* (Hobhouse), Джон Кам, барон *Бротон* (1786—1869)—ағылшынның мемлекет қайраткері, виг; осының ұсынысының негізінде 1831 ж. фабрика заңы қабылданды.—298.
- Холиншед* (Holinshed), Рафаэл (1580 ж. шамасында өлген)—ағылшын тарихшысы, Англияның, Шотландияның, Ирландияның ең ертедегі заманаан бастап XVI ғасырдың 70-ші жылдарына дейінгі хроникасының авторы.—745.
- Холл* (Hall), Кристофер Ньюмен (1816—1902)—ағылшын священнигі, жоғарғы дін иелері өкілдерінің бірі.—365.
- Хорн* (Horne), Джордж (1730—1792)—ағылшын епископы, Ньютонға, Юмға, А. Смитке және басқа да ғалымдарға қарсы бағытталған көптеген памфлестердің авторы.—628.
- Хорнер* (Hornor), Леонард (1785—1864)—ағылшын геологы әрі қоғам қайраткері, фабрикалық инспектор (1833—1856), жұмысшылардың мүдделерін қорғап шыққан.—236, 251, 286, 289, 293, 296, 299, 304, 411, 412, 424, 425, 436, 561.
- Хорнер* (Hornor), Фрэнсис (1778—1817)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі саяси қайраткер; парламент мүшесі, виг, Жамбы жөніндегі комитеттің председателі (1810), Рикардоның ақша теориясын жақтаған.—767.
- Хуарес* (Huárez), Бенито Пабло (1806—1872)—Мексиканың аса көрнекті мемлекет қайраткері, елдің ұлттық тәуелсіздігі үшін күрескен күрескер, Мексикадағы азамат соғысы (1858—1860) мен интервенция (1861—1867) дәуірінде либералдар партиясының басшысы болған, Мексиканың президенті (1858—1872).—181.

Ц

- Цинциннат* (Луций Квинкий Цинциннат) (біздің заманымызға дейінгі V ғасыр)—Рим патрицийі, консул (біздің заманымызға дейінгі 460), диктатор (біздің заманымызға дейінгі 458 және 439), аңызға қарағанда қарапайым өмір сүріп, жерді де өзі өндеген.—197.
- Цицерон* (Марк Туллий Цицерон) (106—біздің заманымызға дейінгі 43)—Римнің аса көрнекті ділмар шешені және мемлекет қайраткері, эклектик-философ.—417.

Ч

- Чайлд* (Child), Джозая (1630—1699)—ағылшынның меркантилист экономисі, банкир әрі купец.—106, 770.
- Чалмерс* (Chalmers), Томас (1780—1847)—ағылшынның протестант теологі және буржуазияшыл экономист, Мальтустің жолын құған.—166, 175, 627, 628.
- Чемберлен* (Chamberlain), Джозеф (1836—1914)—ағылшынның мемлекет қайраткері, 1873—1875 жылдары Бирмингем қаласы мәрінің қызметін атқарған, кейінірек көп-

теген жылдар бойы ағылшын кабинетінің мүшесі болған, ағылшын-бур соғысын ұйымдастырушы бастыларының бірі, ағылшын империализмінің идеологі.—653.

Чернышевский, Николай Гаврилович (1828—1889)—орыстың ұлы революционер демократы, ғалым, жазушы және әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының негізін белгілеуші аса көрнекті адамдардың бірі.—22.

Ш

Шау (Schouw), Иоаким Фредерик (1789—1852)—Дания ғалымы, ботаник.—522.

Шевалье (Chevallier), Жан Батист Антуан (1793—1879)—француз химигі және фармацевт.—259.

Шекспир (Shakespeare), Вильям (1564—1616)—ағылшынның ұлы жазушысы.—44, 61, 99, 122, 146, 282, 296, 498, 694, 753.

Шербюлье (Cherbuliez), Антуан Элизе (1797—1869)—Швейцария экономисі, Сисмондидің жолын қуған, Сисмонди теориясын Рикардо теориясының элементтерімен ұштастырған.—195, 198, 595.

Ши (Shee), Уильям (1804—1868)—Ирланд юрисі және либерал саяси қайраткер, парламент мүшесі, король скамьясы сотының мүшесі (1863—1868).—435.

Шиллер (Schiller), Фридрих (1759—1805)—немістің ұлы жазушысы.—417, 587, 604.

Шорлеммер (Schorlemmer), Карл (1834—1892)—немістің ірі химигі, Манчестердегі профессор; герман социал-демократиялық партиясының мүшесі; Маркс пен Энгельстің досы.—318.

Штольберг (Stolberg), Фридрих Леопольд, граф (1750—1819)—неміс ақыны, буржуазиялық Ағарту ісінің өкілі, кейіннен реакцияшыл романтик.—522.

Штольберг (Stolberg), Христиан (1748—1821)—неміс ақыны әрі аудармашы.—418.

Шторх, Андрей Карлович (Генрих) (1766—1835)—орыс экономисі, статистик әрі тарихшы, Петербург

Ғылым Академиясының мүшесі, буржуазиялық классикалық саяси экономияның эпигоны.—187, 195, 363, 372, 373, 601, 659.

Штраусберг (Stroußberg), Бетель Генри (1823—1884)—немістің ірі теміржолшы мердігері, 1873 ж. күйреп қурыған.—245.

Шульц (Schulz), Вильгельм (1797—1860)—неміс публицисті, 1848—1849 жылдардағы революцияға қатынасқан адам, Франкфурт Ұлттық жиналысының солшыл қанатында болған.—382.

Шульце-Делич (Schulze-Delitzsch), Герман (1808—1883)—немістің саяси қайраткері және буржуазияшыл тұрпайы экономист; кооперация қоғамдарын ұйымдастыру арқылы жұмысшылардың көңілін революциялық күрестен басқа жаққа аудармақшы болған.—11.

Э

Эвелинг (Aveling), Эдуард (1851—1898)—ағылшын жазушысы, «Капиталдың» бірінші томының аудармашысы; Социал-демократиялық федерацияның, одан кейін Социалистік лиганың мүшесі; Элеонора Маркстің күйеуі.—36.

Эверет (Everet), XVIII ғасырдағы ағылшын өнертапқышы. 438.

Эдуард III (1312—1377)—ағылшын королі (1327—1377).—111, 280, 747.

Эдуард VI (1537—1553)—ағылшын королі (1547—1553).—743, 744.

Эйкин (Aikin), Джон (1747—1882)—ағылшын дәрігері, тарихшы әрі радикал публицист.—605, 606, 758, 767, 768.

Эмери (Emery)—американ өнертапқышы.—394.

Энгельс (Engels), Фридрих (1820—1895).—7, 32—36, 38—41, 46, 91, 166, 177, 250, 254, 263, 276, 300, 310, 410, 433—435, 454, 497, 617, 645, 665, 772.

Энсор (Ensor), Джордж (1769—1843)—ағылшын публицисті, мальтусшілдікті сынаған.—739.

Эпикур (341 ж. шамасы — біздің заманымызға дейінгі 270 ж. шамасы)—ертедегі Грецияның аса көр-

- некті материалист философы, атеист.—95.
- Эшвеге* (Eschwege), Вильгельм (1777—1855)—неміс геологі және кен инженері.—54.
- Эшли* (Ashley), Антони Купер, граф *Шефтсбери* (1801—1885)—ағылшынның саяси қайраткері, 40-шы жылдары парламентте тори-фиантроптар тобын басқарған, 1847 жылдан виг.—413, 423, 686, 688.

Ю

- Юм* (Hume), Давид (1711—1776)—ағылшын философы, субъективтік идеалист, агностик; буржуазияшыл тарихшы әрі экономист, меркантилизмнің жауы, ақшаның сан теориясының ертеректегі өкілдерінің бірі.—137, 138, 522, 565, 627, 628.

Я

- Юнг* (Young), Артур (1741—1820)—ағылшын агрономы әрі буржуазияшыл экономист, ақшаның сан теориясын жақтаған.—137, 241, 283, 684, 691.
- Юр* (Ure), Эндрью (1778—1857)—ағылшын химигі, буржуазияшыл тұрпайы экономист, өнеркәсіп экономикасы жөніндегі бірсыпыра еңбектердің авторы.—41, 239, 273, 282, 308, 331, 360—362, 379, 380, 390, 397, 414, 429—431, 434, 442, 446, 447, 562, 567, 571.

- Яков I* (1566—1625)—ағылшын королі (1603—1625).—732, 745, 748.
- Яррантон* (Yarranton), Эндрью (1616—1684 ж. шамасы)—ағылшын инженері және буржуазияшыл экономист.—360.

ӘДЕБИ КЕІПҚЕРЛЕР МЕН МИФТІК КЕІПҚЕРЛЕР

- Авель*—інжіл аңызына қарағанда, Адаматаның баласы, өзінің үлкен ағасы Қайн көре алмаушылықтан қызғанышпен өлтірген.—757.
- Адамата*—інжіл аңызына қарағанда, құдай балшықтан жасал жаратқан, кейіннен күнәға батқан алғашқы адам; «Қаусаған Адамды аздыру» деген сөз—рухани жағынан өзгеру, күнәһар әдеттерден бастарту дегенді білдіреді.—117, 627, 724, 773.
- Бузирис*—грек мифінде Египеттің патшасы.—378.
- Вишну*—индуист дініндегі тәңірі құдай, көбінесе халықтың ауқатты топтарының өкілдері осыған табынған.—609.
- Гамельндегі сабауқұйрық аулаушы*—немістің халық ертегісіндегі кейіпкер; ертеkte айтылатын осы сабауқұйрық аулаушы өзінің сабауқұйрықтарды жою жөнінде көрсеткен қызметіне Гамельн қаласының тұрғындары тиісті дәрежеде ақы төлемгені үшін олардан кек алмақ болып, осы қаладағы барлық балаларды сиқыршы сырнайдың әуеніне елкітіріп басқа жаққа ертіп әкеткен.—706.

- Георгий Победоносец*—мифтегі христиан әулиесі, айдаһарларды жеңіп шыққан.—44.
- Гефест*—грек мифологиясында от құдайы, ұста-құдай.—657.
- Гобсек*—Бальзактің осы аттас романының басты геройы.—600.
- Джаггернаут* (Джаганнатх)—индуист құдайы Вишнудың бейнесі.—389, 657.
- Догбери*—Шекспирдің «Даурыққан дақпырт» деген комедиясының кейіпкері, чиновниктік менмендік пен ақмақтықтың бейнесі.—99, 435, 613.
- Дон-Кихот*—Сервантестің осы аттас романының басты геройы.—97.
- Иегова*—иудей дініндегі негізгі құдайыгерлік.—373.
- Қайн*—інжіл аңызына қарағанда, Адаматаның үлкен ұлы, өз інісі Авельді көре алмай қызғаныштан өлтірген.—757.
- Кальб*, гофмаршал—Шиллердің «Жауыздық пен махабат» деген трагедиясындағы сарай маңындағы адам.—587.
- Қуикли*—Шекспирдің «Қороль Генрих IV» деген тарихи хроникасын-

- дағы трактирші әйелдің образы.—61.
- Мариторнес* — Сервантестің «Дон-Кихот» романындағы әйел кейіпкер.—101.
- Медуза* — грек мифологиясындағы ғаламат; бұған бір қарағанда-ақ адамдар тасқа айналып кететін болған.—15.
- Моисей* — інжіл аңызына қарағанда, ертедегі еврейлерді Египет фараондарының қуғындауынан құтқарған әулие.—384, 606, 778.
- Одиссей* — грек эпосының геройы, Итаки аралының мифтік патшасы, өзінің ерлігімен, ақыл-айласымен атағы шыққан. Аңызда оның о дүниеге барып, өлген адамдардың жанымен әңгімелескені туралы айтылады.—264.
- Павел* — інжіл аңызына қарағанда, христиан апостолдарының бірі.—627.
- Персей* — грек мифологиясындағы герой, Зевс құдайдың Данаядан туған ұлы, талай ерліктер жасаған, оның ішінде горгон Медузаның басын шауып тастаған.—15.
- Петр* — Дантениң «Күдыретті комедиясының» кейіпкері, қасиетті апостол.—118.
- Плуто* — рим мифологиясында жерасты патшалығының құдайы.—147.
- Полоний* — Шекспирдің «Гамлет» трагедиясының кейіпкері; патша сарайында жүретін сөзшең қу аламының типі.—283.
- Прометей* — грек мифологиясында алыптардың бірі, ол құдайлардан от ұрлап алып, оны адамдарға әкеліп берген; осы үшін жазаға тартылып, Зевстің өмірі бойынша оны Гефест жартасқа шынжырлап байлап тастаған, сол жерде оның бауырын бүркіт шұқып жеген.—657.
- Пятница* — Дефоның «Робинзон Крузо» романының геройы.—298.
- Робинзон Крузо* — Дефоның осы аттас романының басты геройы.—92—94.
- Сабала* — индуист дінінде сиыр түрінде бейнеленген құдай.—589.
- Сайкс*, Билл — Диккенстің «Оливер Твист» романындағы кейіпкер, қарақшы.—452.
- Санградо* — Лесаждың «Сангиляннан шыққан Жиль Бластың басынан кешкендері» деген романының кейіпкері, дәрігер, қандай ауру болса да өзінің пациенттерінен қан алып, оларға жылы су ішу керек деп кеңес беретін болған.—721.
- Санчо Панса* — Сервантестің «Дон-Кихот» романының кейіпкері.—652.
- Сизиф* — грек мифологиясында Коринфтің патшасы, құдайларды алдағаны үшін таудан төмен қарай домалаған тасты өмір бойы жоғары қарай домалатып тұруға жазаланған. «Сизифтің зая еңбегі» деген осыдан шыққан, мұның мәнісі — ауыр да нәтижесіз аққұла жұмыс істеу деген сөз.—147, 433.
- Сиколь* — Шекспирдің «Даурыққан дақпырт» деген пьесасының кейіпкері.—99.
- Тор* — скандинав мифологиясында жай түсіруші құдай, егіншілікті өзіне бағындырған, қолына балға ұстатып бейнеленген.—396.
- Фауст* — Гётенің осы аттас трагедиясындағы басты кейіпкер.—102.
- Фортунат* — немістің халық ертегісінің геройы, ішіндегі нәрсесі өмірі таусылмайтын тамаша қапшығы және сиқыршы бөркі болған.—468, 660.
- Циклоп* — грек мифологиясындағы мандайында жалғыз көзі бар дәу.—248.
- Шейлок* — Шекспирдің «Венециан купеці» деген пьесасының кейіпкері, мейірімсіз өсімқор.—297, 694.
- Эккарт* — немістің орта ғасырлардағы ертектерінің геройы, шын берілген адамның, сенімді сакшының образы.—284.
- Юпитер* — Рим мифологиясында жай түсіруші тәңірі құдай, Гректің Зевс құдайы тәрізді.—376, 590.

ЦИТАТА АЛЫНҒАН ЖӘНЕ АТАП ӨТІЛГЕН ӘДЕБИЕТТЕР КӨРСЕТКІШІ*

- Зибер, Н. И.* Ең соңғы қосымшаларымен және түсіндірмелерімен байланысты Д. Рикардоның құндылық пен капитал теориясы. Киев, 1871.—24.
- [*Кауфман, И. И.*] Қарл Маркстің саяси-экономикалық сынының көзқарасы. Мына журналда: «Вестник Европы», 1872, III том.—24—26.
- Чернышевский, Н. Г.* Саяси экономияның очерктері (Милль бойынша). Бірінші рет 1861 жылы «Современник» журналында жарияланған, Санкт-Петербург.—22.
- Addington, St.* An Inquiry into the reasons for and against inclosing open-fields. London, 1772 (*Аддингтон, Ст.* Ашық жерлерді қоршауды жақтаған және оған қарсы дәлелдерді зерттеу, Лондон, 1772).—736.
- The Advantages of the East-India trade to England. London, 1720 (Ост-инд саудасының Англия үшін пайдасы. Лондон, 1720).—329, 350, 355, 357, 360, 377, 437, 520.
- Aikin, J. A.* Descripton of the county from thirty to forty miles round Manchester. London, 1795 (*Эйкин, Дж.* Отыз мильден қырық миль шеңберінде Манчестердің төңрегін суреттеу. Лондон, 1795).—605, 606, 758, 767, 768.
- Anderson, A.* An Historical and chronological deduction of the origin of commerce, from the earliest accounts to the present time (*Андерсон, А.* Сауда туралы ең ертедегі мәліметтерден бастап осы кездің мәліметтеріне дейінгі сауданың тарихи және хронологиялық очеркі). Бірінші рет 1764 жылы Лондонда басылып шықты.—753, 767.
- Anderson, J.* The Bee, or Literary weekly intelligencer, Volume III. Edinburgh, 1791 (*Андерсон, Дж.* Ара немесе Апталық әдеби хабаршы. III том. Эдинбург, 1791).—628.
- Anderson, J.* Observations on the means of exciting a spirit of national industry; chiefly intended to promote the agriculture, commerce, manufactures, and fisheries, of Scotland. In a series of letters to a friend. Written in the year 1775. Edinburgh, 1777 (*Андер-*

* Белгілібір еңбектің Маркс қай жолғы басылуымен пайдаланығанын айқын анықтауға мүмкін болмаған реттерде ол еңбектің бірінші басылуы көрсетіледі немесе бұл басылуының датасы мен шыққан жері айтылады.

Жасырын атпен шыққан кітаптардың авторларының анықталған есімдері шаршы жақшаның ішіне алынды. Орыс тіліне аударылған еңбектер жұлдызшамен белгіленді.

- сон, Дж. Ұлттық кәсіп нелерінің рухын көгеретін, көбінесе Шотландияның ауыл шаруашылығын, саядасын, өнеркәсібі мен балық аулау шаруашылығын дамытуға көмектесуге арналған құралдар туралы ойлар. 1775 жылы досына жазылған хаттар. Эдинбург, 1777).—571, 739.
- **Appian, Römische Bürgerkriege. Erstes Buch. In: Appian's von Alexandrien Römische Geschichten, übersetzt von F. Dillenius. Bändchen VII. Stuttgart, 1830 (Аппиан. Рим азамат соғысы. Бірінші кітап. Мына кітапта: Аппиан Александрийский. Рим тарихы. Ф. Дилленустың аудармасы. VII кітап. Штутгарт, 1830).—737.*
- [*Arbutnot, J.*] An Inquiry into the connection between the present price of provisions, and the size of farms. By a farmer. London, 1773 ([*Арбатнот, Дж.*] Тамақ өнімдерінің кәзіргі бағалары мен фермалар арасындағы байланыстылықты зерттеу. Фермердің шығармасы. Лондон, 1773).—318, 335—337, 733, 737.
- **Aristoteles. Ethica Nicomachea. In: Aristotelis opera ex recensione I. Bekkeri. Tomus IX. Oxonii. 1837 (Аристотель. Никомахов этикасы. Мына кітапта: Аристотель. Шығармалар. И. Беккердің басып шығарғаны. IX том. Оксфорд, 1837).—75.*
- **Aristoteles. De republica libri VIII. In: Aristotelis opera ex recensione I. Bekkeri. Tomus X. Oxonii, 1837 (Аристотель. Саясат (сегіз кітап). Мына кітапта: Аристотель. Шығармалар. И. Беккердің басып шығарғаны. X том, Оксфорд, 1837).—97, 166, 178.*
- Ashley, Lord.* Ten hours' factory bill. The speech in the House of Commons, on Friday, March 15th, 1844. London, 1844 (*Эшли, лорд.* Фабрикалардағы он сағаттық жұмыс күні туралы билль, 1844 жылғы 15 мартта жұма күні қауымдар палатасында сөйленген сөз. Лондон, 1844).—413, 423.
- Athenaeus. Deipnosophistarum libri quindecim. Tomus II. Edidit Schweighaeuser. Argentorati, 1802 (Атений. Ғылым қайраткерлерінің стол басындағы әңгімелері, он бес кітап. II том. Швейгхойзердің бастырып шығарғаны. Страсбург, 1802).—115, 147.*
- Augier, M.* Du crédit public et de son histoire depuis les temps anciens jusqu'à nos jours. Paris, 1842 (*Ожье, М.* Қоғамдық кредит туралы және оның ерте заманнан бастап біздің заманымызға дейінгі тарихы туралы. Париж, 1842).—768.
- Babbage, Ch.* On the economy of machinery and manufactures. London, 1832 (*Баббедж, Ч.* Фабрикалық өндірістің экономикасы туралы. Лондон, 1832).—358, 361, 386, 401, 415.
- **Bacon, F.* The Essays or counsels civil and moral (*Бэкон, Ф.* Адамгершілік және саяси тәжірибелер мен өсиеттер). Көзі тірісінде соңғы рет 1625 жылы Лондонда шықты.—730.
- Bacon, F.* The Reign of Henry VII. In: *Milton, J.* Britain under Trojan, Roman, Saxon rule.— *More, Th.* England under Richard III.— *Bacon, F.*, Lord Verulam. The Reign of Henry VII.—Verbatim reprint from Kennet's England, ed. 1719. London, (*Бэкон, Ф.* Генрих VII патшалық егуі. Мына кітапта: *Мильтон, Дж.* Британия тройандықтардың, римдіктер мен сакстардың билеп-төстеу дәуірінде.— *Мор, Т.* Англия Ричард III тұсында.— *Бэкон, Ф.*, барон Веруламский. Генрих VII-нің патшалық егуі.— Кеннеттің 1719 жылы басылған «Англия» деген кітабынан сөзбе-сөз көшіріліп басылған. Лондон, 1870).—731—732.
- [*Bailey, S.*] A Critical dissertation on the nature, measures, and causes of value; chiefly in reference to the writings of Mr. Ricardo and his followers. By the authr of Essays on the formation and publication of opinions. London, 1825 ([*Бейли, С.*] Құнның табиғаты, өлшемдері мен себептері туралы сыни зерттеу; көбінесе Рикардо мырзаның және оның жолын қушылардың жұ-

- мыстарына байланысты. «Пікірлердің қалыптасуы мен жариялануы туралы очерктердің» авторының шығармасы. Лондон, 1825).—79, 99, 543.
- [Bailey, S.] Money and its vicissitudes in value: as they affect national industry and pecuniary contracts; with a postscript on joint-stock banks. London, 1837 (*Бейли, С.*) Ақша және оның құнының өзгеруі; бұл өзгерістердің ұлт өнеркәсібіне және ақша міндеттемелеріне әсері; акционерлік банктер туралы қосымшасы бар. Лондон 1837).—66, 621.
- Barbon, N. A Discourse concerning coining the new money lighter. In Answer to Mr. Lock's considerations about raising the value of money. London, 1696 (*Барбон, Н.* Неғұрлым жеңіл салмақты жана монета шығару туралы трактат. Локк мырзаның ақша құнын арттыру туралы пікірлеріне жауап. Лондон, 1696).—49—52, 143, 157, 158.
- Barton, J. Observations on the circumstances which influence the condition of the labouring classes of society. London, 1817 (*Бартон, Дж.* Қоғамның еңбекші таптарының жағдайына әсер ететін жағдайлар туралы пікірлер. Лондон, 1817).—642, 685.
- Baynes, J. The Cotton trade. Two lectures on the above subject, delivered before the members of the Blackburn literary, scientific and mechanics' institution. Blackburn—London, 1857 (*Бейнс, Дж.* Мақтамен сауда жасау. Әдебиет, ғылым мен механиканың Блэкберн қоғамының мүшелеріне әлгі мәселе жөнінде оқылған екі лекция. Блэкберн—Лондон, 1857).—401.
- Beccaria, C. Elementi di economia pubblica, In: Scrittori classici italiani di economia politica. Parte moderna. Tomo XI. Milano, 1804 (*Беккарія, Ч.* Қоғамдық экономиканың негіздері. Мына кітапта: Саяси экономияның итальян классиктері. Кәзіргі заманғы экономистер. XI том. Милан, 1804).—377.
- Beckmann, J. Beyträge zur Geschichte der Erfindungen. Band I. Leipzig, 1786 (*Бекман, И.* Өнертабыс тарихы жөнінде. I том. Лейпциг, 1786).—437—438.
- Bellers, J. Essays about the poor, manufactures, trade, plantations, and immorality. London, 1699 (*Беллерс, Дж.* Кедейлер туралы, өнеркәсіп, сауда, отарлар және адамгершіліксіздік туралы тәжірибелер. Лондон, 1699).—145, 159, 490.
- *Bellers, J. Proposals for raising a college of industry of all useful trades and husbandry. London, 1696 (*Беллерс, Дж.* Барлық пайдалы өнеркәсіптер мен ауыл шаруашылығының еңбек колледжін құру туралы ұсыныс. Лондон, 1696).—152, 336, 437, 499, 625.
- Bentham, J. Théorie des peines et des récompenses. Par Et. Dumont. Troisième édition. Tome II. Paris, 1826 (*Бентам, И.* Жазалар мен көтермелеу теориясы. Эт. Дюмонның өңдеуі. Үшінші басылуы. II том. Париж, 1826).—620.
- Berkley, G. The Querist, containing several queries, proposed to the consideration of the public. London, 1750 (*Беркли, Дж.* Сұрамшы. Жұртшылықтың қарауына ұсынылатын кейбір мәселелер. Лондон, 1750).—346, 365.
- Bidaut, J. N. Du monopole qui s'établit dans les arts industriels et le commerce, au moyen des grands appareils de fabrication. Deuxième livraison. Du monopole de la fabrication et de la vente. Paris, 1828 (*Бидо, Ж. Н.* Өндірістің ірі құралы арқасында өнеркәсіп пен саудада туатын монополия туралы. Екінші кітап. Өндіріс пен сату ісінің монополиясы туралы. Париж, 1828).—331.
- Biese, F. Die Philosophie des Aristoteles, in ihrem inneren Zusammenhang, mit besonderer Berücksichtigung des philosophischen Sprachgebrauchs, aus dessen Schriften entwickelt. Band II. Berlin, 1842 (*Бизе, Ф.* Аристотельдің философиясы, оның ішкі байланысы мен терминологиясы. II том. Берлин, 1842).—418.
- Blakey, R. The History of political

- literature from the earliest times. Volume II. London, 1855 (*Блейки, Р.* Ерте заманнан бергі саяси әдебиеттің тарихы. II том, Лондон, 1855).—732.
- Blanqui, J. A.* Cours d'économie industrielle. Recueilli et annoté par. Ad. Blaise. Paris, 1838—1839 (*Бланки, Ж. А.* Өнеркәсіп экономикасының курсы. Ад. Блез құрастырып, аннотациялаған. Париж, 1838—1839).—348.
- Blanqui, J. A.* Des classes ouvrières en France, pendant l'année 1848. Parties I et II. In: Petits traités publiés par l'Académie des Sciences morales et politiques. Paris, 1849. (*Бланки, Ж. А.* Францияның еңбекші таптары 1848 жылда. I және II бөлімі. Мына кітапта: Мораль және саяси ғылымдар Академиясы жариялаған шағын трактаттар. Париж, 1849).—285.
- (*Bloch, M.* Les théoriciens du socialisme en Allemagne. Extrait du «Journal des Economistes» (numéros de juillet et d'août 1872). Paris, 1872 (*Блок, М.* Германиядағы социализм теоретиктері. «Journal des Economistes»-тен үзінділер (1872 ж. июль мен августары номерлері). Париж, 1872).—24.
- Boileau, E.* Règlements sur les arts et métiers de Paris, rédigés au XIII^e siècle, et connus sous le nom du Livre des métiers. Paris, 1837 (*Буало, Э.* Париждегі искусство мен колөнерлер туралы XIII ғасырда жасалған және колөнер Кітабы деген атпен белгілі ережелер. Париж, 1837).—496.
- Boisguillebert, P.* Le détail de la France. In: Economistes financiers du XVIII^e siècle. Précédés de notices historiques sur chaque auteur, et accompagnés de commentaires et de notes explicatives, par. E. Daire, Paris, 1843 (*Буагильбер, П.* Францияның бөлшек саудасы. Мына кітапта: XVIII ғасырдың экономист-финансистері. Әрбір автор туралы тарихи заметкалар, Э. Дәрдің комментарийлері мен түсінік ескертулері бар. Париж, 1843).—144.
- Boisguillebert, P.* Dissertation sur la nature des richesses, de l'argent et des tributs. In: Economistes financiers du XVIII^e siècle. Précédés de notices historiques sur chaque auteur, et accompagnés de commentaires et de notes explicatives, par. E. Daire. Paris, 1843 (*Буагильбер, П.* Байлықтың, ақша мен салықтың табиғаты туралы пікірлер. Мына кітапта: XVIII ғасырдың экономист-финансистері. Әрбір автор туралы тарихи заметкалар, Э. Дәрдің комментарийлері мен түсінік ескертулері бар. Париж, 1843).—154.
- Boxhorn, M. Z.* Institutiones politicae. In: *Boxhorn, M. Z.* Varii tractatus politici. Amstelodami, 1663 (*Боксхорн, М. З.* Саяси ұйымдар. Мына кітапта: *Боксхорн, М. З.* Түрлі саяси трактаттар. Амстердам, 1663).—438.
- [*Brentano, L.*] Wie Karl Marx citirt. In: «Concordia», 7. März 1872 ([*Брентано, Л.*] Карл Маркс цитатаны қалай алады. «Concordia» журналында, 7 март, 1872 ж.).—42, 43.
- [*Brentano, L.*] Wie Karl Marx sich vertheidigt. In: «Concordia», 4. Juli 1872, 11. Juli 1872 ([*Брентано, Л.*] Карл Маркс өзін қалай қорғайды. «Concordia» журналында, 4 июль, 1872 ж., 11 июль, 1872 ж.).—43—44.
- Broadhurst, J.* Political economy. London, 1842 (*Бродхерст. Дж.* Саяси экономия. Лондон, 1842).—71.
- Brougham, H.* An Inquiry into the colonial policy of the european powers. In two volumes. Vol. II. Edinburgh, 1803 (*Брум, Г.* Еуропа-лық державалардың отарлау саясатын зерттеу. Екі томдық. II том, Эдинбург, 1803).—768.
- [*Bruckner, J.*] Théorie du système animal. Leide, 1767 ([*Брукнер, И.*] Хайуанат дүниесінің теориясы. Лейден, 1767).—627.
- Buchanan, D.* Inquiry into the taxation and commercial policy of Great Britain. Edinburgh, 1844 (*Бьюкенен, Д.* Великобританияның салық салуын және сауда саясатын зерттеу. Эдинбург, 1844).—141.

- Buchanan, D.* Observations on the subjects treated of in Dr. Smith's Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations. Edinburgh, 1814 (*Бьюкенен, Д. Д-р Смиттің «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеуінде»* баяндалатын предметтер туралы ескертулер. Эдинбург, 1814).—739.
- Buchanan, D.* Мына кітаптағы ескертулер: *Smith, A.* An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations. In three volumes. With notes, and an additional volume, by D. Buchanan. Vol. I. Edinburgh, 1814 (*Смит, А. Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу. Үш томдық. Д. Бьюкененнің ескертулері мен қосымша томы бар. I том. Эдинбург, 1814*).—569.
- Buchez, Ph. et Roux, P. C.* Histoire parlementaire de la révolution française, ou Journal des assemblées nationales, depuis 1789 jusqu'en 1815. T. X. Paris, 1834 (*Бюше, Ф. және Ру, П. С. Француз революциясының парламенттік тарихы, немесе 1789 жылдан бастап, 1815 жылға дейінгі ұлттық жиналыстардың Күнделігі.—X том. Париж, 1834*).—751.
- Burke, E.* A Letter from the Right Honourable Edmund Burke to a Noble Lord, on the attacks made upon him and his pension, in the House of Lords, by the Duke of Bedford, and the Earl of Lauderdale, early in the present sessions of parliament. London, 1796 (*Бёрк, Э. Аса құрметті Эдмунд Бёрктің өз атына және өз пенсиясы жөнінде герцог Бедфорд пен граф Лодердельдің лордтар палатасында парламенттің биылғы сессиясының басында жасаған қиналаулары жөнінде қайырымды лордка жазған хаты. Лондон, 1796*).—734.
- Burke, E.* Thoughts and details on scarcity, originally presented to the Right Hon. William Pitt, in the month of November, 1795. London, 1800 (*Бёрк, Э. Мұқтаждық туралы пікірлер мен фактылар, бұл пікірлер мен фактылар алғаш рет 1795 жылғы ноябрьде аса құрметті Уильям Питтке тапсырылған. Лондон, 1800*).—218, 245, 333, 768.
- [*Byles, J. B.*] Sophisms of freetrade and popular political economy examined. By a barrister. Seventh edition: with corrections and additions. London, 1850 (*Байлс, Дж. Б.*) Фрирредерліктің софизмдері мен жалпыға түсінікті саяси экономия. Адвокаттың шығармасы. Жетінші басылуы, түзетіліп, толықтырылған. Лондон, 1850).—280, 747.
- Cairnes, J. E.* The Slave power: its character, career and probable designs. London, 1862 (*Кейнс, Дж. Э. Құл иелену: оның сипаты, жолы мен ықтимал перспективасы. Лондон, 1862*).—209, 275, 342.
- Campbell, G.* Modern India: a sketch of the system of civil government. To which is prefixed, some account of the natives and native institutions. London, 1852 (*Кэмпбелл, Дж. Қазіргі Индия: азаттық басқарма системасының очеркі, мұнда байырғы тұрғындар мен олардың әдет-ғұрыптары туралы кейбір мәліметтер берілген. Лондон, 1852*).—370.
- Cantillon, Ph.* The Analysis of trade, commerce, coin, bullion, banks, and foreign exchanges. Taken chiefly from manuscript of a very ingenious gentleman deceas'd, and adapted to the present situation of our trade and commerce. London, 1759 (*Кантильон, Ф. Колөнердің, сауданың, ақшаның, жамбылардың, банктердің және шетел валютасы курсының анализі, көбінесе қазірде қаза тапқан бір өте талантты джентельменнің қозжазбасынан алынған және өз қолөнеріміз бен саудамыздың қазіргі жағдайына бейімделіп жасалған анализ. Лондон, 1759*).—565.
- [*Cantillon, R.*] Essai sur la nature du commerce en général. Traduit de l'anglois. In: Discours politiques. Tome III. Amsterdam, 1756 (*Кантильон, Р.*) Жалпы сауда табиғаты жөніндегі тәжірибе. Ағылшын тілінен аударылған. Мына кітапта: Саяси трактаттар. III том. Амстердам, 1756).—565.

- Carey, H. Ch.* Essay on the rate of wages: with an examination of the causes of the differences in the condition of the labouring population throughout the world. Philadelphia. 1835 (*Қәри, Г. Ч.* Жалақының дәрежесі туралы тәжірибе және бүкіл дүние жүзіндегі еңбекші халықтың жағдайындағы айырмашылықтардың себептеріне талдау жасалған. Филадельфия, 1835).—573.
- Carey, H. Ch.* The Slave trade, domestic and foreign: why it exists, and how it may be extinguished. Philadelphia, 1853 (*Қәри, Г. Ч.* Ішкі, сыртқы құл саудасы: бұл сауданың болу себебі неде және оны қалай жоюға болады. Филадельфия, 1853).—740, 757.
- Carli, G. R.* Шығармаға ескерту: *P. Verri. Meditationi sulla economia politica.* In: *Scrittori classici italiani di economia politica. Parte moderna.* Tomo XV. Milano, 1804 (*Қарли, Дж. Р.* Шығармаға ескертулер: *П. Верри.* Саяси экономия туралы пікірлер. Мына кітапта: Саяси экономияның итальян классиктері. Көзіргі заманғы экономистер. XV том. Милан, 1804).—340.
- Carlyle, Th.* Hias (*Americana*) in nuce. In: «*Macmillan's magazine*», August, 1863. London and Cambridge (*Карлейль, Т.* Американ Илянадасы бастама шағында. «*Macmillan's magazine*»-дегі мақала, август, 1863. Лондон мен Кембридж).—265.
- Caus, S. de.* In: *Heronis Alexandrini* Buch von Luft-und Wasserkünsten. Frankfurt, 1688 (*Ко, С. де.* Мына кітапта: *Герон Александрийский.* Пневматика мен гидравлика туралы кітап. Франкфурт, 1688).—387.
- Cazenove, J.* Notes. In: *Malthus, Th. R.* Definitions in political economy. With a preface, notes, and supplementary remarks by J. Cazenove. London, 1853 (*Кейзнов, Дж.* Ескертулер. Мына кітапта: *Мальтус, Т. Р.* Саяси экономия анықтамалары. Дж. Кейзновтің алғысөзі, ескертулері мен қосымшалары бар. Лондон, 1853).—579, 608.
- [*Cazenove, J.*] Outlines of political economy; being a plain and short view of the laws relating to the production, distribution- and consumption of wealth. London, 1832 ([*Кейзнов, Дж.*] Саяси экономияның очерктері, бұл очерктер байлықтарды жасау, бөлу және тұтыну ісіне қатысты заңдардың жалпы түсінікті және қысқаша шолуы болып табылады. Лондон, 1832).—210, 328, 530.
- Chalmers, Th.* On Political economy in connexion with the moral state and moral prospects of society. Second edition. Glasgow, 1832 (*Чалмерс, Т.* Қоғамның адамгершілік жайы мен адамгершілік перспективаларына байланысты саяси экономия туралы. Екінші басылуы. Глазго, 1832).—166.
- The Character and behaviour of King William, Sunderland, Somers etc. as represented in original letters to the duke of Shrewsbury, from Somers, Halifax, Oxford, secretary Vernon etc. (Сомерстін, Галифакстің, Оксфордтың, Вернон қатшысының, т. т. герцог Шрузбериге жазған түпнұсқа хаттары бойынша король Вильгельмнің, Сандерлендтің, Сомерстін, т. т. сипаты мен мінез құлқы) (қолжазба).—733.
- Cherbuliez, A.* Richesse ou pauvreté. Exposition des causes et des effets de la distribution actuelle des richesses sociales, Paris, 1841 (*Шербюлье, А.* Байлық немесе кедейлік. Қоғам байлығын көзіргі кездегі бөлудің себептері мен салдарларын баяндау. Париж, 1841).—195, 198, 595.
- [*Child, J.*] A Discourse concerning trade, and that in particular of the East-Indies. London, 1689 ([*Чайлд, Дж.*] Сауда туралы және әсіресе ост-инд саудасы туралы трактат. Лондон, 1689).—106.
- [*Clement, S.*] A Discourse of the general notions of money, trade, and exchanges, as they stand in relation each to other. By a merchant. London, 1695 ([*Клемент, С.*] Ақша, сауда және олардың бір-біріне қатысы жөніндегі валюта курсы ту-

- ралы трактат. Купецтің шығармасы. Лондон, 1695).—106.
- Cobbett, W.* A History of the protestant «reformation», in England and Ireland; showing how that event has impoverished and degraded the main body of the people in those countries. In a series of letters, addressed to all sensible and just englishmen. London, 1824 (*Коббет, У.* Англия мен Ирландиядағы протестанттық «Реформацияның» тарихы, бұл оқиғаның осы елдерде халықтың негізгі бұқарасының кедейленуі мен кері кетуіне қалай әкелгенін көрсететін тарих. Барлық парасатты және әділетті ағылшындарға жолданған хаттар. Лондон, 1824).—732.
- Colins, J. G.* L'économie politique. Source des révolutions et des utopies prétendues socialistes. Tome III. Paris, 1857 (*Колен, Ж. Г.* Саяси экономия. Революциялардың және социалистік утопиялар дейтіннің қайнар бұлағы. III том, Париж, 1857).—625, 703, 780.
- **Columbus, Ch.* Brief aus Jamaica (*Колумб, Х.* Ямайкадан хат).—146.
- Comte, Ch.* Traité de législation ou Exposition des lois générales, suivant lesquelles les peuples prospèrent, dépérissent, ou restent stationnaires. Troisième édition. Bruxelles, 1837 (*Конт, Ш.* Заңдар туралы трактат, немесе Жалпы заңдар түсінігі, бұл заңдарды қолдана отырып халықтар гүлденеді, азады немесе ешқандай өзгерістерге ұшырамайды. Үшінші басылуы. Брюссель, 1837).—759.
- **Condillac, E. B.* Le commerce et le gouvernement. In: Mélanges d'économie politique. Tome I. Commentaires et notes, par E. Daire et G. Molinari. Paris, 1847 (*Кондильяк, Э. Б.* Сауда және үкімет. Мына кітапта: Саяси экономияның альманағы, I том, Э. Дэр мен Г. Молинаридің комментарийлері мен ескертулері. Париж, 1847).—172.
- Considerations concerning taking off the bounty on corn exported. In some letters to a friend. London, 1713 (Астық жөніндегі экспорт сыйлықтарын жою туралы ой-пікірлер. Досына хат. Лондон, 1713).—330.
- Considerations on taxes, as they are supposed to affect the price of labour in our manufactories. In a letter to a friend. London, 1765 (Салықтар біздің мануфактура-ларда еңбек бағасына әсер етеді деп жорамалданылатындықтан салықтар туралы пікірлер. Досына хат. Лондон, 1765). Бұл кітаптың авторы Дж. Канингем деп есептеледі.—283.
- Corbet, Th.* An Inquiry into the causes and modes of the wealth of individuals; or the Principles of trade and speculation explained. London, 1841 (*Корбет, Т.* Жеке адамдардың байлығының себептері және баудың тәсілдері туралы зерттеу; немесе сауда мен жалдаптықтың принциптерін түсіндіру. Лондон, 1841).—164, 600.
- Corbon, A.* De l'enseignement professionnel. Seconde édition. Paris, 1860 (*Корбон, А.* Кәсіпшілік оқу туралы. Екінші басылуы. Париж, 1860).—498.
- **Courcelle-Seneuil, J. G.* Traité théorique et pratique des entreprises industrielles, commerciales et agricoles ou Manuel des affaires. Deuxième édition. Paris, 1857 (*Курсель-Сеней, Ж. Г.* Өнеркәсіп, сауда мен егіншілік кәсіпорындарын творчестволық жолмен және практика жүзінде зерттеуге басшылық, немесе іс адамның Анықтаушы. Екінші рет басылуы. Париж, 1857).—243, 609.
- The Currency theory reviewed; in a letter to the scottish people. By a banker in England. Edinburgh, 1845 (Ақша айналысының теориясы. Ағылшын банкирінің Шотланд халқына хаты. Эдинбург, 1845).—154—155.
- **Cuvier, G.* Discours sur les révolutions de la surface du globe. Rédigés par Hoefler. Paris, 1863 (*Кювье, Ж.* Жер шары бетіндегі төңкерістер туралы пікір. Эфердің редакциясымен. Париж, 1863).—522.
- **Darwin, Ch.* On the origin of species

- by means of natural selection, or the Preservation of favoured races in the struggle for life. London, 1859 (*Дарвин, Ч.* Табиғи іріктелу арқылы тұқым түрінің шығуы туралы, немесе Тіршілік жолындағы күресте қолайлы тұқымдардың сақталуы. Лондон, 1859).—352—353.
- Daumer, G. F.* Die Geheimnisse des christlichen Alterthums. Hamburg, 1847 (*Даумер, Г. Ф.* Христиан ерте заманының сыры. Гамбург, 1847).—296.
- A Defence of the land-owners and farmers of Great Britain. London, 1814 (Великобритания жер меншікшілері мен фермерлерін қорғау. Лондон, 1814).—567.
- [*Defoe, D.*] An Essay upon publick credit. The third edition. London, 1710 ([*Дефо, Д.*] Қоғамдық кредит туралы тәжірибе. Үшінші басылуы. Лондон. 1710).—154.
- De Quincey, Th.* The Logic of political economy. Edinburgh and London, 1844 (*Де Квинси, Т.* Саяси экономияның логикасы. Эдинбург және Лондон, 1844).—406.
- De Roberty, E.* «Das Kapital. Kritik der politischen Oekonomie von Karl Marx. Hamburg, 1867». In: «La Philosophie positive. Revue». № 3, November — Décembre 1868 (*Де Роберти, Е.* «Карл Маркс. «Қапитал. Саяси экономия сыны». Гамбург, 1867». Мына журналда: «L Philosophie positive. Revue», № 3, ноябрь — декабрь, 1868).—24.
- **Descartes, R.* Discours de la methode pour bien conduire sa raison, et chercher la verité dans les sciences (*Декарт, Р.* Өз ақыл-ойыңды жақсылап бағыттау және ғылымдардан ақиқатты іздеп табу әдісі туралы). Бірінші рет 1637 жылы Лейденде шықты.—401.
- Destutt de Tracy, A. L. C.* Elémens d'idéologie. IV-e et V-e parties. Traité de la volonté et de ses effets. Paris, 1826 (*Дестют де Траси, А. Л. К.* Идеология элементтері. IV және V бөлім. Ерік және оның әрекеттері туралы трактат. Париж, 1826). 1823 жылы «Идеология элементтерінің» IV бөлімі Парижде «Traité d'économie politique» («Саяси экономия жөніндегі трактат») деген атпен Парижде шықты.—171, 176, 336, 338, 660.
- Dietzgen, J.* «Das Kapital. Kritik der politischen Oekonomie von Karl Marx. Hamburg, 1867». In: «Demokratisches Wochenblatt», №№ 31, 34, 35, 36, 1868 (*Дицген, И.* «Карл Маркс. «Қапитал. Саяси экономия сыны». Гамбург, 1867». Мына газетте: «Demokratisches Wochenblatt» №№ 31, 34, 35, 36, 1868 ж.).—24.
- **Diodorus Siculus.* Historische Bibliothek, übersetzt von J. F. Wurm. Bändchen I—XIX. Stuttgart, 1828—1840. Erstes Buch. Drittes Buch (*Диодор Сицилийский.* Тарихи кітапкана. Ю. Ф. Вурмның аудармасы. I—XIX кітап. Штутгарт, 1828—1840. Бірінші кітап. Үшінші кітап.—157, 246, 351, 379, 521.
- A Discourse of the necessity of encouraging mechanic industry. London, 1690 (Механикалық өнеркәсіпті көтермелеу қажеттігі туралы трактат. Лондон, 1690).—282.
- Ducpetiaux, Ed.* Budgets économiques des classes ouvrières en Belgique. Subsistances, salaires, population. Bruxelles, 1855 (*Дюкпесо, Эд.* Бельгиядағы еңбекші таптардың экономикалық бюджеті. Тіршілік қаржысы, жалақы, халық өсуі. Брюссель, 1855).—682, 683.
- Duffy, G.* The Land law of Victoria, (Australia). London, 1862 (*Даффи, Г.* Викторияның жер жөніндегі заңы (Австралия). Лондон, 1862).—783.
- Dunning, T. J.* Trades' Unions and strikes. London, 1860 (*Даннинг, Т. Дж.* Тред-юниондар және стачкалар. Лондон, 1860).—560, 563—564, 769.
- Dupont de Nemours, P. S.* Maximes du docteur Quesnay, ou Résumé de ses principes d'économie sociale. In: Physiocrates. Avec une introduction et des commentaires par E. Daire. Partie I. Paris, 1846 (*Дюпон де Немур, П. С.* Доктор Кенэнің ережелері немесе әлеуметтік экономияның негізгі бастама-

- ларын оның қорытуы. Мына кітапта: Физикократтар. Э. Дэрдің кіріспе мақаласы мен комментарийлері бар. I бөлім. Париж, 1846).—123.
- Eden, F. M.* The State of the Poor: or, an History of the labouring classes in England, from the conquest to the present period. In three volumes. London, 1797 (*Иден, Ф. М.* Кедейлердің жағдайы, немесе Жаулап алу уақытынан бастап осы кезгі дәуірге дейінгі Англия еңбекші таптарының тарихы. Үш томдық. Лондон, 1797).—253, 612, 626—628, 685, 732, 737, 766.
- **Engels, F.* Die englische Zehnstundenbill. In: «Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue» № 4, 1850 (*Энгельс, Ф.* Он сағаттық жұмыс күні туралы ағылшын билі. Мына журналда: «Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue» № 4, 1850).—300, 310.
- **Engels, F.* Die Lage der arbeitenden Klasse in England. Nach eigener Anschauung und authentischen Quellen. Leipzig, 1845 (*Энгельс, Ф.* Англиядағы жұмысшы табының жағдайы. Өзімнің бақылауларым мен анық деректер бойынша. Лейпциг, 1845).—250, 254, 263, 276, 410, 433—435, 454, 617, 665.
- **Engels, F.* Umriss einer Kritik der Nationalökonomie. In: «Deutsch-Französische Jahrbücher» herausgegeben von Arnold Ruge und Karl Marx. 1-ste und 2-te Lieferung. Paris, 1844 (*Энгельс, Ф.* Саяси экономия сынының нобайы. Мына журналда: «Deutsch-Französische Jahrbücher», Арнольд Руге мен Карл Маркс шығарып тұрған. 1-ші және 2-ші кітап. Париж, 1844).—91, 166, 177, 645.
- Ensor, G.* An Inquiry concerning the population of nations: containing a refutation of Mr. Malthus's Essay on population. London, 1818 (*Энсор, Дж.* Түрлі елдердің халық өсуін зерттеу, Мальтус мырзаның «Халық өсуі туралы тәжірибесін» теріске шығаратын зерттеу. Лондон, 1818).—739.
- An Essay on credit and the bankrupt act. London, 1707 (Кредит туралы тәжірибе және банкроттық туралы заңдар). Лондон, 1707).—150.
- An Essay on the political economy of nations: or, a View of the intercourse of countries, as influencing their wealth. London, 1821 (Халықтардың саяси экономиясының тәжірибесі, немесе Халықтардың байлығына әсер ететін фактор ретінде елдер арасындағы байланыс. Лондон, 1821).—212, 317.
- An Essay on trade and commerce: containing observations on taxes, as they are supposed to affect the price of labour in our manufactories. By the author of Considerations on taxes. London, 1770 (Көлөнер мен сауда туралы тәжірибе, салықтар туралы ескертулер бар тәжірибе, өйткені салықтар өнеркәсібіміздегі еңбек бағасына әсер етеді деп жорамалданады. «Салықтар туралы ойлар» авторының шығармасы. Лондон, 1770). Бұл кітаптың авторы Дж. Канингем деп есептеледі.—242, 243, 283—285, 380, 553, 611, 612, 626, 647, 744.
- Essays on political economy: in which are illustrated the principal causes of the present national distress. London, 1830 (Саяси экономия тәжірибелері, бұл тәжірибелерде кәзіргі замандағы ұлттық күйзелістің басты себептері көрсетілді. Лондон, 1830).—537.
- [*Evans, N. H.*] Our old nobility. By noblesse oblige. Second edition. London, 1879 ([*Эванс, Н. Г.*] Біздің ескі дворяндық. Жағдайы осыған міндеттейтін адамның шығармасы. Екінші басылуы. Лондон, 1879).—734.
- Faulhaber, J.* Mechanische Verbesserung einer alten Roszmühlen welche vor diesem der königl. Ingenieur Aug. Ramellus an Tag geben. Ulm, 1625 (*Фаульхабер, И.* Атпен жүретін ескі диірменді механика жағынан жетілдіру, бұл диірменді корольдік инженер Август Рамеллюс жасаған-ды. Ульм, 1625).—387.
- Fawcett, H.* The Economic position of the british labourer. Cambridge

- and London, 1865 (*Фосетт, Г.* Британия жұмысшысының экономикалық жағдайы. Кембридж және Лондон, 1865).—568, 622, 665.
- **Ferguson, A.* An Essay on the history of civil society. Edinburgh, 1767 (*Фергюсон, А.* Азамат қоғамы тарихының тәжірибесі. Эдинбург, 1767).—366, 374.
- Ferrier, F. L. A.* Du gouvernement considéré dans ses rapports avec le commerce. Paris, 1805 (*Ферье, Ф. Л. О.* Үкіметтің саудамен қарым-қатынастары тұрғысынан алғанда үкімет туралы. Париж, 1805).—77.
- Fielden, J.* The Curse of the factory system; or, a Short account of the origin of factory cruelties. London, 1836 (*Фильден, Дж.* Фабрика системасының қарғысы, немесе Фабрикалық қатымырлықтың шығуы туралы қысқаша анықтама. Лондон, 1836).—414, 423, 767.
- [*Fleetwood, W.*] Chronicon preciosum: or, an Account of english money, the price of corn, and other commodities, for the last 600 years. London, 1707 (*Флитвуд, У.* Бағалар хроникасы, немесе Ағылшын ақшасы туралы, соңғы 600 жыл ішіндегі астықтың және басқа товарлардың бағасы туралы анықтама. Лондон, 1707).—281.
- Fleetwood, W.* Chronicon preciosum: or, an Account of english gold and silver money; the price of corn and other commodities, for six hundred years last past. London, 1745 (*Флитвуд, У.* Бағалар хроникасы, немесе Ағылшынның алтын мен күміс ақшасы туралы, соңғы 600 жыл ішіндегі астықтың және басқа товарлардың бағасы туралы. Лондон, 1745).—281
- Fonteret, A. L.* Hygiène physique et morale de l'ouvrier dans les grandes villes en général et dans la ville de Lyon en particulier. Paris, 1858 (*Фонтере, А. Л.* Жалпы алғанда ірі қалалардағы, жекелеп алғанда Лион қаласындағы жұмысшының дене және адамгершілік гигиенасы. Париж, 1858).—375.
- [*Forbonnais, F. V.*] Elémens du commerce. Seconde partie. Nouvelle édition: Leyde, 1766 (*Форбонне, Ф. В.*] Сауда элементтері. Екінші бөлім. Жаңадан басылуы. Лейден, 1766).—106.
- [*Forster, N.*] An Enquiry into the causes of the present high price of provisions. London, 1767 (*Форстер, Н.*] Азық-түліктің кәзіргі жоғарғы бағасын зерттеу. Лондон, 1767).—283, 437, 522, 735.
- Fortescue, J.* De laudibus legum Angliae (*Фортескью, Дж.* Ағылшын заңдарының артықшылығы туралы). Бірінші рет 1537 жылы жарияланған.—728.
- Fourier, Ch.* La fausse industrie mortelle, repugnante, mensongère, et l'antidote, l'industrie naturelle, combinée, attrayante, véridique, donnant quadruple produit (*Фурье, Ш.* Бытыраңқы, өзінен сырттататын, жалған, өтірік шаруашылық қызметі және оған қарсы уыт: құрамаластырылған, өзіне тартатын, ақиқат, төрт еселенген өнім беретін, табиғи шаруашылық қызметі). Бірінші басылуы 1835—1836 жылдарда Парижде шықты.—437.
- **Fourier, Ch.* Le nouveau monde industriel et sociétaire (*Фурье, Ш.* Жаңа шаруашылықтық және социетарлық дүние). Бірінші басылуы 1829 жылы Парижде шықты.—706.
- Franklin, B.* A Modest inquiry into the nature and necessity of a paper currency. In: The Works of B. Franklin. By Sparks. Volume II. Boston, 1836 (*Франклин, Б.* Қағаз ақшаның табиғаты мен қажеттігін қарапайым зерттеу. Мына кітапта: Б. Франклиннің шығармасы. Спаркстің басып шығарғаны. II том. Бостон, 1836).—67.
- Franklin, B.* Positions to be examined, concerning national wealth. In: The Works of B. Franklin. By Sparks. Volume II. Boston, 1836 (*Франклин, Б.* Ұлт байлығының зерттеуге жататын мәселелері. Мына кітапта: Б. Франклиннің шығармалары. Спаркстің бастырып шығарғаны. II том. Бостон, 1836).—177.
- Freytag, G.* Neue Bilder aus dem Leben des deutschen Volkes. Leipzig,

- 1862 (*Фрейтаг, Г.* Неміс халқы өмірінің жаңа көрінісі. Лейпциг, 1862).—748.
- Fullarton, J.* On the regulation of currencies; being an examination of the principles, on which it is proposed to restrict, within certain fixed limits, the future issues on credit of the Bank of England, and of the other banking establishments throughout the country. Second edition with corrections and additions. London, 1845 (*Фуллертон, Дж.* Айналым қаржыларын реттеу туралы; принциптердің, принциптер болғанда негізінде Ағылшын банкінің және елдің басқа да банк мекемелерінің эмиссиялық қызметін қатаң белгіленген шеңберлерде болашақта тежеу ісі ұсынылып отырған принциптердің талдауы. Екінші басылуы, түзетіліп, толықтырылған. Лондон, 1845).—142—143, 155, 158.
- Galiani, F.* Della moneta. Libro I—V. In: Scrittori classici italiani di economia politica. Parte moderna. Tomi III—IV. Milano, 1803 (*Галиани, Ф.* Ақша туралы. I—V кітап. Мына басылуында: Саяси экономияның итальян классиктері. Кәзіргі заманғы экономистер. III—IV томдар. Милан, 1803).—90, 105, 106, 114, 167, 173, 325, 655.
- Ganilh, Ch.* Des systèmes d'économie politique, de la valeur comparative de leurs doctrines, et de celle qui paraît la plus favorable aux progrès de la richesse. Seconde édition. Tomes I—II. Paris, 1821 (*Ганиль, Ш.* Саяси экономияның системалары туралы, ол системалар доктриналарының біршама құндылығы туралы және бұлардың ішінен байлықтың өсуі үшін неғұрлым қолайлы болып табылатындары туралы. Екінші басылуы. I—II том. Париж, 1821).—77, 188, 458.
- Ganilh, Ch.* La théorie de l'économie politique. Tomes I—II. Paris, 1815 (*Ганиль, Ш.* Саяси экономия теориясы. I—II том. Париж, 1815).—193.
- [*Garnier, G.*] Abrégé élémentaire des principes de l'économie politique. Paris, 1796 (*Гарнье, Ж.* Саяси экономия негіздерін қысқаша баяндау. Париж, 1796).—562.
- Garnier, G.* Notes du traducteur. In: *Smith, A.* Recherches sur la nature et les causes de la richesse des nations. Traduction nouvelle, avec des notes et observations; par G. Garnier. Tome V. Paris, 1802 (*Гарнье, Ж.* Аудармашының комментарийлері. Мына еңбек жөнінде: *А. Смит.* «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу». Ж. Гарньенің жаңа аудармасы, аудармашының комментарий мен ескертулері бар V том. Париж, 1802).—375.
- Gaskell, P.* The Manufacturing population of England, its moral, social, and physical conditions, and the changes which have arisen from the use of steam machinery; with an examination of infant labour. London, 1833 (*Гаскелл, П.* Англияның өнеркәсіп халқы, оның моральдық, әлеуметтік және күшқуат жағдайы және бу машиналары қолданудан туған өзгерістер; балалар еңбегіне жасалған анализ бар. Лондон, 1833).—445, 454.
- Genovesi, A.* Lezioni di economia civile. In: Scrittori classici italiani di economia politica. Parte moderna. Tomi VII—IX. Milano, 1803 (*Дженовези, А.* Азаматтық экономика жөніндегі лекциялар. Мына басылуында: Саяси экономияның итальян классиктері. Кәзіргі заманғы экономистер. VII—IX том. Милан, 1803).—167.
- Goffroy Saint-Hilaire, E.* Notions synthétiques, historiques et physiologiques de philosophie naturelle. Paris, 1838 (*Жоффруа Сент-Илер, Э.* Натурфилософияның синтетикалық, тарихи және физиологиялық танымы. Париж, 1838).—754.
- Gisborne, Th.* An Enquiry into the duties of men in the higher and middle classes of society in Great Britain. The second edition. In two volumes. Vol. II. London, 1795 (*Гисборн, Т.* Великобританиядағы жоғары және орташа таптар адамдарының міндеттерін зерттеу. Екін-

- ші басылуы. Екі томдық. II том. Лондон, 1795).—767.
- [*Gray, J.*] The Essential principles of the wealth of nations, illustrated, in opposition to some false doctrines of Dr. Adam Smith, and others. London, 1797 ([*Грей, Дж.*] Халықтар байлығының д-р Адам Смиттің және басқалардың кейбір қате қағидаларына қарама-қарсы баяндалған басты-басты негіздері. Лондон, 1797).—174.
- [*Greg, R. H.*] The Factory question, considered in relation to its effects on the health and morals of those employed in factories. And the «ten hours bill», in relation to its effects upon the manufactures of England, and those of foreign countries. London, 1837 ([*Грег, Р. Х.*] Фабрикаларда жұмыс істейтіндердің денсаулығы мен адамгершілігіне әсер ету тұрғысынан қаралатын фабрикалық мәселе. Жәнеде Англия мен басқа елдердің өнеркәсібіне он сағаттық жұмыс күні туралы билльдің әсер етуі тұрғысынан «он сағаттық жұмыс күні туралы билль». Лондон, 1837).—300.
- Gregoir, H.* Les typographes devant le tribunal correctionnel de Bruxelles. Bruxelles, 1865 (*Грегуар, А.* Баспахана жұмысшылары Брюссельдің түзеу соты алдында. Брюссель, 1865).—565.
- **Grove, W. R.* The Correlation of physical forces. Fifth edition. Followed by a discourse on continuity. London, 1867 (*Гров, У. Р.* Физикалық күштердің арасалмағы. Бесінші басылуы. Үздіксіздік туралы трактат қосымшасы бар. Лондон, 1867).—535.
- Güllich, G.* Geschichtliche Darstellung des Handels, der Gewerbe und des Ackerbaus der bedeutendsten handeltreibenden Staaten unserer Zeit. Bände I—II. Jena, 1830 (*Гюлих, Г.* Біздің заманымыздың аса маңызды сауда мемлекеттерінің саудасын, өнеркәсібі мен егіншілігін тарихи жағынан суреттеу. I—II том. Иена, 1830).—18, 762.
- Haller, C. L.* Restauration der Staats-Wissenschaft oder Theorie des natürlich-geselligen Zustands der Chimäre des künstlich-bürgerlichen entegegegensezt (*Галлер, К. Л.* Мемлекет туралы ғылымды қалпына келтіру, немесе Табиғи-қоғамдық халының жасанды-азаматтық халдың химерасына қарама-қарсы қойылған теориясы). Бірінші басылуы 1816—1834 жылдарда шықты.—400.
- Hamm, W.* Die landwirthschaftlichen Geräthe und Maschinen Englands. Zweite, umgearbeitete und bedeutend vermehrte Auflage. Braunschweig, 1856 (*Гамм, В.* Англияның ауылшаруашылық құрал-саймандары мен машиналары. Екінші рет қайта жөнделіп, едәуір толықтырылып басылуы. Брауншвейг, 1856).—513.
- Hanssen, G.* Die Aufhebung der Leibeigenschaft und die Umgestaltung der gutsherrlich-bäuerlichen Verhältnisse überhaupt in den Herzogthümern Schleswig und Holstein, St. Petersburg, 1861 (*Хансен, Г.* Крепостниктікті жою және Шлезвиг пен Гольштейн герцогтеріндегі жалпы помещиктер мен шаруалардың арасындағы қарым-қатынастарды қайта құру. Санкт-Петербург, 1861).—247.
- Harris, J.* Concerning happiness, a dialogue. In: *Harris, J.* Three treatises. The third edition revised and corrected. London, 1772 (*Харрис, Дж.* Бақыт туралы диалог. Мына кітапта: *Харрис, Дж.* Үш трактат. Қайта қаралып, түзетілген үшінші басылуы. Лондон, 1772).—377.
- Harris, J.* first Earl of Malmesbury. Diaries and correspondence, containing an account of his missions to the courts of Madrid, Frederick the Great, Catherine the Second, and at the Hague; and of his special missions to Berlin, Brunswick, and the French Republic. Volumes I—IV. Second edition. London, 1845 (*Харрис, Дж.* Малмсберидің бірінші графы. Мадрид сарайындағы, Ұлы Фридрихтің, Екінші Екаторинаның сарайларындағы және Гаагадағы өз міндеттері туралы, сондай-ақ Берлинге, Брауншвейг пен Фран-

- цуз республикасына барған өзінің арнаулы міндеттері туралы есебі болып табылатын күнделіктері мен жазысқан хаттары. I—IV том. Екінші басылуы, Лондон, 1845).—377.
- Harrison, W.* The Description of England. In: The First and second volumes of Chronicles, first collected and published by R. Holinshed, W. Harrison, and others. London, 1587 (*Харрисон, У.* Англияны суреттеу. Мына кітапта: Алғаш рет Р. Холлинshed, У. Харрисон және басқалар жинап, жариялаған Хроникалардың бірінші және екінші томы. Лондон, 1587).—729, 745, 752.
- Hassall, A. H.* Adulterations detected or Plain instructions for the discovery of frauds in food and medicine. Second edition. London, 1861 (*Хассел А. Х.* Алдаушылықты ашу, немесе Тағам өнімдері мен дәрілер жөнінде алдаушылықты ашу жайындағы жалпыға түсінікті нұсқаулар. Екінші басылуы. Лондон, 1861).—187, 259.
- **Hegel, G. W. F.* Encyclopädie der philosophischen Wissenschaften im Grundrisse. Theil I. Die Logik. Werke. Band VI. Berlin, (*Гегель, Г. В. Ф.* Қысқаша очерк түріндегі философия ғылымдарының энциклопедиясы. I бөлім. Логика. Шығармалар. VI том. Берлин, 1840).—193, 272.
- **Hegel, G. W. F.* Grundlinien der Philosophie des Rechts. Werke. Zweite Auflage. Band VIII. Berlin, 1840 (*Гегель, Г. В. Ф.* Право философиясының негіздері. Шығармалар. Екінші басылуы. VIII том. Берлин, 1840).—58, 106, 182, 375, 600.
- **Hegel, G. W. F.* Wissenschaft der Logik. Werke. Zweite Auflage, Bände III, IV, V. Berlin, 1841 (*Гегель, Г. В. Ф.* Логика ғылымы. Шығармалар. Екінші басылуы. III, IV, V том. Берлин, 1841).—318.
- **Hobbes, Th.* Leviathan, or the Matter, form and power of a commonwealth ecclesiastical and civil. In: The english works of Thomas Hobbes: now first collected and edited by Molesworth. Vol. III. London, 1839 (*Гоббс Т.* Левиафан, немесе Материя, шіркеулік және азаматтық мемлекеттің формасы мен өкіметі. Мына кітапта: Томас Гоббстің ағылшын тіліндегі шығармалары, бірінші рет Молсуорт жинап, бастырған. III том. Лондон, 1839).—184, 368.
- [*Hodgskin, Th.*] The Natural and artificial right of property contrasted. London, 1832 ([*Годскин, Т.*] Меншіктің табиғи және жасанды правосы, оларды бір біріне қарама-қарсы қою. Лондон, 1832).—758.
- *[*Hodgskin, Th.*] Labour defended against the claims of capital; or, the Unproductiveness of capital proved. With reference to the present combinations amongst journeymen. By a labourer. London, 1825 ([*Годскин, Т.*] Капиталдың ашқарақтығына қарсы еңбекті қорғау, немесе Капиталдың өнімсіздігін дәлелдеу. Жалдама жұмысшылар арасындағы қазіргі бірлестіктер туралы ескертулері бар. Жұмысшы шығармасы. Лондон, 1825).—367, 585.
- **Hodgskin, Th.* Popular political economy. Four lectures delivered at the London Mechanics' Institution. London, 1827 (*Годскин, Т.* Халықтық саяси экономия. Лондон жұмысшы мектебінде оқылған төрт лекция. Лондон, 1827).—350, 364, 545.
- Holinshed, R.* The Description of England.—қараңыз: *Harrison, W.* The Description of England.
- Hopkins, Th.* On rent of land, and its influence on subsistence and population; with observations on the operating causes of the condition of the labouring classes in various countries. London, 1828 (*Гопкинс, Т.* Жер рента туралы және оның тіршілік заттары мен халық өсуіне ететін әсері туралы, түрлі елдердегі еңбекші таптардың жағдайына әсер ететін себептер туралы ескертулер бар. Лондон, 1828).—241.
- [*Horne, G.*] A Letter to Adam Smith L.L. D. on the life, death, and phi-

- Iosophy of his friend David Hume. By one of the people called christians. The fourth edition. Oxford. 1784 (*Хорн, Дж.*) Право докторы Адам Смитке оның досы Давид Юмнің өмірі, өлімі мен философиясы туралы хат. Христиандар деп аталатындардың бірінің шығармасы. Төртінші басылуы. Оксфорд, 1784).—628.
- Horner, L.* Letter to Mr. Senior. In: *Senior, N. W.* Letters on the factory act, as it affects the cotton manufacture. To which are appended, a Letter to Mr. Senior from L. Horner, and Minutes of a conversation between Mr. E. Ashworth, Mr. Thomson and Mr. Senior. London, 1837 (*Хорнер, Л.* Сениор мырзаға хат. Мына кітапта: *Сениор, Н. У.* Мақта-мата өнеркәсібіне фабрикалық актының әсері туралы хаттар. Қосымша: Л. Хорнердің Сениор мырзаға Хаттары және Э. Ашуорт мырзаның, Томсон мырзаның және Сениор мырзаның араларында болған әңгіменің жазбалары берілген. Лондон, 1837).—236.
- Horner, L.* Suggestions for amending the factory acts to enable the inspectors to prevent illegal working, now become very prevalent. In: *Factories regulation acts.* Ordered, by the House of Commons, to be printed. 9 August (*Хорнер, Л.* Кәзіргі уақытта кең өріс алған зансыз еңбекті инспекторлар болдырмайтындай етіп фабрикалық заңдарды жақсарту жөніндегі ұсыныстар. Мына кітапта: *Фабрикалық заңдар.* Қауымдар палатасының 1859 жылғы 9 августтағы жарлығы бойынша жарияланған).—251, 304.
- Houghton, J.* Husbandry and trade improv'd: being a collection of many valuable materials relating to corn, cattle, coals, hops, wool, etc. Volumes I—IV. London, 1727—1728 (*Хаутон, Дж.* Ауыл шаруашылығы мен қолөнерді жақсарту; астық өндіру туралы, мал шаруашылығы, көмір шығару, құлмақ жинау, жүн дайындау, т. т. туралы бағалы материалдардың жинағы. I—IV том. Лондон, 1727—1728).—437.
- Howitt, W.* Colonization and christianity: a popular history of the treatment of the natives by the europeans in all their colonies. London, 1838 (*Хауитт, У.* Отарлау және христиандық: отарлардағы жергілікті тұрғындарға еуропалықтардың қарым-қатысының жалпыға түсінікті тарихы. Лондон, 1838).—759.
- **Hume, D.* Essays and treatises on several subjects. In two volumes. A new edition. London, 1764 (*Юм, Д.* Түрлі мәселелер жөніндегі тәжірибелер мен трактаттар. Екі томдық. Жаңадан басылуы. Лондон, 1764).—137.
- Hutton, Ch.* A Course of mathematics (*Хаттон, Ч.* Математика курсы). Бірінші басылуы 1798—1801 жылдары шықты.—381.
- **Huxley, Th. H.* Lessons in elementary physiology. London, 1866 (*Гексли, Т. Г.* Элементарлық физиология жөніндегі лекциялар. Лондон, 1866).—493.
- The Industry of nations, part II.* A Survey of the existing state of arts, machines, and manufactures. London, 1855 (*Халықтар өнеркәсібі. II бөлім.* Искусство мен қолөнердің, машиналар мен өнеркәсіп өндірісінің кәзіргі дәрежесіне шолу. Лондон. 1855).—355, 395.
- An Inquiry into the connection between the present price of provisions, and the size of farms.—см. [*Arbuthnot, J.*] An Inquiry into the connection between the present price of provisions, and the size of farms.
- An Inquiry into those principles, respecting the nature of demand and the necessity of consumption, lately advocated by Mr. Malthus, from which it is concluded, that taxation and the maintenance of unproductive consumers can be conducive to the progress of wealth. London, 1821 (*Мальтус мырза жақында жақтап шыққан негіздерді зерттеу, бұл негіздер сұраныс пен тұтыну қажеттігінің табиғатына*

- қатысты және бұлардан келіп мынадай қорытынды шығарылады: салықтар және өнім өндірмейтін тұтынушыларды қамтамасыз ету байлықтың өсуіне көмектеседі. Лондон, 1821).—175, 187, 451, 607, 608, 618.
- Isocratis. Busiris* (Исократ. Бусирис.)—378.
- Jacob, W.* An Historical inquiry into the production and consumption of the precious metals. In two volumes. London, 1831 (Джейкоб, У. Қымбат бағалы металдарды өндіру және тұтыну туралы тарихи зерттеу. Екі том. Лондон, 1831).—54
- Jacob, W.* A Letter to S. Whitbread, being a sequel to considerations on the protection required by british agriculture. London, 1815 (Джейкоб, У. Британия ауыл шаруашылығы мүдделерінен туған протекциялық шараларды талқылауға байланысты С. Уитбредке жазылған хат. Лондон, 1815).—231
- **Jones, R.* An Essay on the distribution of wealth, and on the sources of taxation, Part I.—Renf. London, 1831 (Джонс, Р. Байлықтың бөлінуі туралы және салықтардың шығар көзі туралы тәжірибе. I бөлім.—Рента. Лондон, 1831).—339.
- **Jones, R.* An Introductory lecture on political economy, delivered at King's college, London, 27th February, 1833. To which is added a syllabus of a course of lectures on the wages of labor. London, 1833 (Джонс, Р. Саяси экономия жөнінде 1833 жылғы 27 февральда Лондондағы Корольдік колледжде оқылған кіріспе лекция. Жалақы туралы лекциялар курсының проспектісі қоса берілген. Лондон, 1833).—642.
- **Jones, R.* Text-book of lectures on the political economy of nations. Hertford, 1852 (Джонс, Р. Халықтардың саяси экономиясы жөніндегі лекциялар. Хартфорд, 1852).—318, 331, 344, 580, 599, 609.
- Kopp, H.* Die Entwicklung der Chemie in der neueren Zeit. München, 1871—1874 (Копп, Г. Ең жаңа заманда химияның дамуы. Мюнхен, 1871—1874).—318.
- Laborde, A.* De l'esprit d'association dans tous les intérêts de la communauté. Paris, 1818 (Лаборд, А. Қоғам өмірінің барлық саласындағы кооперациялау рухы туралы. Париж, 1818).—541.
- Laing, S.* National distress; its causes and remedies. London, 1844 (Лейнг, С. Ұлттық күйзеліс, оның себептері және оны жоюдың құралдары. Лондон, 1844).—210, 655, 670, 686.
- Lancellotti, S.* L'Hoggidi overo ge'ingegni non inferiori a'passati. Parte seconda. Venetia, 1658 (Ланцеллотти, С. Қазіргі заман, немесе Өткен заманның ақыл-ойларынан кем түспейтін ақыл-ойлар. Екінші бөлім. Венеция, 1658).—438.
- Lassalle, F.* Die Philosophie Herakleitos des Dunklen von Ephesos. Band I. Berlin, 1858 (Лассаль, Ф. Эфестен шыққан Гераклит Темныйдың философиясы. I том. Берлин, 1858).—120.
- **Lassalle, F.* Herr Bastiat-Schulze von Delitzsch, der ökonomische Julian, oder: Capital und Arbeit. Berlin, 1864 (Лассаль, Ф. Бастиа Шульце-Делич мырза, экономикалық Юлиан, немесе Капитал мен еңбек. Берлин, 1864).—11.
- Law, J.* Considérations sur le numéraire et le commerce. In: Economistes financiers du XVIII siècle. Précédés de notices historiques sur chaque auteur, et accompagnés de commentaires et de notes explicatives, par E. Daire Paris, 1843 (Ло, Ж. Ақша мен сауда туралы. Мына кітапта: XVIII ғасырдың экономист-финансистері. Әрбір автор туралы тарихи мақалалар, Э. Дәрдін комментарийлері мен түсінік ескертулері бар. Париж, 1843).—106.
- Le Trosne, G. F.* De l'intérêt social par rapport à la valeur, à la circulation, à l'industrie et au commerce intérieur et extérieur. In: Physiocrates. Avec une introduction et des commentaires par E. Daire. Partie II. Paris, 1846 (Ле

- Tron, G. F.* Құнға, айналысқа, өнеркәсіпке, ішкі және сыртқы саудаға қатысты нәрсе жөніндегі қоғамдық пайда туралы. Мына кітапта: Физиократтар. Э, Дэрдің кіріспе мақаласы мен комментарийлері бар. II бөлім. Париж, 1846).—50, 54, 107, 116, 126, 130, 134, 158, 171, 173, 177, 221.
- A Letter to Sir T. C. Bunbury on the poor rates, and the high price of provisions. With some proposals for reducing both. By a Suffolk gentleman. Ipswich, 1795 (Кейдейлер пайдасына бола салынатын салықтар туралы және тағам өнімдеріне бағаның жоғарылығы туралы, бұлардың екеуін де азайту жөнінде кейбір ұсыныстар жасалып, сэр Т. Банбериге жазылған хат. Суффолктен шыққан джентельменнің шығармасы. Ипсвич, 1795).—733.
- Levi, L.* On deer forests and Highland agriculture in relation to the supply of food. In: «The Journal of the Society of Arts», March 23, 1866 (*Леви, Л.* Азық-түлікті керексінушілікті қанағаттандыруға байланысты таулы Шотландиядағы аң аулайтын парктар мен егіншілік туралы. Мына журналда басылған. «The Journal of the Society of Arts», 23 март, 1866 ж.).—742.
- **Liebig, J.* Die Chemie in ihrer Anwendung auf Agricultur und Physiologie. Theil I. 7 Auflage. Braunschweig, 1862 (*Либих, Ю.* Химияны егіншілік пен физиологияға пайдалану. I бөлім. Жетінші басылуы. Брауншвейг, 1862).—250, 515, 584.
- **Liebig, J.* Ueber Theorie und Praxis in der Landwirthschaft. Braunschweig, 1856 (*Либих, Ю.* Ауыл шаруашылығындағы теория мен практика туралы. Брауншвейг, 1856).—338.
- [*Linguet, N.*] Théorie des loix civiles, ou Principes fondamentaux de la société. Tomes I—II. Londres, 1767 (*Ленге, Н.* Азаматтық заңдардың теориясы, немесе Қоғамның негізгі бастамалары. I—II том. Лондон, 1767).—243, 296, 344, 626, 747.
- Livius, Titus.* Ab. urbe condita (*Ливий, Тит.* Римнің құрылуынан бастап оның тарихы).—288.
- Locke, J.* Some considerations of the consequences of the lowering of interest, and raising the value of money (1691). In: The works of John Locke. In four volumes. Volume II. The eighth edition. London, 1777 (*Локк, Дж.* Монетаның процентін кемітіп, құнын арттырудың нәтижелері туралы кейбір пікірлер (1691). Мына кітапта: Джон Локктің Шығармалары. Төрт томдық. II том. Сегізінші басылуы. Лондон 1777).—50, 106, 139.
- Lucretius.* De rerum natura (*Лукреций.* Заттардың табиғаты туралы).—226.
- Luther, M.* An die Pfarrherrn wider den Wucher zu predigen. Vermahnung. Wittenberg, 1540 (*Лютер, М.* Өсімқорлыққа қарсы уағыз жүргізу жөнінде приход священниктеріне берілген тапсырма. Виттенберг, 1540).—149, 205, 604.
- **Macauley, Th. B.* The History of England from the accession of James the Second. Volume I. Tenth edition. London, 1854 (*Маколей, Т. Б.* Яков II такка отырғаннан бергі жердегі Англия тарихы. I том. Оныншы басылуы. Лондон, 1854).—282, 727.
- MacCulloch, J. R.* A Dictionary, practical, theoretical, and historical, of commerce and commercial navigation. London, 1847 (*Мак-Куллох, Дж. Р.* Сауда және сауда кеме қатнасы жөніндегі практикалық, теориялық және тарихи сөздік-анықтама. Лондон, 1847).—164.
- MacCulloch, J. R.* The Literature of political economy: a classified catalogue of select publications in the different departments of that science, with historical, critical, and biographical notices. London, 1845 (*Мак-Куллох, Дж. Р.* Саяси экономия жөніндегі әдебиет. Бұл ғылымның түрлі бөлімдері жөнінде жарияланған тандамалы еңбектердің жүйелі каталогі, мұнда тарихи, сыни және өмірбаяндық мазмұндама берілген. Лондон, 1845).—157, 736.

- MacCulloch, J. R.* The principles of political economy: with a sketch of the rise and progress of the science. Edinburgh, 1825 (*Мак-Куллох, Дж. Р.* Саяси экономияның негіздері және осы ғылымның шығуы мен прогресі туралы очерк. Эдинбург, 1825).—452.
- Idem.* Second edition. London, 1830 (*Бұл да сол.* Екінші басылуы. Лондон, 1830).—167.
- Maclaren, J.* A Sketch of the history of the currency: comprising a brief review of the opinions of the most eminent writers on the subject. London, 1858 (*Макларен, Дж.* Айналыс қаржылары тарихының очеркі және бұл мәселе жөнінде аса көрнекті авторлардың көзқарастарына қысқаша шолу. Лондон, 1858).—112.
- Macleod, H. D.* The Theory and practice of banking: with the elementary principles of currency; prices; credit; and exchanges. Volume I. London, 1855 (*Маклеод, Г. Д.* Банк ісінің теориясы мен практикасы және айналыс қаржысының, бағаның, кредит пен вексель курстарының негізгі бастамалары. I том, Лондон, 1855).—167.
- Malthus, Th. R.* Definitions in political economy. With a preface, notes, and supplementary remarks by John Cazenove. London, 1853 (*Мальтус, Т. Р.* Саяси экономия анықтамалары. Джон Кейзновтің алғысөзі, ескертулері мен толықтырулары бар. Лондон, 1853).—579, 585, 590, 609.
- **[Malthus, Th. R.]* An Essay on the principle of population. London, 1798 (*[Мальтус, Т. Р.]* Халық өсуінің заңы туралы тәжірибе. Лондон, 1798).—364, 627.
- **Malthus, Th. R.* An Inquiry into the nature and progress of rent, and the principles by which it is regulated. London, 1815 (*Мальтус, Т. Р.* Рентаның табиғаты мен өсуі туралы, сондай-ақ оны реттеп отыратын принциптер туралы зерттеу. Лондон, 1815).—323, 537, 566.
- Malthus, Th. R.* Principles of political economy considered with a view to their practical application. Second edition with considerable additions from the author's own manuscript and an original memoir. London, 1836 (*Мальтус, Т. Р.* Саяси экономия негіздерін практика жүзінде қолдану тұрғысынан алғанда саяси экономияның негіздері. Екінші басылуы, авторлардың қолжазбалары мен мемуарларынан алынып едәуір толықтырылған. Лондон, 1836).—224, 590, 599, 600, 608, 645.
- [Mandeville, B.]* The Fable of the bees: or, Private vices publick benefits. London, 1714 (*Мандевиль, Б.]* Ара-лар туралы мысал, немесе Жеке кемістіктер — қоғамдық пайдалар. Лондон, 1714).—365.
- Idem.* 5th edition. London, 1728 (*Бұл да сол.* Бесінші басылуы, Лондон, 1728).—626.
- Martineau, H.* Illustrations of political economy. No. VII. A Manchester strike. A Tale. London, 1832 (*Мартино, Г.* Саяси экономияға иллюстрация. № VII. Манчестер ереуілі. Әңгіме. Лондон, 1832).—646.
- **Marx, K.* Der 18th Brumaire des Louis Napoleon. In: «Die Revolution». New-York, 1852 (*Маркс, К.* Луи-Наполеонның 18 брюмері. «Die Revolution» журналында. Нью-Йорк, 1852).—703.
- **[Marx, K.]* Address and Provisional rules of the Working Men's International Association, established September 28, 1864, at a public meeting held at St. Martin's Hall. Long Acre, London. London, 1864 (*[Маркс, К.]* Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Құрылтай манифесті мен Уақытша уставы, бұл Серіктік Сент-Мартинс-холлінде болған ашық митингіде 1864 жылғы 28 сентябрьде құрылған. Лонг-эйкр, Лондон. Лондон, 1864).—41.
- **Marx, K.* An die Redaktion des «Volksstaat». In: «Volksstaat», 1. Juni 1872 (*Маркс, К.* «Volksstaat» газеті редакциясына. «Volksstaat» газетінде, 1 июнь, 1872 ж.).—42.
- **Marx, K.* An die Redaktion des «Volksstaat». In: Volksstaat», 7.

- August 1872 (*Маркс, К.* «Volksstaat» газеті редакциясына. «Volksstaat» газетінде, 7 август, 1872 ж.).—43.
- **Marx, К.* Elections — Financial clouds — The Duchess of Sutherland and Slavery. In: «New-York Daily Tribune», February 9, 1853 (*Маркс, К.* Сайлау.— Финанс қиыншылығы.— Герцогиня Сатерленд және құлдық. «New-York Daily Tribune» газетінде, 9 февраль, 1853 ж.).—740.
- **[Marx, К.]* Lohnarbeit und Kapital. In: «Neue Rheinische Zeitung». April, 1849 (*[Маркс, К.]* Жалдама еңбек және капитал. «Neue Rheinische Zeitung»-те басылған. Апрель, 1849 ж.).—589, 625, 773—774.
- **[Marx, К. und Engels, F.]* Manifest der Kommunistischen Partei. London, 1848 (*[Маркс, К. пен Энгельс, Ф.]* Коммунистік партияның манифесі. Лондон, 1848).—497, 771—772.
- **Marx, К.* Misère de la philosophie. Réponse à la philosophie de la misère de M. Proudhon. Paris — Bruxelles. 1847 (*Маркс, К.* Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап. Париж — Брюссель. 1847).—97, 368—369, 372, 374, 430, 545, 657—658.
- [*К. Маркс, Ф. Энгельс.*] Мына кітапқа рецензия: *Th. Carlyle.* Latter-Day Pamphlets. London, 1850 (*К. Маркс, Ф. Энгельс.*] Мына кітапқа рецензия: *Т. Карлейль.* Қазіргі заманғы памфлеттер. Лондон, 1850). Мына журналда: «Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue» № 4.—265.
- **Marx, К.* Zur Kritik der politischen Oekonomie. Erstes Heft. Berlin; 1859 (*Маркс, К.* Саяси экономия сынына. Бірінші кітап. Берлин, 1859).—11, 17, 21, 25, 49, 54, 55, 91, 92, 103 105, 109, 111—112, 115, 120, 128, 137—139, 151, 152, 156, 205, 547, 631.
- [*Massie, J.*] An Essay on the governing causes of the natural rate of interest; wherein the sentiments of Sir William Petty and Mr. Locke on that head, are considered. London, 1750 (*Масси, Дж.*) Проценттің табиғи нормасын белгілейтін себептер туралы тәжірибе; мұнда сэр Уильям Петти мен Локк мырзаның осы мәселе жөніндегі көзқарастары қарастырылады. Лондон, 1750).—523.
- **Maurer, G. L.* Einleitung zur Geschichte der Mark-, Hof-, Dorf- und Stadt-Verfassung und der öffentlichen Gewalt. München, 1854 (*Маурер, Г. Л.* Қауымдық, әруйлік, селолық және қалалық құрылыс пен қоғамдық өкімет тарихына кіріспе. Мюнхен, 1854).—88.
- Maurer, G. L.* Geschichte der Fronhöfe, der Bauernhöfe und der Hofverfassung in Deutschland. Band IV. Erlangen, 1863 (*Маурер, Г. Л.* Германиядағы баршиналық үйлердің, шаруалар үйлерінің және әруйлік құрылыстың тарихы IV том. Эрланген, 1863).—247.
- Mayer, S.* Die Soziale Frage in Wien. Studie eines «Arbeitgebers». Wien, 1871 (*Майер, З.* Венадағы әлеуметтік мәселе. «Жұмыс берушінің» этюдi. Вена, 1871).—18.
- Meitzen, A.* Der Boden und die landwirthschaftlichen Verhältnisse des Preussischen Staates nach dem Gebietsumfange vor 1866. Bände I—IV. Berlin, 1868—1871 (*Мейтцен, А.* 1866 жылға дейінгі шектегі Пруссия мемлекетіндегі жер және аграрлық қарым-қатынастар. I—IV том. Берлин, 1868—1871).—247.
- Mercier de la Rivière, P. P.* L'ordre naturel et essentiel des sociétés politiques. In: Physiocrates. Avec une introduction et des commentaires par E. Daire. Partie II. Paris, 1846 (*Мерсье де ля Ривьер, П. П.* Саяси қоғамдардың табиғи және елеулі тәртібі. Мына кітапта: Физиократтар. Э. Дәрдің кіріспе мақаласы мен комментариілері бар. II бөлім, Париж, 1846).—124, 125, 144, 161, 164, 171, 174, 204.
- Merivale, H.* Lectures on colonization and colonies. Volumes I—II. London, 1841—1842 (*Меривейл, Г.* Отарлау және отарлар туралы

- лекциялар. I—II том, Лондон, 1841—1842).—645, 778.
- [*Mill, J.*] Colony. In: Supplement to the Encyclopaedia Britannica. 1831 ([*Милль, Дж.*] Отар. Мына кітапта: Британия энциклопедиясына қосымша. 1831).—210.
- Mill, J.* Elements of political economy. London, 1821 (*Милль, Дж.* Саяси экономияның негіздері. Лондон, 1821).—167, 197, 364.
- Mill, J.* Eléments d'économie politique. Traduits de l'anglais par Parisot. Paris, 1823 (*Милль, Дж.* Саяси экономия негіздері. Ағылшын тілінен аударған Паризо. Париж, 1823).—578, 582, 584.
- Mill, J. St.* Essays on some unsettled questions of political economy. London, 1844 (*Милль, Дж. Ст.* Саяси экономияның кейбір шешілмеген мәселелері туралы тәжірибе. Лондон, 1844).—138, 611.
- **Mill, J. St.* Principles of political economy with some of their applications to social philosophy. In two volumes. London, 1848 (*Милль, Дж. Ст.* Саяси экономияның негіздері және олардың кейбіреулерін қоғамдық философияға қолдану. Екі томдық. Лондон, 1848).—138, 381, 515, 622.
- **Mill, J. St.* Principles of political economy with some of their applications to social philosophy. London, 1868 (*Милль, Дж. Ст.* Саяси экономияның негіздері және олардың кейбіреулерін қоғамдық философияға қолдану. Лондон, 1868).—524—525.
- **Mill, J. St.* A System of logic, ratiocinative and inductive, being a connected view of the principles of evidence, and the methods of scientific investigation. In two volumes (*Милль, Дж. Ст.* Силлогикалық және индуктивтік логиканың системасы, ғылыми зерттеудің әдістеріне байланысты дәлелдердің принциптерін баяндау. Екі томдық). Бірінші басылуы 1843 жылы Лондонда шықты.—601.
- Mirabeau, H. G.* De la monarchie prussienne, sous Frédéric le Grand. Tomes II, III et VI. Londres, 1788 (*Мирабо, О. Г.* Ұлы Фридрих кезіндегі пруссиялық монархия туралы. II, III және VI том. Лондон, 1788).—728, 743, 755, 765.
- Molinari, G.* Études économiques. Paris, 1846 (*Молинару, Г.* Экономикалық этюдтер. Париж, 1846).—433, 608, 778.
- **Mommsen, Th.* Römische Geschichte. Bände I—III. Zweite Auflage. Berlin, 1856—1857 (*Моммзен, Т.* Рим тарихы. I—III том. Екінші басылуы. Берлин, 1856—1857).—180, 184.
- Monteil, A. A.* Traité de matériaux manuscrits de divers genres d'histoire. Tome I. Paris, 1835 (*Монтей, А. А.* Тарихтың түрлі бөлімдері жөніндегі қолжазба материалдар туралы трактат. I том. Париж, 1835).—753.
- **Montesquieu, Ch.* Die l'esprit des loix. In: Oeuvres de Montesquieu. Tomes II, III et IV. Londres, 1767—1769 (*Монтескье, Ш.* Зандар рухы туралы. Мына басылуында: Монтескье Шығармалары. II, III және IV том. Лондон, 1767—1769).—106, 138, 764.
- **More, Th.* Utopia. Originally printed in latin, 1516. Translated into english by R. Robinson. Edited by E. Arber. London, 1869 (*Мор. Т.* Утопия. Алғаш рет латын тілінде 1516 жылы жарияланған. Ағылшын тіліне аударған Р. Робинсон. Э. Арбердің бастырғаны. Лондон, 1869).—730, 745.
- Morton, J. C.* Labourer. In: A Cyclopaedia of agriculture, practical and scientific. Edited by J. C. Morton. Vol II. Glasgow, 1855 (*Мортон, Дж. Ч.* Жұмысшы. Мына кітапта: Екіншілік жөніндегі практикалық және ғылыми энциклопедия. Дж. Ч. Мортонның бастырғаны. II том. Глазго, 1855).—564.
- Morton, J. C.* On the forces used in agriculture. In: «The Journal of the Society of Arts». Volume VII, December 9, 1859 (*Мортон, Дж. Ч.* Екіншілікте қолданылатын күштер туралы. «The Journal of the Society of Arts»-те басылған, VII том, 9 декабрь, 1859 ж.).—386.
- Müller, A. H.* Die Elemente der Staatskunst. Theil II. Berlin, 1809

- (Мюллер, А. Г. Мемлекетті басқару өнерінің негіздері. II бөлім. Берлин, 1809).—140.
- **Mun, Th.* England's treasure by forraign trade. Or, the Ballance of our forraign trade is the rule of our treasure. Written by Thomas Mun of Lond., merchant, and now published for the common good by his son John Mun. London, 1669 (*Ман. Т.* Англияның сыртқы саудадағы байлығы, немесе Біздің байлығымызды реттеуші ретінде сыртқы саудамыздың балансы. Лондон купеці Томас Ман жазған, енді жалпы игілік үшін оның баласы Джон Ман жариялап отыр. Лондон, 1669).—522.
- Murphy, J. N.* Ireland industrial, political, and social. London, 1870 (*Мэрфи, Дж. Н.* Ирландия, оның өнеркәсібі, саяси және әлеуметтік қатынастары. Лондон, 1870).—715.
- Murray, H.; Wilson, J.* etc. Historical and descriptive account of British India, from the most remote period to the present time. In three volumes. Vol. II. Edinburgh, 1832 (*Мэрри, Х., Уильсон, Дж. және басқалар.* Сонау ертедегі уақыттан бастап осы кезге дейінгі Британия Индиясының тарихи очеркі. Үш томдық. II том. Эдинбург, 1832).—351.
- Newman, F. W.* Lectures on political economy. London, 1851 (*Ньюмен, Ф. У.* Саяси экономия жөніндегі лекциялар. Лондон, 1851).—734, 739.
- Newman, S. Ph.* Elements of political economy. Andover and New York, 1835 (*Ньюмен, С. Ф.* Саяси экономияның негіздері. Эндавер және Нью-Йорк, 1835).—173, 218.
- Newnham, G. L.* A Review of the evidence before the committees of the two Houses of Parliament, on the corn laws. London, 1815 (*Ньюнем, Дж. Л.* Астық заңдары туралы мәселе жөнінде парламенттің екі палатасының комиссиялары алдында берілген жауаптардың шолуы. Лондон, 1815).—613.
- Niebuhr, V. G.* Römische Geschichte. Berlin, 1853 (*Нибур, В. Г.* Рим тарихы. Берлин, 1853).—245.
- *[*North, D.*] Discourses upon trade: principally directed to the cases of the interest, coynage, clipping, increase of money. London, 1691 (*Норт, Д.* Сауда туралы очерктер; көбінесе, процент туралы, ақша шығару туралы, монетаны бүлдіру туралы, ақша мөлшерін көбейту туралы мәселелер жөніндегі очерктер. Лондон, 1691).—136, 139, 148, 401.
- Observations in certain verbal disputes in political economy, particularly relating to value, and to demand and supply. London, 1821 (Саяси экономиядағы сөздер туралы кейбір таластар жөніндегі, әсіресе құнға және сұраныс пен ұсынысқа қатысты сөздер жөніндегі ескертулер. Лондон, 1821).—98, 217, 544, 610.
- Olmsted, F. L.* A Journey in the seaboard slave states, with remarks on their economy. New York, 1856 (*Олмстед, Ф. Л.* Теңіз жағалауындағы құл иеленуші штаттарға саяхат, олардың экономикасы туралы заметкалар. Нью-Йорк, 1856).—209.
- On combination of trades. London, 1834 (Кәсіпшілік одақтары туралы. Лондон, 1839).—568.
- Ordryke, G. A.* Treatise on political economy. New York, 1851 (*Ордайка, Дж.* Саяси экономия жөніндегі трактат. Нью-Йорк, 1851).—177.
- Ortes, G.* Della economia nazionale. Libri sei, In: Scrittori classici italiani di economia politica. Parte moderna. Tomi XXI—XXII. Milano, 1804 (*Ортез, Дж.* Саяси экономия. Алты кітап. Мына басылуында: Саяси экономияның итальян классиктері. Қазіргі заманғы экономистер. XXI—XXII том. Милан, 1804).—658.
- Otway, J. H.* Judgment of J. H. Otway, chairman of county sessions. — Belfast, hilary sessions, 1860. Appendix in: Reporte of the inspectors of factories for the half year ending 30th April 1860. London, 1860 (*Отуэй, Дж. Г.* Белфаст графтығындағы сот сессиясының председатели Дж. Г. Отуэйдің ко-

- рытындысы, 1860 жылғы январь сессиясы. Мына кітаптағы қосымша: фабрикалық инспекторлардың 1860 жылғы 30 апрельде біткен жарты жылдық жөніндегі есептері. Лондон, 1860).—286.
- **Owen, R.* Observations on the effect of the manufacturing system: with hints for the improvement of those parts of it which are most injurious to health and morals. The second edition. London, 1817 (*Оуэн, Р.* Өнеркәсіп системасының әсері туралы ескертулер және оның денсаулық пен адамгершілікке неғұрлым зиянды жақтарын қалай жақсарту жөніндегі нұсқаулар. Екінші басылуы. Лондон, 1817).—413.
- Pagnini, G. F.* Saggio sopra il giusto pregio delle cose, la giusta valuta della moneta e sopra il commercio dei romani. In: Scrittori classici italiani di economia politica. Parte moderna. Tome II. Milano. 1803 (*Паньини, Дж. Ф.* Заттардың дұрыс бағасы туралы, монетаның дұрыс құны туралы және римдіктердің саудасы туралы. Мына басылуында: Италиян саяси экономиясының классиктері. Қазіргі заманғы экономистер. II том, Милан, 1803).—107.
- [*Papillon, Th.*] The East-Indiatrade amost profitable trade to the Kingdom. London, 1677 (*Папиллон, Т.*) Ост-Инд саудасы—корольдік үшін ең пайдалы сауда. Лондон, 1677).—106.
- Parry, Ch. H.* The Question of the necessity of the existing corn laws, considered, in their relation to the agricultural labourer, the tenantry, the landholder, and the country. London, 1816 (*Парри, Ч. Г.* Ауылшаруашылық жұмысшысының, арендатордың, жер иеленуші мен елдің мүдделері тұрғысынан қарағанда қазіргі астық заңдарының қажеттігі туралы мәселе. Лондон, 1816).—612, 613, 685, 686.
- [*Parry, W. E.*] Journal of a voyage for the discovery of a north-west passage from the Atlantic to the Pacific; performed in the years 1819—20, in His Majesty's ships *Hecla* and *Griper*, under the orders of *William Edward Parry*. London, 1821 (*Парри, У. Э.*) Атлантика мұхитынан Тынық мұхитқа солтүстік-батыстан жол ашу үшін Уильям Эдуард Парридің бастылығымен ұлы мәртебелі тақсырдың «Гекла» мен «Грайпер» кемелерімен 1819—20 жылдары жасалған саяхат журналы. Лондон, 1821).—110.
- Pesqueur, C.* Théorie nouvelle d'économie sociale et politique, ou Etudes sur l'organisation des sociétés. Paris, 1842 (*Пеккер, К.* Әлеуметтік және саяси экономияның жаңа теориясы, немесе Қоғамдарды ұйымдастыру туралы зерттеу. Париж, 1842).—625, 769.
- **Petty, W.* The Political anatomy of Ireland. 1672. To which is added *Verbum sapienti*. London, 1691 (*Петти, У.* Ирландияның саяси анатомиясы. 1672. Қосымшасы: «Сөз ақылдыларға». Лондон, 1691).—156, 159, 280, 323.
- **Petty, W.* *Quantulumcumque concerning money*, 1682. To the Lord *Marques of Halyfax*. London, 1695 (*Петти, У.* Ақша туралы түрлі ойлар, 1682. Галифакс лордына. Лондон, 1695).—116, 159.
- *[*Petty, W.*] *A Treatise of taxes and contributions*. London, 1667 (*Петти, У.*) Салықтар мен алымдар туралы трактат. Лондон, 1667).—57, 107, 136, 627, 628.
- [*Pinto, J.*] *Traité de la circulation et du crédit*. Amsterdam, 1771 (*Пинто, Я.*) Айналыс пен кредит туралы трактат. Амстердам, 1771).—164.
- **Plato.* *Res publica*. In: *Platonis opera omnia*. *Recognoverunt I. G. Baierus, I. C. Orellius, A. G. Winckelmannus*. Vol. XIII. Turici, 1840 (*Платон.* Мемлекет. Мына кітапта: *Платон.* Шығармалар жинағы. И. Г. Байтердің, И. К. Ореллидің, А. В. Винкельманның бастырғаны. XIII том, Цюрих, 1840).—377.
- A Political enquiry into the consequences of enclosing waste lands, and the causes of the present high price of butchers meat*. London, 1785 (Бос жатқан жерлерді қор-

- шаудың салдарын және еттің қазіргі жоғары бағаларының себептерін саяси жағынан зерттеу. Лондон, 1785).—734—735.
- Postlethwayt, M.* First preliminary discourse. In: *Postlethwayt, M.* The Universal dictionary of trade and commerce. The fourth edition. Vol. I. London, 1774 (*Постлуэйт, М.* Бірінші кіріспе мақала. Мына кітапта: *Постлуэйт, М.* Жалпы сауда-өнеркәсіп сөздігі. Төртінші басылуы. I том. Лондон, 1774).—283.
- Postlethwayt, M.* Great-Britain's commercial interest explained and improved. In two volumes. The second edition. London, 1759 (*Постлуэйт, М.* Великобританияның сауда мүдделері. Екі томдық. Екінші басылуы. Лондон, 1759).—283.
- Potter, A.* Political economy: its objects, uses, and principles: considered with reference to the condition of the american people. New York. 1841 (*Поттер, А.* Саяси экономия: оның американдық халқының тұрмыс жағдайына сәйкес қаралған предметі, міндеті мен негізі. Нью-Йорк, 1841).—609.
- Price, R.* Observations on reversiory payments; on schemes for providing annuities for widows, and for persons in old age; on the method of calculating the values of assurances on lives; and on the national debt. Sixth edition. By W. Morgan. Vol. II. London, 1803 (*Прайс, Р.* Мирас төлемдер туралы, жесір адамдар мен қарттар үшін жыл сайынғы ренталарды қамтамасыз ету жобалары туралы, өмірді қауіпсіздендіру құнын есептеп шығару әдісі туралы және мемлекеттік борыш туралы ескертулер. Алтыншы басылуы. У. Морган, Лондон, 1803).—684, 736.
- A Prize essay on the comparative merits of competition and cooperation. London, 1834 (Бәсеке мен кооперацияның біршама жақсы жақтары туралы бәйгі алған тәжірибе. Лондон, 1834).—330, 441.
- Proudhon, P. J.* Système des contradictions économiques, ou Philosophie de la misere. Tome I. Paris, 1846 (*Прудон, П. Ж.* Экономикалық қайшылықтардың системасы, немесе Қайыршылық философиясы. I том. Париж, 1846).—523.
- Public economy concentrated; or, a Connected view of currency, agriculture, and manufactures. Carlisle, 1833 (Қоғамдық экономияның қысқаша баяндалуы, немесе Айналыс, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп құралдарын қарау. Карлайл, 1833).—406.
- **Quesnay, F.* Dialogues sur le commerce et sur les travaux des artisans. In: Physiocrates. Avec une introduction et des commentaires par E. Daire. Partie I. Paris, 1846 (*Кенэ, Ф.* Сауда туралы және қолөнершілердің еңбектері туралы диалогтар. Мына кітапта: Физиократтар. Э. Дэрдің кіріспе мақаласы мен комментарийлері бар. I бөлім. Париж, 1846).—123, 330.
- **Quesnay, F.* Tableau oeconomique. Remarques sur les variations de la distribution des revenus annuels d'une nation. Versailles, 1758 (*Кенэ, Ф.* Экономикалық кесте. Ұлттың жылдық табысын бөлудегі өзгеріс туралы пікірлер. Версаль, 1758).—602.
- **Quetelet, A.* Sur l'homme et le développement de ses facultés, ou Essai de physique sociale. Tomes I—II. Paris, 1835 (*Кетле, А.* Адам және оның қабілетінің жетілуі туралы, немесе Әлеуметтік физиканың тәжірибесі. I—II томдар. Париж, 1835).—333.
- Raffles, Th. S.* The History of Java. In two volumes. London, 1817 (*Раффлс, Т. С.* Ява тарихы. Екі том. Лондон, 1817).—370, 760.
- Ramazzini, B.* De morbis artificum diatriba. Mutinae, 1700 (*Рамаццини, Б.* Қолөнершілердің аурулары туралы трактат. Модена, 1700).—375.
- Ramazzini, B.* Essai sur les maladies des artisans, traduit du latin. Paris, 1777 (*Рамаццини, Б.* Қолөнершілердің аурулары туралы трактат. Латын тілінен аударма. Париж, 1777). Бұл еңбек мына кітапта, қайта басылған: Encyclopédie

- des sciences médicales. 7 division. Auteurs classiques. Paris, 1841 (Медицина ғылымдарының энциклопедиясы, 7-бөлім. Классиктер. Париж, 1841).—375.
- Ramsay, G.* An Essay on the distribution of wealth. Edinburgh, 1836 (*Рамсей, Дж.* Байлықты бөлу туралы тәжірибе. Эдинбург, 1836).—175, 178, 326, 520, 578, 643.
- Ravenstone, P.* Thoughts on the funding system, and its effects. London, 1824 (*Рейвнстон, П.* Мемлекеттік борыштардың системасы және оның зардаптары туралы пікірлер. Лондон, 1824).—439, 520.
- Read, G.* The History of baking trade. London, 1848 (*Рид, Дж.* Нан пісірудің тарихы, Лондон, 1848).—261.
- Reasons for the late increase of the poor-rates: or, a Comparative view of the price of labour and provisions. London, 1777 (Кедейлердің найдасына бола салынатын салықтардың жуырдағы көбейтілуі, немесе Еңбек пен тамақ өнімдерінің бағаларын салыстырып қарау. Лондон, 1777).—582, 684.
- Reasons for a limited exportation of wooll. London, 1677 (Шетке жүн шығаруды шектеудің себептері. Лондон, 1677).—582.
- Regnault, E.* Histoire politique et sociale des principautés Danubiennes. Paris, 1855 (*Реньо, Э.* Дунай князьдіктерінің саяси және әлеуметтік тарихы. Париж, 1855).—249.
- Reich, E.* Ueber die Entartung des Menschen, ihre Ursachen und Verhütung. Erlangen, 1868 (*Рейх, Э.* Адамның азып кетуі, оның себептері және оны болғызбау шаралары. Эрланген, 1868).—375.
- Remarks on the commercial policy of Great Britian, principally as it relates to the corn trade. London, 1815 (Великобританияның ең алдымен астық саудасына қатысты сауда саясаты туралы ескертулер. Лондон, 1815).—566.
- **Ricardo, D.* The High price of bullion a proof of the depreciation of bank notes. The fourth edition, corrected. London, 1811 (*Рикардо, Д.* Жамбылар бағасының жоғарылығы — банкнот бағасының төмендеуінің дәлелі. Төртінші басылуы, түзетілген. Лондон, 1811).—157.
- **Ricardo, D.* On protection to agriculture. Fourth edition. London, 1822 (*Рикардо, Д.* Егіншілікке қамқорлық жасау туралы. Төртінші басылуы. Лондон, 1822).—92.
- **Ricardo, D.* On the principles of political economy, and taxation. Third edition. London, 1821 (*Рикардо, Д.* Саяси экономияның және салық салудың негіздері. Үшінші басылуы. Лондон, 1821).—96, 180, 200, 241, 398, 403—404, 440, 441, 447, 584, 601, 618, 642.
- Richardson, B. W.* Work and overwork. In: «Social Science Review». July 18, 1863 (*Ричардсон, Б. У.* Еңбек және мөлшерден артық еңбек «Social Science Review», журналында, 18 июль, 1863).—264—266.
- Roberts, G.* The Social history of the people of the southern counties of England in past centuries. London, 1856 (*Робертс, Дж.* Англияның оңтүстік графтықтарындағы халықтың әлеуметтік тарихы, бұл соңғы ғасырды қамтиды. Лондон, 1856).—731.
- Rodbertus-Jagetzow, I. K.* Briefe und socialpolitische Aufsätze. Herausgegeben von Dr. R. Meyer. Band I. Berlin, 1881 (*Родбертус-Ягетцов, И. К.* Хаттар және әлеуметтік-саяси мақалалар. Бастырған д-р Р. Мейер. I том. Берлин, 1881).—540.
- **Rodbertus, I. K.* Sociale Briefe an von Kirchmann. Dritter Brief: Widerlegung der Ricardo'schen Lehre von der Grundrente und Begründung einer neuen Rententheorie. Berlin, 1851 (*Родбертус, И. К.* Фон Кирхманға жазған әлеуметтік хаттар. Үшінші хат: Рикардоның жер рентасы туралы ілімін теріске шығару және жаңа рента теориясын дәлелдеу. Берлин, 1851).—540.
- Rogers, J. E. Th.* A History of agriculture and prices in England from the year after the Oxford parliament (1259) to the commencement of the continental war (1793). Vol. I—II. Oxford, 1866 (*Роджерс, Дж.*

- Э. Т. Оксфорд парламентін шақырған кезден (1259) бастап континенттік соғысқа (1793) дейінгі Англиядағы ауыл шаруашылығы мен бағалардың тарихы. I—II томдар. Оксфорд, 1866).—684, 689, 732.
- Rohatzsch, R. H.* Die Krankheiten, welche verschiedenen Ständen, Altern und Geschlechtern eigenthümlich sind. 6 Bände. Ulm, 1840 (*Рохач, Р. Г.* Түрлі сословиелерге, жастағыларға және жыныстарға тән аурулар. 6 том, Ульм, 1840).—375.
- **Roscher, W.* System der Volkswirtschaft. Band I: Die Grundlagen der Nationalökonomie. Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage. Stuttgart und Augsburg, 1858 (*Росчер, В.* Халық шаруашылығының системасы. I том: Саяси экономияның негізі. Толықтырылып, түзетіліп үшінші басылуы. Штутгарт және Аугсбург, 1858).—107, 173, 218, 228, 334.
- Rossi, P.* Cours d'économie politique. In: Cours d'économie politique. Bruxelles, 1843 (*Росси, П.* Саяси экономия курсы. Саяси экономия курсы деген жинақта. Брюссель, 1843).—186.
- Rouard de Card, P. M.* De la falsification des substances sacramentelles. Paris, 1856 (*Пуар де Кар, П. М.* Құдайдың бергенін бұрмалау. Париж, 1856).—259.
- **Rousseau, J. J.* Discours sur l'économie politique (*Руссо, Ж. Ж.* Саяси экономия туралы ой жүгірту). Бірінші рет мына кітапта жарияланған: Encyclopédie, ou Dictionnaire raisonné des sciences, des arts et des métiers. Tome V. Paris, 1755), (Энциклопедия, немесе Ғылымдардың, көркемөнер мен кәсіптердің түсіндірме сөздігі. V том. Париж, 1755).—755.
- [*Roy, H.*] The Theory of the exchanges. The bank charter act of 1844. London, 1864 ([*Рой, Г.*] Вексель курсының теориясы, 1844 ж. банк актысы, Лондон, 1864).—153, 664.
- Sadler, M. Th.* Ireland; its evils, and their remedies. Second edition. London, 1829 (*Садлер, М. Т.* Ирландия, оның бақытсыздығы және оны жоюдың құралдары. Екінші басылуы. Лондон, 1829).—713.
- Sadler, M. Th.* The Law of population. Volumes I—II. London, 1830 (*Садлер, М. Т.* Халық өсуінің заңы. I—II томдар. Лондон, 1830).—713.
- Say, J. B.* Lettres à M. Malthus, sur différens sujets d'économie politique, notamment sur les causes de la stagnation générale du commerce. Paris, 1820 (*Сэй, Ж. Б.* Саяси экономияның түрлі мәселелері жөнінде, атап айтқанда саудадағы жаппай тоқыраудың себептері туралы Мальтус мырзаға жазған хаттар. Париж, 1820).—618.
- **Say, J. B.* Traité d'économie politique. Troisième édition. Tomes I et II. Paris, 1817 (*Сэй, Ж. Б.* Саяси экономия жөнінде трактат. Үшінші басылуы, I—II томдар. Париж, 1817).—167, 177, 218.
- **Idem.* Cinquième édition. Tome I. Paris, 1826 (*Бұл да сол.* Бесінші басылуы. I том. Париж, 1826).—606.
- **Schorlemmer, C.* The Rise and development of organic chemistry. London, 1879 (*Шорлеммер, К.* Органикалық химияның шығуы және дамуы. Лондон, 1879).—318.
- Schouw, J. F.* Die Erde, die Pflanzen und der Mensch. Aus dem Dänischen von Zeise. Zweite Auflage. Leipzig, 1854 (*Шау, И. Ф.* Жер, өсімдік және адам. Дания тілінен Цейзе аударған. Екінші басылуы. Лейпциг, 1854).—522.
- Schulz, W.* Die Bewegung der Production. Eine geschichtlicher-statistische Abhandlung zur Grundlegung einer neuen Wissenschaft des Staats und der Gesellschaft. Zürich und Winterthur, 1843 (*Шульц, В.* Өндіріс қозғалысы. Мемлекет пен қоғам туралы жана ғылымды негіздеу мақсатымен тарихи-статистикалық зерттеу. Цюрих пен Винтертур, 1843).—382.
- Scrope.* The principles of political economy.—қараңыз: *Potter.* Political economy.
- [*Seeley, R. B.*] The Perils of the nation. An Appeal to the legisla-

- ture, the clergy, and the higher and middle classes. London, 1843 ([Силл, Р. Б.] Халық үшін хауіп. Заң шығаратын органдарға, дін иелеріне, жоғары және орта таптарға үндеу. Лондон, 1843).—737.
- Senior, N. W. Journals, conversations and essays relating to Ireland. In two volumes. Vol. II. London, 1868 (Сениор, Н. У. Ирландия туралы күнделіктер, әңгімелер мен тәжірибелер. Екі том. II том. Лондон, 1868).—722, 740.
- Senior, N. W. Letters on the Factory Act, as it affects the cotton manufacture. To which are appended, a Letter to Mr. Senior from L. Horner, and Minutes of a conversation between Mr. E. Ashworth, Mr. Thomson and Mr. Senior. London, 1837 (Сениор, Н. У. Фабрикалық актының мақта-мата өнеркәсібіне ықпалы туралы хаттар. Л. Хорнердің Сениор мырзаға хаты және Э. Ашуорт мырзаның, Томсон мырзаның және Сениор мырзаның араларында болған әңгіменің жазбасы бар. Лондон, 1837).—236, 239, 416.
- Senior, N. W. An Outline of the science of political economy. London, 1836 (Сениор, Н. У. Саяси экономия ғылымының очеркі. Лондон, 1836).—239.
- Senior, N. W. Principes fondamentaux de l'économie politique, tirés de leçons éditées et inédites de Mr. N. W. Senior par le c-te Jean Arrivabene. Paris, 1836 (Сениор, Н. У. Саяси экономияның Н. У. Сениордың басылып шыққан және басылмаған лекцияларынан граф Жан Арривабен қорытып алған басты негіздері. Париж, 1836).—608.
- Senior, N. W. Three lectures on the rate of wages. With a preface on the causes and remedies of the present disturbances. London, 1830 (Сениор, Н. У. Жалақының дәрежесі туралы үш лекция. Болып отырған бұрмалаулардың себептері туралы және оларды жоюдың шаралары жөнінде алғысөз қоса берілген. Лондон, 1830).—553, 557.
- Sextus Empiricus. Adversus mathe-
- maticos (Секст Эмпирик. Математиктерге қарсы).—377.
- Sismondi, J. C. L. *Simonde de. De la richesse commerciale ou Principes d'économie politique, appliqués à la législation du commerce.* Tome I. Genève, 1803 (Сисмонди, Ж. Ш. Л. Сисмонд де. Сауда байлығы туралы, немесе Саяси экономияның сауда заңдарына қолданылатын негіздері туралы. I том. Женева, 1803).—544.
- Sismondi, J. C. L. *Simonde de. Etudes sur l'économie politique.* Tome I. Bruxelles, 1837 (Сисмонди, Ж. Ш. Л. Сисмонд де. Саяси экономияның очеркі. I том. Брюссель, 1837).—325, 606.
- *Sismondi, J. C. L. *Simonde de. Nouveaux principes d'économie politique, ou De la richesse dans ses rapports avec la population.* Tome I. Paris, 1819 (Сисмонди, Ж. Ш. Л. Сисмонд де. Саяси экономияның жана негіздері, немесе Оның халық өсуіне қатынасындағы байлық туралы. I том. Париж, 1819).—169, 186, 578, 592, 593, 597, 659.
- **Idem.* *Seconde édition. Tomes I—II.* Paris, 1827 (Бұл да сол. Екінші басылуы. I—II томдар. Париж, 1827).—589, 659, 770.
- Skarbek, F. *Théorie des richesses sociales. Suivie d'une bibliographie de l'économie politique.* Seconde édition. Tome I. Paris, 1839 (Скарбек, Ф. Қоғамдық байлық теориясы, саяси экономия жөнінде библиография қоса берілген. II басылуы. I том, Париж, 1839).—337, 363.
- *Smith, A. *An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations.* Ed. E. G. Wakefield, London, 1835—1839. Ed. David Buchanan, Edinburgh, 1814 (Смит, А. Халықтар байлығының жаратылысы мен себептері туралы зерттеу. Э. Г. Уэйкфилд бастырған, Лондон, 1835—1839. Давид Бьюкенен бастырған, Эдинбург, 1814).—61, 137, 363, 366, 374—375, 546, 569, 580, 606, 630, 632, 655, 666, 747.
- *Smith, A. *Recherches sur la nature et les causes de la richesse des na-*

- tions. Traduction nouvelle, avec des notes et observations; par Germain Garnier. Tome I. Paris, 1802 (*Смит, А. Халықтар байлығының жаратылысы мен себептері туралы зерттеу. Жана аудармасын Жермен Гарнье жасаған, аудармашының комментарий мен ескертулері бар. I том, Париж, 1802.*)—630.
- **Smith, A.* The Theory of moral sentiments. London, 1759 (*Смит, А. Адамгершілік сезімдердің теориясы. Лондон, 1759.*)—628.
- Somers, R.* Letters from the Highlands; or, the Famine of 1847. London, 1848 (*Сомерс, Р. Таулық Шотландиядан хаттар, немесе 1847 жылғы ашаршылық. Лондон, 1848.*)—741, 742.
- The Source and remedy of the national difficulties. In a letter to Lord John Russell. London, 1821 (Ұлттық қиыншылықтардың шығатын негізі және шешілуі. Лорд Джон Расселге хат. Лондон, 1821.)—599.
- **Spinoza, B.* Epistolae doctorum quorundam virorum ad B. de Spinoza et auctoris responsiones; ad aliorum ejus operum elucidationem non rariam facientes (*Спиноза, Б. Кейбір ғалым адамдардың Б. Спинозаға хаттары және Спинозаның өзінің басқа шығармалары жөнінде де көп түсінік беретін жауаптары.*)—608.
- **Spinoza, B.* Ethica (Спиноза, Б. Этика).—316.
- Stafford, W.* gentleman. A Compendious or briefe examination of certayne ordinary complaints, of divers of our country men in these our dayes. London, 1581 (*Граффорд]. У., дворянин. Біздің түрлі отандастарымыз қазіргі уақытта әдетте айтып жүретін кейбір шағымдардың тұжырымды немесе қысқаша анализі. Лондон, 1581.*)—753.
- Steuart, J.* An Inquiry into the principles or political oeconomy. In two volumes. Vol. I. London, 1767 (*Стюарт, Дж. Саяси экономияның негіздері туралы зерттеу. Екі том. I том, Лондон, 1767.*)—343, 739.
- Steuart, J.* An Inquiry into the principles of political oeconomy. In three volumes. Vol. I. Dublin, 1770 (*Стюарт, Дж. Саяси экономияның негіздері туралы зерттеу. Үш том. I том, Дублин, 1770.*)—191, 659, 728, 754.
- Steuart, J.* An Inquiry into the principles of political oeconomy. In: The Works of Sir James Steuart, collected by General Sir James Steuart, his son. In six volumes. Vol. I. London, 1805 (*Стюарт Дж. Саяси экономияның негіздері туралы зерттеу. Мына кітапта: сэр Джемс Стюарттың шығармалары, бұларды оның баласы генерал сэр Джемс Стюарт жинаған. Алты том. I том, Лондон, 1805.*)—162.
- Steuart, J.* Recherche des principes de l'économie politique. Tome I. Paris, 1789 (*Стюарт, Дж. Саяси экономияның негіздері туралы зерттеу. I том, Париж, 1789.*)—439.
- Stewart, D.* Lectures on political economy. In: The collected works of D. Stewart. Edited by Sir W. Hamilton. Vol. VIII. Edinburgh, 1855 (*Стюарт, Д. Саяси экономия жөнінде лекциялар. Мына кітапта: Д. Стюарттың шығармалар жинағы. Бастыран сэр У. Гамильтон. VIII том. Эдинбург, 1855.*)—331, 356, 372, 495.
- **Storch, H.* Cours d'économie politique, ou Exposition des principes, qui déterminent la prospérité des nations. Tomes I—III. St.-Petersbourg, 1815 (*Шторх, Г. Саяси экономия курсы, немесе Халықтардың берекесін анықтайтын негіздерді баяндау. I—III томдар. С.—Петербург, 1815.*)—187, 195, 373, 601, 659.
- **Storch, H.* Cours d'économie politique, ou Exposition des principes, qui déterminent la prospérité des nations. Avec des notes explicatives et critiques par J. B. Say. Tome I. Paris, 1823 (*Шторх, Г. Саяси экономия курсы, немесе Халықтардың берекесін анықтайтын негіздерді баяндау. Ж. Б. Сэйдің түсінік және сыни ескертулері бар. I том, Париж, 1823.*)—363, 372.
- Strange, W.* The Seven sources of health. London, 1864 (*Стрейнджс, У.*

- Денсаулықтың жеті бұлағы. Лондон, 1864).—367.
- Strype, J.* Annals of the reformation and establishment of religion, and other various occurrences in the Church of England, during Queen Elizabeth's happy reign. Second edition. Vol. II, 1725 (*Страйн, Дж.* Королева Елизаветаның бақытты патшалық құрған кезіндегі діннің реформациясы мен нығаюының және ағылшын шіркеуіндегі басқа да түрлі оқиғалардың жылнамасы. Екінші басылуы, II том, 1725).—745.
- **Thiers, A.* De la propriété. Paris, 1848 (*Тьер, А.* Меншік туралы, Париж, 1848).—452.
- Thompson, B.,* Count of *Rumford.* Essays, political, economical, and philosophical. Vols. I—III. London, 1796—1802. Vol. I. London, 1796 (*Томпсон, Б.* Граф *Румфорд.* Саяси, экономикалық, философиялық тәжірибелер. I—III томдар. Лондон, 1796—1802. I том. Лондон, 1796).—612.
- Thompson, W.* An Inquiry into the principles of the distribution of wealth most conducive to human happiness. London, 1824 (*Томпсон, У.* Адамның бақытты болуына неғұрлым мүмкіндік туғызатын байлықтар бөлінісінің негіздерін зерттеу. Лондон, 1824).—373.
- Thornton, W. Th.* Over-population and its remedy. London, 1846 (*Торнтон, У. Т.* Халықтың артық өсуі және оны жоюдың құралдары. Лондон, 1846).—184, 278.
- Some Thoughts on the interest of money in general, and particularly in the publick funds. London (Жалпы алғанда процент туралы, атап айтқанда мемлекеттік заем бойынша процент туралы кейбір пікірлер. Лондон).—53, 61.
- **Thucydides.* De bello Peloponnesiaco libri octo (*Фукидид.* Пелопоннес соғысы туралы. Ceriz кітап).—377.
- Thünen, J. H.* Der isolirte Staat in Beziehung auf Landwirthschaft und Nationalökonomie. Theil II. Abtheilung II. Der naturgemäße Arbeitslohn und dessen Verhältniß zum Zinsfuß und zur Landrente. Rostock, 1863 (*Тюннен, И. Г.* Оқшауланған мемлекет жағдайындағы ауыл шаруашылығы мен саяси экономия. II бөлімшесі. II бөлім. Табиғи жалақы және процент нормасы мен жер рентасына қатынасы. Ростов, 1863).—632.
- Tooke, Th.,* *Newmarch, W. A.* History of prices, and of the state of the circulation, during the nine years 1848—1856. In two volumes; forming the fifth and sixth volumes of the History of prices from 1792 to the present time: London, 1857 (*Тук, Т.; Ньюмарч, У.* Баға тарихы және 1848-жылдан бастап 1856 жылға дейінгі, тоғыз жыл ішіндегі айналыс жағдайы. Екі том, бұл томдар 1792 жылдан бастап осы уақытқа дейінгі бағалар тарихы туралы еңбектің бесінші және алтыншы томдары. Лондон, 1857).—305.
- Torrrens, R.* An Essay on the external corn trade. London, 1815 (*Торренс, Р.* Астықпен сыртқы сауда жүргізудің тәжірибесі. Лондон, 1815).—184.
- Torrrens, R.* An Essay on the production of wealth. London, 1821 (*Торренс, Р.* Байлық өндіру туралы тәжірибе. Лондон, 1821).—175, 197.
- Torrrens, R.* On Wages and combination. London, 1834 (*Торренс, Р.* Жалақы туралы және жұмысшы одақтары туралы. Лондон, 1834).—415.
- [*Townsend, J.*] A Dissertation on the poor laws. By a well-wisher to mankind. London, 1786 ([*Таунсенд, Дж.*] Кедейлер туралы заңдар жөнінде ой жүгірту. Адамдарға жақсылық тілейтін адамның шығармасы. Лондон, 1786). 1817 жылы қайта басылған.—661.
- Townsend, J.* Journey through Spain London, 1791 (*Таунсенд, Дж.* Испанияға саяхат. Лондон, 1791).—659.
- Tuckett, J. D.* A History of the past and present state of the labouring population, including the progress of agriculture, manufactures, and commerce. In two volumes. London,

- 1846 (*Таккет, Дж. Д.* Еңбекші халықтың өткендегі және қазіргі жағдайының тарихы, бұл жағдайға ауылшаруашылығының, өнеркәсіптің және сауданың дамуы да жатады. Екі том. Лондон, 1846).—374, 732, 757.
- **Turgot*. Réflexions sur la formation et la distribution des richesses. In: Oeuvres de *Turgot*. Nouvelle édition par M. E. Daire. Tome I. Paris, 1844 (*Турго*). Байлықтарды жасау және бөлу туралы ойлар. Мына кітапта: *Тургоның Шығармасы*. Э. Дэр жаңадан бастырып шығарған. I том, Париж, 1844).—192, 323, 542.
- Two letters on the flour trade, and dearness of corn. By a person in business. London, 1767 (Ұнмен сауда жасау және астықтың қымбатшылығы туралы екі хат. Кәсіп несінің шығармасы. Лондон, 1767).—735.
- Ure, A.* The Philosophy of manufactures: or, an Exposition of the scientific, moral, and commercial economy of the factory system of Great Britain. London, 1835 (*Юр, Э.* Фабрика философиясы, немесе Великобританияның фабрика системасы экономикасының ғылыми, адамгершілік және коммерциялық жағын баяндау. Лондон, 1835).—239, 361, 362, 379, 380, 390, 414, 429—431, 434, 442, 446, 447, 562, 567, 571.
- Ure, A.* Philosophie des manufactures ou Economie industrielle. Traduit sous les yeux de l'auteur. Tome II. Paris, 1836 (*Юр, Э.* Фабрика философиясы, немесе Өнеркәсіп экономикасы. Автордың бақылауымен аударылған. II том. Париж, 1836).—308.
- Urquhart, D.* Familiar words. London, 1855 (*Уркарт, Д.* Достық сөздер. Лондон, 1855).—115, 375, 514, 756—757.
- Vanderlint, J.* Money answers all things; or, an Essay to make money sufficiently plentiful amongst all ranks of people. London, 1734 (*Вандерлинт, Дж.* Ақша барлық заттарға сәйкеседі, немесе Халықтың барлық жіктерінің жеткілікті ақшасы болуын қалай жасауға болатындығы туралы тәжірибе. Лондон, 1734).—138, 145, 158, 283, 284, 323, 341.
- **Verri, P.* Meditazioni sulla economia politica. In: Scrittori classici Italiani di economia politica. Parte moderna. Tomo XV. Milano, 1804 (*Верри, П.* Саяси экономия туралы ойлау. Мына кітапта: Саяси экономияның Италия классиктері. Қазіргі экономистер. XV том. Милан, 1804).—57, 105, 148, 340.
- Vissering, S.* Handboek van praktische staathuishoudkunde. Delen I—III. Amsterdam, 1860—1862 (*Виссеринг, С.* Практиктің халық шаруашылығы жөніндегі анықтаушы. I—III бөлімдері. Амстердам, 1860—1862).—512.
- Wade, J.* History of the middle and working classes. Third edition. London, 1835 (*Уэйд Дж.* Орта таптың және жұмысшы табының тарихы. Үшінші басылуы. Лондон, 1835).—253, 281, 630.
- [*Wakefield, E. G.*] England and America. A comparison of the social and political state of both nations. In two volumes. London, 1833 ([*Уэйкфилд, Э. Г.*] Англия мен Америка. Екі халықтың да әлеуметтік және саяси жағдайларын салыстыру. Екі том. Лондон, 1833).—277, 593, 686, 773—779.
- Wakefield, E. G.* Мына кітаптағы ескерту: *Smith, A.* An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations. With a commentary, by the author of «England and America». In six volumes. Vol. I. London, 1835 (*Уэйкфилд, Э. Г.* Мына кітаптағы ескертулер: *Смит, А.* Халықтар байлығының жаратылысы мен себептерін зерттеу. «Англия мен Америка» деген кітаптың авторының ескертулері бар. Алты том. I том. Лондон, 1835).—544.
- Wakefield, E. G.* A View of the art of colonization. London, 1849 (*Уэйкфилд, Э. Г.* Отарлау тәсілі туралы пікір. Лондон, 1849).—336.
- Ward, J.* The Borough of Stokeupon-Trent, in the commencement of the reign of Her Majesty Queen Victoria. London. 1843 (*Уорд, Дж.* Сток-апон-Трент округы Виктория

- королева таксырдың патшалық құра бастаған кезінде. Лондон, 1843).—276.
- Watson, J. F.* Paper read before the Society of Arts, 17 April 1860 (*Уотсон, Дж. Ф.* Искусство мен колөнерлері қоғамында 1860 ж. 17 апрельде оқылған баяндама). Мына журналда жарияланған: «The Journal of the Society of Arts». Volume VIII. London, 1860.—402.
- Watts, J.* The Facts and fictions of political economists. Manchester, 1842 (*Уотс, Дж.* Фактілер және экономистердің ойдан шығарғандары. Манчестер, 1842).—560.
- Watts, J.* Trade societies and strikes. Machinery. Co-operative societies. Manchester, 1865 (*Уотс, Дж.* Кәсіподақтар және стачкалар. Машиналар. Кооперативтік одақтар. Манчестер, 1865).—560, 563.
- Wayland, Fr.* The Elements of political economy. Boston, 1843 (*Уэйленд, Фр.* Саяси экономияның негізі. Бостон, 1843).—177, 219.
- [*West, E.*] Essay on the application of capital to land. By a fellow of University college of Oxford. London, 1815 (*Уэст, Э.* Жерге капитал жұмсау туралы тәжірибе. Оксфордтағы университеттік колледж мүшесінің шығармасы. Лондон, 1815).—553.
- West, E.* Price of corn and wages of labour, with observations upon Dr. Smith's, Mr. Ricardo's, and Mr. Malthus's doctrines upon those subjects. London, 1826 (*Уэст, Э.* Нанның бағасы және жұмысшылардың жалақысы, осы мәселелер жөнінде д-р Смиттің, Рикардо мырзаның және Мальтус мырзаның доктриналары туралы ескертүлер бар. Лондон, 1826).—533.
- Wilks, M.* Historical sketches of the South of India, in an attempt to trace the history of Mysoor. Vol. I. London, 1810 (*Уилкс, М.* Оңтүстік Индияның тарихи очеркі; Майсурдың тарихын зерттеуге талаптану. I том. Лондон, 1810).—369.
- Witt, J. de.* Aanwysing der heilsame politike gronden en maximen van de Republike van Holland en West-Friesland. Leyden, 1662 (*Витт, Я. де.* Голландия мен Батыс Фрисландия республикаларының аса маңызды саяси принциптері мен максимдерін көрсету. Лейден, 1662).—765.
- Wright, Th.* A Short address to the public on the monopoly of large farms. London, 1779 (*Райт, Т.* Ірі фермалардың монополиясы жөнінде жұртшылыққа қысқаша үндеу. Лондон, 1779).—735.
- **Xenophon.* Cyropaedia (*Ксенофонт.* Киропедия).—378.
- Young, A.* Political arithmetic. Containing observations on the present state of Great Britain. London, 1774 (*Юнг, А.* Саяси арифметика, мұнда Великобританияның қазіргі жағдайы туралы ескертүлер бар. Лондон, 1774).—137, 241.
- Young, A.* A Tour in Ireland; with general observations on the present state of that Kingdom. London, 1780 (*Юнг, А.* Ирландияға саяхат; осы корольдіктің қазіргі жағдайы туралы жасалған ескертүлер бар. Лондон, 1780).—691.

ПАРЛАМЕНТТІК ЕСЕПТЕР ЖӘНЕ БАСҚА ДА РЕСМИ ЖАРИЯЛАНҒАН МӘЛІМЕТТЕР

An Act to limit the hours of labor, and to prevent the employment of children in factories under ten years of age. Approved March 18, 1851 (Жұмыс күнінің ұзақтығын шектеу туралы және он жасқа дейінгі балаларға фабрикаларда жұмыс істетпеу туралы заң. 1851 ж. 18 мартта қабылданған). Мына

кітапта: Acts of the seventy-fifth legislature of the state of New Jersey. Trenton, 1851 (Нью-Джерси штатының жетпіс бесінші легислатурының заңдары. Трентон, 1851).—280.

An Act for regulating the hours of labour for children, young persons, and women employed in

- workshops, 21st August 1867 (Мастерскойлардағы балалардың, жас-өспірімдердің және әйелдердің еңбектері туралы заң, 1867 ж. 21 август).—504.
- Agricultural labourers (Ireland). Return to an order of the Honourable the House of Commons, dated 8 March 1861 (Ауылшаруашылық жұмысшылары (Ирландия). Қадірмен қауым палатасының 1861 жылы 8 марттағы сұрауы бойынша берілген есеп).—716.
- Agricultural statistics, Ireland. General abstracts showing the acreage under the several crops, and the number of live stock, in each county and province, for the year 1860. Dublin, 1860 (Ауылшаруашылығы статистикасы, Ирландия. Әрбір графтықтағы, провинциядағы 1860 жылғы кейбір ауылшаруашылық дақылдары егісінің көлемі туралы, мал саны туралы жалпы мәлімет. Дублин, 1860).—711.
- Agricultural statistics, Ireland. Tables showing the estimated average produce of the crops for the year 1866. Dublin, 1867 (Ауылшаруашылық статистикасы, Ирландия. 1866 жылғы егіснің болжалды орта түсімін көрсететін кесте. Дублин, 1867).—710.
- Twenty-second annual report of the registrar-general of births, deaths, and marriages in England. London, 1861 (Англиядағы азаматтық жағдайдың актыларын тіркеп отыратын бас тіркеушінің әржылдық жиырма екінші есебі. Лондон, 1861).—278.
- Arbeiten der kaiserlich russischen Gesandtschaft zu Peking über China, sein Volk, seine Religion, seine Institutionen, socialen Verhältnisse. Aus dem Russischen nach dem in St. Petersburg 1852—1857 veröffentlichten Original von Dr. Carl Abel und F. A. Mecklenburg. Erster Band, Berlin, 1858 (Қытай, оның халқы, діні, әдет-ғұрыптары, әлеуметтік қарым-қатынастары туралы Россияның Пекиндегі императорлық елшілігінің еңбегі. 1852—1857 жылдары С.-Петербургте жарияланған орысша түпнұсқадан д-р
- Карл Абел мен Ф. А. Мекленбург аударған. I том. Берлин, 1858).—141.
- Cambridge university commission. Report of Her Majesty's commissioners appointed to inquire into the state, discipline, studies, and revenues of the university and colleges of Cambridge. London, 1852 (Кембридж университетін тексеру жөніндегі комиссия. Кембридж университеті мен колледждеріндегі жағдайды, тәртіпті, сабақтың барысын және түсетін табыстарды тексеруге өкілдік берілген ұлы мәртебелі королева комиссиясы мүшелерінің есебі Лондон, 1852).—627.
- The Case of our english wool. As also the Presentment of the Grand Jury of the County of Sommerset thereon. Humbly offered to the High Court of Parliament. London, 1685 (Англия жүні жөніндегі жағдай. Соммерсет графтығының үлкен жюринің баяндамасы. Парламенттің жоғары сотына ізетпен тапсырылған. Лондон, 1685).—261.
- Census of England and Wales for the year 1861. London, 1863 (Англия мен Уэльстері 1861 жылдың санағы. Лондон, 1863).—453—454, 642, 654, 661, 664, 688.
- Children's employment commission (1862). Report (I—VI) of the commissioners (Балалар еңбегінің жағдайын тексеру жөніндегі комиссия. Комиссия мүшелерінің есебі. (I—VI).—250, 307, 406, 436, 455.
- First report. London, 1863 (Бірінші есеп. Лондон, 1863).—253, 258, 279, 305, 480, 555, 564.
- Second report. London, 1864 (Екінші есеп Лондон, 1864).—472, 477—480, 482—486, 488, 500, 555, 563.
- Third report. London, 1864 (Үшінші есеп. Лондон, 1864).—187, 267, 407, 470, 475, 476, 489, 490, 502, 556, 557, 563.
- Fourth report. London, 1865 (Төртінші есеп. Лондон, 1865).—267, 275, 361, 413, 445, 489, 490.
- Fifth report. London, 1866 (Бесінші есеп. Лондон, 1866).—269—270,

- 407, 442, 464, 473—475, 491—495, 500—502, 555—556.
- Sixth report. London, 1867 (Алтыншы есеп. Лондон, 1867).—696, 704, 706—708
- Compte rendu de la deuxième session du congrès international de statistique réuni à Paris les 10, 12, 13, 14 et 15 Septembre 1855. Paris, Mai 1856 (Статистиктердің Парижде 1855 жылы 10, 12, 13, 14 және 15 сентябрьде болған халықаралық екінші конгресінің жұмысы туралы есеп. Париж, май, 1856 ж.).—308.
- Corn, grain and meal. Return to an order of the Honourable the House of Commons, dated 18 February 1867 (Нан, астық, ұн. Есеп қадірмен қауымдар палатасының 1867 ж. февральдағы бұйрығы бойынша жасалған).—462, 463.
- Correspondence with Her Majesty's missions abroad, regarding industrial questions and trades unions London, 1867 (Ұлы мәртебелі тақсырдың өнеркәсіп пен тред-юниондар мәселелері жөніндегі шетелдік миссияларымен жазысқан хат-хабарлар. Лондон, 1867).—17.
- East India (Bullion). Return to an address of the Honourable the House of Commons, dated 8 February 1864 (Шығыс Индия (Жамбы). Қадірмен қауым палатасының 1864 жылғы 8 февральдағы сұрауы бойынша тапсырылған есеп).—148.
- Factories inquiry commission. First report of the central board of His Majesty's commissioners. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 28 June 1833 (Фабрикаларды тексеру жөніндегі комиссия. Ұлы мәртебелі тақсырдың комиссиясы орталық советінің бірінші есебі. Қауымдар палатасының 1833 жылы 28 июндегі бұйрығы бойынша жарияланған).—287.
- Factories regulation acts. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 9 August 1859 (Фабрикалық заңдар. Қауымдар палатасының 1859 жылғы 9 августтағы бұйрығы бойынша жарияланып отыр).—251, 304.
- Factories Return to an address of the Honourable the House of Commons, dated 15 April 1856 (Фабрикалар. Қадірмен қауымдар палатасының 1856 жылғы 15 апрельдегі сұрауы бойынша берілген есеп).—444.
- Factories. Return to an address of the Honourable the House of Commons, dated 24 April 1861 (Фабрикалар. Қадірмен қауымдар палатасының 1861 жылғы 24 апрельдегі сұрауы бойынша берілген есеп).—444, 485.
- Factories. Return to an address of the Honourable the House of Commons, dated 5 December 1867 (Фабрикалар. Қадірмен қауымдар палатасының 1867 жылғы 5 декабрьдегі сұрауы бойынша берілген есеп).—444.
- General Laws of the Commonwealth of Massachusetts. Volume I. Boston, 1854 (Массачусетс штатының жалпы заңдары. I том. Бостон, 1854).—280.
- Hansard's Parliamentary Debates. Vol. LXVI. London, 1843 (Хансардтың парламенттік айтқысы. LXVI том. Лондон, 1843).—663.
- Vol. CLXX. London, 1863 (CLXX том. Лондон, 1863).—42, 45, 275, 586.
- Vol. CLXXIV. London, 1864 (CLXXIV том. Лондон, 1864).—664.
- House of Lords' committee, 1848—см. Report from the secret committee of the House of Lords appointed to inquire into the causes of the distress which has for some time prevailed among the commercial classes.
- Jahresbericht der Handelskammer für Essen, Werden und Kettwig pro 1862. Essen, 1863 (Эссеннің, Верденнің және Кетвигтің сауда палатасының 1862 жыл үшін берілген жылдық есебі. Эссен, 1863).—401.
- Manifest der maatschappij De Vlaamingen Vooruit! Gerigt tot alle de voorstanders van de eerlijke en regtzinnige uitvoering der Belgische Grondwet, gestemd door het Nationaal Congres van 1830. Brussel, 1860 («Фламандықтар, алға!»)

- қоғамының Бельгияның 1830 жылы ұлттық конгресс қабылдаған конституциясын адал, әділ жүзеге асыруды жақтайтындардың бәріне үндеуі. Брюссель, 1860).—683.
- The Master spinners & manufacturers' defence fund. Report of the committee appointed for the receipt and apportionment of this fund, to the central association of master spinners and manufacturers. Manchester, 1854 (Жіп иіруші мастерлерді және фабриканттарды қорғау қоры. Осы қорды алу және бөлу жөніндегі комитеттің жіп иіруші мастерлер мен фабриканттардың орталық ассоциациясына берген есебі. Манчестер, 1854).—434, 586—587.
- Miscellaneous statistics of the United Kingdom (Part VI). London, 1866 (Біріккен Корольдіктің түрлі статистикалық материалдары (VI бөлім). Лондон, 1866).—664.
- The National association for the promotion of social science. Report of proceedings at the seventh annual congress. Edinburgh. London, 1863 (Қоғамдық ғылымдарға жәрдем ету жөніндегі ұлттық ассоциация. Әржылдық жетінші конгрестің жұмысы туралы есеп. Эдинбург, Лондон, 1863).—404, 494, 503.
- Public Health. Reports of the Medical Officer of the Privy Council (Халықтың денсаулығы. Күпия советтің медициналық инспекторының есебі).—15, 375, 406, 410.
- Third Report. 1860. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 15 April 1861 (Үшінші есеп. 1860. Қауымдар палатасының 1861 ж. 15 апрельдегі бұйрығы бойынша жарияланған).—254, 255.
- Fourth Report, 1861. With appendix. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 11 April 1862 (Төртінші есеп. 1861. Қосымшасымен. Қауымдар палатасының 1862 ж. 11 апрельдегі бұйрығы бойынша жарияланған).—475.
- Sixth Report. With appendix. 1863. London, 1864 (Алтыншы есеп. Қосымшасымен. 1863. Лондон, 1864).—187, 278, 408—410, 475—476, 566, 667—668, 691, 707.
- Seventh Report. With appendix. 1864. London, 1865 (Жетінші есеп. Қосымшасымен. 1864 Лондон, 1865).—110, 589, 670, 676—679, 689, 691—696, 703, 731.
- Eighth Report. With appendix. 1865. London, 1866 (Сегізінші есеп. Қосымшасымен. 1865. Лондон, 1866).—474, 670—675.
- Report addressed to Her Majesty's Principal Secretary of State for the Home Department, relative to the grievances complained of by the journeymen bakers; with appendix of evidence. London, 1862 (Нан пісіруші кіші мастерлердің шағымдары жөнінде ұлы мәртебелі тақсырдың ішкі істер министріне есеп, жауаптар қосымша берілген. Лондон, 1862).—187, 259—261, 558.
- Second report addressed to Her Majesty's Principal Secretary of State for the Home Department, relative to the grievances complained of by the journeyman bakers. London, 1863 (Нан пісіруші кіші мастерлердің шағымдары жөнінде ұлы мәртебелі тақсырдың ішкі істер министріне екінші есеп. Лондон, 1863).—259.
- Report from the committee on the «Bill to regulate the labour of children in the mills and factories of the United Kingdom»: with the minutes of evidence. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 8 August 1832 («Біріккен корольдіктің заводтар мен фабрикаларында балалардың еңбегін реттеу туралы билль» жөніндегі комиссияның есебі. Жауаптардың протоколдары бар. Қауымдар палатасының 1832 ж. 8 августтағы бұйрығы бойынша жарияланған).—288.
- Report from the secret committee of the House of Lords appointed to inquire into the causes of the distress which has for some time prevailed among the commercial classes, and how far it has been affected by the Laws for regulating the issue of bank notes pay-

- able on demand. Together with the minutes of evidence, and an appendix. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 28 July 1848. Reprinted 1857 (Лордтар палатасының сауда таптары ұшыраған апаттың себептерін және банкноттар шығаруды реттеп отыру туралы заңдардың оған тигізген әсерін зерттеу жөніндегі құпия комиссиясының есебі. Жауаптардың протоколдары мен қосымша бар. Қауымдар палатасының 1848 ж. 28 июльдегі бұйрығы бойынша жарияланған. 1857 ж. қайта басылған).—141—142.
- First report from the select committee on adulteration of food, & c.; with the minutes of evidence, and appendix. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 27 July 1855 (Тамақ өнімдерін және басқаларды жалған жасаушылық туралы ерекше комитеттің бірінші есебі; жауаптардың протоколдары мен қосымшасы бар. Қауымдар палатасының 1855 ж. 27 июльдегі бұйрығы бойынша жарияланған).—187,612.
- Report from the select committee on bank acts; together with the proceedings of the committee, minutes of evidence, appendix and index. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 30 July 1857 (Банк заңдары жөніндегі ерекше комитеттің есебі; комитеттің еңбегі, жауаптардың протоколдары, қосымшасы мен көрсеткіші бар. Қауымдар палатасының 1857 ж. 30 июльдегі бұйрығы бойынша жарияланған).—149.
- Report from the select committee on the bank acts; together with the proceedings of the committee, minutes of evidence, appendix and index. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 1 July 1858 (Банк заңдары жөніндегі ерекше комитеттің есебі; комитеттің еңбегі, жауаптардың протоколдары, қосымшасы мен көрсеткіші бар. Қауымдар палатасының 1858 ж. 1 июльдегі бұйрығы бойынша жарияланған).—154.
- Report from the select committee on mines; together with the proceedings of the committee, minutes of evidence, and appendix. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 23 July 1866 (Рудниктер мен кендер жөніндегі ерекше комитеттің есебі; жауаптардың протоколдары мен қосымшасы бар. Қауымдар палатасының 1866 ж. 23 июльдегі бұйрығы бойынша жарияланған).—504—510.
- Report from the select committee on petitions relating to the corn laws of this Kingdom: together with the minutes of evidence, and an appendix of accounts. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 26 July 1814 (Корольдіктің астық заңдарына қатысты петициялар туралы ерекше комитеттің есебі; жауаптардың протоколдары мен қосымшасы бар. Қауымдар палатасының 1814 ж. 26 июльдегі бұйрығы бойынша жарияланған).—565—566.
- Report of the commissioners appointed to inquire into the operation of the acts (16 & 17 Vict. c. 99. and 20 & 21 Vict. c. 3) relating to transportation and penal servitude. Vol. I. Report and appendix. Vol. II. Minutes of evidence. London, 1863 (Каторгара айдау және каторгалиқ жұмыстарға қатысты заңдардың (Викторияның 16 және 17 жыл патшалық құрғанында қабылданған, 99-тарау, Викторияның 20 және 21 жыл патшалық құрғанында қабылданған, 3-тарау) қолданылуын зерттеуге өкілдік берілген комиссияның есебі. I том. Есеп пен қосымша. II том. Жауаптардың протоколдары. Лондон, 1863).—690.
- Tenth report of the commissioners appointed to inquire into the organization and rules of trades unions and other associations: together with minutes of evidence. London, 1868 (Тред-юниондардың және басқа да ассоциациялардың ұйымдары мен уставтарын зерттеу жөніндегі комиссияның оныншы есебі, мұнда жауаптардың протоколдары бар. Лондон, 1868).—445.
- Fourth report of the commissioners

- of Her Majesty's inland revenue. London, 1866 (Ұлы мәртебелі тақсырдың ел ішіндегі табыс мәселелері жөніндегі комиссия мүшелерінің төртінші есебі. Лондон, 1860).—662.
- Tenth report of the commissioners of Her Majesty's inland revenue. London, 1860 (Ұлы мәртебелі тақсырдың ел ішіндегі табыс мәселелері жөніндегі комиссия мүшелерінің оныншы есебі. Лондон, 1866).—660—661, 710, 712.
- Report of the committee on the baird trade in Ireland for 1861 (Ирландияда нан пісіру жөніндегі комитеттің 1861 жылғы есебі).—262.
- Report of the officer of health of St. Martin's-in-the-Fields. 1865 (Сент-Мартинс-ин-Филдстеги медицина чиновнигінің есебі. 1865).—671.
- Reports by Her Majesty's secretaries of embassy and legation, on the manufactures, commers, & c., of the countries in which they reside. No. 6. London, 1863 (Ұлы мәртебелі тақсырдың елшіліктерінің секретарьлары мен миссияларының өздері болған елдердегі өнеркәсіп, сауда, т. т. туралы есептері. № 6. Лондон, 1863).—355.
- Reports from poor law inspectors on the wages of agricultural labourers in Ireland. Dublin, 1870 (Ирландиядағы кедейлер туралы, ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жалақысы туралы заңдар жөніндегі инспектордың есебі. Дублин, 1870).—716.
- Reports of the inspectors of factories to Her Majesty's Principal Secretary of State for the Home Department (Ұлы мәртебелі тақсырдың ішкі істер министріне фабрикалық инспекторлардың есептері).—239, 250, 406, 501.
- for the half year ending the 31st December 1841. [London] 1841 ж. 31 декабрьде біткен жарты жылдың есебі. [Лондон] 1842).—286.
- for the quarter ending 30th September, 1844; and from 1st October, 1844, to 30th April, 1845. London, 1845 (1844 ж. 30 сентябрьде біткен тоқсанның есебі және 1844 ж. 10 октябрінен бастап 1845 жылдың 30 апрелине дейінгі мерзімнің есебі, Лондон, 1845).—289, 292, 302, 422, 423, 425.
- for the half year ending 31st October, 1846. London, 1847 (1846 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1847).—302.
- for the year ending 30th April 1848. London, 1848 (1848 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1848).—294, 297, 555.
- for the half year ending 31st October 1848. London, 1849 (1848 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1849).—239, 239, 289, 292—300, 307, 310, 533, 557.
- for the half year ending 30th April 1849. London, 1849 (1849 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1849).—299—300, 320.
- for the half year ending 31st October, 1849. London, 1850 (1849 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1850).—289, 299.
- for the half year ending 30th April, 1850. London, 1850 (1850 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1850).—301, 310.
- for the half year ending 31st October 1850. London, 1851 (1850 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1851).—296.
- for the half year ending 30th April 1852. London, 1852 (1852 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1852).—301.
- for the half year ending 30th April 1853. London, 1853 (1853 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1853).—303.
- for the half year ending 31st October 1853. London, 1854 (1853 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1854).—187, 278.
- for the half year ending 30th April 1855. London, 1855 (1855 ж.

- 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1855).—239.
- for the half year ending 31st October 1855. London, 1856 (1855 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1856).—278, 285, 411, 437, 533.
- for the half year ending 31st October 1856. London, 1857 (1856 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1857).—251—252, 390, 412, 424, 442, 459—461.
- for the half year ending 30th April 1857. London, 1857 (1857 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1857).—411.
- for the half year ending 31st October 1857. London, 1857 (1857 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1857).—304, 410, 412.
- for the half year ending 30th April 1858. London, 1858 (1858 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1858).—251—252, 564, 566.
- for the half year ending 31st October 1858. London, 1858 (1858 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1858).—404, 407, 411, 425—426, 442.
- for the half year ending 30th April 1859. London, 1859 (1859 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1859).—561.
- for the half year ending 31st October 1859. London, 1860 (1859 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1860).—290, 311.
- for the half year ending 30th April 1860. London, 1860 (1860 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1860).—253, 277, 287, 304, 388, 426, 556.
- for the half year ending 31st October 1860. London, 1860 (1860 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1860).—252, 561.
- for the half year ending 30th April 1861. London, 1861 (1861 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1861).—252.
- for the half year ending 31st October 1861. London, 1862 (1861 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1862).—302, 305, 309, 428.
- for the half year ending 31st October 1862. London, 1863 (1862 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1863).—252, 304, 306, 309, 410, 416, 425, 427, 429, 459, 466, 490.
- for the half year ending 30th April 1863. London, 1863 (1863 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1863).—306, 310, 436, 470, 555, 556.
- for the half year ending 31st October 1863. London, 1864 (1863 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1864).—252, 432, 437, 443, 467, 468, 556, 647.
- for the half year ending 30th April 1864. London, 1864 (1864 ж. 30 апрельде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1864).—469.
- for the half year ending 31st October 1864. London, 1865 (1865 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1865).—307, 310.
- for the half year ending 31st October 1865. London, 1866 (1865 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1866).—421, 458—459, 469, 471, 486—488, 493, 494, 501.
- for the half year ending 31st October 1866. London, 1867 (1866 ж. 31 октябрьде біткен жарты жылдың есебі. Лондон, 1867).—432, 436, 572—573, 653, 720.
- Reports respecting grain, and the corn laws: viz: First and second reports from the Lords Committees, appointed to enquire into the state of the growth, commerce, and consumption of grain, and all laws relating thereto. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 23 November, 1814 (Астық туралы және астық заңдары туралы: астық өндірудің, астық саудасының және тұтынудың жайын, сондай-ақ осы саладағы

- барлық заңдарды зерттеуге өкілдік берілген лордтар палатасы комиссиясының бірінші және екінші есебі. Қауымдар палатасының 1814 жылғы 23 ноябрьдегі бұйрығы бойынша жарияланған).—565—566.
- The Revised statutes of the state of Rhode Island and Providence plantations. Providence, 1857 (Под-Айленд штаты мен Провиденс отарының қайта қаралған статуттары. Провиденс, 1857).—280.
- Royal commission on railways. Report of the commissioners. London, 1867 (Корольдік теміржол комиссиясы. Комиссия мүшелерінің есебі. Лондон, 1867).—442, 571.
- Statistical abstract for the United Kingdom in each of the last fifteen years, from 1846 to 1860. Number 8. London, 1861 (Біріккен корольдіктің соңғы он бес жылының, 1846 жылдан бастап 1860 жылға дейін, әрбір жылына статистикалық анықтауыш. 8-номер. Лондон, 1866).—429.
- Statistical abstract for the United Kingdom in each of the last fifteen years, from 1851 to 1865. Number 13. London, 1866 (Біріккен корольдіктің соңғы он бес жылының, 1851 жылдан бастап 1865 жылға дейін, әрбір жылына анықтауыш. 13-номер. Лондон, 1866).—429.
- ### МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ШЫҒАРМАЛАРЫ
- «Вестник Европы», Санкт-Петербург, 1872, III том.—24—26.
- «Санкт Петербургские ведомости», 8(20) апрель, 1872 ж.—23.
- «The Bengal Hurkaru» («Бенгаль вестнигі»), Калькутта, 22 июль, 1861.—339.
- «Bury Guardian» («Бэри сакшысы»), Бэри, 12 май, 1860 ж.—277.
- «Concordia. Zeitschrift für die Arbeiterfrage» («Согласие» («Келісім»)— Жұмысшы мәселесі жөніндегі журнал).— Берлин, № 10, 7 март, 1872 ж.—41—42.
- № 27, 4 июль, 1872 ж.—42.
- № 28, 11 июль, 1872 ж.—43.
- «The Daily Telegraph» («Ежедневный телеграф»)(«Күнделік телеграф»), Лондон, 17 январь, 1860 ж.—254.
- «Demokratisches Wochenblatt» («Демократический еженедельник»)(«Демократиялық апталық»), Лейпциг, № 31, 1 август, 1868 ж.—23.
- № 34, 2 август, 1868 ж.—23.
- № 35, 29 август, 1868 ж.—23.
- № 36, 5 сентябрь, 1868 ж.—23.
- «Deutsch-Französische Jahrbücher» («Немецко-французский ежегодник»)(«Немісше-французша әржылдық»), Париж, 1844.—91, 166, 177, 646.
- «The Economist» («Экономист»), Лондон, III том, 29 март, 1845 ж.—687.
- VI т., 15 апрель, 1848 ж.—240.
- IX т., 19 июль, 1851 ж.—599.
- XVIII т., 21 январь, 1860 ж.—650.
- XXIV т., 2 июль, 1866 ж.—742.
- «The Evening Standard» («Вечернес знамя»), («Кешкі жалау»), Лондон, 1 ноябрь, 1886 ж.—38.
- «The Glasgow Daily Mail» («Ежедневная почта Глазго»), («Глазгоның күнделік почтасы»), 25 апрель, 1849 ж.—320.
- «Journal des Economistes» («Экономический журнал»), («Экономикалық журнал»), Париж, июль, август 1872 ж.—24.
- «The Journal of the Society of Arts» («Журнал общества искусств и ремесел»), («Искусство мен қолөнері қоғамының журналы»), Лондон, VII т., 9 декабрь, 1859 ж.—386.
- VIII т., апрель, 1860 ж.—401.
- XIV т., апрель, 1866 ж.—742.
- XX т., 5 январь, 1872 ж.—427.
- «Macmillan's Magazine» («Журнал Макмиллана»), Лондон және Кембридж, VIII т., август, 1863 ж.—265.
- «The Morning Advertiser» («Утренний уведомитель»), («Танертенгі

- хабарлаушы»), Лондон, 17 апрель, 1863—43.
- «*The Morning Chronicle*» («Утренняя хроника»), («Таңертенгі хроника»), Лондон.—687.
- «*The Morning Star*» («Утренняя звезда»), («Таңғы жұлдыз»), Лондон.—548.
- 17 апрель, 1863 ж.—43, 666.
- 23 июнь, 1863 ж.—265.
- 7 январь, 1867 ж.—680—681.
- «*Neue Rheinische Zeitung. Organ der Demokratie*» («Жаңа Рейн газеті. Демократия органы»), Кёльн, № 266, 7 апрель, 1849 ж.—589, 774.
- «*Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue*» («Жаңа Рейн газеті. Саяси экономикалық шолу»), Лондон—Гамбург, № 4, 1850.—300, 310.
- «*New-York Daily Tribune*» («Нью-Йорк күнделік трибунасы»), 9 февраль, 1853 ж.—740.
- «*The Observer*» («Бақылаушы»), Лондон, 24 апрель, 1864 ж.—153.
- «*The Pall Mall Gazette*» («Газета Пелл-мелл»), Лондон.—665.
- «*La Philosophie positive. Revue*» («Позитивистік философия. Шолу»), Париж, № 3, ноябрь—декабрь, 1868 ж.—24.
- «*The Portfolio. Diplomatic review. (New series)*» («Портфель. Дипломатиялық шолу. (Жаңа серия)'), Лондон.—740.
- «*Révolutions de Paris*» («Париж революциялары»), № 101, 1791.—750.
- «*Reynolds's Newspaper*» («Газета Рейнольдса»), Лондон, 21 январь, 1866 ж.—263.
- 4 февраль, 1866 ж.—264.
- 20 январь, 1867 ж.—680.
- «*The Saturday Review of Politics, Literature, Science, and Art*» («Саясат, әдебиет, ғылым және искусство мәселелері жөнінде сенбі күндеріндегі шолу»), Лондон, 18 январь, 1868 ж.—23.
- «*The Social Science Review*» («Обозрение общественных наук»), («Қоғамдық ғылымдарға шолу»), Лондон, II т., 18 июль, 1863 ж.—264—265.
- «*The Spectator*» («Зритель»), («Көрермен»), Лондон, 26 май, 1866 ж.—342.
- «*The Standard*» («Знамя»), («Жалау»), Лондон, 15 август, 1863 ж.—265.
- 26 октябрь, 1861 ж.—568.
- 5 апрель, 1867 ж.—681.
- «*The Times*» («Времена»), («Заман»), Лондон.—665, 741.
- 14 февраль, 1843 ж.—663.
- 5 ноябрь, 1861 ж.—279.
- 26 ноябрь, 1862 ж.—219, 415.
- 24 март, 1863 ж.—304, 586—588.
- 17 апрель, 1863 ж.—42, 43.
- 2 июль, 1863 ж.—265.
- 25 февраль, 1864 ж.—483.
- 1866 жылдың аяғы—611, 720.
- 1867 жылдың басы—611, 720.
- 26 январь, 1867 ж.—510.
- 3 сентябрь, 1873 ж.—612.
- 29 ноябрь, 1883 ж.—44.
- «*To-Day*» («Сегудня»), («Бүгін»), Лондон, № 2, февраль, 1884.—44.
- № 3, март, 1884.—45.
- «*Der Volksstaat*» («Народное государство»), («Халық мемлекеті»). Лейпциг, 1 июнь, 1872 ж.—42.
- 7 август, 1872 ж.—43.
- «*The Westminster Review*» («Вестминстерское обозрение»), («Вестминстрлік шолу»), Лондон.—79.
- «*The Workman's Advocate*» («Защитник рабочего»), («Жұмысшының қорғаушысы»), Лондон, 13 январь, 1866 ж.—263.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Антипатр Фессалоникский. Су дiрменiн ойлап шығару.—418.

Бальзак. Гобсек.—600.

Батлер. Гудибрас.—52.

Бичер-Стоу. Том ағайдың лашығы.—739.

Буало. VIII сатира.—664.

Вергилий. Энеида.—311, 768.

Вальтер. Кандид.—207, 780.

Гейне. Генрих.—311.

Гёте. Фауст.—45, 85, 102, 206, 299, 604, 720.

Гомер. Илиада.—78.

Гомер. Одиссея.—264, 377.

Горацкий. Поэзия ғылымы.—689

- Горацкий*. Сатиралар. Бірінші кітап.—12, 122, 276, 354, 376, 482.
Горацкий. Эпод 7.—723.
Данте. Құдыретті комедия.—17, 118, 257.
Дефо. Робинзон Крузо.—93, 94, 298.
Дидро. Салон 1767 жыл.—148.
Диккенс. Оливера Твистің басынап кешкендері.—452.
Драйден. Қораз бен түлкі.—252.
Дюпон. Жұмысшылар өлені.—703.
Лесаж. Сантильянан шыққан Жил Бластың бастан кешкен оқиғасы.—720.
Овидий. Махаббат ғылымы.—449.
Овидий. Фасты.—732.
Сервантес. Айдалы идалго Дон-Кихот Ламанчский.—97, 101, 652.
- Софокл*. Антигона.—146.
Шекспир. Венециялық купец.—296, 297, 498, 694.
Шекспир. Гамлет.—282.
Шекспир. Тимон Афинскийдің өмірі.—146.
Шекспир. Қороль Генрих IV. Бірінші бөлім.—45, 63.
Шекспир. Даурыққан дақпырт.—99.
Шекспир. Жазғы түндегі түс.—122.
Шиллер. Зұлымдық пен махаббат.—587.
Шиллер. Қоңырау туралы өлең.—416.
Шиллер. Кепілдік.—604.
Штольберг. Табиғатқа.—522.
Ювенал. IV сатира.—258.
- * * *
- Таурат*.—102, 280, 384, 592, 606, 757.
Иероним Блаженный. Евстохнияға хат— қыз кезін сақтау туралы.—117.

ЦИТАТА АЛЫНҒАН КІТАПТАРДЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ*

- Аппиан.* Азамат соғыстары. Грек тілінен аудармасы С. А. Жебелев пен О. О. Крюгердің редакциялауымен жасалған. Л., 1935.—737 (20).
- Аристотель.* Саясат. Грек тілінен С. А. Жебелев аударған. СПб. 1911.—101 (23), 166 (22—26), 178 (28).
- Аристотель.* Этика. Грек тілінен Э. Радлов аударған. СПб., 1908.—75—76 (93).
- Беллерс. Дж.* Еңбек колледжін құру туралы ұсыныс (мына кітапта: осы күнгі социализмнің із тастаушылары олардың шығармаларынан алынған үзінділерде. Құрастырған В. П. Волгин. I бөлім. М.—Л., 1928 (қысқартылып аударылған).—152, (118), 499 (124, 125), 625 (117).
- Буханан* (осы басылуында: *Бьюкенен*). Мына кітаптағы ескертулер: *А. Смит.* Халықтар байлығының жаратылысы мен себептері туралы зерттеу. Бентамның, Бланкидің, Бухананның, Гарньюнің, Мак-Куллохтың, Мальтустың, Милльдің, Рикардоның, Сэйдін, Сисмондидың және Тюргоның ескертулері бар. Аударған П. А. Бибииков. I том, Спб., 1866.—569 (477).
- Бэкон, Ф.* Тәжірибелер және адамгершілік, саяси өсиеттер (мына кітапта: *Ф. Бэкон.* Жаңа Атлантида. Тәжірибелер және адамгершілік, саяси өсиеттер. Аударған З. Е. Александрова. М., 1954 (қысқартып аударылған).—730 (100).
- Верри.* Саяси экономия немесе Мемлекеттік шаруашылық туралы. Аударма француз тілінен аударылған, ал француз тіліне итальян тілінен, жетінші басылуынан аударылған. Спб., 1810.—57 (11—12) 105 (7), 148 (45).
- Гегель.* Логика ғылымы. Аударған Б. Г. Столлнер. М., 1939 (Гегель. Шығармалар. V, VI том).—318.
- Гегель.* Право философиясы. Аударған Б. Столлнер. М.—Л., 1934 (Гегель. Шығармалар. VII том).—58 (218), 106 (87), 182 (91), 375 (216), 600 (226).

* Бұл көрсеткіште Маркс цитата алған және атап өткен кітаптардың қолда бар аудармаларының тек соңғы аудармалары ғана көрсетілген. Алайда соңғы ретте қысқартылған түрде шыққан еңбектер үшін ерекшелік жасалды. Бұл ретте бұрынғы, неғұрлым толық аударма да келтірілді. Көрсеткіште осы томың беттері қойылды, өйткені бұл беттерде Маркс белгілі еңбекті цитатаға алады немесе атап өтеді, сонымен қатар цитатаға алған кітаптың тиісті беттері дөңгелек жақшаның ішінде көрсетілген.

- Гегель*. Философия ғылымдарының энциклопедиясы. I бөлім. Логика. Аударған Б. Столпнер. М.—Л., 1930 (Гегель. Шығармалар. I том)—193 (318—319), 272 (212).
- Гексли, Т. Г.* Элементарлық физиологияның сабақтары. Ағылшын тілінен аударылған, редакциялаған И. А. Петров, алғысөзді Д. И. Писарев жазған. Спб., 1867.—493 (134).
- Гоббс, Т.* Левиафан, немесе Материя, шіркеулік және азаматтық мемлекеттің формасы мен өкіметі. Соцэкгиз, 1936.—184, (90), 368 (115).
- Годскин, Т.* Капиталдың әрекетіне қарсы еңбекті қорғау (мына кітапта: *Т. Годскин*. Шығармалар. М., 1938).—367 (27, 28), 585 (12, 14).
- Годскин, Т.* Көпшілікке түсінікті саяси экономия (мына кітапта: *Т. Годскин*. Шығармалар. М., 1938).—350 (74), 364 (118), 545 (162).
- Грове*. Физикалық күштердің арасалмағы. Орыс тіліндегі аудармасына профессор Н. Н. Бекетов алғысөз жазған. Аударғандар Ал. Зеленский және Ил. Мечников. Харьков, 1864.—535.
- Дарвин, Ч.* Табиғи сұрыпталып шығу жолымен түрлердің шығуы. М.—Л., 1939 (*Ч. Дарвин*. Шығармалар. 3-том).—352—358 (379).
- Декарт, Р.* Метод туралы ой жүгіртулер, мынадай қосымшалармен: диоптрика, метеорлар, геометрия. Редакциясы, аудармасы, мақала және комментарийлер Г. Г. Слюсарев пен А. П. Юшкевичтікі.— СССР Ғылым академиясының баспасы, 1953.—401 (54).
- Джонс, Р.* Саяси экономия бойынша кіріспе лекция. Бұл лекцияны Лондондағы Корольдік колледжде 1833 ж. 23 февральда оқыған (мына кітапта: *Р. Джонс*. Экономикалық шығармалар. Соцэкгиз, 1937).—642.
- Джонс, Р.* Байлықты бөлу туралы және салықтардың шығатын негізі туралы (мына кітапта: *Р. Джонс*. Экономикалық шығармалар. Соцэкгиз, 1937).—339 (131).
- Джонс, Р.* Халықтардың саяси экономиясы (мына кітапта: *Р. Джонс*. Экономикалық шығармалар. Соцэкгиз, 1937).—318 (316), 331 (316), 344 (348—349), 580 (313), 601 (295), 609 (295, 299, 313, 314).
- Диодор Сицилийский*. Тарихі кітапхана. Грек тілінен Иван Алексеев аударған. Бірінші бөлім. Спб., 1774.—157 (269—272), 246 (270—271), 351 (120—121), 521 (129—130).
- Кенз, Ф.* Экономикалық кестеге түсінік (мына кітапта: *Ф. Кенз*. Таңдап алынған орындар. Аударған А. В. Горбунов. М., 1896).—602.
- Кенз, Ф.* Сауда туралы. Бірінші диалог (мына кітапта: *Ф. Кенз*. Таңдап алынған орындар. Аударған А. В. Горбунов. М., 1896).—123 (198).
- Кенз, Ф.* Қолөнер еңбегі туралы. Екінші диалог (мына кітапта: *Ф. Кенз*. Таңдап алынған орындар. Аударған А. В. Горбунов, М., 1896).—330 (230).
- Кетле, А.* Адам және оның қабілеттерінің дамуы немесе Қоғамдық физика төңірібесі. I том. Спб., 1865.—333.
- Колумб*. Ямайка аралынан король мен королеваға хат (мына кітапта: Христофор Колумбтың саяхаты. Күнделіктер. Хаттар. Документтер. М., 1956).—146 (470).
- Кондильяк*. Еркін сауданың тиімділігі туралы. Француз тілінен аударған Н. Аммосов. I бөлім. Спб., 1817.—172 (48, 49, 52, 114, 115).
- Ксенофонт*. Киропедия. Аударған Г. А. Янчевецкий. Киев, 1878 (*Ксенофонт*. Шығармалар, III том).—378 (259—260).
- Курсель-Сенёль*. Өнеркәсіп, сауда және егіншілік кәсіпорындарды теория және практика жүзінде зерттеу жөнінде басшылық. Француз тілінен аударма, В. Вешняковтің редакциясымен шығарылған. Спб., 1860.—243 (61), 609 (18).
- Кювье, Ж.* Жер шарының бетіндегі төңкерістер туралы ой жүгірту. Француз тілінен аударған Д. Е. Жуковский. М.—Л., 1937.—522 (204).
- Лассаль, Ф.* Бастиа-Шульце Делич мырза, экономикалық Юлиан, не-

- месе Капитал және еңбек (мына кітапта: *Ф. Лассаль*. Шығармалар. III том. М., 1925).—11.
- Либиx, Ю.* Егіншілік пен физиологияға қолданғандағы химия. Комментарийін жазған және аударманы редакциялаған проф. А. Н. Лебедевше. М.—Л., 1936 (қысқартылып аударылған).—250 (89—90), 515 (100), 584 (211).
- Либиx, Ю.* Егіншілік пен өсімдіктің физиологиясына қолданғандағы химия. Аударған профессор Ильенков, М., 1870.—250 (83), 515 (100), 584 (132).
- Ливий.* Қаланың негізделуінен бергі Рим тарихы. Латын тілінен аударма, редакциялаған. П. Андрианов. VI том. М., 1899.—288 (182).
- Луcreций.* Заттардың жаратылысы туралы. Латын тілінен аударма, кіріспе мақала мен комментарийі Ф. А. Петровскийдікі. М., 1958.—226 (129).
- Маколей.* Иаков II таққа отырғаннан бергі ағылшын тарихы. I бөлім. Спб. және М., 1866 (*Маколей*. Шығармалардың толық жинағы. Екінші, түзетіліп басылды. VI том).—282 (350—351), 728 (278, 346).
- Мальтус Т. Р.* Рентаның жаратылысы мен дамуы туралы, сондай-ақ оның реттеуіш негіздері туралы зерттеу. Аударған А. Миклашевский («Императорлық Юрьев университетінің ғылыми хаттарында», 2 және 3 номерлері, Юрьев 1908).—323 (30), 537 (30), 566 (30).
- Мальтус, Т. Р.* Халық өсуінің заңы туралы тәжірибе. Аударған П. А. Бибинов. I және II том. Спб., 1868.—364, 627.
- Мальтус, Т. Р.* Халық өсуі туралы заңның тәжірибесі. Аударған И. А. Вернер, М. 1895 (қысқартылып аударылған).—364, 627.
- Маурер, Г. Л.* Қауымдық, әр үйлік, селолық және қалалық құрылыс пен қоғамдық өкімет тарихына кіріспе. Неміс тілінен аударған В. Корш. Москва, 1880.—88 (135).
- Ман, Т.* (осы басылуында: *Ман, Т.*). Англияның сыртқы саудадағы байлығы немесе Біздің байлығымызды реттеуші ретіндегі біздің сыртқы саудамыздың балансы (мына жинақта: Меркантилизм. Редакциялаған және кіріспе мақаланы жазған И. С. Плотников. Соцэкгиз. Л., 1935) (қысқартылып аударылған).—522 (183).
- Миль, Дж. Ст.* Саяси экономияның негіздері (мына кітапта: *Н. Г. Чернышевский*. Шығармаларының он бес томдық толық жинағы. IX том. И. Д. Удальцов редакциялаған. М., 1949) (қысқартылып аударылған).—515 (240).
- Миль, Дж. Ст.* Саяси экономияның негіздері, олардың кейбіреулерінің қоғамдық философияға қолданылуы. Екі том болып екінші рет толық басылуы. [Аударған Н. Г. Чернышевский]. Спб. 1874. I том.—515 (226), 524—525 (477, 478), 622 (259); II том — 381 (285).
- Миль, Дж. Ст.* Логиканың силлогистикалық және индукциялық системасы. Дәлелдеудің принциптерін ғылыми зерттеудің методтарымен байланысты баяндау. Ағылшын тілінен аударылған, редакциялаған В. Н. Ивановский. М., 1914.—601.
- Моммзен Т.* Рим тарихы. I—III томдар. М., 1936—1941.—178. I том.—184 (787).
- Монтескьё.* Сандардың рухы туралы (мына кітапта: *Ш. Монтескьё*. Таңдамалы шығармалар. М., 1955).—106 (482), 138, (486), 764 (667).
- Мор, Т.* Утопия. Латын тілінен аударған және комментарийін жазған А. И. Малейн және Ф. А. Петровский. Кіріспе мақаланы жазған Волгин, М. 1953.—730, 745.
- Норс, Д.* Сауда туралы очерктер (мына жинақта: Меркантилизм. Редакциялаған және кіріспе мақала жазған И. С. Плотников. Л., 1935).—136 (307—310), 139 (312), 148 (316).
- Оуэн, Р.* Өнеркәсіп системасының әсері туралы пікірлер (мына кітапта: *Р. Оуэн*. Таңдамалы шығармалар. I том. Ағылшын тілінен аударған және комментарийін жазған С. А. Фейгина. Кіріспе мақаланы жазған В. П. Волгин. М.—Л., 1950).—413 (81).

- Петти*. Ирландияның 1672 ж. саяси анатомиясы (мына кітапта: *В. Петти*. Экономикалық және статистикалық еңбектер. Аударманы редакциялаған М. Смит. М., 1940).—323 (122).
- Петти*. 1682 ж. ақша туралы түрлі ойлар (мына кітапта: *В. Петти*. Экономикалық және статистикалық еңбектер. Аударманы редакциялаған М. Смит. М., 1940).—116 (212), 159 (216).
- Петти*. 1662 ж. салықтар мен алымдар туралы трактат (мына кітапта: *В. Петти*. Экономикалық және статистикалық еңбектер. Аударманы редакциялаған М. Смит., 1940).—57 (55), 107 (40), 136 (28), 627, 628 (64).
- Петти*. Verbum sapientii (Даналарға сөз) 1664 ж. (мына кітапта: *В. Петти*. Экономикалық және статистикалық еңбектер. Аударманы редакциялаған М. Смит., 1940).—156 (84—85), 159 (85), 280 (83).
- Платон*. Саясат немесе мемлекет. Аударған проф. Қарпов. Түзетіліп, толықтырылған екінші басылуы. Спб. 1863 (*Платон*. Шығармалар, III бөлім).—377 (117).
- Рикардо, Д.* Жамбылар бағасының жоғарылығы — банкот бағасының төмендеуінің дәлелі (мына кітапта: *Рикардо*. Шығармалар. Аударманы редакциялаған М. Н. Смит. II том. М., 1955).—157 (53, 55).
- Рикардо, Д.* Саяси экономияның және салық салудың негіздері. М., 1955 (*Рикардо*. Шығармалар. Аударманы редакциялаған М. Н. Смит. I том).—96 (234), 180 (193), 200 (42), 241 (285), 398 (236), 403 (57), 404 (325), 440 (325), 441 (320), 584 (130), 601 (129—130), 618 (226), 642 (320).
- Рикардо, Д.* Егіншілікке қамқорлық жасау туралы (мына кітапта: *Рикардо*. Шығармалар. Аударманы редакциялаған М. Н. Смит. III том. М., 1955).—92 (53).
- Родбертус*. Фон Кирхманға жазылған әлеуметтік хаттар. Үшінші хат: Рикардоның жер рентасы туралы ілімін теріске шығару және жана рента теориясын дәлелдеу (мына кітапта: *К. Родбертус*. Экономикалық шығармалар. Аударған И. Плотников. Л., 1936). (Қысқартылып аударылған).—540.
- Родбертус*. Фон-Кирхманға үшінші әлеуметтік хат. Рикардоның жер рентасы туралы ілімін теріске шығару және жаңа рента теориясын дәлелдеу: (мына кітапта: *К. Родбертус* *Ягцево*. Шығармалар. I кітап: Әлеуметтік мәселені баяндау жөнінде Неміс тілінен аударған М. Н. Соболев. Спб., [1904].—540.
- Рошер, В.* Халық шаруашылығының системасы. I том: Халық шаруашылығының негіздері. Аударған И. Бабст. I том. I бөлім. М., 1860.—107 (257—261), 218 (103), 228 (103, 97), 334 (111).
- Руссо*. Азамат, немесе Саяси экономия туралы ой жүгірту. В. М. аударған. Спб., 1787.—755 (119).
- Сисмонди*. Саяси экономияның жаңа негіздері, немесе Оның халық өсуіне қатынасындағы байлық туралы. I және II томдар. М., 1937. I том—169 (185), 186 (197), 578 (181, 182), 597 (186), 592 (200), 593 (196), 597 (175), 600 (206), 659 (179, 183—184). II том — 770 (208).
- Смит, А.* Халықтар байлығының жаратылысы мен себептері туралы зерттеу. М.—Л., 1935, I том.—61 (32—33), 366 (9—14), 580 (278), 606 (284—285), 630 (84), 632 (79), 655 (72), 666 (9), 747 (127); II том — 137 (18—19), 374—375 (303).
- Смит, А.* Адамгершілік сезімдерінің теориясы. Аударған П. А. Бибинов. Спб., 1868.—630.
- Спиноза, В.* Кейбір ғалым аламдардың Б. д. С-ға хаттары және оның өзінің басқа шығармалары жөнінде де көп түсінік беретін жауаптары. (Мына кітапта: *Б. Спиноза*. Таңдамалы шығармалар. II том. М., 1957).—608 (568).
- Спиноза, Б.* Этика (мына кітапта: *Б. Спиноза*. Таңдамалы шығармалар. I том., 1957).—316.
- Сэй, Ж. Б.* (осы басылуында: *Сэй, Ж. Б.*) Саяси экономияның трактаты. Аударған Е. Н. Каменецкая. М., 1896 (жеке тараулар-

- дың аудармасы).—167, 177, 218, 606.
- Твер, А.* Меншік туралы. Аударған А. Степанов. Спб., 1872.—452 (225).
- Тюрго.* Байлықтарды жасау және бөлу туралы ойлар. Аударған және қосымша қосқан проф. А. Н. Миклашевский. Юрьев, 1905.—323 (4), 542 (5).
- Фергюсон, А.* Азаматтық қоғам тарихының тәжірибесі. Ағылшын тілінен аударған Иван Тимковский. III бөлім. Спб., 1818.—366 (16), 374 (9, 7), 375 (9).
- Фукидид.* Тарих. I том. Ф. Мищенконың аудармасы өңделген. Ескертулерді және кіріспе очеркті жазған С. Жебелев. М., 1915.—377 (90, 92).
- Фурье, Ш.* Жаңа шаруашылықтық және социетарлық дүние, немесе Қызықтыратын және табиғатқа сай еңбек, бұл еңбек шабыт жөніндегі серияларда бөлінген (мына кітапта: *Ш. Фурье.* Таңдамалы шығармалар. III және IV том. М., 1954).—706.
- Шорлеммер, К.* Органикалық химияның шығуы және дамуы. М., 1937.—318.
- Шторх, Г.* Саяси экономия курсы, немесе Халықтардың берекесін туғызатын негіздерді баяндау. Француз тілінен аударма, редакциялаған және заметкалар жазған И. В. Вернадский. I том. Спб., 1881.—185 (193), 195 (129), 363 (79), 372 (135), 373 (78).
- Юм, Д.* Тәжірибелер. Аударған М. О. Гершензон. М., 1896 (аударма толық емес).—134.

ПРЕДМЕТ КӨРСЕТКІШІ

А

Абсолютті қосымша құн

- анықтамасы — 325;
- оның өндірілуі — 273—275, 319—320, 517—519;
- оның относителді қосымша құннан өзгешелігі — 519.

Абстракт еңбек — 52—53, 58—61, 63, 67, 75, 79—83, 90, 96, 105, 124, 212—213.

Абстракция

- экономикалық формаларға талдау жасағанда оның маңызы — 12;
- жеке мысалдар — 171—172, 178—179, 190, 515, 576, 592.

Австралия — 462, 781.

Австрия — 285.

Ағартушылар XVIII ғасырдағы — 107, 621.

Адам (қоғамның өндіргіш күші) — 59, 87, 190—191, 197, 214, 336—337, 382, 516, 615.

Адамзаттың алғашқы қауымдық жай-күйі — 94, 190—193, 363, 520—521, 625.

Азия — 155, 176, 344, 370.

Айналымы капитал — 622.

Айырбас

- өнімді товарға айналдырудың қажетті шарты — 57, 89;
- өніммен тікелей айырбас жасау — 103—104, 126, 128;

- қауымдар арасындағы айырбас — 103, 104;
- және ақшаның шығуы — 118—119.

Айырбас құны — 52—54, 55, 63—64, 77, 97—99, 103, 104, 117, 119, 120, 171, 173, 182.

Акционерлік қоғамдар — 319, 344, 638—639, 763.

Ақша

- оның анықтамасы — 6, 73, 76, 85, 105, 107, 123—124, 144, 147, 152, 160, 167;
 - оның тарихы — 104, 108, 114, 135—141, 144, 145, 146, 154;
 - күн өлшемі — 109—118, 123, 132;
 - баға масштабы — 112, 115;
 - айналым құралы — 129—143;
 - қазына жинау құралы — 144—148;
 - төлем қаржысы — 149—156.
 - дүниежүзілік ақшалар — 156—159;
 - қағаз ақшалар — 140—144;
 - кредит ақшалары — 141, 154;
 - ақша айналысы — 129—143, 148, 151, 153, 155;
 - ақшаның капиталға айналуы — 160—189, 205—207, 317—318, 575, 581, 596, 725;
 - жалақының ақшалай формасы туғызатын жалған көрініс — 543—548, 578—579;
 - оның фетиштік сипаты — 108.
- Сонымен қатар қараңыз:

Жалпылық эквивалент, Алтын, Монета.

Ақша дағдарысы — 152.

Ақшаның сан теориясы — 138.

Алтын (және күміс)

— ақша товары — 86, 105, 114—115, 123, 130—133, 145—146;

— алтын мен күмістің айрықша табиғи қасиеттері — 105;

— алтын мен күмістің тұтыну құнының екі жақтануы.—105;

— оның құны — 105—106, 131—133;

— алтын мен күмістің ақша ретінде қатарлас қызмет атқаруы — 111—112;

— алтын мен күміс құнының араласпағы — 111, 157;

— алтын құнының өзгеруі және бұл өзгерістің оның ақша ретінде атқаратын қызметіне тигізетін әсері — 113, 131;

— товар өндірісінің ұлғаюына байланысты алтын өктемдігінің арта түсуі — 145, 146.

Америка Құрама Штаттары — 16—17, 244, 265, 280, 309, 394, 403, 405, 432, 454, 470, 513, 585, 722, 761, 764, 768, 772, 776, 780—781.

Америка Құрама Штаттарындағы азамат соғысы — 16, 296, 301, 309, 432, 443, 444, 585, 781.

Американың тәуелсіздік жолындағы соғысы — 16.

Англия

— жалпы сипаттамасы — 12, 16, 21—23, 38—39, 250, 286, 292, 307—308, 383—384, 386, 390, 660.

— капиталдың бастапқы қор жинауы — 440, 727—752, 758—768.

— ақша мен банк системасы — 112, 114, 156, 763.

— өнеркәсібі — 250, 286, 308, 386, 443—445, 464—469, 476—480.

— қалалары — 670—675.

— ауыл шаруашылығы және аграрлық қатынастар — 440, 683, 688—689, 693—695, 727—728, 733, 752, 757.

— сыртқы сауда — 462—466, 469, 760.

— құлмен сауда жасау — 767;

— капиталды экспорттау — 622.

— отарлау системасы — 522, 759—762, 765.

— халқы — 453—454, 456—457, 642, 660.

— еңбекшілердің жағдайы — 187—188, 250—272, 286—306, 405—412, 419, 421—428, 441—442, 464—469, 476—484, 587—590, 611—614, 666, 668—723, 748.

— жұмысшы қозғалысы — 187, 286, 289, 292—293, 294, 300, 308—309, 438—439.

— заң шығару ісі — 249, 250, 279—281, 286—308, 434, 500—506, 511—512, 685, 732, 733, 743—751.

Англиядағы астық заңдары — 290—292, 300, 465, 466, 469, 686, 688, 722.

Англиядағы XVII ғасырдағы буржуазиялық революция — 731, 733, 757.

Антикалық дүние — 76, 95, 97, 106, 114, 146, 150, 166, 180, 184, 209, 296, 345, 360, 378, 521, 736.

Антиякобиндік соғыс — 685, 759.

Апшын соғысы — 759.

Аргентина — 372.

Аренда — 751—752.

Аристократия — 22, 606, 685, 686, 720, 734, 781.

Артық өндіру дағдарыстары — қараңыз: Экономикалық дағдарыстар.

Астық заңдарына қарсы лига — 23.

Ауыл шаруашылығы — 653, 683, 722.

Сонымен қатар қараңыз: *Егіншілік Ауыл шаруашылық жұмысшысы*.

— тіршілік және еңбек жағдайлары — 262—263, 282, 513—515, 566, 613, 654, 667, 683—707, 714—723, 727—728, 749, 751—752.

— тап күресі — 514—515.

Афины (Ерте заманғы) — 97, 146, 378.

Африка — 759.

Ә

Әйел еңбегі

— жалпы сипаттамасы — 405, 481, 483, 537, 647, 704;

— әйел еңбегін қанау тарихынан — 379, 404—406;

— әйел еңбегін қанаудың зардаптары — 408, 409—410, 412—413;

— относителді артық халықтың болу себептерінің бірі — 537;

— мануфактурада — 472;

— үй өнеркәсібінде — 477—480;

— Англияда — 408—410, 473—477, 481—482;

- оны заң жолымен реттеп отыру — 290, 297, 301, 303, 304.
- Әзаттық жалақы* — 560—568;
- жалпы сипаттамасы — 561—562, 564, 569;
- оның формасының иррационалдығы — 561;
- оның тарихы — 565—566;
- еңбекті интенсификациялау және жұмыс күнін ұзарту құралы — 562—567;
- жалақының орта дәрежесін төмендету құралы — 564—565;
- және мерзімдік жалақы — 560—562, 564;
- және еңбек өнімділігі — 567—569;
- және жұмысшылардың дара ерекшеліктері — 564.

Б

- Базис және қондырма* — 15, 93, 96—97, 100, 494, 497, 603, 626.
- Баға* (жалпы ережелер) — 110, 111, 113—118, 119, 121, 122, 131—132, 170—172, 174—176, 178—179, 185—186, 203.
- Бала еңбегі*
 - жалпы сипаттамасы — 379, 405, 472—473, 477—480, 646, 704;
 - балаларды қанаудың зардабы — 407—413, 480;
 - относителді артық халық болу себептерінің бірі — 537, 646—647;
 - Англияда — 252—258, 267—268, 271—273, 282, 288, 299, 406—408, 473—480, 499—508.
 - оны заң жолымен реттеп отыру — 288—290, 295—297, 301—308, 406—407, 411, 485—486.
- Банктер* — 141, 151, 152, 156—157, 158, 763.
- Банкноттар* — 141, 153, 154, 157.
- Барбарлық* — 127—128, 595.
- Барищина* — 93, 246—249, 548, 579.
- Бәсеке* — 279, 326—327, 329, 357, 368, 403, 464, 465, 557—558, 603, 617, 637.
- Бельгия* — 38, 285, 308, 611, 682—683.
- Биметаллизм* — 111—112, 156—157.
- Биржа* — 152, 204, 753, 763.
- Бөліс*
 - бөліс тәсілін белгілейтін жағдайлар — 95;
 - патриархтық шаруа семьясы мү-

- шелерінің арасындағы еңбек бөлінісі — 94;
- коммунистік қоғамда — 95—96;
- қосымша күннің бөлінісі — 530, 542, 575—576.
- Брюссельдегі Неміс жұмысшылары қоғамы* — 590.
- Буржуазиялық бостандық* — 84, 180, 181, 183, 188, 408, 548, 594—595, 750—751.
- Буржуазиялық саяси экономиядағы ақша мектебі* — 630—631.
- Буржуазиялық статистика* — 281, 431—432.
- Буржуазиялық теңдік* — 172, 180, 188, 301, 310—311, 594—595.
- Буржуазиялық тұрпайы саяси экономия* — 77, 164, 168, 171—172, 175, 197, 198, 203—205, 314, 447—457, 573—574, 598—599, 620—622, 630—631, 774—775.
- жалпы сипаттамасы — 22—23, 61, 96—97, 128, 172, 188—189, 316, 545, 546, 648—652, 724—725.
- оның қосымша құн теориясы — 172—177, 203—205, 218, 219, 228, 235—239, 530, 602—610, 618, 619.
- Сонымен қатар қараңыз: *Мальтусшілдік*.
- Буржуазиялық классикалық саяси экономия*
 - жалпы сипаттамасы — 20, 96, 97, 447, 541, 545—546, 550, 574, 622, 627—628.
 - оның кейбір экономикалық категориялар мен процестерді талдауының ерекшеліктері — 38, 63, 96, 97, 157, 162, 179, 183, 216—217, 316, 360, 366, 373—374, 398, 517, 524, 528—532, 545—547, 549, 600—602, 606, 610, 618, 620, 625, 632, 642.

В

- Вексель курсы* — 158.

Г

- Германия* — 15, 17, 19—20, 23, 34, 39, 247, 282, 319, 384, 385, 391, 401, 403, 438, 440, 474, 728, 741, 748.
- Германиядағы шаруалар соғысы* — 247.
- Голландия* — 279, 282, 385, 391, 403, 474, 522, 746, 758—762, 764.

Греция (Ертедегі)—76, 97, 146.
Ғылым — 31, 37—38, 193, 397, 621;
 — өндірісте қолданылуы және ондағы ролі — 396—397, 434, 472, 497, 513, 616, 634—635, 657;
 — ғылымды капиталистік жолмен нелену — 373, 397, 621, 770.
 Сонымен қатар қараңыз: *Химия*.
Ғылыми терминология — 37—38, 228, 602.

Д

Дарвинизм — 278, 352—353, 382.
«Даңқты революция» 1688—1689 жылдардағы — 733.
Деревня — 278, 364, 513—514, 654, 693—694, 702—703, 756—757.
Десятина — 55, 93.
Диалектика — 594.
 — идеалистік — 27—28;
 — материалистік — 26—28;
 — қайшылықтар — 12, 24, 28, 115, 118, 128, 152, 188—189, 341—343, 368, 417, 442, 451—456, 473—489, 499, 511—512, 516, 537—538, 608, 657, 669, 771.
 карама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі — 65, 78, 84, 103, 119, 128, 135, 152, 162, 364—365, 513, 516.
 — санның сапаға айналуы — 317—319, 332, 334—336;
 — бекерге шығаруды бекерге шығару — 771;
 — мүмкіндік пен шындық — 128;
 — қажеттілік пен кездейсоқтық — 12, 79, 91, 179, 368;
 — себеп пен салдар — 644;
 — мазмұн мен форма — 52—53, 92, 96, 109, 115—118, 594—595;
 — мән мен құбылыс — 52—53, 63—64, 69, 72, 74, 76, 316—317, 326—327, 545, 546, 548, 550, 558, 580.
 Сонымен қатар қараңыз: *Маркстік саяси экономияның методы*.
Дүниежүзілік рынок — 139, 156—158, 160, 246, 365, 394, 464, 466, 570, 612, 660, 665, 727, 757, 771.
Дін — 89, 95, 273, 382, 628, 631, 733.

Е

Европа — 728.
Египет — 344, 474, 521, 522.
Егіншілік — 440, 513—515, 614, 616,

654, 688, 703, 717—719, 756—757.
 Сонымен қатар қараңыз: *Ауыл шаруашылығы*.
Еңбек (жалпы ережелер)—55—59, 82, 190—197, 207—209, 211—213, 215, 319, 545, 549, 578, 617—618.
Еңбектің бөлінісі — 120—122, 182, 364, 365, 368, 371, 374—379, 430—432, 493, 634, 653;
 — табиғи бөлінісі — 94, 364;
 — мануфактуралық бөлінісі (және фабрикада)—347, 349—350, 355, 357, 359, 362—371, 373, 374—378;
 — халықаралық бөлінісі — 462;
 — қоғамдық бөлінісі — 58, 89, 91, 120, 122, 362—363, 365—368, 376—378, 455, 522.
 — территориялық бөлінісі — 365.
Еңбек құралдары — 364, 376, 383;
 — жалпы сипаттамасы — 192—193, 208—209;
 — еңбек өнімділігінің факторы — 352;
 — күн жасау процесінде — 397—405.
Еңбек құрал-жабдықтары—191—197, 215—216, 340, 432—435, 610, 634.
Еңбек құрал-жабдықтарының моральдық тозуы — 414, 586—587, 616.
Еңбек құрал-жабдықтарының табиғи тозуы — 196, 217, 414—415, 616, 619.
Еңбек өнімділігі —
 — жалпы қағидалар — 62, 324—325, 343—344, 519—520, 571, 615—616, 632—634, 656—657.
 — оның дәрежесін белгілейтін жағдайлар — 56, 57, 336—337, 339—340, 343—344, 352, 518—520, 536, 537, 571, 634—635;
 — оның өзгерістерінің товар құнына тигізетін әсері — 55—57, 62, 213—214, 330, 617—618.
 — оның өзгерістерінің жұмысшы күшінің құны мен қосымша күн мөлшеріне тигізетін әсері—324—325, 529;
 — капиталдың қор жинауының факторы — 615—616, 632, 635.
Еңбек заты — 191—196, 203, 211, 214, 217, 325—326, 516—517, 614.
Еңбек рыногы
 — жұмыс күші рыногын құрудың қажетті шарттары — 179—183, 512, 727;

- және өнеркәсіп циклы — 512, 648—650;
- «ерікті отарда» — 777—778, 780—782.
- Еңбекі интенсификациялануы* — 352, 419—428, 532—538, 653.
- Еңбектің капиталға реалды бағынуы* — 310—311, 319—320, 341, 518—519, 632, 746, 776—777.
- Еңбектің капиталға формальды бағынуы* — 341—343, 518—520, 746.
- Еңбектің резерв армиясы* — қараңыз: *Относительді артық халық*.

Ж

- Жалақы* — 183—188, 198, 543—550, 629;
- анықтамасы — 547—550, 569, 610;
- оның дәрежесіндегі ұлттық айырмашылықтар — 184, 569—574;
- және капитал тенденциясы — 610—611;
- оның шегі — 185—186, 630—631;
- және капиталдың қор жинауы — 624, 630;
- және өнеркәсіп циклы — 648;
- және жұмыс күні — 548, 556—558;
- және товар бағалары — 557;
- оны заң жолымен «реттеп отыру» — 746—751.
- Сонымен қатар қараңыз: *Нормальды жалақы*. *Мерзімді жалақы*. *Әрзаттық жалақы*. *Реалды жалақы*.
- Жалдама еңбек*
 - капиталистік заманның сипатты ерекшелігі — 183, 598;
 - жұмысшылар табысының дәрежесі әртүрлі болып отырғанда капитал мен жалдама еңбектің арасындағы жалпы қатынас — 564.
- Жалдалтық* — 165, 204, 221, 278, 605, 679—680, 764, 781.
- Жалпылық эквивалент* — 83—87, 102, 104—106, 107—108, 120.
- Сонымен қатар қараңыз: *Ақша*.
- Жапония* — 155, 728.
- Жай еңбек* — 60, 210.
- Жай ұдайы өндіріс* — 577—578, 580—582, 591—592, 596, 599;
- ұлғаймалы ұдайы өндірістен өзгешелігі — 597;
- өндіріс қатынастарының ұдайы өндірісі — 582;
- және өзгермелі капитал — 580;
- және қосымша құн — 580—581.
- Жеке еңбек* — 58, 75, 83, 89—91, 109, 128.
- Жеке құн* — 208, 327—329, 416.
- Жер*
 - адам еңбегінің жалпыға бірдей предметі — 191, 620;
 - еңбек құралы — 192—193;
 - байлық атаулының көзі — 59, 515, 615.
- Жер меншігі* — 16, 23, 98, 160, 377—378, 375—576, 606, 685, 686, 720—722, 727, 731, 751—752, 754.
- Жер құнарлылығы*
 - еңбек өнімділігінің факторы — 519—520, 535—536, 632;
 - капитализм тұсында оның тозығындауы — 249, 274, 514—515
- Жер құнарлылығының кемі беру «заңы»* — 514.
- Жер рентасы* — 38, 98, 155, 247, 274, 531, 542, 575—576, 609, 752.
- Сонымен қатар қараңыз: *Барщина*, *Оброк*.
- Жұмыс ақшалары* — 109
- Жұмыс күні*
 - оның құрамды бөлімдері — 241—242, 537, 540, 541, 547—548;
 - оның максималды шегі — 242, 555;
 - жұмыс күнінің ұзақтығы және қосымша құнның шамасы — 527—538, 556.
- капиталистік өндіріс кезінде еңбектен үнемдеу — 331, 492—493;
- және еңбекті интенсификациялануы — 419—423, 532—538, 563—564;
- жұмыс күнін күштеп шектеу — 249—250, 279—280, 286—291, 294—295, 301, 310—311, 420, 556;
- капиталдың жұмыс күнінің моральдық және кілең табиғи шектерін жоюға ұмтылуы — 274—275, 278—279, 286, 288, 289, 292, 296, 299, 301, 307, 416, 418;
- жұмысшылардың жұмыс күнін қысқарту жолындағы күресі — 187, 239, 245, 262, 279, 287, 291, 308—311, 420;
- және жалақы — 556, 557, 558;

— социализм мен коммунизм тұсында — 538.

Жұмыс күші

- анықтамасы — 180, 186—188, 214, 227, 527, 582—583, 601, 614, 620.
- оны товар ретінде сату шарттары — 180, 181, 186—188, 343, 594, 629—630;
- оның құны — 183—186, 188, 220, 225—228, 241, 275, 312, 323, 325—326, 362, 405—406, 527, 529, 535, 569, 610, 629, 682—683, 749;
- оны тұтыну процесі — 188, 198, 343—344, 527;
- оның тұтыну құнының ерекшелік сипаты — 180, 198, 205, 242—244, 372, 527, 549, 586—587, 596;
- оны арзандату шегі — 185—186, 362, 481, 610—611;
- оның ұдайы өндірілуі — 184—186, 220, 227—228, 433, 582—586, 588—589, 592, 625, 629.

Жұмысшы қоры — 579—580, 620—622, 624.

Жұмыс үйлері (Англияда) — 284—285, 666.

Жұмыссыздық — қараңыз: *Относителді артық халық*.

Жұмысшы қозғалысы — қараңыз *Жұмысшылардың тап күресі*.

Жұмысшы статуттары — 279—281, 565, 747—750.

Жұмысшы табы

- жұмысшылардың капитализм тұсындағы жағдайы — 187—188, 308—309, 435, 441—442, 464, 466, 517—518, 583—584, 588—589, 616—617, 628, 631, 674, 678, 746—747;
 - капитализм жағдайларында жұмысшылар арасындағы бәсеке — 554, 557, 647, 651;
 - жұмысшы капиталист үшін ең қажетті өндіріс құралы — 582—583, 631, 774;
 - оның ұдайы өндірілуі — 183—186, 220, 227—228, 582—586, 589—590, 592;
 - жұмысшылардың жеке бас тұтынуы — 583—585;
 - жұмысшыларды өндірістік пайдалану — 583—584.
- Сонымен қатар қараңыз: *Пролетариат*, *Ауылшаруашылық жұмысшысы*.

Жұмысшы табының қайыршылануы (жалпы ережелер) — 628—629, 631—632, 664.

- абсолютті қайыршылануы — 440—441, 493, 498, 514, 610—613, 625, 626, 628, 651—652, 656—657, 668—669, 771;
 - относительді қайыршылануы — 624—626, 656—657, 668—669.
- Сонымен қатар қараңыз: *Капиталистік қор жинаудың жалпылық заңы*, *Тіршілік заттарын фальсификациялау*.

Жұмысшылардың тап күресі — 23, 24, 292, 567—568;

- жұмыс күнін қысқарту жолындағы күресі — 188, 245, 262, 279, 301, 304—305, 308, 310—311, 420;
 - әйел еңбегі мен бала еңбегіне шек қою жолындағы күресі — 289, 291, 301, 406;
 - чартизм — 289, 292, 294;
 - жұмысшылардың машиналарға қарсы шығуы — 437—438;
 - капитализмнің дамуына байланысты жұмысшы табының наразылығы мен ұйымшылығының өсе түсуі — 665—666, 771;
 - ағылшын фабрика жұмысшыларының халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ерекше сіңірген еңбегі — 308;
 - ауыл шаруашылығы жұмысшыларының күресі — 262—263, 514.
- Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі* — 42, 310.

3

Заемдар — 764.

Заттай байлық

- оның шығар көзі — 57, 514, 582, 614.
 - оның элементтері — 147—148, 181, 193—194, 220, 616, 725.
 - оның қоғамдық көрінісі — 145—146, 147, 157—158;
 - оны иемдену — 167—168;
 - оның капиталға айналуы — 582.
 - оны ұдайы өндірудің шарттары — 577.
 - ұлттық заттай байлық — 759.
- Заттай шаруашылық* — 93—94, 144, 755.

Зығыр — 728, 754.

И

- Индия* — 58, 100, 145, 148, 338—339, 344, 369, 392, 402, 441, 462, 522, 609, 759, 760—761.
- Интернационал (I)* — қараңыз: *Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі*.
- Иран* — 522.
- Ирландия* — 262, 377, 429, 707—723, 738, 765.
- Испания* — 39, 522, 759, 762.
- Италия* — 39, 474, 522, 727.

К

- Капитал*
- анықтамасы — 166, 168, 176—177, 243, 273—275, 278, 318—319, 320, 581—582, 678, 768, 773;
 - оның тарихы — 160, 176—179, 181—183, 197—198, 340—341, 520, 757—758, 763—764, 768—770;
 - капиталдың жалпылық формаласы және оның қайшылықтары — 160—179;
 - бір саладан екінші бір салаға ауысып құйылуы — 643, 650;
 - оның қозғалысы және қайшылықтары — 341—344, 450, 473, 512, 575, 653;
 - және жалақы — 610—615;
 - қолданылатын және тұтынылатын капитал — 618—619.
- «*Капитал*», *К. Маркстікі*
- предмети мен методты — 11—12, 16—18, 25—28, 31, 51, 60, 91—92, 98, 160, 178, 182;
 - жұмысшы табы үшін маңызы — 39;
 - оған буржуазияның көзқарасы — 24;
 - шет тілдердегі аудармалары — 25, 31, 32, 33, 36—37, 41;
 - оның тарихы — 7, 11, 18—19, 24—25, 32—34, 37, 41—42.
- Капиталдың алғашқы қор жинауы*
- жалпы сипаттамасы — 580, 635, 724—727, 767—771, 782;
 - алғашқы қор жинаудың факторлары мен басты-басты кезеңдері — 725—727, 731, 747, 758, 763, 764, 765;
 - шаруаларды жерден зорлап қуып шығу — 440, 727—742, 775;
 - лендлордтардың қауымдық меншікті узурпациялауы — 734—738;

— оның әдістерінің жалпы сипаттамасы — 742, 758—759, 767—768, 782.

Капиталдың жұмыс күшін қанауы — 518;

- экономикалық мәні — 341—342;
- оның интенсивті және экстенсивті күшеюі — 628—629;
- қанау дәрежесінің білінуі — 227—231, 539—542, 611, 615;
- және өндіріс анархиясы — 488—489.

Капиталдың қор жинауы

- жалпы сипаттамасы — 590, 592—593, 597—599, 602—606, 624, 626, 628, 629, 631, 635—636, 657—658, 670;
- қажетті шарттары, шығар көздері мен факторлары — 575—576, 591—592, 594, 608—610, 614, 615—619, 632, 638;
- нәтижелері мен зардаптары — 636, 640—641, 643, 646, 657;
- егіншілікте — 614—615;
- және жұмысшы табының жағдайы — 614, 624—626, 628—630, 642—643, 647—648, 657, 670;
- және товарлы өндірістің заңдары — 597—598;
- оның тарихи тенденциясы — 769—771.

Сонымен қатар қараңыз: *Капиталдың шоғырлануы*.

Капиталдың құндық құрылымы — 623, 633—634.

Капиталдың органикалық құрылымы — 315—316, 453, 460, 623—624, 633, 634, 640—642, 644, 747.

Капиталдың техникалық құрылымы — 623, 633—636, 639.

Капиталдың шоғырлануы — 318—319, 344, 488, 512, 636—639, 762.

Сонымен қатар қараңыз: *Капиталдың қор жинауы*.

Капиталды экспорттау — 622, 777.

Капиталистік қор жинаудың жалпылық заңы — 626, 629—631, 640—641, 651—652, 656, 657, 665, 669—670, 672—673, 703.

Сонымен қатар қараңыз: *Еңбекті интенсивтендіру*, *Капиталдың қор жинауы*, *Относительді артық халық*, *Пауперизм*.

Капиталистік өндіріс әдісі

- жалпы сипаттамасы — 20, 24, 51, 76, 97, 108, 117, 146—147, 156,

- 158, 176—177, 181—183, 188, 209—210, 228, 274, 310, 330—331, 342—344, 432—434, 497, 500, 516—517, 537, 541, 548, 550, 598—599, 629, 631, 632, 635, 640, 646, 656, 670, 771, 775;
- оның анықтаушы мақсаты — 165—168, 199, 204—208, 228, 240, 243, 306—307, 317, 341, 516—517, 602—603, 605—606, 629, 631;
 - оның бастама негізі мен алғы-шарттары — 160, 182—183, 332, 345, 364, 581—582, 635, 725, 726, 769—770, 781;
 - оның антагонизмдері мен қайшылықтары — 12, 24, 28, 127—128, 188—189, 301, 341—343, 368, 417, 441—442, 451—452, 455—457, 473, 489, 498—499, 511—512, 514, 516, 538, 657, 670, 771;
 - және феодализм — 726;
 - оның тарихи қажеттілігі — 345—346, 513;
 - оның тарихи өткінісі сипаты — 17, 20, 38, 497, 499, 594—595, 603, 770—771.
- Капиталистік өндіріс заңдары** — (жалпы қағидалар) — 12, 326, 329, 595—598, 600, 604, 630, 651, 656—657, 746.
- Капиталистік өндірістің анархиясы** — 189, 368, 488—489, 512, 538.
- Қасталар** — 350—351, 522.
- Кәсіпшілік одақтары** — 262—263, 309—311, 652, 748—751.
- Кедейлер туралы заңдар** (Англияда) — 441, 465, 659, 685, 693—694, 732.
- Клан** — 738—739, 742.
- Коалицияларға қарсы заңдар** — 465, 748, 749.
- Коммунизм** — 94—95, 603.
- меншік формалары — 94—95, 771;
 - бөліс — 94—95;
 - еңбек жағдайлары және оның ұйымдастырылуы — 95, 648;
 - қажетті еңбек — 537—538;
 - материалдық-техникалық базасы — 403, 603;
 - және индивидуумның дамуы — 494, 498—501, 603, 632.
- Кооперация**
- анықтамасы — 336, 338, 769;
 - оның бастама негізі — 339, 344, 372;
 - оның маңызы және еңбектің жеке формасына қарағандағы артықшылығы — 336—341;
 - оның масштабын белгілейтін факторлар — 340—341;
 - оның даму нәтижелері — 340—341, 372;
 - оның ертедегі формалары — 345;
 - жай кооперация — 346, 372, 373, 396;
 - капиталистік кооперация — 345—346, 347, 516—517, 634;
 - ірі масштабтағы кооперация кезінде еңбек процесін қоғамдық жолмен реттеп отырудың қажеттігі — 341, 435;
 - егіншіліктегі ірі-ірі революциялардың факторы — 440.
- Көмекші материалдар** — 193—194, 215, 220, 577, 616, 633.
- Кредит**
- пайда болуының және дамуының шарттары — 149, 151, 154—156, 605, 637;
 - кредит ақшалары — 141, 154, 763;
 - мемлекеттік кредит — 762—764;
 - халықаралық кредит — 763—764;
 - Ертедегі Римде — 150;
 - орта ғасырларда — 150, 151;
 - капиталдың бастапқы қор жинауының факторы — 762—763;
 - капиталистік өндіріс процесінде — 186—188, 637—638, 643—644;
 - жұмысшылардың капиталиске кредит беруі — 186—188, 526.
- Крепостниктік**
- өндірістік қатынастар — 93—94, 547, 579—580, 725, 726, 728;
 - қосымша еңбек формаларының өзіндік ерекшелігі — 550, 579—580;
 - Англияда — 727—729, 733;
 - Италияда — 727;
 - Россияда — 733;
 - Дунай князьдіктерінде — 246—247.
- Купец капиталы** — 160, 169, 177—178, 370, 757—758.
- Сонымен қатар қараңыз: **Сауда капиталы.**
- Күрделі еңбек** — 60, 184—185, 209—210.
- Күштеу** — 420, 725, 758—759, 765.

- Сонымен қатар қараныз: *Экспроприация*.
- Қажетті еңбек*
— анықтамасы — 228, 240, 274;
— және жұмыс күні — 242, 322—323;
— капитализм мен барщина жағдайларында — 247—249, 325;
— қосымша еңбек оның функциясы — 540—541;
— коммунистік қоғам — 537.
- Қала* — 364, 513, 654, 669—675, 727.
- Қауіпсіздендіру қоғамдары* — 215.
- Қанау дәрежесі* — қараныз: *Қосымша құн нормасы*.
- Қаңғырмашылдыққа қарсы заңдар* — 743—746.
- Қарыз капиталы* — 169, 177.
- Қасиетті одақ* — 23.
- Қауым* — 94, 103;
— Индиялық қауым — 58, 94, 103, 344, 368—370;
— Дунай князьдіктеріндегі қауым — 247—248;
— қауымдар арасындағы товар айырбасы — 103, 363.
- Қауымдық жерді қоршау* — 735—738.
- Қауымдық жерді қоршау туралы заңдар* — 735.
- Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты*
— анықтамасы — 55, 87, 221, 334, 562;
— құнның субстанциясы — 55—56, 61, 87—88, 199, 201—202, 208—209, 221, 327—328;
— және бәсеке — 357.
- Қоғамдық-экономикалық формация*
— оның даму сипаты — 16;
— әртүрлі формациялардағы еңбек бөлінісі — 371;
— түрлі формациялардағы жай және ұлғаймалы ұдайы өндіріс — 609;
— қосымша еңбектің формасы антагонистік формациялардың ерекше белгісі — 228, 246;
— капиталистік қатынас — бұрынғы өткен формациялардың құрып бітуінің нәтижесі — 182—183;
— құрып біткен формацияларды зерттеп білуде еңбек құралдарының маңызы — 192—193;
— еңбек құралдары — формациялардың айырым белгісі — 192—193.
- Қолөнер өндірісі* — 307—308, 332, 345, 348—362, 368—371, 375—376, 379—380, 392—394, 433, 461, 476—482, 484—485, 501, 511—512.
- Қосымша еңбек*
— анықтамасы — 228—229, 240, 539—542, 631;
— қоғамдық-экономикалық формациялардың ерекше белгісі — 228, 245—248;
— қосымша еңбекті сығып алудың шарттары, құралдары мен тәсілдері — 257, 322—325, 328—330, 362, 517—523, 615—616;
— оның шамасын анықтау — 323—325;
— қосымша еңбектің ертеректегі формалары — 247, 518;
— пайда көзі — 558;
— капитализм тұсында оның азаю шегі — 630.
- Қосымша құн* — 167—169, 578;
— анықтамасы — 164, 220, 223, 224, 228, 229;
— оның пайда болуы — 178, 220, 225—226, 416—417, 591, 606;
— оның пайда болуының тұрпайы теориялары — 172—176, 203—205, 218, 228, 235—240, 529—530, 602—610, 617—619;
— қанаушы қоғамның экономикалық формацияларының ерекше белгісі — 228—229;
— оны өндіру капитализмнің көксеген мақсаты — 165—167, 166, 199, 203—208, 228, 240, 243, 246—247, 306—307, 341, 416, 516—517, 602—603, 629;
— оның мөлшерінің жұмысшы күшінің құнына байланыстылығы — 527—538;
— қосымша құнның нормасы — 227, 229—230, 240, 242, 312—316, 417, 519, 531—532, 539—542, 610, 615, 619;
— оның аумағы — 312—316, 417, 615—616, 619;
— оның өзгерген формалары — 38, 98, 166, 228—229, 245—249, 517, 531—532, 542, 575—576, 599—602, 607—608, 610, 713, 768;
— оның капиталға айналуы — 590—593, 597—602, 657.
- Сонымен қатар қараныз: *Абсолютті қосымша құн*; *Үстеме қо-*

- жалпы сипаттамасы — 353, 382—384, 395—396, 473;
 - машиналар тарихынан — 359—360, 383—388, 393, 395—396;
 - капиталистік өндіріс әдісінің материалдық негізі — 381, 394—395, 397, 416—417, 422, 437, 461;
 - күн жасау элементі және өнім жасау элементі — 216—217, 397—398;
 - қолданылу шегі — 403;
 - капиталистік жолмен қолданудың зардаптары — 403—427, 429—437, 440—443, 445—447, 451—452, 455, 464, 473, 652, 657;
 - машиналардың өнімділігін өлшеу — 401;
 - еңбек өнімділігін арттыру құралы — 413;
 - табиғи және моральдық тозуы — 215—217, 414, 588—589, 617—618, 619—620;
 - және қоғамдық өнімнің құрылымы — 455—456;
 - көптеген біртектес машиналардың кооперациясы мен машиналар системасы арасындағы айырмашылық — 388—392;
 - машиналардың автомат системасы — 391, 442—443, 445—446;
 - жұмысшылардың машиналарға қарсы шығуы — 437—438, 441—442;
 - коммунистік қоғамда қолданылуы — 403.
- Мексика* — 180—181, 209, 761.
- Мемлекет* (қанаушы қоғамда)
- капиталдың құралы — 279—280, 294, 318, 374, 626, 659, 747—751, 759;
 - экономикалық өмірді мемлекеттік жолмен «реттеп отыру» — 248—250, 279—281, 286—305, 309, 500—506, 510—512, 573—574.
- Сонымен қатар қараңыз: *Фабрикалық заң шығару*.
- Мемлекеттік борыш* — 762—766.
- Меншік*
- қауымдық — 94, 246—247, 345, 368—370, 728, 734—735;
 - өндірушілердің өз еңбегіне негізделген жеке меншік — 94, 728, 769, 771—772, 782;
 - бөтеннің еңбегін қанауға негізделген жеке меншік — 198—199, 595—597, 670, 724—726, 727—729,

- 731, 733, 768—772, 782;
 - қоғамдық — 769, 771;
 - коммунистік қоғамда — 94—95, 771.
- Сонымен қатар қараңыз: *Жер меншігі*.
- Мерзімді жалақы* — 551—559;
- жалпы сипаттамасы — 551—552, 560—562, 564, 717;
 - оның мөлшерін белгілейтін жағдайлар — 552—553, 556—557, 569—570;
 - оны өлшеу единицасы — 553—554;
 - оның капиталист үшін пайдалылығы — 554.
- Меркантилизм* — 77, 97—98, 158, 169, 524.
- Монета* — 139—143, 154.
- Монетарлық система* — 98.

Н

- Нақты еңбек*—54, 58—59, 63, 64, 74—75, 80, 207—208, 211—213, 219.
- Негізгі капитал* — 622.
- Номинальды жалақы*—551—553, 570.

О

- Оброк* — 57, 728.
- Ой еңбегі мен дене еңбегі* — 191, 433—434, 494—495, 516—517.
- Орта ғасырлар* — 93—94, 150, 151, 318, 332, 345, 350—351, 370—371, 400, 439—440, 518, 752, 757, 758, 762.
- Орта пайда* — 640, 650.
- Ост-Инд компаниясы* — 148, 465, 760.
- Отарлық система* — 462, 522, 760—762, 765.
- Отарлау* — 772—782.
- Относительді артық халық* — 548;
- мәні мен себептері — 277—278, 440, 462, 537, 642—643, 644—645, 647—648, 776.
- формалары — 652—656;
- оның ролі — 462, 498, 643—647, 650—652;
- және өнеркәсіп циклының сатылары — 644—645, 648, 652.
- Относительді қосымша құн*
- ұғымы — 322—323, 325;
- оны өндіру әдістері — 322—323, 324, 327, 331, 420, 518, 519;

- сымша құн; Относительді қосымша құн.*
- Қосымша құн нормасы**
 — анықтамасы — 227—229, 540—541;
 — оның түрлі формулалары—539—542;
 оны есептеп шығару методы — 230—231, 240;
 — оны көбейту шарттары — 228—229, 610, 615;
 — және қосымша құнның аумағы—312—317.
- Қосымша өнім** — 38, 239, 591—593, 610, 628, 643, 712—713.
- Құлдық**
 — жалпы қағидалар — 104, 209, 228, 246, 275, 345, 519, 548, 550, 628, 718.
 — Ертедегі Римде — 296, 585;
 — Ява аралында — 760;
 — Америкада — 180—181, 245, 275—276, 296, 309.
- Құлмен сауда жасау** — 275—276, 759, 767.
- Құн**
 — анықтамасы — 54—55, 61, 67, 80, 98, 543;
 — қоғамдық қатынас — 64, 73, 99;
 — буржуазиялық өндіріс әдісінің неғұрлым жалпы формасы — 96;
 — және айырбас құны — 52—55, 76;
 — тұтыну құны — 61—62, 214;
 — құн мөлшерін анықтау — 55—57, 61—62, 79, 117, 199, 543;
 — еңбек өнімділігінің өзгеруіне байланысты оның мөлшерінің өзгеруі — 56—57, 61—62, 616—617;
 Сонымен қатар қараңыз: *Жеке құн, Айырбас құны, Относительді құн, Құн формасы, Эквиваленттік форма.*
- Құн заңы** — 91, 116—117, 178, 316, 329, 367, 544, 571, 595, 596.
- Құн формасы** — 65, 75—76, 168—169, 618;
 — оның екі полюсі — 64—65, 83—85;
 — айрыбастың дамуымен байланысты оның дамуы — 81;
 — жәй формасы — 64, 76—77, 81—82, 84, 86, 110;
 — толық формасы — 78—82, 84, 110;
 — жалпылық формасы — 81—83, 84—86, 102, 110, 122;
 — ақшалай формасы — 64, 85—86, 92, 109, 159, 619.
 Сонымен қатар қараңыз: *Айырбас құны, Относительді құн, Эквиваленттік форма.*
- Құнның относительді формасы**
 — мәні — 65—69;
 — оның сандық анықтығы — 69;
 — товар құны мөлшері өзгеруінің относительді құнның мөлшеріне тигізетін әсері — 69—71;
 — және эквиваленттік форма—64—65, 69, 71—72, 82—85, 104.
- Қытай** — 87, 141, 145, 392, 759, 760.

Л

Луддиттер — 437—438.

М

Мальтусшілдік — 175, 364, 515, 537, 627, 645, 658—659, 713, 719.

Мануфактура

- оның мәні — 38, 332, 347, 357, 360—362, 379—380, 439, 755—756;
 — оның бастама негізі — 371, 381;
 — оның пайда болу тәсілдері — 347—350, 375—376, 379, 755—756, 758;
 — оның капиталистік сипаты — 371—380;
 — оның негізгі формалары — 353—362;
 — және еңбек бөлінісі — 347, 349—350, 355, 357, 359, 362—371, 373—378, 388—389, 391;
 — және машиналардың қолданылуы — 353, 359—360, 387—388, 392—394;
 — және еңбек өнімділігі — 353;
 — мануфактуралық бөлшекші жұмысшы — 348—362, 366—368, 371—377, 380, 392, 431;
 — фабриканың басталар негізі — 392, 765.

Маркстік саяси экономияның методы

- жалпы сипаттамасы — 26—28, 31;
 — кейбір методологиялық тәсілдері—11—12, 18, 51, 57, 60, 63—64, 91—92, 97, 160, 178, 182.
 Сонымен қатар қараңыз: *Абстракция, Диалектика.*

Машина

- және абсолютті қосымша құн — 518—519;
 - оны өндірудің еңбектің техникалық процесіне тигізетін әсері — 518;
 - және еңбектің өндіргіш күші — 324—325, 329—330, 419—420;
 - және қажетті еңбек пен қосымша еңбектің арасалмағы — 322—325, 328—329, 331, 517—518;
 - және мануфактуралық еңбек бөлінісі — 376.
- Отызжылдық соғыс* — 741, 748.
- Өзгермелі капитал*
- анықтамасы — 220—223, 225—226, 234, 312, 315, 417, 448, 578—580, 601, 624, 641;
 - тұңғыш рет Маркс енгізген категория — 622;
 - оның өндіріс процесінде өмір сүру формасы — 227—229, 234, 371, 541, 601, 621, 624, 634, 641;
 - оның қызмет етуінің қажетті шарты — 226—227;
 - авансыланған өзгермелі капитал мөлшері мен қосымша құнның аумағы арасындағы байланыстылық — 312—317;
 - оның мөлшері және жұмысшылар саны — 312—318, 640, 747;
 - село халқы бір бөлегінің тіршілік заттарын өзгермелі капиталдың заттай элементтеріне айналдыру — 747, 754.
 - және капиталдың қор жинауы — 634, 646—647.
- Өндіргіш еңбек*
- еңбектің жәй процесінде — 194, 212, 218, 516—517;
 - физиократтардың көзқарасы тұрғысынан — 517;
 - капиталистік мағынада — 194, 516—517, 601—602.
- Өндіргіш күштер*
- олардың элементтері — 190—191, 198, 371—372, 514—515, 583;
 - белгілібір қоғамды сипаттау үшін еңбек құралдарының шешуші маңызы — 193;
 - капитализм тұсында — 498, 514—515, 537, 657—658.
- Сонымен қатар қараныз: *Өндіріс құрал-жабдықтары. Адам.*
- Өндіріс* (жалпы сипаттамасы) — 190—197, 332, 367—368, 516—517, 544, 577—579, 769.
- Сонымен қатар қараныз: *Ұдайы өндіріс.*
- Өндіріс құрал-жабдықтары* — 321, 325, 335, 713;
- анықтамасы және құрамы — 181, 194—198, 220, 616, 725.
 - тірі еңбектің материалдық факторы және жаңа өнім жасаудың заттай элементі — 191—197, 218—219, 320, 577;
 - және еңбек процесі — 216—218;
 - және құн жасау процесі — 199—203, 211—214, 215—219, 220, 595, 617;
 - мақсатқа сай өндірістік жұмыстың құралы мен материалы — 320, 516.
 - еңбектің өндіргіш күшінің факторы — 56, 618, 633;
 - олардың капиталға айналуы — 182—183, 320, 725, 774;
 - өндіріс құрал-жабдықтары дамуының қоғамдық тұсаулары — 770.
- Өндіріс пен капиталдың орталықтануы* — 318—319, 343, 636—641, 764, 770—771, 781.
- Өндіріс әдісі* — қараныз: *Қоғамдық-экономикалық формация.*
- Өндіріс шығындары* — 339, 354, 355, 403, 422, 546.
- Өндірістік қатынастар* — 126—127, 626;
- ертедегі дүниеде — 95—96, 181;
 - құлдық кезінде — 345, 768—769;
 - феодализм тұсында — 93—94, 155, 344, 728, 768—769;
 - капитализм тұсында — 92, 97—98, 107—108, 180, 286, 310—311, 341—346, 435, 498, 545, 558, 628—631, 657—658, 725—726, 767—771, 773;
 - коммунизм тұсында — 94—96, 771;
 - олардың ұдайы болып отыруы — 582—583, 624—625, 631—632.
- Өндірістің шоғырлануы* — 339, 371—372, 634—635, 670.
- Өнеркәсіп капиталы*
- жалпы сипаттамасы — 167, 176—177, 769—771;
 - оның генезисі — 726—727, 757—771;
 - ақша капиталының өнеркәсіп капиталына айналуы — 168—169.

- 179, 199—210, 318—320, 340, 758, 762—765, 779—780;
 — оның шоғырлануы және орталықтануы — 319, 636—640, 761—765, 769—771, 781.
Өнеркәсіп революциясы XVIII ғасырда — 307, 382—388, 392—396, 437—438, 485—486.

Өнеркәсіп циклы

- 1825 ж. дағдарыс капиталистік өнеркәсіптің циклдық дамуының бастамасы — 20—21, 39;
 — жалпы сипаттамасы — 28, 39—40, 464—465, 487—490, 628—632, 644—645, 648, 679—680;
 — цикл фазаларының ауысуы және еңбекшілердің жағдайы — 464—469, 630—631, 643—644, 665, 679—682;
 — ағылшын өнеркәсібінің циклдық дамуы — 464—466, 469, 679.

- Өсімқорлық капитал* — 160, 176—177, 518, 757—758.

П

- Пайда* — 38, 166, 226, 531—532, 542, 575—576, 650, 768.
Пауперизм — 440—441, 553, 654—656, 665, 702—703, 732.

- Пелопоннесс соғысы* — 377.

- Пеонаж* — 181.

- Политехникалық мектептер* — 498.

- Португалия* — 759.

Право

- римдік — 106, 296, 737;
 — орта ғасырлардағы — 106, 752—753;
 — буржуазиялық — 100—101, 180, 188—189, 244—245, 298—299, 301, 305, 307, 308, 311, 407—408, 434—437, 594—598, 612—613.

Пролетариат

- капитализмнің көрін қазушы ретіндегі оның тарихи ролі — 24, 770—771;
 — капиталдың қор жинауына қарай пролетариаттың көбеюі — 464—465, 514, 625—626, 628, 634, 702—703, 770—771;
 — «пролетарий» деген анықтама-ның экономикалық мағынасы — 625;
 люмпен-пролетариат — 655.
 Сонымен қатар қараңыз: *Жұмысшылардың тап күресі*, *Жұ-*

мысы табының қайыршылануы, *Жұмысшы табы*, *Ауылшаруаның жұмысшысы*.

- Пролетариат диктатурасы* — 24, 499, 771.

- Протекционизм* — 39, 573—574, 757, 759, 765, 766, 773.

- Процент* — 542, 576—577, 599, 607.

Р

- Реалды жалақы* — 536, 570.

- Революция 1848—1849 жылдардағы* — 20, 23, 294, 308.

- Реформация* — 731—733.

- Рим* (Ертедегі) — 97, 114, 150, 154, 176, 245, 296, 360, 372, 585, 726, 737.

- Россия* — 248, 570—571, 693, 733.

С

- Салықтар* — 573;

- олардың түрлері — 154—155;
 — капиталдың бастапқы қор жинау құралы — 759, 764, 765;
 — және қосымша құн — 530;
 — Рим империясында — 154—155;
 — Азияда — 155;
 — Францияда — 154;
 — Англияда — 732;
 — АҚШ-та — 781.

- Сауда* — 162—164, 173;

- айырбас саудасы — 107—108, 182;
 — бөлшек сауда — 154;
 — дүниежүзілік сауда — 156—160, 592, 760, 762;
 — нағыз сауда операцияларындағы есеп-қисаптар — 154;
 — құлмен сауда жасау — 275—276, 768;
 — және өнеркәсіп — 762.

- Сауда капиталы* — 164, 169, 176—177, 518.

- Сонымен қатар қараңыз: *Купец капиталы*.

- Сауда пайдасы* — 576.

- Сауда соғыстары* — 758, 762, 765.

Саяси экономия

- оның тарихы — 377, 627;
 — оның предметі — 12, 16;
 — маркстік саяси экономияның методты — 11—12, 18, 26—28, 31, 51, 57, 61, 63—64, 91—92, 97, 160, 178, 182;
 буржуазиялық саяси экономияның жалпы сипаттамасы — 20,

23—24, 620—622, 627—628, 644, 772—775.

Семья және тек — 94, 95, 363, 500, 756.

Социализм — қараңыз: *Коммунизм*.
Социалистік революция — 24, 40, 198, 512—514, 770—771.

Т

Табиғат (өнім жасаудың және капиталдың заттай элементтерін жасаудың бастапқы факторы) — 190—193, 197, 386—388, 396—397, 514—516, 615, 616.

Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну — 15—17, 96—97, 193, 307, 382, 497, 499, 603, 620—621.

Тек және семья — 94, 95, 363, 500, 756.

Техника мен технология (жалпы ережелер) — 382, 497, 615—616, 621, 639, 643.

Товар.

— жалпы ережелер — 11—12, 51, 57, 87, 88—89, 98;

— оның екіжақты сипаты — 51—56, 63, 76—77, 89, 103, 118—119, 128, 198;

— ондағы еңбектің екіжақты жаратылысы — 57—63, 89—90, 96, 211—213;

— өнімнің товарға айналу шарттары мен алғышарттары — 56—59, 63, 77, 87—90, 102—104, 182;

— оның құны — 52—57, 61—63, 67, 73, 98, 116, 199, 214, 543, 617—618;

— оның фетиштік сипаты — 87—88, 91, 98;

— оның тарихи сипаты — 77, 90, 91—92, 98.

Сонымен қатар қараңыз: *Товар айналысы*, *Товар өндірісі*.

Товар айналысы — 145, 146, 149—150, 160—167, 173—177, 178, 182, 207, 594—595;

— және товар метаморфозы — 120—121, 122—126;

— және товар айырбасы — 170—171;

— өнімдерді тікелей айырбастаудан өзгешелігі — 126—128;

— сатып алу мен сатудың барабарлығы — 127—128;

— және капитализм — 160, 364;

— және ақша айналысы — 129—131, 135, 148, 149, 153.

Товар рыногы — 160.

Сонымен қатар қараңыз: *Ішкі рынок*, *Дүниежүзілік рынок*, *Еңбек рыногы*.

Товар фетишизмі — 87—89, 631;

— анықтамасы — 89, 98;

— оны түсіну үшін қажетті шарттар — 91;

— оның тарихи сипаты — 96;

— жекелеген көріністері — 98.

Товар зерттеу ғылымы — 52.

Товар өндірісі — 160, 209, 362, 635; — оның өмір сүру жағдайлары — 57—59, 63, 77, 87—90, 102—104, 182;

— оның әртүрлі өндіріс әдістері тұсында болуы — 128, 182;

— жәй товар өндірісі — 182;

— және капитализм — 76, 199—210, 364, 599—600, 635;

— жәй және капиталистік товар өндірісінің бір типтілігі және айырмасы — 128;

— оның стихиялық және қайшылықты сипаты — 120—122;

— товар өндірісі меншік заңдарының капиталистік иемдену заңдарына айналуы — 593—599.

Транспорт — 394—395, 461, 491, 760.

Трестер — 638.

Тұрақты капитал

— анықтамасы — 221, 222, 223—224, 225—227, 315.

— тұңғыш рет Маркс енгізген категория — 622;

— оның өндіріс процесінде өмір сүру формасы — 236, 325—326, 371, 397, 415, 417, 602, 621, 634;

— өзгермелі капиталдың қызмет етуінің шарты — 226;

— тұрақты капиталдың түрлі бөлектер құнының өнімге ауысуы — 199—202, 214—219, 223—225, 396—398, 400;

— құнды көбейту процесіндегі оның ролі — 266;

— тұрақты капиталды жұмсау мен іске қосылатын еңбек массасы арасындағы байланыстылық — 646;

— және капиталдың қор жинауы — 615—618.

Тұтыну

- жеке бас тұтынуы — 196, 197, 582—585, 621;
- өнімді тұтыну — 208—209, 218—219, 333—335, 582—585, 600;
- өндірістік тұтынуы — 196—197, 582;
- капиталистің жұмыс күшін тұтынуы — 196—199, 582—585, 599—601.
- Тұтыну құны* — 52, 54—55, 57—59, 61—63, 101—104, 167, 170—171, 173—174, 194—196, 201, 204—205, 207—208, 218—219, 591;
- ақша товарынның — 105;
- жұмысшы күшінің — 179—181, 186—191, 198, 205—206, 208, 333—334;
- және құн — 52, 61—63, 207—208, 214—216, 217—218, 221.
- Түркия* — 155, 474.
- Тикелей қоғамдық еңбек* — 75, 94—95, 109.
- Тіл* — 90.
- Тіршілік заттарын фальсификациялау* — 187—188, 259—261, 611—612.

У

- Утопиялық социализм* — 92, 109, 308, 494—495, 512, 607, 745.
- Утрехт бітімі* — 767.
- Ұдайы өндіріс* — 155, 577, 609, 617—618.
 - оның капитализм тұсындағы спецификалық ерекшелігі — 577—578, 644.
 - өндірістік қатынастардың ұдайы өндірілуі — 155, 575, 582—584, 589, 592, 625, 631, 725;
 - жұмыс күшінің — 181—186, 220, 228, 326, 362, 582—586, 589, 592, 624—626, 629;
 - оның шаруашылықтың түрлі тарауларындағы ерекшеліктері — 614—615, 616.
 - Сонымен қатар қараңыз: *Жай ұдайы өндіріс*, *Ұлғаймалы ұдайы өндіріс*.
- Ұлғаймалы ұдайы өндіріс*
 - мәні — 592, 597, 603, 609, 624—625, 629;
 - оның жай ұлғаймалы ұдайы өндірістен айырмасы — 597;
 - әртүрлі қоғамдық-экономикалық формацияларда — 609;
 - өндірістік қатынастардың ұлғай-

- малы ұдайы өндірісі — 624—625, 631—632;
- тұрақты капиталды ұдайы өндіру — 616;
- және еңбекті қанау дәрежесі — 631—632;
- және капиталдың шоғырлануы — 638.
- Ұсақ буржуазиялық социализм* — 84, 100, 103, 599.
- Үйге берілетін жұмыс*
 - капиталистік қанау сферасы — 307, 354—355, 476—482, 484—485, 489, 500, 512, 518, 715;
 - оның сипаты және жұмысшылардың жағдайы — 354—355;
 - еңбекке ақы төлеу системасы — 563, 681, 716;
 - фабриканың әсері — 472—473, 485, 501;
 - фабрикалық заңның әсері — 511—512.
- Үнемдеу*
 - өндіріс қаржыларын үнемдеу — 198, 201, 208—209, 335—336, 340, 398—399, 420, 436—437, 473, 475—476, 537—538, 634, 770;
 - еңбекті үнемдеу — 187—188, 208, 330—331, 537—538, 719.
- Үстеме қосымша құн* — 328, 329, 416—417.

Ф

- Фабрика*
 - жалпы сипаттамасы — 15, 285, 429—431, 461, 470—471;
 - фабрикадағы еңбек бөлінісі — 58, 430—433;
 - фабрика жұмысшысы — 285, 429—447, 463—464.
- Фабрикалық заң шығару*
 - жалпы ережелер — 15, 249, 289, 301, 303, 307—308, 309, 310—311, 434, 491, 494—495, 512.
 - Англияда — 15, 249, 279, 286—311, 434—436, 499—506;
 - Францияда — 285, 286—287, 308;
 - Бельгияда — 285.
- Фенилер* — 723.
- Феодализм*
 - жалпы сипаттамасы — 93—94, 342, 344, 605, 726—729, 757—758;
 - Индияда — 612;
 - Англияда — 728—729, 731, 733, 752;
 - Германияда — 741;

- Францияда — 752—753;
- оның ыдырауы — 439—440, 726—727, 728—729, 731, 733, 742.
- Фермер* — 727—728, 735, 751, 753, 757.
- Физиократтар* — 98, 177, 203, 330—331, 517, 542, 602, 773.
- Фискальды система* — 764—765.
- Франция* — 17, 23, 24, 39, 154, 158, 279, 286—287, 308, 319, 365, 403, 474, 703, 733, 745, 747, 750—751, 752—753.
- Франция — Пруссия соғысы, 1870—1871 жылдар* — 158.
- Француз буржуазиялық революциясы, XVIII ғасырдың аяғы* — 105, 627, 750.
- Француз материализмі, XVIII ғасыр* — 107, 621.
- Фритредерлік* — 23, 39, 76—77, 179, 251, 265, 289—292, 300—301, 303, 491—492, 686, 757.

X

- Халық өсуінің заңы* — 643.
- Химия* — 37, 192, 194, 318.

Ц

- Цехтық система* — 318, 332, 350—351, 370, 376, 726, 757, 758.

Ч

- Чартизм* — 289, 292, 294.

Ш

- Шала фабрикат* — 195.
- Шаруалар* — 57, 93, 282, 345;
 - капиталдың алғашқы қор жинауы кезінде шаруаларды экспроприациялау — 727—743, 765, 769;
 - орта ғасырдағы шаруалар — 57;
 - барщиналық шаруа — 247—248, 579—580;
 - деревняда капитализмнің өсуіне байланысты ұсақ шаруалардың жалдама жұмысшыларға айналуы — 756—757;
 - Европа елдеріндегі тәуелсіз шаруалар — 728;
 - Англияның XV ғасырдағы тәуелсіз шаруалары — 752;
 - Англияның тәуелсіз шаруалары Кромвель заманында — 733;
 - XVI ғасырдың аяқ кезіндегі орыс шаруалары — 733.

- Швейцария* — 39.
- Швеция* — 734.
- Шикі материал* — 191—192, 194, 195, 203, 215, 371.
- Штрафтар* — 435—436.

I

- Ірі өнеркәсіп* — 390—391, 394, 395—396, 400, 455, 460—462, 470, 472, 499—500;
 - оның тарихы — 20—23, 194, 195, 381, 405, 766;
 - оның маңызы — 381, 405, 496—499;
 - оның техникалық базисі — 497;
 - және еңбек бөлінісі — 495;
 - және егіншілікке тигізетін әсері — 513—515, 757—758;
 - және ішкі рынок — 757—758.
- Ішкі рынок* — 715, 753—757.

Э

- Эквиваленттік форма*
 - сінген күн — 67—68, 71—73;
 - тікелей айырбасталу формасы — 71, 75, 82—84;
 - оның үш ерекшелігі — 72—75;
 - оның жұмбақтылығы — 73;
 - күнның относителді формасымен салыстырып қарағанда — 65;
 - оның дамуы мен относителді форманың дамуы арасындағы қатынас — 69, 71—72, 82—85, 104.
- Эклектика* — 138.
- Экономикалық дағдарыстар* — 20—23, 28, 39, 137, 167, 251, 679;
 - мәні мен себептері — 127—128, 152—153, 219, 601;
 - олардың мүмкін болуының шындыққа айналу шарттары — 127—128;
 - және ақша дағдарысы — 152—153;
 - олардың жұмысшы табының жағдайына тигізетін әсері — 554, 655, 665, 679—683.
- Экспроприация*
 - тікелей өндірушілерді экспроприациялау — 726, 728, 731—733, 735—746, 757, 769—770, 781;
 - фиксальды системаның ұсақ буржуазияға тигізетін экспроприациялаушылық әсері — 765;
 - экспроприаторларды экспроприациялау — 771.

М А З М Ұ Н Ы

<i>КПСС Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институтынан</i>	5
<i>КПСС Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалынан</i>	6
БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ	11—17
ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ	18—28
ФРАНЦУЗША БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ	31
ФРАНЦУЗША БАСЫЛУЫНА СОҢҒЫСӨЗ	32
ҮШІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ	33—35
АҒЫЛШЫНША БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ	36—40
ТӨРТІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫСӨЗ	41—47

Б І Р І Н Ш І К І Т А П

КАПИТАЛ ӨНДІРУ ПРОЦЕСІ

Бірінші бөлім. ТОВАР ЖӘНЕ АҚША	51—159
<i>Бірінші тарау. ТОВАР</i>	51—99
1. Товардың екі факторы: тұтыну құны мен құны (құнның суб- станциясы, құнның мөлшері)	51—57
2. Товарға сіңген еңбектің екіжақты сипаты	57—63
3. Құн формасы, яки айырбас құны	63—87
А. Құнның жай, жеке-дара, яки кездейсоқ формасы	64—78
1) Құн көрінісінің екі жағы: құнның относителді формасы мен эквиваленттік форма	64—65
2) Құнның относителді формасы	65—71
а) Құнның относителді формасының мазмұны	65—69
б) Құнның относителді формасының сандық белгісі	69—71

3) Эквиваленттік форма	71—76
4) Құнның тұтас алғандағы жәй формасы	76—78
В. Құнның толық, яки жайылық формасы	78—81
1) Құнның жайылық относительді формасы	78—79
2) Ерекше эквиваленттік форма	79—80
3) Құнның толық, яки жайылық формасының кемшіліктері	80—81
С. Құнның жалпылық формасы	81—86
1) Құн формасының өзгерген сипаты	81—83
2) Құнның относительді формасы мен эквиваленттік форманың дамуы арасындағы қатынас	83—85
3) Құнның жалпылық формасынан ақшалай формасына өту	85—86
Д. Ақшалай форма	86—87
4. Товар фетишизмі және оның жасырын сыры	87—99
Екінші тарау. АЙЫРБАС ПРОЦЕСІ	100—108
Үшінші тарау. АҚША, ЯКИ ТОВАР АЙНАЛЫСЫ	109—159
1. Құн өлшемі	109—118
(Баға. Бағалар мashaбы. Бағалардың жалпылама көтерілуі немесе төмендеуі. Ақшаның есеп аттары, есеп ақшалары. Құн мөлшері мен бағалардың сан жағынан сәйкес келмеуі. Олардың сала жағынан сәйкес келмеуі. Баға — товар құнының идеальдық формасы ғана.)	
2. Айналыс құралы	118—143
а) Товар метаморфозы	118—129
(Т—А—Т толық айналымы. Сату: Т—А. Сатып алу: А—Т. Тұтас алғандағы товар метаморфозы. Товар айналысы. Товар айналысы мен өнімдер айырбасының арасындағы айырмашылық.)	
б) Ақша айналысы	129—138
(Товар метаморфозы және ақша айналысы. Ақшаның екі рет орын ауыстыруы. Айналыстағы ақшаның мөлшері. Айналыс шапшаңдығы. Айналыстың жүрісі мен бөгелуі. Айналыстағы ақшаның аумағын анықтайтын факторлар.)	
с) Монета. Құн белгісі	139—143
(Монета мен жамбылар, монеталардың тозуы. Құн белгісі. Күміс және мыс белгілер. Қағаз ақшалар. Зорлықты күрспен шығарылған қағаз ақшалардың айналыс заңы.)	
3. Ақша	144—159
а) Қазына жинау	144—148
б) Төлем қаржысы	149—156
с) Дүниежүзілік ақша	156—159
Екінші бөлім. АҚШАНЫҢ КАПИТАЛҒА АЙНАЛУЫ	160—189
Төртінші тарау. АҚШАНЫҢ КАПИТАЛҒА АЙНАЛУЫ	160—189
1. Капиталдың жалпылық формуласы	160—169
2. Жалпылық формуланың қайшылықтары	169—179
3. Жұмыс күшінің сатып алынуы мен сатылуы	179—189
(«Ерікті жұмысшы». Жұмыс күшінің құны. «Жұмыс күші» товарының өзіне ерекше жаратылысы.)	

Үшінші бөлім. АБСОЛЮТТИ ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ ӨНДІРІЛУМІ 190—321

Бесінші тарау. ЕҢБЕК ПРОЦЕСІ МЕН ҚҰННЫҢ ӨСУ ПРОЦЕСІ 190—210

(Еңбек процесі. Еңбек заты, шикі материал, еңбек құралы. Өндіріс құрал-жабдыктары. Өндірістік тұтыну. Еңбек процесі дегеніміз капиталистің жұмыс күшін тұтыну процесі. Құнның жасалу процесі. Жұмыс күшінің құны мен оның еңбек процесінде жасайтын құны — әртүрлі шамалар. Құнды көбейту процесі, капиталдың генезисі.)

1. Еңбек процесі 190—198
2. Құнның өсу процесі 199—210

Алтыншы тарау. ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛ МЕН ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛ 211—222

Жетінші тарау. ҚОСЫМША ҚҰН НОРМАСЫ 223—240

1. Жұмыс үшін қанау дәрежесі 223—231
2. Өнімнің отноcительді үлестерінде өнім құнының көрінісі 231—235
3. Сениордың «соңғы сағаты» 235—240
4. Қосымша өнім 240

Сегізінші тарау. ЖҰМЫС КҮНІ 241—311

1. Жұмыс күнінің иегі 241—245

2. Қосымша еңбекке тойымсыз құнығушылық. Фабрикант пен бояр 245—253

3. Англияның заң қанауға шек қоймаған өнеркәсіп тараулары 253—266

(Шілтер өнеркәсібі. Қыш-құмыра өндірісі. Сірікке өндірісі. Обой өндірісі. Нан пісіру өндірісі. Темір жол ісі. Тігіншілік өндірісі. Ұсталық.)

4. Күндізгі және түнгі еңбек. Сменалар системасы 265—273

(Металлургия және металл өнеркәсібі).

5. Қалыпты жұмыс күні үшін күрес. XIV ғасырдың жартысынан бастап XVII ғасырдың аяғына дейінгі жұмыс күнін ұзарту туралы еріксіз заңдар. 273—285

(Жұмысшылардың денсаулығы мен өміріне капиталдың аяусыздықпен қарауы. Англияның жұмысшы статуттары. XVII ғасырдағы ірі өнеркәсіп заманына дейінгі жұмыс күнінің иегі.)

6. Қалыпты жұмыс күні үшін күрес. Жұмыс уақытын заң жүзінде күшпен шектеу. Англияның 1833—1864 жылдардағы фабрикалық заңдары 286—306

(1833 ж., 1844 ж., 1847 ж., 1850 жылдардағы заңдар. Жібек фабрикалары. Шыт бояйтын кәсіпорындар. Бояу және ақтау кәсіпорындары.)

7. Қалыпты жұмыс күні үшін күрес. Ағылшын фабрикалық заңдарының басқа елдерге тигізген әсері 306—311

Тоғызыншы тарау ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ НОРМАСЫ МЕН АУМАҒЫ 312—321

Төртінші бөлім. ОТНОСИТЕЛЬДІ ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ ӨНДІРІЛУІ	322—515
<i>Оныншы тарау. ОТНОСИТЕЛЬДІ ҚОСЫМША ҚҰН ҰҒЫМЫ</i>	322—331
<i>Онбірінші тарау. КООПЕРАЦИЯ</i>	332—346
(Капиталистік өндірістің бастама пункті, капиталистік өндірістің цехтық өнеркәсіптен сандық ерекшелігі. Қоғамдық орта еңбек. Өндіріс құрал-жабдықтарын үнемдеу. Кооперативтік еңбектің қоғамдық өндіргіш күштері. Кооперацияның бұрынғы формалары. Оның капиталистік формасы.)	
<i>Он екінші тарау. ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ ЖӘНЕ МАНУФАКТУРА</i>	347—380
1. Мануфактураның екі түрлі тәсілмен шығуы	347—350
2. Бөлшекші жұмысшы және оның құралы	350—353
3. Мануфактураның негізгі екі формасы: гетерогенді мануфактура мен органикалық мануфактура	353—362
4. Мануфактура ішіндегі еңбек бөлінісі мен қоғам ішіндегі еңбек бөлінісі.	362—371
5. Мануфактураның капиталистік сипаты	371—380
<i>Он үшінші тарау. МАШИНА ЖӘНЕ ІРІ ӨНЕРКӘСІП</i>	381—515
1. Машинаның дамуы	381—396
2. Машиналар құнының өнімге көшірілуі	396—404
3. Машиналы өндірістің жұмысшыға ең жақын әсері	405—428
а) Капиталдың қосымша жұмыс күштерін иемденуі. Әйел еңбегі мен бала еңбегі	405—413
б) Жұмыс күнінің ұзартылуы	413—419
с) Еңбектің интенсивтендірілуі	419—428
4. Фабрика	429—437
5. Жұмысшы мен машинаның арасындағы күрес	437—447
6. Машиналар ығыстырып шығаратын жұмысшылар жөніндегі компенсация теориясы	447—457
7. Машиналы өндірістің дамуына байланысты жұмысшылардың өндірістен алыстатылуы және оған тартылуы. Мақта мата өнеркәсібіндегі дағдарыстар	457—469
8. Ірі өнеркәсіптің мануфактураны, қол өнерін және үйге берілетін жұмысты революцияландыруы	470—491
а) Қолөнері мен еңбек бөлінісіне негізделген кооперацияның жойылуы	470—471
б) Фабрикалардың мануфактура мен үйге берілетін жұмысқа кері ықпал жасауы	471—473
с) Қазіргі заманғы мануфактура	473—476

д) Қазіргі заманғы үйге берілетін жұмыс	476—480
(Шілтер фабрикасы. Салом току).	
е) Осы заманғы мануфактура мен үйге берілетін жұмыстың ірі өнеркәсіпке айналуы. Фабрикалық заңдарды осызаманғы мануфактура мен үйге берілетін жұмысқа қолдану арқылы бұл революцияның тездегілуі (Тігін машинасы)	481—491
9. Фабрикалық заң шығару (денсаулықты қорғау мен тәрбиетуралы ережелер). Оның Англияда жаппай қолданылуы ..	491—512
10. Ірі өнеркәсіп пен егіншілік	513—515
Бесінші бөлім. АБСОЛЮТТИ ЖӘНЕ ОТНОСИТЕЛЬДИ ҚОСЫМША	
КҰННЫҢ ӨНДІРІЛУІ	516—542
<i>Он төртінші тарау.</i> АБСОЛЮТТИ ЖӘНЕ ОТНОСИТЕЛЬДИ ҚОСЫМША КҰН	516—526
<i>Он бесінші тарау.</i> ЖҰМЫС КҮШІНІҢ БАҒАСЫ МЕН ҚОСЫМША КҰННЫҢ МӨЛШЕР ЖАҒЫНАН ӨЗГЕРУІ	527—538
I. Жұмыс күнінің мөлшері мен еңбектің интенсивтілігі тұрақты (белгілі), еңбектің өндіргіш күші өзгереді	528—532
II. Жұмыс күні мен еңбектің өндіргіш күші тұрақты, еңбектің интенсивтілігі өзгереді	532—533
III. Еңбектің өндіргіш күші мен интенсивтілігі тұрақты, жұмыс күні өзгереді	534—535
IV. Еңбектің ұзақтығының, өндіргіш күшінің және интенсивтілігінің бір мезгілде өзгеруі	535—538
<i>Он алтыншы тарау.</i> ҚОСЫМША КҰН НОРМАСЫНЫҢ ӨРТҮРЛІ ФОРМУЛАЛАРЫ	539—542
Алтыншы бөлім. ЖАЛАҚЫ	
<i>Он жетінші тарау.</i> ЖҰМЫС КҮШІ ҚҰНЫНЫҢ, СОҒАН СӘЙКЕС ОНЫҢ БАҒАСЫНЫҢ ДА, ЖАЛАҚЫҒА АЙНАЛУЫ	543—550
<i>Он сегізінші тарау.</i> МЕРЗІМДІ ЖАЛАҚЫ	555—569
<i>Он тоғызыншы тарау.</i> ӘРЗАТТЫҚ ЖАЛАҚЫ	560—568
<i>Жиырмамыншы тарау.</i> ЖАЛАҚЫДАҒЫ ҰЛТТЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР	569—574
Жетінші бөлім. КАПИТАЛДЫҢ ҚОРЛАНУ ПРОЦЕСІ	
<i>Жиырма бірінші тарау.</i> ЖӘЙ ҰДАЙЫ ӨНДІРІС	577—589
(Жұмысшы табы капиталдың иелігіндегі нәрсе. Капиталист пен жұмысшының арасындағы қарым-қатынасты өндірістің капиталистік процесі ұдайы қалпына келтіріп отырады.)	

Жиырма екінші тарау. ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ КАПИТАЛҒА АЙНАЛУЫ 591—623

1. Ұлғайған көлемдегі капиталистік өндіріс процесі. Товар өндірісі меншік заңдарының капиталистік иемдену заңдарына айналуы 590—599
2. Саяси экономияның ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндірісті кате түсінуі 599—602
3. Қосымша құнның капитал мен табысқа бөлінуі. Тежелу теориясы 602—610
4. Қосымша құнның капитал мен табысқа бөлінетін пропорциясына байланыссыз қорлану көлемдерін белгілейтін жағдайлар. Жұмыс күшінің каналу дәрежесі. Еңбектің өндіргіш күші. Қолданылатын капитал мен тұтынылатын капиталдың арасындағы айырмашылықтың өсуі. Авансыланған капиталдың мөлшері 610—620
5. Жұмысшы қоры деп аталатын қор 620—622

Жиырма үшінші тарау. КАПИТАЛИСТІК ҚОРЛАНУДЫҢ ЖАЛПЫ-ЛЫҚ ЗАҢЫ 623—723

1. Капиталдың құрылымы өзгермейтін жағдайда қорлануға қарай жұмыс күшіне деген сұраныстың өсуі 623—632
2. Қор жинаудың және онымен қоса қабат жүретін шоғырланудың барысында капиталдың өзгермелі бөлегінің относительді кемуі 632—640
3. Относительді артық халықтың, яки өнеркәсіптің резервтік армиясының көбейтіле беруі 640—652
4. Относительді артық халықтың болуының әртүрлі формалары. Капиталистік қорланудың жалпылық заңы 652—660
5. Капиталистік қорланудың жалпылық заңын көрсететін сипаттамалар 660—723
 - a) 1846—1866 жылдардағы Англия 660—666
 - b) Британ өнеркәсіп жұмысшы табының нашар ақы алатын топтары (Тамақтану жағдайлары. Тұрғын үйлердің жәй-күйі. Лондон. Нью-касл-апон-Тайн. Брадфорд. Бристоль.) 666—675
 - c) Қаңғырма халық 675—679

(Тұрғын үй жағдайлары. Теміржол жұмысшылары. Көмір қазушылар және басқа да кен жұмысшылары.)
- d) Жұмысшы табының ең жоғары ақы алатын бөлегіне дағдарыстардың тигізетін әсері 679—683

(Лондонның шығыс бөлегінде темірден жасалатын кеме құрылысшылары.)	
е) Британияның ауыл шаруашылық пролетариаты.....	683—707
(Қаңғырма артельдер.)	
ғ) Ирландия.....	707—723
Жиырма төртінші тарау. КАПИТАЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚОРЛАНУЫ ДЕЙТІН ҚОРЛАНУ	724—771
1. Алғашқы қорланудың сыры	724—727
2. Англияның село халқының жерін экспроприациялау	727—742
(XV ғасырдың соңғы отыз жылында және XVI ғасырдың алғашқы он жылында егістік жерді жайылымға айналдыру. Шіркеу жерлеріне реформа жасау және оларды талан-таражға салу. Феодалдық меншікті буржуазиялық меншікке айналдыру. Реставрация және «данқты революция». Мемлекеттік мүліктерді талан-таражға салу. Қауымдық меншік және оны тонау. Таулы Шотландияда именіелерді тазарту, егістік жерлерді қой жайылымына айналдыру және қой жайылымдарын аң аулайтын жерлерге айналдыру.)	
3. Экспроприацияланғандарға қарсы XV ғасырдың аяғында шығарылған қанқұйлы заң. Жалақыны төмендету мақсатымен шығарылған заңдар	743—751
4. Капиталистік фермерлердің генезисі	751—752
5. Егіншіліктегі революцияның өнеркәсіпке тигізетін кері ықпалы. Өнеркәсіп капиталы үшін ішкі рыноктың жасалуы.....	753—757
6. Өнеркәсіп капиталисінің генезисі	757—768
(Отарлау системасы. Мемлекеттік борыштар системасы. Осызаманғы салық системасы мен протекционизм системасы. Ірі өнеркәсіп туып келе жатқан кездерде балаларды ұрлау.)	
7. Капиталистік қор жинаудың тарихи тенденциясы.....	769—771
Жиырма бесінші тарау. ОТАРЛАУДЫҢ ОСЫЗАМАНДАҒЫ ТЕОРИЯСЫ	772—782
<i>Ескертулер</i>	785—810
<i>Есімдер көрсеткіші</i>	811—835
<i>Цитатаға алынған және атап өтілген әдебиеттер көрсеткіші</i>	836—873
<i>Цитатаға алынған кітаптардың орысша аудармасының көрсеткіші</i>	874—878
<i>Предмет көрсеткіші</i>	879—894

ӨРНЕК СУРЕТТЕР

К. Маркстің 1867 жылғы портреті	6—7 беттердің аралығында
Маркстің Энгельске 1867 жылғы 16 августа жазған хаты «Капиталдың» I томының немісше бірінші басылуының тысы	7
«Капиталдың» I томының орысша бірінші басылуының тысы	13
«Капиталдың» I томының орысша бірінші басылуының тысы	21
Маркстің Лашатрге — «Капиталдың» I томының французша аудармасын бастырып шығарушыға жазған хаты	29

К. МАРКС
КАПИТАЛ

том I

(на казахском языке)

•

Сдано в набор 7/IX 1962 г. Подписано к печати.
28/VIII 1963 г. Формат 60×90^{1/16}—56,5 п. л. + 1
вклейка (1/8 п. л.) Уч.-взд. л. 66,9.

Тираж 7000. Цена 1 руб. 73 коп.
Казгосиздат, г. Алма-Ата, ул. Кирова, 122.

•

Заказ № 98. Полиграфкомбинат Главиздата
Министерства культуры КазССР, г. Алма-Ата,
ул. Пастера, 39.